Том 36

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

36
ТОМ

Март – июль 1918

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1980

ББК 11.5
Л 40

0101020000 Л $\frac{10102-071}{401\ (07)-80}$ 5—79

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының 36-томына 1918 жылы март—июльде, Брест шартының жасалуына байланысты қол жеткен бірінші бейбіт тыныс алу кезеңінде жазылған шығармалар енді.

Империалистік соғыстан шығу, бүкіл елде Совет өкіметінің нығаюы, халық шаруашылығының бірқатар маңызды салаларындағы басқару орындарының жұмысшылар мен шаруалар мемлекетінің қарамағына көшуі—осылардың бәрі Россиядағы социалистік революция дамуының жаңа кезеңін айқындап берді. Совет мемлекеті негізгі күштерді бейбіт шаруашылық және мәдени құрылысқа жұмылдыруға, жаңа, социалистік қоғам құрудың асқан зор міндеттерін шешуге баса көңіл бөлуге тұңғыш рет мүмкіндік алды. Бұл кезеңде Ленин еліміздегі социалистік құрылыстың ғылыми жоспарының негіздерін одан әрі талдап жасайды.

Коммунистер партиясы бастаған совет халқы жаңа қоғам құрылысына аса қиын жағдайда кірісті. Совет мемлекеті империалистік дұшпан державалардың қоршауында еді, ол державалар Советтер Республикасына қарсы соғыс интервенциясын жасауға әзірленіп жатты. Қанаушы таптар шетел империалистерінің қолдауына сүйеніп, Совет өкіметіне қарсы қиян-кескі күрес жүргізді. Ескі құрылыстан мұраға қалған әлеуметтік-экономикалық, техникалық және мәдени мешеулік социалистік құрылыстың қиындықтарын асқындыра түсті; оның үстіне бірінші дүние жүзілік соғыс елдің халық шаруа-

шылығына барынша зиян келтіріп, оны күйзелткен еді. Осы қиыншылықтарды жеңіп, елді жаңа өмір құрылысының даңғыл жолына шығару үшін партия мен халықтың қаһармандық күш-жігер жұмсауы керек болды.

Лениндік жоспармен қаруланған Коммунистік партия Россияның жұмысшылары мен шаруаларын бүкіл өмірді социалистік негізде қайта құру жолындағы жанқиярлық еңбекке жігерлендірді және ұйымдастырды. Осы томдағы шығармаларда Лениннің осындай күрделі жағдайда партия мен мемлекетке, халық бұқарасына басшылық етуде асқан зор революциялық батылдық пен табандылықты икемділікпен және сақтықпен ұштастыра білген алуан қырлы қызметі айқын бейнеленген.

Том 1918 жылы 6—8 мартта болып өткен РКП(б) Төтенше VII съезінің—большевиктік партияның Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейінгі бірінші съезінің материалдарымен ашылады. Съездің шешімдері Совет республикасының ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінің де өміріндегі маңызды кезең болды. Съезд бітім туралы мәселені түпкілікті шешу үшін шақырылған еді. Съезді төтенше шақырудың қажеттігін талап еткен жағдай мынадай болатын: Германиямен соғыстан шығу туралы мәселе жөнінде партияның Орталық Комитетінде де, кейбір жергілікті партия ұйымдарында да бірлік болмады. Брест бітімі төңірегіндегі күрес шиеленіскен, қатерлі сипат алып, партияның жікке бөлінуіне әкеп соғатын қауіп туғызды. Осы күрестің барысында Ленин былай деп көрсетті: «солшыл коммунистер» мен троцкистердің партиямен алауыздықтары социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігін олардың теріске шығаруынан, дүние жүзілік социалистік революция жеңген жағдайда ғана пролетариат диктатурасы мен Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңістерін сақтап қалуға болады-мыс, ал дүние жүзілік социалистік революцияға дүние жүзілік империализмге қарсы соғыс ашу арқылы «түрткі салу» керек деген қате қағидадан туып отыр.

Ленин «солшыл коммунистердің» Германиямен бітім жасасу халықаралық революцияны әлсіретеді деген пі-

кірлеріне тойтарыс бере келіп, нақ дүние жүзілік революциялық қозғалыстың мүдделері үшін Совет республикасын сақтап қалу, социалистік отанды қорғап қалу қажет деп атап көрсетті. Ол еңбекшілердің тарихтағы тұңғыш мемлекетінің бостандығы мен тәуелсіздігін сақтау, Совет мемлекетінің социализм және коммунизм жолымен өркендеуін қамтамасыз ету сайып келгенде адамзаттың болашағын айқындап беретінін көз жеткізе дәлелдеді. Лениннің «солшыл коммунистер» мен троцкистерге қарсы жүргізген қажырлы, табанды күресі бетбұрыс туғызды: партияның съезі алдында-ақ партия ұйымдарының көпшілігі Лениннің бағытын қолдап, 1918 жылы 3 мартта партияның Орталық Комитеті мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша қол қойылған Брест бітімінің жасалуын жақтап шықты.

«Солшыл коммунистерге» және троцкистерге қарсы табан тірескен күрес жағдайында өткен съездің бүкіл жұмысына Ленин бағыт беріп отырды. Съезде ол Орталық Комитеттің саяси есебі бойынша баяндама жасады, онда Россиядағы социалистік революцияның, халықаралық жағдайдың және дүние жүзілік революциялық қозғалыстың дамуына терең талдау жасады, соғыстан шығу және бейбіт тыныс алуға қол жеткізу Совет өкіметін нығайту үшін мейлінше қажет деген қағиданы жан-жақты негіздеп берді, социалистік құрылысты өрістетудің перспективаларын және Совет мемлекетінің қорғаныс қабілетін нығайту жөніндегі міндеттерді белгілеп берді.

Ленин «солшыл коммунистердің» халықаралық революцияны революциялық соғыс арқылы тездету, оған «түрткі салу» туралы авантюристік ұрандарына батыл қарсы шықты. «Революциялар,— деп үйретті Ленин,— заказ бойынша жасалмайды, белгілі бір кезеңге орайластырылмайды, ол тарихи даму процесінде пісіп жетіледі, сөйтіп толып жатқан ішкі және сыртқы себептер жиынтығына байланысты бір мезгілде тұтанады» (осы том, 575-бет). Қайсыбір елде революция заказ бойынша, келісім бойынша, сырттан «түрткі салу» ар-

қылы болуы мүмкін деп ойлайтын адамдар—«не есуастар, не арандатушылар» (494-бет).

Партия съезі Совет үкіметі қол қойған Германиямен бітім шартын бекіту қажеттігі туралы лениндік қарарды көпшілік дауыспен қабылдады. 1918 жылы 14—16 мартта болып өткен Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі Лениннің баяндамасын тыңдап, Брест бітім шартын бекітті.

Бейбіт тыныс алуға қол жеткізгеннен кейін Ленин, Коммунистік партия және Совет үкіметі капиталистік елдермен қалыпты қатынас орнатуға, олармен сауда жасасуды жолға қоюға шаралар қолданды, сауда жасасу бейбіт қатар өмір сүрудің аса маңызды факторы еді. Ленин партияның VII съезінде, Советтердің Бүкіл россиялық IV және V съездерінде жасаған баяндамаларында, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілістерінде жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде, Шығармаларға тұңғыш рет енгізіліп отырған «Folkets Dagblad Politiken» газетінің тілшісіне берген интервьюінде,—осылардың бәрінде «жақсы тәртіпті соғыс пен қантөгіс арқылы... орнатуға болмайды» (523-бет) деген пікірді тұжырымдайды. Ленин бейбіт тыныс алудың мүмкін болғанынша ұзаққа созылуы үшін барлық қажетті шараларды жасауға Совет үкіметінің әзір екендігін әрдайым атап көрсетіп отырды. «Бейбітшілік үшін,—деді ол,—біз бәрін де істейміз деп жұмысшылар мен шаруаларға уәде береміз» (370-бет), бірақ империалистер Советтік Россияға шабуыл жасайтын болса, деп ескертті Ленин, біздің бейбітшіл халқымыз, барлық еңбекшілер «қолына қару алып, бір кісідей болып, өз елін қорғайды» (568-бет).

Совет өкіметі—бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің адал да дәйекті күрескері. Совет мемлекетінің сыртқы саясатының негізі етіп алынған барлық халықтардың толық тең праволылығын мойындау, олардың суверенитеті мен тәуелсіздігін құрметтеу, олардың ішкі істеріне араласпау негізінде қоғамдық-экономикалық системалары әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі жөніндегі аса маңызды принцип—бітім туралы лениндік тарихи Декретте жарияланған принцип — Совет өкі-

меті өмір сүре бастаған алғашқы күндерден бастап-ақ дәйекті түрде жүзеге асырылды. Бұл принцип Совет Одағы сыртқы саясатының сара бағыты болып келді және болып қала береді.

Ленин партияның VII съезінде программаны қайта қарау және партияның атын өзгерту туралы баяндамасында партияны бұдан былай Россия коммунистік (большевиктер) партиясы деп атаудың қажеттігін дәлелдеп берді. Бұл атау, деді ол, ғылыми жағынан дұрыс, өйткені партия белгілеген қайта құрылыстар бағытталған мақсатты—«коммунистік қоғамды құру мақсатын» (49-бет) айқын анықтайды. Ескі атаудан бас тарта отырып, деп корсетті Ленин, біздің партия оппортунист лидерлер басшылық еткен социалистік партиялардан өзінің біржола ажырасқанын бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне мәлімдейді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін партияның бірінші Программасында алға қойылған басты міндет—буржуазияның үстемдігін құлатып, пролетариат диктатурасын орнату міндеті—орындалған еді. Жаңа тарихи жағдайда социалистік құрылыстың негізгі міндеттерін белгілеп беретін партияның жаңа Программасы қажет болды. Съезд делегаттарына таратылып берілген «Программа жобасының бастапқы нобайының» (76—82-беттерді қараңыз) бірінші бөлімінде Ленин жаңа Программаның негізгі қағидаларын баяндады, саяси, экономикалық және халықаралық саладағы міндеттерді тұжырымдады. Советтік Россиядағы социалистік құрылыстың тәжірибесіне ерекше зор маңыз бере отырып, Ленин Программада «европалық жұмысшыларға өзіміздің нені қолға алғанымызды, қалай қолға алғанымызды» (57-бет) нақты көрсетіп беруді талап етті. Сонымен бірге Ленин әрі түрлі елдерде капитализмнен социализмге өту формаларының өзіндік ерекшелігі болуы мүмкіндігін ескерді, «Европада бұл өтпелі сатылардың басқаша болатындығын» (55-бет) көрсетті.

Ленин «пролетариат пен ең кедей шаруалар (жартылай пролетарлар) диктатурасының формасы,— қазірдің өзінде тәжірибеде тексерілген, бұқаралық қозғалыс пен революциялық күрес тудырған формасы ретінде» (78-

бет) Совет өкіметінің мәні мен асқан зор артықшылықтарын партияның жаңа Программасында ашып көрсетуді ұсынды. «Программа жобасының бастапқы нобайында» және басқа бірқатар еңбектерінде, соның ішінде «Совет өкіметінің демократизмі және социалистік сипаты туралы» деген, Шығармаларда бірінші рет жарияланып отырған нобайда Ленин пролетариат диктатурасының формасы ретінде Советтер туралы ілімді дамытады, пролетарлық демократияның буржуазия демократиясынан принципті айырмашылығы мен артықшылығын көрсетеді. Бұл айырмашылық, деп атап көрсетті Ленин, демократизм мәселелерінде негізгі салмақты «бостандықтарды формальды түрде *мойындаудан* (буржуазиялық парламентаризм тұсында осылай болған) қанаушыларды құлатушы еңбекшілердің бостандықтарды *пайдалануын* іс жүзінде қамтамасыз етуге қарай» (80-бет) аударуда болып табылады. Ленин социалистік демократизмнің шешуші артықшылықтарының бірі мемлекетті басқаруға барлық еңбекшілердің тартылуында деп білді. «Біз үшін мемлекетті басқаруға еңбекшілердің бәрін тегіс қатыстыру маңызды. Бұл—орасан қиын міндет. Бірақ социализмді азшылық—партия жүзеге асыра алмайды. Оны істің бәрін өздері істеп үйренгенде ондаған миллион халық жүзеге асыра алады» (58-бет). В. И. Лениннің басшылығымен және тікелей қатысуымен талдап жасалып, Советтердің Бүкіл россиялық V съезі қабылдаған бірінші Советтік Конституцияда советтік демократизмнің ұлы принциптері заң жүзінде баянды етілді.

Съезд партияның атын Россия коммунистік (большевиктер) партиясы деп атау туралы лениндік қарарды бірауыздан қабылдап, партия Программасын әзірлеу үшін Ленин бастаған комиссия сайлады. Коммунистік партияның Программасын талдап жасау 1919 жылы аяқталды. РКП(б) VIII съезі В. И. Лениннің баяндамасы бойынша жаңа Программаны қабылдады, онда Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңістері сипатталып, капитализмнен социализмге өту кезеңіндегі партияның міндеттері белгіленді.

«Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», «Біздің дәуіріміздің басты міндеті», ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы», «Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының нобайы», «Шаруашылық және әсіресе банк саясатының негізгі ережелері» деген және басқа шығармалар томда басты орын алады; бұл шығармаларында Ленин революциялық экономикалық өзгерістер практикасын, жаңа өмір жасаудағы еңбекшілердің тәжірибесін теориялық жағынан қорыта келіп, Россияда социализм орнатудың ғылыми жоспарының негізгі қағидаларын талдап жасайды, социалистік құрылыстың практикалық шараларын, пролетарлық мемлекеттің капитализмнен социализмге өту кезеңіндегі экономикалық саясатының басты бағытын белгілеп, шаруашылықты жүргізудің советтік принциптерін жасап береді.

Социализм құрылысының лениндік жоспарында негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын социалистік жолмен қоғамдастыру, қазіргі заманғы индустрия құру, халық шаруашылығын электрлендіру, ұсақ шаруалар шаруашылығын социалистік негізде қайта құру, мәдени революцияны жүзеге асыру көзделді. Совет елінде, деп көрсетті Ленин, социалистік қоғам орнатуға қажетті нәрсенің бәрі бар. «Шын мәнісінде,— деп жазды ол,—әрі мықты, әрі кең Русь жасау үшін бізде табиғи байлықтарда да, адам күші қорында да, халық творчествосына ұлы революция берген тамаша серпінде де материал бар». Ленин еңбекшілерді «социалистік қоғамның ірге тасын мықтап қалайтын тасты бірте-бірте жинау» (86-бет) үшін барлық күш-жігерін салуға шақырды.

Социалистік құрылыстың лениндік жоспары капитализмнен социализмге өтудің объективті заңдылықтарына негізделді, елдің қоғамдық дамуының толғағы жеткен қажеттеріне түгелдей сәйкес келді, өтпелі кезеңнің экономикасы мен таптарына терең ғылыми талдау жасауға сүйенді. Ленин Россия экономикасының өтпелі кезеңдегі өзіндік ерекшелігін ашып айта келіп, былай деп көрсетті: онда «капитализмнің *де*, социализмнің *де* элементтері, бөлшектері, жұқаналары», әр алуан қоғамдық-экономикалық бес укладтың (патриархтық,

ұсақ товар өндірісі, жеке меншікті шаруашылық капитализм, мемлекеттік капитализм, социализм укладтарының) элементтері араласып кетті. Өтпелі кезеңнің экономикасында орнатылып жатқан социализмнің де, құлатылған, бірақ әлі жойылмаған капитализмнің де белгілері мен сипаттары қатар болады; өтпелі кезеңнің негізгі мазмұны социализм мен капитализмнің арасындағы күрестен құралады, ал өтпелі кезеңнің міндеті — «буржуазия өмір сүре де алмайтындай, қайтадан туа да алмайтындай жағдай» жасау (189-бет).

Совет мемлекетінің социалистік құрылыстағы басшылық роліне қарсы шыққан «солшыл коммунистермен» күресте Ленин социалистік өзгерістерді жүзеге асыруда пролетариат диктатурасының шешуші роль атқаратыны туралы қағиданы негіздейді; пролетариат диктатурасы, деп атап көрсетті ол, капитализмнің шаруашылық негіздеріне қарсы бағытталған пролетарлық революцияның «түйіні» болып табылады. Социалистік укладты жасау және дамыту жөніндегі, қала мен деревнядағы капиталистік элементтерді шектеу және ығыстырып шығару жөніндегі, ұсақ товар шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру жөніндегі орасан зор әрі ұзаққа созылатын жұмысты тек пролетариат диктатурасы ғана жүзеге асыра алатынын, социализмнің жеңісін тек пролетариат диктатурасы ғана қамтамасыз ете алатынын Ленин көз жеткізе көрсетіп берді.

Бұқараны ұйымдастырып, топтастыратын, экономикалық және мәдени құрылысқа жоспарлы басшылық етуді жүзеге асыратын, еңбекші бұқараның революциялық жеңістерін қорғауды қамтамасыз ететін пролетариат диктатурасының қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың негізгі құралы екенін ғылыми коммунизмнің теориясы мен практикасы, Совет Одағының тарихи тәжірибесі дәлелдеді. Қоғамды революциялық жолмен қайта құрудағы пролетариат диктатурасының ролі туралы маркстік-лениндік теорияның аса маңызды қағидасы КПСС-тің жаңа Программасында да бейнеленген.

Ленин социалистік құрылыстың перспективаларын белгілеп және пролетариат диктатурасының экономика

саласындағы негізгі міндеттерін айқындай келіп, «помещиктер мен буржуазияны экспроприациялау, барлық фабрикаларды, заводтарды, темір жолдарды, банктерді, флотты және басқа өндіріс құрал-жабдықтары мен айналыс құралдарын Совет республикасының меншігіне беру жөнінде қазірдің өзінде басталған істі ақырына дейін жеткізіп, аяқтау» (77-бет) міндетін қойды. Экономика саласындағы алғашқы революциялық өзгерістердің нәтижесінде 1918 жылдың көктеміне қарай-ақ аса маңызды кәсіпорындар национализацияланды, ірі өнеркәсіпте социалистік уклад шешуші позицияға ие болды. Алайда национализацияланған өндіріс құрал-жабдықтарын практикалық жағынан игеру, өндірісті қоғамдастыру капиталды экспроприациялау қарқынынан іс жүзінде едәуір артта қалды. Мемлекеттік бақылау жасап, реттеп отыруға бағынбаған ұсақ буржуазиялық, ұсақ меншікшілдік стихия зор қауіп туғызды. Осыған байланысты Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген және басқа шығармаларында экономикалық және саяси жұмыстың негізгі салмағын национализацияланған кәсіпорындарда, бүкіл халық шаруашылығында есеп пен бақылауды ұйымдастыруға аудару қажеттігін негіздеп берді.

«Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбектің және оған қосылатын мақалалар мен документтердің асқан зор маңызы мынада: оларда пролетариат диктатурасы жағдайында экономиканы социалистік жолмен қайта құрудың нақты жолдары мен әдістері бірінші рет белгіленді. Лениндік жоспарда өндіріс құрал-жабдықтарының социалистік жолмен қоғамдастырылуын әр алуан жолдар мен әдістерді қолданып жүзеге асыру көзделді. Бейбіт социалистік құрылыстың лениндік жоспарында негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын ішінара құнын төлеп алумен қатар (241-бетті қараңыз) ортаңа және ұсақ капиталистердің жеке меншігін біртіндеп бірте-бірте қоғамдық меншік етіп қайта құру үшін мемлекеттік капитализмді кеңінен пайдалану көзделді.

Ленин капиталистік экономиканы бейбіт жолмен бірте-бірте қайта құру әсте де капитализмнің социализмге бейбіт ұласуы деген сөз емес: өндіріс құрал-

жабдықтарын социалистік жолмен қоғамдастыру қандай формада жүзеге асырылса да, ол адамды адамның қанауын жоюға, социализмнің жеңісіне бағытталған революциялық төңкеріс болып табылады деп үйретті.

Ленин өтпелі кезең жағдайындағы мемлекеттік капитализмді социализм мен капитализмнің, жұмысшы табы мен буржуазияның арасындағы күрестің өзінше бір ерекше формасы деп қарады. Жеңіп шыққан пролетариат, деп көрсетті ол, советтік шараларға кесел келтіретін капиталистерге қарсы батыл күрестің тәсілдерін мемлекеттік капитализмнен бой тартпайтын, оны жүзеге асыра алатын, аса ірі кәсіпорындардың тәжірибелі ұйымдастырушылары ретінде пролетариат үшін пайдалы, мәдениетті капиталистер жөніндегі компромисс немесе өзінше бір құнын төлеп алу тәсілдерімен ұштастыруға тиіс.

Азамат соғысын бастаған ірі буржуазияның өршеленген қарсыласуы мен шетел империалистерінің басталып кеткен интервенциясы өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктен социалистік қоғамдық меншікке бейбіт жолмен, бірте-бірте өтуге бағытталған шаралардың кең пайдаланылу мүмкіндігін шектеп тастады. Шетел империалистерінің айдап салуымен Россия буржуазиясы мемлекеттік капитализм жағдайында Совет өкіметінің бақылауымен жұмыс істеуден бас тартты. Мұның өзі Совет өкіметін социалистік өзгерістерді жүзеге асырудың бейбіт емес әдістерін қолдануға мәжбүр етті.

Пролетариат диктатурасы жағдайындағы бейбіт социалистік құрылыстың лениндік жоспарының идеялары Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасында одан әрі дамытылды. «Жұмысшы табы мен оның авангарды—маркстік-лениндік партиялар,—делінген онда,—социалистік революцияны бейбіт әдіспен жүзеге асыруға тырысады. Мұның өзі жұмысшы табы мен бүкіл халықтың мүдделеріне, елдің жалпы ұлттық мүдделеріне сай келген болар еді». Социализм күштері барған сайын өсіп, жұмысшы қозғалысы нығайып, капитализм позициялары әлсірей түскен жағдайда кейбір елдерде пролетариат үшін негізгі өндіріс құрал-жаб-

дықтарын буржуазиядан құнын төлеп алу, ал буржуазияға осы құнын төлеп алуға көну тиімді болатын жағдай қалыптасуы мүмкін. Программада қанаушы тап халыққа күш қолданатын жағдайда социализмге бейбіт емес жолмен өтудің де мүмкіндігі ескеріледі. Оның үстіне Программада лениндік нұсқауларға сәйкес былай деп атап көрсетілген: тап күресінің шиеленісу дәрежесі халықтың басым көпшілігінің еркіне реакциялық топтардың қарсыласу күшіне байланысты болады.

Томдағы шығармаларда социалистік революцияның буржуазиялық революциядан түбегейлі айырмашылығы ашып көрсетіледі. Капитализм феодалдық құрылыстың қойнауынан өсіп шығады, сондықтан буржуазиялық революцияның алдында тек бір ғана міндет—«бұрынғы қоғамның барлық тұсауларын құрту, лақтырып тастау, қирату» (5—6-беттер) міндеті тұрады. Социализм капиталистік қоғамның қойнауынан стихиялы түрде өсіп шыға алмайды, сондықтан да социалистік революцияның алдына—капиталистік қоғамдық қатынастарды жеңу мен жоюдан басқа—өлшеусіз жоғары міндет: жаңа, социалистік қоғам құру міндеті қойылады. Социалистік революцияда, қанаушы таптардың қарсыласуын басып-жаншып, жаңа мемлекетті нығайтқаннан кейін, пролетариат пен ол басшылық еткен шаруалардың басты міндеті — «игілікті немесе жасампаздық жұмыс»— жаңа экономиканы жасау, халықтың әл-ауқаты мен мәдениетін өрге бастыру болып табылады.

Ленин еңбек өнімділігін барынша арттыра беруді социализм мен коммунизмнің жеңісі үшін ең маңызды және басты шарт деп есептеді. Жұмысшы табы мемлекеттік өкіметті жеңіп алып, буржуазияны экспроприациялауды ойдағыдай өрістеткеннен кейін, деп жазды ол, «капитализмге қарағанда жоғары қоғамдық уклад жасаудың түбегейлі міндеті, атап айтқанда: еңбек өнімділігін арттыру, ал осыған байланысты (және осы үшін) еңбекті жоғары дәрежеде ұйымдастыру міндеті қажетті түрде ең бірінші кезекке қойылады» (202—203-беттер).

Социалистік құрылыстың лениндік жоспарында социализмнің экономикалық негізі болуға тиісті машиналы ірі индустрияны жасап, барынша дамыту міндеті қойылды және негізделді. «Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының нобайында» елді электрлендірудің программалық идеясы бірінші рет алға қойылды. Ленин елдің ғылыми-техникалық күштері алдына, соның ішінде Россия Ғылым академиясының алдына, «Россияның өнеркәсібін қайта құру және оны экономикалық жағынан өркендету жоспарын» жасау міндетін қойып, халық шаруашылығын электрлендіруге баса назар аударды. Лениннің осыдан кейінгі еңбектерінде, оның өзінің басшылығымен жасалған белгілі ГОЭЛРО жоспары мен басқа да шаруашылық жоспарларында дамытылып, нақтылана түскен машиналы ірі индустрияны құру және елді электрлендіру туралы, ауыр өнеркәсіпті басымырақ өркендету туралы лениндік идеялар Коммунистік партияның СССР-де социализм орнатуды қамтамасыз еткен және совет халқын коммунизмнің жеңісіне бастап отырған сара бағытының негізі болып келеді.

Ленин қазіргі техника мен озық ғылымның ең жаңа жетістіктерін халық шаруашылығына дәйекті түрде енгізіп отырудың қажеттігін көрсетті, «капитализм жинақтаған мәдениет пен білімнің және техниканың аса бай, тарихи жағынан алғанда біз үшін сөзсіз қажетті запасының бүкіл жиынтығын,—міне, осылардың бәрін капитализмнің құралынан социализмнің құралына айналдыруды» (412-бет) талап етті. Ленин «ескі қоғамдық қатынастар жасаған және социализмнің материалдық базисі болып қалған мәдениетті іс жүзінде қабылдау» керек деді (283-бет).

Ленин жеңіп шыққан жұмысшы табы социализм құрылысы үшін буржуазиялық мамандарды—инженерлерді, агрономдарды, т. б. іске тартып, олардың тәжірибесін пайдалануға тиіс деп үйретті. Ол «солшыл коммунистердің» мамандарды пайдаланбай-ақ социализм құру мүмкін деген пайымдауларын жабайы адамдардың психологиясы деп әжуалады. Ленин білімнің капиталға бағынудан босатылуын, жұмысшылар мен шаруалардан

шыққан жаңа интеллигенцияны, ғылыми-техникалық жаңа кадрларды даярлау ісін социалистік революцияның аса маңызды міндеттерінің бірі деп білді.

«Совет өкіметінің кезектегі міндеттерінде» және томға енгізілген басқа еңбектерде еңбекті социалистік жолмен ұйымдастыру, жаңа еңбек тәртібін жолға қою мәселелеріне орасан зор көңіл бөлінеді. Еңбек ұйымдастырудың ғылыми принциптерін қолдана отырып, жаңаша жұмыс істей білу, еңбек қатынастарын жаңа жолдастық тәртіпке сай құра білу—бұл міндетті Ленин совет халқының алдына 1918 жылғы көктемнің өзінде-ақ барынша ауқымды түрде қойған болатын. «Мұның өзі қиыншылығы орасан зор міндет,—деді Ленин халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық I съезінде,—бірақ оның есесіне игілікті де міндет, өйткені біз оны практикалық жағынан шешкенде ғана, тек сонда ғана өзіміз көмгелі жатқан капиталистік қоғамның табытына соңғы шеге қағылады» (416-бет).

Ленин былай деп көрсетті: социалистік революцияның жеңісі және өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық меншікке көшуі халық бұқарасының творчестволық қабілетін дамыту мен дұрыс пайдаланудың, әрбір қызметкердің мәдени дәрежесі мен мамандығын арттырудың, социалистік жарысты өрістетудің шексіз мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін еңбек жағдайларын адамзат тарихында тұңғыш рет жасап берді. Ленин социалистік жарыс бұқараның творчестволық бастамасы мен белсенділігін дамытудың тамаша формасы, еңбекшілерді шаруашылық және мәдени құрылысқа тартудың құдіретті құралы екенін дәлелдеп берді. Бәсеке мен жекеше кәсіпкерлікті экономикалық дамудың бірден-бір және ауыстыруға болмайтын қозғаушысы-мыс деп дәріптейтін буржуазияның реакциялық теориясын теріске шығара келіп, Ленин қанаудан азат болған еңбеккерлердің творчестволық қызметі—экономика, ғылым және мәдениет прогресінің теңдесі жоқ құдіретті қайнар көзі болып табылады деп көрсетті.

Ленин еңбек өнімділігін арттыруда, қоғамдық меншікке негізделген халық шаруашылығын өрге бастыруда бұқаралық социалистік жарыстың барған сайын

үлкен роль атқаратынын болжай білді. Социалистік жарыс туралы лениндік идеялар социализм мен коммунизм құрылысының теориясы мен практикасын байыта түскен асқан зор жаңалық болды. Социалистік жарыс— коммунистік құрылыстың сынпап өткен әдісі; Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, партиямыз социалистік жарысты, еңбектің коммунистік формаларын барынша дамытуға жетіп отыр.

Экономикалық құрылыста халық бұқарасының творчестволық қызметі мен энтузиазмының орасан зор роль атқаратынын атап көрсете келіп, Ленин сонымен қатар еңбекшілердің, әрбір қызметкердің өз еңбегінің нәтижелеріне, жеке кәсіпорындардың жұмысын жақсартуға да, сондай-ақ бүкіл халық шаруашылығын өркендетуге де жеке басының материалдық жағынан мүдделі болуының ерекше маңыздылығын ашып көрсетті. Ол өндірісті дамытуға еңбекшілердің жеке басының материалдық жағынан мүдделі болуы мен жақсы жұмыс істегендерді көтермелеу еңбек пен өндірісті социалистік жолмен ұйымдастырудың негізі, еңбек өнімділігін арттырудың, қоғамдық өндірісті өсірудің және жетілдіре берудің қуатты факторы болады деп көрсетті.

Ленин озат тәжірибені, таңдаулы кәсіпорындардың өндірісті үлгілі ұйымдастыруын насихаттауға және таратуға зор маңыз берді. Социалистік қоғамда, деп көрсетті Ленин, озаттарға теңелу заңға айналуға тиіс; озат тәжірибені жинақтау, мұқият тексеру және зерттеу жалпы халықтық міндетке айналады. Осыған байланысты Ленин статистиканы бұқара ішіне жеткізуге шақырып, былай деді: «оны толық түсіндіруіміз керек; мұның арқасында қалай және қанша жұмыс істеу керек екеніне, қалай және қанша демалу керек екеніне еңбекшілердің өздері бірте-бірте түсініп, көзі жететін болуы керек; жеке коммуналар шаруашылығының *іс қорытындыларын салыстыру* жалпы жұрттың көңіл қоятын және зерттейтін ісіне айналатын болуы керек» (207-бет).

Лениннің 1918 жылы көктемде талдап жасалған, осы томдағы шығармаларда баяндалған социалистік құрылыс жоспарында ауыл шаруашылығын социалистік

негізде қайта құрудың жолдары туралы маңызды қағидалар бар. 1918 жылы мартта Ленин «жерді ортақтасып өңдеуге және социалистік ірі егіншілікке бірте-бірте, бірақ үздіксіз көшу» (77-бет) қажеттігі туралы жазды. Ленин деревнядағы ұсақ товар өндірушілерді кооперация арқылы қоғамдық ірі шаруашылықтарға бірте-бірте ерікті түрде біріктіруді көздейтін бірден-бір дұрыс саясатты белгілеп берді. Социалистік революция жеңгеннен кейін, пролетариат диктатурасы жағдайында, кооперацияның сипаты түбегейлі өзгереді. Ленин кооперацияны капитализмді құлатпай-ақ социализмге өтудің құралы деп санайтын көзқарастың негізсіздігін, реакцияшылдығын әшкерелей келіп: «Капиталистік қоғамдағы кішкентай арал болған кооператив дегеніміз кәсіп»,— деп жазды. Ал «егер кооператив жерді социализацияласан, фабрикалар мен заводтарды национализациялаған бүкіл қоғамды қамтып отырса, онда кооператив дегеніміз социализм» (174-бет). Пролетариат диктатурасы мен негізгі өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік тұсындағы кооперацияның социалистік табиғаты туралы осыдан кейінгі жылдарда дамытылған лениндік қағидалар бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар лениндік кооперативтік жоспардың негізіне, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің ұсақ шаруалар шаруашылығын коллективтік социалистік ірі өндіріс жолына көшіру жөніндегі бұдан былайғы саясатының негізіне алынды.

Қоғамның экономикалық негізін түбегейлі қайта құрудың көлемі жөнінен орасан зор әрі ерекше күрделі міндетін практикалық жағынан жүзеге асыру қоғамдық өндірісті басқаруға, халық шаруашылығын жоспарлауға байланысты жаңа мәселелерді теориялық жағынан талдап шешуді талап етті. Социализм дегеніміз, деді Ленин, қоғамдық өндірісті және өнімнің бөлінуін жалпы мемлекеттік көлемде жоспарлы түрде ұйымдастыру болып табылады.

Ленин шаруашылықты басқару мен жоспарлаудың жаңа жүйесін ұйымдастыруға зор көңіл бөлді. Бұл жүйенің негізіне лениндік демократиялық централизм принципі алынды. Ленин: демократиялық централизм

орталықтандырылған мемлекеттік басшылықты бұқараның аса кең творчестволық белсенділігімен ұштастыру болып табылады, ол «тек жергілікті ерекшеліктерді ғана емес, сонымен қатар жергілікті бастаманы, жергілікті инициативаны, ортақ мақсатқа қарай қадам басудың алуан түрлі жолдарын, тәсілдері мен құралдарын да толық және кедергісіз дамытудың... мүмкіндігін» (164—165-беттер) қамтамасыз етеді деп көрсетті.

Ленин централизмді бюрократтық бұрмалауға, жергіліктілдік, облысшылдық, сондай-ақ анархо-синдикалистік тенденцияларға батыл қарсы шықты. Ол жалпы мемлекеттік игілік болып табылатын национализацияланған мүліктерді ыдыратуға, еңбекшілердің жеке коллективтерінің топтасып иеленуіне қарсы күресті, өйткені мұның өзі социалистік меншіктің сипатына қарама-қайшы келетін еді. «Жеке фабрика немесе жеке кәсіп жұмысшыларының,— деп жазды ол,—олардың ерекше өндірісіне меншігі болуын, немесе олардың жалпы мемлекеттік өкіметтің жарлықтарын әлсірету, немесе бөгеу праволарын, тікелей немесе жанама түрде, қандай да болсын заңдастыру Совет өкіметінің басты негіздерін барынша бұрмалағандық және социализмнен мүлде бас тартқандық болып табылады» (519—520-беттер).

Ленин шаруашылықты басқарудың демократиялық централизм принципіне неғұрлым толық сай келетін органдары ретінде халық шаруашылығы советтерін нығайтып, дамытуға зор маңыз берді. Ленин былай деді: социалистік революция дамып, социалистік құрылыс одан әрі нығая түскен сайын халық шаруашылығы советтерінің ролі де онан әрі арта түсетін болады. Халық шаруашылығы советтері типтес аппарат, деп атап көрсетті ол, ұйымдасқан қоғамның ең басты қызметтерінің бәрін өз қолына алып, өсіп, дамып, нығая беретін болады.

Халық шаруашылығына басшылық етудің лениндік принциптері—социализм мен коммунизм құрылысындағы негізгі принциптер. Марксизм-ленинизм дұшпандарының бұл принциптерді бұрмалап, социалистік елдердегі халық шаруашылығына мемлекеттік басшылық практикасын қаралауға тырысқан әрекеттерінің бәрі

дәрменсіз әрі негізсіз әрекет. Олардың социалистік жоспарлы шаруашылық «күштеу системасы» болып табылады-мыс, онда халық қоғамдық өндіріске басшылық етуден шеттеп қалып отыр-мыс деген пікірлеріне қарамастан, шындығында тек социализмнің экономикалық системасы ғана еңбекшілердің қалың бұқарасының кәсіпорындарды, бүкіл халық шаруашылығын басқаруға кеңінен тартылуын қамтамасыз етеді. СССР-дің және басқа социалистік елдердің социалистік дамуының тәжірибесі демократиялық централизм принциптерінің дұрыстығын толық дәлелдейді.

В. И. Лениннің осы томға еніп отырған шығармаларында («Ашаршылық туралы» Питер жұмысшыларына хат, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және кәсіподақтардың біріккен мәжілісінде жасалған «Ашаршылыққа қарсы күрес туралы баяндама», Москва жұмысшыларының жиналыстарында азық-түлік отрядтары туралы сөйленген сөз және басқалар) деревняда социалистік революцияны одан әрі дамыту, деревня кедейлерін жұмысшы табының басшылығымен капиталға және деревня буржуазиясына—кулактарға қарсы күресу үшін ұйымдастыру мәселелері үлкен орын алады. 1918 жылдың көктемі мен жазында азық-түлік жағдайы күрт шиеленісті, елге ашаршылық қаупі төнді. Оның басты себептерінің бірі—Совет өкіметіне қарсы кулактардың қиян-кескі күрес жүргізуі, олардың социалистік өзгерістерге қарсы шығуы еді. Социалистік революцияның тағдыры, социалистік құрылыстың өрістетілуі астық мәселесін шешуге байланысты болды. Мұның өзі: Астық үшін күрес—социализм үшін күрес!—деген лениндік ұраннан айқын аңғарылады.

Осы томдағы материалдар деревня кедейлерін біріктіріп, ұйымдастыру үшін, кулактарға қарсы күрес жүргізу үшін деревняға жұмысшылардың жорығын ұйымдастыру жөнінде, кедейлер комитеттерін құру жөнінде, пролетариаттың ең кедей шаруалармен одағын нығайту жөнінде, орта шаруаларды Совет өкіметі жағына тарту жөнінде Лениннің, Коммунистік партияның алуан қырлы жұмыс жүргізгенін көрсетеді.

Бірқатар сөйленген сөздерде («Сокольники клубындағы митингіде сөйленген сөз», «Симонов кіші ауданындағы митингіде сөйленген сөз», «Солшыл эсерлердің бүлігі жөнінде «Известия ВЦИК» қызметкерімен әңгіме», «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде сөйленген сөз бен үкімет мәлімдемесі», «Заводтық комитеттердің Москва губерниялық конференциясында жасалған баяндама» және басқалар) Лениннің, партия мен үкіметтің Совет елінің қорғанысын нығайту, шетелдік интервенцияға тойтарыс беруге әзірлену, буржуазия бастаған азамат соғысында Совет өкіметінің жеңіп шығуын қамтамасыз ету жөнінде жүргізген қызметі бейнеленеді.

Осы томға еніп отырған еңбектердің зор теориялық және практикалық маңызы бар. Олар капитализмнен социализмге өту кезеңіндегі социалистік құрылыстың, жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетінің сыртқы және ішкі саясатының түбегейлі проблемаларына арналған. Бұл еңбектерде совет халқының жаңа қоғамға тыңнан жол сала отырып, социализмге қарай жасаған алғашқы қадамдарының тәжірибесі қорытылады. Ленин социалистік құрылыстың бұл тәжірибесі «ұмытылмайды... Бұл тәжірибе социализмнің жеңісі ретінде тарихқа кірді және болашақтағы халықаралық революция өзінің социалистік сарайын осы тәжірибеге сүйене отырып салады» (413-бет) деп көрсетті.

* *
*

36-томның құрамына Ленин Шығармаларына бұрын енгізілмеген 29 документ қосылды. Олардың ішінде «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақаланың бастапқы нұсқасының бірінші рет жарияланып отырған тараулары (IV тараудың бір бөлегі, сондай-ақ V, VI, VII, VIII, IX тараулар мен X тараудың басы) бар; бұл тарауларда Октябрь революциясының дамуына теориялық терең талдау жасалған, социалистік құрылыстың түбегейлі міндеттері қойылған. Сондай-ақ, томға Москваның Пресня ауданында тұңғыш Советтік Конституцияға арнап өткізілген митингіде сөйленген

сөз, ВЦСНС, металлистер одағының Орталық Комитеті және Халық шаруашылығы жоғары советі өкілдерінің біріккен мәжілісінде ірі өнеркәсіпті национализациялау туралы мәселе жөнінде және Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мәжілісінде еңбек тәртібі туралы сөйленген сөздер, «Daily News» және «Folkets Dagblad Politiken» газеттерінің тілшілеріне берілген интервьюлер енгізіліп отыр.

Томда национализацияланған кәсіпорындарды басқару туралы ереже жобасына ескертпелер, қала мен деревня арасындағы товар айырбасының шарттары туралы Халық шаруашылығы жоғары советімен, Сауда және өнеркәсіп комиссариатымен келісімнің нобайы, Дон республикасы Советтері бірінші съезінің президиумына құттықтау, «Біздің дәуіріміздің басты міндеті» деген кітапшаға алғы сөз, сондай-ақ «Ашаршылыққа қарсы күресу шаралары туралы» және «Совет өкіметінің демократизмі және социалистік сипаты туралы» деген аяқталмаған екі еңбек басылып отыр. РСФСР Конституциясының екінші бөлімінің 20-пунктінің нобайы Конституция жобасын жасау кезеңінде жазылған.

Шығармаларға бірінші рет енгізілген документтердің он бірі—Совет үкіметінің қаулылары мен декреттерінің жобалары, сондай-ақ оларға толықтырулар. Олардың ішінде мыналар бар: Халық Комиссарлары Советінің отын, темір жол транспортын сауықтыру және су транспортының жайы туралы қаулыларының жобалары; акцияларды, облигацияларды және басқа да процент алатын қағаздарды тіркеу туралы декрет жобасына қосымша; Халық Комиссарлары Советінің кітапхана ісін жолға қою туралы қаулысының жобасы.

Ауыл шаруашылығын өндіріс құралдарымен және металдармен жабдықтау туралы, егіс көлемін ұйымдастыру жөніндегі бөлім туралы, жұмысшыларды ашаршылыққа қарсы күреске жұмылдыру туралы, азық-түлікті дербес дайындау туралы жобаларын (және оларға толықтыруларды) Ленин жазған үкімет қаулылары сол кездегі аса маңызды проблема—ауыл шаруашылығын қалпына келтіру мен ашаршылыққа қарсы күреске арналған.

«Дайындық материалдар» бөлімінде Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінің коммунистік фракциясының мәжілісінде сөйленген сөз бен съезде Брест бітім шартын бекіту туралы жасалған баяндаманың жоспарлары, сондай-ақ «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақала мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және кәсіподақтардың біріккен мәжілісінде ашаршылыққа қарсы күрес туралы 1918 жылы 4 июньде жасалған баяндаманың Шығармаларға бірінші рет енгізілген жоспарлары, «Петроград пен Москваның өнеркәсібін электрлендіру туралы заметкалар» жариялапып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН
1918

РКП(б)-ның ТӨТЕНШЕ ЖЕТІНШІ СЪЕЗІ[1]

6—8 МАРТ, 1918 ж.

Бірінші рет 1923 ж. мына кітапта толық (аздап қысқартылып және «солшыл коммунистердің» Орталық Комитетке кіруден бас тартуы жөніндегі қарарсыз) басылған: «Россия Коммунистік партиясының жетінші съезі. Стенографиялық есеп. 6—8 март, 1918 жыл»

1928 ж. мына кітапта толық басылған: «Бүкіл одақтық коммунистік (б) партияның съездері мен конференцияларының протоколдары.—Жетінші съезд. Март, 1918 жыл»

Орталық Комитеттің саяси есебі, есеп бойынша қорытынды сөз, программаны қайта қарау және партияның атын өзгерту туралы баяндама, сөйленген сөздер мен ұсыныстар 1928 ж. шыққан кітаптың стенограммамен, секретарь жазбаларымен және 1923 ж. шыққан кітаптың текстімен салыстырылған тексті бойынша, ал соғыс және бітім туралы қарарға толықтыру, «солшыл коммунистердің» Орталық Комитетке кіруден бас тартуы жөніндегі қарар қолжазба бойынша басылып отыр

1

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ ЕСЕБІ
7 МАРТ

Саяси есепті Орталық Комитеттің шараларын санап шығу арқылы да жасауға болар еді, бірақ қазіргі кезең үшін мұндай есеп қажет емес, *тұтас алғанда біздің революциямыздың очеркі қажет;* тек сондай очерк қана біздің барлық шешімдерімізді бірден-бір маркстік тұрғыдан негіздеп бере алады. Біз революция дамуының бұдан бұрынғы бүкіл барысын қарастырып шығып, оның бұдан былайғы дамуының неліктен өзгеріп отырғанын анықтауға тиістіміз. Біздің революцияда халықаралық революция үшін орасан зор маңызы бар өзгерістер, атап айтқанда — *Октябрь революциясы* болды.

Февраль революциясының алғашқы табыстарының себебі мынада еді: пролетариаттың соңынан тек деревня бұқарасы ғана емес, буржуазия да ерді. Патша өкіметін жеңіп шығудың оңай болғандығы осыдан; біз 1905 жылы мұны істей алмаған едік. Февраль революциясында өздігінен, стихиялы түрде жұмысшы депутаттары Советтерінің құрылуы 1905 жылдың тәжірибесін қайталады—бізге Совет өкіметінің принципін жариялауға тура келді. Бұқара революцияның міндеттерін өзінің күрес тәжірибесінен үйренді. 20—21 апрельдегі оқиғалар демонстрацияның қарулы көтеріліс тәрізді бірдеңемен ерекше ұштасуы еді. Буржуазиялық үкіметтің құлауына осының өзі жеткілікті болды. Өкімет басына келген ұсақ буржуазиялық үкіметтің өзінің мәнінен туатын, ұзаққа созылған келісімпаздық саясат басталды. Июль оқиғалары пролетариат диктатурасын әлі

жүзеге асыра алмайтын еді—бұқара бұған әлі дайындалмаған болатын. Сондықтан жауапты ұйымдардың ешқайсысы бұқараны бұған шақырған да жоқ. Бірақ жаулар жағын барлау мағынасында алғанда июль оқиғаларының зор маңызы болды. Корниловшылдық және одан кейінгі оқиғалар, практикалық сабақтар ретінде, октябрьдегі жеңісті мүмкін етті. Октябрьде де өкіметті бөліскісі келгендердің[2] қателігі: олар октябрьдегі жеңісті сол кездегі оқиғалармен—июль күндерімен, шабуылмен, корниловшылдықпен, т. т. және т. с. байланыстырмады, мұның өзі Совет өкіметінің болмай коймайтындығына әлдепеше миллиондаған бұқараның көзін жеткізді. Одан кейін бүкіл Россияда біздің салтанатты шеруіміз басталды, бұл барлық жұрттың бітімге ұмтылуымен қатар жүрді. Біз соғыстан біржақты бас тарту арқылы бітімге жете алмайтынымызды білеміз; біз мұны Апрель конференциясының өзінде-ақ көрсеткенбіз*. Келісімпаздық саясаттың соғысты одан әрі созa беретінін, империалистердің шабуыл жасай беру, жылдар бойы созылатын соғыста бұрынғыдан да бетер шырмала беру жөніндегі тағылық, мағынасыз әрекеттеріне апарып соғатынын солдаттар апрельден октябрьге дейінгі дәуірде өте айқын түсінді. Міне осы негізге сүйене отырып, қайткен күнде де тезірек бітім жөнінде белсенді саясатқа кошу керек болды, өкіметті Советтердің қолына алуы, помещиктік жер иелігін біржола құрту қажет болды. Помещиктік жер иелігін Керенский ғана емес, Авксентьевтің де қолдап, тіпті жер комитеттерінің мүшелерін тұтқынға алуға дейін де барғанын сіздер білесіздер. Міне, өзіміз халықтың қалың бұқарасының санасына құйған осы саясат, «өкімет Советтерге берілсін» деген осы ұран біздің октябрьде Петербургте өте оңай жеңіп шығуымызға мүмкіндік берді, орыс революциясының соңғы айларын жаппай салтанатты шеруге айналдырды.

Азамат соғысы фактіге айналды. Революцияның бас кезінде, тіпті соғыстың бас кезінде біздің болжап айтқанымыз және ол кезде социалистік топтардың едәуір

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 432—433-беттер. *Ред.*

бөлегінің сенімсіздікпен немесе тіпті мазақтап қараған нәрселері, атап айтқанда, империалистік соғыстың азамат соғысына айналуы соғысқа қатысқан ең үлкен және ең мешеу елдердің бірі үшін 1917 жылғы 25 октябрьде факт болды. Бұл азамат соғысында халықтың басым көпшілігі біздің жағымызда болып шықты, міне осының арқасында жеңіс бізге өте-мөте оңайға түсті.

Майданнан қайтқан әскерлер қайда барса да, барлық жерге келісімпаздықты құртуға деген барынша революциялық батылдықты ала барды, сөйтіп келісімпаз элементтердің, ақ гвардияның, помещик балаларының халық ішінде ешқандай тірегі жоқ болып шықты. Оларға қарсы соғыс бірте-бірте қалың бұқараның және бізге қарсы аттанған әскер бөлімдерінің большевиктер жағына шығуымен байланысты революцияның салтанатты жеңімпаз шеруіне айналды. Мұны біз Питерде, Гатчина майданында көрдік, онда Керенский мен Краснов қызыл астанаға қарсы шығармақ болған казактар қобалжыды; мұны біз кейін Москвада, Оренбургте, Украинада көрдік. Бүкіл Россияда азамат соғысының толқыны көтерілді, сөйтіп, біз барлық жерде нақ нәтиже беретін жағдайдың пісіп жетілгендігінен, бұқара буржуазиямен келісім жасасудың барлық тәжірибесін сол кездің өзінде-ақ алып үлгіргендіктен тым оңай жеңіп отырдық. Ұзақ тарихи тәжірибе арқылы бұқараның практикалық сынынан өткен «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген біздің ұран бұқараның қанына, сүйегіне сіңді.

Орыс революциясының 1917 жылғы 25 октябрьден кейінгі алғашқы айлары жаппай салтанатты шеруге айналғандығы нақ осыдан. Осы жаппай салтанатты шерумен жүргенде социалистік революция бірден-ақ кездескен және кездеспеуіне болмайтын қиыншылықтар естен шығып, екінші қатарға шегерілді. Буржуазиялық революция мен социалистік революцияның арасындағы негізгі айырмашылықтардың бірі мынадай: феодализмнен өсіп шығатын буржуазиялық революция үшін ескі құрылыстың қойнауында бірте-бірте жаңа экономикалық ұйымдар құрылады, олар феодалдық қоғамның барлық жақтарын бірте-бірте өзгертеді. Буржуазиялық ре-

волюцияның алдында тек бір ғана міндет—бұрынғы қоғамның барлық тұсауларын құрту, лақтырып тастау, қирату міндеті тұрды. Осы міндетті орындай отырып, буржуазиялық революцияның қандайы болса да өзінен не талап етілсе, соның бәрін орындайды: ол капитализмнің өсуін күшейте түседі.

Социалистік революцияның жағдайы мүлде басқаша. Тарихтың бұралаң жолдарына байланысты, социалистік революцияны бастауына тура келген ел неғұрлым көбірек артта қалған болса, ол ел үшін ескі капиталистік қатынастардан социалистік қатынастарға көшу соғұрлым қиынырақ болады. Мұнда қирату міндеттерінің үстіне жаңа, адам айтқысыз қиын міндеттер—ұйымдастыру міндеттері қосылады. Егер орыс революциясының 1905 жылғы ұлы тәжірибесін басынан кешірген халық творчествосы 1917 жылы февральда-ақ Советтерді құрмаса, онда Советтер октябрьде өкіметті ешбір жағдайда да қолына ала алмас еді, өйткені табысқа жету миллиондаған адамдарды қамтығап қозғалыстың дайын тұрған ұйымдық формаларының болуына байланысты еді. Советтер осындай дайын форма болды, сондықтан да саяси салада бізді сол, өзіміз бастан кешірген тамаша табыстар, жаппай салтанатты шеру күтіп тұрды, өйткені саяси өкіметтің жаңа формасы дайын тұр еді, сөйтіп бізге бірнеше декретпен Советтер өкіметін революцияның алғашқы айларында бастапқы түрде болған жағдайдан заң жүзінде танылған, Россия мемлекетінде орныққан формаға—Россия Советтік республикасына айналдыру ғана қалған еді. Бұл республиканың бірден, дүниеге оңай келген себебі—1917 жылы февральда бұқара Советтерді құрды, құрғанда тіпті бұл ұранды қандай партияның болса да жариялап үлгеруінен бұрын құрды. 1905 жылдың күйінішті тәжірибесін басынан кешірген, сол арқылы есейген нағыз халық творчествосының өзі,—міне, пролетарлық өкіметтің бұл формасын құрған сол. Ішкі жауды жеңу міндеті мейлінше оңай міндет болды. Саяси өкімет құру міндеті де мейлінше оңай міндет болды, өйткені бұқара бізге бұл өкіметтің нұсқасын, негізін жасап берді. Советтер республикасы бірден дүниеге келді. Бірақ алда әлі орасан

қиын екі міндет тұрды; бұл міндеттерді шешу қайткенде де революциямыздың алғашқы айларындағыдай салтанатты шеру болуы мүмкін емес еді,— бұдан былай социалистік революцияның орасан қиын міндеттерге кездесетінінс біз күмәндапған жоқпыз, күмәндана алмайтыш да едік.

Біріншіден, ол—социалистік революция атаулының бәрінің алдына қойылатын ішкі ұйымдастыру міндеттері еді. Социалистік революцияның буржуазиялық революциядан айырмашылығы нақ мынада: буржуазиялық революцияда капиталистік қатынастардың дайын формалары болады, ал Совет өкіметі—пролетарлық өкімет—егер капитализмнің ең дамыған формаларын, шынында, өнеркәсіптің аз ғана жоғарғы қабатын қамтыған, егіншілікті әлі мүлде аз қозғаған формаларды есепке алмағанда, ондай дайын қатынастарды ала алмайды. Есеп ісін ұйымдастыру, аса ірі кәсіпорындарға бақылау орнату, бүкіл мемлекеттік экономикалық механизмді біртұтас ірі машинаға, шаруашылық организмге, жүз миллиондаған адамдар бір жоспарды басшылыққа алатындай етіп жұмыс істейтін организмге айналдыру — бізге жүктеліп отырған орасан зор ұйымдастыру міндеті міне осы. Қазіргі еңбек жағдайлары бұл міндетті, азамат соғысының міндеттерін шешкеніміздей, «уралап» шешуге ешбір жол бермейтін еді. Бұлай шешуге істің мәнінің өзі жол бермеді. Егер біз калединшілдерді оңай жеңіп, айтарлықтай көңіл болуге де тұрмайтын қарсылық кезінде Совет республикасын құрған болсақ, онда оқиғалар барысының осылай болуын бұдан бұрынғы бүкіл объективті даму алдын ала шешіп қойған еді, сондықтан ең соңғы сөзді айту ғана, маңдайшадағы жарнамаңы өзгерту, «Совет кәсіби ұйым ретінде өмір сүреді» дегеннің орнына: «Совет дегеніміз мемлекеттік өкіметтің бірден-бір формасы» деп жазу ғана қалған болатын,—ал ұйымдастыру міндеттері жөніндегі іс мүлде басқаша болды. Мұнда біз орасан зор қиыншылықтарға кездестік. Мұнда біздің революцияның міндеттеріне ойлы көзбен қарағысы келген адамдардың бәріне бірден айқын болған нәрсе мынау: капиталистік қоғамға соғыс әкелген іріп-шіруді тез өзара тәртіп орнатудың

ауыр, ұзақ жолы арқылы ғана жеңіп шығуға болады, тек өте-мөте ауыр, ұзақ, табанды жол арқылы ғана бұл іріп-шіруді жоя аламыз және бұл іріп-шірудің көбейіп келе жатқан элементтерін, революцияға ескі тұсаулардың жұлып тастауға болатын жерлерін жұлып тастап, олардан аулақ болудың тәсілі деп қараған элементтерін жеңе аламыз. Ұсақ шаруа елінде адам айтқысыз күйзеліс кезінде мұндай элементтер көп мөлшерде сөзсіз пайда болады, сондықтан оларға қарсы күрес, ешқандай тиімді позициядан дәмелендірмейтін күрес, жүз есе қиын болады,—бұл күресті біз енді ғана бастадық. Біз бұл күрестің бірінші сатысында тұрмыз. Бұл арада біздің алдымызда ауыр сындар тұр. Бұл арада біз істің объективті жағдайына байланысты, калединшілдерге қарсы аттанғандағымыз сияқты, туларды желбіретіп, салтанатты шеру тартумен ешбір ретте де шектеле алмаймыз. Бұл күрес әдісін революцияның жолында тұрған ұйымдастыру міндеттеріне көшіруге әрекет жасаған адамның қайсысы болсын саясатшы ретінде, социалист ретінде, социалистік революцияның қайраткері ретінде біржола банкрот болар еді.

Революцияның алдына оған түсетін орасан зор қиыншылықтардың екіншісі—халықаралық мәселе нақты қойылған кезде, революцияның бастапқы салтанатты шеруіне елігіп кеткен жас жолдастарымыздың да бірсыпырасы нақ солай банкрот болды. Егер біз Керенскийдің бандыларын оп-оңай жеңген болсақ, егер біз оп-оңай өкімет құрып алсақ, егер біз жөнді еңбек сіңірмей-ақ жерді социализациялау, жұмысшы бақылауы туралы декрет шығарып алған болсақ,—егер біз осының бәрін оп-оңай істеген болсақ, онда оның себебі мынадан ғана: жағдайдың оте қолайлы қалыптасуы бізді халықаралық империализмнен аз ғана уақытқа қорғап қалды. Халықаралық капиталдың нағыз күші, нағыз қамалы болып табылатын, жоғары дәрежеде ұйымдасқан соғыс техникасы, аса қуатты капиталы бар халықаралық империализм өзінің объективті жағдайы жағынан да, онымен біте қайнасқан капиталистік таптың экономикалық мүдделері жағынан да еш уақытта, ешбір жағдайда Совет республикасымен қатар тату тұра

алмайды,—сауда байланыстарының, халықаралық финанс қатынастарының себебінен тату тұра алмайды. Бұл арада жанжал болмай қоймайды. Бұл арада орыс революциясының асқан зор қиыншылығы, оның асқан зор тарихи проблемасы тұр, ол проблема: халықаралық міндеттерді шешудің қажеттігі, халықаралық революцияны туғызудың, біздің шағын ұлттық революция ретіндегі революциямыздан дүние жүзілік революцияға қарай осы көшуді іске асырудың қажеттігі. Бұл міндет біздің алдымыздағы адам айтқысыз аса қиын міндет болды. Қайталап айтамын, өздерін солшылмыз деп санайтын жас достарымыздың көпшілігі ең маңызды нәрсені ұмыта бастады, атап айтқанда: Октябрьден кейін аса ұлы салтанат болған апталардың, айлардың ішінде біздің салтанаттан салтанатқа осыншама оп-оңай көшуге мүмкіндік алуымыздың неліктен екенін ұмыта бастады. Ал оның бұлай болуының жалғыз-ақ себебі бар: ол—айрықша қалыптасқан халықаралық конъюнктура бізді империализмнен уақытша қорғап қалды. Империализмнің бізбен айналысуға мұршасы болмады. Біздің де империализммен айналысуға мұршамыз жоқ сияқты болып көрінді. Ал жекелеген империалистердің бізбен айналысуға мұршасы келмеуінің себебі—қазіргі дүние жүзілік империализмнің асқан зор әлеуметтік-саяси және әскери күшінің бәрі бұл кезеңде екі топ болып бөлініп, өзара қырқысып соғысып жатты. Бұл күреске тартылған империалистік жыртқыштар адам айтқысыз шекке жетті, тістесіп, қарысып қалды, бұл топтардың бірде-бірі орыс революциясына қарсы азды-көпті елеулі күш жинай алмайтындай дәрежеге жетті. Біз октябрьде нақ мынадай кезеңге тап болдық: біздің революция нақ сәтті кезеңге тап болды,—мұның өзі ерсі болғанмен, әділ де еді,—бұл кезде империалистік елдердің орасан көпшілігі адам есітіп көрмеген апаттарға ұшырап, миллиондаған адам қырылды, бұл кезде соғыс халықтарды адам есітіп көрмеген апаттарға ұшыратып, азап шектірді, бұл кезде, соғыстың төртінші жылында, соғысушы елдер тұйыққа тіреліп, ақтарылып қалды, бұл кезде: осындай жағдайға дейін жеткізілген халықтар бұдан әрі соғыса ала

ма? деген мәселе объективті түрде қойылды. Біздің революцияның осы сәтті кезеңге, жыртқыштардың орасан зор екі тобының ешқайсысы бір-біріне дереу тарпа бассала да алмаған, бізге қарсы біріге де алмаған кезге дөп келуінің арқасында ғана,—біздің революция халықаралық саяси және экономикалық қатынастардың тек осы кезеңін пайдалана алатын еді, оны пайдаланды да, сөйтіп ол Европалық Россияда өзінің осы тамаша салтанатты шеру тартуын іске асырды, құлашын Финляндияға жайып, Кавказды, Румынияны жеңіп ала бастады. Бізде партиямыздың алдыңғы қатарлы топтарында елден ерекше адамдар-интеллигент қызметкерлер тек осының себебінен ғана шықты; осы салтанатты шеруге еліккен олар: біз халықаралық империализмді жеңіп шығамыз, онда да салтанатты шеру болады, онда нағыз қиындық жоқ деді. Орыс революциясының объективті жағдайымен екі арадағы пікір алалығы, міне, осында; орыс революциясы халықаралық империализмнің уақытша іркілісін ғана пайдаланды, өйткені машина уақытша тоқтап қалған еді, қол арбаға қарсы келе жатқан темір жол поезының оны быт-шыт қылатыны сияқты, ол машина бізге қарсы жүруге тиіс еді,—ал оның тоқтап қалған себебі—жыртқыштардың екі тобы қақтығысып қалды. Жер-жерде революциялық қозғалыс өсті, бірақ күллі империалистік елдердің бәрінде де ол қозғалыс көбінесе әлі бастапқы сатысында еді. Оның даму қарқыны тіпті де біздегідей болған жоқ. Революцияны бастау Европада мейлінше қиын да, бізде мейлінше оңай, бірақ революцияны одан әрі жалғастыру бізде ондағыдан гөрі қиынырақ екені Европадағы социалистік революцияның экономикалық алғы шарттары жөнінде ойлапған әрбір адамға айқын болмауы мүмкін емес еді. Осы объективті жағдай бізге тарихтың өте-мөте қиын, кілт бұрылысын басымыздан кешіруге тура келетінін көрсетті. Ішкі майданымызда, біздегі контрреволюцияға қарсы, Совет өкіметінің жауларына қарсы октябрьдегі, ноябрьдегі, декабрьдегі жаппай салтанатты шеру тартудан бізге нағыз дұшпандық көзбен қарайтын нағыз халықаралық империализммен айқасуға көшуімізге тура келіп тұрған еді. Салтанатты шеру

тарту кезеңінен адам айтқысыз қиын да ауыр жағдай кезеңіне көшуімізге тура келген еді; бұл жағдайдан құр сөзбен, ғажайып ұрандармен құтылуға—бұл қандай сүйсінерлік нәрсе болғанмен—әрине, болмайды, өйткені біздің күйзелген еліміздегі бұқара әбден титықтаған еді, ол бұдан әрі соғыса беруге ешбір мүмкіндік болмайтын халге жетті, ол үш жылдық азапты соғыстан әбден мұқап, соғысқа мүлде жарамайтын халге түсті. Орыс армиясы соғыспайды деген шындықты бүкіл буржуазия алдында айтудан именбеген солдаттар бұқарасының большевиктер партиясына жатпайтын өкілдерін біз Октябрь революциясынан бұрын-ақ көргенбіз. Армияның мұндай жағдайы орасан зор дағдарыс туғызды. Өзінің құрамы жағынан ұсақ шаруа елі, соғыстан берекесі кетіп, соғыс адам естіп көрмеген халге жеткізген ел адам айтқысыз ауыр жағдайға душар болған еді: бізде армия болмады, бірақ бақайшағына дейін қаруланған, әлі де жыртқыш болып қалып отырған және жыртқыш болып қала беретін жыртқышпен қатар өмір сүре беруге тура келеді және ол жыртқышқа, әрине, аннексиясыз және контрибуциясыз бітім жасасу жөніндегі үгіт арқылы ештеңені ұғындыруға болмайтын еді. Бір жуас асыранды аң жолбарыспен қатар жатып, оны бітім аннексиясыз, контрибуциясыз болсын деп иландырмақ болыпты, ал шынында бітім жолбарысқа шабуыл жасау арқылы ғана жасалуы мүмкін еді. Партиямыздың жоғарғы топтары—интеллигенция және жұмысшы ұйымдарының бір бөлегі—мұндай перспективадан ең алдымен жел сөзбен, олай болуға тиіс емес деген сылтаумен құтылуға тырысты. Бұл бітім тым сұмдық перспектива болды: осы уақытқа дейін ашық майданға желбіреген тумен шығып, барлық жауларды айқаймен жеңіп келген біздің енді шегінуімізге, қорлыққа душар ететін шарттарды қабылдауымызға болмайды. Еш уақытта да болмайды. Біз өрмінез революционерлерміз, біз ең алдымен: «Неміс шабуыл жасай алмайды»[3] деп мәлімдейміз.

Бұл адамдардың өздерін жұбатқан бірінші сылтауы осындай еді. Тарих қазір бізді адам айтқысыз қиын жағдайға душар етіп отыр; адам есітіп көрмеген ауыр

ұйымдастыру жұмысы арқылы бірқатар азапты жеңілістерді бастан кешіруімізге тура келеді. Егер бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемде көз жіберсек, онда біздің революция жалғыз қалса, егер басқа елдерде революциялық қозғалыс болмаса, революциямыздың түпкі жеңісінің үмітсіз болатынына ешбір күмән келтіруге болмайды. Егер біз бүкіл істі жалғыз большевиктер партиясының қолына алсақ, біз ол істі өзімізге мынаған көзіміз жете отырып жүктедік: революция барлық елдерде пісіп жетіліп келеді және, ақыр аяғында,—әуел бастан емес,—біз қандай қиыншылықтарды басымыздан кешірсек те, біз қандай жеңілістерге ұшырайтын болсақ та, халықаралық социалистік революция болады,—өйткені ол революция таялып келеді; ол пісіп жетіледі,—өйткені ол пісіп келеді, пісіп те шығады. Осы қиыншылықтардың бәрінен бізді құтқаратын—қайталап айтамын—бүкіл европалық революция. Осы ақиқатқа, мүлде абстрактілі ақиқатқа сүйене отырып және оны басшылыққа ала отырып, біз бұл ақиқаттың күндердің күнінде жел сөзге айналып кетпеуін қадағалап отыруға тиіспіз, өйткені абстрактілі ақиқаттың қандайы болса да, егер оны сіздер ешбір талдаусыз қолдансаңыздар, жел сөзге айналады. Егер сіздер: әрбір стачканың артында революцияның гидрасы тұр, мұны түсінбейтін адам социалист емес десеңіздер,—бұл дұрыс. Иә, әрбір стачканың артында социалистік революция тұр. Ал егер сіздер: әрбір нақты стачка—социалистік революцияға қарай тікелей аяқ басу десеңіздер, онда сіздер мейлінше мағынасыз жел сөз айтқан боласыздар. Мұны біздің «осы жерде құдайдың құтты күні» естіп, құлағымызды тұндырғанымыз сонша, жұмысшылар бұл анархистік жел сөздердің бәрін лақтырып тастады, оның себебі—әрбір стачканың артында социалистік революцияның гидрасы тұратыны қандай күмәнсіз болса, әрбір стачкадан революцияға көшуге болады деп санаудың түкке тұрғысыз екені де сондай айқын. Қазір барлық жерде пісіп жетіліп келе жатқан дүние жүзілік социалистік революция әбден пісіп жетілген кезде ғана біздің революцияның барлық қиыншылықтарының жойылатыны мүлде даусыз екені сияқты,—революциямыздың бүгінгі

әрбір нақты қиыншылығын жасыра түсуіміз керек деп ойлап, былай деу де мүлде қисынсыз: «Мен халықаралық социалистік қозғалысқа тәуекел етемін,—мен қандай ақымақтық болса да істей аламын». «Либкнехт құтқарып алады, өйткені ол бәрібір жеңіп шығады». Ол сондай тамаша ұйым жасап береді, бәрін алдын ала белгілеп қояды, сөйтіп біз, Батыс Европадағы дайын тұрған маркстік ілімді алғанымыз сияқты, дайын тұрған формаларды ала салатын боламыз,—маркстік ілім соның арқасында бізде, мүмкін, бірнеше айдың ішінде жеңген болар, ал оның Батыс Европада жеңуіне ондаған жылдар керек болды. Сөйтіп, күрес мәселесінің салтанатты шерумен шешілуінің ескі әдісін жаңа тарихи кезеңге көшіре салу—бұл мүлде түкке аспайтын авантюра; бұл тарихи кезең басталды, бұл кезең біздің алдымызға Керенский мен Корниловтың шіріктерін қойған жоқ, халықаралық жыртқышты—Германия империализмін қойып отыр; Германияда революция тек пісіп келеді, бірақ пісіп жетілмегені айқын. Жау революцияға қарсы шабуыл жасауға бата алмайды деген пайымдау да дәл осындай авантюра еді. Брест келіс сөздері[4] бізге бітімнің қандай шарттарын болса да қабылдататын кез емес-ті. Күштердің объективті арасалмағы тыныс алудың аз ғана болатынын көрсетті. Брест келіс сөздері мынаны көрсетуге тиіс еді: неміс шабуыл жасайды, неміс қоғамында революцияның толғағы жеткен жоқ, революция дереу орнын кете алмайды, сондықтан неміс империалистері өздерінің іс-әрекеті арқылы бұл дүмпуді немесе, өздерін солшылмыз деп санайтын жас достарымыз айтқандай, әлгіндей жағдайды, неміс шабуыл жасай алмайтын жағдайды әлі дайындамады деп неміс империалистеріне кінә тағуға болмайды. Жас жолдастарымызға: бізде армия жоқ, біз демобилизация жасауға мәжбүр болдық,—біздің жуас асыранды аңымыздың қасында жолбарыстың жатқанын еш ұмытпасақ та,—солай етуге мәжбүр болдық десек, олар мұны түсінгісі келмейді. Біз армияны демобилизациялауға мәжбүр болғанда, найзаны жерге шаныш деп бір жақты бұйрық беру арқылы соғысты тоқтатуға болмайтынын еш ұмытқанымыз жоқ.

Жалпы алғанда партиямыздағы ешбір ағымның, ешбір бағыттың, ешбір ұйымның бұл демобилизацияға қарсы болмай шыққаны қалай? Немене—біздің мүлдө ақылдан адасқанымыз ба? Тіпті де олай емес. Большевик емес офицерлер Октябрьден бұрын-ақ армия соғыса алмайды, армияны майданда бірнеше апта ұстап тұруға да болмайды деген еді. Жасырынғысы келген немесе бөркіп көзіне түсіре киіп алып, даурықпа жел сөздермен құтылғысы келген адамның емес, фактіні, қолайсыз болса да күйініште шындықты көргісі келген адамның қай-қайсысына да Октябрьден кейін бұл аян болды. Армия жоқ, оны ұстап тұру мүмкін емес. Істеуге болатын нәрсенің ең тәуірі—армияны мүмкіндігінше тезірек демобилизациялау. Армия—организмнің ауру бөлегі, адам айтқысыз азап шеккен, соғыстың бейнетін көріп, парша-паршасы шыққан бөлегі; армия соғысқа техника жағынан дайындықсыз келді де, одан қандай шабуылда болса да абыржып қалатын күйде шықты. Бұл үшін осыншама адам айтқысыз азаптарды бастан кешірген адамдарды кінәлауға болмайды. Жүздеген қарарларда, тіпті орыс революциясының бірінші дәуірі кезінде-ақ, солдаттар: «Біз қанға тұншықтық, біз соғыса алмаймыз»,— деп ашықтан-ашық айтқан. Соғыстың аяқталуын әдейі кешеуілдете беруге де болатын еді, Керенскийдің алаяқтығын жасап коруге болатын еді, ақырғы мерзімді бірнеше аптаға кешеуілдетуге болатын еді, бірақ объективті өмір шындығы өзіне жол сала берді. Армия—орыс мемлекеті организмінің ауру бөлегі, ол бұл соғыстың ауыртпалығын бұдан әрі көтере алмайды. Біз оны неғұрлым тезірек демобилизацияласақ, ол мемлекет организмінің әзір онша ауру емес бөлектеріне неғұрлым тезірек араласып кетеді, еліміз жаңа ауыр сындарға соғұрлым тезірек дайын бола алады. Біз сыртқы оқиғалар тұрғысынан қарағанда өрескел көрінетін осы шешімді—армияны демобилизациялау жөніндегі шешімді—біраузыдан, ешбір қарсылықсыз қабылдағанда, міне, осыны сездік. Бұл дұрыс қадам болды. Біз армияны ұстап тұру—ұшқары ойлаушылықтан туған жалған үміт дедік. Армияны неғұрлым тезірек демобилизацияласақ, тұтас алғанда бүкіл қоғамдық организмнің сауы-

ғуы соғұрлым тезірек басталады. Міне сондықтан: «Неміс шабуыл жасай алмайды» деген революциялық жел сөздің мейлінше қате болғаны соншалық, оқиғаларды сұрапыл асыра бағалау болғаны соншалық, одан: «Біз соғыс жағдайы тоқтатылды деп жариялай аламыз. Соғыс та болмасын, бітімге қол қою да болмасын» деген екінші жел сөз шықты. Ал егер неміс шабуыл жасай қалса ше? «Жоқ, ол шабуыл жасай алмайды». Ал сіздердің халықаралық революцияның тағдырын емес, мынадай нақты мәселені тәуекел етуге хақыларыңыз бар: шабуыл жасалатын кезең туғанда, сіздер неміс империализмінің қолшоқпары болып шықпас па екенсіздер? Бірақ біз бәріміз де 1917 жылғы октябрьден бері отан қорғауды мойындайтын қорғампаздар болдық,— біз бәріміз де империалистерден сөз жүзінде емес, іс жүзінде қол үзгенімізді білеміз: құпия шарттарды бұздық[5], өз ішімізде буржуазияны жеңіп шығып, ашықтан-ашық адал бітім жасасуды ұсындық, сөйтіп барлық халықтар біздің ниетіміздің бәрін іс жүзінде көре алды. Совет республикасын қорғау көзқарасын шын жақтайтын адамдар өзінің нәтижесін көрсеткен әлгіндей авантюраға қалайша бара алды екен? Ал бұл — факт, өйткені партиямыздың ішінде «солшыл» оппозицияның құрылуына байланысты біздің партия басынан кешіріп отырған ауыр дағдарыс—орыс революциясы басынан кешіріп отырған асқан зор дағдарыстардың бірі.

Бұл дағдарыс жойылады. Партиямыз да, революциямыз да бұл дағдарыстан әсте мертігіп қалмайды, қазіргі кезеңде бұл мертігу тіпті жақын, әбден ықтимал болып тұрғанмен мертікпейді. Біздің бұл мәселеде мертігіп қалмайтынымыздың кепілі мынадай: фракциялық алауыздықтарды шешудің бұрынғы әдісінің орнына, толып жатқан әдебиеттердегі, дискуссиялардағы, толып жатқан жікке бөлінушіліктердегі ескі әдістің орнына,— осы ескі әдістің орнына оқиғалар жұртқа үйренудің жаңа әдісін әкеп берді. Бұл әдіс—бәрін фактілер арқылы, оқиғалар арқылы, бүкіл дүние жүзілік тарихтың сабақтары арқылы тексеру. Сіздер неміс шабуыл жасай алмайды дейсіздер. Сіздердің тактикаңыздан соғыс жағдайы тоқтатылды деп жариялауға болады деген пікір

шықты. Сіздерге тарих тағлым берді, тарих бұл жалған үмітті бекерге шығарды. Иә, неміс революциясы өсіп келеді, бірақ біздің тілегеніміздей болып өсіп келе жатқан жоқ, Россия интеллигенттеріне ұнамды боларлықтай шапшаңдықпен өсіп келе жатқан жоқ, біздің тарихымыздың октябрьде жасаған қарқынындай қарқынмен өсіп келе жатқан жоқ,—октябрьде біз кез келген қалаға барып, Совет өкіметін жариялайтынбыз, сөйтіп бірнеше күннен кейін жұмысшылардың оннан тоғыз бөлігі бізге келетін. Неміс революциясы мұндай тез жылжи алмай бақытсыздыққа ұшырап отыр. Ал кім кіммен санасуға тиіс: біз онымен санасуға тиіспіз бе әлде ол бізбен санасуға тиіс пе? Сіздер оның сіздермен санасуын тілеп едіңіздер, ал тарих сіздерге тағлым берді. Бұл—сабақ, өйткені неміс революциясы болмаса, біздің құритындығымыз абсолюттік ақиқат,—бәлкім, Питерде емес, Москвада емес, Владивостокта, одан да гөрі алыс жерлерде, бәлкім, біздің барып орналасуымызға тура келетін жерлерде, Петроград пен Москваның арасынан да гөрі, бәлкім, алысырақ жерлерде, бірақ қалай дегенмен ақылға сыйымды әрқилы қысылтаяңдар бола қалған күнде,—егер неміс революциясы басталмаса,—біз құримыз. Дегенмен, мұның өзі біздің ең қиын жағдайды да дандайсымай бастан кешіре білуге тиіс екендігіміз жөніндегі сеніміміздi титтей де әлсіретпейді.

Революция біздің күткеніміздей тез бола қоймайды. Мұны тарих дәлелдеді, мұны факт ретінде ала білу керек, алдыңғы қатарлы елдерде дүние жүзілік социалистік революция Россиядағы —Николай мен Распутин еліндегі революцияның басталғанындай тез бастала алмайтынын ескеру керек; Россияда революция басталған кезде шеткері аймақтарда қандай халықтардың тұратындығында, онда не болып жатқандығында халықтың орасан зор бөлегінің тіпті жұмысы да жоқ еді. Мұндай елде революцияны бастау оңай болатын, мұның жеңілдігі қауырсынды көтерумен бірдей еді.

Ал капитализм дамыған, артта қалған адамды да демократиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа үйреткен елде революцияны дайындықсыз бастау теріс, өрескелдік

болады. Бұл арада біз әлі социалистік революциялардың басталар кезіндегі қиын кезеңге тек жақындап қана келеміз. Бұл —факт. Біз білмейміз, ешкім де білмейді, мүмкін, революция бірнеше аптадан кейін, тіпті бірнеше күннен кейін жеңіп шығар,—бұл әбден мүмкін,—бірақ бұған тәуекел етуге болмайды. Сұрапыл қиындықтарға, сұрапыл ауыр жеңілістерге дайын болу керек, олар болмай қоймайды, өйткені Европада революция, күні ертең басталуы мүмкін болса да, әлі басталған жоқ, ал ол басталғанда, әрине, біз күмәнданудың азабын көрмейміз, революциялық соғыс туралы мәселелер тумайды, тек жаппай салтанатты шеру ғана болады. Бұл болады, бұл қалайда болады, бірақ бұл әлі болған жоқ. Міне бұл—түсінікті факт; бұл фактіні бізге тарих үйретті, бұл факт арқылы тарих бізді жанымызға батыра соқты,—ысылғанның біреуі ысылмағанның ексуіне татиды деген осы. Сондықтан мен былай деп есептеймін: тарих бізді осы үміт үшін,—неміс шабуыл жасай алмайды, сондықтан «ураға» баса беруге болады деген үміт үшін,—жанымызға батыра соққаннан кейін, бұл сабақ біздің совет ұйымдарының арқасында бүкіл Советтік Россия бұқарасының санасына өте тез қонады. Бұқараның бәрі қимылдай бастады, жиналып жатыр, съезге дайындалып, қарарлар шығарып жатыр, болған оқиғаларды ақылға салып ойластырып жатыр. Бізде революцияға дейінгі, партиялық шағын топтардың ішінде қалатын ескі таластар болып жатқан жоқ, бізде барлық шешімдер бұқараның талқысына салынып отыр; бұқара ол қарарларды тәжірибеде, іс жүзінде тексеруді талап етеді, еш уақытта жеңіл-желпі сөздерге әуестенбейді, оқиғалардың объективті барысы салып берген жолдан еш уақытта таймайды. Әрине, егер интеллигентше немесе солшыл большевикше қарасаңыз, алдымызда тұрған қиыншылықтардан сылтауратып, сөзбен құтылуға болады: ол, әрине, армия жоқ деген, Германияда революция басталмай отыр деген мәселелерден сөзбен құтыла алады. Миллиондаған бұқара армияның не екенін біледі, майданнан қайтып келе жатқан солдаттарды көрді,—ал саясат миллиондар бар жерде басталады; мыңдар бар жерде емес, миллиондар бар жерде

ғана сындарлы саясат басталады. Бұқара,—жеке адамдарды емес, нағыз бұқараны алсақ,— біздің соғыса алмайтынымызды, майдандағы адамның қай-қайсысының болса да ақылға сыйымды нәрсенің бәріне төзіп болғанын біледі. Бұқара мына ақиқатты түсінді: егер армия жоқ болса, ал қасыңызда жыртқыш аң жатса, онда ең барып тұрған ауыр, қорлық бітім шартына қол қоюыңызға тура келеді. Революция тумай тұрғанда, өз армияңызды сауықтырмай тұрғанда, оны үйді-үйіне қайтармай тұрғанда, бұл болмай қоймайды. Сол шекке дейін бармай ауру айықпайды. Ал неміс жыртқышын «уралап» жеңе алмаймыз, Керенскийді, Корниловты лақтырып тастағанымыз сияқты лақтырып тастай алмаймыз. Бұқараның ескертусіз-ақ алған сабағы, міне, осы, ал кейбір, өмірдің күйінішті шындығынан сылтауратып құтылғысы келетіндер бұқараға сондай ескертулерді ұсынбақ болып еді.

Әуелі октябрьде, ноябрьде жаппай салтанатты шеру тарту болды,—сонан соң кенеттен орыс революциясын бірнеше аптаның ішінде неміс жыртқышы қаусатып салды, орыс революциясы топаушылық шарттың талаптарын қабылдауға әзір тұр. Иә, тарихтың бұрылыстары өте ауыр,— біздегі осындай бұрылыстардың бәрі ауыр болды. 1907 жылы біз Столыпинмен жасалған адам айтқысыз масқара ішкі шартқа қол қойған кезде, столыпиндік Думаның мал қорасынан өтуге мәжбүр болған кезде, монархиялық қағазға[6] қол қойып, міндеттемелер алған кезімізде біз қазіргімен салыстырғанда шағын көлемде болғанмен, нақ осындай жағдайды басымыздан кешіргенбіз. Ол кезде революцияның ең жақсы авангардына жататын адамдар былай деген еді (олар да өздерінің айтқаны жөн екендігіне ешбір күмәнданбаған болатын): «Біз өрмінез революционерлерміз, біз орыс революциясына сенеміз, біз столыпиндік жария мекемелерге еш уақытта бармаймыз». Барасыздар. Бұқараның өмірі, тарих—сіздердің сендірулеріңізден күштірек. Бармасаңыздар, тарих сіздерді баруға мәжбүр етеді. Олар өте солшыл адамдар еді; тарихтың бірінші бұрылысында-ақ олардың, фракция ретінде, күлі көкке ұшты. Егер біз осындай жағдайда революционер болып қа-

ла білсек, азапты жағдайларда жұмыс істеп, одан қайта шыға білген болсақ, қазір де шыға аламыз, өйткені бұл біздің бәлденуіміз емес, өйткені бұл лажсыз болатын объективті нәрсе, ал мұның адам айтқысыз дәрежеде күйзелген елде лажсыз болған себебі—европалық революция, біздің тілегімізге қарамастан, кешігіп қалды, ал неміс империализмі, біздің тілегімізге қарамастан, шабуыл жасай алды.

Бұл арада шегіне білу керек. Орасан күйінішті, қайғылы шындықтан өзіңді жел сөзбен бүркей алмайсың; құдай жартылай тәртіптілікпен шегінуге жазсын деу керек. Біз тәртіптілікпен шегіне алмаймыз,—құдай жартылай тәртіптілікпен шегінуге жазсын, организміміздің ауру бөлегі аздап болса да сауығуы үшін титтей де болса уақыт ұтуға жазсын. Организм тұтас алғанда сау: ол ауруды жеңе алады. Бірақ организмнің ауруды бірден, әп-сәтте жеңуін талап етуге болмайды, қашып бара жатқан армияны тоқтатуға болмайды. Мен солшыл болғысы келген жас достарымыздың біреуіне: жолдас, майданға барыңыз, онда армияның арасында не болып жатқанын көріңіз,—дегенімде, ол бұл ұсынысты зәбірлегендік деп түсініп: «революциялық соғыстың ұлы принциптері жолында мұнда үгіт жүргіздірмеу үшін бізді айдауға жібермек» деді. Бұл ұсынысты айтқанда мен, шынында, фракцияшыл дұшпандарды айдауға жібермекші емес едім: мұның өзі армияның адам айтқысыздай болып қаша бастағанын көрсін деген ұсыныс еді. Мұны біз бұрын да білетінбіз, бұрын да армияның ыдырауы адам естімеген фактілерге дейін, біздің зеңбіректерімізді немістерге тиын-тебенге сатуға дейін жеткенін көрмеу мүмкін емес еді. Мұны біз білетінбіз, сол сияқты армияны ұстап тұруға болмайтынын да біліп отырмыз, сондықтан неміс шабуыл жасамайды деген сылтау айту барып тұрған авантюра болды. Егер европалық революцияның тууы кешігіп жатса, бізді ең ауыр жеңілістер күтіп тұрғаны, өйткені бізде армия жоқ, өйткені бізде ұйым жоқ, өйткені қазір бұл екі міндетті шешуге болмайды. Егер жағдайға бейімделе білмесең, бауырыңды балшыққа төсеп еңбектеуге икемді болмасаң, онда сен революционер емессің, мылжың-

сың және мен бұл еңбектеуді ұсынғанда ол маған ұнағандықтан емес, басқа жол жоқ болғандықтан ұсынып отырмын, өйткені революция барлық жерде бір уақытта пісіп жетпегендіктен тарих онша жағымды болып шықпады.

Істің жайы былай болып отыр: азамат соғысы империализммен қақтығыс әрекеті ретінде басталды, бұл соғыс империализмнің мүлде шірігенін, әрбір армияның ішінде пролетарлық элементтердің көтеріліп келе жатқанын дәлелдеді. Иә, біз дүние жүзілік халықаралық революцияны көреміз, бірақ бұл әзірше өте жақсы ертегі, өте әдемі ертегі,—әдемі ертегіні ұнату балаларға тән қасиет екенін мен әбден түсінемін. Бірақ менің: байсалды революционердің ертегілерге илануы лайық па?—деп сұрағым келеді. Қандай ертегіде болса да шындықтың элементтері бар: егер балаларға қораз бен мысық адамша сөйлеспейтін ертегі айтсаңыз, балалар оған қызыға қоймас еді. Нақ сол сияқты, егер халыққа Германияда азамат соғысы болады десеңіздер, сонымен бірге империализммен қақтығысудың орнына халықаралық жаппай революция болады[7] дегенге кепіл болсаңыздар, онда халық: сіздер алдап отырсыздар дейді. Мұнымен сіздер тарих душар еткен қиындықтардан тек өздеріңіздің ұғымдарыңызда, тілектеріңізде ғана өтесіздер. Неміс пролетариаты көтеріліске шыға алса жақсы. Ал сіздер мұны өлшедіңіздер ме, неміс революциясы пәлен күні туады деп көрсететін аспапты таптыңыздар ма? Жоқ, сіздер оны білмейсіздер, біз де білмейміз. Сіздер бәріне тәуекел етесіздер. Егер революция туған болса,— онда бәрі де құтқарылғаны. Әрине, солай! Бірақ революция біздің тілегеніміздей болмай, күні ертең жеңіп шыға алмаса,—онда не болмақ? Онда бұқара сіздерге былай дейді: сіздер авантюристердің ісін істедіңіздер,—сіздер оқиғалардың барысы сәтті болатынына тәуекел еттіңіздер,—ал ол бұлай болмады, сіздер халықаралық революцияның орнына туған жағдайда қала беруге жарамсыз болып шықтыңыздар, ал халықаралық революция болмай қоймайды, бірақ ол қазір пісіп жетіле қойған жоқ.

Өз армиясын демобилизациялаған, демобилизациялауға тиісті болған елді бақайшағына дейін қаруланған империализм ауыр жеңілістерге ұшыратқан кезең келді. Менің болжап айтқандарымның бәрі болды: Брест бітімінің орнына біз анағұрлым қорлықты бітімді алдық, бұған Брест бітімін қабылдамағандар айыпты. Біз армияның кінәсынан империализммен бітім жасасатынымызды білгенбіз. Біз Либкнехтпен емес, Гофманмен бір столда қатар отырдық,—осы арқылы да біз неміс революциясына көмектестік. Ал енді сіздер неміс империализміне көмектесіп отырсыздар, өйткені оздеріңіздің миллиондаған байлығыңызды — зеңбіректерді, снарядтарды—қолдан бердіңіздер, ал мұны армияның адам айтқысыз ауыр жағдайын көрген адамның қайсысы болса да болжап айтуға тиісті еді. Немістер болмашы шабуыл жасаған күннің өзінде біз сөзсіз, қалай да құритын едік,— мұны майданда болған адал адамның қайсысы болса да айтты. Біз бірнеше күннің ішінде жаудың олжасы болып шықтық.

Осындай сабақ алғаннан кейін, бұл ауру қанша қатты болғанмен, біз жікке бөлінуімізді, дағдарысымызды жоямыз, өйткені бізге анағұрлым сенімді одақтасымыз: бүкіл дүние жүзілік революция көмекке келеді. Бізге жұрт осы Тильзит бітімін[8], Брест бітіміне қарағанда неғұрлым қорлықты, тонаушылық, жан естімеген бітімді ратификациялау туралы айтқанда, мен: иә, сөз жоқ, ратификациялау керек деп жауап беремін. Біз мұны істеуге тиіспіз, өйткені біз бұқараның көзқарасы тұрғысынан қараймыз. Бір елдің ішіндегі октябрь — ноябрь тактикасын, революцияның осы салтанатты кезеңіндегі тактиканы, қиялымыз арқылы дүние жүзілік революция оқиғаларының барысына әкеліп телу әрекеті—сәтсіз болып шығатын әрекет. Уақытша тыныс алу—құр қиял дегенде, «Коммунист»[9]—коммуна деген сөзден алынса керек,—деген газет, міне, осы газет уақытша тыныс алу теориясын бекерге шығару үшін өзінің бетінде талай бағаналарды толтырып отырғанда, менің айтатыным мынау болмақ: маған фракциялық қақтығыстарды, жікке бөлінулерді басымнан көп кешіруге тура келді, сол себепті менің зор практикам бар, бірақ

мынаны айқын коріп отырғанымды айтуға тиіспін: ескі әдіс арқылы—партия ішіндегі фракциялық жікке бөліну әдісі арқылы—бұл ауру жазылмайды, өйткені. өмір оны бұрынырақ жазып шығарады. Өмір өте тез ілгері басуда. Бұл жағынан оның қимылы тамаша. Өмір локомотивін тарихтың тез жүйткітетіні сонша—«Коммунист» редакциясы кезекті номерін шығарып үлгергенше, Питердегі жұмысшылардың көпшілігі оның идеясынан түңіле бастайды, өйткені уақытша тыныс алудың факт екенін өмір көрсетіп отыр. Міне, қазір біз бітімге қол қойып отырмыз, уақытша тыныс алып отырмыз, біз бұл тыныстауды отан қорғау үшін жақсы пайдаланып отырмыз,—өйткені, егер біз соғыссақ, армияның үрейленіп қашып бара жатқанын көрер едік, оны тоқтату қажет болар еді, ал оны біздің жолдастар тоқтата алмас еді, тоқтата алған да жоқ, өйткені уағыздардан гөрі, онымың пайымдаулардан гөрі соғыс күштірек. Егер біздің жолдастар объективті жағдайды түсінбесе, олар армияны тоқтата алмайды, олар армияны тоқтата алмас та еді. Бұл ауру армия бүкіл организмге зардабын тигізді, сондықтан біз тағы да адам айтқысыз жеңіліске ұшырадық, революцияға неміс империализмінің жаңа соққысын тигізіп алдық,—бұл ауыр соққы, өйткені үстіртін ойлап, озімізді пулеметсіз қалдырып, империализм соққысына ұшырадық. Оның бер жағында біз бұл тыныстауды пайдаланамыз, бірігу, шайқасу керек екеніне халықтың көзін ашу үшін, орыс жұмысшыларына, шаруаларына: «Өзара тәртіп орнатыңдар, қатаң тәртіп орнатыңдар, әйтпесе неміс етігінің табанында тапталасыңдар, халық күресуді үйренгенше, жаудан қашпай, адам естіп-көрмеген азапқа қарсы төтеп беретін армияны жасап үйренгенше, қазір қалай тапталып жатсаңдар, солай таптала беретіндерің сөзсіз»,—деу үшін пайдаланамыз. Мұның лажсыз болатын себебі—неміс революциясы әлі туған жоқ және ол ертең туады деп кепілдік айтуға болмайды.

Міне сондықтан уақытша тыныс алу теориясын, «Коммунист» толып жатқан мақалаларында мүлдем теріске шығарып отырған теорияны, өмірдің өзі алға тартып отыр. Уақытша тыныстап отырғанымызды, оны әр-

кімнің пайдаланып отырғанын кім де болса көріп отыр. Неміс әскерлері бізге төніп келіп, Петроградқа бірнеше асу жер қалған кезде, ал таңдаулы матростар мен путиловшылар, энтузиазм қанша зор болғанмен, жалғыз қалған кезде, адам естіп-білмеген аласапыран, үрей орын алып, әскерді Гатчинаға дейін қашуға мәжбүр еткен кезде, біз жаудың қолына түспеген жерімізді өзіміз қайтып алу сияқты күйді басымыздан кешіріп жатқан кезде біз Петроградтан бірнеше күнде айрыламыз деп шамалаған едік, ал мұның өзі былай болған еді: телеграфист станцияға барып, аппаратқа отыра қалады да: «Ешбір неміс жоқ. Біз станцияны алдық»,—деп телеграмма береді. Бірнеше сағаттан соң маған Қатынас жолдары комиссариатынан телефон арқылы: «Келесі станция алынды, біз Ямбургке жақындап келеміз. Ешбір неміс жоқ. Телеграфист өз орнында»,—деп хабарлады. Біз, міне, осыны басымыздан кешірдік. Он бір күндік соғыстың нақты тарихы міне осындай[10]. Мұны бізге матростар, путиловшылар баяндап берді; оларды Советтер съезіне шақыру керек. Олар шындықты айтып берсін. Бұл—сұмдық күйініштi, зәбірлендіретін, азапты, қорлықты шындық, бірақ бұл шындық жүз есе пайдалырақ, бұл шындықты орыс халқы түсінеді.

Менің халықаралық жаппай революциямен әуестенуге қарсы болмайтын себебім — ол революция болмай қоймайды. Әр нәрсе өз уақытында болады, ал қазір өзара тәртіпті қолға алыңдар, қалай болғанда да тәртіпке бағыныңдар, үлгілі тәртіп болу керек, жұмысшылар шайқасуды тәулігіне бір сағат болса да үйренуі керек. Бұл өте қызықты ертегіні мәнерлеп айтудан гөрі сәл қиынырақ. Бұл тәртіп қазір болып отыр, мұнымен сіздер неміс революциясына, халықаралық революцияға көмектесесіздер. Бізге неше күндік тыныстау берілгенін біз білмейміз, бірақ тыныстау берілді. Армияны тезірек демобилизациялау керек, өйткені бұл—ауру мүше, ал әзірше біз Финляндия революциясына[11] көмектесетін боламыз.

Иә, әрине, біз шартты бұзып отырмыз, біз оны отыз—қырық рет бұздық та. Совет өкіметін жаңа ғана

құрып, оны дамуының үш сатысына көтерген азаттықтың ұзақ, қиын кезеңі басталып отырған дәуірде,— мұнда ұзақ, өте сақ күрес болуға тиіс екенін тек балалар ғана түсінбеуі мүмкін, иә, тек балалар ғана түсінбеуі мүмкін. Масқара бітім шарты көтеріліс тугызады, ал «Коммунистегі» жолдастар согыс туралы сөз қылғанда сезімге сүйенеді де, жұрттың кіжініп, тісін қайрап, козіне қан толып ызаланып отырғандығын ұмытады. Олар не дейді? «Сапалы революционер еш уақытта бұған төзбейді, бұл масқаралыққа аттап баспайды». Олардың газеті «Коммунист» деп аталады, бірақ оны «Шляхтич» деп атаған жөн еді, ойткені ол семсерін қолына ұстаған әсем сиқымен өліп бара жатып: «бітім — масқаралық, соғыс —абырой» деген шляхтичтің көзқарасы тұрғысынан қарайды. Олар шляхтичтің көзқарасы тұрғысынан пайымдайды, ал мен шаруаның козқарасы тұрғысынан пайымдаймын.

Егер мен армия қашып бара жатқан кезде, мыңдаган адамнан айрылмай, қашпай тұра алмайтын кезде бітім жасасып отырсам, мен оны жағдай бұдан да жаман болмасын деп жасасамын. Шарт жасасу масқара ма екен? Байсалды шаруа мен жұмысшының қайсысы болса да мені ақтайды, өйткені олар бітім жасасудың күш жинау құралы екенін түсінеді. Тарих біледі,— мұны мен талай айтқанмын,— Тильзит бітімінен кейін немістердің Наполеоннан азат болғанын тарих біледі; біз Тильзит бітіміндегі міндеттемелерге қол қоймасақ та, мен бітімді әдейі Тильзит бітімі деп атадым; Тильзит бітімінде басқа халықтарды басып алу үшін жаулап алушыға комекке әскер беруге міндеттенген еді,— ал тарихта осындай жағдайлар болған, егер біз халықаралық жаппай революцияға сеніп отыратын болсақ, іс бізде де сондай халге жетеді. Тарих сіздерді әскери құлдықтың сондай формасына да жеткізіп жүрмесін, осыны байқаңыздар. Социалистік революция барлық елдерде жеңбей тұрғанда, Совет республикасы құлдыққа түсуі мүмкін. Наполеон Тильзитте немістерді бітімнің адам естімеген масқара шарттарын мойындауға көндірді. Онда істің жайы — бітімнің бірнеше рет жасалуына дейін

жетті. Сол кездің Гофманы—Наполеон—немістерді бітімді бұздың деп тұзаққа түсірген еді, Гофман бізді де дәл солай тұзаққа түсіреді. Бірақ біз оған тез арада тұзаққа түспеуге тырысып көреміз.

Соңғы соғыс орыс халқына күйініштi, азапты болғанмен, өте маңызды ғылымды—ұйымдаса түсу, тәртіпті болу, тәртіпке бағыну, үлгілі боларлық тәртіп орнату ғылымын үйретті. Немістен тәртіпке үйреніңдер, әйтпесе біз құрыған халық боламыз, біз мәңгі құл болып қала береміз.

Тарихтың беталысы осылай, тек қана осылай болды. Тарих: бітім—соғысу үшін уақытша тыныс алу, соғыс—азды-көпті жақсы не жаман бітімге жетудің әдісі деп үйретеді. Брестте күштердің арасалмағы жеңілушінің бітіміне сәйкес болды, бірақ қорлық бітімге сәйкес болған жоқ. Псковта күштердің арасалмағы масқара бітімге, анағұрлым қорлық бітімге сәйкес болды, ал Питерде және Москвада, келесі кезеңде, бізге қорлығы төрт есе көп бітімге қол қойдыртады. Біз москвалық жас достарымыздың бізге айтқанындай[12], Совет өкіметі тек форма демейміз, біз белгілі бір революциялық принциптерге бола мазмұнды құрбан етуге болады демейміз, біз орыс халқы тәртіпті болуға, ұйымдаса түсуге тиіс екенін түсінсін, сонда ол Тильзит бітімдерінің бәріне де төзе біледі дейміз. Азаттық соғыстардың бүкіл тарихы бізге былай деп отыр: егер осы соғыстар қалың бұқараны қамтыған болса, онда азаттық тез келеді. Біз былай дейміз: егер тарих осы бағытпен жүре берсе, біздің бітімді өзгертуімізге, соғысқа қайта оралуымызға тура келеді,—ал мұның өзі, мүмкін, жақын күндерде болар. Әрбір адам бұған дайын тұруға тиіс. Барлық газеттердің айтып отырғанындай, Нарваны жау алмағаны рас болса, немістердің Нарваның арғы жағында дайындалып жатқанына мен еш күмәнданбаймын; Нарвада болмаса, Нарва маңында; Псковта болмаса, Псков маңында немістер өздерінің тұрақты армиясын, өздерінің темір жолдарын тәртіпке келтіріп жатыр, сөйтіп енді бір секіргенде Петроградты басып алмақ болып отыр. Бұл жыртқыш жақсы секіреді. Мұны ол көрсетті. Ол тағы бір рет секіреді. Бұған еш күмән жоқ. Сондықтан

дайын тұру керек, дандайсымай, бір күн де болса тыныс ала білу керек, өйткені Питерді эвакуациялау үшін бір күнді де пайдалануға болады, ал Питердің жау қолына түсуі жүз мыңдаған пролетарларымызды адам есітіп көрмеген азапқа ұшыратады. Мен қайталап айтамын: Питерді эвакуациялауға ең болмаса бірнеше күн алу үшін, мен жиырма есе, жүз есе ауыр қорлық шартқа да қол қоюға дайынмын, оған қол қоюды міндетім деп санаймын, өйткені мен осы арқылы жұмысшылардың көретін азабын жеңілдетемін, өйтпеген күнде жұмысшылар немістердің езгісіне түсуі мүмкін; мен өзімізге керек материалдарды, оқ-дәріні және басқаларды Питерден әкетуді жеңілдетемін, өйткені мен—қорғампазбын, өйткені мен,—қазір осы күнгі демобилизацияланған ауру армия емделіп жатқан шалғай тылда болса да,— армияны дайындауды жақтаймын.

Уақытша тыныс алудың қандай болатынын біз білмейміз,—орайын табуға тырысып бағамыз. Көбірек тыныс алуымыз да мүмкін, немесе оның не бары бірнеше күнге созылуы да мүмкін. Бәрі де болуы мүмкін, мұны ешкімнің білмейтін, біле алмайтын себебі—ұлы державалардың бәрі матасып, қусырылып, бірнеше майданда күресуге мәжбүр болып отыр. Гофманның іс-әрекеті мынаған байланысты: бір жағынан, ол Совет республикасын қиратуы керек, екінші жағынан — оның талай майдандарында соғыс болып жатыр, үшінші жағынан—Германияда революция пісіп, жетіліп келеді, ал Гофман мұны біледі, ол, жұрттың айтып жүргеніндей, дәл қазір Питерді ала алмайды, Москваны ала алмайды. Бірақ ол мұны ертең істей алады, бұл әбден мүмкін. Қайталап айтамын, армияның ауру екені факт болып отырған кезде, осындай кезеңде біз, қайткен күнде де, ең болмаса бір күн тыныс алу үшін әрбір кезеңді пайдаланып отырған кезімізде, біз—бұқарамен байланысы бар, соғыстың не екенін, бұқараның не екенін білетін әрбір байсалды революционер армияны тәртіпке келтіруге, оны емдеп жазып шығаруға, оны жаңа соғысқа көтеруге тырысуға тиіс дейміз,— ондай әрбір революционер бізді ақтайды, масқара шарттың қандайын болса да дұрыс деп таниды, өйткені бұл шарт пролетарлық револю-

цияның мүддесін, Россияны жаңартудың, оны ауру органнан құтқарудың мүддесін көздейді. Біз бұл бітімге қол қойғанда, өзіміздің жұмысшы революциямызды тоқтатпаймыз, мұны дені дұрыс адамның кез келгені түсінеді; біз немістермен жасалған бітімге қол қойғанда, өзіміздің әскери көмегімізді тоқтатпайтынымызды: біз финдерге қару-жарақ жіберетінімізді, бірақ жарамсыз болып шыққан отрядтарды жібермейтінімізді кез келген адам түсінеді.

Мүмкін, біз соғысты қабыл алармыз; мүмкін, ертең Москваны да беріп, содан соң шабуылға шығармыз: егер халықтың пиғылында өзгеріс болса,— ол өзгеріс жетіліп келеді,— біз өз армиямызды жау армиясына қарсы аттандырармыз, ал халық пиғылының өзгеруіне, мүмкін, көп уақыт керек болар, бірақ қалың бұқара қазіргі айтып отырғаннан басқаша айтқан кезде, ол өзгеріс болады. Мен қазір сондай уақыт туды деп айта алмаймын, сондықтан өте ауыр бітім болса да қабылдауға мәжбүр болып отырмын. Жаңғыру уақыты туған кезде, мұны жұрттың бәрі сезеді, орыс адамының ақымақ еместігін көреді; ол күте тұру керектігін, бұл ұранды жүзеге асыру керектігін көріп, түсінетін болады,— біздің партия съезі мен Советтер съезінің басты міндеті осы.

Жаңа жолда жұмыс істей білу керек. Бұл өте-мөте қиып, бірақ әсте үмітсіз нәрсе емес. Егер біз есалаңдық авантюра арқылы Совет өкіметін өзіміз әлсіретпесек, бұл іс Совет өкіметін тіпті де әлсіретпейді. Халықтың: мен бұдан әрі өзімді азаптатып қоймаймын дейтін кезі келеді. Бірақ мұндай кез, егер біз осы авантюраға баспай, ауыр жағдайларда, жақында өзіміз қол қойған адам есітіп көрмеген қорлық шарт жағдайында жұмыс істей білсек қана болады, өйткені құр соғыспен, құр бітім шартымен мұндай тарихи дағдарыс шешімін таппайды. Неміс халқы бірнеше қорлық бітімдерден, қайтадан қорлық көріп, оны қайтадан бұзып шығу үшін тыныс алуға айналған бітімдерден соң, 1807 жылы өзінің Тильзит бітіміне қол қойғанда, өзінің монархиялық ұйымы арқылы матаулы еді. Бұқараның советтік ұйымы біздің міндетімізді жеңілдетеді.

Біздің ұранымыз тек біреу—соғыс ісін шындап үйрену, темір жолдарда тәртіп орнату ғана болуға тиіс. Темір жолдар болмаса, социалистік революциялық соғыс жүргізу — ең зиянды сатқындық. Тәртіп орнату қажет, революциядағы жақсы істің бәрін жасайтын бүкіл күш-жігерді, бүкіл күш-қуатты туғызу керек.

Сізге уақытша тыныс берген екен, бір сағат болса да тыныс алып қалыңыздар, соны пайдаланып, шалғай тылмен байланыс жасаңыздар, ол жерлерде жаңа армиялар құрыңыздар. Жалған үмітті тастаңыздар, жалған үміт үшін өмір сіздерді жазалады және бұдан да көбірек жазалайтын болады. Біздің алдымызда өте ауыр жеңілістер кезеңінің белгісі біліпіп келеді, бұл кезең туады, онымен санаса білу керек, құпия жағдайларда, немістерге көрінеу-көзге құл болу жағдайларында табанды жұмыс істеуге дайын тұру керек: бұл жағдайды әсірелеудің керегі жоқ; бұл шынында да Тильзит бітімі. Егер біз осылай қимыл жасай алсақ, онда біз, жеңілгенімізге қарамастан, кәміл сеніммен: біз, жеңіп шығамыз деп айта аламыз. (Қол шапалақтау).

Қысқаша газет есебі 1918 ж.
9 мартта (24 февральда)
«Правда» газетінің 45-номерінде
басылған

2

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ ЕСЕБІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ 8 МАРТ

Жолдастар, менің біршама ұсақ ескертпелерден, аяқ жағынан бастауыма рұқсат етіңіздер. Бухарин жолдас сөзінің соңында бізді Петлюрамен теңеуге дейін барды. Егер ол мұны осылай деп санайтын болса, онда ол бізбен бірге бір партияда қалай қала алады? Бұл жел сөз емес пе? Әрине, егер бұл шынында осылай болса, біз бір партияда отырмаған болар едік. Біздің бірге отырғанымыз мәселенің оннан тоғызы жөнінде Бухаринмен келісетіндігімізді дәлелдейді. Рас, ол: сіздер Украинаны сатып кетпекші болдыңыздар деп, біраз революциялық жел сөздер қосты. Мұндай көрінеу болымсыз сөз жөнінде айтуға тұрмайды деп білемін. Мен Рязанов жолдасқа қайта оралмын және бұл арада мынаны айтқым келеді: он жылда бір кездесетін ерекше жағдай бұл жөніндегі қағиданы қуаттай түсетіні тәрізді, ол осында байқамай байсалды пікір айтып салды. (Қол шапалақтау). Ол Ленин уақыт ұту үшін кеңістікті беріп отыр деді. Мұны философиялық пікір деуге болады. Бұл жолы былай болды: Рязанов жолдас, шынында, нағыз байсалды пікір айтып салды, оның бүкіл мәні мынадай: мен уақыт ұту үшін іс жүзінде жеңушіге кеңістік бермекші екенмін. Істің бүкіл мәні осы, тек осы ғана. Қалғанының бәрі: революциялық соғыстың қажеттігі, шаруалардың өрлеуі, тағы басқалары—жәй бос әңгіме. Бухарин жолдас істің жайын суреттегенде: соғыстың болу мүмкіндігі жөнінде екі түрлі пікірдің болуы мүмкін емес, «кез келген әскери адамнан сұраңыз» (мен мұны

оның өз сөзінен жазып алдым) деп отырса, ол мәселені осылай қойып, кез келген әскери адамнан сұрайды екен, мен оған былай деп жауап берейін: ондай кез келген әскери адам менің әңгімелесуіме тура келген француз офицері болды[13]. Осы француз офицері, әрине, маған зәрлі көзбен қарап,—өйткені мен немістерге Россияны саттым гой,—былай деді: «Мен роялиспін, мен Францияда да монархияны жақтаймын—Германияның жеңілуін жақтаймын, мені Совет өкіметін жақтайды деп ойламаңыз,—егер ол монархист болса, бұлай деп қалай ойларсың,—бірақ мен сіздердің Брестте шартқа қол қойғандарыңызды қуаттадым, өйткені бұл қажет болатын». «Кез келген әскери адамнан сұраңыз» деген, міне, осы гой. Кез келген әскери адам менің айтқанымды айтуға: Брестте шартқа қол қою керек болатын деуге тиіс еді. Егер енді Бухариннің сөзінен біздің алауыздықтарымыз өте азайды деген қорытынды шығатын болса, мұның себебі—оны жақтаушылар алауыздықтардың басты пунктін жасырып қалғандығында.

Енді Бухарин бізді бұқараның рухын түсірдіңдер деп жазғырып отырса, оның әбден дұрыс, бірақ ол бізді емес, өзін ғана жазғырып отыр. Осы былықпайды Орталық Комитетте кім өткізді?— Сіз емес пе, Бухарин жолдас. (К ү л к і). «Олай емес» деп қанша айқайласаңыз да, шындық жеңіп шығады: біз өзіміздің жолдастық семьямыздамыз, біз өз съезіміздеміз, жасыратын ештеңе жоқ, сондықтан шындықты айтуға тура келеді. Ал шындық мынада: Орталық Комитетте үш ағым болды. 17 февральда Ломов пен Бухарин дауыс бермеді. Мен дауыс беруді жазып алуды, оны көбейтіп бастыруды сұрадым, егер тілесе, әрбір партия мүшесі секретариатқа кіріп, дауыс беруді—21 январьдағы тарихи дауыс беруді коруіне болады; бұл дауыс беру біздің ешбір қобалжымағанымызды, қайта олардың қобалжығанын көрсетеді, біз: «революциялық соғысты әзірлеу үшін Брест бітімін қабылдайық,—осыдан артықты ала алмайсыңдар» дедік. Қазірдің өзінде біз Питерді эвакуациялау үшін бес күнді ұтып отырмыз. Қазір Крыленко мен Подвойскийдің үндеу хаты[14] шығарылды; бұлар солшылдардың қатарында болған жоқ және бұларды

Бухарин сықақ етіп: Крыленконы «сүйреп жүр» деді, Крыленконың баяндағанын біз ойлап шығарғандай көрді. Біз оның баяндағанын әбден мақұлдаймыз; өйткені істің жайы былай ғой: бұл әскери адамдар менің айтқанымды дәлелдеді, ал сіздер неміс шабуыл жасамайды деп сылтау айтасыздар. Бұл жағдайды октябрьмен, істің жайы техникаға қатысты болмаған кезбен салыстыруға бола ма? Жоқ, сіздердің фактілермен санасқыларыңыз келсе, онда алауыздықтың өзі көрінеу тиімсіз соғысты бастауға болмайтындығы жөнінде болғанымен де санасыңыздар. Бухарин жолдас қорытынды сөзін: «таяу болашақта соғыс болуы мүмкін бе?» деген байбалам сұрақпен бастағанда, мен оған қатты таңдандым. Мен бұған ешбір қобалжымастан: мүмкін,—ал қазір бітімді қабылдау керек деп жауап беремін. Мұнда ешқандай қайшылық жоқ.

Осы қысқаша ескертпелерден кейін мен алдыңғы сөйлеген шешендерге толық жауап беруге көшемін. Мен Радек жөнінде басқаша қарауға тиіспін. Бірақ тағы да бір сөз болды, ол—Урицкий жолдастың сөзі. Оның сөзінде Каносса[15], «сатқындық», «шегіндіңдер», «бейімделдіңдер» дегеннен басқа не айтылды? Ал бұл не нәрсе? Сіздің бұл сыныңыз солшыл эсерлердің газетінен алынған емес пе? Бубнов жолдас өздерін өте солшыл деп санайтын цекистердің Орталық Комитетке берген мәлімдемесін оқыды, олар: «Орталық Комитеттің іс-әрекеті халықаралық пролетариатқа соққы болып тиеді»,—деп бүкіл дүние жүзінің алдында демонстрация жасаудың толық үлгісін көрсетті. Бұл жел сөз емес пе? «Бүкіл дүние жүзінің алдында дәрменсіздікті көрсету!» Біз не істеп көрсеттік? Бітім ұсынып па? Армияның қашқанымен бе? Қазір, Брест бітімін қабылдамай, Германиямен соғыс бастау армиямыздың ауру екенін, шайқасқа шыққысы келмейтінін дүние жүзіне көрсету болатынын біз дәлелдемедік пе? Бубновтың бұл қобалжуды бүтіндей біз туғыздық деген пікірі мүлде бос сөз,—мұның өзі біздің армиямыздың аурулығынан болды. Қашан болса да, тыныс беру керек еді. Егер дұрыс стратегия қолданған болсақ, біз бір ай тыныс алған болар едік, ал сіздер теріс стратегия қолданғандықтан, біз

бес-ақ күн тыныс алып отырмыз,—бұл да жақсы. Үрейлене қашып жатқан армияны тоқтату үшін кейде тіпті бірнеше күн де жеткілікті болатынын соғыс тарихы көрсетіп отыр. Кімде-кім қазір осындай жексұрын бітімді қабылдамаса, оған қол қоймаса, ол —стратегияның адамы емес, жел сөздің адамы. Міне, қырсық осында. Маған цекистер: «дәрменсіздікті көрсету», «сатқындық» деп жазады—бұл өте зиянды, барып тұрған мағынасыз балалық жел сөз. Біз дәрменсіздігімізді көрсетуге болмайтын кезде, бізге шабуыл жасалуы сөзсіз болып отырған кезде соғысып көріп, дәрменсіздік көрсеттік. Ал Псков шаруаларына келетін болсақ, оларды біз Советтер съезіне алып келеміз; сөйтіп олар немістердің не істеп жатқанын айтатын болсын, олар үрейленіп қашатын ауруға шалдыққан солдат жазылып келе жатқан кезде: «Иә, бұл соғыс большевиктердің тоқтатамыз деп уәде берген соғысы емес екенін,—бұл Совет өкіметіне қарсы немістер жүргізіп жатқан жаңа соғыс екенін мен енді түсіндім» дейтіндей психологияны қалыптастыратын болсын. Сонда аурудан айығу басталады. Бірақ сіздер шешуге болмайтын мәселені қойып отырсыздар. Тыныс алудың мерзімін ешкім де білмейді.

Енді мен Троцкий жолдастың позициясына тоқталуға тиіспін. Оның қызметінің екі жағын айыра білу керек: ол Брестте келіс сөзді бастап, оны үгіт үшін тамаша пайдаланғанда, біздің бәріміз де Троцкий жолдаспен келістік. Ол менімен болған әңгімесінен біраз цитат келтірді, бірақ менің қосатыным—біз екеуміз немістер ультиматум қойғанға дейін күтеміз, ультиматумнан кейін көнеміз деп уәделескенбіз. Неміс бізді алдап соқты: ол жеті күннің бесеуін урлады.[16] Троцкийдің тактикасы уақытты соза түсуге бағытталғандықтан, дұрыс еді: ал соғыс жағдайы тоқталды деп жарияланып, бітімге қол қойылмаған кезде, ол тактика дұрыс болмай шықты. Мен бітімге қол қою керек деп әбден айқын ұсындым. Біз Брест бітімінен артық бітімді ала алмайтын едік. Тыныс алу бір айға созылған болар еді, біз ұтылмаған болар едік, бұл жұрттың бәріне айқын. Тарих мұны іске асырмай тастағаннан кейін, оны еске түсіріп жатудың қажеті жоқ, бірақ Бухариннің: «біздің

дұрыс істегенімізді өмір көрсетеді» деуі адам күлерлік болды. Менің айтқаным дұрыс болды, өйткені бұл туралы мен 1915 жылдың өзінде-ақ: «Соғыс жүргізуге әзірлепу керек, ол болмай қоймайды, ол келе жатыр, ол келеді»* деп жазғанмын. Алайда бітімге келу керек еді, босқа қоқиланбау керек еді. Соғыс болатындықтан да бітімге келу керек еді, ал қазір біз, ең болмағанда, Питердің эвакуацияланусын оңайлатып отырмыз, біз оны оңайлаттық. Бұл—факт. Троцкий жолдас: «Винниченкомен бітімге қол қоймауға уәде етіңдер»,—деп жаңа талаптар қойғанда, мен оған: еш уақытта мұндай міндеттемені мойныма алмаймын деймін[17]. Егер съезд міндеттеме алатын болса, мен де, менің пікірлестерімнің ешқайсысы да, ешкім де бұл үшін жауапкершілікті өз мойнына алмайды. Мұның өзі мүмкін болғанда шегіне отырып, кейде шабуыл жасай отырып, маневр жасаудың айқын бағытының орнына, міне, осының орнына, өзіңді тағы да формальды шешімнен шығармай матау деген сөз болар еді. Соғыста өзіңді формальды пікірлермен байлап-матауға еш уақытта болмайды. Соғыс тарихын білмеу, шарт дегеніміз күш жинаудың амалы екенін білмеу кісі күлерлік нәрсе: мен бұдан бұрын Пруссия тарихына сілтеме жасадым да. Кейбіреулер, пақ бала сияқты, былай ойлайды: шартқа қол қойған екенсің—сайтанга сатылғаның, тозаққа кеткенің дейді. Бұл тек күлкілі ғана нәрсе, өйткені соғыс тарихы: жеңілген кезде шартқа қол қою күш жинаудың амалы болып табылады деп айқыннан-айқын айтып отыр. Тарихта соғыстың біріне бірі жалғасып отырған кездері болған, біз мұның бәрін ұмытқанбыз, біз ескі соғыстың...** айналғанын көріп отырмыз. Егер сіздерге қажет болса, өздеріңізді формальды пікірлермен біржола матап беріңіздер, онда жауапты қызмет орындарын солшыл эсерлерге[18] беріңіздер. Бұл үшін жауапкершілікті біз өз мойнымызға алмаймыз. Бұл арада жікке бөлінуді тілеудің ұшығы да жоқ. Сіздерді өмірдің өзі үйрететініне менің көзім жетеді. 12 мартта—ол күн алыс емес—сіздер үлкен материал аласыздар[19].

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 55—56-беттер. *Ред.*
** Стенограммада бірнеше сөз қалып қойған. *Ред.*

Троцкий жолдас: мұның өзі сөздің толық мағынасында сатқындық болады дейді. Мен мұны мүлде теріс көзқарас деп кесіп айтамын*. Нақтылап көрсету үшін мен мынадай мысал келтірейін: екі адам келе жатыр екен, оларға он адам жабыла түседі, біреуі алыса кетеді де, екіншісі қаша жөнеледі—міне бұл сатқындық; ал егер жүз мыңнан екі армия болып, оларға бес армия қарсы шықса, бір армияны ананың екі жүз мыңы қоршап алса, екіншісі көмектесуге тиіс, бірақ қалған үш жүз мыңының айламен алдап түсіретіндей болып орналасқанын білсе, көмекке баруға бола ма? Жоқ, болмайды. Бұл сатқындық емес, қорқақтық емес: адамның саны көбеюінің өзі барлық ұғымды өзгертті, мұны әрбір әскери адам біледі,—бұл жеке адамның ұғымы емес: осылай істегенде мен армиямды сақтаймын, ана армияны тұтқынға ала берсін, мен өз армиямды жаңартамын, менің одақтастарым бар, мен күтемін, одақтастарым келеді. Осылайша ғана пайымдауға болады; ал әскери пікірлерге басқа пікірлерді әкеп шатастырса, ондай жерде жел сөзден басқа түк жоқ. Саясатты бұлай жүргізуге болмайды.

Біз істелуге мүмкін болған нәрсенің бәрін істедік. Шартқа қол қоюымыздың арқасында біз Питерді, бірнеше күнге болса да, сақтап қалдық. (Секретарьлар мен стенографтар мұны жазушы болмасын.) Шартта біздің әскерлерімізді, көрінеу жарамсыз әскерлерімізді, Финляндиядан әкету бұйырылған, бірақ Финляндияға қару-жарақ апаруымызға тыйым салынбаған. Егер Питер бұдан бірнеше күн бұрын құлаған болса, онда Питердің үрейі ұшар еді, сөйтіп біз ештеңе алып шыға алмас едік, ал мына бес күннің ішінде біз өзіміздің финн жолдастарымызға көмектестік,—мен қаншалықты көмектескенімізді айтпаймын, мұны олар өздері біледі.

Бізге Финляндияны сатып кеттіңдер деген сөздер нағыз балалық жел сөз. Біз нақ немістерден дер кезінде

* Секретарь жазбасында «...айқыннан-айқын айтып отыр...» деген сөздерден басталатын текст былай жазылған: «...айқыннан-айқын айтып отыр. Тарих әр алуан шарттардың жүздегенін жасады. Онда орындарды Троцкийге және басқаларға бердіңдер...». *Ред.*

шегіну арқылы да көмектестік. Питер құласа да, Россия еш уақытта құрып кетпейді, бұл арада Бухарин жолдастың айтқаны мың мәрте дұрыс, ал егер бухаринше маневр жасасақ, онда жақсы революцияны құртып алуға болады. (Күлкі.)

Біз Финляндияны да, Украинаны да сатып кеткен жоқпыз. Бұл жөнінде бізді бірде-бір саналы жұмысшы кінәламайды. Біз қолымыздан келгенінше көмектесіп отырмыз. Біз өз әскерлерімізден бірде-бір жақсы адамды алып кеткен жоқпыз және алып кетпейміз де. Егер сіздер: Гофман ұстап алады, қолға түсіреді дейтін болсаңыздар,—әрине, ол мұны істей алады, бұған мен шүбәланбаймын, бірақ ол мұны неше күнде істейді,—мұны ол да білмейді, ешкім де білмейді. Оның үстіне, сіздердің: ұстап алады, қолға түсіреді деген пікірлеріңіз—күштердің саяси арасалмағы жөніндегі пікірлер, бұл туралы мен кейінірек айтамын.

Троцкийдің ұсынысын мүлде қабылдай алмайтындығымның себептерін—саясатты бұлай жүргізуге болмайтындығын—айқындағаннан кейін мен мынаны айтуға тиіспін: жолдастардың біздің съезде жел сөзден қаншалықты арылған мысалын Радек көрсетті; жел сөз іс жүзінде Урицкийде қалып отыр. Мен оның әлгі сөзін жел сөз деп еш уақытта кінәлай алмаймын. Ол былай деді: «Сатқындықтың да, масқаралықтың да ұшығы жоқ, өйткені сіздердің аса басым әскер күшінен шегінгендеріңіз айқын». Мұның өзі Троцкийдің бүкіл позициясын күл-талқан ететін баға. Радек: «Белді бекем буынып, күш дайындау керек» дегенде, оның айтқаны дұрыс,—бұған мен толық қол қоямын: қоқиланбай, белді бекем буынып, дайындалу керек.

Қоқиланба, белді бекем буынып, күшіңді дайында. Революциялық соғыс келеді, бұл жөнінде бізде алауыздық жоқ; алауыздық Тильзит бітімі жөнінде болып отыр—оған қол қою керек пе? Ең жаманы—армияның ауру болып отырғаны, иә, солай, сондықтан да Орталық Комитетте алауыздық емес немесе Бухарин жолдас та қолдаған аралық бағыт емес, берік бір бағыт болуға тиіс. Тыныс алу жөнінде мен әсірелеп айтып отырған жоқпын; тыныс алудың қаншаға созылатынын ешкім

білмейді, мен де білмеймін. Тыныс алудың қаншаға созылатынын менен біліп алуға тырысушылардың ісі күлкіңді келтіреді. Аман сақталған магистральдардың арқасында біз Украинаға да, Финляндияға да көмектесіп отырмыз. Маневр жасап, шегіне отырып, тыныс алуды пайдаланамыз.

Ендігі жерде неміс жұмысшысына орыстар бәлденіп отыр деп айтуға болмайды, ал герман-жапон империализмі келе жатқаны енді айқын, демек, мұның өзі жұрттың бәріне және әркімге айқын болады; немістің большевиктерді тұншықтырумен қатар, Батысты да тұншықтыру ниеті бар, сөйтіп бәрі араласып кетті, сондықтан бұл жаңа соғыста маневр жасауға тура келеді және маневр жасай білу керек.

Бухарин жолдастың сөзіне тоқтала келіп, менің атап көрсететінім—оның дәлелдері жетпей қалғанда, ол Урицкийдің айтқанынан бірдеңе алып: «Шарт бізді қаралайды» дейді. Бұл арада дәлелдің қажеті жоқ: егер біз қараланған болсақ, біз қағаздарымызды жинап алып, қашып кетуге тиіс болар едік, бірақ, біз «қараланған» бола тұрсақ та, мен біздің позициямыз әлсіреген екен деп ойламаймын. Бухарин жолдас біздің позициямыздың таптық негізін талдауға әрекеттенді, бірақ мұның орнына марқұм мәскеулік-экономист туралы анекдот айтты. Біздің тактикамызда алпауыттықпен байланыс бар деп тапқанда,—құдай біледі, күлкің келеді,— бүкіл таптың,— алпауыттардың емес, таптың,— қатынасы бізге мынаны көрсететінін ұмытқан: орыс буржуазиясы және оның барлық құйыршықтары—делонародашылдар мен новожизньшілдер[20]—бізді бар күшімен осы соғысқа айдап салып отыр. Осы таптық фактіні сіздер атап көрсетпей отырсыздар ғой. Қазір Германияға соғыс жариялау — орыс буржуазиясының арандатқанына көну деген сөз. Бұл жаңалық емес, өйткені бұл бізді қазір құлатып тастаудың мейлінше дұрыс жолы,—мен: өте дұрыс жолы деп отырғаным жоқ, өте дұрыс еш нәрсе болмайды. Бухарин жолдас: өмір олардың жағында, істің бәрі революциялық соғысты мойындауымызбен бітеді дегенде, ол оңай жеңіске масаттанды, өйткені революциялық соғыстың бол-

май қоймайтынын біз 1915 жылы-ақ алдын ала айтқанбыз. Біздің алауыздықтарымыз мынада болатын: неміс қайтеді—шабуыл жасай ма, жоқ па; бізге соғыс жағдайы тоқталды деп жариялау керек еді; революциялық соғыстың мүдделерін көздеп, уақыт ұту үшін, елді жауға бере отырып, күш жұмсаудан шегіне беру керек. Стратегия мен саясат қандай пасық бітімге болса да баруға мәжбүр етіп отыр. Біз осы тактиканы мойындайды екенбіз, біздің алауыздықтарымыздың бәрі жойылады.

Қысқаша мазмұны 1918 ж. 19 (6) мартта «Рабоче-Крестьянский Нижегородский Листок» газетінің 54-номерінде басылған

3

СОҒЫС ЖӘНЕ БІТІМ ТУРАЛЫ ҚАРАР[21]

Біздің армиямыз жоқ болғандықтан, майдандағы рухы түскен бөлімдердің халі өте ауыр болғандықтан, Советтік социалистік республикаға империализмнің шабуыл жасауы алдында тыныс алудың қандай да болса, тіпті кішкене ғана болса да, мүмкіндігін пайдалану қажет болғандықтан, съезд Совет өкіметінің Германиямен жасаған өте ауыр, қорлық бітім шартын бекіту қажет деп таниды.

Социалистік революция заманы басталған қазіргі дәуірде империалистік мемлекеттердің (Батыстан да, Шығыстан да) Советтік Россияға қарсы көптеген әскери шабуылдары тарихи жағынан болмай қоймайды. Барлық ішкі мемлекеттік, таптық, сондай-ақ халықаралық қатынастардың қазіргі шектен тыс шиеленісуі кезінде мұндай шабуылдардың тарихи болмай қоймайтындығы әрбір кезеңде, ең жуық арада, тіпті бірнеше күннің ішінде, жалпы алғанда социалистік қозғалысқа қарсы, әсіресе Россия Социалистік Советтік Республикасына қарсы империалистік жаңа шабуылды соғыстарға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Сондықтан съезд былай деп мәлімдейді: съезд біздің партияның да, саналы пролетариаттың бүкіл авангардының да, Совет өкіметінің де ең бірінші және негізгі міндеті—Россияның жұмысшылары мен шаруаларының өзара тәртібін және тәртібін күшейту үшін, Россияның азаттық, отандық, социалистік соғысқа тарихи жағынан жақындамай қоймайтындығын түсіндіру үшін, өте-

мөте байланысқан және темірдей берік бір тілекпен біріккен бұқара ұйымдарын, күнделікті уақытта да, әсіресе халық өмірінің қиын-қыстау кезеңінде де ынтымақты, жанқиярлық қимыл көрсете алатын ұйымдарды барлық жерде, барша жердің бәрінде құру үшін,—ақырында, жынысына қарамастан, ересек халықты әскери білім мен соғыс қимылдарына жан-жақты, жүйелі түрде, жаппай үйрету үшін нағыз жігерлі, мейлінше батыл, қатаң шаралар қолдану керек деп таниды.

Съезд Россияда жеңген социалистік революцияны баянды етудің ең сенімді кепілі оны халықаралық жұмысшы революциясына айналдыруда ғана деп есептейді.

Съезд халықаралық революцияның мүдделері тұрғысынан қарағанда, дүние жүзілік аренадағы күштердің қазіргі арасалмағы тұсында, Совет өкіметінің жасап отырған бұл қадамы лажсыз және қажет қадам болды деп сенеді.

Соғысушы елдердің бәрінде жұмысшы революциясы үздіксіз пісіп-жетіліп, империализмнің сөзсіз және толық жеңілуін әзірлеп жатыр деп сене отырып, съезд былай деп мәлімдейді: Россияның социалистік пролетариаты барлық күшін салып және өз қолындағы барлық құралдарды пайдаланып, барлық елдер пролетариатының туысқандық революциялық қозғалысын қолдаг отырады.

1918 ж. кеш дегенде 8 мартта жазылған

Бірінші рет 1919 ж. 1 январьда «Коммунар» газетінің 1-номерінде басылған

Қолжазбамен салыстырылған газет тексті бойынша басылып отыр

4
СОҒЫС ЖӘНЕ БІТІМ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ТРОЦКИЙДІҢ ТҮЗЕТУЛЕРІНЕ ҚАРСЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР 8 МАРТ[22]

1

Жолдастар, мен өз сөзімде мен де, менің жақтастарым да бұл түзетуді қабылдау мүмкін емес деп есептейтіндігімізді айттым. Біз бірде-бір стратегиялық маневрде өз қолымызды өзіміз ешбір байламауымыз керек. Бәрі де күштердің арасалмағына және белгілі бір империалистік елдердің бізге шабуыл жасау кезеңіне байланысты; ол кезеңде армиямыздың күмәнсыз басталып келе жатқан сауығуы мынадай дәрежеге жетеді: онда біз бітімге қол қоюдан бас тарту былай тұрсын, соғыс жариялай алатын боламыз және соғыс жариялауға міндетті боламыз. Мен Троцкий жолдастың ұсынған түзетулерінің орнына мыналарды қабылдауға қарсы емеспін:

Біріншіден, былай деу керек,—ал мен мұны сөзсіз қорғаймын,—бұл қарар баспасөзде жарияланбайды, тек шарттың ратификацияланғаны туралы ғана хабарланады.

Екіншіден, жариялаудың формаларына және мазмұнына жапондардың ықтимал шабуылымен байланысты өзгерістер енгізу жөнінде Орталық Комитетке право беріледі.

Үшіншіден, былай деу керек: партияның Орталық Комитеті қолайлы кезең туды деп таныған кезде барлық бітім шарттарын бұзу жөнінде де, кез келген империалистік державаға және бүкіл дүние жүзіне соғыс жариялау жөнінде де съезд партияның Орталық Комитетіне уәкілдік береді.

Қалаған кезде шарттарды бұзу жөнінде біз Орталық Комитетке осындай уәкілдік беруге тиіспіз, бірақ мұның өзі еш уақытта да қазір, бүгінгі жағдайда бұзамыз деген сөз емес. Қазір біз еш нәрсемен өз қолымызды өзіміз байламауымыз керек. Троцкий жолдастың енгізуге ұсынып отырған сөздері жалпы алғанда ратификациялауға қарсы адамдардың дауысын жинайды, аралық бағытты жақтаушылардың дауысын жинайды; ал бұл аралық бағыт тағы да бірде-бір жұмысшы, бірде-бір солдат біздің қарарымыздан түк те түсінбейтіндей жағдай туғызады.

Қазір біз шартты ратификациялау қажеттігі жөнінде қаулы аламыз, сөйтіп қалаған кезінде соғыс жариялау жөнінде Орталық Комитетке уәкілдік береміз, өйткені бізге қарсы, мүмкін, үш жақтан бірдей шабуыл әзірлеп жатқан болар; Англия немесе Франция бізден Архангельскіні тартып алғысы келеді—бұл әбден мүмкін, бірақ қалай болған күнде де бітім шартын бұзу жөнінде де, соғыс жариялау жөнінде де біз өзіміздің орталық мекемемізді еш нәрсемен матауға тиісті емеспіз. Біз украиндарға финанс жәрдемін беріп отырмыз, қолымыздан келгенінше көмектесіп келеміз. Қайткенде де: біз ешқандай бітім шартына қол қоймаймыз деп, өз қолымызды байлауға болмайды. Бірінің орнын бірі баса өршіп келе жатқан соғыстар дәуірінде жаңа комбинациялар да өседі. Бітім шарты дегеніміз тек қана икемді маневр жасау — не біз осы амалдау шартын қолдаймыз, не күні бұрын ресми өз қолымызды өзіміз байлаймыз, онда қозғалуға да болмайды: бітімге келуге де, соғысуға да болмайды.

2

Жоқ, мұны мен қабылдай алмаймын деп айттым ғой деймін. Бұл түзету ишара қылады, Троцкий жолдастың не айтқысы келіп отырғанын білдіреді. Қарарға ишараны енгізбеу керек.

Бірінші пунктте біз империализмнің Советтік социалистік республикаға шабуыл жасауы алдында тыныс алудың қандай мүмкіндігін болса да, тіпті аз уақыт ты-

ныс алу мүмкіндігін болса да, пайдалануды қажет деп есептеп, шарттың ратификациялануын қабылдаймыз делінген. Тыныс алу туралы сөз қылғанда, біз республикамызға әлі де шабуыл жасалып жатқанын ұмытпаймыз. Менің қорытынды сөзімде баса айтайын деген пікірім, міне, осындай.

5

«СОЛШЫЛ КОММУНИСТЕР» ТОБЫНЫҢ ТРОЦКИЙДІҢ ТҮЗЕТУІН ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІНЕ ҚАРСЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 8 МАРТ[23]

Менің қазір Радек жолдастың айтысына жауап беріп жатуға мүмкіндігім жоқ,—өйткені мен дауыс беріп отырған жоқпын, менің дауыс беруге дәлелім жоқ. Мен әдеттегідей жауап бере алмаймын, бұл айтысқа жауап беру үшін маған сөз бер деп сұрап, съезді кідіртіп жатқым келмейді. Сондықтан қорытынды сөзімде айтылғандарды ғана еске саламын, ал екіншіден, дауыс беру дәлеліне байланысты сөздің айтысқа айналуына қарсы наразылық білдіремін, менің ондай айтысқа жауап беріп жататын шамам жоқ.

6

СОҒЫС ЖӘНЕ БІТІМ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ТОЛЫҚТЫРУ 8 МАРТ

Мен қарарға толықтыру енгізу үшін сөз сұрап отырмын:

Съезд қабылданған қарарды жарияламау қажет деп табады және партияның барлық мүшелерін бұл қарарды құпия сақтауға міндеттейді. Баспасөзде съезд ратификацияны қолдады деген хабар ғана беріледі,—онда да бүгін емес, Орталық Комитеттің нұсқауы бойынша беріледі.

Оның үстіне, съезд мынаны ерекше баса көрсетеді: империалистік және буржуазиялық мемлекеттермен жасалған бітім шарттарының бәрін қалаған уақытта бұзу жөнінде, сондай-ақ оларға соғыс жариялау жөнінде Орталық Комитетке уәкілдік беріледі.

7

СОҒЫС ЖӘНЕ БІТІМ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ҚОСЫМША ЖӨНІНДЕ ЗИНОВЬЕВТІҢ ТҮЗЕТУІНЕ ҚАРСЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
8 МАРТ

Менің ойымша, жолдастар, Зиновьев жолдастың енгізіп отырған түзетуінің қажеті жоқ[24]. Мен залда тек партия мүшелері ғана отыр деп сенемін, менің ойымша, мәселенің мемлекеттік маңыздылығы себепті, осы залда отырғандардың әрқайсысынан жеке қолхат алу туралы шешім қабылдауға болады.

Бұл тіпті де онша орынсыз шара емес, біз Россия республикасы үшін әскери құпия өте маңызды, ең елеулі мәселеге айналған жағдайда отырмыз. Егер біз баспасөзде съезд ратификациялау қажет деп таныды десек, онда түсініспеушіліктің болуы мүмкін емес. Мен тек мұны қазір дауысқа салмауды ұсынамын, себебі өзгерістер болуы мүмкін: бүгін тағы да мәліметтер келуге тиіс, бізге солтүстік-шығыстан және оңтүстіктен хабар келіп тұруы жөнінде біз арнаулы шара қолдандық,—бұл хабарлар кейбір өзгерістер туғызуы мүмкін. Съезд революциялық соғыстың мүдделері үшін маневр жасауға тиісті екендігіміз жөнінде келісім берсе, тіпті соғыс жариялау жөнінде Орталық Комитетке уәкілдік берсе,—әлбетте, бұған бізде партияның екі бөлегінің де қосылғаны, талас тек соғысты ешбір тыныссыз соза беру керек пе, жоқ па деген жөнінде ғана болғаны. Менің байқауымша, мен мұндай түзету енгізгенде көпшілік үшін де, оппозиция үшін де даусыз нәрсені айтып отырмын ғой деймін; менің ойымша, басқаша түсіндірудің

болуы мүмкін емес. Мен бұл түзетуді құпия сақтау керектігін ғана мақұлдауды неғұрлым қолайлы деп есептеймін. Оның үстіне, қосымша шаралар қолдану керек және бұл жөнінде залда отырғандардың әрқайсысынан жеке қолхат алу керек.

8

СОҒЫС ЖӘНЕ БІТІМ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН ҰСЫНЫС 8 МАРТ

1

Қарар таратылып берілгендіктен, дәл қазір қарарды алған әрбір адам оны қазір, дереу осы столға әкеліп береді деп шешім қабылдауға болмас па екен. Мұның өзі әскери құпияны сақтау шараларының бірі болып табылады.

2

Мен дауысқа қоюды өтінемін. Біздің партиялық орталықтағылар ересек адамдар; олар әскери құпиясы бар хабарлардың ауызша айтылатынын түсінеді. Сондықтан мен әркімнің қолындағы қарардың барлық текстін дереу мына столға әкеп қоюды қатты талап етемін.

9
ПАРТИЯНЫҢ ПРОГРАММАСЫН ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӘНЕ АТЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА
8 МАРТ[25]

Жолдастар, партияның атын өзгерту туралы мәселе жөнінде, өздеріңіз білесіздер, 1917 ж. апрельден бастап партия ішінде айтарлықтай кең дискуссия өріс алды, сондықтан Орталық Комитетте, пәлендей үлкен дау тугызбайтын, тіпті ешқандай да дау тугызбауы мүмкін дерлік шешім қабылдауға бірден мүмкіндік болды: атап айтқанда, Орталық Комитет сіздерге партиямыздың атын өзгертіп, оны Россия коммунистік—жақша ішінде: большевиктер—партиясы деп атауды ұсынады. Бұл қосымшаны біз бәріміз де қажет деп табамыз, өйткені «большевик» деген сөз Россияның саяси өмірінде ғана емес, тіпті Россиядағы оқиғалардың дамуын жалпы қадағалап отырған бүкіл шетелдік баспасөзде де азаматтық право алды. «Социал-демократиялық партия» деген аттың ғылыми жағынан теріс екендігі де біздің баспасөзде түсіндірілді. Жұмысшылар өз мемлекетін құрып алған кезде, олар демократизмнің,—буржуазиялық демократизмнің,—ескі ұғымынан біздің революциямыздың даму процесінде асып түсті. Біз демократияның Батыс Европада еш жерде болмаған типіне жеттік. Мұның үлгісі тек Париж Коммунасында ғана болды, ал Париж Коммунасы туралы Энгельс: сөздің дәл мағынасында алғанда Коммуна мемлекет болған жоқ деді[26]. Бір сөзбен айтқанда, мемлекетті басқару ісін және осы мемлекеттік тәртіпті қолдайтын қарулы күш құру ісін еңбекшілер бұқарасының өздері қолға алатындықтан, басқаруға арналған ерекше аппарат жоғалады, белгілі

бір мемлекеттік күштеуге арналған ерекше аппарат жоғалады, демек, біз демократияны да, ескі формадағы демократияны, жақтай алмаймыз.

Екінші жағынан, социалистік қайта құрылыстарды бастай отырып, біз ақыр соңында осы қайта құрылыстар арқылы көзделетін мақсатты, атап айтқанда, фабрикаларды, заводтарды, жерді және өндіріс құрал-жабдықтарын экспроприациялаумен ғана тынбай, өнімдерді өндіруді, бөлуді қатаң есепке алумен, бақылаумен ғана тынбай, одан әрірек баратын: әркімнен қабілетіне қарай, әркімге қажетіне қарай деген принципті жүзеге асыруға дейін баратын коммунистік қоғамды құру мақсатын алдымызға айқын қоюға тиіспіз. Міне сондықтан коммунистік партия деген атау—ғылыми жағынан бірден-бір дұрыс атау. Бұл атау бізді анархистермен шатастыруға соқтыруы мүмкін деген қарсылық Орталық Комитетте бірден теріске шығарылды, өйткені анархистер өздерін еш уақытта коммунист деп қана атамайды, белгілі бір қосымша қосып атайды. Бұл жағынан алғанда социализмнің әр алуан түрі бар, алайда олар социал-демократтарды социал-реформистермен, ұлттық социалистермен, т. с. партиялармен шатастыруға әкеп соқтырмайды.

Екінші жағынан, партияның атын өзгертуді қуаттайтын аса маңызды дәлел мынадай: Европаның барлық алдыңғы қатарлы елдеріндегі ескі ресми социалистік партиялар европалық ресми социализмді қазіргі соғыс кезінде толық күйреуге соқтырған социал-шовинизм мен социал-патриотизм желігінен осы уақытқа дейін арылған жоқ, сондықтан ресми социалистік партиялардың бәрі дерлік осы уақытқа дейін жұмысшылардың революциялық социалистік қозғалысына нағыз кедергі, нағыз бөгет болып келді. Сөйтіп, қазіргі уақытта барлық елдердегі еңбекшілер бұқарасының арасында біздің партиямызға тілектестік, сөзсіз, өте-мөте зор,—біздің партиямыз бұл ескі ресми социализмнен өзінің байланысын үзетінін мүмкіндігінше батыл, айқын, ашық түрде, бүкпесіз айтуға міндетті, ал бұл үшін партияның атын өзгерту мақсатқа ең тез жеткізе алатын шара болады.

Сонан соң, жолдастар, анағұрлым қиынырақ мәселе программаның теориялық бөлімі туралы, оның практикалық және саяси бөлімі туралы мәселе болды. Программаның теориялық бөліміне келетін болсақ; бізде бірсыпыра материалдар бар, атап айтқанда: Москва мен Петербургте партия программасын қайта қарау туралы жинақтар басылып шықты[27]; партиямыздың теориялық басты екі органында: Петербургте шыққан «Просвещениеде»[28] және Москвада шыққан «Спартакта»[29] партиямыздың программасының теориялық бөлімін өзгертудің белгілі бір бағытын дәлелдейтін мақалалар басылды. Бұл жағынан алғанда белгілі бір материалдар бар. Негізгі екі көзқарас белгіленді; бұл екеуі, менің ойымша, бір-бірінен қашық кетпейді, ең болмағанда, түбегейлі, принциптік жағынан қашық кетпейді; бір көзқарас, мен жақтаған көзқарас мынадай: біздің программаның бұрынғы теориялық бөлімін лақтырып тастауға дәлелдеріміз жоқ және бұл тіпті дұрыс болмас та еді. Программаны капитализм дамуының жоғары сатысы—империализмді сипаттаумен, сонан соң—социалистік революцияның заманы басталғандығына сүйене отырып, осы социалистік революция заманын сипаттаумен толықтыру ғана керек. Біздің революцияның, біздің халықаралық пролетарлық армия отрядының тағдыры қандай болса да, революцияның келешектегі қиындықтары қандай болса да, қалай дегенмен де, бұл соғысқа араласқан, ең алдыңғы қатарлы елдерді ашаршылыққа, күйзеліске, тағылыққа жеткізген империалистік елдердің объективті жағдайы— объективті түрде алғанда мүшкіл жағдай. Міне, бұл арада Фридрих Энгельстің европалық соғыстың ықтимал перспективасына баға бере келіп, бұдан отыз жыл бұрын, 1887 ж. айтқан пікірін айту керек. Ол Европадағы тәжтақтар топ-тобымен шашылып жатады және оларды ешкімнің де жерден көтергісі келмейтін болады деді; ол европалық елдер адам айтқысыз зор күйзеліске ұшырайды және европалық соғыс сұмдықтарының түпкі нәтижесі жалғыз-ақ мынау болуы мүмкін деді, ол: «не жұмысшы табы жеңіп шығады, не бұл жеңісті мүм-

кін және қажетті ететін жағдайлар жасалады»[30] деді. Бұл жөнінде Энгельс өте-мөте дәл және сақтықпен айтты. Марксизмді бұрмалайтын, күйзеліс негізінде социализмнің болуы мүмкін емес деген өздерінің кеш айтқан жалған ақылгөйліктерін ұсынатын адамдардан өзгеше, Энгельс қандай соғыстың болса да, тіпті қандай алдыңғы қатарлы қоғамда болса да, қанға тұншыққан бұқара арасында күйзелісті, тағылықты, азапты, апатты туғызып қана қоймайтынын, мұның өзі социализмнің жеңуіне жеткізеді деп кепілдік етуге де болмайтынын өте жақсы түсінді, мұның өзі былай болады: «не жұмысшы табы жеңіп шығады, не бұл жеңісті мүмкін және қажетті ететін жағдайлар жасалады» деді, яғни, олай болса, бұл арада мәдениет пен өндіргіш құрал-жабдықтар зор көлемде қирайтын, ауыр өтпелі сатылар әлі талай болуы мүмкін, бірақ мұның нәтижесі еңбекшілер бұқарасының авангарды—жұмысшы табының көтеріліп, оның социалистік қоғамды құру үшін өкіметті өз қолына алуға көшуі ғана бола алады. Өйткені, мәдениеттің қирауы қандай болса да—оны тарихи өмірден сызып тастауға болмайды, оны қалпына келтіру қиын болады, бірақ еш уақытта ешқандай қирау бұл мәдениетті мүлде жоғалып кететіндей дәрежеге жеткізбейді. Бұл мәдениеттің белгілі бір бөлегі, белгілі бір материалдық қалдықтары жойылмақ емес, қиыншылық сол мәдениетті қалпына келтіруде ғана болады. Сөйтіп, ескі программаны бұрынғысынша қалдырып, оны империализмді сипаттаумен және әлеуметтік революцияның басталуын сипаттаумен толықтыруымыз керек дейтін бір көзқарас, міне, осындай.

Мен бұл көзқарасты өзім бастырып шығарған программа жобасында айттым*. Екінші жобаны—москвалық жинақта Сокольников жолдас бастырып шығарды. Екінші көзқарасты бізбен әңгімесінде, атап айтқанда, Бухарин жолдас айтты, баспасөз бетінде—В. Смирнов жолдас москвалық жинақта жазды. Бұл көзқарас мынада: программаның бұрынғы теориялық бөлімін не мүлде сызып тастау керек, не оны мүлдем дерлік алып тастап,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 163—180-беттер. *Ред.*

оның орпына, біздің программада көрсетілгеніндей, товар өндірісі мен капитализмнің даму тарихын емес, капитализмнің жоғары дамуының—империализмнің—қазіргі замандағы сатысын және әлеуметтік революция заманына тікелей көшуді сипаттайтын жаңа бөлім қосу керек. Мен бұл екі көзқарас бірінен-бірі түбегейлі және принцип жағынан қашық деп ойламаймын, бірақ мен өз көзқарасымды жақтаймын. Меніңше, товар өндірісінен капитализмге дейінгі дамуды сипаттайтын ескі программаны сызып, тастау теория жағынан алғанда дұрыс емес. Ол программада теріс ештеңе де жоқ. Даму осылай болды, осылай болып келеді, өйткені товар өндірісі капитализмді туғызды, ал капитализм империализмге әкелді. Бұл жалпы бүкіл дүние жүзілік-тарихи перспектива, сондықтан социализмнің негіздерін ұмытуға болмайды. Күрестің келешектегі қиындықтары қандай болса да, біздің өтуімізге тура келетін жекелеген бұралаң жолдар қандай көп болса да (ал ол бұралаң жолдар өте көп болады,—революцияның тарихы қандай зор бұрылыстар жасайтынын тәжірибеден көріп отырмыз және бұл әлі бізде ғана болып отыр; революция европалық революцияға айналғанда іс анағұрлым күрделі және жылдам болады, дамудың қарқыны анағұрлым жедел болады, бұрылыстар да анағұрлым күрделі болады),—тарихтың осы бұралаң жолдарында, бұрылыстарында адасып қалмай, жалпы перспективаны сақтау үшін, капитализмнің бүкіл дамуын және социализмге апаратын бүкіл жолды байланыстыратын, жол болғанда бізге, әрине, тура сияқты көрінетін жолды, басы, жалғасы, аяғы көрінерліктей, тура деп ойлауымызға тиісті жолды,—өмірде ол еш уақытта тура болмайды, ол адам айтқысыз күрделі болады,—байланыстыратын арқауды көре білу үшін,—осы бұрылыстарда адасып кетпеу үшін, кері басу, шегіну, уақытша жеңіліс кезеңдерінде немесе бізді тарих не дұшпан кері итеріп тастаған кезде адасып қалмау үшін, біздің бұрынғы негізгі программамызды шығарып тастамау, меніңше, өте керек-ақ және теория жағынан алғанда бірден-бір дұрыс болады. Өйткені біз қазір бізде, Рос-

сияда, капитализмнен социализмге өтудің бірінші сатысында ғана тұрмыз. Теория жүзінде белгілі бір уақытқа шамаланған, бізге керекті, осы өтпелі сатылардан тез өтуге мүмкіндік беретін бейбіт жағдайды тарих бізге бермеді. Азамат соғысының Россияда көп қиыншылықтар туғызғанын және бұл азамат соғысы толып жатқан соғыстармен ұштасқанын біз бірден көріп отырмыз. Капитализмнің бүкіл көлемде күйреуінде және социалистік қоғамның тууында күштеу сөзсіз қосарласа жүретінін марксистер еш уақытта ұмытқан емес. Міне, осы күштеу бүкіл дүние жүзілік-тарихи кезең болады, нағыз әр түрлі соғыстардың тұтас бір заманы—империалистік соғыстардың, ел ішіндегі азамат соғыстарының заманы болады, мұның екеуі де ұштасқан заман болады, ұлттық соғыстардың, империалистер, империалистік державалардың орасан зор мемлекеттік-капиталистік жәпе әскери трестер мен синдикаттар дәуірінде сөзсіз белгілі бір одақтарға кіретін әр түрлі құрамалары тұншықтырған ұлттарды азат ету заманы болады. Бұл заман—орасан зор күйреушілік, жаппай әскери күшпен шешу, дағдарыстар заманы—бұл заман басталды, оны біз анық көріп отырмыз,—бұл тек бастамасы ғана. Сондықтан жалпы алғанда товар өндірісін, капитализмді сипаттауға қатысты нәрселердің бәрін алып тастауға біздің дәлелдеріміз жоқ. Біз капитализмді мүлде қағып тастап, социализмге өтетін алғашқы қадамды ғана жасадық. Социализмге өтуде енді қанша кезең болатынын біз білмейміз, біле де алмаймыз. Бұл европалық социалистік революцияның нағыз кең көлемде қашан басталатынына байланысты, ол революцияның өз дұшпандарын қаншалықты оңай, тез немесе баяу жеңіп, социалистік дамудың даңғыл жолына түсуіне байланысты. Мұны біз білмейміз, ал маркстік партияның программасы әбден дәл анықталған фактілерге сүйенуге тиіс. Революцияның барлық қиын-қыстау жолында дұрыстығы дәлелденген программамыздың күші тек осында ғана. Марксистер өздерінің программасын тек осы базиске ғана сүйеніп құруға тиіс. Біз әбден дәл анықталған фактілерге сүйенуге тиіспіз, бұл фактілер мынадай: айырбас пен товар өндірісінің дамуы бүкіл дүние жү-

зінде тарихи басым құбылысқа айналды, капитализмге әкелді, ал капитализм империализмге айналды,—бұл әбден айқын факт, мұны бәрінен бұрын программада анықтап көрсету керек. Бұл империализм әлеуметтік революция заманын бастайды,—бұл да факт, бұл бізге айдан анық, мұны біз анық айтуға тиіспіз. Бүкіл дүние жүзі алдында бұл фактіні өз программамызда көрсете отырып, біз әлеуметтік революция шырағын үгіт сөз мағынасында ғана көтеріп қоймай,—жаңа программа ретінде көтеріп, Батыс Европаның барлық халықтарына былай дейміз: «Біздің сіздермен бірге капиталистік дамудың тәжірибесінен шығарған қорытындымыз, міне, осындай. Капитализм, міне, осындай болды, ол империализмге, міне, осылай келді, басталып отырған және уақыт жағынан бірінші роль біздің сыбағамызға тиген әлеуметтік революцияның заманы, міне, осындай». Біз барлық цивилизациялы елдердің алдында осы манифесті алып шығамыз; бұл манифест қызу үндеу болып қана қоймайды, социалистік партиялардың бәрі мойындап отырған фактілерден шығатын, әбден дәл негізделген манифест болады. Қазір социализмге опасыздық етіп отырған әлгі партиялардың тактикасы мен біз бәріміз де мойындап отырған, әрбір саналы жұмысшының қанына, сүйегіне сіңген теориялық қағидалардың: капитализмнің дамып, империализмге көшуінің арасындағы қайшылық соғұрлым айқын болады. Империалистік соғыстар қарсаңында Хемниц пен Базельде болған съездер өз қарарларында империализмнің мұндай сипаттамасын берді, ол сипаттама мен социал-сатқындардың қазіргі тактикасының арасындағы қайшылық барынша сорақы болып отыр.[31] Сондықтан Батыс Европаның еңбекшілер бұқарасына олардың басшылары не жөнінде кінәланып отырғанын неғұрлым анығырақ көрсету үшін біз бұл негізгі нәрсені қайталауға тиіспіз.

Менің программаның осылайша құрылуын теория жағынан бірден-бір дұрыс деп есептеп, сүйеніп отырған негізгі дәлелім осы. Товар өндірісі мен капитализмнің сипаттамасын ескі қоқыс сияқты лақтырып тастау болып жатқан оқиғаның тарихи сипатынан тумайды, өйткені біз капитализмнен социализмге өтудің бірінші са-

тыларынан әрі кеткен жоқпыз және біздің өтуіміз Россияның цивилизациялы елдердің көпшілігінде жоқ ерекшеліктері себепті қиындай түсіп отыр. Демек, Европада бұл өтпелі сатылардың басқаша болатындығы мүмкін нәрсе ғана емес, сөзсіз болатын нәрсе; сондықтан да, бізге қажетті, бірақ Европада қажетті болмай шығуы мүмкін ұлттық ерекше өтпелі сатыларға барлық көңілді аударып жіберу теория жағынан теріс болады. Біз товар өндірісі дамуының, капитализмге көшуінің, капитализмнің азғындап, империализмге айналуының жалпы базасынан бастауға тиіспіз. Мұнымен біз позициямызды теория жүзінде баянды етеміз, нығайтамыз; бұл позициядан бізді социализмге опасыздық етпесе, ешкім де аудыра алмайды. Ал бұдан: әлеуметтік революция заманы басталып келеді деген нақ сондай сөзсіз қорытынды келіп шығады.

Біз бұл қорытындыны жасағанда, күмәнсыз анықталған фактілерге сүйене келіп жасап отырмыз.

Содан соң, біздің міндетіміз—мемлекеттің советтік типіне сипаттама беру. Мен бұл мәселе жөніндегі теориялық көзқарастарды «Мемлекет және революция»* деген кітапта баяндауға тырыстым. Менің ойымша, Батыс Европадағы үстем болған ресми социализм мемлекет жөніндегі маркстік көзқарасты барынша бұрмалаған; мұның өзін советтік революцияның және Россияда Советтер құрудың тәжірибесі тамаша айқын дәлелдеп берді. Біздің Советтерде тұрпайы, шала істелген нәрселер әлі көп, бұл күмәнсыз, мұның өзі Советтердің жұмысын байқаған кісінің қай-қайсысына болса да анық, бірақ Советтердегі өте маңызды нәрсе, тарихи жағынан бағалы нәрсе, социализмнің бүкіл дүние жүзілік дамуында алға қадам басу болып табылатын нәрсе сол—мұнда мемлекеттің жаңа типі құрылды. Париж Коммунасында мұндай мемлекет бірнеше аптаға, бір қалада құрылды, оны құрушылар не істегендерін өздері де ұқпады. Коммунаны жасаушылар Коммунаны түсінбеді, олар оянған бұқараның дана сезімі арқылы жасады, өзінің не істегенін француз социалистерінің ешбір

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 1—133-беттер. *Ред.*

фракциясы да ұқпады. Біз мынадай жағдайдамыз: Париж Коммунасына және неміс социал-демократиясының талай жылғы даму тәжірибесіне сүйеніп отырғандығымыздың арқасында, біз Совет өкіметін құрғанда не істеп отырғанымызды анық көре аламыз. Советтердегі еліміздің ұсақ буржуазиялық сипатының қалдығы болып табылатын апайылықтың, тәртіпсіздіктің бәріне қарамастан,—осының бәріне қарамастан, халық бұқарасы мемлекеттің жаңа типін құрды. Ол бір апта бойы емес, бірнеше ай бойы, бір қалада емес, кең байтақ елде, талай ұлттардың ішінде қолданылып отыр. Совет өкіметінің бұл типі өзін көрсете алды; ол Финляндия сияқты барлық жағынан өзгеше елге ауысты, Финляндияда Советтер жоқ, бірақ өкіметтің типі бәрі бір жаңа, пролетарлық тип.[32] Міне, бұл Совет өкіметінің теория жағынан даусыз екенін көрсететін дәлел: Совет өкіметі—бюрократиясыз, полициясыз, тұрақты армиясыз мемлекеттің, буржуазиялық демократияның орнына жаңа демократияны қолданатын мемлекеттің жаңа типі,—бұл демократия еңбекшілер бұқарасының авангардын шығарады, олардан заң шығарушыны да, атқарушыны да, әскери күзетті де жасап, бұқараны қайта тәрбиелей алатын аппарат құрады.

Россияда бұл жаңа ғана басталды, басталғанда нашар басталды. Егер біз бастаған ісіміздің нашар жерін ұқсақ, егер осы Совет өкіметін жетілдіру жөнінде азды-көпті жеткілікті уақыт жұмыс істеуімізге тарих мүмкіндік берсе, біз бұл кемшілікті жоямыз. Сондықтан, менің ойымша, мемлекеттің жаңа типін сипаттау біздің программамыздан айрықша көрнекті орын алуға тиіс. Амал не, бізге қазір программа жасау жөнінде үкімет жұмыс істеп жатқан жағдайда, адам айтқысыз асығыс жағдайда жұмыс істеуге тура келді, біз тіпті өзіміздің комиссиямызды шақырып, программаның ресми жобасын да әзірлей алмадық. Делегат жолдастарға таратып отырғанымыз алғашқы нобайы* деп аталған, мұны жұрттың бәрі айқын көре алады. Онда Совет өкіметі туралы мәселеге едәуір көп орын берілді және, менің ойымша, осыдан біздің программаның халықаралық

* Қараңыз: осы том, 76—82-беттер. *Ред.*

маңызы көрінуге тиіс. Егер біз революциямыздың халықаралық маңызын үндеулермен, ұрандармен, демонстрациялармен, үндеу хаттармен, т. т. шектесек, бұл, менің ойымша, өте-мөте қате болар еді. Бұлай шектеу жеткіліксіз. Біз европалық жұмысшыларға өзіміздің нені қолға алғанымызды, қалай қолға алғанымызды, мұны қалай түсіну керек екенін нақты көрсетуге тиіспіз; бұл оларды социализмге қалай жету жөніндегі мәселеге нақты итермелей түседі. Олар бұл арада бізге қарап: орыстар жақсы міндетке кірісіп отыр екен, егер олар нашар кіріссе, біз жақсырақ кірісетін боламыз деуге тиіс. Бұл үшін мүмкіндігінше нақты материалдарды көбірек беру керек және нендей жаңа нәрсені құруға тырысқанымызды айтуымыз керек. Совет өкіметі мемлекеттің жаңа типі екенін біз көріп отырмыз; оның міндеттерін, құрылымын суреттеп көрейік, демократияның бұл жаңа типінің, былық, өрескел нәрселері өте көп типінің, жанды өзегі—өкіметтің еңбекшілерге көшуі, қанаудың, басып-жаншу аппаратының жойылуы болатындығы неліктен екендігін түсіндіріп көрейік. Мемлекет дегеніміз басып-жаншу аппараты. Қанаушыларды жаныштап отыру керек, бірақ оларды полиция арқылы жаныштауға болмайды, оларды тек бұқараның өзі ғана жаныштай алады, аппарат бұқарамен байланысты болуға тиіс, Советтер сияқты бұқараның өкілі болуға тиіс. Советтер бұқараға анағұрлым жақын, олар бұқараға жақын тұруға мүмкіндік береді, олар бұл бұқараны тәрбиелеуге көбірек мүмкіндік береді. Орыс шаруасының үйренуге тырысатынын біз жақсы білеміз, бірақ біз оның кітаптардан емес, өз тәжірибесінен үйренгенін тілейміз. Совет өкіметі дегеніміз аппарат—бұқараның мемлекет басқаруды және өндірісті жалпы ұлттық көлемде ұйымдастыруды дереу үйрене бастауына арналған аппарат. Бұл—орасан қиын міндет. Бірақ тарихи жағынан оның өте маңыздылығы мынада: біз бұл міндетті шешуге кірісіп отырмыз, шешкенде жалғыз өз еліміз тұрғысынан ғана шешуге емес, европалық жұмысшыларды көмекке шақыра отырып шешуге кірісіп отырмыз. Біз программамызды нақ осы жалпы көзқарас тұрғысынан алып нақты түсіндіруге тиіспіз. Міне,

сондықтан біз мұны Париж Коммунасы жолының жалғасы деп санаймыз. Міне, сондықтан европалық жұмысшылардың осы жолға түсіп, бізге көмектесе алатынына біздің сеніміміз мол. Олар біздің істеп отырғанымызды жақсырақ істеуі керек, былайша айтқанда, салмақтың дені формальдық тұрғыдан қарағанда нақты жағдайға түседі. Егер бұрынғы уақытта жиналыстар өткізу правосына кепілдік беру сияқты талап өте-мөте маңызды болса, енді жиналыстар өткізу правосы жөніндегі біздің көзқарасымыз мынадай: қазір жиналыстарға ешкім кедергі жасай алмайды, сондықтан Совет өкіметі жиналыстар өткізу үшін тек қана зал тауып беруге тиіс. Буржуазияға мынадай даурықпа принциптерді жалпы жариялау ғана жеткілікті: «Барлық азаматтардың жиналуға правосы бар, бірақ далаға жиналу керек,—біз сендерге үй бермейміз». Ал біз былай дейміз: «Сылдыр сөзді азайтып, істің мәнін көбейту керек». Сарайларды—Таврический сарайын ғана емес, басқа да көп сарайларды—тартып алу қажет, ал жиналыстар жасау правосы туралы біз үндемейміз. Демек, мұны демократиялық программаның басқа пункттері жөнінде де қолдану керек. Біз өзіміз соттауымыз керек. Азаматтар сотқа және елді басқаруға тегіс қатысуға тиіс. Біз үшін мемлекетті басқаруға еңбекшілердің бәрін тегіс қатыстыру маңызды. Бұл—орасан қиын міндет. Бірақ социализмді азшылық—партия жүзеге асыра алмайды. Оны істің бәрін өздері істеп үйренгенде ондаған миллион халық жүзеге асыра алады. Біз өзіміздің сіңірген еңбегіміз мынада деп білеміз: біз бұқараның мұны кітаптардан, лекциялардан үйренбей, бұл іске өздері дереу кірісуіне көмек беруге тырысамыз. Міне сондықтан, егер біз осы міндеттерді нақты, айқын түрде айтсақ, біз европалық бұқараның бәрін осы мәселені талқылауға және оны практика жүзінде қоюға итермелейміз. Біз, мүмкін, істелуі қажет нәрсені нашар істеп отырған шығармыз, бірақ біз бұқараны істелуге тиісті нәрселерді істеуге итермелеп отырмыз. Егер біздің революцияның істеп отырғаны кездейсоқ нәрсе емес,—кездейсоқ еместігіне біз кәміл сенеміз,—біздің партия шешімдерінің нәтижесі емес, Маркс халықтық революция деп атаған

қандай да болса революцияның болмай қоймайтын нәтижесі болса, яғни халық бұқарасының өздері, ескі буржуазиялық республиканың программасын қайталау арқылы емес, өз ұрандары, өз талаптары арқылы жасайтын революцияның болмай қоймайтын нәтижесі болса,—егер біз мұны осылай қойсақ, сонда біздің ең елеулі нәрсеге қолымыз жетеді. Міне, осы арада біз максимум және минимум программалардың арасындағы айырмашылықты құрту керек пе деген мәселеге таянып келеміз. Әрі керек, әрі керек емес. Мен бұл құртудан қорықпаймын, өйткені тіпті жазда болған көзқарас қазір болмауға тиіс. Ол кезде, біз өкіметті алмаған кезде, мен «ерте» дедім,—енді, біз бұл өкіметті алып, оны сыннан өткізген кезімізде,—бұл ерте емес*. Буржуазиялық парламентаризмді пайдаланудан еш бас тартпастан, біз енді ескі программаның орнына Совет өкіметінің жаңа программасын жазуға тиіспіз. Бізді кері серпіп тастамайды деп ойлау—утопия.

Россияның Совет республикасын құрғанын тарихи жағынан теріс деуге болмайды. Біз былай дейміз: түрлі кері серпіп тастаушылыққа кездескенде, буржуазиялық парламентаризмді пайдаланудан бас тартпай,—егер таптық, жау күштер бізді осы ескі позицияға апарып тықсырса,—біз тәжірибе арқылы жеңіп алынған нәрсеге қарай—Совет өкіметіне қарай, мемлекеттің советтік типіне, Париж Коммунасы типтес мемлекетке қарай қадам басамыз. Мұны программада көрсету керек. Программа-минимумның орнына біз Совет өкіметінің программасын енгіземіз. Мемлекеттің жаңа типіне сипаттама беру біздің программамыздан көрнекті орын алуға тиіс.

Біздің қазір программа жасай алмайтындығымыз айқын. Біз программаның негізгі қағидаларын жасауға және негізгі тезистер жасап шығару үшін оларды комиссияға немесе Орталық Комитетке тапсыруға тиіспіз. Тіпті оңайырағы: қазірдің өзінде тезистер жасап берген Брест-Литовск конференциясы туралы қарардың** негізіне сүйеніп жасауға болады. Орыс революциясының тәжірибесіне сүйеніп, Совет өкіметіне осындай сипатта-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 418—423-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 38—39-беттер. *Ред.*

ма берілуге тиіс, сонан соң практикалық қайта құру ұсыныстары жасалуға тиіс. Бұл арада, менің ойымша, тарихи бөлімінде қазір жер мен өндірісті экспроприациялау басталғанын ескерту қажет[33]. Біз бұл арада тұтыну ісін ұйымдастыру, банктерді универсалдандыру, оларды мемлекеттік мекемелердің, бүкіл елді қамтитын мекемелердің, бізге халықтың өзі жүргізген, социализмнің келешектегі қадамдарының негізі болатын қоғамдық есеп-қисапты, есеп пен бақылауды беретін мекемелердің жүйесіне айналдыру жөніндегі нақты міндетті алға қоямыз. Менің ойымша, бұл ең қиын бөлім біздің Совет өкіметінің нақты талаптары түрінде,—біздің қазірден бастап не істегіміз келетінін, банк саясаты саласында, өнімдер өндіруді ұйымдастыру, айырбасты, есепті, бақылауды ұйымдастыру, еңбек міндеткерлігін және басқаларды енгізу ісінде қандай реформаларды жүргізбекші екендігімізді көрсету ретінде,—тұжырымдалуға тиіс. Реті келгенде, біз бұл жөнінде қандай қадам, жарты қадам, сүйемдей қадам жасағанымызды көрсетіп толықтырамыз. Бұл арада бізде басталған нәрселер, істеліп бітпеген нәрселер әбден дәл, анық, айқын көрсетілуі тиіс. Біздің бастаған нәрселеріміздің орасан көп бөлегі істеліп бітпегенін бәріміз де өте жақсы білеміз. Ешбір әсірелемей, мейлінше объективті түрде, фактілерден бұлтармай, біз программада бар нәрсе туралы және нені істемекші екендігіміз туралы айтуға тиіспіз. Европалық пролетариатқа біз осы шындықты көрсетіп: осыны істеу керек дейміз, сонда олар: орыстар мынадай-мынадай нәрселерді нашар істеп жатыр, біз оны жақсы істейміз дейтін болады. Міне, осы ұмтылыс бұқараны баурап алғанда, социалистік революция жеңілмейтін болады. Жұрттың бәрінің көз алдында империалистік соғыс, бастан-аяқ тонаушылық соғыс жүріп жатыр. Жұрттың бәрінің көз алдында империалистік соғыс өзін өзі әшкерелеп, барлық империалистердің Совет өкіметіне қарсы, социализмге қарсы соғысына айналған кезде, мұның өзі Батыс пролетариатына тағы да бір жаңа түрткі болады. Мұны әшкерелеу керек, соғысты империалистердің социалистік қозғалысқа қарсы бірігуі деп суреттеу керек. Жалпы пікірлер міне осылар;

бұлар туралы мен сіздермен бірлесіп ойласуды қажет деп санаймын және осыларға сүйеніп мен қазір осы мәселе жөніндегі негізгі көзқарастарды айту, содан соң нақ осы арада, бәлкім, бірнеше негізгі тезистер жасау жөнінде практикалық ұсыныс жасаймын, ал қазір, егер бұл қиын деп танылса, бұдан бас тарту керек, программа туралы мәселені Орталық Комитетке немесе ерекше комиссияға жүктеу керек; бұл комиссияға, қолда бар материалдарға сүйеніп және съездің стенографиялық есебіне немесе секретарьлар жасаған толық есебіне сүйеніп, партияның программасын жасау тапсырылсын; ал партия дереу өзінің атын өзгертуге тиіс. Меніңше, біз мұны қазір-ақ жүзеге асыра аламыз, ал біздің программа редакциялануы жағынан дайын болмай қалғандықтан, бізді оқиғалар осыған ұшыратып отыр, қазір басқа ештеңе істеуге болмайды, менің ойымша, бұған жұрттың бәрі қосылады. Мұны бірнеше аптаның ішінде істей алатындығымызға мен сенемін. Бірнеше аптаның ішінде программа жасау үшін бізде партиямыздың барлық ағымдарында теориялық күштер жеткілікті. Әрине, ол программада, редакциялануы және стилистикалық жағынан дәл емес жерлерін сөз қылмағанның өзінде, қате жерлері де көп болуы мүмкін, өйткені бізде редакторлық жұмысқа қажетті тыныш уақыт тауып, бұл жұмысты айлап асықпай істейтіндей уақыт жоқ.

Біз Совет өкіметінің бұл программаны жүзеге асыруына мүмкіндік беретіндігімізге толық сеніп, ол қателердің бәрін жұмыс процесінде түзетеміз. Ал біз, ең болмағанда, өмір шындығынан бұлтармай, Совет өкіметі дегеніміз мемлекеттің жаңа типі, пролетариат диктатурасының формасы екенін, демократияға біздің басқаша міндеттер жүктегенімізді, социализмнің міндеттерін «экспроприаторларды экспроприациялау» деген жалпы абстракт формуладан банктер мен жерді национализациялау[34] сияқты нақты формулаларға көшіргенімізді дәл тұжырымдасақ,— бұл программаның мәнді бөлімі де, міне, осы болады.

Жер мәселесін мына мағынада қайта құруға тура келеді: біз бұл арада, пролетариат жағына шыққысы келетін, оған социалистік революцияда көмектескісі келе-

тің ұсақ шаруалардың, өздерінің барлық соқыр сенімдеріне қарамастан, өздерінің барлық ескі көзқарастарына қарамастан, социализмге көшу жөніндегі практикалық міндеттерді алдарына қалай қойғандығының алғашқы қадамын көріп отырмыз. Біз мұны басқа елдерге таңбаймыз, бірақ бұл—факт. Шаруалар өкіметті жеңіп алған пролетариаттың социализмді жүзеге асыруына өздерінің көмектескісі келетіндігін және көмектесіп отырғандығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсетті. Социализмді күштеп енгізгісі келеді дегенді бізге кейбіреулер босқа танады. Біз көбінесе ұсақ шаруашылықтың тұрғысынан қарағанда, жерді әділ бөлеміз. Оның үстіне біз коммуналарға және ірі еңбек артельдеріне барынша ден қоямыз[35]. Біз астық саудасын монополизациялауды қолдаймыз. Біз банктер мен фабрикаларды экспроприациялауды қолдаймыз,— шаруалар осылай деді. Біз жұмысшыларға социализмді жүзеге асыру жөнінде көмектесуге дайынбыз. Менің ойымша, жерді социализациялау туралы негізгі заңды барлық тілдерде шығару керек. Егер бұл басылым қазірдің өзінде басылып шықпаған болса, басылып шығады[36]. Бұл пікірді программада нақты айтамыз, — оны нақты белгіленген фактілерден бір қадам да бұлтармай, теория жағынан бейнелеу керек. Батыста бұл басқаша жүзеге асады. Мүмкін, біз қателік істеп отырған шығармыз, бірақ біз Батыстың пролетариаты ол қателіктерді түзетеді деп сенеміз. Сондықтан біз европалық пролетариаттың біздің жұмысымызға көмектесуін өтінеміз.

Сөйтіп, біз өз программамызды бірнеше аптаның ішінде талдап жасай аламыз, ал біздің істейтін қателерімізді,—оларды өмірдің өзі жөндеп жібереді,—біз өзіміз түзейміз. Біздің қолымыз жететін игі нәтижелермен салыстырғанда, ол қателердің бәрі қауырсын сияқты жеңіл болады.

Қысқаша мазмұны 1918 ж.
20 (7) мартта
«Рабоче-Крестьянский
Нижегородский Листок»
газетінің 55-номерінде
басылған

В. И. Лениннің «Партияның
атын және партия
программасын өзгерту туралы
қарар» деген қолжазбасының
бірінші беті.— Март, 1918 ж.

[illegible]

[illegible]

[illegible] гонимый и характеризующий империализма и называемой [illegible] револю-

[illegible]

10

ПАРТИЯНЫҢ АТЫН ЖӘНЕ ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд былай деп қаулы етеді: бұдан былай біздің партиямыз (большевиктердің Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы) *Россия коммунистік партиясы* деп, жақша ішінде «большевиктер» деген сөз қосылып аталсын.

Съезд: біздің партияның программасын өзгертіп, оның теориялық бөлімін қайта жасау керек немесе оны империализмнің сипаттамасымен, халықаралық социалистік революция басталып отырған заманның сипаттамасымен толықтыру керек деп қаулы етеді.

Содан соң біздің программаның саяси бөліміне енгізілетін өзгеріс—мемлекеттің жаңа типін, пролетариат диктатурасының формасы болып табылатын және халықаралық жұмысшы революциясының Париж Коммунасы бастаған жеңістерінің жалғасы болып табылатын Совет республикасын мүмкіндігінше неғұрлым дәл және толық сипаттау болуға тиіс. Программа былай деп корсетуге тиіс: егер күрестің барысы бізді белгілі уақытқа кері қарай, осы қазірде революциямыз өтіп кеткен тарихи сатыға қарай кейін ысырып тастаса, біздің партия буржуазиялық парламентаризмді де пайдаланудан бас тартпайды. Бірақ қайткен күнде де, қандай жағдайда болса да, біздің партия демократизм жөнінен мемлекеттің жоғары типі болып табылатын және пролетариат диктатурасының формасы, қанаушылардың езгісін құлату, олардың қарсылығын басып-жаныштау формасы болып табылатын Совет республикасы үшін күреседі.

Біздің программаның экономикалық бөлімі, оның ішінде аграрлық бөлімі, сондай-ақ педагогикалық жәнө басқа бөлімдер нақ осы рухта, осы бағытта қайта өңделуге тиіс. Мәселенің негізі біздің Совет өкіметі бастаған экономикалық және басқа өзгерістерді дәл сипаттап, Совет өкіметі өзінің алдына қойып отырған және экспроприаторларды экспроприациялау жөнінде өзіміз жасаған практикалық қадамдардан туып отырған таяудағы нақты міндеттерді нақты баяндау болуға тиіс.

Съезд ерекше комиссияға, мүмкіндігінше кешеуілдетпей, осы айтылған нұсқауларға сүйеніп, біздің партияның программасын жасауды және оны біздің партияның программасы ретінде бекітуді тапсырады.

1918 ж. 8 мартта жазылған

1918 ж. 9 мартта «Правда» газетінің 45-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

11

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫН ҚАЙТА ҚАРАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН ҰСЫНЫС 8 МАРТ

Жолдастар, маған қарардың жобасын жариялауға рұқсат етіңіздер; бұл қарар бірсыпыра басқашалау, алайда мәні жағынан әлгі шешеннің[37] айтқандарына бірсыпыра ұқсас ұсынысты тұжырымдайды. Мен съездің назарына төмендегі қарарды ұсынар едім. (Оқиды)*

Жолдастар, бұл ұсыныстың айырмашылығы сол—мен әуелі программаны бастырып шығаруды тездету және оны бастыруды тура Орталық Комитетке тапсыру немесе оған ерекше комиссия құруды тапсыру туралы пікірімді қорғағым келеді.

Даму қарқынының сұрапылдығы сонша, істі кейінге қалдыруымызға болмайды. Қазіргі уақыттағы қиындықтар тұсында біздің жасайтын программамызда көп қателер болады, бірақ мұның оқасы жоқ,—келесі съезд ол қателерді түзетеді, рас мұның өзі программаны тым тез түзету болады, бірақ өмірдің шапшаң қадам басатындығы сонша, программаға бірқатар түзету жасау керек болса,—жасаймыз. Енді біздің программа кітаптар бойынша құрылудан гөрі практика, Совет өкіметінің тәжірибесі бойынша құрылады. Сондықтан, менің ойымша, өзіміздің мүддеміз үшін біз халықаралық пролетариатқа жалынды үндеулерді, митингілік даурықпа сөздерді, айқай-шуды емес, біздің партияның дәл нақты программасын ұсынуымыз керек. Бірнеше комиссияда

* Қараңыз: осы том, 63—64-беттер. *Ред.*

өңделіп, съезде бекітілетін жағдайдағы программадан гөрі программа аз қанағаттанарлық бола берсін.

Мен бұл қарарды бірауыздан қабылдай аламыз деп үміттенгім келеді, өйткені мен Бухарин жолдастың көрсеткен алауыздығын орағытып өттім; мен мұны тұжырымдағанда мәселені ашық қалдырдым. Біз былай деп үміт ете аламыз: егер тым үлкен өзгерістер болмаса, онда біз жаңа программа жасап ала аламыз, бұл программа бүкіл россиялық партия үшін дәл документ болады, сонда менің өткендегі съезде жаман жағдайға ұшырауым сияқты жағдай болмайды, онда бір солшыл швед менен: «ал сіздің партияңыздың программасы қандай,—меньшевиктердің программасы сияқты ма?» деп сұраған еді[38]. Меньшевиктерден біздің өте алыстап кеткенімізді анық түсінген бұл шведтің көзі шарасынан шыға таң қалғанын көру керек еді. Мұндай сұрапыл қайшылықты біз сол күйінше қалдыра алмаймыз. Менің ойымша, мұның өзі халықаралық жұмысшы қозғалысы үшін практикалық пайда келтіреді және, күмән жоқ, біздің қолымыз жететін табыстар программада кездесетін қателерден гөрі артығырақ болады.

Міне, сондықтан мен, съездің программаны түзетуіне тура келетіндігінен ешбір қорықпастан, мұны тездетуді ұсынамын.

12

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫН ТАЛДАП ЖАСАУҒА АСА ІРІ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫН ҚАТЫСТЫРУ ТУРАЛЫ МГЕЛАДЗЕНІҢ ҰСЫНЫСЫ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
8 МАРТ

Россияның қазіргі жағдайында,—азамат соғысы кезінде, Россияның кейбір бөлімдері кесіліп қалып отырған кезде,—бұған жол беруге болмайды. Түзететін комиссия аз ғана мүмкіндік болса-ақ программаны дереу басып шығарады, бұл өзінен-өзі түсінікті, сондықтан жергілікті ұйымдар қашан да болса пікір айта алады, пікір айтуға тиіс, бірақ өзімізді келешекте орындалмайтын нәрсемен формальды жағынан шырмау съезден де гөрі көбірек кешеуілдету болып шығады.

13

ПАРТИЯНЫҢ АТЫ ЖӨНІНДЕГІ ЛАРИННІҢ ТҮЗЕТУІНЕ ҚАРСЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 8 МАРТ[39]

Жолдастар, мен Ларин жолдасқа мына жөнінде қосыламын: партия атының өзгеруін және жұмысшы партиясы деген сөздің шығарылып тасталуын пайдалануға шынында да болады, бірақ мұнымен санасуға болмайды. Егер әрбір жағымсыз жағдаймен санаса берсек, онда біз ұсақ-түйекке ұрынатын боламыз. Біз бүкіл дүние жүзіне белгілі бұрынғы жақсы үлгіге қайта оралып отырмыз ғой. Біз бәріміз де «Коммунистік партияның манифесін» білеміз, оны бүкіл дүние жүзі біледі; түзету пролетариаттың бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап екені, басқа таптардың бәрі, оның ішінде еңбекші шаруалар да, пролетариаттың көзқарасына көшкенде ғана революцияшыл болатыны жөнінде болып отырған жоқ қой. Бұл—Коммунистік манифестің негізі, бүкіл дүние жүзіне белгілі қағидасы[40], сондықтан бұл арада азды-көпті адал ниетті түсініспеушіліктің болуы мүмкін емес, ал арам ниетті түсініспеушіліктен, бұрмалаушылықтардан бәрібір қашып құтыла алмайсың. Міне, сондықтан бүкіл дүние жүзіне, барлық елдерге тарап, тарихи роль атқарған бұрынғы, жақсы, сөзсіз дұрыс үлгіге қайта оралу керек; меніңше, бұл жақсы үлгіден ауытқуға негіз жоқ.

14

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖӨНІНДЕГІ ПЕЛЬШЕНІҢ ТҮЗЕТУІНЕ ҚАРСЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 8 МАРТ

Меніңше, әлгі шешеннің айтқаны дұрыс емес[41]. Бұқара сондайлық бала емес, күрестің өте-мөте елеулі күрес екенін түсінеді. Бұрын, мәселен, июльде, біздің кейін қарай ысырылып тасталғанымызды олар көрген. Бұл сөздерді алып тастау мүмкін емес. Біз буржуазиялық парламенттік мекемелерді мүлде бағаламаймыз деген сияқты сыңай танытуымызға еш уақытта болмайды. Ол мекемелер—бұрынғылармен салыстырғанда орасан зор ілгері басқандық. Сонымен, бұл сөздерді алып тастасақ, жоқ нәрсе жөнінде — қол жеткен сатымыз мүлде берік деген пікір туғызамыз. Біз мұндай жағдайдың әлі жоқ екенін білеміз. Халықаралық қозғалыс қолдағанда мұндай жағдай болады. Мен «ешбір жағдайда да» деген сөзді сызып тастауға дайынмын, «партия пайдаланудан бас тартпайды» деген сөзді қалдыруға болады, бірақ біз буржуазиялық парламентаризмді таза анархистік түрде теріске шығаруға жол аша алмаймыз. Бұл—бір-бірімен тікелей байланысты сатылар, кейін қарай ысырудың қандайы болса да бізді осы сатыға қайта әкелуі мүмкін. Мен бұқара жарым көңіл болады деп есептемеймін. Саяси жағынан мүлде сауатсыз адамдарды бұқара деп білсек—олар мұны түсінбейді, ал партия мүшелері мен оған тілектестер біздің қол жеткен позициямызды біржолата бекіген позиция деп есептемейтін-

дігімізді түсінеді. Егер біз мейлінше күш салып, барлық таптардың күш-жігерін арттырсақ, осы позицияны нығайтсақ, онда біз өткенді еске түсіріп жатпаймыз. Бірақ бұл үшін Европаның қолдауы керек. Ал қазір біз жаман жағдайда да жұмыс істей аламыз десек, бұқара ешқандай жарым коңіл болмайды.

15

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖӨНІНДЕГІ БУХАРИННІҢ ТҮЗЕТУІНЕ ҚАРСЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР
8 МАРТ[42]

1

Мен Бухарин жолдастың түзетуіне ешбір келісе алмаймын. Программа империализмді және әлеуметтік революцияның басталу заманын сипаттайды. Әлеуметтік революция заманы басталды,—бұл әбден дәл белгіленді. Ал Бухарин жолдастың тілейтіні не?—Социалистік қоғамның толық түрін, яғни коммунизмді сипаттау керек дейді. Бұл арада ол дәл айтпай отыр. Біз қазір мемлекетті сөзсіз жақтап отырмыз, ал социализмнің толық түрін, мемлекет болмайтын түрін сипаттау керек десек, ол кезде әркімнің қабілетіне қарай, әркімге қажетіне қарай деген принцип жүзеге асады деуден басқа еш нәрсені ойлап шығара алмайсың. Бірақ оған дейін әлі алыс, сондықтан мұны айту—табан тірейтін негіз әлсіз дегенді айтудан басқа түк айтпау деген сөз. Социализмге жетсек, біз түбінде оған да жетеміз. Біздің айтқанымыз жөнінде жұмыс істеу бізге жетіп жатыр. Егер біз мұны істеген болсақ, мұның өзі орасан зор тарихи еңбек болар еді. Біз социализмге сипаттама бере алмаймыз; социализм қандай болады, даяр формаға қашан жетеді,—біз мұны білмейміз, мұны айта алмаймыз. Әлеуметтік революция заманы басталғандығын, біздің пәлендей нәрсені істегендігімізді, пәлендей нәрсені істегіміз келетіндігін айту керек,—мұны біз білеміз, мұны айтамыз, бұл Европа жұмысшыларына біздің, былайша айтқанда, өз күшімізді зәрредей де асыра бағаламайтындығымызды: мынаны істей бастадық, мынаны істемекпіз деп отырғандығымызды көрсетеді. Бірақ

толық социализмнің қандай болатындығын қазір білуімізге келсек,—біз оны білмейміз. Анархистерге қарсы күресті Каутский дұрыс жүргізбей отыр деген пікірді теория жағынан, теориялық шығармаларда, мақалаларда, сөйленген сөздерде, лекцияларда өрістете береміз, бірақ біз программаға мұны енгізе алмаймыз, өйткені социализмді сипаттау үшін әлі материалдар жоқ. Социализм салынатын кірпіштер әлі құйылған жоқ. Бұдан әрі біз ештеңе айта алмаймыз, сондықтан мүмкіндігінше сағырақ, дәлірек болу керек. Біздің программаның тартымды күші осында, тек осында ғана болады. Ал егер біз өзіміздің бере алмайтын нәрсеміз жөнінде аздап болса да тілек білдірсек,—бұл біздің программаның күшін әлсіретеді. Олар біздің программаны құр қиял деп күдіктенетін болады. Программа дегеніміз біздің қандай істі істей бастағандығымыздың және одан кейін жасамақшы қадамдарымыздың сипаттамасы. Біз социализмге сипаттама бере алмаймыз, сондықтан бұл міндет теріс тұжырымдалған.

2

Жазбаша түрде тұжырым жасалмағандықтан, әрине, түсініспеушіліктің болуы мүмкін. Бірақ Бухарин жолдас мені сендіре алған жоқ. Біздің партияның аты біздің толық коммунизмге қарай беттеп келе жатқанымызды, біздің әрқайсысымыз ешқандай әскери бақылаусыз және күштеусіз, қабілетіне қарай жұмыс істеп, керегіне қарай алады деген абстрактілі қағиданы ұсынып отырғанымызды жеткілікті дәрежеде айқын көрсетеді. Қазір бұл туралы айтуға ерте. Мемлекет қашан құри бастайды? Біз оған дейін: қараңыздаршы, мемлекетіміз қалай құрып барады деп айту үшін, екіден де көбірек съезд шақырып үлгіре аламыз. Ал оған дейін әлі тым ерте. Мемлекеттің құруын күні бұрын жариялау тарихи перспективаны бұзу болады.

16

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 8 МАРТ[43]

Ломов өте тілмарлықпен менің сөзімді дәлел етті; ол сөзімде мен Орталық Комитеттің біртекті бағыт жүргізуге қабілетті болуын талап еткен едім. Мұның мәнісі Орталық Комитеттегілердің бәрі бір-ақ пікірде болсын деген сөз емес. Бұлай деп есептеу жікке бөлінуге бару деген сөз болар еді, сондықтан мен жолдастардың өздерінің жергілікті ұйымдарымен кеңесіп, өз шешімін ойлануына мүмкіндік беру үшін, съезге мұндай мәлімдемені қабылдамауды ұсындым. Мен де Орталық Комитетте бітімге қол қойылмасын деген ұсыныс қабылданғанда осындай жағдайда болдым, сөйтіп бұл үшін өзіме жауапкершілікті алмайтындығымды біле тұра үндемедім. Орталық Комитеттің әрбір мүшесінің оның құрамынан шықпай-ақ және шатақ шығармай-ақ, өзінен жауапкершілікті алып тастауға мүмкіндігі бар. Әрине, белгілі бір жағдайда, жолдастар, бұған жол беруге болады, кейде бұл болмай қоймайтын нәрсе, бірақ қазір, қаншалық дәрежеде бұқарамен байланысымызды үзбейтіндігіміз жөнінде өзімізді тексеруге мүмкіндік беретін Совет өкіметінің осындай ұйымдасуы тұсында, мұның қажеттігіне күмәным бар. Менің ойымша, егер Винниченко туралы мәселе туса, жолдастар Орталық Комитеттен шықпай-ақ, өздерінің көзқарастарын қорғай алады. Егер біз революциялық соғысқа әзірлену көзқарасын және маневр жасау көзқарасын жақтайтын болсақ, онда бұл үшін Орталық Комитетке ену керек, алауыздықтар төменнен көтерілді деп мәлімдеуге болады, бұ-

лай деп мәлімдеуге біздің толық правомыз бар. Орталық Комитеттің мүшесі деген атақтан безбегені үшін тарих жауапкершілікті Урицкий мен Ломовқа жүктейді деген қауіптің көлеңкесі де жоқ. Орталық Комитеттен шығуды дәстүр етпеу үшін бірсыпыра тежеу табуға әрекет жасау керек. Жолдастар өздерінің келіспейтіндігін Орталық Комитеттен шығу арқылы емес, өздерінің наразылықтары арқылы тұжырымдайды және өздерінің осы мәлімдемесімен сапаса отырып, бір топ жолдастардың кандидатурасын шығарып тастауды қабылдамайды, оларды өз мәлімдемелерін қайтып алуға шақырып, сайлау өткізеді деп съезд үміттенетінін білдіреді деу керек.

17

«СОЛШЫЛ КОММУНИСТЕРДІҢ» ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ КІРУДЕН БАС ТАРТУЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР

Съезд былай деп есептейді: партияның қазіргі жағдайында Орталық Комитетке кіруден бас тарту өте-мөте қолайсыз, өйткені жалпы алғанда партияның бірлігін тілейтіндер үшін принцип жағынан жол бергісіз болуымен қатар, мұндай бас тарту қазір партияның бірлігіне екі есе қауіп туғызар еді.

Съезд былай деп мәлімдейді: әркім Орталық Комитеттің өзі қостамайтын істері жөнінде жауапкершілікті өзіне алғысы келмесе, мұны Орталық Комитеттен шығу арқылы емес, тиісті мәлімдеме жасау арқылы істей алады және солай етуге тиіс.

Сондықтан съезд жолдастардың бұқаралық ұйымдармен кеңесіп, өз мәлімдемесінен бас тартатындығына берік сене отырып, бұл мәлімдемемен санаспастан сайлау өткізеді.

1918 ж. 8 мартта жазылған

18
ПРОГРАММА ЖОБАСЫНЫҢ БАСТАПҚЫ НОБАЙЫ

Негізіне менің жобам алынсын* (кітапша, 19 және келесі беттер**).

Теориялық бөлім қалдырылсын, бірінші бөлімнің соңғы абзацы (кітапшаның 22-бетіндегі «Сондықтан» деген сөзден бастап «дайындау ісі қойылады» деген сөзге дейін***, яғни 5 жол алынып тасталсын).

Одан кейінгі, «Барлық алдыңғы қатарлы» деген сөздерден басталатын абзацқа (22-бет) «Просвещениенің» 93-бетіндегі (№ 1—2, сентябрь—октябрь, 1917) «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақалада көрсетілген өзгеріс**** енгізілсін.

Осы абзацта «социал-шовинизм» дегеннің орнына екі рет былай деп жазылсын:

(1) «*оппортунизм* мен социал-шовинизмнің»;

(2) «бір жағынан, *оппортунизм* мен социал-шовинизмнің, екінші жағынан, социалистік құрылысты жүзеге асыру жолындағы пролетариаттың революциялық-интернационалистік күресінің арасында».



* Партияның аты оп-оңай: «Коммунистік партия («Россиялық» деген қосымшасыз), жақшаның ішінде: (большевиктер партиясы).

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 163—180-беттер. *Ред.*

*** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 167-бет. *Ред.*

**** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 167-бет және 34-том, 417—418-беттер. *Ред.*

Одан әрі бәрін, шамамен, мына түрде қайта жасауға тура келеді:

1917 ж. 25 октябрьдегі (7 ноябрьдегі) революция Россияда ең кедей шаруалар немесе жартылай пролетарлар қолдаған пролетариат диктатурасын жүзеге асырды.

Бұл диктатура Россияда коммунистік партияның алдына мынадай міндеттер қойды: помещиктер мен буржуазияны экспроприациялау, барлық фабрикаларды, заводтарды, темір жолдарды, банктерді, флотты және басқа өндіріс құрал-жабдықтары мен айналыс құралдарын Совет республикасының меншігіне беру жөнінде қазірдің өзінде басталған істі ақырына дейін жеткізіп, аяқтау керек;

жерді ортақтасып өңдеуге және социалистік ірі егіншілікке бірте-бірте, бірақ үздіксіз көшу үшін қала жұмысшылары мен ең кедей шаруалардың жерді жеке меншіктенушілікті жоюға жеткізген одағын және ұсақ шаруа шаруашылығынан социализмге көшудің өтпелі формасы туралы заңды пайдалану керек, бұл заңды пролетарлар жағына шыққан шаруалардың қазіргі идеологтары жерді социализациялау деп атап жүр;

буржуазиялық парламентаризмнен гөрі демократияның анағұрлым жоғары және прогрестік формасы болып табылатын және 1871 жылғы Париж Коммунасының тәжірибесі негізінде, сондай-ақ 1905, 1917—1918 жылдардағы орыс революциясының тәжірибесі негізінде, капитализмнен социализмге өту кезеңіне, яғни пролетариат диктатурасы кезеңіне сәйкес келетін мемлекеттің бірден-бір типі болып табылатын Советтердің федерациялық республикасын баянды етіп, одан әрі дамыту керек;

империалистік буржуазиялық мемлекеттердің Россияның ішкі істеріне араласу немесе социалистік Совет республикасына қарсы тікелей күреске, соғысқа бірігу жөніндегі әрекеттерін күйрете отырып, революцияны неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерге, жалпы алғанда барлық елдерге аудару үшін бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның Россияда лаулаған жалынын жан-жақты және мейлінше пайдалану керек.

СОВЕТ ӨКІМЕТІ ТУРАЛЫ ОН ТЕЗИС

Совет өкіметін нығайту және дамыту

Пролетариат пен ең кедей шаруалар (жартылай пролетарлар) диктатурасының формасы,—қазірдің өзінде тәжірибеде тексерілген, бұқаралық қозғалыс пен революциялық күрес туғызған формасы,—ретінде Совет өкіметін нығайту және дамыту.

Нығайту мен дамыту тарихи жағынан мемлекеттік өкіметтің осы формасына, мемлекеттің осы жаңа типіне жүктелетін тапсырмаларды жүзеге асыру (неғұрлым кең, жалпыға бірдей, жоспарлы түрде жүзеге асыру) болуға тиіс; атап айтқанда мыналар:

(1) қанаушы таптарды және ұсақ буржуазияның бай өкілдерін өз-өзінен шығарып тастай отырып, капитализмнен езгі көрген еңбекшілер мен қаналған бұқараны, тек соларды ғана, яғни жұмысшылар мен ең кедей шаруаларды, жартылай пролетарларды ғана біріктіріп, ұйымдастыру;

(2) езілген таптардың ең іскер, белсенді, саналы бөлегін, олардың бүкіл еңбекші халықты түгелдей теория жүзінде емес, практика жүзінде мемлекетті басқаруға дербес қатысу ісіне тәрбиелеуге тиісті авангардын біріктіру.

(4) (3) Парламентаризмді (заң шығару жұмысының атқару жұмысынан бөлінуі ретінде) жою; мемлекеттің заң шығару және атқару жұмысын біріктіру. Басқаруды заң шығарумен қосу.

(3) (4) Бүкіл мемлекеттік өкімет пен мемлекеттік басқару аппаратының бұқарамен демократизмнің бұрынғы формаларынан гөрі неғұрлым тығыз байланыс жасауы.

(5) Халықтан мейлінше қол үзбеген жұмысшылар мен шаруалардың қарулы күштерін құру (Советтер= =қаруланған жұмысшылар мен шаруалар). Бүкіл халықты қаруландыруды толық жүзеге асыру жөніндегі алғашқы қадамдардың бірі ретінде, бүкіл халықтық қаруланудың ұйымдасқан түрде болуы.

(6) Ресмиліктің аздығы, сайлау мен кері шақырып алудың неғұрлым оңайлығы себепті неғұрлым толық демократизмнің болуы.

(7) Мамандықтармен және өндірістік—экономикалық единицалармен тығыз (және тікелей) байланыс жасау (заводтарда, шаруалар мен майдагерлердің жергілікті округтерінде сайлау өткізу). Бұл тығыз байланыс терең социалистік өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

(8) (Түгелдей болмағанмен, бірсыпырасы алдыңғыға кіреді)—бюрократияны жою, одан құтылу мүмкіндігі, бұл мүмкіндіктің іске асырыла бастауы.

(9) Демократизм мәселелерінде салмақтың деңін буржуазия мен пролетариаттың, кедейлер мен байлардың формальды теңдігін формальды түрде танудан халықтың еңбекші және қаналған бұқарасының бостандықты (демократияны) пайдалануының практикада жүзеге асуына аудару.

(10) Мемлекеттің советтік ұйымын одан әрі дамыту мынадай болуға тиіс: Советтің әрбір мүшесі Советтің жиналыстарына қатысумен қатар, мемлекетті басқару жөнінде үнемі жұмыс істеуге міндетті болсын;—ал одан соң советтік ұйымға қатысуға да (еңбекшілердің ұйымдарына бағыну шартымен), мемлекеттік басқару қызметін атқаруға да бүкіл халық бірте-бірте түгелдей тартылатын болсын.

Бұл міндеттердің орындалуы мыналарды талап етеді

а) Саясат саласында:

Советтік республиканы өркендету.

Советтердің артықшылығы («Просвещение», 13—14-беттер [6 пункт]) *;

қанаушылардың қарсылығы тоқталуына *қарай*, советтік конституцияны *бүкіл* халыққа қолдану;

ұлт араздығынан жоғары тұруға *еркімен* үйреніп келе жатқан еңбекшілердің *саналы* және неғұрлым тығыз бірлігіне көшу ретінде, ұлттар федерациясын құру;

* Қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 34-том, 344—345-беттер. *Ред.*

қанаушылардың қарсылығын міндетті түрде аяусыз басып-жаншып отыру; «жалпы» (*яғни* буржуазиялық) демократияның нормалары осы мақсатқа бағынып, соған жол береді:

«Бостандықтар» мен демократия жұрттың бәріне *арналмаған,* еңбекшілер мен қаналғандарды қанаудан азат ету мүдделерін көздеп, осы еңбекшілер мен қаналғандарға *арналған;* қанаушыларды аяусыз басып-жаншу;

NB: негізгі салмақ бостандықтарды формальды түрде *мойындаудан* (буржуазиялық парламентаризм тұсында осылай болған) қанаушыларды құлатушы еңбекшілердің бостандықтарды *пайдалануын* іс жүзінде қамтамасыз етуге қарай ауады.

Мысалы, жиналыстар бостандығын *мойындаудан* барлық жақсы залдар мен үйлерді жұмысшыларға *беруге,* сөз бостандығын мойындаудан барлық жақсы баспаханаларды жұмысшылардың қолына беруге, т. т. ауады.

{Бұл «бостандықтардың» бұрынғы программа-минимумнан алынған қысқаша тізбесі

қарусыздандыру

жұмысшыларды қаруландыру және буржуазияны}

Азаматтардың неғұрлым көпшілігін, содан соң барлық азаматтарды *түгелдей* мемлекетті басқару жөніндегі өзіне тиісті міндетін тікелей және *күн сайын* атқаруға үнемі тартып отыру жолымен мемлекетті бірте-бірте жоюға Совет мемлекеті *арқылы* көшу.

б) Экономика саласында:

өндірістің жалпы мемлекеттік көлемде социалистік жолмен ұйымдасуы: бірден-бір *суверенді* Совет өкіметінің жалпы басшылығымен *жұмысшы ұйымдары* (кәсіптік одақтар, фабрика-завод комитеттері, т. т.) басқарады:

Сол сияқты—транспорт пен бөліс (әуелі мемлекеттік «сауда» монополиясы болады, содан соң толық және түпкілікті түрде, «сауда» орнына—Совет өкіметінің басшылығымен, сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің одақтары арқылы жоспарлы-ұйымдасқан түрде *бөлу* болады).

— *Бүкіл* халықты тұтыну-өндіру коммуналарына ықтиярсыз біріктіру.

Ақшаны жоймай (уақытша) және жеке семьялардың сатып алу-сату жөніндегі жеке келісімдеріне тыйым салмай, біз ең алдымен, заң бойынша, мұндай келісімдердің бәрін міндетті түрде тұтыну-өндіру коммуналары арқылы жүргізілетін етуге тиіспіз.

— Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін толық жүзеге асыруға дереу кірісу, оны жалдама еңбекті пайдаланбай, өз шаруашылығымен тіршілік ететін ұсақ шаруаларға неғұрлым сақтықпен және бірте-бірте қолдану;

жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігіне бағытталған бірінші шара, бірінші қадам—барлық байлар үшін (= табысы айына 500 сомнан асатын адамдар үшін, содан соң жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындардың иелері үшін, малайы бар семьялар және басқалар үшін) тұтыну-жұмысшы (бюджет) кітапшасын енгізу (міндетті түрде енгізу);

сатып алу-сату өз коммунасы арқылы емес, басқаша болуы да мүмкін (жол жүрген кезінде, базарларда, т. т.), бірақ келісім (егер ол белгілі сомадан артық болса) тұтыну-жұмысшы кітапшасына міндетті түрде жазылатын болсын.

— Банк ісін және банктердегі бүкіл ақша-сауда айналымын түгел мемлекет қолына алу. Банктердің ағымдағы есептерін универсалдандыру: әуелі ірі шаруашылықтар болып, содан соң ел ішіндегі *барлық* шаруашылықтар болып ағымдағы есептерді міндетті түрде банкте жүргізуге бірте-бірте көшу. Ақшаны міндетті түрде банктерде ұстау және ақшаны *тек* банк арқылы ғана аудару.

— Бүкіл өндіріс пен өнім бөлуді есепке алу мен бақылауды универсалдандыру; былайша айтқанда, бұл есеп пен бақылауды әуелі жұмысшы ұйымдары, содан соң *түгелдей* бүкіл халық жүзеге асыруға тиіс.

— Ұйымшылдықты, тәртіпті, еңбек өнімділігін үнемі арттыру үшін, жоғары техникаға көшу үшін, еңбек пен өнімді үнемдеу үшін, жұмыс күнін тәулігіне 6 сағатқа түсіріп бірте-бірте қысқарту үшін, *барлық*

мамандықтар мен категориялардағы *барлық* жалақылар мен ақыларды бірте-бірте теңестіру үшін еліміздегі әр түрлі (барлық) тұтыну-өндіру коммуналары арасында жарыс ұйымдастыру.

— Жеке семьялардың бөлек-бөлек тіршілік етуінің орнына көптеген топ-топ семьялардың ортақтасып тамақтанатын болуына (Massenspeisung*-ке көшуге) үнемі, жүйелі шаралар қолдану.

Педагогика саласында:

?

бұрынғы пункттер плюс

Финанс саласында:

жанама салықтардың орнына табысқа қарай және мүлікке қарай салынатын үдемелі салықты қолдану, сондай-ақ мемлекеттік монополиялардан (белгілі бір) кіріс келтіру. Осыған байланысты мемлекет есебінен қоғамдық-қажетті жұмыстың белгілі бір түрінде істейтін жұмысшыларға нанды және басқа өнімдерді заттай беру.

Халықаралық саясат

Бәрінен бұрын алдыңғы қатарлы елдердегі социалистік пролетариаттың революциялық қозғалысын қолдау.

Насихат. Үгіт. Бауырласу.

Оппортунизмге және социал-шовинизмге қарсы аяусыз күресу.

Жалпы алғанда барлық елдерде, әсіресе отарлар мен тәуелді елдерде демократиялық және революциялық қозғалысты қолдау.

Отарларды азат ету. Ерікті түрде қосылуға көшу ретіндегі федерация.

1918 ж. кеш дегенде 8 мартта жазылған

1918 ж. 9 мартта «Коммунист» газетінің 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — қоғамдық тамақтану. *Ред.*

«СОЛШЫЛ КОММУНИСТЕРДІҢ» ІС-ӘРЕКЕТІ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКА

Өздерін «солшыл коммунистер» деп атайтын бірнеше жолдас Брест бітімі жасалғаннан кейін партия ішінде «оппозиция» жагдайына шықты, сөйтіп осының салдарынан олардың іс-әрекеті барған сайын партиялық тәртіпті мүлде теріс ниетпен, жолсыз бұзуға беттеп барады.

Бухарин жолдас Орталық Комитеттің мүшесі қызметін қабылдаудан бас тартты, оны бұл қызметке партия съезі тағайындаған еді.

Смирнов, Оболенский, Яковлева жолдастар өздерінің халық комиссарлары және Халық шаруашылығы жоғары советінің іс басқарушысы қызметтерінен кетті.

Мұның өзі партиялық тәртіпті бұзатын мүлде теріс ниетті, жолдастыққа жатпайтын қылықтар, ал мұндай іс-әрекет жоғарыда аталған жолдастардың тарапынан *жікке бөлінуге қарай жасалған қадам* болды және солай болып қала береді...*

1918 ж. 8 және 18 март аралығында жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Осымен қолжазба үзіледі. *Ред.*

БІЗДІҢ ДӘУІРІМІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ[44]

Әрі нақыр, әрі кеңсің,
Мықты да сен, бос та сенсің,
— Русия Анамыз!

Біздің дәуірімізде адамзат тарихы ең ұлы, ең қиын бетбұрыстардың бірін, бетбұрыс болғанда шексіз маңызы бар—зәредей асырмай айтқанда бүкіл дүние жүзілік-азаттық маңызы бар деуге болатын—бетбұрыстардың бірін жасауда. Соғыстан бейбітшілікке қарай, тонаушылардың ішіндегі ең күштілердің тонап алған олжасын бөлісу жөнінде жаңа тәртіп орнату үшін миллиондаған қаналғандар мен еңбекшілерді қырғынға жіберіп отыратын жыртқыштардың арасындағы соғыстан езілгендердің езушілерге қарсы соғысына, капиталдың езгісінен құтылу жолындағы соғысқа қарай, қисапсыз жәбір көруден, азап шегуден, аштықтан, тағылықтан коммунистік қоғамның, жаппай молшылық пен баянды бейбітшіліктің жарқын болашағына қарай бетбұрыс жасалуда;—барлық жерде ескілік жан түршігерлік дүрсілмен, қаусай қирап, құлап жатқан кезде, ал мұнымен қатар адам айтқысыз азап үстінде жаңалық туып жатқан кезде соншалық шұғыл бетбұрыстың ең шұғыл пункттерінде біреулердің басы айналуы, біреулердің торығуы, біреулердің кейде тым күйінішті өмір шындығынан әдемі, еліктіргіш жел сөз арқылы бас саугалау жолын іздейтіні таңқаларлық емес.

Империализмнен коммунистік революцияға бет бұрған тарихтың кенет бұрылыстарының ішіндегі ең кенет бұрылысын Россияның өте-мөте айқын көруіне, өте-мөте ауыр, азапты түрде басынан кешіруіне тура келді. Біз бірнеше күннің ішінде ең ескі, қуатты, варварлық,

айуандық монархиялардың бірін тас-талқан еттік. Біз бірнеше айдың ішінде буржуазиямен келісімге келудің, ұсақ буржуазиялық жалған үміттерді жоюдың бірқатар кезеңдерін бастан кешірдік, бұған басқа елдер ондаған жылдар жоғалтқан еді. Біз бірнеше аптаның ішінде буржуазияны құлатып, азамат соғысында оның ашық қарсылығын жеңіп шықтық. Біз ұлан-байтақ елдің бір шетінен бір шетіне большевизмнің жеңімпаз салтанатты шеруін жасадық. Біз патша өкіметі мен буржуазия езген еңбекшілер бұқарасының ең төменгі топтарын бостандыққа, дербес өмір сүруге көтердік. Біз мемлекеттің жаңа типін — буржуазиялық-парламенттік республикалардың ең таңдаулыларынан да өлшеусіз жоғары, демократиялық типін—Совет республикасын орнатып, нығайттық. Біз ең кедей шаруалар қолдаған пролетариат диктатурасын орнатып, кең ойластырылған социалистік қайта құрылыс системасын бастадық. Біз барлық елдердің миллион-миллион жұмысшыларының арасында өз күштеріне сенім туғызып, энтузиазм отын лаулаттық. Біз барлық жерде халықаралық жұмысшы революциясы ұранын көтердік. Біз барлық елдердің империалистік жыртқыштарына қарсы шықтық.

Алайда, қарусыздарға тарпа бас салған империалистік жыртқыш бірнеше күннің ішінде бізді жерге жықты. Ол бізді адам айтқысыз ауыр, қорлық бітімге қол қоюға мәжбүр етті,—мұның өзі біздің империалистік соғыстың темір құрсауынан аз ғана уақытқа болса да құтылып шығуға батылымыз барғанының қарымтасын қайтарғандық еді. Жыртқыштың өз елінде жұмысшы революциясының елесі неғұрлым қаһарланып, оған төнген сайын ол Россияны жанталаса жаншып, тұншықтырып, паршалап жатыр.

Біз «Тильзит» бітіміне қол қоюға мәжбүр болдық. Өзіңді өзің алдамау керек. Боямасыз күйіністі шындыққа тайсалмай тура қарау керек. Жеңілудің, бөлшектенудің, құлдыққа түсудің, қорлықтың қазір бізді итеріп түсіріп отырған тұңғиығын түгелімен, түбіне дейін өлшеу керек. Біз мұны неғұрлым айқын ұқсақ, біздің азаттық алуға деген жігеріміз, біздің кіріптарлықтан дербестікке қайтадан көтерілу жөніндегі талабымыз,

Русьтың әрі пақыр, әрі бос болудан құтылуына, сөздің шын мағынасында оның әрі мықты, әрі кең болуына қалайда қол жеткізу жөніндегі біздің тайсалмас табандылығымыз соғұрлым берік, шыныққан, болаттай мықты болмақ.

Русь мұндай бола алады, өйткені бізде жұрттың бәрін және әркімді өмірге керекті нәрселермен, молшылықта болмағанмен, қажетті мөлшерде жабдықтау үшін жер де, табиғи байлықтар да әлі жеткілікті. Шын мәнісінде әрі мықты, әрі кең Русь жасау үшін бізде табиғи байлықтарда да, адам күші қорында да, халық творчествосына ұлы революция берген тамаша серпінде де материал бар.

Егер сарыуайым атаулы мен жел сөз атаулыдан аулақ болса, егер тістене отырып, өз күшінің бәрін бойына жинаса, егер жүйкенің бәрін сарқа жұмсап, әрбір бұлшық етті қимылға келтірсе, егер халықаралық социалистік революцияның біз түсіп отырған жолына түскен күнде *ғана* аман қалу мүмкін екендігін ұқса, Русь осындай болады. Жеңілуден еңсені түсірмей, осы жолмен ілгері басу, социалистік қоғамның ірге тасын мықтап қалайтын тасты бірте-бірте жинау, тәртіп, өзара тәртіп орнату жолында, барлық жерде ұйымшылдықты, тәртіпті, іскерлікті, бүкіл халықтық күштің сындарлы ынтымағын, өнімді өндіруге, оны бөлуге жаппай есеп, бақылау орнауын ныгайту жолында тынбай жұмыс істеу—әскери қуатты және социалистік қуатты жасаудың жолы, міне, осындай.

Егер өзіне ауыр соққы тисе, нағыз социалистің қорлануы да, торығуы да лайық емес. Бізде шығар жол жоқ, тек өте ауыр бітім болып табылатын «бейшаралық» (шляхтичтің көзқарасы тұрғысынан) өлім мен үмітсіз ұрыстағы «ерлік» өлімнің арасын таңдау ғана қалды деу бекер. Бізді «Тильзит» бітіміне қол қойып, өз мұраттарын немесе өз достарын сатып кетті деу де бекер. Біз еш нәрсені және ешкімді сатып кеткеніміз жоқ, бірде-бір өтірікті дәріптеп, жасырғанымыз жоқ, бақытсыздыққа ұшыраған дос пен жолдастың бірдебіріне шама келгеннің бәрімен, өз қолымызда бардың бәрімен көмек көрсетуден бас тартқанымыз жоқ. Ар-

мияның талқандалған немесе үрейленіп қашу ауруына шалдыққан қалдықтарын елдің түкпіріне әкеткен, шарасыз болған күнде мұндай шегінуді өте ауыр, өте қорлық бітім арқылы қорғайтын қолбасшы армияның өзі көмек көрсетуге шамасы келмейтін, жау кесіп тастаған бөлімдеріне опасыздық жасамайды. Мұндай қолбасшы әлі сақтап қалуға болатынның бәрін сақтауға бірден-бір жол іздеп, авантюраға көнбей, халық алдында күйініпті шындықты боямаламай, «уақыт ұту үшін кеңістікті беріп», күш жинау үшін, азып-тозу, рухы түсу ауруына шалдыққан армияның демалуы немесе емделуі үшін, тіпті аз да болса, тыныс алудың *қандайын болса да* пайдаланып, өз борышын атқарады.

Біз «Тильзит» бітіміне қол қойдық. 1807 жылы, I Наполеон Пруссияны Тильзит бітімін жасасуға мәжбүр еткен кезде, жаулап алушы немістердің барлық армиясын талқандап, астанасын және ірі қалаларының бәрін басып алды, өз полициясын енгізді, жаулап алушының жаңадан тонаушылық соғыстар жүргізуі үшін жеңілушілерді қосалқы корпустар беруге мәжбүр етті, Германияны бөлшектеп, бір неміс мемлекеттеріне қарсы екінші бір неміс мемлекеттерімен одақ жасасты. Әйткенмен де, тіпті *осындай* бітімнен кейін де, неміс халқы мойымады, күш жинай білді, ес жиып, бостандыққа, дербестікке право алуға қолын жеткізе білді.

Ойлағысы келетін және ойлапа білетін адамның қандайына болса да Тильзит бітімінің (сол дәуірде немістерге таңылған толып жатқан ауыр, қорлық шарттардың тек бірі ғана болған бітімнің) мысалы қандай жағдайда болса да ең ауыр бітім сұрапыл апат болады-мыс, ал соғыс—ерлік пен аман қалудың жолы деп ойлау сәбилік аңқаулық екенін айқын көрсетеді. Соғыстар дәуірі бізге бітімнің тарихта көбінесе тыныс алу, жаңа шайқастарға күш жинау ролін атқарғандығын үйретеді. Тильзит бітімі Германияны мейлінше қорлау болды, ол сонымен қатар орасан зор ұлттық өрлеуге бетбұрыс болды. Ол кезде тарихи жағдай бұл өрлеуге *буржуазиялық* мемлекетке апаратын жолдан басқа жол бере алған жоқ. Ол кезде, бұдан жүз жылдан астам бұрын, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы меңзең болып,

ұйқтап жатқан кезде, тарихты үркердей дворяндар мен ат төбеліндей буржуазиялық интеллигенттер жасады. Ол кезде тарих осының салдарынан тіпті өте баяу жылжыды.

Қазір капитализм жалпы алғанда мәдениетті, жекелеп алғанда бұқараның мәдениетін әлдеқайда көп жоғары көтерді. Соғыс бұқараны серпілтті, оны құлақ естімеген сұмдықтар мен азаптар арқылы оятты. Соғыс тарихқа түрткі салды, сондықтан тарих қазір локомотивтің шапшаңдығындай шапшаңдықпен зымырауда. Қазір тарихты миллиондаған, он миллиондаған адамдар дербес жасап жатыр. Капитализм қазір социализмге дейін өсті.

Сондықтан да, қазір Россия «Тильзит» бітімінен ұлттық өрлеуге, ұлы отан соғысына бет алып отырған болса,—оның осыған бет алып отырғаны даусыз,—онда бұл өрлеу буржуазиялық мемлекетке апаратын жол емес, халықаралық социалистік революцияға апаратын жол болып табылады. Біз 1917 ж. 25 октябрьден бері қорғампаздармыз. Біз «отан қорғау» жағындамыз, бірақ біз бет алып отырған отан соғысы социалистік отан жолындағы, отан болған социализм жолындағы, социализмнің бүкіл дүние жүзілік армиясының *отряды* болған Совет республикасы жолындағы соғыс болып табылады.

«Немісті жек көр, немісті соқ»—міне, әдеттегі, яғни буржуазиялық, патриотизмнің ұраны осындай болды, солай болып қалып та отыр. Ал біз: «Империалистік жыртқыштарды жек көр, капитализмді жек көр, капитализмге өлім келсін»,—дейміз де, сонымен бірге: «Немістен үйрен! Неміс жұмысшыларымен арадағы туысқандық одаққа адал бол. Олар бізге көмекке келуден кешігіп қалды. Біз уақыт ұтамыз, біз оларды күтеміз, олар бізге көмек көрсетуге *келеді»,*— дейміз.

Иә, немістен үйрен! Тарих бұралаң, айналмалы жолдармен жүреді. Қазір айуандық империализмімен қатар тәртіптің, ұйымдастырудың, ең жаңа машиналы индустрия негізінде жүйелі ынтымақтастықтың, аса қатаң есеп пен бақылаудың негізін салушы нақ неміс болып шығып отыр.

Ал бізге жетпей тұрғанның өзі нақ осы. Бізге үйрену керек болып отырғанның өзі нақ осы. Жеңімпаз бастаудан кейін бірқатар ауыр сындардан өту арқылы, түбегейлі жеңіске жету үшін біздің ұлы революциямызға жетпей отырғанның өзі нақ осы. Әрі пақыр, әрі бос болудан құтылу үшін, біржолата әрі мықты, әрі кең болу үшін Россия Советтік Социалистік Республикасына керегінің өзі нақ осы.

11 март, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» № 46,
12 март, 1918 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Мына кітапшаның тексті
бойынша басылып отыр:
Н. Ленин. «Біздің дәуіріміздің
басты міндеті»,
Москва, 1918

ЖҰМЫСШЫ, ШАРУА ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ МОСКВА СОВЕТІНДЕ 1918 ж. 12 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ленин жолдас келгенде оны жұрт ду қол шапалақтап қарсы алады.) Жолдастар! Бізге орыс революциясының бір жылдығын революция ауыр күндерді басынан өткізіп отырған минутта, жұрттың көбі сарыуайымға салынып, түңілуге дайын отырған минутта өткізуге тура келіп отыр. Бірақ біз айналамызға көз жіберсек, егер біз революцияның осы жылдың ішінде не істегенін, халықаралық жағдайдың қалай қалыптасып келе жатқанын еске түсірсек, онда біздің ешқайсымызда торығуға да, сарыуайымға салынуға да орын қалмайды, мен солай деп сенемін. Қиыншылықтар мен бөгеттерге қарамастан, өз дұшпандарының барлық күш салуына қарамастан, октябрьде басталған халықаралық социалистік революция жеңеді, оған шүбәлануға орын болмауға тиіс.

Жолдастар, орыс революциясының қандай жолдармен жүргенін еске түсіріңіздерші... Патша өкіметі тұсында тіпті буржуазиялық қоғамның да өмір сүруі мүмкін емес екенін көрген буржуазиямен пролетариаттың бірігуі арқасында февральда, бірнеше күннің ішінде, жұмысшылардың және шаруалардың неғұрлым көзі ашық бөлегінің, атап айтқанда соғыстың барлық сұмдықтарын басынан кешірген солдаттардың ынтымақтасуы арқасында,—олардың бірнеше күннің ішінде монархияны құлату, монархия болғанда, 1905, 1906, 1907 жылдары тіпті ең ауыр соққыларға төтеп берген, революциялық Россияны қанға бөктірген монархияны құлату қалайша

қолынан келді десеңізші. Ал февраль жеңісінен кейін өкімет басына буржуазия отырған кезде, революцияның дамуы мейлінше жедел алға басты.

Орыс революциясы өзін Батыс Европадағы революциялардан мүлде өзгеше ететін нәрсені берді. Бұл революция 1905 жыл дербес бой көрсетуге әзірлеген революцияшыл бұқараны берді; ол жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтерін—бұрынғы органдардың бәрінен де анағұрлым демократиялық, правосыз жұмысшы, солдат, шаруа бұқарасын тәрбиелеуге, ізгі етуге, бұқараны өз соңынан ертуге мүмкіндік алған органдарды берді, сөйтіп осы жағдайлардың арқасында, орыс революциясы буржуазиямен келісімге келудің Батыс Европада бүтіндей ұзақ онжылдықтарды қамтыған дәуірін бірнеше айдың ішінде өткізді. Қазір буржуазия жұмысшы табын және оның өкілдерін—большевиктерді—армия өз міндетінің дәрежесінде болмай шығып отыр деп айыптайды. Бірақ біз қазір мынаны көріп отырмыз: егер ол кезде, мартта, апрельде, өкімет басында келісімпаздар, буржуазия отырмаған болса, өздерін социалистерміз деп атаған, ал іс жүзінде орыс халқын 1918 жылға дейін соғысуға міндеттейтін құпия шарттарды барлық қалталарына тығып алған Керенский сияқты мырзалар өкімет басында отырған кезде, өзіне пайдалы орындарды саудаласып алып, өкімет басына капиталистерді қойып, сөйтіп барып армияны аш, жалаңаш қалдырған буржуазия өкімет басында отырмаған болса, сол уақытта, бәлкім, орыс армиясы мен революциясын өзіміз өтуге тиісті болған адам айтқысыз ауыр сындар мен қорлықтардан құтқаруға болатын еді. Егер сол кезде өкімет Советтерге көшкен болса, егер келісімпаздар армияны оққа айдау үшін Керенскийге көмектесудің орнына, олар сол кезде демократиялық бітім жөнінде ұсыныс жасаған болса, онда армия мұндай талқандалмаған болар еді. Олар армияға тыныш тұра тұр деуге тиіс еді. Армия бір қолына империалистермен жасалған құпия шарттың жыртындысын және барлық халықтарға демократиялық бітім жасасуға ұсынысты алып, ал екінші қолына қару-жарақ пен зеңбіректі ұстап, сөйтіп майданды толық аман сақтау керек еді.

Міне, сол уақытта армия мен революцияны құтқаруға болатын еді. Мұндай емеурін тіпті неміс империализмі сияқты жаудың алдында жасалған болса да, тіпті бүкіл буржуазия, бүкіл дүние жүзі капиталистерінің бәрі, буржуазиялық партиялар өкілдерінің бәрі осы империализмге көмектесіп отырған болса да,— дегенмен оның әрқашан іске көмегі тиген болар еді. Мұндай емеурін жауды мынадай жағдайға душар етер еді: жау, бір жағынан, өзіне ұсынылып отырған демократиялық бітімді және әшкереленген шарттарды көрсе, екінші жағынан, қару-жарақты көрген болар еді. Қазір бізде мұндай берік майдан жоқ. Артиллериясыз біз оны ыгайта алмаймыз. Оны қалпына келтіру тым қиып: қалпына келтіру ісі тым баяу жүріп жатыр, өйткені бізге әлі де мұндай жаумен айқасуға тура келген жоқ. Нақұрыс Романовқа немесе мақтаншақ Керенскийге қарсы жүргізілген күрес басқаша болатын, ал бұл арада біз өзінің барлық күшін, елдің бүкіл шаруашылық өмірін революциядан қорғану үшін ұйымдастырған жауға душар болып отырмыз. Империалистік шарттарды бұзудың орнына, Керенскийдің өкіметі 1917 жылы июньде солдаттарды шабуылға шығарғанын, бұдан кейін олардың күші мүлдем әлсірегенін біз білген едік. Ал енді буржуазия тарапынан адам айтқысыз бүліншілік туралы, ұлттық қорлық туралы айқай-шу көтеріліп жатқанда, олар соғыс туғызған, адам айтқысыз күйреуден туған революция сондайлық тып-тыныш, тартыссыз, бейбіт, азапсыз, жәбірсіз, сұмдықсыз өтеді деп ойлай ма екен? Егер кімде-кім революция осылайша туады деп түсінген болса, онда мұның өзі не құр бос сөз болады, немесе бұл соғыс пен революцияның маңызын түсінбейтін ыпжық интеллигенттердің кейбіреуі осылай ойлауы мүмкін. Иә, олар осылай пайымдайды. Бірақ біз бүкіл осы процесс арқылы аса зор халықтық өрлеу қалай жүріп жатқанын айқын көріп отырмыз, ұлттық қорлық туралы айқай-шу көтеріп жүрген адамдар мұны көрмейді.

Қалай болған күнде де біз соғыстан сытылып шықтық. Біз ештеме бермей, алым төлемей сытылып шықтық демейміз. Бірақ біз соғыстан сытылып шықтық. Біз халыққа тыныс беріп отырмыз. Біз бұл тыныс алудың

қаншаға созылатынын білмейміз. Бәлкім, ол онша ұзаққа созылмас та, өйткені батыстан да, шығыстан да бізге империалистік жыртқыштар анталап келеді және жаңа соғыс сөзсіз басталады. Бізде бәрі де қиратылғандығына біз көзімізді жұма қарамаймыз. Бірақ халық патша үкіметінен, буржуазия үкіметінен құтылып, совет ұйымдарын құра білді; бұл ұйымдар енді ғана, солдаттар майданнан қайтқан кезде, деревняның ең ақырғы түкпірлеріне дейін жетіп отыр. Халықтың ең төменгі, ең езілген топтары, жаншылған бұқара бұл ұйымдардың қажеттігін де, маңызын да түсінді; бұл бұқараны патшалар, помещиктер, капиталистер қорлап мазақ ететін еді, бұқара өзінің жан-тәнін, өзінің творчествосын іске сирек жұмсай алатын еді. Совет өкіметі тек ірі қалалар мен фабрикалы жерлердің ғана игілігі болып қоймай, оның бүкіл меңіреу түкпірлерге тарауына бұқараның қолы жетті. Әрбір шаруа, бұл уақытқа дейін өкімет тарапынан тек езу мен тонауды ғана көрген шаруа, енді өкімет басында кедейлердің үкіметі, оның өзі сайлайтын үкімет отырғанын, бұл үкімет оны езгіден құтқарғанын және, адам айтқысыз бөгеттер мен қиындықтарға қарамастан, оны бұдан былай да құтқара алатынын көріп отыр.

Жолдастар! Орыс революциясының басына қатерлі күн туып, Пруссия помещиктері мен империалистері оны табанына салып отырған кезде, қазір бізге ауыр жеңіліс, езгі күндерін басымыздан кешіруге тура келіп отырған болса, жеке топтардың ішінде ашыну, ыза кернеу қаншалықты зор болғанмен де, халық бұқарасы арасында жасампаздыққа ұмтылу, күш-қуат жинау, тәртіпті күшейту процесі жүріп жатқанына менің көзім жетіп отыр, бұл процесс бізге соққы атаулының бәріне төтеп беруге күш береді, біздің революцияны сатып кетпегенімізді және сатып кетпейтінімізді дәлелдейді. Ал егер бізге осындай сын сағаттары мен жеңілістерді бастан кешіруге тура келген болса, онда мұның себебі — тарихтың барлық елдерде бүкіл еңбекшілер бір мезгілде бізбен бірге көтерілетіндей жап-жатық, сүп-сүйкімді болып қалыптаспағандығында. Біз алдымызда қандай жау тұрғанын ұмытпауымыз керек. Бұл уақытқа дейін

біздің жауласқан дұшпандарымыз,—Романов та, Керенский де, орыс буржуазиясы—топас, берекесіз, мәдениетсіз, күні кеше Романовтың жұлығын жалап, онан соң қалталарына құпия шарттарды салып алып жүгіріскен орыс буржуазиясы да,—осылардың бәрі адамның ақыл-ойы арқылы қол жеткен нәрсенің бәрін еңбекшілердің ерік-жігерін жапыштау құралына айналдырған, өзінің бүкіл ұйымын адамды қыруға бейімдеген халықаралық буржуазияга қарағанда бірдеңеге тұра ма?

Біз мүлде қарусызданған кезде, бізде армия жоқ, ал армиядан айрылған елдің адам айтқысыз масқара бітімді қабылдауы керек деп ашық айтуга тиіс болған кезімізде бізге, міне, осындай жау келіп килікті.

Біз ешкімге опасыздық етпейміз, біз ешкімді сатып кетпейміз, біз өз бауырларымызға көмек көрсетуден бас тартпаймыз. Бірақ уақыт барында уақыт ұту үшін одақтастарымыздың—ал бізде одақтастар бар—келіп жетуі үшін біз адам айтқысыз ауыр бітімді қабылдауға тиіспіз, біз сұмдық шарттарға көнуге тиіспіз, біз шегіне тұруға тиіспіз. Империализмге деген өшпенділік қаншама зор болғанмен де, империализмге қарсы ашу-ыза сезімі қаншама күшті, қаншама заңды сезім болғанмен де, біз қазір өзіміздің қорғампаздар екенімізді мойындауға тиістіміз. Біз құпия шарттарды қорғамаймыз, біз социализмді қорғаймыз, біз социалистік отанды қорғаймыз. Алайда, оны қорғауға мүмкіндік алу үшін, біз ең ауыр қорлыққа көнуге тиіс болдық. Жүйкесі мықтырақ жаудың қысымынан тайсалуға тура келетін кезеңдер әрбір халықтың тарихында болатынын біз білеміз. Біз тыныс алдық, ал армия аз да болса тынығу үшін, армияның көпшілігі—ірі қалаларда митингілерге барын жүретін ондаған мыңдар болып емес, қайта деревняларға тарап кеткен миллиондар, ондаған миллиондар болып түсіну үшін,—бұлар ескі соғыс бітіп, жаңа соғыс басталатынын, біз бітім ұсыну арқылы жауап берген соғыс, бізде тәртіптің жоқтығын, өзіміздің босаңдырымызды, өзіміздің болбырлығымызды жеңу үшін біз шегінген соғыс басталатынын түсіну үшін бұл тынысты пайдалануға тиістіміз; бізде тәртіп жоқ болған, босаң, болбыр болған күнде де біз патша өкіметі мен

орыс буржуазиясын жеңе алдық, бірақ ол қалыпта халықаралық европалық буржуазияны жеңе алмаймыз. Егер біз жаңағы айтылғандарды жеңе алсақ, біз ұтамыз, өйткені біздің одақтастарымыз бар, біз бұған сенеміз де.

Біздің жеңілгендігімізді көріп, халықаралық империалистер қазір қалай жүгенсіздік істегенмен де, олардың елдері ішінде олардың жаулары, ал біздің одақтастарымыз өсіп жетілуде. Бәлкім, неміс жұмысшы табы арасында бұл процесс біздің күткенімізден гөрі, бәлкім, біздің тілегенімізден гөрі баяуырақ болып отырған шығар, бірақ, күмән жоқ, империалистерге қарсы ашыну ұлғайып келеді, біздің жұмысымызда одақтастардың саны көбейіп, олар бізге көмекке келеді, мұны біз әбден білгенбіз және әбден біліп те отырмыз.

Күш бере білiңдер, ұрап көтере біліңдер, тәртіп орнатыңдар, мұның өзі социалистік революцияның алдындағы біздің міндетіміз. Осындай жағдайларда ғана біз өзімізге одақтас пролетариат көмекке келгенге дейін табан тіреп тұра аламыз, ал одақтас пролетариатпен бірге біз барлық империалистерді, барлық капиталистерді жеңіп шығамыз.

«Известия ВЦИК» № 47,
14 март, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ IV СЪЕЗІ[45]

14—16 МАРТ, 1918 ж.

Вильсонның үндеуі жөніндегі қарар жобасы — 1918 ж. 15 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 48-номерінде, бітім шартын ратификациялау туралы баяндама—1918 ж. 16 және 17 (3 және 4) мартта «Правда» («Социал-Демократ») газетінің 47 және 48-номерлерінде, баяндама бойынша қорытынды сөз—1918 ж. 19 (6) мартта «Правда» газетінің 49-номерінде, Брест шартын ратификациялау туралы қарар 1918 ж. 16 (3) мартта «Правда» («Социал-Демократ») газетінің 47-номерінде басылған

Вильсонның үндеуі жөніндегі қарар жобасы—қолжазба бойынша, баяндама — «Правда» («Социал-Демократ») газетінің текстімен салыстырылған стенограмма бойынша, қорытынды сөз—«Правда» газетінің текстімен салыстырылған стенограмма бойынша, Брест шартын ратификациялау туралы қарар қолжазбамен салыстырылған «Правда» («Социал-Демократ») газетінің тексті бойынша басылып отыр

1

ВИЛЬСОННЫҢ ҮНДЕУІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР ЖОБАСЫ[46]

Съезд Россия Советтік социалистік республикасы ауыр сындарды басынан өткізіп жатқан күндері президент Вильсонның Советтер съезі арқылы орыс халқына өзінің тілектестігін білдіргендігі жөнінде америкап халқына, ең алдымен Солтүстік-Америка Құрама Штаттарының еңбекшілері мен қаналған таптарына өзінің алғыс айтатындығын білдіреді.

Бейтарап елге айналған Россия Советтік республикасы өзіне президент Вильсонның жолдаған үндеуін пайдаланып, империалистік соғыстың жан түршігерлік апатынан қырылып және азап шегіп жатқан барлық халықтарға өзінің қызу тілектестігін білдіреді және барлық буржуазиялық елдердің еңбекші бұқарасы капитал езгісін құлатып, баянды және әділетті бейбітшілік орнататын, сол сияқты барлық еңбекшілердің мәдениеті мен әл-ауқатын бірден-бір қамтамасыз ете алатын социалистік қоғам құрылысын орнататын бақытты заманы алыс емес деп берік сенім білдіреді.

1918 ж. 14 мартта жазылған

2

БІТІМ ШАРТЫН РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА
14 МАРТ

Жолдастар, біздің бүгін орыс революциясының, тіпті орыс революциясының ғана емес, халықаралық революцияның да дамуындағы бетбұрыс кезеңі болып табылатын мәселені шешуімізге тура келеді және Совет өкіметі өкілдерінің Брест-Литовскіде жасасқан, Совет өкіметі бекітуді немесе ратификациялауды ұсынып отырған аса ауыр бітім туралы мәселені дұрыс шешу үшін, осы мәселені дұрыс шешу үшін біз аяқ басып отырған бетбұрыстың тарихи мағынасын ұғыну, осы уақытқа дейін революция дамуының басты ерекшелігі неде екенін және біз бастан кешірген ауыр жеңілістің және ауыр сындар дәуірінің басты себебі неде екенін түсіну біз үшін бәрінен де гөрі қажет.

Менің байқауымша, осы мәселе жөнінде совет партияларының арасындағы алауыздықтардың[47] басты негізі нақ мынадай: кейбіреулер Совет республикасының империализмнен жеңілуі жөнінде заңды және әділетті ызалану сезіміне тым беріліп кетіп жүр, кейде торығушылыққа тым беріліп кетіп жүр және революция дамуының тарихи жағдайларын, ол жағдайлардың қазіргі бітімнің алдында қалай қалыптасқанын, бітімнен кейін бізге қандай болып көрінетінін есепке алудың орнына, міне осының орнына революцияның тактикасы жөнінде тікелей сезім негізінде жауап беруге тырысады. Оның бер жағында барлық революциялар тарихының бүкіл тәжірибесі бізге мынаны үйретеді: біз қандай да болса бұқаралық қозғалысқа немесе тап күресіне, әсі-

ресе аса зор ел бола тұрса да бір елдің бүкіл көлемінде өрістеп қана қоймай, барлық халықаралық қатынастарды қамтып отырған күреске араласып отырғанымызда,—міне, бұл жағдайда өз тактикамыздың негізіне ең алдымен және бәрінен де гөрі объективті жағдайдың есепке алынуын салу керек, революцияның барысы осы уақытқа дейін қандай болғанына және оның соншалық қаһарлы, біз үшін соншалық тиімсіз, соншалық кілт өзгеруінің себебі не екеніне талдампаздықпен қарау керек.

Егер біз өз революциямыздың дамуына осы тұрғыдан қарайтын болсақ, онда біз оның осы уақытқа дейін біршама және едәуір дәрежеде дербестік, халықаралық қатынастардан уақытша тәуелсіздік тәрізді болып көрінетін кезеңді бастан кешіргенін айқын көреміз. Біздің революцияның 1917 жылғы февральдың аяғынан үстіміздегі жылдың 11 февралына дейінгі[48], неміс шабуылы басталғанға дейінгі жүріп келген жолы,—бұл жол жалпы және тұтас алғанда жеңіл және жедел табыстардың жолы болды. Егер біз бұл революцияның халықаралық көлемде дамуына, орыс революциясының ғана дамуы тұрғысынан көз жіберсек, онда біз осы жылдың ішінде үш кезеңді бастан кешіргенімізді көреміз. Бірінші кезең—Россияның жұмысшы табының шаруалар арасындағы алдыңғы қатарлы, сапалы, өті тірі адамдардың бәрімен бірге, ұсақ буржуазияның ғана емес, сонымен қатар ірі буржуазияның да қолдауымен бірнеше күн ішінде монархияны тас-талқан өткен кезі. Бұл ғаламат табысқа жетудің себебі—орыс халқы, бір жағынан, 1905 жылдың тәжірибесінен аса зор революциялық жауынгерлік қабілетке ие болып шықты, екінші жағынан, мейлінше артта қалған ел ретінде Россия соғыстан айрықша зардап шекті және бұл соғысты ескі режим тұсында одан әрі жүргізе беруге мүлдем мүмкін болмайтындай жағдайға мейлінше ерте жетті.

Жаңа ұйым,—жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің ұйымы,—құрылған кездегі қысқа мерзімді зор табыстан кейін біздің революция үшін өтпелі кезеңнің,—Советтер бірден іргесін қопарған буржуазия өкіметі бұл өкіметті қолдаған ұсақ буржуазия-

лық келісімпаздық партиялардан—меньшевиктер мен эсерлерден қолдау тауып, нығайған кезеңнің ұзақ айлары басталды. Мұның өзі империалистік соғысты, империалистік құпия шарттарды қолдаған, жұмысшы табын уәделерге қарық қылған өкімет еді, мүлдем түк істемеген, күйзелістің болуына жәрдемдескен өкімет еді. Біз үшін, орыс революциясы үшін осы ұзақ кезеңде Советтер өз күштеріп жинақтай берді; мұның өзі орыс революциясы үшін ұзақ, ал халықаралық тұрғыдан қарағанда қысқа кезең болды, өйткені орталық елдердің көпшілігінде ұсақ буржуазиялық жалған үміттерді жою кезеңі, әр түрлі партиялардың, фракциялардың, сарындардың келісімпаздығын бастан кешіру кезеңі айлап емес, ұзыннан-ұзақ он жылдаған уақыт алды,—міне, осы кезеңнің, 20 апрельден басталып, қалтасына құпия империалистік шартты салып жүрген Керенскийдің империалистік соғысты июньде қайта бастағанына дейінгі кезеңнің шешуші ролі болды. Бұл кезеңде біз июль жеңілісін бастан кештірдік, корниловшылдықты бастан кештірдік, сөйтіп бұқаралық күрестің тәжірибесі арқылы ғана, жұмысшылар мен шаруалардың аса қалың бұқарасы ұсақ буржуазиялық келісімпаздықтың бүкіл бекершілігін уағыздан емес, өз тәжірибесінен көрген кезде ғана,—тек сонда ғана, ұзақ саяси дамудан кейін, ұзақ әзірліктен және партия топтарының пиғылы мен көзқарасындағы өзгерістен кейін Октябрь төңкерісі үшін негіз жасалды, сөйтіп орыс революциясының халықаралық кезеңнен қол үзген немесе уақытша бөлініп қалған бірінші дәуірінде оның үшінші кезеңі басталды.

Бұл үшінші, октябрь кезеңі, ұйымдастыру кезеңі, неғұрлым қиын және сонымен қатар неғұрлым ірі, неғұрлым тез салтанатты шерулер кезеңі. Октябрьден бастап, өкіметті революцияшыл пролетариаттың қолына берген, оның диктатурасын орнатқан, оны пролетариат пен ең кедей шаруалардың басым көпшілігінің қолдауын қамтамасыз еткен біздің революция, октябрьден бастап біздің революция жеңімпаз, салтанатты шеру жасады. Россияның барлық түкпірлерінде империалистік буржуазияның бір бөлегі қолдаған қанаушылар-

дың, помещиктер мен буржуазияның қарсылығы түрінде азамат соғысы басталды.

Азамат соғысы басталды, ал бұл азамат соғысында Совет өкіметі дұшпандарының күштері, еңбекші және қаналған бұқара жауларының күштері мардымсыз болып шықты; азамат соғысы Совет өкіметінің жаппай салтанат құруы болды, өйткені оның дұшпандарының, қанаушылардың, помещиктер мен буржуазияның ешқандай тірегі, саяси тірегі де, экономикалық тірегі де болмады, сөйтіп олардың шабуылының тас-талқаны шықты. Оларға қарсы күресте соғыс қимылдарынан гөрі үгіт басым болды; топтан соң топ, бұқарадан соң бұқара, тіпті еңбекші казактарға дейін өздерін Совет өкіметінен әкетуге тырысқан қанаушылардан бөлініп шығып жатты.

Совет өкіметінің Россиядағы еңбекші және қаналған бұқараның орасан зор көпшілігін сөзсіз, батыл және біржолата өз жағына тартқан кезіндегі пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметінің жеңімпаз, салтанатты шеруінің бұл кезеңі осы уақыттың бәрінде халықаралық империализмге тәуелсіз тәрізді болып жүріп келген орыс революциясы дамуының ақырғы және жоғары пункті болып табылады. Мұның өзі неғұрлым артта қалған және 1905 жылдың тәжірибесі арқылы революцияға неғұрлым әзір болған елдің жекелеген саяси құрамдарды жоя отырып, бір таптан соң екінші тапты соншалық тез, соншалық жеңіл, соншалық жоспарлы түрде өкімет басына көтеруінің және ақырында орыс революциясының ғана емес, Батыс Европа жұмысшы революцияларының да соңғы жаңалығы болып табылатын саяси құрамға жетуінің себебі болды, өйткені Совет өкіметі Россияда бекіп нығайды және еңбекшілер мен қаналғандардың мызғымас тілектестігіне ие болды, себебі—ол мемлекеттік өкіметтің ескі езуші аппаратын жойды, себебі—ол ескі аппаратты құлатып, оның орнына тікелей бұқараның қарулы күшін қойған, қанаушыларды жолатпай, буржуазиялық-парламенттік демократизмді еңбекші бұқараның демократизмімен ауыстырған және қанаушылардың қарсылығын үздіксіз басыпжаныщқан мемлекет Париж Коммунасы бастамасында

қандай болса, негізінен сондай мемлекеттің жаңа және ең жоғары типін орнатты.

Осы кезеңде орыс революциясы осыны істеді, міне, сондықтан орыс революциясының шағын авангардында орыс революциясының осы салтанатты барысы, осы шапшаң жүрісі бұдан әрі жеңіске жете бермек деген пікір қалыптасты. Ал мұның өзі қате еді, өйткені орыс революциясының Россияда өкіметті бір таптан екінші тапқа бере отырып және Россияның бір өзінің шеңберінде таптық келісімпаздықты жоя отырып дамыған кезеңі,—міне, осы кезең дүние жүзілік империализм жыртқыштарының асқан алыптары Совет өкіметіне қарсы өздерінің шабуылды қозғалысында уақытша тоқталғандығынан ғана тарихи жағынан өмір сүре алды. Бірнеше күннің ішінде монархияны құлатқан, бірнеше айдың ішінде буржуазиямен келісімге келудің барлық әрекеттерін сарыққан және азамат соғысында буржуазияның қандай қарсылығын болса да бірнеше аптаның ішінде жеңген революция,— мұндай революция, социалистік республиканың революциясы, дүние жүзі жыртқыштары жағдайында, буржуазияның бір-бірімен жанталаса шайқасып, өзінің Россияға жасаған шабуылында берекесі кеткендігінен ғана халықаралық империализмнің жыртқыш аңдарымен қатар империалистік державалардың арасында өмір сүре алды.

Сөйтіп, соншалық айқын және соншалық ауыр сезінуге тура келіп отырған кезең басталды, бұл—орыс революциясы үшін аса ауыр жеңілістердің, аса ауыр сындардың кезеңі, революцияның жауларына шапшаң, тетесіпен және ашық шабуыл жасаудың орнына біздің аса ауыр жеңілістерге ұшырап, біздің күшімізден өлшеусіз артық күшке,—халықаралық империализм мен финанс капиталының күшіне, ұсақ халықтарды тонау, езу және тұншықтыру мүддесін көздеп, өзінің қазіргі заманғы техникасын бүкіл ұйымын қоса бүкіл буржуазияның бізге қарсы топтастырған әскери қуатының күшіне төтеп бере алмай, шегінуімізге тура келіп отырған кезең; біздің күштерді теңгеру туралы ойлауымызға тура келді, біздің орасан қиын міндетке душар болуымызға тура келді, біздің тікелей қақтығыста шындап есеп-

ке алуға тұрмайтын Романов сияқты, Керенский сияқты емес, басқа жауларды көруімізге тура келді,—халықаралық буржуазияның бүкіл әскери-империалистік қуатты күштеріне кездесуімізге, дүние жүзілік жыртқыштармен бетпе-бет келуімізге тура келді. Сөйтіп, халықаралық социалистік пролетариаттың тарапынан көмектің кешігуі себепті, бұл күштермен қақтығысқа біздің өз кеудемізді тосып, аса ауыр жеңілістерге ұшырауымызға тура келгені түсінікті.

Сондықтан бұл дәуір—ауыр жеңілістер дәуірі, шегінулер дәуірі; бұл дәуірде біздің империализмнен шегіне отырып, жалпы алғанда халықаралық жағдайлардың өзгеретін уақытын, Европа пролетариатының пісіп жетіліп келе жатқан, өзінің жауын біз сияқты оңай жеңе алмаған қазір бар күштерінің бізге келіп жетуін күте отырып, позициямыздың ең болмаса шағын бөлегін аман алып қалуымыз керек болып отыр; өйткені орыс революциясын бастау оңай болғаны және бұдан әрі қадам басудың қиын екенін ұмыту асқан зор жалған үміт және асқан зор қате болар еді. Мұның осылай болғаны сөзсіз, неге десеңіз біздің ең шірік, артта қалған саяси құрылыстан бастауымызға тура келді. Европа революциясының буржуазиядан бастауына тура келеді, шамадан тыс ауыр жағдайларда адам айтқысыз мықты жаумен шайқасуына тура келеді. Европа революциясының басталуы орасан қиын болады. Оның өзін басып-жаншып отырған құрылыстан алғашқы саңылау жасауы орасан қиын екенін біз көріп отырмыз. Оның өз революциясының екінші және үшінші сатысына шығуы анағұрлым оңай болады. Қазіргі уақытта халықаралық аренадағы революциялық таптар мен реакциялық таптардың арасындағы күштердің арасалмағы осылай болып отырғанда, басқаша болуы мүмкін де емес. Қазіргі жағдайға, революцияның шамадан тыс ауыр жағдайына тарих тұрғысынан қарамай, сезім мен ашу-ыза тұрғысынан қарайтын адамдар үнемі естен шығарып жүрген негізгі бетбұрыс осындай. Ал тарихтың тәжірибесі бізге мынаны көрсетеді: әрқашан, барлық революцияларда,—революцияның кілт өзгерісті және шапшаң жеңістерден ауыр жеңілістер кезеңіне көшуді бастан

кешірген кезеңнің бойында,— революцияның дамуына әрқашан асқан зор зиян келтірген жалған революциялық жел сөздің кезеңі басталады. Міне, жолдастар, бізді шапшаң, жеңіл және толық жеңістерден ауыр жеңілістерге ұшыратқан бетбұрысты есепке алуды міндет етіп алға қойғанымызда ғана, тек сонда ғана біз өз тактикамызға дұрыс баға бере алатын боламыз. Бұл мәселе,— қазіргі уақытта революция дамуының бетбұрыс пунктінің,—ішкі жеңіл жеңістерден сыртқы адам айтқысыз ауыр жеңілістерге ұшыраудың нәтижесі болып табылатын осы адам айтқысыз қиын, адам айтқысыз ауыр мәселе және бүкіл халықаралық революциядағы бетбұрыс пункт, империализм аңысын аңдау жағдайында отырған кезде орыс революциясының насихат-үгіт қызметін жүргізу дәуірінен, сол дәуірден—империализмнің Совет өкіметіне қарсы шабуыл қимылдарын жасауына қарай бетбұрыс пункті бүкіл халықаралық батыс европалық қозғалыстың алдына мәселені мейлінше ауыр, мейлінше қатты қояды. Егер біз осы тарихи кезеңді ұмытпасақ, біздің масқара бітім деп аталатын қазіргі, аса ауыр бітім туралы мәселеде Россия мүдделерінің негізгі өрісі қалай қалыптасқанын түсініп алуымыз қажет болады.

Бұл бітімді қабылдау қажеттігінен бас тартқандарға қарсы айтыста бітімге қол қою көзқарасы тек шаршаған шаруалар бұқарасының, таптық бейнесін жойған солдаттардың және басқалардың, тағы сондайлардың мүдделерін білдіреді-міс деген сөздерді менің сан рет естуіме, менің сан рет кездестіруіме тура келді. Ал осындай дәлелдер мен осындай сөздер жөнінде мен әрқашан жолдастардың,— тек қана өз түсіндірмелерін іздейтін адамдардың,—ұлттық дамудың таптық масштабын қалай ұмытатындығына таң қалып отырдым. Өкіметті өз қолына алған пролетариат партиясы пролетариат пен жартылай пролетариаттың, яғни ең кедей шаруалардың, яғни Россия шаруалары көпшілігінің одағы ғана, осындай одақ қана Россияда өкіметті революциялық Совет өкіметіне—халықтың көпшілігіне, нағыз көпшілігіне бере алатындығын,—мұнсыз әсіресе тарихтың қиын бетбұрыстарында өкімет орнатуға тырыс-

қан әрекеттің қандайы болса да мағынасыз екендігін күні бұрын есепке алмаған сияқты. Біздің бәріміз мойындаған бұл ақиқаттан қазір құтылып кетуге және шаруалар мен таптық бейнесін жойған солдаттардың шаршаған халін жиіркенішпен еске түсіру арқылы құтылуға болатын сияқты. Шаруалар мен таптық бейнесін жойған солдаттардың шаршаған халі жөнінде біз мынаны айтуға тиіспіз: ел қарсыласа алады, ең кедей шаруалар тек өздерінің күштерін күреске бағыттай алатын шеңберде ғана қарсыласуға бел байлай алады.

Біз октябрьде өкіметті алғанымызда, оқиғалардың барысы осыған сөзсіз әкеле жатқаны, Советтердің большевизмге қарай бет бұруы бүкіл елдегі бетбұрыс екені, большевизмнің өкіметі орнамай қоймайтыны айқын еді. Біз осыны сезіп-біле отырып, октябрьде өкіметті алуға бел байлағанымызда, мұның өзі өкіметтің пролетариат пен ең кедей шаруалар қолына көшуі, шаруалардың оны қолдайтындығын,—неде қолдайтындығын сіздер өздеріңіз де білесіздер,—атап айтқанда: оның бітім жолындағы белсенді күресінде, оның ірі финанс капиталына қарсы одан әрі күресе беруге әзірлігінде қолдайтындығын пролетариат біледі деп біз өзімізге және бүкіл халыққа әбден анық та айқын айттық. Бұдан біз қателесіп отырғанымыз жоқ және европалық революция үшін де, халықаралық революция үшін де соншама көп нәрсе берген ұсақ шаруалы елден батыс европалық пролетариаттың тарапынан бізге көмек, сөз жоқ, келе жатқан,—мұны фактілер, ереуілдер және т. б. дәлелдеді,—бірақ бізге келе жатқан осы көмек, сөз жоқ, кешігіп отырған сондай ауыр, орасан ауыр жағдайда күрес жүргізуді біздің талап ете алмайтынымыз жөніндегі күмәнсыз ақиқаттан таптық күштер мен таптық қатынастардың шеңберінде азды-көпті қала отырып, ешкім де бас тарта алмайды. Міне, сондықтан мен былай деймін: шаруалар бұқарасының шаршағандығын, т. т. бұлайша дәлелге келтіру бұл дәлелдерді қолданушылардың дәлелдері жоқтығының және толық дәрменсіздігінің нәтижесі ғана, оларда бүкіл таптық қатынастарды тұтас алғанда, жалпы көлемде алғанда қамтуға — пролетариат пен шаруалар бұқарасының револю-

циясын қамтуға ешбір мүмкіншілігінің мүлдем жоқтығы болып табылады; егер біз тарихтың әрбір кілт бетбұрысында жеке мысалдар мен жеке шатақ жағдайларды іріктеп алмай, барлық таптардың арасалмағын тұтас алып баға беріп отырсақ, сонда ғана, тек сонда ғана біз ықтимал фактілерді талдау негізінде берік тұрғанымызды сезінетін боламыз. Мен мынаны әбден түсінемін: революциялық соғыс жүргізу біз үшін мүлдем мүмкін болмай отырған қазіргі кезде орыс буржуазиясы бізді революциялық соғысқа итермелеп отыр. Мұны буржуазияның таптық мүдделері талап етеді.

Олар армияны осындай жағдайға кімнің жеткізгендігі туралы бір ауыз сөз айтпай, масқара бітім деп тек айқай салғанында, мұны делонародашылдармен, церетелишіл-меньшевиктермен, черновшылдармен және олардың жандайшаптарымен бірге буржуазияның айтып отырғанын мен әбден түсінемін (қ о л ш а п а л а қ т а у), революциялық соғыс туралы осы буржуазияның айқайлап отырғанын мен әбден түсінемін. Мұны оның таптық мүдделері талап етіп отыр, мұны оның Совет өкіметі жалған жүріс жасаса екен деген талабы керек етіп отыр. Бір жағынан, контрреволюциялық шимайлармен өз газеттерінің беттерін толтырып жүрген адамдардың мұны істеуі түсінікті... (Д а у ы с т а р: «Бәрі жауып тасталды».) Амал қанша, әлі бәрін жауып бітірген жоқ, бірақ бәрін жабамыз. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Контрреволюционерлердің, буржуазияны жақтаушылардың және онымен келісушілердің байлық монополиясын өздерінің, буржуазиялық апиынын халықты есеңгірету үшін пайдалана беруіне мүмкіндік беретін пролетариатты менің көргім келеді. Ондай пролетариат болған жоқ. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Әлгі сияқты басылымдардың беттерінен масқара бітімге қарсы ұлыған, зар қаққан дауыстар мен айқайдың ылғи естіліп тұратынын мен әбден түсінемін, сол уақыттың өзінде, шабуыл жасап келе жатқан немістерді қарсы алып: міне, немістер деп масайрай айтатын және герман империализмінің шапқыншылығына ұшыраған жерлерде өздерінің погон таққан офицерлерін қыдыруға жіберетін адамдардың, кадеттерден бастап

оңшыл эсерлерге дейінгілердің, осы революциялық соғысты жақтап отырғанын мен әбден түсінемін. Иә, мұндай буржуаның, мұндай келісімпаздардың революциялық соғысты уағыздауы мені тіпті де таңдандырмайды. Олар Совет өкіметінің қақпанға түсуін тілейді. Олар, бұл буржуа мен бұл келісімпаздар өздерін көрсетті. Біз оларды тірілей көрдік және көріп отырмыз, Украинада украин Керенскийлері, украин Черновтары мен украин Церетелилері бар екенін біз білеміз,—міне олар, Винниченко мырзалар. Бұл мырзалар, украин Керенскийлері, Черновтары, Церетелилері өздерінің герман империалистерімен жасасқан бітімін халықтан жасырды, ал қазір герман найзасының көмегімен Украинада Совет өкіметін құлатуға тырысып отыр. Ол буржуа мен ол келісімпаздар және олардың пікірлестері, міне, осылай істеп отыр. (Қол шапалақтау.) Ол украин буржуасы мен келісімпаздары, міне, осылай істеді, олардың не істегені көз алдымызда тұр, олар өздерінің құпия шарттарын халықтан жасырып келді және жасырып отыр, олар неміс найзасымен Совет өкіметіне қарсы аттанды. Орыс буржуазиясы, міне, осыны тілейді, буржуазияның жалдайшаптары әдейі істесе де немесе білмей істесе де, Совет өкіметін, міне, осыған итермелейді: қазір Совет өкіметі қуатты империализмге қарсы империалистік соғысқа ешбір төтеп бере алмайды, мұны олар біледі. Міне, сондықтан осы халықаралық жағдайда ғана, осы жалпы таптық жағдайда ғана біз ауыр кезеңдерде революциялардың барлық тарихтарында дағдылы болған және жартылай торығудан, жартылай жел сөзден құралған теориямен, солшыл эсерлер партиясына ұқсап, әуестеніп кеткендер қатесінің бүкіл тереңдігін түсінеміз; олар өмір шындығына байыпты қарап, ішкі және сыртқы жаулар жөніндегі революцияның міндеттеріне таптық күштер тұрғысынан баға берудің орнына, сіздерді елеулі және аса ауыр мәселені сезімнің ықпалымен, тек сезімнің тұрғысынан ғана шешуге шақырады. Бітім — адам айтқысыз ауыр және масқара бітім. Менің өз мәлімдемелерім мен сөйлеген сөздерімде мұны талай рет Тильзит бітімі деп айтуыма тура келді; жаулап алушы Наполеон Пруссия және Гер-

мания халықтарының бірқатар аса ауыр жеңілістерінен кейін оларға Тильзит бітімін еріксіз қабылдатқан болатын. Иә, бұл бітім аса ауыр жеңіліс болып табылады және Совет өкіметін қорлайды, бірақ егер сіздер, осыған сүйеніп, осымен шектеліп, сезімге берілетін болсаңыздар, ыза тудырсаңыздар, асқан ұлы тарихи мәселені шешуге тырыссаңыздар, сіздер ерсі және аянышты жағдайға душар боласыздар, бірде бүкіл эсерлер партиясы осындай жағдайға тап болған (қол шапалақтау), онда 1907 жылы, белгілі бір жағынан біраз ұқсастығы бар жағдайда, біздің революция 1906 және 1907 жылы аса ауыр жеңіліске ұшырағаннан кейін, Столыпин үшінші Дума туралы заңдарды ұсынып,—бізді ең жексұрын өкілдік мекемелердің бірінде өте масқара және аса ауыр жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр еткен кезде эсерлер партиясы нақ осындай болып, революционерлердің сезіміне жүгінген болатын, онда біздің партия, өз ішінде біраз ауытқушылықтан кейін (бұл мәселе жөнінде ауытқушылық қазіргіден көп болды), мәселені: біздің сезімге берілуге хақымыз жоқ, аса масқара үшінші Думаға қарсы біздің ашу-ызамыз қаншалықты зор бола тұрса да, бұл арада кездейсоқтық жоқ екенін, қайта бұл бұдан әрі күші жетпеген, бізді мәжбүр еткен тіпті осындай масқара жағдайда да күшін жинай алатын, дамып отырған тап күресінің тарихи қажеттілігі екенін біз мойындауға тиістіміз деп шешкен еді. Біз дұрыс істеген болып шықтық. Революциялық жел сөзбен еліктіруге, әділдік сан мәрте заңды сезімді білдіргендіктен де сол әділдікпен еліктіруге тырысқандар сабақ алды, мұны ойлай білетін және ой өрісі кең революционерлердің бірде-біреуі ұмытпайды.

Революциялар біздің тез және жеңіл өрлеуімізді қамтамасыз ететіндей болып бірқалыппен жүріп отырмайды. Жеңілістердің ауыр кезеңін бастан кешірмеген, тіпті ұлттық шеңберде де бірде-бір ұлы революция болған емес, сондықтан бұқаралық қозғалыстардың, дамып келе жатқан революциялардың елеулі мәселесіне бітімді масқаралық, қорлық бітім деп жариялай отырып, оған революционер көне алмайтындай етіп қарауға болмайды: үгіттік жел сөздерді келтіру, бізге бұл бітім же-

нінде соғістерді үйіп-төгу жеткіліксіз,—бұл революцияның әбден мәлім әліппесі, бұл барлық революциялардың әбден мәлім тәжірибесі. 1905 жылдан бергі біздің тәжірибеміз,—ал егер біз тәжірибеге бай болсақ, егер орыстың жұмысшы табы мен ең кедей шаруалары халықаралық социалистік революцияны бастаудың аса қиын және аса құрметті міндетін ненің арқасында өзіне ала білді дейтін болсақ, тарихи жағдайлардың айрықша тоғысуы арқасында ғана орыс халқы XX ғасырдың басында екі ұлы революция жасай білді,—онда осы революциялардың тәжірибесінен үйрену керек, бір мемлекеттің екінші бір мемлекетпен таптық байланыстарының арасалмағы өзгеруін еске ала отырып қана біздің қазір шайқасқа шыға алмайтынымызды айқын анықтауға болатындығын ұғына білу керек; біз осымен санасып, өзімізге былай деуіміз керек: тыныс алу қандай болса да, бітім қаншалықты баянсыз болса да, қаншалықты қысқа, ауыр, қорлық болса да, ол соғыстан артық, өйткені ол халық бұқарасының тыныс алуына мүмкіндік береді, себебі ол айқайлауға мүмкін болған жердің бәрінде, әсіресе немістер басып алған облыстарда солардың қорғауымен қазір барлық жерде айқайлап жүрген буржуазияның істегенін түзетуге мүмкіндік береді. (Қол шапалақтау.)

Буржуазия армияны аздырған большевиктер гой, армия жоқ, ал бұған большевиктер кінәлы деп айқайлап жүр, бірақ өткендегіге көз жіберіп көрейікші, жолдастар, ең алдымен, біздің революциямыздың дамуына көз жіберейікші. Біздің армияның майданнан қашуы және азғындауы революциядан көп бұрын, 1916 жылдың өзінде-ақ басталғанын сіздер білмейсіздер ме, армияны көрген әрбір адам мұны мойындауға тиіс емес пе? Мұны болғызбау үшін біздің буржуазия сонда не істеді десеңізші? Империалистерден аман құтылудың бірденбір мүмкіндігі ол кезде буржуазияның қолында болғаны, совет ұйымдары буржуазияға қарсы қолын сілтей салса болды, өкіметті ала алатын әлгіндей мүмкіндік март—апрельде болғаны айқын емес пе. Ал егер сол кезде Советтер өкіметті алған болса, егер эсерлермен және меньшевиктермен бірге буржуазиялық және ұсақ

буржуазиялық интеллигенция Керенскийдің халықты алдауына, құпия шарттарды жасыруына, армияны шабуылға бастауына көмектесудің орнына, егер сол кезде ол армияны қару-жарақпен, азық-түлікпен жабдықтап, бүкіл интеллигенцияның жәрдемімен буржуазияны— саудагерлердің отанына емес, халықты қыруға көмектесетін шарттар отанына емес,—отанға көмек етуге мәжбүр етіп, армияға көмекке келген болса (қол шапалақтау), егер Советтер буржуазияны еңбекшілердің, жұмысшылардың отанына көмектесуге мәжбүр етіп, жалаңаш, жалаң аяқ, аш армияға көмектескен болса,— тек сонда ғана біз армияның тыныс алуына және оның майданнан бір қадам шегінбей, құпия шарттарды жыртып тастап, жалпыға бірдей демократиялық бітім ұсынуын, бірақ бір қадам шегінбей, майданда болуын бірауыздан қолдауға жететін он айлық кезеңді, бәлкім, алған да болар едік. Жұмысшылар мен шаруалар ұсынған және мақұлдаған бітім жөніндегі мүмкіндік осы еді. Мұның өзі отанды, Романовтардың, Керенскийлердің, Черновтардың отанын емес, құпия шарттар жасасқан отанды емес, сатылғыш буржуазияның отанын емес, еңбекшілер бұқарасының отанын қорғау тактикасы. Соғыстан революцияға, орыс революциясынан халықаралық социализмге көшудің осындай ауыр сындармен өтуіне жеткізген, міне, солар. Міне, сондықтан революциялық соғыс жүргізуді ұсыну сияқты ұсыныс әншейін жел сөз болып естіледі, өйткені бізде армия жоқ екенін біз білеміз, армияны ұстап қалу мүмкін болмағанын біз білеміз және демобилизациялау туралы біздің указымыздың ойдан шығарылмағанын, ол айқын қажеттіліктің, армияны ұстап қалу ешбір мүмкін болмағандығының нәтижесі болып табылатынын іспен таныс адамдар көрмей тұра алмады. Армияны ұстап қалу мүмкін болмады. Сондықтан армия соғыса алмайды және соғыспайды деп октябрь төңкерісінен бұрын-ақ большевик емес бір офицердің айтқаны дұрыс болып шықты[49]. Буржуазиямен айлап саудаласу және соғысты жүргізе беру қажеттігі туралы барлық сөздер, міне, осыған әкеліп соқты: көп революционерлердің немесе аз революционерлердің тарапынан қандай ізгі сезім-

дердің әсерімен айтылса да, бұл сөздер халықаралық империализмнің біз тактикалық немесе дипломатиялық қате жасағаннан кейін—Брест шартына қол қоймағаннан кейін тонап үлгірген мөлшерінде және одан да артық тонау үшін өзін халықаралық империализмнің уысына түсіретін революциялық жел сөздер болып шықты. Бітімге қол қоюға қарсы болғандарға біз: егер тыныс алу азды-көпті ұзақ болса, армияны сауықтыру мүдделері, еңбекшілер бұқарасының мүдделері бәрінен де жоғары екенін және бітімнің осыған бола жасалуға тиіс екенін сіздер түсінер едіңіздер дегенімізде,—олар тыныс алудың болуы мүмкін емес дегеннен танбады.

Ал біздің революцияның бұдан бұрынғы барлық революциялардан айырмашылығы нақ мынада: ол бұқара ішінде құрылысқа және творчествоға деген құштарлықты арттырды, сөйтіп ең шалғай түкпірдегі деревняларда патшалар, помещиктер, буржуазия кемсіткен, тұншықтырған, езгіге салған еңбекшілер бұқарасы көтеріле бастады, ал революцияның бұл кезеңі енді ғана, өмірді жаңаша құрып жатқан деревнялық революция болған кезде ғана аяқталып келеді. Сондықтан осы тыныс алу қаншалықты қысқа және аз болса да, біз осы тыныс алуға бола бұл шартқа қол қоюға міндетті боламыз, біз егер еңбекшілер бұқарасының мүдделерін қылышын жалаңдатып, бізді шайқасқа шақырып жүрген буржуазиялық даңғойлардың мүдделерінен жоғары қоятын болсақ, біз бұл шартқа қол қоюға міндетті боламыз. Революция, міне, осыған үйретеді. Революция мынаған үйретеді: біз дипломатиялық қателер істегенімізде, біз Либкнехт қазір жеңеді деген үмітпен (ал Либкнехттің қайткен күнде де жеңетінін, мұның өзі жұмысшы қозғалысының дамуында болмай қоймайтынын біз білеміз (қол шапалақтау)), неміс жұмысшылары бізге күні ертең көмекке келеді деп ойлағанда, мұның мәнісі—әуестеніп кеткенде қиын социалистік қозғалыстың революциялық ұрандары жел сөзге айналады деген сөз. Ал еңбекшілердің бірде-бір өкілі, бірде-бір адал жұмысшы Германияның социалистік қозғалысына көмектесу үшін аса зор құрбандықтар жасаудан бас тартпайды, өйткені ол майдандағы осы уақыттың бәрінде

герман империалистерінің және көпшілік бөлегі бізге тілектес болып отырған, неміс тәртібі қажытқан солдаттардың арасын ажырата білуді үйренді. Міне, сондықтан мен орыс революциясы біздің қатемізді практикалық жағынан түзетті, оны осы тыныс алу арқылы түзетті деймін. Ретіне қарағанда, тыныс алу өте қысқа болмақ, бірақ біздің азап шеккен, ашыққан армияның дамыл табу мүмкіндігін алғандығы санасына сіңуі үшін ең болмаса аса қысқа мерзімді тыныс алуға мүмкіндігіміз бар. Ескі империалистік соғыстар кезеңінің аякталғаны және жаңа соғыстар басталуының жаңа қорқыныштары төніп тұрғаны біз үшін айқын, ал мұндай соғыс кезеңдері көптеген тарихи дәуірлерде болды, оның бер жағында бұл кезеңдер соғыстардың аяқталар қарсаңында өте-мөте шиеленісіп отырды. Ал мұны Петроград пен Москвадағы митингілерде ғана түсініп қоймауы керек; мұны деревнялардағы талай ондаған миллиондардың түсінуі керек, деревняның майданнан қайтып келген, соғыс сұмдықтарының бәрін басынан кешірген неғұрлым көзі ашық бөлегінің мұны түсінуге көмектесуі керек және шаруалар мен жұмысшылардың орасан көп бұқарасының революциялық майданның қажеттігіне көзі жетіп, бізді дұрыс істеді деп айтатын болуы керек.

Бізге: сендер Украина мен Финляндияны сатып кеттіңдер,— неткен масқара!— деседі. Бірақ мынадай жағдай болды: бұрын революция басталғанға дейін біз үнтүнсіз шарт жасасып келген және қазір ресми шарт[50] жасасқан Финляндиядан біз бөлініп қалып отырмыз. Бізге Украинаны беріп отырсыңдар, оны Чернов, Керенский және Церетели құртуға бара жатыр деседі; бізге: сатқындар, сендер Украинаны сатып кеттіңдер!— дейді. Мен былай деймін: жолдастар, мен революцияның тарихында көпті көрген адаммын, сондықтан сезімге беріліп, пайымдай алмайтын адамдардың дұшпандық көзқарастары мен айқай-шуы мені абыржыта алмайды. Мен сіздерге қарапайым мысал келтірейін. Екі дос түн ішінде келе жатыр еді, оларға он адам кенеттен тиісе кетті делік. Егер әлгі оңбағандар сол екеуінің біреуінің жолын бөгеп, бөліп тастаса, екіншісі не істемек?—ол

көмек көрсете алмайды; егер ол қаша жөнелсе, ол қалайша сатқын болмақ?* Ал әңгіме жеке адамдар немесе тікелей сезім мәселелері шешілетін салалар туралы емес, қайта әрқайсысының жүз мыңнан адамы бар бес армия кездесіп, екі жүз мың адамы бар бір армияны қоршап алғаны жөнінде болып отыр екен делік, ал екінші армия оған көмекке баруға тиіс екен делік. Ал егер бұл армия қақпанға түсетінін анық білсе, ол шегінуге тиіс; егер тіпті шегінуге шеп жасау үшін масқара, былғаныш бітімге қол қою керек болса да, ол шегінбей тұра алмайды,—қалай ұрыссаңдар, олай ұрысыңдар, дегенмен оған қол қою қажет. Сапысын суырып алып, мен өлуге тиіспін, өйткені мені қорлық бітім жасасуға мәжбүр етіп отыр дейтін дуэльшінің сезімімен санасуға болмайды. Бірақ біздің бәріміз: қалай ұйғарғанда да бізде армияның жоқ екепін, сондықтан армияның тыныс алуы үшін шегініп, уақыт ұту қажеттігінен басқа ешқандай қимыл құтқара алмайтынын білеміз, сондықтан өзін революциялық жел сөзбен алдамайтын, қайта өмір шындығына көз жіберетін әрбір адам бұған қосылады. Жел сөздермен және дандайсулармен өзін өзі алдамайтын, өмір шындығына көз жібере білетін әрбір адам мұны білуге тиіс.

Егер біз мұны білсек,—ауыр, аса ауыр және зорлық шартқа қол қою біздің революциялық борышымыз, өйткені біз бұл арқылы өзіміз үшін де, одақтастарымыз үшін де жақсы жағдайға жетеміз. 3 мартта бітім шартына қол қойып, біз бірдеңе жоғалттық па? Кімде кім бұған дуэльші-дворянсымақтың көзқарасы тұрғысынан емес, бұқаралық көзқарас тұрғысынан қарағысы келсе, армия жоқ болып отырғанда немесе армияның ауруға шалдыққан қалдығы қалып отырғанда соғысқа шығу, ол соғысты революциялық соғыс деп атау—өзін өзі алдау, халықты адам айтқысыз алдау болатынын түсінеді. Біздің борышымыз халыққа шындықты айту: иә, бұл өте ауыр бітім, Украина мен Финляндия апатқа ұшырауда, бірақ біз мұндай бітім жасасуға бел байла-

* Сірә, стенограммада қате жазылса керек; былай деп оқу керек: «ол көмек көрсетпей тұра алмайды,—егер ол қаша жөнелсе, ол сатқын болмай ма?» (қараңыз: осы том, 34-бет). *Ред.*

уымыз керек және бүкіл саналы еңбекші Россия бұған бел байлайды, өйткені ол боямасыз шындықты біледі, ол соғыстың не екенін біледі, ол қазір неміс революциясы бұрқ ете түседі деп есептеп, бәрін тәуекел ету өзін өзі алдау екенін біледі. Бітімге қол қойып, біз финляндиялық достарымыздың бізден алғанын алдық,—өлім емес, тыныс, көмек алдық.

Мен халықтардың тарихында бұдан да гөрі зорлық бітімге қол қойылғандығының, бұл бітім бойынша өміршең халықтардың жеңушінің қарауына берілгендігінің мысалдарын білемін. Біздің бұл бітімімізді Тильзит бітімімен салыстырайық; Тильзит бітімін жеңімпаз жаулап алушы Пруссия мен Германияға еріксіз қабылдатқан болатын. Бұл соншалықты ауыр бітім еді: барлық герман мемлекеттерінің барлық астаналары басып алынып қана қойған жоқ, пруссактар Тильзитке қарай қуылып қана қойған жоқ, ал мұның өзі бізді Омскіге немесе Томскіге қарай қуып тастаумен бірдей болар еді. Ол ол ма, ең сұмдығы сол—Наполеон жеңілген халықтарды өзінің соғыстары үшін көмекші әскер беруге мәжбүр етті, ал соған қарамастан, жағдай осындай болған кезде, жаулап алушының тегеуірінін неміс халықтарының бастап кешіруіне тура келген кезде, Францияның революциялық соғыстар дәуірі империалистік басқыншылық соғыстар дәуірімен ауысқан кезде, міне, сол кезде қазір бітімге қол қоюды құлдырау деп бейнелейтін, жел сөзге салынған адамдардың түсінгісі келмейтін нәрсе ап-айқын көрінді. Жұмысшы мен шаруаның көзқарасы тұрғысынан емес, дуэльші-дворянсымақтың көзқарасы тұрғысынан қарағанда бұл психология түсінікті. Шаруа соғыстың ауыр мектебінен өтті, сөйтіп ол есептеуді үйренді. Бұдан да ауыр сындар болып, анағұрлым артта қалған халықтар ол сындардан сүрінбей өткен болатын. Бұдан да ауыр бітім жасалған болатын, армиясы болмаған немесе біздің армиямыз қандай ауру болса, армиясы сондай ауру болған дәуірде немістер сондай ауыр бітім жасаған болатын. Олар Наполеонмен өте-мөте ауыр бітім жасасты. Ал ол бітім Германияның құлауы болған жоқ,— керісінше, ол бетбұрыс пункті, ұлттық қорғаныс және өрлеу болды. Біз де сон-

дай бетбұрыс пунктінің қарсаңында тұрмыз, біз де соған ұқсас жағдайларды бастан кешіріп отырмыз. Шындыққа тура қарау керек және жел сөзден, желдіртпе сөзден аулақ болу керек. Егер қажет болса, бітім жасасу қажет дегенді айту керек. Азаттық соғысы, таптық соғыс, халықтық соғыс Наполеон соғысының орнын басады. Наполеон соғыстарының жүйесі өзгереді, соғыс орнына бейбітшілік болады, бейбітшілік орнына соғыс болады, сөйтіп әрбір жаңа ең ауыр бітімнен әрқашан соғысқа неғұрлым кең әзірлік туып отырды. Бітім шарттарының ішіндегі ең ауыры — Тильзит шарты — мынадай кезде бетбұрыс пункті болып тарихқа кірді: бұл кезде неміс халқы бетбұрыс жасады, ол Тильзитке дейін, Россияға дейін шегінді, ал іс жүзінде уақыт ұтты, қазіргі Гогенцоллерн, Гинденбург сияқты топаушы Наполеонның бір кезде салтанат құруына мүмкіндік берген халықаралық жағдайдың, міне, осы жағдайдың өзгеруін күтті, он жыл бойғы Наполеон соғыстарынан және жеңілістерден шаршап-шалдыққан неміс халқының сана-сезімі айығуын және оның жаңа өмірге қайта тірілуін күтті. Міне, тарих бізді осыған үйретеді, міне, сондықтан торығушылық пен жел сөз атаулының бәрі қылмыс болып табылады, міне, сондықтан әрбір адам былай дейді: иә, ескі империалистік соғыстар аяқталып келеді. Тарихи бетбұрыс басталды.

Октябрьден бастап біздің революциямыз жаппай салтанатты шеру болды, ал қазір ұзақ та қиын шақтар басталды, қаншалықты ұзақ екенін біз білмейміз, бірақ бұл кезеңнің жеңілістер мен шегінулердің ұзақ та қиын кезеңі екенін білеміз, өйткені күштердің арасалмағы сондай, өйткені біз шегіну арқылы халықтың тыныс алуына мүмкіндік береміз. Әрбір жұмысшы мен шаруаның империалист-жыртқыштардың езілген халықтарға қарсы жаңа соғыстары басталып келе жатқанын түсінуіне мүмкіндік беретін шындықты ұғуына жағдай туғызамыз, сөйтіп жұмысшы мен шаруа біздің отан қорғауға көтерілуіміз керек екенін түсінеді, өйткені октябрьден бастап біз қорғампаздарға айналдық. 25 октябрьден бастап біз мынаны ашық айттық: біз отан қорғауды жақтаймыз, өйткені біздің мұндай отанымыз

бар, бұл отаннан біз Керенскийлер мен Черновтарды қуып шықтық, өйткені біз құпия шарттарды жойдық, біз буржуазияны басып-жаныштадық, әзірше әлі де пашар басып-жаныштап отырмыз, бірақ біз мұны бұдан жақсы істеуге үйренеміз.

Жолдастар, Германияның жаулап алушыларынан аса ауыр жеңілістерге ұшыраған орыс халқының жағдайы мен неміс халқының арасында бұдан да гөрі маңызды айырмашылық бар, орасан зор айырмашылық бар, ол туралы мен өз сөзімнің осының алдындағы бөлегінде қысқаша айтқан болсам да, оны айту керек. Жолдастар, неміс халқы бұдан жүз жылдан астам уақыт бұрын өте ауыр басқыншылық соғыстар кезеңіне душар болып,—неміс халқы оянғанға дейін—шегінуге және бір масқара бітімнен кейін екінші масқара бітімге қол қоюға тиіс болған кезде жағдай мынадай еді: неміс халқы әлсіз және артта қалған халық еді, тек сондай халық еді. Оған қарсы жаулап алушы Наполеонның соғыс күші мен қуаты ғана емес еді, оған қарсы революциялық және саяси жағынан одан анағұрлым жоғары, Германиядан барлық жағынан жоғары ел, басқа елдерден өлшеусіз жоғары көтерілген, өзінің дегенін істететін ел тұрған еді. Ол империалистер мен помещиктерге бағынышты болып, артта қалып қойған халықтан өлшеусіз жоғары еді. Қайталап айтамын, тек әлсіз болып, артта қалған халық, міне осы халық күйінішті сабақ алып, жоғары көтеріле білді. Біз одан гөрі жақсы жағдайдамыз: біз тек әлсіз, артта қалған халық қана емеспіз, біз ерекше еңбек сіңіруіміздің немесе тарихи жағынан маңдайымызға алдын ала жазылған тағдырдың арқасында емес, қайта тарихи жағдайлардың ерекше тоғысуының арқасында, халықаралық социалистік революцияның туын көтеру құрметіне ие бола білген халықпыз. (Қол шапалақтау).

Бұл туды ұстап отырған қолдың әлсіз екенін мен жақсы білемін, жолдастар, және солай деп талай рет тура айтқанмын, ал барлық алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшылары көмекке келмей тұрып, ең артта қалған елдің жұмысшылары оны ұстап қала алмайды. Біз жүзеге асырған социалистік өзгерістер көп жағынан ал-

ғанда жетілмеген, әлсіз және жеткіліксіз: ол өзгерістер Батыс Европаның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына сабақ болады, олар өздеріне: «басталуы қажет істі орыстар тиісінше бастамады» дейтін болады, бірақ маңыздысы мынау: неміс халқына қарағанда біздің халқымыз тек әлсіз, тек артта қалған халық қана емес, қайта революцияның туын көтерген халық. Егер қай елдің болса да буржуазиясы өз басылымдарының бағаналарын большевиктерге жала жабумен толтырып отырса, егер бұл жөнінде Францияның, Англияның, Германияның, т. т. империалистерінің баспасөзі большевиктердің жер-жебіріне жетіп, үн қосып отырса, ал жұмысшылардың мәжілісін шақыруға болатын және біздің социалистік өкіметтің есімдері мен ұрандары ашу-ызаның дүмпулерін тудыратын бірде-бір ел жоқ. (Дауыс: «Жалған».) Жоқ, жалған емес, шындық және Германияда, Австрияда, Швейцарияда, Америкада соңғы айларда болған әрбір адам мұның жалған емес, шындық екенін, Россиядағы Совет өкіметі өкілдерінің есімдері мен ұрандары жұмысшылардың арасында аса зор энтузиазм тудыратынын, біз қаншалықты әлсіз болсақ та, мұнда, Россияда, олардың ісі істеліп жатқанын жұмысшылар бұқарасы Германияның, Францияның, т. т. буржуазиясының қандай да болса өтірік-өсегіне қарамастан, түсінгенін сіздерге айтып береді. Иә, біздің халқымыз өзіне-өзі артқан ауыр жүкті көтеріп шығуға тиіс, ал Совет өкіметін орната білген халық құрып кете алмайды. Сондықтан мен қайталап айтамын: Совет өкіметі барлық кемшіліктеріне қарамастан,—ол кемшіліктерді мен өте жақсы білемін және айтарлықтай баға бере білемін,—осы Совет өкіметі мемлекеттің ең жоғары типі, Париж Коммунасының тікелей жалғасы екендігіне бірде-бір саналы социалист, революцияның тарихына ой жүгіртетін бірде-бір жұмысшы таласа алмайды. Совет өкіметі басқа европалық революциялардан бір саты жоғары көтерілді, сондықтан да біз бұдан жүз жыл бұрынғы неміс халқы сияқты соншалық ауыр жағдайға ұшырап отырған жоқпыз; бұл жөнінде тонаушылардың арасында күштерді өзгерту және жанжалды пайдалану, тонаушы Наполеонның, тонаушы I Алек-

сандрдың, ағылшын монархиясы тонаушыларының талаптарын қанағаттандыру,— міне, ол кезде крепостниктік праводан езілгендердің қолында қалған бір ғана мүмкіндік осы еді, соған қарамастан, неміс халқы Тильзит бітімінен мерт болған жоқ. Ал біздің жағдайымыз, қайталап айтамын, анағұрлым жақсы, өйткені дұшпандарымыз не айтса, оны айтсын, Батыс Европаның барлық елдерінде біздің асқан ұлы одақтасымыз—халықаралық социалистік пролетариат бар. (Қол шапалақтау.) Иә, бұл одақтастың өз дауысын көтеруі оңай емес, 1917 жылғы февральдың аяғына дейін мұны істеу бізге де оңай болмап еді. Бұл одақтас астыртын жағдайда, әскери-каторгалық түрме жағдайында өмір сүріп отыр,— ал барлық империалистік елдер осындай түрмелерге айналдырылған,—бірақ ол бізді біледі және біздің ісімізді түсінеді; оның бізге көмек көрсетуге аттануы қиын, сондықтан ол уақытқа жету үшін совет әскерлеріне көп уақыт, көп шыдамдылық керек, ауыр сындардан өту керек,— біз уақытты созу үшін титтей мүмкіндіктерді болса да сақтаймыз, өйткені уақыт бізге қызмет етеді. Біздің ісіміз ныгайып, империалистердің күштері әлсіреп келеді, сондықтан «Тильзит» бітімінің салатын сындары мен ұпыратататын жеңілістері қандай болса да, біз шегіну тактикасын бастап отырмыз және, тағы да қайталап айтамын: саналы пролетариаттың да, саналы шаруалардың да бізді жақтайтындығына күмән жоқ, сондықтан біз қаһармандықпен шабуыл жасауды ғана емес, қаһармандықпен шегінуді де білеміз, сөйтіп халықаралық социалистік пролетариаттың көмекке келуін күтеміз, содан соң барып екінші социалистік революцияны дүние жүзілік көлемде бастаймыз. (Қол шапалақтау.)

3
БІТІМ ШАРТЫН РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ
15 МАРТ

Жолдастар, егер мен бізге ұсынылып отырған революциялық соғыстың сипаты жөнінде бірінші сөзімде айтқанымды қуаттайтын дәлел іздеген болсам, онда солшыл эсерлер өкілінің баяндамасы[51] маған ең жақсы және көрнекі дәлелдеме болар еді, сондықтан менің ойымша, егер мен стенограмма бойынша оның сөзін келтірсем, мұның өзі негұрлым дұрыс болады, сонда біз олардың өз қағидаларын қуаттау үшін қандай дәлелдер келтіретінін көреміз. (*Стенограмма бойынша оқиды.*)

Олардың қандай дәлелдерге сүйенетіндігінің үлгісі керек болса, ол, міне, осындай. Осында болыстық жиын[52] туралы айтылды. Бұл жиналысты болыстық жиын деп ойлайтындар ондай дәлелдерді қолдана алады, бірақ мұнда кей адамдар біздің сөзімізді қайталап отырғандығы, ал ол сөзді ойластыра білмейтіндігі айқын. Солшыл эсерлер оңшылдардың ортасында болған кезде большевиктер оларды не нәрсеге үйреткен болса, кей адамдар соны қайталайды, ал олардың сөздерінен біздің айтқанымызды өздерінің жаттап алғандықтары көрініп тұр, бірақ біздің айтқанымыздың неге негізделгенін ұқпай, қазір де қайталап отыр. Церетели мен Чернов қорғампаздар еді, ал қазір біз қорғампазбыз, біз «опасызбыз», біз «сатқынбыз». Буржуазияның сыбайластары осында болыстық жиын туралы айтып отыр,—мұны айтқанда олар тек көз қылып айтады,— бірақ Церетели мен Черновтың басшылыққа алған

қорғампаздығының мақсаттары мен бізді қорғампаз болуға мәжбүр еткен жағдайды әрбір жұмысшы өте жақсы түсінеді.

Егер біз құпия шартта жазылғанындай, Дарданеллді, Арменияны, Галицияшы алуды тілеген орыс капиталистерін қолдасақ, онда бұл Чернов пен Церетелидің рухындағы қорғампаздық болады, олардың бұл қорғампаздығы ол кезде масқараланған еді, ал қазір біздің қорғампаздығымыз құрметті қорғампаздық болып отыр. (Қол шапалақтау.)

Ал мен осы сияқты дәлелдермен қатар Камков сөзінің стенограммасында большевиктер—герман империализмінің приказчиктері деп екі рет қайталанған сөзді кездестірдім (оң жақтан қол шапалақтау), бұл қатты сөз,—Керенскийдің саясатын жүргізгендердің бәрі қол шапалақтап, мұны баса көрсетіп отырғанына мен өте қуаныштымын. (Қол шапалақтау.) Әрине, жолдастар, қатты сөздерге қарсы шығатын адам мен емес. Мен бұған еш уақытта қарсы шықпаймын. Тек қана, қатты сөз айту үшін бұған праволы болу керек, ал қатты соз айтуға праволы болу үшін соз бен істің арасында алшақтық болмауы керек. Міне, осындай кішкене шартты көп интеллигенттер бағаламайды, ал жұмысшылар мен шаруалар болыстық жиындарда да,—болыстық жиын дегеніміз сондай мардымсыз нәрсе,—олар осы болыстық жиындарда да, совет ұйымдарында да мұны аңғарып отырды, сөйтіп олардың сөзі де, ісі де сәйкес келіп отырды. Бірақ олардың, солшыл эсерлердің, октябрьге дейін оңшыл эсерлер партиясында болғанын біз өте жақсы білеміз ғой, ол кезде оңшыл эсерлер пайданы бөлуге қатысқан болатын, олар приказчик болған еді, өйткені оларға сендер барлық құпия шарттар туралы үндемейтін болсаңыздар, министрдің орны беріледі деп уәде етілген болатын. (Қол шапалақтау.) Ал империализмге іспен соғыс жариялаған, шарттарды жыртып тастаған, осыған байланысты тәуекелге бел байлаған,— мұның елді апатқа ұшырататынын біле тұра Бресттегі келіс сөздерді ұзаққа созуға бел байлаған, соғыс шабуылына, бірқатар адам айтқысыз жеңілістерге шыдаған,

мұны халықтан титтей де жасырмаған адамдарды империализмнің приказчиктері деп атауға ешбір болмайды.

Осында Мартов шартты оқығаным жоқ деп сендірмек болды. Оған сенгісі келген адам сене берсін. Бұл адамдардың көп газет оқуға дағдыланғанын біз білеміз, бірақ шартты оқымапты. (Қол шапалақтау.) Сенгісі келген адам сене берсін. Бірақ мен сіздерге мынаны айтамын: егер эсерлер партиясы біздің өзіміз толық әшкерелеген зорлыққа көніп отырғанымызды, қазір біз шайқаса алмаймыз, бірақ шегінеміз деп ашық айтып, мұны саналы түрде істеп отырғанымызды жақсы білсе,— тарихта өте масқара бірқатар шарттар мен бірқатар соғыстар болған,—кей адамдар осыған жауап ретінде «приказчиктер» деген сөзді әкеп алға тартып отырса, бұл қатты сөз олардың жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз деп сендіре отырып, не істеп жүргенін әшкерелейді,—кей адамдардың жауапкершілікті мойнына алмай отырып, үкіметте бола беруі екіжүзділік емес пе? Мен былай деп кесіп айтам: олар жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз дейді,— жоқ, олар жауапкершіліктен құтыла алмайды және олардың мұны болыстық жиын деп ойлауы да бекер. Жоқ, бұл—еңбекші бұқара арасындағы барлық ең жақсылары мен ең адал ниеттілері. (Қол шапалақтау.) Бұл сіздерге буржуазиялық парламент емес, оған адамдарды орындарда отыруы үшін және жалақы алуы үшін оларды бір жылда немесе екі жылда бір рет сайлап қояды. Бұлар—жергілікті жерлерден жіберілген адамдар, ертең олар жергілікті жерлерде болады, солшыл эсерлер партиясының дауыстары құлдырап кеміп бара жатса, бұл оларға лайық екенін ертең олар айтып барады, өйткені әлгіндей етіп отырған партия жұмысшы табының ішінде сабынның көбігі болса, шаруалардың ішінде де сабынның көбігі болды. (Қол шапалақтау, «Дұрыс» деген дауыстар.)

Содан соң сіздерге еңбекші және қаналған бұқараның әрбір өкілі бұған қалай қарайтынын көрсету үшін мен Камков сөзінің тағы бір жерін цитатқа келтіре-

мін. «Осында кеше Ленин жолдас Церетели мен Чернов жолдастар және басқалар армияға іріткі салды деп айтқанда Ленинмен бірге біз де армияға іріткі салдық деп айтуға біздің батылымыз жетпегені ме». Бұл айдалаға лаққандық. (Қол шапалақтау.) Ол біздің жеңілуді жақтағанымызды естіген, сөйтіп біз жеңілуді жақтаудан қалған кезде мұны есіне түсірген. Есіне дер кезінде түсірмеген. Сөздерді жаттап алған, революциялық ермек бар, ал істің жайы қалай екенін ойластыруды білмейді. (Қол шапалақтау.) Совет өкіметі нығайған жерлердегі мың болыстық жиынның ішінде, осы мың жиынның ішінде тоғыз жүзден астамында солшыл эсерлер партиясы ешқандай сенімге лайықты емес дейтін адамдар бар деп мен кесіп айтамын. Олардың айтуынша, өздерің ойлап көріңіздерші: біз армияға іріткі салыппыз және оны қазір еске түсіруге тиіс көрінеміз. Ал біз армияға қалай іріткі салдық? Біз патша тұсында жеңілуді жақтадық, ал Церетели мен Черновтың тұсында біз жеңілуді жақтағанымыз жоқ. Біз «Правдада» үндеу хат жарияладық, ол үндеу хатты сол кезде әлі қудалауда жүрген Крыленко «Мен неге Питерге бара жатырмын» деп армия бойынша жариялады. Ол: «Біз сіздерді бүлікке шақырмаймыз» деді. Бұл—армияға іріткі салғандық емес еді. Армияға іріткі салғандар—бұл соғысты ұлы соғыс деп жариялағандар.

Армияға Церетели мен Чернов іріткі салды, өйткені халыққа әр түрлі солшыл эсерлер далаға кетіріп дағдыланған әп-әсем сөздер айтты. Сөздің салмағы жеңіл, ал орыс халқы болыстық жиындарда ойластыруға және шындап қарауға үйренген. Ал егер оған: біз бейбітшілікке ұмтылып отырмыз және империалистік соғыс жағдайларын талқылап жатырмыз десе, онда мен: ал құпия шарттарды және июнь шабуылын қайтпек керек?—деп сұраймын. Армияға, міне, осы арқылы іріткі салды. Егер халыққа империалистерге қарсы күресу туралы, отан қорғау туралы айтса, ол өзінен-өзі: капиталистерді жағадан алған жер бар ма екен деп сұрады,—армияға, міне, осы арқылы іріткі салды, сон-

дықтан егер біз өкіметті март пен апрельде алғап болсақ, мұның өзі армияны аман сақтау болар еді жәпе егер біздердің қанаушыларды басып-жаныштағанымыз үшін олардың жанталасқан өшпенділігі орнына,— олардың бізге өшпенділігі әбден орынды,—міне осының орнына олар еңбекшілер мен қаналғандар отаның мүдделерін Керенский және Рябушинскийдің құпия шарттары отанының мүдделерінен және Арменияны, Галицияны, Дарданеллді алу ниетінен жоғары қойған болса, армияны құтқару деген осы болар еді және, бұл жағынан алғанда, ұлы орыс революциясынан бастап, әсіресе барлық елдердің халықтарына жартыкеш үндеу хат шығарылған[53] март айынан бастап, үндеу хат шығарып, барлық елдердің банкирлерін құлатуға шақыра отырып, өзі табыс пен пайданы банкирлермен бөлісін келген үкімет армияға іріткі салды, міне, сондықтан да армия төтеп бере алмады. (Қол шапалақтау.)

Менің есімде қалғандығы сондай, енді есіме түсіп отыр, Крыленконың әлгі үндеу хатынан бастап,—ол тек бірінші үндеу хат емес[54],—біз армияға іріткі салғанымыз жоқ, қайта: майданды ұстап тұрыңдар,—сіздер өкіметті неғұрлым тез алсаңыздар, оны ұстап қалуларыңыз соғұрлым оңай болады дегенімізді мен кесіп айтамын, ал енді келіп бізді азамат соғысына қарсы болды, көтерілісті жақтады деп айту—қапдай лайықсыз, адамдардың қандай жексұрын мылжыңы. Бұл хабар деревняларға барып жеткенде ондағы солдаттар, соғысты интеллигенттерше емес, басқаша көрген және картон семсер сермеудің ғана оңай екенін білетін солдаттар қысылшаң кезде жалаңаяқ, жалаңаш, азап шеккен өздеріне шабуылға айдау арқылы көмектескенін айтады,—олар енді солдаттарға армияның болмауы ештеңе емес, көтеріліс болады дейді. Халықты жоғары техникасы бар тұрақты армияға қарсы айдау—қылмыс және біз социалист ретінде осыған үйреттік. Соғыс көп нәрсеге үйретті ғой, адамдардың азап шегуіне ғана емес, ең жоғары техникасы, ұйымшылдығы, тәртібі және ең жақсы машиналары барлардың үстемдік алатындығына үйретті; соғыс осыған үйретті, бұған үйреткені өте

жақсы да болды. Машиналар болмайынша, тәртіп болмайынша қазіргі қоғамда өмір сүруге болмайтынына үйрену керек,—не жоғары техниканы меңгеру керек, немесе жаныштапып қалу керек. Аса ауыр азап шектірген жылдар шаруаларға соғыстың не екенін үйретті ғой. Сондықтан кімде-кім болыстық жиындарға барып, өз сөздерін айтқан кезде, солшыл эсерлер партиясы сонда барған кезде, ол өзіне әбден лайықты жазасын алады. (Қол шапалақтау.)

Камковтың сөзінен тағы бір мысал, тағы бір цитат келтірейік. (Оқиды.)

Кейде сұрақ қою ғажап оңай болады; тек бір нақыл сөз бар, ол сондай сұрақтар туралы айтады,—бірақ әдепсіздеу және дөрекілеу,— өлеңнен сөзді алып тастай алмайсың,— оны мен еске салайын: он ақылдының жауап беріп үлгіргенінен бір ақымақтың көбірек сұрақ қойып үлгіруі мүмкін. (Қол шапалақтау, шу.)

Жолдастар, мен сіздерге оқып берген бұл цитатта менен: тыныс алу бір апта, екі апта бола ма, әлде одан ұзақ бола ма? деген сұраққа жауап беруді ұсынады. Мен былай деймін: болыстық жиынның қай-қайсысында болса да және әрбір фабрикада байсалды партияның атынан халыққа осындай сұрақ қойған адамды халық келемеж етіп, қуып шығады, өйткені білуге болмайтын нәрсе туралы сұрақ қоюға болмайтынын болыстық жиынның қай-қайсысында болса да түсінеді. Мұны көз келген жұмысшы мен шаруа түсінеді. (Қол шапалақтау.) Егер сіздердің қалайда жауап алғыларыңыз келсе, мен сіздерге былай деймін: газеттерге жазып жүрген немесе митингілерде сөз сөйлеуші солшыл эсердің қайсысы болса да бұл мерзімнің неге байланысты екенін айтып береді: Жапонияның қашан, қандай күшпен шабуыл жасауына, қандай қарсылыққа кездесетініне, немістің Финляндияда, Украинада қаншалықты тұралайтынына, барлық майдандарда шабуылдың қашан басталатынына, оның қалай өрістейтініне, Австрияда және Германияда ішкі жанжалдың барысы қалай болатынына және басқа көптеген себептерге байланысты. (Қол шапалақтау.)

Сондықтан да, байсалды жиналыста жеңімпаздық түрмен: тыныс алу қаншалық болатынын маған айтып беріңіз деп сұрақ қойған адамдарды,—мен мұндай адамдарды азапты үш жылдық соғыстан кейін тыныс алудың әрбір аптасы асқан зор игілік екенін түсінетін адамдар жұмысшылар мен шаруалардың жиналыстарынан қуып шығады деймін. (Қол шапалақтау.) Сондықтан мен былай деп кесіп айтамын: осында бізге қаншама ұрысса да, егер күні ертең оңшылдардың, оңшыл дерліктердің, оңшылдар маңындағылардың, солшыл эсерлердің, кадеттердің, меньшевиктердің біздің атымызға жаудырған балағат сөздерінің бәрін жинаса, егер соның бәрін жинап, бастырып шығарса, егер ол жүздеген пұт болып шықса, мұның бәрінің салмағы, бізде, большевиктік фракцияда, оның өкілдерінің оннан тоғызының: біз соғыстың не екенін білеміз жәпе біз осы қысқа мерзімді тыныс жасағанымызда, көріп отырмыз, мұның өзі—ауру армиямызды сауықтыруда пайдалы болды деп айтуымен салыстырғанда, әлгінің бәрінің салмағы мен үшін қауырсындай болады. Ал шаруалардың әрбір жиналысында шаруалардың оннан тоғызы істі білгісі келетін әрбір адамның білетінін айтады, сөйтіп біз белгілі бір көмек көрсете алатын кезде бірде-бір практикалық ұсынысты біз қабылдамай тастамадық және қабылдамай тастап отырғанымыз жоқ.

Революциялық жел сөзге және «қоғамдық» пікірге қарсы жүргізілген саясаттың арқасында біз, тіпті он екі күнге болса да, тыныстауға мүмкіндік алдық. Камков пен солшыл эсерлер сіздерге жарамсақтанып, көз қысқанда, бір жағынан, олар сіздерге көз қысады, ал екінші жағынан, кадеттерге: бізді есепке қосып қойыңдар, біз сендермен жан-тәнімізбен біргеміз ғой дейді. (Орыннан дауыс: «Жалған».) Ал эсерлер өкілдерінің бірі, жаңылмасам, солшыл емес, әсіре солшыл, максималист, жел сөз туралы айтты, ол ар-намысқа қатысы бардың бәрі жел сөз болып табылады деді. (Дауыс: «Дұрыс».) Әрине, «дұрыс» деп оңшыл лагерьден айқайлап отыр; бұл дауыс маған «жалған» деген дауыстан гөрі ұнамдырақ, бірақ бұл «жалған»

деген дауыс та маған ешқандай әсер ете қоймайды. Ал егер мен оларды, ешқандай анық және дәл дәлелдеме берместен, жел сөзге салынды деп айыптасам, онда бір сәрі, бірақ мен екі мысал келтірдім ғой және оларды ойдан шығарғаным жоқ, қайта нақты тарихтан алдым ғой.

Естеріңізге түсіріңіздерші, 1907 жылы монарх II Николайға жан-тәнімен қызмет етеміз деп Столыпинге қолхат бергенінде, эсерлердің өкілдері дәл осындай жағдайда болмап па еді? Мен революцияның ұзақ жылдарының ішінде бірдеңе үйрендім ғой деп ойлаймын, ал мені сатқындық істедің деп жерден алып жерге салғанда, мен былай деймін: алдын ала тарихты зерттеп білу керек. Егер біз тарихты бұрып жібергіміз келген болса,—ал тарих бұрылмай, біз бұрылған болып шықтық,—онда бізге өлім жазасын беріңдер. Тарихты сөзбен иландыра алмайсың және біздің айтқанымыз дұрыс болғанын, біз жел сөзден жоғары тұрып, фактілерге тура қарай білуіміздің, ол фактілерден үйрене білуіміздің арқасында ғана 1917 жылғы Ұлы Октябрь революциясына жұмысшы ұйымдарын шығара білгенімізді тарих көрсетеді, ал қазір, 14—15 мартта, егер біз соғысқан болсақ, империализмге көмектесетініміз, транспортты құртып, Петроградтан айрылатынымыз айқындалған кезде,—біз бостан-бос сөйлеудің, картон семсер сермеудің пайдасыз екенін көріп отырмыз. Бірақ маған Камков келіп: «бұл тыныс алу ұзаққа созыла ма?» деп сұрайды, ал бұған жауап беруге болмайды, өйткені халықаралық объективті революциялық жағдай болған жоқ. Қазір реакцияның ұзақ тыныс алуы мүмкін емес, өйткені барлық жерде объективті жағдай революциялық жағдай болып отыр, өйткені барлық жерде жұмысшылар бұқарасы ызалануда, олардың шыдамы сарқылуда, соғыстан шаршап-шалдығудың шегіне жетуде, бұл—факт. Бұл фактіден сытылып шығуға болмайды, сондықтан да мен сіздерге революцияның алға басқан кезеңі болды, біз де алдыңғы қатарда ілгері бастық, ал солшыл эсерлер біздің соңымыздан әрең ілесіп отырды деп дәлелдедім. (Қол шапалақтау.) Ал қазір басым күштің алдында шегінуге тура

келетін кезең басталды. Бұл—әбден нақты сипаттама. Маған бұл жөнінде ешкім жауап бермейді. Тарихи талдау мұны қуаттауға тиіс. Ал болыстық жиын жөнінде біздің марксист, болар-болмас марксист Мартов көкіп бағады; ол газеттерді жапқандық жөнінде көкиді; ол езілген және зәбірленген газеттердің Совет өкіметін құлатуға көмектескендігі үшін оларды жауып тастады деп мақтанып көреді, ол көкіп бағады (қол шапалақтау)... Бұл туралы ол үндемей қалмайды. Ол сондай нәрселерді әкеліп алға тартады, ал менің біз октябрьден бастап салтанатты шеру жасадық па, жоқ па, бұл рас па, жоқ па деп турасынан қойған тарихи сұрағыма жауап беру әрекеті... (Оң жақтан дауыс: «Жоқ».) Сіздер «жоқ» дейсіздер, ал мына отырғандардың бәрі «рас» дейді. Мен былай деп сұраймын: ал қазір біз халықаралық империализмге жеңімпаз шеру жасап, шабуылға шыға аламыз ба? Шыға алмаймыз, мұны жұрттың бәрі де біледі. Жұрттың революциядан үйренуі үшін,—ал революция дана, қиын және күрделі ғылым,—революцияны жасаушы жұмысшылардың да, шаруалардың да үйренуі үшін осы сөзді,—тура және қарапайым сөзді,—тікелей бетке айтсаң, жаулар: қорқақтар, сатқындар, туды тастап кетті, құр сөзбен құтылмақ болады, қолдарын ербеңдетеді деп байбалам салады. Жоқ. Мұндай жел сөздің революционерлерін революциялардың барлық тарихы көп көрді және ондайлардан сасық бықсықтан басқа түк қалған жоқ. (Қол шапалақтау.)

Мен келтірген екінші мысалды алайық, жолдастар, бұл Германияның, Наполеон езіп-жаныштаған Германияның, масқара бітімдерді және онымен аралас соғыстарды көрген Германияның мысалы. Менен: біз шарттарды ұзақ сақтаймыз ба?—деп сұрайды. Ал егер менен: сіздер шарттарды сақтайсыздар ма әлде жоқ па?—деп үш жастағы сәби сұраса, онда бұл әрі сүйкімді, әрі аңқаулық болар еді. Бірақ мұны солшыл эсерлер партиясындағы ересек Камков сұрап отырса, менің білетінім—оның аңқаулығына ересек жұмысшылар мен шаруалардың азын-аулағы сенеді, ал көпшілігі: «Екіжүзділікке салынбаңыз» дейді. Өйткені мен

келтірген тарихи мысал ашықтан-ашық мынаны көрсетеді: армиясынан айрылған,—ал бұл сан рет болған,—халықтардың, барлық жерінен тегіс айрылуға дейін езіліп-жаншылған, жаулап алушыға басқыншылық жаңа жорықтар жасау үшін көмекші корпустар беруге дейін езіліп-жаншылған халықтардың азаттық соғыстарын,— міне, мұны тарихтан өшіріп тастауға болмайды, мұны ештеңемен қырнап өшіре алмайсың. Ал егер солшыл эсер Камков маған қарсы шыға отырып: «ал Испанияда революциялық соғыстар болды ғой» десе,—мұны мен стенограммадан көрдім,—ол менің айтқанымды қуаттап отыр, мұнысымен ол өзін өзі соққылап отыр. Дәл Испания мен Германия басқыншылық соғыстардың тарихи дәуірі туралы мәселені «сіздер шарттарды бұзбайсыздар ма және оны сіздер қашан бұзасыздар, сіздерді қашан ұстап алады...» деген негізде шешу балаларға ғана лайықты ғой дейтін менің мысалымды қуаттайды, ал тарих былай дейді: шарттың қандайы болса да күрестің тоқтауынан және күштердің арасалмағы өзгеруінен туады, бірнеше күннен кейін быт-шыты шыққан бітім шарттары да болды, бір айдан кейін быт-шыты шыққан бітім шарттары да болды, Германия мен Испанияның бітім жасасып, бірнеше айдан кейін оны бұзған, қатарынан бірнеше рет бұзған көп жылға созылған кезеңдер болды және халықтар соғыс жүргізу дегеннің не екенін толып жатқан соғыстарда үйреніп отырды. Наполеон басқа халықтарды тұншықтыру үшін герман әскерін жорыққа жібергенде, ол бұл әскерді революциялық соғысқа үйретті. Тарих, міне, осылай дамыды.

Міне, менің сіздерге, жолдастар, біздің большевиктік фракцияның оннан тоғызы шығарған шешімді[55] Россияның барлық саналы еңбекші жұмысшылары мен шаруаларының оннан тоғызы шығаратын болады дейтін себебім осыдан, бұған мен кәміл сенемін. (Қол шапалақтау.)

Мен шын айттым ба, әлде мен қателестім бе, міне бізге мұны тексеруге болады, өйткені сіздер жергілікті орындарға барасыздар және сіздердің әрқайсыңыз жергілікті Советтерге істің жайын айтып бересіздер,

сөйтіп барлық жерде жергілікті шешімдер шығарылады. Қорытындыда мен мынаны айтамын: арандатуға берілмеңдер. (Қол шапалақтау.) Буржуазия, Винниченколардың, украин Керенскийлерінің, Церетелиі мен Черновтың буржуазиясы, өзінің не істеп отырғанын біледі, буржуазия Псковта неліктен шаттанғанын, жақында Одессада неліктен шаттанғанын біледі. Оның шаттанған себебі—ол Совет өкіметінің қашып бара жатқан ауру армия жағдайында соғыс жүргізуге әрекеттеніп, қазіргі кезеңді есепке алғанда, қандай зор дипломатиялық қате істегенін өте жақсы түсінді. Буржуазия сіздерді соғысуға тартып, қақпанға түсірмекші. Шабуыл жасау ғана емес, шегінуге де тура келеді. Мұны әрбір солдат біледі. Буржуазияның сіздерді де, біздерді де қақпанға түсірмекші болып отырғанын түсініңіздер. Бүкіл буржуазияның және еркімен болсын, еріксіз болсын оның шылауында жүргендердің әлгіндей қақпан құрып жүргенін түсініңіздер. Сіздер ең ауыр жеңілістерді де мойынмен көтере білесіздер, ең қиын позицияларды сақтай білесіздер және, шегіне отырып, уақыт ұта білесіздер. Уақыт бізге қызмет етеді. Күпті болған империалистердің іші жарылады, ал олардың құрсағында жаңа алып өсіп келеді; ол біздің тілегенімізден гөрі баяу өседі, бірақ ол өсіп келеді, ол бізге көмекке келеді және ол өзінің бірінші соққысын бере бастағанын көрім біз: шегіну шағы бітті, дүние жүзілік шабуыл дәуірі және дүние жүзілік социалистік революцияның жеңу дәуірі басталды дейміз. (Көпке дейін басылмаған ду қол шапалақтау.)

4

БРЕСТ ШАРТЫН РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд біздің өкілдерімізді Брест-Литовскіде 1918 жылы 3 мартта жасасқан бітім шартын бекітеді (ратификациялайды).

Съезд Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің бізде армия болмауы себепті және халық күші буржуазия мен буржуазиялық интеллигенциядан өзінің апатты жағдайында қолдау таппай, қайта пайдакүнемдік-таптық мақсатпен мұны олардың пайдалануына кездесіп, соғыстан өте-мөте әлсіреуі себепті, осы, адам айтқысыз ауыр, зорлық және қорлық бітімді жасасуға қаулы еткен қимыл-әрекеттерін дұрыс деп табады.

Съезд бітім делегациясының қимыл-әрекеттерін дө сөзсіз дұрыс деп табады, бұл делегация герман бітім шарттарын толық талқылауға барудан бас тартты, өйткені бұл шарттар бізге көрінеу ультиматум қою арқылы және ашық зорлық арқылы таңылып отыр.

Съезд барлық жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың алдына, барлық еңбекші және езілген бұқараның алдына қазіргі кезеңнің ең басты, кезекті және шұғыл міндетін—еңбекшілердің тәртібін және өзара тәртіптілігін арттыру, барлық жерде бірдей, мүмкін болғанынша, өнімнің бүкіл өндірісі мен бүкіл бөлінісін қамтитын берік те сындарлы ұйымдар құру, аса азапты соғыстың зардабы ретінде тарихи жағынан бол-

май қоймайтын, бірақ сонымен қатар социализмнің түпкілікті жеңу ісіне және социалистік қоғам негіздерінің ныгаюына ең бірінші кедергі болып отырған былыққа, берекесіздікке, күйзеліске қарсы аяусыз күресу міндетін мейлінше табанды түрде ұсынады.

Қазір, октябрь төңкерісінен кейін, Россияда буржуазияның саяси өкіметін құлатқаннан кейін, біз барлық империалистік құпия шарттарды бұзғаннан және оларды жариялағаннан кейін, шетел заемдарын жойғаннан кейін, жұмысшы және шаруа үкіметі барлық халыққа бірдей әділетті бітім ұсынганнан кейін, Россия империалистік соғыстың қыспағынан құтылып шығып, бөтен елдерді тонауға және езіп-жаншуға өзін қатыспайды деп мәлімдеуге праволы.

Россия Советтік Федерациялық Республикасы бұдан былай, тонаушылық соғыстарды бірауыздап айыптай отырып, империалистік державалардың қайсысының болса да тарапынан мүмкін болатын барлық шабуылдардан социалистік отанды қорғауға өзінің праволы және өзінің міндетті екенін мойындайды.

Сондықтан съезд еліміздің қорғаныс қабілетін қалпына келтіруге және оны арттыруға, социалистік милиция негізінде және барлық жастар мен барлық ересек азаматтарға — еркектер мен әйелдерге — әскери білім беріп, оларды соғыс өнеріне жаппай үйрету негізінде еліміздің әскери қуатын қалпына келтіруге барлық күшті жұмсау бүкіл еңбекші бұқараның сөзсіз борышы деп санайды.

Барлық елдер жұмысшыларының капитал езгісіне қарсы социализм жолындағы күресінде олардың халықаралық ынтымағының барлық міндеттерін табандылықпен орындап келген Совет өкіметі халықаралық социалистік қозғалысқа жәрдемдесу үшін, адамзатты капитал езгісінен және жалдама құлдықтан құтқаруға, социалистік қоғам және халықтар арасында баянды, әділетті бейбітшілік орнатуға бастайтын жолды қамтамасыз етіп, тездету үшін қолынан келгенінің бәрін бұдан былай да істей береді деп съезд кәміл сенетіндігін білдіреді.

Съезд халықаралық жұмысшы революциясының алыс емес екендігіне және барлық елдердің империалистері социалистік қозғалысты басып-жаншудың ең айуандық құралдарын қолданудан тайынбай отырғанына қарамастан, социалистік пролетариаттың толық жеңуі қамтамасыз етілгендігіне кәміл сенеді.

1918 ж. 13 немесе 14 мартта жазылған

«АҒЫМҒА ҚАРСЫ» ДЕГЕН ЖИНАҚҚА АЛҒЫ СӨЗ

Осы басылымда жинақталған мақалалардың көпшілігі 1914 жылдың аяғынан 1917 жылдың басына дейін Швейцарияда шығып тұрған шетелдік «Социал-Демократта» (РСДР Партиясының — большевиктердің Орталық Органы)[56] басылған болатын. Бір үлкен журнал мақаласы ғана «Коммунист»[57] журналынан (тек бір ғана номері 1915 ж., Швейцарияда шықты) алынды.

Жеке мақалалар арасындағы байланысты дұрыс түсіну үшін олардың газетке басылуының хронологиялық рет санын ескеру керек.

Мақалалар негізгі екі категорияға бөлінеді. Бір бөлегі соғысқа берілген бағага және саясаттың осы бағадан шығатын міндеттеріне арналған. Екінші бөлегі партия ішіндегі қатынастарды, фракциялардың күресін, өрісіз адамдарға ұзақ уақыт бойы «былық» немесе «жеке адамдар арасындағы дау-шар» болып көрініп келген күресін қарастырады, ал бұл күрес қазір, жұрттың бәрінің көріп отырғанындай, іс жүзінде шын социалистердің буржуазия малайларынан, Либердан[58], Мартов және К° мырзалардан іргесін аулақ салуына жеткізді.

Мақалалардың бірінші бөлегінің немесе бірінші категориясының анағұрлым зор маңызы бар екендігі түсінікті. Халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25

октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін сапалы жұмысшылардың бірде-бірінің бұл мақалалармен таныспауына болмайды.

Н. Ленин

1918 ж. 19 және 26 март аралығында жазылған

1918 ж. жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советі шығарған жинақта басылған

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

«DAILY NEWS» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ А. РАНСОМҒА БЕРІЛГЕН ИНТЕРВЬЮ[59]

Бальфурдың сөйлеген сөзіндегі ең нашар жерлерінің бірі — жапондар орыстарға көмекке келеді деген мәлімдемесі[60]. *Атап айтқанда қай орыстарға көмекке келеді екен?*

Қазіргі Россияда өзінің табиғаты жағынан халықаралық империализм тарапынан болатын шабуылдарға қарсы өліспей беріспейтін күрес жүргізетін бір күш бар—бұл Советтер өкіметі. Жапондар жақындап қалыпты деген қауесет шығысымен жапондар «көмектеспекші» болып отырған орыстардың ең бірінші қадамы Совет өкіметін жою талабы болды. Жапондар Сибирьге бойлап енген ретте жапондардың «көмектеспекші» болып отырған «орыстарының» дәл өздері бүкіл Сибирьде Советтердің жойылуын талап ететін болады. Сонда Совет өкіметі немен ауыстырылуы мүмкін?

Оны ауыстыратын бірден-бір үкімет—буржуазиялық үкімет. Бірақ Россиядағы буржуазия сырттан көмек болғанда ғана өкіметті ұстап тұра алатындығын қазірдің өзінде-ақ жеткілікті дәрежеде айқын көрсетті. Егер сырттан жасалатын көмекке сүйенетін буржуазиялық үкімет Сибирьде өкіметті ұстап тұра алса, сөйтіп Совет өкіметі Шығыс Россиядан айрылып қалатын болса, онда Батыс Россияда да Совет өкіметі әлсірейтіні соншалықты, ол ұзақ уақыт өкіметті ұстап тұра ала қоймас, сөйтіп оның мұрагері буржуазиялық үкімет болады, ал бұл үкімет те мұнда сырттан жасалатын көмекке мұқтаж болып шығады. Бұл көмекті көрсететін держава,

әрине, Англия емес. Мұндай мүмкіндіктің қандай перспективаларға душар қылатынын түсіну қиын емес.

Рансоммен әңгімелескенде менің шынымен осылай дегенімді растаймын және мұны басуға рұқсат етемін.

Москва 23. III. 1918 ж. *Ленин*

Бірінші рет 1932 ж. орыс (иллюстрация) және ағылшын тілдерінде мына кітапта басылған: R. H. Bruce Lockhart. «Memoirs of a british agent», London

В. И. Ленин өз қолымен қосымша енгізген, машинкада басылған текст бойынша басылып отыр

«СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ БАСТАПҚЫ НҰСҚАСЫ[61]

IV ТАРАУ

...*

Қазір бұл міндет,— әрине, әлі онша аяқталмаған және ешқашан да ақырына дейін тәмамдалмайтын міндет,—Совет өкіметі міндеттерінің ішінде қазірдің өзінде-ақ бірінші орында тұрған жоқ. Еңбекші таптардың басым көпшілігінің жалпы алғанда Совет өкіметінің жағына және жекелеп алғанда большевиктер партиясының жағына саналы түрде және біржола шыққанын Советтердің соңғы съездері, әсіресе Москвадағы Бүкіл россиялық съезі көрсетті. Әлбетте, азды-көпті демократиялық үкімет үшін халық бұқарасын иландыру міндеті ешқашан да мүлде кейінге қалдырылмақ емес, керісінше, ол міндет әрдайым басқарудың маңызды міндеттерінің қатарында тұра береді. Бірақ мұндай міндет оппозициядағы партиялар үшін ғана немесе болашақтың мұраттарын жүзеге асыру жолында күресіп жатқан партиялар үшін ғана бірінші орынға қойылады. Большевиктер, бір жағынан, патша өкіметінің тұсында-ақ жәпе, екінші жағынан, Керенский үкіметінің тұсында еңбекшілер бұқарасының белсенді, саналы элементтерінің көпшілігін өз жағына шығара алғаннан кейін біздің партияның алдына өкімет билігін жеңіп алу және қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу міндеті қойылды. Жұртты иландыру орнына Россияны жеңіп алу міндеті бірінші орынға қойылды. Шиеленіскен және мейлінше кескілескен күрес жағдайында үс-

* Стенограмманың бас жағы табылған жоқ. *Ред.*

темдікке жететін қандай да болсын саяси партия үшін мұндай міндеттің табиғи түрде бірінші орында тұруға тиіс екепі сияқты, 1917 жылғы октябрьдің аяғынан бастап, шамамен 1918 жылғы февральға дейін осы жауынгерлік немесе соғыс міндеті бірінші орында тұрды. Пролетариат партиясы үшін қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу міндетінің өте-мөте қатты қойылатыны өзінен-өзі түсінікті, өйткені дәулетті таптардың өзара біріккен өкілдері, капиталдың күшімен де, білімнің күшімен де, басқарудың, ғасырлық демесек те, көп жылдық әдет-дағдысымен қаруланған өкілдері мұнда пролетариат жағына шыққан еңбекшілер бұқарасына қарсы бас көтеріп отыр. 1905 жылғы революцияның әлі естен шыға қоймаған сабақтарының әсерімен және қазіргі соғыстың әлдеқайда ауыр, әрі шиеленіскен сабақтарының әсерімен Россияда тарихи қалыптасқан ерекше жағдайлардың арқасында,— осы жағдайлардың арқасында большевиктер астанада да, Россияның басты-басты өнеркәсіп орталықтарында да өкімет билігін жеңіп алу міндетін біршама өте жеңіл шеше алды. Бірақ провинцияда, орталықтан шалғай жерлерде, әсіресе Россияның халықтың біршама артта қалған және монархия мен орта ғасырлық дәстүрлерін бәрінен де берік сақтайтын белгілі бір бөлегі көбірек шоғырланған аудандарында,— мәселен, казак облыстарында,— Совет өкіметінің соғыс түріне айналған қарсылыққа және енді ғана, Октябрь революциясынан бері төрт айдан аса уақыт өткеннен кейін ғана толық аяқталып келе жатқан қарсылыққа төтеп беруіне тура келді. Қазіргі кезде Россияда қанаушылардың қарсыласуын жеңу, басып-жаншу міндеті өзінің басты белгілері жағынан аяқталып бітті. Россияны большевиктердің жеңіп алуының басты себебі — халықтың басым көпшілігі, тіпті казактардың арасында да, саналы түрде, берік және үзілді-кесілді түрде большевиктер жағына шықты,— мұны жуырда Дондағы контрреволюцияшыл казактардың аса көрнекті қайраткері Богаевский де мойындады. Бірақ өздерінің экономикалық халі жағынан дәулетті таптар ие болып отырған ерекше жағдай олардың ең-жар қарсылық (саботаж) ұйымдастыруына ғана емес,

сонымен қатар Совет өкіметіне соғыс арқылы қарсыласу әрекетін қайталауына да мүмкіндік беретіні табиғи нәрсе. Сондықтан қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу міндетін де ақырына дейін аяқталды деп есептеуге болмайды. Бірақ қалай дегенмен де қазір ол міндет басты белгілері жағынан негізінен шешіліп, екінші қатарға ығысып барады. Совет өкіметі бұл міндетті бір минут те ұмытпақ емес және қандай да бір саяси немесе жалған социалистік атаулармен және тақпақтармен оны орындаудан өзін басқа жаққа бұрып әкетуге ешбір жол бермейді. Мұны ескертуге тура келеді, өйткені біздегі меньшевиктер де, оңшыл эсерлер де өздерінің реакциялық және помещиктік үкіметтерге қарсы күрес жүргізгендегісінен де бетер, Совет өкіметіне қарсы қатты күрес жүргізіп және өз партиясының атағы немесе аты қорғайды деп есептеп, контрреволюцияның ең оралымды, кейде тіпті ең арсыз қайраткерлерінше әрекет етуде. Мұндай қарсылық қандай да болсын партиялық туларды немесе қандай да болсын көпшілікке әйгілі және сыпайы атақты бүркенсе де, Совет өкіметі қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу жөніндегі өз міндетін орындаудан ешқашан да тартынбайтыны түсінікті. Бірақ қарсылықты басып-жаншу міндеті басты белгілері жағынан қазірдің өзінде аяқталды, сөйтіп енді жерде мемлекетті басқару міндеті алға қойылып отыр.

Міне, халық бұқарасын иландыру сияқты бірінші орында тұрған міндеттен және өкімет билігін жеңіп алу, қарсыласушы қанаушыларды әскери күшпен басып-жаншу міндетінен бірінші орын алғалы отырған мемлекетті басқару міндетіне көшу,—міне осы көшу өзіміз бастан кешіріп отырған кезеңнің басты өзгешелігі болып табылады. Совет өкіметінің қиыншылығы көбінесе халықтың саяси басшыларының да, жалпы алғанда еңбекшілер бұқарасының барлық саналы элементтерінің де осы көшудің ерекшеліктерін айқын ұғына білуіне күш салуында болып отыр. Өйткені, тантарының айырмашылығына қарамастан, барлық халық болып басқарудың бейбіт міндеттеріне көшу керектігі өзінен-өзі түсінікті,—кей жерлерде әлі аяқталмаған

азамат соғысы жағдайында, Совет республикасына батыстан да, шығыстан да қатер туғызып отырған орасан зор соғыс қаупі жағдайында, ақырында, соғыс туғызған, адам айтқысыз күйзеліс жағдайында осыған көшу керектігі түсінікті,—осындай көшудің өзі орасан зор қиыншылық болып табылатындығы да түсінікті.

V ТАРАУ

Қазір Совет өкіметінің алдында бірінші кезекте қойылып отырған мемлекетті басқару міндетінің тағы бір ерекшелігі сол, қазір—бәлкім, цивилизациялы халықтардың ең жаңа тарихында тұңғыш рет болар—әңгіме саясат емес, экономика басымырақ маңыз алатын басқару жайында болып отыр. Әдетте «басқару» деген сөз атап айтқанда және бәрінен бұрын көбінесе немесе тіпті таза, саяси қызметпен байланыстырылып жүр. Оның бер жағында капиталистік қоғамнан социалистік қоғамға өту мәнінің өзі сияқты, Совет өкіметі негіздерінің мәнінің өзі де экономикалық міндеттерге қарағанда саяси міндеттердің бағыныңқы орын алатындығында болып отыр. Сондықтан қазір, әсіресе Россияда Совет өкіметінің төрт айдан аса өмір сүргендегі практикалық тәжірибесінен кейін, мемлекетті басқару міндеті ендігі жерде бәрінен бұрын және ең алдымен елімізді соғыс түсірген жарақаттардан айықтыру, өндіргіш күштерді қалпына келтіру, өнімдерді өндіру мен бөлуді есепке алып, бақылауды жолға қою, еңбек өнімділігін арттыру сияқты таза экономикалық міндет болып табылатыны,—қысқасы, оның экономиканы қайта құру міндетіне келіп саятыны бізге әбден айқын болуға тиіс.

Бұл міндет басты-басты екі тармаққа бөлінеді деуге болады: 1) өнімдерді өндіру мен бөлуді есепке алу мен бақылаудың неғұрлым кең көлемде, барлық жерде бірдей, жан-жақты формалардағы есеп пен бақылау болуы және 2) еңбек өнімділігін арттыру. Бұл міндеттерді қандай да бір коллектив немесе социализмге өтетін қандай да бір мемлекет болса да, социализмнің негізгі экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси алғы шарттарын капитализм жеткілікті дәрежеде жасаған

жағдайда ғана шеше алады. Машиналы ірі өндіріс болмайынша, темір жолдардың, почта-телеграф байланыстарының азды-көпті дамыған жүйесі болмайынша, халыққа білім беру мекемелерінің азды-көпті дамыған жүйесі болмайынша,—бұл міндеттің екеуі де жүйелі түрде, бүкіл халықтық көлемде шешіле алмайтындығы сөзсіз. Россияның жағдайы мынадай: онда осындай басқаруға көшудің бастапқы алғы шарттарының бірсыпырасы қазір бар. Екінші жағынан, елімізде бұл сияқты алғы шарттардың бірсыпырасы жоқ, бірақ еліміз мұндай алғы шарттарды көршілес, әлдеқайда озық елдердің, тарих пен халықаралық қарым-қатынас ертеден-ақ Россиямен тығыз байланыс жасатқан елдердің практикалық тәжірибесінен біршама оңай алуына болады.

VI ТАРАУ

Социалистік құрылысқа өтетін қай қоғамның болса да түбегейлі міндеті—үстем таптың—немесе, дәлірек айтқанда, үстем тап болып өсіп келе жатқан—пролетариаттың, жоғарыда баяндалғандай, буржуазияны жеңіп шығуы. Ал бұл міндет біздің алдымызға едәуір дәрежеде жаңаша қойылып отыр,—бұл міндет пролетариаттың буржуазияға қарсы күресінің бүкіл дүние жүзілік тәжірибесі талай-талай ондаған жылдар ішінде қойғандағыдан мүлдем басқаша қойылып отыр. Қазір, Октябрь революциясының жеңістерінен кейін, азамат соғысындағы табыстардан кейін буржуазияны жеңіп шығу деп, біз формасы жағынан негұрлым бейбіт болғанымен, анағұрлым жоғары бір нәрсені түсінеміз және түсінуге тиіспіз: атап айтқанда—буржуазияны жеңіп шығу қазір, бұл жеңіске саяси жағынан қол жетіп, соғыс жолымен баянды етілгеннен кейін,—енді бұл жеңіске халық шаруашылығын ұйымдастыру саласында, өндірісті ұйымдастыру саласында, бүкіл халықтық есеп пен бақылау саласында қол жеткізілуге тиіс. Өндіріс негұрлым ірі бола түскен сайын, қазіргі ірі мемлекеттің ондаған, жүздеген миллион халқын қамтитын жалпы мемлекеттік экономикалық мекемелердің жүйесі негұрлым көбейе түскен сайын, буржуазия өндірісті

есепке алу мен бақылау міндеттерін соғұрлым зор табыспен шешіп отырды. Бұл міндетті біз енді пролетариаттың үстем жағдайына, оны еңбекшілер мен қаналған бұқара көпшілігінің қолдауына сүйене отырып, ұйымдастырушылық таланттың, техникалық білімнің өткендегі қоғам жинақтаған және оннан тоғызы, жүзден тоқсан тоғызы болуы да мүмкін, социалистік революцияға дұшпандықпен қарсы тұрған тапқа жататын элементтерін пайдалана отырып, жаңаша шешуге тиістіміз.

VII ТАРАУ

Қазіргі кезде әскери қуаты мен әскери техникасының ғана емес, сонымен қатар капитализм шеңберіндегі ірі өнеркәсіп ұйымдарының да ең зор прогресіне жетіп отырған герман империализмі еңбек міндеткерлігіне көшуді басқа мемлекеттерден бұрын жүзеге асыру арқылы, былайша айтқанда, өзінің экономикалық прогресшілдігін көрсетті. Жалпы алғанда капиталистік қоғам жағдайында, әсіресе империалистік соғысты жүргізіп жатқан монархиялық мемлекеттердің жағдайында еңбек міндеткерлігі жұмысшылар үшін әскери-каторгалық түрмеден басқа, еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасын кіріптарлыққа салудың жаңа құралынан басқа, осы бұқараның тарапынан жасалатын қандай да болсын наразылықты басып-жаншу шараларының жаңа жүйесінен басқа ештеңе де емес екені түсінікті. Бірақ, қалай дегенмен де, бір күмәнсыз нәрсе сол, ірі капитализм жасаған экономикалық алғы шарттардың арқасында ғана мұндай реформаның кезекке қойылып, жүзеге асырылуы мүмкін болды. Сондықтан қазір, соғыстан кейінгі сұмдық күйзеліс туғызған жағдайларда біздің де дәл осындай реформаны, күмән жоқ, ең алдыңғы орындардың біріне қоюымызға тура келеді. Бірақ қоғамның капиталистік жолмен ұйымдасуынан социалистік жолмен ұйымдасуына көшіп жатқан Совет өкіметі еңбек міндеткерлігін герман империализмі жүзеге асыра бастаған жағынан бастамай, мүлде басқа жағынан жүзеге асыра бастауға тиіс екені түсінікті. Германияның капиталистері мен империалистері үшін

еңбек міндеткерлігі дегеніміз жұмысшыларды кіріптарлыққа салу болды. Россияның жұмысшылары мен ең кедей шаруалары үшін еңбек міндеткерлігі дегеніміз ең алдымен және көбінесе бай және дәулетті таптарды өздерінің қоғамдық қызметін атқаруға тарту болуға тиіс. Еңбек міндеткерлігін жүзеге асыруды біз байлардан бастауға тиістіміз.

Мұның қажеттілігі, жалпы айтқанда, Советтік Республиканың социалистік республика екендігінен ғана туын отырған жоқ. Мұның қажеттілігі сонымен қатар мынадан да туып отыр: нақ бай және дәулетті таптар өздерінің әскери қарсыласуымен де, енжар қарсыласуымен де (саботаж жасауымен) Россияны соғыс түсірген жарақаттардан айықтыру ісін,— елімізді экономикалық жағынан сауықтырып, көтеру ісін бәрінен гөрі көбірек қиындатты. Сондықтан да қазір бүкіл мемлекеттік басқаруда ең маңызды орынға қойылуға тиісті есеп пен бақылау ең алдымен бай және дәулетті таптардың өкілдерінен талап етілуі керек. Өздері соғыс кезінде еңбекшілерден мейлінше зор молшерде жинаған алым-салықты нақ осы таптардың өкілдері пайдаланып келген еді, елімізді сауықтырып, оны жаңғырту ісіне қатысу жөніндегі әрбір азамат үшін міндетті болып табылатын міндеттерді орындаудан жалтару үшін осы алым-салықты нақ солар пайдаланып келген еді, ешкім тиісе алмайтын жайлы орынға жайғасып, бекініп алып, қоғам құрылысының социалистік принципінің капиталистік принципті жеңуіне қарсы нақ солар өздері тонап алған алым-салықты иеше түрлі қарсылық көрсету үшін пайдаланып келген еді. Бай және дәулетті таптардың Совет өкіметіне қарсы және социализмге қарсы осындай күрес жүргізуінің басты құралдарының бірі — олардың қолында ақша знактарының едәуір көп запасы жиналып отырғандығы. Капиталистік қоғамда дәулетті таптардың байлығы ең алдымен олардың жер және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын: фабрикаларды, заводтарды, т. т. иеленіп келгенінде болды. Жұмысшылардың және шаруалардың орасан көпшілігінің қолдауы арқасында Совет өкіметінің ел байлығының

осы негізгі түрін помещиктер мен буржуазияның нелепу правосын жоюы қиын болған жоқ. Жерге жеке меншікті декретпен жою қиын болған жоқ. Фабрикалар мен заводтардың көпшілігін национализациялау қиын болған жоқ. Қалған ірі өнеркәсіп орындары мен транспорт құралдарын да национализациялау ең талу болашақта оңай жүзеге асырылатын міндет болып табылатындығында күмән жоқ.

Бірақ капиталистік қоғам байлықтың басқа бір формасын да жасады, байлықтың бұл формасы үшін есе қайтару Совет өкіметіне онша оңайға түсетін емес. Байлықтың бұл формасы ақша немесе тіпті дұрысырағы — ақша знактары. Соғыс кезінде ақша знактарын шығару орасан зор көлемге жетті. Осыған дейін көбінесе Россияға товар әкеліп және одан товар әкету ісіне қатысып келген бірсыпыра елдермен сауда айналымынан Россия соғыс қимылдарының себебінен бөлініп қалды. Сөйтіп, ақша знактарының әскери жабдықтар беру мен мердігерлік бойынша бағаны өсіру жолымен жалдаптық жасауға жаппай дерлік, тікелей де, жанама түрде де, қатысқан бай және дәулетті таптардың қолына жиналып қалуы,— ақша знактарының көп мөлшерде жиналып қалуы байлықты қорландырудың және дәулетті таптардың еңбекшілерге октемдігін шоғырландырудың басты әдістерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта Россияның экономикалық жағдайына,— тегінде, үш жылдық соғысты басынан кешірген әрбір капиталистік елдің жағдайы сияқты,— Россияның экономикалық жағдайына тән нәрсе мынау: қағаз ақшаның орасан көп шығарылуы салдарынан қатты құнсызданған, бірақ солай болғанымен, осы кезге дейін де еңбекші халықтан алым алу правосының куәлігі болып табылатын ақша знактарының орасан көп запастарын буржуазия мен дәулетті таптардың біршама шағын азшылығы өз қолына жинап, тығып тастап отыр.

Капиталистік қоғамнан социалистік қоғамға өткен кезде ақша знактарынсыз қалу немесе аз уақыттың ішінде оларды жаңа знактармен ауыстыру — мүлде мүмкін емес нәрсе. Қазір Совет өкіметінің алдында

қиын міндет, бірақ қайткен күнде де шешілуге тиісті міндет,—байлардың қарсыласуына қарсы,— еңбекшілерден алым алу куәліктерін сақтап, тығып тастау формасында болып отырған қарсыласуға қарсы күресу міндеті тұр. Ақша знактары сондай куәліктер болып табылады. Әрине, бұрын бұл ақша знактары өндіріс құрал-жабдықтарын, мәселен, жерді, фабрикаларды, заводтарды, т. б. алуға, сатып алуға право беріп келгендіктен, бұл ақша знактарының маңызы төмендей береді, тіпті мүлде жоққа тән болып қалады. Өйткені жерді социализациялау туралы заң шығарылғаннан кейін Россияда жер сатып алу қазірдің өзінде мүмкін болмай қалды, ал фабрикалар мен заводтарды, сондай-ақ осылар тәрізді ірі өндіріс құрал-жабдықтары мен транспорт құралдарын сатып алу осылар сияқты барлық ірі кәсіпорындарды национализациялау мен конфискелеудің шапшаң жүріп жатқан процесі арқасында мүлде дерлік мүмкін болмай қалды. Демек, буржуазияның және дәулетті таптардың өкілдері үшін (оның ішінде шаруалар буржуазиясы үшін) өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға ақшалай қаржы жинау барған сайын қиындап, мүмкін емес дерлік нәрсеге айналып келеді. Бірақ өздерінің ескі пұрсаттылықтарын қорғай отырып және елімізді социалистік жолмен қайта құру ісін мүмкін-қадерінше көбірек бөгеп, қиындата түсуге ұмтыла отырып, буржуазия өзінің қоғамдық байлықтан үлес алу жөніндегі куәліктерін, өзінің еңбекшілерден алым алу жөніндегі куәліктерін сақтап, тығып тастап отыр, өз жағдайын сақтап қалудың және әлі де болса Россияның басына түсуі мүмкін қиыншылықтар немесе соғыс және сауда сипатындағы дағдарыстар бола қалған күнде ескі пұрсаттылықтарын қайтарып алудың кейбір мүмкіндіктерін болса да қамтамасыз ету үшін ақша знактарын сақтап, тығып тастап отыр.

Ал тұтыну заттарына келетін болсақ, онда соғыс кезінде жалдаптықпен жиналған ақша знактарының сомасына тұтыну заттарын алу мүмкіндігі буржуазия мен дәулетті таптарда толық дерлік сақталып отыр, өйткені Россия сияқты елде, халықтың ұсақ шаруалар

мен ұсақ қолөнершілер немесе майдагерлік топтары орасан көп болып отырғанда, әлгі тұтыну заттарын дұрыс нормалау, дұрыс бөлу міндеті,—бұл міндет орасан зор қиындық келтіреді, ал соғыс туғызған күйзеліс жағдайында бұл міндет күні бүгінге дейін шешілмеген күйінде қалып отыр деуге болады. Сонымен, Совет өкіметі өнімдер өндіру мен бөлуді есепке алу және бақылау ісін ақша знактарының орасан көп сомасын мемлекеттік бақылаудың қандайынан болсын жасырып отырған бай және дәулетті таптарға қарсы ұйымдасып күрес жүргізуден бастауға мәжбүр болып отыр.

Россияда қазіргі уақытта 30 миллиард сомға жуық ақша знактары шығарылды деуге болады. Бұл соманың, сірә, кем дегенде 20 миллиарды, бәлкім, бұдан да едәуір көбі болуы да мүмкін, сауда айналымы үшін мүлде керексіз және буржуазия мен дәулетті таптардың өкілдері қара басының—немесе таптық құлқындарының—мақсаттарын көздеп, сақтап, тығып, жасырып тастап отырған запас.

Совет өкіметі еңбек міндеткерлігін енгізуді ең алдымен буржуазияның және дәулетті таптардың өкілдерін тізімге алумен ұштастыруға тиіс болады, қолда бар ақша знактарының мөлшері туралы ақиқатқа сай келетін мәлімдеме (декларация) жасалуын талап етуге тиіс болады, бұл талаптың қағаз жүзінде қалмауы үшін бірқатар шаралар қолдануға тиіс болады, ақша знактарының барлық запастарын Мемлекеттік банкке немесе оның бөлімшелеріне жинақтауға көшудің шараларын ойластыруға тиіс болады. Осы сияқты шаралар қолданылмайынша өнімдер өндіру мен бөлуді есепке алу және бақылау ісі ақырына дейін жеткізілуі мүмкін емес.

VIII ТАРАУ

Бірақ еңбек міндеткерлігін енгізу дәулетті таптардың қолына жинақталған ақша знактарының сомасын есепке алып, бақылаумен шектеле алмайды. Совет өкіметіне еңбек міндеткерлігі принциптерін буржуазия мен дәулетті таптардың кәсіпорындарды басқару және бұл кәсіпорындарға алуан түрлі қосалқы еңбекпен:

бухгалтерлік, конторлық, есеп-қисап, техникалық, әкімшілік, т. с. еңбекпен қызмет көрсету саласындағы тікелей қызметі жөнінде де жүзеге асыруға тура келеді. Бұл жөнінде Совет өкіметінің міндеті саботажға қарсы тікелей күрес жүргізу саласынан жаңа жағдайларда істі ұйымдасқан түрде жолға қою саласына ауысады, өйткені Совет өкіметінің азамат соғысында октябрьден бастап февральға дейін қолы жеткен жеңістерінен кейін қарсыласудың енжар формалары, атап айтқанда: буржуазия мен буржуазияшыл интеллигенция тарапынан саботаж жасауға, шынына келгенде, тойтарыс берілген болатын. Қазіргі уақытта бұрынғы саботажшылардың, яғни капиталистер мен буржуазияшыл интеллигенцияның лагерінде пиғыл мен саяси құлықта өте кең, былайша айтқанда, жаппай бетбұрыс байқалып жатқанын көріп отырғанымыз кездейсоқ нәрсе емес. Енді біз шаруашылық және саяси өмірдің барлық салаларында буржуазиялық интеллигенция мен капиталистік шаруашылық қайраткерлерінің орасан көпшілігінің өз қызметін ұсынып отырғанын,— олардың Совет өкіметіне өз қызметін ұсынып отырғанын көріп отырмыз. Ал Совет өкіметінің міндеті қазір осы қызметтерді пайдалана білуде болып отыр, социализмге өту үшін бұл қызметтер сөзсіз қажет, әсіресе Россия сияқты шаруалар елінде қажет қызметтер және бұлар Совет өкіметінің өзінің жаңа,— екінің бірінде еркінен тыс, осы Совет өкіметін жою жөнінде жасырын үмітпен әрекет еткен,— көмекшілері мен жәрдемшілері жөніндегі үстемдігін, басшылығы мен бақылауын толық сақтай отырып алынуға тиісті.

Нақ социализмге өту үшін Совет өкіметіне буржуазиялық интеллигенцияның қызметін пайдаланудың қаншалықты қажет екендігін көрсету үшін біз сырт қарағанда сөкет көрінетін сөздерді қолданбақшымыз: социализм орнатуды едәуір дәрежеде трестердің басшыларынан үйрену керек, социализм орнатуды капитализмнің аса ірі ұйымдастырушыларынан үйрену керек. Нақ ірі фабрикалар, еңбекшілерді қанауды құлақ естімеген мөлшерге дейін өршіткен нақ ірі машиналы индустрия,—нақ осы ірі фабрикалар капиталдың ус-

темдігін жоюға және социализмге өту ісін бастауға бір өзі ғана қабілетті болған таптың шоғырланатын орталықтары екеніне ой жүгіртіп көрген әрбір адам жоғарыда айтылған сөздердің сөкет емес екендігіне оп-оңай көз жеткізеді. Сондықтан социализмнің ұйымдастырушылық жағы күн тәртібіне қойылып отырған кезде, социализмнің практикалық міндеттерін шешу үшін біз Совет өкіметіне жәрдемге буржуазиялық интеллигенция өкілдерінің көбін, әсіресе капиталистік шеңберде аса ірі өндірісті ұйымдастыру жөніндегі практикалық жұмыспен, демек, ең алдымен синдикаттар, картельдер мен трестер ұйымдастыру ісімен шұғылданған адамдардың ішінен көбірек тартуға қажетті түрде тиісті екеніміз таңданарлық нәрсе емес. Бұл міндетті шешу үшін Совет өкіметіне, әрине, халық шаруашылығының барлық салаларында еңбекшілердің қалың бұқарасының күш-жігер жұмсап, инициатива көрсетуі керек болады, өйткені Совет өкіметі өнеркәсіп көсемдері дейтіндерге бұрынғы дәрежені,—бастықтар мен қанаушылардың бұрынғы дәрежесін,—осы бұрынғы дәрежені оларға ешқашан да бермейді. Өнеркәсіптің бұрынғы көсемдері, бұрынғы бастықтар мен қанаушылар техникалық сарапшылардың, басшылардың, консультанттардың, кеңес берушілердің орнында болуға тиіс. Қанаушы таптардың осы өкілдері жинақтаған барлық тәжірибе мен білімді еңбекшілер бұқарасының қалың тобының талапкерлігімен, күш-жігерімен, жұмысымен ұштастыру жөніндегі қиын да жаңа, бірақ өте-мөте игілікті міндет шешілуге тиіс. Өйткені осылайша ұштастыру ғана ескі, капиталистік қоғамнан жаңа, социалистік қоғамға өтетін көпірді жасай алады.

Егер социалистік революция бүкіл дүние жүзінде немесе, ең болмағанда, бірсыпыра алдыңғы қатарлы елдерде бір мезгілде жеңген болса, онда ескі капитализмнің басшылары ішінен таңдаулы маман техниктерді өндірісті жаңадан ұйымдастыру процесіне тарту міндеті өте-мөте жеңілдеген болар еді. Онда артта қалған Россияның бұл міндетті шешу жөнінде дербес ойлануына тура келмеген болар еді, өйткені Батыс Европа елдерінің алдыңғы қатарлы жұмысшылары бізге

көмекке келген болар еді, сөйтіп социализмге өтудің ұйымдастыру міндеті дейтін неғұрлым қиын міндетте қиыншылықтардың көбірек бөлегін бізден алған болар еді. Қазір, Батыста социалистік революцияның басталуы баяулап, кешігіп отырған кезде, ал Россияның өзіндегі қайта құрылыс шараларын жедел қолдануына,—ең болмағанда халықты ашаршылықтан құтқару мүдделері үшін, ал онан соң бүкіл елді болуы ықтимал соғыс шапқыншылығынан құтқару мүдделері үшін болса да,—осындай нақтылы жағдайда ендігі жерде біздің алдыңғы қатарлы елдерден социалистік жолмен ұйымдастыру көмегі мен жұмысшылардың жәрдемін емес, олардағы буржуазия мен капиталистік интеллигенцияның жәрдемін алуымызға тура келеді.

Ал жағдай былайша қалыптасып отыр: біз бұл көмекті Совет өкіметінің жаңа ұйымдастырушылық проблемалары ісінде буржуазиялық интеллигенцияның жәрдемін ұйымдастыра отырып ала аламыз. Бұл жәрдемді білімнің әрбір саласындағы ең таңдаулы мамандарға, біздің мемлекетімізге қарасты мамандарға да, шетелдерден алынатын мамандарға да жоғары ақы төлеу арқылы алуға болады. Әрине, қазірдің өзінде дамыған социалистік қоғам тұрғысынан алып айтар болсақ, буржуазиялық интеллигенция өкілдерінің еңбек ақыны жұмысшы табының таңдаулы топтарының еңбек ақысынан әлдеқайда жоғары алуы мүлде әділетсіз және қате болып көрінеді. Бірақ практикалық өмір шындығы жағдайларында...* біз шұғыл міндетті осылайша буржуазиялық мамандардың еңбегіне әлдеқайда жоғары норма бойынша (әділетсіз) ақы төлеу арқылы сөзсіз шешуге тиіспіз. Егер, мәселен, Россияның өндірісті жаңа негіздерде ұйымдастыруы үшін, еңбек өнімділігін арттыруы үшін, халқымызды жақсы жағдайларда жұмыс істей білу өнеріне үйретуі үшін,— мұның үшін біздің, айталық, білімнің түрлі салаларынан екі мың ең ірі маманды,—орыстардың ішінен алынған және онан да көбірек мөлшерде шетелдерден, айталық, американдардан алынған мамандарды,— жалдауымызға

* Сөйлемнің анық жазылмаған жері қалдырылып кетті. *Ред.*

тура келеді дейтін болсақ, егер біздің оларға жылына елу немесе жүз миллион сом төлеуімізге тура келетін болса, онда халық шаруашылығы мүдделері тұрғысынан, жалпы алғанда өндірістің ескірген тәсілдерінен оның ең жаңа, мейлінше жетілдірілген тәсілдеріне көшу тұрғысынан алғанда мұндай шығын әбден орынды шығын болар еді. Өндірістің жақсы әдістері мен тәсілдеріне үйрету үшін мұндай соманы беру керек, ол беруге тұрарлық та нәрсе және біздің мұндай соманы беруімізге тура келетін себебі, мұндай басшылықты алудың басқа мүмкіндігін тек қана социалистік революцияның басқа елдерде жеңуі ғана туғызған болар еді.

Әрине, буржуазиялық интеллигенция өкілдерінің еңбегі мен басшылық нұсқауларын еңбекшілердің демократиялық ұйымдары мен Советтер жүзеге асыратын қажетті бақылаумен ұштастыра отырып пайдалану толып жатқан жаңа проблемаларды туғызады, бірақ бұл проблемаларды шешуге әбден болады. Ал біз бұл проблемаларды шешу үшін ешқандай қиыншылықтан да тайсалмаймыз, өйткені бізде істің қазіргі жағдайында өндірісті жоғары дәрежеде ұйымдастыруға жетудің басқа жолы жоқ.

Мен одан әрі тереңдетіңкіреп айтайын. Аса ірі капитализм еңбекті ұйымдастырудың белгілі бір системаларын жасады, халық бұқарасын қанау жағдайында бұл системалар ат төбеліндей дәулетті таптардың еңбекшілерді құлдыққа салуының және олардан еңбекті, күшқуатты, қан мен терді қосымша мөлшерде сығып алудың ең сұрқия формасы болды, бірақ мұнымен бірге ол системалар өндірісті ғылыми жолмен ұйымдастырудың соңғы жетістігі болып табылады, бұларды социалистік Советтік республика игеріп алуға тиіс, ол, бір жағынан, біздің өндірісті есепке алу мен бақылауымызды жүзеге асыру мүддесі үшін, онан соң, екінші жағынан, еңбек өнімділігін арттыру мүддесі үшін оларды қайта өңдеп кәдеге асыруға тиіс. Мысалы, Америкада кеңінен қолданылып жүрген әйгілі Тейлор системасының әйгілі болған себебі—бұл система нағыз озбыр капиталистік қанаудың соңғы жетістігі болып

табылады. Сондықтан бұл системаны жұмысшылар бұқарасының толып жатқан өшпенділікпен және ашуызамен қарсы алғаны түсінікті де. Бірақ сонымен бірге Тейлор системасында өндіріс процесіне үнемі талдау жасап отыратын және адам еңбегінің өнімділігін мықтап арттырудың жолдарын ашып беретін ғылымның орасан зор прогресі бар екендігін де бір минут ұмытуға болмайды. Тейлор системасын енгізумен байланысты Америкада басталған ғылыми зерттеулер, әсіресе қимылдарды зерттеу, американдардың айтуынша, еңбекші халықты жалпы алғанда әлдеқайда жоғары еңбек тәсілдеріне және атап айтқанда еңбекті ұйымдастыру ісіне үйретуге мүмкіндік беретін орасан көп материал берген.

Тейлор системасының теріс жағы мынадай болды: бұл система капиталистік құлдық жағдайында жүзеге асырылды және төленетін ақы бұрынғы күйінде қалып отырғанда жұмысшылардан еңбекті екі есе, үш есе артық сығып алудың құралы ретінде қызмет етті, бұл ретте жұмыс сағатының саны бұрынғы күйінде қалып отырғанда жалдама жұмысшылардың осы екі еселенген немесе үш еселенген еңбек мөлшерін адам организміне залал келтірместен беруге қабілеті бар ма, жоқ па дегенмен мүлде есептеспеді. Социалистік Советтік республиканың алдында тұрған міндетті қысқаша былай етіп тұжырымдауға болады: біз Тейлор системасын және еңбек өнімділігін арттырудың американдық ғылыми жолын бүкіл Россияда қолдануға тиістіміз, бұл системаны жұмыс уақытын қысқартумен, өндірістің жаңа тәсілдерін пайдаланумен және еңбекті еңбекші халықтың жұмыс күшіне ешбір залал келмейтіндей етіп ұйымдастырумен ұштастыра отырып қолдануға тиістіміз. Керісінше, еңбекшілер жеткілікті дәрежеде саналы болып, Тейлор системасын қолдануды олардың өздері дұрыс басқарса, бұл система барлық еңбекші халықтың міндетті жұмыс күнін одан әрі қысқартудың, мықтап қысқартудың ең сенімді құралы ретінде қызмет ететін болады, шамамен алғанда былай деп тұжырымдауға болатын міндетті: әрбір ересек азамат күн сайын алты сағат дене еңбегімен және төрт

сағат мемлекетті басқару жөніндегі жұмыспен шұғылданатындай ету міндетін де айтарлықтай қысқа мерзім ішінде жүзеге асыруымыздың ең сенімді құралы ретінде қызмет ететін болады.

Бұл сияқты системаға көшу өте көп жаңа дағдылар мен жаңа ұйымдық мекемелерді керек етеді. Бұған көшудің бізді көптеген қиыншылықтарға ұшырататындығына және мұндай міндетті қою тіпті еңбекшілердің өздерінің арасында кейбір топтардың түсінбестігін, бәлкім, қарсылығын да туғызатындығына күмән жоқ. Бірақ жұмысшы табының алдыңғы қатарлы элементтері бұған көшудің қажеттігін түсінеді деп, шаруашылықтан қол үзіп қалған және шаруашылыққа соғыс келтірген бүлініпіліктің бар аумағын тұңғыш рет көрген миллиондаған адамдар майданнан қайтып оралған кезде қалалар мен деревняларда енді ғана байқалып отырған халық шаруашылығындағы сұмдық бүлініпілік жағдайлары еңбекшілердің қоғамдық пікірін осы бағытта әзірлеуге, күмән жоқ, негіз әзірледі деп, қазір Совет өкіметі жағына шыққан еңбекші таптардың саналы түрде ілгері басып келе жатқан барлық элементтері өзіміз жоғарыда шамамен нобайлап белгілеген көшу ісін практикалық міндет ретінде алға қояды деп сенім білдіруге болады.

IX ТАРАУ

Жоғарыда көрсетілген сипаттағы экономикалық көшу ісі Совет өкіметі өкілдерінен де басшылардың қызметінде тиісті өзгеріс жасауын талап етеді. Әбден табиғи нәрсе, халықтың көпшілігін иландыру немесе өкіметті жеңіп алып, қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу міндеті бірінші орынға қойылған кездегі жағдайда басшылардың арасында да көбінесе үгітшілердің, бұрынғы кездегі қандай да болсын демократиялық өкімет формаларынан гөрі Совет өкіметі неғұрлым тығыз байланысты болып отырған бұқара жөніндегі үгітшілердің бірінші орынға қойылғаны әбден табиғи нәрсе. Халықтың көпшілігін иландыру үшін немесе халықты қанаушыларға қарсы ауыр да қиын соғыс күресіне тарту үшін әсіресе үгітшілік қабілеттің талап

етілгендігі әбден табиғи нәрсе. Мұның керісінше, жоғарыда қысқаша баяндалып өткен және мәнісі өнімдерді өндіру мен бөлуді есепке алу мен бақылауда болып отырған міндеттер енді практикалық басшылар мен ұйымдастырушыларды бірінші орынға қойып отыр. Осыған сәйкес басшылар белгілі бір дәрежеде қайта бағалануға, белгілі бір дәрежеде олардың орны ауыстырылуға тиіс, өйткені олардың жаңа жағдайлар мен жаңа міндетке бейімделуі мүмкін болмай отыр. Өткен дәуірдің көбінесе үгітшілік міндеттерге машықтанған басшылар штабына мұндай жаңа жағдайға өту өте қиын тиетіні табиғи нәрсе. Осы себепті толып жатқан қателердің жасалмай коймайтыны табиғи нәрсе. Сондықтан енді басшылар да, совет сайлаушыларының бұқарасы да, яғни еңбекші және қаналған бұқараның өздері де осы арада айтылып отырған өзгерістің қажеттігін қайткен күнде де түсінетін ету керек.

Еңбекші және қаналған бұқараның арасында үгітшілік таланты мен қабілетінен гөрі ұйымдастырушылық таланты мен қабілеті әлдеқайда артық адамдар көп, өйткені бұл таптардың еңбектегі өмірінің барлық жағдайы бұлардан бірлескен жұмысты, өнімдерді өндіру мен бөлуді есепке алу мен бақылау ісін жолға қоя білуді әлдеқайда көп талап етті. Керісінше, бұрынғы тіршілік жағдайлары бұқараның өз ішінен үгітшілік немесе насихатшылық қабілеті бар қайраткерлерді әлдеқайда аз шығарып отырды. Мүмкін осыдан болар, қазір біз кәсібі немесе таланты жағынан үгітші және насихатшы болып жүргендердің ұйымдастырушының міндетін өз мойнына алуына тура келіп отырғанын, өзінің осы міндеттерді шешуге бейімінің аз екендігіне қадам сайын көз жеткізуіне тура келіп отырғанын, жұмысшылар мен шаруалар тарапынан түңілушілік пен паразылыққа да кездесуге тура келіп отырғанын жиі көріп жүрміз. Совет өкіметінің әлгі қателері мен сәтсіздіктерін табалаушылықты еліміздің қоғамды социалистік жолмен қайта құруына дұшпан таптарының тарапынан жиі кездестіруге болады,— буржуазиялық партиялар өкілдерінің немесе бізде өздерін социалистік партияларымыз деп атайтын, ал әдетте іс жүзінде

буржуазияға жанын салып қызмет ететіндердің, меньшевиктер мен оңшыл эсерлер сияқтылардың тарапынан,—солардың тарапынан әлгіндей табалаушылықты жиі кездестіруге болады. Ал шындығында бұл қателер тарихи жағынан қаншалықты болмай қоймайтын қателер болса, бұл саладағы кемшіліктердің жаңа социалистік қоғамның өсу жолындағы қиыншылық қана екендігі де соншалықты айқын. Практик-үгітшіні өзіне лайық бірінші орынға қоя білетін болып қайта үйренуге,—бұлай қайта үйренуге болады және Россияның барлық түкпірлерінде Совет өкіметі өкілдерінің көп қиналмай-ақ осылайша қайта үйрене алатыны күмәнсыз. Бірақ бұл үшін уақыт керек және жіберілген қателердің практикалық тәжірибесі ғана өзгерістің қажеттігін айқын түсінікті ете алады,—жаңа міндеттерді шешуге жарамды толып жатқан адамдарды немесе тіпті сондай адамдардың тұтас топтарын шығара алады. Жұмысшылар мен шаруалардың арасында ұйымдастырушы таланттар буржуазияның ойы мен түсінігіндегіден гөрі, сірә, көбірек болса керек; бірақ мәселе мынада: капиталистік шаруашылық жағдайында осы таланттардың көзге түсуіне, орнығып нығаюына, өз дәрежесін жеңіп алуына ешқандай мүмкіндік жоқ.

Ал мұның керісінше, егер біз қазір мемлекетті басқару ісіне жаңа ұйымдастырушы таланттарды кеңінен тарту қажеттігін айқын түсінетін болсақ, егер біз,—нақ Совет өкіметінің принциптеріне сүйене отырып,—осы салада практикада сыннан өткен қайраткерлерді үнемі ілгері жылжытып отыратын болсақ, онда біз аз уақыттың ішінде мынаған жетеміз: Совет өкіметі дамытқан, бұқара арасына таратылған және онан соң бұқараның өкілі болып табылатын совет мекемелері мүшелерінің бақылауымен бұқара жүзеге асыратын принциптердің негізінде өндірістің практикалық ұйымдастырушыларының жаңа тобы көзге түсіп, өз дәрежесін жеңіп алады, өзіне лайық басшылық орнын алады.

X ТАРАУ

Байлар жөнінде қолданылып отырған еңбек міндеткерлігінен Совет өкіметі тиісті принциптерді еңбекші-

лердің, жұмысшылар мен шаруалардың көпшілігі жөнінде қолдану міндетіне көшуге тиіс болады, дұрысырақ айтқанда, бұл міндетті бір мезгілде кезекке қоюға тиіс болады. Бұл арада еңбек міндеткерлігін енгізу міндеті бізге екінші жағынан көрініп отыр. Бұл міндетке басқаша қарау керек болады және бай таптар жөнінде жүзеге асырылуға тиісті нәрсе бірінші орынға қойылмауы керек. Біз үшін еңбекші халықтың барлық өкілдерін тізімге алу, олардың ақша знактарының запастарын немесе олардың тұтынуын қадағалап отыру сөзсіз қажеттілік емес, өйткені тіршілік жағдайларының бәрі халықтың бұл топтарының орасан зор көпшілігін еңбек ету қажеттігіне душар етеді және ең тамтұмдаған запастардан басқа қандай болса да запас жинауды мүмкін етпейді. Сондықтан бұл салада еңбек міндеткерлігін белгілеу міндеті еңбек тәртібі мен өзара тәртіп орнату міндетіне айналады.

Ескі капиталистік қоғамда еңбекшілерге қойылатын тәртіпті капитал үнемі аштыққа ұшырату қаупімен жүзеге асырып отырды. Ал бұлайша аштықпен қорқыту шектен тыс ауыр еңбекпен және еңбекшілердің жұмысты өздері үшін емес, бөтеннің игілігі үшін істеп отырғанын түсінуімен ұштасып отырғандықтан, еңбек жағдайы еңбекшілердің орасан зор көпшілігінің өндіріс басшыларына қарсы үнемі күрес жүргізуіне айналып отырды. Осы негізде мынадай психология тумай қоймайтын еді: еңбекшілердің қоғамдық пікірі жұмысты жаман істеушілікті немесе жұмыстан жалтарушылықты талқыға салмағандығы былай тұрсын, қайта, керісінше, мұны қанаушының шектен асқан талаптарына сөзсіз әрі заңды наразылық немесе қарсылық көрсету әдісі деп білді. Егер қазір буржуазиялық баспасөз бен оның құйыршықтары жұмысшылар арасындағы анархия туралы, олардың бетімен кеткендігі немесе олардың тарапынан шамадан тыс талаптар қойылып отырғандығы туралы соншама көп айқай-шу көтеріп жүрсе,— онда бұл сынаудың өшпенділік сипатының тым айқындығы соншалық, бұған ұзақ тоқталып жатудың қажеті де жоқ. Халқының көпшілігі Россияның халқы сияқты соңғы үш жылдың ішінде адам

айтқысыз ашығып, қалжыраған елде,—көңіл-күйінің әбден төмендеп, ұйымшылдық атаулының толық құлдырауының толып жатқан жағдайларының тіпті де болмай коймайтыны түсінікті. Бұл жөнінде тез өзгеріс болуын талап ету немесе бірнеше декрет шығару арқылы бұл жөнінен өзгерістер жасауға болады деп үміттену, өлімші болып таяқ жеген адамға ұран тастау арқылы оның еңсесін котеріп, еңбекке жарамды етпек болғап әрекет қандай ерсі болса, дәл сондай ерсі болар еді. Еңбекшілердің өздері жасап жатқан және еңбекшілер бұқарасының арасында сауығушылықтың өрістеп келе жатқандығымен есептесіп отыратын Совет өкіметі ғана бұл жөнінен түбегейлі өзгерістер жасай алмақшы.

Совет өкіметі өкілдерінің арасында және оны жақтаушылардың арасында—мысалы, кәсіптік одақтардың алдыңғы қатарлы басшылары арасында—еңбекшілердің өзара тәртібін арттыру жөнінде жүйелі шаралар жасап шығару қажеттігі қазірдің өзінде әбден пісіп жетті. Жалпы алғанда капиталистік қоғам жағдайында, ал әсіресе, соғыс туғызған, құтырыпып, бетімен кеткен жалдаптық жағдайында жұмысшы табының арасына азғындаушылық кіргеніне күмән жоқ, ол азғындыққа қарсы шындап күреспейінше болмайды. Оның үстіне, соғыстың салдарынан жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отрядтары құрамының да өзгеруі онша жақсы бағытта болған жоқ. Сондықтан еңбекшілер арасында тәртіп орнату, еңбек мөлшеріне, еңбек интенсивтілігіне бақылау қою, еңбек мөлшерін белгілеу үшін, осы мөлшерді қастандықпен бұзушының бәрін жауапқа тарту үшін, осы мөлшерді арттыру мақсатымен көпшілікке үнемі ықпал етіп отыру үшін арнаулы өнеркәсіптік соттар құру,— қазір осының бәрі Совет өкіметінің ең шұғыл міндеті ретінде кезекке қойылып отыр.

Бұл ретте мүмкіндігінше мына жағдайды есте ұстау керек: қоғамдық тәрбиенің негізгі құралдарының бірі, атап айтқанда—баспасөз буржуазиялық қоғамда осы қарастырылып отырған салада өз міндетін мүлде орындаған жоқ. Біздің советтік баспасөз осы кезге дейін де

едәуір дәрежеде әлі де болса буржуазиялық қоғамның ескілікті әдет-дағдылары мен ескі дәстүрлерінің әсерінде болып келеді. Мұның өзі, айталық, мынадан көрініп отыр: ескі буржуазиялық баспасөз сияқты, біздің баспасөзіміз де, саясаттың ұсақ-түйек мәселелеріне, саяси басшылықтың жеке адамның басына қатысты мәселелеріне тым көп орын беріп, көңіл бөліп келді; барлық елдердің капиталистері осыларды пайдаланып, халық бұқарасының назарын оның өмірінің шын елеулі, терең мағыналы және түбегейлі мәселелерінен басқа жаққа аударуға тырысты. Бұл жөнінен де біздің әлі алдымызда тұрған міндетті жаңадан дерлік шешуімізге тура келеді, бұл міндетті шешу үшін материалдық алғы шарттардың бәрі де бар, тек осы міндеттің қажеттігін түсінушілік пен оны шешуге әзір тұрушылық қана жоқ. Атап айтқанда, бұл міндет—баспасөзді көбінесе бүгінгі таңдағы саяси жаңалықтарды хабарлап отыратын органнан халық бұқарасына экономикалық тәрбие беретін байсалды органға айналдыру міндеті. Совет бұқарасына қызмет ететін баспасөз саяси басшылықтың адам құрамы туралы немесе барлық саяси мекемелердің дағдылы қызметі, ескілікті жұмысы болып табылатын тоғызыншы дәрежедегі саяси шаралар туралы мәселелерге аз орын беретін болады, осыған жету керек болады, біз оған жетеміз де. Ал бірінші орынға баспасөз еңбек мәселелерін тікелей практикалық тұрғыда олар қалай қойылса, солай қоюға тиіс болады. Капиталистік кәсіпорындардың басшылары бұқарадан нені жасыруға тырысып келсе, баспасөз нақ соның өзін жұртқа жариялап отыру мағынасында еңбек коммунасының органына айналуға тиіс. Капиталист үшін оның кәсіпорнының ішкі ұйымдастырылуының өзі былайғы жұрттың көзінен тасаланған коммерциялық құпия секілді нәрсе,—жұрттың сынынан ғана емес, бөтен адамның қол сұғуынан ғана емес, сонымен қатар сол бөтен адамның көзінен де қорғалған, онда, сірә, бәрін билеуші және дара билеуші болғылары келетін нәрсе тәрізді. Керісінше, Совет өкіметі үшін жекелеген аса ірі кәсіпорындарда және жекелеген деревня қауымдарында еңбекті ұйымдастырудың нақ өзі бүкіл қоғамдық өмір-

дің ең басты, түбегейлі және көкейтесті мәселесі болып табылады. Еңбекшілердің өзара тәртібін арттыру үшін және жұмыстың ескі, ештеңеге жарамайтын тәсілдерінен немесе капиталистік қоғамда жұмыстан қашудың тәсілдерінен арылу үшін біздің бірінші және басты құралымыз,—мұндай басты құралымыз баспасөз болуға тиіс, ол баспасөз әрбір еңбек коммунасы шаруашылық өмірінің кемшіліктерін ашып көрсетіп, осы кемшіліктерді аяусыз айыптайтын, біздің шаруашылық өміріміздің барлық кеселдерін ашық айтатын, сөйтіп, осы кеселдерден айығу үшін еңбекшілердің қоғамдық пікірінс жүгінетін баспасөз болуға тиіс. Бізде газет материалы, бүгінгі таңдағы келелі деген мәселеге арналған газет материалы он есе аз бола берсін (егер ол 100 есе аз болса, бәлкім, жақсы да болар еді),— бірақ бізде жүз мыңдаған, миллиондаған дана болып тараған, мемлекеттің басқалардан озып шыққан азын-аулақ еңбек коммуналарындағы істің үлгілі қойылуымен бүкіл халықты таныстыратын баспасөз болсын. Әрбір фабрика, әрбір артель және егіншілік кәсіпорны, жерді социализациялау заңын қолданып, жаңа егіншілікке көшетіп әрбір қыстақ қазір Совет өкіметінің демократиялық негіздері мағынасында алғанда ішкі еңбек ұйымдастыру тәртібі бар дербес коммуна болып табылады. Бұл коммуналардың әрқайсысында еңбекшілердің өзара тәртібінің арттырылуы, олардың буржуазиялық интеллигенцияның ішінен шыққан маман басшылармен болса да жұмыс істесе білуі, еңбек өнімділігін арттыру, адам еңбегін үнемдеу, өнімдерді қазіргі уақытта өзіміз шамадан тыс зардап шегіп отырған адам айтқысыз талан-таражға салудан сақтау мағынасында еңбекшілердің практикалық нәтижелерге жетуі,— міне, біздің советтік баспасөз материалының басым көпшілігінің мазмұны осылар болуға тиіс. Міне, үлгі-өнеге күшінің ең алдымен моральдық болуына, ал онан соң—жаңа Советтік Россияда еңбекті жолға қоюдың күшпен енгізілетін үлгісі болуына осы жолмен жете аламыз және жетуге тиістіміз.

Капиталистік қоғамның тұсында социализмнің артықшылығына адамзаттың бейбіт жолмен, оп-оңай кө-

зін жеткіземіз, оның енгізілуін қамтамасыз етеміз деп үміттенген адамдардың еңбек коммуналарын құрған үлгілері талай болған-ды. Мұндай көзқарас пен мұндай қызмет тәсілдері революцияшыл марксистер тарапынан әбден заңды кекесін туғызады, өйткені капиталистік құлдық жағдайында оқшауланған үлгілер арқылы қайсыбір түбегейлі өзгерістерге жету деген, шындығында, іс жүзінде не жансыз кәсіпорындарға душар ететін, немесе бұл кәсіпорындарды ұсақ капиталистсымақтардың одақтарына айналдыратын мүлде құрғақ қиял болар еді.

Бұқаралық халық шаруашылығындағы үлгінің маңызына осылай кекесінмен, менсінбеушілікпен қарау әдеті кейде пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алғанынан бергі жерде болған түбегейлі өзгерістерді ойластырып қарамаған адамдардан қазір де байқалады. Қазір, жер жеке меншік болудан қалған кезде, фабрикалар мен заводтар жеке меншік болудан қалды деуге болатын кезде және таяу болашақта ондай болудан қалатынына күмән болмай отырған кезде—(тиісті декреттер шығару — мұның Совет өкіметіне оның қазіргі жағдайында тіпті де ешқандай қиындығы жоқ),— қазіргі кезде ұйымдастыру міндеттерін қандай да болсын өзге әдістерден гөрі жақсы шешетін еңбек коммунасының үлгісі орасан зор маңызға ие болып отыр. Біздің нақ қазір мыпаған қамқорлық жасауымыз керек: жеке қалаларда, жеке кәсіпорындарда, жеке деревня қауымдарында өндірісті жаңаша ұйымдастырудың тәжірибесі түрінде қолда бар толып жатқан өтемөте бағалы материал,— осы тәжірибе бұқараның игілігіне айналатын болсын.

Біз осы кезге дейін әлі де буржуазияның ескі қоғамдық пікірінің едәуір ықпалында болып отырмыз. Егер біздің газеттерімізге қарайтын болсақ, онда буржуазия кезекке қойған мәселелерге,— социалистік қайта құрылыстың нақты практикалық міндеттерінен еңбекшілердің назарын буржуазияның басқа жаққа аударғысы келетін мәселелерге біздің әлі де болса қаншалықты көп орын беріп келе жатқанымызға оп-оңай көз жеткі-

зуге болады. Біз баспасөзді даурыкпалар органынан, саяси жаңалықтарды хабарлап отыратын жай аппараттан, буржуазия өтірігіне қарсы күресу органынан — бұқараны экономика жағынан қайта тәрбиелеу құралына, еңбекті жаңаша қалай жолға қою керектігімен бұқараны таныстыру құралына айналдыруға тиіспіз, айналдырамыз да. Өзара тәртіпті қалпына келтіру және еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі ұрандар мен талаптардың ешқайсысына да көнбейтін кәсіпорындарды немесе деревня қауымдарын социалистік партиялар қара тақтаға жазуға ұсынып отырады, бұлар не кеселді кәсіпорындардың қатарына шығарылады да, бұл кәсіпорындар жөнінде ерекше құралдар арқылы — ерекше шаралар мен заңдар арқылы—оларды сауықтыруға шаралар қолдануға тура келеді, не бұлар штраф салынған кәсіпорындардың қатарына көшірілетін болады, мұндай кәсіпорындарды жабу керек, ал оларға қатысушылар халық сотына берілуге тиіс. Бұл салада жариялық енгізудің өзі қазірдің өзінде орасан зор реформа болмақшы және халықтың қалың бұқарасын осы мәселелерді, бұқараға бәрінен де көбірек қатысты мәселелерді, шешу ісіне дербес қатысатын етуге көмектеседі. Осы уақытқа дейін бұл жөнінде онша көп іс істей алмағандығымыздың себебі атап айтқанда мынадай: жеке кәсіпорындарда, жеке қауымдарда жұртшылықтан жасырын ұсталып келген нәрсе бұрынғысынша құпия күйінде қалып отыр, мұның өзі капитализм тұсында түсінікті болды, ал социализмді жүзеге асырғысы келетін қоғамда мұның өзі мүлдем сөкет, мағынасыз болып отыр. Капиталистік қоғамда өзін көрсете алмаған үлгінің күші жер мен фабрикаларға жеке меншікті жойған қоғамда орасан зор маңыз алады,— мұның себебі, мұнда жұрттың, бәлкім, жақсы үлгіден өнеге алатын болғандығынан ғана емес, мұның себебі сонымен қатар мынадан: өндірісті ұйымдастырудың жақсы үлгісімен бірге мұнда еңбек сөзсіз жеңілдеп, өндірісті осы жақсы ұйымдастырғандар тұтынуының жиынтығы көбейетін болады. Сөйтіп, мұнда да экономиканы қайта құрудың, бұқараны қайта тәрбиелеудің органы ре-

тінде баспасөздің маңызы туралы мәселеге байланысты біз баспасөздің жарысты ұйымдастыру ісіндегі маңызы туралы мәселеге де тоқталуға тиістіміз.

Жарысты ұйымдастыру Совет өкіметінің экономикалық саладағы міндеттерінің ішінде көрнекті орын алуға тиіс. Буржуазияшыл экономистер социализмді сынағанда: социалистер жарыстың маңызын теріске шығарады-мыс немесе өздерінің системасында, немесе, олардың айтуынша, қоғам құрылысы жөніндегі өздерінің жоспарында жарысқа орын бермейді-міс деп талай рет айтып келді. Социалистік баспасөзде талай рет бекерге шығарылған бұл айыптаудың қаншалықты сөкет екендігін айтып жатпаса да болады. Буржуазияшыл экономистер, әрқашанғысындай, капиталистік қоғамның ерекшеліктері жөніндегі мәселені жарысты ұйымдастырудың басқаша формасы жөніндегі мәселемен шатастырды. Социалистер тиісе, онысын ешқашан да жарыстың өзіне қарсы бағыттаған емес, тек бәсекеге ғана қарсы бағыттап отырды. Ал бәсеке — жарыстың капиталистік қоғамға тән және бір тілім нан үшін, рынокта ықпал жасау үшін, ондағы алатын орны үшін жеке өндірушілердің жүргізетін күресі болатын ерекше формасы. Өндірушілердің рыногымен ғана байланысты болатын күрес ретіндегі бәсекені жою әсте де жарысты жою болып табылмайды,— керісінше, нақ товар өндірісі мен капитализмді жою жарысты өзінің айуандық формаларында емес, адамға лайықты формаларында ұйымдастыру мүмкіндігіне жол ашады. Нақ қазіргі уақытта Россияда саяси өкіметтің Совет республикасы жасаған негіздері тұсында, ұлан-байтақ жері бар, жағдайлары орасан алуан түрлі Россияны сипаттайтын экономикалық ерекшеліктер болып отырғанда,— нақ қазір бізде жарысты социалистік негіздерде ұйымдастыру қоғамды қайта құрудың неғұрлым маңызды және неғұрлым игі міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Біз демократиялық централизм жағындамыз. Сондықтан демократиялық централизмнің, бір жағынан, бюрократиялық централизмнен, екінші жағынан — анархизмнен қандай жер мен көктей айырмасы барын

анық түсіну керек. Централизмге қарсылар централизмнің кездейсоқтықтарымен күресудің құралы ретінде автономия мен федерацияны ұдайы тықпалай береді. Шындығына келгенде демократиялық централизм автономияны ешбір жоққа шығармайды, қайта керісінше, оның қажеттігін көрсетеді. Шындығына келгенде тіпті федерацияның өзі де, егер ол экономикалық тұрғыдан алғанда ақылға сыйымды мөлшерде жүргізілген болса, егер ол белгілі бір мемлекеттік оқшауланудың шын қажеттілігін туғызатын елеулі ұлттық айырмашылықтарға негізделіп отырса,— тіпті федерацияның өзі де демократиялық централизмге ешбір қайшы келмейді. Шын демократиялық құрылыстың тұсында, ал оның бер жағында мемлекеттік құрылыс советтік жолмен ұйымдастырылып отырғанда, федерация қашанда шын демократиялық централизмге өтетін қадам ғана болып табылады. Қазір өзіміз енгізіп отырған және өзіміз енгізетін федерация Россияның әр алуан ұлттарын бір орталыққа бағындырылған біртұтас демократиялық Совет мемлекетіне барынша берік біріктірудің ең дұрыс қадамының нақ өзі болып табылатыны Россия Совет республикасының үлгісінен бізге ерекше айқын көрініп отыр.

Міне, сонымен, демократиялық централизмнің автономия мен федерацияны әсте жоққа шығармайтыны сияқты, мемлекеттік өмірдің де, қоғамдық өмірдің де, экономикалық өмірдің де алуан түрлі формаларын жасауда мемлекеттің әр түрлі жерлерінің, қала берді әр түрлі қауымдарының да толық еркіндігін әсте жоққа шығармайды, керісінше, демократиялық централизм соны талап етеді. Демократиялық централизмді бюрократизммен және шаблондылықпен шатастырудан асқан қате жоқ. Қазір біздің міндетіміз — шаруашылық саласында нақ демократиялық централизмді жүргізу, темір жол, почта, телеграф және транспорттың өзге де түрлері, т. т. сияқты экономикалық кәсіпорындардың жұмыс істеуінің мүлде мінсіз, бірыңғай болуын қамтамасыз ету, ал нақ сонымен бір мезгілде шын демократиялық мағынада түсінілген централизм тек жергілікті

ерекшеліктерді ғана емес, сонымен қатар жергілікті бастаманы, жергілікті инициативаны, ортақ мақсатқа қарай қадам басудың алуан түрлі жолдарын, тәсілдері мен құралдарын да толық және кедергісіз дамытудың тұңғыш рет тарих жасаған мүмкіндігін көрсетеді. Сондықтан жарысты ұйымдастыру міндетінің екі жағы бар: бір жағынан, бұл міндет демократиялық централизм жоғарыда қалай суреттелсе, оның солай жүргізілуін талап етеді, екінші жағынан,— бұл міндет Россияның экономикалық құрылысын қайта құрудың неғұрлым дұрыс, неғұрлым үнемді жолын табу мүмкіндігін көрсетеді. Жалпы айтар болсақ, бұл жол жұртқа мәлім. Бұл жол — машиналы индустрияға негізделіп құрылған ірі шаруашылыққа көшу, социализмге көшу. Бірақ бұған көшудің нақты шарттары мен формалары социализмді құруға қарай бағыт алған қозғалыс басталатын жағдайларға байланысты сөзсіз алуан түрлі болады, болуға тиісті де. Жергілікті айырмашылықтар да, экономикалық укладтың ерекшеліктері де, тұрмыс формалары да, халық дайындығының дәрежесі де, белгілі бір жоспарды жүзеге асыру әрекеттері де—осының бәрі де мемлекеттің белгілі бір еңбек коммунасында социализмге беттеген ерекше жолынан бейнесін табуға тиіс. Мұндай алуан түрлілік неғұрлым көп кездессе,— әрине, егер бұл алуан түрлілік ерекшешілдікке айналып кетпейтін болса, біздің демократиялық централизмге жетуіміз де, социалистік шаруашылықты жүзеге асыруымыз да соғұрлым дұрыс, соғұрлым тез қамтамасыз етілетін болады. Ендігі жерде біз істеуге тиісті нәрсе — тек жарысты ұйымдастыру, яғни мемлекеттің барлық қауымдарына түрлі жерлерде экономикалық дамудың барысы дәл қалай екені жөнінде жұртты таныстырып отыруға мүмкіндік беретін жариялықты қамтамасыз ету,— екіншіден, мемлекеттің бір коммунасы мен екінші коммунасында социализмге қарай ілгері басу нәтижелерінің салыстырмалылығын қамтамасыз ету,— үшіншіден, бір қауымда жасалған тәжірибені басқа қауымдардың практикада қайталауының мүмкіндігін қамтамасыз ету,— халық шаруашы-

лығының немесе мемлекетті басқарудың тиісті саласында өзін ең жақсы жағынан көрсеткен материалдық күштерді,— және адам күштерін,— алмасын отыру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Капиталистік құрылыс жаншып тастаған біздер қазіргі уақытта тіпті еңбекшілер бұқарасында, үлкен мемлекеттің әр алуан еңбек коммуналарында, осы уақытқа дейін капиталистердің бұйырғанын өлі жандарша үн-түнсіз орындаушылардай жұмыс істеп келген интеллигент күштерінде қандай мол күш жатқанын, қоғамның социалистік жолмен құрылуы тұсында қандай күштің болатынын және құлаш жаятынын дәл біле де алмай отырмыз. Біздің міндетіміз осы күштердің бәріне жол ашып беруде ғана. Ал егер біз жарысты ұйымдастыруды өзіміздің мемлекеттік міндетіміз етіп қоятын болсақ,— онда, мемлекеттік тәртіптің советтік принциптері жүргізілген жағдайда, жерге, фабрикаларға, заводтарға және басқаларына жеке меншік жойылған жағдайда,— істің нәтижелері өзін сөзсіз көрсететін болады және құрылыстың бұдан былайғы формаларын бізге көрсетіп береді.

XI ТАРАУ

Советтердің Төтенше съезінің жоғарыда мен айтып өткен қарары, басқасын былай қойғанда, сындарлы және берік ұйым құрудың қажеттігі туралы айтады*. Қазіргі уақытта Россия көлемінде жұмыс істейтін совет мекемелерінің де, экономикалық орындардың да ұйымшылдығы тым төмен. Орасан берекесіздік жағдай басым деуге болады.

Бірақ бұл жағдайды бүліну, күйрсу және құлдырау жағдайы деп бағалау дұрыс болмас еді. Егер буржуазиялық баспасөз осындай баға беріп отырса, онда капиталистер табының мүдделері жұртты осылай қарауға мәжбүр ететіні немесе, дәлірек айтқанда, жұрт осылай қарайды деген сыңай білдіруге мәжбүр еткісі келетіні түсінікті. Ал шындығында мәселеге азды-көпті тарихи

* Қараңыз: осы том, 132—134-беттер. *Ред.*

тұрғыдан қарай алатын адамның қайсысы болса да қазіргі берекесіздік жағдайының өту жағдайы екендігіне,— ескіден жаңаға өту жағдайы екендігіне,— осы жаңаның осу жағдайы екендігіне бір минут те күмәнданбайды. Егер ескіден жаңаға өту Россияда 1917 жылғы февральдан бастап жүріп жатқанындай шұғыл жүріп отырған болса, бұл өту, әрине, қоғамдық өмірдегі тозығы жеткен және өлексе нәрселердің орасан зор көлемде қиратылуын көздейді. Сондықтан жаңаның ізденуі бұрын ғасырлар бойы қалыптасып, ғасырлар бойы сақталып келген белгілі, бекіген, сіресіп, қатып-семіп қалған деуге болғандай формаларды бірден бере алмайтыны түсінікті. Қазіргі совет мекемелері және өнеркәсіпте жұмысшы бақылауы деген ұғыммен сипатталатын экономикалық ұйымдар,— бұл ұйымдар әлі де болса толқу және әбден бекімеген кезеңде болып отыр. Әлбетте, бұл ұйымдарда мәселенің, былайша айтқанда, дискуссиялық жағы немесе митингілік жағы іс жағынан басым келеді. Басқаша болуы мүмкін де емес, өйткені халықтың жаңа топтарын қоғамдық құрылысқа қатыстырмайынша, бұған дейін ұйқыда жатқан қалың бұқараның белсенділігін көтермейінше, ешқандай революциялық қайта құрылыс туралы сөз болуы да мүмкін емес. Буржуазиялық баспасөз сондай көп, сондай ызамен сөз қылып жүрген бітпейтін дискуссиялар мен бітпейтін митингілеу қоғамдық құрылысқа әлі мүлде әзір емес бұқараның қажетті түрдегі көшуі,— тарихи терең ұйқыда жатқан қалыптан тарихи жаңа творчествоға көшуі болып табылады. Бұл көшу кей жерлерде ұзаққа созылып отырса немесе бұқараны жаңа жұмысқа үйрету жеке-дара жұмыс істеуге дағдыланған және жүздеген, мыңдаған, миллиондаған адамдарды дербес саяси өмірге көтеру дегеннің не екенін түсінбейтін адамның армандағанындай тездікпен жүрмей отырса, мұның тіпті қорқынышты дәнеңесі де жоқ. Бірақ, мұны түсіне отырып, біз сонымен қатар бұл жөнінде болғалы отырған бетбұрысты да түсінуге тиіспіз. Совет мекемелері бүкіл Россияға тарамай отырған кезде, жерді социализациялау мен фабрикаларды национализациялау жалпы ережеден ерекшелік болып отырған

кезде,— міне, бұған дейін халық шаруашылығын қоғамдық басқарудың да алдын ала дискуссиялық әзірлік сатысынан, талқылау сатысынан, түсіндіру сатысынан әлі де асып кете алмағандығы (мәселені жалпы ұлттық көлемде алатын болсақ) табиғи нәрсе. Енді нақ осы бетбұрыс туып келеді, совет мекемелері бүкіл Россияға тарады. Бұл мекемелер Великороссиядан Россияның басқа да ұлттарының орасан көпшілігіне ауысты. Деревняда жердің социализациялануы мен қалаларда жұмысшы бақылауының орнатылуы ерекшелік болудан қалып, керісінше, ережеге айналды.

Екінші жағынан, халықтың көпшілігінің тым болмаса жай күн көру мүмкіндігін қамтамасыз ету мағынасында алғанда, оны ашықпайтын ету мағынасында алғанда еліміздің өте қиын, тіпті өте ауыр жағдайда болуы,— осы шаруашылық жағдайлар қалай да белгілі бір практикалық нәтижелерге жетуді талап етеді. Деревня өз астығымен күн көре алар еді,— бұл күмәнсыз нәрсе,— бірақ деревня онымен күн көре алғанда, қолда бар астық түгелдей шынымен барынша қатаң есепке алынып, ол бүкіл халыққа асқан үнемшілдікпен, ұқыптылықпен бөлініп берілген жағдайда ғана күн көре алады. Ал астықты дұрыс бөлу үшін транспорттың дұрыс жолға қойылуы керек. Ал транспорт соғыстан бәрінен де көп қираған. Сондықтан жерінің ол шеті мен бұл шеті орасан шалғай Россия сияқты елде транспортты қалпына келтіру үшін бәрінен де гөрі сындарлы, берік ұйым керек, бәлкім, шынымен сағаттың механизміндей дұрыс жұмыс істейтін миллиондаған адамдар да керек болар. Қазір нақ мынадай бетбұрыс кезең туып отыр: мұнда біз қоғамның барлық істерін мемлекеттік және экономикалық жағынан басқару жұмысына бұқараны қатыстыруға дайындау жағын ешбір тоқтатпауға, бұқараның жаңа міндеттерді барынша толық талқылауына ешбір бөгет келтірмеуге тиістіміз (керісінше, дұрыс шешімге өз бетімен келе алатын болу үшін бұқараның осындай талқылауына барынша көмектесуге тиістіміз), мұнымен бір мезгілде біз демократиялық функциялардың екі категориясын бір-бірінен қатаң ажырата бастауымыз керек, булар:

бір жағынан — дискуссиялар, митингілеу, екінші жағынан — атқарушылық функцияларды үшін өте қатаң жауапкершілік орнату және сағат қалай жұмыс істесе, шаруашылық механизмінің шынымен дәл солай жұмыс істеуі үшін қажетті жарлықтар мен бұйрықтарды орындағанда сөзсіз еңбек сіңіріп, тәртіптілікпен, өз еркімен орындап отыру. Бұған бірден көшуге болмайтын болды, бұдан бірнеше ай бұрын мұны талап ету педанттық болар еді немесе тіпті өштікпен арандатушылық жасағандық болар еді. Мұндай қайта құрылысты, жалпы айтқанда, ешқандай декретпен, ешқандай жарлықпен жүргізуге болмайды. Бірақ біздің бүкіл революциялық қайта құрылыс жөніндегі қызметіміздің өзекті пункті пақ осы қайта құрылысты жүзеге асыру болатын кез жетті. Қазір бұл қайта құрылыс әзірленді, қазір бұл үшін керекті жағдайлар пісіп жетілді, енді оны бұдан әрі кейінге қаратуға, бұдан әрі күтуге болмайды. Жуырда темір жол транспортын қайта құру туралы және дұрыс жолға қою туралы мәселе талқыланған кезде дара басқару өкіметі (өкімет болғанда, диктаторлық өкімет деп атауға болатын өкімет) жалпы алғанда демократиялық ұйымдармен, әсіресе басқару ісіндегі коллегиялық негізбен, жеке алғанда ұйымдастырудың советтік социалистік принципімен қаншалық сыйысады деген мәселе туды. Күмән жоқ, өте көп таралған пікір — мұндай сыйысу жөнінде әңгіме болуы мүмкін емес деген пікір,—диктаторлық дара өкімет демократизммен де, мемлекеттің советтік типімен де, басқарудың коллегиялылығымен де сыйыса алмайды-мыс деген пікір. Бұл пікірден асқан қате пікір жоқ.

Ұйымдастырудың демократиялық принципі дегеніміз,— Советтердің жалпы ережелерді, қаулылар мен заңдарды талқылауға ғана емес, олардың орындалуын бақылау ісіне ғана емес, сонымен қатар тікелей оларды орындауға да бұқараны белсенді түрде қатыстыру жөніндегі ұсыныстар мен талаптарды Советтер жүзеге асырып отыратын жоғары формасында алғанда,— мұның өзі бұқараның әрбір өкілі, әрбір азамат өзі мемлекеттің заңдарын талқылауға да, өзінің өкілдерін сайлауға да, мемлекет заңдарын жүзеге асыруға да қатыса

алатындай жағдайға қойылуға тиіс деген сөз. Бірақ бұдан әсте де белгілі бір атқарушылық функциялар үшін, белгілі бір жарлықтарды жүзеге асыру үшін, белгілі уақыт ішінде ортақ еңбектің белгілі бір процесін басқару үшін әрбір жеке ретте кімнің жауапты екендігі жөнінде сәл де болса былыққа немесе сәл де болса тәртіпсіздікке жол беріледі деген пікір тумайды. Бұқараның өзіне жауапты басшылар сайлап алуға правосы болуға тиіс. Бұқараның оларды ауыстырып отыруға правосы болуға тиіс, олардың қызметінің әрбір ең болмашы қадамын біліп, тексеріп отыруға бұқараның правосы болуға тиіс. Бұқараның жұмыс істеуші мүшелерінің бәрін де басқарушылық қызметтерге жоғарылатып отыруға бұқараның правосы болуға тиіс. Бірақ бұл әсте де коллективтік еңбек процесі белгілі бір басшылықсыз-ақ, басшының жауапкершілігі дәл белгіленусіз-ақ, басшы еркінің бірлігі арқылы орнайтын ең қатаң тәртіпсіз-ақ жүре алады деген сөз емес. Бар еңбекшілердің бәрін сағаттың механизміндей дұрыс жұмыс істейтін бір шаруашылық органға байланыстыратын ерік бірлігі болмаса, темір жолдар да, транспорт та, ірі машиналар мен кәсіпорындар да жалпы алғанда дұрыс жұмыс істей алмайды. Социализмді туғызған машиналы ірі индустрия. Ал егер социализмді енгізуші еңбекші бұқара өз мекемелерін машиналы ірі индустрия қалай жұмыс істеуге тиісті болса, солай жұмыс істейтіндей етіп бейімдей алмаса, онда социализмді енгізу туралы әңгіме болуы да мүмкін емес. Міне сондықтан да өзіміз бастан кешіріп отырған кезеңде, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасы жеткілікті дәрежеде нығайған кезде, қарсыласушы дұшпанның, яғни қарсыласушы қанаушылардың басты бағыттары жеткілікті дәрежеде талқандалып, зиянсыз етілген кезде, совет мекемелерінің жұмыс істеуі арқылы халық бұқарасын бүкіл қоғамдық өмірге өз бетімен қатысуға әзірлеу ісі жеткілікті дәрежеде жүргізілген кезде,— міне осы кезде дискуссия мен митингілеуді басшының барлық жарлықтарын сөзсіз орындаудан қатаң ажырату міндеттері кезекке қойылып отыр. Мұның өзі бел-

гілі бір шараны жүргізуге және осы шараны жүргізу ісін бақылауға бұқараны дайындауды, дайындағанда қажетті, пайдалы және қандай да болсын Совет толық мойындайтын дайындауды,— сол шараны жүргізудің өзінен ажырату деген сөз. Бұқара қазір бүкіл өкіметті өз қолына қарата алады,— оған мұны Советтер қамтамасыз етеді — және бұл өкіметті нығайта алады. Бірақ қазіргі кезде өзіміз адам айтқысыз қиындық көріп отырған көп өкіметтілік пен жауапсыздық келіп шықпауы үшін,— бұл үшін, атап айтқанда, жауапты басшылар қызметіне сайланғаннан кейінгі жерде қандай адамдардың тұтас алғанда бүкіл шаруашылық организмнің жұмыс істеуіне жауап беретіндігін біз әрбір атқарушылық функция үшін дәлме-дәл білетін болуымыз керек. Бұл үшін тұтас алғанда бүкіл шаруашылық организмді дара басқаруға сайлапып қойылатын жауапты адамдар, титтей де болса мүмкіндік бола қалған күнде, мүмкіндігінше жиі белгіленіп отыратын болуы керек. Осы дара басшының жарлықтарын жұрттың өз еркімен орындап отыруы қажет, дискуссияның, митингілеудің, атқарудың және — мұнымен қатар — сынаудың, тексеру мен түзетудің — аралас формасынан машиналы кәсіпорынның барынша дұрыс жүргізілуіне көшу қажет. Россияның еңбек коммуналарының, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының орасан көпшілігі осы міндетке қазірдің өзінде жақындап келеді, қазірдің өзінде келіп те отыр. Совет өкіметінің міндеті — қазіргі болғалы отырған бетбұрысты түсіндірушінің және оның қажеттігін заңды етушінің ролін өз мойнына алу.

XII ТАРАУ

Практицизм мен іскерлік ұраны — революционерлер арасында оншама көп таралмаған ұран. Тіпті олардың арасында бұдан аз таралған ұран болған жоқ деуге де болады. Революционерлердің міндеті ескі капиталистік қоғамды қирату болып тұрғанда олардың мұндай ұранды мойындамауға, оған кекесінмен қарауға тиісті болғаны әбден түсінікті. Өйткені практикада ол кезде капитализммен ымыраласу немесе капитализмнің негіз-

деріне пролетариаттың тегеурін көрсетуін әлсірету, капитализмге қарсы революциялық күресті әлсірету талабы белгілі бір формада осы ұранмен бүркемеленген еді. Өкіметті пролетариат жеңіп алғаннан кейін, осы өкіметті қамтамасыз еткеннен кейін, жаңа, яғни социалистік қоғамның негіздерін кең көлемде жасау жөніндегі жұмысқа кіріскеннен кейін істің қалайша түп-тамырымен өзгеруге тиісті болғаны әбден түсінікті. Біздің қазір де, жоғарыда айтылғанындай, өз идеяларымыздың дұрыстығына халық бұқарасының көзін жеткізу жөніндегі жұмысымызды да, қанаушылардың қарсыласуын күйрету жөніндегі жұмысымызды да титтей де бәсеңсітуге хақымыз жоқ. Бірақ осы екі функцияны атқарудағы басты нәрсені біз қазірдің өзінде-ақ істеп отырмыз. Қазір басты және кезектегі ұран нақ практикашылдық, нақ іскерлік ұраны болып отыр. Бұдан буржуазиялық интеллигенцияны жұмысқа тарту— енді бүгінгі таңның кезектегі, толғағы жеткен және қажетті міндеті болып отыр деген қорытынды туады. Егер жұрт мұндай қатыстыруды өкіметтің қайдағы бір ауытқушылығы, социализмнің принциптерінен қайдағы бір шегінгендік немесе буржуазиямен қайдағы бір жөнсіз компромисс жасау деп білетін болса, мұның өзі әбден күлкілі болар еді. Мұндай пікір айту— революциялық пролетарлық партиялар қызметінің мүлде өзге кезеңіне қатысты сөздерді ешбір мағынасыз қайталай бергендік болар еді. Керісінше, атап айтқанда өзіміздің революциялық міндеттеріміздің орындалуы үшін, атап айтқанда бұл міндеттердің қиял немесе бейкүнә тілек болып қалмай, қайта шынымен реалдылыққа айналуы үшін,—дереу жүзеге асырылуы үшін,— нақ осындай мақсат үшін біз енді ұйымдастыру жұмысының нақ практикашылдығы мен іскерлігін өзіміздің бірінші, кезектегі және ең басты міндетіміз етіп қоюға тиістіміз. Қазір әңгіме атап айтқанда белгілі бір үйді іс жүзінде салып шығуды барлық жағынан қолға алуда болып отыр, бұл үйдің жоспарын өзіміз әлдеқашан-ақ сызып қойғанбыз, бұл үйдің қаланатын негізін өзіміз бар күш-жігерімізбен жеңіп алғанбыз және барынша берік жеңіп алғанбыз, бұл үйге керекті

материалды керегінше жинап алғанбыз, сөйтіп енді осы үйді,— оны қосалқы ағаштармен қоршап, жұмыс киімін киініп алып, бұл киімді әр алуан қосалқы материалдармен былғап алам деп қорықпай-ақ, практикалық жұмысқа басшылық ететін адамдардың жарлықтарын қатаң орындай отырып,— осы үйді салу керек, салған үстіне сала беру керек.

Кейде біздің міндеттеріміздің қойылысында жоғарыда көрсетілген өзгерістердің қандай дәрежеде түсініксіз болып қалатыны,— мұның өзі басқасын былай қойғанда кәсіптік одақтардың ролі туралы жуырда өткізілген дискуссиядан көрінеді[62]. Пролетариаттың таптық дербестігін сақтау және нығайту мүдделері үшін кәсіптік одақтар мемлекеттік ұйымдарға айналмауға тиіс деген пікір айтылған болатын, білдірілген болатын (бұл пікірді, әрине, көріне арандатушылық мақсаттармен, яғни бізді буржуазия үшін ғана тиімді қадамдарға арандату мақсатымен меньшевиктер қолдады). Бұл пікір еңбектің капиталға қарсы күресі деген, пролетариаттың таптық дербестігінің қажеттігі деген әсем, барынша үйреншікті және барынша жаттанды сөздермен бүркемеленіп келді. Ал шындығында бұл пікір не ең дөрекі түрдегі буржуазиялық арандату болды, солай болып қала да береді, немесе — барып тұрған шолақ ойлылық, кешегі күннің ұрандарын құлша қайталағандық, мұны тарихтың бүгінгі таңдағы кезеңінің өзгерген жағдайларына жасалған талдау көрсетіп отыр. Кешегі күні кәсіптік одақтардың басты міндеті капиталға қарсы күресу және пролетариаттың таптық дербестігін қорғау болған еді. Кешегі күні кезекте тұрған ұран мемлекетке сенбеу болған еді, өйткені ол мемлекет буржуазиялық мемлекет болған еді. Бүгінгі күні мемлекет пролетарлық мемлекетке айналып келеді, пролетарлық мемлекетке айналып та отыр. Жұмысшы табы мемлекет ішіндегі үстем тапқа айналып келеді, айналып та отыр. Кәсіптік одақтар мемлекеттік ұйымдарға айналып келеді, айналуға тиісті де, бүкіл шаруашылық өмірді социализм негіздерінде қайта құруға ең алдымен осы ұйымдар жауапты. Сондықтан қазіргі дәуірге ескі профессионализм ұрандарын қолдану — жұ-

мысшы табының социалистік міндеттерінен беагендік болар еді.

Кооперативтер туралы да нақ осыны айтуға тура келеді. Кооператив дегеніміз кәсіп, сондықтан қандай болса да өзгерістер, жетілдірулер, реформалар жасалса да, мұның кәсіп екендігін өзгерте алмайды. Социалистерді мұндай көзқарасқа капиталистік дәуір үйретті. Ал кооперативтер буржуазиялық құрылыстың механизміне болмашы ғана қосымша болып тұрған кезінде бұл көзқарастардың кооперативтер мәнінің дұрыс көрінісі болғанына күмән жоқ. Бірақ әңгіменің өзі де мынада ғой: мемлекеттік өкіметті пролетариат жеңіп алған кезден бастап, пролетарлық мемлекеттік өкіметтің социалистік тәртіптерді жүйелі түрде жасауға кіріскен кезінен бастап, кооперативтердің жағдайы принципті түрде түп-тамырымен өзгереді. Бұл арада сан сапаға айналып отыр. Капиталистік қоғамдағы кішкентай арал болған кооператив дегеніміз кәсіп. Егер кооператив жерді социализациялаған, фабрикалар мен заводтарды национализациялаған бүкіл қоғамды қамтып отырса, онда кооператив дегеніміз социализм. Буржуазия саяси жәпе экономикалық жағынан экспроприацияланғаннан кейінгі жерде Совет өкіметінің міндеті әсіресе (көбінесе) мынада: кооператив ұйымдарын бүкіл қоғамға тарату, белгілі бір елдің барлық азаматтарын түгелімен жалпы ұлттық немесе, дәлірек айтқанда, жалпы мемлекеттік бір кооперативтің мүшелері болатын ету. Егер жұмысшы кооперативтерінің таптық сипатын тілге тиек етіп, біз бұл міндеттен бойымызды аулақ салатын болсақ, онда біз саяси өкіметті пролетариат жеңіп алғаннан кейін орнаған дәуірден мұндай жеңіп алуға дейін болған дәуірге қарай кері тартатын реакционерлер болып шығамыз. Жұмысшы табы капитализм өмір сүріп тұрған кезде өзінің саяси және экономикалық қызметінде екі тенденция көрсетті. Бір жағынан, мұның өзі капитализм тұсында қолайлы, тәп-тәуір орналасып алу тенденциясы болды, мұның өзі пролетариаттың болмашы жоғарғы тобы үшін ғана жүзеге асатын нәрсе еді. Екінші жағынан, мұның өзі жалпы алғанда капиталдың үстемдігін революция-

лық жолмен құлату үшін барлық еңбекшілер мен қаналған бұқараны бастау тенденциясы болды. Әрине, бұл екінші тенденция жеңіп шыққан кезде, капитал құлатылып, бүкіл халықтық социалистік кооператив орната бастау керек болған кезде,— әрине, осы кезде кооператив қозғалысының міндеттері мен шарттарына біздің көзқарасымыз түп-тамырымен өзгереді. Біз пролетарлық кооперативтермен де, буржуазиялық кооперативтермен де келісім жасасуға тиістіміз. Біз қорқа алмаймыз. Буржуазиялық кооперативтермен келісім жасасудан қорқу біздің тарапымыздан кісі күлерлік нәрсе болар еді, өйткені біз қазір үстемдік етуші өкіметпіз. Бізге жалғыз-жарым бытыраңқы кооперативтерден бүкіл халықтық бірыңғай кооперативке көшудің практикалық жағынан жүзеге асатын, өзіміз үшін ыңғайлы, қолайлы формаларын табуға болатындай келісім жасасу керек. Мемлекеттік өкімет ретінде біз буржуазиялық кооперативтермен келісімге келуден қорқа алмаймыз, өйткені мұндай келісім олардың сөзсіз бізге бағынуы болмақшы. Ал сонымен бірге біз өзіміздің пролетарлық жаңа мемлекеттік өкімет екендігімізді, жұмысшы табының қазір мемлекет ішіндегі үстем тапқа айналғандығын түсінуге тиістіміз. Сондықтан жұмысшы кооперативтері жеке кооперативтерді бүкіл халықтық бірыңғай кооперативтерге айналдыратын қозғалысты бастауға тиіс. Жұмысшы табы халықтың қалған бөлегінен аулақтамауы керек, қайта, мұның керісінше, халықтың барлық бөлегін түгелімен бүкіл халықтық бірыңғай кооперативке бірігуге көшіру ісінде оған басшылық етуге тиіс. Бұл үшін қандай практикалық, тікелей жүзеге асырылатын, өтпелі шаралар керек болады,— бұл басқа мәселе. Бірақ, барлық әңгіме қазір нақ осы практикалық өтуде екенін, пролетарлық мемлекеттік өкімет соны қолға алуға тиісті екенін, ол жөніндегі реформаның қандайын болса да тәжірибеде тексеріп, қалай болған күнде де осы өтуді жүзеге асыруға тиісті екенін айқын түсініп, даусыз шешіп алу керек.

XIII ТАРАУ

Еңбекшілердің тәртібі мен өзара тәртібін қалпына келтіру туралы мәселені талқылағанда қазір соттардың үлесіне тиетін маңызды рольді әсіресе атап өту керек. Капиталистік қоғамда сот көбінесе езгіге салу аппараты, буржуазиялық қанау аппараты болды. Сондықтан пролетарлық революцияның сөзсіз міндеті сот мекемелеріне реформа жасау болған жоқ (кадеттер және олардың қол шоқпарлары меньшевиктер мен оңшыл эсерлер осы міндетпен шектелді),— қайта бүкіл ескі сотты және оның аппаратын мүлде жою, түп-тамырымен құрту болды. Осы қажетті міндетті Октябрь революциясы орындады және ойдағыдай орындап шықты. Ескі соттың орнына ол жаңа, халық сотын, дәлірек айтқанда, еңбекшілер мен қаналған таптардың,— тек қана осы таптардың,— мемлекетті басқаруға қатысуы принципіне негізделіп құрылған совет сотын құра бастады. Жаңа сот бәрінен бұрын өз үстемдігін қайта орнатуға әрекет істеуші немесе өзінің пұрсаттылықтарын қорғауға, немесе осы пұрсаттылықтардың белгілі бір бөлшегін жасырын өткізіп жіберуге, алдап қолға түсіріп алуға тырысатын қанаушыларға қарсы күрес жүргізу үшін керек болды. Бірақ, мұның үстіне, соттар шынымен совет мекемелерінің принципіне негізделіп ұйымдастырылған болса, оларға басқа, онан да гөрі маңызды міндет жүктеледі. Бұл — еңбекшілердің тәртібі мен өзара тәртібін барынша қатаң түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ету міндеті. Мұндай міндет буржуазия өкіметі құлаған күннің ертеңінде-ақ, яғни капитализмнен социализмге өтудің алғашқы сатысында-ақ жүзеге аса алады немесе күштеусіз жүзеге асады деп ойлайтын болсақ, онда біз адам күлерліктей утопистер болар едік. Мұндай міндет күштеусіз мүлде орындалмайды. Бізге мемлекет керек, бізге күшпен көндіру керек. Мұндай күшпен көндіруді жүзеге асыратын пролетарлық мемлекеттің органы совет соттары болуға тиіс. Сондықтан халықты еңбек тәртібін сақтауға тәрбиелеу жөніндегі орасан зор міндет сол соттарға жүктеледі. Бізде бұл мақсат үшін әлі өте аз нәрсе істелді, дәлірек айтқанда,

тіпті еш нәрсе істелген жоқ деуге болады. Ал біз соттардың қызметін елдің бүкіл еңбек өмірін қамтитын етіп, мұндай соттарды барынша кең көлемде ұйымдастыруға қол жеткізуге тиістіміз. Осындай соттар ғана, оларға еңбекші, қаналған халықтың нағыз қалың бұқарасы қатысқан жағдайда, Совет өкіметінің принциптеріне сәйкес демократиялық формаларда тәртіп пен өзара тәртіп тілектерінің құрғақ тілек болып қалмауына жете алады. Осындай соттар ғана бізде революциялық өкіметтің болуына қол жеткізе алады; пролетариат диктатурасы туралы айтқанда, біз бәріміз мұндай өкіметті сөз жүзінде мойындаймыз, ал іс жүзінде мұндай өкіметтің орнына біз өзіміздің айналамызда тіпті екінің бірінде былжыр бір нәрсені көреміз. Тегінде, біздің қазіргі қоғамдық қалпымызды былжыр нәрсемен салыстырмай, қайта негүрлым берік қорытпа алардағы металды балқытумен салыстырғанымыз дұрысырақ болар еді.

1918 ж. 23 және 28 март аралығында айтып отырып жаздырған

XII тараудың бір бөлегі бірінші рет 1926 ж. 3 июльде «Правда» газетінің 150-номерінде басылған; X (толық емес), XI, XII, XIII тараулары бірінші рет 1929 ж. 14 апрельде «Правда» газетінің 86-номерінде басылған; IV (соңы), V, VI, VII, VIII, IX және X (басы) тараулары бірінші рет басылып отыр

Стенограмма бойынша басылып отыр

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ[63]

1918 ж. 13 және 26 апрель аралығында жазылған

1918 ж. 28 апрельде «Правда» газетінің 83-номері мен «Известия ВЦИК» газетінің 85-номеріне Қосымшада басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Мына кітапшаның қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр:
Н. Ленин. «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», 2-басылуы, Москва, 1918

РОССИЯ СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Қол жеткен бітімнің арқасында,— бұл бітім қаншама ауыр соқса да және қаншама баянсыз болса да,— Россия Совет республикасы өзінің күштерін социалистік революцияның ең маңызды және ең қиын жағына, атап айтқанда — ұйымдастыру міндетіне жұмсауға белгілі бір уақытқа мүмкіндік алып отыр.

1918 жылы 15 мартта Москвада өткен Советтердің Төтенше съезінде қабылданған қарардың 4-абзацында (4-бөлімінде) — қарардың еңбекшілердің өзара тәртібі туралы және былық пен берекесіздікке қарсы аяусыз күресу туралы айтылған абзацының нақ өзінде (немесе нақ сол бөлімінде) бұл міндет барлық еңбекшілер мен эзілген бұқараның алдына айқын және дәл қойылған*.

Россия Совет республикасының қолы жеткен бітімнің баянсыздығы, әрине, оның енді соғыс қимылдарын қайта бастайын деген ойы бар дегеннен тумайды;— буржуазияшыл контрреволюционерлер мен олардың жандайшаптары (меньшевиктер және басқалар) болмаса, өзге ешбір есі дұрыс саясатшы бұлай деп ойламайды. Бітімнің баянсыздығы Россиямен батысынан және шығысынан шектесетін, орасан зор әскери күші бар империалистік мемлекеттерде Россияның уақытша әлсіздігі қызықтырған және социализмді жек көруші, талауға құмар капиталистердің айдауына жүретін соғысқұмар

---

* Қараңыз: осы том, 132—134-беттер. *Ред.*

партияның бүгін-ертең үстемдік алып кетуі мүмкіндігіне байланысты туып отыр.

Істің жайы осындай болып отырғанда, біз үшін бейбітшіліктің қағаз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі кепілі — империалистік державалар арасындағы ең жоғары шегіне жеткен араздық қана, бұл араздық, бір жағынан, Батыста халықтарды империалистік қырғынға ұшыратудың қайта басталуынан, ал екінші жағынан, Ұлы мұхит пен оның жағалауына үстемдігін жүргізу үшін Жапония мен Американың арасында мейлінше асқынған империалистік бәсекеден көрініп отыр.

Қорғанысы осыншалықты әлсіз болғандықтан, біздің Советтік социалистік республиканың халықаралық жағдайы өте-мөте баянсыз, сөзсіз ауыр екені түсінікті. Россияның бүкіл қоғамдық организміне соғыс салған өте ауыр жарақаттарды емдеп жазу үшін және елдің экономикасын көтеру үшін жағдайдың қалыптасуынан туған тыныс алуды пайдалануға барлық күшімізді аямай жұмсауымыз керек, мұнсыз қорғаныс қабілетін аздыкөпті елеулі түрде арттыру туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Сондай-ақ алдымызға қойылған ұйымдастыру міндетін қандай дәрежеде шеше білсек, Батыстағы бірсыпыра себептерден кешігіп жатқан социалистік революцияға тек сондай дәрежеде ғана елеулі жәрдем көрсете алатынымыз да түсінікті.

Бірінші кезекте алдымызда тұрған ұйымдастыру міндетін ойдағыдай шешудің негізгі шарты халықтың саяси басшыларының, яғни Россия коммунистік (большевиктер) партиясы мүшелерінің, ал бұдан кейін еңбекшілер бұқарасының барлық саналы өкілдерінің де, бұрынғы буржуазиялық революциялар мен қазіргі социалистік революцияның арасындағы қарастырылып отырған жағынан алғандағы негізгі айырмашылықты толық түсінуі болып табылады.

Буржуазиялық революцияларда еңбекшілер бұқарасының басты міндеті феодализмді, монархияны, орта ғасырлықты жою жөніндегі теріс мәндегі немесе қиратушылық жұмысты орындау болды. Жаңа қоғам ұйымдастыру жөніндегі оң мәндегі немесе жасампаздық жұ-

1

Тезисы о задачах Советской власти в настоящий момент.

Международное положение Российской Советской Республики и основные задачи социалистической революции.

1. Благодаря достигнутому миру, — несмотря на всю его тягостность и всю его непрочность, — Российская советская республика получает возможность на известное время сосредоточить свои силы на важнейшей и труднейшей стороне социалистической революции, именно: на задаче организационной.

Эта задача ясно и точно поставлена перед всеми трудящимися и угнетенными массами в 4-ом абзаце (4-ой части) резолюции, принятой 15.III.1918 на московском чрезвычайном съезде советов, — в том абзаце (или в той части) резолюции, где говорится о самодисциплине трудящихся и о беспощадной борьбе с хаосом и дезорганизацией.

В. И. Лениннің «Совет өкіметінің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы тезистер» деген қолжазбасының бірінші беті.— Апрель, 1918 ж.

Кішірейтілген

мысты халықтың дәулетті, буржуазиялық азшылығы орындап келді. Ал бұл азшылық осы міндетті, жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың қарсылығына қарамастан, біршама жеңіл орындады, капитал қанаған бұқараның қарсылығы ол кезде оның бытырандылығы мен жетілмегендігі себепті өте әлсіз болғандығынан ғана емес, сонымен қатар стихиялы түрде кеңейе де кеулей өскен ұлттық және интернационалдық рыноктың өзі анархиялық жолмен құрылған капиталистік қоғамның негізгі ұйымдастырушы күші болатындықтан да біршама жеңіл орындады.

Мұның керісінше, социалистік революцияның қандайында болса да,— демек, Россиядағы 1917 жылы 25 октябрьде біз бастаған социалистік революцияда да,— пролетариаттың және ол басшылық еткен ең кедей шаруалардың басты міндеті ондаған миллион адамның күн көруіне қажетті өнімдерді жоспарлы түрде өндіру мен бөлу ісін қамтитын жаңа ұйымдық қатынастардың өте күрделі және нәзік жүйесін жолға қою жөніндегі нағыз оң мәндегі немесе жасампаздық жұмыс болып табылады. Мұндай революцияны халықтың көпшілігінің, ең алдымен еңбекшілер көпшілігінің дербес тарихи творчествосы болғанда ғана ойдағыдай жүзеге асыруға болады. Егер пролетариат пен ең кедей шаруалар жеткілікті саналылық, идеялылық, жанқиярлық, табандылық көрсете алса,— тек сонда ғана социалистік революцияның жеңуі қамтамасыз етіледі. Еңбекшілер мен езілген бұқараға жаңа қоғамды өздері құру ісіне белсене қатысуға мүмкіндік беретін мемлекеттің жаңа, советтік типін жасау арқылы біз қиын міндеттің тек аз ғана бөлегін орындадық. Басты қиыншылық экономикалық салада болып отыр: өнімдерді өндіру мен бөлу ісін барлық жерде барынша қатаң есепке алып, бақылап отыру керек, еңбек өнімділігін арттыру керек, өндірісті *іс жүзінде қоғамдастыру* керек.

Біз бастан кешіріп отырған және қазіргі саяси кезеңнің ерекшелігі саналатын тарихи бетбұрыстың, Совет өкіметінің жаңа бағдар алуын, яғни жаңа міндеттерді

жаңаша қоюды талап етіп отырған бетбұрыстың мәні неде екенін қазір Россияда үкіметтік партия болған большевиктер партиясының дамуы өте-мөте айқын көрсетеді.

Келешегі бар әрбір партияның бірінші міндеті — өзінің программасы мен тактикасының дұрыстығына халықтың көпшілігінің көзін жеткізу. Патша өкіметінің тұсында да, Черновтардың, Церетелилердің Керенскийлермен, Кишкиндермен келісімге келу кезеңдерінде де бұл міндет ең бірінші орында болды. Әрине, әлі аяқталып жетпеген (және еш уақытта аяқталып бітуі мүмкін емес) бұл міндет негізінен алғанда қазір шешілді, өйткені Россияның жұмысшылары мен шаруалары көпшілігінің большевиктер жағында болып отырғаны айқын, мұны Советтердің Москвада болған соңғы съезі даусыз дәлелдеді.

Біздің партияның екінші міндеті саяси өкіметті жеңіп алу және қанаушылардың қарсылығын басу болды. Бұл міндет те ақырына дейін әсте аяқталып біткен жоқ және бұл міндетті елемеуге болмайды, өйткені, бір жағынан, монархистер мен кадеттер, екінші жағынан, олардың қол шоқпарлары мен құйыршықтары, меньшевиктер мен оңшыл эсерлер, Совет өкіметін құлату үшін бірігу әрекеттерін әлі де тоқтатпай отыр. Бірақ, қанаушылардың қарсылығын басу міндеті, негізінен алғанда, 1917 жылдың 25 октябрінен 1918 жылдың февралына дейінгі (шамамен) немесе Богаевский қолға түскенге дейінгі уақыттың ішінде-ақ шешілді.

Енді кезектегі міндет және бастан кешіріп отырған кезеңге тән ерекшелік болып табылатын міндет есебінде үшінші міндет — Россияны *басқару* ісін ұйымдастыру міндеті алға қойылып отыр. Әлбетте, бұл міндетті біз 1917 жылы 25 октябрьдің ертеңіне-ақ алға қойып, шеше бастадық, бірақ осы кезге дейін, қанаушылардың қарсылығы әлі ашықтап-ашық азамат соғысы формасында болып отырғанда, міне, осы кезге дейін басқару міндеті *басты, негізгі* міндет бола *алмады*.

Қазір ол осындай міндет болып отыр. Біз, большевиктер партиясы, Россияны *сендірдік*. Біз Россияны кедейлер үшін байлардан, еңбекшілер үшін қанаушылардан

тартып алдық. Біз енді Россияны *басқаруға* тиістіміз. Сондықтан бастап кешіріп отырған кезеңге тән ерекшеліктердің бәрі, қиыншылықтың бәрі мынада: халықты сендіру және қанаушылардың қарсылығын соғыс арқылы басып-жаншу жөніндегі басты міндеттен *басқару* жөніндегі басты міндетке *көшудің ерекшеліктерін* түсінуде болып отыр.

Дүние жүзі тарихында бірінші рет социалистік партия өкіметті жеңіп алу және қанаушылардың қарсылығын жаныштау ісін негізінен алғанда аяқтап үлгірді, *басқару* міндетіне *тікелей кірісіп* үлгірді. Социалистік төңкерістің осы аса қиын (және аса ардақты) міндетін біз лайықты орындап шығушы болуымыз керек. Ойдағыдай басқару үшін сендіре білуден *басқа,* азамат соғысында жеңе білуден басқа *іс жүзінде ұйымдастыра* білу қажет екенін *ойластыру* керек. Бұл—ең қиын міндет, өйткені әңгіме ондаған миллион адамдар өмірінің ең терең, экономикалық, негіздерін жаңаша ұйымдастыру жайында болып отыр. Ал мұның өзі ең ардақты міндет, өйткені осы міндетті (негізгі және басты жағынан) шешкеннен *кейін* ғана Россия тек советтік республикаға *айналып* қоймай, сонымен қатар социалистік республикаға да *айналды* деп айтуға болады.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢНІҢ ЖАЛПЫ ҰРАНЫ

Өте ауыр және баянсыз бітіммен туған, соғыс және буржуазия (Керенский және оны қолдаған меньшевиктер мен оңшыл эсерлер) үстемдігі бізге мұра етіп қалдырған ауыр азапты күйзелістен, жұмыссыздықтан, ашаршылықтан туған, жоғарыда суреттелген объективті жағдай,—осының бәрі еңбекшілердің қалың бұқарасын қатты шаршатпай, тіпті оның күштерін титықтатпай қоймады. Бұл бұқара белгілі бір тынығуды өте-мөте талап етіп отыр, талап етпеске лажы да жоқ. Соғыстан және буржуазияның қожайындық етуінен қираған өндіргіш күштерді қалпына келтіру, соғыстан, соғыстағы жеңілістен, жалдаптықтан және қанаушылардың құлатылған өкіметін буржуазияның қайта орнатпақшы болған әрекетінен түскен жарақаттардан айығу, еліміз-

дің экономикасын көтеру, ең қарапайым тәртіпті мықты сақтау күн тәртібіне қойылып отыр. Совет өкіметі қазіргі кезеңде, буржуазияның, меньшевиктердің жәпе оңшыл эсерлердің қарсылығына қарамастан, қоғамды сақтаудың нақ осы қарапайым, ең қарапайым міндеттерінің өзін іс жүзінде шеше алған жағдайда ғана Россияның социализмге көшуін баянды ете алады, мұның өзі ерсі болып көрінуі мүмкін, бірақ шындығына келгенде, жоғарыда көрсетілген объективті жағдайлар себепті, ешбір күмәнсыз нәрсе. Қазіргі жағдайдың нақты ерекшеліктері себепті және жерді социализациялау, жұмысшы бақылауы, тағы басқалар туралы заңдары бар Совет өкіметі өмір сүріп отырғанда, осы ең қарапайым міндеттерді іс жүзінде шешу және социализмге қарай басқан бірінші адымдардың ұйымдастыру қиыншылықтарын жеңу қазіргі уақытта бір медальдің екі беті болып табылады.

Ақшаны ұқыпты, адал есептеп жұмса, шаруашылықты жүргізгенде үнемшіл бол, жалқау болма, ұрлама, еңбекте қатаң тәртіп сақта деген ұрандар,— қанаушылар табы ретінде буржуазия өз үстемдігін нақ осындай сөздермен бүркеген кезде революцияшыл пролетарлар әділетті түрде күлкі еткен нақ осындай ұрандар енді, буржуазия құлатылғаннан кейін, қазіргі кезеңнің кезектегі және басты ұрандары болып отыр. Сондықтан еңбекшілер *бұқарасының* бұл ұрандарды практикалық жағынан жүзеге асыруы, бір жағынан, империалистік соғыс, империалистік жыртқыштар (Керенский бас болып) өлімші етіп талаған елді құтқарудың *бірден-бір* шарты болып табылады, ал екінші жағынан, *Совет* өкіметінің *өз* әдістерімен, *өз* заңдарының негізінде бұл ұрандарды практикалық жағынан жүзеге асыруы социализмнің түпкілікті жеңуі үшін қажетті және *жеткілікті* нәрсе болып табылады. Мұндай «жауыр болған», «дағдылы» ұрандарды бірінші кезекке қоюдан жирене қашатын адамдар, міне, осыны түсіне білмейді. Бұдан бір жыл бұрын ғана патша өкіметін құлатқап, Керенскийлерден құтылғанына жарты жылға толмаған ұсақ шаруалы елде, әрине, ұзаққа созылған, реакциялық соғыстың қандайына болса да қосарласа жүретін айуандық, тағыла-

ну күшейте түскен стихиялық анархизм аз сақталып қалған жоқ, ызаланып, керексіз ашу қысқан ниеттер де аз емес; егер бұған буржуазия малайларының (меньшевиктердің, оңшыл эсерлердің және басқалардың) арандатушылық саясатын қоссақ, сонда бұқараның пиғылын толығынан өзгерту үшін және оның дұрыс, ұстамды, тәртіпті еңбекке көшуі үшін таңдаулы, ең саналы жұмысшылар мен шаруалардың қаншалықты ұзақ уақыт, табандылықпен күш салуы қажет екендігі әбден түсінікті болады. Кедейлер бұқарасының (пролетарлар мен жартылай пролетарлардың) осындай еңбекке көшуі ғана буржуазияны, әсіресе неғұрлым қайсар және саны көп шаруалар буржуазиясын жеңу ісін аяқтап шыға да алады.

БУРЖУАЗИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Бізде буржуазия жеңілді, бірақ ол түп-тамырымен құртылған жоқ, жойылған жоқ, әлі ақырына дейін қиратылған да жоқ. Сондықтан буржуазияға қарсы күрестің жаңа, жоғары формасы—капиталистерді онан әрі экспроприациялау жөніндегі оңай міндеттен анағұрлым күрделі және қиын міндетке—буржуазия өмір сүре де алмайтындай, қайтадан туа да алмайтындай жағдай жасау міндетіне көшу күн тәртібіне қойылып отыр. Бұл міндеттің әлдеқайда зор міндет екені және оны шешпейінше социализмнің болмайтыны анық.

Егер Батыс Европа революцияларының ауқымында алар болсақ, біз қазір, шамамен айтқанда, 1793 жылы және 1871 жылы жеткен дәрежеде тұрмыз. Біз осы дәрежеге жеттік, бір жағынан, сөз жоқ, одан едәуір әрі бардық та, атап айтқанда: бүкіл Россияда мемлекеттің жоғары *типін* — Совет өкіметін жариялап, оны іске асырдық, бұған мақтануға заңды правомыз бар. Бірақ қол жеткенге біз еш уақытта да қанағаттана алмаймыз, өйткені біз социализмге көшуді енді ғана бастадық, бірақ *бұл* жөнінен шешуші нәрсені *әлі* жүзеге асырған жоқпыз.

Шешуші нәрсе—өнімдерді өндіру мен бөлуді барынша қатаң, бүкіл халықтық көлемде есепке алып, бақылап отыруды ұйымдастыру. Оның бер жағында, өзіміз

буржуазиядан тартып алған кәсіпорындарда, шаруашылықтың салалары мен тармақтарында біз есеп пен бақылауды *әлі* жолға қойған *жоқпыз*, ал мұнсыз социализмді енгізудің сондай маңызды, материалдық екінші шарты туралы, атап айтқанда: еңбек өнімділігін жалпы ұлттық көлемде арттыру туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Сондықтан қазіргі кезеңнің міндетін: капиталға онан әрі шабуыл жасай беру деген жай формуламен белгілей салуға болмас еді. Күмән жоқ, біз капиталды әлі толық құртпасақ та, еңбекшілердің осы жауына бұдан әрі шабуыл жасай беру сөзсіз қажет болса да, міндетті бұлай деп белгілеу дәл, нақты болмас еді, бұлай деп белгілегенде, *бұдан былайғы* шабуылдың ойдағыдай болып шығуы үшін шабуылды *қазір* «тоқтата тұру» керек болып тұрғанда, қазіргі кезеңнің *өзіндік ерекшелігі* есепке алынбаған болар еді.

Біздің капиталға қарсы шайқастағы жайымызды жеңіске жеткен әскердің жайымен салыстырып көрсетсек, мұны сонда түсіндіруге болады; әлгі жеңіске жеткен әскер жау жерінің жартысын немесе үштен екісін тартып алды, содан кейін күшін жинау, соғыс жабдықтарының қорын молайту үшін, коммуникациялық линиясын жөндеп, нығайту үшін, жаңа қоймалар салу, жаңа резервтер әкелу, т. т. үшін шабуылды лажсыз тоқтата тұрды дейік. Мұндай жағдайда жеңіске жеткен әскердің шабуылды тоқтата тұруы атап айтқанда жаудың қалған жерін басып алу үшін, яғни толық жеңіп шығу үшін қажетті нәрсе болып табылады. Кімде-кім қазіргі кезеңде істің объективті жайы нақ осылайша капиталға шабуылды «тоқтата тұруды» керек қылып отырғанын түсінбесе, ол адам бастап кешіріп отырған саяси кезеңнен түк те түсінбеген болып шығады.

Әлбетте, капиталға шабуыл жасауды «тоқтата тұру» дегенді тек тырнақша ішінде ғана, яғни метафора түрінде ғана айтуға болады. Кәдуілгі соғыста шабуылды тоқтата тұру туралы жалпы бұйрық беруге болады, ілгері басуды іс жүзінде тоқтатуға болады. Капиталға қарсы шайқаста ілгері басуды тоқтатуға болмайды, ал капиталды одан әрі экспроприациялай беруден бас тар-

туымыз туралы сөз болуы да мүмкін емес. Әңгіме біздің экономикалық және саяси жұмысымыздың *салмағын* қай жаққа аудару жайында болып отыр. Бұған дейін экспроприаторларды тұрадан-тура экспроприациялау жөніндегі шаралар *бірінші орында* болып келді. Енді капиталистер қазірдің өзінде экспроприацияланған шаруашылықтарда және қалған шаруашылықтардың бәрінде есеп пен бақылауды ұйымдастыру ісі *бірінші орынға* қойылып отыр.

Егер біз қазір капиталды бұрынғы қарқынмен одан әрі экспроприациялай берғіміз келсе, біз, сірә, жеңілген болар едік, өйткені біздің пролетарлық есеп пен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысымыз *турадан-тура* «экспроприаторларды экспроприациялау» жұмысынан көрінеу көзге *артта қалғаны* әрбір есті кісіге айқын болса керек. Егер біз қазір есеп пен бақылауды ұйымдастыру жұмысына бар күшімізді салсақ, біз бұл міндетті шеше аламыз, өткендегі олқылықтың орнын толтырамыз, капиталға қарсы өзіміздің *бүкіл* «науқанымызда» ұтып шығамыз.

Бірақ өткендегі олқылықтың орнын толтыруға тура келетіндігін мойындау — қайдағы бір қате жіберіліпті дегенді мойындаумен бірдей емес пе?—Тіпті де олай емес. Тағы да соғыс мысалынан теңеу келтірейік. Егер жауды жеңіл атты әскер отрядтарының бір өзімен ғана талқандап, кейін шегіндіруге мүмкін болса,—мұны істеу керек. Ал егер мұны белгілі бір шекке дейін ғана ойдағыдай орындауға болса, онда осы шекке жеткеннен кейін ауыр артиллерия әкелу қажет болуы әбден ықтимал. Қазір ауыр артиллерия әкелу жөніндегі олқылықтың орнын толтыру керек екенін мойындай отырып, біз атты әскердің жеңімпаз шабуылын әсте қате деп таппаймыз.

Буржуазияның малайлары бізді капиталға «қызыл гвардиялық» шабуыл жасады деп екінің бірінде кінәлайды. Мұндай кінә тағу сорақы, нақ сол ақшалы қапшық малайларына ғана лайық нәрсе. Өйткені капиталға «қызыл гвардиялық» шабуыл жасауды жағдай *ол кезде* сөзсіз керек қылды: біріншіден, *ол кезде* капитал Керенский мен Красновтың, Савинков пен Гоцтың (Гегеч-

кори қазір де сондай қарсылық көрсетіп отыр), Дутовпен Богаевскийдің қарсылығы секілді әскери қарсылық көрсетті. Әскери қарсылықты әскери құралдармен талқандамаса, басқаша талқандауға болмайды, сондықтан қызыл гвардияшылар ең ардақты және ең ұлы тарихи істі—еңбекшілер мен қаналғандарды қанаушылардың езгісінен құтқару ісін істеді.

Екіншіден, біз ол кезде басқару әдісін мына себептен де қарсылықты жаныштау әдістерінің орнына бірінші орынға қоя алмаған болар едік: басқару өнері адамның бойына туа бітпейді, адам оны тәжірибе арқылы үйренеді. Ол кезде бізде бұл тәжірибе болмады. Енді ол бар. Үшіншіден, ол кезде біздің қарамағымызда білім мен техниканың түрлі салаларының мамандары болуы мүмкін емес еді, өйткені олар не Богаевскийлердің қатарында соғысып жатты, не олардың әлі де болса *саботаж* жасау арқылы үнемі және қарысып енжар қарсылық көрсетуге мүмкіндіктері болды. Ал қазір біз саботажды жеңдік. Капиталға жасалған «қызыл гвардиялық» шабуыл ойдағыдай өтті, жеңімпаз шабуыл болды, өйткені біз капиталдың әскери қарсылығын да, капиталдың саботаждық қарсылығын да жеңдік.

Мұның өзі капиталға «қызыл гвардиялық» шабуыл жасау *қай уақытта болса да* орынды, *қандай* жағдайларда болса да орынды, бізде капиталға қарсы күрестің басқа әдістері *жоқ* дегенді білдіре ме? Бұлай деп ойлау балалық болар еді. Біз жеңіл атты әскермен жеңдік, бірақ біздің ауыр артиллериямыз да бар. Біз күшпен жаныштау әдістерімен жеңіп келдік, біз басқару әдістерімен де жеңе аламыз. Жағдай өзгерген кезде жаумен күресу әдістерін де өзгерте білу керек. Басқа да помещиктік және буржуазиялық контрреволюционерлер сияқты, Савинковтар мен Гегечкори мырзаларды да «қызыл гвардиялық» әдіспен басып-жаншудан біз бір минут те бас тартпаймыз. Бірақ қызыл гвардиялық шабуылдар қажет болған дәуір негізінен алғанда аяқталған (және жеңімпаздықпен аяқталған) кезде, жерді қайта жыртқанда ол жерге енді қайтып ешбір буржуазия өспейтіндей етіп жырту үшін буржуазиялық мамандарды пролетарлық мемлекеттік өкімет пайдаланатын

дәуір туып келе жатқан кезде, біз «қызыл гвардиялық» тәсілдерді бірінші орынға қойып, ақымақ болмаймыз.

Мұның өзі ерекше дәуір немесе, дұрысырақ айтқанда, дамудың ерекше кезеңі; сондықтан да капиталды ақырына дейін жеңу үшін күресіміздің формаларын осы кезеңге тән ерекше жағдайларға бейімдей білуіміз керек.

Білімнің, техниканың, тәжірибенің әр алуан саласындағы мамандардың басшылығы болмайынша, социализмге өту мүмкін емес, өйткені социализм капитализмнің жеткен дәрежесі негізінде, капитализмге қарағанда жоғары еңбек өнімділігіне қарай саналы түрде, жаппай алға басуды талап етеді. Бұл алға басуды социализм *өзінше,* өз тәсілдерімен—нақтылырақ айтайық, *советтік* тәсілдермен—іске асыруға тиіс. Ал мамандардың көпшілігі оларды маман етіп шығарған қоғам өмірінің бүкіл жағдайы себепті буржуазиялық маман болып отырғаны сөзсіз. Егер біздің пролетариат өкіметті қолға алғаннан кейін есеп, бақылау, ұйымдастыру міндетін бүкіл халықтық көлемде тез шешкен болса,—(соғыс салдарынан және Россияның артта қалғандығынан мұны іске асыру мүмкін болмай келді)—ол уақытта біз саботажды жеңіп, жалпы есеп пен бақылау арқылы буржуазиялық мамандарды да өзімізге толық бағындырып алған болар едік. Саботажды жеңіп үлгірсек те, жалпы алғанда есеп пен бақылау жөнінде едәуір «кешігіп» қалу себепті, біз қарамағымызға буржуазиялық мамандарды беретіп жағдайды *әлі* жасаған *жоқпыз;* саботажшылардың көпшілігі «қызметке келіп жатыр, бірақ таңдаулы ұйымдастырушыларды, аса ірі мамандарды мемлекет не ескіше, буржуазияша (яғни ақыны көп төлеп), не жаңаша, пролетарша (яғни мамандарды өзінен өзі бағындырмай, жұмысқа тартпай қоймайтын бүкіл халықтық есеп пен төменнен бақылау жасау жағдайын туғызып) пайдалана алады.

Қазір біздің ескі, буржуазиялық амалды қолдануымызға және буржуазиялық мамандардың ең ірілерінің «еңбегіне» өте жоғары ақы төленуіне көнуімізге тура келіп отыр. Іспен таныс адамдардың бәрі де мұны көріп отыр, бірақ пролетарлық мемлекеттің мұндай шара

қолдануының маңызына бәрі бірдей ой жүгірте бермейді. Мұндай шараның компромисс екені, Париж Коммунасы мен қандай да болсын пролетарлық өкіметтің жалақыны орта жұмысшыға төленетін ақының мөлшеріне түсіруді талап ететін, мансапқорлыққа қарсы сөз жүзінде емес, іс жүзінде күресуді талап ететін принциптерінен шегінгендік екені айқын.

Ол ол ма. Мұндай шара капиталға шабуылды—белгілі бір салада және белгілі бір дәрежеде—тоқтата тұру ғана емес (өйткені капитал дегеніміз ақша сомасы емес, белгілі бір қоғамдық қатынас), сонымен қатар, әуел бастан-ақ жоғары ақы төлеуді кемітіп, жұмысшының орташа табысының қатарына түсіру саясатын жариялап, соны жүргізген біздің социалистік, Советтік, мемлекеттік өкіметіміздің *бір адым кейін шегінгендігі* екені де анық[64].

Әрине, буржуазияның малайлары, әсіресе меньшевиктер, новожизньшілдер, оңшыл эсерлер сияқты ұсақ түйектері, біздің бір адым кейін шегінуді мойындағанымыз жөнінде мысқылдап күлер. Бірақ олардың мысқылдап күлуіне біздің назар аударып жатуымыздың керегі жоқ. Бізге социализмге жетудің аса қиын және жаңа жолының ерекшеліктерін зерттеу керек, өз қателеріміз бен әлсіздіктерімізді жасырмау керек, қайта істеліп бітпей қалған жұмысты уақытында істеп бітіруге тырысуымыз керек. Буржуазия мамандарының өте жоғары мөлшерде табыс табуына мүмкіндік беріп жұмысқа тарту Коммунаның принциптерінен шегіну екенін бұқарадан жасыру буржуазиялық саясатқұмарлардың дәрежесіне түскендік және бұқараны алдағандық болар еді. Біздің қалай және неліктен бір адым кейін шегінгенімізді ашық түсіндіру, одан кейін олқылықтың орнын толтыруға қандай амал бар екенін ашық талқыға салу—бұқараны тәрбиелеу және социализмді құруды тәжірибе арқылы үйрену, бұқарамен бірге үйрену деген сөз. Жеңуші жеке қателер жібермеген, ішінара жеңілмеген, кейбір реттерде және кей жерлерде уақытша кейін шегінбеген ең болмаса бір жеңімпаз соғыс жорығы тарихта бола қойды ма екен. Ал біздің капитализмге қарсы жасаған «жорығымыз» ең қиын соғыс жоры-

ғынан да миллион есе қиын, сондықтан жеке, ішінара шегіну туралы сары уайымға салыну ақымақтық және масқаралық болар еді.

Мәселені практикалық жағынан алып қарайық. Елдің экономикасын мүмкін болғанынша тез көтеру мақсатымен халық еңбегіне басшылық ету үшін Россия Совет республикасына білімнің, техниканың, практикалық тәжірибенің түрлі салаларынан ең үздік деген 1000 ғалым мен маман керек екен делік. Бұл «ең үлкен жұлдыздарға»,—олардың көпшілігі, әрине, жұмысшылар азғындады деп неғұрлым көбірек айқай салған сайын, буржуазиялық салтпен соғұрлым азғындағандар,—жылына 25 000 сомнан ақы төлеуге тура келеді делік. Бұл соманы (25 миллион сомды) екі есе көбейту керек делік (ұйымдастырушылық-техникалық жағынан берілген тапсырмалардың аса маңыздыларын ерекше ойдағыдай және тез орындағаны үшін сыйлық берілуі мүмкін) немесе ол соманы тіпті төрт есе көбейту керек делік (олардан гөрі құлқыны зор бірнеше жүз шетел мамандарын алдыру керек болуы мүмкін). Мынадай сұрақ туады: халық еңбегін білім мен техниканың ең жаңа жетістіктері негізінде қайта ұйымдастыру ісіне жылына елу немесе жүз миллион сом жұмсауды тым көп немесе бұған Совет республикасының күші жетпейді деп айтуға бола ма? Әрине, болмайды. Біздің артта қалғандығымыз миллиардтаған шығын жұмсауға бізді мәжбүр етіп отырғанын практикалық өмірден білетін саналы жұмысшылар мен шаруалардың басым көпшілігі мұндай шығын шығаруды қостайды, ал ұйымдастыру, есеп және бақылау ісін буржуазиялық интеллигенцияның «жұлдыздарын» *біздің* жұмысымызға түгелдей және өз ықтиярымен қатыстырарлықтай дәрежеде жолға қоюға *әлі* жеткеніміз *жоқ*.

Әлбетте, мәселенің екінші жағы да бар. Көп жалақының Совет өкіметіне де (өйткені төңкерістің тез жасалған жағдайында бұл өкіметке бірсыпыра авантюристер мен алаяқтар қосылмай қалмады, олар түрлі комиссарлардың ішіндегі топастарымен немесе ұятсыздарымен бірігіп қазынаны ұрлаудың... «жұлдыздары» болудан тартынбайды), жұмысшылар бұқарасына да азғын-

датушылық әсерін тигізетіні даусыз. Бірақ жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың арасындағы есті, адал ниетті адамдардың бәрі де бізбен келіседі, капитализмнің бізге қалдырған жаман мұрасынан бірден арыла алмайтынымызды, Совет республикасын 50 немесе 100 миллион сом «алымнан» *(бүкіл халықтық* есеп пен *төменнен* жасалатын бақылауды ұйымдастыру ісінде артта қалғандығымыз үшін төленетін алымнан) тек ұйымдаса отырып, өз арамыздағы тәртіпті күшейте отырып, өз қатарымызды «капитализм мұрасын сақтаушылардың», «капитализмнің дәстүрлерін берік ұстаушылардың» бәрінен, яғни жалқаулардан, арамтамақтардан, қазына ұрлаушылардан (қазір жердің бәрі, фабрикалардың бәрі, темір жолдардың бәрі Совет республикасының «қазынасы») тазарта отырып қана құтқара алатынымызды, бұдан басқа жол жоқ екенін олар мойындайды. Егер алдыңғы қатарлы саналы жұмысшылар мен ең кедей шаруалар, совет мекемелерінің көмегімен бір жыл ішінде ұйымдасып, тәртіпті болып, алға ұмтылып, күшті еңбек тәртібін орнатып үлгірсе, ол уақытта біз бір жылдан кейін бұл «алымды» мойнымыздан алып тастаймыз; біздің жұмысшы-шаруа еңбек тәртібіміз бен ұйымшылдығымыздың табысқа жету шамасына қарай... бұл «алымды» тіпті одан бұрын да кемітуге болады. Біздер, жұмысшылар мен шаруалар, өзіміз жақсы еңбек тәртібіне және еңбектің жоғары дәрежелі техникасына неғұрлым тез үйренсек, бұған үйрену үшін буржуазиялық мамандарды пайдалансақ, біз осы мамандарға төленетін «алым» атаулыдан соғұрлым тез құтыламыз.

Өнімдерді өндіру мен бөлуді бүкіл халық болып есепке алу мен бақылау ісін пролетариаттың басшылығымен ұйымдастыру жөніндегі жұмысымыз экспроприаторларды тікелей экспроприациялау жөніндегі жұмысымыздан көп артта қалды. Қазіргі кезеңнің ерекшеліктерін және Совет өкіметінің одан туатын міндеттерін түсіну үшін мұның өзі негізгі жағдай болып отыр. Буржуазияға қарсы күресте күштің салмағы осындай есеп пен бақылауды ұйымдастыру жұмысына түскелі отыр. Банктерді национализациялау, сыртқы сауданы моно-

полияландыру, ақша айналысын мемлекеттік бақылауға алу, пролетарлық тұрғыдан қарағанда қанағаттанарлық түрде мүлік және табыс салығын енгізу, еңбек міндеткерлігін енгізу саласындағы экономикалық және финанс саясатының кезектегі міндеттерін әлгі жағдайды ескергенде ғана дұрыс белгілеуге болады.

Бұл салаларда социалистік жолмен қайта құру ісінде біз тым артта қалып қойдық (ал бұлар өте-мөте маңызды салалар) және жалпы алғанда есеп пен бақылау жұмысының нақ жеткілікті дәрежеде ұйымдастырылмаған себебінен артта қалдық. Әлбетте, бұл міндет—ең қиын міндеттердің бірі және соғыс туғызған күйзеліс жағдайында ұзақ уақыт ішінде ғана орындалатын міндет, бірақ нақ осыған келгенде буржуазияның—әсіресе саны көп ұсақ және шаруалар буржуазиясының—бізге қарсы өршелене шайқасатынын, жолға қойылып келе жатқан бақылауды ақсататынын, мәселен, астық монополиясын ақсататынын, жалдаптық жасау үшін және жалдаптық сауда үшін өзіне позициялар алуға тырысатынын ұмытуға болмайды. Декрет шығарған жұмыстарымызды жеткілікті дәрежеде іске асырудан біз әлі қашық жатырмыз, сондықтан қазіргі кезеңнің басты міндеті барлық күшті қазірдің өзінде заңға айналған (бірақ әлі іске асырылмаған) қайта құрылыстың негіздерін іскерлікпен, практикада *жүзеге асыруға* жұмсауда болып отыр.

Банктерді одан әрі национализациялай беру үшін және банктерді социализм тұсындағы қоғамдық есепқисаптың түйінді пункттеріне айналдыруға қарай бұлжымастан алға басу үшін алдымен және көбінесе Халық банкінің бөлімдерін көбейту, халықтың ақшасын банкіге тарту, жұрттың банкке ақша салуы мен одан ақша алуын жеңілдету, «кезек күтуді» құрту, парақорлар мен алаяқтарды ұстап алып *ату* және т. т. жөнінде нақтылы нәтижелерге жету керек. Әуелі ең оңай нәрселерді нақтылы іске асыру керек, қолдағы барды жақсылап ұйымдастыру керек,— тек сонан кейін барып неғұрлым күрделірек нәрселерді даярлау керек.

Қазірдің өзінде-ақ енгізілген мемлекеттік монополияларды (астыққа, тері және басқаларға) нығайтып,

тәртіпке салу керек,—сол арқылы мемлекеттің сыртқы сауданы монополияландыруын әзірлеу керек; мұндай монополияландыру болмайынша біз шетел капиталынан «алым» төлеумен «құтыла» алмаймыз[65]. Ал социалистік құрылыстың барлық мүмкіндігі белгілі бір өтпелі уақыт ішінде шетел капиталына кейбір алым төлеу арқылы өзіміздің ішкі экономикалық дербестігімізді қорғай алу-алмауымызға байланысты.

Жалпы алғанда салық жинау жөнінде, әсіресе мүлік және табыс салығын жинау жөнінде де біз өте-мөте күшті артта қалып қойдық. Буржуазияға контрибуция салу—принциптік жағынан алғанда сөзсіз қолайлы және пролетарлық мақұлдауға лайық шара,—біздің бұл жағынан әлі де болса басқару тәсілдерінен гөрі (Россияны кедейлер үшін байлардан) тартып алу тәсілдеріне жақынырақ тұрғанымызды көрсетеді. Бірақ күштірек болу үшін және аяқты нық басу үшін біз сол басқару тәсілдеріне көшуіміз керек, біз буржуазиядан алынатын контрибуцияны үнемі және дұрыс алынып тұратын мүлік және табыс салығымен алмастыруға тиістіміз; мұның пролетарлық мемлекетке беретіні *көп* және мұның өзі бізден, атап айтқанда, үлкен ұйымшылдықты, есеп пен бақылауды жақсылап жолға қоюды талап етеді[66].

Біздің еңбек міндеткерлігін енгізу жөнінде кешеуілдеп қалғандығымыз, бір жағынан, жеңіп алған табыстарымызды біржолата нығайтуға тиісті, екінші жағынан, капиталды «қоршап алып», оны «берілуге» мәжбүр ететін істі даярлауға қажетті даярлық-ұйымдастыру жұмысының нақ өзі күн тәртібіне қойылып отырғандығын тағы да көрсетіп отыр. Еңбек міндеткерлігін тез арада енгізе бастауымыз керек еді, бірақ оны барынша бірте-бірте және үлкен сақтықпен, әрбір аттаған адымымызды практикалық тәжірибемен тексере отырып енгізу керек, әлбетте, бірінші адымды ең алдымен *байлар үшін* еңбек міндеткерлігін енгізуден бастау керек. Әрбір буржуа үшін, оның ішінде деревня буржуасы үшін де, жұмыс және тұтыну-бюджет кітапшасын қолдануды енгізу жауды толық «қоршап алуда» және

өнімдерді өндіру мен бөлуге шынымен бүкіл халықтық есеп пен бақылау орнатуда алға қарай басылған үлкен қадам болар еді.

БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҚ ЕСЕП ПЕН БАҚЫЛАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТІҢ МАҢЫЗЫ

Ғасырлар бойы халықты езудің және тонаудың органы болып келген мемлекет бізге мемлекеттік атаулының бәріне бұқараның аса зор өшпенділігі мен сенбеушілігін мұра етіп қалдырды. Мұны жою—өте қиын міндет, оны Совет өкіметі ғана орындай алады, бірақ бұл міндет Совет өкіметінің де көп уақыт жұмсап, орасан табандылық көрсетуін талап етеді. Есеп пен бақылау мәселесіне—буржуазияны құлатқаннан кейін ертеңінеақ социалистік революция үшін түбегейлі мәселеге айналған осы мәселеге мұндай «мұра» мейлінше қатты әсер етеді. Помещиктер мен буржуазияны құлатқаннан кейін өзінің азат болғанын алғаш рет сезген бұқара, өнімдерді өндіру мен бөлуді жан-жақты қамтитын мемлекеттік есеп пен бақылау болмаса, еңбекшілердің өкіметі, еңбекшілер бостандығы сақталынып қала *алмайтынын*, капитализм тепкісінің қайта орнамай *қалмайтынын* бұқара,— кітаптан емес, өзінің, *советтік*, тәжірибесінен,— түсінгенше, түсініп және *сезгенше*, сөзсіз бірсыпыра уақыт өтеді.

Жалпы алғанда буржуазияның, әсіресе ұсақ буржуазияның барлық дағдылары мен дәстүрлері де *мемлекеттік* бақылау дегенге қарсы, «қасиетті жеке меншікке», «қасиетті» жеке меншік кәсіпорынға қол сұқпау жағында. Анархизм мен анархо-синдикализм—*буржуазиялық* ағымдар деген маркстік қағиданың қаншалықты дұрыс екені, анархизм мен анархо-синдикализмнің социализмге, пролетарлық диктатураға, коммунизмге қандай бітіспес қайшылықта екені қазір бізге ерекше айқын болып отыр. *Советтік*—мемлекеттік бақылау мен есеп идеясын бұқараға тарату жолындағы күрес, бұл идеяны іске асыру жолындағы күрес, нан мен киім-кешек табуды «жеке адамның» ісі деп қарауға үйреткен, сатып алу-сатуды «тек әркімнің өзіне ғана қатысты»

келісім деп қарауға үйреткен қарғыс атқан бұрынғы заманнан қол үзу жолындағы күрес,—міне осы күрес—аса зор, бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар күрес, социалистік саналылықтың буржуазиялық-анархистік стихиялылыққа қарсы күресі.

Жұмысшы бақылауы бізде заң ретінде енгізілді, бірақ өмірге және тіпті пролетариаттың қалың бұқарасының санасына да ол енді-енді ғана ене бастады. Өнімдерді өндіру мен бөлу ісіндегі есептің жоқтығы, бақылаудың жоқтығы социализм өркендерінің құруы болатынын, қазынаны ұрлау болатынын (өйткені барлық мүлік қазынанықі, ал қазына дегеніміз Совет өкіметі, еңбекшілер көпшілігінің өкіметі), есеп пен бақылау ісіндегі салақтық неміс және орыс Корниловтарына тікелей көмектескендік болып шығатынын, есеп пен бақылау міндетін орындай алмайтын болсақ, міне *тек* осы жағдайда еңбекшілер өкіметін олардың лақтырып тастай алатынын және бүкіл мужик буржуазиясының жәрдемімен, кадеттердің, меньшевиктердің, оңшыл эсерлердің жәрдемімен олар оңтайлы кезеңді күтіп, бізді «қарауылдап» отырғанын,— міне осыны біз өз үгітімізде жеткілікті айтпай жүрміз, міне осыны озық жұмысшылар мен шаруалар жеткілікті ойластырмай және жеткілікті айтпай жүр. Ал жұмысшы бақылауы фактіге айналмайынша, озық жұмысшылар осы бақылауды бұзушыларға немесе бақылаудың қамын ойламаушыларға қарсы жеңімпаз және аяусыз жорық ашуды жолға қойып, іске асырмайынша,— міне, соған дейін социализмге қарай ілгері басқан бірінші адымнан (жұмысшы бақылауынан) екінші адымға көшуге, яғни өндірісті жұмысшылардың реттеп отыруына көшуге болмайды.

Социалистік мемлекет өзінің өндірісі мен тұтынуын адал есепке алып отыратын, еңбекті үнемдейтін, еңбек өнімділігін үнемі арттырып отыратын және осы арқылы жұмыс күнін тәулігіне жеті сағатқа дейін, алты сағатқа дейін, тіпті онан да гөрі кемітуге мүмкіндік туғызатын өндіру-тұтыну коммуналарының жүйесі түрінде ғана құрыла алады. Бұл арада *астықты* және *астық табуды* (ал одан кейін басқа да барлық қажетті өнімдерді) жан-жақты қамтитын бүкіл халықтық қа-

таң есеп пен бақылауға алып отыру ісін жолға қоймай болмайды. Капитализм бізге өнімдерді бөлу ісін жаппай есепке алып, бақылап отыруға көшуімізді жеңілдететін бұқаралық ұйымдарды—тұтыну қоғамдарын мұраға қалдырды. Алдыңғы қатарлы елдерге қарағанда, Россияда бұл ұйымдар нашар дамыған, бірақ дегенмен бұл ұйымдардың он миллионнан астам мүшелері бар. Жақын арада тұтыну қоғамдары туралы шығарылған декрет[67]—Советтік социалистік республиканың қазіргі кезеңдегі жайының ерекшелігін және оның міндеттерін айқын көрсететін өте-мөте маңызды құбылыс.

Декрет буржуазиялық кооперативтермен және буржуазиялық көзқараста қалып отырған жұмысшы кооперативтерімен келісімге келгендік болып табылады. Келісімге келгендіктің немесе компромистің мәні мынада болып отыр: біріншіден, жоғарыда аталған мекемелердің өкілдері декретті талқылауға қатысып қана қойған жоқ, сонымен қатар іс жүзінде шешуші дауысы болу правосын алды, өйткені декреттің бұл мекемелер үзілді-кесілді қарсы болған бөлімдері алынып тасталды. Екіншіден, шындығына келгенде, компромистің мәні мынада болып отыр: Совет өкіметі кооперативке тегін кіру принципінен (бірде-бір дәйекті пролетарлық принциптен), сол сияқты бір жердегі халықтың бәрін *бір* кооперативке ұйымдастырудан бас тартты. Таптарды жою міндетіне сай келетін осы бірден-бір социалистік принциптен шегінудің есесіне «жұмысшылардың таптық кооперативтерінің» (бұл арада бұлар буржуазияның таптық мүдделеріне бағынатын болғандықтан ғана «таптық» деп аталып отыр) сақталып қалуына право берілді. Ақырында, Совет өкіметінің буржуазияны кооператив басқармаларына мүлдем кіргізбеу туралы ұсынысы да өте әлсіретілді, сөйтіп кооператив басқармаларына кіруге тыйым салу тек жеке меншіктегі капиталистік сипаттағы сауда және өнеркәсіп орындарының иелері жөнінде ғана қолданылды.

Егер пролетариат Совет өкіметі арқылы әрекет жасай отырып, есеп пен бақылауды жалпы мемлекеттік көлемде жолға қойып үлгірген болса немесе, ең болмағанда, мұндай бақылаудың негіздерін салып үлгірген бол-

са, онда мұндай компромисс керек болмас та еді. Біз Советтердің азық-түлік бөлімдері арқылы, Советтер жанындағы жабдықтау органдары арқылы буржуазия кооперативтерінің жәрдемінсіз-ақ, буржуазиялық кооперативті өзіне толық бағындыру *орнына, соған қосарланып* жұмысшы кооперативі болып қалуға итермелейтін нағыз буржуазиялық принципке жол бермей-ақ, екі кооперативті қосып, *бүкіл* басқарманы *өз қолымызға* алып, байлардың тұтынуына бақылау жасауды *өз* қолымызға алып, халықты пролетарлық жолмен басшылық жасалатын, бірыңғай кооперативке біріктірген болар едік.

Буржуазиялық кооперативтермен мұндай келісім жасасқанда, Совет өкіметі дамудың нақ осы кезеңіне өзінің тактикалық міндеттерін және осы кезеңдегі қимылына тән ерекше әдістерін нақты белгіледі, атап айтқанда: буржуазиялық элементтерге басшылық ете отырып, оларды пайдалана отырып, оларға белгілі бір дәрежеде жекелеген жеңілдіктер жасай отырып, біздің бастапқы ойлағанымыздан неғұрлым шабан болса да, бірақ сонымен қатар неғұрлым ығайып алға басқандай, базамыз бен коммуникациялық линиямызды неғұрлым дұрыс қамтамасыз етіп, жеңіп алған позицияларымызды жақсылап ығайтып алға басқандай жағдай туғызамыз. Советтер өздерінің социалистік құрылыс ісіндегі табыстарын, айта кетелік, қазір өте айқын, оңай, практикалық өлшеммен өлшей алады *(солай етуге тиісте):* кооперативтердің қаншама қауым (коммуна немесе қыстақ, квартал және т. т.) болып және қандай мөлшерде барлық халықты қамтырлық болып өскенін өлшей алады.

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Социалистік революцияның қайсысында болса да, өкіметті пролетариаттың өз қолына жеңіп алу міндеті шешілгеннен кейін және экспроприаторларды экспроприациялау, олардың қарсылығын жаныштау міндеті басты, негізгі жағынан қалай шешіліп жатқанына қарай капитализмге қарағанда жоғары қоғамдық уклад

жасаудың түбегейлі міндеті, атап айтқанда: еңбек өнімділігін арттыру, ал осыған байланысты (және осы үшін) еңбекті жоғары дәрежеде ұйымдастыру міндеті қажетті түрде ең бірінші кезекке қойылады. Керенскийден бастап Корниловқа дейін қанаушыларды жеңіп шығуы арқасында біздің Совет өкіметі нақ мынадай жағдайда болып отыр: ол осы міндетке тікелей кірісуге, оны біржола қолға алуға мүмкіндік алды. Ал бұл жерде бірден көріне кететін нәрсе сол—егер орталық мемлекеттік өкіметті бірнеше күнде қолға алу мүмкін болса, тіпті үлкен елдің түрлі түкпірлеріндегі қанаушылардың әскери қарсылығын (саботаждық қарсылығын да) бірнеше аптаның ішінде басу мүмкін болса, еңбек өнімділігін арттыру міндетін баянды етіп шешу (әсіресе асқан азап шектірген және орасан күйзеліске ұшыратқан соғыстан кейін) қалай да бірнеше жылды керек етеді. Бұл арада жұмыстың ұзаққа созылу сипатын, сөз жоқ, объективті жағдайлар талап етіп отыр.

Еңбек өнімділігін арттыру, ең алдымен, ірі индустрияның материалдық негізін қамтамасыз етуді: отын, темір өндіруді, машина жасауды, химия өнеркәсібін өркендетуді талап етеді. Россия Совет республикасының қолайлы жағдайда болатын реті бар, өйткені республиканың — тіпті Брест бітімінен кейін де — руда жағынан (Уралда), отын жағынан Батыс Сибирьде (тас көмір), Кавказда және оңтүстік-шығыста (мұнай), орталықта (шымтезек) орасан көп запасы бар, орасан көп орман байлығы, су күші бар, химия өнеркәсібіне керекті шикізат (Қарабұғаз), т. т. бар. Осы табиғат байлықтарының ең жаңа техника тәсілдері арқылы өңделуі өндіргіш күштердің бұған дейін болып көрмеген прогресіне негіз жасайды.

Еңбек өнімділігін арттырудың екінші шарты, біріншіден, халық бұқарасының білімі мен мәдениетінің өркендеуі болмақ. Бұл өркендеу қазір орасан тез алға басып келеді, мұны көзін буржуазиялық ескіліктің шелі басқан адамдар, совет ұйымы арқасында қазір халықтың «төменгі топтарында» жарыққа шығуға, инициатива көрсетуге ұмтылушылықтың қаншама күшейгенін түсіне алмайтын адамдар көрмейді. Екіншіден, еңбек-

шілердің тәртібін күшейту, жұмыс істей білушілікті, еңбектің қарқынын, интенсивтілігін арттыру, еңбекті жақсы ұйымдастыру да экономикалық өрлеудің шарты болып табылады.

Осы жағынан бізде істің жайы өте-мөте нашар, егер буржуазияның қорқытқанына көнген немесе құлқыны үшін буржуазияға қызмет етуші адамдардың айтқанына сенетін болсақ, бұл істен тіпті түк шықпайды. Ескіні қостаушылар күйзеліс, анархия, т. т. туралы байбалам салмаған революция болмағанын және болуы да мүмкін еместігін мұндай адамдар түсінбейді. Адам айтқысыз айуандық езгіден енді ғана құтылған бұқараның тереңнен қозғалып, кең құлаш сермеп, қайнаған судай бұрқылдап жатқаны,—еңбек тәртібінің жаңа негіздерін бұқараның жасап шығаруы өте ұзаққа созылатын процесс екені,—мұндай негіздерді жасау ісін помещиктер мен буржуазияны толық жеңіп болғанша бастаудың өзі де мүмкін болмағаны табиғи нәрсе.

Бірақ буржуа мен буржуазиялық интеллигенттер (өздерінің бұрынғы пұрсаттылықтарын сақтап қалуға тырысып жанталасқан) таратып жүрген көбінесе өтірік торығушылыққа ешбір берілмей отырып, біз көрініп тұрған кеселді ешбір жасырмауымыз керек. Керісінше, біз ол кеселді ашып, оған қарсы күрестің советтік тәсілдерін күшейтеміз, өйткені пролетарлық саналы тәртіптілік стихиялы ұсақ буржуазиялық анархияны, керенскийшілдік пен корниловшылдықты реставрациялау мүмкіндігінің осы нағыз кепілдігін жеңбей тұрып, социализмнің табысқа жетуі мүмкін емес.

Россия пролетариатының неғұрлым саналы авангарды өзінің алдына еңбек тәртібін көтеру міндетін қазірдің өзінде қойып отыр. Мысалы, Металлистер одағының орталық комитетінде де, Кәсіптік одақтардың орталық советінде де тиісті шаралар әзірлеу және декреттердің жобаларын жасау қолға алынды[68]. Бұл жұмысты қолдап, оны бар күшті сала алға бастыру керек. Кесімді ақы төлеуді[69], Тейлор системасындағы ғылыми және прогресшіл деген нәрсенің көбінің қолданылуын, жұрттың табысын өнім шығарудың немесе темір жол мен су транспортының пайдаланылу нәтижелерінің

жалпы қорытындыларымен сәйкестендіру ісін, т. т. және т. с. кезекке қойып, практикада қолданып, сынап көру керек.

Алдыңғы қатарлы ұлттармен салыстырғанда, орыс адамы—нашар қызметкер. Патша өкіметі режимінің тұсында және крепостниктік правоның қалдықтары жойылмай тұрғанда мұның басқаша болуы да мүмкін емес еді. Жұмыс істеуге үйрену керек—Совет өкіметі бұл міндетті халықтың алдына толық көлемінде қоюға тиіс. Капитализмнің бұл жөніндегі ең соңғы табысы, Тейлор системасы да,—капитализмнің барлық прогрестері сияқты,—буржуазиялық қанаудың ең жымысқы айуандығымен қатар еңбек үстіндегі жай қимылдарды талдап зерттеу, керексіз және ебедейсіз қимылдарды жою, ең дұрыс жұмыс тәсілдерін жасап шығару, есеп пен бақылаудың ең жақсы жүйелерін енгізу ісінде, т. т. жөнінде бірқатар аса бай ғылыми табыстарды өзінде біріктіріп отыр. Совет республикасы қайткен күнде де ғылым мен техниканың осы саладағы табыстарының ең бағалыларының бәрін қолдануға тиіс. Социализмнің жүзеге асырылуы Совет өкіметі мен басқаруды советтік жолмен ұйымдастыру ісін капитализмнің ең жаңа прогресімен ұштастыра білудегі нақ осы табыстарымызға байланысты. Россияда Тейлор системасын зерттеу керек және үйрету керек, оны үнемі сынап көріп, бейімдеп үйлестіру керек. Сонымен қатар, еңбек өнімділігін арттыруға ұмтылғанда капитализмнен социализмге өту дәуірінің ерекшеліктерін ескеру керек; бұл ерекшеліктер, бір жағынан, жарысты социалистік жолмен ұйымдастырудың негіздерін салуды талап етеді, ал екінші жағынан, пролетариат диктатурасы ұранын пролетарлық өкіметтің былжыр жағдайының практикасымен былғамайтындай болуы үшін зорлау әдісін қолдануды талап етеді.

ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Буржуазияның социализм туралы жан сала таратын қисынсыз өтіріктерінің бірі—социалистер жарыстың маңыздылығын мойындамайды-мыс деген сөз. Ал,

шындығында, таптарды жоя отырып, демек, бұқараны құлдыққа салуды да жоя отырып, тек социализм ғана нағыз бұқаралық көлемдегі жарысқа тұңғыш рет жол ашады. Буржуазиялық республиканың формальды демократизмінен еңбекшілер бұқарасын *басқару ісіне* шынымен қатыстыру жолына көшіп, нақ советтік ұйым жарысты тұңғыш рет кең түрде жолға қояды. Мұны саясат саласында жолға қою экономика саласындағыдан анағұрлым жеңіл, бірақ социализмнің табысты болуы үшін нақ соңғысы маңызды.

Жарысты ұйымдастырудың жариялық сияқты құралын мысалға алайық. Буржуазиялық республика мұны формальды түрде ғана қамтамасыз етеді, ал іс жүзінде баспасөзді капиталға бағындырады, «момын халықты» әсерлі саяси бос сөздермен алдандырады, ал шеберханаларда, сауда келісімдерінде, зат жеткізу ісінде және басқаларында не болып жатқанын «қасиетті меншікті» қорғайтын «коммерциялық құпиялықпен» бүркемелеп жасырады. Совет өкіметі коммерциялық құпиялықты жойды[70], жаңа жолға түсті, бірақ жариялықты экономикалық жарыс мақсаттарына пайдалану жөнінде біз әлі түк істемедік десек те болады. Бастан-аяқ жалған, ар-ұятсыз көрінеу жалақор буржуазиялық баспасөзді аяусыз жаныштаумен қатар, әсерлі саяси бос сөздермен бұқараны алдандырмайтын, оны ақымақ қылмайтын, қайта күнбе-күнгі экономика мәселелерін бұқараның сарабына салатын, ол мәселелерді жақсылап зерттеуге жәрдемдесетін баспасөз құру жұмысын үнемі жүргізіп отыру керек. Әрбір фабрика, әрбір деревня жалпы совет заңдарын өзінше қолдануға («өзінше» дегенде ол заңдарды бұзу мағынасында емес, қайта ол заңдарды түрлі формамен іске асыру мағынасында), өнімдерді өндіру мен бөлуді есепке алу мәселесін өзінше шешуге праволы және міндетті өндіруші-тұтыну коммунасы болып табылады. Капитализм тұсында мұның өзі жеке капиталистің, помещиктің, кулактың «жеке басының ісі» болды. Совет өкіметі тұсында бұл—жеке адамның ісі емес, аса маңызды мемлекеттік іс.

Ал коммуналардың жарысын ұйымдастыру, астық, киім, т. б. өндіру процесінде есеп беріп отыру мен

жариялықты енгізу, құрғақ, нәрсіз, бюрократтық есеп беруді нақты мысалдарға—бездіретін де, өзіне тартатын да мысалдарға—айналдыру жөніндегі орасан зор, қиын, бірақ оның есесіне игілікті жұмысқа біз әлі кіріспедік десек те болады. Капиталистік өндіріс әдісінің тұсында жеке мысалдың, айталық, қайсыбір өндірістік артель мысалының маңызы барынша шектеулі болмай қоймайтын еді, ал капитализмді игілікті мекемелердің үлгілері ықпалымен «түзетуді» тек ұсақ буржуазиялық жалған үміт қана қиялдай алатын-ды. Саяси өкімет пролетариаттың қолына көшкеннен кейін, экспроприаторлар экспроприацияланғаннан кейін іс түп-тамырымен өзгереді, сөйтіп,—аса көрнекті социалистердің талай рет айтқандарына сәйкес,—үлгінің күші жаппай әсер етуге бірінші рет мүмкіндік алады. Үлгілі коммуналар артта қалған коммуналарға тәрбиеші, үйретуші, көтермеші болуы керек және бола алады да. Үлгілі коммуналар табыстарының барлық егжей-тегжейімен жұртты таныстырып, олардың табысқа жетуінің себептерін, олардың шаруашылығының әдістерін зерттеп, екінші жағынан, «капитализмнің дәстүрлерінен», яғни анархия, жалқаулық, тәртіпсіздік, жалдаптық дәстүрінен жармасып айрылмайтын коммуналарды «қара тақтаға» жазып, баспасөз социалистік құрылыстың құралы болуға тиіс. Капиталистік қоғамда статистика тек «қазына адамдарының» немесе тек қана мамандардың істейтін ісі болды,— біз статистиканы бұқараға таратып, оны толық түсіндіруіміз керек; мұның арқасында қалай және қанша жұмыс істеу керек екеніне, қалай және қанша дем алу керек екеніне еңбекшілердің өздері бірте-бірте түсініп, көзі жететін болуы керек; жеке коммуналар шаруашылығының *іс қорытындыларын салыстыру* жалпы жұрттың көңіл қоятын және зерттейтін ісіне айналатын болуы керек, аса көрнекті коммуналарға дереу сыйлық берілетін болуы керек (белгілі бір уақытқа жұмыс күнін кеміту, табысты арттыру, мәдени немесе эстетикалық игіліктер мен құнды нәрселерді көбірек беру, т. т.).

Жаңа тап қоғамның көсемі және басшысы болып тарих сахнасына шыққанда, бұл еш уақытта, бір жағы-

нан, өте күшті «теңселу», күйзелу, күрес пен дауыл дәуірінсіз болмайды, ал екінші жағынан, объективті жаңа жағдайға сәйкес жаңа тәсілдерді таңдап алу жөнінде жасаған қадамына сеніңкіремеу, сынап қарау, қобалжу, бұлталақтау дәуірінсіз болмайды. Құрып бара жатқан феодалдық дворяндар оларды жеңіп және ығыстырып бара жатқан буржуазиядан тек заговор жасаумен, көтеріліс шығару және реставрация жасауға әрекеттенумен ғана өш алып қоймай, сонымен қатар князьдарша, барондарша, дворяндарша, ақсүйектерше ғасырлар бойына даярлық жасамастан мемлекеттің «қасиетті тізгінін» қолына алуға батылы барған «жетіле қалғандардың», «арсыздардың» олақтығын, икемсіздігін, қатесін үсті-үстіне мысқылдап та өш алды,— қазір Россияда жұмысшы табынан оның өкіметті қолға алуға «жүрексінбей» әрекет еткені үшін Корниловтар мен Керенскийлер, Гоцтер мен Мартовтар, буржуазиялық гешефтмахерлік немесе буржуазиялық скепсис сабаздардың бүкіл осы тумалары дәл солай өш алып отыр.

Жаңа қоғамдық таптың, оның өзінде бұған дейін мұқтаждық пен қараңғылықтан езіліп, жаншылып келген таптың жаңа жағдайға үйренуі үшін, жан-жағын бағдарлап, өз жұмысын жолға қоюы үшін, *өзінің* ұйымдастырушыларын даярлап шығаруы үшін, әрине, апталар емес, толып жатқан айлар, жылдар керек. Революцияшыл пролетариатқа басшылық етіп отырған партияның миллиондаған, он миллиондаған азаматтарға арналған орасан зор ұйымдастыру жұмыстарынан тәжірибесі мен дағдысы бола алмағаны, ескі, кілең үгітшілік дерлік дағдыларды қайта жасау өте ұзаққа созылатын жұмыс екені түсінікті. Бірақ мұнда мүмкін емес еш нәрсе жоқ; өзгеріс жасау қажеттігін өзіміз айқын ұғынатын болсақ, өзгерісті жүзеге асыруға белді бекем байлайтын болсақ, ұлы да қиын мақсатқа жетуге табан тірейтін болсақ,—біз мұны жүзеге асырамыз. «Халық» арасында, яғни жұмысшылар және өзгенің еңбегін қанамайтын шаруалар арасында ұйымдастырушылық талант толып жатыр; капитал оларды мың-мыңдап жаншып, жойып, далаға тастап келді; біз де әлі оларды таба білмей, жігерлендіре білмей, тік тұрғыза

білмей, баули білмей келеміз. Бірақ жеңімпаз революцияларға тән бүкіл революциялық жігермен мұны үйренуге кіріссек, біз мұны үйреніп шығамыз.

Тарихтағы терең және күшті халық қозғалысының қайсысында болса да лас көбік болмай қалған емес,— тәжірибесіз жаңашылдарға жабысқан авантюристер мен алаяқтар, мақтаншақтар мен даурығушылар болмай қалған емес, өрескел сасқалақтық, берекесіздік, керексіз әбігерлік болмай қалған емес, жеке «көсемдердің» бірден 20 істі қолға алып, біреуін де аяқтамауы болмай қалған емес. Буржуазиялық қоғамның Белоруссовтан бастап Мартовқа дейінгі қандендері үлкен, кәрі ағашты кескенде ұшқан әрбір артық жаңқа жайында шәуілдеп үре берсін. Қанден болған соң, олар пролетарлық пілге қалай үрмесін. Мейлі үре берсін. Біз нағыз ұйымдастырушыларды, сергек ойлы және практикалық іске ебі бар адамдарды, социализмге шын берілгендікті көп адамның ынтымақпен бірлесіп істейтін бекем жұмысын совет ұйымы шеңберінде айғай-шусыз (әбігерлікке, айғай-шуға қарамастан) жолға қоя білумен ұштастыратын адамдарды мүмкін болғанынша сақтықпен және төзімділікпен сынап білуге, танып білуге тырыса отырып, өз жолымызбен алға баса береміз. *Тек* осындай адамдарды, он қайтара сынақтан өткізілгеннен кейін, оларды ең жеңіл міндеттерден ең қиын міндеттерге қарай жылжыта отырып, халық еңбегіне басшы болу, басқару ісіне басшы болу қызметіне жоғарылату керек. Біз бұған әлі үйренген жоқпыз. Біз бұған үйренеміз.

«СЫНДАРЛЫ ҰЙЫМ» ЖӘНЕ ДИКТАТУРА

Советтердің соңғы (Москвадағы) съезінің қарары қазіргі кезеңнің ең бірінші міндеті ретінде «сындарлы ұйым» құру және тәртіпті күшейту міндетін алға қойып отыр*. Мұндай қарарларға қазір жұрттың бәрі де іркілмей «дауыс береді» және «қол қояды», бірақ ол қарарларды іске асыру үшін зорлау керек болатыны-

* Қараңыз: осы том, 132—134-беттер. *Ред.*

на — зорлау болғанда да диктатура формасындағы зорлау керек болатынына,— бұған әдетте ой жүгіртіп жатпайды. Ал оның бер жағында зорлаусыз және диктатурасыз капитализмнен социализмге өтуге болады деп ойлау асқан ақымақтық және нағыз қисынсыз утопизм болар еді. Маркстің теориясы мұндай ұсақ буржуазиялық-демократиялық және анархистік қисынсыздыққа тіпті әлдеқашан және мейлінше айқын түрде қарсы шықты. Ал 1917—1918 жылдардағы Россия Маркстің теориясын бұл жөнінен мейлінше айқын, сезерліктей және әсерлі дәлелдеп бергені соншалық, бұл жөнінен қазір тек ем қонбайтын топас немесе шындықтан сырт айналуға бекем бел байлаған адамдар ғана адасуы мүмкін. Не Корниловтың диктатурасы (егер оны буржуазиялық Кавеньяктың орыстық типі деп алатын болсақ), не пролетариаттың диктатурасы болады — соғыстардың ішіндегі ең азабы көп соғыстан туған сұмдық күйзеліс жағдайында аса шұғыл бұрылыстардан өтіп, орасан тез дамып отырған ел үшін бұдан басқа жол туралы *сөз болуы да мүмкін емес.* Бұдан басқа аралық жол іздеудің бәрі де — не шындықты айта алмайтын, өзіне Корнилов керек екенін ашып айта алмайтын буржуазияның халықты алдауы, не демократияның бірлігі, демократияның диктатурасы туралы, жалпы демократиялық майдан, т. т. туралы түкке тұрғысыз сөздерді айтып мылжыңдайтын ұсақ буржуазиялық демократтардың, Черновтардың, Церетелилердің және Мартовтардың, топастығы. Ондай аралық жол болуы мүмкін еместігіне тіпті 1917—1918 жылдардағы орыс революциясының барысынан да үйренбеген адамнан біржола үміт үзу керек.

Екінші жағынан, капитализмнен социализмге өтудің қандайында болсын диктатураның негізгі екі себептен немесе негізгі екі бағытта қажет екенін түсіну қиын емес. Біріншіден, қанаушылардың қарсылығын аяусыз жаныштап баспаса, капитализмді жеңуге, оны түп-тамырымен жоюға болмайды; қанаушыларды өздерінің байлығынан, ұйымшылдығы мен білім жөніндегі артықшылықтарынан бірден айыру мүмкін емес, олай болса, бұлар көп уақытқа дейін өздері жек көретін кедейлер-

дің өкіметін құлатуға тырысуын қоймайды. Екіншіден, әрбір ұлы революция, әсіресе социалистік революция, сыртқы соғыс болмаған күнде де, ішкі соғыссыз, яғни азамат соғысынсыз болмақ емес; азамат соғысы сыртқы соғыстағыдан да күшті күйзеліс болады деген сөз, солқылдақтық пен бір жақтан екінші жаққа ауытқудың мыңдаған, миллиондаған реттері болады деген сөз, асқан тиянақсыздық, тұрлаусыздық, былық жағдайы болады деген сөз. Әлбетте, ескі қоғамның сансыз көп болмай қалмайтын, көбінесе ұсақ буржуазиямен (өйткені қай соғыс, қай дағдарыс болса да, алдымен ұсақ буржуазияны күйзелтіп, құртады) байланысты болатын шіріген элементтерінің бәрі мұндай терең төңкеріс кезінде «өзін көрсетпей» қоймайды. Ал шіріген элементтер «өзін көрсеткенде» қылмыстарды, бұзақылықты, параға сатып алушылықты, жалдаптықты, неше түрлі сорақылықтарды көбейту арқылы болмаса, басқаша көрсете *алмайды*. Мұның бәрін тыю үшін уақыт керек және *темірдей қатты қол керек*.

Тарихта халық мұны ішінен сезбей қоймаған, ұрыларды қылмыс үстінде ұсталған жерінде атып тастап, қажетті табандылық көрсетпеген бірде-бір ұлы революция болған емес. Бұрынғы революциялардың әлсіздігі мынада еді: бұқараның революциялық энтузиазмы, олардың барлық күшін жұмылдырған жағдайына сүйеу болған және шіріген элементтерді аяусыз басып-жаншуға күш берген энтузиазмы көпке бармады. Бұқараның революциялық энтузиазмының мұндай берік болмауының әлеуметтік, яғни таптық себебі пролетариаттың әлсіздігі еді; ал оның бер жағында, *жалғыз* пролетариат *қана* (егер ол жеткілікті дәрежеде саны көп, саналы, тәртіпті болса) еңбекшілер мен қаналғандардың *көпшілігін* (оңай және түсініктірек айтар болсақ, кедейлердің көпшілігін) өзіне тарта алады және барлық қанаушыларды да, барлық шіріген элементтерді де толық басып-жаншу үшін өкіметті жеткілікті дәрежеде ұзақ уақыт ұстап отыра алады.

Барлық революциялардың осы тарихи тәжірибесін, осы бүкіл дүние жүзілік-тарихи — экономикалық және саяси — сабақты Маркс пролетариат диктатурасы де-

гөн қысқа, өткір, дәлме-дәл, айқын формула беру арқылы қорытқан да болатын. Ал орыс революциясы осы бүкіл дүние жүзілік-тарихи міндетті орындауды дұрыс қолға алды, мұны совет ұйымының Россиядағы барлық халықтарда және тілдерде салтанатпен шеру тарта таралуы *дәлелдеді*. Өйткені Совет өкіметі — пролетариат диктатурасының ұйымдық формасы, пролетариаттың тәртіпті және сапалы авангардын өзінің ең сенімді көсемі деп тануды өз тәжірибесінен үйренуші әлденешө ондаған миллион еңбекшілер мен қаналғандарды жаңа демократизмге, мемлекетті басқаруға өз бетімен қатысқандай дәрежеге жеткізетін алдыңғы қатарлы тап диктатурасының ұйымдық формасы, мұнан басқа ештеңө де емес.

Ал диктатура деген — үлкен сөз. Ал үлкен сөзді далаға кетіруге болмайды. Диктатура дегеніміз темірдей берік өкімет, революциялық-батыл өкімет және қанаушыларды да, бұзақыларды да басып-жаншуға келгендө шапшаң, аяуды білмейтін өкімет. Ал біздің өкімет — мүлдем жұмсақ, екінің бірінде темірден гөрі былжыр нәрсеге көбірек ұқсайтын өкімет. Буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық стихия Совет өкіметіне қарсы күрескенде екі түрлі жолмен күресетінін бір минутқа да ұмытуға болмайды: бір жағынан, сырттан, Савинковтардың, Гоцтардың, Гегечкорилердің, Корниловтардың тәсілдерін қолданып, заговорлар мен көтерілістер жасап, олардың «идеологиялық» сасық әсерін жүргізіп, кадеттердің, оңшыл эсерлердің және меньшевиктердің баспасөзі бетінде өтірік пен жаланы ағылтып күреседі; — екінші жағынан, бұл стихия парамен сатып алу үшін, тәртіпсіздікті, берекесіздікті, былықты күшейту үшін кез келген шірік элементті, әлсіз жерлердің бәрін пайдаланып, іштен бүлдіреді. Біз буржуазияның қарсылығын әскер күшімен толық басып-жаншуға неғұрлым жақындаған сайын, ұсақ буржуазиялық анархиялылықтың стихиясы бізге соғұрлым қауіпті бола береді. Ал бұл стихияға қарсы күресті насихат пен үгіт арқылы ғана, жарысты ұйымдастыру арқылы ғана, ұйымдастырушыларды іріктеп алу арқылы ғана жүргізуге болмайды,— күресті зорлау арқылы да жүргізу керек.

Өкіметтің негізгі міндеті қарсылықты әскер күшімен басып-жаншу міндетінен басқару міндетіне айналған сайын, қарсылықты басу мен зорлаудың дағдылы құбылысы ұстаған жерде атып тастау емес, соттау болады. Бұл жөнінен де революцияшыл бұқара 1917 жылғы 25 октябрьден кейін дұрыс жолға түсті, сөйтіп буржуазиялық-бюрократтық сот аппаратын тарату туралы түрлі декреттер шыққанға дейін-ақ өздерінің жұмысшы және шаруа соттарын құрып, революцияның өміршеңдігін көрсетті. Бірақ біздің революциялық және халық соттары адам айтқысыз, өте-мөте әлсіз. Помещиктер мен буржуазияның езгісінен мұра болып қалған көзқарас — халықтың сотты қазыналық-жат бірдеңе деп қарауы әлі біржола жойылмағандығы сезіледі. Соттың нақ кедейлерді мемлекетті басқару ісіне түгелдей қатыстыратын орган екені (өйткені сот жұмысы мемлекетті басқару функцияларының бірі),— сот пролетариат пен кедей шаруалар *өкіметінің органы* екені,— сот *тәртіпке үйретіп тәрбиелеудің* құралы екені әлі жеткілікті ұғылған жоқ. Егер Россиядағы басты қырсық ашаршылық пен жұмыссыздық болса, онда бұл апатты ешқандай жәй құлшынумен жеңуге болмайды, қайта адамға керекті азықты да, өнеркәсіпке керекті азықты да (отын) өндіруді арттыру үшін, оны уақытында жеткізіп, дұрыс бөлу үшін жан-жақты және бәрін қамтитын, бүкіл халықтық ұйымдастыру ісімен, тәртіп орнатумен ғана жеңуге болады;— сондықтан қай заводта болсын, қай шаруашылықта болсын, қай істе болсын еңбек тәртібін бұзған *әрбір адам* осы ашаршылық пен жұмыссыздықтың азабына *айыпты* болады,—бұл жөнінен айыптыларды таба білу, оларды сотқа тартып, аяусыз жазалай білу керек — міне осы айтылған түсінікті және айқын фактіні толық ұғынушылық жоқ. Ашаршылық пен жұмыссыздықтың ұйымдастыру және тәртіп ісіндегі барлық жұрт пен әрбір адамның басындағы бетімен жайылушылықпен халық шаруашылығы және саяси жағынан байланысы бар екенін,— өзім көбірек қармап қалсам болғаны, одан әрі күл болмаса бүл болсын дейтін, *ұсақ меншікшілдік* көзқарас күшті екенін ұғынушылық кем,— қазір бізге мейлінше табандылықпен күресуге

тура келіп отырған ұсақ буржуазиялық стихия нақ осыдан аңғарылып отыр.

Ірі капитализм құрған организмнің шаруашылық байланыстары, сірә, бәрінен де гөрі темір жол жұмысында айқын көрінеді, міне осында бетімен жайылушылықтың ұсақ буржуазиялық стихиясының пролетарлық ұйымшылдыққа қарсы күресі өте-мөте күшті болып отыр. «Басқарушы» элемент саботажшыларды, парақорларды орасан көп беріп отыр; пролетарлық элементтің ең таңдаулылары тәртіп үшін күресуде; бірақ бұл екі элементтің екеуінің ішінде де, әрине, солқылдақтар, «әлсіздер», жалдаптық жасауға, параға, өзінің бас пайдасын көздеуге «қызығушылыққа» қарсы тұру қолынан келмейтіндер көп; ашаршылық пен жұмыссыздықты жеңу ісі аппараттың жұмысты дұрыс істеуіне байланысты бола тұрса да, осы өз басының пайдасын көздеушілік бүкіл аппаратты бүлдіруде.

Темір жолдарды басқару туралы соңғы декреттің, жеке басшыларға диктаторлық уәкілдік (яғни «шексіз» уәкілдік) беру туралы декреттің төңірегінде осы негізде күшейе түскен күрес айта кетуге тұрарлық[71]. Ұсақ буржуазиялық бетімен жайылушылықтың саналы өкілдері (көбіне, сірә, санасыз өкілдері болар) жеке адамдарға «шексіз» (яғни диктаторлық) уәкілдік берілуін коллегиялықтың негізінен, демократизмнен және Совет өкіметінің принциптерінен бас тартқандық деп көрсеткісі келді. Кей жерлерде солшыл эсерлер арасында диктаторлық туралы декретке қарсы тура бұзақылық үгіт, яғни жаман сезімдерге, ұсақ меншікшілдік «қармап қалу» ниетіне сүйепетіп үгіт күшейді. Шынында да аса зор маңызы бар мәселе алға қойылды: біріншіден, диктаторлардың шексіз уәкілдігі берілген жеке адамдар тағайындау Совет өкіметінің түбегейлі негіздеріне жалпы алғанда үйлесе ме деген принципті мәселе қойылды; екіншіден, өкіметтің нақты қазіргі кезеңдегі ерекше міндеттеріне бұл оқиғаның,— тілесеңіз, бұл прецеденттің — қандай қатынасы бар деген мәселе қойылды. Бұл екі мәселенің екеуіне де өте мұқият тоқталу керек.

Жеке адамдардың диктатурасы революциялық қозғалыстар тарихында тіпті екінің бірінде революцияшыл таптар диктатурасының белгісі, бейнесі, іске асырушысы болған; мұның осылай екенін тарихтың даусыз тәжірибесі көрсетіп отыр. Жеке адамдар диктатурасының буржуазиялық демократизммен сыйысып келгені күмәнсыз. Бірақ Совет өкіметін жамандаушы буржуазияның өкілдері, сондай-ақ олардың ұсақ буржуазиялық жандайшаптары осы араға келгенде әрқашан да ептілік көрсетеді: бір жағынан, олар Совет өкіметін қайдағы бір қисынсыз, анархиялық, тағылық нәрсе деп жариялап, біздің Советтер демократизмнің жоғары формасы деген, тіпті ол ол ма: демократизмнің *социалистік* формасының бастамасы деген барлық тарихи салыстыруларымыз бен теориялық дәлелдерімізді мұқият орағытып өтуге тырысады; ал екінші жағынан, олар бізге буржуазиялық демократизмнен гөрі жоғары демократизм талаптарын қояды, сөйтіп: жеке адамның диктатурасы сіздің, большевиктік (яғни буржуазиялық емес, *қайта социалистік)*, советтік демократизміңізбен мүлде сыйыспайды дейді.

Іске алғысыз жаман пайымдау. Егер біз анархист болмасақ, мемлекеттің қажеттігін, *яғни* капитализмнен социализмге өту үшін *зорлаудың* қажет екенін мойындауға тиістіміз. Зорлаудың формалары белгілі бір революцияшыл таптың даму дәрежесіне қарай, одан кейін, мысалы, ұзаққа созылған, реакциялық соғыстың қалдырған мұрасы сияқты ерекше жағдайларға қарай, одан соң буржуазия мен ұсақ буржуазия қарсылығының формаларына қарай белгіленеді. Сондықтан советтік (*яғни* социалистік) демократизм мен жеке адамдардың диктаторлық билігін қолдану арасында мүлде ешбір принциптік қайшылық *жоқ*. Пролетарлық диктатураның буржуазиялық диктатурадан айырмашылығы мынада: пролетарлық диктатура өзінің соққысын қаналған көпшіліктің мүддесін көздеп, қанаушы азшылыққа қарсы жұмсайды, содан кейінгі оның айырмашылығы — пролетарлық диктатураны еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасы ғана — *және жеке адамдар арқылы* — іске асырып қоймай, сонымен бірге

сол бұқараны оятатын, тарихи творчествоға жұмылдыратын болып құрылған ұйымдар да (совет ұйымдары осы тәрізді ұйымдарға жатады) іске асырады.

Екінші мәселе жөнінде, қазіргі кезеңге тән міндеттер тұрғысынан қарағанда нақ жеке адамдардың диктаторлық билігінің маңызы туралы мәселе жөнінде мынаны айту керек: машиналы ірі индустрияның қайсысы болса да — яғни атап айтқанда социализмнің материалдық, өндірістік негізі мен тірегі — жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған адамның бірлесіп істейтін жұмысына бағыт беріп отыратын сөзсіз, аса қатаң *ерік бірлігінің* болуын талап етеді. Бұл ерік бірлігінің техникалық жағынан да, экономикалық жағынан да, тарихи жағынан да қажет екені айқын, мұның өзі социализмнің шарты екенін социализм туралы ойлаған адамдардың бәрі де әрқашан мойындаған. Бірақ ең қатаң ерік бірлігін қалай қамтамасыз етуге болады?— Мыңның еркін бір адамның еркіне бағындырып қамтамасыз етуге болады.

Ортақ жұмысқа қатысушылар асқан саналы және тәртіпті болса, бұл бағындыру көбіне-көп дирижердың биназ басшылығына ұқсайды. Егер асқан тәртіптілік пен саналылық болмаса, бағындыру диктаторлықтың қатал формаларына айналуы мүмкін. Бірақ қалай дегенмен де, машиналы ірі индустрия типімен ұйымдастырылған жұмыс процесінің табысты болуы үшін бір адамның еркіне қалайда *сөзсіз бағыну* қажет. Темір жолдар үшін мұның өзі екі есе, үш есе қажет. Міне бір саяси міндеттен екіншісіне, *сырт пішіні жағынан* оған мүлде ұқсамайтын міндетке осылай көшу — басымыздан кешіріп отырған кезеңнің бүкіл ерекшелігі осы. Бұқара таяқтың күшімен бағындырылып келген ең ескі, ең мықты, ең ауыр бұғауларды революция енді ғана талқандады. Бұл — кеше ғана болған іс. Ал бүгін сол революция нақ өзінің даму және нығаю мүддесі үшін, нақ сол социализмнің мүддесі үшін еңбек процесіне басшылық етушілердің *дара еркіне* бұқараның *сөзсіз бағынуын* талап етіп отыр. Бұған бірден көшудің мүмкін емес екені түсінікті. Бұған орасан зор дүмпулердің, сілкіністердің, ескіге қайта оралып отырудың арқасын-

да ғана, халықты жаңалыққа бастаушы пролетарлық авангардтың аса күшті жігер салуы арқасында ғана көшуге болатыны түсінікті. «Новая Жизньнің» немесе «Впередтің»[72], «Дело Народаның» немесе «Наш Вектің»[73] тоғышарлық байбаламына беріліп жүргендер мұны ойластырып қарамайды.

Еңбекші және қаналған бұқараның орташа, қатардағы өкілінің психологиясын алып, бұл психологияны оның қоғамдық өмірінің объективті, материалдық жағдайларымен салыстырып қараңыздаршы. Дәулетті, қанаушы таптардың оған нақтылы бірдеңе арқылы шынымен қарайласқанын, оның пайдасын көздегенін ол іс жүзінде Октябрь революциясына дейін көрген *емес*. Оған талай рет уәде етілген жер мен ерікті бергенін, бейбітшілік орнатқанын ол *бұған дейін* көрген емес, «ұлы державалықтың», ұлы державалық құпия шарттардың мүдделерін құрбандық еткенін, капиталын және пайдасын құрбандық еткенін ол *бұған дейін* көрген емес. Ол мұны тек 1917 жылғы 25 октябрьден *кейін* көрді, мұны өзі күшпен тартып алғаннан *кейін*, Керенскийлерден, Гоцтардан, Гегечкорилерден, Дутовтардан, Корниловтардан тартып алғанын күшпен қорғап қалуға тиіс болған кезден *кейін* көрді. Бірсыпыра уақытқа дейін оның барлық назары, барлық ойы, жан дүниесінің барлық күші еркін тыныстау, бойын жазу, құлашын жаю, тұрмыстың қазір алуға болатын, өте жақын тұрған, құлатылған қанаушылар оған бермей келген игілігін көру бағытына ғана аударылып келгені түсінікті. Жай әншейін «ала беруге», қылғыта беруге, қармап қалуға болмайтынын, мұның өзі күйзеліске, күйреуге, Корниловтардың қайта келуіне әкеп соғатынын бұқараның қатардағы өкілінің өзі көріп қана қоймай, оған көзі жетіп қана қоймай, сонымен қатар мұны сезуі үшін бірсыпыра уақыт керек екені түсінікті. Қатардағы еңбекші бұқараның өмір жағдайында (демек, психологиясында да) тиісті бетбұрыс енді-енді басталып келеді. Сондықтан біздің барлық міндетіміз, қаналғандардың азаттыққа ұмтылысының саналы түрде көксеушісі коммунистер (большевиктер) партиясының міндеті — осы бетбұрысты ұғу, оның қажеттігін түсіну, азап шеккен.

арып-талып бұдан шығудың жолын іздеген бұқараға басшы болу, оны дұрыс жолмен, еңбек тәртібі жолымен алға бастау, жұмыс жағдайлары *туралы* митингілеу міндеттері мен жұмыс *кезінде* совет басшысының, диктатордың, ықтиярына сөзсіз бағыну міндеттерін үйлестіру жолымен алға бастау.

«Митингілеушілікке» жұрт күледі, ал тек былықты, берекесіздікті, ұсақ меншікшіл өзімшілдіктің дүмпуін ғана көретін буржуа, меньшевиктер, новожизньшілдер бұл жөнінде онан бетер ызаланып шулайды. Бірақ езілген бұқара қанаушылар мәжбүр еткен тәртіптен саналы және ықтиярлы тәртіпке еш уақытта митингілеусіз көше алмас еді. Митингілеу дегеніміздің өзі еңбекшілердің нағыз демократизмі, олардың бой жазуы, олардың оянып жаңа тұрмысқа ұмтылуы, олардың өздері құзғындардан (қанаушылардан, империалистерден, помещиктерден, капиталистерден) тазалаған салада өздерінің жасаған алғашқы қадамдары; ал олар бұл саланы өздерінше, өздері үшін, жат өкіметтің, баршдік, буржуазиялық өкіметтің негізінде емес, өзінің *Совет* өкіметінің негізінде реттеп жолға қоюға үйренгісі келеді. Еңбек тәртібінің жоғары формаларына, пролетариат диктатурасының қажеттілігі жөніндегі идеяны саналы түрде ұғушылыққа, жұмыс кезінде Совет өкіметі өкілдерінің дара жарлықтарына сөзсіз бағынушылыққа біржолата көшуге мүмкін болу үшін еңбекшілердің нақ сол қанаушыларды құлатқан октябрьдегі жеңісі керек болды, өмірдің жаңа жағдайлары мен жаңа міндеттерді еңбекшілердің өздері әуелі талқылап алуының тұтас бір тарихи дәуірі керек болды.

Бұған көшу қазір басталды.

Біз революцияның бірінші міндетін ойдағыдай шештік, біз революцияның жеңуіне керек негізгі шартты еңбекшілер бұқарасының өздері туғызғанын: қанаушыларды құлату үшін оларға қарсы күш біріктіргенін көрдік. 1905 жылғы октябрь, 1917 жылғы февраль мен октябрь сияқты кезеңдердің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар.

Біз революцияның екінші міндетін ойдағыдай шештік: қанаушылар төменге итеріп тастаған қоғамдық

«төменгі» топтардың нақ өзін, 1917 жылғы 25 октябрьден кейін ғана қанаушыларды құлатып, жан-жағына көз салып, өзінше тұрмыс құра бастауға толық бостандық алған топтардың нақ өзін оятып, күреске көтеру міндетін ойдағыдай шештік. Нақ ең езілген, жаншылған, даярлығы басқалардан кемірек еңбекшілер бұқарасының митингілеуі, оның большевиктер жағына шығуы, оның қай жерде болса да өзінің совет ұйымдарын құруы — революцияның екінші ұлы кезеңі, міне, осы.

Енді үшінші кезең басталып келеді. Өзіміздің шайқаста жеңіп алғанымызды, өзіміздің декреттегенімізді, заңға айналдырғанымызды, талқылап, белгілегенімізді баянды ету керек,— *күнбе-күнгі еңбек тәртібінің* берік формалары ретінде баянды етуіміз керек. Бұл — ең қиын, бірақ ең игілікті міндет, өйткені осы міндетті шешкенде ғана біз социалистік тәртіп орнатамыз. Еңбекшілер бұқарасының дауылдатқан, көктемгі қар суындай тасып, барлық кемеріпен асқан митингілік демократизмін еңбек ету кезіндегі *темірдей* қатаң тәртіппен, еңбек ету кезіндегі бір адамның, совет басшысының, еркіне *сөзсіз бағынушылықпен* біріктіруге үйрену керек.

Біз бұған әлі үйренген жоқпыз.

Біз бұған үйренеміз.

Күні кеше Корниловтардың, Гоцтардың, Дутовтардың, Гегечкорилердің, Богаевскийлердің буржуазиялық қанауды реставрациялау қаупі туған еді. Біз оларды жеңдік. Бұл реставрация, нақ сол реставрация қаупі бүгін басқа формада, ұсақ буржуазиялық бетімен жайылушылық пен анархизм стихиясы түрінде, ұсақ меншікшілдік: «сен тимесең, мен тимен» деген түрде, бұл стихияның пролетарлық тәртіптілікке қарсы күнбе-күнгі, ұсақ, бірақ оның есесіне өте көп шабуылдары мен жорықтары түрінде туып отыр. Біз ұсақ буржуазиялық анархияның бұл стихиясын жеңуіміз керек, біз оны жеңеміз де.

СОВЕТ ҰЙЫМЫНЫҢ ДАМУЫ

Советтік, яғни *пролетарлық* демократизмнің,— оның нақтылы, қазіргі қолданылуында — социалистік сипаты мынада: біріншіден, еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасы сайлаушылар болып, буржуазия шығарылып тасталып отыр; екіншіден, сайлау жөніндегі қандай да болсын бюрократиялық формальдылық пен шектеушілік болмайды, сайлаудың тәртібі мен мерзімін бұқараның өзі белгілейді, сайланғандарды кері шақырып алуға бұқара толық ерікті; үшіншіден, еңбекшілер авангардының, ірі өнеркәсіп пролетариатының қаналғандардың неғұрлым қалың бұқарасына басшылық етуге, оларды дербес саяси өмірге тартуға, оларды өз тәжірибесі арқылы саяси жағынан тәрбиелеуге мүмкіндік беретін ең жақсы бұқаралық ұйымы құрылады, сөйтіп халықтың шынымен *бірі қалмай* басқару ісін үйренуі және басқара бастауы бірінші рет қолға алынып отыр.

Россияда жүзеге асырылған демократизмнің негізгі ерекше белгілері осындай, бұл демократизм — демократизмнің неғұрлым жоғарғы *типі*, оны буржуазиялық бұрмалаушылықтан арылтқандық болып табылады, социалистік демократизмге көшкендік және мемлекеттің құри бастауына мүмкіндік беретін жағдайларға көшкендік болып табылады.

Әлбетте, ұсақ буржуазиялық берекесіздіктің стихиясы (бұл стихия пролетарлық революция *атаулының бәрінде де* қандай болсын бір дәрежеде өзін көрсетпей *қоймайды,* ал біздің революцияда, еліміздің ұсақ буржуазиялық ел болуы себепті, оның артта қалғандығынан және реакциялық соғыстың зардабынан бұл стихия ерекше күшті білініп отыр) Советтерге де өз әсерін тигізбей қоймайды.

Советтердің ұйымын және Совет өкіметін дамыту жөнінде босаңсымай жұмыс істеуге тура келеді. Советтердің мүшелерін «парламентарийлерге» немесе, екінші жағынан, бюрократтарға айналдырғысы келетін ұсақ буржуазиялық тенденция бар. Советтердің *барлық* мүшелерін басқару жұмысына іс жүзінде қатыстыра отырып, бұл тенденцияға қарсы күресу керек. Советтердің

бөлімдері көптеген жерлерде бірте-бірте комиссариаттармен біте қайнасып кететін органдарға айналдырылып жүр. Біздің мақсат — басқару ісіне *кедейлерді* іс жүзінде *түгелдей* қатыстыру, сондықтан мұны іске асыру жөнінде қолға алынған түрлі шаралар,— бұл шаралар неғұрлым әр алуан болса, соғұрлым жақсы,— мұқият есептелініп, зерттеліп, жүйеге келтіріліп, неғұрлым кең тәжірибеде тексеріліп, заңдастырылып отыруға тиіс. Біздің мақсат — *әрбір* еңбекшіні өнімді жұмыстың 8 сағаттық «сабағынан» кейін мемлекеттік міндеттерді *тегін* орындайтын ету: бұған көшу өте қиын, бірақ социализмнің біржолата нығаюына тек осыған көшу ғана кепіл бола алады. Мұндай өзгерістің жаңалығы мен қиындығы, әлбетте, былайша айтқанда, қармалап аттайтын өте көп адымдар жасатқызады, өте көп қателер, солқылдақтық туғызады,— мұнсыз ешбір жұрт алға басу мүмкін емес. Социалистерміз деп есептелгісі келетін көп адамдардың көзқарасы тұрғысынан алғанда, бастан кешіріп отырған жағдайға тән бүкіл ерекшелік мынада: жұрт капитализмді социализмге абстракт түрде қарама-қарсы қоюға әдеттеніп кеткен, ал бұл екі сөздің арасына терең мағынамен айтқан болып: «секіріс» деген сөзді қыстыра қояды (кейбіреулер Энгельстен оқыған үзінді сөздерді еске түсіріп, онан да терең мағыналы түрде айтқансып: «қажеттілік үстем болған заманнан бостандық үстем болатын заманға секіру»[74] деген сөздерді қосады). Социализмнің ұстаздары «секіріс» деп бүкіл дүние жүзілік тарихи бетбұрыс тұрғысындағы өзгерісті айтқанына және мұндай секірістердің ұзақтығы 10 жылға, онан да көп уақытқа созылатынына, бұған социализм туралы «кітаптан оқып», бірақ еш уақытта шындап істің байыбына бармаған социалист дейтіндердің көпшілігі ой жібере білмейді. Мұндай уақытта атышулы «интеллигенция» арасында өлікті жоқтап жылаушылар өте көп болатыны табиғи нәрсе: біреуі — Құрылтай жиналысын жоқтап жылайды, екіншісі — буржуазиялық тәртіпті жоқтап жылайды, үшіншісі — капиталистік тәртіпті жоқтап жылайды, төртіншісі — мәдениетті помещикті жоқтап жылайды, бесіншісі — империалистік ұлы державалық

ты жоқтап жылайды, тағысын тағыларды және тағы сондайларды жоқтап жылайды.

Үлкен секірістер дәуірінің шын мүддесі мынада: жаңаның өркендері (кейде бірден көріне қоймайтын) санының көбеюінен гөрі кейде тез жиналатын ескінің сынықтары көп болатындығы даму жолындағы немесе даму желісіндегі ең елеулі нәрсені бөліп ала білуді талап етеді. Революцияның табысқа жетуі үшін бәрінен де гөрі сынықтардың неғұрлым көбірек болуы, яғни ескі мекемелерді көбірек қирату маңыздырақ болатын тарихи кезеңдер болады; жетерліктей қиратылған соң, енді жерді сол сынықтардан тазалаудың «қара жұмысын» (ұсақ буржуазияшыл революционер үшін «көңілсіз» жұмыс) істеу алға қойылатын кезеңдер болады; қиыршық тастан әлі жақсы тазартылмаған жерде сынықтардың астынан өсіп келе жатқан жаңаның өркендерін мәпелеп күту бәрінен де гөрі маңыздырақ болатын кезеңдер болады.

Жалпы алғанда революционер, социализмді жақтаушы немесе коммунист болу жеткіліксіз. Бүкіл желіні қолда берік ұстап, оның екінші буынына көшуді мықтап әзірлеу үшін әрбір ерекше кезеңде ол желінің бар күшпен мықтап ұстау керек болатын ерекше буынын таба білу керек, оның бер жағында оқиғалардың тарихи тізбегіндегі буындардың тәртібі, олардың формасы, олардың жалғастырылуы, олардың бір-бірінен айырмашылығы, әдеттегі темір ұстасы соққан шынжырдыкіндей, сондай оңай және сондай қарапайым бола бермейді.

Совет ұйымын бюрократтықпен бұрмалаушылыққа қарсы жүргізілетін күресті еңбекшілер мен қаналғандар мағынасында алынған «халықпен» Советтердің берік байланысы, бұл байланыстың икемділігі мен қолайлылығы қамтамасыз етеді. Демократизм жағынан қарағанда дүние жүзіндегі ең жақсы деген капиталистік республиканың буржуазиялық парламенттерін де кедейлер еш уақытта «өз» мекемелеріміз деп санамайды. Ал Советтер жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы үшін жат мекеме емес, «өз» мекемесі. Тургенев бұдан 60 жыл бұрын Добролюбов пен Чернышевскийдің мужиктік демократизмінен қалай жиреніп, оның монар-

хиялық және дворяндық баяу конституцияға қарай қалай бүйрегі бұрса[75], Шейдеман немесе, екеуі де бірдей десе де болғандай, Мартов секілді қазіргі «социал-демократтар» да Советтерден солай жиреніп, олардың буржуазиялық әдепті парламентке немесе Құрылтай жиналысына солай бүйрегі бұрып отыр.

Советтердің еңбекші «халыққа» нақ сол жақындығы сайланған адамдарды кері шақырып алудың және төменнен бақылау жасап отырудың басқа да ерекше формаларын тудырады, бұл формалар қазір ерекше іждағаттылықпен дамытылуға тиіс. Мысалы, халыққа білім беру Советтері, совет өкімет орындарының осы саладағы қызметін талқылап, бақылау жасап тұру үшін совет сайлаушылары мен олардың делегаттарының оқтын-оқтын болып тұратын конференциялары ретінде толық қостауға және жәрдемдесуге тұрады. Советтерді өзімен-өзі болып, бір орында қатып қалатын бірдеңеге айналдырушылықтан асқан ақымақтық жоқ. *Жұмыстың белгілі бір процестері үшін, таза атқару* функцияларының белгілі бір кезеңдерінде, жеке адамдардың аяусыз қатаң билігін, диктатурасын неғұрлым батыл жақтауымыз тиіс болған сайын, Совет өкіметін бұрмалау мүмкіндігінің қандайына болса да жол бермей құртып отыру үшін, бюрократизмнің арам шөбін өсірмей, қайта-қайта, үнемі жұлып тастап отыру үшін төменнен бақылау жасаудың формалары мен әдістері де соғұрлым әр алуан болуға тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Халықаралық тұрғыдан алғанда жағдайдың өте ауыр, қиын және қауіптілігі; әдіс қолданудың, шегінудің қажеттігі; Батыста тым ұзақ пісіп-жетіліп келе жатқан революцияның жаңа дүмпулерін күту дәуірі; еліміздің ішінде баяу құрылыс және қатаң түрде «алға сүйреу», пролетарлық қатаң тәртіптіліктің ұсақ буржуазиялық бетімен жайылушылық пен анархиялық стихия қаупіне қарсы ұзақ уақыт және табанды күрес жүргізу дәуірі,— социалистік революциядағы басымыздан кешіріп отырған ерекше кезеңге тән белгілер, қысқаша айтқан-

да, осындай. Келесі буынға,— ерекше сәулесімен, дүние жүзілік пролетарлық революцияның жеңу сәулесімен өзіне тартатын буынға — көшкенше алдағы уақытта өз міндетімізді орындарлық дәрежеде болу үшін оқиғалардың тарихи тізбегіндегі, өзіміз қазір бар күшімізді салып айрылмай ұстайтын буын осындай.

Басымыздан кешіріп отырған кезеңнің ерекшеліктерінен туатын: әдіс қолдану, шегіну, күте тұру, құрылысты баяу жүргізу, қатаң түрде алға сүйреу, қатаң тәртіп орнату, бетімен жайылушылықты құрту... деген ұрандарды әдетте көп айтылатын «революционерлер» деген ұғыммен салыстырып қараңыздаршы. Мұны естігенде кейбір «революционерлер» шынымен тас-талқан болып ашуланып, Октябрь революциясының дәстүрлерін ұмыттыңдар, буржуазиялық мамандармен келістіңдер, буржуазиямен компромисс жасадыңдар, ұсақ буржуазияшылдықты жақтадыңдар, реформизмді және басқа да сондайларды жақтадыңдар деп, бізді «қирата» бастайтындығына таңдануға бола ма?

Бұл бейшара революционерлердің сорлылығы мынада: бұлардың ішінен тіпті дүниедегі ең жақсы тілектегілері де, социализм ісіне шын берілгендігімен көзге түскендері де, реакциялық және бақытсыздық соғыс сілесін қатырған, социалистік революцияны неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерден көп бұрын бастаған артта қалған елдің лажсыз басынан өткізетін қазіргі ерекше және ерекше-«қоңілсіз» жағдайын түсінбейді;— қиып асудан өтудің қиын сәттерінде шыдамдылық жетпейді. Солшыл эсерлер партиясының біздің партияға қарсы *мұндай* «ресми» оппозицияда болуы табиғи нәрсе. Топтық және таптық типтердің ішінде, әрине, жекелеген ерекшеліктер жоқ емес және әрқашан да болады. Бірақ әлеуметтік типтер қала береді. Ұсақ меншікті халқы таза пролетарлық халқынан анағұрлым басым елде пролетарлық революционер мен ұсақ буржуазиялық революционер арасындағы айырмашылық білінбей қоймайды — кей кездерде тіпті қатты білінетін болады. Ұсақ буржуазиялық революционер оқиғаның әрбір бұрылысында ауытқып, солқылдақтық көрсетіп отырады, 1917 жылы марттағы барып тұрған революцияшылдықтан

майда «коалицияны» дәріптеуге көшеді, июльде большевиктерге қарсы өшпенділікке (немесе оларды «авантюризм» жасады деп көз жасын бұлауға) көшеді, октябрьдің аягында олардан қауіптеніп бойын аулақ салуға, декабрьде оларды қолдауга көшеді,—ақыраягында, 1918 жылгы март пен апрельде мұндай типтер көбінесе менсінбей мұрнын шүйіріп: «Мен «табиги қажет» жұмысты, практицизмді және біртe-біртешілдікті дәріптейтіндерге жатпаймын» дейді.

Мұндай типтердің әлеуметтік негізі — согыстың сойқандарына, кенет күйзелушілікке, ашаршылық пен күйзелістің құлақ естімеген ауыр азабына төзбей аласұрган, бұл жагдайдан құтылуга жол іздеп, бір жагынан, пролетариатқа сеніп, оны қолдаудың, екінші жагынан, үмітсіздікке салынудың арасында толқып, аласұра жанталасқан ұсақ қожайын. Мұндай әлеуметтік базада ешқандай социализм құруга болмайтынын айқын түсініп, берік ұгып алу керек. Өз жолымен ауытқымай алга басатын, ең қиын, ауыр және қауіпті асуларда жігері жасымайтын, үмітсіздікке салынбайтын тап қана еңбекшілер мен қаналгандар бұқарасына басшылық ете алады. Бізге аласұрып жұлқынудың қажеті жоқ. Біз үшін пролетариаттың темірдей берік батальондарының алга нық басып отыруы қажет.

СУ ТРАНСПОРТЫНЫҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[76]

Су транспортының мүшкіл жайы туралы хабарды тыңдай келіп жәпе Су транспорты қызметкерлері кәсіп-одақтарының Орталық Комитетімен және Волга су транспорты орталық басқармасының өкілдерімен келісе отырып, Халық шаруашылығы жоғары советі әзірлеген декреттің жобасымен таныса келіп,

Халық Комиссарлары Советі бұл жобаны уақытша шара ретінде бекітеді;

— кеме қатынасы қызметшілерінің Нижний Новгород съезіне осы жобаны дереу және ешбір тартынбастан іс жүзіне асыруды барынша қатты тапсырады;

— ал егер съезд алдағы уақытта декретке белгілі бір түзетулер енгізуді қажет деп табатын болған күнде Халық Комиссарлары Советі съезге мұндай түзетулер жөніндегі мәселені талқылап, біржолата шешіп алу үшін Халық Комиссарлары Советіне өзі уәкіл еткен делегацияны жіберуді ұсынады.

Халық Комиссарлары Советі су транспортының мүшкіл жайы Кавомардың[77] барлық жарлықтарының орындалуын кешеуілдетуді ешбір мүмкін етпейтіндігін және оларды барынша қатаң, адал орындаудың мейлінше қажеттігін съезге ескертеді. Осылай еткен күнде ғана Халық Комиссарлары Советі флотты национализациялау ісіне орасан көп қаржы бөлініп отырғандығын ел алдында ақтай алады[78].

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

1918 ж. 26 марта жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ТРИБУНАЛДАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ ЖӨНІНДЕ[79]

1

ЮСТИЦИЯ КОМИССАРИАТЫ КОЛЛЕГИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ КӨШІРМЕСІ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ

Менің пікірімше, советтік трибуналдар туралы декрет мүлде дұрыс емес, ол түбірінен қайта жасалуға тиіс.

Баспасөз трибуналдарының[80] жұмыс қорытындыларын алдын ала жинақтамай (және талқыламай) тұрып, олар туралы декретті бұзу дұрыс емес.

Юстиция комиссариаты коллегиясынан тыс тұратын жеке-дара «трибун» қызметін тағайындау дұрыс емес. Оның өзі «генерал-прокурордың» жаман өнегелері сияқты бірдеңе болып шығады.

Мекемелер реформасына, ұсақ немесе сөз жүзінде дерлік реформаларға («трибун») көңіл бөлудің орнына, юстиция коллегиясының шып революциялық, жедел сотты, контрреволюционерлерге, бұзақыларға, жалқауларға және іріткі салушыларға аяусыз қатал болатын сотты құру ісіндегі жұмыстарының практикалық нәтижелеріне көңіл бөлу керек.

30/III. 1918.

Ленин

2

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Халық Комиссарлары Советі Юстиция комиссариатына трибуналдар туралы декрет жобасын «трибунның» жеке-дара өктемдігін жою бағытында және 1917 жылдың октябрінен бергі жерде құрылған мекемелердің ұсақ өзгерістеріне көңіл бөлмей, қайта шын жедел соттарды, контрреволюционерлерге, парақорларға, іріткі салушыларға, тәртіпті бұзушыларға шын революциящыл-аяусыз болатын соттарды құру жөніндегі жұмыстың практикалық нәтижелеріне көп көңіл аудару бағытында қайта жасауды тапсырады.

Қайта жасалған жоба басылып, Орталық Атқару Комитетіне тапсырылатын болсын.

1918 ж. 30 мартта жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 1 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық советі әзірлеген еңбек тәртібі жөніндегі жоба талқылауға қойылып отыр. Ленин жолдас бірсыпыра түзетулер ұсынды және жобаның жеке пункттеріне бірқатар неғұрлым нақты тұжырымдар ұсынды, ол жобаны нақтылай түсуді ұсынды. Кесімді ақы барлық өндірістер үшін сөзсіз белгіленуге тиіс, ал мұны белгілеу мүмкін болмайтын мамандықтарда сыйлық беру жүйесі белгіленсін. Еңбек өнімділігін есепке алу үшін және тәртіп сақтау үшін өнеркәсіп соттарын құру қажет, бақылаушылар тобын кәсіпорында құрмай, қайта инженерлер мен бухгалтерлерді, шаруаларды қатыстыра отырып, сырттан түрліше мамандықтар бойынша құру керек. Декретте Тейлор системасын енгізу туралы анық айту қажет, басқаша айтқанда, жұмыстың осы система алға қоятын барлық ғылыми тәсілдерін қолдану керек деп айтылатын болсын. Бұл системасыз еңбек өнімділігін арттыруға болмайды, ал мұнысыз біз социализмді енгізе алмаймыз. Бұл системаны жүзеге асырғанда американ инженерлерін қатыстыру керек. Әрине, бұл системаны енгізгенде тамақтың нашарлығын ескеру қажет болады, сондықтан аштан өлместей жұмыс нормасы қабылдануға тиіс. Бұдан әрі...* ұйымдастырылсын, социализмге өту кезінде біздің жұмыс күнін азайтуымызға мүмкіндік туу

* Протоколдық жазбада сөз қалып қойған. *Ред.*

мүмкін. Декретте есеп беру және жеке кәсіпорындардың өнімділігіне қатысты есептерді баспасөзде жариялап отыру жөнінде айтылатын болуы керек. Ал еңбек тәртібін орындамағаны үшін қолданылатын жазалау шараларына келетін болсақ, мұндай шаралар қатаңырақ болуға тиіс. Түрмеге отырғызуға дейін баратын жазаның болуы қажет. Заводтан шығару да қолданылуы мүмкін, бірақ оның сипаты мүлде өзгеретін болады. Капиталистік құрылыс тұсында жұмыстан шығару азаматтық келісімді бұзғандық болған еді. Ал қазір еңбек тәртібін бұзған жағдайда, әсіресе еңбек міндеткерлігі енгізіліп отырған жағдайда, мұның өзі енді қылмыс жасағандық болады, сондықтан бұл үшін белгілі бір жаза қолданылуға тиіс.

Бірінші рет 1940 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде (толық емес түрінде) басылған

Протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

АЛЕКСЕЕВ МАНЕЖІНДЕ БОЛҒАН МИТИНГІДЕ 1918 ж. 7 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[81]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Лениннің мінбеге келуін жұрт ду қол шапалақтаумен қарсы алады.) Біз,— деді Ленин,— қазір революцияның ең ауыр айларын бастан кешіріп отырмыз. Аштық төніп келеді, біз барлық күшімізді толық жұмсап онымен күресуге тиіспіз, күрескенде оңшыл эсерлер мен меньшевиктер үнемі табалап отырған жағдайда күресуге тиіспіз. Олардың тактикасы — Дутов пен Корниловтың тактикасы, Москвада Совет өкіметіне қарсы көтеріліс жасаған юнкерлердің тактикасы. Совет өкіметін құлатуға тырысып жүрген меньшевиктер бұл жөнінде,— олар жағында, буржуазия жағында болып отыр, сөйтіп олар бізді сатып кетіп отыр. Біз ату жазасын қолдана бастасақ, олар толстойшылдарға айналып, біздің қаталдығымыз жайында байбалам салып, көз жасын көл етеді. Құпия шарттарды қалтаға тығып қойып, Керенскиймен бірігіп жұмысшыларды қырғынға қалай айдағанын олар ұмытып кеткен. Олар бұл туралы ұмытып, қайырым күтіп жалбарынған мүләйім христиандарға айналып отыр.

Біз өз жауларымызды қарусыз жаныштай алмаймыз, мұны олар өте жақсы біледі, бірақ солай бола тұрса да біздің беделімізді түсіруге тырысып бағуда.

Бізге халық шаруашылығын жолға қоюға тура келеді, ал біздің революцияның бірінші болып әлеуметтік қайта құрылыс жолымен ілгері кеткені соншалық, бұл орасан зор іс соғұрлым қиындау болмақ. Осы қиын міндетті жеңілдету үшін бізге үйрену керек, бірақ кітаптар

бойынша емес, іс жүзінде, тәжірибеден үйрену керек. Халық шаруашылығын құру үшін Совет өкіметі ғана жарамды, сондықтан да мен сіздерге бүкіл ел бойынша біздің мыңдаған жолдастарды Советтерге өткізуді ұсынамын. Оның үстіне, бізге жолдастық тәртіп орнату керек. Жер мен фабрикалар өздерінің игілігі екенін жұмысшылар мен шаруалар түсінуге тиіс, сондықтан да бұл игілікке өз мүлкі ретінде ұқыпты қарауға тиіс.

Өткенге көз жібере отырып, буржуазияның бүкіл дәрменсіздігін және саботаж жасаушы интеллигенцияның түкке тұрғысыздығын көре отырып, біздің алға қарай қандай орасан зор қадам жасағандығымызға менің енді ғана көзім жетті. Ал бұдан әрі ойдағыдай алға басу үшін біз бойымыздағы парандық пен салақтықты тастауымыз керек, ал мұны істеу нақұрыс Романовты немесе ақымақ Керенскийді құлатудан әлдеқайда қиын.

Бізді Германия тұншықтырып отыр, бізге Жапония шабуыл жасап жатыр[82]. Ал енді осындай ауыр уақытта меньшевиктер мен оңшыл эсерлер, бұл мейірбансыған мүләйімдер бізді қатал деп байбалам салып, Шаумян[83] жолдасқа өздерінің дар құрғанын ұмытып отыр. Жауап ретінде оларға мен: иә, қанаушылар жөнінде біздің зорлық қолданып отырғанымыз бекер емес деп айта аламын.

Меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің біздің қаталдығымыздан ағызған бұл көз жасы — мұның өзі олардың елдің саяси өміріне қатысуға жасаған ақырғы әрекеті және сонымен бірге олардың әлсіздігінің белгісі. Біз оларға қарсы аяусыз күресеміз. Патша өкіметінің барлық мұрасы үшін, николайшылдық пен керенскийшілдіктің замандары үшін біз енді есеп айырысуға тиіспіз. Ал біз іріткі салушылық пен енсе түсушілікті жеңген кезде, онда біз үздіксіз жұмыс үстінде социализмнің ұлы жеңісіне жетеміз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

*«Известия Саратовского Совета»
№ 71, 13 апрель, 1918 ж.*

«Известия Саратовского Совета» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ВЛАДИВОСТОК СОВЕТІНЕ ДИРЕКТИВАЛАР[84]

Иркутскіге (Владивосток үшін) тікелей провод арқылы былай деп телеграмма беру керек:

Біз жағдайды өте-мөте қатерлі деп есептейміз, сондықтан жолдастарды нағыз үзілді-кесілді түрде ескертеміз. Жалған үмітке салынбаңыздар: жапондардың шабуыл жасайтыны анық. Бұл сөзсіз. Оларға одақтастардың бәрі, тегінде, түгелдей көмектесетін болар. Сондықтан титтей де кешеуілдетпестен дайындала бастау керек, шындап дайындалу, барлық күшті сала дайындалу керек. Бәрінен де гөрі дұрыстап кейін ығысуға, шегінуге, запастар мен темір жол материалдарын ала кетуге көбірек көңіл бөлу керек. Іске аспайтын мақсаттарға әуестенбеңіздер. Рельстерді бұзып, қиратуды, вагондар мен локомотивтерді алып кетуді дайындаңыздар, Иркутскінің немесе Забайкальенің маңында мина тосқауылдарын дайындаңыздар. Нақ қанша локомотив пен вагон әкетілгендігі, қаншасы қалғандығы жайында бізге аптасына екі рет дәл хабарлап отырыңыздар. Мұнсыз біз ештеңеге де сенбейміз және сенбейтін боламыз. Қазір бізде ақша знактары жоқ, бірақ апрельдің екінші жартысынан бастап көбейеді, ал біз өзіміздің көмегімізді Владивостоктан вагондар мен паровоздар әкету ісіндегі, көпірлерді бұзуға әзірлеу ісіндегі және басқалар жөніндегі сіздердің практикалық табыстарыңызға байланысты етеміз.

Ленин

1918 ж. 7 апрельде жазылған

Бірінші рет 1930 ж. мына кітапта басылған (факсимиле): «1918—1921 жылдардағы азамат соғысы», 3-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘСІРЕСЕ БАНК САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ[85]

I. Өнеркәсіп пен айырбасты национализациялау ісін ақырына дейін жеткізу.

II. Банктерді национализациялау және біртіндеп социализмге өту.

III. Халықты тұтыну қоғамдарына еріксіз біріктіру {+Товар айырбасы}

IV. Өнімдерді өндіру мен бөлу ісін есепке алу және бақылау.

V. Еңбек тәртібі.
{+Салық саясаты}

Жоғарыдан басталған еңбек міндеткерлігі.

Былыққа, тәртіпсіздікке және әрекетсіздікке қарсы күрестің мейлінше аяусыз шараларының, жұмысшылар мен шаруалардың тәртібі мен өзара тәртібін көтерудің ең батыл және сұмдық қатал шараларының сөзсіз қажеттігі мен кейінге қалдыруға болмайтынын мойындау.

Шаруашылық өмірдің барлық салаларында бақылаушылардың жедел топтарын құру үшін Мемлекеттік бақылауды нақты бақылауға айналдыру.

Совет өкіметімен жұмыс істесуге тілек білдірген буржуазиялық интеллигенция мен саботажшыларды жұмысқа тартудың практикалық шарттары.

Өндірісті, өнімдердің запастарын және еңбек өнімділігін есепке алу үшін өнеркәсіп соттарын құру.

Орталықтандыру.

(Дереу және сөзсіз.)

1. Өнеркәсіпті национализациялау ісін ақырына дейін жеткізу.
2. Жаппай тұтыну қоғамдарына біріктіруге және өнімдер айырбасына біртіндеп көшу.
3. Банк саясаты.
4. Еңбек тәртібі және басқалар.
5. Салық саясаты (финанс).

1. Барлық фабрикаларды, заводтарды, темір жолдарды, өндіріс құрал-жабдықтарын және айырбасты национализациялау ісін ақырына дейін жеткізу. Национализацияланатын кәсіпорындарға синдикалистік және әрі-сәрі көзқарасқа қарсы сөзсіз және аяусыз күрес жүргізу[86]. Шаруашылық өмірді жалпы ұлттық көлемде орталықтандыруды табанды түрде жүргізу. Алдын ала жасалатын жоспарлар мен сметаларды, апталық есептерді және еңбек өнімділігін іс жүзінде арттыруды үнемі талап етіп отыру. Национализацияланатын өнеркәсіп салаларын басқаратын аппарат құру және оны практикада сыннан өткізу.

Еріксіз түрде ағымдағы счет ашқызуға немесе ақшаны еріксіз түрде банктерде ұстауға көшу шаралары.

Халықты тұтыну қоғамдарына еріксіз біріктіру және осыған көшу шаралары.

Кооператорлар аппаратының бүкіл халықты тұтыну қоғамдарына біріктіру ісіне біртіндеп көшулері туралы кооператорлармен жасалатын келісім шарттары.

1918 ж. ерте дегенде 8 апрельде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БАНК САЯСАТЫНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ[87]

1. Жеке меншік банктерден алынған ақшаның есебі жасалсын, бұл есепке әрбір жеке меншік банктің барлық істерін жабу да енгізілетін болсын.

(Бір ауыздан)

Есепті қалай жасау керек деген мәселе жөнінде мынадай пікірлер бар:

(а) Әрбір жеке меншік банктің бұрынғы қызметшілеріне (Мемлекеттік банк комиссариатының олардың кейбіреулерін қабылдамау правосымен бірге) ең қысқа мерзім ішінде банктің барлық істерін тәртіпке келтіріп, ақтық формада баланс жасау, біріншіден, 1917 ж. 14 декабрьге[88], екіншіден, ақша операциясының соңғы күніне орай баланс жасау жөнінде үзілді-кесілді тапсырма беріледі.

(б) Жеке меншік банктер осы есептер жасау және банктердің барлық істерін жабу жұмысын атқара отырып, тек Россия республикасының біртұтас Халық банкінің бөлімшесі ретінде ғана және ешқандай жаңа операциялар жасамай, банктерді жабу мақсаттарында ғана жұмыс істейді.

(Ганецкий мен Гуковский
және Ленин)

Спундэнің ерекше пікірі:

1917 ж. 14 декабрьге балансты біздің тағайындауымыз бойынша жұмыс істейтін ерекше комиссия жасайтын болады.

Басқа баланс жасаудың керегі жоқ.

1917 ж. 14 декабрьден бастап, одан арғы операциялар Халық банкінің атынан жасалатын болсын.

Мемлекеттік банк сияқты, жеке меншік банктердің бәрі де Россия республикасының біртұтас Халық банкі деп жарияланады.

2. Есеп-қисап жөніндегі барлық жұмыстарға Мемлекеттік банк комиссариаты басшылық етеді.

Тәжірибелі қызметкерлердің мүмкін болғанынша көпшілігі, соның ішінде Мемлекеттік банк пен жеке меншік банктердің бұрынғы қызметшілерінің көпшілігі де қызметке шақырылады.

(Бір ауыздан)

3. Банк саясаты, банктерді национализациялаумен шектелмей, бірте-бірте, бірақ бұлжымастан банктерді есеп жүргізудің және тұтас алғанда бүкіл елдің социалистік жолмен ұйымдасқан шаруашылық өмірін ретке салып отырудың біртұтас аппаратына айналу жағына қарай бағытталып отыруға тиіс.

Спундэ мен Ленин жақтайды
Гуковский қарсы
Ганецкий қалыс қалады,
ол іс жүзінде орындалмайтын нәрсе деп есептейді.

4. Бүкіл ел бойынша Халық банкінің бөлімшелерін мүмкін болғанынша көбірек ашуға шұғыл шаралар қолданылсын.

Жұртшылыққа барынша қолайлы болу үшін бұл бөлімшелерді қалалардың ішінде және деревняларда неғұрлым дұрыс орналастыру керек.

Бұрынғы жеке меншік банктердің қазір бар бөлімшелерін Халық банкінің бөлімшелері ретінде пайдалану керек.

(Бір ауыздан)

5. Кассаға салынған ақшаға ешкім қол сұқпайды деп жарияланады (әрине, мұның өзі мемлекеттің салық алу правосын әсте де тежемейтіндігі өзінен-өзі түсінікті).

6. Еркін чек айналымы болсын.

7. Банктерден берілетін ақша жөнінде жұмысшы бақылауы толық сақталатын болсын.

8. Тұтыну мақсаттары үшін ақша беруді нормалау сақталады.

Банктерге ақша өткізуді және банктерден ақша беруді тездету, сондай-ақ формальдылық жайларды оңайлату мақсаттарымен жұртшылық үшін бірқатар жеңілдіктер енгізіледі.

9. Халықтың тұтыну мақсаттарына сөзсіз қажет емес ақшаларының бәрін банктерде ұстауына шаралар қолданылатын болсын. Осы принципті еріксіз жүзеге асыратын заң және іс жүзінде қолданылатын шаралар әзірленілсін.

(Жариялауға жатпайды)

10. Халық банкінің барлық бөлімшелері Федерациялық Россия Советтік Республикасы шеңберінде өз жұмысында орталық басқарманың нұсқаулары мен директиваларын дәлме-дәл басшылыққа алып отырады, қандай да болсын жергілікті ережелер мен шектеулер белгілеуге праволары болмайды. Орталық басқарманың келісімімен ғана ерекше жағдайларға жол беріледі.

1918 ж. ерте дегенде 8 апрельде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. «Пролетарская Революция» журналының 6-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ВЦСПС, МЕТАЛЛИСТЕР ОДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІ ӨКІЛДЕРІНІҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 11 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[89]

ГАЗЕТ ЕСЕБІНЕН

Жоба ұсынған капиталистер тобы мемлекетке қызмет ететін болуы үшін Ленин жолдас трестерге айналған кәсіпорындардың барлығын толық национализациялауды қатты талап етті.

«Известия ВЦИК» № 72, 12 апрель, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДОН РЕСПУБЛИКАСЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА[90]

Дондағы Ростов

Дон республикасы Советтерінің бірінші съезін шын жүректен құттықтаймын.

Әсіресе, Донда казактардың кулак элементтеріне қарсы өрістеп отырған күресін жеңіспен аяқтау қажеттігі туралы қарарда айтылған сөздерге қызу қосыламын. Бұл сөздерде революцияның міндеттері барынша дұрыс белгіленген. Дәл осындай күрес қазір бүкіл Россия бойынша да кезекке қойылып отыр.

Ленин

1918 ж. 13 апрельде жазылған

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АКЦИЯЛАРДЫ, ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ПРОЦЕНТ АЛАТЫН ҚАҒАЗДАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША[91]

Акцияларды иелерінен алуға 1917 ж. 29 декабрьдегі заңда баяндалған тыйым салу акцияларды иелерінен алуға рұқсат етілетін жүйе енгізу туралы заң шығарылғанға дейін өзінің күшін сақтайды. Акцияларын дұрыс және дер кезінде тіркеткен акция иелері ғана национализациялау туралы заңда белгіленген мөлшерде және шарттар бойынша кәсіпорындар национализацияланған ретте акцияларының өтеуін алуға правосы болады.

Сондай-ақ осындай акция иелері ғана дивиденд алуға право алады, онда да 1917 жылғы 29 декабрьдегі заң бойынша тоқтатылып қойған дивидендті төлеуге қайтадан рұқсат етілгеннен кейін барып дивиденд алуға правосы болады.

1918 ж. 16 апрельде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ЕГУГЕ КРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ[92]

Шаруаларға қант қызылшасын егуге несиеге беру үшін Халық шаруашылығы жоғары советінің қарамағына 20 миллион сом қаржы бөлінеді,—ал Халық шаруашылығы жоғары советі бұл қаржының дұрыс жұмсалып, оның дер кезінде қайтарылып берілуін қамтамасыз ететін қажетті шаралардың бәрін қолданатын болуы керек.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

1918 ж. 17 апрельде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1918 ж. 18 АПРЕЛЬДЕГІ МӘЖІЛІСІНДЕ ФИНАНС МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[93]

Қазіргі кезеңде мынадай бір нәрсе айқын: финанс проблемасын біз таяу уақытта шешпейміз, финанс аппаратын қалыпты арнаға сала алмаймыз. Бұл жұрттың бәріне айқын. Бірақ мынаны айту керек: финанс аппаратын тым болмаса өзінің болуға тиісті арнасына салуға болатын сатыларды табу үшін, амал не, біздің бәріміз де осы уақытқа дейін бұл кафедрада ештеңе істемей отырмыз. Гуковский жолдас бізге жоспар ұсынды. Жоспар жақсы ма әлде жаман ба, мен бұған тоқталып жатпаймын. Мен үшін бір нәрсе ғана айқын: финанс саласында қазіргі уақытта тіпті ең жақсы жоспарды, ең тәуір жоспарды орындау мүмкін емес, өйткені осы финанс жоспарын орындайтын аппарат бізде іс жүзінде ұйымдастырылмаған. Егер біз қайсыбір салық салуды жүзеге асыруға тырысқан болсақ, біз дереу жеке облыстардың қазіргі уақытта әрқайсысы өз ойынша, қалай болса солай, жергілікті жағдайлардың мүмкіндік беруіне қарай салық салуды жүргізіп жатқан жағдайына кездескен болар едік. Бұл жөнінен алғанда жергілікті жерлердегі өкімет болып табылатын Советтер қазіргі уақытта өзара байланысты емес. Бір жағынан, осы арқылы олар орталық өкіметтен қол үзген, ал екінші жағынан, Советтер біздің осында жасап беретін жоспарымызды іс жүзінде орындауға өздерінің мүмкіндігі боларлықтай ұйымдасқан жоқ. Әйтеуір бір мысал келтірейік. Менің өзіме мынадай Советтерді: біздің осында белгілеп отырған осы финанс жоспарын жүзеге

асыра алмауы былай тұрсын, сонымен қатар тіпті өздерінің жергілікті жерлерінде ие болуға тиісті билікке екінің бірінде ие бола алмай отырған Советтерді көруіме тура келді. Көбінесе қазіргі біз бастан кешіріп отырған саясаттың нәтижесінде бұл Советтер қолындағы билігін көбінесе пайдаланбайды, оны пайдалануға мүмкіндігі жоқ, өйткені билік іс жүзінде жеке топтардың қолдарында болып отыр; ол топтар Советтермен көбінесе жауласып жүр, Советтерге бағынбайды, ал олардың қарамағында, амал қанша, белгілі бір әскер күші бар. Құрғақ сөз айтқан болмау үшін бір мысал келтіре кетейін. Осы Москваға жақын бір жерде, Рязань губерниясында, мен мынадай бір құбылысты байқадым. Совет бар. Советтен басқа Әскери-революциялық комитет те бар. Әскери-революциялық комитет өзін Советтен автономиялымын деп санайды, сөйтіп салық салуды өзі жүргізеді, тіпті Совет алдында есеп те бермейді. Совет те салық салуды өзі жүргізеді. Көріп отырсыздар, егер біз істің жайы осындай болып отырғанда жоспарды осыдан бастап іске асыруға әрекет жасасақ, онда бұдан, әрине, ештеңе шықпайды және, әрине, ештеңе өнбейді, өйткені тіпті сол жергілікті жерлердің өзінде де Әскери-революциялық комитет Советке бағынбайды, сол себепті Совет те орталық өкімет үшін ештеңе істей алмай отыр. Сондықтан бірдеңе істеу қажет. Шығарылған декреттердің бәрі тек декрет күйінде ғана қалмауы үшін, олардың бос сөзге айналмай, жүзеге асырылуы үшін басқаша бір ұйым құру қажет.

Қысқаша газет есебі 1918 ж. 19 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 77-номерінде жарияланған

Бірінші рет 1920 ж. мына кітапта толық басылған: «4-сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мәжілістерінің протоколдары. Стенографиялық есеп»

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

(1

Академии Наук, начавшей систематическое изучение и обследование естественных производительных сил*) России, следует немедленно дать от ВСНХ поручение

образовать ряд комиссий из специалистов для возможно более быстрого составления плана реорганизации промышленности и экономич. подъема России.

В этот план должно входить:
рациональное размещение промышленности

NB:

*) Надо ускорить издание этих материалов изо всех сил, послать об этом бумажку и в К-риат Нар. Просв. и в союз типогр. рабочих и в К-риат Труда.

В. И. Лениннің «Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының нобайы» деген қолжазбасының бірінші беті.— Апрель, 1918 ж.

Кішірейтілген

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖОСПАРЫНЫҢ НОБАЙЫ[94]

Россияның табиғи өндіргіш күштерін білу және зерттеу жұмысын* жүйелі түрде бастаған Ғылым академиясына Халық шаруашылығы жоғары советінен дереу мынадай тапсырма беру керек:

Россияның өнеркәсібін қайта құру және оны экономикалық жағынан өркендету жоспарын мүмкін болғанынша тез жасау үшін мамандардан бірқатар комиссиялар құрылсын.

Бұл жоспарға мыналар кіруге тиіс:

шикізаттың жақындығын және шикізатты өңдеуден бастап жартылай фабрикаттарды өңдеудің дайын өнім алғанға дейінгі содан былайғы барлық сатыларына көшерде мүмкін болғанынша еңбектің неғұрлым аз жұмсалу жағын қарастыра отырып, Россияда өнеркәсіпті тиімді етіп *орналастыру.*

Өндірісті ең жаңа неғұрлым ірі өнеркәсіп және әсіресе трестер тұрғысынан қарағанда тиімді болатын етіп азын-аулақ аса ірі кәсіпорындарға қосу және шоғырландыру.

Қазіргі Россия Советтік республикасын (Украинасыз және немістер басып алған облыстарсыз) шикізаттың және өнеркәсіптің *барлық* басты-басты түрлерімен өзін өзі *дербес* жабдықтау мүмкіндігін барынша қамтамасыз ету.

---

* NB: Бұл материалдарды *бастырып шығаруға* барынша күш салу керек, бұл жөнінде Халық ағарту комиссариатына да, баспахана жұмысшыларының одағына да, Еңбек комиссариатына да қағаз жіберу керек[96].

Өнеркәсіп пен транспортты электрлендіруге және электрді егіншілікке қолдануға айрықша көңіл бөлу. Жанармай шығару және оны тасымалдау шығындарын негұрлым азайта отырып, электр қуатын алу үшін отынның бірінші сортты емес түрлерін (шымтезек, көмірдің нашар сорттары) пайдалану.

Су күштері мен жел двигательдерін жалпы пайдалану және оларды егіншілікте пайдалану.

1918 ж. 18 және 25 апрель аралығында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. 4 мартта «Правда» газетінің 52-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ, ШАРУА ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ МОСКВА СОВЕТІНДЕ 1918 ж. 23 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Ең алдымен жұмысшы және шаруа депутаттары Москва Советінің жаңа құрамын құттықтауыма рұқсат етіңіздер.

Сіздерге жаңа құрамды өте-мөте ауыр сәтте, біздің революцияның даму процесі неғұрлым қауіпті және қиын кезеңге аяқ басып отырған аса қысылшаң кезеңде сайлауға тура келді. Революцияға қас элементтер, халық жауларын қолдайтындардың бәрі, буржуазияның соңынан сүйретілгендердің бәрі,—біздің Советтің қайта сайлануына үлкен үміт артқан еді, өйткені біз қазіргі уақытта өте-мөте қиын дәуірді бастан кешіріп отырмыз: революцияның жеңімпаз жорығы аяқталып, ауыртпалықтарды бастан кешіру және тіпті жеңілістерге ұшырау кезеңіне аяқ басып отыр. Ал осы кезеңде пролетариат өзінің барынша күшті саналылығын бізге тағы да көрсетті. Бастан кешіріп отырған дәуірдің барлық қиыншылығын ескерген жұмысшылар қазір еңбекші халықтың үлесіне тиіп отырған аса зор азаптарды жою бізге байланысты емес, тарихи оқиғалардың бүкіл барысына байланысты екендігін айқын түсінеді. Сондықтан жұмысшылар тек Октябрь революциясының ұлы жеңістерін қорғап қалу үшін жаңа құрбандықтарды ерлерге лайық батылдықпен өз мойнымен көтеріп шығады.

Күмән жоқ, ауыр сындардан өтумен бірге революция дегенмен де, елеусіз, көзге түспейтін, октябрь баррикадалары дәуірінің тамаша жеңістерінен маңызы кем

соқпайтын, жаңа жеңістердің кезеңіне аяқ басты. Біздің екі бірдей қас жауымыз алдымыздан қасқайып қарсы шығып отыр: біржолата соққы беру үшін қолайлы кезең күтіп, революцияны тас-талқан ету үшін барынша қаруланып әзір отырған сыртқы және ішкі жаулар біздің алдымызда тұр. Сыртқы жау — бақайшағына дейін қаруланған, техникалық күштерге бай халықаралық империализм; ол Советтік Россияға жаңадан қарақшылық шабуыл жасау үшін қолайлы кезеңді күткісі келеді. Сондықтан, осыны еске ұстай отырып, қаһарлы ақиқаттың бетіне тайсалмай тура қарау қажет.

Соғыстардың ішіндегі ең реакциялық соғыстың, біздің сілікпесі шыққан еліміздің бастан кешіруіне тура келген соғыстың салдарынан дүние жүзілік реакцияға қарсы белсенді түрде қарулы күрес жүргізу үшін біздің қазіргі кезеңде жеткілікті күшіміз жоқ, біздің армиямыз жоқ, қолында алдыңғы қатарлы техника мен тамаша тәртіптің қуаты бар халықаралық контрреволюцияның өте жақсы ұйымдастырылған отрядтарына қарсы қоярлық күштер бізде жоқ. Біз әзірше жалғызбыз және қас жаулардың қоршауында қалып отырмыз.

Еңбекші халықтың Октябрь көтерілісі дәуірінде, біз жұмысшылардың алдынан социалистік революцияның қызыл туын желбіреткен кезімізде, сол дәуірде біз көз қарауытарлық оңай табыс дәуірін бастан кешірдік. Ал басқа елдердің жұмысшылары Россия революциясының алыстағы дүбіріне құлақ түре отырып, Россияда не болып жатқанын түсінді, Россия пролетариаты олардың өз ісін, өздері мүдделі болып отырған істі істеп жатқанын ұғынды. Онда біз реакцияшыл бандаларды оңай жеңіп шықтық, онда бізге қарсы қолына қару алып ашықтан-ашық күреске шықпай, өтіріктің, жаланың және құлақ естімеген сатқындықтың масқара қаруымен күреске шыққан меньшевиктік бандалардың халыққа қарсы көтерілген қалдықтарын оңай жаныштадық. Контрреволюцияға қарсы жүргізген күресіміздің нәтижесінде біз мынадай ірі жеңісті көрдік: батылдығы жөнінен бірінші контрреволюционер Корниловты нақ өзінің ызаланған солдаттары өлтіргені[96] сияқты фактіні көрдік.

Өз еліміздегі контрреволюцияға қарсы барлық майданда кең күрес жүргізе отырып, біз халықаралық буржуазияның бөгелуін пайдаландық, сөйтіп қазіргі кезде жаныштапған контрреволюцияның денесіне дер кезінде қуатты соққы бердік. Азамат соғысы негізінен алғанда аяқталды деп батыл айтуға болады. Әрине, жекелеген қақтығыстар болады, кейбір қалаларда қайсыбір көшелерде атыстар болады, бұл қақтығыстар мен атыстарды революция күшін—Совет өкіметін төңкеріп тастамақ болған реакционерлердің ішінара әрекеттері туғызады, бірақ көтеріліс жасаған халықтың күш салуы ішкі майдандағы реакцияны біржолата жоқ қылды, бұған күмән жоқ. Сонымен, біз революция дамуындағы алғашқы дәуірді, Октябрь күндерінен басталған дәуірді—бас айналдыратын және қайсыбіреулердің басын айналдырған табыстар дәуірін бастан кешірдік.

Мен тағы да қайталап айтамын: біздің революциямыздың өмірінде қазір неғұрлым қиын, неғұрлым ауыр кезең туды. Біздің алдымызда мынадай міндет тұр—барлық күшті творчестволық жаңа жұмысқа қолдану үшін оны құрыштай шыңдап, жұмылдыру керек, өйткені өзінің орасан зор революциялық жұмысында әзірше осынша жалғыз болып отырған Россияның революцияшыл пролетариатына тек темірдей берік ұстамдылық пен еңбек тәртібі ғана көмектеседі: халықаралық пролетариат бізге жәрдемге келіп, құтылатын уақытқа жетуге көмектеседі.

Біз жұмысшы табының ілгерілеп кеткен революциялық отрядтарының біріміз, оның себебі біздің басқа жұмысшылардан жақсы болғандығымыздан емес, Россия пролетариатының басқа елдердің жұмысшы табынан жоғары тұрғандығынан емес, оның себебі біздің тек қана дүние жүзіндегі ең артта қалған елдердің бірі болғандығымыздан, тек сондықтан. Техника мен тәртіптің орасан зор күшіне сүйенген халықаралық империализмді біз, ақырында, біржолата қирата алған кезде ғана біз түпкілікті жеңіске жетеміз. Бірақ біз жеңіске басқа елдердің, бүкіл дүние жүзінің барлық жұмысшыларымен бірлесе отырып қана жетеміз.

Тарих талқысымен бізге Брестте жасалған ауыр бітімге қол қоюға тура келді, ал революцияның бізге жан-жақтан шабуыл жасайтын көптеген жаулары бұл бітімді қай минутте болса да сатқындықпен төңкеріп тастауы мүмкін екенін біз жасырмаймыз; бұл жауларға қарсы белсенді күреске кірісуге біз қазіргі кезеңде әлсізбіз. Сондықтан біліп қойыңыздар, кімде-кім халықаралық жыртқыш империализмге қарсы осындай белсенді ашық қарулы күреске қазір шақырған болса,—ол адам халыққа сатқындық әрекет жасаған болар еді, ол адам еркімен болсын немесе еріксіз түрде болсын арандатушы болып және империалистердің белгілі бір ат төбеліндей тобының малайы болып шығар еді. Ал кімде-кім біздің соңғы уақытта ұстап келген тактикамызға қарсы шықса, ол адам — мейлі ол өзін тіпті ең «солшылмын», тіпті асқан солшыл коммунистпін деп атаса да—ол адам жаман революционер,—онан да зорын айтайын—ол адам тіпті де революционер емес. (Қол шапалақтау.)

Біздің артта қалғандығымыз бізді ілгерілетіп жіберді, ал егер басқа елдердің көтеріліс жасаған жұмысшылары тарапынан қуатты қолдау болғанға дейін табан тіреп тұра алмасақ, онда біз құримыз. Біздің міндетіміз — өзіміздің пролетарлық күрес тактикамызды қажымастан жүргізе беру.

Бізде көптеген ашық контрреволюционерлерден қауіптірек, өте-мөте қауіпті бір жасырын жау бар; бұл жау—социалистік революцияның және кедейлер үшін әлі ешбір жерде болып көрмеген жаңа типтегі халықтық парламент болып табылатын Совет өкіметінің қас жауы—ол жау ұсақ меншікшінің стихиясы болып табылады. Күмән жоқ, біз социалистік революцияның даму жолындағы ең қиын бөгеттерді жеңіп шығуға жақын тұрмыз. Біздің алдымызда барлық салаларда: еңбек тәртібін ұйымдастыруда, өндірісте, өндіріс өнімдерін бөлуде пролетариат диктатурасын толығынан жүзеге асыру міндеті бірінші кезекте тұр. Мен айтып отырған жау: «қармауға жарайтынын қармап қалдым, одан әрі күл болмаса, бұл болсын» деген бір ғана оймен өмір сүретін ұсақ меншікшінің стихиясы, бұл жау — Корни-

ловтарды, Дутовтарды және Калединдерді қоса-қабат алғанда, бәрінен де күштірек жау. Бұл ұсақ кулактар, ұсақ қожайынсымақтар, меншікшілер: «бізді әрқашан да езіп келді, бізді әрқашан да жаншып келді — ал енді осынша қолайлы кезеңді біз неге пайдаланып қалмаймыз»,— деседі. Бұл құбылыс елеулі бөгет болып табылады; мұны жоймайынша жеңіске жету мүмкін емес, өйткені әрбір ұсақ қожайынсымақтан, әрбір араны ашылған қомағайдан жаңа Корнилов өсіп шығады.

Осы қауіппен қатар, біздің алдымызда ашаршылық пен жаппай жұмыссыздықтың көбеюі қатерлі елес болып төніп тұр[97], бірақ біз мынаны көріп отырмыз: әрбір саналы жұмысшы,—ал олар барған сайын, күн санап емес, сағат санап көбейіп отыр,—әрбір саналы жұмысшы қазіргі кезде қатерлі қауіпке қарсы күресудің бірден-бір құралы—барлық күшті құрыштай шыңдап, жұмылдыру және асқан ұстамдылық екенін ескеріп, түсініп отыр дер едім. Ал біздің революцияның ауыр жағдайларға душар болған сәттерінде торығып, рухы түсіп, жігері жасыған адамдар біздің: сендіру мен келісімпаздықтың қан төгуге соқтырмайтын, оңай жолы арқылы капитализмнен социализмнің толық жеңуіне жете алмаймыз, біз өз мақсатымызға тек арпалысқан күрестің нәтижесінде ғана жете аламыз деп әрқашан да айтып келгенімізді естерінен шығармасын.

Пролетариат диктатурасы қанаушыларға күш қолдануды жақтайды. Біздің жолымыз—ұстамдылық, пролетарлық топтасқандық, еңбекші халықтың темірдей берік диктатурасы. Күмән жоқ, контрреволюцияға қарсы күресте Совет өкіметі көп реттерде жеткілікті батылдық көрсетпеді, ал мұндай күйде Совет өкіметі темірдей берік болған жоқ, қайта былжыр болды; ал былжырлықпен социализм орната алмайсың. Біз ұсақ буржуазиялық стихияны жеңген жоқпыз. Күйзелген, қансыраған елдің, тарихтың барысы барлық елдердің алдында дүние жүзілік революция майданына ілгері шығарған елдің жағдайы өте ауыр, ал егер біз саналы жұмысшылардың темірдей берік диктатурасын бүлініншілікке, берекесіздікке, торығушылыққа қарсы қоймасақ, онда бізді жаншып тастайды. Біз өзіміздің жауларың-

мызға да, сондай-ақ біздің өз ортамыздан шыққан, еңбекші халықтың жаңа өмірін құру жолындағы біздің творчестволық ауыр жұмысымызға іріткі салуға батылы баратын барлық ауытқушылар мен зиянды элементтер жөнінде де мейірімсіз боламыз.

Біз орындап шыққап күнде социализмді толық қамтамасыз етуге және нығайтуға жеткізетін міндетті шешуге кірістік. Қиыншылықтардың бәрін жеңіп шығу үшін, ашаршылыққа және жұмыссыздыққа қарсы ойдағыдай күресу үшін біз көзге түспейтін, қарапайым жұмысты, бірақ мемлекеттік маңызы бар ауыр жұмысты істей береміз, ал кімде-кім бізге қарсы шықса, ол адам дүние жүзі пролетариатының қатыгез жауы болып табылады.

Совет өкіметі дегеніміз айшықты әшекей емес, өздерінің төл ісі екендігін түсінген жұмысшылардың болып жатқан оқиғалар жөнінде не ойлайтынын Москва Советінің сайлауы көрсетті. Соңғы іс, біздің Советке қайта сайлау ісі арқылы бұл қайта сайлауға үлкен үміт артқандардың бәрі жеңілді, ауытқушы элементтер жеңілді, ал мұның өзі маған мынадай сенім мен үміт береді: біз өзімізді социализмнің толық жеңісіне жеткізетін дұрыс жолдамыз. (Овация. Бәрі қосылып «Интернационалды» айтады.)

«Правда» № 79 және «Известия ВЦИК» № 81, 24 апрель, 1918 ж.

«Правда» газетінің стенограммамен және «Известия ВЦИК» газетінің текстімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨНДІРІС ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖӘНЕ МЕТАЛДАРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ДЕКРЕТІНІҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША[98]

Ауыл шаруашылық машиналарын және басқаларды болудің негізгі принципі, бір жағынан және ең алдымен, ауыл шаруашылық өндірісінің мүдделерін, барлық жердің өңделуін және ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету болуға тиіс, ал екінші жағынан, ауыл шаруашылық машиналарымен және басқалармен ең алдымен село халқының еңбекші және ең кедей бөлектерін жабдықтау болуға тиіс; оның бер жағында жалпы көзделетін мақсат мемлекеттің бүкіл халқының астықты дұрыс және жеткілікті алып отыруын қамтамасыз ету болуға тиіс.

1918 ж. 23 апрельде жазылған
Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІ[99]

29 АПРЕЛЬ, 1918 ж.

Газет есебі (баяндама бөлімі бойынша) 1918 ж. 30 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 86-номерінде басылған

Бірінші рет 1920 ж. мына кітапта толық басылған: «4-сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мәжілістерінің протоколдары. Стенографиялық есеп»

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр; стенограммамен және мына кітапшаның текстімен салыстырылған: Н. Ленин (В. И. Ульянов). «Жаңа тақырыптарға жақын ескі мақалалар», Москва, 1922

1
СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Жолдастар! Менің баяндама жөнінде бүгін мәселені әдеттегіден біраз өзгеше қоюыма тура келеді. Әңгіме мынада: бұл баяндама Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы менің мақалам болып табылады*, бұл мақала жексенбі күні екі газетте басылып шықты, осында қатысып отырғандардың көпшілігі бұл мақаламен таныс болар деп ойлаймын.

Сондықтан да қазір бұл арада менің баяндамада айтылған нәрсені қайталап жатуымның қажеті жоқ, баяндаманы толықтырып, оған түсініктер берумен ғана шектелуге болар деп санар едім. Менінше, мұндай түсініктер берудің неғұрлым қолайлы формасы ендігі жерде айтыс болмақшы, себебі, кезектегі міндеттер туралы осы тезистерде мен көтерген мәселе,—15 мартта Москвада болған Бүкіл россиялық Төтенше съезд қабылдап та қойған қарардың, сол кездегі толғағы жеткен бітім туралы мәселемен шектеліп қалмай, сондай-ақ ағымдағы кезеңнің басты міндетін, ұйымдастыру міндетін, өзара тәртіп міндетін, берекесіздікке қарсы күресу міндетін атап көрсеткен қарардың дамытылуынан басқа ештеңе де емес**.

Міне осы негізде, менің ойымша, соңғы кезде біздің саяси ағымдарымыз немесе саяси ағымдарымыздың басты арналары мейлінше айқын бейнеленіп отыр; сондықтан да кезектегі міндеттер туралы мақалада мен

* Қараңыз: осы том, 179—225-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 132—134-беттер. *Ред.*

өзім тиімді формада суреттеуге тырысқан нәрсені айтыс формасында неғұрлым айқын дәлелдеуге болады деп ойлаймын.

Жолдастар! Егер сіздер қазіргі Россияның саяси ағымдарына көз жіберетін болсаңыздар, онда сіздердің алдыңызда ең алдымен,—бұл арада да, әрқашандағы сияқты, баға беруде қателеспеу үшін,—барлық саяси ағымдарды түгел алып қарауға тырысу міндеті туады, өйткені осылай еткенде ғана, тек осы жағдайда ғана жеке мысалдар келтіргенде өзімізді қатеден сақтай аламыз. Қандай қағиданы болса да растау үшін керегінше мысал табуға болатынын түсінікті. Бірақ әңгіме мұнда емес. Тек әлгіндегідей жағдайда ғана біз ел ішіндегі саяси ағымдарды тұтасынан алып, бұл ағымдардың тағдырлары мен таптық мүдделер тағдырларының арасындағы байланысты анықтау ісіне жетуге әрекет жасай аламыз; егер біз бұл ағымдарды тұтасынан, бәрінің басын қосып алып қарайтын болсақ, сонда олар әрдайым үлкен, елеулі және ірі саяси ағымдардан көрініп отырады.

Міне, сонымен, Россиядағы ірі саяси ағымдарға көз жүгірткенде, бұл ағымдардың айдан анық және даусыз ірі үш топқа бөлінетініне таласуға болмайды деп ойлаймын. Бірінші топтан біз бір адамдай тұтас, берік топтасып алған бүкіл буржуазияны, Совет өкіметіне қарсы барынша үзілді-кесілді, былайша айтқанда, арсыз «оппозицияны» көреміз. Әрине, «оппозиция» деген сөзді осы мысалға орай алғанда тырнақшамен ғана қолдануға болады, өйткені іс жүзінде біз бұл арада революция бойына Керенскиймен келісімде болған ұсақ буржуазиялық партиялардың бәрін қазір буржуазияның жағына шығарған арпалысқан күресті көреміз, бұл ұсақ буржуазиялық партиялар—меньшевиктер, новожизньшілдер және оңшыл эсерлер, бұлар бізге өршелене шабуыл жасауда тіпті буржуазиядан да асып түсті, өйткені шабуылдың қаттылығы мен шабаланудың күштілігі өршелене шабуыл жасаушы саяси элементтің күшіне өте көп жағдайда кері пропорциялы болып отыратыны мәлім. (Қол шапалақтау.)

Бүкіл буржуазия және оның барлық сойылын соғушылары, оның Чернов кейіптес, Церетели кейіптес барлық малайлары, бұлардың бәрі Совет өкіметіне қарсы арпалыса шабуыл жасауда бір жерден шығып отырды. Бұлардың бәрі өздерінің достары, өздерінің саяси пікірлестері Украинада жүзеге асырған жағымды перспективаны көксейді, неміс найзасы мен отандық буржуазияның көмегі арқылы большевиктердің ықпалын өздерінің басып тастауына мүмкіндік беретіндей бітім жасауды көксейді. Мұның өзі әбден жақсы мәлім. Дәл осындай достардың тамаша мысалын біз Кавказда Чхенкелиден көріп отырмыз. Мұның өзі бәрімізге де, әрқайсымызға да газеттерден белгілі.

Өкіметті қолына алып, қанаушыларға қарсы еңбекшілердің диктатурасын, ең кедейлердің диктатурасын жүргізе бастаған пролетариаттың, әрине, мұнан басқа еш нәрсе кездестіре алмағаны түсінікті.

Бір жағынан, біз бірыңғай сап, бір майдан, толық бірлік бар екенін көреміз. Егер кейде біртұтас демократиялық майдан туралы армандар алдымызға тартылса, онда мен, ең болмағанда, буржуазиялық газеттерді қолға алып қарауға тура келетін сирек сәттерде, «Наш Век», «Дело Народа» және т. б. сияқты газеттерді, осы газеттердің бәрін тым болмаса көз жүгіртіп оқу рақатын бастан кешіретін сондай бір некен-саяқ реттерде мен әрдайым: «демократиялық майданның бірлігі» үшін сіздерге тағы не керек еді?—деп ойлаймын.

«Демократиялық майданның» бүкіл осы бірлігі оларда мейлінше толық, сондықтан біз бұл бірлікке тек қуана аламыз, өйткені, осы буржуазиялық публицистиканың қиқым-сиқымдары бұқараға да жететіндіктен, мұның өзі демократиялық майданның бірлігі емес, қайта большевиктерге шабуыл жасаудағы бірлік. Ал Милюковтан Мартовқа дейінгі майданның осы бірлігі большевиктерге пайдалы болып шыққан тамаша насихаты үшін оған 1 майға қарай біздің мақтау қағазын тарту етуімізге болатындай еңбек сіңірді.

Жолдастар! Егер сіздер бұған қарама-қарсы екінші лагерьді алып қарасаңыздар, бұл лагерьден қазір сіздер тек біздің партияны, коммунист-большевиктер партия-

сын ғана көресіздер. Оқиғалар мынадай болып шығып отыр: октябрьден кейінгі дәуірдің бірсыпыра көп уақыты бойындағы біздің одақтастар—солшыл эсерлер—қазіргі кезде өкіметке формальды түрде қатысудан кетті. Олардың соңғы съезі бұл партияда барынша толқу болғандығын мейлінше айқып көрсетті[100], ал мұның өзі бұрын-соңды аңғарылғанынан қазір мейлінше айқын аңғарылып отыр, баспасөзде бұл партия өзінің әбден абыржығандығы мен толық солқылдақтығын көрсетіп отырса да, солай болып отыр.

Егер сіздер бұл партияның 1917 жылғы февральдан бастап—әрине, эсерлердің сол қанат және оң қанат болып жіктелмей тұрғанына дейінгі,—егер сіздер айдан айға бұл партияның кімнің жағына шыққанын көрсететін қисық сызықты жүргізіп көрмек болсаңыздар, пролетариаттың жағына шықты ма әлде буржуазияның жағына шықты ма дегенді көрсететін қисық сызықты жүргізіп көрмекші болсаңыздар, егер сіздер бір жылға осы қисық сызықты жүргізіп көрсеңіздер, онда бағзы бір қайғылы қағаз түріндегі қисық сызық келіп шығар еді, мұны көрген кез келген адам өзіне: мұндағы дерт тым ғажап екен, өте-мөте ғажап екен!—дер еді.

Шынында да, осы партияның үнемі және үздіксіз ауытқуындай ауытқуды революцияның тарихында қандай да болсын өзге бір партия көрсете қойды ма екен.

Міне, сонымен, егер біз осы негізгі үш ағымды алып, бұларға қарап көретін болсақ, сонда мұндай топтарға бөлінудің кездейсоқ еместігі біз үшін айқын болады, мұның өзі біздің, большевиктердің, 1915 жылы шетелдің өзінен-ақ көрсетуімізге тура келген нәрсені толығынан растап отыр, ол кезде Россияда революцияның өрістеп келе жатқандығы туралы, оның болмай қалмайтындығы туралы алғашқы хабарлар келе бастаған еді,—және ол кезде: оқиға соғыс кезінің өзінде-ақ партияны өкімет басыпа қоятын болса, партия қандай жағдайда болады деген сұраққа жауап беруімізге тура келген еді. Ол кезде бізге: егер ұсақ буржуазияның басшы элементтері шешуші минуттарда, шешуші пункттерде пролетариаттың жағына ауатын болса, революцияның үзілді-кесілді жеңіп шығуы мүмкін, тап-

тық тұрғыдан қарағанда мұның өзі ықтимал деуге тура келген еді*; дәл солай болып шықты да, орыс революциясының тарихы сондай болды, қазір де солай болып отыр. Әрине, ұсақ буржуазиялық элементтердің осы ауытқуларынан біз, торығуды былай қойғанның өзінде, пессимизм үшін ешқандай негіз таба алмаймыз,— мына жайт түсінікті: басқа елдерден бұрын империалистік соғысқа қарсы бағыт алған елдегі революция, оқиғалар едәуір дәрежеде, сол елдің артта қалуы нәтижесінде, әрине, қысқа уақытқа және, әрине, жеке мәселелерде былайғы елдердің, неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің алдына қойған артта қалған елдегі революция,— әрине, осы революция сөзсіз ең қиын, ең ауыр және таяу болашақта ең көңілсіз кезеңдерді басынан кешіретін болады,— мұндай кезеңдерде бұл революция өз майданы мен өз көмекшілерін сақтап қалады, оған ауытқушылардың қажеті болмай қалады деу — мұның өзі мүлде орынсыз нәрсе болар еді; мұның өзі төңкерістің таптық сипатымен, партиялар мен саяси топтардың жаратылысымен мүлде санаспағандық болар еді.

Міне, сонымен, егер біз қазір Россиядағы саяси ағымдардың жиынтығына кезеңнің міндеттері тұрғысынан, нағыз кезектегі және ең бірінші міндеттердің, ұйымдастыру, тәртіп міндеттерінің, есеп және бақылау міндеттерінің біздің алдымызға қалай қойылып отырғаны тұрғысынан қарайтын болсақ, бұдан біз Милюковтан Мартовқа дейінгі «біртұтас демократиялық майданды» біріктіріп отырған лагерьде бұл міндетке шын мәнінде баға беруге зәредей де әрекет жасалмай отырғанын көреміз. Мұндай әрекет жасалып отырған жоқ, жасалуы да мүмкін емес, өйткені ол лагерьде Совет өкіметін құлатуға әйтеуір бір мүмкіндік таппақшы болатын, немесе емеурін білдіретін, немесе соны армандайтын ызалы тілек — ызалы бола түскен сайын, біз үшін ардақты бола түсетін тілек — қана бар, одан басқа ештеңе де жоқ. Өкінішке қарай, солшыл эсерлер партиясының әрдайым өте көп инициатива білдіріп, жігер көрсеткен

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 55-бет. *Ред.*

толып жатқан мүшелерінің революцияға орасан берілгендігіне қарамастан, нақ осы партияның өкілдері пролетарлық тәртіп, есеп, ұйымшылдық және бақылау мағынасындағы ағымдағы кезеңнің кезектегі міндеттері туралы мәселеде,— өкімет жеңіп алынған кезде, Керенскийлер мен Красновтардан Корниловтарға, Гегечкорилер мен Алексеевтерге дейінгі соғыс атакаларына тойтарыс берілген кезде социалистер үшін табиғи болып отырған міндеттерге келгенде,— бәрінен де көп солқылдақтық көрсетті.

Қазір, өзіміз революция дамуының өзегіне тұңғыш рет еніп отырғанда, пролетарлық тәртіп пен ұйымшылдық жеңіп шыға ма немесе ұсақ буржуазиялық меншікшілердің Россияда ерекше күшті болып отырған стихиясы жеңіп шыға ма — әңгіме міне, осында болып отыр.

Біздің ұсақ буржуазиялық лагерьдегі дұшпандарымыздың бізге қарсы жүргізетін күресінің басты майданы — ішкі саясат пен экономикалық құрылыс саласы; олардың құралы — пролетариаттың декреттеген және ұйымдасқан социалистік шаруашылық орнату ісінде жүзеге асыруға тырысатын нәрсесінің бәрін бүлдіру. Бұл арада ұсақ буржуазиялық стихия — ұсақ меншікшілер мен жүгенсіз кеткен эгоизм стихиясы — пролетариаттың барып тұрған жауы болып шығып отыр.

Революцияның барлық оқиғалары бойындағы ұсақ буржуазияның осы қиыс кетуінен де оның іргесін бізден мейлінше қатты ажыратқанын көріп отырмыз; мұнда, бұл лагерьде, сөздің неғұрлым дәл мағынасында айтқанда, кезеңнің кезектегі және ағымдағы міндеттеріне басты оппозиция бар болып отырғаны табиғи нәрсе; бұл арада принцип жүзінде бізбен келісуден қашпайтын, сынға алып отырған мәселелерден гөрі неғұрлым елеулі мәселелерде бізді қолдайтын адамдардың оппозициясы,— қолдаумен ұштасқан оппозиция бар.

Егер біз солшыл эсерлер баспасөзінің беттерінен 25 апрельдегі «Знамя Трудадан»[101] мен кездестірген мәлімдеме сияқты мәлімдемелерді кездестіріп отырсақ, біз бұған таңданбаймыз. Ал онда, міне, былай деп жазылған: «Оңшыл большевиктер — ратификаторлар» (сұм-

дық жексұрын ат). Сотқарлар жөнінде мұның керісінше ат қойса қалай болар еді? Ол соншама сұмдық болмайтындай әсер ете ме? Ал енді большевизмнің ішінде осындай ағымдарды кездестіруге тура келіп отырса, онда бірдеменің болғаны ғой. Менің дәл 25 апрельде бізге саяси мінездеме берген бір газеттегі тезистерді қарап шығуыма тура келді. Мен бұл тезисті оқып шыққаннан кейін: мұнда «солшыл коммунистердің» «Коммунист» газетінен немесе олардың журналынан[102] біреуміреу жоқ па екен,— мұнда бір-біріне ұқсас нәрсе көп-ақ екен деп ойладым; бірақ менің ренжуіме тура келді, өйткені мұның өзі «Вперед» газетінде басылған Исувтің тезисі болып шықты[103]. (К ү л к і, қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Міне, жолдастар, «Знамя Труданың» большевизмнің ерекше ағымымен ынтымақтастығы тәрізді, немесе Керенскиймен блок жасасу саясатын жүргізген партияның дәл өзінің, Церетели буржуазиямен келісім жасатқан партияның дәл өзінің тұжырымдалған қайдағы бір меньшевиктік тезистерімен ынтымақтастығы тәрізді саяси құбылыстарды байқауымызға тура келіп отырған кезде, өзіміз «солшыл коммунистер» тобы мен жаңа журналдың тарапынан естіп отырған кінәлаулармен дәлме-дәл бір жерден шығатын кінәларды кездестіруге тура келіп отыр,— мұнда бір гәп бар. Мұнда бұл кінәлаулардың шын маңызының сырын ашып беретін бір нәрсе бар, ал бұл кінәлауларға қазірдің өзінде назар аудару керек болып отыр, өйткені бұл арада Совет өкіметінің басты міндеттерін біздің ол адамдармен дауласа отырып бағалауға мүмкіндігіміз болады, олармен дауласу қызықты, өйткені бұл арада біз марксистік теорияны да қолданамыз, революция оқиғаларының маңызын және жұрттың қалай да шындыққа жетпекші болған тілегін ескереміз. Мұнда шын мәнінде дауласуға басты негіз болатын нәрсе — социализмге берілгендік және буржуазияға қарсы пролетариат жағына шығуға сөзсіз бел байлағандық, бұлай еткенде буржуазияға қарсы күресуші пролетариат, белгілі бір адамдардың, топтардың немесе ағымдардың пікірінше, қандай қателер жасаса да оқасы жоқ.

Егер мен олармен дауласу қызық десем, онда мен қызық дауласу деп, әрине, айтысты айтып отырғаным жоқ, қайта бұл мәселенің қазіргі заманның ең елеулі, түбегейлі мәселесі болып табылатын дауға қатысы бар екенін айтып отырмын. Дәл осы бағытта дау болып жатқаны кездейсоқ емес. Осы бағытта қазір объективті түрде түбегейлі міндет—пролетариаттың революциялық күресінің міндеті тұр, бұл міндетті Россияның қазіргі жағдайлары туғызды және ол мейлінше әр алуан ұсақ буржуазиялық ағымдар қаншама көп бола тұрса да, қаншама қажет бола тұрса да пролетариаттың өзіне өзі: бұл пунктте мен ешбір шегіне алмаймын деуі барынша жүзеге асырылуға тиіс; өйткені буржуазиядан өкіметті тартып алудан басталып, буржуазияның қандай қарсылығын болса да қиратумен жалғасқан социалистік революция ең алдымен пролетарлық тәртіп пен еңбекшілерді ұйымдастыру мәселелерін және жұмысқа қатаң іскерлікпен, ірі өнеркәсіп мүдделеріне жетіктікпен кірісе білуді батыл алға қояды. Бұл мәселелерді пролетариат практика жүзінде шешуге тиіс, өйткені олай етпесе ол жеңіліске ұшырайды.— Социалистік революцияның басты, нағыз қиыншылығы осы арада.— Нақ сондықтан «солшыл коммунистердің» қағидасы мен теориясын алып, оны қарастырып шыққанда біз онан, тағы да қайталаймын,— және мұны қазір дәлелдеймін,— сол баяғы ұсақ буржуазиялық ауытқудан басқа тіпті де ештеңе көрмейтіндігімізге қарамастан, «солшыл коммунистер» тобының өкілдерімен дауласу, сөздің тарихи және саяси мәні жағынан алғанда, сондай қызықты, сондай маңызды. «Солшыл коммунистер» тобынан шыққан жолдастар, олар өздерін қалай деп атағанымен де, ең алдымен, өз тезистерін соққылайды. Мен осында жиналғандардың орасан көпшілігіне олардың көзқарастары мәлім деп ойлаймын, өйткені большевиктер арасында біз ол көзқарастарды шын мәнінде марттың бас кезінен бастап талқылаған болатынбыз, ал үлкен саяси әдебиетке назар аудармаған адамдардың ол көзқарастарды білмеуі, Советтердің соңғы Бүкіл россиялық съезінде өрістеген дауларға байланысты ол көзқарастарды талқыламауы мүмкін емес.

Міне, сонымен, солшыл коммунистердің тезистерінен біз, ең алдымен, қазір бүкіл эсерлер партиясынан нені көрсек, дәл соның өзін көріп отырмыз, қазір біз оңшыл лагерьден де, Милюковтан Мартовқа дейінгі буржуазияның лагерінен де нені көрсек, дәл соның өзін көріп отырмыз; бұларға Россия үшін жағдайдың осы қазіргі кездегі қиындығы, оның ұлы державалылығынан айрылуы тұрғысынан қарағанда, оның ежелгі ескі ұлттан, езуші мемлекеттен езілген елге айналуы тұрғысынан қарағанда, социализмге баратын жолдың ауырлығы, басталып отырған социалистік революцияның ауырлығы өзінің мемлекеттігі мағынасында алғанда, өзінің ұлттық тәуелсіздігі мағынасында алғанда елдің тіпті мұнан да ең ауыр жағдайды басынан кешіруіне тұра ма деген мәселені қазір енді қағаз жүзінде емес, іс жүзінде шешуге тура келіп отырғандығы тұрғысынан қарағанда әсіресе ауыр тиеді.

Бұл арада мемлекеттік дербестік пен тәуелсіздік бүкіл буржуазия үшін көкейкесті арман, жететін шек, қасиеттінің де қасиеттісі, одан әрі аттап өтуге болмайтын шек деп санайтын, ал бұған қол сұғуды социализмді теріске шығару деп білетін адамдар мен дүние жүзін бөлісу үшін империалистер жүргізіп жатқан сұрапыл қырғындар дәуірінде бұрын езуші ұлт саналып келген көптеген ұлттар өте ауыр жеңілістерге ұшырамайынша социалистік революция болуы мүмкін емес деп есептейтін адамдардың арасы мейлінше алшақтай түсіп отыр. Ал адамзат үшін мұның өзі қаншама ауыр болғанымен де, социалистер, саналы социалистер мұндай сындардан өтудің бәріне де барады.

Осы негізде, бәрінен де гөрі жарамсыз осы негізде, солшыл эсерлер бәрінен де көбірек қобалжыды, ал нақ осы негізде «солшыл коммунистердің» бәрінен де көп ауытқығандарын көреміз.

Қазір олар өздерінің тезистерінде, бізге белгілі болып отырғанындай, 4 апрельде олар бізбен бірге талқылап[104], 20 апрельде өздері жариялаған тезистерінде, күні бүгінге дейін олар бітім туралы мәселеге қайта орала береді.

Олар бітім туралы мәселеге баға беруге тым көп көңіл бөледі, сөйтіп бітім дегеніміз шаршаған, табынан

азған бұқара психологиясының көрінісі деп дәлелдеуге тырысады.

Олардың 12 адам қарсы болды, 28 адам бітім жасасуды жақтады деп өз цифрларын келтіргендегі дәлелдері қандай дәрежеде күлкілі болып шықты десеңізші[105]. Бірақ, егер цифр жинайтын болса, егер бұдан бір жарым ай бұрынғы дауыс беруді еске алатын болса, онда бертініректегі цифрларды алу керек емес пе еді. Егер сол дауыс беруге саяси маңыз берілетін болса, онда сергек оңтүстік бітімге қарсы болды, ал енді мына шаршаған, табынан азған, өнеркәсібі әлсіреген солтүстік бітімді жақтапты-мыс деп айтпастан бұрын Советтердің Бүкіл украиналық съезіндегі[106] дауыс беруді еске түсіру керек емес пе еді. Советтердің Бүкіл россиялық съезінде фракция көпшілігінің дауыс беруін еске алу керек емес пе еді; бұл фракциядағылардың оннан бірі де бітімге қарсы шыққан жоқ-ты. Егер цифрлар еске алынып, оларға саяси маңыз берілетін болса, онда саяси дауыс беруді тұтасынан алып қарау керек еді, сонда белгілі бір ұрандарды жаттап алған, бұл ұрандардан өздеріне фетиш жасаған партиялардың ұсақ буржуазия жағында болып шыққанын, ал еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасының, жұмысшы, солдат және шаруалар бұқарасының бітімге қарсы болмағанын бірден көресіздер.

Сондықтан қазір, бітім жөніндегі осы позицияны сынаумен қатар бізге бұл позицияны табынан азып, шаршаған бұқара жүргізді деп отырғанда, бітім жасасуға, атап айтқанда, табынан азған интеллигенцияның қарсы болғанын өзіміз анық көріп отырғанда, жұрт бізге оқиғалар жөнінде, өзім газеттерден оқып жүргендей баға беріп отырғанда,— бұл факт бізге бітім жасасу туралы мәселеде біздің партия көпшілігінің әбден дұрыс пікірде болғанын көрсетеді, жұрт бізге: мұның өзі еткен еңбекке татымайтын нәрсе, қазірдің өзінде-ақ барлық империалистер бізге қарсы бірігіп алды, олар бізді бәрібір тұншықтырады, масқара етеді, т. т. деп отырғанда,—біз қайтсек те бітім жасастық. Мұның өзі оларға масқаралық болып қана көрінген жоқ, сонымен қатар түкке тұрғысыз болып көрінді. Бізге: сендер тыныс ала ал-

майсыңдар деді. Ал біз бұған былай деп жауап бердік: халықаралық қатынастардың қалай қалыптасарын біліп болмайды, бірақ империалистік жаулардың өзара жағаласып жатқанын білеміз, оқиғалар мұны растап берді, мұны жалпы және тұтас алғанда коммунизм көзқарасында тұрған, идеялық және принциптік дұшпандарымыз — солшыл коммунистер тобы да мойындады.

Осы бір сөйлемнің өзі біздің тактикамыздың дұрыстығын толық мойындағандық және бітім туралы мәселеде болған ауытқуларды толық айыптағандық болып табылады; бұл ауытқулар бізді жақтаушылардың белгілі қанатын бізден бәрінен де көп алыстатты, солшыл эсерлер партиясында топталған барлық қанатты да, біздің партияның ішінде болған, қазір бар және қалайда онымен бірге қалады деуге болатын, өздерінің ауытқуларында осы ауытқулардың негізін әсіресе айқып көрсетіп отырған қанатты да алыстатты. Иә, біз жасасқан бітім мүлде берік бітім емес, біздің қолымыз жеткен тыныс алу батыстан да, шығыстан да күн сайын бұзылуы мүмкін,— бұған күмән жоқ; біздің халықаралық жағдайымыз қиын екені соншалық, біз өзіміздің күткенімізден және тілегенімізден әлдеқайда баяу пісіп жетіліп келе жатқан, бірақ күмәнсыз пісіп жетіліп келе жатқан батыс революциясы пісіп жетілгенше мүмкіндігінше көбірек тұра тұруға бар күшті салуға тиістіміз; бұл революция, күмән жоқ, жаңғыш материалды өз бойына барған сайын көбірек сіңіріп, қамтып келеді.

Егер біз, дүние жүзілік пролетариаттың жеке отряды ретінде, бірінші болып ілгері басқан болсақ, мұның өзі бұл отрядтың күштірек ұйымдасқандығынан емес. Жоқ, ол басқа отрядтарга қарағанда нашар, әлсізірек, азырақ ұйымдасқан, бірақ көп адамдардың пайымдап жүргеніндей: егер де ең ұйымдасқан пролетариат істі бастап берген болса, ал оның соңынан азырақ ұйымдасқан, ал онан кейін үшінші дәрежеде ұйымдасқан пролетариат ерген болса, онда біздің бәріміз де ықыласымызбен социалистік революцияның жақтастары болар едік,— деу асқан әбестік және педанттық болар еді. Бірақ кітаптағыдай болып шықпағаннан кейін, алдыңғы қатарлы отрядты басқа отрядтар қолдамағаннан кейін біздің рево-

люция мерт болады дейді. Ал біз былай дейміз: жоқ, біздің міндетіміз — жалпы ұйымның түрін өзгерту; өзіміз жалғыз болғандықтан, біздің міндетіміз мынадай: басқа елдерде революция пісіп жеткенше, басқа отрядтар келіп жеткенше революцияны сақтауымыз, социализм қамалының көлемі қаншама нашар, шағын болғанымен де, революция үшін социализмнің кейбір қамалын сақтап қалуымыз керек. Бірақ тарихтың түрлі елдердің социалистік отрядтарын барынша біркелкі, жоспарлы түрде қозғауын күту — революция жөнінде түсінігі болмау немесе, өзінің ақымақтығынан, социалистік революцияны қолдаудан бас тарту деген сөз.

Россияда позициямыздың берік екенін, бірақ халықаралық империализмге қарсы тұрарлықтай күшіміздің жоқ екенін өзімізге анықтап, дәлелдеген кезде,— біздің міндетіміз біреу, біздің тактикамыз амалдау, аңысын аңдау және шегіну тактикасы болып белгіленеді. Мен мынаны әбден жақсы білемін: бұл сөздер жұрттың көкейіне қона қалатын сөздер емес, егер ол сөздерді тиісті түрде кері айналдырып, «коалиция» деген сөзбен байланыстырса, онда бұл арада әсірелеген салыстыруларға, әрқилы бетке басушылыққа және қандай да болсын тіс қайраушылыққа барынша кең жол ашылады, бірақ біздің дұшпандарымыз — буржуа — оң жақтан және біздің кешегі күнгі сол жақтағы достарымыз, солшыл эсерлер және біздің,— бұған мен сенімдімін, кешегі, бүгінгі және ертеңгі достарымыз,—«солшыл коммунистер»,— бұған өздерінің өткір тілін қаншама қайрап салғанымен, өздерінің ұсақ буржуазиялық ауытқуларының қандай дәлелдерін болса да келтіргенімен, олар бұл фактілерді теріске шығара алмайды. Оқиға біздің айтқанымызды растады, біздің тыныс алуымыздың себебі мынадан ғана: Батыста империалистік қырғын жүріп жатыр, ал Қиыр Шығыста империалистік бәсеке барған сайын өршіп келеді,— Совет республикасының өмір сүре алып отырғаны осыдан ғана, қазіргі саяси кезеңде біз әзірге әлсіз болса да осы ілдалдаға ғана сүйене алып отырмыз. Әрине, бізді қорғайтын қағаз емес, бітім шарты емес, біздің Жапониямен соғысқымыз келмейтіндігі де емес; рас, Жапония ешқандай шарттарға да, фор-

мальдылыққа да қарамастан тонап жатыр — бізді қорғайтын, әрине, қағаз жүзіндегі шарт немесе «бейбіт жағдай» емес,— бізді қорғайтын нәрсе—Батыста империализмнің екі «алыбы» арасындағы шайқастың одан әрі созылуы және біздің өзіміздің ұстамдылығымыз. Біз орыс революциясы соншалық айқын дәлелдеп берген негізгі маркстік сабақты ұмытқан жоқпыз: ондаған миллион адамдардың күшін ескеру керек; саясатта аз нәрсе есепке алынбайды, саясат аз нәрсені ешбір маңызы жоқ шама ретінде лақтырып тастайды; егер халықаралық революцияға осы жағынан қарайтын болсақ,— істің жайы айдан анық: артта қалған ел істі оп-оңай бастай алады, өйткені оның дұшпаны іріп-шіріген, өйткені оның буржуазиясы ұйымдаспаған, бірақ басталған істі жалғастыру үшін оның жүз мың мәрте абайлауы, сақ және ұстамды болуы керек. Батыс Европада бұл басқаша болады, онда істі бастау әлдеқайда қиын, бірақ ілгері басу әлдеқайда оңай. Мұның басқаша болуы мүмкін емес, өйткені онда пролетариаттың ұйымшылдығы мен топтасқандығы анағұрлым зор. Ал әзірше біз жалғыз болып отырғанда, біз, күшімізді ескере отырып, өзімізге былай деуге тиіспіз: бізді барлық қиыншылықтардан құтқаратын европалық революция әлі тұтанбай тұрғанда бізде бір ғана мүмкіндік бар, біздегі ол жалғыз мүмкіндік — халықаралық империалист-алыптар күресінің одан әрі созыла беруі; бұл мүмкіндікті біз дұрыс есепке алдық, бұл мүмкіндікті біз бірнеше апта бойы қолымызда ұстадық, бірақ ол мүмкіндіктің ертең жоқ болуы мүмкін. Бұдан шығатын қорытынды: сыртқы саясатымызда өзіміздің мартта бастағанымызды жүргізе беру, ол мынадай сөздермен тұжырымдалады: амалдау, шегіну, аңысын аңдау. Осы солшыл «Коммунисте» «белсенді сыртқы саясат» деген сөздер кездескенде, социалистік отанды қорғау деген сөздер кекесінді болуға тиістідей-ақ тырнақша ішіне алынып отырғанда, мен өзіме-өзім: бұл адамдар батыс пролетариатының жағдайынан мүлде ештеңе түсінбеген екен деймін. Егер олар өздерін «солшыл коммунистер» деп атап отырса, олар революцияны өзінше бір ерекше тәртіптің қамтамасыз етілуі деп білетін ауытқушы ұсақ буржуазияның

көзқарасына түседі. Халықаралық арасалмақ мынаны айдан анық көрсетіп отыр: орыстардың күшіне сүйеніп, халықаралық империализмді құлату міндетін қоймақшы болатын орыс ақылынан адасқан адам болар еді. Ал әзірше онда, Батыста, революция пісіп жетіліп келе жатқанда, ол қазір кешегіге қарағанда тезірек пісіп жетіліп келе жатса да, біздің міндетіміз тек мынадай болуға тиіс: өзіміздің әлсіздігімізге қарамастан алдыңғы қатарлы отряд болған біздер жеңіп алған позицияларда тұру үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиістіміз, барлық мүмкіндікті пайдалануға тиіспіз. Бұдан басқа пікірлердің бәрі де осыған бағындырылуға тиіс — халықаралық империализм бізге қарсы бірігетін мезгілді бірнеше аптаға кешеуілдету үшін мүмкіндікті толық пайдалануымыз керек; егер біз осылай етсек, біз европалық елдердегі кез келген саналы жұмысшы мақұлдайтын жолмен жүретін боламыз, өйткені ол біздің 1905 жылдан бастап қана үйренгенімізді Франция мен Англияның жүздеген жылдар бойына үйренгенін біледі,— ол бірігіп алған буржуазияның еркін қоғамында революцияның қандай баяу өрістейтінін біледі, ол мұндай күштерге қарсы үгіт бюросын жұмылдыру керектігін біледі; бұл бюро көтеріліс жасаған неміс, француз, ағылшын пролетариатымен біз қатар тұрғанда сөздің нағыз дәл мағынасындағы насихатты жүргізетін болады. Соған дейін, мұның өзі қаншалықты күйінішті болғанымен, мұның өзі революциялық дәстүрлерге қаншама оғаш болғанымен, тактика біреу, тек қана біреу: аңысын аңдау, амалдау және шегіну.

Ал бізде халықаралық сыртқы саясат жоқ дегенде, мен былай деймін: мұнан басқа саясаттың қандайы болса да саналы немесе санасыз түрде болсын арандатушылық ролін атқаруға қарай ойысу, Россияны Чхенкели типтес немесе Семенов типтес империалистермен одақ жасасудың құралы ету болып шығады.

Сондықтан біз былай дейміз: шексіз зор ұлттық және мемлекеттік қорлық пен ауыртпалық көргеннің, соны бастан кешіргеннің, соған шыдағанның өзі жақсы, бірақ оқиғалардың себебімен социалистік армияның қатарынан бөлініп шыққан, сөйтіп өзге елдердегі социа-

листік революция жәрдемге келіп жеткенше күте тұруға мәжбүр болған социалистік отряд ретінде өз орнымызда қалуымыз керек. Ал социалистік революция бізге жәрдемге келе жатыр. Баяу болса да, келе жатыр. Және де қазір Батыста болып жатқан соғыс бұқараны бұрынғыдан бетер революцияшылдандырып, көтеріліс сағатын жақындатып келеді.

Осы уақытқа дейін жүргізілген насихат империалистік соғыс дегеніміз басып алу үшін жүргізіліп жатқан ең қылмысты, ең реакциялық соғыс деп келді. Бірақ қазір жүз мыңдаған, миллиондаған француз және неміс солдаттары қырғын соғыс жүргізіп жатқан батыс майданда, бұл революция өзіміз күткендегіден баяу келе жатса да, революцияның бұрынғысына қарағанда тез пісіп жетілмей қоймайтыны расталып отыр.

Мен сыртқы саясат мәселесіне тоқталғым келгенінен көбірек тоқталдым, бірақ менің ше, біз бұл арада, шынын айтқанда, сыртқы саясат мәселесінде негізгі екі бағыт бар екенін айқын көріп отырмыз, бір бағыт — социалистік революция бәрінен қымбат және бәрінен жоғары, ал бұл революция Батыста тез туа ма, жоқ па, осыны ескеру керек дейтін пролетарлық бағыт, екінші бағыт — өзі үшін мемлекеттік ұлы державалылық пен ұлттық тәуелсіздік бәрінен қымбат және бәрінен жоғары дейтін буржуазиялық бағыт.

Ішкі мәселелер жөнінде біз буржуазия лагерінен өзімізге қарсы бағытталатын негізгі дәлелдерді қайталауды «солшыл коммунистер» тобының тарапынан да нақ сонын өзін көріп отырмыз. Мысалы, «солшыл коммунистер» тобының бізге қарсы келтірген негізгі дәлелі — революцияға оның мемлекеттік капитализм жолына түсіп кету қаупін туғызатын оңшыл большевиктік уклон байқалып отыр деу.

Мемлекеттік капитализм жағына қарай эволюция басталды — қырсық осы, жау осы, бізді осыған қарсы күресуге шақырады.

Ал енді мен «солшыл коммунистердің» газетінен әлгіндей жауларға осы сілтеулерді оқығанымда, мен былай деп сұраймын: бұл адамдарға не болған, бұлар кітаптың ішіндегі үзінділерге бола өмір шындығын қалай

ғана ұмыта алады екен? Мемлекеттік капитализм біз үшін бір адым алға басқандық болар еді, өмір шындығы осыны айтып отыр. Егер біз Россияда азғана уақыттан кейін мемлекеттік капитализмді жүзеге асыра алсақ, мұның өзі жеңіс болар еді. Олар ұсақ меншікшінің, ұсақ капиталдың біздің жауымыз екенін қалай ғана көрмеуі мүмкін. Олар мемлекеттік капитализмді қалай ғана басты жау деп білуі мүмкін? Капитализмнен социализмге өткенде, біздің басты жауымыз ұсақ буржуазия екенін, оның дағдылары, оның әдеттері, оның экономикалық жағдайы екенін олар ұмытпауға тиіс. Ұсақ меншікші бәрінен бұрын мемлекеттік капитализмнен қорқады, өйткені оның бір ғана тілегі бар — көбірек қармап қалу, өзіне көбірек алып қалу, ірі помещиктерді, ірі қанаушыларды күйзелту, жаныштау. Міне, дәл осыған келгенде ұсақ меншікші бізді құлшына қолдайды.

Бұған келгенде ұсақ меншікші жұмысшыға қарағанда көбірек революцияшыл, өйткені ол мейлінше ызалы, ашулы, сондықтан да буржуазияны жаныштауға ол ықыласымен барады, бірақ ол бұған социалисше бармайды, буржуазияның қарсыласуын жаныштап, берік еңбек тәртібі принциптерінде, қатаң ұйым шеңберінде, бақылау мен есепті дұрыс жолға қою шартымен социалистік шаруашылық құрылысын бастау үшін бармайды, қайта өзіне көбірек қармап, жалпы мемлекеттік мүдделермен, бүкіл еңбекшілер табының мүдделерімен ешбір ісі болмай, жеңістің жемістерін өзіне, өзінің мақсаттарына пайдалану үшін барады.

Совет өкіметі тұсындағы мемлекеттік капитализм дегеніміз не? Қазіргі уақытта мемлекеттік капитализмді жүзеге асыру — капиталистік таптар жүзеге асырып келген есеп пен бақылау ісін жүзеге асыру деген сөз. Біз Германиядан мемлекеттік капитализмнің үлгісін көріп отырмыз. Германияның бізден жоғары болып шыққанын біз білеміз. Ал егер сіздер Россияда, Советтік Россияда, осындай мемлекеттік капитализмнің негіздерін қамтамасыз етудің не болып шығатынын тіпті аздыкөпті ойластырсаңыздар, онда ақылынан адаспаған

және кітапта айтылатын ақиқаттардың үзінділерімен басын қатырмаған адамның қай-қайсысы болсын бізді құтқаратын нәрсе мемлекеттік капитализм деп айтуға тиіс болар еді.

Мен бізді құтқаратын нәрсе мемлекеттік капитализм болар еді дедім; егер Россияда біздің оған қолымыз жететін болса, онда толық социализмге көшу оп-оңай болар еді, біздің қолымыздағы іс болар еді, өйткені мемлекеттік капитализм бір орталыққа бағындырылған, есептелінген, бақыланған және қоғамдастырылған нәрсе, ал бізге жетіспей тұрғаны да осының өзі, бәрінен де көбірек Россияның тарихы мен оның экономикасы дайындаған және бізге социализмнің табысты болуына қажетті нақ осы қадамды жасатқызбайтын ұсақ буржуазиялық керенаулықтың стихиясы қауіп төндіріп отыр. Менің мынаны сіздердің естеріңізге салғым келеді: мемлекеттік капитализм туралы бұл айтқан сөздерімді менің төңкерістен біраз уақыт бұрын жазуыма тура келген-ді, сондықтан бізді мемлекеттік капитализммен қорқыту — барып тұрған сөкеттік. Мен естеріңізге салайын, өзімнің «Апат қаупі»* деген кітапшамда мен сол кезде былай деп жазған едім... (О қ и д ы.)

Мен мұны революциялық-демократиялық мемлекет жөнінде, Керенскийдің, Черновтың, Церетелидің, Кишкиннің және олардың ағайындарының мемлекеті жөнінде жаздым, буржуазиялық негізде тұрған және ол негізден таймаған, тая да алмаған мемлекет жөнінде жаздым; мен онда мемлекеттік капитализм дегеніміз социализмге қарай бір қадам ілгері басқандық деген едім; мен мұны 1917 жылдың сентябрінде жазған болатынмын, ал қазір, 1918 жылдың апрелінде, пролетариат октябрьде өкіметті қолына алғаннан кейінгі жерде, ол өзінің қабілеттілігін дәлелдеген кезде: көптеген фабрикалар мен заводтар конфискеленген, кәсіпорындар мен банктер национализацияланған, буржуазияның әскери қарсылығы мен саботажшылардың қарсыласуы жаншылған кезде,— бізді капитализммен қорқытып отырған қазіргі кезде — мұның сондай күлкілі, тіпті сондай со-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 173—226-беттер. *Ред.*

рақы өрескелдік екені, ойдан шығарылған нәрсе екені сонша, тіпті қайран қаласың, сөйтіп: жұрт мұндай өрескелдікке қалай жетті екен? деп сұрайсың өзіңнен. Олар мына бір ұсақ-түйек нәрсені ұмытып кеткен: біздің Россияда барлық елдердің ірі буржуазиясын құртуға тілектес, бірақ есепке, қоғамдастыру мен бақылауға тілектес емес ұсақ буржуазия бұқарасы бар болып отыр,— революция үшін қауіп, міне, осында, әлеуметтік күштердің ұлы француз революциясының түбіне жеткен және түбіне жетпей қоймаған бірлігі және, егер орыс пролетариаты әлсіз болып шықса, бір өзі ғана орыс революциясының түбіне жете алатын бірлігі, міне, осында. Ұсақ буржуазия, өзіміз көріп отырғандай, бүкіл қоғамдық атмосфераға ұсақ меншікшілдік тенденцияларды,— былайша айтқанда: алсам байлардан алдым, ал басқаларда шаруам жоқ дейтіннен-ақ білінетін ниеттерді сіңіріп отыр.

Басты қауіп, міне, осында. Егер ұсақ буржуа өзге таптық элементтерге бағындырылған болса, мемлекеттік капитализмге бағынған болса, онда саналы жұмысшы мұны қос қолдап құттықтауға тиіс, өйткені Керенскийдің демократиясы тұсында мемлекеттік капитализм дегеніміз социализмге қарай бір адым ілгері басқандық болар еді, ал Совет өкіметінің тұсында социализмнің $^{3}/_{4}$ бөлігі болар еді,— өйткені кімде-кім мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындардың ұйымдастырушысы болса, оны өзіңнің жәрдемшің етуге болады; ал «солшыл коммунистер» бұған басқаша қарайды, олар бұған менсінбей қарайды,— сөйтіп біз «солшыл коммунистермен» 4 апрельде бірінші рет кеңес өткізгенімізде, былайша айтқанда, алыстағы тарихтан келе жатқан, ұзақ дискуссиялардан өткен бұл мәселенің қазірдің өзінде өткен шақтың мәселесі екендігін дәлелдейтін кеңес өткізген кезімізде,— егер біз өз міндеттерімізді дұрыс түсінетін болсақ, социализмді трестердің ұйымдастырушыларынан үйрену керек деген едім.

Бұл сөздер «солшыл коммунистерді» сұмдық ызаландырды, сол себепті олардың біреуі — Осинский жолдас — өзінің мақаласын түгелімен осы сөздерді жерден

алып, жерден салуға арнаған. Оның дәлелдерінің мәні, міне, мынаған тіреледі.— Біздің оларды үйреткіміз келіп отырған жоқ, қайта олардан үйренгіміз келіп отыр ғой.— Біз «оңшыл» большевиктер,— біздің трест ұйымдастырушыларынан үйренгіміз келіп отыр, ал «солшыл коммунистер» болса үйреткілері келеді[107].— Бірақ сіздің оларға нені үйреткілерің келеді? Мүмкін, социализмді үйреткілерің келетін шығар?— Осы көпестерге де, кәсіпқойларға да социализмді үйрету керек болып па? (Қол шапалақтау.) Жоқ, егер тілесеңіздер, бұл іспен шұғылдана беріңіздер, біз сіздерге қолқабыс ете алмаймыз, бұл әншейін бос іс.— Біздің бұларға, инженерлерге, кәсіпқойларға, көпестерге үйретеріміз жоқ.— Оларға социализмді үйретіп қажеті жоқ.—Егер біз буржуазиялық революция жайында айтып отырған болсақ, онда, бәлкім, қармап қалуды, мүмкін болған нәрсені үйреніп, сонымен тынбаса, бізге олардан үйренетін ештеңе жоқ, бұдан басқа үйренетін ештеңе жоқ.— Жоқ, бұл әлі де социалистік революция емес.— 1793 жылы Францияда қандай жағдай болса, бұл соның дәл өзі, мұның өзі социализм жоқ жердегі жағдай, мұның өзі социализмге тек кіріспе ғана.

Помещиктерді құлату керек, буржуазияны құлату керек, сонда большевиктердің істеген істерінің бәрі, олардың бүкіл күресі, помещиктер мен капиталистерге қарсы күш қолдануы, экспроприациясы, олардың қарсыласуын күшпен басып-жаныштауы тарих алдында сан миллион рет әділ болмақшы, ақталмақшы. Жалпы және тұтас алғанда, мұның өзі асқан зор тарихи міндет еді, бірақ бұл тек бірінші адым ғана болды. Бұл арада әңгіме мынада: біз оларды не үшін басып-жаныштадық; енді, түпкілікті басып-жаныштағаннан кейін, біз олардың капитализміне бас иеміз деп айту үшін басып-жаныштадық па? Жоқ, енді біз олардан үйренеміз, өйткені біздің біліміміз жеткіліксіз, өйткені бұл білім бізде жоқ. Социализм білімі бізде бар, бірақ миллионның көлемінде ұйымдастыру білімі, ұйымдастыру және өнімдерді бөлу білімі, т. т.,— бұл бізде жоқ. Қарт большевик басшылар бұған бізді үйреткен жоқ. Большевиктер партиясы өзінің тарихында мұны мақтаныш ете алмайды. Біз

бұл курстан әлі өткеніміз жоқ. Сондықтан біз былай дейміз: мейлі ол барып тұрған алаяқ бола берсін, бірақ ол тресті ұйымдастырған екен, миллиондар мен он миллиондар үшін өндіріс пен бөлісті ұйымдастырумен айналысқан көпес екен, оның тәжірибесі бар екен,— біз одан үйренуге тиістіміз. Егер біз олардан мұны үйренбесек, онда біздің социализмге қолымыз жетпейді, онда революция өзінің келіп жеткен сатысынан әрі бармайды. Мемлекеттік капитализмді дамыту ғана, есеп пен бақылау ісін мұқият жолға қойғанда ғана, ең қатаң ұйымдастыру жұмысы мен еңбек тәртібі ғана бізді социализмге жеткізеді. Ал мұнсыз социализм жоқ. (Қол шапалақтау.)

Бізге күлкі боларлық міндетке — тресті ұйымдастырушыларды үйретуге барудың қажеті жоқ,— оларды үйрететін ештеңе жоқ. Біз оларды экспроприациялауымыз керек. Әңгіме мұнда тұрған жоқ. Мұнда ешқандай қиындық жоқ. (Қол шапалақтау.) Мұны біз жеткілікті түрде көрсеттік те, дәлелдедік те.

Өзім істес болуға тура келген жұмысшы делегациясының қайсысы болсын маған келіп, фабрикасының тоқтап қалайын деп тұрғанын айтып шағым еткен кезде, мен: сізге фабрикаңыздың конфискеленгені керек пе? Жақсы, бізде декреттер бланкілері әзір тұр, біз бір минут ішінде-ақ декретке қол қоямыз дедім. (Қол шапалақтау.) Бірақ сіздер мынаны айтыңыздаршы: сіздер өндірісті өз қолдарыңызға ала білдіңіздер ме, өздеріңіздің не өндіретіндеріңізді есептеп шығардыңыздар ма, өз өндірістеріңіздің орыс рыногымен және халықаралық рынокпен байланысты екенін білесіздер ме? Ал бұған келгенде былай екен: олар мұны әлі үйренбепті, ал большевиктік кітаптарда бұл жөнінде әлі еш нәрсе жазылмапты, сондай-ақ меньшевиктік кітаптарда да ештеңе айтылмапты.

Осы мемлекеттік капитализмді жүзеге асырып отырған жұмысшыларда: былғарышыларда, тоқымашыларда, қант өндірісінде істің жайы бәрінен де жақсы, өйткені олар пролетарлық сергектікпен өз өндірісін біледі, оны сақтап қалғылары, неғұрлым ірі өндіріс еткілері келеді,— өйткені ең үлкен социализм осында[108]. Олар: мен

қазір мұндай міндетті орындай алмаймын, мен іске капиталистерді отырғызамын, орынның $^1/_3$ бөлігін соларға беріп, олардан үйреніп аламын дейді. Ал мен «солшыл коммунистердің» жазғандарынан: кімнің кімді пайдаланатыны әлі белгісіз деген мысқыл сөздерді оқығанымда, олардың таяздығы мені қайран қалдырады. Әрине, октябрьде өкіметті қолға алғаннан кейінгі жерде және октябрьден апрельге дейін бүкіл буржуазияға қарсы жеңісті жорық жасағаннан кейінгі жерде біз кімді кімнің пайдаланатынына — жұмысшы трестің ұйымдастырушыларын пайдалана ма әлде кәсіпқойлар мен жылпостар жұмысшыларды пайдалана ма, біз осыған күмәнданатын болсақ, егер осылай болса, онда оны-мұныңды жинап алып, орынды Милюковтар мен Мартовтарға беріп, тайып тұру керек. Бірақ бұл олай емес. Саналы жұмысшы да бұған сенбейді, ұсақ буржуазияның қорқынышы да күлкілі; неғұрлым ірі өндіріс қай жерден басталса, социализмнің сол жерден басталатынын олар жақсы біледі, бұл іске көпестер мен кәсіпқойлардың өз тәжірибесінде үйренгенін олар жақсы біледі.

Сондықтан біз былай дедік: міне, осы материалдық жағдайлар ғана, машиналы ірі индустрияның, ондаған миллиондарды қамтитын алып кәсіпорындардың жағдайлары ғана, тек осылар ғана социализмнің негізі болып табылады, ал ұсақ буржуазиялық елде, шаруалар елінде бұл іске үйрену қиын, бірақ үйренуге болады. Революция азамат соғысы арқылы болады, бірақ мұның өзі мемлекет неғұрлым цивилизациялы, неғұрлым дамыған мемлекет болса, соғұрлым ауырға соғатын нәрсе; Германияда мемлекеттік капитализм үстемдік етіп отыр, сондықтан да Германиядағы революция ұсақ буржуазиялық елдегі революцияға қарағанда жүз есе күйзелісті және апатты болады,— онда да орасан зор қиыншылық, орасан зор былық пен тиянақсыздық болады. Сондықтан да мен орыс революциясының алдымен неғұрлым жеңіл міндетті—помещик пен буржуазияны құлату міндетін шешкенінде, ал қазір неғұрлым қиын социалистік міндетке: бүкіл халықтық есеп пен бақылау орнату міндетіне,— нағыз социализм бастала-

тын міндетке, жұмысшылар мен саналы еңбекшілердің көпшілігі жақтайтын міндетке келіп тіреліп отырғандығынан торығу мен қамығудың ешқандай да, титтей де негізін көріп отырғаным жоқ. Иә, жақсы ұйымдасқан, кәсіптік одақтардың мектебінен өткен жұмысшылардың көпшілігі: бұл көпшілік толығынан бізбен бірге. «Впередтегі» мырзалар қорлап елемей қалдыруға әрекеттеніп жүрген кесімді ақы туралы және Тейлор системасы туралы мәселелерді,— әлгі көпшілік бізден бұрын кәсіптік одақтардың советтерінде, өзінің Советтерімен Совет өкіметі орнамай тұрып-ақ осы мәселелерді қойған болатын,—олар еңбек тәртібінің нормаларын жасап шығаруды қолға алып, жұмысқа кіріскен болатын. Бұл адамдар өздерінің пролетарлық кішіпейілділігімен фабрикадағы еңбек жағдайын өздерінің білетіндігін көрсетті, революциялық бос сөздерді ағылтып, бірақ іс жүзінде саналы түрде болсын немесе санасыз түрде болсын ұсақ буржуазияның дәрежесіне төмендеген адамдарға қарағанда социализмнің мәнін өздерінің жақсы түсінетіндігін көрсетті; ұсақ буржуазия: байды құрту керек, бірақ өзіңді ұйымның есебі мен бақылауына қою жақсы емес; мұның өзі ұсақ меншікшілерге артық нәрсе, мұның оларға керегі жоқ деген көзқарас ұстады,— ал революциямыздың беріктігі мен жеңіске жетуінің кепілі де тек осының өзінде ғана болатын.

Жолдастар, «Левый Коммунист»[109] газетінің одан арғы егжей-тегжейлері мен цитаттарына тоқталып жатпай-ақ, бір-екі ауыз сөзбен мынаны айтайын: жұрт еңбек тәртібін енгізу бір адым кері шегінгендік болады деуге де барып отырғанда айқайламасқа лаж жоқ,— сондықтан мен былай деуге тиіспін: егер мен мұны ықпалы жоқ топ айтып отырғанын және жұмысшылардың кез келген саналы жиналысында мұның теріске шығарылатынын білмесем, онда мен мұны сондайлық құлақ естіпеген реакцияшыл нәрсе, революцияға сондайлық қауіп деп білемін деуге тиіс болар едім, онда мен: орыс революциясы құритын болды дер едім.

Солшыл коммунистер былай деп жазады: «өндірісте капиталистер басшылығының қалпына келтірілуіне

байланысты еңбек тәртібін енгізу еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыра алмайды, бірақ мұның өзі пролетариаттың таптық іскерлігін, белсенділігі мен ұйымшылдығын төмендетеді. Мұның өзі жұмысшы табын құлдыққа түсіру қаупін төндіреді...». Бұл дұрыс емес; егер ол солай болса, біздің орыс революциясы өзінің социалистік міндеттерінде, өзінің социалистік мәнінде күйреуге таяу тұрған болар еді. Бірақ бұл дұрыс емес. Социализм үшін басты қиыншылық еңбек тәртібін қамтамасыз етуде екенін осы табынан азған ұсақ буржуазиялық интеллигенция түсінбей отыр. Бұл жөнінде социалистер әлдеқашан жазған-ды, бұл жөнінде сонау өткен шақтарда социалистер бәрінен де көп ойлаған-ды, бұған барынша қамқорлық көрсетіп, талдау жасап отырған-ды, социалистік революция үшін шын мәнінде қиыншылықтар осы арадан басталатынын олар жақсы түсінген-ді. Буржуазияны біздің жігерлілігімізден кем түспейтін жігермен аяусыз лақтырып тастаған революциялар бұған дейін де талай рет болып келді, бірақ біз Совет өкіметін құруға дейін жеткен кезде осы арқылы экономикалық жағынан құлдықтан құтылудан іс жүзінде еңбекте өзара тәртіптілікке көшетіндігімізді көрсеттік, біздің өкіметіміздің шын мәнінде еңбек өкіметі болуға тиіс өкімет екенін көрсеттік. Бізге: пролетариат диктатурасы сөз жүзінде мойындалады, ал іс жүзінде бос сөздер жазылып жүр деушілер бар, мұның өзі шынына келгенде бұлардың пролетариат диктатурасы туралы түсінігі жоқ екенін көрсетеді, өйткені пролетариат диктатурасы дегеніміз әсте де буржуазияны құлату немесе помещиктерді құлату ғана емес,— бұл барлық революцияларда болып келді,— біздің пролетариат диктатурасы дегеніміз жүйелілікті, тәртіпті, еңбек өнімділігін, есеп пен бақылауды, бұрынғы өкіметке қарағанда неғұрлым берік, неғұрлым мықты пролетарлық Совет өкіметін қамтамасыз ету. Сіздердің шешпей отырған мәселелеріңіз, міне, осы мәселе, біз жұртқа, міне, осыны үйреткен жоқпыз, жұмысшыларға керегі, міне, осы, бұл кемшіліктердің бәрін айқын бейнелейтін айнаны жұмысшыларға көрсетіп отырудың жақсы болатындығының себебі, міне, осыдан. Мен мұны пайдалы міндет-

деп санаймын, өйткені бұл міндет барлық ойлай білетін, барлық саналы жұмысшылар мен шаруаларды өздерінің барлық басты күштерін осыған бағыттауға мәжбүр етеді. Иә, біз помещиктер мен буржуазияны құлату арқылы жүретін жолымызды тазарттық, бірақ социализм үйін салғанымыз жоқ. Өйткені буржуазиялық ұрпақтан тазартылған жерде тарихта үнемі жаңа ұрпақтар пайда болып отырады, негіз туғызса болғаны, ал ол негіз буржуаны қанша керек болса, сонша туғызады. Капиталистерді жеңуге ұсақ меншікшілер қалай қараса, солай қарайтындар да,— «олар да қармап қалған еді, мен де пайдаланып қалайыншы» дейтіндер де,— бұлардың қай-қайсысы да буржуаның жаңа ұрпағының негізі ғой. Бізге: капиталист-басшылардың қайта қалпына келтірілуіне байланысты еңбек тәртібін енгізу революцияға қауіп төндіреді-міс дегенде, мен: бұл адамдар біздің революцияның нақ социалистік сипатын түсінбеген, олар өздерін, тұмардан қорыққан шайтан сияқты, тәртіптен, ұйымнан, есеп пен бақылаудан қорқатын ұсақ буржуазиямен оп-оңай жақындастыратын нәрсенің нақ өзін қайталап жүр деймін.

Егер олар: сіздер бұл арада бізге басшылар ретінде жұмысшы басшылары қатарына капиталистерді енгізуді ұсынып отырсыздар ғой десе ше.— Иә, олардың енгізіліп отырған себебі, ұйымдастыру практикасы ісінде олардың білімі бар, біздің мұндай біліміміз жоқ. Саналы жұмысшы мұндай басшыдан ешқашан да қорықпайды, өйткені ол Совет өкіметінің өз өкіметі екенін, өзін бұл өкіметтің қалтқысыз қорғайтынын біледі, өйткені ол ұйымдастыру практикасын үйренгісі келетінін біледі.

Біз патшаның тұсында мыңдаған адамдарды, Керенскийдің тұсында жүз мыңдаған адамдарды ұйымдастырдық. Бұл ештеңе емес, саясатта бұл есептелінбейді. Бұл дайындық жұмысы еді, бұл дайындық класы еді. Сондықтан алдыңғы қатарлы жұмысшылар он миллиондаған адамдарды ұйымдастыруды үйренбейінше, міне осыған дейін олар социалистер емес және социалистік қоғамды жасаушылар емес, олар ұйымдастыру жөніндегі қажетті білімді де ала алмайды. Ұйымдастыру

жолы — ұзақ жол, сондықтан социалистік құрылыстың міндеттері ұзақ уақыт қажырлы жұмыс істеуді және тиісті білімдердің болуын талап етеді, ал мұндай білім бізде жеткіліксіз болып отыр. Таяу болашақтағы неғұрлым жетілген ұрпақ та социализмге толық көше қояр ма екен.

Болашақтағы социалистік революция туралы бұрынғы социалистердің не жазғанын естеріңізге түсіріңіздерші; трестерді ұйымдастырушылардан үйренбейінше, социализмге көше қою күмәнды нәрсе, өйткені трестерді ұйымдастырушылар бұл өндіріспен ірі көлемде айналысты емес пе. Біздің оларды социализмге үйретуіміз қажет емес, біздің оларды экспроприациялауымыз, олардың саботажын күйретуіміз қажет. Бұл екі міндетті біз орындап шықтық. Оларды жұмысшы бақылауына бағынуға мәжбүр ету керек. Ал егер «солшыл коммунистер» ішіндегі сынаушыларымыз бізді өз тактикасында коммунизмге қарай бастамай, қайта кейін қарай сүйреп барады деп кінәласа, онда олардың бұл кінәлауы кісі күлерлік нәрсе: олар мынаны ұмытып жүр: біз есеп пен бақылау жағынан артта қалып қойдық, өйткені бұл қарсыласуды күйретіп, буржуазия мен оның техниктерін және оның буржуазиялық мамандарын өзімізге қызмет еткізу өте қиынға соқты. Ал олардың білімі, олардың тәжірибесі мен еңбегі бізге қажет, өлгі буржуазиялық мамандарсыз ескі қоғамдық қатынастар жасаған және социализмнің материалдық базисі болып қалған мәдениетті іс жүзінде қабылдау мүмкін емес. Егер «солшыл коммунистер» мұны аңғармай қалса, онда мұның себебі олар шын өмірді білмейді және де өздерінің ұрандарын мінсіз социализмге мемлекеттік капитализмді қарама-қарсы қоюдан құрастырып алып жүр. Ал біз жұмысшыларға былай деуге тиіспіз: иә, бұл бір адым кейін шегінгендік, бірақ біз өзімізге құрал табуға көмектесуге тиіспіз. Құрал біреу: бір адам да шет қалмай ұйымдасыңдар, өндірісті есепке алуды ұйымдастырыңдар, тұтынуды есепке, бақылауға алуды ұйымдастырыңдар және баспа станогінен шыққан жүз миллиондаған сом ақшаны өзіміз желге ұшырмайтындай етіңдер[110], әлдекімнің қолына қатеден түскен бірде-

бір жүз сомдықты мемлекеттік қазынаға қайта түспей қоймайтын етіңдер. Мұны революцияның ешқандай екпінімен, буржуазияны ешқандай соққылаумен істеуге болмайды. Мұны тек өзара тәртіп арқылы ғана, жұмысшы және шаруа еңбегін ұйымдастыру арқылы ғана, есеп пен бақылау орнату арқылы ғапа істеуге болады. Бұл бізде әлі де жоқ, сондықтан бұл үшін біз капиталист-ұйымдастырушылардың сіздерге төлеген ақысынан әлдеқайда жогары ақы беріп, анағұрлым қымбатқа түсірдік. Мұны біз үйреніп алган жоқпыз, бірақ үйренуге тиіспіз, мұның өзі социализмге жетудің жолы, бірденбір жолы — орасан көп кәсіпорындарды іс жүзінде басқару ісіне, ірі өндіріс пен аса ірі бөлісті ұйымдастыру ісіне жұмысшыларды үйрету жолы.

Жолдастар, белгілі қоғамдық дәрежесі бар адам айтқанда, есеп туралы, бақылау, тәртіп және өзара тәртіп туралы айту оңай екенін мен өте жақсы білемін. Бірақ будан қағытпа сөз үшін соншама көп материал жасап: сіздің партияңыз өкімет басына келмей тұрғанда жұмысшыларға ол телегей-теңіз молшылыққа кенелтемін деген еді, ал бұл адамдар өкімет басына келіп алғаннан кейін енді әдеттегіше кілт озгеріп, есеп туралы, тәртіп туралы, өзара тәртіп туралы, бақылау және басқалар туралы айта бастады деп мәлімдеуге болады. Мен мұның Милюков пен Мартов типтес публицистер үшін қандай таптырмас материал екенін өте жақсы білемін.

Әріп кеміруге немесе әсер қалдыруға құмар және саналы жұмысшылардың арасында оншама тілектестік кездестіре қоймайтын болар-болмас сылтауларды пайдалана кетуге бейім адамдар үшін мұның қаншалықты мол материал екенін мен жақсы білемін.

«Левый Коммунист» газетінде мен Бухарин сияқты көрнекті публицистің менің кітапшама[111] жазған рецензиясын, оның үстіне тілектестік білдірілген рецензиясын кездестірдім, бірақ оның ішіндегі бағалы нәрсенің бәрі өзім рецензияны аяғына дейін оқып шыққан кезде мен үшін мүлдем құнсыз болып шықты; Бухариннің көруі керек нәрсені көрмегеніне менің көзім жетті, ал мұның бұлай болған себебі, ол өзінің рецензиясын апрельде жазған, ал цитатқа апрель үшін ескіріп те қалған

нәрсені, кешегі күннің нәрсесін, атап айтқанда, ескі мемлекетті қирату қажет екенін келтірген; біз ескі өкіметті қиратып та тастадық, бұл — кешегі күннің міндеті, сондықтан алға басу керек, өткенге емес, болашаққа қарау керек, коммунаның мемлекетін құру керек; Бухарин совет ұйымдарында қазірдің өзінде іске асқан нәрсе жөнінде жазған, ал есепке, бақылауға, тәртіпке қатысты нәрсе туралы ештеңе айтпаған. Бұл адамдардың ой-өрісі, олардың психологиясы ұсақ буржуазияның пиғылымен қалай сәйкес келеді десеңізші: байды жұлып тастау керек, ал бақылаудың керегі жоқ, олар осылай қарайды; мұның өзі әлгі адамдардың бойын билеп отыр және саналы пролетарды ұсақ буржуазиядан, тіпті нағыз барып тұрған революционерлерден де бөлектеп отыр; мұның өзі пролетардың: ұйымдасайық, қатарға қосылайық, әйтпесе байшікеш біреу, ал олар миллиондап жүр, бізді жұлып тастайды деген кезінде айтылып отыр.

Саналы пролетардың ұсақ буржуадан іргесін аулақ салатын жері осы; революцияның ұсақ буржуазиядан ажырасатын жері осы ара. Ал мұндай адамдар қандай соқыр десеңізші, олар мұны ауыздарына да алмайды ғой.

Мен өзімнің тағы бірнеше цитатымды сіздердің естеріңізге сала кетейін; адамдар зорлықсыз қимылдауға дағдыланған кезде олар зорлықсыз да өмір сүре алады дегенмін; әрине, мұндай дағды ұзақ уақыт тәрбиелеудің нәтижесі бола алады.

«Солшыл коммунистер» осыны естіген кезде, сандарын соғып өкініп, былай дейді: біз мұны қалай байқамай қалғанбыз; Бухарин, мұны сіз неліктен сынамадыңыз? Біз помещиктер мен буржуазияны басып-жаншу ісінде өз күшімізді көрсеттік, ал енді өзара тәртіп пен ұйымдастыру ісінде өз күшімізді көрсетуіміз керек, өйткені мұның өзі өткен мыңдаған жылдардың тәжірибесінен мәлім, сондықтан біздің Совет өкіметінің, жұмысшы диктатурасының, біздің пролетарлық беделіміздің күші тек осында ғана екенін халыққа айту керек. Ал ұсақ буржуа осы ақиқаттан революциялық бос сөздің тасасына тығылып жүр.

Өз күшіңді көрсету керек. Иә, ұсақ қожайынсымақтар, ұсақ меншікшілер бізге, пролетарларға, помещиктер мен капиталистерді жұлып тастауға көмектесуге әзір. Бірақ одан әрі олар мен біздің жолымыз бөлек. Олар ұйымдастыруды, тәртіпті ұнатпайды, олар — мұның дұшпаны. Сондықтан бізге бұл арада осы меншікшілерге қарсы, осы қожайынсымақтарға қарсы мейлінше батыл, аяусыз күрес жүргізуге тура келеді. Өйткені біз үшін социалистік құрылыстың өзі осы арадан, ұйымдастыру саласынан басталады. Ал өздерін социалистер деп, жұмысшыларға қанша тілесе сонша және тілеген нәрсесімен пайдалануға уәде ететін адамдарға қарсы шыққанымда, мен былай деймін: коммунизмде болатын еңбек өнімділігі қазіргі кездегі еңбек өнімділігі емес. Біздегі еңбек өнімділігі тым төмен, бұл — факт. Капитализм бізге, әсіресе артта қалған елде, толып жатқан мынадай әдеттерді мұра етіп қалдырып отыр; мұнда барлық мемлекеттік нәрсеге, барлық қазыналық нәрсеге оны қасақана бүлдіретін материал ретінде қарайды. Ұсақ буржуазиялық бұқараның бұл психологиясы қадам басқан сайын аңғарылып отыр. Бұл саладағы күрес те өте қиын. Ұйымдасқан пролетариат қана барлығына төтеп бере алады. Мен былай деп жазғанмын: «Коммунизмнің жоғары фазасы болғанға дейін социализм... қоғам тарапынан және мемлекет тарапынан өте қатты бақылау болуын талап етеді»*.

Мұны мен октябрь төңкерісінен бұрын жаздым, қазір де сол айтқанымнан қайтпаймын.

Қазіргі уақытта, буржуазияны басып-жаншып, саботажды тойтарған соң, біздің бұл іспен шұғылданатын мезгіліміз жетті, оған мүмкіндік алдық. Бұған жетпей тұрғанда, сол күндердің ерлері, революцияның ерлері өздерінің үлкен тарихи ісін істеген қызыл гвардияшылар болды. Олар дәулетті таптардың ырқына қарамастан қолдарына мылтық алды. Олар осы ұлы тарихи істі істеді. Олар қолдарына мылтық алғанда қанаушыларды жұлып тастап, өз мылтығын жұмысшыларды қорғау

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 106—107-беттер. *Ред.*

құралына айналдыру үшін, өндіріс пен еңбек мөлшерін, тұтыну мөлшерін қадағалап отыру үшін алды.

Біз бұл қадағалауды әлі бергеніміз жоқ, ал социализмнің түйінді жері мен негізі де нақ осында болып отыр. Егер мұндай жұмыс қайсыбіреулерге көңілсіз және қызықсыз болып көрінсе, онда бұл ұсақ буржуазиялық жалқаулықтың өкілдеріне солай көрінеді.

Егер біздің революция осы арада тоқтап қалса, онда ол тарихқа 1793 жылғы революциядан кем енбес еді. Бірақ бізге былай деседі: ол XVIII ғасырда болған. XVIII ғасыр үшін бұл жетіп жатыр, ал XX ғасыр үшін бұл аз. Есеп пен бақылау — коммунистік қоғамның дұрыс қызмет атқаруы үшін талап етілетін басты нәрсе, міне, осы. Октябрь төңкерісіне дейін мен осылай деп жазған да болатынмын*. Қайталап айтайын, Алексеевтер, Корниловтар, Керенскийлер басып-жаныштамай тұрғанда, бұл істі қолға алуға болмайтын еді. Енді буржуазияның соғыс қарсылығы жаншталды. Біздің міндетіміз—барлық саботажшыларды біздің бақылауымызбен, Совет өкіметінің бақылауымен жұмысқа орналастыру, есеп пен бақылау қатаң жолға қойылуы үшін басқару органдарын құру. Ел апатқа ұшыраса, соғыстан кейін қалыпты өмір сүруге ешбір жағдайдың жоқтығынан апатқа ұшырайды. Бізге қарсы шығып отырған жауларымыздың қорқынышты болып отырғандығы есеп пен бақылауды жолға қоя алмағандығымыздан ғана. Жұрттың ашаршылық жөніндегі жүз мыңдаған шағымын естіп отырғанымда, бұл шағымдардың дұрыстығын, бізде астық бар екенін, бірақ біздің оны тасып жеткізе алмай отырғанымызды көріп, біліп отырған кезде, біздің темір жол декреті сияқты шаралар «солшыл коммунистер» тарапынан әжуаланып, қарсылыққа тап болып отырғанда,— олар бұл декретті екі рет еске салды,— бұл түк емес.

«Солшыл коммунистермен» 4 апрельде болған кеңесте мен былай дедім: кәне, өз декреттеріңнің жобасын беріңдерші, сіздер — Совет республикасының азаматтары, совет мекемелерінің мүшелері емессіздер ме,— сіз-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 111-бет. *Ред.*

дер кек алу үшін сынайтын көпес буржуйлар мен саботажшыларша бүйірден, қағаберістен сынайтын сыншылар емессіздер ғой. Сіздер, қайталап айтайын, совет ұйымдарының басшыларысыздар; өз декреттеріңіздің жобасын беріп көріңіздерші. Олар оны бере алмайды, ешқашан да бермейді, өйткені біздің темір жол декретіміз дұрыс декрет, өйткені диктатураны енгізе отырып, бұл декрет барлық бұқараның, темір жол ісінің саналы еңбеккерлерінің тілектестігін туғызып отыр,— ал оппозиция кездестіріп отырса, ол қармап қалып, пара алатын басқарушылардың оппозициясы; өйткені Совет өкіметі мен оның жауларының арасында қобалжитындардың бәрі де ол декретке қобалжи қарайды,— ал ірі өндірісте тәртіпке үйренген пролетариат неғұрлым ірі өндіріс ұйымдастырылмайынша және бұрынғыдан да гөрі қатаң тәртіп орнатылмайынша социализмнің болуы мүмкін еместігін біледі.—Темір жол қозғалысында бұл пролетариат бізді жақтайды; ол ұсақ меншікшілердің стихиясына қарсы күресуге барады және тамаша жеңістерге жете білетін орыс революциясы өзінің ұйымдаспағандығын да жеңіп шыға алатынын көрсетеді. Сөйтіп, 1 май ұрандарынан, кезеңнің міндеттері тұрғысынан қарағанда, Орталық Комитеттің: «біз капиталды жеңдік, біз өзіміздің ұйымдаспағандығымызды да жеңіп шығамыз» дейтін ұранына баға бере алады. Міне, сонда ғана біз социализмнің толық жеңісіне жетеміз! (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

2

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Менің ең алдымен Бухарин жолдастың сөйлеген сөзі жөнінде айтуыма тура келеді: мен алғашқы сөзімде-ақ өзіміздің онымен онның тоғызында келісетіндігімізді атап көрсеткенмін, сондықтан да мен онның біріне келгенде онымен пікір алалығы болып отырғанын күйінішті факт деп ойлаймын; онның біріне келгенде ол мынадай жағдайда қалып отыр: ол сөзінің қақ жартысын оны жақтап сөйлегендердің бәрінен іргесін аулақ салып, олардан ат-тонын мүлде ала қашуға арнауына тура келді. Сөйтіп, Бухарин мен оның тобының ниеті қаншама керемет болғанымен де, олардың жағдайының жалғандығы мынау арқылы дәлелденіп те отыр: оның әрқашан ақталуға және мемлекеттік капитализм жөнінде іргені аулақ салуға уақыт жіберуіне тура келеді.

Бухарин жолдастың айтқаны мүлде теріс; мен бұл жөнінде баспасөз бетінде де айтамын, өйткені бұл өтемөте маңызды мәселе*. Қазір бізде мемлекеттік капитализм жағына ауытқу байқалып отыр деп «солшыл коммунистердің» бізді кінәлағанын бірер сөзбен айтайын; ал Бухарин жолдас Совет өкіметі тұсында мемлекеттік капитализмнің болуы мүмкін емес деп қазір де дұрыс айтпай отыр. Сөйтіп, Совет өкіметі тұсында мемлекеттік капитализмнің болуы мүмкін емес дегенде ол өзіне өзі қайшы келіп отыр,—мұның өзі көрінеу сөкеттік. Со-

* Қараңыз: осы том, 305—330-беттер. *Ред.*

вет өкіметінің бақылауында болып отырған және мемлекетке қарайтын бірсыпыра кәсіпорындар мен заводтар бар, міне, осының өзі-ақ капитализмнен социализмге өтуді көрсетеді, ал Бухарин жолдастың бұған нақты тоқталғысы келмей, солшыл Циммервальдта[112] біздің қалай отырып, оған қарсы қалай жазғанымызды еске алады, бірақ мұның өзі атамзаманғы нәрсе ғой, сондықтан мұны қазір, Совет өкіметі жарты жыл өмір сүргеннен кейін еске алу, өзіміз жасаған, өзіміз жүргізген экспроприациялаудан, конфискелеуден, национализациялаудан соң, не істей алатынымызды көрсеткен тәжірибелерден кейін, міне, осыдан кейін біздің 1915 жылы жазғанымызды еске алу,— мұның өзі кісі күлерлік нәрсе... Қазір біз мемлекеттік капитализм мен социализм туралы, өтпелі дәуірде өзімізді қалай ұстау керек екендігі туралы мәселені алға қоймай тұра алмаймыз,— мұнда Совет өкіметінің тұсында капитализм мен социализмнің бір-бір бөлшегі қатар өмір сүріп отыр. Бухарин жолдас бұл мәселені түсінгісі келмейді,—ал меніңше, біз бұл мәселені бірден алып тастай алмаймыз, Бухарин жолдас та мұны алып таста демейді және өте зор болып отырған ұсақ меншікшілдік пиғылдардың, өмір мен тұрмыстың экономикалық жағдайларының қалдығынан осы мемлекеттік капитализмнің жоғары екендігін теріске шығармайды, Бухарин жолдас мұны теріске шығарған жоқ,—иә, марксист деген сөзді ұмытпайынша, мұны теріске шығаруға әсте болмайды.

Европада пролетариат дертке шалдыққан, Германияда пролетариат бұзылған дейтін Гениң көзқарасында болуы да кісі күлерлік нәрсе[113]. Мұның өзі ұлттық тағылықтың, асқан топастықтың көзқарасы, мен бұдан асқан топастықты тіпті де білмеймін. Европада пролетариат әсте де Россиядағыдан көп дертке шалдыққан жоқ, ал онда революцияның басталуының қиын болатын себебі, онда Романов тәрізді нақұрыстар да, Керенский тәрізді мақтаншақтар да өкімет басында отырған жоқ, қайта капитализмнің байсалды жетекшілері бар, ал мұндайлар Россияда болмаған еді.

Ақырында, енді менің мақалам мен сөйлеген сөзіме түс-түстан жаңбырдай жауған қарсы пікірлердің басты-бастыларына көшейін. Бұл арада әсіресе: «талап алынғанды талапайла» деген ұранға шүйілігушілік бар,—бұл ұранға өз басым қаншалықты қадағалап қарасам да, егер сахнаға тарих шығар болса, одан пәлендей теріс септеңе көріп отырғам жоқ. Егер біз: экспроприаторларды экспроприациялау деген сөздерді қолданады екенбіз, онда бұл арада латын сөзерін қолданбай-ақ қоюға болмайтын себебі не? (Қол шапалақтау.)

Сондықтан менің ойымша, тарих бізді толық ақтайды, ал тарихтан да бұрын біздің жағымызға еңбекшілер бұқарасы шығады; ал егер «талап алынғанды талапайла» деген ұран Советтердің қызметінде ешбір тежеусіз қолданылса және егер ашаршылық пен жұмыссыздық сияқты практикалық және түбегейлі мәселеде біз асқан зор қиыншылықтарга кездесетін болып шықсақ, онда бұл арада: «талап алынғанды талапайла» деген сөздерден кейін: талап алынғанды есепке ал, оны талапайлап әкетуге жол берме, ал егер оны әлдекім тікелей немесе жанамалай үзіп-жұлып әкете берсе, ондай тәртіп бұзушыларды атып таста дейтін пролетарлық революцияның арасында пікір алалығы басталады деу дер кезінде айтылған сөз болады....

Ал енді, бұл — диктатура деп айқайлап, бұған қарсы болып зарлай бастаған кезде, III Наполеон туралы, Юлий Цезарь туралы зарлай бастаған кезде, Троцкийді айыптағаны жұмысшы табының байыпсыздығы дегенде, бұл арада: «талап алынғанды талапайла» деген ұранға емес, қайта: есепте де, дұрыстап бөл деген ұранға қарсы шыққан ұсақ буржуазиялық стихияның нақ өзінен көрініп отырған шым-шытырық, саяси пиғыл байқалып отыр. Егер біз астықты есепке алсақ, барлық өнімдердің қолда барын тексеріп отырсақ, сөйтіп белгіленген тәртіпті бұзушылыққа нағыз қатаң жаза қолданылатын болса, онда Россияда ашаршылық болмайды. Пікір алалығы осы арадан шығып отыр. Мұның өзі істің мынадай жағдайына байланысты: социалистік революцияға пролетариат қана шындап аяқ басуда, ал ұсақ буржуазия оған қобалжып еруде, мұны біз әрқашан кө-

ріп келдік, мұны әрқашан ескеріп те отырдық, осы қобалжуы арқылы олар бізге қарсы болып отыр. Мұның өзі бізді қобалжыта алмайды, сондықтан біз пролетариаттың тең жартысының біздің соңымыздан еретіндігіне кәміл сеніп, өз жолымызбен ілгері жүре береміз, өйткені фабриканттар талап алынғанды әйтеуір кедейлер пайдаланбаса екен деп қана талапайлағанын біздің соңымыздан ерген пролетариат өте жақсы біледі.

Диктатура, III Наполеон, Юлий Цезарь, т. т. деудің бәрі — сөз жүзіндегі амал-айлалар. Дәл осы жерде бұл жөнінде көз бояуға болар, бірақ жергілікті жерлерде, әрбір фабрикада, әрбір деревняда жұрт бұл жөнінен біздің артта қалып қойғанымызды өте жақсы біледі, бұл ұранға ешкім дауласпайды, бұл ұранның нені көздейтінін әркім біледі. Және біз барлық күшімізді есептеу ісін, бақылау мен дұрыс бөлу ісін ұйымдастыруға жұмсаймыз, бұл жөнінде де күмән болмасқа тиіс.

Бухарин бізге: «Өзімнің бетімнен сүйгендерден мен іргемді аулақ саламын» деді, ал ондайлардың көптігі сонша — Бухарин жолдас олардан құтыла алмас. Бізге не ұсынатындарын айтпайды, өйткені не ұсынарын білмейді. Ал сіздер не ұсынатындарыңызды білесіздер ме? Мен сіздерге баспасөз бетінде де, сөйлеген сөздерімде де кінә таққанмын. Темір жол декреті туралы мәселе жөнінде 4 апрельді сүйсіне еске алғанбыз, оған сіздердің журналыңызда сілтеме жасалған, ал мен егер сіздер бұл декретке онша қанағаттанбайтын болсаңдар, онда бізге жаңа декретіңді беріңдер дегенмін. Бірақ бұл жөнінде бірінші номерде де түк айтылмаған, өздеріңіз маған корректурасын қарауға ықыласпен берген екінші номерде де ештеңе жоқ, Бухарин жолдастың сөйлеген сөзінде де ештеңе делінбеді, ал бәрі түгелдей бір жерден шыққан. Бухарин жолдас та, Мартов жолдас та темір жол декретін құмарта сөз қылып, соған жармаса береді. III Наполеонның диктатурасы, Юлий Цезарь, т. т. туралы айтып, жүз номерге материал береді, оларды ешкім де оқымайды. Міне, бұл сәл-пәл жақынырақ келеді. Мұның жұмысшылар мен темір жолдарға қатысы бар. Ал темір жолсыз социализмнің бол-

майтыны былай тұрсын, қайта астық иек астында жатқанда жұрт тіпті итше бұратылып, аштан қататын болады. Мұның бәрін жұрт өте жақсы біледі. Неге жауап бермедіңіздер? Сіздер көрмегенсіп отырсыздар. Сіздер — новожизньшілдер мен меньшевиктер біле-тұра, ал Бухарин жолдас қателесіп,— жұмысшылардың көзін бояп отырсыздар,— сіздер құрылыс туралы айтқанда, жұмысшылардан басты мәселені бүркемелеп отырсыздар. Темір жолсыз не салуға болады? Сондықтан мен нендей бір кездесуде немесе делегацияларды қабылдауда маған пәлендей темір жолда істің жақсарып келе жатқаны байқалып отыр деп айтқан көпесті көргенімде, мұндай мақтаудың өзі маған коммунистер мен басқа да кім болса солардың 20 қарарынан гөрі, түрлі сөздерінен гөрі миллион есе бағалы.

Іс адамдары—инженерлер, көпестер және т. т.—егер бұл өкімет болмашы болса да, аздап болса да темір жолдарды дұрыстайтын болса, онда біз мұның өкімет екенін мойындаймыз дейді. Ал өкіметке мұндай баға берілуі бәрінен де маңыздырақ. Өйткені темір жолдар—істің түйіні, мұның өзі қала мен деревняның арасындағы, өнеркәсіп пен егіншіліктің арасындағы мейлінше айқын байланыстың көріністерінің бірі, социализм түгелдей осы байланысқа негізделеді. Мұны бүкіл халықтың мүдделерін көздеп жоспарлы түрде жұмыс істеуге біріктіру үшін темір жолдар керек.

Мартовтар мен Карелиндер сияқтылардың бәрін бір жерден табыстырған, кадеттік баспасөз қайта-қайта езбелеп отырған диктатура және т. т. туралы осы бос сөздердің бәрі, міне, осылардың бәрі түкке алғысыз.

Мен сіздерге осыны істеп отырған жұмысшы ұйымдарын және басқа кәсіпорындардағы, өнеркәсіптің басқа салаларындағы мемлекеттік капитализмді мысал ретінде атап өттім; темекішілерде, былғарышыларда мемлекеттік капитализм басқалардағыдан гөрі көбірек, сондықтан оларда тәртіп те күштірек, социализмге баратын жол да неғұрлым қамтамасыз етілген. Ал мұны жасыруға болмайды. Сондай-ақ Гениң: мен әркімді винтовкамен істетемін дегені сияқты, сорақы сөздерді ай-

туға да болмайды. Мұның өзі нағыз соарақылық қой және винтовканың неменеге керек екенін түсінбегендік қой. Осыдан кейін анархист Генің басы жаман нәрсе болмаса, онда винтовка жаман нәрсе екен ғой деп ойлап қалуға болады. (Қол шапалақтау.) Бізге қарсы соғыс жүргізіп жатқан капиталисті ату керек болған кезде, ұрыларды ұрлық үстінде ұстап алып, атып тастау керек болған кезде винтовка өте жақсы нәрсе. Бірақ Бухарин жолдастың 4000 сом алатын адамдар бар, оларды қабырғаға қойып, ату керек деуі дұрыс емес. Иә, оларды тауып алу керек. Бізде адамдар 4000 сомнан алатын орын онша көп емес қой. Оларды ол жаққа да, бұл жаққа да тартқылайды,— бізде мамандар жоқ, істің түйіні, міне, осында, өз салаларында маңдай алды маман 1000 адамды іске тарту қажет болатыны, міне, осыдан, бұл адамдар өз ісін бағалайды, бұлар ірі өндірісті жақсы көреді, өйткені мұнда техниканың жоғары болатынын олар біледі. Сондықтан осында біреулердің: социализмге буржуазиядан үйренбей-ақ жетуге болады деуін, мұны мен Орталық Африканы мекендеушінің психологиясы деп білемін. Біз ірі капиталистік мәдениеттің берген барлық сабақтарының негіздеріне негізделген социализмнен басқа социализмді білмейміз. Почтасыз, телеграфсыз, машиналарсыз социализм — барып тұрған бос сөз. Бірақ буржуазиялық жағдай мен буржуазиялық әдеттерді бірден құрту мүмкін емес, ол үшін бүкіл қазіргі ғылым мен техника негізделіп отырған ұйым керек. Бұл іс үшін винтовканы еске алу асқан ақымақтық. Бүкіл халықтың табыс салығын төлеуі, еңбек міндеткерлігінің енгізілуі, әрбір адамның тіркелетін болуы бүкіл халықтық ұйымшылдыққа байланысты; әрбір адам тіркелмейінше, оған біздің ақы төлеуіміз керек. Бухарин бұл жерде принципті көрмей отырмын дегенде, мұның бұған қатысы жоқ. Маркс тап ретінде буржуазияға төлем төленетінін болжап айтқан-ды. Ол Англия туралы Англияда империализм әлі жоқ кезде, социализмге бейбіт жолмен өтуге мүмкіндік бар кезде жазды,— мұның өзі әсте бұрынғы социализмге сілтеме жасау емес[114]. Қазір әңгіме буржуазия жайында емес, мамандарды жұмысқа тарту жайында болып отыр. Мен

бір мысал келтірдім, мыңдаған мысал келтіруге болады. Бұл арада әңгіме адамдарды жұмысқа тарту жайында ғана болып отыр, оларды не көп ақы төлеп, немесе идеялық жағынан ұйымдастыру арқылы тартуға болады, өйткені бүкіл ақының соларға төленетінін сіз бұл арада сызып тастай алмайсыз. Мен келтірген мысалдан бізге мәлім нәрсе,— сіздер бұған дейін іштей сынап келдіңіздер ғой, ақының көп төленетінін солшыл эсерлер де жақсы біледі ғой, мұны солшыл коммунистер мен новожизньшілдер де біледі.

Олар бұл арада да сынап отырған жоқ. Совет өкіметін олардың шынайы сынауы, міне, қандай десеңізші! Олар өздерінің инженерлеріне бір жарым мыңнан төлепе бастағанды байқаған кезде, олар бұл жөнінде үндеген жоқ. Мұндай инженерлерге ақы төлеу әлдеқайда пайдалырақ деді. Сондықтан бұл арада Юлий Цезарь да, диктатура да жоқ. Бұл — халық бұқарасына саяси тәрбие берудің нақ өзі. Ал егер мен: біз айына бір жарым-екі мың төлей бастаймыз десем, бұл — бір адым шегінгендік болады. Сонда Юлий Цезарь да, III Наполеон да, Брест-Литовск бітімі де, не болса соның бәрі де сахнаға шыға келеді; ал сіздердің мамандарыңыз туралы, сіздердің инженерлеріңіз туралы ештеңе айтылмайды, үн жоқ. Біреулер мұның өзі принципті бұзғандық емес дегенде, Бухарин де осылай дегенде, мен бұл жерде Париж Коммунасының принципін бұзушылық бар деймін. Мемлекеттік капитализм ақшада тұрған жоқ, қоғамдық қатынастарда тұр. Егер біз темір жол декреті бойынша екі мың сомнан беріп отырсақ, мұның өзі мемлекеттік капитализм. Егер Бухарин жолдас 1915 жылғы Циммервальд қарары туралы нұсқаулар берген болса, онда ол шала піскен бұл теориядан құтылып шыға алмайды. Құтылып шығыңыз, Бухарин жолдас. Енді Бухарин жолдас мені ұсақ буржуазиялық стихияға шабуыл жасап отыр дейді.

Мен ұсақ буржуазиялық стихия туралы айтқанда, еңбекші шаруаларға тиіскен жоқпын. Еңбекші шаруаларды қоя тұрайық — әңгіме олар жайында болып отырған жоқ. Бірақ шаруалардың арасында еңбекші шаруалар бар және ұсақ меншікші ретінде өзгенің есе-

11*

бінен күн көретін ұсақ буржуазиялық шаруалар бар, ал еңбекші шаруаларды басқалар қанайды, бірақ олар өз есебінен күн көргісі келеді. Сондықтан, егер еңбекші шаруаларға шүйліге бастаса, онда Карелин жолдастыкі дұрыс емес. Талап алынғанды талапайлаудан еш нәрсе де ұтпайтын бұл кедей шаруа біздің жағымызда. Оған біздің ұрандарымыз жарап кетеді. Талап алынғанды талапайла деген ұранды деревняларда жұрттың қалай түсінетінін біз өте жақсы білеміз және байқап та отырмыз. Егер онда диктатура туралы үгітпен және Брест бітімі туралы бос сөздермен, т. т. баратын болса, онда бізге қарсы шыққан адамдар жеке-дара қалады, қолдау таппайды. Пролетариат, күйзелген және жеке шаруашылық мағынасындағы халі мүшкіл шаруалар бұқарасы біздің жағымызда болады, өйткені жай ғана талау арқылы Россияны сақтап қалуға болмайтынын жақсы біледі. Бұл біздің бәрімізге жақсы мәлім, мұны жергілікті жерде әркім де көріп, сезіп отыр.

Біз бұл арада еңбекшілер бұқарасының экономикалық қажетімен, ниғылымен бір жерден шығып отырмыз. Сондықтан да, табынап азған «солшыл коммунистер» интеллигенциясы бізге қарсы қаһарын төккен кезінде біз мынаған сенуге тиістіміз: олар бізге қалай ұрысқанымен де, социалистік революцияның бұл ұраны — бірден-бір дұрыс ұран, өзіміз социалистік революцияны нығайтып, аяқтап шығу үшін еңбекшілер бұқарасы бұл ұранды түсініп, пайдалана білуі керек. Қандай жұмысшы жиналысында болса да бұл мәселеден жалтарып кете алмайсың; осы декретпен, осы мәселемен жұрт соңыңнан қалмайтын болады, біз мінсізбіз дей алмаймыз, біздің нашар декреттеріміз көп-ақ. Түзетіңіздер: сіздердің әр түрлі журналдарыңыз, әдебиетшілер топтарыңыз бар,— темір жол декретінің нашар жері қайсы екенін айтыңыздаршы; біз 4 апрельдегі кеңесте осылай істеңіздер дегенбіз, ал бүгін міне 29 апрель,—25 күн өтті, ал тамаша әдебиетшілердің тұтас бір тобы үнсіз қалып отыр, өйткені олар ештеңе айта алмайды.

Біздің темір жол декретінің өзіміз түзетуге әзір отырған көптеген қателері бола тұрса да, ол керекті нәрсе-

нің ең елеулісін қамтығанын өздеріңіз білесіздер; бұл декрет ең қатаң тәртіпке берілген, дара билік арқылы біріктірілуге тиісті жұмысшылар бұқарасына сүйенеді; бұл дара билікті Советтер тағайындап, Советтер алмастыра алады және жұмыс кезінде, еңбек үстінде, процесте оның мүлтіксіз орындалуын талап етеді, керек болғанда ірі өндірістің машина сияқты жұмыс істеуін талап етеді,— осы жұмыс кезінде мыңдаған адамның бір ғана ерікті басшылыққа алуын, бір ғана совет жетекшісінің бұйрығына бағынуын талап етеді. (Қол шапалақтау.) Ал осы жөнінде Наполеон мен Юлий Цезарьді еске алу — не ақылдан адасу, не большевиктерді қарғап-сілейтін цензді әдебиет әріптері арасында біржола адасып кету деген сөз. Темір жол декреті дегеніміз, жолдастар, біздің дұрыс жолға түскенімізді, біздің жол тапқанымызды көрсететін қадам. Мен өзімнің сөзімде біздің неге бұл жолға түскенімізді сіздерге айтқан болатынмын; біз Халық Комиссарлары Советінде ұлы Наполеон мен Юлий Цезарь туралы талқылаған жоқпыз, қайта темір жолды қалай түзеуге болатыны жайында жүздеген рет пікірлестік, бізге жергілікті жердегі адамдардың пікірі де белгілі, пролетарлық элементтің біздің жағымызда екенін, оның тәртіп іздеп, тәртіп күтіп отырғанын, Россияның орталығында жұрттың қалай ашығып отырғанын, ал астықтың бар екенін, бірақ тасымалда тәртіптің жоқтығы салдарынан астықты жеткізу қиынға соғып отырғанын пролетарлық элементтің көріп отырғандығын біз темір жол ұйымдарымен өткізген толып жатқан әңгімелерден де білеміз.

Ал егер адасқан, ұсақ буржуазиялық пиғылдағы қобалжушы адамдар болса, бұларды дара билік үрейлендіріп отырса, бұлар долданып, бізге ілеспей отырса, бұл неліктен? Мұның себебі оң қанаттың бар екендігінен бе, мұның себебі әсіресе солшыл эсерлердің долыруынан ба, мұның өзі барып тұрған шым-шытырық, мұны ешкім біліп болмайды,— сондықтан бостан-босқа даурлаға бермеу үшін біз: түбегейлі мәселені алып, соған нақтылы қарап көріңіздер дейміз.

Осы арада, Карелин мен Мартовтың айтып отырғанындай, буржуазиямен ымыраласу туралы сөз ету түк-

ке тұрғысыз нәрсе. Әлеуметтік революцияның ертеңіне өмірдің қандай болатынын Каутскийдің қалай суреттегенін оның беделді кітапшасынан мен сіздердің естеріңізге түсіре кетейін. Шамамен айтсам, ол: тресті ұйымдастырушылардың қол қусырып отыруына тура келмейді, деп жазды. Мұны өнімдерді өндіру мен бөлу үшін ондаған миллион адамды ұйымдастыру дегеннің үлкен жұмыс екенін түсінетін адам жазған! Біз мұны үйренгеніміз жоқ, үйренетін жер де жоқ, ал тресті ұйымдастырушылар мұнсыз социализмнің болмайтынын біледі. Ал бізге мұны білу керек. Сондықтан да буржуазиямен ымыраласу, келісімге келу туралы айтылып жүрген сөздердің бәрі — бос былшыл. Сіздер Каутскийдің ірі өндірісті тәжірибеден білу керек деген қағидасын теріске шығара алмайсыздар.

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ АЛТЫ ТЕЗИС[115]

1. Совет республикасының халықаралық жағдайы мейлінше қиын және тым ауыр, өйткені халықаралық капитал мен империализмнің ең терең және түбегейлі мүдделері оны Россияға соғыс шабуылын жасауға ғана емес, сонымен қатар Россияны бөлісу мен Совет өкіметін тұншықтыру туралы келісімге келуге ұмтылуға итермелеп отыр.

Бұл ұмтылуды Европаның батысында халықтарды империалистік қырғынға ұшыратудың шиеленісуі және Жапония мен Американың Қиыр Шығыстағы империалистік жарысы ғана тоқтата алады немесе тежей алады, соның өзінде де ішінара ғана, сірә, белгілі бір, қысқа уақытқа ғана тежейтін болар.

Сондықтан Совет республикасының міндетті түрдегі тактикасы, бір жағынан, елдің экономика жағынан тез өрге басуы үшін, оның қорғаныс қабілетін күшейту үшін, социалистік қуатты армияны құру үшін барлық күшті мейлінше жұмылдыру болуға тиіс; екінші жағынан, халықаралық саясатта қазіргі кезде бірқатар алдыңғы қатарлы елдерде бұрынғы кездегіден тезірек жетіліп келе жатқан халықаралық пролетарлық революция біржолата пісіп жеткен сәтке дейін амалдау, шегіну, аңысын аңдау тактикасы болуға тиіс.

2. Ішкі саясат саласында қазіргі кезде, Советтердің Бүкіл россиялық съезінің 1918 жылғы 15 марттағы қарарына сәйкес, ұйымдастыру міндеті күн тәртібіне қойылып отыр. Нақ осы міндет, қоғамдастырылған машиналы ірі (еңбектің) өндірістің негізінде өнімдерді өндіру мен бөлу ісінің жаңаша, жоғары дәрежеде қойылысына қолданылғанда, Россияда 1917 жылы 25 ок-

тябрьде басталған социалистік революцияның басты мазмұны — және оның толық жеңіп шығуының басты шарты — болып табылады.

3. Таза саяси тұрғыдан қарағанда, кезеңнің түйінді мәселесі мынада: социалистік революция программасының дұрыстығына еңбекші Россияның көзін жеткізу міндеті және еңбекшілер үшін Россияны қанаушылардан жеңіп алу міндеті, басты және негізгі жағынан алғанда, аяқталған міндеттер болып табылады, сондықтан күн тәртібіне басты міндет — Россияны қалай басқару міндеті қойылып отыр. Дұрыс басқару ісін, Совет өкіметінің қаулыларын бұлжытпай жүзеге асыру ісін ұйымдастыру — Советтердің көкейтесті міндеті осындай, мемлекеттің советтік типінің толық жеңіп шығуының шарты осындай, мемлекеттің мұндай типін формальды түрде декреттеу әлі жеткіліксіз, оны елдің түкпір-түкпірінің бәрінде құру және енгізу әлі жеткіліксіз, қайта мұның үстіне үздіксіз, күнбе-күн жүргізілетін басқару жұмысында оны практикалық жағынан жолға қойып, тексеріп отыру қажет.

4. Социализмнің экономикалық құрылысы саласында кезеңнің түйінді мәселесі мынадай: өнімдерді өндіру мен бөлуді бүкіл халықты қатыстырып, барлық жағын қамтитын етіп есепке алу, бақылау ісін ұйымдастыру жөніндегі және өндірісті пролетарлық жолмен ретке салу жөніндегі жұмысымыз экспроприаторларды — помещиктер мен капиталистерді тікелей экспроприациялау жұмысынан өте артта қалып отыр. Мұның өзі біздің міндеттерімізді белгілейтін негізгі факт.

Бұдан шығатын қорытынды, бір жағынан, буржуазияға қарсы күрес жаңа кезеңге еніп отыр, атап айтқанда: ең негізгі салмақ есеп пен бақылауды ұйымдастыруға түсіп отыр. Октябрьден бастап капиталға қарсы қолымыз жеткен экономикалық табыстардың бәрі, халық шаруашылығының жеке салаларын национализациялау жөніндегі жүзеге асырылған шаралардың бәрі осындай жолмен ғана баянды етіле алады, ендеше буржуазияға қарсы күресті ойдағыдай аяқтау, яғни социализмнің толық нығайтылуы тек осындай жолмен ғана әзірлене алады.

Совет өкіметінің белгілі бір жағдайларда бір адым кері басуына немесе буржуазиялық тенденциялармен компромисс жасасуына тура келгендігінің себебін, екінші жағынан, жоғарыда көрсетілген негізгі фактімен түсіндіруге болады. Мәселен, бірқатар буржуазиялық мамандар үшін жоғары ақы төленетін жағдайдың енгізілуі осындай бір адым кері басқандық және Париж Коммунасының принциптерінен шегінгендік еді. Бүкіл халықты бірте-бірте кооперативтерге тарту жөніндегі адымдар мен шаралар туралы буржуазиялық кооперативтермен келісімге келу осындай компромисс болды. Пролетарлық өкімет бүкіл халықтық бақылау мен есепті әзірге аяғына тік бастырып алмайынша, бұл сияқты компромистер қажет, сондықтан біздің міндетіміз мынада: бұл компромистердің теріс белгілерін халықтан эсте жасырмай, бұл сияқты компромисс атаулыны толық жоюдың бірден-бір құралы мен жолы ретіндегі есеп пен бақылауды жақсартуға бар күшті жұмсау керек. Қазіргі кезеңде неғұрлым асықпай, бірақ неғұрлым берік алға басуды бірден-бір қамтамасыз ететін (өзіміз есеп пен бақылау жөнінен кешігіп қалып отырғанда) нәрсе ретінде бұл сияқты компромистер қажет. Өнімдерді өндіру мен бөлу ісін есепке алу және бақылау толық енгізілгенде мұндай компромистердің керегі болмай қалады.

5. Күн тәртібіне әсіресе еңбек тәртібі мен еңбек өнімділігін көтеру шаралары қойылып отыр. Бұл бағытта қазірдің өзінде басталып отырған, әсіресе кәсіптік одақтар бастап отырған шаралар барынша қолданылатын, ныгайтылатын және күшейтілетін болуға тиіс. Бұл шараларға, мәселен, кесімді ақының енгізілуі, Тейлор системасындағы ғылыми және прогресшіл деген нәрсенің көбінің қолданылуы, жұрттың табысының фабрика жұмысының жалпы қорытындыларымен немесе темір жол мен су жолы транспортының пайдаланылу нәтижелерімен сәйкестендірілуі, т. т. жатады. Сондай-ақ, жекелеген өндіру және тұтыну коммуналарының арасында жарыстың ұйымдастырылуы, ұйымдастырушылардың іріктеп алынуы, т. т. да осы шараларға жатады.

6. Пролетариат диктатурасы капитализмнен социализмге өтер кезде сөзсіз қажетті нәрсе болып табыла-

ды, біздің революцияда да бұл ақиқат практикалық жағынан толық расталып шықты. Бірақ диктатура қанаушыларды да, бұзақыларды да басып-жаныштауда шын мәнісінде берік және аяусыз революциялық өкіметтің болуын қажет етеді, ал біздің өкіметіміз тым жұмсақ. Еңбек ету кезінде совет басшыларының, совет мекемелері сайлаған немесе тағайындаған, диктаторлық уәкілдігі бар (мәселен, темір жол декретінің талап етіп отырғанындай) диктаторлардың дара билігіне бағынудың, оның үстіне қалтқысыз бағынудың қамтамасыз етілуі әлі де өте-мөте жеткіліксіз. Бұл арада ұсақ буржуазиялық стихияның, пролетарлық тәртіптілік пен социализмге түп-тамырымен қайшы келетін ұсақ меншікшілдік әдеттер, ниеттер мен пиғылдар стихиясының әсері болып отыр. Пролетариаттағы саналы дегеннің бәрі осы ұсақ буржуазиялық стихияға қарсы күресуге жұмылдырылуға тиіс, бұл стихия тікелей (пролетарлық өкіметке түрліше қарсылық жасалуын буржуазия мен оның құйыршықтары: меньшевиктердің, оңшыл эсерлердің, т. т. қолдауы арқылы) көрініп қана отырған жоқ, сонымен қатар жанамалап та (саясаттың басты мәселелері жөнінде ұсақ буржуазиялық солшыл эсерлер партиясының да, партиямыздың ішіндегі ұсақ буржуазиялық революцияшылдықтың тәсілдеріне дейін құлдырап отырған, солшыл эсерлерге еліктеп отырған «солшыл коммунистік» ағымның алас ұрып ауытқуынан) көрініп отыр.

Темірдей берік тәртіпті және ұсақ буржуазиялық ауытқушылықтарға қарсы ақырына дейін жүргізілетін пролетариат диктатурасын орнату керек — кезеңнің жалпы және қорытынды ұраны, міне, осындай.

1918 ж. 29 апрель мен 3 май аралығында жазылған

1918 ж. 9 майда «Беднота» газетінің 33-номерінде басылған

Мына кітапшаның екінші басылуының қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр: Н. Ленин. «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасы, 1918

ЕГІС КӨЛЕМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ДЕКРЕТІНІҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША[116]

Егіншілік және азық-түлік комиссариаттарына жаздық астықтардың кем себілуін мүмкін болғанынша азайту үшін, огород шаруашылығын өрістету үшін және шаруалардың жерлерінде де, сондай-ақ мемлекеттік егіс егу ісін ұйымдастыру жолымен де күздік егістерді әзірлеу үшін шұғыл шаралар қолдану тапсырылады.

1918 ж. 2 майда жазылған

1918 ж. 10 майда «Известия ВЦИК» газетінің 91-номерінде (толық емес түрінде) басылған

Бірінші рет 1959 ж. мына кітапта толық басылған: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ[117]

Күн тәртібіне парақорлар туралы істің (2. V. 1918) судьялары бола тұрып, парақорлардың пара алғандығы дәлелденіп, оны өздері мойындап отырған жағдайда, $^1/_2$ жыл түрмеге кесу үкімімен шектелген партия мүшелерін партиядан шығару туралы мәселе қоюды өтінемін.

Парақорларды аттырудың орнына осындай мазақ боларлық әлсіз және жұмсақ үкімдер шығару коммунист үшін және революционер үшін *масқара* қылық. Мұндай жолдастарды қоғамдық пікірдің сотымен *қудалау* керек және *партиядан шығару* керек, өйткені олардың орны коммунист-революционерлердің қатарында емес, Керенскийлердің немесе Мартовтардың қатарында.

Ленин

4. V. 1918.

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«СОЛШЫЛ» БАЛАЛЫҚ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯШЫЛДЫҚ ТУРАЛЫ

1918 ж. 9, 10 және 11 майда «Правда» газетінің 88, 89 және 90-номерлерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Мына кітапшаның тексті бойынша басылып отыр: Н. Ленин. «Біздің дәуіріміздің басты міндеті», Москва, «Прибой» баспасы, 1918; ол газеттің және мына кітапшаның текстімен салыстырылған: Н. Ленин (В. И. Ульянов) «Жаңа тақырыптарға жақын ескі мақалалар», Москва, 1922

«Солшыл коммунистердің» кішкене тобының өздерінің «Коммунист» журналын (№ 1, 20 апрель, 1918) және өздерінің «тезистерін» басып шығаруы менің Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы кітапшамда* айтқанымды тамаша дәлелдейді. Кейде «солшыл» ұрандарды бетке ұстап, ұсақ буржуазиялық азғындықты қорғау барып тұрған аңқаулық екеніне бұдан артық айқын дәлелді — саяси әдебиеттегі дәлелді — күтуге де болмас еді. «Солшыл коммунистердің» пайымдауларына тоқталу пайдалы және қажет те, өйткені мұның өзі бастан кешіріп отырған кезеңге тән пайымдаулар; бұл пайымдаулар осы кезеңнің «түйінін» теріс жағынан барынша айқын ашып көрсетеді; бұлар ғибрат аларлық пайымдаулар, өйткені біз бұл жерде кезеңді ұқпай қалғандардың ішінен ең тәуір деген адамдарды көріп отырмыз, бұлар білімі жағынан да, адал берілгендігі жағынан да нақ осындай қателердің *кәдімгі* өкілдерінен, атап айтқанда солшыл эсерлерден әлдеқайда көп жоғары тұрған адамдар.

I

Саяси — немесе саяси рольге дәмеленуші — күш ретінде «солшыл коммунистер» тобы бізге өздерінің «ағымдағы кезең туралы тезистерін» берді. Бұл — өз

---

* Қараңыз: осы том, 179—225-беттер. *Ред.*

көзқарастары мен өз тактикасы негіздерін байланысты түрде, тұтас баяндап беру,— марксистік жақсы салт. Ал осы марксистік жақсы салт біздің «солшылдардың» қатесін әшкерелеуге көмектесті, өйткені тақпақтау емес, дәлелдеуге талпынудың бір өзі-ақ дәлелдердің негізсіздігін ашып береді.

Ең алдымен көзге түсетіні — Брест бітімін жасасу дұрыс па еді деген ескі мәселе жөнінде ишарат жасап, тұспалдап айтудың, жалтарыстардың көптігі. Бұл мәселені тура қоюға «солшылдар» бата алмады, сондықтан олар бір дәлелдің үстіне бір дәлелді үйіп-төгіп, пікірлерге шап ете жармасып, «бір жағынан» және «екінші жағынан» дегендердің бәрін іздестіріп, кісі күлерліктей тырбаңдайды, өздерін өздері соққылап отырғанын көрмеуге тырысып, барлық нәрселерге, басқа да толып жатқан нәрселерге ой жүгіртеді. Партия съезінде бітімді жақтап 28 дауыс берілсе де, бітімге қарсы 12 дауыс берілді деген цифрды «солшылдар» мұқияттай алға тарта береді, ал Советтер съезінің большевиктік фракциясында берілген әлденеше жүз дауыстың «солшылдар» оннан бірінен кемірегін ғана жинағаны туралы олар момақансып үндемейді. Бітім жасатқандар — «қажығандар мен табынан азғандар», бітімге қарсы «болғандар — экономикалық жағынан неғұрлым өміршең және астықпен жақсырақ қамтамасыз етілген оңтүстік облыстардың шаруалары мен жұмысшылары» деген «теория» шығарады... Бұған қалай күлмессің? Советтердің Бүкіл украиндық съезі бітімді жақтап дауыс бергені туралы ләм деп ауыз ашпайды, Россиядағы бітімге қарсы болған нағыз ұсақ буржуазиялық және табынан азған саяси қырық құраудың (солшыл эсерлер партиясының) әлеуметтік және таптық сипаты туралы бір сөз айтпайды. «Ғылымилық» деген күлкілі түсінік беріп, өзінің күйрегендігін бүркемелеу, фактілерді бүркемелеу — нағыз балалық қылық; фактілердің жай жиынтығының өзі-ақ революциялық ұсақ буржуазиялық бос сөзден тұратын ұрандар арқылы бітімге дау шығарғандар — атап айтқанда партияның табынан азған, интеллигенттік «бетке шығарлары» мен жоғарғы

топтары болғанын, ал бітім жасатқандар — атап айтқанда жұмысшылар мен қаналған шаруалар *бұқарасы* болғанын көрсете алар еді.

Дегенмен, «солшылдардың» соғыс пен бітім туралы мәселе жөніндегі жоғарыда көрсетілген барлық мәлімдемелері мен жалтарыстарына қарамастан қарапайым және айқын шындық өзіне жол тауып шығып отыр. «Бітімнің жасалуы,— деп мойындауға мәжбүр болады тезистердің авторлары,—әзірше империалистердің халықаралық көлемде мәмлеге келуге ұмтылуын әлсіретті» («солшылдардың» бұлай баяндауы дәл емес, бірақ дәл айтылмаған нәрселерге бұл жерде тоқталып жатудың орны жоқ). «Бітімнің жасалуы қазірдің өзінде-ақ империалистік державалар арасындағы қырқыстың өрши түсуіне жеткізіп отыр».

Міне, бұл — факт. Міне, мұның *шешуші* маңызы бар. Міне, сондықтан да бітім жасасуға қарсылар объективті түрде империалистердің қолындағы ойыншығы болды, олардың қармағына ілініп қалды. Өйткені бірнеше елді қамтыған халықаралық социалистік революция, *халықаралық империализмді* жеңе алатын сондайлық күшті революция тұтанғанға дейін, соған дейін бір (әсіресе артта қалған) елде жеңген социалистердің тура борышы — империализм алыптарымен шайқасқа *бармау*, шайқастан жалтарып кетуге тырысу, империалистердің өз арасындағы қырқыс оларды *мұнан да гөрі* әлсіретіп, басқа елдердегі революцияны мұнан да гөрі жақындата түсуін күте тұру. Осы қарапайым ақиқатты біздің «солшылдар» январьда, февральда және мартта түсінген жоқ, олар мұны ашық мойындаудан қазір де қорқады; бұл ақиқат олардың: «бір жағынан, мойындамауға болмайды, екінші жағынан, мойындау керек» деген кілең бұлдыр сөздерін бұзып-жарып, жол тауып шығып отыр.

«Таяудағы көктем мен жаздың ішінде,— деп жазады «солшылдар» өздерінің тезистерінде,—империалистік системаның күйреуі басталуға тиіс; соғыстың қазіргі кезеңінде герман империализмі жеңе қалған жағдайда бұл күйреу тек кешеуілдеуі мүмкін, онда ол бұдан да асқынған түрде көрінетін болады».

Ғылымилықты қаншама желеуретсе де, мұндағы тұжырымдау одан да бетер балалық балдыр-батпақ болып отыр. Қай жылы, көктем мен жазда ма немесе күз бен қыста ма «күйреудің басталуы» «тиіс» екенін ғылым анықтай алады деп «ұғыну» балаларға тән қасиет.

Бұл — білуге болмайтын нәрсені білем деп зорланып күлкі болу. Бірде-бір байсалды саясатшы «системаның» қандай да бір күйреуінің *қашан* «басталуға тиіс» екенін епі уақытта айтпайды (оның үстіне, *системаның* күйреуі басталып та қойған, ал әңгіме *жеке* елдердегі дүмпудің мезгілі жайында болып отыр). Бірақ неғұрлым алдыңғы қатарлы басқа елдерде революцияның дүмпуі қазір, бітімнен бері басталған «тыныс алудың» бір айы өткеннен кейін, мұнан бір ай, ай жарым бұрынғысына қарағанда, бізге *жақындай* түскендігі туралы даусыз ақиқат дәрменсіз балалық тұжырымдауға қарамастан тағы да жол тауып шығып отыр.

Демек?

Демек, социализм әлі әлсіз болып отырған кезде және шайқастың мүмкіншілігі социализм үшін көрінеу көзге *тиімсіз* кезде күштердің арасалмағын есептей білу керек және империалистердің социализмге қарсы шайқасын жеңілдетіп, оларға *жәрдем бермеу* керек деп, әсерлі нәрсеге құмарлардың құлақтарына құюмен келген бітім жағындағылардың айтқаны түгелдей дұрыс болып шықты және тарих мұны қазірдің өзінде растап отыр.

Бірақ біздің «солшыл» коммунистер күштердің арасалмағы туралы, күштердің арасалмағын есепке алу туралы ойлана білмейді,—бұлар өздерін «пролетарлық» коммунистерміз деп атауды да ұнатады, өйткені бұлардың пролетарлық жағы өте аз, ұсақ буржуазиялық жағы өте көп. Марксизм мен маркстік тактиканың түйіні, міне, осында, ал олар мына төмендегі тәрізді «тәкаппарлық» бос сөздермен «түйінге» соқпай өте шығады:

> «...Бұқараға әрекетсіз «бітім психологиясын» сіңіру—саяси кезеңнің объективті фактісі...»

Неткен керемет сөздер десеңізші! Соғыстардың ішіндегі үш жылға созылған ең азапты, ең реакциялық со-

ғыстан кейін, Совет өкіметінің арқасында және оның лепірме сөзге салынбайтын дұрыс тактикасының арқасында халық болмашы, тіпті болмашы, баянсыз әрі тіпті болымсыз тыныс алды, ал «солшыл» интеллигентсымақтар өзіне өзі ғашық болған Нарциссше терең ойлысынып: «бұқараға (???) әрекетсіз (!!!???) бітім психологиясын сіңіру (!!!)» деп маңызданады. «Солшылдардың» газеті немесе журналы «Коммунист» деп аталмай, қайта «Шляхтич» деп аталуы керек еді деп менің партия съезінде айтқаным дұрыс емес пе еді?*.

Еңбекшілердің, қаналған бұқараның өмір жағдайы мен психологиясын аз да болса түсінетін коммунист байбатшаның немесе шляхтичтің пиғылындағы нағыз интеллигенттің, ұсақ буржуаның, табынан азғандардың көзқарасына, «бітім психологиясын» «әрекетсіздік» деп жариялап, ал картон семсер сермеуді «әрекет» деп санайтын көзқарасқа дейін құлдырай алар ма? Өйткені біздің «солшылдар» жалпыға мәлім және Украинадағы соғыста тағы да дәлелденіп отырған фактіні, үш жылғы қырғынның азабын көрген халықтардың тыныс алмайынша соғыса алмайтынын, соғысты ұлт көлемінде ұйымдастыруға күш болмаса, соғыс темірдей берік пролетарлық тәртіп орнатпай, қайта оның орнына барлық жерде бірдей ұсақ меншікшілдік ыдырау психологиясын тудыратынын орағытып өтіп отырғанда, мұның өзі картон семсер сермеудің нақ өзі болып табылады. Пролетарлық темірдей берік тәртіп туралы және оны әзірлеу туралы біздің «солшылдардың» түк түсінбейтінін, олардың бойына табынан азған ұсақ буржуазиялық интеллигенттің психологиясы әбден сіңіп болғанын біз «Коммунист» журналынан қадам басқан сайын көріп отырмыз.

II

Бірақ, «солшылдардың» соғыс туралы бос сөздері, мүмкін, әншейін балалық албырттық болар, оның үстіне өткен уақытқа арналғандықтан онда саяси маңыз дегеннің жұрнағы да жоқ шығар? Кейбіреулер біздің

* Қараңыз: осы том, 24-бет. *Ред.*

«солшылдарды» осылай қорғайды. Бірақ бұл дұрыс емес. Егер саяси басшылықтан дәмең болса, саяси міндеттерді *ойластыра* білуің керек, ал мұның болмауы «солшылдарды» ауытқудың мүлде тұрлаусыз уағызшыларына айналдырады, бұл ауытқудың объективті жағынан бір ғана мәні бар: өздерінің ауытқуымен «солшылдар» Россия Советтік республикасын өзіне көріне-көзге тиімсіз ұрысқа арандату арқылы империалистерге *көмектеседі*, империалистердің бізді қақпанға түсіруіне *көмектеседі*. Тыңдап көріңіздерші:

«...Халықаралық революциялық жолдан тайып, шайқастан үнемі жалтара отырып және халықаралық капиталдың қысымынан шегініп, «отандық капиталға» жеңілдіктер жасап, Россияның жұмысшы революциясы «өзін сақтай» алмайды.

Осы тұрғыдан қарағанда: халықаралық революциялық насихатты сөзбен және іспен ұштастыратын халықаралық таптық батыл саясат керек және халықаралық социализммен (халықаралық буржуазиямен емес) біте қайнасқан байланысты нығайту керек...».

Бұл арада ішкі саясат саласында болып отырған тиісулер туралы арнайы сөз болады. Бірақ — іс жүзіндегі жасқаншақтықпен қатар — сыртқы саясат саласындағы мынадай жөнсіз сылдыр сөзге қараңыздаршы. Кімде-кім *қазіргі* кезеңде империалистік арандатушылықтың құралы болғысы келмесе және қақпанға түспеймін десе, ол қандай тактика ұстауға *міндетті?* Бұл сұраққа әрбір саясатшы айқын, тура жауап беруге тиіс. Біздің партияның жауабы жұртқа белгілі: *қазіргі* кезеңде *шегіну,* шайқастан бойды аулақ салу. Біздің «солшылдар» мұның керісінше айтуға бата алмай: «халықаралық таптық батыл саясат» деп беталды лағады!!

Бұл—бұқараны алдау. Қазір соғысқыларың келе ме, мұны солай деп тура айтыңдар. Қазір *шегінгілерің* келмей ме, мұны да тура айтыңдар. Әйтпесе сіздер — объективті рольдеріңіз бойынша —империалистік арандатушылықтың құралысыздар. Ал сіздердің субъективті «психологияңыз»— құтырынған ұсақ буржуаның психологиясы; ол ұсақ буржуа қоқиланады, лепіреді, бірақ пролетардың шегінуі және ұйымдасқан түрде шегінуге тырысуы *дұрыс* екенін өте жақсы сезеді;— про-

летардың әзірше күшсіз болғандықтан, Уралға дейін болса да шегіну (батыс және шығыс империализмінен) керек деп есептеуі дұрыс, өйткені Батыстағы революцияның, революция болғанда («солшылдардың» былшылына қарамастан) «көктемде немесе жазда» басталуға «тиісті» емес, бірақ *әр ай сайын* біртіндеп жақындап және айқындалып келе жатқан революцияның пісіп жетілу кезеңі үшін ұтып шығудың *бірден-бір* мүмкіншілігі осы.

«Солшылдардың» «өз» саясаты жоқ; *қазір* шегінудің керегі жоқ деп айтуға олардың *батылы бармайды*. Олар сөзді құбылтып, шыр айналады, бұлталақтайды, *қазіргі кезеңде* шайқастан бойды аулақ салу деген мәселенің орнына, олар шайқастан бойды «үнемі» аулақ салу деген мәселені тықпалайды. Олар: «халықаралық революциялық насихатты іспен уштастыру»!! деп сабынның көбігінше көпіртеді. Бұл не деген сөз?

Бұл екінің бірі ғана деген сөз: бұл не ноздревшілдік, не бұл халықаралық империализмді құлатуды көздеген шабуылды соғыс. Мұндай сандырақты ашық айтуға болмайды, сондықтан да «солшыл» коммунистердің кез келген саналы пролетардың мазағынан сақтанып, даурықпа, құрғақ сөздердің көлеңкесін паналауына тура келеді, олар: «халықаралық революциялық насихатты іспен ұштастыру» дегеннің не екенін, бәлкім, аңғырт оқушы аңғара қоймас деп ойлайды.

Даурықпа сөздерді тоғыту—табынан азған ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның қасиеті. Ұйымдасқан пролетар-коммунистер бұл «манерасы» үшін жазалайды, мүмкін, кем дегенде мазақ етумен және қандай да болсын жауапты орыннан қуып шығумен жазалар. Күйінішті шындықты бұқараға түсінікті етіп, айқын, тура айту керек: соғысқұмар партия Германияда тағы да жеңіп шығуы (дереу бізге шабуыл жасауға көшу мағынасында) және Германияның Жапониямен бірігіп, формальды түрде немесе үнсіз келісім жасасып, бізді бөліске салып, тұншықтыра бастауы мүмкін, тіпті солай етуі ықтимал да. Егер айқайшыларға біздің құлақ асқымыз келмесе, біздің тактикамыз: аңысын аңдау, созбалау, шайқастан бойды аулақ салу, шегіну болуға

тиіс. Егер біз айқайшыларды тыңдамай, нағыз темірдей берік, нағыз пролетарлық, нағыз коммунистік тәртіп орнатып, «шираңқырасақ», онда біздің көптеген айларды ұтуға едәуір мүмкіндігіміз бар. Сонда ғана, тіпті Уралға дейін шегінсек те (ең жаман дегеннің өзінде де), біз өзіміздің одақтасымыздың (халықаралық пролетариаттың) бізге көмекке келу мүмкіндігін, революциялық дүмпулерден революцияға дейінгі екі араны «оту» (спорт тілімен айтқанда) мүмкіндігін *оңайлатамыз*.

Халықаралық социализмнің уақытша оқшауланып қалған бір отрядының басқа отрядтармен байланысын осындай, тек осындай тактика ғана іс жүзінде нығайта алады, ал құрметті «солшыл коммунистер», шынын айтқанда, сіздердікі тек бір даурықпа сөздің екінші даурықпа сөзбен «біте қайнасқан байланысын нығайту» болып шығады. Мұндай «біте қайнасқан байланыс» — жаман байланыс!

Сондықтан, құрметтілер, сендердің бұл бақытсыздыққа неліктен тап болғандарыңды мен өздеріңе түсіндірейін: неге десеңіз, сендер революцияның ұрандарын ақылға салудан гөрі, көбінесе жаттап алып, есте сақтайсыңдар. Осыдан барып сендер «социалистік отанды қорғау» деген сөздерді тырнақшаға аласыңдар, бұларың, бәлкім, сендердің мысқылдау ниеттеріңді көрсетуге тиісті болар, бірақ іс жүзінде мұның өзі бастарыңдағы былықпайды көрсетеді. Сендер «қорғампаздықты» жиіркенішті, құбыжық нәрсе деп есептеуге дағдыланғансыңдар, сендер мұны ұмытпай, жаттап алғансыңдар, сендердің мұны ықыласпен жаттап алғандарың соншалық, сендердің кейбіреулерің тіпті: империалистік *дәуірде* отанды қорғау жол берілмейтін іс деген соракылыққа дейін бардыңдар (іс жүзінде бұл тек буржуазия жүргізетін империалистік, реакциялық соғыс тұсында ғана жол берілмейтін нәрсе). Бірақ сендер «қорғампаздықтың» неге және қай уақытта жиіркенішті болатынына ой жүгіртпегенсіңдер.

Отан қорғауды мойындау дегеніміз соғыстың заңдылығын және әділеттілігін мойындау деген сөз. Заңдылығы мен әділеттілігі дегенде қай тұрғыдан алғанда

заңды және әділетті? Социалистік пролетариаттың және оның өз азаттығы үшін күресінің тұрғысынан алғанда ғана; біз басқаша көзқарасты мойындамаймыз. Егер соғысты тап ретінде өзінің үстемдігін нығайту мақсатымен қанаушылар табы жүргізсе, бұл соғыс — қылмысты соғыс, сондықтан *мұндай* соғыста «қорғампаздық» жиіркенішті болады және социализмге сатқындық жасағандық болады. Егер соғысты өз елінде буржуазияны жеңген пролетариат жүргізсе, социализмді нығайту және дамыту мүдделері үшін жүргізсе, ондай соғыс — заңды соғыс және «қасиетті» соғыс.

Біз—1917 жылдың 25 октябрінен кейін қорғампазбыз. Мен мұны талай рет әбден ашып айтқанмын, сондықтан бұған дау айтуға сіздер бата алмайсыздар. Нақ халықаралық социализммен «байланысты нығайту» мүддесі үшін *социалистік* отанды қорғау *қажет*. Кімде-кім пролетариат қазірдің өзінде жеңіп шыққан елді қорғауға үстірт қарайтын болса, ол адам халықаралық социализммен байланысты бұзады. Біз езілген таптың өкілдері болған кезімізде, біз империалистік соғыста отан қорғауға үстірт қараған жоқпыз, біз ондай қорғауды принципті түрде теріске шығардық. Біз социализмді ұйымдастыра бастаған үстем таптың өкілдері болып отырған кезімізде, біз жұрттың бәрінен отан қорғауға *байсалды түрде* қарауды талап етеміз. Ел қорғауға байсалды түрде қарау — тыңғылықты әзірленіп, күштердің арасалмағын қатаң есептеп отыру деген сөз. Егер күштің аз екені айқын болса, онда қорғанудың ең маңызды шарасы — *елдің түкпіріне қарай шегіну* (біреулерге мұның өзі осы ретте ғана қолданылатын формула болып көрінсе, ондайлар соғыс туралы жазған ұлы жазушылардың бірі Клаузевиц қарттың осы жөніндегі тарих сабақтарының қорытындылары туралы жазғанын оқуына болады). Ал «солшыл коммунистер» күштердің арасалмағы туралы мәселенің маңызын түсінер-ау дерлік нышан да жоқ.

Біз қорғампаздықтың принципті дұшпаны болған кезімізде, социализм мүдделері үшін дегенсіп өз отанын «сақтап қалғысы» келгендерді біздің күлкі етуге правомыз бар еді. Біз пролетарлық қорғампаздар болуға пра-

во алған кезімізде — мәселенің бүкіл қойылысы түптамырымен өзгереді. Күштерді өте сақтықпен есепке алу, одақтасымыз (халықаралық пролетариат) жетіп үлгере ала ма, соны әбден салмақтау біздің борышымызға айналады. Капиталдың мүддесі — барлық елдердің жұмысшылары (іс жүзінде, яғни революцияны бастап) әзірше бірікпей тұрғанда жауын (революцияшыл пролетариатты) жекелеп талқандау. Біздің мүддеміз— сондай халықаралық бір ұлы армияның революциялық отрядтары бірігетін кезеңге дейін (немесе сол кезеңнің *«соңына дейін»)* шешуші шайқастан бой тарта тұру үшін қолдан келгеннің бәрін істеу, тіпті сәл мүмкіндікті болса да пайдалана білу.

III

Біздің «солшыл коммунистердің» ішкі саясат жөніндегі бейшаралықтарына көшелік. *Ағымдағы* кезең туралы тезистердің мынадай сөздерін оқығанда, күлмей қалуың қиын:

«...Аман қалған өндіріс құрал-жабдықтарын жоспарлы түрде пайдалану оларды мейлінше батыл қоғамдастырғанда ғана мүмкін»... «буржуазияның және оның ұсақ буржуазиялық интеллигенттік итаршыларының алдында тізе бүгу емес, қайта буржуазияны жермен жексен етіп. саботажды біржолата күйрету...».

Сүйікті «солшыл коммунистер-ай», бұларда батылдық неткен көп... ал ойлау неткен аз десеңізші! «Мейлінше батыл қоғамдастыру» деген нені білдіреді?

Национализациялау туралы, конфискелеу туралы мәселеде батыл болу немесе тартыншақ болу мүмкін. Бірақ национализациялау мен конфискелеу *ісінен* қоғамдастыру *ісіне* көшу үшін тіпті дүние жүзіндегі асқан зор «батылдық» та жеткіліксіз, істің түйіні міне осында ғой. Біздің «солшылдардың» соры нақ мынада: «нағыз батыл... қоғамдастыру» деген сөздерді осындай аңқаулықпен, балалықпен орайластырулары мәселенің түйінін, «ағымдағы» кезеңнің түйінін олардың мүлде түсінбегенін көрсетеді. «Солшылдардың» бейшаралығы да мынада: олар «ағымдағы кезеңнің» мәнінің өзін, кон-

фискелеуден (мұны жүргізгенде саясатшының басты қасиеті батылдық болады) қоғамдастыруға (мұны жүргізу үшін революционерден *басқаша* қасиет талап етіледі) көшудің мәнінің өзін байқамаған.

Кешегі күні ағымдағы кезеңнің түйіні — мүмкін болғанынша батылырақ национализациялау, конфискелеу, буржуазияға соққы беру және оны жермен жексен ету, саботажды күйрету болып еді. Бүгін біздің национализациялағанымыз, конфискелегеніміз, соққы бергеніміз және күйреткеніміз *есептеп үлгергенімізден* артық екенін тек соқырлар ғана көрмес. Ал қоғамдастырудың жай конфискелеуден айырмашылығының өзі де нақ мынада: дұрыс есептеуді және дұрыс бөлуді білмей-ақ, бір ғана «батылдықпен» конфискелеуге болады, *бірақ әлгіндейді білмейінше қоғамдастыруға болмайды.*

Біздің сіңірген тарихи еңбегіміз сол, кеше буржуазияны конфискелегенде, жермен жексен еткенде, саботажды күйреткенде біз батыл болдық (ертең де солай боламыз). Бүгін бұл туралы «ағымдағы кезеңнің тезистерінде» жазу — өткенге кері бұрылу және болашаққа көшу ісін түсінбеу деген сөз.

...«Саботажды біржолата күйрету»... Тапқан-ақ екен міндетті! Иә, бізде саботажшылар әбден жеткілікті «күйретілді». Бізде жетпей тұрған нәрсе мүлде, тіпті мүлде басқа нәрсе: саботажшылардың қайсысын қайда қоюды *есептеу*, айталық, бізге қызметке кіріп жатқан жүз саботажшының үстінен бір большевиктік басшының немесе бақылаушының бақылап отыруы үшін өз күштерімізді ұйымдастыру жеткіліксіз болып отыр. Істің жайы осындай болып отырғанда, «барынша батыл қоғамдастыру», «жермен жексен ету», «біржолата күйрету» деген тәрізді бос сөздерді тоғыту — айдалаға лаққандық. Жермен жексен ету, күйрету, тағы сол сияқтылар социализм үшін әлі жеткіліксіз екенін, мұның өзі ірі меншік иелеріне қарсы аласұрған ұсақ меншікшіге ғана жеткілікті екенін байқамау ұсақ буржуазиялық революционерге тән қасиет, ал пролетарлық революционер ешқашан мұндай қатеге ұрынбаған болар еді.

Егер жоғарыда біз келтірген сөздер кісінің күлкісін келтірсе, онда «солшыл коммунистер» ашқан: «оңшыл большевиктік уклон» жағдайында Совет республикасына «мемлекеттік капитализм жағына қарай эволюция жасау» қорқынышы туады-мыс дейтін жаңалығы тура шек-сілеңді қатырады. Міне, шынымен-ақ зәреңді алу деп осыны айтса болар! Ал «солшыл коммунистер» өздерінің тезистерінде де, мақалаларында да осы қорқынышты жаңалығын қандай құштарлықпен қайталай береді десеңізші...

Ал біздің Совет республикасындағы істің қазіргі жағдайына қарағанда, мемлекеттік капитализм *бір адым ілгері басқандық* болатынын олар ойламаған. Егер, шамамен айтқанда, енді жарты жылдан соң бізде мемлекеттік капитализм орнай қалса, бұл үлкен табыс болар еді, ал бір жылдан кейін бізде социализмнің түпкілікті нығаюына және жеңілместей болуына ең сенімді кепіл болар еді.

«Солшыл коммунистің» қандайлық игі ниетті ашуызамен бұл сөздерден ат-тонын ала қашатынын, жұмысшылар алдында «оңшыл большевиктік уклонды» қандай «өлтіре сынайтынын» мен көз алдыма елестетіп отырмын. Қалайша? Советтік *социалистік* республикада мемлекеттік *капитализмге* көшудің ілгері басқан адым болатыны қалай?... Социализмге опасыздық жасау деген осы емес пе?

«Солшыл коммунистердің» *экономикалық* қатесінің түп-тамыры нақ осында жатыр. Сондықтан нақ осы пунктке толығырақ тоқталу керек.

Біріншіден, капитализмнен социализмге *көшудің*, бізге Советтердің социалистік республикасы деп аталуымыз үшін право беріп және негіз болып отырған көшудің өзі қандай екенін «солшыл коммунистер» түсінбеген.

Екіншіден, олар ұсақ буржуазиялық стихия бізде социализмнің *басты* жауы екенін *көрмей*, нақ осынысы арқылы өздерінің ұсақ буржуазияшыл екенін аңғартады.

Үшіншіден, «мемлекеттік капитализм» құбыжығын алға тартып, олар Совет мемлекетінің экономикалық

жағынан буржуазиялық мемлекеттен айырмашылығын түсінбегендіктерін аңғартады.

Осы үш жағдайдың бәрін қарастырып шығалық.

Россияның экономикасы туралы мәселені қозғай келіп, бұл экономиканың өтпелі сипатын теріске шығарушы адам, сірә, әлі кездеспеген болар. Социалистік Советтік республика деген сөз экономикалық жаңа тәртіптерді әсте де социалистік тәртіптер деп мойындайтындықты емес, ал Совет өкіметінің социализмге өту ісін жүзеге асыруға бел байлағандығын көрсететінін де бірде-бір коммунист, сірә, теріске шығармаған болар.

Ал енді өту деген сөздің мәнісі не? Экономикаға қолданғанда бұл сөздің мәнісі — осы құрылыста капитализмнің *де*, социализмнің *де* элементтері, бөлшектері, жұрнақтары бар деген сөз емес пе? Әркім де осылай деп мойындайды. Бірақ осыны мойындай тұрып, Россияда қазір бар түрлі қоғамдық-экономикалық укладтардың элементтері атап айтқанда қандай екені туралы жұрттың бәрі бірдей ойлана бермейді. Ал мәселенің барлық түйіні, міне, осында.

Осы элементтерді санап шығалық:

1) патриархтық, яғни едәуір дәрежеде натуралды шаруашылық, шаруалар шаруашылығы;

2) ұсақ товар өндірісі (бұған астық сататын шаруалардың көпшілігі кіреді);

3) жеке шаруашылық капитализм;

4) мемлекеттік капитализм;

5) социализм.

Россияның ұлан-байтақ екені соншалық, ала-құла екені соншалық, мұнда қоғамдық-экономикалық укладтың осы әр алуан типтерінің бәрі араласып жатыр. Жағдайдың өзіндік ерекшелігі нақ осында.

Ал қандай элементтер басым?—деген сұрақ туады. Ұсақ шаруалы елде ұсақ буржуазиялық стихияның басым екені және мұның басым болмауы мүмкін еместігі анық нәрсе; егіншілердің көпшілігі, орасан көпшілігі— ұсақ товар өндірушілер. Мемлекеттік капитализмнің қабығын (астық монополиясы, бақылауымыздағы кә-

сіпкерлер мен саудагерлер, буржуазиялық кооператорлар) бізде біресе ана жерде, біресе мына жерде *жалдаптар* жарып шығып жатыр, ал жалдаптықтың негізгі заты *астық* болып табылады.

Басты күрес нақ осы салада өріс алып отыр. «Мемлекеттік капитализм» тәрізді экономикалық категориялардың терминдерімен айтқанда, бұл күрес кім мен кімнің арасында болып жатыр? Жаңа жоғарыда мен санап шыққан реттегі 4 және 5-сатылар арасында ма? Әрине, жоқ. Мұнда мемлекеттік капитализм социализммен күресіп жатқан жоқ, қайта ұсақ буржуазия плюс жеке шаруашылық капитализм екеуі бірігіп, мемлекеттік капитализмге де қарсы, социализмге де қарсы күресуде. Ұсақ буржуазия мемлекеттік-капиталистік болсын, мемлекеттік-социалистік болсын, мемлекеттің араласуының, есеп пен бақылаудың *бәріне де* қарсылық көрсетуде. Бұл — өмір шындығының мүлдем даусыз фактісі; «солшыл коммунистердің» экономикалық қатесінің түп-тамыры осыны түсінбеуінде болып отыр. Жалдап, саудадағы тонаушы, монополияға бөгет жасаушы — біздің басты «ішкі» жауымыз, Совет өкіметінің экономикалық шараларының жауы, міне, осылар. Егер осыдан 125 жыл бұрын француз ұсақ буржуасының, ең шынайы және барып тұрған революционерлердің жалдапты, кейбіреулерін, азын-аулақ «таңдаулыларын» өлім жазасына кесу арқылы және тақпақ сөздердің зілі арқылы жеңеміз деп тырысуы кешірерлік нәрсе болса, ал қазір қайсыбір солшыл эсерлердің мәселеге бірыңғай сөзуарлықтың тұрғысынан қарауы әрбір саналы революционердің тек қана бойын тітіркентеді немесе жиреніш туғызады. Жалдаптықтың экономикалық негізі — Русьте айрықша кең тарап отырған ұсақ меншікшіл топ және *әрбір* ұсақ буржуа өзінің агенті болып отырған жеке шаруашылық капитализм екенін біз өте жақсы білеміз. Бұл ұсақ буржуазиялық аждаһаның миллиондаған қармақтары біресе онда, біресе мұнда жұмысшылардың кейбір топтарын қармап жатқанын, *мемлекеттік монополия орнына* біздің қоғамдық-экономикалық өмірдің барлық саңылауларына жалдаптықтың еніп кетіп жатқанын біз білеміз.

Мұны көрмеген адам нақ сол соқырлығы арқылы өзінің ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдердің тұтқыны болып отырғанын аңғартады. Біздің «солшыл коммунистер»—нақ осындай адамдар, бұлар сөз жүзінде (және, әрине, өздерінің шын сенімімен) ұсақ буржуазияның аяусыз жауы болады да, іс жүзінде—*1918 жылдың апрелінде!!*—«мемлекеттік капитализмге» қарсы... күресіп, тек ұсақ буржуазияға жәрдемдеседі, тек соның қызметін атқарады, тек соның көзқарасын көрсетеді! Айдалаға лағып кетеді!

Ұсақ буржуаның «адалдықпен» және әсіресе соғыс кезінде алдау-арбаумен жинаған бірнеше мыңдаған сом ақша қоры бар. Жалдаптық пен жеке шаруашылық капитализмнің негізі ретіндегі ерекше экономикалық тип осындай. Ақша дегеніміз қоғамдық байлықты алу үшін куәлік қағаз, сондықтан ұсақ меншікшілердің сан миллиондаған тобы ешбір социализм мен коммунизмге сенбей, пролетарлық дауылдан «бас панаалап», осы куәлікті қолына мықтап ұстап алады да, оны «мемлекеттен» жасырады. Не біз осы ұсақ буржуаны *өз* бақылауымызға және есебімізге бағындырамыз (егер саналы пролетарлық авангардтың төңірегіне кедейлерді, яғни халықтың көпшілігін немесе жартылай пролетарларды ұйымдастырсақ, біз осыны істей аламыз), не нақ осы ұсақ меншікшілдік негізінде өсіп-өнуші Наполеондар мен Кавеньяктардың революцияны жұлып тастағаны сияқты, бұл ұсақ буржуа біздің, жұмысшы, өкіметімізді сөзсіз және қалай да жұлып тастайды. Мәселе осылай қойылып отыр. «Еңбекші» шаруалар туралы сөзуарлыққа елігіп, жалғыз солшыл эсерлер ғана осы қарапайым және айқын шындықты көрмей отыр, бірақ сөзуарлыққа малтыққан солшыл эсерлерді кім елей қояр екен?

Мыңдаған сомды сақтап отырған ұсақ буржуа—мемлекеттік капитализмнің жауы, ал осы мыңдаған сомдарды ол қайтсе де өзі үшін, кедейлерге қарсы, жалпы мемлекеттік бақылаудың қандайына болса да қарсы жұмсағысы келеді, ал осы мыңдаған сомдардың жиынтығы біздің социалистік құрылысымызға бөгет жасап отырған жалдаптыққа сан миллиардтаған база жасап

береді. Жұмысшылардың белгілі бір мөлшері бірнеше күнде сомасы 1000 деген цифрмен белгіленетін өнім жасап шығарады делік. Одан әрі ұсақ жалдаптықтың, түрлі ұрлық-қарлықтың салдарынан және совет декреттері мен совет тәртіптерін ұсақ меншікшілдікпен «орағытып» орындамаудың салдарынан әлгі соманың 200-і жойылады делік. Сонда әрбір саналы жұмысшы былай дер еді: күшті тәртіп орнатып, жақсылап ұйымдастырғанда мен мыңнан 300 бере алатын болсам, онда мен әлгі екі жүздің орнына осы үш жүзді ықыласпен берген болар едім, өйткені кейін тәртіп және ұйымдастыру жұмысы жөнге салынған соң, мемлекеттік монополияның қандайына болса да ұсақ меншікшілдік бөгет жасалуы біржолата күйреген соң, Совет өкіметі тұсында бұл «алымды», айталық, жүзге дейін немесе елуге дейін кеміту тіпті оңай міндет болар еді.

Түсінікті баяндау үшін әдейі барынша оңайлатып алынған осы цифрлы жай мысал арқылы мемлекеттік капитализм мен социализмнің қазіргі жағдайының *арасалмағы* айқындалады. Мемлекеттегі өкімет жұмысшылардың қолында, мыңды түгелімен «алуға», яғни социалистік жұмыстан басқа жұмысқа бір тиынды да бермеуге олардың заң жүзінде барынша толық мүмкіндігі бар. Іс жүзінде өкіметтің жұмысшылар қолына көшкендігіне сүйенетін осы заң жүзіндегі мүмкіндік социализмнің элементі болып табылады.

Бірақ ұсақ меншікшілдік және жеке меншіктік капиталистік стихия көптеген жолдар арқылы заңды ережені бұзады, жалдаптықты таратады, совет декреттерінің орындалуына бөгет жасайды. *Тіпті* (мұны айқын көрсету үшін мен әлгідей цифрлы мысалды әдейі алдым) біз қазіргіден гөрі *артық* төлеген *күнде де*, мемлекеттік капитализм орасан зор алға басқандық болар еді, өйткені «үйреткені үшін» төлеуге тұрады, өйткені бұл жұмысшылар үшін пайдалы, өйткені тәртіпсіздікті, күйзелісті, ауа жайылушылықты жеңу бәрінен де маңызды, өйткені ұсақ меншікшілдік анархияның жалғаса беруі — біздің түбімізге *сөзсіз* жететін (егер біз оны жеңбесек) ең үлкен, ең қатерлі қауіп, ал мемлекеттік капитализмге көп алым төлеуіміз біздің түбімізге жет-

нейтіні былай тұрсын, ол бізді аса сенімді жолмен социализмге жеткізеді. Жұмысшы табы мемлекеттік тәртіпті ұсақ меншікшілдік анархиялылықтан қалай қорғап қалуды үйренгенде, мемлекеттік-капиталистік негізде өндірісті ірі, жалпы мемлекеттік жолмен ұйымдастыруды қалай жолға қоюды үйренгенде, сонда,— бұлай айтқаныма кешірім өтінемін,—барлық көзір соның қолында болады, сөйтіп социализмнің нығаюы қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік капитализм *экономикалық* жағынан алғанда біздің қазіргі экономикамыздан әлдеқайда жоғары, бұл біріншіден.

Ал екіншіден, онда Совет өкіметі үшін қорқынышты ештеңе жоқ, өйткені Совет мемлекеті—жұмысшылар мен кедейлердің өкіметі қамтамасыз етілген мемлекет. «Солшыл коммунистер» бұл даусыз ақиқаттарды түсінбеді, бұларды, әрине, саяси экономия жөнінде басымен ойлап тіпті еш пікір айта білмейтін «солшыл эсер» ешқашан түсіне алмайды, бірақ бұларды мойындауға кез келген марксист *мәжбүр* болады. Солшыл эсермен айтысуға да тұрмайды, оларды қуыс кеуденің «жиіркенішті мысалы» ретінде саусақпен нұсқап өтсе де жеткілікті, ал «солшыл коммуниспен» айтысу *керек*, өйткені мұнда қателік жасаушылар—марксистер, сондықтан олардың қателерін талдау *жұмысшы табының* дұрыс жол табуына жәрдемдеседі.

IV

Мәселені мұнан да гөрі түсіндіре түсу үшін ең алдымен мемлекеттік капитализмнің ең нақтылы мысалын келтірейік. Бұл қандай мысал екені баршаға мәлім, бұл—Германия. Мұнда біз *юнкерлік-буржуазиялық империализмге бағындырылған* қазіргі ірі капиталистік техника мен жоспарлы ұйымдастырудың «соңғы табысын» көріп отырмыз. Асты сызылған сөздерді алып тастап, әскери, юнкерлік, буржуазиялық, империалистік *мемлекеттің* орнына *тағы да мемлекетті*, бірақ әлеуметтік типі басқа, таптық мазмұны басқа мемлекетті, *советтік* мемлекетті, яғни пролетарлық мемлекетті

қойыңыз, сонда осыдан социализмді туғызатын шарттардың *барлық* жиынтығы келіп шығатынын көресіз.

Ең жаңа ғылымның соңғы табысына сүйеніп құрылған ірі капиталистік техникасыз, өнімдерді өндіру және бөлу ісінде ондаған миллион адамдарды бірыңғай норманы қатал түрде қолдануға бағындыратын жоспарлы мемлекеттік ұйымсыз социализм орнату мүмкін емес. Бұл туралы біздер, марксистер, әрқашан да айтып келгенбіз, сондықтан *тіпті* осыны да түсінбеген адамдармен (анархистер және солшыл эсерлердің тең жартысы) әңгімелесуге тіпті екі секунд уақытты да шығын қылуға тұрмайды.

Сонымен қатар, мемлекетте пролетариаттың үстемдігі болмайынша социализм болуы мүмкін емес: бұл да әліппе. Тарих та (одан бірінші дәрежелі меньшевиктік топастар ғана болмаса, ешкім де тарих тартыссыз, тыптыныш, оп-оңай, жайымен ғана «сындарлы» социализм бере қояды екен деп күткен жоқ-ты) өзгеше кетіп, 1918 жылға қарай, халықаралық империализмнің бір қабығының ішіндегі болашақ екі балапан сияқты, социализмнің қосақтасқан дербес екі бөлшегін *туғызды*. 1918 жылы Германия мен Россия социализмнің, бір жағынан, экономикалық, өндірістік, қоғамдық-шаруашылық шарттарының, екінші жағынан, саяси шарттарының материалдық жағынан жүзеге асуының бәрінен де айқын бейнесі болды.

Германиядағы жеңімпаз пролетарлық революция империализмнің қандай қабығын болсын (әттең, ең жақсы болаттан жасалған, сондықтан *көрінген*,.. балапанның түрткілегеніне сына қоймайтын қабығын) бірден, мүлдем оңай қиратар еді, дүние жүзілік социализмнің жеңуін қиыншылықсыз немесе — әрине, «қиындықтың» мөлшерін тоғышарлық-үйірмелік көлемде емес, бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемде алсақ,— азын-аулақ қиыншылықтармен қалай да жүзеге асырар еді.

Германияда революцияның «тууы» әлі де кешігіп отырғанда, біздің міндетіміз—немістердің мемлекеттік капитализмінен үйрену, оны *бар күшті салып* қабылдау, мұны қабылдағанда, Петрдің варварлыққа қарсы күрестің варварлық құралдарын қолданудан тартын-

бай, батыстық қасиеттерді варварлық Русьтің қабылдауын тездеткенінен де гөрі тездете түсу үшін, *диктаторлық* тәсілдерді аянбай қолдану керек. Егер анархистер мен солшыл эсерлер арасынан: неміс империализмінен «үйрену» бізге, революционерлерге, жараспайды ғой деп, нарциссше пайымдауға бейім адамдар (мен Карелин мен Генің Орталық Атқару Комитетінде сөйлеген сөздерін абайсызда еске түсіріп отырмын) табылса, онда тек: мұндай адамдарды елең қылған революция үмітсіз (және әбден орынды) құрыған болар еді деуіміз ғана керек.

Россияда қазір дәл ұсақ буржуазиялық капитализм басым; бұл капитализмнен мемлекеттік ірі капитализмге *де*, социализмге *де жалғыз-ақ* жол апарады, «өнімдерді өндіру мен бөлуді жалпы халықтық есепке және бақылауга алу» деп аталатын *жалғыз ғана* аралық станция *арқылы өтетін жалғыз-ақ* жол апарады. Кімде-кім мұны түсінбесе, ол не өмір шындығының фактілерін білмей, бар нәрсені көрмей, шындықтың бетіне тура қарай білмей, не «капитализмді» «социализмге» абстрактілі түрде қарсы қоюмен шектеліп, бұл өтудің қазір бізде болып отырған нақтылы формалары мен сатыларының байыбына бармай, кешірілмес экономикалық қате жасайды. Жақшаның ішіне алып айтқанда, бұл қате «Новая Жизнь» мен «Вперед» лагеріндегі таңдаулы адамдарды жолдан тайдырған теориялық қатенің дәл өзі: булардың жамандары мен орташалары өздерінің топастығынан және тұрлаусыздығынан буржуазиядан зәрелері ұшып, соның соңында салпақтап жүр; таңдаулы адамдары—капитализмнен социализмге өтудің тұтас бір дәуірі бар екенін социализм ұстаздарының бостан айтпағанын және жаңа қоғамның «туғының ұзақ азаптарын» олардың текке атап көрсетпегенін түсінбеді, оның бер жағында бұл жаңа қоғамның өзі тағы да абстракция екенін, ол белгілі бір социалистік мемлекет құру жолындағы әр алуан, жетілмеген бірсыпыра нақтылы әрекеттер арқылы ғана жүзеге асатынын түсінбеді.

Мемлекеттік капитализмге де, социализмге де *ортақ нәрседен* (бүкіл халықтық есеп пен бақылау) өтпейін-

ше, Россияның қазіргі экономикалық жағдайынан ілгері басуға болмайды, нақ сондықтан да басқаларды және өздеріңді өздерің «мемлекеттік капитализм *жағына қарай* жасалған эволюциямен» қорқыту («Коммунист» № 1, 8-бет, 1-бағана) түгелімен теориялық сандырақ болып табылады. Мұның өзі «эволюцияның» шын жолынан ойдың «басқа жаққа» ауа жайылуы, бұл жолды түсінбеу деген сөз; ал практикада мұның өзі ұсақ меншікшілдік капитализмге қарай кері тартумен бірдей.

Әсте қазір ғана емес, большевиктер өкіметті қолға алмай *тұрып* та мемлекеттік капитализмге «жоғары» баға бергеніме оқушының көзін жеткізу үшін мен 1917 жылы сентябрьде жазылған «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген кітапшамнан мынадай цитат келтірейін:

«...Юнкерлік-капиталистік мемлекеттің *орнына,* помещиктік-капиталистік мемлекеттің орнына *революциялық-демократиялық* мемлекетті, яғни пұрсаттылық *атаулыны* революциялық жолмен қиратын, ең толық демократизмді революциялық жолмен жүзеге асырудан тайынбайтын мемлекетті қойып көріңіздерші? Сонда сіздер шын революциялық-демократиялық мемлекеттің тұсында мемлекеттік-монополиялық капитализм қалайда, сөзсіз социализмге қарай үсті-үстіне қадам басқандық болып табылатынын көресіздер!

...Өйткені социализм дегеніміз мемлекеттік-капиталистік монополиядан ілгері қарай жасалған ең таяу қадам болып табылады, одан басқа ештеңе де емес.

...Мемлекеттік-монополиялық капитализм социализмге ең толық *материалдық* әзірлік жасау болып табылады, социализмнің *табалдырығы* болып табылады, тарихи сатының бір басқышы болып табылады — ал мұны мен (бұл басқыш пен) социализм деп аталатын басқыштың арасында *ешқандай аралық басқыштар жоқ»* (27 және 28-беттер) *.

Естеріңізде болсын, мұның өзі Керенскийдің тұсында жазылған-ды, бұл арада әңгіме пролетариат дикта-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 217, 219-беттер. *Ред.*

турасы жайында *емес*, социалистік мемлекет жайында *емес*, «революциялық-демократиялық» мемлекет жайында болып отыр. Біз осы саяси сатыдан *неғұрлым жоғары* көтерілген сайын, социалистік мемлекет пен пролетариат диктатурасын Советтердің бойына *неғұрлым толық* сіңірген сайын, «мемлекеттік капитализмпен» біздің *соғұрлым азырақ* қорқуымыз керек екені айқын болмағаны ма? *Материалдық*, экономикалық, өндірістік мағынада алғанда біз әлі социализмнің «табалдырығында» тұрмағанымыздың айқын болмағаны ма? Біз әлі жете қоймаған осы «табалдырық» арқылы болмаса, социализм есігіне басқа жолмен кіре алмайтын болсақ ше?

Мәселеге қай жағынан келсеңіз де, қорытынды тек біреу-ақ: бізге «мемлекеттік капитализм» қауіп төндіріп отыр-мыс деген «солшыл коммунистердің» пайымдаулары түгелімен экономикалық қате және мұның өзі олардың толығынан нақ ұсақ буржуазиялық идеологияның шырмауынан шыға алмай отырғанының айқын дәлелі.

V

Мына жағдай да өте-мөте ғибрат аларлық.

Орталық Атқару Комитетінде Бухарин жолдаспен айтысқанымызда* ол сөз арасында: мамандарға жоғары ақы төлеу туралы мәселеде «біз» (сірә: біз дегені «солшыл коммунистер» болар) «Лениннен оңшылырақпыз», өйткені Маркстің: белгілі бір жағдайларда жұмысшы табына «бұл бандалардан төлеп құтылу»[118] (атап айтқанда капиталистер бандасынан, яғни буржуазиядан жерді, фабрикаларды, заводтарды және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын *құнын төлеп алу)* бәрінен де қолайлырақ болар еді деген сөздерін еске алсақ, біз мұнда принциптерден ешқандай да шегінгендікті көріп отырған жоқпыз деп ескерткен еді.

Бұл аса қызғылықты пікір, біріншіден, Бухариннің солшыл эсерлер мен анархистерден көш ілгері екенін, ол бос сөздерге тіпті де үмітсіз малтығып қалмағанын, қайта, керісінше, капитализмнен социализмге өтудің—

* Қараңыз: осы том, 293—296-беттер. *Ред*

12*

азапты және ауыр өтудің—*нақтылы* қиыншылықтарына ой жүгіртуге тырысатынын ашып көрсетеді.

Екіншіден, бұл пікір Бухариннің қатесін бұрынғыдан да айқынырақ ашып көрсетеді.

Шынында да солай. Маркстің пікірін ойға салып қараңыздаршы.

Әңгіме өткен ғасырдың 70-жылдарындағы Англия туралы, монополистік капитализмге дейінгі шырқау шегіне жеткен кезең туралы, согысқұмарлары мен бюрократиясы ол кезде бәрінен аз болган ел туралы, жұмысшылардың буржуазиядан «құнын төлеп» алуы мағынасында ол кезде социализмнің «бейбіт» түрде жеңу мүмкіндігі бәрінен де көбірек болған ел туралы еді. Сондықтан Маркс: белгілі бір жағдайларда буржуазиядан құнын толеп алудан жұмысшылар тіпті де қашпайды деген-ді. Ол кезде қаншама көп жаңа проблемалардың туатынын, төңкерістің барысында бүкіл жағдайдың қалай өзгеретінін, төңкерістің барысында ол жағдайдың қалай *жиі* және *күшті* өзгеріп отыратынын өте жақсы түсінген Маркс төңкерістің формалары, тәсілдері, әдістері жөнінде озінің де—социалистік революцияның болашақ қайраткерлерінің де — қолын байлаган жоқ.

Ал Советтік Россияда пролетариат өкіметті қолына алғаннан *кейін,* қанаушылардың әскери және саботаж жасап қарсыласуы басып-жаншылганнан *кейін,—кейбір* жағдайлардың, бұдан жарты ғасыр бұрын Англия бейбіт түрде социализмге көше бастағандай болса, сол кезде Англияда тууы мүмкін болған жағдайлар тәрізді жағдайлардың қалыптасқандығы айқын емес пе? Ол кезде Англияда капиталистердің жұмысшыларға бағынуын мынадай жагдайлар қамтамасыз етер еді: (1) шаруалардың болмауы себепті халық арасында жұмысшылардың, пролетарлардың толығынан басым болуы (70-жылдары Англияда село жұмысшыларының арасында социализм өте-мөте тез табысқа жетеді деп үміттенуге болатын белгілер бар еді); (2) пролетариаттың кәсіптік одақтарға тамаша ұйымдасқандығы (бұл жағынан Англия ол кезде дүние жүзіндегі бірінші ел болатын); (3) саяси бостандықтың ғасырлар бойы да-

муы арқылы тәрбиеленген пролетариаттың мәдениеттілігінің біршама жоғары болуы; (4) аса жақсы ұйымдасқан Англия капиталистерінің саясат және экономика мәселелерін компромисс арқылы шешуге көптен әдеттенгендігі — ол кезде олар дүние жүзіндегі барлық елдердің ішінде ең жақсы ұйымдасқан капиталистер еді (енді бұл бірінші орынды Германия иеленіп отыр). Англия капиталистерінің оның жұмысшыларына *бейбіт* түрде бағыну мүмкіндігі туралы пікір ол кезде, міне, осы сияқты жағдайларға байланысты туған болатын.

Бізде бұл бағындыру қазіргі кезде белгілі бір түбегейлі шарттар арқылы (октябрьде жеңуіміз және октябрьден февральға дейін капиталистердің әскери және саботаж жасап қарсыласуын басу арқылы) қамтамасыз етіліп отыр. Халық ішінде жұмысшылардың, пролетарлардың, толығынан басым болуының және олардың мейлінше ұйымдасқандығының *орнына*, біздегі жеңіс факторы ең кедей және тез күйзелген шаруалардың пролетарларды қолдауы болды. Бізде, ақырында, жоғары мәдениеттілік те, компромисс әдеті де жоқ. Егер осы нақтылы жағдайларды ойластыра келсек, онда біздің ешқандай «мемлекеттік капитализмге» көнбейтін, ешбір компромисс жөнінде ойламайтын, жалдаптық арқылы, кедейлерді сатып алу арқылы және басқа да жолдар арқылы советтік шараларға кесел келтіре беретін мәдениетсіз капиталистерді аяусыз жазалау* тәсілдерін «мемлекеттік капитализмге» көнетіп, оны іске асыру қолынан келетін, он миллиондаған адамдарды нанымен да өніммен жабдықтай алатын *аса ірі* кәсіпорындардың ақылды және тәжірибелі ұйымдастырушылары ретінде пролетариат үшін пайдалы мәдениетті капиталистер жөнінде *компромисс жасау* немесе құнын

* Бұл арада да шындыққа тайсалмай тура қарау керек: социализмнің табысқа жетуі үшін керекті аяусыз қимылдау бізде әлі де аз, ал аз болатыны батылдықтың жоқтығынан емес. Бізде батылдық жетіп жатыр. Бізде толып жатқан жалдаптарды, тонаушыларды, капиталистерді—советтік шараларды бұзушыларды мейлінше тез *устап* ала білу жоқ. Өйткені мұны «білудің» өзі есеп пен бақылау ісін ұйымдастыру арқылы ғана жасалады! Екіншіден, соттарда жеткілікті қаталдық жоқ, паракорларды аттырудың орнына оларды жарты жыл түрмеге кеседі. Біздің бұл екі кемшілігіміздің екеуінің де әлеуметтік түп-тамыры біреу: ұсақ буржуазиялық стихияның әсері, оның болбырлығы,

төлеу *тәсілдерімен біріктіре* алатындығымыз және қазір осыған жетуге тиісті екендігіміз айқын болады.

Бухарин—ғажап білімді марксист-экономист. Сондықтан ол Маркстің: нақ социализмге өтуді жеңілдету мүдделері үшін аса ірі өндіріс ұйымын сақтаудың маңызы зор деп, *егер* (ерекше жағдай ретінде: ол кезде Англия ерекше жағдайда болған) құнын төлеу шартымен капиталистерді бейбіт түрде бағындыратын және социализмге мәдениетті, ұйымдасқан түрде өтуге көндіретін жағдай туса, онда *капиталистерге жақсы ақы төлеп,* оларды құнын төлеп көндіру туралы пікір әбден дұрыс деп жұмысшыларға үйретуін есіне түсіріп отыр.

Бірақ Бухарин қателесті, өйткені Россиядағы осы кезеңге—кезең болғанда, біз, Россия пролетариаты, саяси құрылысымыз жағынан, жұмысшылардың саяси өкіметінің күші жағынан қандай Англиядан болсын, қандай Германиядан болсын *алда* болып отырған, сонымен бірге дені түзу мемлекеттік капитализмді ұйымдастыру жағынан, мәдениет дәрежесі жағынан, социализмді материалдық-өндірістік жолмен «енгізуге» әзірлік дәрежесі жағынан Батыс Европа мемлекеттерінің ішіндегі ең артта қалған мемлекеттің *соңында* болып отырған өте ерекше кезеңге тән нақты ерекшелікті ол жете ойланбады. Совет өкіметіне қызметке кіруге және ірі, аса ірі «мемлекеттік» өндірісті жолға қоюға айтарлықтай көмек көрсетуге әзір тұрған ең мәдениетті, ең талантты, ұйымдастыру жағына неғұрлым жетік капиталистерге жұмысшылар ұсынуға тиісті ерекше «төлемнің» қажеттігінің өзі бұл кезеңге тән осы ерекше жағдайдан туатыны айқын емес пе? Осындай ерекше жағдайда біздің екі түрлі қатеден, екеуі де өзінше ұсақ буржуазиялық қатеден, аулақ болуға тырысуымыз керек екені анық емес пе? Бір жағынан, біздің экономикалық «күштеріміз» бен саяси күштеріміздің сәйкес келмейтіні мойындалған екен, онда, «демек», өкіметті қолға алу керек емес еді деп жариялау түзетілмес қате болар еді[119]. «Қундақтаулы адамдар» осылайша пайымдайды, олар «сәйкестіктің» ешқашан болмайтынын, оның табиғат дамуында да, қоғам дамуында да болуы мүмкін еместігін ұмытады, тек бірқатар әрекеттер жасау жолымен

ғана,—әрқайсысын жеке алғанда сыңаржақ болатын, белгілі бір сәйкессіздікке ұшырайтын әрекеттер арқылы ғана,—*барлық* елдер пролетарларының революциялық ынтымағынан келіп сындарлы социализм туатынын ұмытады.

Екінші жағынан, «әсерлі» революцияшылдықтың дүрмегіне еліккіш, ал ұстамды, ойластырылған, салмақталған, ең қиын асуларды да ескеретін революциялық жұмысқа келгенде қабілетсіз болып шығатын даурықпалар мен сөзуарларға ерік беру көрінеу-көзге қате болар еді.

Бақытымызға қарай, революциялық партиялардың даму тарихы мен большевизмнің олармен күресінің тарихы бізге өте айқын бейнеленген типтерді мұраға қалдырды; бұлардың ішінде солшыл эсерлер мен анархистер жаман-жәутік революционерлердің типін жеткілікті түрде айқын көрсетеді. Қазір олар «оцшыл большевиктердің» «келісімпаздығына» қарсы долдана, ауыздары көпіргенше байбалам салып жүр. Бірақ олар «келісімпаздықтың» *несі* жаман болғанына *және не үшін* оны тарих пен революцияның барысы әділ жазғырғанына ой жүгірте білмейді.

Керенскийдің кезіндегі келісімпаздық өкіметті империалистік буржуазияның қолына берді, ал өкімет туралы мәселе—революция атаулының түбегейлі мәселесі. 1917 жылдың октябрь—ноябрінде большевиктердің бір бөлегінің келісімпаздығы не пролетариаттың өкіметті қолға алуынан қорықты, не өкіметті солшыл эсерлер сияқты «сенімсіз жолбикелермен» ғана емес, сонымен қатар негізгі мәселелерде: Құрылтайды таратып жіберуде, Богаевскийлерді аяусыз талқандауда, совет мекемелерін толық жүзеге асыруда, әрбір конфискелеуде бізге сөзсіз бөгет жасайтын жаулармен де, черновшылдармен де, меньшевиктермен де тепе-тең *бөліскісі* келді.

Енді өкімет қолға алынды, тіпті «сенімсіз жолбикелерсіз» де бір партияның, пролетариат партиясының, қолында тұрақтатылды, нығайтылды. Ендігі жерде, *өкіметті* бөлісу туралы, буржуазияға қарсы пролетарлар диктатурасынан бас тарту туралы сөз болмай отыр-

ған және тіпті болуы да мүмкін емес кезде келісімпаздық жайында айту—жаттап алынған, бірақ түсініксіз сөздерді сауысқанша бостан-босқа қайталай беру деген сөз. Елді өзіміз басқара алатын және басқаруға тиісті болған жағдайға жеткен кезде капитализм баулыған элементтердің ең мәдениеттілерін ақша аямай өзімізге тартуға, оларды ұсақ меншікшілдік ыдырауға қарсы қызметке алуға тырысып отырғанымызды «келісімпаздық» деп атау—социализм құрылысының экономикалық міндеттері жөнінде тіпті ойлай да білмеу деген сөз.

Сондықтан да— өзіне көрсеткен Карелиндер мен Генің «қызметінен» Орталық Атқару Комитетінде Бухариннің салған жерде «ұялғандығы» оны қаншама жақсы куәландырса да,— дегенмен «солшыл коммунистер» *ағымы* жөнінде оларды өзінің саяси серіктері етіп көрсету елеулі сақтандыру болады.

Солшыл эсерлердің органы «Знамя Труда» 1918 жылғы 25 апрельдегі номерінде масаттанып міне былай дейді: «Біздің партияның қазіргі позициясы большевизмнің ішіндегі басқа ағыммен (Бухаринмен, Покровскиймен, тағы басқалармен) үйлеседі». Ал нақ сол күнгі меньшевиктік «Вперед» былай деп жазады, айта кетелік, онда белгілі меньшевик Исувтің мынадай «тезисі» берілген:

«Совет өкіметінің әуел бастап-ақ шынайы пролетарлық сипатқа жат саясаты соңғы кезде буржуазиямен келісімге келу жолына барған сайын ашық түсіп, көрінеу-көзге жұмысшыларға қарсы сипат алып барады. Өнеркәсіпті национализациялау ұранын бетке ұстап, өнеркәсіп трестерін орнату саясаты жүргізіліп жатыр, елдің өндіргіш күштерін қалпына келтіру ұранын бетке ұстап, сегіз сағаттық жұмыс күнін құртуға, кесімді жалақы төлеуді және Тейлор системасын енгізуге, қара тізімдер мен жексұрындық паспорттарын енгізуге әрекет жасалып жатыр. Бұл саясат пролетариатты экономикалық салада қол жеткен негізгі табыстарынан айыру, оны буржуазияның шексіз қанауының құрбандығы ету қаупін туғызып отыр».

Шынында да керемет емес пе?

Орыс капиталистеріне аннексия беруге уәде еткен құпия шарттарға бола Керенскиймен бірге империалистік соғыс жүргізген Керенскийдің достары, 11 июньде

жұмысшыларды қарусыздандырмақ болған Церетелидің әріптестері[120], буржуазияның өкіметін даурықпа сөздермен бүркемелеген Либердандар, осылар, міне, осылар Совет өкіметі «буржуазиямен келісімге келіп отыр», «трестер орнатып жатыр» (яғни нақ «мемлекеттік капитализм» орнатып жатыр!), Тейлор системасын енгізіп жатыр деп әшкерелемекші болады.

Иә, Исувке большевиктердің атынан медаль беру керек те, оның тезисін *буржуазияның арандатушылық сөздерінің* үлгісымағы ретінде жұмысшылардың әрбір клубы мен одағында іліп қою керек. Жұмысшылар қазір қай жерде болса да Либердандарды, Церетелилерді, Исувтерді жақсы біледі, оларды тәжірибе арқылы біледі, сондықтан *буржуазияның осы сияқты малайларының* жұмысшыларды Тейлор системасына және «трестер орнатуға» қарсыласуға айдап салуының себебіне көңіл қойып ой жүгірту жұмысшылар үшін аса пайдалы болады.

Саналы жұмысшылар Либердан және Церетели мырзалардың досы Исувтің «тезисін» «солшыл коммунистердің» мыпа тезисімен ойлана отырып салыстырады:

> «Өндірісте капиталистер басшылығының қалпына келтірілуіне байланысты еңбек тәртібін енгізу еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыра алмайды, бірақ мұның өзі пролетариаттың таптық іскерлігін, белсенділігі мен ұйымшылдығын төмендетеді. Мұның өзі жұмысшы табын құлдыққа түсіру қаупін төндіріп, пролетариаттың артта қалған топтарының да, авангардының да наразылығын туғызады. Пролетарлар арасында «саботажшы капиталистерге» қарсы өшпенділік үстем болып отырғанда, бұл системаны жүзеге асыру үшін коммунистік партияның жұмысшыларға қарсы ұсақ буржуазияға сүйенуі керек болар еді, сөйтіп пролетариат партиясы ретінде өзінің түбіне өзі жетуіне тура келер еді» («Коммунист» № 1, 8-бет, 2-бағана).

Міне, бұл — құрылған торға «солшылдардың» қалай түскеніне, Исувтердің және капитализмнің басқа да яһудилерінің азғыруына қалай ергеніне ең айқын дәлел. Міне, бұл—нақ пролетариат авангарды еңбек тәртібін енгізуді қостайтынын, нақ ұсақ буржуазия осы тәртіпті бұзу үшін бәрінен де гөрі жанталасатынын білетін жұмысшыларға жақсы сабақ. «Солшылдардың» жоғарыда келтірілген тезисі сияқты сөздер—барып

тұрған масқаралық және іс жүзінде коммунизмнен мүлдем безгендік, нақ ұсақ буржуазия жағына біржолата шыққандық.

«Капиталистер басшылығының қалпына келтірілуіне байланысты» — «солшыл коммунистер», міне, осы сияқты сөздермен «қорғапбақшы» болады. Бұл түкке тұрмайтын қорғану, өйткені капиталистерге «басшылықты» Совет өкіметі береді, бергенде, біріншіден, басшының әрбір қадамын қадағалап отыратын, оның басшылық тәжірибесінен үйренетін, басшының жарлықтары жөнінде шағым етіп қана қоймай, сонымен қатар Совет өкіметінің органдары арқылы оны орнынан түсіруге де мүмкіндігі бар жұмысшы комиссарлары немесе жұмысшы комитеттері бар жағдайда береді. Екіншіден, капиталистерге «басшылық» берілгенде, жұмыс үстіндегі атқарушылық қызмет үшін беріледі; оның шарттарын нақ Совет өкіметі белгілейді және ол шарттарды соның өзі ғана бұзып, өзі ғана қайта қарап отырады. Үшіншіден, Совет өкіметі капиталистерге «басшылықты» капиталист деп бермейді, еңбегіне көп ақы төленетін, маман-техниктер немесе ұйымдастырушылар деп береді. Ал нағыз ірі және аса ірі кәсіпорындарды, трестерді немесе басқа мекемелерді ұйымдастырушылардың жүзден тоқсан тоғызы маңдай алды техниктер ретінде капиталистер табына жататынын жұмысшылар өте жақсы біледі, — бірақ біз, пролетарлық партия, нақ осыларды еңбек процесінің және өндірісті ұйымдастырудың «басшысы» етіп алуымыз керек, өйткені бұл істі практикадан, тәжірибеден білетін олардан басқа адамдар *жоқ*. Өйткені «солшыл» бос сөз немесе ұсақ буржуазиялық азғындық шатастыратын балалық шақтан өтіп кеткен жұмысшылар социализмге жеткенде нақ трестерге капиталистердің басшылығы арқылы, машиналы аса ірі өндіріс арқылы, айналымы жылына бірнеше миллион болатын кәсіпорындар арқылы, — тек осындай өндірістер мен кәсіпорындар арқылы ғана жетеді. Жұмысшылар ұсақ буржуа емес. Жұмысшылар аса ірі «мемлекеттік капитализмнен» қорықпайды, олар оны өздерінің *пролетарлық* құралы есебінде бағалайды, бұл құралды *өздерінің Совет* өкіметі ұсақ

меншікшілдік құлдыраушылық пен ыдыраушылыққа қарсы іске қолданады деп біледі.

Мұны тек табынан азған, сондықтан да басынан аяғына дейін ұсақ буржуазиялық интеллигенттер ғапа түсінбейді; Осинский былай деп жазғанда сол интеллигенттердің «солшыл коммунистердің» тобындағы және солардың журналындағы типі ретінде көрінеді:

«...Кәсіпорынды ұйымдастыру және оған басшылық ету ісінде инициативаның бәрі «трестерді ұйымдастырушылардың» қолында болады: өйткені біздің ойымыз оларды *үйрету*, оларды қатардағы қызметкер ету емес, олардан *үйрену* ғой» («Коммунист» № 1, 14-бет, 2-бағана).

Бұл сөйлемдегі кекесін айтпақ болып тырысу «трестерді ұйымдастырушылардан социализмді үйренуіміз керек» деген менің сөзіме қарсы бағытталған.

Осинскийге бұл кісі күлерлік секілді. Ол трестерді ұйымдастырушыларды «қатардағы қызметкер» еткісі келеді. Егер мұны: «Тек он бес пе, соны ғана тұр құрап?»...[121]—деп ақын айтқандай жастағы адам жазса—онда таңырқарлық ештеңе болмас еді. Бірақ аса ірі капитализм жеткен техника мен мәдениеттің табыстарын пайдаланбайынша социализм орнату мүмкін еместігін үйренген марксистен мұндай сөздерді есіту біраз ерсілеу. Мұнда марксизмнен ештеңе қалмаған.

Жоқ. Трест ұйымдастырушылардан *үйренбейінше* социализмді құруға немесе енгізуге *болмайтынын* түсінген адам ғана коммунист деп аталуға лайық. Өйткені социализм дегеніміз ойдан шығарылған нәрсе емес, ал өкіметті жеңіп алған пролетарлық авангардтың трестер тапқан табыстарды меңгеруі және қолдануы. Біз, пролетариат партиясы, трестер типінде, трестер сияқты аса ірі өндіріс ұйымдастыруға керек білімді *ешқайдан*,— капитализмнің маңдай алды мамандарынан алмасақ, басқа *ешқайдан* ала алмаймыз.

Балалық мақсатқа беріліп, буржуазиялық интеллигенттерді социализмге «үйретеміз» демесек, біздің оларға үйретер ештеңеміз жоқ: оларды үйрету керек емес, экспроприациялау керек (Россияда бұл жеткілікті түрде «батыл» жүргізіліп жатыр), олардың саботажын *күйрету* керек, жік немесе топ ретінде оларды Со-

вет өкіметіне *бағындыру* керек. Егер біз балаң және балаша түсінетін коммунистер болмасақ, олардан өзіміз үйренуіміз керек және олардан үйренетін нәрселер бар, өйткені он миллиондаған халыққа қызмет ететін аса ірі кәсіпорындарды жолға қою жөнінде пролетариат партиясының және пролетариат авангардының дербес жұмыс істеуге *тәжірибесі жоқ*.

Ал Россияның таңдаулы жұмысшылары мұны түсініп отыр. Олар капиталист-ұйымдастырушылардан, инженер-басшылардан, техник-мамандардан үйрене бастады. Олар батыл түрде және сақтықпен неғұрлым оңайынан бастап, ең қиынына қарай біртіндеп көше бастады. Егер металлургия мен машина жасауда іс баяу жүріп жатса, онда ол істің қиындығынан. Ал тоқымашы, темекіші және былғарышы жұмысшылар, табынан азған ұсақ буржуазиялық интеллигенттер сияқты, «мемлекеттік капитализмнен» қорықпайды, «трестерді ұйымдастырушылардан үйренуден» қорықпайды. «Главкожа» немесе «Центротекстиль» сияқты орталық басшы мекемелерде бұл жұмысшылар капиталистермен қатар отыр, *олардан үйреніп жүр*, трестерді жолға қойып жатыр, Совет өкіметі тұсында социализмнің табалдырығы, социализмнің біржола жеңуінің шарты болып табылатын «мемлекеттік капитализмді» жолға қойып жатыр.

Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларының мұндай жұмысы, олардың еңбек тәртібін енгізу жөніндегі жұмысымен қатар, кейбір «солшылдар» ынтық болып отырған у-шусыз-ақ, жарқырамай-ақ, даурықпай-ақ, тасыр қақпай-ақ, аса сақтықпен, біртіндеп, практиканың сабақтарын еске ала отырып істеліп, ілгері басып келеді. Осы ауыр жұмыс, аса ірі өндіріс құруды практика жүзінде *үйрену* жұмысы—біздің дұрыс жолға түскеніміздің кепілі,—Россияның саналы жұмысшылары ұсақ меншікшілдік құлдыраушылық пен ыдыраушылыққа қарсы, ұсақ буржуазиялық тәртіпсіздікке қарсы* күрес жүргізіп жатқандығының кепілі, коммунизмнің жеңуінің кепілі.

---

* Ең қызықты нәрсе сол, тезистердің авторлары пролетариат *диктатурасының* өмірдің *экономикалық* саласындағы маңызы туралы жұм-

VI

Қорытындысында екі нәрсені ескерте кетейін.

1918 жылы 4 апрельде біз «солшыл коммунистермен» айтысқанымызда (қараңыз: «Коммунистің» 1-номері, 4-бет, ескерту) мен оларға: темір жол декретінің қай жеріне наразы екендеріңді түсіндіріп көріңдерші, оған *өздеріңнің* түзетулеріңді беріңдерші деп, мәселені тікесінен қойғанмын. Пролетариаттың советтік басшылары ретінде, бұл — сендердің борыштарың, әйтпесе сендердің сөздерің бос сөз болып шығады дегенмін.

1918 жылы 20 апрельде «Коммунистің» 1-номері шықты — онда «солшыл коммунистердің» ойынша темір жол декретін қалай өзгерту немесе түзету керек болатыны жайында *бір ауыз сөз де жоқ.*

Бұл үндемеуімен «солшыл коммунистер» өздерін өздері айыптап шықты. Олар темір жол декретіне *қарсы* тұспалдап тиісумен (1-номердегі 8 және 16-беттер) ғана шектелді, бірақ: «декрет дұрыс болмаса, оны қалай түзету керек?» деген сұраққа олар ешбір ашық жауап *берген жоқ.*

Түсінік беріп жатудың қажеті жоқ. Темір жол декретін (біздің бағытымыздың, табандылық бағытымыздың, диктатура бағытының, пролетарлық тәртіп бағытының үлгісін) *бұлай* «сынауды» саналы жұмысшылар не «иеувтік» сын, не бос сөз деп атайды.

Екінші ескертпе. «Коммунистің» 1-номерінде менің «Мемлекет және революция» деген кітапшама Бухарин жолдастың мен үшін өте жағымды рецензиясы басылды. Бірақ, Бухарин тәрізді адамдардың пікірі маған қаншама бағалы болғанымен, мен ағынан жарыла айтуға тиістімін, рецензияның *сипаты* күйінішті және әйгілі фактіні көрсетеді: Бухарин пролетарлық диктатураның міндеттеріне бетін болашаққа бұрып қарамай, *өткенге* қарай бұрып қарайды. Бухарин мемлекет тура-

---

ған аузын ашпайды. Олар тек «ұйымшылдық туралы», т. б. айтады. Бірақ мұны экономикалық қатынастарда нақ жұмысшылардың *диктатурасынан* ат-тонын ала қашатын ұсақ буржуа да мойындайды. Пролетарлық революционер мұндай кезеңде капитализмнің шаруашылық негіздеріне қарсы бағытталған пролетарлық революцияның осы «түйіні» туралы ешқашан да «ұмытпаған» болар еді.

лы мәселеде пролетарлық революционер мен ұсақ буржуазиялық революционердің пікірлерінде ортақ болуы мүмкін нәрсені байқаған және атап көрсеткен. Бухарин біріншіні екіншіден нақ не нәрсе бөліп тұрғанын «байқамай қалған».

Бухарин ескі мемлекеттік аппаратты «қирату», «қопару» керек екенін, буржуазияны «әбден тұншықтыру» керек екенін, т. т. байқаған және атап көрсеткен. Құтырынған ұсақ буржуа да осыны тілей алады. Ал мұны 1917 жылдың октябрінен 1918 жылдың февралына дейін біздің революция негізінен алғанда істеп *те* қойды.

Бірақ тіпті ең революцияшыл ұсақ буржуаның нені тілей алмайтындығы, саналы пролетардың нені тілейтіндігі, біздің революцияның *әлі де* нені істемегендігі, менің кітапшамда осылар туралы да айтылған болатын. Ал осы міндет туралы, ертеңгі күннің міндеті туралы, Бухарин ештеңе айтпаған.

Ал менің бұл туралы үндемей қала алмайтынымның дәлелі де бар, біріншіден, коммунистен кешегі күннің емес, ертеңгі күннің міндетіне көп көңіл болуді күту керек, ал екіншіден, менің кітапшам большевиктер өкіметті қолға алғанға *дейін*, большевиктерге «ал енді өкіметті басып алғаннан *соң, әрине*, тәртіп туралы сайрай бастады...» деген тұрпайы-мещандық пікір айтуға болмайтын кезде жазылған.

«...Социализм коммунизмге ұласады... өйткені жұрт қоғамдық тұрмыстың қарапайым шарттарын күштеусіз және бағынусыз орындауға дағдыланады» («Мемлекет және революция», 77—78-беттер*. Демек, «қарапайым шарттар» туралы өкіметті қолға алғанға *дейін* сөз болған).

«...Тек сонда ғана демократия құри бастайды...», өйткені «адамдар қоғам тұрмысының ғасырлар бойы белгілі, мыңдаған жылдар бойы барлық жазуларда қайталанған қарапайым ережелерін орындауға, бұл ережелерді күштеусіз, зорлықсыз, бағындырусыз, зорлап көндіруге арналған, мемлекет деп аталатын ерекше аппа-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 91-бет. *Ред.*

ратсыз орындауға бірте-бірте дағдыланады» (бұл да сонда, 84-бет*; «жазулар» туралы өкіметті қолга алғапға *дейін* сөз болған).

«...Коммунизм дамуының жоғары фазасы» (әркімге қажетіне қарай, әркімнен қабілетіне қарай) «еңбектің қазіргі өнімділігіне де емес, Помяловскийдің бурсактары сияқты, бостан-босқа қоғам байлығының қоймаларын бүлдіріп, мүмкін емес нәрсені талап ететін қазіргі тоғышарға да байланысты емес» (бұл да сонда, 91-бет).

«...Коммунизмнің жоғары фазасы болғанға дейін социалистер еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшеріне қоғам тарапынан және мемлекет тарапынан өте қатты бақылау болуын талап етеді...» (бұл да сонда)**.

«...Есеп жүргізу мен бақылау ісі — коммунистік қоғамның бірінші фазасын жөнге салу үшін, оның дұрыс қызмет атқаруы үшін талап етілетін басты шарт міне осы» (бұл да сонда, 95-бет)***. Сондықтан «болмашы азшылық болып отырған капиталистерді, капиталистік салтты сақтап қалғысы келетін мырзасымақтарды» бақылау ісін жөнге салып қана қоймай, сонымен бірге «капитализм қатты аздырған» (бұл да сонда, 96-бет)**** жұмысшыларды да, «арамтамақтарды, бариндерді, алаяқтарды және басқа да солар сияқты капитализм дәстүрлерін сақтаушыларды» да (бұл да сонда) бақылау ісін жөнге салу керек.

Бухариннің *мұны* атап *көрсетпеуінде* гәп бар.

5. V. 1918.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 98-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 106—107-беттер. *Ред.*
*** Бұл да сонда, 111-бет. *Ред.*
**** Бұл да сонда, 112-бет. *Ред.*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ[122]

Неміс ультиматумына көну керек. Ағылшын ультиматумы қабылданбасын. (Өйткені Германияға қарсы соғыс Жапонияға қарсы соғыстан гөрі тікелей зор шығындар мен апаттар қаупін туғызады.)

Украин контрреволюциясы мен орыс контрреволюциясы ашықтан-ашық саяси одақ жасап отырғандықтан, буржуазияға қарсы соғыс жағдайы енгізілсін.

Урал-Кузнецк ауданы мен территориясын Жапониядан да, Германиядан да қорғауға барлық күш жұмсалсын*.

Финляндияның және Украинаның Россиямен бітім жасасуын міндетіне алатын-алмайтынын білу үшін Мирбахпен келіс сөз жүргізілсін және бұл бітімнің *жаңа* аннексияға душар ететінін түсіне отырып, бұл бітім мүмкін-қадерінше тездетілсін.

1918 ж. 6 майда, дүйсенбі
күні *түнде* Орталық Комитетте
қабылданған.

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Жалпы алғанда бәрін, жекелеп алғанда Мемлекеттік қағаздарды дайындау экспедициясын Уралға эвакуациялауды дереу бастау керек.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ[123]

Қаулының жобасы былай етіліп қайта өзгертілсін:

1) халықаралық жағдайға сілтеу алып тасталынсын;

2) Украинамен бітім жасасқаннан кейін бізде астық аштан өлмес үшін, *тақыл-тұқыл* ғана жетеді деп қосылсын;

3) диктатордың қаулыларын оның коллегиясы тексереді, қаулының орындалуын кідіртпестен, Халық Комиссарлары Советіне шағым етуге бұл коллегияның правосы бар деп қосылсын;

4) өзінің сипаты жағынан Қатынас жолдары және Халық шаруашылығы жоғары советінің ведомстволарымен байланысты қаулылар тиісті ведомстволармен бірге өткізілген кеңестен кейін қабылданады деп қосылсын;

5) азық-түлік комиссарының жаңа праволары заң жағынан дәлірек тұжырымдалсын;

6) артық астығын тығып ұстап, бермей отырған шаруалар буржуазиясына және басқа буржуазияға қарсы аяусыз, террорлық күрес, соғыс жүргізудің және мұны жүзеге асырудың аштан аман сақтап қалу үшін қажеттігі туралы негізгі пікір күштірек атап көрсетілсін;

7) артық астығы бола тұрып, *оны* станцияларға, жиналатын, құйылатын жерге *апармай* отырған астық иелері *халық жаулары* деп жариялананатындығы және кемінде 10 жыл мерзімге түрмеге қамалып, барлық мүлкі конфискеленетіндігі және өз қауымынан мүлде аластаталатындығы дәл белгіленсін;

8) кулактарға қарсы аяусыз күресу үшін бірігу — дәулетсіз еңбекшілер мен артық астығы жоқ шаруалардың борышы екендігі жөнінде қосымша енгізілсін;

9) делегаткомдардың губерниялық азық-түлік комитеттеріне қатынасы және азық-түлік жұмыстарын жүргізуде делегаткомдардың праволары мен міндеттері дәл белгіленсін.

1918 ж. 8 майда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІК ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТКЕ ҚОСЫМША

Артық астығы бола тұрып, бұл астықтарын астық құю пункттеріне апармай отырған астық иелерінің бәрі, сондай-ақ астық қорларын самогон қайнатуға ысырап етіп отырғандардың бәрі халық жаулары деп жариялансын, Революциялық сотқа беріліп, бұдан былайғы жерде кемінде 10 жылға түрмеге қамалатын болсын, барлық мал-мүлкі конфискеленіп, өз қауымынан мүлде аласталатын болсын, ал самогон қайнатушылар мұның үстіне еріксіз түрде қоғамдық жұмыстарға пайдаланылсын.

1918 ж. 9 майда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУГЕ ЖҰМЫЛДЫРУ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[124]

Еңбек комиссариатына кәсіптік одақтармен келісе отырып және Азық-түлік комиссариатының сөзсіз басшылығы бойынша деревня кедейлерінің бай-кулактарға қарсы күресіне көмек көрсету үшін және астықпен жалдаптық жасауды, астық монополиясына бөгет жасауды аяусыз басып-жаныштау үшін алдыңғы қатарлы, ұйымдасқан және сапалы жұмысшыларды мүмкіндігінше көбірек жұмылдыруға барынша шұғыл шаралар қолдану жөнінде тапсырма беріледі.

1918 ж. 9 майда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚЫРЫМДЫ ОККУПАЦИЯЛАУҒА ҚАРСЫ ГЕРМАН ҮКІМЕТІНЕ НАРАЗЫЛЫҚ[125]

11. V. 1918

Шығыстағы герман әскерлерінің бас командашысынан алынған радио жайында.

Сыртқы істер жөніндегі халық комиссары герман үкіметіне өзінің үзілді-кесілді наразылығын білдіруді қажет деп біледі:

1) Біздің флоттың Украинада неміс әскерлеріне қарсы ұрыстарға бейнебір қатысқаны туралы герман үкіметі бірде-бір документте бірде-бір рет бізге мәлімдеме жасаған емес.

2) Сондықтан да 1918 жылғы 11 майда радиода жасаған тиісті мәлімдеме мүлде бекер, герман үкіметінің актілерінде оның дәлелдемесі жоқ.

3) Егер флоттың бір бөлегі өзін украин флотына қосса, онда ол Севастопольде қалды.

3 bis) Егер біздің флот Севастопольден кеткен болса, онда мұның өзі германдардың шабуылынан және Севастопольге тарпа бас салғанынан кейін ғана істелді, демек, бұл ретте Брест шартын біз емес, германдар ашықтан-ашық бұзып отыр.

4) Демек, фактілер біздің Брест шарты негізінде берік тұрғанымызды, ал германдардың бүкіл Қырымды басып алып, Брест шартынан тайғанын дәлелдейді.

5) Олар барлық украиндарды Қырымнан кетіріп, оны тек герман әскерлерімен ғана басып алып отыр.

6) Герман үкіметі Қырымды Украина территориясына кірмейді деп есептейтіндігін өз радиосында 1918 жы-

лы... айында[126] әбден дәл мәлімдегеннен кейін германдар Қырымды басып алды.

7) Германияның елшісі Мирбах біздің сыртқы істер комиссарымызға Германия жаңадан территория алуды көздемейді деп мәлімдеді.

8) Егер герман үкіметі қазіргі кезеңде басқа позицияда болып отырса, Қырымды немесе Қырымның бір бөлегін, немесе басқа территорияны қосып алуды талап етсе, біз бұл мәселе жөнінде толық айқындықты сөзсіз қажет деп есептер едік, Финляндиямен, Украинамен және бітім туралы Брест шартына қарамастан соғысып жатқан Түркиямен дәл бітім жасасуды өз тарапымыздан талап етеміз деп біз тағы да ресми түрде мәлімдейміз.

9) Біз герман үкіметінен ол Украинамен, Финляндиямен және Түркиямен бітімді тілейтін позицияда тұрған-тұрмағандығын және осы мақсатта ол қандай адымдар жасағандығын және жасайтындығын бізге хабарлауды тағы бір рет өте қатты сұраймыз.

10) Егер герман үкіметі толық бітімнің, яғни Финляндиямен де, Украинамен де, Түркиямен де бітімнің тек дәл шарттарын бізге хабарласа және біз талап еткен бұл бітім жасалса, опда Қара теңіз флоты туралы мәселе жөнінде біз оның соғысқа араласпауына немесе оны қарусыздандыруға (ол туралы кеше, 1918 жылғы 10 майда, елші Мирбах бізге ресми түрде мәлімдеді) қандай да болса жаңадан кепілдемелер беруге келісеміз.

11) Егер Севастополь порты,—1918 жылы 10 майда сыртқы істер халық комиссарымен болған әңгімеде Мирбахтың жасаған мәлімдемесіне сәйкес,— Германия тарапынан белгілі бір формада аннексияланбаса және оккупацияланбаса, егер финн, украин, түрік армияларының құрамдас бөлімі ретіндегі германдармен дәл және толық бітім жүзеге асырылса, біз флотты осы портқа қайтарудан да ешбір бас тартпаймыз.

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 27-томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚАЗІРГІ САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР[127]

I

Империалистік державалардың қоршауындағы Совет республикасының халықаралық жағдайының өте осалдығы талай рет большевиктік баспасөзде көрсетіліп, жоғары Совет өкіметі органдарының ресми қарарларында мойындалды.

Соңғы күндерде, яғни 1918 жылғы майдың алғашқы он күні ішінде, сыртқы себептердің де, ішкі себептердің де салдарынан саяси жағдай өте-мөте шиеленісіп отыр.

Біріншіден, жапондардың көмегімен Қиыр Шығыста контрреволюциялық әскерлердің (Семеновтың және басқалардың әскерлерінің) тікелей шабуылы күшейе түсті, ал осыған байланысты бірсыпыра белгілер мынаны көрсетіп отыр — Германияға қарсы бүкіл империалистік коалицияның Россияға: не Германиямен соғыс, не біздің көмегіміз арқылы жапондар шапқыншылық жасайды деген ультиматум қою программасына келісім жасауы мүмкін.

Екіншіден, Бресттен кейін герман саясатында жалпы алғанда соғысқұмар партия басым болып отыр; бұл партия Россияға дереу жалпы шабуыл жасау туралы мәселе жөнінде қазірде де минут сайын басым болып шыға алар еді, яғни Россияда жаңа аннексиялар алуға ұмтылған, бірақ әзірше оған жалпы шабуыл жасау емес, онымен бітімге келуге ұмтылып отырған Германия буржуазиялық-империалистік топтарының басқа саясатын мүлде лақтырып тастай алар еді.

Үшіншіден, бүкіл российлық буржуазияның кадеттік-октябристік элементтерінің қолдауымен және герман әскерлерінің көмегімен Украинада буржуазиялық-помещиктік монархизмді қалпына келтіру бізде контрреволюцияға қарсы күресті шиеленістірмей қоймады, біздегі контрреволюцияның жоспарларына дем беріп, олардың рухын көтермей қоя алмады.

Төртіншіден, азық-түлік күйзелісі мейлінше күшейді және көп жерлерде тікелей ашаршылыққа әкеп соқты, мұның өзі Донда ғы Ростовтың бізден бөлініп тасталғандығы салдарынан да, ұсақ буржуазияның және жалпы алғанда капиталистердің астық монополиясын бұзуға тырысушылығы, үстем таптың, яғни пролетариаттың бұл ниеттерге, тырысушылықтарға, әрекеттерге қарсы берік, тәртіпті және аяусыз түрде жеткілікті тойтарыс бере алмағандығы салдарынан да осылай болып отыр.

II

Совет өкіметінің сыртқы саясаты ешбір ретте өзгертілмеуге тиіс. Біздің әскери даярлығымыз әлі біткен жоқ, сондықтан да: бұл даярлықты барлық күшті жұмсап жүргізе отырып, амалдау, шегіну, аңысын аңдау бұрынғыша жалпы ұран болып қала береді.

Келісім Совет өкіметінің негізін бұзбай, оның жағдайын нығайтатын және қайсыбір империалистік державаның оған жасаған шабуылын жоя алғандай реттерде империалистік коалициялардың біріне қарсы екіншісімен жалпы соғыс келісімдерін жасасудан тіпті де бас тартпастан, біз қазіргі сәтте ағылшын-француз коалициясымен соғыс келісімін жасаса алмаймыз. Өйткені бұл коалиция үшін Германия әскерлерінің назарын Батыстан басқа жаққа аударудың, яғни көптеген жапон корпустарының Европалық Россия ішімен ілгерілеуінің нақтылы маңызы бар, ал бұл шарт Совет өкіметін толық күйрететін шарт болғандықтан қолайлы емес. Егер осы тәрізді ультиматумды бізге ағылшын-француз коалициясы қойған болса, біз бас тартып жауап берген болар едік, өйткені Питерді, Москваны және Европалық Россияның үлкен бөлегін германдардың басып алу қаупінен

гөрі жапондардың ілгерілеуінің қаупі аз қиындықтармен жойылуы (немесе анағұрлым ұзақ уақытқа кешігуі) мүмкін.

III

Қазіргі сәтте Совет өкіметінің сыртқы саясат міндеттерін есепке алғанда аса зор сақтық, абайлылық және ұстамдылық керек болады, ойланбай немесе асығыс қадам жасап, Жапонияның немесе Германияның соғысқұмар партияларының желікпе элементтеріне көмек көрсетіп алмау керек.

Мәселе мынада: бұл екі елде де соғысқұмар партияның желікпе элементтері Россияның бүкіл территориясын басып алу және Совет өкіметін құлату мақсаттарымен Россияға дереу және жаппай шабуыл жасауды жақтайды. Ал бұл желікпе элементтер минут сайын басым болып кетуі мүмкін.

Бірақ, екінші жағынан, мынадай факт күмәнсыз: Германияда империалистік буржуазияның көпшілігі бұдан былайғы соғыста қазіргі сәтте Россиямен аннексиялық бітім жасалуын артық көріп, мұндай саясатқа қарсы болып отыр; ондағы ойы—мұндай соғыс күшті Батыстан басқа жаққа аударар еді, Германиядағы ішкі жағдайдың онсыз да айқын сезіліп отырған әлсіздігін арттырар еді, көтеріліс қамтыған немесе темір жолдардың қирауынан, егіннің жеткіліксіз себілгендігінен, т. т. және т. с. бүлінген жерлерден шикізаттар алуды қиындатқан болар еді деген ой.

Ал жапондардың Россияға қарсы шабуыл жасау әрекетін тежейтін нәрселер мыналар: біріншіден, Қытайдағы қозғалыстар мен көтерілістердің қауіптілігі; екіншіден, Жапонияның күшеюінен қорқатын, бітім жасасқан жағдайда Россиядан шикізаттарды неғұрлым оңай жолмен алуға үміттенетін Американың кейбір антагонизмі.

Әлбетте, Жапонияда да, Германияда да соғысқұмар партияның желікпе элементтерінің минут сайын басым болып кетуі әбден мүмкін. Германияда революция бұрқ етпей тұрғанда, мұны болғызбауға кепілдік айту мүмкін

емес. Американ буржуазиясының жапон буржуазиясымен, жапон буржуазиясының герман буржуазиясымен тіл табысып кетуі мүмкін. Сондықтан аса күшті әскери даярлық істеу біздің сөзсіз борышымыз.

Бірақ бейбітшілікті сақтауға немесе белгілі бір жаңа аннексияларға немесе жаңа шығындарға бару арқылы Финляндиямен, Украинамен, Түркиямен бітім жасасуға әзірше кейбір мүмкіндік қалып отырғанда, қайткен күнде де біз империалистік державалардың соғысқұмар партиясының желікпе элементтеріне көмек боларлықтай ешбір адым жасамауға тиіспіз.

IV

Ашаршылыққа қарсы күрес туралы мәселедегі сияқты, қызу әскери даярлық мәселесінде де ұйымдастыру міндеті бірінші кезекке қойылады.

Азық-түлік қиыншылықтарынан құтылмайынша, халықты астықпен дұрыс жабдықтауды қамтамасыз етпейінше, темір жол транспортында аса қатаң тәртіп енгізбейінше, еңбекші халық бұқарасы арасында (ал оның жоғарғы топтарында ғана емес) шын мәнісінде темірдей берік тәртіп орнатпайынша, қандай да бір елеулі әскери даярлық туралы сөз болуы да мүмкін емес. Нақ осы салада біз бәрінен де көп артта қалып отырмыз.

«Көтеріліс» комитеттері туралы айқай-шу көтерген, «қару ал», т. т. деп қақсаған солшыл эсерлік және анархистік элементтер бәрінен де гөрі нақ осы ақиқатты мүлдем түсінбеген. Мұндай айқай-шу мен қақсау—барып тұрған топастық және ең бейшара, жексұрын, жиркенішті бос сөз, өйткені орталық Совет өкіметі соғыс ісін үйренудің және қаруланудың керектігін халыққа барынша күш сала түсіндіріп отырғанда,—біздің қаруды есептеп шығарып, таратып бере білуімізден гөрі, бізде қару анағұрлым көп болып отырғанда,—нақ күйзелістің етек алуы мен тәртіптің жоқтығы бар қаруды пайдалануға бөгет жасап, дайындалудың қымбат уақытын өткізіп алуға бізді мәжбүр етіп отырғанда «көтеріліс» және «көтеріліс комитеттері» туралы айтудың өзі кісі күлерлік нәрсе.

Елеулі соғысқа барынша әскери дайындықтың өзі шабыттануды емес, аттан салуды емес, жауынгерлік ұран тастауды емес, қайта жаппай көлемдегі ұзақ, мықтап жұмылған, аса табанды және тәртіпті жұмысты талап етеді. Мұны түсінгісі келмейтін солшыл эсерлік және анархистік элементтерге аяусыз тойтарыс беру керек, олардың бұл долыруын біздің, пролетарлық-коммунистік партиямыздың қайсыбір элементтеріне жұқтыруға жол бермеу керек.

V

Жоғарыда көрсетілген жағдайлардың салдарынан соңғы күндері бас көтерген буржуазияға қарсы аяусыз күрес жүргізу қажет, соғыс жағдайларын енгізу, газеттерін жабу, жетекшілерін қамау керек, т. т. және т. с. Артық астығын жасырып, астық монополиясына кедергі жасап отырған деревня буржуазиясына қарсы әскери жорық қандай қажет болса, бұл шаралар да сондай қажет. Пролетариаттың темірдей берік тәртібі болмайынша контрреволюциядан да, ашаршылықтан да құтыла алмаймыз.

Атап айтқанда мынаны ескеру керек: буржуазия соңғы күндерде абыржу туғызу сияқты қаруды пролетарлық өкіметке қарсы ғажап шеберлікпен, ерекшеептілікпен пайдаланды. Ал біздің жолдастарымыздың кейбіреулері, әсіресе солшыл эсерлік және анархистік революциялық бос сөзге келгенде солқылдақтық көрсеткендердің кейбіреулері оларға елігіп, абыржу жағдайына ұшырады немесе төніп келе жатқан қауіптерге қарсы заңды және қажетті ескертуді абыржу туғызудан бөлетін шекті сақтамады.

Россияның қазіргі бүкіл экономикалық және саяси жағдайының негізгі ерекшеліктерін есте берік сақтау қажет; осы негізгі ерекшеліктердің әсерінен іске ешқандай шабыт арқылы көмектесуге болмайды. Мына ақиқатты өзің мықтап түсінуді және оны барлық жұмысшылардың түсінуін қамтамасыз ету керек: қазіргі сәтте, Батыста революцияның кешеуілдеуі салдарынан лажсыз болып отырған өте қиын және өте қауіпті өт-

келдердің біріне айналған сәтте пролетарлық темірдей берік тәртіп орнатудың және оны қалпына келтірудің ұстамды, төзімді жұмысы арқылы, бұзақыларды, кулактар мен іріткі салушыларды аяусыз жазалау арқылы ғана Совет өкіметін сақтап қалуға болады.

1918 ж. 12 немесе 13 майда жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН МОСКВА СОВЕТІНІҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ СЫРТҚЫ САЯСАТ ТУРАЛЫ 1918 ж. 14 МАЙДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[128]

Жолдастар, сыртқы саясаттағы істің қазіргі жағдайымен сіздерді таныстыруға рұқсат етіңіздер. Жолдастар, жалпы жағдайдың шиеленісуіне байланысты біздің халықаралық жағдайымыз да соңғы күндері көп жағынан қиындап кетті. Осы шиеленіс негізінде арандату, буржуазиялық баспасөздің және соның қолшоқпары—социалистік баспасөздің қасақана үрей туғызуы корниловшылдықты қайта орнату жөніндегі өзінің қара ниетті, пасық ісін тағы да бастап отыр.

Халықаралық жағдайды белгілейтін сыртқы юридикалық формаларды баяндауға көшу үшін, сөйтіп осыған сүйене отырып, тағы да пайда болып отырған қиыншылықтарды суреттеу үшін немесе, дұрысырақ айтқанда, өзіміз таялып келген және саяси жағдайдың шиеленісуіне негіз болған бетбұрыс пунктті анықтау үшін мен ең алдымен Совет республикасының халықаралық жағдайы өзінің негізінде немен белгіленетініне сіздердің назарларыңызды аудармақпын.

Жолдастар, біздің мемлекеттің ішкі саясатының да, сыртқы саясатының да ең терең тамырлары мемлекетіміздегі үстем таптардың экономикалық мүдделерімен, экономикалық жағдайымен белгіленетінін өздеріңіз білесіздер, ал бұл білімді орыстың екі революциясының тәжірибесі айрықша күшпен растады. Марксистердің бүкіл дүние танымының негізі болып табылатын және біздер, орыс революционерлері, үшін екі бірдей орыс революциясының ұлы тәжірибесімен расталған бұл қаги-

даларды,— міне, осы қағидаларды дипломатиялық айла-шарғылардың қалың қойнаулары мен шым-шытырық жолдарында — лай судан балық аулауды ұнататын немесе осыған мәжбүр болған адамдар, таптар, партиялар, топтар әдейі жасайтын және шатастыратын шым-шытырық жолдарда адасып қалмау үшін бір минут те естен шығаруға болмайды.

Біздегі контрреволюционерлер—кадеттер және олардың ең бірінші қолшоқпарлары, оңшыл эсерлер мен меньшевиктер,—халықаралық жағдайдың шиеленісуін пайдаланып қалуға тырысқан кезеңді біз жақында ғана бастап кешірген едік, ал енді белгілі бір дәрежеде қазірде де сондай кезеңді бастан кешіріп отырмыз.

Негізгі белгілері тұрғысынан алғанда бұл жағдай мынаған келіп саяды: Россия Социалистік Советтік Республикасы өздеріңізге мәлім болып отырған, баспасөзде өзіміз талай рет жазған экономикалық және саяси сипаттағы себептердің әсерінен, Батысқа қарағанда дамудың өзгеше қарқыны, дамудың өзгеше негізі әсерінен,— міне, соның әсерінен біздің социалистік Советтік республика әзірше империалистік жыртқыштықтың дүлей теңізінің ортасындағы жалғыз оазис қана болып қалып отыр. Ал Батыста негізгі экономикалық фактор болып отырған нәрсе мынау: адамзатты азапқа салып, әбден қажытқан бұл империалистік соғыс сондайлық күрделі, сондайлық қысылшаң, сондайлық шатасқан жанжалдар тудырды; осылай болғандықтан мәселені соғыстың немесе бейбітшіліктің пайдасына, белгілі бір топтың пайдасына шешу қыл үстінде тұрған секілді жағдай барлық жерде, қадам басқан сайын туып отыр. Соңғы күндері біз нақ осындай жағдайды бастан кешірдік. Тұтас ондаған жылдар бойындағы капитализм дамуының экономикалық жағдайларының нәтижесі болып табылатын соғысқа тартылған империалистік державалар арасындағы құтырынған қақтығыс туғызған қайшылықтар мынаған әкеп соқтырды: бұл соғысты тоқтатуға енді империалистердің өздері де дәрменсіз. Осы қайшылықтардың арқасында былай болып шықты: экономикалық капиталистік одақтың негізінде жатқан жалпы одақ, барлық елдер империалистерінің одағы, отан де-

генді білмейтін және капитал барлық елдердің капиталистерінің еңбекшілерге қарсы одағын қорғауды отан, халық мүдделерінен және неден де болсын жоғары қоятынын дүние жүзі тарихында көптеген аса ірі, аса ұлы оқиғалар арқылы дәлелдеген капиталды қорғау үшін табиғи және болмай қоймайтын одақ,—міне бұл одақ саясаттың қозғаушы күші болып отырған жоқ.

Әрине, бұл одақ бұрынғысынша капиталистік құрылыстың сайып келгенде өзін өзі қалай да күшпен көрсетуге тиісті негізгі экономикалық тенденциясы болып қала береді. Капитализмнің осы негізгі тенденциясынан ерекше нәрсе—қазіргі уақытта барлық жерді түгелімен дерлік өзара бөлісіп алған деуге болатын империалистік державаларды империалистік соғыс топ-топқа, дұшпан топтарға, дұшпан коалицияларға бөліп отыр. Осы дұшпандық, осы күрес, өліспей берісniейтін осы айқас, белгілі бір жағдайлар себепті, бұл арада барлық елдер империалистерінің одағы мүмкін еместігін көрсетеді. Біз империалистік реакцияның, халықтарды империалистік қырғынға ұшыратудың дүлей толқыны социалистік Советтік республиканың кішкентай ғана аралына лап қойып отырған, оны басып кете жаздап отырғандай, бірақ, бақсақ, бұл толқындар барлық жерде де біріне-бірі соғылып, шашырап жатқан жағдайды көріп отырмыз.

Империалистік державалар арасындағы негізгі қайшылықтардың аяусыз күреске әкеліп соқтырғаны соншалық, бұл күрестен шығар жолдың жоқтығын тіпті біліп отырып та, бұл топтардың қай жағы болсын осы соғыстың темір құрсауынан өз еркімен құтыла алар емес. Оның бер жағында соғыс басты-басты екі қайшылықты белгіледі, ал бұл қайшылықтар қазіргі сәтте социалистік Советтік республиканың халықаралық жағдайын белгілеп отыр. Біріншісі—Батыс майданда Германия мен Англия арасындағы шегіне жете шиеленіскен күрес. Соғысушы осы лагерьлердің бірде бір жағының, бірде екінші жағының өкілдері сәл-ақ қалды, енді бір күш салсақ болғаны, жау күйретіледі, отанды қорғап қаламыз, мәдениеттің және азаттық соғысының мүдделері біржола қамтамасыз етіледі деп өз халқына да, басқа

халықтарға да уәде бергенін, оларды сендіргенін біз әлденеше рет естігенбіз. Бұл құлақ естімеген соғыс қаншалықты созыла түскен сайын, соғысушы жақтар бұған белшесінен бата түскен сайын, ұшы-қиырсыз бұл соғыстан шығар жол да соншалықты алыстап барады. Бұл айқастың шиеленіскендігі бас-аяғы жарты жылдық өмірінің ішінде дүние жүзіндегі барлық елдердің барлық саналы жұмысшыларының ыстық ықыласына және нағыз қалтқысыз тілектестігіне ие болған Совет республикасына қарсы аса зор империалистік державалардың одақ жасасуын ерекше қиындатып отыр, оны мүмкін етпей отыр деуге болады.

Россияның халықаралық жағдайын белгілейтін екінші қайшылық—Жапония мен Америка арасындағы бақталастық. Бұл елдердің бірнеше ондаған жылдар бойындағы экономикалық дамуы Тынық мұхитта және оның жағалауында өзінің үстемдігін жүргізу үшін осы державаларды жанталаса айқастырмай қоймайтын қисапсыз көп жанғыш материал дайындады. Жапония мен Американың арасындағы мезгілі жетіп келе жатқан шиеленіскен жанжалды болдырмау капитализм негізінде мүмкін емес екендігін Қиыр Шығыстың бүкіл дипломатиясы мен экономикасының тарихы мүлде күмәнсыз етіп отыр. Жапония мен Американың Германияға қарсы одағы қазір уақытша бүркемелеп отырған бұл қайшылық жапон империализмінің Россияға қарсы шабуылын кідіртуде; бұл шабуыл көптен бері дайындалған, ол көптен бері өзіне негіз әзірлеген, бұл шабуыл белгілі бір дәрежеде басталып, контрреволюциялық күштердің қолдауына ие болып отыр. Совет республикасына қарсы басталған жорық (Владивостоктағы десант, Семеновтың бандаларын қолдау) кідіртіліп отыр, өйткені Жапония мен Американың арасындағы жасырын жанжалдың ашық соғысқа айналып кету қаупі бар. Әрине, егер қасиетті жеке меншіктің мүдделері, концессияға қасиетті право және т. с. талап ететін болса, империалистік державалардың арасындағы топқа бөліну қаншама берік көрінгенімен, олардың бірнеше күннің ішінде астан-кестен болуы әбден мүмкін, біз мұны ұмытпауымыз керек. Сондықтан державалардың қазіргі топқа

бөлінуін күл-талқан өтуге титтей бір ұшқынның түсуі жеткілікті болуы мүмкін, сонда жоғарыда көрсетілген қайшылықтар бізге қорғаныс бола алмай қалады.

Бірақ қазір осы сипатталған жағдай дүлей толқындардың арасында біздің социалистік аралдың неліктен аман сақталып қалуы мүмкіндігін түсіндіреді, сонымен бірге бұл жағдайдың неліктен соншалық тұрақсыз екенін және буржуазияны кереметтей масаттандырып, ал ұсақ буржуазияны үрейлендіріп, кейде бұл толқындардың әне-міне дегенше ол аралды басып кететіндей болып көрінетін себебін де түсіндіреді.

Бұл жағдайдың сыртқы қабығы, сыртқы көрінісі, бір жағынан, Брест шарты, екінші жағынан, бейтарап елдерге қатысы бар ғұрыптар мен заңдар болып табылады.

Халықаралық жанжалдар тұтанғанреттерде шарттардың қаншалық құны барын және заңдардың қаншалық құны барын сіздер білесіздер, мұның өзі бір жапырақ қағаздан басқа түк те емес.

Бұл сөздер әдетте империализмнің сыртқы саясатының арсыздығының үлгісі ретінде цитатқа келтіріледі, еске алынады, бірақ арсыздық бұл сөздерде емес, барлық бітім шарттары және бейтараптық туралы барлық заңдар аяққа басылып келген, аяққа басылып отырған және капитализм өмір сүріп отырғанда аяққа басыла беретін мейірімсіз, қатал мейірімсіз және азапты мейірімсіз империалистік соғыста болып отыр.

Міне сондықтан да, егер социалистік жолда біздің нық басып тұрғымыз келсе және контрреволюционерлер, қандай социалистік айдар тағынып бүркенсе де, олардың айла-әрекеттері мен арандатушылығы бізді құлатып тастамасын дейтін болсақ, онда біз өзіміз үшін ең басты мәселеге—Брест бітімі туралы, оның бұзылу мүмкіндігі туралы және біз үшін ондай жағдайдың салдары туралы мәселеге келгенде,—барлық бітім шарттарының, соның ішінде Брест-Литовск шартының да экономикалық негізін, бейтараптылықтың қандайының болсын, соның ішінде өзіміздің бейтараптығымыздың да, экономикалық негізін бірде-бір минут ұмытпауға тиіспіз. Біз, бір жағынан, өсіп келе жатқан тап жөнінде-

гі, ерте ме, кеш пе, біз тілегендегіден, күткендегіден гөрі мейлі тіпті кешірек болса да, әйтеуір капитализмнің мұрагері болатын және бүкіл дүние жүзіндегі капитализмді жеңіп шығатын тап жөніндегі халықаралық көлемдегі істің жайын, халықаралық империализм ісінің жайын ұмытпауға тиіспіз. Ал екінші жағынан, біз империалистік елдердің өз арасындағы қатынастарды, империалистік экономикалық топтардың арасындағы қатынастарды ұмытпауға тиіспіз.

Осы жағдайды анықтап алғаннан кейін біз, жолдастар, соңғы күндері өзіміздің ойымызды басқадан гөрі көбірек бөліп жүрген, соңғы күндері біздің есімізге алынып жүрген дипломатиялық ішінара, егжей-тегжейлі, кейде тіпті ұсақ-түйек мәселелердің қандай маңызы барын түсінеміз, меніңше, оп-оңай түсінеміз. Халықаралық жағдайдағы тұрақсыздықтың үрейленуге негіз болатыны түсінікті. Ол осы үрейді туғызғысы келетіндердің, осыған тырысатындардың мүдделерін қолдайтын кадеттерден, оңшыл эсерлер мен меньшевиктерден шығып отыр. Жағдайдың барынша қатерлі және қайғылы екендігіне көз тоқтата қарай отырып, халықаралық көлемдегі экономикалық қатынастарды талдай отырып, біз—иә, соғыс пен бейбітшілік мәселесі Батыста да, Қиыр Шығыста да қыл үстінде тұр деп айтуға тиіспіз, өйткені екі тенденция бар: біреуі—барлық империалистердің одағын болғызбай қоймайтын тенденция, екіншісі — бір империалистерді екінші империалистерге қарама-қарсы қоятын тенденция,— бұл екі тенденцияның ешқайсысының да берік негізі жоқ. Иә, қазір Жапония миллиондық армиясы бола тұрса да, көрінеу-көзге әлсіз Россияны алып қоя алатын болса да, шабуыл жасауға бүтіндей бел байлай алмайды. Бұл қашан болады, мұны мен де білмеймін, ешкім де біле алмайды.

Ультиматум формасы одақтас халықтармен соғысу және Германиямен шарт жасасу қаупін туғызады, бірақ бұл бірнеше күннен соң өзгеріп кетуі мүмкін. Бұл әрқашан өзгеріп кете алады, өйткені қазір Жапониямен жауласып отырған американ буржуазиясы ертең соның өзімен тіл табысып кете алады, өйткені күні ертең жапон буржуазиясы герман буржуазиясымен тіл табысып

кете алады. Бұлардың негізгі мүдделері, жер шарын бөлісу мүдделері, помещиктердің, капиталдың мүдделері, олардың өздері айтатындай, өздерінің ұлттық қасиеті мен өздерінің ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету мүдделері бар. Эсерлердің газеттері тәрізді газеттерді оқу бақытсыздығына ма немесе әдетіне ме—бұл арасын мен білмеймін—сондайға душар болған адамға бұл тіл жеткілікті мәлім. Және де бізге ұлттық қасиет туралы жиі-жиі айтқанда, мұның астарында империалистік тонаудың қандай фактілері жасырынып жатқанын жұрттың бәрі де біледі, мұны 1914 жылғы тәжірибеден кейін біз де өте жақсы білеміз. Осы қатынастың салдарынан Қиыр Шығыста жағдайдың өзі неліктен тұрақсыз бір нәрсе болып отырғаны түсінікті де. Біз бір нәрсені ғана айтуға тиістіміз: капиталистік мүдделердің осы қайшылықтарына жіті қарау керек, Совет республикасының беріктігі әрбір апта сайын, әрбір ай сайын арта беретінін, сонымен бірге барлық елдердің еңбекшілері мен қаналған халқы арасында оған тілектестік ұлғая түсетінін білу керек.

Сонымен бірге, халықаралық саясаттың ең соғысқұмар партиялардың пайдасына қарай ауытқып кетуіне минут сайын, күн сайын әзір болу керек, соны күту керек.

Герман коалициясының жағдайы бізге айқын. Германияның буржуазиялық партияларының көпшілігі қазіргі кезеңде Брест бітімін сақтау жағында, бірақ олар, әрине, бұл бітімді «жақсартуға» және Россияның есебінен тағы да бірнеше аннексия алуға өте құштар. Оларды осы тұрғыдан қарауға мәжбүр еткен нәрсе,—өздерінің айтуынша, герман ұлттық мүдделерінің, империалистік мүдделердің тұрғысынан туған саяси және соғыс жөніндегі пікірлер,— мұның өзі оларды Шығыста бейбітшілік болуын артық көруге мәжбүр етеді; бұл олардың Батыста емін-еркін қимылдауы үшін керек, мұнда герман империализмі жеңіске дереу жетеміз деп талай рет уәде берген болатын, бірақ онда әрбір апта немесе әрбір ай бұл жеңістің, ішінара жеңістер көп болған сайын, көз жетпес қиянға қашықтап бара жатқанын көрсетіп отыр. Екінші жағынан, біз Брест шартын

жасасқанда өзін әлденеше рет көрсеткен және, әрине, барлық империалистік державаларда бар болып отырған соғысқұмар партияны көріп отырмыз; бұл соғысқұмар партия өзіне-өзі: кейін не болатынымен есептесіп жатпай-ақ, күшті дереу пайдаланып қалу керек дейді. Бұл—ең соғысқұмар партияның үні; бұл партия—масаттандырар соғыс жеңістері тарихта пайда болған кезден бері Германия тарихында белгілі партия, бұл партия—1866 жылдан, мәселен, Германияның ең соғысқұмар партиясы Австрияны жеңгеннен бері, бұл жеңісті толық талқандауға айналдырғаннан бері белгілі партия. Бұл қақтығыстардың бәрі, бұл жанжалдардың бәрі болмай қоймайтын нәрсе және қазір бұл жағынан алғанда күллі істің қыл үстінде тұруын осылар тудырып отыр, бір жағынан, герман парламентінің буржуазиялық империалистік көпшілігі, герман дәулетті таптары, герман капиталистері Брест шарты негізінде қалуды артық көреді, бірақ, қайталап айтайын, олар мұны «жақсартудан» тіпті де бас тартпайды. Ал екінші жағынан, саясаттың ең соғысқұмар партияның пайдасына қарай ойысып кетуіне минут сайын, күн сайын әзір болу керек, соны күту керек.

Халықаралық жағдайдың тұрақсыздығы осыдан түсінікті, осы негізде партияда белгілі бір жағдайдың тууы қаншалықты оңай екендігі осыдан түсінікті және Совет өкіметінен өз міндетін айқын белгілеу үшін қаншама көрегендік, сақтық және қаншама ұстамдылық пен салқын қандылық талап етілетіндігі осыдан түсінікті. Мейлі, орыс буржуазиясы біресе француз буржуазиясына иек сүйеп, біресе неміс буржуазиясына иек сүйеуге көшіп, сергелдеңге түсе берсін. Оларға ұнайтыны осы. Жерді қолына алып жатқан мужикке қарсы, социализмнің негізін қалап жатқан жұмысшыға қарсы болғанда немістердің қолдап шыға келуі қандай жақсы кепілдік екенін олар бірнеше жерде көрді. Империалистік соғысты жазғырған адамды, соғыстың мәніне жұрттың көзін ашқан адамды олар кешегі күні, ұзақ уақыттар бойы, бірнеше жылдар бойы отанға опасыздық етушілер деп атап келген еді, ал бүгінгі күні олар бірнеше аптаның ішінде-ақ өздерінің саяси сенімін өзгерте

қоюға, сөйтіп ағылшын жыртқыштарымен жасасқан одағынан шығып, Совет өкіметіне қарсы герман жыртқыштарымен одақтаса қоюға әзір тұр. Оңшыл эсерлерден, меньшевиктерден бастап, солшыл эсерлерге дейін, барлық сарындағы буржуазия, мейлі, сергелдеңге түсе берсін. Оған осы лайық. Мейлі, ол үрей туғыза берсін, өйткені оның өзі үрейленуде. Ол, мейлі, басқа жолды білмей және біресе анаған сүйеніп, біресе мынаған сүйенудің арасында ауытқып, революция зор көлемде ұлғайғанда оны тереңдете түсу үшін бұл революцияда мейлінше әр түрлі топқа бөлінуді және бір кезеңнен екінші кезеңге көшуді бастан кешіруге тура келетінін есепке ала алмайтын, сөлекет бос сөздердің арасында ауытқып, сергелдеңге түсе берсін. Біздер, орыс революционерлері, өзіміздің бақытымызға қарай XX ғасырдың ішінде екі революцияның тәжірибесін көрдік, бұлардың әрқайсысы бізге халықтың өз өмірінде жинақталған көп тәжірибе берді, егер революциялық қозғалыс терең болса, егер ол елеулі болса, онда революциялық қозғалыстың қалай дайындалатыны жөнінде тәжірибе берді; бұл қозғалыста түрліше таптардың қалай көрінетінін, жаңа таптардың кемелденуін әзірлеу қандай жолдармен жүретінін, кейде ұзақ эволюциямен, ауыр, азапты жолмен жүретінін көрсетіп берді.

1905 жылғы стихиялы шабыттан туған Советтерге іске кірісудің неге түскенін, оларға 1917 жылы қайтадан іске кірісудің неге түскенін еске түсіріңіздерші, ал одан соң, олар буржуазиямен және жұмысшы табының жасырын ең қас жауларымен, революцияны қорғау туралы, қызыл жалау туралы айтып көпірушілермен, 1917 жылы июньде ең ауыр қылмыс жасағандармен келісімпаздықтың бар азабын бастан кешіруге тура келгенде,— енді, жұмысшы табының көпшілігі біздің жағымызда болып отырғанда, 1905 жылғы ұлы революциядан кейін біздің жұмысшы, шаруа табының Советтерімен бірге шығуымыз неге түскенін еске түсіріңіздерші. Осыны еске түсіріп, халықаралық империализмге қарсы жүргізіліп жатқан күрестің қандай бұқаралық көлемде дамып отырғанына ой жүгіртіңіздер, осы жағдайға жетудің қандай қиын екендігін, Орыс республикасы социа-

листік армияның барлық басқа отрядтарының алдына шыққанда, ол нені бастан кешіргеніне ой жүгіртіңіздер.

Әрине, өздерін керемет ақылдымыз деп есептейтін және тіпті социалистерміз деп те атайтын сабаздар бар екенін мен білемін, олар барлық елде революция өршігенге дейін өкіметті қолга алудың жөні жоқ еді дейді. Олар осылай дегенде, өздерінің революциядан жалтаратынын, сөйтіп буржуазия жағына шығатынын сезбейді де. Еңбекші таптардың халықаралық көлемде революция жасауын күту дегеніміздің мәнісі—күту үстінде бүтіндей тоқырап қалу деген сөз. Бұл—сандырақ. Революцияның қиындығы баршаға мәлім. Ол бір елде тамаша сәтті басталып, мүмкін, азапты кезеңдерді бастан кешіретін болар, өйткені түпкілікті жеңіске дүние жүзі көлемінде ғана және барлық елдер жұмысшыларының бірлесіп күш салуымен ғана жетуге болады. Біздің міндет ұстамды және сақ болуда, өзімізге жәрдем келіп үлгергенше біз амалдай тұруға және шегіне тұруға тиістіміз. Өздерін революционерлерміз деп атайтын, бірақ революциядан түк түсінбейтін адамдар бұған қаншама күлгенімен осы тактикаға көшу лажсыз нәрсе.

Жалпы жағдайды аяқтай келіп, мен енді соңғы күндері дүрлігу мен үрейлену неден туғанына және Совет өкіметін әлсіретуге бағытталған жұмысын контрреволюционерлердің қайта бастауына ненің мүмкіндік бергеніне көшейін.

Советтік социалистік республиканың барлық халықаралық қатынастарының сыртқы юридикалық формасы мен қабығы, бір жағынан, Брест-Литовск шарты болды, ал екінші жағынан, басқа соғысушы елдердің арасындағы бейтарап елдің жағдайын белгілейтін жалпы заң мен ғұрып болды деп мен айтып та өткенмін, ал осы жағдайдың өзі соңғы кезде душар болған қиыншылықтарды белгіледі. Финляндиямен де, Украинамен де, Түркиямен де толық бітім жасасу Брест-Литовск шартынан өзінен-өзі келіп туды, ал оның бер жағында осы елдердің қайсысымен де соғыстың одан әрі жалғастырылғанын көріп отырмыз, ал мұның өзі елдің ішкі дамуының нәтижесі емес, сол елдердің үстем таптарының

ықпалы болып табылады. Осы негізде уақытша табылған жол Брест бітімін жасасқанда қол жеткен уақытша тыныс алу ғана еді, мұның өзі тыныс алу жөнінде бұл мүмкін емес нәрсе деген бос, қажетсіз сөздер сондайлық көп айтылған, бірақ қалай дегенмен де мүмкін болып шыққан және екі айдың ішінде өзінің нәтижелерін берген, орыс солдаттарының көпшілігіне ес жиюға мүмкіндік туғызған, олардың өз үйлеріне оралуына, сөйтіп не болып жатқанына көз жеткізуіне мүмкіндік берген, революцияның жеңістерін пайдалануына, жерді пайдалануына, жан-жағына көз салып, алда күтіп тұрған жаңа құрбандықтарға жаңа күш жинап алуына мүмкіндік берген тыныс алу еді.

Финляндияда да, Украинада да, Түркияда да жағдай шиеленіскен кезде, толық бейбітшіліктің орнына біздің жеткеніміз: соғыс па әлде бейбітшілік пе?—деген бәзбаяғы шұғыл экономикалық мәселенің кейінге қалдырылуы ғана болып шыққан кезде, бұл уақытша тыныс алудың бітіп қалғандай болып көрінгені түсінікті. Сонда Совет өкіметінің барлық бейбіт ниеттеріне қарамастан және ұлы державалық дейтінді, яғни жасырын шарттар жасасу, Черновтардың, Церетелилердің және Керенскийлердің көмегімен ол шарттарды халықтан жасыру правосын құрбан етуге әбден бел байлағанымызға қарамастан, енді қайтадан соғысқа кірісуіміз керек пе еді және жасырын тонаушылық шарттарға қол қоюымыз, империалистік, тонаушылық соғысты жүргізуіміз керек пе еді? Қалай дегенмен де, толық бейбітшілік болмаса да, біз соғыс және бейбітшілік туралы сол бәзбаяғы шұғыл мәселені аз да болса кейінге қалдыруға жеттік қой.

Бұл пункттен туған дерек, міне, осы және оның ақырғы шешімі неге тірелетінін, жауласушы екі топтың, империалистік елдердің арасындағы ауытқулардың нәтижелері—Қиыр Шығыстағы американ жанжалы мен Европаның батысындағы герман-ағылшын жанжалы туралы мәселенің неге апарып соқтыратынын сіздер тағы да айқын көріп отырсыздар. Украинаны басып алуға байланысты, неміс империалистері, әсіресе соғысқұмар басты партия, өздеріне екінің бірінде соп-

дайлық тәуір, сондайлық оңай секілді етіп суреттеген, ал Германияның нақ осы ең соғысқұмар партиясын орасан зор қиыншылықтарға әкеп соқтырған жағдайға байланысты, Скоропадскийдің Украинаға не әкелетініне сүйсіне шаттанған және енді осының өзі Россияда да оп-оңай бола қалады десін дәмеленетін россиялық кадеттерді, меньшевиктерді және оңшыл эсерлерді өткінші үмітпен қанаттандырған жағдайға байланысты бұл қайшылықтардың қандай шиеленіскені түсінікті. Бұл мырзалар қателесіп отыр: олардың үмітінің күлі көкке ұшады, өйткені... (д у қ о л ш а п а л а қ т а у), өйткені, деймін мен, семсердің күшіне шектен тыс үміт артып дағдыланған Германиядағы нақ сол басты соғысқұмар партия, тіпті осы партияның өзі де бұл жолы Украинаны басып алуда, тұтас бір халықты бағындыру жолындағы күресте, сұмдық төңкеріске бой ұруға мәжбүр болған күресте құлақ естімеген қиыншылықты көрген империалистер, буржуазиялық империалистік топтар көпшілігінің қолдауына ие бола алмаған жағдайға ұшырап отыр.

Батыс майданда үлкен жеңіске жеткіземіз деп өз халқының алдында және жұмысшылар алдында міндеттенген осы ең соғысқұмар партия қарсы алдынан адам айтқысыз жаңа экономикалық және саяси қиыншылықтар шыға келген кезде, соғыс күштерінің алғашқы кезде оп-оңай болып көрінген міндеттерге ауыстырылғанын көруіне, сондай-ақ бітім туралы шартқа қол қойған украин меньшевиктерімен және оңшыл эсерлермен жасалған шартқа душар болуына тура келгенде, бұл партия Германияны қаншама құлақ естімеген қиыншылықтарға душар етті десеңізші.

Германиядағы ең соғысқұмар партия: біз әскерді төгіп жібереміз де, астық аламыз деп ойлаған еді, ал кейіннен мемлекеттік төңкеріс жасау керек болып шықты. Мұны жасау онда оңай екен, өйткені украин меньшевиктері бұған оп-оңай көнді. Ал сонан кейін мемлекеттік төңкеріс орасан зор жаңа қиыншылықтар тудыратын болып шықты, өйткені астық пен шикізат алу үшін әрбір қадам күшке түседі, астық пен шикізатсыз Германия өмір сүре алмайды және оккупацияланған

елден бұларды әскери күш қолданып алу аса көп күш-жігерді, тым көп құрбандықты керек етеді.

Украинадағы жағдай—Россия контрреволюциясының үмітін арттыруға тиісті болған жағдай, міне, осындай. Өз армиясын жаңадан құра алмаған Россияның бұл күресте үсті-үстіне шығынға ұшырағаны және ұшырап отырғаны түсінікті. Бітім келіс сөздері де тағы да өте ауыр шарттарға, тағы да ашық және жасырын контрибуцияларға әкеліп соқтырды. Украинаның шекарасын қандай универсалмен белгілегілері келетіні анықталмай қалып отыр. Универсалға қол қойған Рада тайдырылды[129]. Оның орнына помещик-гетман қайта қойылды. Сөйтіп, осы әрі-сәрілік негізінде соғыс және бейбітшілік туралы мәселенің бұрынғы күйде қалатындығын көрсететін толып жатқан мәселелер пайда болды. Орыс және неміс әскерлерінің арасындағы ішінара уақытша бітім жалпы жағдай жөнінде еш нәрсені де күн ілгері шешпейді. Мәселе әрі-сәрі болып отыр. Кавказ меньшевиктерінің үкіметі ұзақ күрес жүргізіп жатқан, социал-демократтар деп аталған контрреволюционерлер ұзақ күрес жүргізіп жатқан Грузия жөнінде де нақ осындай жағдайды көріп отырмыз. Ал Совет өкіметінің және еңбекші бұқараның бүкіл Россияға тараған жеңісі орыстан озге шет аймақтарды да қамти бастаған кезде, Совет окіметінің жеңісіп, Дон казактарының контрреволюцияшыл өкілдерінің мойындағанындай, бөгеуге болмайтындығы әбден айқын және күмәнсіз болған кезде, Кавказдағы меньшевиктік үкімет қобалжи бастаған кезде Гегечкори мен Жордания, кеш те болса, большевиктермен ортақ тіл тапсақ па екен дей бастаған кезде, түрік әскерлерінің жәрдемімен большевиктерге қарсы аттанған Церетели бас көтерген кезде,—сонда олар Раданың орғанын оратын болады. (Қол шапалақтау.)

Бірақ естеріңізде болсын, егер бұлар, Кавказ радасының осы алаяқтары, егер бұлар герман әскерлерінен Украина радасының алғанындай жәрдем алатын болса, онда Россияның Советтік республикасына мұның жаңа қиыншылықтар туғызатыны, тағы да соғыстың лажсыздығын, жаңа қауіптер және жаңа әрі-сәрілік жағдай-

лар тұрызатыны түсінікті. Осы әрі-сәрілікті, әрі-сәрі жағдайдың осы ауыртпалығын тілге тиек ететін адамдар бар, ал шындығында мұндай әрі-сәрілік айқын жағдайдың қайсысынан болса да жаман,—бұл әрі-сәрілікті жою оңай, тек германдардан Брест шартын орындауды ашық талап етсе болғаны дейтін адамдар бар.

Өздерін солшылдармыз деп есептейтін, ал шынында біздегі ұсақ буржуазияның таяздығын ғана көрсететін мұндай аңқау адамдардың не дегендерін менің естігенім бар...*

Алдымен жеңу керек екенін, ал сонан соң бірдеңе талап етуге де болатынын олар ескермейді. Егер сіз жеңбеген болсаңыз, онда жау қойылған талаптарға беретін жауабын соза түсуге, тіпті мүлдем жауап бермеуге де мүмкіндік алады. Империалистік соғыстың заңы осындай.

Сіз бұған наразысыз делік. Онда өз отаныңызды қорғай біліңіз. Социализм үшін, жұмысшы табы, еңбекші үшін отанды қорғауға біздің правомыз бар.

Мен енді мынаны ғана айтайын: Кавказ шекарасында осы әрі-сәрі жағдай Гегечкори үкіметінің мүлдем кешіруге болмайтын қобалжуы салдарынан туды; ол алғашында Брест бітімін мойындамаймыз деп мәлімдеді, ал кейіннен мұның қандай территорияны қамтитынын бізге айтпастан, тәуелсіздік жариялады. Біз көптеген радиотелеграммалар жіберіп: сіздер қандай территориядан дәмеленетіндеріңізді хабарлаңыздар деп сұрадық. Тәуелсіздік алудан дәмеленуге сіздердің хақыларыңыз бар, бірақ тәуелсіздік туралы айтатын болсаңыздар, онда сіздер өздеріңіз қандай территорияны басқарғалы отырғандарыңызды айтуға міндеттісіздер. Бұл осыдан бір апта бұрын болды. Орасан көп радиотелеграмма жазылды, бірақ ешбір жауап жоқ. Герман империализмі осыны пайдаланып отыр. Сондықтан Германия және қосалқы мемлекет ретінде Түркия еш нәрсеге жауап қатпай, еш нәрсеге көңіл бөлмей: біз қолымыздан келгенді аламыз, біз Брест бітімін бұзып отырғанымыз жоқ, өйткені Закавказье армиясы бұл бітімді мо-

* Стенограммада анық жазылмаған сөздер қалдырылып кеткен. *Ред.*

йындамайды, өйткені Кавказ тәуелсіз деп мәлімдеп, жылжыған үстіне жылжи беруі мүмкін болды.

Гегечкори үкіметі кімге тәуелсіз? Ол Совет республикасына тәуелсіз-ақ болсын, бірақ ол аз да болса неміс империализміне тәуелді, мұның өзі табиғи нәрсе. (Қол шапалақтау.)

Міне, жолдастар, соңғы күндері қатынастардың шектен тыс шиеленісуінен туған жағдай осындай, міне, біздің партияның, Россия коммунистік большевиктер партиясының, орасан көпшілігі болып жүргізіп келген, соңғы айлардың ішінде тапжылмастан қорғап келген тактикасының дұрыстығын тек тағы да бір рет және едәуір айқын етіп те дәлелдеп берген жағдай осындай.

Бізде революцияның зор тәжірибесі бар және объективті жағдай мүмкіндік бергенде, бұқараның ашынғанын және тегеурін көрсету осы бетбұрыстың көрінісі болатынын келісімпаздықтың тәжірибесі көрсеткен кезде, аяусыз тегеурін көрсету тактикасын жүргізу керектігін осы тәжірибеден біз үйрендік те. Бірақ аяусыз жаппай тойтарыс беруге шақыру үшін объективтік жағдай мүмкіндік бермеген кезде, біздің аңысын аңдау тактикасын, күштерді біртіндеп жинау тактикасын қолдануымызға тура келеді.

Кімде-кім көзін жұмбаса, кімде-кім соқыр болмаса, ол адам, біз өзіміздің ертеректе айтқандарымызды енді тек қайталап қана отырғанымызды, халықаралық пролетариаттың басқа отрядтарымен салыстырғанда, орыс жұмысшы табының әлсіздігін ұмытпаймыз деп үнемі айтып келгенімізді біледі. Бұл отрядтың халықаралық пролетариаттың басқа отрядтарының алдына шығуына себеп болған біздің еркіміз емес, тарихи жағдайлар, патшалық режимнің мұрасы, орыс буржуазиясының былжырлығы және мұның өзі біздің осыны қалағандығымыздан емес, қайта жағдайлардың талап етуінен болды. Бірақ біздің одақтасымыз—халықаралық пролетариат келіп жеткенше, біз өз орнымызда қалуға тиіспіз, ол келіп жетеді, қайткенде де келіп жетеді, тек біздің күткенімізден, біздің тілегенімізден әлде қайда баяу келіп жетеді. Егер бұл пролетариат объективті жағдайлардың

себебінен тым баяу жүріп келе жатқанын көрсек, онда біз қалай дегенмен де өзіміздің аңысын аңдау және империалистер арасындағы жанжалдар мен қайшылықтарды пайдалану, біртіндеп күш жинау тактикамызды, империалистік дүлей теңіздің ортасындағы Совет өкіметінің оазисін, барлық елдердің жұмысшылары мен еңбекшілерінің қазірдің өзінде-ақ аңсары ауып отырған оазисті сақтап қалу тактикамызды ұстауға тиіспіз. Міне, сондықтан да біз өзімізге: егер ең соғысқұмар партия бүгін-ертең империалистік коалицияның қандайын да жеңе алатын болса және күтпеген жерден бізге қарсы империалистік коалиция құра алатын болса, біз бұл істі қалай дегенмен де жеңілдете алмаймыз дейміз. Егер олар бізге қарсы аттанатын болса,—иә, біз енді қорғампазбыз,—біз осы кезеңді кешеуілдету үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеп бағамыз, дипломатиялық тактиканың қолынан келетінінің бәрін істеп бағамыз, өзіміз март айында алған аз уақыттық және баянсыз тыныс алудың неғұрлым ұзаққа созылуы үшін бәрін де істейміз, өйткені бізді өздерінің осы тыныс алған уақыттың әр аптасы өткен сайын, ол ол ма әр айы өткен сайын онан да бетер, тың күш алатынын, Совет өкіметін нығайтатынын, Совет өкіметінен берік және мызғымас бір күш жасайтынын, өздері оған жаңа рух беріп, ауыр реакциялық соғыстан қалжырап, шаршағаннан кейін, социалистік Совет республикасына сыртқы күш тарпа бас салғанда ең ақырғы, шешуші зор майданға аттану үшін беріктік және әзірлік жағдай жасайтынын білетін ондаған миллион жұмысшылар мен шаруалар жақтап отырғанына біз кәміл сенеміз.

1917 жылғы 25 октябрьден кейінгі жерде біз қорғампазбыз, біз отанды қорғау правосына ие болдық. Біз құпия шарттарды қорғамаймыз, біз оларды жойдық, біз оларды бүкіл дүние жүзі алдында әйгіледік, біз отанымызды империалистерден қорғаймыз. Біз қорғаймыз, біз жеңеміз. Біздің қорғайтынымыз ұлы державалылық емес: Россиядан Великороссиядан басқа түк те қалған жоқ,— біздің қорғайтынымыз ұлттық мүдделер емес, біз былай дейміз: социализм мүдделері, дүние жүзілік социализм мүдделері ұлттық мүдделерден жоғары, мем-

лекет мүдделерінен жоғары. Біз социалистік отанның қорғаушыларымыз.

Мұның өзі декларация арқылы істелмейді, қайта өз еліңде буржуазияны құлату арқылы ғана, сонда басталған аяусыз және өліспей беріспейтін соғыс арқылы ғана істеледі және біз өзіміздің жеңетінімізді білеміз де. Мұның өзі империалистік дүниені қоршаған соғыстың ортасындағы шағын ғана арал, бірақ біз осы шағын аралда жұмысшы табының не істей алатынының бәрін көрсеттік және дәлелдедік. Мұны жұрттың бәрі біледі және мойындады да. Отан қорғауға правомыз бар екенін біз дәлелдедік, біз — қорғампаздармыз, сондықтан осы қорғану ісіне барынша байсалды қараймыз, мұны бізге төртжылдық соғыс үйретті; барынша байсалдылықпен, сақтықпен қараймыз, мұны солдатты көрген, соғыстың осы төрт жылының ішінде солдаттың непі бастан кешіргенін білетін жұмысшының әрқайсысы, шаруаның әрқайсысы түсінеді, ал бұл сақтықты іс жүзіндегі емес, тек сөз жүзіндегі революционерлер ғана түсіне алмауы мүмкін, бұған солар ғана келемеждеп күлін, үстірт қарауы мүмкін. Отан қорғауды жақтаушылар болғандықтан да, біз өзімізге былай дейміз: қорғану үшін берік және мықты армия керек, берік тыл керек, ал берік және мықты армия үшін ең алдымен азық-түлік ісін мықтап жолға қою керек. Бұл үшін пролетариат диктатурасы орталық өкіметте ғана көрініп қоймауы керек, бұл — бірінші қадам, тек бірінші қадам ғана, шынында диктатура бүкіл Россияда болуға тиіс, бұл — екінші қадам, тек екінші қадам ғана,— біз бұл қадамды әлі толық жасағанымыз жоқ. Бізге саналы жұмысшылардың мықты және темірдей берік билігі еліміздің әрбір шалғай түкпірінде сезіліп отыратындай, бірде-бір кулак, бірде-бір бай және астық монополиясына қарсы адам жазалаусыз қалмайтындай, қайта оны жұмысшы табының тәртіпті диктаторларының, пролетарлық диктаторлардың жазалаушы темір қолы тауып алып, жазалап отыратын пролетарлық тәртіп, нағыз пролетарлық диктатура керек. (Қол шапалақтау.)

Сондықтан біз өзімізге былай дейміз: отан қорғауға біз сақтықпен қараймыз, соғыс кезеңін алыстата түсу

үшін, сөйтіп үзілісті ұзарта түсу үшін біз дипломатияның бере алатынының бәрін істеуге міндеттіміз, бейбітшілік үшін біз бәрін де істейміз деп жұмысшылар мен шаруаларға уәде береміз. Біз мұны істейміз де. Сондықтан, төңкеріс жасау сондай оңайға түскен Украинадағы сияқты, бізде де жаңа Скоропадскийлерді дүниеге келтіруге болады деп ойлайтын буржуа мырзалар мен олардың қолшоқпарлары,— міне, солар мынаны ұмытпасын: егер Украинада төңкеріс жасау Германиядағы соғысқұмар партияға сондайлық оңайға түспеген болса, оның Советтік Россияда жеткілікті қарсылыққа ұшырайтынын ұмытпасын. Иә, бұл баршаға дәлелденді, елімізде еңбекші бұқараның жағдайын нығайту үшін Совет өкіметі осы бағытты қолдап, барлық құрбандыққа барды.

Бітім туралы, Финляндия туралы мәселеге байланысты жағдай Ино форты мен Мурман деген сөздермен сипатталады. Ино форты — Петроградтың қорғаны, ол өзінің территориялық орны жағынан Финляндия мемлекетінің құрамына кіреді. Финляндияның жұмысшы үкіметімен бітім жасасқанымызда, социалистік Россияның өкілдері, біздер, барлық территорияға Финляндияның толық правосы барын мойындадық, бірақ екі үкіметтің өзара келісімімен Ино форты, жасалған шартта[130] айтылғанындай, «социалистік республикалардың ортақ мүдделерін қорғау үшін» Россияға қалдырылды. Біздің эскерлердің Финляндияда бұл бітімге қол қойғаны, бұл шарттарға қол қойғаны түсінікті. Бұл үшін буржуазиялық және контрреволюциялық Финляндияның бүлік шығармай тұра алмағаны түсінікті. Финляндиядағы реакциялық және контрреволюциялық буржуазияның осы бекіністі алуға дәмеленгені түсінікті. Осының салдарынан істің жайы талай рет ушыққаны және онан әрі ушығып отырғаны түсінікті. Істің жайы қыл үстінде тұр.

Ағылшын-француздар иемденуге дәмеленіп отырған Мурман туралы мәселенің бұрынғыдан бетер шиеленіс туғызғаны да түсінікті, өйткені Германияға қарсы империалистік соғысында өздерінің соғыс тылын қамтамасыз ету үшін олар порт салуға ондаған миллион қаржы жұмсаған болатын. Олардың бейтараптықты тамаша

қадірлейтіні соншалық, олар бос жатқанның бәрін пайдаланады, оның бер жағында олардың броненосецінің болуы, ал оларды қуып шығатын құралдың бізде жоқтығы басып алуға жеткілікті негіз болып отыр. Осының салдарынан мәселенің шиеленіспей тұра алмағаны түсінікті. Совет республикасының халықаралық жағдайынан пайда болған сыртқы қабық, юридикалық көрініс бар; мұның өзі бірде-бір соғысушы мемлекеттің қарулы күштері қарусыздандырылып қалмау үшін бейтарап территорияға кірмеуін көздейді. Ағылшындар Мурманға өздерінің әскери күшін әкеп түсірді, ал бұған нақ сондай әскери күшімізбен қарсылық көрсетуге біздің мүмкіндігіміз болмады. Осының нәтижесінде бізге: егер өздеріңіздің бейтараптықтарыңызды сақтай алмайтын болсаңыздар, онда біз сіздердің территорияңызда соғысамыз деп, ультиматумға жақын сипаттағы талаптар қойып отыр.

Бірақ жұмысшы-шаруа армиясы құрылып та болды, бұл армия уездер мен губернияларда помещиктерден тартып әперілген жеріне оралған шаруа халықты біріктіріп отыр,—олардың қорғайтын нәрсесі бар; ол—Совет өкіметін орната бастаған және авангард болатын армия; егер Россияға шапқыншылық жасалса, онда біз бір кісідей жауға қарсы аттанамыз. Менің уақытым бітті, сондықтан мен Совет республикасының Берлиндегі елшісі Иоффе жолдастан радио арқылы алынған телеграмманы оқып беріп, сөзімді аяқтағым келеді. Бұл телеграмма сіздерге, бір жағынан, осы арада мен баяндап берген халықаралық қатынастардың дұрыс-бұрысы жөнінде біздің елшінің не айтатынын және, екінші жағынан, біздің Совет республикасының сыртқы саясаты байсалды саясат — отан қорғауға әзірлік екенін, Батыс пен Шығыстың империалистік державаларының әсіре партияларына жәрдемдесуге ешбір әрекет жасауға жол бермейтін ұстамды саясат екенін көрсетеді. Бұл саясаттың елеулі негізі бар және ол ешқандай жалған үміттерге сүйенбейді. Екі күннің бірінде бізге қарсы әскери күштің лап қою мүмкіндігі әрқашан да сақтала береді, сондықтан біздер, жұмысшылар мен шаруалар, Совет республикасын қорғау үшін бір кісідей көтерілеміз деп өзімізге

өзіміз айта аламыз және мұны бүкіл дүние жүзіне айта аламыз, мұны дәлелдей де аламыз, сондықтан бұл телеграмманы оқып беру менің сөзіме лайықты қорытынды болады деп, Совет республикасының шетелдердегі өкілдері Советтердің пайдасына, барлық совет мекемелерінің және Совет республикасының пайдасына қандай рухта жұмыс істеп отырғанын көрсетеді деп сенемін.

«Бүгін алынған соңғы радиотелеграммалар герман соғыс тұтқындарының комиссиясы жұма күні, 10 майда, жолға шығады деп хабарлап отыр. Герман үкіметінің Украина мен Финляндиядағы біздің мүліктеріміз туралы барлық праволық мәселелерді талқылау үшін арнаулы комиссия құруды ұсынған нотасын біз алдық та. Мен мұндай комиссияға келісім бердім, мен Сізден әскери және юрист адамдардан лайықты уәкілдер жіберуді сұрадым. Мен бүгін мұнан былайғы ілгерілеу жөнінде, Ино фортын тазарту талабы жөнінде және орыстардың Германияға көзқарасы жөнінде сөйлестім. Мынадай жауап алдым: Германияның Жоғарғы командованиесі мұнан былай ешқандай ілгерілеу болмайды, Украина мен Финляндияда Германияның ролі бітті, Германия біздің Киевпен және Гельсингфорспен бітім жасасуға бағытталған келіс сөздерімізге көмектесуге қарсы емес және бұл туралы жоғарыда аталған үкіметтермен қарым-қатынас жасамақшы деп мәлімдеді. Финляндиямен бітімге келетін келіс сөздер жүргізген кезде Ино форты туралы мәселе: шарт бойынша форттар қиратылуға тиіс, Германия: шекараларды белгілегенде біздің қызылдармен келіскен шарттарымызды қабылдауға болады деп шамалайды, ақтар әлі жауап берген жоқ. Герман үкіметі ресми түрде былай деп мәлімдейді: Германия Брест шарты негізінде берік тұр, бізбен бейбіт қарым-қатынаста болғысы келеді, ешқандай агрессиялық жоспарлары жоқ және бізге ешқандай шабуыл жасамайды. Менің қойған талабым бойынша, Германия орыс азаматтарын басқа бейтарап азаматтармен теңестіруге уәде беріп отыр».

Газет есептері 1918 ж. 15 майда «Известия ВЦИК» газетінің 95-номерінде, 15 және 16 майда «Правда» газетінің 93 және 94-номерлерінде басылған

«Петроградская Правда» газетінің 1918 ж. 19 майдағы 101-номерінің текстімен салыстырылған мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «4-сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мәжілістерінің протоколдары. Стенографиялық есеп», 1920

РКП(б) МОСКВА ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ 1918 ж. 15 МАЙДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[131]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин әуелі «солшылдардың» сыртқы саясатқа көзқарасына тоқталды және Бресттегі келіс сөздердің зор үгіттік маңызын атап көрсетті, өйткені батыс пролетариаты большевиктердің кім екенін, революциядан кейін біздегі жағдайдың қандай екенін және басқаларын көбірек біліп, түсінуге мүмкіндік алады деді. Қазір аман қалудың бар амалы Брест шартын ашықтан-ашық бұзуда емес, ал жеке империалистік елдер мүдделерінің қарама-қарсылығы салдарынан қалыптасқан халықаралық шиеленіскен жағдайлардың арасында амалдай тұруда болып отыр. Жапония мен Американың, Германия мен Англияның арасындағы қатынастарды, немістің капиталистік және соғысқұмар партияларының және тағы басқаларының ішіндегі алауыздықтарды есепке алу керек. Ішкі саясатта пролетарлық тәртіп керек, деревня кулактарына қарсы күрес жүргізу керек, астық туралы ойластыру керек, елімізде толық азық-түлік диктатурасы және жұмысшы табының диктатурасы болуы керек. Мемлекеттік капитализм туралы мәселеде «солшылдарға» қарсы пікір айта келіп, Ленин жолдас мемлекеттік капитализм бізге қорқынышты емес деп түсіндірді, өйткені өзіміз бастан кешіріп отырған капитализмнен социализмге азаппен өту кезінде біздің басты мақсатымыз—өнеркәсіпті сақтап қалу, ал оны қазіргі уақытта тек мемлекеттік капитализм жағдайында ғана мүмкін болатын, өнеркәсіпті ірі көлемде ұйымдастыру жолымен ғана өндірісті жолға қоюға болады, өндірілетін жә-

не тұтынылатын заттарды дәл есепке алып отыруға болады. Бұл үшін қажетті шарт жұмысшы бақылауы болып табылады. Ленин жолдас былғарышыларды, солардың мықты ұйымшылдығын, жеке меншік кәсіпорындардағы жұмысшы бақылауын мысал ретінде атап өтті.

«Правда» № 95, 17 май, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«БІЗДІҢ ДӘУІРІМІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітапшада 1918 жылы 12 мартта «Известия ВЦИК» және 1918 жылы 9—11 майда «Правда» газеттерінде шыққан екі газет мақаласы біріктіріліп отыр*. Мақаланың екеуі де кітапшаның атынан көрінетін бір тақырыпқа әр қырынан келеді.

Москва. 17. V. 1918. *Автор*

1918 ж. кітапшада басылған *Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Қараңыз: осы том, 84—89, 305—339-беттер. *Ред.*

НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАР ӨКІЛДЕРІНІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ХАТ[132]

Металл өңдейтін аса ірі заводтардың конференциясында жұмысшы делегациясы сайлаған жолдастардың хабарын тыңдай келіп және конференцияның қарарын ескере отырып, мен былай дей аламын: егер конференция жұмыстың жоспарлы, жүйелі ұйымдастырылуын және оның өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету ісіне барлық жігерін салып кірісетін болса, онда, менің пікірімше, Халық Комиссарлары Советінде дереу национализациялауды *жақтаған* бірауыздылық болатын шығар.

Сондықтан конференцияның былай еткені жөн болар еді:

1) заводтарды біріктіруді әзірлеу жөніндегі Уақытша советті дереу сайлау керек;

2) Металлистер одағының Орталық комитетіне, Халық шаруашылығы жоғары советімен келісе отырып, Уақытша советті өзгертіп, оны национализацияланған барлық заводтардың біртұтас одағының (немесе бірлестігінің) *Басқармасына* айналдыру үшін осы Уақытша советтің құрамын толықтырып отыруға право беру керек;

3) қатаң еңбек тәртібін орнату мүддесін көздеп, Брянск ережелерінің[133] типімен ішкі тәртіпті мақұлдауы немесе, қарар қабылдау арқылы, осыны заңға айналдыруы керек;

4) Басқармаға қатысу үшін ірі өндірістің мамандарынан, инженерлері мен ұйымдастырушыларынан кандидаттар белгілеу немесе Халық шаруашылығы жоғары

советіне осындай адамдарды тауып, тағайындауды тапсыру керек;

5) неғұрлым жақсы жолға қойылған заводтардың жұмысшыларын немесе ірі өндіріске басшылық етуден неғұрлым тәжірибелі деген адамдарды жағдайы мардымды емес заводтардағы істі дұрыс жолға қоюға көмектесу үшін жіберіп отырған (Уақытша советтің немесе Металлистер одағының Орталық Комитетінің жіберіп отырғаны) жөн болар еді;

6) барлық материалдарды және еңбек өнімділігін қатаң есепке алып, бақылап отырған жағдайда—шикізат пен еңбектің орасан мол үнемделуіне жетуге болады және солай ету керек.

Менің ойымша, конференция және ол сайлаған мекемелер жігерлі түрде жұмыс істеген жағдайда *таяу күндердің ішінде* национализациялауды Халық Комиссарлары Советінен өткізуге болар еді.

Халық Комиссарлары Советінің председателі
В. Ульянов (Ленин)

17/V. 1918 ж.

«Известия ВЦИК» № 99, 19 май, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің текстімен салыстырылған машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ ФИНАНС БӨЛІМДЕРІ ӨКІЛДЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ I СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 18 МАЙДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[134]

(Ленин жолдастың залға келуіне делегаттар ұзаққа созылған қол шапалақтаумен ізет білдірді.) Елдің финанс жағдайы өте ауыр. Елді социалистік жолмен қайта құру міндеті толып жатқан қиыншылықтарға душар еткелі тұр, бұл қиыншылықтарға кейде күш жетпейтіндей болып көрінеді, бірақ, меніңше, әрбір қадам басқан сайын ұсақ буржуазияның, жалдаптардың және дәулетті таптардың қарсылығын кездестіріп отыратын жұмысымыз қаншама ауыр болғанымен, біз оны орындауға тиіспіз.

Жалпы жорамалдар мен декреттерден күнделікті өмірге көшерде қандай қиыншылықтарды жеңіп отыруға тура келетіні сіздерге, практика адамдарына, тәжірибе адамдарына, басқа адамның қайсысынан болсын, жақсы мәлім. Алда орасан зор жұмыс тұр, өйткені дәулетті таптар жанталаса қарсыласпақшы, бірақ жұмыс қаншалықты ауыр болған сайын, біз буржуазияны жеңіп, оны Совет өкіметінің бақылауына бағындырған кезде, ол жұмыстың нәтижелері соншалықты игілікті болмақ. Біздің міндеттеріміз—еңбек сіңіруге және буржуазияға қарсы ең ақырғы, шешуші зор майданға шығуға тұрарлық міндеттер, өйткені елімізді социалистік жолмен қайта құрудың ойдағыдай болуы осы міндеттердің жүзеге асуына байланысты ғой.

Совет өкіметі белгілеген негізгі финанс міндеттері практикалық өмірде дереу жүзеге асыруды талап етеді

және сіздермен кеңесіміз өзіміз ойластырған өзгерістердің тек декларация күйінде қалып қоймауына жәрдемдеседі.

Біз финанс істерін қайткен күнде де баянды етіп қайта құруға тиіспіз, бірақ өзіміздің финанс саясатымызда жетістікке жете алмасақ, онда біздің түбегейлі реформаларымыздың қандайы болсын сәтсіздікке ұшырайтынын естен шығармау керек.

Халық Комиссарлары Советінің атынан көптеген кеңестерде анықталған міндеттерді сіздердің естеріңізге салғым келеді және іс жүзінде нақты қолдану үшін оларды тәптештеп талдап шешіп алуларыңызды өтінемін. Бұл міндеттер мыналар:

ФИНАНСТЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ

Бізге финансты орталықтандыру қажет, өз күштерімізді шоғырландыру қажет; бұл принциптерді жүзеге асырмайынша, әрбір азамат бір тілім нанға қолы жететін және өзінің мәдени қажеттерін қанағаттандыруға мүмкіндік алатын экономикалық өзгерістер жасай алмаймыз.

Қазір орталықтандырудың қажеттігі халық бұқарасының санасына сіңіп келеді; егер бұл бетбұрыс баяу жүріп жатқан болса, оның есесіне мұның өзі терең және ауқымды болады; егер орталықтанбауға тырысушылық байқалса—мұның өзі өтпелі уақыттың ауруы, өсудің ауруы; мұның өзі әбден табиғи нәрсе, өйткені патшалық және буржуазиялық орталықтандыру халық бұқарасының санасына орталық өкімет атаулыға өшпенділік және жиркеніш сезім ұялатып отырған.

Мен орталықтандыруға еңбекшілер бұқарасын белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етудің минимумы деп қараймын. Мен жергілікті жердегі советтік ұйымдардың мейлінше кең автономиясын жақтаймын, бірақ сонымен бірге, менінше, елімізді саналы түрде қайта құру жолындағы жұмысымыздың жемісті болуы үшін дәл белгіленген, бірыңғай финанс саясаты қажет және жарлықтардың жоғарыдан төменге дейін орындалып отыруы қажет.

Біз сіздерден елді финанс жағынан орталықтандыру туралы декретті күтіп отырмыз.

ТАБЫС САЛЫҒЫН ЖӘНЕ МҮЛІК САЛЫҒЫН САЛУ

Біздің алдымызда тұрған екінші міндет — үдемелі-табыс салығы мен мүлік салығын салуды дұрыс жолға қою. Өздеріңіз білесіздер, социалистердің бәрі жанама салықтарға қарсы, өйткені социалистік көзқарас тұрғысынан алғанда бірден-бір дұрысы үдемелі-табыс салығы мен мүлік салығы болып табылады. Жасыратыны жоқ, бұл салықты енгізгенде төтенше қиыншылықтарға кездесуімізге тура келеді; дәулетті таптар жанталаса қарсыласып бағады.

Қазір буржуазия біреулердің аузын алу және олармен жең ұшынан жалғасу арқылы салықтардан сытылып кетіп жүр; біз буржуазияға тұмсық сұғар саңылау қалдырмауға тиістіміз. Біз бұл салада көп нәрсе белгіледік, ірге тебетін жер тазартылды, бірақ бұл үйдің іргесінің өзі әлі қаланған жоқ. Енді бұл кезең таянып келеді.

Табыс салығы жөніндегі мәселе мынадай болып отыр: мұны жүзеге асыру үшін бірыңғай декреттер жеткіліксіз, практикалық әдістер, тәжірибелілік керек.

Біз табыс салығын ай сайын өндіріп алып отыруға көшу керек деп ойлаймыз. Мемлекеттік қазынадан табыс келтіретін халықтың үлес салмағы өсіп келеді; бұл адамдардан салықты жалақыларынан ұстап отыру арқылы өндіріп алу шараларын қолдану керек.

Табыс салығы түсімдер мен табыстардың бәрінен түгел өндіріліп алынуға тиіс; осы уақытқа дейін қолданылып келген баспа станогының жұмысы уақытша шара ретінде өзін ақтаған болуы мүмкін, ал ендігі жерде ол өте жиі мерзім ішінде өндіріліп отыратын үдемелі-табыс салығы мен мүлік салығына орын беруге тиіс.

Мен сіздерден бұл шараны егжей-тегжейіне дейін ойластырып, практикалық тұрғыдан талдап жасауды, қысқа мерзім ішінде декреттерге және нұсқауларға айналдыруымызға болатын жоспарларды дәлдеп белгілеуді өтінер едім.

Контрибуция туралы мәселеге тоқтай келіп, Ленин былай дейді: Мен жалпы алғанда контрибуцияға тіпті де қарсы емеспін; буржуазияны жою үшін пролетариат контрибуцияны қолданбай тұра алмады; мұның өзі өтпелі уақыттың дұрыс шарасы, бірақ өтпелі уақыт енді бітті, сондықтан дәулетті таптарға салық салу біртұтас орталық мемлекеттік салыққа орын беруге тиіс.

Буржуазия біздің заңдарымызды орағытып өтуге, ұсақ-түйек қулық жасауға жанталаса тырысатыны күмәнсыз. Буржуазияның қалдықтарын ақырына дейін күйрету үшін біз бұған қарсы күресетін боламыз.

ЕҢБЕК МІНДЕТКЕРЛІГІ

Біздің финанс саясатымыздың үшінші міндеті еңбек міндеткерлігін және дәулетті таптарды тіркеуді енгізуге келіп саяды.

Еркін бәсекеге негізделген ескі капитализм осы соғыста біржолата мерт болды,— ол мемлекеттік, монополияландырылған капитализмге орнын берді. Батыстың алдыңғы қатарлы елдері: Англия мен Германия соғысқа байланысты бүкіл өндірісті өте қатал түрде есепке алуға және бақылауға көшті, олар буржуазия үшін жалтарыс жолдарын көп қалдырып, кедей таптар үшін еңбек міндеткерлігін енгізіп отыр. Біз осы елдердің тәжірибелерін пайдалануға тиіспіз, бірақ еңбек міндеткерлігін енгізуді ең алдымен соғыста онсыз да көп құрбандық көрген кедейлерден бастамай, соғыстан шаш-етектен келе байып алған дәулеттілерден бастауымыз керек.

Кезекте тұрған істердің бірі жұмыс салықтарын іске асыру — ең алдымен буржуазия үшін бюджет кітапшасын жүзеге асыру; ал мұның өзі бұлардың әрқайсысы ел пайдасына істеген жұмысымен қандай үлес қосып жүргенін көру үшін керек. Бақылау жасау жергілікті Советтердің қолында болуға тиіс. Кедейлер жөнінде мұндай шара қазір мүлдем артық, өйткені олардың жұмысты мұнсыз да жеткілікті түрде істеуіне тура келеді,— ал оның үстіне кәсіптік одақтар еңбек өнімділігін арттыру үшін және еңбек тәртібін енгізу үшін барлық шараларды қолданады.

Дәулетті халықты түгел есепке алу, бай адамдарды жұмыс, салық және бюджет кітапшалары болуына міндеттейтін заң,— біздің ең алдымен шешіп алуға тиісті міндетіміз, міне, осы. Бұл мәселені практикалық тұрғыдан және нақты шешу керек. Бұл шара салықтың ауыртпалығын, әділетті түрде, байларға артуға мүмкіндік береді.

ЖАҢА АҚША ЗНАКТАРЫ

Кезеңнің төртінші міндеті — ескі ақша знактарын жаңа ақша знактарымен ауыстыру[135]. Ақша, қағаздар— қазіргі уақытта ақша деп аталып жүргеннің бәрі де,— қоғамдық байлықтың бұл куәліктері азғындатарлық әсер етеді және мұның өзі қауіпті де, өйткені буржуазия осы қағаздарды көптеп сақтау арқылы экономикалық жағынан өктем болып қала береді.

Бұл құбылысты бәсеңдету үшін біз барлық ескі ақшаларды жаңа ақшалармен толық ауыстыру мақсатымен қолдағы қағаздарды қатаң есепке алуға тиістіміз. Бұл шараны жүзеге асыру жолында біздің төтенше экономикалық және саяси қиыншылықтарға кездесуімізге тура келетіні күмәнсыз; алдымызда мұқият әзірлік жұмысы — бірнеше миллиард жаңа ақша әзірлеу, әрбір болыста, ірі қаланың әрбір кварталында жинақ кассаларын құру жұмысы тұр, бірақ біз бұл қиыншылықтардан тайсалмаймыз. Біз мейлінше қысқа мерзім тағайындаймыз да, осы мерзім ішінде әр адам өзінің қолында қанша ақшасы бары туралы декларация толтыруға және оның орнына жаңа ақша алуға тиіс; егер сомасы онша көп болмаса, онда ол сомына сом алады; ал егер сомасы нормадан асып кетсе, онда ол бір бөлігін ғана алады. Күмән жоқ, бұл шара буржуазия тарапынан ғана емес, соғыста шаш-етектен байыған және сан мыңдаған қағаз ақшаларын шөлмектерге толтырып, жерге көміп тастаған деревня кулактарының тарапынан да мейлінше күшті қарсылықтарға душар болады. Біз тап жауымен бетпе-бет кездесеміз. Күрес қиын болады, бірақ игілікті күрес болады. Біздің арамызда бұл күрестің барлық ауыртпалығын өз мойнымызбен көтеруіміз ке-

ректігіне ешкім күмән келтірмейді, өйткені бұл — қажетті және болмай қоймайтын күрес. Бұл шараны жүзеге асыру үшін зор әзірлік жұмысын жүргізу керек: декларациялық листоктың типін белгілеуіміз керек, жергілікті жерлерде насихатты өрістетуіміз керек, ескі ақшаларды жаңа ақшаларға айырбастау мерзімін тағайындауымыз керек, т. т. Ал біз мұны істейміз. Мұның өзі буржуазияға қарсы ең ақырғы, шешуші зор майдан болады және мұның өзі Батыста әлеуметтік революцияның сәті түскенге дейін, шетел капиталына уақытша алым төлеуімізге және елімізде қажетті реформалар жүргізуімізге мүмкіндік береді.

Сөзінің қорытындысында Ленин жолдас Халық Комиссарлары Советінің атынан съезд жұмысының жемісті болуына тілектестік білдіреді. (Ленин жолдастың сөзі әлденеше рет ду қол шапалақтаумен бөлініп отырды.)

Газет есебі 1918 ж. 19 майда «Известия ВЦИК» газетінің 99-номерінде басылған

1918 ж. мына кітапта толық басылған: «Облыстық, губерниялық және уездік Советтердің финанс бөлімдері өкілдерінің Бүкіл россиялық бірінші съезінің жұмыстары туралы есеп», Москва

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

«АЗЫҚ-ТҮЛІК ОТРЯДТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ПИТЕР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҮНДЕУГЕ» ҚОСЫМША[136]

Саналы жұмысшылардың аса қатаң, темірдей берік өкіметі болған жағдайда ғана Совет өкіметін сақтап қалуға, еңбекшілер мен қаналғандардың помещиктер мен капиталистер *жөніндегі* жеңісін сақтап қалуға және баянды етуге болады. Тек осындай өкімет қана барлық еңбекшілерді, барлық кедейлерді өзіне тарта алады және өз төңірегіне біріктіре алады.

Жұмысшы-жолдастар! Революцияның жағдайы ауыр екенін есте сақтаңыздар. Революцияны *тек өздеріңіз ғана* сақтай алатындарыңызды, басқа ешкім де сақтай алмайтынын есте сақтаңыздар.

Таңдаулы, алдыңғы қатарлы, социализмге берілген, ал пара алуға және талан-таражға жоламайтын, кулактарға, жалдаптарға, тонаушыларға, парақорларға, іріткі салушыларға қарсы темірдей берік күш жұмсай алатын ондаған мың жұмысшылар,—міне, осылар қажет.

Ең зәру және ең шұғыл қажет нәрсе, міне, осы.

Міне мұнсыз ашаршылық, жұмыссыздық және революцияның күйреуі болмай қоймайды.

Жұмысшылардың күші және олардың аман қалуының жолы — ұйымдасуда. Мұны жұрттың бәрі біледі. Ендігі жерде буржуазияны жеңу үшін жұмысшылар ұйымдасуының ерекше түрі керек, жұмысшылардың темірдей берік өкіметін ұйымдастыру керек. Жұмысшы-жолдастар! революция ісі, революцияны құтқарып қалу ісі өз қолдарыңызда.

Уақыт күтіп тұрмайды: мейлінше қиын болған май айынан кейін келетін июнь және июль айлары, бәлкім, август айының бір бөлегі одан да ауыр болуы мүмкін.

1918 ж. 20 майда жазылған

1918 ж. 22 майда «Петроградская Правда» газетінің 103-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

(ПИТЕР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ)[137]

Жолдастар! Жуырда менде сіздердің делегатыңыз, партияда бар жолдас, Путилов заводының жұмысшысы болды. Бұл жолдас Питердегі ашаршылықтың адам айтқысыз ауыр көрінісін маған толық сипаттады. Бірқатар өнеркәсіпті губернияларда азық-түлік ісінің нақ сондай ауыр екенін, ашаршылық нақ сондай азапты түрде жұмысшылардың және жалпы кедейлердің есігін қағып тұрғанын біздің бәріміз де білеміз.

Ал дәл қасымызда біз астықпен және басқа азық-түлік өнімдерімен жалдаптық жасау етек алғанын байқап отырмыз. Ашаршылық Россияда астық жоқтығынан емес, буржуазия және барлық бай адамдар ең маңызды және қиын мәселеде, астық туралы мәселеде, еңбекшілер үстемдігіне, жұмысшылар мемлекетіне, Совет өкіметіне қарсы ең ақырғы, шешуші зор майдан ашып жатқандықтан болып отыр. Буржуазия және барлық бай адамдар, соның ішінде деревня байлары, кулактар, астық монополиясына кедергі жасауда, барлық халықты және ең алдымен жұмысшыларды, еңбекшілерді, мұқтаж адамдарды астықпен жабдықтау мақсаты мен мүддесін көздеген мемлекеттік астық болу ісіне кесел келтіруде. Буржуазия тұрақты бағаларды бұзып, астықпен жалдаптық жасауда, астықтың әрбір пұтына жүз сомнан, екі жүз сомнан және онан да артық пайда табуда, астық монополиясына және астықты дұрыс бөлу ісіне кедергі жасауда, парамен, сатып алумен социализмнің ең бірінші, негізгі, түбегейлі: «еңбек етпеген ішіп-же-

мейді» деген қағидасын жүзеге асыруға тырысып отырған жұмысшылар өкіметін әлсірететін нәрсенің бәрін қастандықпен қуаттай отырып кедергі жасауда.

«Еңбек етпеген ішіп-жемейді» — бұл еңбекшінің қай-қайсысына болса да түсінікті. Бұған барлық жұмысшылар, барлық ең кедей және тіпті орташа шаруалар да, өмірінде мұқтаждық көргендердің бәрі, қайсыбір кезде өз табысымен күнелткендердің бәрі мұнымен келіседі. Россия халқының оннан тоғызы осы ақиқатпен келіседі. Социализмнің негізі, оның күшінің сарқылмас қайнар көзі, оның түпкілікті жеңісінің мызғымас кепілі осы қарапайым, мейлінше қарапайым және өте айқын ақиқатта жатыр.

Бірақ мәселенің түйіні нақ мынада болып отыр: бұл ақиқатпен келісемін деп қол қою, осыны қостаймын деп ант-су ішу, оны еріннің емеурінімен мойындау бір басқа да, оны жүзеге асыра білу бір басқа. Жүз мыңдаған, миллиондаған адамдар (Питерде, егіншілікпен айналыспайтын губернияларда, Москвада) аштылық азабын тартып отырған шақта — байлар, кулактар мен жалдаптар сан миллиондаған пұт астықты жасырып отырған елде,— өзін социалистік Советтік республика деп атайтын елде,— осындай жағдай туып отырғанда әрбір саналы жұмысшы мен шаруаның байсалды және терең ойланғаны орынды.

«Еңбек етпеген ішіп-жемейді» — мұны қалай жүзеге асыру керек? Мұны жүзеге асыру үшін, біріншіден, мемлекеттік астық монополиясы қажет, яғни жекеше астық саудасына сөзсіз тыйым салу қажет, артық астықтың бәрін тұрақты бағамен міндетті түрде мемлекетке тапсыру қажет, кімнің болса да артық астықты ұстап қалуына және жасырып қалуына сөзсіз тыйым салу қажет екендігі айдан анық. Екіншіден, бұл үшін барлық артық астықты қатаң есепке алып отыру қажет және тұтыну үшін, өңдеу үшін, себу үшін қор дайындай отырып, артық астығы бар жерлерден астығы жетіспейтін жерлерге астықты мінсіз дұрыс тасып жеткізу қажет. Үшіншіден, бұл үшін жұмысшының, пролетарлық мемлекеттің бақылауымен, бай адамға ешқандай пұрсаттылықтар мен артықшылықтар бермейтіндей етіп, ас-

тықты мемлекеттің барлық азаматтарына дұрыс, әділ болу қажет.

Капитализмнен коммунизмге өту үшін, езгі атаулыдан және қанаушылық атаулыдан еңбекшілерді құтқару үшін мемлекеттік өкіметтің (және буржуазияға мейірімсіз қатал, өкіметке іріткі салушыларға мейірімсіз қатаң өкіметтің) қажеттігін теріске шығаратын анархизмнің жексұрын көке мылжыңдарының бүкіл түпсіз топастығын түсіну үшін ашаршылықты жеңудің осы шарттары жөнінде титтей де болса ойланудың өзі де жетіп жатыр. Нақ қазір, біздің революция социализмді жүзеге асыру міндеттерін шындап, нақтылы, практика жүзінде қолға алған кезде—революцияның сіңірген орасан зор еңбегі де осында—нақ осы кезде және нақ басты мәселеде, астық туралы мәселеде, темірдей берік революциялық өкіметтің, пролетариат диктатурасының қажеттігі, ондаған және жүздеген миллион адамдардың қажеттерін есепке ала отырып, өндіріс жағдайлары мен нәтижелерін бір жылға және көптеген жыл алдын ала есептей отырып (өйткені егін шықпай қалатын жылдар болады, астықтың түсімін арттыру үшін көп жылдық жұмыстарды керек ететін мелиорация қажет болады, т. т.), өнімдерді жинау ісін, оларды тасуды және жаппай, жалпы ұлттық көлемде бөлу ісін ұйымдастыру қажеттігі өте-мөте айқын көрінеді.

Романов пен Керенский өздерінің тонаушылық, қылмысты және мейлінше ауыр соғысымен титығына жеткізе күйзелткен елді, орыс және шетел империалистері тамтығын қалдырмай тонаған елді жұмысшы табына мұра етіп қалдырды. Әрбір пұт астықты қатаң есепке алғанда ғана, әрбір қадақ астықты сөзсіз теңбе-тең бөлгенде ғана астық жұрттың бәріне түгел жетеді. Машиналардың азығы да, яғни отын да, өте-мөте жеткіліксіз: егер тұтынуда мейлінше қатаң үнемшілдік үшін, дұрыс болу үшін барлық күшімізді салмайтын болсақ, онда темір жолдар мен фабрикалар тоқтап қалады, жұмыссыздық пен ашаршылық бүкіл халықтың түбіне жетеді. Апат төніп келіп тұр, ол мүлдем, мүлдем таянып қалды. Сұрапыл ауыр май айынан кейін іле-шала одан да гөрі ауыр июнь, июль және август айлары келе жатыр.

Бізде мемлекеттік астық монополиясы заң бойынша енгізілген, бірақ оны іс жүзінде буржуазия қадам басқан сайын бұзып келеді. Ондаған жылдар бойы бүкіл аймақты тонап келген деревня байлары, кулак, алпауыт жалдаптықтан, самогон қайнатудан пайда тапқанды артық көреді: бұл оның қалтасы үшін сондайлық тимді-ақ, сөйте отырып ол ашаршылық үшін кінәны Совет өкіметіне арта салады. Кулактың саяси қорғаушылары—астық монополиясына қарсы және Совет өкіметіне қарсы ашық және жасырын «жұмыс істеуші» кадеттердің, оңшыл эсерлердің, меньшевиктердің әрекеті де дәл осындай. Тұрлаусыздар партиясы, яғни солшыл эсерлер, бұл арада да тұрлаусыз: бұл партия буржуазияның қулқынқұмарлық айқайына, байбаламына еріп кетіп отыр, ол астық монополиясына қарсы айқай салып отыр, ол азық-түлік диктатурасына қарсы «наразылық корсетуде», ол буржуазиядан үрейленіп отыр, ол кулакқа қарсы күресуден қорқып, тұрақты бағаны өсіру, жекеше саудаға рұқсат ету және тағы сондайлар керек деп кеңес беріп, жанталаса арпалысып жүр.

Тұрлаусыздардың бұл партиясы саясатта өмірде болатын мына сияқты бірдеңелерді бейнелейді: кулак Советтерге қарсы кедейлерді азғырады, кедейлерді сатып алады, мәселен, қайсыбір кедей шаруаға бір пұт астықты алты сомға емес, үш сомға сатады, ондағы көздегені—осы азған кедей жалдаптықпен өзі де «пайдалансын», әлгі бір пүт астықты 150 сомға жалдаптықпен сатып, өзі де «байысын», сөйтіп жекеше астық саудасына тыйым салып отырған Советтерге қарсы айқайшының біріне айналсын дейді.

Кімде-кім ойлауға қабілетті болса, кімде-кім титтей де болса ойланғысы келсе, оған күрестің қай бағытта болып жатқаны айқын:

Не кедейлер бұқарасын өз төңірегіне біріктірген, темірдей берік тәртіп, мейірімсіз қатал өкімет, нағыз пролетариат диктатурасын орнатқан саналы озат-жұмысшылар жеңеді, кулакты бағынуға мәжбүр етеді, астық пен отынды жалпы мемлекеттік көлемде дұрыс бөлуді енгізеді;

— не буржуазия кулактардың көмегімен, тұрлаусыз және шатысқан адамдардың (анархистердің және солшыл эсерлердің) жанамалап қолдауымен Совет өкіметін құлатады, сөйтіп халықты 16 сағаттық жұмыс күніне, аптасына бір тілім нанға, Финляндиядағы сияқты, Украинадағы сияқты, жұмысшылар бұқарасын атуға, түрмелердегі азаптау әрекеттеріне душар ететін орыс-неміс немесе орыс-жапон Корниловын әкеліп отырғызады.

Екінің бірі.

Аралық жол жоқ.

Еліміздің жағдайы ақырғы шекке жетті.

Кімде-кім саяси өмірге ой жіберетін болса, ол адам мынаны көрмей отыра алмайды: кадеттер оңшыл эсерлермен және меньшевиктермен қосылып өзара: орыс-неміс Корниловы «тәуір ме» әлде орыс-жапон Корниловы «тәуір ме», революцияны тәж киген Корнилов жақсырақ және сенімдірек жаныштай ма әлде республикашыл Корнилов жақсырақ және сенімдірек жаныштай ма деп сөз байласып жатыр.

Барлық саналы, барлық алдыңғы қатарлы жұмысшылардың пәтуаласатын мезгілі жетті. Олардың сілкінер кезі жетті және әрбір сылбыр қимылдаған минут елдің мерт болу қаупін, революцияның мерт болу қаупін туғызатынын түсінер мезгілі жетті.

Шала-шарпы шараның жәрдемі тимейді. Шағынудан ештеңе шықпайды. Астықты немесе отынды «бөлшектеп», «өзіне», яғни «өз» заводына, «өз» кәсіпорнына тауып алу әрекеті тек қана берекесіздікті күшейте түседі, жалдаптардың құлқынқұмарлық, жексұрындық және арамза ісін тек қана оңайлата түседі.

Питерлік жұмысшы жолдастар, менің сіздерге хат жолдауға ұйғарғаным да осыдан. Питер—Россия емес. Питер жұмысшылары—Россия жұмысшыларының азғана бөлегі. Бірақ олар—Россияның жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерінің ішіндегі ең таңдаулы, алдыңғы қатарлы, неғұрлым саналы, неғұрлым революцияшыл, неғұрлым берік, бос сөздерге, тұрлаусыз болып үмітсіздікке ұшырауға, буржуазияның қорқытуына онша оңай беріле қоймайтын отрядтарының бірі. Ал халықтардың өміріндегі сын сағаттарда алдыңғы қатарлы таптардың

тіпті азын-аулақ алдыңғы қатарлы отрядтарының өзі-ақ жұрттың бәрін соңынан ертіп әкеткен, бұқара ішінде революциялық энтузиазм отын тұтандырған, асқан зор тарихи ерліктер жасаған кездері сан рет болған.

Путилов заводында біздің қырық мың адамымыз болған еді,—деді маған Питер жұмысшыларының делегаты,—бірақ олардың көпшілігі «уақытша» жұмысшылар, пролетарлар емес, сенімсіз, болбыр адамдар еді. Қазір он бес мың адам қалды, бірақ бұлар—күресте сыннан өткен және шыныққан пролетарлар.

Міне, революцияның нақ осындай авангарды—Питерде де, бүкіл елімізде де — ұран тастауға тиіс, *жаппай көтерілуге* тиіс, елдің аман қалуы өздерінің қолында екенін, олардан бесінші жылғы январь және октябрьдегіден, он жетінші жылғы февраль мен октябрьдегіден кем түспейтін ерлік көрсетуді талап ететінін, астықпен жалдаптық жасаушыларға қарсы, кулактарға, алпауыттарға, іріткі салушыларға, парақорларға қарсы ұлы *«крест жорығын»* ұйымдастыру керек екенін, адамдар мен машиналарға азық жинау, тасу және бөлу ісіндегі қатаң мемлекеттік тәртіпті бұзушыларға қарсы ұлы *«крест жорығын»* ұйымдастыру керек екенін түсінуге тиіс.

Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың жаппай көтерілуі ғана еліміз бен революцияны құтқарып қала алады. Еліміздің барлық түкпірлеріндегі миллиондаған кедейлерге істің жайын түсіндіру үшін және сол миллиондарға бас болу үшін санасы жетерлік, «азғыруға» еріп қалғандардың—жалдаптыққа азғырылып қалып, халық ісі жолындағы күрескерден тонаушыға айналатындар да болады—қандайын болса да аяусыз аластап, атып тастау үшін ұстамдылығы жететін, тәртіп орнату үшін, Совет өкіметінің жергілікті органдарын нығайту үшін, жергілікті жерлерде әрбір пұт астықты, әрбір пұт отынды бақылауға алу үшін еліміздің барлық түкпірлерінде *жорықтың* бүкіл ауыртпалығын ұйымдасқан түрде көтеруге жеткілікті дәрежеде берік және революцияға берілген ондаған мың алдыңғы қатарлы, шыныққан пролетарлар керек.

Бауыр басқан жерінен қол үзбей, жорыққа аттанбай, пақұрыс-жауыз Романовқа немесе ақымақ әрі мақтаншақ Керенскийге қарсы бір жұлқынумен—көтеріліс жасаумен тынып, бірнеше күнге ерлік көрсетуден гөрі мұны істеу қиынырақ. Жалпы мемлекеттік көлемде жүргізілетін ұзақ, табанды ұйымдастыру жұмысындағы ерлік қисапсыз қиын, оның есесіне ол көтерілістердегі ерліктен өлшеусіз жоғары. Бірақ жұмысшылар партиялары мен жұмысшы табының күші қауіпке қашан да тайсалмай, тура, ашық қарайтындығында, оны мойындаудан қорықпайтындығында, «өз» лагерінде және «өзге» лагерьде, қанаушылар лагерінде, қандай күштердің тұрғанын байсалдылықпен есепке алатындығында болып келді. Революция ілгері басып, дамып және өсіп келеді. Біздің алдымызда тұрған міндеттер де көбейіп келеді. Күрестің ауқымдылығы мен тереңдігі де өсіп келеді. Астық пен отынды дұрыс бөлу, оларды өндіру ісін күшейту, мұны *жұмысшылар тарапынан* және жалпы мемлекеттік көлемде қатаң есепке және бақылауға алу—социализмнің нағыз және басты табалдырығы, міне, осы. Мұның өзі «жалпы революциялық» міндет емес, қайта *коммунистік* міндеттің дәл өзі, еңбекшілер мен кедейлер капитализмге шешуші соққы беруге тиісті болатын міндеттің дәл өзі.

Мұндай соққы беру барлық күшті сарп етуге тұрады: мұның қиыншылықтары зор, бірақ өзіміз күресіп жатқан езгі мен қанауды жоюды көздеген ісіміз де зор.

Халық ашығып отырғанда, жұмыссыздық барған сайын қатер төндіріп, өршіп отырған кезде,—әрбір пұт артық астықты жасырушы адам, бір пұт отынды мемлекеттен жырып отырған әрбір адам барып тұрған қылмыскер болып саналады.

Мұндай кезде—ал шын коммунистік қоғамда мұның өзі әманда дұрыс — астық пен отынның әрбір пұты нағыз қасиетті нәрсе, мұның өзі бұ дүниедегі құлдық үшін о дүниедегі жұмақты уағда етіп, ақымақтардың басын айналдыратын поптардың қасиетті санайтындарының қандайынан болсын жоғары. Ал осы нағыз қасиетті нәрседен поптық «қасиетті нәрсенің» жұрнағы атаулының бәрін аластау үшін *оған практикалық жағынан ие болу*

керек, оны *іс жүзінде* дұрыс бөлуге жету керек, артық астықты түк қалдырмай, бәрін түгел жалпы мемлекеттік қорға жинау керек, *бүкіл елімізді* жасырылған немесе жиналмаған артық астықтан *тазарту* керек, отын өндіруді көбейту үшін және оны мейлінше үнемдеп жұмсау үшін, оны тасып жеткізуде және тұтынуда ерекше тәртіп орнату үшін барлық күшті салуға жұмысшының әлуетті қолымен қимылдау керек.

Астық пен отын өндірісінің кез келген пунктіне, бұларды таситын және бөлетін кез келген маңызды пунктке, жұмыстың жігерлі жүргізілуін арттыру үшін, жұмыстың жігерлілігін ондаған есе арттыра түсу үшін, есепке алу және бақылау ісінде Совет өкіметінің жергілікті органдарына көмектесу үшін, жалдаптықты, парақорлықты, салдыр-салақтықты қарулы күшпен жою үшін алдыңғы қатарлы жұмысшылардың жаппай «крест жорығы» керек. Мұның өзі жаңа міндет емес. Шынын айтқанда, тарих жаңа міндеттер тудырып отырмайды,— революцияның ауқымы артқан сайын, оның қиыншылықтары өскен сайын, оның бүкіл дүние жүзілік-тарихи міндетінің ұлылығы артқан сайын тарих тек ескі міндеттердің көлемі мен серпінділігін ұлғайтып қана отырады.

Октябрь—Совет—төңкерісінің аса ұлы, мызғымас істерінің бірі мынада: кедейлердің *басшысы ретінде*, деревняның еңбекші бұқарасының *көсемі ретінде, еңбек мемлекетінің құрылысшысы ретінде* алдыңғы қатарлы жұмысшы «халық арасына аттанды». Деревняға Питер мың-мыңдаған таңдаулы жұмысшыларын берді, оған басқа пролетарлық орталықтар да берді. Калединдерге және Дутовтарға қарсы күресушілердің отрядтары, азық-түлік отрядтары жаңалық емес. Міндет тек мынада ғана: апаттың таяныл қалғандығы, жағдайдың ауырлығы жұмысты бұрынғыдан *он есе* артық істеуге міндеттейді.

Кедейлердің алдыңғы қатарлы көсемі болғаннан кейін жұмысшы мінсіз адам бола қалған жоқ. Ол халықты алға бастады, бірақ ол сонымен бірге ұсақ буржуазиялық азғындау дертіне де шалдықты. Ең жақсы ұйымдасқан, ең саналы, ең тәртіпті және табанды жұмысшылардың

отрядтары неғұрлым аз болса, бұл отрядтар соғұрлым жиі азғындай берді, болашақтағы пролетарлық-коммунистік саналылықтан өткендегі ұсақ меншікшілдік стихияның басымдылық алған реттері соғұрлым жиі кездесіп отырды.

Коммунистік революцияны бастаған соң, жұмысшы табы помещиктер мен капиталистер қоғамынан, қанаушылар мен алпауыттар қоғамынан, көпшілік қайыршылыққа ұшырап отырғанда, азшылық жексұрын құлқынқұмарлықты және жеке басының баюын көздеген қоғамнан мұра болып қалған осалдықтар мен кеселдерден бір сілкінумен арыла алмайды. Бірақ жауға қарсы жұмысшылардың үсті-үстіне жаңа, барған сайын көбейе түскен, тәжірибемен барған сайын көзі ашылған, күрес қиындығынан барған сайын шыныққан отрядтары аттандырылып отыратын болса, жұмысшы табы ескі дүниені, оның кеселдерін және оның осалдықтарын жеңе алады *және, сайып келгенде, сөзсіз, қалай да жеңіп шығады.*

Россияда істің жайы қазір осылай, нақ осылай болып отыр. Ашаршылық пен жұмыссыздықты жеке-дара жүріп және бытырап жүріп жеңуге болмайды. Ұлан-байтақ еліміздің барлық түкпірлеріне алдыңғы қатарлы жұмысшылардың жаппай «крест жорығына» шығуы керек. Коммунизмге саналы түрде және шексіз берілген пролетариаттың *темірдей берік отрядтары* ондаған есе көп болуы керек. Сонда біз ашаршылық пен жұмыссыздықты жеңеміз. Сонда біз революцияны социализмнің нағыз табалдырығына дейін жеткіземіз. Сонда біз империалистік жыртқыштарға қарсы жеңімпаз қорғаныс соғысын да жүргізе алатын боламыз.

22/V. 1918 ж. *Н. Ленин*

«Правда» № 101, 24 май, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК КОМИССАРЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 22 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[138]

Жолдастар! Маған ең алдымен Халық Комиссарлары Советінің атынан еңбек комиссарларының съезін құттықтауға рұқсат етіңіздер. (Ду қол шапалақтау.)

Халық Комиссарлары Советінің кешегі мәжілісінде Шляпников жолдас еңбек тәртібі және еңбек өнімділігінің нормалары жөнінде сіздердің съезіңіз кәсіптік одақтардың қарарына қосылды деп хабарлады. Жолдастар, менің ойымша, сіздер осы шешім арқылы аса ірі қадам жасадыңыздар, бұл қадамдарыңыз — еңбек өнімділігі мен өндіріс жағдайларына ғана қатысты емес, сонымен бірге жалпы алғанда қазіргі жағдайдың тұрғысынан қарағанда төтенше маңызды принципті қадам. Жұмысшылардың барлық қалың бұқарасымен сіздердің үнемі іскерлік байланыстарыңыз бар, бұл кездейсоқ байланыстар емес және біздің революция өзінің дамуында нағыз маңызды және қысылшаң кезеңдердің бірін бастан кешіріп отырғаны да сіздерге мәлім.

Біздің жауларымыздың, батыс империалистерінің, бізді аңдып отырғанын және, мүмкін, олар өздерінің қалың қолын бізге қарсы қаптатып жіберетін де кезі боларын сіздер жақсы білесіздер. Енді осы сыртқы жауларға қатерлі жау — ішкі жау: жалпы алғанда буржуазия, жекелеп алғанда ұсақ буржуазия мен буржуазияның әр алуан жандайшаптары мен құйыршықтары асқындырып отырған іріп-шіру, былық пен берекесіздік қосылып отыр. Өздеріңіз білесіздер, жолдастар, патшалық режим және Керенский бастаған келісімпаздар біз-

ді киліктірген асқан азапты соғыстан кейін іріп-шіру мен шегіне жеткізілген күйзеліс бізге тікелей мұра болып қалып отыр. Қазір ең қысылшаң кезең, ашаршылық пен жұмыссыздық барған сайын жұмысшылардың көпшілігінің есігін қаға бастаған кезең, жүздеген және мыңдаған адамдар ашаршылықтың азабын бастан кешіріп отырған кезең, астықтың жоқтығынан жағдайдың шиеленісе түскен кезеңі таянып келеді; егер біз астықты дұрыс бөлу оны дұрыс тасып жеткізуге байланысты екенін білсек, ол астық болар да еді. Отынға бай өлке бізден бөлініп тасталғаннан кейінгі отын тапшылығы, мүмкін, темір жол қатынасының тоқтап қалу қаупін туғызатын темір жолдағы апатты жағдай,—революция үшін қиыншылықтар туғызып отырған жағдайлар, міне, осылар, түрлі сорттағы және түрлі түстегі корниловшылдардың бәрінің жүрегін қуанышқа толтырып отырған жағдайлар осылар. Олар қазір Корниловты қайтадан таққа отырғызу үшін Совет республикасы мен пролетарлық өкіметтің қиыншылықтарын қалай ғана пайдалансақ екен деп күн сайын, сағат сайын ақылдасатын болуы мүмкін. Олар осы Корнилов қай ұлттан болады дегенге ғана таласып жатыр,—ол басына тәж киген Корнилов бола ма немесе республикашыл Корнилов бола ма бәрібір—ол әйтеуір буржуазияға тиімді болуға тиіс. Қазір жұмысшылар істің жайын біліп те отыр және орыс революциясының Керенскийден кейінгі бастан кешіргенінен соң, бұл оларды ешбір қайран қалдырмайды. Бірақ жұмысшы ұйымының, жұмысшы революциясының күші шындыққа тайсалмай тура қарап, істің жайын өзінің мейлінше дәл түсініп алуында.

Біз осындай көлемде және осындай құлақ естімеген азабымен жүргізіліп отырған соғыс европалық мәдениетті түгел құрту қаупін туғызады дегенбіз. Аман қалудың бірден-бір жолы темірдей тәртіп орнату үшін өкіметтің жұмысшылар қолына көшуінде ғана болуы мүмкін. Россиядағы революцияның барысына және ерекше тарихи жағдайға байланысты, біздің Россия пролетариаты, 1905 жылдан кейін белгілі бір уақытқа пролетариаттың басқа халықаралық армияларынан едәуір ілгерілеп кетіп отыр. Біз қазір Батыс Европаның барлық

елдерінде революцияның пісін жетіліп келе жатқан кезеңін, Германияның жұмысшы армиялары үшін қиын жағдайдан құтылар жолдың жоқтығы анықтала бастаған кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Ол жақта, Батыста, еңбекшілерге қарсы тұрған Романов пен қуыс кеуде мақтаншақтардың шіріген режимі емес, қазіргі мәдениет пен техниканың барлық табыстарына сүйенген, түптүгел ұйымдасқан буржуазия екенін біз білеміз. Міне сондықтан да революцияны біздің бастауымыз сондай оңай да, оны жалғастырып әкету сондай қиын болды, міне сондықтан да ол жақта, Батыста, революцияны бастау қиын да, оны жалғастырып әкету оңай болады. Біз бәрін де Россия пролетариатының күш-жігерімен істеуге және өзіміздің одақтасымыз—барлық елдердің халықаралық пролетариаты—жеткілікті түрде ныгайып алғанға дейін жағдайды қолдан жібермеуге тиіспіз, біздің қиыншылық осыған байланысты. Басқа жолдың жоқ екендігі күн сайын сезіле түсіп отыр. Біздің жағдайымызды онан сайын қиындатып отырған нәрсе мынадай: қосымша күш болмағандықтан, біз темір жол, транспорт және азық-түлік күйзелісіне душар болып отырмыз. Бұл арада мәселе жұрттың бәрі үшін айқын қойылуға тиіс.

Басқалардан гөрі жұмысшылармен тікелей араласы бар еңбек комиссарларының съезі, бұл съезд біз социализмге негіз етіп алуға тиісті еңбек тәртіптерін тек тікелей жақсарту ісіндегі кезең болып қана қоймай, сонымен бірге бұл съезд бастан кешіріп отырған кезең жөнінде жұмысшылардың санасын ашудың кезеңі болады деп те үміттенемін. Жұмысшы табының алдында қиын, бірақ игілікті міндет тұр, Россияда, мүмкін, басқа елдерде де социализм тағдырын шешу осыған байланысты болар. Еңбек тәртібі туралы қарардың соншалықты маңызды екендігі де осыдан.

Қазір, жұмысшылар қолындағы өкімет ныгайып отырған кезде, енді барлық іс пролетарлық тәртіп пен пролетарлық ұйымшылдыққа байланысты. Мәселе тәртіп және пролетариат диктатурасы жайында, темірдей берік өкімет жайында болып отыр. Кедейлердің мейлінше қызу тілектестігіне, ең батыл қолдауына ие болып

отырған өкімет, бұл өкімет темірдей берік өкімет болуға тиіс, өйткені құлақ естімеген сұрапыл апаттар төніп келеді. Жұмысшылар бұқарасы ескінің әсерімен өмір сүріп, бұл жағдайдан өйтіп-бүйтіп құтылармыз деп үміттеніп отыр.

Бірақ бұл жалған үміттер күннен-күнге күйреп отыр және де жұмысшы табы өзінің ұйымшылдығы арқасында бұл күйзелісті жеңбесе, дүние жүзілік соғыс ашаршылық қаупін және толып жатқан елдердің азғындау қаупін туғызатыны барған сайын айқын болып келеді. Біз өзінің бүкіл қызметін жолдастық жаңа тәртіпті негізге алуға бағыттаған жұмысшы табының саналы элементімен бірге, бәріне өзінің тар көлемді мүдделері тұрғысынан қарайтын ұсақ меншікшіл және ұсақ буржуазиялық элементтің көп миллиондаған бұқарасын көріп отырмыз. Өзімізге төніп келе жатқан ашаршылық пен апатқа қарсы саналы жұмысшылардың темірдей берік тәртібін орнату арқылы күреспей, басқаша күресуге болмайды,—мұнсыз біз ештеңе істей алмаймыз. Россияның ұлан-байтақ жерге орналасуы салдарынан біз еліміздің бір шетінде астық көп те, екінші бір шетінде түк жоқ жағдайда өмір сүріп отырмыз. Біздің еріксіз киліктірілуіміз мүмкін қорғаныс соғысы болмайды екен деп ойламау керек. Тасымалдау ісін дұрыс жүргізбейінше қалалар мен орасан зор өнеркәсіп орталықтарын асыраймыз деп ойламау керек. Бірде-бір пұт астық жоғалмас үшін астықтың әрбір пұтын есепке алу керек. Бірақ осы есепке алу ісінің шын мәнісінде қолданылмай, тек қағаз жүзінде қалып қойып отыратынын біз білеміз. Өмірде ұсақ жалдаптар кем-кетікті жекеше саудамен толтыруға болады деп сендіріп, деревня кедейлерін тек азғындатып отыр. Мұндай жағдайда дағдарыстан шығуға болмайды. Бірде-бір адам бір қадақ та артық астық алмауы үшін, бір қадақ та отын жұмсалмай қалмауы үшін қолдағы барды түгелдей барлық азаматтарға мейлінше қатаң тәртіппен бөлсек, Россияда халыққа астық та жетеді және өнеркәсіптің азығы, яғни отын да жетеді. Тек осылайша ғана елді ашаршылықтан аман алып қалуға болады. Коммунистік бөлістің бәрі де есептеулі болсын, жұртқа астық, өнеркәсіпте отын болсын дейтін

осы сабағы, бұл сабақ кітаптан алынып отырған жоқ— біз бұған ащы тәжірибе арқылы келіп отырмыз.

Мүмкін, біздің апатқа ұшырағалы тұрғанымызды қалың жұмысшы бұқарасы бірден түсіне қоймас. Берекесіздікке қарсы және астықты жасырушылыққа қарсы жұмысшылардың крест жорығын ашу керек. Өздеріңіз шешім қабылдаған, фабрикаларыңыз бен заводтарыңыз шеңберінде өздеріңіз сөз қылған еңбек тәртібінің бүкіл елге тарауы үшін, басқа жолдың жоқ екенін ең қалың бұқараның түсінуі үшін крест жорығын жариялау керек. Біздің революцияның тарихында саналы жұмысшылардың күші әрқашан да жалған үміттерге берілмей, қайта күшті дәл есепке ала отырып, ең ащы да қауіпті өмір шындығының бетіне тайсалмай тура қарау болып келді. Біз тек саналы жұмысшыларға ғана үміт арта аламыз; қалған бұқара, буржуазия мен ұсақ қожайынсымақтар бізге қарсы, олар жаңа тәртіпке сенбейді, олар халық мұқтаждығының кез келген шиеленісуін пайдалана кетеді. Украина мен Финляндияда көріп отырғанымыз бұған мысал бола алады: буржуазия және оның кадеттерден бастап эсерлерге дейінгі жақтастары қалаларды өз одақтастарының жәрдемімен басып алып, құлақ естімеген айуандық жасап, ол қалаларды қанға бөктіріп отыр. Егер пролетариат өзінің тарихи міндетін орындамаса, онда ілгеріде оны не күтіп тұрғанын осының бәрі айқын көрсетеді. Россияда алдыңғы қатарлы және саналы жұмысшылардың тобы онша мол еместігін біз білеміз. Сондай-ақ, біз халық мұқтаждығының не екенін де білеміз, жартыкеш шаралармен бұл жағдайдан шығуға болмайтындығын және пролетарлық төңкерістен басқа амалдың жоқтығын қалың бұқара түсінетін жағдайға жететінімізді біз білеміз. Біз соғыстың салдарынан елдер күйзеліп жатқан, миллиондаған адамдар қырғынға ұшыратылып, құлдыққа түсіріліп жатқан заманда өмір сүріп отырмыз. Міне, сондықтан, жеке адамдардың зұлымдық ниетінен емес, ал бүкіл капиталистік құрылыс іргесінен сөгіліп, қирай бастағандықтан тарихтың өзі бізге әкеліп жүктегендіктен де төңкеріс жасалды.

Жолдастар, еңбек комиссарлары, кез келген заводта және фабрикада өздеріңіздің әрбір кездесулеріңізді, жұмысшылардың кез келген делегациясымен кездесулеріңізді пайдаланыңыздар, біздің алдымызда не құрып кету, не өзімізді өзіміз тәртіпке салу, ұйымдасу және қорғану мүмкіндігі тұрғанын олардың ұғуы үшін осы жағдайды түсіндіру мүмкіндігін пайдаланып қалыңыздар. Егер саналы жұмысшылар барлық кедейлерге бас болып, барлық жерде ұсақ буржуазия әдейі асқындырып отырған және өзіміз жеңуге тиісті болып отырған былыққа, берекесіздікке қарсы крест жорығын ұйымдастырмаса, аптасына бір тілім нанға душар ететін корниловшылдардың—орыс, жапон немесе неміс корниловшылдарының — бізге қайта келгелі тұрғанын ұғындыру үшін пайдаланып қалыңыздар. Мәселе мынада: саналы жұмысшы өзін тек өз заводының ғана қожайынымын деп сезінбей, елдің өкілімін деп сезінуі керек, ол өзінің жауапкершілігін сезінуі керек. Саналы жұмысшы өзі таптың өкілі екенін білуге тиіс. Егер буржуазия мен жалдаптарға қарсы қозғалысты бастайтын болса, ол жеңуге тиіс. Социалистің негізгі міндеті неде екенін саналы жұмысшы түсінеді, ал онда біз жеңбей қоймаймыз. Онда күштер де табылады, сондықтан біз күресе де алатын боламыз. (Қошеметтеген дауыстар естіледі, ұзақ қол шапалақталады.)

«Известия ВЦИК» № 102, 23 май, 1918 ж. «Правда» № 101, 24 май, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің текстімен салыстырылған «Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ОТЫН ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[139]

Халық Комиссарлары Советі баяндамашыларға мына мақсаттарды көздейтін практикалық нақты ережелердің егжей-тегжейлі жобасын дереу әзірлеуді тапсырады:

1) отын өндіруді күшейту,

2) оны үнемдеп пайдалану,

3) отын өндірілетін аудандар немесе округтер бойынша техникалық күштерді тиімді бөлу,

4) отынды үнемдеудің маңыздылығы туралы жалпыға түсінікті үгіт пен насихат жұмысын жүргізу.

1918 ж. 24 майда жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ СОЦИАЛИСТІК АКАДЕМИЯСЫ ТУРАЛЫ[140]

1

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Халық Комиссарлары Советі Социалистік академия құру жобасының негізіне алынған идеяны толық мақұлдап және құттықтай келіп, Халық ағарту комиссариатына бұл жобаны төмендегі негіздерге сүйеніп, қайта өңдеуді тапсырады:

1) — марксистік бағыттағы баспа қоғамы ең басты міндет ретінде қойылсын;
2) — шетелдердегі маркстік күштер өте-мөте көбірек тартылсын;
3) — бірсыпыра әлеуметтік зерттеулер бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып қойылсын;
4) — орыс оқытушыларын іздестіріп табу, жинастыру және пайдалану шаралары дереу қолданылсын.

1918 ж. 25 майда жазылған

2

КОМИССИЯҒА ДИРЕКТИВАЛАР

Комиссияға мыналар тапсырылсын:

1) Халық Комиссарлары Советіне, сонан кейін Орталық Атқару Комитетіне ұсыну үшін Қоғамдық ғылымдардың социалистік академиясының уставы егжей-тегжейлі қарастырылсын;
2) осы мәселе жөнінде, сондай-ақ құрамы туралы мәселе жөнінде де орыс емес және шетелдік марксистермен пікір алысу ісі дереу қолға алынсын;
3) Халық Комиссарлары Советіне және Орталық Атқару Комитетіне ұсыну үшін құрушы-мүшелер болуға, сондай-ақ оқытушы болуға жарайтын және соған келісетін кандидаттардың тізімі жасалып, талқылансын[141].

1918 ж. 7 июньде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕР[142]

1) Әскери комиссариат Әскери-азық-түлік комиссариатына айналдырылсын—яғни Әскери комиссариат жұмысының $^{9}/_{10}$ бөлігі 3 ай бойы: июнь—август айларында астық үшін соғысу мақсатымен және осындай соғысты жүргізу мақсатымен армияны қайта құруға шоғырландырылсын.

2) Осы уақытқа бүкіл елде соғыс жағдайы жариялансын.

3) Астықты және отынды басып алу, жеңіп алу, жинау және тасу жөнінде үздіксіз соғыс қимылдарын жүргізуге армияның таңдаулы бөлегі іріктеліп алынып, іске жұмылдырылсын және, кейбір облыстарда болса да, 19 жастағылар әскерге шақырылсын.

4) Тәртіп бұзушыларды ату жазасы енгізілсін.

5) Отрядтардың қол жеткен табыстары астық табу жөніндегі жұмысының жетістіктеріне және артық астық жинау жұмысын жүргізудің нақтылы нәтижелеріне қарай бағаланатын болсын.

6) Әскери жорықтың міндеттері ретінде мыналар қойылуға тиіс:

а) халықты асырауға керекті астық қорын жинау;

б) бұл да сондай—соғысқа арнап 3 айлық азық-түлік қорын жасау;

в) көмір қорын күзету, оны жинау, көмір өндіруді күшейту.

7) Армияның (кулактарға және басқаларға қарсы) қимыл жасаушы отрядтарына (әрбір отрядқа) ашығушы губерниялардағы жұмысшылардың және сол жерлердегі ең кедей шаруалардың $^1/_3$ бөлігінен $^1/_2$ бөлігіне дейінi енгізілсін.

8) Әрбір отрядқа міндетті түрде екі нұсқау шығарылсын:

а) ашаршылықты жеңудің, кулактарды жеңудің маңызы туралы, еңбекшілер өкіметі ретінде пролетариат диктатурасы туралы идеялық-саяси нұсқау;

б) отрядтардың ішкі ережесі туралы, тәртібі туралы, әрбір операцияны бақылау және бақылаудың жазбаша документтері және т. т. туралы әскери-ұйымдық нұсқау.

9) Бүкіл отрядтың жаппай кепілдікте болуы, мысалы, әрбір тонаушылық үшін әрбір оныншы адам атылу қаупіне ұшырайтын кепілдік енгізілсін.

10) Қалалардағы бай адамдардың *барлық* тасымал құралдары астық тасу жұмысына жұмылдырылсын; хатшылық, приказчиктік қызметтерге ауқатты таптар жұмылдырылсын.

11) Отрядтардың ыдырау белгілері қатер туғызарлықтай жиілей берсе, онда «кеселге шалдыққан» отрядтар есеп алу және «емдеу» үшін, өздерінің жіберілген жеріне бір айда қайтарылсын, ягни ауыстырылсын.

12) Халық Комиссарлары Советінде де, Орталық Атқару Комитетінде де мыналар жүзеге асырылсын:

(а) елдің азық-түлік жөнінде *қатерлі қауіп* жағдайында екенін мойындау;

(б) соғыс жағдайы;

(в) армияны, жоғарыда көрсетілген типте қайта құрумен бірге, *астық үшін жорыққа шығуға* мобилизациялау;

(г) артық астық бар әрбір уезд бен болыста бай жер иелерінің (кулактардың), астық саудагерлерінің және т. т. дереу *тізімін* жасап, барлық артық астықты жинау жауапкерлігін осылардың жеке жауапкершілігіне жүктеу;

(д) әрбір әскери отрядқа,— шамамен айтқанда, әрбір он кісіге бір адамнан болса да,—РКП-нің жә-

не солшыл социалист-революционерлердің немесе кәсіптік одақтардың партиялық кепілдемесімен адамдар тағайындау.

13) Астық монополиясын жүзеге асырғанда деревня кедейлеріне ешбір финанс шығындарынан іркілместен көмектесудің мейлінше батыл шараларын қолдану қажет және артық астықты ұстап отырған кулактарды аяусыз жаныштаумен қатар, кулактардан жиналған артық астықтың бір бөлегін кедейлерге тегін бөліп беру шараларын қолдану міндетті іс деп табылсын.

1918 ж. 26 майда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ І СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 26 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[143]

(Ленин жолдастың келуі ду қол шапалақтаумен қарсы алынды.) Жолдастар, маған ең алдымен Халық Комиссарлары Советінің атынан халық шаруашылығы советтерінің съезін құттықтауға рұқсат етіңіздер. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, Халық шаруашылығы жоғары советіне қазір ең ауыр және ең игі міндеттердің бірі жүктеліп отыр. Октябрь революциясының жеңістері ілгері басқан сайын, осы революция бастаған төңкеріс тереңдей түскен сайын, социалистік революция жеңістерінің негіздері берік қаланып, социалистік құрылыс нығая түскен сайын, халық шаруашылығы советтерінің атқаратын ролі соғұрлым үлкейіп, соғұрлым арта түседі; барлық мемлекеттік мекемелердің ішінде тек халық шаруашылығы советтері ғана өз орнын берік сақтап қалатын болады, біз социалистік тәртіп орнатуға жақындай түскен сайын, бірыңғай әкімшілік аппаратқа, тек қана басқару аппаратына мұқтаждық азая түскен сайын, осы советтердің сол орны нығая беретін болады. Бұл аппарат, қанаушылардың қарсылығы біржола күйретілгеннен кейін, еңбекшілер социалистік өндірісті ұйымдастыру ісін үйренгеннен кейін,—сөздің өз мағынасында, тығыз, тар мағынасында айтқанда, осы басқару аппараты, ескі мемлекеттің аппараты өлуге тиіс, ал Халық шаруашылығы жоғары советі типіндегі аппарат ұйымдасқан қоғамның бүкіл басты қызметін қамти отырып, өсуге, дамуға және нығаюға тиіс.

Сондықтан, жолдастар, мен өзіміздің Халық шаруашылығы жоғары советінің және онымен тығыз да ажырамастай байланысты қызмет ететін жергілікті советтердің тәжірибесіне қарасам, көп нәрсе бітпей, аяқталмай, ұйымдаспай жатқанына қарамастан, бізде белгілі бір пессимистік қорытындыларға келуге ешқандай негіз жоқ қой деп ойлаймын. Өйткені Халық шаруашылығы жоғары советі өзінің алдына қойып отырған міндеттің және барлық облыстық, барлық жергілікті советтер өздерінің алдына қойып отырған міндеттің орасан зор міндет екені соншалық, аукымды міндет екені соншалық, біздің бәріміз байқап отырған нәрседе қатер тудырарлық түк те жоқ. «Жеті рет өлшеп, бір-ақ кес» деген мақал өте жиі,—әрине, біздің көзқарасымыз тұрғысынан қарағанда, мүмкін, аса жиі,—қолданылмай келді. Амал не, шаруашылықты социалистік негізде ұйымдастыру ісі, осы мақалдағыдай, оп-оңай нәрсе емес.

Бүкіл өкіметтің,—бұл жолы саяси өкіметтің ғана емес және, ең алдымен, тіпті саяси өкімет емес, экономикалық өкіметтің, яғни күнделікті адам өмірінің ең терең негіздеріне қатысы бар өкіметтің,— жаңа тапқа, оның үстіне халықтың орасан көпшілігін, еңбекшілердің, қаналғандардың бүкіл бұқарасын адамзат тарихында тұңғыш рет өз соңынан ертіп отырған тапқа көшуіне байланысты біздің міндеттеріміз күрделі бола түседі.— Өзінен-өзі түсінікті, жүздеген миллион кісінің адамға тән өмірінің ең терең негіздерін мүлде жаңаша ұйымдастыруымыз керек болып отырған кезде, ұйымдастыру міндеттері асқан зор маңызға ие болып, асқан зор қиындыққа кезігіп отырған жағдайда, бұл арада, істің өзін, «жеті рет өлшеп, бір-ақ кес» деген мақал бойынша істей қоюға болатындай етіп, оп-оңай жолға қоюға мүмкіндік жоқ, бұл әбден түсінікті. Бізге, шын мәнісінде, алдын ала сан рет өлшеп, сонан соң біржола өлшенген, шақталған нәрсені кесуге және соны бұлжытпай қалдыруға болмайды. Біз нақ жұмыстың барысында, белгілі бір мекемені сынақтан өткізе отырып, оларды тәжірибеде байқай отырып, оларды еңбекшілердің коллективтік ортақ тәжірибесі арқылы тексере отырып және, бастысы, жұмыс нәтижесінің тәжірибесі арқылы тексере оты-

рып, қолма-қол, жұмыстың нақ барысында, оның үстіне біз капиталистік қанаудың ең соңғы шірік тістерін біржола жұлып тастауға жақындаған сайын, анағұрлым құтырына түсетін қанаушылардың жанталасқан күресі мен құтырынған қарсылығы жағдайында,—біз өзіміздің экономикалық сарайымызды салуымыз керек. Егер бізге, тіпті қысқа уақыт ішінде болса да, халық шаруашылығының әр түрлі салаларының типтерін, уставтарын, басқару органдарын кейде әлденеше рет өзгертуге тура келетін болса, онда, әрине, мұның өзі буржуазияның және өздерінің ең тәуір сезімдері жәбір көрген қанаушы мырзалардың қаскөйлік қылықтары үшін үлкен негіз болғанмен де, мұндай жағдайда пессимизм үшін ешқандай негіз жоқ екендігі түсінікті. Әрине, уставтарды, нормаларды, басқару заңдарын кейде тіпті үш мәрте өзгерту жұмысына тым жақын және тым тікелей қатысатындарға, айталық, Су транспорты бас басқармасына, әрине, кейде осының өзі өте көңілсіз-ақ болады және бұл сияқты жұмыстың қызығы да шамалы. Бірақ декреттерді шектен тыс жиі өзгерте берудің тікелей ұнамсыздығынан назарымызды сәл басқа жаққа аударып, орыс пролетариатына әзірше өзінің жеткіліксіз күштерімен орындауына тура келіп отырған орасан зор және бүкіл дүние жүзілік-тарихи іске аздап тереңірек және ілгерірек қарайтын болсақ, онда басқарудың әр алуан жүйесін, тәртіпті жолға қоюдың әр алуан нормаларын тіпті анағұрлым көп өзгертудің, тәжірибе үстінде сыннан өткізудің болмай қоймайтын нәрсе екені бірден түсінікті болады; осындай орасан зор істе жаңа қоғам ұйымдастырудың формаларын күн ілгері жасалған белгілі бір нұсқау бойынша бірден құра қояды екенбіз деп, қолды бір сілтегенде-ақ жасай қояды екенбіз деп біздің ешқашан дәмелене алмайтынымыз және мұның өзі болашақтың перспективалары туралы жазған бірде-бір парасатты социалистің ойына да келмеген нәрсе екені түсінікті болады.

Біздің білгеніміздің бәрі, капиталистік қоғамның таңдаулы білгірлерінің, оның дамуын болжай білген неғұрлым ірі ақыл иелерінің дәл көрсеткені мыналар: қайта құрылыс тарихи жағынан алғанда сөзсіз мынадай ірі

бағытта болуға тиіс, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті тарих біржола айыптаған, ол құриды, қанаушылар сөзсіз экспроприацияланатын болады. Мұның өзі ғылыми жағынан дәл белгіленген. Сондықтан социализм туын өз қолымызға алғанда, өзімізді социалистерміз деп жариялағанда, социалистік партиялардың негізін қалағанда, қоғамды қайта өзгерткенде, біз мұны білген болатынбыз. Социалистік жолмен қайта ұйымдастыруға кірісу үшін өкіметті қолымызға алған кезде біз мұны білдік, бірақ қайта құрудың формаларын да, нақтылы қайта ұйымдастырудың даму шапшаңдығының қарқынын да білген жоқпыз. Бұл жөнінен тек коллективтік тәжірибе, тек миллиондардың тәжірибесі ғана шешуші нұсқаулар бере алады, мұның себебі нақ мынада: помещиктік қоғамда да, капиталистік қоғамда да осы күнге дейін тарихты жасап келген жүздеген, жүз мыңдаған жоғарғы топтардың тәжірибесі біздің ісіміз үшін, социализм орнату ісі үшін жеткіліксіз. Біздің бұлай істей алмайтынымыздың себебі нақ мынада: біз бірлескен тәжірибеге, миллиондаған еңбекшілердің тәжірибесіне сүйенеміз.

Сондықтан Советтердің басты, түбегейлі және негізгі міндеті болып табылатын ұйымдастыру ісі, әсіресе әрбір адамды өз орнына қалай қою керек екені жөнінде бізге қалай да толып жатқан тәжірибе беретінін, көп ілгері бастыратынын, көп өзгертулер, көп қиыншылықтар ала келетінін біз білеміз, өйткені бұған келгенде біздің тәжірибеміз жоқ, бұған келгенде әрбір осындай қадамды біздің өзіміз жасауымызға тура келеді және осындай жолда қателеріміз ауыр болған сайын, сеніміміз берік арта түседі, кәсіптік одақтар мүшелерінің саны жаңадан өсе түскен сайын, осы күнге дейін дәстүр бойынша, әдет бойынша өмір сүріп келген еңбекшілердің, қаналғандардың лагерінен совет ұйымдарын құрушылардың лагеріне көшіп жатқан жаңа әрбір мың адаммен бірге, жаңа әрбір жүз мың адаммен бірге, істі ойдағыдай және дұрыс жолға қоюға тиісті адамдардың саны арта түседі.

Халық шаруашылығы советі, Халық шаруашылығы жоғары советі, мейлінше жиі душар болып отыратын

екінші дәрежедегі міндеттердің бірін—буржуазиялық мамандарды пайдалану міндетін алып қарапызларшы. Орасан зор мөлшерде жүзеге асырылған, ғылым деректеріне негізделген, сондықтан да ғылыми-білімді мамандардың орасан көп кадрларын даярлап шығаруға негізделген еңбектің материалдық, техникалық алғы шарттарын халықаралық капитализм дамытқанда ғана бұл міндетті жүзеге асыруға болатынын біз бәріміз де, ең болмағанда, ғылым мен социализм негізінде тұрғандарымыз, білеміз. Социализмнің мұнсыз мүмкін еместігін біз білеміз. Егер біз соңғы жарты ғасыр бойы капитализмнің дамуын бақылай отырып, социализм болмай қоймайды деген қорытындыға үсті-үстіне келген социалистердің шығармаларын қайта оқып шықсақ, олардың бәрі бірдей тек социализм ғана ғылымды буржуазиялық шырмаудан, капиталдың ғылымды құл етуінен, капиталистік лас құлқынқұмарлық мүдделеріне ғылымның құл болуынан азат етеді дегенді көрсетіп келген. Тек социализм ғана қоғамдық өндірісті және өнімдерді бөлу ісін ғылыми тұрғыдан, барлық еңбекшілердің тұрмысын барынша жеңіл, әл-ауқатты етуге мүмкіндік беретіндей етіп кең өрістетуге, шын мәнісінде бағындыруға мүмкіндік береді. Мұны тек социализм ғана жүзеге асыра алады. Сондықтан социализм мұны жүзеге асыруға тиіс екендігін және марксизмнің барлық қиыншылығы мен оның бүкіл күші де осындай ақиқатты түсінетіндігінде екендігін біз білеміз.

Біз мұны капиталға дұшпан элементтерге сүйене отырып жүзеге асыруға тиістіміз, өйткені капитал неғұрлым іріленген сайын, буржуазияның езгісін және жұмысшыларды жаныштауын өршіте түседі. Өкімет пролетариат пен ең кедей шаруалардың қолына өткен кезде, өкімет осы бұқараның қолдауымен өзіне міндеттер қойып отырған кезде, бізге осы социалистік өзгерістерді буржуазиялық мамандардың, буржуазиялық қоғамда тәрбиеленген, басқа жағдайды көрмеген, басқа қоғамдық жағдайды ұғына алмайтын, сондықтан бұл адамдар өз ісіне барынша адал және барынша берілген адамдар болған жағдайдың өзінде де, тіпті осы жағдайдың өзінде де буржуазиялық соқыр сенімдерге белшесінен

өбден батқан мамандардың, өліп бара жатқан, іріп-шіріп бара жатқан, сондықтан да құтырына қарсылық көрсетіп отырған буржуазиялық қоғаммен көзге ілінбейтін мыңдаған арқаулар арқылы байланысты мамандардың көмегімен жүзеге асыруымызға тура келеді.

Міндеттердің және жетістіктердің бұл қиыншылықтары біз үшін жасырын қала алмайды. Бұл жөнінде жазған барлық социалистердің ішінен өкіметті қолына алған жұмысшы табы капитализм жинақтаған мәдениет пен білімнің және техниканың аса бай, тарихи жағынан алғанда біз үшін сөзсіз қажетті запасының бүкіл жиынтығын,—міне, осылардың бәрін капитализмнің құралынан социализмнің құралына айналдыру міндетін алдына қойған кезде жұмысшы табының алдында тұратын нақты практикалық қиыншылық көрсетілген өзіме таныс бірде-бір социалистік шығарманы немесе аса көрнекті социалистердің болашақ социалистік қоғам туралы пікірін есіме түсіре алмаймын. Жалпы формулада, абстрактілі түрде қарама-қарсы қоюда бұл оңай-ақ, бірақ бірден өле қоймайтын және ажалы жақындаған сайын құтырына қарсылық жасайтын капитализмге қарсы күресте мұның өзі аса зор еңбек істеуді қажет ететін міндет. Егер бұл салада тәжірибе жасалып жатса, егер біз ішінара жіберілген қателерді талай рет жөндеп отырсақ, халық шаруашылығының белгілі бір саласында мамандарды капитализмнің қызметшілерінен еңбекші бұқараның қызметшілеріне, олардың кеңесшілеріне бірден айналдыра алмайтын кезімізде мұның өзі болмай қоймайды. Егер біз мұны бірден істей алмасақ, бұл титтей де пессимизм туғыза алмайды, өйткені біздің алға қойып отырған міндетіміз—бүкіл дүние жүзілік-тарихи тұрғыдан алғанда қиын да, маңызды да міндет. Біз социалистік революцияны жалғыз өзіміз бір елде—егер ол ел тіпті Россияға қарағанда әлдеқайда кемірек артта қалған ел болса да, егер біз құлақ естімеген, азапты, ауыр және күйзелісті соғыстың төрт жылынан кейінгі жағдайға қарағанда неғұрлым жеңіл жағдайда өмір сүрсек те,—социалистік революцияны бір елде бүтіндей өз күшімізбен орындай алмайтынымызды біз көрмей отырған жоқпыз. Кімде-кім күштердің көрінеу сәйкес

келмейтінін тілге тиек етіп, Россияда болып жатқан социалистік революциядан теріс айналса, ол өз негінің астындағыдан арғыны көрмейтін, күштердің сәйкес келмейтін толып жатқан жағдайлары болмайынша, аздыкөпті ірі тарихи төңкерістің болмайтынын ұмытқан, қатып-семіп қалған құндақтаулы адамға ұқсайды. Күш күрес үстінде, революцияның өсуімен бірге өседі. Ел аса ұлы өзгерістер жолына түскенде, мұндай кезде бұл елдің және осы елде жеңген жұмысшы табы партиясының сіңірген еңбегі сол—бұрын абстрактілі түрде, теориялық түрде қойылып келген міндеттерге біз практикалық жағынан тақап келіп отырмыз. Бұл тәжірибе ұмытылмайды. Бұл тәжірибені жұмысшылардан, қазір кәсіптік одақтарға, жергілікті ұйымдарға бірігіп отырған және бүкіл өндірісті жалпы ұлттық көлемде жолға қою ісін практикалық жағынан қолға алып отырған жұмысшылардан, бұл тәжірибені, қалай болған күнде де, орыс революциясының және халықаралық социалистік революцияның шырғалаңы қандай ауыр болғанымен де, бұл тәжірибені тартып алуға болмайды. Бұл тәжірибе социализмнің жеңісі ретінде тарихқа кірді және болашақтағы халықаралық революция өзінің социалистік сарайын осы тәжірибеге сүйене отырып салады.

Мен Халық шаруашылығы жоғары советінің практикалық жағынан шешуіне тура келетін тағы да бір, мүмкін, ең ауыр міндетін көрсете кеткім келеді. Бұл—еңбек тәртібі міндеті. Шынында, бұл міндетке тоқталғанда, біз мынаны мойындауға және қанағаттанғандықпен атап көрсетуге тиіспіз: нақ кәсіптік одақтар, бұлардың ең ірі ұйымдары—Металлистер одағының орталық комитеті, кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық советі — миллиондаған еңбекшілерді біріктіріп отырған жоғары кәсіптік ұйымдар, міне, осылар бұл міндетті шешуді алғаш рет өздігінен қолға алды; ал бұл міндеттің бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы бар. Мұны түсіну үшін жекелеген ұсақ сәтсіздіктерге, атап айтқанда қолдан келмейтін сияқты болып көрінетін шамадан тыс қиындықтарға алаң болмау керек. Жоғарырақ көтеріліп, қоғамдық шаруашылық укладтарының тарихи ауысуына қарау керек. Біз өзімізге қандай орасан зор міндетті ал-

ғандығымыз, 1861 жылға дейінгі крепостниктік Россияда ат төбеліндей помещиктер өз ісіміз деп келген және түгелдей өздері шешіп келген міндетті бұл жолы қоғамның ең алдыңғы қатарлы өкілінің, еңбекшілердің және қаналған бұқараның өз мойнына алуының, өзінің бастауына алуының қандайлық орасан зор маңызы бар екендігі тек осы тұрғыдан қарағанда ғана айқын болады. Ол кезде жалпы мемлекеттік байланыс пен тәртіпті жасау сол ат төбеліндей помещиктердің ісі еді.

Бұл тәртіпті крепостник-помещиктердің қалай жасағанын біз білеміз. Мұның өзі халықтың көпшілігі үшін езушілік, жәбірлеушілік және құлақ естімеген адам төзгісіз азап еді. Крепостниктік праводан буржуазиялық шаруашылыққа өтудің осы жолын түгелдей еске түсіріңіздерші. Сіздердің көргендеріңіз, бірақ сіздердің көпшілігіңіз көре алмасаңыздар да және сіздердің аға ұрпақтардан білетіндеріңіз,— 1861 жылдан кейін буржуазиялық жаңа шаруашылыққа осы көшу, ескі крепостниктік таяқ тәртібінен, адамға барып тұрған мағынасыз, ең арсыз және дөрекі жәбірлеушілік, зорлық-зомбылық көрсету тәртібінен,—буржуазиялық тәртіпке, ашаршылық тәртібіне, шындығына келгенде капиталистік құлдықтың тәртібі болған, еркімен жалдану дейтін тәртіпке көшу,—бұл көшу тарихи жағынан оңай сияқты болып көрінді, өйткені адамзат бір қанаушыдан екінші қанаушыға ауысты, өйткені халық еңбегін тонаушылар мен қанаушылардың бір азшылығы екінші бір азшылыққа орнын босатты, бұл да халық еңбегін тонаушы және бұл да қанаушы азшылық еді, өйткені помещиктер бұл орынды капиталистерге босатты,—еңбекшілердің қалың бұқарасы мен қаналған таптарды басып жаныштай отырып, бір азшылық екінші бір азшылыққа орын босатты. Ал тіпті бір қанаушылық тәртіптің екінші бір қанаушылық тәртіпке осылайша ауысуының өзі ондаған жылдар болмаса да, талай жылдар бойы күш жұмсауды керек етті, ондаған жылдар болмаса да, бірнеше жылдарға созылған өтпелі уақытты керек етті; ол кезде бұрынғы помещик-крепостниктер шынымен-ақ бәрі де құрып барады деп, крепостниктік правосыз қожайындық етуге болмайды деп есептеді, ол кезде жаңа

қожайын-капиталист қадам басқан сайын практикалық қиыншылықтарға кездесіп отырды және өз шаруашылығына қолын бір-ақ сілтеді, бұл өтудегі қиыншылықтың материалдық белгісі, заттай айғақтарының бірі ол кезде мынадай еді: ол кезде Россия шетел машиналарын алдырып тұратын, солармен, ең жақсы машиналармен жұмыс істеу үшін алдырып тұратын, ал бұл машиналармен жұмыс істей білетін адамдар да, басшылар да болмай шықты. Сондықтан Россияның барлық түкпірлерінде ең жақсы машиналардың пайдаланылмай шашылып жатқандығы байқалды, ескі крепостниктік тәртіптен жаңа буржуазиялық-капиталистік тәртіпке өту осыншалық қиын болды.

Міне сондықтан, жолдастар, егер сіздер іске осылай қарайтын болсаңыздар, өзінің барлық міндеті абыржу туғызу, торығушылық туғызу, бүкіл жұмысқа әбден торығушылық төндіру, оны үмітсіз етіп көрсету болатын қайсыбір адамдарға, қайсыбір таптарға, қайсыбір буржуазияға, буржуазияның қайсыбір жандайшаптарына өздеріңізді жолдан тайдыруға мүмкіндік бермейтін боласыздар, олар ыдырау болмайынша, тәртіпсіздік орын алмайынша, бұқара жаңа тәртіп жасап шығаратын кезде тәжірибеде қиын қадам жасамайынша бейне бір бұл дүниеде, бейне бір тарихта тым болмағанда шынымен-ақ бір ұлы революция болып көргендей-ақ, тәртіпсіздік пен ыдыраудың әрбір жеке жағдайларын көрсетіп және осы жағдайға қарап революцияға қолын бір-ақ сілтейді. Жаңа тәртіпті, еңбек тәртібін, жолдастық байланыс тәртібін, совет тәртібін шынында миллиондаған еңбекшілер мен қаналғандар жасап шығаратын тарих табалдырығына тұңғыш рет аяқ басып отырғанымызды біз ұмытпауға тиістіміз. Біз бұл істе жедел табысқа жетеміз деп дәмеленбейміз, олай деп есептей алмаймыз. Біз бұл істің тұтас бір тарихи заманды алатынын білеміз. Біз буржуазиялық елде капиталистік қоғамның тәртібін өзіміз әлі де қиратып жатқан тарихи заманды бастадық,—ол тәртіпті қиратып жатырмыз және оны қиратуға барлық саналы жұмысшылардың, барлық еңбекші шаруалардың бірі қалмастан мейлінше жәрдемдесіп отырғанын мақтаныш етеміз,—және еңбекшілерді қа-

науға, құлдыққа салуға негізделген тәртіпті жоғарыдан берілген нұсқау бойынша емес, өзінің өмір тәжірибесінің нұсқауы бойынша біріккен еңбектің жаңа тәртібімен, бүкіл Россияның, ондаған және жүздеген миллион халқы бар елдің бірлесіп, ұйымдасқан жұмысшылары мен еңбекші шаруаларының тәртібімен ауыстыруы керек екендігі жөнінде бұқараның өз еркімен, өз ынтасымен түсінігі өсіп отырған тарихи заманды бастадық. Мұның өзі қиыншылығы орасан зор міндет, бірақ оның есесіне игілікті де міндет, өйткені біз оны практикалық жағынан шешкенде ғана, тек сонда ғана өзіміз көмгелі жатқан капиталистік қоғамның табытына соңғы шеге қағылады. (Қол шапалақтау.)

Газет есептері 1918 ж. 27 майда «Петроградская Правданың» 108-номерінде (кешкі басылымы), 28 майда «Правданың» 104-номері мен «Известия ВЦИК» газетінің 106-номерінде басылған

1918 ж. мына кітапта толық басылған: «Халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық I съезінің еңбектері. Стенографиялық есеп», Москва

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ДЕРБЕС ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

1

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[144]

«Продпуть» немесе «Продвод» және т. с. жекелеген кәсіптердің азық-түлік ұйымдарына қызмет ететін жекелеген аппараттардың бәрі де өздерінің қажыр-қайратын, күш-жігерін, өз агенттерін, өз отрядтарын Азық-түлік комиссариатының жалпы күштерімен біктіруге шақырылады. Осылайша күш біріктіруден бас тарту Совет өкіметін қолдаудан бас тартқандық, жалпы жұмысшылар мен жалпы шаруалардың ашаршылыққа қарсы күресіне көмектесуден бас тартқандық болады немесе бас тартқандық болар еді. Күш біріктіргенде ғана ашаршылықтан құтылуға болады.

2

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ШАРУАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮНДЕУДІҢ ЖОБАСЫ[145]

Темір жолшылар ұйымдарының, су транспорты ұйымдарының өкілдерін, металлургия заводтары жұмысшыларының және темір жол жұмысшылары кәсіптік одағының өкілдерін тыңдай келіп,

— бұл жолдастардың өз ұйымдарына, «Продпутьқа», «Продводқа» және т. б. дербес азық-түлік дайындауға рұқсат ету туралы ұсынысын тыңдай келіп,

Халық Комиссарлары Советі мұндай ұсыныстардың жете ойластырылмағандығы бадырайып көрініп тұрғандығына барлық ұйымдасқан, саналы және ойлай білетін жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың назарын айрықша аударады. «Продпуть», «Продвод», «Продметалл», «Продрезина» және тағы сондайларға жеке-жеке дербес азық-түлік дайындауға рұқсат ету арқылы біз бүкіл азық-түлік ісін мүлдем күйреткен болар едік, жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың мемлекеттік ұйымдарының бәрін күйреткен болар едік, кулактар мен Скоропадскийлердің жеңіске жетуіне толығынан жол ашқан болар едік, бұл кімге болса да айқын болуға тиіс.

Жүздеген, мыңдаған таңдаулы жұмысшыларды жалпы азық-түлік отрядтарына жіберіп, жаппай күш салу арқылы ғана, жұмысшылардың біріккен, біте қайнасып кеткен, жалпы, бұқаралық күштерін тәртіп үшін күреске, астық үшін күреске аттандыру арқылы ғана ашаршылықты жеңуге, тәртіпсіздікті жеңуге, жалдаптар мен

кулактарды жеңуге болатынын барлық жұмысшылар мен ашыққан шаруалар ұғуға тиіс.

Егіншілікпен айналыспайтын губерниялардың *әрбір уезінде* айлар бойы мүлде нан көрмей отырған *ондаған* және жүз *мыңдаған* аш шаруалар барын ойламай, «Продпуть» үшін, «Продвод» үшін дербес азық-түлік дайындауды өтінушілерге сену ақылсыздық.

Егер әрбір уездің шаруаларына жеке-жеке азық-түлік дайындауға мүмкіндік берілсе, мұның өзі қалайша күйреу болмас екен? Әрбір ашығушы уезге ондаған миллионды бермей, оған азық-түлікті дербес дайындауға мүмкіндік бермей, «Продпуть» үшін, өздері сұрап отырғандай, дербес азық-түлік дайындауға 60 миллион беру әділдік болар ма екен?

Ашаршылықтан аман қалудың, ашаршылықты жеңудің жалпы жұмысшы ісіне және жалпы шаруалар ісіне бірлесіп, жалпы күш салып жәрдемдесу үшін әрбір темір жол шеберханасы, қызметшілердің немесе су транспорты жұмысшыларының, немесе завод жұмысшыларының әрбір мыңы таңдаулы және ең сенімді адамдардан бір-бір отрядтан шығаруға тиіс.

Жеке-жеке, дербес азық-түлік дайындау—бүкіл азық-түлік ісінің түбіне жететін, революцияның түбіне жететін әрекет, күйреу және ыдырау.

Тәртіп орнату үшін, бақылау ісіне көмектесу үшін, барлық артық астықты жинау үшін, жалдантарды толығынан жеңу үшін қызметшілер мен жұмысшылардың әрбір мыңынан таңдаулы және адал берілген адамдарды *жалпы жұмысшылардың* айбынды күшінің отрядтарына бөлу керек—ашаршылықтан құтылудың жолы осында ғана.

1918 ж. 29 майда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АШАРШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

1. Питерде, Москвада және егіншілікпен айналыспайтын ондаған уезде халық астық тапшылығын көріп отырғаны былай тұрсын, сонымен қатар қатты ашығып отырғанда, астық пен өзге де азық-түлік өнімдерінің артығын қолынан шығармай ұстау нағыз аяусыз жаза қолдануға лайықты барып тұрған қылмыс болып табылады.

2. Ашаршылыққа қарсы күресудің міндеті—астығы бітік жерлерден астықты ала беру ғана емес, сонымен қатар астықтың, сондай-ақ жалпы алғанда қандай да болсын азық-түлік өнімдерінің артығын түк қалдырмай мемлекет қорына құйғызу, жинау. Бұған қол жетпейінше, ешқандай социалистік өзгерістерді қамтамасыз етуге мүлде болмайды, қорғаныс соғысын ойдағыдай жүргізу мүмкіндігін де қамтамасыз етуге болмайды.

3. ...*

1918 ж. майдың екінші жартысында немесе июньнің басында жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Осымен қолжазба үзіледі. *Ред.*

ҚАЛА МЕН ДЕРЕВНЯ АРАСЫНДАҒЫ ТОВАР АЙЫРБАСЫНЫҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІМЕН, САУДА ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП КОМИССАРИАТЫМЕН ЖАСАЛАТЫН КЕЛІСІМНІҢ НОБАЙЫ

Халық шаруашылығы жоғары советімен, Сауда және өнеркәсіп комиссариатымен келісім.

Товар жеке адамдарға өткізілмейді, шаруалардың болыстық, селолық немесе басқа одақтарына өткізіледі; өткізілгенде мұндай одақтарда кедейлердің толық басым болуы міндетті шарт.

Товар өткізілгенде төленетін соманың 25 проценті товардай беріліп, жергілікті тұтынудан артық астықтың бәрін алу шартымен астыққа айырбасталып өткізіледі.

1 миллион үйге 1000 сомнан *бөлінетін болсын*	Шаруа буржуазиясының ақша қорларынан бір жолғы жоғары салықтарды үнемі және әрқашан алып отыру үшін кедей шаруаларды ұйымдастыру.

Осы көрсетілген салықтарды өндіріп алу үшін және деревня буржуазиясының қарсылығын толық тойтару үшін деревняға әскери отрядтар жіберілсін.

Интенданттық қоймалардан мыналар алынсын: [Болғаны]

1917 ж. 25 октябрьге дейін азық-түлік министрлігінің тым болмаса алдын ала шығарған қорытындыларын жариялау керек.

Аппарат: азық-түлік агенттерінің съезі ме? Москва облыстық аппараты...

(Бізде 25 адам; оларда 2000).

1918 ж. майда немесе июньде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАНҒАН КӘСІПОРЫНДАРДЫ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ» ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[146]

Коммунизм ірі өндірісті бүкіл ел көлемінде барынша орталықтандыруды талап етеді және соны көздейді. Сондықтан жалпы россиялық орталыққа белгілі бір саланың барлық кәсіпорындарын тікелей өзіне бағындыруға сөзсіз право беру керек. Облыстық орталықтар өз міндеттерін орталықтың жалпы өндірістік нұсқаулары мен шешімдеріне сәйкес, жергілікті, тұрмыстық және басқа да жағдайларға қарай белгілейтін болады.

Комиссияның жобасынан көрініп отырғанындай, бүкіл россиялық орталықты бүкіл елдің түкпір-түкпіріндегі белгілі бір саланың барлық кәсіпорындарын өзіне тікелей бағындыру правосынан айыру коммунизм емес, облыстық анархо-синдикализм болар еді.

1918 ж. 2 июньде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ЖҰМЫСШЫ, ШАРУА ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫ МОСКВА СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІ[147]

4 ИЮНЬ, 1918 ж.

Газет есептері 1918 ж. 5 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 113-номерінде, 5 және 6 июньде «Правданың» 111 және 112-номерлерінде басылған

Бірінші рет 1920 ж. мына кітапта толық басылған: «4-сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мәжілістерінің протоколдары. Стенографиялық есеп»

Баяндама мен қорытынды сөз кітаптың тексті бойынша басылып отыр; олар стенограммамен және мына кітапшаның текстімен салыстырылған: Н. Ленин. «Астық үшін күрес», Москва, 1918; қарардың жобасы қолжазба бойынша басылып отыр

1

АШАРШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Жолдастар! Менің бүгін сөз өтуіме тура келіп отырған тақырып қазіргі елдердің бәріне төніп келген, осы кезеңде Россияға, сірә, бәрінен де гөрі ауыр салмағын түсіріп отырған және қайткен күнде де мұнда басқа елдердегіден гөрі өлшеусіз ауыр сезіліп отырған аса ауыр дағдарыс болып табылады. Сондықтан осы дағдарыс туралы, бізге төніп келген ашаршылық туралы менің жалпы жағдайға байланысты біздің алдымызға қойылған міндетке сәйкес айтуым керек. Ал жалпы жағдай туралы сөз болған жерде, әрине, жалғыз Россиямен шектелуге болмас, оның бер жағында, қазіргі капиталистік цивилизацияның барлық елдерінің өзара байланыстары қазіргі уақытта бұрынғыдан да ауырырақ, бұрынғыдан да азаптырақ болып отыр.

Барлық жерде бірдей, соғысушы елдерде де, бейтарап елдерде де, соғыс, алып жыртқыштардың екі тобының империалистік соғысы өндіргіш күштердің толық титықтауын өзімен бірге ала келді. Күйзеліс пен қайыршылықтың етек алғаны соншалық, ондаған жылдар бойы ғана емес, тіпті жүздеген жылдар бойы да ашаршылық дегеннің не екенін білмеген ең алдыңғы қатарлы, цивилизациялы және мәдениетті елдерді де соғыс сөздің ең нағыз, ең дәлме-дәл мағынасындағы ашаршылыққа ұшыратты. Рас, алдыңғы қатарлы елдерде, әсіресе ең ірі капитализм шаруашылықты ұйымдастырудың барынша мүмкін болған тәсіліне халықты әлдеқашан үйретіп тастаған елдерде, міне осындай алдыңғы қатарлы

елдерде ашаршылықты дұрыс бөлшектеуге, оны біраз уақытқа кешеуілдетуге, оны біраз жеңілдетуге мүмкін болды, бірақ талқандалған және құлдыққа түсірілген елдерді айтпағанның өзінде, мысалы, Германия мен Австрия ұзақ уақыт бойы ашаршылықтан, нағыз барып тұрған ашаршылықтан азап шегіп отыр. Қазір біз газеттің тіпті бір номерін ашып қалсақ та, толып жатқан алдыңғы қатарлы, мәдениетті елдерден, тек соғысушы елдер ғана емес, Швейцария сияқты, Скандинавияның кейбір елдері сияқты бейтарап елдерден де берілген толып жатқан хабарларды ұшыратамыз, соғысқа байланысты адамзатқа кенеттен шүйліккен ашаршылық туралы, адам айтқысыз сұрапыл апаттар туралы хабарларды кездестіреміз.

Жолдастар, капитализмнің өзін бейбіт жолмен жоя алмайтыны, оның не капиталдың езгісіне қарсы қалың бұқараның тікелей көтеріліс жасауына апарып соғатыны, не оның нақ сол нәтижеге анағұрлым ауыр, азапты және қан төгіс соғыс жолы арқылы апаратыны европалық қоғамның дамуын қадағалаған адамдар үшін көптен бері-ақ күмәнсыз еді.

Соғысқа дейін көп жыл бұрын-ақ барлық елдердің социалистері өздерінің конгрестерінде мынаны атап көрсетіп, былай деп салтанатты түрде мәлімдеген болатын: алдыңғы қатарлы елдердің арасындағы соғыс асқан ауыр қылмыс болып қана қоймайды, отарларды бөлісуге бола, капиталистердің олжа бөлісуіне бола жүргізілетін бұл соғыс ең жаңа цивилизация мен мәдениеттің жетістіктерінен толық қол үзу болып қана қоймайды, ол адамзат қоғамының өмір сүру жағдайларының өзін бұзуға апарып соға алады,—және апарып соқпай қоймайды. Өйткені техниканың ең қуатты табыстары миллиондаған адамдарды жаппай қырып-жою үшін тарихта бірінші рет сондай зор көлемде, сондай жойқын түрде, сонша лықты зор жігермен қолданылады. Барлық өндіргіш құрал-жабдықтардың осылай соғысқа қызмет ету ісіне жұмсалып отырған жағдайында ең күйінішті жорамалдың орындалып отырғанын және тағыланушылық, ашаршылық, қандай да болса өндіргіш күштердің толық

құлдырауы көптеген елдерді қамтыған үстіне қамти түскенін біз көріп отырмыз.

Сондықтан ғылыми социализмнің негізін салушы кемеңгерлердің бірі Энгельстің 1887 жылы, орыс революциясынан 30 жыл бұрын, европалық соғыс, оның айтқанындай, тақта отырған жайсаңдардың басындағы тәждерді топ-тобымен ұшырып түсіруге және сол тәждерді жерден көтерер ешкім болмауына әкеп соқтырады, сонымен бірге ол соғыс бүкіл Европаның құлақ естімеген дәрежеде құтырынуына, тағылануына және мешеу қалуына апарып соғады, ал сонымен қатар соғыс не жұмысшы табының үстемдігін тудырады, не бұл үстемдікті қажет ететін жағдайлар жасалуын тудырады деп жазғанының қаншалықты дұрыс болып шыққандығы менің есіме түсіп отыр[148]. Марксизмнің негізін салушы бұл ретте екі есе сақтықпен айтқан, өйткені егер тарих ондай жолға түссе, онда оның капитализмнің күйреуіне, социализмнің ұлғаюына жеткізетінін, онда одан асқан азапты, одан асқан ауыр өткелді, одан асқан қатты мұқтаждықты және барлық өндіргіш күштерді күйрететін одан асқан сұрапыл дағдарысты көзге елестетуге де болмайтынын ол айқын көрді.

Міне енді біз соғыстың тұйыққа келіп тірелгені, бұл соғыстан капитализм негізінде шығатын жол жоқ екені, бұл соғыстың ауыр күйзеліске апарып соқтыратыны барлық елдерде, тіпті алдыңғы қатарлы елдерде де сезіліп отырған кезде төртінші жылға созылған империалистік соғыстың халықтарды қырғынға ұшырату зардабының мәнісі не екенін айқын көріп отырмыз. Сондықтан егер бізге, жолдастар, егер орыс революциясына,— бұл революцияны әсте де орыс пролетариатының сіңірген ерекше еңбегі туғызған жоқ, қайта бұл пролетариатты тарихтың бұйрығымен уақытша бірінші орынға қойып, уақытша дүние жүзілік революцияның авангарды еткен тарихи оқиғалардың жалпы шеру тартқан барысында туды,—егер бізге барған сайын үсті-үстіне ауыр соғып отырған ашаршылықтың біз үшін ауыр азабын өте қиналған, өте зардапты түрде бастан кешіруімізге тура келіп отырған болса, онда біз мынаны

берік ұғып алуға тиістіміз: бұл апаттар ең алдымен және бәрінен бұрын әлгі қарғыс атқан империалистік қырғынның қалдырған мұрасы; ол қырғын барлық елдерде адам айтқысыз апаттар туғызды және бұл апаттар ол елдерде бұқарадан, халықтың басым көпшілігіне әйгілеуден тек уақытша ғана жасырылып отыр.

Соғыстың езгісі әзірше одан әрі созылып отырғанда, соғыс әлі сақталып отырғанда, ол, бір жағынан, әлі жеңу үмітімен, бұл дағдарыстан империалистік топтардың біреуінің жеңуі жолымен құтылу мүмкіндігімен байланысты болып тұрғанда, ал екінші жағынан, әскери цензураның құтырынуымен және бүкіл халықтың соғыс желігінен басы айналуымен белгіленіп отырғанда, көпшілік елдердің халық бұқарасынан ол елдердің қандай түпсіз тұңғиыққа түсіп бара жатқанын, қандай түпсіз тұңғиыққа олардың жарым-жартылап түскенін жасырып отырған да тек әлгі жағдай. Сол себепті біздің қазір мұны айрықша қатты сезінуімізге тура келіп отыр, өйткені соғысты, бүкіл әлемнің ең қуатты империалистік алыптарының бүкіл дүние жүзілік соғысын дәл сондай бүкіл дүние жүзін қамтитын ең қуатты пролетарлық революциясыз жеңуге болмайтынын түсінген, көтеріліс жасаған пролетариаттың алдына қойған міндеттерінің орасан зор екендігінің арасындағы қайшылықтың Россиядағыдай өрескел көрінуі ешбір жерде жоқ.

Ал оқиғалардың барысы арқылы бізге осы революцияда көрнекті орындардың бірін алуға және ұзақ уақытқа, ең болмағанда 1917 жылдың октябрінен бері, халықаралық социализмнің басқа отрядтарының тез арада жәрдемге келуіне оқиғалар мүмкіндік бермегендіктен оқшау қалған отряд болуға тура келген кезде,—бізге енді он есе ауырлау жағдайды бастан кешіруге тура келіп отыр. Өздерінің басты дұшпанын құлату үшін, социалистік революцияның күзетінде тұру үшін тікелей көтеріліс жасаған пролетариат пен оны қолдаушы ең кедей шаруалардың қолынан келгеннің бәрін істегенімізден кейін біз сонымен қатар Россияны қоршаған империалистік жыртқыш державалардың езгісі мен соғыстың зардабы бізді онан сайын қыспаққа алып бара жатқанын көріп отырмыз. Соғыстың бұл зардаптары әлі

толық білінген жоқ. Енді, 1918 жылдың жазында, біздің алдымызда, бәлкім, революциямыздың ең қиын, ең ауыр, ең қысыл-таяң өткелдерінің бірі тұрған болар; бұл өткел халықаралық тұрғыдан ғана ең қиын өткел болып отырған жоқ, бұл тұрғыдан алғанда біздің сенімді және бірден-бір одақтасымыз—халықаралық пролетариат көтеріліске тек әзірленіп жатқан, соған енді-енді пісіп-жетіліп келе жатқан, бірақ әлі ашық және біртұтас бой көрсетуге жете алмай отырған шақта біз амалсыздан шегіну саясатына душар болып отырмыз, алайда Батыс Европадағы оқиғалардың бәрі, Батыс майдандағы соңғы шайқастардың мейлінше өрши түсуі, соғысушы елдердің ішінде күшейіп бара жатқан бүкіл дағдарыс европалық жұмысшылардың көтерілісіне көп қалмағанын, қаншама кешеуілдесе де, ол көтеріліс болмай қоймайтынын көрсетіп отыр.

Нақ осындай жағдайда елдің ішінде аса зор қиыншылықтарды бастан кешіруге тура келіп отыр; бұл қиыншылықтардың салдарынан өте ауыр азық-түлік дағдарысы, бізге төніп келген, біздің алдымызға барынша толық күш салуды, өте зор ұйымшылдықты керек ететін міндет қойып отырған, сонымен қатар бұл міндетті шешуге біздің ескі әдістермен кірісуімізге мүмкіндік бермей отырған өте-мөте ауыр ашаршылық бәрінен де асқан бірқатар ауытқулар туғызуда. Бұл міндетті шешуге аттанғанда біз империалистік соғысқа қарсы бірге шыққан таппен, империалистік монархияны да, империалистік республикалық орыс буржуазиясын да өзіміз бірлесіп құлатқан таппен, өсіп отырған қиыншылықтардың, өсіп отырған міндеттердің және революцияның өрістеуі барысында өзінің қаруын шыңдауына, өз күштерін арттыруына, өзінің ұйымын құруына тура келіп отырған таппен бірге аттанамыз.

Біздің алдымызда қазір адамның бүкіл тіршілігінің ең қарапайым міндеті—ашаршылықты жеңу, екі астананы және егіншілікпен айналысатын Россияның ондаған уезін қамтыған ашаршылықтың тікелей азабын, ең болмағанда, тезірек жеңілдету міндеті тұр. Ал бұл міндетті азамат соғысы, барлық дәрежедегі, барлық түрдегі, барлық түс пен барлық бағдардағы қанаушылардың

мейлінше өршеленген, жанталасқан қарсылығы жағдайында шешуге тура келіп отыр. Сөз жоқ, мұндай жағдайда саяси партиялардың ескіден қол үзе алмайтын және жаңаға сене алмайтын элементтері бір мақсат үшін: қанаушыларды қалпына келтіру үшін пайдаланылған соғыс жағдайында болып шығып отыр.

Россияның кез келген түкпірінен алынған хабардың қандайы болса да бізді осы мәселеге, ашаршылықтың қанаушыларға қарсы және бас көтере бастаған контрреволюцияға қарсы күреспен осы байланыстылығына назар аударуға шақырады. Алдымызда тұрған міндет—ашаршылықты жеңу, немесе, ең болмағанда, жаңа егінге дейін оның ауыртпалығын кеміту керек, астық монополиясын сақтап қалу, Совет мемлекетінің правосын қорғап қалу, пролетарлық мемлекеттің правосын қорғап қалу қажет. Біз барлық артық астықты жинап алуға тиістіміз, барлық запас астықтың мұқтаждық бар жерлерге тасып жеткізілуіне және дұрыс бөлінуіне жетуге тиістіміз. Бұл негізгі міндет—адамзат қоғамын сақтап қалу (сонымен бірге қисапсыз да еңбек), бұл міндет бір ғана жолмен: еңбекті жалпы, күш сала арттыру арқылы ғана шешілмекші.

Бұл міндет соғыс жолымен шешілетін елдерде мұның өзі соғыс құлдығы жолымен, жұмысшылар мен шаруаларға соғыс құлдығын қолдану жолымен шешіледі, қанаушылар үшін жаңадан молая түскен пайда беру жолымен шешіледі. Мәселен, сіздер осындай қоғамдық езілу орын алып отырған, соғысқа наразылық білдіру әрекетінің қандайы болсын жанышталып отыратын Германиядан,—қалай дегенмен де, өмір шындығын ұрыну мен соғысқа қарсы социалистік өшпенділік сезімі әлі де сақталып отырған Германиядан жағдайды сақтаудың соғыста шаш-етектен байыған жаңа миллионерлердің тез өсіп шығуы сияқты тәсілден басқа дағдылы тәсілді таба алмайсыздар, міне осыдан асқан ештеңе таба алмайсыздар. Бұл жаңа миллионерлер жанталаса және құныға байып алды.

Бұқараның ашаршылыққа ұшырауы қазір барлық империалистік елдерде ең жанталасқан жалдаптықты күшейту үшін, мұқтаждық пен ашаршылықтан шаш-

етектен келе байып алу үшін барынша пайдаланылып отыр.

Империалистік елдер мұны көтермелейді, мәселен, ашаршылық анағұрлым жақсы ұйымдастырылған Германияда осылай. Сондықтан жұрттың оны—ұйымдасқан ашаршылықтың орталығы, онда паектар және нанның бір тілім қыртысы халыққа бәрінен де гөрі жақсы бөлінген деуі тегін емес. Біз онда миллионерлердің жаңа элементтері империалистік мемлекеттің дағдылы құбылысына айналып келе жатқанын, олардың ашаршылыққа қарсы басқаша күресе алмайтынын көріп отырмыз. Олар астығы көптерге және жалдаптық істеп, ұйымдастыруды, нормалауды, реттеуді, бөлуді жалдаптыққа айналдыра білетіндерге пайданы екі есе, үш есе, төрт есе көп береді. Бізді бұл жолға, саналы немесе санасыз түрде болсын бәрібір, кім итермелесе де, біздің ондай жолмен жүргіміз келмейді. Біз былай дейміз: біз соғысқа қарсы бірлесіп шыққан таппен, бірлесіп буржуазияны құлатқан және қазіргі дағдарыстың барлық ауыртпалықтарын бірлесіп бастан кешіріп жатқан таппен бірге болып келдік және қоян-қолтық бірге боламыз. Біз астық монополиясын ақырына дейін жақтауға тиістіміз, бірақ ірі немесе ұсақ көлемдегі капиталистік жалдаптықты заңды ету үшін емес, қайта әдейі тонаушылыққа қарсы күресу үшін жақтауға тиістіміз.

Бұл арада да біз үлкен қиыншылықтарды, халыққа қарсы бақайшағына дейін қаруланған патша өкіметі немесе бақайшағына дейін қаруланған орыс буржуазиясы алдымызда тұрғандағыдан гөрі күрестің анағұрлым қатерлі қауіптерін көріп отырмыз; орыс буржуазиясы өткен жылғы июнь шабуылында қалтасына құпия шарттарды салып алып, олжаны бөлісуге қатысып, мыңдаған және жүз мыңдаған орыс жұмысшылары мен шаруаларының қанын төгуді қылмыс деп санамаған еді; енді келіп ол еңбекшілердің езушілерге қарсы бірденбір әділетті, қасиетті соғысын қылмыс деп сапап отыр; бұл соғыс туралы біз империалистік қырғынның ең басында-ақ айтқан болатынбыз, қазір барлық оқиғалар қадам басқан сайын бұл соғысты ашаршылықпен сөзсіз байланыстырып отыр.

Әуел баста патшалық самодержавиенің тұрақты баға белгілегенін және астықтың бұл бағасын кейін өсіргенін біз білеміз. Өйтпегенде ше! Ол өзінің одақтастарына—астық сатудан миллиондаған пайда түсіріп келген астық сатушы саудагерлерге, жалдаптарға, банк құмүйіздеріне адал күйінде қала берді.

Эсерлермен және меньшевиктермен бірігіп алған кадеттер партиясындағы келісімпаздардың және Керенскийдің астық монополиясын қалай енгізгенін біз білеміз, ойткені бүкіл Европаны монополияландырмайынша ұзақ өмір сүруге болмайды деп айтқанын және сол Керенскийдің өзі 1917 жылғы августа сол кездегі демократиялық заңнан қалай бұлтарып кеткенін де білеміз. Демократиялық заңдар мен ептілікпен түсіндірілетін ережелер олардан бұлтарып кету үшін жасалады ғой. Біз сол Керенскийдің өзі августа әлгі бағаны екі есе қымбаттатқанын да білеміз; сонда барлық түр-түстегі социалистер бұл шараға қарсы наразылық білдірді және бұл фактіге ашынды. Сонда Керенскийдің бұл қылығына ызаланбаған бірде-бір баспасөз органы және бұл арада республикашыл-министрлерге, меньшевиктер мен эсерлер кабинетіне арқа сүйеген жалдаптардың айла-шарғысы орын алып отыр, астықтың бағасы екі есе қымбаттатылып, оларға кеңшілік жасалды, бұл арада жалдаптарға кеңшілік жасаудан басқа түк те жоқ деп, әшкерелемеген бірде-бір баспасөз органы болмады. Біз бұл оқиғаны білеміз.

Біз енді астық монополиясының ісі және ашаршылыққа қарсы күрес Европаның капиталистік елдерінде қалай жүргізілгенін оның бізде қалай жүргізілгенімен салыстырамыз. Біз мұны қазір контрреволюционерлердің қалай пайдаланатындығын көріп отырмыз. Біз бұл сабақтан өзімізге берік және тапжылмас қорытындылар шығаруға тиістіміз. Иә, оқиғалардың барысы мынаған әкеліп соқтырды: ауыр ашаршылыққа дейін жеткен дағдарыс азамат соғысының тек одан әрі шиеленісуіне әкеп жеткізді, оңшыл эсерлер мен меньшевиктер партиялары сияқты партияларды тек әшкерелеуге ғана апарып соқтырды, ал бұл партиялардың кадеттердің ашық капиталистік партиясынан өзгешелігі сол, ка-

деттер партиясы—тікелей қаражүздіктер партиясы. Кадеттердің халыққа айтатын ештеңесі жоқ, олардың халыққа арнап сөз сөйлеуі керек емес, оларға өз мақсаттарын бүркемелеудің керегі жоқ, ал Керенскиймен келісімге келген және онымен өкіметті бөлісіп, қуния шарттарға ортақтасқан әлгі партиялардың—міне бұлардың халыққа сөз салуы керек. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Сондықтан бұлардың мезгіл-мезгіл, өз тілегі мен жоспарына қарамастан, өздерін әшкерелеп алуына тура келеді.

Біз ашаршылық салдарынан, бір жағынан, аштықтан азап шеккен адамдардың көтерілістері мен бүліктері бұрқ етіп жатқанын, ал екінші жағынан, ағылшын-француз империалистерінің ақшасымен де, оңшыл эсерлер мен меньшевиктердің күш жұмсауымен де көрінеу-көзге қоректенуші (қ о л ш а п а л а қ т а у) контрреволюциялық көтерілістер тізбегі Россияның бір шетінен екінші шетіне жалындай жайылып жатқанын көргенімізде, біз өзімізге: жағдай белгілі, біртұтас майдан дегенді тілейтіндер, мейлі, соны армандай берсін дейміз.

Орыс буржуазиясы тіпті ашық әскери қақтығыста жеңілгеннен кейін де, революциялық күштер мен контрреволюциялық күштердің 1917 жылғы октябрьден 1918 жылғы февраль мен мартқа дейінгі барлық ашық қақтығыстары контрреволюционерлерге, тіпті бәрінен де көбірек үміт артылған Дон казактарының басшыларына да олардың ісінен түк өнбейтінін, өйткені халықтың көпшілігі барлық жерде бірдей оларға қарсы екенін көрсеткендігін біз қазір мейлінше айқын көріп отырмыз. Сөйтіп, қандай да болса жаңа әрекет, тіпті казактар сияқты сословиелік жағынан неғұрлым томаға-тұйық ең ауқатты егіншілер тобы бар ең патриархтық жерлерде де,—барлық жерде бірдей, түгелдей, контрреволюцияның қандай да болса әрекеті езілген еңбекшілердің жаңа топтары сөз жүзінде емес, іс жүзінде оларға қарсы шығуына әкеп соқты.

Октябрьден мартқа дейінгі азамат соғысының сабақтары Россия жұмысшы табы еңбекші бұқарасының және өзгенің еңбегін қанамай, өз еңбегімен күн көретін шаруалардың, міне осылардың орасан басым көпшілігі

Россияның барлық түкпірлерінде түгелдей Совет өкіметін жақтап отырғандығын дәлелдеді. Бірақ кімде-кім бізді негұрлым табиғи дамудың жолына шықты деп ойлаған болса, өзінің қатесіне оның көзі жетуге тиісті еді.

Буржуазия өзінің жеңілгендігін...* көрді. Міне осы арада Россия ұсақ буржуазиясының жікке бөлінуі басталады: біреулер немістерге қарай, енді біреулері ағылшын-француз бағдарына қарай сүйрейді, сөйтіп екі бағыттың екеуі де ашаршылық бағдары оларды біріктіреді дегенге келіп саяды.

Біздің партиямыз емес, ал оның жаулары мен Совет өкіметінің жаулары немістік бағдар мен ағылшын-француз бағдарының арасында бір программаның: ашаршылықтың салдарынан Совет өкіметін құлату программасының негізінде дау-дамайды біріктіріп отырғанын сіздерге, жолдастар, айқын көрсету үшін,—сіздерге мұның қалай істеліп жатқанын көрсету үшін мен меньшевиктердің соңғы мәжілісі туралы есептен қысқаша цитат келтіре кетейін[149]. Бұл есеп «Жизнь»[150] газетінде басылған. (Шу, қолшапалақтау.)

«Жизнь» газетінің 26-номерінде басылған бұл есептен біз экономикалық саясат мәселесі жөніндегі баяндамашы Череванин Совет өкіметінің саясатын сынай келіп, мәселені компромиспен шешуді, атап айтқанда практикалық қайраткерлер ретінде олар үшін ерекше тиімді комиссиялық негізде сауда капиталының өкілдерін тартуды ұсынғанын білеміз. Біз нақ сол есептен мәжіліске қатысқан Солтүстік азық-түлік басқармасының председателі Громан, есепте айтылғанындай, жеке басының байқау тәжірибесінің және әр түрлі байқаулар тәжірибесінің мол қорын пайдаланып,—мен өз тарапымнан қосып айтайын, буржуазиялық топтарда ғана,—мынадай қорытынды жасаған: «екі амалды қолдану керек,— деді ол,— біріншісі — қазіргі баға арттырылуға тиіс, екіншісі—астықты жедел түрде жеткізгені үшін айрықша сыйлық тағайындалуға тиіс» және т. т. (Дауыс: «Ал бұл жаман ба екен?») Иә, сөз алмай, бірақ

* Стенограммада түсініксіз жазылған сөздер қалдырылып кетті. *Ред.*

бұрыш жақтан бірдеңе деп қалмақшы болған шешен (қол шапалақтау) мұның ешбір жамандығы жоқ деп сіздерді иландыруды ойласа да, сіздерге мұның жаман екенін естуге тура келеді; бірақ ол, сірә, меньшевиктік конференцияның барысын ұмытқан болса керек. Нақ сол «Жизнь» газетінде Громаннан кейін делегат Колокольниковтың сондай тұрғыдан сөз сөйлеп: «Біздерге большевиктік азық-түлік ұйымдарына қатысу ұсынылып отыр» дегені айтылады. Әлгі шешеннің килігуін еске түсіре келіп, мұның қандай жаман екені рас емес пе деп айтуға тура келеді. Ал егер сол әлгі тынышталғысы келмейтін және сөз алмаған, бірақ бірдеңе деп қалып жатқан шешен: бұл—өтірік, өйткені еш уақытта Колокольников мұны айтқан жоқ деп айқайлап отырса, онда мен, осыны ескере отырып, бұл бекерге шығаруды егжей-тегжейлі, жұртқа естірте қайталауды сіздерге ұсынамын. Әйгілі Мартов ұсынған және Совет өкіметі туралы мәселе жөнінде басқа сөздермен және басқа сөз тіркестерімен нақ соны қайталап айтатын конференция қарарын сіздердің естеріңізге сала кетейін. (Шу, айқай.) Иә, сіздер бұған қаншама күлсеңіздер де, бұл факт болып қалады,—азық-түлік есебіне байланысты, меньшевиктердің өкілдері Совет өкіметін пролетарлық ұйым емес, жарамсыз ұйым деп атады.

Контрреволюционерлердің ашаршылыққа байланысты және сол ашаршылықты пайдаланған көтерілісі күн тәртібінде тұрған кезеңде, міне бұл арада ешқандай бекерге шығарушылық пен ешқандай айла-шарғының көмегі жоқ, факт сол күйінде қалады. Біз аталған мәселе жөнінде Череванин де, Громан да, Колокольников та тамаша дамытқан саясатты көріп отырмыз. Біз азамат соғысының жандана бастағанын көріп отырмыз, біз контрреволюцияның бас көтеріп келе жатқанын көріп отырмыз, сондықтан орыс жұмысшылары мен шаруаларының жүзден тоқсан тоғызы бұл оқиғалардан өз қорытындысын жасағанына, жасап жатқанына және жасайтынына менің көзім жетеді,— бұл әлі де жұрттың бәріне бірдей мәлім емес,— және ол қорытынды атап айтқанда мынадай болады: контрреволюцияға өлтіре соққы бере отырып қана, ашаршылық туралы мәселеде,

ашаршылыққа қарсы күресте социалистік саясатты жүргізе отырып қана біз ашаршылықты да, осы ашаршылықты пайдаланып отырған контрреволюционерлерді де жеңіп шығамыз.

Жолдастар, біз қазір мынадай уақытқа, Совет өкіметінің қиын және ірі контрреволюциялық дұшпандарға қарсы ұзаққа созылған ауыр күрестен кейін ашық шайқастардың барысында оларды жеңген және қанаушылардың әскери қарсылығын да, бәрінің саботаждық қарсылығын да жеңіп, ұйымдастыру жұмысына бел шешіп кіріскен кезіне тура таяу келіп отырмыз. Ал ашаршылыққа қарсы күрестің бүкіл қиындығының, бұл міндеттің бүкіл асқан ауырлығының себебі — біздің бұл арада ұйымдастыру міндетіне бел шешіп тікелей кірісколі отырғандығымызда.

Көтерілісте жеңіске жету әлдеқайда жеңіл. Қарсыласушы контрреволюцияны жеңу ұйымдастыру міндетінде жеңіске жетуден миллион есе оңай, әсіресе біз көтеріліс жасаушы пролетардың да, ұсақ меншікшінің, ұсақ буржуазияның қалың топтарының да едәуір дәрежеде бірге бара алатын міндетін, жалпы демократиялық, жалпы еңбекші элементтер әлі көп болған міндетті орындаған жерде оңай. Біз қазір бұл міндеттен екінші міндетке жақындап келіп отырмыз. Ауыр ашаршылық бізді таза коммунистік міндетке еріксіз жетелеп әкеліп отыр. Бұл арада біз революциялық-социалистік міндетті жүзеге асырумен бетпе-бет келдік, бұл арада біздің алдымыздан ерекше қиыншылықтар кездесіп отыр.

Біз бұл қиындықтардан қорықпаймыз, біз бұл қиындықтарды білгенбіз, капитализмнен социализмге өту оңай деп біз еш уақытта айтқанымыз да жоқ. Бұл — қиян-кескі азамат соғысының бүтіндей бір заманы, бір елдің көтеріліс жасаған пролетариатының бір отрядына жіберілген қателерді күш біріктіре отырып түзету үшін басқа бір елдің пролетариаты келетін кезеңдегі өте-мөте қиын қадамдар. Бұл арада біздің алдымызда ұйымдастыру міндеттері тұр; бұл жалпы тұтыну өнімдерін қамтитын, жалдаптықтың ең терең тамырларын қамтитын, буржуазиялық дүниенің жоғарғы тобын және бір ғана жаппай тегеурінмен ұшырып түсіру оңай болмайтын

капиталистік қанаушылықтың жоғарғы қабатын қамтитын міндеттер. Бұл арада біз ұсақ меншікшілер арқылы, өмірдің осы бүкіл уклады, ұсақ меншікшілдік және ұсақ қожайындық әдеттер мен пиғылдар арқылы әлгі буржуазиялық қанаушылықтың ұсақ және барлық елдерге терең тараған тамырлары мен тамыршаларын көріп отырмыз, ұсақ жалдапты, өмірдің жаңа құрылысына үйреніспеушілікті, оған сенбеушілікті, торығушылықты көріп отырмыз.

Өйткені алдымызға революция қойған әдеттен тыс қиындықтарды сезгенде еңбекшілер бұқарасының өте көп өкілдері торығушылыққа бой ұрғандығы—факт. Біз бұдан қорықпаймыз. Белгілі бір топтардың торығушылыққа түспеген сәті еш жерде, бірде-бір революцияда бір де рет болып көрген емес.

Егер бұқара тәртіптің белгілі бір авангардын іріктеп шығарса, егер авангард мұның диктатура екенін, бұл берік өкімет барлық кедейлерді тартуға көмектесетінін білсе,—бұл ұзақ процесс, қиын күрес,—мұның өзі толық мағынасындағы социалистік революцияның басталуы болып табылады. Біз біріккен жұмысшылардың, кедейлер бұқарасының байларға, жалдаптарға қарсы, интеллигенттердің санасыз немесе саналы көншілігі, Череваниндер мен Громандар сияқты, жалдаптық ұрандарды құлағына құйып жатқан адамдар бұқарасына қарсы шығып отырғанын, осы ақылынан адастырылған жұмысшылардың астықты еркін сату туралы, жүк транспортын келтіру туралы айтып жүргенін көргенімізде, біз мұның мәнісі кулактарға көмектесу деп жауап береміз. Біз бұл жолға түсе алмаймыз. Біз былай дейміз: біз бірлесіп октябрь жеңісіне жеткен еңбекші элементке сүйенетін боламыз, тек өз табымызбен бірге, еңбекші халықтың барлық топтарының арасында пролетарлық тәртіп орнату арқылы ғана біз алдымызда тұрған тарихи міндетті шешеміз.

Бізге аса зор қиындықтарды бастан кешіруге, барлық артық астық пен запастарды жинап алуға, ондаған миллион адамдарға дұрыс бөліп, тасымалды дұрыс ұйымдастыруға, жұмыстың сағат секілді мүлтіксіз жүргізілуі үшін нағыз үзіліссіз жұмысты жолға қоюға, жалдаптар

мен үрей туғызушы күдікшілдер демеп отырған күйзелісті жоюға тура келіп отыр. Бұл ұйымдастыру міндетін практикалық қиындықтармен бетпе-бет келіп отырған саналы жұмысшылар ғана жүзеге асыра алады. Осы міндетке бар күшті салып, ең ақырғы, шешуші зор майданға шығуға болады. Ал бұл майданда біз жеңіп шығамыз. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, бізге Совет өкіметінің шаралары туралы соңғы декреттер[151] өзін социалиспін деп мазақ үшін атамайтын әрбір социалиске пролетарлық диктатураның жолы айқын және даусыз, ауыр сынақтар жолы екенін көрсетеді.

Соңғы декреттер өмірдің ең түбегейлі мәселесін—астық туралы мәселені алға қойды. Олардың бәрінің жетекші үш идеясы бар: біріншісі — орталықтандыру идеясы, немесе орталықтың басшылығымен барлығын бірге бір ортақ жұмысқа біріктіру; өзіңді байсалды етіп көрсету және сары уайым атаулыға берілмеу, қапшықшы атаулының жеке қызметін ысырып тастау, барлық пролетарлық күштерді қосу, өйткені ашаршылыққа қарсы күрес туралы мәселеде біз нақ сол езілген таптарға сүйенеміз және ашаршылықтан құтылудың жолы—олардың қанаушыларға қарсы қажырлы күресінде, олардың бүкіл қызметін біріктіруде ғана деп білеміз.

Иә, қапшықшылдық пен жалдаптықтың салдарынан астық монополиясының қадам басқан сайын қалай бұзылып жатқаны бізге айтылып отыр. Интеллигенциядан: бірақ қапшықшылар соларға қызмет етіп отыр ғой, олардың бәрін солар асырап отыр ғой дегенді жиі естуге тура келеді. Иә, бірақ қапшықшылар кулакт арша асырайды, олар кулактың өкіметін нығайту, орнату және мәңгілік ету үшін, қолында билігі бар адам өзінің пайдасымен жеке адамдар арқылы сол өкіметті айналадағыларға таратуы үшін қалай әрекет жасау керек болса, қапшықшылар нақ солай әрекет жасайды. Ал біз былай дейміз: егер қазіргі уақытта көпшілігі тек сенбеушілігімен айыпты болып отырған адамдардың күштері, егер солардың күштері қосылса, күрес анағұрлым оңай болар еді. Егер қайсыбір жерде социалистік құрылысқа қиыншылықсыз өтуге үміттенетін революционер

болса, онда біз мұндай революционер, мұндай социалист соқыр тиынға да тұрмайды деп айта алар едік.

Ал біз капитализмнен социализмге өту өте-мөте қиын күрес екенін білеміз. Бірақ біздер мың қиыншылықты болса да бастан кешіруге және мың рет әрекет жасауға әзірміз, ал мың әрекеттен кейін біз мың біріншi әрекетке де кірісеміз. Біз ендігі жерде барлық совет ұйымдарын творчестволық жаңа өмірге, жаңа күштерді өрлетуге тартамыз. Біз жаңа қиыншылықтарды жаңа топтарды тарту арқылы, деревня кедейлерін ұйымдастыру арқылы жеңбекші болып отырмыз, сөйтіп осы арада мен екінші негізгі міндетке тоқталмақшымын.

Біздің бірінші ойымыз—барлық декреттерде көрсетіліп отырған орталықтандыру туралы ой дедім мен. Барлық астықты ортақ қапшықтарға жинап салғанда ғана біз ашаршылықты жеңе аламыз, бірақ соның өзінде де астық там-тұмдап қана жететін болады. Россияда астықтың бұрынғы молшылығы енді жоқ, сондықтан коммунизм әрбір адамның сана-сезіміне енуі керек, жұрттың бәрі артық астыққа халық дәулеті деп қарайтын болуы керек, еңбекшілердің мүддесін түсінулері керек. Ал бұған қол жеткізу үшін Совет өкіметі ұсынып отырған әдіс қана қажет.

Бізге басқа әдістер туралы айтқан кезде біз Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде істегеніміздей жауап береміз*,—бізге басқа жолдар туралы айтқан кезде, біз былай деп жауап берген едік: Скоропадскийге, буржуазияға барыңдар. Оларды астықтың бағасын арттыру, кулактармен блок жасасу сияқты әдістерге үйретіңдер; сендер өздеріңнің сөздеріңе құлақ қоятын адамдарды сол жақтан табасыңдар. Ал Совет өкіметінің айтатыны біреу: қиыншылық өлшеусіз зор, әрбір қиыншылыққа ұйымшылдық пен тәртіптілікті жаңадан үсті-үстіне күшейту арқылы жауап беріңдер. Мұндай қиыншылықтар бір айдың ішінде жойылмайды. Халықтардың тарихында бұдан аз қиыншылықтарды жоюға ондаған жылдар кеткен уақыт болған, сөйтіп бұл онжылдықтар ең ұлы және ең жемісті онжылдықтар ретінде тарихқа кірген. Аса ұлы револю-

* Қараңыз: осы том, 353—372-беттер. *Ред.*

цияның бірінші жарты жылы мен бірінші жылының сәтсіздіктерімен сендер еш уақытта бізді сары уайымға түсіре алмайсыңдар. Біз жалпы российялық көлемде орталықтандыру, біріктіру, пролетарлық тәртіп деген бұрынғы ұранымызды онан әрі жалғастыра береміз.

Громанның өз баяндамасында көрсеткеніндей, бізге: «сіздердің астық жинауға баратын отрядтарыңыз ішкілікке салынады, сөйтіп өздері де самогоншыларға, тонаушыларға айналып кетеді» деп айтса,—біз бұған былай дейміз: мұндайдың жиі болатынын біз өте жақсы білеміз, мұндай реттерде біз мұны жасырмаймыз, әсірелемейміз, бұдан қайдағы бір солшыл бос сөздермен, ниеттермен қолды бір-ақ сілтеп тайқымаймыз. Иә, жұмысшы табы ескі буржуазиялық қоғамнан қытай қорғаны арқылы бөлінген емес. Ал революция басталған кезде істің жайы жеке адам өліп, оның өлігі аулаққа шығарылып тасталатын кездегідей болмайды. Ескі қоғам өлгенде, оның өлігін табытқа салып шегелеп, молаға апарып қою мүмкін емес. Оның өлігі біздің ортамызда бүлінеді, шіриді, сөйтіп біздің өзімізге ауру жұқтырады.

Өйтпейінше әлемде бірде-бір ұлы революция болған жоқ және болуы да мүмкін емес. Бүліне бастаған өліктің сасыған улы ауасы жағдайында жаңаның өркенін сақтау және өсіру жолында біздің нақ қарсы күресуге тиісті нәрсемізді,— әдеби және саяси жағдайды, әлгі бүліне бастаған өліктің сасыған улы иісі бойына сіңген кадеттерден меньшевиктерге дейінгі саяси партиялардың әрекетін — осының бәрін олар біздің жолымызға тосқауыл қою үшін пайдаланбақшы болып жүр. Өйтпейінше еш уақытта социалистік революцияны жасауға болмайды және өйтпейінше бүліне бастаған капитализмнің және оған қарсы қиын күрестің жағдайында бірде-бір ел капитализмнен социализмге өте алмайды. Сондықтан да біз: біздің бірінші ұранымыз — орталықтандыру, біздің екінші ұранымыз — жұмысшыларды біріктіру дейміз. Жұмысшылар, бірігіңдер, біріге түсіңдер! Мұның өзі ескі ұран, мұның өзі әсерлі, жаңа нәрсе сияқты көрінбейді, мұның өзі герман буржуазиясының бағаны екі есе, он есе қымбаттатқаны сияқты, 1917 жы-

лы августа бағаны екі есе қымбаттатқан Керенский сияқты адамдардың, кулактардың ырқына үсті-үстіне көне түссеңіздер болғаны, сіздерді дереу және тікелей табыстарға кенелтеміз деп уәде ететін адамдардың сіздерді қызықтырмақшы болатын шарлатандық табыстарымен кенелтуге дәмелендірмейді. Әрине, біз ондай жолға түспейміз, сондықтан былай дейміз: біздің екінші құралымыз ескі, бірақ сонымен қатар мәңгілік құрал: бірігіңдер! (Қол шапалақтау.)

Біз қиын жағдайдамыз: Совет республикасы, бәлкім, өзінің ең ауыр өткелдерінің бірін бастан кешіріп отырған болар. Жұмысшылардың жаңа топтары бізге көмекке келеді. Бізде полиция жоқ, бізде айрықша әскери каста болмайды, бізде жұмысшылардың саналы түрде бірігуінен басқа аппарат жоқ. Россияны мейлінше ауыр және орасан қиын жағдайдан солар алып шығады. (Қол шапалақтау.) Жұмысшыларды біріктіру, жұмысшы отрядтарын ұйымдастыру, егін салмайтын, ашаршылыққа ұшыраған уездердің ашыққан халқын ұйымдастыру керек,—міне бұларды біз көмекке шақырамыз, біздің Азық-түлік комиссариаты соларға үндеу тастап отыр, бұларға біз: астық үшін крест жорығына аттаныңыздар, жалдаптарға қарсы, кулактарға қарсы, тәртіпті қалпына келтіру үшін крест жорығына аттаныңыздар дейміз.

Крест жорығы дегеннің өзі бұдан жүздеген жыл бұрын адамдар азаптау арқылы қасиетті деп санауға мәжбүр етілген нәрсеге сенім қара күшке келіп қосылған жорық еді. Ал біздің тілейтініміз және ойлайтынымыз, біздің көзіміздің жететіні де, біздің білетініміз де мынау: Октябрь революциясы мынаны істеді—енді алдыңғы қатарлы жұмысшылар және ең кедей шаруалардан шыққан алдыңғы қатарлы шаруалар помещиктер мен капиталистерге билік жүргізетін өздерінің өкіметін сақтауды қасиетті іс деп санайды. (Қол шапалақтау.) Халық бұқарасына ықпал ету үшін қара күштің жеткіліксіз екенін олар біледі. Бізге қара күш керек, өйткені біз диктатура орнатып жатырмыз, қанаушылар жөнінде күш жұмсап жатырмыз, ал мұны түсінбейтін әрбір адамды социализмнің формасы туралы

сөйлесуге сөзді шығын етпеу үшін өзімізден жиркенішпен аулақ серпіп тастаймыз. (Қол шапалақтау).

Бірақ біз былай дейміз: біздің алдымызда жаңа тарихи міндет тұр. Бізге жұмысшылардан шыққан үгітшілер отрядтарының керек екенін осы жаңа тарихи тапқа түсіндіруіміз қажет. Бізге өнім өндірмейтін губерниялардың әр түрлі уездерінен жұмысшылар керек. Бізге керегі: олар онда Совет өкіметінің саналы насихатшылары ретінде баратын болсын, біздің азық-түлік үшін соғысымызды, кулактарға қарсы соғысымызды, тәртіпсіздікке қарсы соғысымызды олардың қастерлеуі керек, олардың социалистік насихат жүргізуді заңдастырып, мүмкін етулері керек, олар кедейлер мен байлардың арасындағы айырмашылықты деревняға жеткізулері керек, бұл айырмашылық әрбір шаруаға түсінікті және біздің күшіміздің аса терең қайнар бұлағы болып табылады, бұл қайнар бұлақты аршып, бар пәрменімен аспанға шапшыту қиын нәрсе, өйткені бізде көптеген қанаушылар бар, бізде кедейлердің өкілдері самогоннан баюы үшін немесе бір сомға бірнеше сом пайда түсіріп, жалдаптық жолмен самогон сатуы үшін осы қанаушылардың кедейлерді сатып алудан бастап, сан алуан тәсілдермен бұқараны өзіне бағындыруы орын алып отыр. Кулактар мен буржуазия деревняда бұқараға, міне, қандай құралдармен ықпал жасайды десеңізші!

Біз кедейлерді бұл үшін айыптай алмаймыз, өйткені біз ондаған жылдар, мыңдаған жылдар бойына олардың құлдықта болғанын, олардың крепостниктік правоны басынан кешіргенін де, Россияда крепостниктік праводан кейін қалған тәртіп тұсында өмір сүргенін де білеміз. Біз кедейлерге барғанда кулактарға қарсы кезелген қарумен ғана емес, өздерінің ұйымшылдық күшін сонда апаруға тиісті саналы жұмысшылардың насихатымен де баруға тиістіміз. Кедейлердің өкілдері, бірігіңдер,—біздің үшінші ұранымыз міне осы. Бұл—кулактарға жарамсақтанғандық емес және бағаны арттырудың қисынсыз шарасы да емес. Егер біз бағаны екі есе қымбаттатсақ, кулактар былай дейді: бізге бағаны қымбаттатып жатыр, ашығайын деген екен, күте тұрайық, тағы да қымбаттатады. (Қол шапалақтау.)

Бұл—таптаурын болған жол, кулактар мен жалдаптарға жарамсақтану жолы, мұндай жолға түсу және тартымды етіп суреттеу оңай. Өздерін социалистерміз деп атайтын интеллигенция бізге мұндай суреттерді оп-оңай салып беруге әзір, мұндай интеллигенциядан тіпті аяқ алып жүре алмайсың. Ал біз сіздерге былай дейміз: кімде-кім Совет өкіметіне ергісі келсе, кімде-кім оны бағаласа және оны еңбекшілердің өкіметі, қаналған таптың өкіметі деп санаса, ол адамды біз басқа жолға түсуге шақырамыз. Бұл жаңа тарихи міндет—қиын нәрсе. Ол міндетті шешу—жаңа топты көтеру, еңбекшілер мен қаналғандардың көпшілігі азап шеккен, қараңғы және бәрінен кем біріккен өкілдеріне, әлі де бірігуі керек болып отырған өкілдеріне ұйымдасудың жаңа формасын беру деген сөз.

Бүкіл дүние жүзінде қала жұмысшыларының, өнеркәсіп жұмысшыларының алдыңғы отрядтары бірікті, түгелдей бірікті. Бірақ деревняларда, ұсақ егіншілік өндірісте, меңіреу түкпірде және қараңғылықта өмірдің барлық жағдайлары топастандырған адамдарды біріктіруге жүйелі түрде, қалтқысыз, жан қиярлықпен істелген әрекет дүние жүзінде әлі еш жерде дерлік болған жоқ. Бұл арада біздің алдымызда ашаршылыққа қарсы күресті ғана емес, сонымен қатар социализмнің бүкіл терең және маңызды құрылысы үшін де күресті бір мақсатқа біріктіретін міндет тұр. Бұл арада біздің алдымызда тұрған социализм жолындағы шайқас мынадай: бұл шайқас—барлық күшті жұмсауға және бәрін де тәуекел етуге тұрарлық шайқас, өйткені бұл—социализм жолындағы шайқас (қол шапалақтау), өйткені бұл—еңбекшілер мен қаналғандардың құрылысы жолындағы шайқас.

Еңбекші шаруаларға осы жолдағы өзіміздің жақтастарымыз деп қарайтын боламыз. Бұл жолда бізді баянды жеңістер, тек баянды жеңістер ғана емес, ажырағысыз жеңістер күтіп тұр. Біздің үшінші көрнекті ұранымыз міне осы!

Бұл негізгі үш ұран, міне, мынадай: азық-түлік ісін орталықтандыру, пролетариатты біріктіру, деревня кедейлерін ұйымдастыру. Сондықтан әрбір кәсіптік одақ-

қа, әрбір завод комитетіне біздің үндеуіміз, біздің Азық-түлік комиссариатының үндеуі былай дейді: сіздерге ауыр болып отыр, жолдастар, ендеше бізге көмектесіңіздер, өз күш-жігерлеріңізді біздің күш-жігерлерімізбен біріктіріңіздер, әрбір тәртіп бұзушылықты, астық монополиясынан әрбір шегінушілікті қудалаңыздар. Бұл қиын міндет; бірақ сонымен бірге қапшықшыларға, жалдаптар мен кулактарға қайта-қайта, жүзінші және мыңыншы рет қарсы шығыңыздар, сонда біз жеңіп шығамыз, өйткені жұмысшылардың көпшілігі өз өмірінің бүкіл барысы арқылы, біздің азық-түлік ісіндегі сәтсіздіктеріміздің барлық ауыр сабақтары мен азық-түлік жөніндегі қиындықтарды бастан кешіру арқылы осы жолға келтіріліп отыр. Егер Россияда астықтың мүлде тапшылығы әлі сезілмеген уақытта, егер ол уақытта азық-түлік ұйымдары кемшіліктерінің есесі оқшауланған жеке-дара қимылдар арқылы толтырылып отырған болса, бұдан әрі мұның болмайтынын олар біледі. Тек ортақ күш жұмсау ғана, ашыққан қалалар мен губернияларда бәрінен де көп азап шеккендердің барлығын біріктіру ғана бізге көмектеседі және мұның өзі — сіздерді Совет өкіметі шақырып отырған жол — жұмысшыларды, олардың алдыңғы қатарлы отрядтарын жергілікті жерлерде үгіт жүргізуге, кулактарға қарсы астық үшін күресуге біріктіру жолы.

Москваға таяу, оған іргелес: Курск, Орел, Тамбов губернияларында, сақ мамандардың есебі бойынша, бізде қазір әлі де 10 миллион пұтқа дейін артық астық бар. Бұл артық астықты мемлекеттік қорға жинап алып, біріктіруге біздің әлі де жағдайымыз жоқ.

Келіңіздер, осы іске барынша күш жұмсап кірісіп көрелік. Торығушылық уақытша белең алған, ашаршылықтың азабынан есеңгіреген және Керенскийдің тәсілдеріне қарай, тұрақты бағаны қымбаттатуға қарай кері сүйрейтін адамдардың шарлатандық ұрандарына жармаса кетуге адамдары әзір тұрған әрбір заводқа саналы жұмысшы барсын да, былай десін: біз Совет өкіметінен түңілген адамдарды көріп отырмыз,—біздің айбынды үгітшілер отрядына келіңіздер, бұл отрядтарда ыдыраудың, ішкілікке салынудың мысалы көп екендігінен қы-

сылмаңыздар. Мұндай әрбір мысал арқылы біз жұмысшы табының жарамсыздығын емес, қайта жұмысшы табы ескі тонаушылық қоғамның кемшіліктерінен әзірге құтылмағанын және ол кемшіліктерден бірден құтыла коймайтынын дәлелдейміз. Келіңіздер, өз күштерімізді біріктірейік, ондаған отрядтар құрайық, олардың қимылын біріктіріп, әлгі кемшіліктерді жояйық. Жолдастар, қорыта келгенде Халық Комиссарлары Советі де, әсіресе біздің Азық-түлік комиссариаты да алып жататын телеграммалардың бірнешеуін менің сіздерге оқып беруіме рұқсат етіңіздер. (Телеграммаларды оқиды.)

Жолдастар, азық-түлік дағдарысына байланысты, барлық қалаларды қамтып отырған ашаршылықтың азабына байланысты, мәтел сөзімен айтқанда, «жақсы атақ қалады, жаман атақ шығады» дегенді байқауымызға тура келіп отыр. Мен Совет өкіметінің органдары мен мекемелері азық-түлік диктатурасы туралы 13 майдағы декрет шыққаннан кейін алған документтерді жариялағым келеді; ол декретте біз бұрын кімге үміт артқан болсақ, соған—тек пролетариатқа ғана үміт артып отырмыз делінген-ді. Телеграммалар жергілікті жерлерде қазірдің өзінде-ақ кулактарға қарсы крест жорығына аттану жолына, деревня кедейлерін ұйымдастырудың біз шақырған жолына түскендікті көрсетеді. Бұған біз алған телеграммалар дәлел.

Совет өкіметін құртуға және жоюға шақыратын дауыстар черевниндік-громандық шіркеу мұнарасынан бар дауыстарымен байбалам салып, шу көтере берсін, үрей тудыра берсін. Кімде-кім жұмыспен шұғылданып жатса, ол адам бұл үрей туғызуды елең қыла қоймайды: ол фактілерге тоқталатын болады, жұмыстың жүріп жатқанын және жаңа саптар бірігіп жатқанын, мұндай саптардың бар екенін көретін болады.

Кулактарға қарсы күрестің жаңа формасы, кедейлер одағының формасы құрылып жатыр, оған көмектесу керек, оны біріктіру керек. Бізге астықты тасып жеткізгені үшін сыйлық беруді ұсынып отырғанда, біз көмектесуіміз керек. Біз кедейлерге бұл сыйлықтарды беруге келісеміз және қазірдің өзінде-ақ соған барып отырмыз. Кулактарға, халықты ашаршылықпен азаптаушы

қылмыскерлерге,— ондаған миллион адамдар солардың кесірінен азап шегіп отыр,—міне бұларға біз күш қолданамыз. Деревня кедейлеріне әр түрлі сыйлықтар береміз, олардың бұған правосы бар. Кедей шаруалардың өмір игіліктеріне бірінші рет қолы жетті, олардың тұрмысы жұмысшылардың тұрмысына қарағанда жұпыны екенін біз көріп те отырмыз. Егер деревня кедейлері бізге астық жинауды ұйымдастыруға, кулактардан астықты алуға көмектесе, біз ол кедейлерді қолдаймыз, оларға әр түрлі сыйлықтар береміз, көмектесеміз және мұның өзі Россияда нақтылы іске айналуы үшін біз ешқандай қаржыны аямауға тиістіміз.

Біз бұл жолға қазірдің өзінде-ақ аяқ бастық. Саналы жұмысшылар тәжірибесінің қандайын болсын жаңа отрядтар да барған сайын дамыта береді.

Жолдастар, жұмыс басталды және ол жұмыс жүріп те жатыр. Біз бас айналдырарлық табысқа жетеміз деп отырғанымыз жоқ, бірақ табыс болады. Біз енді жаңадан қирату дәуіріне, революцияның ең қиын, ең ауыр дәуірлерінің кезеңіне аяқ басып отырғанымызды білеміз. Контрреволюцияның бас көтере бастағаны, біздің арамызда ауытқушылардың саны, түңілушілердің саны барлық жерде бірдей көбейіп келе жатқаны бізді ешбір қайран қалдырмайды. Біз былай дейміз: ауытқуды қойыңыздар, өздеріңіздің түңілген пиғылдарыңызбен қоштасыңыздар, бұл пиғылды буржуазия пайдаланғысы келеді, өйткені үрей туғызу сол буржуазияға пайдалы, жұмысқа кірісіңіздер, азық-түлік жөніндегі декреттерімізбен, кедейлерге сүйенетін жоспарымызбен біз бірден-бір дұрыс жолда тұрмыз. Жаңа тарихи міндеттер алдында біз сіздерді жаңа өрлеуге шақырған үстіне шақырып отырмыз. Бұл—өлшеусіз қиын міндет, бірақ, тағы да қайталап айтайын, орасан игілікті нәтиже беретін міндет. Бұл арада біз коммунистік бөлістің негізі үшін, коммунистік қоғамның мықты тіректерін шындап орнату үшін күресіп жатырмыз. Бәріміз бірігіп жұмысқа кірісейік. Біз ашаршылықты жеңіп шығып, социализмді сақтап қаламыз. (*Овацияға ұласқан ду қол шапалақтау.*)

2

АШАРШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, фракцияшыл шешендердің сөзі, менің байқауымша, күтуге тиісті нәрсені көрсетті де.

Большевиктердің және кейбір партиялар мен топтардың арасындағы айырмашылыққа қарамастан, біздің мынаған көзіміз жетті: бұқара ішіндегі аса зор өрлеу ашаршылыққа қарсы күресте топтастырып отыр және большевиктік ұйымдарды ғана топтастырып отырған жоқ. Сондықтан біз мынаған күмәнданбаймыз: ашаршылыққа қарсы күрес одан әрі жүргізіле берген сайын, чехословак және басқа бандаларды тасаланып, жасырынып жүрген контрреволюция өзін әшкерелеген сайын, большевиктерді, еңбекші жұмысшылар мен шаруалар бұқарасын жақтаушылардың және өздерін қалай деп атаса да өзіміз дәлелдеріне қарсы таласатын жаулардың ажырасуы күштірек бола береді. Бұл жаулар бұрынғысынша Брест бітімі туралы және азамат соғысы туралы жауыр болған бәз-баяғы ескі дәлелдерді келтіреді; сонда Брест бітімінен бері өткен үш айда коммунистердің тактикасы ғана халыққа бейбітшілік береді және ұйымдастыру, топтастыру жөніндегі жұмыс үшін, қазірдің өзінде басқа жағдайда жүргізілуге тиісті жаңа және сұрапыл соғыстарға әзірлену үшін халықтың қолын босатады деп айтқандардың сөзі дұрыс екеніне оқиғалардың өзі көз жеткізбеді ме екен дерсің. Оқиғалар мынаны толық көрсетіп отыр: ол кезде әлі жәрдемге келе алмаған европалық пролетариат әрбір ай сайын, енді асырмай-ақ айтуға болады, әрбір ай сайын көтерілістің ке-

ректігі толық мойындалған және көтеріліс болмай қоймайтын жағдайға жақындап келеді. Зорлық, тонаушылық бітім деп аталатын тек бір жолды ғана таңдауға мүмкін болғанын оқиғалар толық көрсетті.

Советтердің IV съезінде оңшыл эсерлердің контрреволюциялық қарар енгізгенін ойлай білетін әрбір адам сезінді[152]; осы уақытқа дейін: Брест бітімі жойылсын деп айқай салып жүрген және осынысы арқылы олардың бізді чехословак бүлікшілері[153] мен жалдама агенттер арқылы герман буржуазиясына қарсы соғысқа киліктіруді тілейтінін практика жүзінде ешкім білмейді-міс дегендей пішін көрсетіп жүрген меньшевиктердің қарары туралы да ойлай білетін әрбір адам нақ осыны сезінуге тиіс.

Ашаршылыққа осылар кінәлы деп коммунистерге таққан айыпқа тоқталып жатудың қажеті жоқ. Октябрь революциясында да дәл осылай болған еді. Ақылынан адаспаған социалист немесе анархист, қалай атасаңыздар да мейлі, азамат соғысынсыз социализмге жетуге болады деп ешқандай жиналыстың алдында айтуға бел байлай алмайды.

Сіздердің азды-көпті жауапты социалистік партиялардың, фракциялар мен топтардың бүкіл әдебиетін қайта қарап шығуларыңызға болады, бірақ қашан болса да социализм азамат соғысы арқылы емес, басқаша басталала алады, ал помещиктер мен капиталистер өздерінің пұрсаттылығынан ерікті түрде безетін болады деген сөлекет сөзді бірде-бір жауапты және байсалды социалистен таба алмайсыздар. Бұл—ақымақтықпен шектескен аңқаулық. Ал енді, буржуазияның және оның жақтастарының бірқатар жеңілістерінен кейін, біздің мынадай мойындаушылықтарды есітуімізге тура келіп отыр: мәселен, Россияда контрреволюция үшін Донда ең жақсы негізге ие болған Богаевский де халықтың көпшілігі оларға қарсы екенін, ал сондықтан шетел әскерлері болмаса буржуазияның ешқандай астыртын дұшпандық әрекетінің оларға көмегі тимейтінін мойындады. Ал бұл арада азамат соғысы үшін большевиктерге шүйлігіп отыр. Мұның өзі, қандай ұрандарды бүркенсе де, контрреволюцияшыл буржуазияның жағына шығу деген сөз.

Революцияға дейін де, қазір де біз былай деп көрсетеміз: халықаралық капитал соғысты тарихтың күн тәртібіне қойған кезде, жүздеген мың адамдар қырғынға ұшырап жатқан кезде, соғыс адамдардың мінез-құлқын өзгертіп, оларға мәселелерді әскери күшпен шешуді үйретіп отырған кезде, міне мұндай уақытта соғысты азамат соғысына айналдырмайынша басқа жолмен соғыстан шығуға болады деп ойлау мейлінше сөлекет нәрсе. Ал Австрияда да, Италияда да, Германияда да толғағы жетіп келе жатқан жағдай оларда азамат соғысының бұдан да гөрі айқын сипатта болатынын, бұдан да гөрі шиеленіскен түрде болатынын көрсетеді. Социализм үшін басқа жол жоқ. Кімде-кім социализмге қарсы соғысса, ол социализмге толық опасыздық жасайды.

Азық-түлік шараларына келетін болсақ, мені бұл шараларға толық тоқталмады деп көрсеткен еді. Бірақ бұл менің міндетіме әсте кірген жоқ болатын. Азық-түлік жөніндегі баяндаманы менің жолдастарым жасады[154], олар бұл мәселе жөнінде әдейілеп жұмыс істеді және айлап емес, жылдап істеді, оны Питер мен Москваның кеңселерінде ғана емес, жергілікті жерлерде де зерттеді, сөйтіп астықты қалай жинап алу керек, астық құю пункттерін қалай жабдықтау керек деген және т. т. мәселені зерттеумен практикалық тұрғыдан шұғылданды. Бұл баяндамалар Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде және Москва Советінде жасалды, бұл мәселе жөніндегі материалдар соларда бар. Ал іскерлікпен сынауға және практикалық нұсқауларға келетін болсақ, бұлар менің міндетіме кірмеді. Менің міндетім біздің алдымызда тұрған принципті міндетті суреттеп беру еді, оның үстіне мен мұнда азды-көпті көңіл аударарлықтай сынды немесе принципті баға беруге тұрарлық көкейге қонымды ескертпелерді естіген жоқпын. Қорыта келгенде мен мынаны айтқым келеді, жолдастар: менің кәміл сенімім бойынша, бұл басым көпшіліктің сенімі болатынына менің көзім жетеді, өйткені біздің жиналысымыздың міндеті белгілі бір қарар қабылдау болған жоқ, бірақ, әйтсе де, бұл да маңызды нәрсе, өйткені ол пролетариаттың өз күштерін қалай топтастыра білетінін

көрсетеді, бірақ бұл аз, мұның өзі өте-мөте аз: бізге қазір практикалық міндеттерді шешуге тура келіп отыр.

Практикалық өмірдің әрбір қадамында, әрбір заводта, әрбір жиналыста, көшедегі кез келген әрбір жиында сол баяғы ашаршылық туралы мәселе қойылатынын және неғұрлым қатты қойылатынын біз білеміз, мұны әсіресе жұмысшы-жолдастар біледі. Сондықтан да біздің басты міндетіміз мынадай болуға тиіс: біз Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, депутаттардың Москва Советінің және кәсіптік одақтардың өкілдерімен бас қосқан осы жиналыс та,—міне, осы жиналыс та біздің бүкіл практикалық жұмысымызда төңкеріс жасау үшін бастама пункт болуға тиіс. Қалғанының бәрі түгелдей біздің насихатымыздың, үгітіміздің, төл жұмысымыздың сәтті болуына, ашаршылыққа қарсы күрес туралы мәселенің бүтіндей бірінші кезекке қойылуына, оның кулактар мен жалдаптарға қарсы пролетарлық, мейірімсіз қатаң соғыс туралы мәселемен түгел біріктірілуіне бағындырылуы керек.

Біздің азық-түлік комиссариаты фабрика-завод комитеттеріне, кәсіптік одақтарға және біздің тікелей қимыл жасауымызға тура келетін ірі пролетарлық орталықтарға, Москва жұмысшыларын барлық орасан зор өнеркәсіпті аудандардың жүздеген мың ұйымдасқан фабрика-завод жұмысшыларымен біріктіретін тығыз және көптеген байланыстарға қазірдің өзінде-ақ үндеу тастап отыр.

Біз мұны одан бетер пайдалануға тиістіміз.

Жағдай қысылшаң. Ашаршылық қатері төніп қана отырған жоқ, ол келіп те жетті. Әрбір жұмысшы, әрбір партия қызметкері қазірден бастап-ақ қызметінің негізгі бағытын өзгертуді практика жүзінде өзінің міндеті етіп алға қоюы керек.

Бәріміз заводтарға барайық, бәріміз бұқараға барайық, бәріміз жұмысқа практика жүзінде қазір кірісуге тиістіміз! Бұл жұмыс бізге орасан көп тәсілдерге толы сан алуан практикалық нұсқаулар береді және сонымен қатар бұл жұмыс жаңа күштерді анықтап, алға шығара-

ды. Осы жаңа күштермен біз жұмысты кеңінен өрістетеміз, сондықтан біз бұдан бұрынғы үш айдан анағұрлым қиын үш айдың мынаған қызмет ететіндігіне берік сенеміз: біз өз күштерімізді шыңдаймыз, сөйтіп ол күштер бізді ашаршылықты толық жеңуге жеткізеді және Совет өкіметінің барлық жоспарларын жүзеге асыруды жеңілдетеді. (Ду қол шапалақтау.)

3

АШАРШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ БАЯНДАМА ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ[155]

Біріккен мәжіліс елдің көптеген жерлерінде басталған ашаршылықтың бізден апатқа қарсы күрестің ең батыл және тиянақты шараларын қолдануды талап ететіндігіне барлық жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың назарын аударады.

Совет өкіметінің жаулары, помещиктер, капиталистер, кулактар өздерінің көптеген құйыршықтарымен бірге бұл апатты толқулар ұйымдастыру үшін, күйзелісті және тәртіптің бұзылуын күшейту үшін, Совет өкіметін құлату үшін, еңбекшілерді кіріптар, құл етудің ескі тәртіптерін қайта орнату үшін, Украинада істелгеніндей, помещиктер мен капиталистердің өкіметін қалпына келтіру үшін пайдаланғысы келеді.

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың барлық күшін барынша жұмылдыруы ғана елді ашаршылықтан құтқарып қала алады және революцияның жеңістерін қанаушы таптардың қол сұғуынан сақтауды қамтамасыз ете алады.

Біріккен мәжіліс ашаршылыққа қарсы күрес ісінде Совет өкіметі жүргізіп келген берік саясатты сөзсіз дұрыс және бірден-бір дұрыс саясат деп таниды.

Өмірдің барлық салаларындағы, әсіресе темір жол және су транспортындағы революциялық темірдей берік тәртіп қана, жұмысшылардың темірдей берік тәртібі ғана, олардың буржуазияға қарсы, кулактарға қарсы үгітшілер мен жауынгерлер отрядтарын құру арқылы жанқиярлық көмек көрсетуі ғана, деревня кедейлерін

дербес ұйымдастыру ғана елді және революцияны құтқарып қала алады.

Біріккен мәжіліс барлық жұмысшылар мен шаруаларды күйзелісті, тәртіптің бұзылуын, бытыранды қимылдарды жеңетін осындай ынтымақты, бірлескен жұмысқа табанды түрде шақырады.

1918 ж. 4 июньде жазылған

ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ-МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ І СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 5 ИЮНЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[156]

ҚЫСҚАША ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

(Съезд Ленин жолдасты ду овация жасап қарсы алады.) Ленин съезді Халық Комиссарлары Советінің атынан құттықтайды және бұрын Совет өкіметімен бірлесіп жұмыс істеуге баяу көшкен мұғалімдердің қазір бұл бірлескен жұмыстың қажет екендігіне барған сайын көзі жетіп келеді деді. Совет өкіметінің дұшпандарынан осылайша оны жақтаушыларға айналу қоғамның басқа топтарында да өте көп.

Мұғалімдер армиясы өзінің алдына аса зор ағартушылық міндеттер қоюға тиіс, сөйтіп, ең алдымен, социалистік ағарту ісінің басты армиясына айналуға тиіс. Өмірді, білімді капиталға бағынудан, буржуазияның езгісінен азат ету керек. Өздеріңді мұғалімдік қызметтің тар шеңберімен шектеуге болмайды. Мұғалімдер еңбекшілердің күресіп жатқан бүкіл бұқарасымен қосылып кетуге тиіс. Жаңа педагогиканың міндеті—мұғалімдік қызметті қоғамды социалистік жолмен ұйымдастыру міндетімен байланыстыру.

Айта кеткен жөн, ескі Россия интеллигенциясының негізгі бұқарасы Совет өкіметінің тікелей дұшпаны болып шығып отыр және бұдан туып отырған қиыншылықтарды жою оңай болмайтынына күмән жоқ. Мұғалімдердің қалың бұқарасы ішінде толқу процесі енді ғана басталып келеді, сондықтан шын халық мұғалімдері Бүкіл россиялық мұғалімдер одағы ұйымының шеңберінде томаға-тұйық болып қалмай, қайта бұқара арасына насихатпен емін-еркін барулары керек. Бұл жол про-

летариат пен мұғалімдердің социализмнің жеңуі жолындағы бірлескен күресіне бастайды. (Залдағылардың қызу, ұзақ қол шапалақтауымен Ленин съезден кетеді.)

Газет есебі 1918 ж. 6 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 114-номерінде басылған; қысқаша протоколдық жазба 1918 ж. «Бүкіл россиялық интернационалист-мұғалімдер одағы жинағының» 1-номерінде басылған

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

КІТАПХАНА ІСІН ЖОЛҒА ҚОЮ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[157]

Халық Комиссарлары Советі Халық ағарту комиссариатына Россияда кітапхана ісін дұрыс жолға қою ісіне жеткілікті қамқорлық жасамай отырғанын ескертіп, Комиссариатқа, 1-ден, Россияда кітапхана ісін орталықтандыру үшін, 2-ден, швейцариялық-американ жүйесін енгізу үшін дереу барынша жігерлі шаралар қолдануды тапсырады.

Халық ағарту комиссариатына өзінің бұл салада нақтылы не істегені туралы Халық Комиссарлары Советіне айына 2 рет есеп беріп отыру тапсырылады.

1918 ж. 7 июньде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫН САУЫҚТЫРУ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[158]

Темір жол транспортын сауықтыру туралы мәселе жөнінде пікір алысқаннан кейін Халық Комиссарлары Советі қаулы етеді: Невский жолдасқа синдикалистік емес, советтік, шын мәнісіндегі социалистік саясатты бұлжытпай жүргізуші әріптестерімен кеңесе отырып, таяу уақыттың ішінде Халық Комиссарлары Советіне синдикализмге және тәртіпсіздікке қарсы күресу туралы, советтік саясатты бұзушыларды әшкерелеп, қудалау шаралары туралы, әрбір қызмет адамының өз міндеттерін практикалық жағынан ойдағыдай орындауға дәл жауапкерлігін белгілеу шаралары туралы, басқару жұмысын жүргізе алатын жолдастарды басқару ісіне тарту шаралары туралы практикалық ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

Қатынас жолдары комиссариатына Коллегия тағайындау декрет басып шығарылмағандықтан кейінге қалдырылсын[159].

1918 ж. 11 июньде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІК ОТРЯДТАРЫ ТУРАЛЫ

МОСКВАНЫҢ ЖҰМЫСШЫ ЖИНАЛЫСЫНДА 1918 ж. 20 ИЮНЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[160]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Москваның жұмысшы кварталдарын аралап шыққаннан кейін мен бүкіл жұмысшы бұқарасының азық-түлік отрядтарын құру қажеттігі туралы ойға келгеніне кәміл сендім. Кедейлерді өзінің газет бетіндегі жаласымен уландырып отырған буржуазияның есебінен, басқа жұмысшыларға қарағанда, әдетте жақсырақ тұратын баспашылар ғана «сенімсіздікпен» қарайды. Орыс революциясының ашаршылыққа қарсы күресу сияқты осындай негізгі мәселесіне жұмысшылардың қалың бұқарасының саналы көзқарасы менің социалистік Россия уақытша сәтсіздіктердің бәрін және ескі режимнің күйзелісін ойдағыдай жояды деп ойлауыма мүмкіндік береді. Тіпті біз чехословактарды тез басып тастай алмасақ та (бұлай болу ықтималдығы кемде-кем), сонда да Воронеж, Орел және Тамбов губернияларында кулактар тығып тастаған көп астық қоры біздің жаңа егінге дейінгі соңғы қиын екі айда аман шығуымызға мүмкіндік береді. Азық-түлік мәселесі—біздің революцияның ең қиын мәселесі. Астық үшін күрес—жұмысшылардың ісі екенін олардың бәрі түгелдей түсінуге тиіс.

Азық-түлік отрядтары деревня жұрттың бәрін бірдей қайдағы бір тонау емес (біздің жауларымыз осылай деп деревняны күні бұрын қорқытуға тырысып жүр), қайта кулактардан артық астықты жинап алуға көмектесу міндетін қойып отыр... Астық үшін міндетті түрде кездеме, жіп, үй тұрмысына және ауыл шаруашылығына қажетті заттар беріледі.

Деревняға жіберілетін отрядтарға әрқашан лай судан балық аулауға тырысатын бұзақылар мен алаяқтар жұғыса алмайтындай жағдай жасалады. Онда адамдарды азырақ жібергеннің өзі жақсы, бірақ олар бұл үшін қолайлы адамдар болуы керек.

Рас, отрядтарға табансыз, жігерсіз жұмысшылардың еніп кеткен кездері, оларды кулактардың самогонға сатып алған реттері болды. Бірақ бұған назар аударылды... Отрядпен баратын әрбір жұмысшы туралы оның өткендегі өмірі жайында дәл мәліметтер болуы керек. Жұмысшы табы осындай маңызды істі сеніп тапсырып отырған адамның қандай кісі екенін завод комитетінен, кәсіптік одақтан, сондай-ақ партия ұяларынан да сұрастырып білу қажет.

Көптеген заводтарда партияда бар жолдастардың отрядқа «партияда жоқтарды» алгысы келмейді. Мұнысы—мүлде бекер. «Партияда жоқ», бірақ барынша адал, ешбір жаманшылық істегені байқалмаған адам ашыққандардың астық жолындағы жорығында өте сенімді жолдас бола алады.

Міне осындай саналы отрядтарға Халық Комиссарлары Советі ақшалай да, кездемемен де, сондай-ақ қарумен де барынша мол жәрдем көрсетеді.

Ең маңыздысы — жұмысшылардың өздерінің төл ісін—ашаршылыққа қарсы күресті қызу және тезірек қолға алуы ғана керек!..

«Беднота» № 69, 21 июнь, 1918 ж.

«Беднота» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОКОЛЬНИКИ КЛУБЫНДАҒЫ МИТИНГІДЕ 1918 ж. 21 ИЮНЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.) Біздің партиямыз жұмысшы табының назарын Совет өкіметінің қандай жағдайда екендігіне және бұл жағдайды жеңуге оның қандай күш-жігер жұмсауы керек екендігіне аудару үшін бүгін Москвада мүмкін болғанынша көп митинг өткізу мақсатын алға қойды.

Соңғы айлардың және тіпті апталардың ішінде контрреволюцияның қалай бас көтергенін сіздер білесіздер. Оңшыл эсерлер мен меньшевиктер Совет өкіметін ол Россияны герман империализміне сатып кетті және сатып отыр деп айыптайды.

Алайда Кавказ меньшевиктері түрік империализмімен одақ жасасқан Кавказда және украин оңшыл эсерлері герман империализмімен одақ жасасқан Украинада не болғанын және не болып жатқанын біз жақсы көріп-білдік. Ол ол ма, жолдастар, онда Совет өкіметінің барлық жеңістерінің жоққа шығарылғаны, онда жұмысшыларды тұтқындап, атып тастап жатқаны, онда жұмысшылар жеңістерінің бәрі тартып алынғаны былай тұрсын, онда олар Скоропадскийді әкеп отырғызды. Әрине, олардың бұл шараларының бәрі өздеріне жұмысшы табының тілектестігін тудыра алмайды. Контрреволюцияның қазіргі сәтте орыс халқының шаршағандығына, ашаршылыққа жармасып отырғаны сондықтан. Ол Совет өкіметін құлату үшін ақырғы әрекеттерін жасап жатыр.

Енді олар чехословактарға жармасып отыр, ал чехословактар, айта кеткен жөн, Совет өкіметіне әсте қарсы

шығып отырған жоқ. Совет өкіметіне қарсы шығып отырған чехословактар емес, олардың контрреволюцияшыл офицерлер құрамы. Империализм осы офицерлер құрамының жәрдемімен Россияны әлі де болып жатқан дүние жүзілік қырғынға тартуға тырысып отыр.

Бір ерекшелік сол—қайда болса да өкімет меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің қолына көшісімен-ақ, олардың сол сәтте бізді қандай болсын бір Скоропадскиймен жарылқағысы келеді. Бұқараны меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің қайда апарып соқтырғанына бұқараның көзі жетісімен-ақ, олар бұқараның қолдауынсыз қалып қояды.

Оларды тастап кетеді. Сонда олар ақырғы үмітін ашаршылықты пайдалануға артуға дейін барады, ал бұдан да ештеңе шықпаса, тасада тұрып тап беріп өлтіру сияқты тәсілдерден де жиіркенбейді.

Өзінің көзқарастары үшін азап шегіп, қиындық көрген байырғы қызметкер Володарский жолдастың өлтірілгенін сіздердің бәріңіз білесіздер. Әрине, олардың Совет өкіметінің тағы да бірнеше белсенді қайраткерін өлтіруі мүмкін, бірақ мұның өзі бұқара ішінде Совет өкіметін тек нығайта түседі және бізді өз жеңістерімізді бұрынғыдан да берік сақтауға жетелейді.

Қазіргі уақытта екі жағдай: ашаршылық пен халықаралық жағдай Совет республикасының халін өте-мөте ауырлатып отыр.

Халықаралық жағдайдың ауыр болатын себебі—неміс, француз және ағылшын империализмі Совет республикасына тағы, тағы да тап беру үшін қолайлы кезеңді күтіп отыр. Біздің партиямыздың міндеті—капитализмнің езгісін құлату; мұны тек халықаралық революция болғанда ғана істеуге болады. Бірақ, жолдастар, сіздер мынаны мойындауға тиістісіздер: революция заказ бойынша жасалмайды. Россия республикасында қолайлы жағдай туып, орыс жұмысшы табы капитал мен буржуазияның езгісін бірінші болып құлата алғанын біз білеміз және мұның себебі—оның анағұрлым дамығандығында және мінсіздігінде еместігін, қайта біздің еліміздің неғұрлым мешеулігінде екенін де білеміз.

Капитализм бұл талпыныска, ең болмағанда, бірнеше ел қосылғанда біржолата құлатылады. Сондықтан барлық елдерде, цензураның күллі қаталдығына қарамастан, барлық жиналыстарда коммунистер партиясын және Россия республикасының атын атау асқан зор жігерленушілік тудыратын жағдайға жеткенімізді де біз білеміз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Ал әзірше ол жақта, Батыста, дүние жүзілік қырғын болып жатқан кезде, біз өзімізді қамтамасыз еттік деймиз. Соғыс қандай зардаптарға апарып соқса да, оның революция туғызатыны сөзсіз, ал революция біздің одақтасымыз болып келеді және одақтасымыз болып табылады да.

Сыртынан жаулар қоршап алған, ішінен контрреволюцияның қысым жасауына ұшыраған Советтік Россияның ауыр жағдайын сипаттай келіп, Ленин жолдас ашаршылық туралы мәселеге көшті.

Біздің революциямыз империалистік таптардың үрейін ұшырып отыр, олар өздерінің өмір сүруі өз капиталының сақталып қалу-қалмауына байланысты екенін айқын сезеді, сондықтан да біз Октябрь революциясының жеңістеріне бірлесіп жеткен таппен бірге болуға және онымен қоян-қолтық қатар жүруге тиістіміз.

Ашаршылыққа қарсы күреске де біз нақ сол таппен бірге аттанып отырмыз.

Енді бір, бір жарым немесе екі айға—ең қиын айларға—барлық күш пен барлық жігерді аямай жұмсау керек.

Халықтардың өмірінде мемлекеттік өкімет жұмысшы табына көшіп, бірақ оның өкіметті ұстап тұруға күші жетпеген кезеңдер болған. Ал біз ұстап тұра аламыз, өйткені бізде өз ісін қолға алған жұмысшы табын біріктіріп отырған Совет өкіметі бар.

Біздің жағдайымыз қаншалықты ауыр болса да, оңшыл эсерлер чехословактармен бірге қандай қаскүнемдіктер жасаса да, тіпті орталықтың айналасындағы губернияларда да астықтың бар екенін біз білеміз. Сондықтан жұмысшы табының кедей шаруалармен одағын сақтап, нығайта отырып, бұл астықты алу керек.

Қызыл әскерлердің отрядтары орталықтан аттанғанда ең жақсы ниетпен шығады, бірақ кейде, жергілікті жерге барғанда, олар тонаушылық пен ішкілік желігіне түсіп кетеді. Бұған төрт жылға созылған қырғын кінәлы, бұл қырғын жұртты ұзақ уақытқа окопқа апарып тығып, оларды айуандыққа үйретіп, бірін-бірі соққылауға мәжбүр етті. Бұл айуандық барлық елдерде байқалады. Адамдардың айуандықты қойып, адам бейнесіне келгенінше жылдар өтеді.

Біз жұмысшыларды өздерінің күштерін аямай жұмсауға шақырамыз.

Мен Тамбов губерниясының Усманск уезінде азық-түлік отряды реквизицияланған 6 мың пұт астықтың 3 мың пұтын ең кедей шаруаларға бөліп берді деген хабарды оқығанымда, мен былай деймін: егер маған осы уақытқа дейін Россияда осындай тек бір отряд қана бар деп дәлелдесе де, мен Совет өкіметі өз ісін істеп жатыр деп айтар едім[161]. Өйткені бірде-бір мемлекетте мұндай отряд жоқ! (Ду қол шапалақтау.)

Буржуазия өз мүдделерін жақсы біледі және сол мүдделерін қамтамасыз ету үшін мүмкін болғанның бәрін істеп отыр. Егер шаруалар талай ғасырлардан кейін, биылғы күзде, тұңғыш рет бітік өнім түрінде өз еңбегінің жемісін жиса, сөйтіп қаланың еңбекші табын астықпен қамтамасыз етсе, буржуазияның реставрация жөніндегі барлық үмітінің күлі көкке ұшатынын, ал Совет өкіметінің нығая түсетінін буржуазия біледі. Буржуазияның қазір олай да, былай да аласұрып жатқаны сондықтан.

Бай шаруаларға, жалдаптарға және қала буржуазиясына қарсы күресу үшін барлық күшті жұмылдыру қажет.

Біздің революциямызда ең үлкен кеселдің бірі—біздің жұмысшылардың жасқаншақтығы, олар осы уақытқа дейін мемлекетті «жоғарғылар»... тонаушылық жөніндегі жоғарғылар ғана басқара алады деп ойлап келді.

Бірақ әрбір фабрикада, әрбір заводта жақсы қызметкерлер бар. Мейлі олар партияда жоқ бола берсін,—сіз-

дер оларды топтастырып, біріктіруге тиістісіздер, ал мемлекет олардың қиын жұмысын қамтамасыз ету үшін мүмкін болғанның бәрін істейді. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Известия ВЦИК» №№ 127 және 128, 22 және 23 июнь, 1918 ж. «Правда» № 126, 23 июнь, 1918 ж.

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған «Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІК ОТРЯДТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ[162]

Азық-түлік комиссариаты делегатының съезге баруы үшін уақыт кеш болғандықтан съезге мынаны хабарлауды өтінемін: Совет өкіметін жақтаушы съезд мүшелері мынаны есте ұстауға тиіс: біріншіден, астыққа монополия кездеме және басқа да басты-басты тұтыну өнімдері монополиясымен бір мезгілде жүзеге асырылады, екіншіден, астық монополиясын жоюды талан ету капиталистік товар айырбасынан социалистік өнім айырбасына бірте-бірте өтудің аса маңызды құралдарының бірі ретінде бағаны монополиялық жолмен ретке келтіру жүйесін революцияшыл пролетариаттың қолынан тартып алуға тырысатын контрреволюциялық топтардың саяси қадамы болып табылады. Ашаршылыққа қарсы күресу үшін монополияны жою керексіз ғана емес, оның үстіне зиянды екенін съезге түсіндіріңіздер; оған Украина мысал болады, онда Скоропадский астыққа монополияны жойды, сөйтіп соның нәтижесінде, бірнеше күннен кейін, астықпен жалдаптық жасау құлақ естімеген көлемге жеткені сондай, украин пролетариаты қазір монополия тұсындағыдан қаттырақ ашығып отыр.

Берілетін нан мөлшерін арттырудың бірден-бір дұрыс амалы Халық Комиссарлары Советінің астық кулактардан күшпен реквизицияланып, ол қала мен деревня кедейлеріне таратып берілсін деген шешімі екенін көрсетіңіздер. Бұл үшін Азық-түлік халық комиссариаты құрып жатқан азық-түлік армиясының қатарына кедейлердің тезірек және батылырақ кіретін болуы керек.

Съезге жұмысшыларды депутаттардың Пенза Советінің жанындағы азық-түлік армиясына кіруге үгіттеуге дереу кірісуді ұсыныңыздар, онда мына ережелерді сақтау керек: 1) әрбір фабрика әрбір 25 адамнан бір адам береді; 2) азық-түлік армиясына кіруге тілек білдіргендерді фабрика-завод комитеті тізімге алады; комитет мобилизацияланғандардың әрқайсысының аты-жөнін көрсетіп, екі дана тізім жасайды: біреуі Азық-түлік халық комиссариатына жіберіледі, ал екіншісін өзінде қалдырады; 3) тізімге қоса әрбір кандидаттың жеке басының адалдығы және революциялық тәртіптілігі туралы фабрика-завод комитетінің немесе кәсіптік ұйымның, немесе совет органының, немесе совет мекемелерінің жауапты өкілдерінің тарапынан кепілдік берілуге тиіс. Азық-түлік армиясына мүше іріктеп алу сан миллион еңбешілер бұқарасын ашаршылықтан құтқару үшін ат төбеліндей жыртқыш-кулактарға қарсы күресуге деревняға баратындардың есімінде кейін бірде-бір дақ болмайтындай етіп жүргізілуге тиіс.

Жұмысшы жолдастар, кулактардан астықты реквизициялау тонаушылық емес, қайта социализм жолында күресіп жатқан жұмысшы-шаруа бұқарасының алдындағы революциялық борыш екені тек осы жағдайда ғана жұрттың бәріне айқын болады!

4) Мобилизацияланғандар әрбір фабрикада өз ортасынан өкіл сайлайды, бұл өкіл фабрика ұсынған кандидаттарды Халық комиссариатының азық-түлік армиясының мүшелігіне іс жүзінде енгізу үшін барлық ұйымдастыру шараларын атқарады; 5) армияға алынғандар өзінің бұрынғы жалақысын, сондай-ақ армияға іс жүзінде кірген күнінен бастап тамақ және киім-кешек алады; 6) армияға алынғандар Азық-түлік халық комиссариатының отрядтарды жергілікті жерлерге жөнелтерде беретін нұсқауларын мүлтіксіз орындауға міндеттеме қабылдайды және бұл отрядтардың комиссарларына бағынады. Егер реквизициялаушы азық-түлік отрядтарын басқаруға Октябрь революциясына берілген, сенімді социалистер қойылса, олардың деревнялық кедейлер комитеттерін[163] ұйымдастырыса алатынына және

солармен бірлесіп, тіпті қарулы күш қолданбай-ақ, кулактардан астықты тартып ала алатынына мен сенемін.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
Ленин

27 июнь, 1918 ж.

1918 ж. июльде «Известия Народного Комиссариата по Продовольствию» журналының 10—11-номерінде басылған

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

МОСКВА КӘСІПТІК ОДАҚТАРЫ МЕН ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІНІҢ IV КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[164]

27 июнь – 2 июль, 1918 ж.

Қысқаша газет есептері 1918 ж. 28 және 29 июньде «Правда» газетінің 130 және 131-номерлерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 132 және 133-номерлерінде басылған

1918 ж. мына кітапта толық басылған: «Москва қаласының фабрика-завод комитеттері мен кәсіптік одақтары 4-конференциясының протоколдары», ВЦСПС басып шығарған

Кітаптың стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

1

АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ 27 ИЮНЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

(Ленин жолдастың келуі көпке дейін басылмаған, ду қол шапалақтаумен қарсы алынды.) Жолдастар! Сіздер бәріңіз де біздің елімізге қазір аса зор апаттың — ашаршылықтың төніп отырғанын, әрине, білесіздер. Сондықтан нақ қазір мейлінше күшейіп тұрған осы апатқа қарсы күресудің шаралары туралы мәселеге көшуден бұрын, ең алдымен осы апатты туғызған негізгі себептер қандай деген сұрақ қоюымызға тура келеді. Егер біз осылай сұрақ қоятын болсақ, онда біз бұл апат қазір Россияға ғана емес, сонымен қатар барлық елдерге де, тіпті анағұрлым мәдениетті, алдыңғы қатарлы, цивилизациялы елдерге де төніп отырғанын айтып, есте ұстауға тиістіміз.

Россияда соңғы бірнеше ондаған жылдың ішінде, әсіресе қазір, революция кезінде, біздің егіншілікпен айналысатын еліміздің толып жатқан облыстарына — орыс шаруаларының орасан көпшілігі патшалардың, помещиктер мен капиталистердің езгісінде күйзеліп және жаныштальп келген облыстарына ашаршылық талай рет төнген болатын. Бірақ Батыс Европа елдерін де нақ осы апат жайлап отыр. Бұл елдерде егіншіліктің жоғары өркендегені, европалық елдердің ішінде өз астығы жетпейтіндердің шеттен тасып әкелінетін мол астықпен қамтамасыз етілгені соншалық, ол елдердің көбі ондаған жылдар бойы ғана емес, жүздеген жылдар бойы ашаршылық дегеннің не екенін ұмытып та кеткен

еді. Ал енді, жиырмасыншы ғасырда, техниканың бұрынғыдан да зор прогресімен қатар, өнер табысы кереметтерімен қатар, егіншілікте машиналардың және электрдің, іштен жанатын жаңа двигательдердің аса зор көлемде қолданылуымен қатар, — осылардың бәрімен қатар, біз қазір Европа елдерінің бәрінде түгелдей халықтарға нақ сол апаттың — аштық-тың төніп келе жатқанын көріп отырмыз. Цивилизациясы, мәдениеті бар ел бейне бір алғашқы варварлыққа тағы да қайта оралып бара жатқан сияқты, бір үзім нан үшін күресте адамдардың құлқы жабайыланатын, айуанға ұқсайтын жағдайды тағы да бастан кешіріп отырған сияқты. Европаның толып жатқан елдерінде, олардың көпшілігінде осы варварлыққа қарай кері бұрылу неден туып отыр? Мұның империалистік соғыстан, адамзатты қазірдің өзінде төрт жыл бойы азапқа салып отырған соғыстан, қазірдің өзінде-ақ халықтардың он миллионнан астам, одан да көп жас қыршындарының өмірін жойған соғыстан, пайдакүнем капиталистер душар еткен соғыстан, дүние жүзіне кім үстемдік жүргізіп, отарларды кім иеленуге, шағын халықтарды кім тұншықтыруға тиіс, — ағылшын жыртқышы ма, әлде неміс жыртқышы ма — орасан зор осы екі жыртқыштың қайсысы дегенге бола жүргізіліп жатқан соғыстан туып отыр, мұны біз бәріміз де білеміз.

Бүкіл жер шарын түгелдей дерлік шарпыған, мүгедек, жарымжан және ауру болған миллиондарды қоспағанда, кемінде он миллион адамның түбіне жеткен бұл соғыс, оның үстіне, ең қабілетті, ең таңдаулы деген миллиондаған адамдарды өнімді еңбектен қол үздірген соғыс,— бұл соғыс адамзаттың қазір нағыз варварлық жағдайға түсуіне әкеп соқты. Социалистік бағыттағы көптеген жазушылар капитализмнің ақыры мейлінше жаман, мейлінше азапты, мейлінше ауыр болады деп алдын ала болжаған нәрсесі айнымай келді; олар: жеке меншікті, жерді, фабрикаларды, заводтарды, құралдарды ат төбеліндей капиталистердің, монополистердің иеленіп алуына негізделген капиталистік қоғам социалистік қоғамға айналады, соғысты тек осы қоғам ғана біржола жоя алады, өйткені «цивилизациялы», «мәде-

ниетті» капиталистік дүние мәдениетті өмірдің барлық негіздерін жоятын және жоймай қоймайтын, адам айтқысыз күйреуге беттеп барады деген болатын. Қайталап айтайын, Россияда ғана емес, сонымен қатар еңбек өнімділігі орасан жоғары, дүние жүзін техникалық жабдықтармен молынан қамтамасыз ете алатын және қашықтағы елдермен емін-еркін қарым-қатынас жасап, халықты тамақ өнімдерімен жабдықтай алатын Германия сияқты анағұрлым мәдениетті, алдыңғы қатарлы елдерде де Россиядағыдан әлдеқайда жақсы ұйымдастырылған, әлдеқайда ұзақ уақытқа созылған ашаршылықты, бірақ онан да бетер ауыр, онан да бетер азапты ашаршылықты көріп отырмыз. Капитализм осындай ауыр да азапты күйреуге әкеп соқты, енді бұл соғыстың бірқатар неғұрлым ауыр және неғұрлым қан төгіс революцияларсыз аяқтала қоймайтындығы жұрттың бәріне әбден айқын, ал орыс революциясы бұл революциялардың тек біріншісі ғана, тек басы ғана болды.

Сіздер қазір, мысалы, Венада жұмысшы депутаттары Советінің екінші рет орнап жатқаны туралы, еңбекші халықтың екінші рет жаппай дерлік бұқаралық стачкаға қамтылып жатқаны туралы хабарды естіп отырсыздар[165]. Осы кезге дейін капиталистік тәртіптің, мәдениеттің және цивилизацияның үлгісі болып келген Берлин сияқты қалаларда қараңғы түскен соң көшеге шығу қауіпті бола бастағанын естіп отырмыз, өйткені құтырынған қудалау шараларына және ең қатал күзет болуына қарамастан, соғыс пен ашаршылықтың онда да адамдарды нағыз тағылық халге жеткізгені соншалық, анархияға, ашынуға жеткізгені соншалық, тіпті сату ғана емес, бір үзім нан үшін тура тонаудың, тура соғысудың өзі мәдениетті, цивилизациялы мемлекеттердің бәрінде де кезекке қойылып отыр.

Жолдастар, сондықтан біз енді өз отанымызда ашаршылыққа байланысты қандай азапты, ауыр жағдай туғанын көріп отырған болсақ, мүлдем соқыр, қараңғы адамдарға ашаршылықтың негізгі және басты себептерін түсіндіруге тиістіміз, ал мұндай адамдар аз болғанымен, әлі де бар. Бізде: патша тұсында дегенмен де нан бар еді, революция келді де, нан құрыды дейтін

адамдарды әлі де кездестіруге болады. Шынында да, деревнядағы қайсыбір кемпірлер үшін тарихтың соңғы он жыл ішіндегі дамуы: бұрын нан бар еді, ал қазір жоқ дегенге келіп тірелуі мүмкін және бұл өзі түсінікті де. Бұл өзі түсінікті нәрсе, өйткені ашаршылық — басқа мәселелердің бәрін былай ысырып тастап, тек соны ғана ең басты мәселе етіп, қалғандарының бәрін соған бағындыратын апат. Ал біздің міндетіміз, саналы жұмысшылардың міндеті — ашаршылықтың негізгі себебінің неде екенін негұрлым қалың бұқараға ұғындыру, қаланың да, деревнянның да еңбекшілер бұқарасы өкілдерінің бәріне түгел ұғындыру болып табылатыны түсінікті, өйткені муны ұғындырмайынша өзімізде де, еңбекшілер бұқарасының өкілдерінде де дұрыс көзқарас туғыза алмаймыз, бұл апаттың зияны жөнінде дұрыс ұғым туғыза алмаймыз, бұл апатқа қарсы күресу үшін қажетті берік батылдық пен пиғыл туғыза алмаймыз. Ал егер біз бұл апатты империалистік соғыс туғызғанын, қазір тіпті ең бай деген елдер де адам айтқысыз ашаршылықтың зардабын шегіп отырғанын және еңбекшілер бұқарасының орасан көпшілігі орасан зор азап шегіп отырғанын еске түсіретін болсақ, егер бұл империалистік соғыс капиталистердің пайдасына, құлқынына бола түрлі елдердің жұмысшыларына төрт жыл бойы қан төктіріп отырғанын еске түсіретін болсақ, егер бұл соғыс бұдан әрі созыла берсе, одан құтылатын жол азая беретінін еске түсіретін болсақ, сонда біз қозғалысқа қандай орасан үлкен, қандай өлшеусіз зор күштер берілуге тиіс екенін түсінеміз.

Соғыстың болып жатқанына біраздан соң төрт жыл толады. Россия соғыстан шықты және ол бір өзі шыққандығы салдарынан империалистік жыртқыштардың екі тобының арасында қалып қойды, бұлардың әрқайсысы оны жан-жақтан жұлмалап, алқымдап жатыр, Россияның уақытша қорғансыз және қару-жарақсыз қалғанын пайдаланып отыр. Соғыс, міне, төрт жылға созылып барады. Герман-империалистік жыртқыштары бірқатар жеңістерге жетті және де олар өз жұмысшыларын алдаумен келеді, бұл жұмысшылардың буржуазияға сатылған бір бөлегі солардың жағына шығып

кетті, отан қорғау туралы пасық, қанқұйлы өтірікті қайталап отыр, өйткені шынына келгенде неміс солдаттары Германия өздеріне бейбітшілік әпереді, әл-ауқатқа жеткізеді деп уәде берген неміс капиталистерінің пайдакүнемдік, тонаушылық мүдделерін қорғап отыр, ал біз, Германияның жеңістері неғұрлым ұлғайған сайын, оның жағдайы үмітсіз екені соғұрлым айқындала түскенін іс жүзінде көріп отырмыз.

Германия Брест бітімі кезінде, халықтарға зорлық-зомбылық жасауға, оларды езгіге салуға негізделген қанаушылық Брест бітімін зорлықпен жасасқан кезде, жұмысшыларға нан береміз, бейбітшілік орнатамыз деп мақтанған еді, герман капиталистері осылай деп мақтанған еді. Ал қазір Германияда берілетін нан мөлшері кемітіліп жатыр. Олардың бай Украинадағы азық-түлік науқаны, жұрттың жаппай мойындауына қарағанда, күйреу болып шықты, ал Австрияда жағдай тағы да аштаршылық бүліктеріне дейін жетті, бүкіл халықтың жаппай ашынуына апарып соқтырды, өйткені Германия жеңіске жеткен сайын, соғыстың бітпейтіндігі, немістер тіпті Батыс майданда төтеп бере алған күннің өзінде де, мұның оларды соғыстың ақырына ешбір жақындата алмайтыны, тағы да құлдыққа түскен жаңа елдің пайда болатыны, ол елді неміс отрядтарының оккупациялауы, басып алуы, сөйтіп соғысты әрі қарай соза беру қажет болатыны, неміс армиясының азғындап, армиядан тонаушы шайкаға айналатыны, басқа халықтарға, қарусыз халықтарға зорлық жасайтыны, халықтың орасан зор қарсыласуы жағдайында олардың азық-түлігі мен шикі материалдарының ең соңғы қалдықтарын сыпырып алатын адамдарға айналатыны және осыған айналып та отырғаны жұрттың бәріне, тіпті Германиядағы ірі буржуазияның көптеген өкілдеріне де айқындала түсіп отыр. Германия Европаның шет аймақтарына жақындаған сайын, оның алдында Англия мен Американың тұрғандығы, бұлардың өндіргіш күштері зор, әлдеқайда дамыған елдер екендігі, Европаға жаңадан он мыңдаған таңдаулы күштер жіберу үшін, барлық машиналарды, барлық фабрикалар мен заводтарды қирату құралына айналдыру үшін уақыт таба алатынды-

ғы айқындала түсіп отыр. Соғыс қайта келе жатыр, ал мұның мәнісі — жыл сайын, ол ол ма, ай сайын бұл соғыс ұлғая береді деген сөз. Бұл соғыстан құтылудың революциядан, азамат соғысынан, капиталистердің араларында пайда түсіру үшін, олжаларды бөлісу үшін, ұсақ елдерді тұншықтыру үшін жүргізіліп жатқан соғысты езілгендердің езушілерге қарсы соғысына айналдырудан, тарихта әрқашан ұлы революциялармен ғана емес, сонымен бірге азды-көпті маңызы бар революциялармен де қабат жүргізілетін бірден-бір соғысқа, езілген, еңбекші, қаналған бұқараның мүдделері тұрғысынан қарағанда тек бір өзі ғана заңды және әділетті, қасиетті соғыс болып табылатын соғысқа айналдырудан басқа жолы жоқ. (Қол шапалақтау.) Мұндай соғыс болмайынша империалистік құлдықтан құтылу жоқ. Азамат соғысы әрбір елді қандай жаңа апаттарға соқтыратыны жөнінде біз өзімізге өзіміз айқын есеп беруге тиіспіз. Ел неғұрлым мәдениетті болса, бұл апаттар соғұрлым ауыр болады. Машиналары, темір жолдары бар елде елдің облыстары арасындағы қатынасты үзіп тастайтын азамат соғысы болып жатыр делік. Ондаған жылдар бойы өнеркәсіп ауыс-түйісімен тіршілік етуге бейімделіп қалған облыстардың қандай жағдайда болатынын ойлап қараңыздаршы, сонда сіздер азамат соғысының қандайы болсын тағы да ауыр апаттарға соқтыратынын түсінесіздер; бұл апаттардың қандай болатынын асқан ұлы социалистер де білген болатын. Империалистер жұмысшы табын апатқа, азапқа ұшыратып, құрып бітуге душар етеді. Бүкіл адамзаттың бұл азабы қаншама қиын, қаншама ауыр болғанымен, империалистер бастаған соғысты сол империалистердің бітірмейтіні, ал басқа таптардың бітіретіні, барлық елдерде де, сезіміне және пиғылына қарамастан, оқиғалардың даму барысында капиталистердің үстемдігін құлатуға лажсыз мәжбүр ететін қозғалысы, наразылығы, ашу-ызасы күннен-күнге күшейіп отырған жұмысшы табының бітіретіні жаңа социалистік қоғамның алдында барған сайын айқындалып келеді. Бізге Россияда, ашаршылық апаты ерекше қатты сезіліп отырған кезде, революцияның алдынан

бұрын-соңды кездескен ең қиын кезеңді бастан кешіруге тура келіп отыр, ал Батыс Европадағы жолдастардан дереу жәрдем күтіп дәмеленуге болмайды. Орыс революциясының барлық ауыртпалығы мынада: орыстың революцияшыл жұмысшы табына революцияны бастау Батыс Европадағы басқа таптарға қарағанда анағұрлым оңайға түсті, бірақ бізге революцияны жалғастыру анағұрлым қиынға соғып отыр. Онда, Батыс Европа елдерінде, революцияны бастау қиынырақ, өйткені революцияшыл пролетариатқа мәдениеттің ең биік ой-пікірі қарсы тұр, сөйтіп жұмысшы табы мәдени құлдықта қалып отыр.

Бұл уақытта бізге, өзіміздің халықаралық жағдайымызға байланысты, сұмдық қиын кезеңді бастан кешіруге тура келіп отыр, сондықтан біз, еңбекші бұқараның өкілдері, жұмысшылар, саналы жұмысшылар, өзіміздің бүкіл үгітіміз бен насихатымызда, әрбір сөзімізде, әрбір үндеуімізде, фабрикада өткізген әрбір әңгімемізде, шаруалармен әрбір кездесуімізде бізге төнген апаттың халықаралық апат екенін, бұдан құтылудың халықаралық революция жасаудан басқа жолы жоқ екенін түсіндіруіміз керек. Уақытша жалғыз болып отырған кезде бізге осындай азапты кезеңді бастан кешіруге тура келіп отырған болса, онда біз, сайып келгенде, өзіміздің жалғыз емес екенімізді, бастан кешіріп жатқан апаттар Европадағы әрбір елге төне бастағанын, ол елдердің бірде-біреуі бірқатар революцияларсыз бұл апаттардан құтылудың жолын таба алмайтынын біле отырып, біз осы ауыр кезеңнен табандылықпен өту үшін барлық күшімізді салуға тиістіміз.

Россияда бізге ашаршылық төніп отыр, зорлық бітім ең астықты, ең құнарлы губернияларды Россиядан тартып алғандықтан бұл ашаршылық асқына түсті; біз бұрынғы азық-түлік науқанын аяқтауға жақындап келеміз, ашаршылықты бұл да асқындырып барады. Ерекше бітік шыққаны күмәнсыз жаңа астыққа дейін әлі де бірнеше апта бар, сондықтан бұл апталар ең қиын өткел болғалы тұр, ал бұл өткел жалпы алғанда қиын болуымен бірге, Россиядағы құлатылған қанаушы таптар — помещиктер мен капиталистер өкіметті қайтарып алу

үшін үсті-үстіне әрекет жасауға барлық жігерін салып, барлық күшін жұмсап отырғандықтан шиеленісе түсуде. Сибирьдің астықты губернияларының чехословактар көтерілісі салдарынан қазір бізден бөлініп қалуының нақ негізгі себептерінің бірі осы. Бірақ бұл көтеріліске қандай күштердің қозғау салып отырғанын біз жақсы білеміз, біздің әскерлердің, біздің жұмысшылардың және біздің шаруалардың өкілдеріне чехословак солдаттарының Россиямен және орыстың Совет өкіметімен соғысуды тілемейміз, қолымыздағы қарудың күшімен елдің шет аймағына қарай өткіміз ғана келеді деп мәлімдегендерін біз жақсы білеміз, ал ол солдаттарды басқарушылар буржуазия жағына шығып кеткен Россия социал-сатқындарының қолдауына сүйеніп, ағылшын-француз ақшасына қызмет етуші кешегі генералдар, помещиктер, капиталистер екенін жақсы білеміз. (Қол шапалақтау.)

Өкімет басына помещиктер мен капиталистерді қайта отырғызуға тағы да бір әрекет жасап көру үшін ымыжымы бір бұл сыбайластар ашаршылықты пайдаланып отыр. Жолдастар, ғылыми социализмнің өкілдерін — Маркcті және оның ізбасарларын социалист-утопистерден, ұсақ буржуазияшыл социалистерден, социалист-интеллигенттерден, арманшыл-социалистерден әрқашан өзгешелеп көрсететін сөздер біздің революцияның тәжірибесі арқылы расталып отыр. Арманшыл-интеллигенттер, ұсақ буржуазияшыл социалистер — бұлар социализмді иландыру жолымен енгізуге болады деп ойлаған шығар, бәлкім, осылай ойлап, осыны арман етіп те жүрген болар. Халықтың көпшілігі иланады, ал олар иланған соң, азшылық оған бағынады, көпшілік дауыс береді, сонымен социализм енгізіледі дейтін болар. (Қол шапалақтау.) Жоқ, жер беті бұлайша бақытты болып құрылмаған; қанаушылар, айуан-помещиктер, капиталистік тап иландыруға көнбейді. Жұрттың бәрінің көзі көрген нәрсені — қанаушылардың жойқын қарсылық жасайтынын социалистік революция растап отыр. Езілген таптардың қысымы неғұрлым күшейген сайын, олар езгі атаулыны, қанау атаулыны құлатуға неғұрлым жақындай түскен сайын, езілген шаруалар

мен езілген жұмысшылар бастаманы, дербес бастаманы неғұрлым батыл өрістете түскен сайын, қанаушылар соғұрлым құтырына қарсылық жасайды.

Сонымен, біз капитализмнен социализмге өтудің ең ауыр, ең азапты кезеңін,— барлық елдерде сөзсіз ұзаққа, өте ұзаққа созылатын кезеңді,— бастан кешіріп отырмыз, өйткені, қайталап айтайын, езілген таптың әрбір табысына езушілер қарсыласумен, езілген таптың өкіметін құлатуға жаңа әрекеттер жасаумен жауап береді. Совет өкіметін құлату саясатын жүргізуші ағылшын-француз империализмі ашықтан-ашық қолдаған чехословактар бүлігі бұл қарсылықтың қандай болатынын көрсетіп отыр. Біз бұл бүліктің, әрине, аштықшылық салдарынан асқынып бара жатқанын көріп отырмыз. Әрине, еңбекшілердің қалың бұқарасының ішінде білімді социалист болып саналмайтын және фабрикада адам төзгісіз жағдайда жұмыс істеу керек болғандықтан социалист болуға уақыты да, мүмкіндігі де қалмайтын адамдар көп-ақ, сіздер мұны өте жақсы білесіздер — сіздердің әрқайсыңыз мұны фабрикада байқап та жүрсіздер. Кәсіпорындарды басқару ісін, қателіктер болмай тұрмайтын, қиын, ауыр істі, бірақ машиналардың, фабрикалардың, заводтардың, қазіргі заманғы ең жақсы техниканың, адамзаттың ең үздік жеңістерінің қанау ісіне қызмет етпей, тұрмысты жақсарту, орасан басым көпшіліктің тұрмысын жеңілдету үшін қызмет етуіне үнемі ұмтылып келген өздерінің талабын, сайып келгенде, жүзеге асыруға болатын бірден-бір істі өздері үйрене бастауға мүмкіндік алған жұмысшылар фабрикада көтеріліп жатқанын көргенде, бұл адамдардың бұған тілектес болатыны түсінікті. Бірақ, олар батыстан, солтүстіктен, шығыстан империалистік жыртқыштар Россияны жұлмалау үшін оның қорғансыздығын пайдаланып жатқанын көргенде және де басқа елдерде жұмысшы қозғалысының ісі қалай болатынын әзірге білмей отырғанда, бұларды үмітсіздік билейтіні де түсінікті. Басқаша болуы мүмкін де емес. Қанауға негізделген капиталистік қоғамнан социализмнің қажеттігін толық мойындау және оны ұғыну бірден келіп туа қоядым деп ойлаудың өзі кісі күлерлік, сөлекет іс болар еді.

Бұлай болуы мүмкін емес. Бұл тек ең соңында ғана, бір революция басқа революциялардан ілгері кетіп, ал басқалар көмектеспей отырған, ашаршылық төнген осындай азапты кезеңді бастан кешіруге тура келіп отырған кезде жүргізілген күрес арқылы ғана туады. Әрине, еңбекшілер топтарын үмітсіздік, ашу-ыза билемей қоймайды, не нәрсеге болсын қолды бір-ақ сілтеу пиғылы туады. Контрреволюционерлер, помещиктер мен капиталистер, оларды бүркемелеушілер мен қолдаушылар социалистік өкіметке жаңадан үсті-үстіне қысым жасау үшін осы кезеңді пайдаланып қалатыны да түсінікті.

Шетел қаруы көмекке келмеген қалалардың бәрінде мұның неге әкеп соққанын біз көріп отырмыз. Отан қорғау туралы және өзінің патриотизмі туралы соншалықты көп даурыққан адамдар өздерінің капиталистік тұрпатын көрсетіп, украин большевиктерін бірлесіп қыру үшін бүгін неміс қаруымен, большевиктерге шабуыл жасау үшін ертең түрік қаруымен, ал арғы күні — Самарада Совет өкіметін құлатып, большевиктерді қыру үшін чехословак қаруымен келісім жасасқан кезде ғана олардың Совет өкіметін жеңіліске ұшырату сәтіне ие болғанын біз білеміз. Шетелдіктердің көмегі ғана, шетел қаруының көмегі ғана, Россияны жапон, неміс, түрік каруларына сату ғана, тек сол ғана осы кезге дейін капитализм келісімпаздары мен помещиктерді табыстың өзіне болмаса да, елесіне емексітіп келді. Бірақ ашаршылық және бұқараның ашынуы негізінде осы тәрізді көтеріліс туғанда, ол Саратовтағы, Козловтағы, Тамбовтағы көтерілістер сияқты, шетелдік қаруды жәрдемге шақыруға болмайтын жерлерді қамтығанда, помещиктердің, капиталистердің және олардың Құрылтай жиналысы туралы тамаша ұрандарды бетке ұстап жүрген достарының өкіметі, осы өкімет өз өмірінің ұзақтығын сағаттап санамаса да, күндеп санағанын да білеміз. Контрреволюция уақытша басып алған орталықтан совет әскерлерінің отрядтары қаншалық қашықта жатса, қала жұмысшыларының арасындағы қозғалыс та соншалық батыл болды, Саратовқа, Пензаға, Козловқа көмекке барып, контрреволюция орнатқан өкіметті де-

реу құлатуда бұл жұмысшылар мен шаруалар соғұрлым көбірек дербес қимыл көрсетті.

Жолдастар, егер сіздер бұл оқиғаларға дүние жүзілік тарихта болып жатқан күллі оқиғалар тұрғысынан қарасаңыздар, егер осы орасан зор апаттар бізге кездейсоқ киліккен, біріншіден, империалистік соғыстың салдарынан және помещиктердің, капиталистердің, қанаушылардың құтырына қарсыласуы салдарынан болып отырғанын өзіміз түсінуге, бұқараға түсіндіруге тырысу сіздердің міндетіңіз — бәріміздің ортақ міндетіміз — екенін еске түсірсеңіздер, егер біз өзіміз осыны ұғынсақ, осы шын ұғушылық, қандай қиын болғанымен, қалың бұқараға барған сайын сіңе береді, сөйтіп біз тәртіпті ұйымдастыра аламыз, фабрикаларымыздағы тәртіпсіздікті жоямыз, осы азапты кезеңнен, жаңа астыққа дейінгі әрі кеткенде бір, екі айға, бірнеше аптаға созылатын ерекше қиын кезеңнен халықтың аман өтуіне көмектесе аламыз деп кепілдік беруге болады.

Сибирьді бізден бөліп тастаған чехословактардың контрреволюциялық бүлігіне байланысты, оңтүстіктегі дамылсыз наразылықтарға байланысты, соғысқа байланысты, бізде, Россияда қазір жағдайдың мейлінше ауыр болып отырғанын білесіздер, бірақ ашаршылық төніп келе жатқан елдің жағдайы ауырлаған сайын, біздің бұл ашаршылыққа қарсы күресу шараларымыздың да соғұрлым батыл, соғұрлым қатал болуға тиіс екені анық. Күрестің негізгі шарасы астық монополиясын орнату болып табылады. Бұл жөнінде бәріңіз де өте жақсы білесіздер, астық монополиясына қарсы кулактардың, байлардың қадам сайын шу көтеріп жүргенін өз айналаңыздағы тәжірибеден байқап жүрсіздер. Бұл түсінікті, өйткені, Скоропадскийдің Киевте істегеніндей, астық монополиясын уақытша құлатқан жерлерде, мұндай жерлерде жалдаптық адам айтқысыз мөлшерге жетіп, бір пұт астықтың бағасы 200 сомға дейін артқан. Онсыз күн көруге болмайтын азық-түлік қолда жоқ болған кезде, бұл азық-түлікке ие болып отырған әрбір адам байып кете алатыны, азық-түліктің бағасы адам айтқысыз мөлшерге жететіні түсінікті. Аштан өлуден зәресі ұшып, үрейлену бағаны адам айтқысыз қымбаттатып

жіберетіні түсінікті, сондықтан Киевте монополияны қайта орнату жайын ойлауға тура келген. Россия астыққа барынша бай бола тұрса да, бізде әлдеқашаннан-ақ, большевиктерге дейін де, астық монополиясының қажеттігіне үкіметтің көзі жеткен болатын. Астық монополиясына не мүлдем надан адамдар ғана, не ақшалы қапшықтың мүддесіне тура сатылып кеткен адамдар ғана қарсы сөз айта алады. (Қол шапалақтау.)

Бірақ, жолдастар, біз астық монополиясы туралы сөз қылғанда, бұл сөзді жүзеге асырудың қандай зор қиыншылықтары барын ойлауға тиістіміз. Астық монополиясы дей салу оп-оңай, бірақ мұның мәнісі не екенін ойлапу керек. Мұның мәнісі—барлық артық астық мемлекеттікі болады деген сөз; мұның мәнісі—шаруаның өз мұқтажына қажет емес, оның семьясы мен малын асырау үшін қажет емес, егін салу үшін қажет емес әрбір пұт астық,—артық астықтың әрбір пұты мемлекет қолына алыну керек деген сөз. Мұны қалай істеу керек? Бағаны мемлекет белгілейтін болуы керек, артық астықтың әрбір пұтын тауып, тасып алу керек. Помещиктер мен капиталистер еш уақытта тамақты тоя ішкізбеген, жүз жылдар бойына топастандырып келген, тонап келген, топастанғанша жаныштап келген шаруа астық монополиясының не екенін қайдан түсіне алсын, бірнеше аптаның немесе бірнеше айдың ішінде мұндай сананы қайдан алсын; осы уақытқа дейін мемлекет тек езгіден, зорлық-зомбылықтан, чиновниктік талау мен тонаудан көз ашырмаған он миллиондаған адамдарда, деревняның меңіреу түкпіріне апарып тығылған, күйзеліске душар етілген бұл шаруаларда бұл сана қайдан пайда болсын; жұмысшы-шаруа өкіметінің не екенін, өкімет кедейлердің қолында екенін қайдан ұқсын; егер артық астық мемлекет қолына көшпей, иесінің қолында қала беретін болса, онда оны ұстап отырған адамның қарақшы, қанаушы екенін, Питердегі, Москвадағы, т. т. жұмысшылардың масқара ашаршылыққа ұшырауына айыпты адам екенін қайдан ұқсын? Оны осы уақытқа дейін надандықта ұстаған болса, оның деревнядағы ісі тек астық сату ғана болса, ол мұны қайдан білсін, мұны қайдан түсінсін? Егер біз алдымызға мәселені өмірге

жанасымды етіп қойып, оған көз жіберіп қарайтын болсақ, онда патша өкіметі мен помещиктер шаруалардың көпшілігін қараңғылықта ұстаған елде, сан ғасырлардан бері биыл тұңғыш рет өз жеріне егін еккен шаруалар елінде астық монополиясын енгізу міндеті сияқты міндеттің адам айтқысыз қиын екеніне қайран қалуға болмайды. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Бірақ бұл қиыншылық көп болған сайын, іске көңіл қоя, ойлана қараудың алдына көбірек тартылған сайын, жұмысшыларды азат ету жұмысшылардың өз ісі деп әрқашан айтып келгенімізді біз өзімізге соғұрлым анық айтуға тиіспіз. Біз әрқашан да: еңбекшілерді езгіден сырттан келіп азат етпейді дегенбіз; олардың өздері, өзінің күресі арқылы, өзінің қозғалысы арқылы, өзінің үгіті арқылы жаңа тарихи міндетті шешу ісін үйренуге тиіс және жаңа тарихи міндет неғұрлым қиын болған сайын, неғұрлым ауқымды болған сайын, неғұрлым жауапты болған сайын, соғұрлым адамдардың көбі, миллиондаған адамдар бұл міндеттерді шешуге өздігінен қатыстырылуға тиіс. Астықты қандай копеске болсын, қандай саудагерге болсын сату үшін, бұл үшін ешқандай сананың, ешқандай ұйымның қажеті жоқ. Бұл үшін буржуазия қалай бұйырса, солай өмір сүру қажет: тіламғыш құл болып қана қалу керек, дүниені буржуазия құрған түрінде тамаша екен деп елестетіп, тамаша екен деп қабылдау керек. Ал бұл капиталистік былықты жою үшін, астық монополиясын жүзеге асыру үшін, артық астық, бұл артық астықтың әрбір пұты мемлекеттің қарамағына алынатын болуы үшін ұйымдастырушылардың емес, үгітшілердің емес, бұқараның өзінің ұзақ, қиын, ауыр ұйымдастыру жұмысын жүргізу қажет.

Орыс деревнясында мұндай адамдар бар; шаруалардың көпшілігі мол астық, артық астық сата алмайтын және өзгелер аш отырғанда өз қолдарында, бәлкім, жүздеген пұт астық ұстап отыратын тонаушыларға айпала алмайтын ең кедей және кедей шаруалардың қатарына жатады. Қазір жағдай мынадай: өзін, мүмкін, еңбекші шаруамын дейтін—бұл сөзді кейбіреулер қатты ұнатады — шаруаның қай-қайсысы болсын,— ал егер сіздер

жүздеген пұт астықты өз еңбегімен, тіпті ешбір жалдама еңбексіз жинап алған, ал енді сол жүздеген пұт астықты ұстап отырсам, оны 6 сомнан сатпай, жалдаптарға немесе аштықтан азап шегіп, қалжыраған, ашыққан семьясымен келген, әр пұт астыққа 200 сом беретін қала жұмысшысына сатсам деген адамды еңбекші шаруа деп атайтын болсаңыздар,—мұндай шаруа, жүздеген пұт астықты жасырып, оның бағасын арттырып, пұтына тіпті 100 сомнан-ақ алу үшін астығын сақтап отырған шаруа қанаушыға айналады—ол қарақшыдан да жаман. Мұндай жағдайда не істеу керек, біздің күресімізде кімге сүйенуге болады? Біз мынаны білеміз: совет революциясының және Совет өкіметінің басқа революциялардан және басқа өкіметтерден айырмашылығы сол—ол помещиктер мен капиталистер өкіметін құлатып қана қойған жоқ, ол крепостниктік, самодержавиелік мемлекетті қиратып қана қойған жоқ,—ол ол ма, бұқара чиновниктердің қайсысына болсын қарсы көтеріліс жасады, олар жаңа мемлекет орнатты, бұл мемлекетте өкімет жұмысшылар мен шаруалардың қолында болуға тиіс, тиіс қана емес, қазірдің өзінде-ақ солардың қолында отыр. Бұл мемлекетте полиция мен чиновниктер жоқ, ұзақ жылдар бойы казармаға қамалған, халықтан бөлектеніп, халыққа оқ атуға үйретілген тұрақты армия да жоқ.

Біз жұмысшылар мен шаруаларды каруландырып жатырмыз, олар әскери өнерді үйренуге тиіс. Азғыруға еріп, жамандық пен қылмысқа бой ұратын отрядтар бар, өйткені оларды езушілік дүниесінен, ашаршылық дүниесінен, қарны тойғандар өздерінің тоқтығы арқылы байи бергісі келетін дүниеден оқшаулап бөліп тұрған қытай қорғаны жоқ. Сондықтан мына құбылысты: Питер мен Москвадан шыққан саналы қызметкерлердің отрядтары жергілікті жерлерде жиі-жиі жолдан тайып, қылмыскерлерге айналып кетіп жүргенін екінің бірінде-ақ байқап отырмыз. Буржуазияның бұған қол шапалақтап, халықты қорқытатын: сіздердің отрядтарыңыз қандай екенін көресіздер ме, бұл неткен тәртіпсіздік, жеке меншікші капиталистердің отрядтары бұдан әлдеқайда жақсы еді!—деген әр қилы сөздермен өздерінің

сатқын баспасөзінің бетін толтырып жүргенін біз де аңғарып отырмыз.

Құрметіңізге құлдық, буржуй мырзалар! Жоқ, сіздер бізді қорқыта алмайсыздар! Капиталистік дүниенің апаттары мен мерездерінен бірден сауығып кетуге болмайтынын сіздер өте жақсы білесіздер. Ал біз бұдан күрес үстінде ғана сауығатынымызды, мұндай әрбір жағдайды табалау үшін емес, меньшевиктер мен кадеттердің контрреволюциялық айла-шарғыларын қостау үшін емес, халықтың неғұрлым қалың бұқарасын үйрету үшін ашып көрсетіп отыратынымызды білеміз. Біздің отрядтар өз міндетін орындамай жүр екен, онда неғұрлым саналы, неғұрлым үлкен отрядтар беріңіздер және де оларда өз табына берілген жұмысшылардың саны азғыруға еріп кеткендердің санынан әлденеше есе көп болсын. Оларды ұйымдастыру керек, көзін ашу керек, әрбір сапалы жұмысшының төңірегіне санасы кем еңбекшілерді, қаналғандар мен ашыққандарды біріктіру керек. Деревня кедейлерін көтеру керек, олардың көзін ашу керек, астық монополиясын жүзеге асыру үшін Совет өкіметі кедейлерге мүмкін болған көмектің бәрін беретінін, бәрін істейтінін оларға көрсету керек.

Міне, енді біз осы міндетті қолға алып отырмыз, Совет өкіметі осы мәселелерді алға айқын қойып отыр, ол: жұмысшы жолдастар, ұйымдасыңдар, азық-түлік жөніндегі күштерді біріктіріңдер, мұндай отрядтар өз міндетінің дәрежесінде бола алмаған жағдайдың қай-қайсысына да қарсы күресіңдер, неғұрлым берік ұйымдасып, өз кемшіліктеріңді түзетіңдер, өз төңіректеріңе деревня кедейлерін біріктіріңдер деп отыр. Өздерінің қарсыластары уағыз, сөз, құрғақ сөз айтып қана қоймай, деревня кедейлерін ұйымдастыра бастаған кезде кулактар өздерінің ақырғы сағаты таялып қалғанын біледі.—Егер біз деревня кедейлерін ұйымдастырсақ, онда кулактарды жеңіп шығамыз. Социализм үшін ең үзілді-кесілді, ең ақырғы, ең жанталасқан күрес кезеңінің туғанын кулактар біледі. Бұл тек астық үшін ғана күрес сияқты болып көрінуі мүмкін; ал шындығында, мұның өзі—социализм жолындағы күрес. Егер жұмысшылар мұндай міндеттерді өздігінен шешуге үйренсе,—

бұл жағынан оларға ешкім көмек көрсетпейді,—егер олар деревня кедейлерін өз төңірегіне біріктіруге үйренсе, онда жеңіске де жетеміз, астық та болады, ол дұрыс та бөлінеді, тіпті еңбек те дұрыс бөлінеді, өйткені еңбекті дұрыс бөлсек, біз еңбектің барлық салаларында, өнеркәсіптің барлық салаларында үстем боламыз.

Міне, осыны алдын ала сезген кулактар кедейлерді сатып алуға әлденеше рет әрекет жасады. Астықты мемлекетке 6 сомнан сату керек екенін кулактар біледі; олар көршісіне, қайыршылыққа түскен шаруаға 3 сомға сатады да, оған: «Сен жалдаптарға барып, 40 сомға сата аласың; біздің мүделеріміз ортақ; бізді тонап жатқан мемлекетке бәріміз бірге қарсы тұруға тиістіміз; бізге 6 сомнан бермекші, сен үш пұт ал, одан 60 сом пайда түсіресің, ал мен қанша пайда түсірем— онда сенің шаруаң болмасын, ол менің өз ісім» дейді.

Міне, осы негізде істің жайы талай рет шаруалардың қарулы қақтығысына дейін барды, мен оны білемін, ал Совет өкіметінің жаулары бұған мәз болып, сылқ-сылқ күледі, Совет өкіметін құлату үшін барлық күшін салады. Бұған біздің айтарымыз мынау: мұның бұлай болған себебі—барған отрядтардың саналылығы жеткілікті болмады, бірақ отрядтар неғұрлым көп барған сайын, астықты ешбір зорлықсыз беру соғұрлым жиі болып отырды,—мұндай жағдайлар талай рет байқалды,—өйткені саналы жұмысшылар өздерінің зорлықшылар емес екеніне, ездерінің басты күші ұйымдасқан, көзі ашық кедейлердің өкілі болып отырғандығында екеніне жұрттың назарын аударады, ал деревняда қараңғылықтың қаймағы бұзылмаған, қараңғы кедейлер көп-ақ. Егер кедейлермен дұрыс түсініce білсе, Питерде, Москвада, ондаған уездерде орыстың он мыңдаған шаруалары мен жұмысшылары ашығып жатқанын, аштықтан сүзекке шалдығып, аштан өліп жатқанын, байлар астықты әділетсіз ұстап келгенін, халықтың ашығуын жалдаптық үшін пайдаланып отырғанын кітап сөзімен емес, түсінікті жай тілмен, адамша айтса, онда кедейлерді ұйымдастыруға да болады, артық астықты жинап алуға да болады және бұл күш жұмсау арқылы емес, деревня кедейлерін ұйымдастыру арқылы істеледі. Жергілікті

жерлерге азық-түлік жинайтын отрядтарды бастап барушы және контрреволюцияға қарсы күресуші жолдастардың деревня кулактарына қарсы бағытталған баяндамаларын менің талай рет естігенім бар. Есімде өте жақсы сақталған бір мысалды келтіріп өтейін, өйткені кеше менің Елец уезінде болған бір оқиғаны естуіме тура келді[166]. Онда, Совдептің ұйымдастырылуы арқасында, ол жерде саналы жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың жеткілікті болуы арқасында, кедейлердің өкіметі орнықтырылған. Елец уезінің өкілдері маған мұны алғаш рет баяндағанда мен оларға нана қойғаным жоқ, мақтаныңқырап кетті-ау бұлар деп ойладым, бірақ Москвадан басқа губернияларға арнайы жіберілген жолдастар олардың істі осындай жолға қоя алғанын тек құттықтауымыз керек деп растады, Россияда жергілікті Совдептер кулактарды, қанаушыларды Советтерден түгел қуып шығып, еңбекшілерді ұйымдастыра біліп, кедейлерді ұйымдастыра біліп, өз міндетінің дәрежесінде бола білген уездер бар екендігін растады. Кімде-кім өзінің байлығын үсті-үстіне баю үшін пайдаланып отырған болса, ондай адам Совет өкіметінен аулақ тұрсын! (Қол шапалақтау.)

Кулактарды қуып шыққаннан кейін олар Елец қаласына, сауда қаласына барған, онда да астық монополиясын жүзеге асыру үшін декрет шығарылуын күтіп жатпай, қайта олар Совет өкіметінің халыққа жақын өкімет екенін, әрбір адам, егер ол революционер болса, егер ол социалист болса және, шынында да, еңбекшілерді жақтайтын болса, тез және батыл қимылдауы керек екенін есінде ұстаған. Олар барлық қызметкерлерді, ең кедей шаруаларды ұйымдастырып, отрядтарды көп шығарғаны соншалық, бүкіл Елецте тінту жүргізілген; олар үй-үйді тінтуге отрядтардың сенімді және жауапты басшыларын ғана жіберіп отырған; қобалжығыш адамдардың жиі кездесетінін біліп, Совет өкіметі өкілдерінің және оның лайықсыз қызметшілерінің тарапынан болатын тонаушылық жағдайлардың Совет өкіметіне масқара нұқсан келтіретінін біліп, өздері кәміл сене алмайтын бірде-бір адамды үй тінтуге жібермеген. Олар артық астықты орасан көп жинап алған,—соның арқа-

сында сауда қаласы Елецте буржуазия жалдаптықтан пайда түсіретін бірде-бір үй қалмаған.

Әрине, Москва сияқты қаладағыдан гөрі мұны кішкене қалада істеудің едәуір оңай екенін мен білемін, бірақ Москвада бар пролетарлық күштің ешбір уездік қалада болуы мүмкін емес екенін де ұмытпау керек.

Жуырда Тамбовта контрреволюция бірнеше сағатқа жеңді; контрреволюция тіпті меньшевиктік және оңшыл эсерлік газеттің бір номерін де шығарды, бұл газет Құрылтай жиналысына, Совет өкіметін құлатуға шақырды, жаңа өкімет жеңісінің сонша берік екенін айтты, бірақ оның беріктігі уезден қызыл әскерлер мен шаруалар келіп, Құрылтай жиналысына сүйенеді-міс деген бұл жаңа, «берік» өкіметті бір күннің ішінде қуып шыққанға дейін ғана созылды. (Қол шапалақтау.)

Тамбов губерниясының, осы көлемі орасан зор губернияның басқа уездерінде де істің жайы нақ осындай болды, жолдастар. Оның солтүстік уездері егіншілігі жоқ өңірлерге жапсарлас, оңтүстік уездері өте-мөте құнарлы; мұнда астық өнімі өте мол. Бұл уездерде артық астығы бар шаруалар көп, сондықтан онда ең кедей шаруаларға сүйену үшін, кулактарды жеңу үшін шаруаларға айрықша жігермен, айрықша берік және айқын санамен жанаса білу керек. Онда кулактар жұмысшы және шаруа өкіметінің қандайына болсын дұшпандықпен қарайды, онда Питер мен Москва жұмысшыларының көмекке келуін күтуге тура келеді, ал бұлар әрқашан да өздерінің ұйымшылдығын құрал етіп, кулактарды Советтерден қуып шығып отырады, кедейлерді ұйымдастырады және жергілікті шаруалармен бірге, астыққа мемлекеттік монополия орнату жолындағы күрес тәжірибесін, деревня кедейлері мен қала еңбекшілерін ұйымдастыру тәжірибесін, бізді түпкілікті толық жеңіске жеткізетіндей етіп ұйымдастыру тәжірибесін бастан кешіріп отырады. Міне, бұл арада, жолдастар, мен сіздерге осы мысалдарды келтіре отырып, азық-түлік жөніндегі істің жайын айтып өттім, өйткені, менінше, еңбекшілердің көзқарасы тұрғысынан алғанда, астық үшін, кулактарға қарсы күрестің сипаты біз үшін, жұмысшылар үшін, саналы пролетариат үшін қанша

миллион пұт астық алуға болады деген кейбір цифрлы деректер арқылы маңызды болып отырмаған тәрізді. Мен бұл жағын азық-түлік маманының еншісіне қалдырып, егер Москваның егіні жоқ өңірлеріне жапсарлас губерниялардан және астыққа бай Сибирьден артық астықты ала білсек, соның өзінде де егіні жоқ аш губернияларды аштан қырылудан сақтап қалу үшін жаңа егінге дейінгі осы ауыр апталарға жетерлік астықты табар едік деп айтуға тиістімін. Бұл үшін алдыңғы қатарлы саналы жұмысшыларды бұрынғыдан да көбірек ұйымдастыру керек. Бұл—бұрынғы революциялардың бәрінің негізгі сабағы, бұл—біздің революциямыздың да негізгі сабағы. Ұйымдастыру ісі неғұрлым көп болса, ол өзін неғұрлым кеңінен көрсетсе, күш жұмысшылар мен деревня кедейлерін ұйымдастыруда ғана екенін заводтардың, фабрикалардың жұмысшылары неғұрлым жақсы түсіне білсе, ашаршылыққа қарсы күрес ісі, социализм үшін күрес ісі соғұрлым ойдағыдай болады, өйткені, қайталап айтайын, біздің міндетіміз жаңа өкіметті ойлап шығару емес, шалғайда жатқан деревняның өз кедейлерінің әрбір өкілін көтеруде, оның көзін ашып, өздігінен әрекет қылуға ұйымдастыруда. Москвада жүз мыңдаған адам өліп жатқанда, астықты жасырып отыру, онымен жалдаптық жасау, самогон шығаратын затқа айналдыру әділетсіздік екенін тіпті қараңғы деревняның өзінде де түсіндіру қаланың, Питер мен Москваның бірнеше сапалы жұмысшыларына қиын емес. Бұған жету үшін Питердің, Москваның жұмысшылары, әсіресе фабрика-завод комитеттерінің өкілдері, неше алуан мамандықтың, фабрикалардың, заводтардың өкілдері, сіздер, жолдастар, өздеріңізге ешкімнің жәрдемге келмейтінін, басқа таптан сіздерге көмекшілер емес, жаулар келетінін, Совет өкіметінің қызметіне қалтқысыз берілген интеллигенцияның жоқ екенін берік ұғынып, түсініп алуларыңыз керек. Интеллигенция өзінің тәжірибесі мен білімін—адамзаттың ең жоғары қасиетін—қанаушылардың пайдасына жұмсап отыр және қанаушыларды біздің жеңуімізді қиындату үшін бәрін де пайдаланып отыр; ол жүз мыңдаған адамды аштан қыруға күшін салар, бірақ ол еңбекшілердің қарсылығын

мұқалта алмайды. Біздің өзімізбен бірге революция жасасқан таптан басқа, алдымыздағы асқан зор қиыншылықтарға, ең қиын кезеңге бірге баратын таптан басқа ешкіміміз жоқ; ол тап—фабрика-завод, қала және деревня пролетариаты, бұлар өзара сөйлескенде бір-біріне түсінікті тілде сөйлеседі, бұлар қалада да, деревняда да қандай жауды болса да—кулактарды да, байларды да—жеңіп шыға алады.

Бірақ, мұны істеу үшін социалистік революцияның негізгі қағидасын жұмысшылардың екінің бірінде ұмыта беретінін есте ұстау керек, ол қағида мынадай: социалистік революцияны жасау үшін, оны жүзеге асыру үшін, халықты езгіден құтқару үшін, бұл үшін таптарды бірден жою керек емес, өкіметті ең саналы, ең ұйымдасқан жұмысшылар өз қолдарына алуға тиіс. Мемлекетте үстем тап жұмысшылар болуға тиіс. Маркс пен Энгельстің бұдан жетпіс жылдан астам бұрын жазылып, барлық елдерді, барлық тілдерді аралап шыққан «Коммунистік Манифесінен» сіздердің көбіңіз оқыған ақиқат, міне, осы. Барлық жерде мына ақиқат анықталды: капиталистерді жеңу үшін қанаушылыққа қарсы күрес кезінде, қараңғы шақта, жаңа тәртіптерге әлі сенім жоқ шақта қаланың ұйымдасқан фабрика-завод жұмысшылары үстем тап болып алуы қажет. Сіздер өздеріңіздің фабрика-завод комитеттеріңізде өз істеріңізді шешу үшін жиналған кездеріңізде мынаны есте ұстаңыздар: егер сіздер өздеріңіздің фабрика-завод комитеттеріңізде жұмысшылардың техникалық немесе бірыңғай финанстық мүдделерімен айналысатын болсаңыздар, онда революция өз жеңістерінің бірде-біреуін ұстап тұра алмайды. Жұмысшылар мен езілген таптардың өкіметті өз қолдарына алған кездері талай рет болған, бірақ оны ұстап тұра алған кезі бірде-бір рет болған емес. Бұл үшін жұмысшылар ерлік күреске көтеріліп, қанаушылықты құлатуға қабілетті болып қана қоймай, сонымен бірге ұйымдасуға, тәртіпке, ұстамдылыққа қабілетті болуы керек, айналадағының бәрі аумалы-төкпелі болып, шайқалып тұрғанда, өзіңе шабуыл жасалып жатқанда, қисынсыз лақаптардың шегі болмай тұрғанда, жағдайды талқылауға қабілетті болу керек,— міне,

осындай уақытта миллиондаған қалың бұқарамен барлық жағынан тығыз байланысы бар фабрика-завод комитеттеріне ең алдымен мемлекеттік өмірді басқару органы болу жөнінде аса зор мемлекеттік міндет жүктеледі. Астықтың дұрыс бөлінуін қалай қамтамасыз етуіміз керек деген мәселе — Совет өкіметінің негізгі мемлекеттік мәселесі. Егер Елецтегілер жергілікті буржуазияны ауыздықтай білген болса, Москвада мұны істей қою қиынырақ, бірақ мұнда ұйымдасқандық ондағыдан өлшеусіз зор, сондықтан мұнда сіздер адал ниетті он мыңдаған адамдарды жұмсай аласыздар, ол адамдарды сіздердің партияларыңыз, сіздердің кәсіптік одақтарыңыз береді және соған кепіл бола алады, ол адамдар, бір жағынан, қандай қиыншылыққа да қарамастан, қандай аздырушылыққа да қарамастан, екінші жағынан, ашаршылық азабы қандай болған күнде де идея жағынан берілген адамдар болып қала беретіндігіне толық жауапкершілікпен отрядтарға басшылық ете алады. Бұл істі қазір қолға аларлық, жиі-жиі ашынып отырған халыққа басшылық ете аларлық басқа тап, қаланың фабрика-завод пролетариатынан басқа тап жоқ. Сіздердің фабрика-завод комитеттеріңіз завод комитеттері ғана болмасқа тиіс, олар үстем таптың негізгі мемлекеттік ұяларына айналуға тиіс. (Қол шапалақтау.) Ауыр кезеңнен Совет өкіметі қандай табандылықпен өтуге тиісті болса, біздің сондай табандылықпен өтуіміз сіздердің ұйымшылдығыңызға, сіздердің топтасқандығыңызға, сіздердің жігеріңізге байланысты. Істі өз қолдарыңызға алыңыздар, істің барлық жағын қамти кірісіңіздер, қиянатшылдықты күн сайын әшкерелеп отырыңыздар, жіберілген әрбір қатені өз тәжірибелеріңіз арқылы түзетіп отырыңыздар,— мұндай қателер қазір көп кетеді, өйткені жұмысшы табының әлі тәжірибесі аз, бірақ маңыздысы сол — істі оның өзі қолға алуы керек, қателерді өзі түзетуі керек. Егер біз осылай қимылдайтын болсақ, егер әрбір комитет дүние жүзіндегі асқан зор революцияның басшысы екенін түсінетін болса, онда біз бүкіл дүние жүзі үшін социализмді жеңіп аламыз! (Овацияға ұласқан ду қол шапалақтау.)

2

АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША 28 ИЮНЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, ең алдымен, маған қарсы шыққан қосымша баяндамашы Падериннің бірнеше қағидасына тоқталуыма рұқсат етіңіздер. Стенограммадан көрдім, ол былай депті: «Ең алдымен, ағылшын және герман пролетариаты өзінің езушілеріне қарсы көтерілуіне мүмкіндік алуы үшін біз қолдан келгеннің бәрін істеуге тиістіміз; ал бұл үшін не істеуіміз керек? Біз бұл езушілерге көмектесуге тиістіміз бе? Өз ішімізде жауласуды өршітіп, елді бүлдіріп, әлсірету арқылы біз ағылшын, француз, герман империалистерінің позицияларын шексіз нығайтамыз, олар, сайып келгенде, Россияның жұмысшы табын тұншықтыру үшін өзара бірігетін болады». Міне, ол осылай пайымдайды, бұл пайымдау өзінің империалистік соғысқа қарсы күресінде және оппозициясында меньшевиктердің әрқашан қаншалықты табансыз болып келгенін көрсетеді, өйткені жаңағы мен оқып өткен пайымдау өзін қорғампаз деп атайтын, түгелдей империализм позициясына шығып кеткен адамның ғана аузынан шығады (қол шапалақтау), бұл соғыста жұмысшылар өздерінің отанын қорғайды-мыс дейтін буржуазиялық айла-шарғыны қайталайтын, империалистік соғысты ақтайтын адамның ғана аузынан шығады деп түсінуге болады. Шынында, жұмысшылар бұл соғыста елді күйретпеуге, әлсіретпеуге тиіс деген көзқараста болу — жұмысшыларды империалистік соғыста отан қорғауға шақыру деген сөз, ал большевиктік үкіметтің не істегенін, оның

құпия шарттарды жариялап, әшкерелеуді, жұрт алдында масқаралауды өзінің бірінші міндеті деп тапқанын сіздер білесіздер. Одақтастардың құпия шарттарға бола соғыс жүргізгенін, меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің көмегімен және қолдауымен өмір сүрген Керенский үкіметінің құпия шарттарды жоймағаны былай тұрсын, оларды тіпті жарияламағанын да, орыс халқы құпия шарттарға бола соғысқанын, ол құпия шарттарда орыс помещиктері мен капиталистеріне соғыста жеңе қалған күнде Константинополь, бұғаздар, Львов, Галиция, Армения беріледі деп уәде етілгенін сіздер білесіздер. Ендеше, егер біз жұмысшы табының көзқарасы тұрғысынан қарайтын болсақ, егер біз соғысқа қарсы болсақ, бұл құпия шарттарға қалайша төзген болар едік. Құпия шарттарға төзген кезімізде, өзімізде буржуазия өкіметінің болуына төзген кезімізде, біз неміс жұмысшылары арасындағы: Россияда саналы жұмысшылар жоқ, бүкіл Россия империализмнің соңына еріп кетті, Россия Австрия мен Түркияны тонау мақсатымен соғыс жүргізіп жатыр-мыс деген шовинистік сенімге дем беріп келдік. Керісінше, неміс империалистерін әлсірету үшін, олардан неміс жұмысшыларын оқшаулау үшін жұмысшы-шаруа үкіметінің істегенін дүние жүзінде ешбір үкімет істей алған жоқ, себебі бұл құпия шарттар бүкіл дүние жүзінің алдында жарияланып, әшкереленген кезде — тіпті неміс шовинистері де, тіпті неміс қорғампаздары да, тіпті өздерінде үкіметтің соңына ерген жұмысшылар да өздерінің орталық органы «Вперед» газетінде: бұл — социалистік үкіметтің әрекеті, нағыз революциялық әрекет деп мойындауға тиісті болды[167]. Олар мұны мойындауға тиісті болды, өйткені соғысқа араласқан империалистік мемлекеттердің бірде-біреуі мұны істеген жоқ, жалғыз біздің үкіметіміз ғана құпия шарттардың быт-шытын шығарды.

Әрине, империалистер қаншама үрейлендіріп, езгілеп, сатып алғанмен, әрбір неміс жұмысшысының көңілінде: біздің үкіметіміздің де жасасқан құпия шарттары жоқ па екен? — деген ой жатады. (Д а у ы с: «Бізге Қара теңіз флоты туралы айтыңызшы!».) Жарайды, мұның тақырыпқа қатысы болмаса да, айтайын. Егер орыс жұ-

мысшысы құпия шарттардың быт-шытын шығаруға дейін барып отырған болса, неміс үкіметінің құпия шарттары жоқ дейсің бе?— деген ой әрбір неміс жұмысшысының көкейінде тұрады. Әңгіме Брест шарттарына келіп тірелген кезде, Троцкий жолдас бүкіл дүние жүзі алдында әшкереленді, ендеше басқа үкіметтерге қарсы сұмдық империалистік соғыс жүргізіп жатқан дұшпан елде халық бұқарасының біздің саясатымызға наразылығын емес, қайта оны қолдауын туғызып отырған осы саясат емес пе? Мұндай үкімет бір ғана біздің үкіметіміз болды. Біздің революциямыздың арқасында соғыс кезінде жау елде орасан зор революциялық қозғалыс туды, ол қозғалыс біз құпия шарттардың быт-шытын шығарғандықтан ғана, біз ешқандай қауіп-қатерден тайсалмаймыз дегендіктен ғана туды. Егер біз халықаралық соғыстан, халықтарды империалистік қырғынға ұшыратудан халықаралық революция ғана құтқаратынын білетін болсақ,— сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде осылай деп айтып отырған болсақ,— онда біз ешқандай қиыншылыққа, ешқандай қауіпке қарамастан, революциямызды осы мақсатқа қарай алға бастыра беруге тиістіміз. Ал біз осы жолға түскенімізде, дүние жүзінде бірінші рет соғыс кезінде ең империалистік, ең тәртібі күшті елде — Германияда январьда бұқаралық стачка тұтанып, бұрқ ете түсті. Әрине, бөтен елде революция заказ бойынша, келісім бойынша тууы мүмкін деп ойлайтын адамдар бар. Мұндай адамдар не есуастар, не арандатушылар. Біз соңғы 12 жылдың ішінде екі революцияны басымыздан кешірдік. Революцияларды заказ бойынша да, келісім бойынша да жасауға болмайтынын, олар он миллиондаған адамдардың бұдан былай бұрынғыша өмір сүруге болмайды деген қорытындыға келген кезінде өсіп шығатынын біз білеміз. 1905 жылғы және 1917 жылғы революциялар қандай қиыншылықтармен туғанын біз білеміз, сондықтан бір соққымен, бір ғана шақырумен революция басқа елдерде де бұрқ ете түседі деп біз еш уақытта күткен емеспіз, ал бірақ революцияның Германия мен Австрияда өрістей бастауында орыстың Октябрь революциясының сіңірген еңбегі зор. (Қол шапалақтау.) Бүгін біз өзіміздің газетте-

рімізден Венада, нан паегі біздегіден де төмен болып отырған, Украинаны қалай тонаса да, оның көмегі тимей отырған, халқы мұндай сұмдық аштықты ешқашан көргеніміз жоқ еді деп отырған Венада жұмысшы депутаттарының Советі пайда болды деген хабарды оқыдық. Венада жаппай ереуілдер қазірдің өзінде-ақ қайтадан пайда бола бастады.

Енді біз өзімізге былай дейміз: міне, сіздерге екінші қадам, міне, сіздерге екінші дәлел, орыс жұмысшылары империалистік құпия шарттардың быт-шытын шығарғанда, өз буржуазиясын қуып шыққанда, олар саналы интернационалист жұмысшылар ретінде дәйекті қадам жасады, олар Германия мен Австрияда революцияның өрістеуіне көмектесті, соғыс жағдайында, асқан өшпенділік жағдайында болып отырған жау мемлекеттегі революцияға дүние жүзіндегі революцияның бірде-біреуі еш уақытта мұндай көмек көрсеткен емес.

Революцияның қашан туатынын алдын ала айту, ол ертең болады деп уәде беру сіздерді алдағандық болар еді. Сіздердің, әсіресе орыс революциясының екеуін де бастан кешіргендеріңіздің естеріңізде болар, 1904 жылы ноябрьде енді екі айдан кейін Питердің жүз мың жұмысшысы Қысқы сарайға барып, ұлы революцияның бетін ашады деп қайсысыңыз кепіл бола алып едіңіз?

Еске түсіріңіздерші, біз 1916 жылғы декабрьде енді екі айдан кейін бірнеше күннің ішінде патшалық монархия құлатылады деп қалай кепіл бола алушы едік. Екі революцияны бастан кешірген өз елімізде біздер революцияның барысын алдын ала болжауға болмайтынын, революцияны қолдан тудыруға болмайтынын көріп, біліп отырмыз. Революцияның пайдасына жұмыс істеуге ғана болады. Егер дәйектілікпен жұмыс істесең, егер жан-тәніңмен беріле жұмыс істесең, егер бұл жұмысың көпшілік болып отырған езілген бұқараның мүдделеріне байланысты болса, онда революция болады, ал қашан, қалай, қандай кезеңде, қандай себеппен болатынын айтуға болмайды. Сондықтан біз: неміс жұмысшылары ертең көмекке келеді, арғы күні олар өздеріндегі кайзерді лақтырып тастайды деп бұқараны

ешбір ретте де алдай алмаймыз. Олай деп айтуға болмайды.

Біздің жағдайымыздың қиынырақ болатыны — орыс революциясы басқа революциялардан бұрын жасалды, бірақ күн сайын дерлік келіп жатқан хабарлар: немістің таңдаулы социал-демократтарының бәрі большевиктерді жақтап отырғаны, немістің ашық баспасөзінде Клара Цеткиннің, онан соң қазір бірқатар мақалаларында социализмді большевиктер ғана дұрыс түсінді деп, неміс жұмысшыларына дәлелдеп жүрген Франц Мерингтің большевиктерді жақтаған пікірлер айтуы, жуырда Вюртемберг ландтагінде Хошка деген бір социал-демократтың революциялық саясатты дәйекті түрде дұрыс жүргізудің үлгісін большевиктерден ғана көріп отырмын деп кесіп айтқандығы туралы хабарлар біздің жалғыз емес екенімізді көрсетеді. Сіздер мұндай нәрселерге күні бұрын қосылатын ондаған, жүздеген, мыңдаған неміс жұмысшылары бұған үн қоспайды ғой деп ойлайсыздар ма? Германия мен Австрияда іс жұмысшы депутаттарының Советін құруға дейін, екінші бұқаралық стачкаға дейін жетіп отырғанда, мұның өзі революцияның басталу кезеңін көрсетеді деуіміз керек, мұнда зәрредей де асырып айтқандық, өзімізді ешбір алдағандық жоқ. Біз өзімізге былай деп мейлінше дәл айтамыз: біздің саясатымыз, біздің жолымыз дұрыс саясат, дұрыс жол болды, біз австриялық және неміс жұмысшыларының өздерін кайзердің мүдделеріне бола, неміс капиталистерінің мүдделеріне бола орыс жұмысшыларын тұншықтырып отырған жаумыз деп сезінбеуіне көмектестік, қайта біз олар өздерін нақ сондай революциялық жұмыс жүргізіп жатқан орыс жұмысшыларының бауырларымыз деп сезінуіне көмектестік. (Қол шапалақтау.)

Мен енді Падерин сөзінің, меніңше, кей жағынан өзінен бұрын сөйлеген шешеннің[163] сөзімен үндес жатқан, сондықтан да көңіл аударуға тұрарлық бір жерін көрсетіп өткім келеді. Ол жері мынау: «Қазір біз жұмысшы табының ішінде азамат соғысы болып жатқанын көріп отырмыз. Біз бұған жол бере аламыз ба?». Міне, көріп отырсыздар ма, азамат соғысы жұмысшы табының өз арасындағы соғыс деп аталады немесе, оның алдындағы

шешеннің айтқанындай, шаруаларға қарсы соғыс деп аталады екен. Ал біз бұл пікірдің екеуі де дұрыс емес екенін жақсы білеміз. Россиядағы азамат соғысы жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың помещиктер мен капиталистерге қарсы соғысы, бұл соғыстың ұзап, созылып бара жатқан себебі — орыс помещиктері мен капиталистері октябрьде және ноябрьде жеңілгенде құрбандыққа біршама аз ұшырады, олар халық бұқарасының өрлеуі нәтижесінде жеңілді, бұл өрлеу халықтың помещиктер мен капиталистерді қолдай алмайтыны оларға бірден-ақ айқын болған жағдайда, тіпті жалдама еңбекті қанаумен өмір сүруші бай казактары өте көп, контрреволюцияға үміт бәрінен де күшті болып отырған Донның өзінде, сол жердің өзінде контрреволюциялық көтерілістің басшысы Богаевский: «біз ұтылдық, өйткені тіпті бізде де халықтың арасын көпшілігі большевиктерді жақтап отыр» деп жұрт алдында мойындауға тиісті болған және мойындаған жағдайда дамыды. (Қол шапалақтау.)

Істің жайы, міне, осылай болды, помещиктер мен капиталистер өздерінің ойынында, контрреволюциялық ойынында, октябрь мен ноябрьде осылай ұтылды.

Олар юнкерлерден, офицерлерден, помещиктер мен капиталистердің балаларынан жұмысшы-шаруа революциясына қарсы ақ гвардия құруға тырысқанда, олардың авантюрасы, міне, осылай болып шыққан. Ал енді,— бүгінгі газеттерді оқып көріңіздерші,— чехословактардың авантюрасы ағылшын-француз капиталистерінің ақшасымен қоректеніп отырғанын[169], ағылшын-француз капиталистері бізді соғысқа қайтадан арандатпақ болып әскерді сатып алып жатқанын сіздер білмейсіздер ме; Самарада чехословактардың: біз Дутовқа, Семеновқа қосылып, Россия жұмысшыларын, Россия халқын Англиямен және Франциямен бірге қайтадан Германияға қарсы соғысуға мәжбүр етеміз, нақ бұрынғы құпия шарттарды қайтадан қалпына келтіреміз, сіздерді, мүмкін, тағы да төрт жылға буржуазияның одақтасы етіп, осы империалистік соғысқа апарып саламыз дегенін оқымадыңыздар ма. Мұның орнына біз қазір өз еліміздегі буржуазияға қарсы және басқа елдер-

дегі буржуазияға қарсы соғыс жүргізіп жатырмыз, осы соғысты жүргізіп жатқандықтан да біз басқа елдердің жұмысшыларынан тілектестік пен қолдау тауып отырмыз. Егер соғысып жатқан бір елде жұмысшылар мен буржуазия өзара тығыз байланыс жасап отырғанын соғысып жатқан екінші елдің жұмысшысы көрсе, онда мұның өзі жұмысшыларды ұлт-ұлтқа бөлшектейді, оларды өз еліндегі буржуазиямен қосып жібереді; бұл — орасан зор апат, бұл — социалистік революцияның күйреуі, бүкіл Интернационалдың күйреуі және құруы. (Қол шапалақтау.)

1914 жылы Интернационал құрыды, өйткені барлық елдердің жұмысшылары өздерінің ұлттық буржуазиясымен бірігіп, өзара жікке бөлініп кетті, ал қазір бұл жіктеліс бітіп келеді. Англияда Шотландияның халық мұғалімі және кәсіптік одақтардың қызметкері Маклин екінші рет 5 жылға түрмеге жабылғанын сіздер жуырда, мүмкін, оқыған боларсыздар, алғашқы жолы ол соғысты әшкерелеп, ағылшын империализмінің қылмыс жасап отырғаны жайында айтқаны үшін $1^1/_2$ жылға қамалған болатын. Ол босатылған кезде Совет үкіметінің өкілі Литвинов Англияда еді, ол Маклинді дереу Советтік Россия Федерациялық Республикасының Англиядағы консулы, өкілі етіп тағайындады, ал шотланд жұмысшылары бұл тағайындауға сүйсіне жауап берді. Ағылшын үкіметі Маклинді Шотландияның халық мұғалімі ретінде ғана емес, сонымен бірге Федерациялық Совет Республикасының консулы ретінде де екінші рет қудалауға салды. Маклин біздің үкіметтің өкілі ретінде ашықтан-ашық сөйлегені үшін түрмеде отыр, ал біз ол кісіні еш уақытта көрген емеспіз, ол еш уақытта біздің партиямызда болған да емес, ол — шотланд жұмысшыларының сүйікті көсемі, сөйтіп біз онымен бірігіп отырмыз, ағылшын үкіметі чехословактарды сатып алып, Россия республикасын соғысқа кіріктіру саясатын өршелене жүргізіп жатқанына қарамастан, орыс жұмысшылары мен шотланд жұмысшылары ағылшын үкіметіне қарсы бірігіп отыр. Елдердің соғыстағы жағдайына қарамастан, барлық елдерде,— бізге қарсы соғысып жатқан Германияда да, Бағдатты өзіне қаратып алмақшы, Түр-

кияны біржолата тұншықтырмақшы Англияда да,— жұмысшылардың орыс большевиктерімен, орыстың большевиктік революциясымен бірігіп жатқанын көрсететін дәлелдеме, міне, осындай. Осында сөзінен мен цитат келтірген шешен: жұмысшылар мен шаруалар азамат соғысын жұмысшылар мен шаруаларға қарсы жүргізіп жатыр дегенде, біз мұның өтірік екенін жақсы білеміз. Жұмысшы табы — бір басқа да, ал жұмысшы табының топсымақтары, кіші-гірім жіктері — бір басқа. Герман жұмысшы табы 1871 жылдан 1914 жылға дейін, жарты ғасыр дерлік уақыт бойы, бүкіл дүние жүзіне социалистік ұйымның үлгісі болып келді. Оның бір миллион адамнан құралған партиясы болғанын, екі, үш, төрт миллион адамнан кәсіптік одақтар құрғанын, соның өзінде осы жарты ғасырдың ішінде клерикалдық поп одақтарына біріккен және попты, шіркеуді, өз кайзерін жан сала қорғайтын жүздеген мың неміс жұмысшылары қалып отырғанын біз жақсы білеміз. Ал жұмысшы табының шын өкілі болған кім: немістің орасан зор социал-демократиялық партиясы мен кәсіптік одақтары ма, әлде жүздеген мың клерикал жұмысшылар ма? Саналы, алдыңғы қатарлы, ойлай білетін жұмысшылардың орасан көпшілігін біріктіріп отырған жұмысшы табы — бір басқа да, буржуазия жағында қалып отырған жеке фабрика, завод, кейбір жер, азын-аулақ жұмысшы топтары — бір басқа.

Совет өкіметінің шаруалар мен жұмысшыларға қарсы емес, буржуазияға қарсы, кулактарға қарсы соғысып жатқанын Россия жұмысшы табының орасан зор, басым көпшілігі біледі, оның 100 проценттен 99 проценті Совет өкіметін жақтайды (қол шапалақтау),— мұны сіздерге Советтердің, фабрика-завод комитеттерінің барлық сайлаулары, конференциялар көрсетіп отыр. Егер буржуазияға әлі де құлдық тәуелділікте болып отырған жұмысшылардың тек болмашы ғана бір тобы бар болса, мұның өзі үлкен айырма. Біз оларға қарсы емес, буржуазияға қарсы соғысып жатырмыз, ал мұның өзі әлі күнге дейін буржуазиямен одағын сақтап отырған болмашы топтар үшін одан бетер жаман. (Қол шапалақтау.)

Маған осында жазбаша берілген бір сұрақ бар; ол сұрақта: «Контрреволюциялық газеттердің осы күнге дейін шығарыла беру себебі не?»—делінген. Оның себептерінің бірі—баспа жұмысшыларының арасында да буржуазия сатып алған элементтердің бар екендігінде[170]. («Өтірік» деген айқай-шу шығады.) Қанша айқайласаңыздар да еріктеріңіз, бірақ сіздер менің барлық жұмысшылар білетін, мен енді ғана түсіндіре бастаған шындықты айтуыма бөгет жасай алмайсыздар. Жұмысшы буржуазиялық баспасөздегі жеке басының табысын бәрінен де жоғары санағанда, ол: мен буржуазияның у сатуына, халықты сол умен уландыруына көмектесkенім үшін өз басымның жоғары табысын сақтап қалғым келеді дегенде, мен: бұл жұмысшылардың буржуазия сатып алған жұмысшылардан айырмасы жоқ (қол шапалақтау) деймін, мен мұны олардың қайсы біреуінің, жеке бір адамның тікелей жалдануы мағынасында айтып тұрғаным жоқ. Мен бұл мағынада емес, өз капиталистерімен одақ жасасатын ағылшын жұмысшыларына қарсы марксистердің бәрі қандай мағынада айтқан болса, сол мағынада айтқым келген еді. Англияда жұмысшылардың ғана одағы емес, онда белгілі бір кәсіптегі жұмысшылар мен нақ сол кәсіптегі капиталистердің арасында бағаны арттыру үшін, қалғандарының бәрін тонау үшін одақ ұйымдастырудың мысалы да кездесетінін, кәсіби әдебиетті оқыған болсаңыздар, сіздердің бәріңіз де білесіздер. Барлық елдердің марксистерінің бәрі, социалистерінің бәрі осындай мысалдарды көзге шұқып көрсетіп отыр және санасыздығы салдарынан, өздерінің цехтық мүдделерін көздеу себепті буржуазияға сатылған жұмысшылар туралы Маркс пен Энгельстен бастап, барлық марксистер мен социалистер айтып келе жатыр. Ол жұмысшылар өз елінде жұмысшылардың және езілген еңбекшілер топтарының орасан көпшілігіне қарсы, өз табына қарсы өз капиталистерімен одақ жасасып, өзінің бастаушылық правосын, социалистік революция жасау правосын сатып жіберді. Бізде де нақ солай. Бізде жұмысшылардың былай дейтін жекелеген топтары бар: басуға теріп жатқанымыз өтірік пен арандатушылықты тарататын анығын ба,

у ма, онда біздің шаруамыз не. Мен өзім жоғары табыс тауып отырмын, басқаларға пысқырмаймын да, дейді олар. Мұндай жұмысшыларды біз аямай әшкерелейміз, мұндай жұмысшыларға біз барлық әдебиетімізде: мұндай жұмысшылар жұмысшы табынан қол үзіп, буржуазия жағына шығады деп біз әрқашан да айтып келгенбіз және айтқанда да ашық айтып келгенбіз. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар! Мен қазір өзіме берілген сұрақтарды қарастыруға көшемін, бірақ ұмытып кетпес үшін әуелі Қара теңіз флоты[171] туралы сұраққа жауап берейін, бұл сұрақтың өзі бізді өзінше әшкерелеп тастамақ үшін берілген тәрізді. Ал менің айтарым, онда Раскольников жолдас істеді, оны Москва мен Питер жұмысшылары оның жүргізген үгітінен, партиялық жұмыстарынан жақсы біледі. Раскольников жолдастың өзі осында келеді, неміс әскерлерінің флотты қолына түсіріп алып, Новороссийскіге қарсы аттануына жол бергеннен гөрі, ол флотты өзіміз құртқанымыз жақсы деп өзінің қалай үгіттегенін өзі айтып берер. Қара теңіз флотының жайы солай болды, халық комиссарлары—Сталин, Шляпников, Раскольников көп кешікпей Москваға келеді, істің жайы қалай болғанын бізге солар айтып береді. Біздің саясатымыздың нақ Брест бітімі жөніндегі саясатымыз сияқты, бізге толып жатқан ауыр тауқымет тартқызған, бірақ Россиядағы Совет өкіметі мен социалистік-жұмысшы революциясына барлық елдер жұмысшыларының алдында өз туын одан әрі қолында ұстауға мүмкіндік берген бірден-бір саясат болғанын сіздер көріп отырсыздар. Егер қазір Германияда большевиктер туралы ескі соқыр сенімдерден арылып, біздің саясатымыздың дұрыс екенін түсініп отырған жұмысшылардың саны күн сайын көбейіп келе жатса, мұның өзі біздің Брест шартынан бергі жүргізіп келе жатқан тактикамыздың арқасында болып отыр.

Маған берілген сұрақтардың ішінен екі сұраққа, астықты тасып жеткізу туралы сұрақтарға тоқталайын. Жекелеген жұмысшылардың өз семьясына астық ала келуі керек болғанда, сіздер оған неге тыйым саласыздар?—дейді кейбір жұмысшылар. Бұған берілетін жа-

уап оңай: егер белгілі бір жерге, белгілі бір фабрикаға, белгілі бір ауданға, белгілі бір кварталға қажетті мың пұт астықты мың адам барып әкелетін болса, не болатынын ойлаңыздаршы. Егер біз осылай еткен болсақ, азық-түлік ұйымдары толық күйрей бастар еді. Бірлі-жарымдап барып азық іздейтін, оны қандай әдіспен болса да тауып алатын азап көрген аш адамға біз тіпті де кінә тағып отырғанымыз жоқ, бірақ біздің айтатынымыз: біз жұмысшы-шаруа үкіметі ретінде өмір сүргенде, ыдырау мен күйреуді заңдандыру үшін, көтермелеу үшін өмір сүріп отырғанымыз жоқ. Бұл үшін үкімет қажет емес. Үкімет оларды біріктіру үшін, ұйымдастыру үшін, санасыздыққа қарсы күресте саналы түрде топтастыру үшін қажет. Қандай әдіспен болса да ауыр халден жол тауып шығу үшін—астық табу үшін өзінің санасыздығы салдарынан бәрін де тастап жүре беретін, бәріне де көз жұмып қарайтын адамдарды кінәлауға болмайды, бірақ партияда бола тұрып, астық монополиясын уағыздай отырып, қимыл жасаған кезде саналылықты, топтасқандықты жеткілікті дәрежеде қолдамайтын адамдарды кінәлауға болады. Иә, қапшықшыларға қарсы, астықты жекелеп тасуға қарсы күрес—қиын күрес, өйткені мұның өзі қалың бұқараның қараңғылығына, санасыздығына, ұйымдаспағандығына қарсы күрес, бірақ біз бұл күрестен еш уақытта бас тартпаймыз. Жұрт жекелеп астық дайындаушылыққа бой ұрған әрбір ретте біз әрдайым оларды аштыққа қарсы күрестің пролетарлық социалистік тәсілдеріне шақырамыз: келіңіздер, дертке шалдыққан азық-түлік отрядтарын бәріміз бірігіп жаңа күштермен алмастыралық, тың, неғұрлым күшті, неғұрлым адал, неғұрлым саналы, неғұрлым сыннан өткен адамдармен алмастыралық, сонда біз 200 адамның бағаны қымбаттатып, жалдаптықты күшейте отырып, 15 пұттан жеке-жеке таситын нақ сол мөлшердегі астығын, нақ сол мыңдаған пұт астықты алып келе аламыз. Ал біз сол 200 адамды біріктіреміз де, жұмысшылардың топтасқан күшті армиясын құрамыз. Егер біз мұны бірден істей алмасақ, онда қайталап күш саламыз; біз әрбір заводта, әрбір фабрикада саналы жұмысшылардың жалдаптыққа қарсы күресу үшін кө-

бірек күш беруін, неғұрлым сенімді адамдарды жіберуін талап етеміз және жұмысшылардың санасы, тәртібі, ұйымшылдығы, сайын келгенде, ауыр сынның бәрін жеңіп шығатынына сенеміз. Жекелеген қапшықшылдықтың нәтижесінде жүз мыңдаған аш адамдарды сақтап қалуға болмайтынына жұрттың өз тәжірибесінен көзі жеткенде, біз ұйымшылдық ісі, саналылық ісі жеңіп шығатынын көреміз және біз топтастыру жолымен ашаршылыққа қарсы күресті ұйымдастырып, астықтың дұрыс бөлінуіне қолымыз жеткенін көреміз.

Менен осында: өнеркәсіптің нақ астық сияқты қажетті басқа өнімдеріне неліктен монополия енгізілмей отыр?—деп сұраушылар болды. Бұған мен былай деп жауап беремін: Совет өкіметі бұл жөнінде барлық шараларды қолданып жатыр. Тоқыма фабрикаларын, тоқыма өндірісін ұйымдастыру, біріктіру тенденциясы бар екенін өздеріңіз де білесіздер. Бұл ұйымның басшы орталықтарының көпшілігінде жұмысшылар отырғанын да білесіздер, Совет өкіметі өнеркәсіптің барлық салаларын национализациялауға кірісkенін де білесіздер, бұл істің жолында тұрған қиындықтардың орасан зор екенін, осының бәрін ұйымдасқан түрде жасау үшін көп күш керек екенін де білесіздер. Сондықтан біз бұл істі қолға алғанда, чиновниктерге сүйенетін үкіметтерше қолға алмаймыз. Олайша басқару оңай: олар бір адам мейлі 400 сом алсын, екінші адам—мейлі одан көбірек, мың сомнан алсын, біздің ісіміз бұйрық беру ғана, ал олар орындауға тиіс дейді. Буржуазиялық елдердің бәрі де солай басқарады, олар көбірек ақы төлеп чиновниктерді жалдап алады, сол буржуазияның өз балаларын жалдайды да, басқаруды соларға тапсырады. Совет республикасы бұлай басқара алмайды. Оның барлық тоқыма фабрикаларын біріктіру ісін, оларды есепке алу ісін, ең қажет заттардың бәріне монополия енгізу ісін, ол заттарды дұрыс бөлу ісін басқарып, басшылық етіп отыратын чиновниктері жоқ. Біз бұған сол жұмысшылардың өздерін шақырамыз, біз тоқымашылардың кәсіптік одақтарының өкілдерін шақырамыз да, былай дейміз: сіздер Центротекстильдің басшы коллегиясында көпшілік болуға тиіссіздер және Халық шаруашылығы

жоғары советінің басшы коллегияларында қандай көпшілік болып отырған болсаңыздар, мұнда да сондай көпшілік боласыздар. Жұмысшы жолдастар, осы мемлекеттік аса маңызды істі өздеріңіз қолға алыңыздар, іс білетін чиновниктерді қоя салғаннан гөрі мұның қиындау екенін біз білеміз, бірақ біз басқа жолдың жоқ екенін де білеміз. Билікті жұмысшы табының қолына беру керек, барлық қиыншылықтарға қарамастан, өз тәжірибесінен көре отырып, өз мойнымен көтере отырып, өз қолымен істей отырып, заттардың бәрін, кездеменің бәрін еңбекшілердің мүддесіне қарай бөлу ісіне алдыңғы қатарлы жұмысшыларды үйрету керек. (Қол шапалақтау.)

Міне, сондықтан да, мемлекеттік монополияны енгізу үшін, тұрақты баға белгілеу үшін Совет өкіметі қазіргі жағдайда істеуге болатын шараның бәрін істеп отыр, мұны жұмысшылар арқылы және сол жұмысшылармен бірге істеп отыр, жұмысшыларға Халық шаруашылығы жоғары советінде болсын, металлистердің немесе бірнеше аптаның ішінде национализацияландырылған қант заводтарының бірлестігінде болсын, әрбір басқармада, әрбір жеке орталықта көпшілік орын беріп отыр. Бұл жол—қиын жол, бірақ, қайталап айтайын, жүздеген жылдар бойы буржуазия өзінің бұйрықтарын құлша орындатуға және азап шегіп жұмыс істеуге ғана үйреткен, бұрын осыған ғана дағдыланған жұмысшылардың басқа жағдайға көшуіне, өкімет дегеніміз біздің өзіміз екенін сезетін болуына қиыншылықсыз жете алмаймыз. Өнеркәсіптің қожайыны, астықтың қожайыны, ел ішіндегі барлық өнімдердің қожайыны—біздің өзіміз. Міне, осы сана-сезім жұмысшы табына терең тамыр жайғанда, жұмысшы табы өзінің тәжірибесі арқылы, өзінің жұмысы арқылы өз күштерін ондаған есе арттырғанда, тек сонда ғана социалистік революцияның барлық қиыншылықтарын жеңіп шығамыз.

Мен сөзімді аяқтай келіп, фабрика-завод конференциясын тағы да мынаған шақырамын: Москва қаласында қиыншылықтар ерекше зор, өйткені ол сауданың және жалдаптықтың орасан үлкен орталығы, мұнда ондаған мың адамдар талай жылдар бойы саудамен, жал-

даптықпен күнелтіп келген, мұнда қиыншылықтар ерекше зор, бірақ мұнда, оның есесіне, кішкентай қалалардың ешқайсысында жоқ күштер де бар. Қазіргі оқиғалардың бәрі не нәрсеге үйретіп отырғанын, Россия еңбекшілерін шарпыған қазіргі ашаршылықтың не нәрсеге үйретіп отырғанын осы жұмысшы ұйымдары, фабрика-завод комитеттері жақсылап есте ұстап, мықтап ескеретін болсын. Өкіметтің помещиктер мен капиталистердің қолына қайта оралуынан революцияны тек жаңа ұйымдар ғана, саналы, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың неғұрлым ауқымды ұйымдары ғана сақтап қала алады. Мұндай алдыңғы қатарлы жұмысшылар қазір көпшілік, бірақ бұл жеткіліксіз; оларды жалпы мемлекеттік жұмысты неғұрлым көбірек қолға алатын ету керек. Москвада жалдаптардың ашаршылықты пайдаланып, ашаршылықтан баюы, астық монополиясын бұзу оқиғалары, байлардың не қаласа, соның бәріне не болу оқиғалары көп. Москвада коммунистер партиясының 8000 мүшесі бар, Москвада кәсіптік одақтар 20—30 мың адам бере алады, одақтар ол адамдардың пролетарлық саясаттың сенімді, табанды түрде жүргізушілері болатындығына кепілдік бере алады. Осыларды біріктіріңіздер, жүз мыңдаған адамдардан отрядтар құрыңыздар, азық-түлік ісін, бай халықты түгелдей тінтуді қолға алыңыздар,—сонда өздеріңізге қажетті нәрсеге қолдарыңыз жетеді. (Қол шапалақтау.)

Бұл істе Елец қаласында қандай табысқа қол жеткенін мен сіздерге өткен жолы айтқанмын, бірақ мұны Москвада істеу қиынырақ. Мен Елецтің іс неғұрлым жақсы жолға қойылған қала екенін айттым, ал іс бұдан әлдеқайда нашар жолға қойылған қалалар көп, өйткені бұл—қиын іс, өйткені мұнда әңгіме қару-жарақтың жеткіліксіздігінде емес,— қару-жарақ жеткілікті-ақ,— өздерінің жергілікті ісін емес, ал бүкіл Россияның ісін істеп жатқанын ұғына алатын, өздерінің атқарып отырған қызметтерін бүкіл таптың өкілдері ретінде атқара алатын, сөйтіп жұмысты белгілі бір сындарлы жоспар бойынша ұйымдастыра алатын, тапсырылған істі, Москва Советінің, бүкіл пролетарлық Москваның москвалық ұйымдарының шешімдерін орындай

алатын, сенімділігі күмәнсыз жүздеген, мыңдаған жұмысшыларды басшы, жауапты орындарға жоғарылату керек, Москвадағы қиыншылық осында болып отыр. Барлық қиыншылық пролетариатты ұйымдастыруда, оны осы кезге дейінгісінен анағұрлым саналы етуде болып отыр. Питердегі сайлауға[172] көз жіберіңіздерші,— сонда сіздер, Питерде ашаршылық Москвадағыдан да күшті екеніне қарамастан, онда апат мұндағыдан да гөрі ауыр соғып тұрғанына қарамастан, онда жұмысшы революциясына берілгендіктің өсіп келе жатқанын, онда ұйымшылдық, топтасқандық артып келе жатқанын көресіздер, сонда сіздер өздеріңізге: бізге төніп келген апаттардың күшеюімен бірге жұмысшы табының осы қиыншылықтардың бәрін жеңуге деген батылдығы да күшейіп отыр дейсіздер. Осы жолға түсіңіздер, қайрат-жігерлеріңізді күшейтіңіздер, мыңдаған жаңа отрядтарды, осы жолға, азық-түлік ісіне көмектесуге аттандырыңыздар, сонда біз сіздермен бірге, сіздердің қолдауларыңызға сүйене отырып, ашаршылықты жеңеміз және астықты дұрыс бөлуге жетеміз. (Ду қол шапалақтау.)

АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚАРАР

Москва фабрика-завод комитеттерінің IV конференциясы Совет өкіметінің азық-түлік саясатын түгелдей қуаттай келіп, деревня кедейлерін біріктіру саясатын айрықша мақұлдайды (және мұны барлық жұмысшылардың қолдауы қажет екенін талап етеді).

Жұмысшыларды азат ету жұмысшылардың өздерінің ғана ісі бола алады және қала жұмысшыларының деревня кедейлерімен аса тығыз одағы ғана буржуазия мен кулактардың қарсылығын жеңе алады, барлық артық астықты өз қолына алып, оны қаланың да, деревняның да мұқтаж адамдарына дұрыс бөліп бере алады.

Конференция барлық фабрика-завод комитеттерін жұмысшылардың негұрлым қалың бұқарасын азық-түлік отрядтарына ұйымдастырып, оларды ең сенімді жолдастардың басшылығымен жұмысшы және шаруа үкіметінің азық-түлік саясатын белсенді түрде жан-жақты қолдауға аттандыру ісіне барлық күшін салуға шақырады.

1918 ж. 27 июньде жазылған

СИМОНОВ КІШІ АУДАНЫНДАҒЫ МИТИНГІДЕ 1918 ж. 28 ИЮНЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[173]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Жұмысшылар Ленин жолдасты қызу құттықтайды.) Ленин жолдас азамат соғысының қажеттігі туралы айтты және Москва пролетариатын контрреволюциялық күштерге, сондай-ақ ашаршылыққа, мемлекеттік күйзеліске қарсы күрес ісінде ынтымақпен ұйымдасуға шақырды.

Ленин жолдас сөз арасында Саратов және Тамбов оқиғаларына тоқталды және меньшевиктер мен оңшыл эсер партиялары дем берген көтерілістер болған жерлердің бәрінде де бұл партиялардың идеологиясынан жұмысшы табының тез түңілгенін, сөйтіп жұмысшы-шаруа өкіметін басып алушыларды тез құлатқанын атап көрсетті.

Біз көмек сұраған телеграмма алдық, бірақ біздің отрядтар жарты жолға жетіп үлгірмей-ақ, жәрдем сұраған жұмысшылардың өздері: жедел көмектің қажеттігі болмай қалды, өйткені басқыншыларды жергілікті күшпен жеңдік деп қайта хабарлады. Саратовта, Тамбовта және басқа қалаларда осылай болды.

Ленин жолдас коммунистер партиясының мақсаттарына жалпы алғанда соғыстың қайшы келетінін айтты. Бірақ бүгінгі уағыздалып отырған соғыс — қасиетті соғыс, бұл — азамат соғысы, жұмысшы табының өз қанаушыларына қарсы соғысы.

Еңбек сіңірмейінше, орасан зор күш-жігер жұмсамайынша, біз социализм жолына шыға алмаймыз. Жұмысшы табының мұраттары жолында ойдағыдай күрес

жүргізу үшін ұйымдасу қажет. Ауыр шығындарға ұшырап, көп күш жұмсап жеткен жеңістердің бәрін баянды ете білу үшін де ұйымдасу қажет.

Өкіметті жеңіп алудан гөрі оны ұстап тұру қиын, біз жұмысшы табының талай рет өкіметті өз қолына алғанмен, жеткілікті дәрежеде күшті ұйымдары болмағандықтан ғана оны ұстап тұра алмағанын тарихтың мысалдарынан көріп отырмыз.

— Халық қажыған,—деді одан әрі Ленин жолдас,— сондықтан оны, әрине, қайсыбір ессіздікке, тіпті Скоропадскийге қарай да, итермелеуге болады, өйткені халықтың негізгі бұқарасы қараңғы.

Қазірде ашаршылық төніп келеді, бірақ Сибирьсіз де, Кавказсыз да, Украинасыз да астықтың толық жететінін біз білеміз. Астана төңірегіндегі губернияларда жаңа егінге дейін астық жеткілікті мөлшерде бар, бірақ оның бәрін кулактар тығып тастап отыр. Деревня кедейлерінің көмегімен сол астықты алу үшін оларды ұйымдастыру қажет. Жалдаптар мен жалдаптыққа қарсы іс жүзінде ғана емес, сөз жүзінде де аяусыз күрес жүргізу қажет.

Кулактарға қарсы күресудің қажеттігін жай халыққа ұйымдасу арқылы топтасқан жұмысшы табы ғана түсіндіре алады. Кедей шаруалардың ұйымдасқан қала пролетариаты сияқты орасан зор одақтасы барын орыс халқы білуге тиіс.

Жұмысшы табы мен шаруалардың интеллигенцияға аса көп үміт артуына болмайды, өйткені бізге келіп жатқан интеллигенцияның көбі үнемі біздің құлауымызды күтіп отыр.

Ленин жолдас өзінің сөзін жұмысшылар мен шаруаларды кулактарға, помещиктерге және буржуазияға қарсы күреске ұйымдасуға шақырумен аяқтады. (Ленин жолдастың сөзі барлық жиналған жұрттың ду қол шапалақтауына ұласады.)

«Известия ВЦИК» № 133, 29 июнь, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КӨРЕГЕНДІК СӨЗДЕР

Қазір, құдайға шүкір, кереметке сенбейді. Керемет көрегендік дегеніңіз — ертегі. Бірақ ғылыми көрегендік дегеніміз—факт. Сондықтан масқара торығушылықты немесе тіпті түңілушілікті айналамыздан екінің бірінде кездестіруге болатын қазіргі кезде расқа шыққан бір ғылыми көрегендік жайды еске салған пайдалы.

Сигизмунд Боркхеймнің «1806—1807 жылдардағы неміс ура-патриоттарының есіне» («Zur Erinnerung für die deutschen Mordspatrioten 1806—1807») деген кітапшасына арнаған алғы сөзінде 1887 жылы Фридрих Энгельстің келешектегі бүкіл дүние жүзілік соғыс жайында жазуына тура келген еді. (Бұл кітапша «Социал-демократиялық кітапхананың» 1888 жылы Готтинген—Цюрихте шыққан XXIV кітабы болатын.)

Келешектегі бүкіл дүние жүзілік соғыс жайында осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын Фридрих Энгельс, міне, былай деп пайымдаған:

«...Пруссия—Германия үшін қазірдің өзінде-ақ бүкіл дүние жүзілік соғыстан басқа ешқандай соғыс болуы мүмкін емес. Ал мұның өзі бұрын болып көрмеген көлемдегі, бұрын болып көрмегендей күшті бүкіл дүние жүзілік соғыс болар еді. Сегіз миллионнан он миллионға дейін баратын солдаттар бірін-бірі алқымнан алатын болады, сөйтіп қара бұлттай қаптаған шегірткe де ешқашан тып-типыл ете алмағандай етіп, бүкіл Европаны жайпайды. Отызжылдық соғыстың зардабынан бол-

ғандай ойран енді үш-төрт жылға сыйғызылып, бүкіл континентке тарайды, ашаршылық, індет, орасан мұқтаждықтан әскерлердің де, халық бұқарасының да жаппай тағылануы, саудадағы, өнеркәсіптегі және кредиттегі біздің жасанды механизміміздің барынша былығуы етек алады—осының бәрі де жаппай банкротқа ұшыраумен тынбақ; ескі мемлекеттердің және олардың керенау мемлекеттік даналығының күйреуі—көше-көшенің бойында тәждер он-ондап аяқ астында жататын және оларды жерден көтеріп аларлықтай бірде-бір кісі табылмайтын күйреу болады; мұның бәрі немен бітетінін, күресте кімнің жеңетінін алдын ала болжау мүлде мүмкін емес; тек бір нәтиже ғана айдан анық: жұрт жаппай титықтайды, сөйтіп жұмысшы табының біржола жеңіп шығуына жағдай жасалады.

Егер соғысу үшін қаруланууда әбден шегіне жеткізілген өзара бәсеке ақырында келіп өзінің сөзсіз нәтижелерін беретін болса, болашақ міне осындай. Король және мемлекет қайраткерлері мырзалар, сіздердің даналықтарыңыз ескі Европаны міне осы халге әкеліп соқтырды. Ал егер сіздерге ең соңғы сұрапыл соғыс ойнағын ашудан басқа ештеңе қалмаған болса,—біз оған жыламаймыз (uns kann es recht sein). Мейлі, тіпті соғыс бізді, мүмкін, уақытша артқа қарай ысырып та тастар, соғыс біздің қазірде жеңіп алған кейбір позицияларымызды да алып қояр. Бірақ егер сіздер кейін өздеріңізге ырық бермей кететін күштердің жүгенін сыпырып жіберетін болсаңыздар, оның аржағында іс қалай қарай бет алса да, бұл алапаттың ақырында сіздер қираған ескі жұртқа айналасыздар да, пролетариат не соның өзінде жеңіске жетеді, не сол жеңіс қайткен күнде де (doch) болмай қоймайды.

Лондон. 15 декабрь, 1887 ж. *Фридрих Энгельс»*[174].

Қандай данышпан көрегендік! Және осы дәл, айқын, қысқа, ғылыми таптық талдаудың әрбір сөзі ой-пікірге қандай ұшы-қиырсыз бай! Егер... егер буржуазия алдында жалбақтауға дағдыланған немесе буржуазиядан өзі қорқа соғатын адамдар ойлай білетін болса, ойлауға

қабілетті болса, қазіргі уақытта масқара сенімсіздікке, күйректікке, үмітсіздікке салынған адамдар осы сөздерден қаншама нәр алған болар еді!

Энгельстің алдын-ала болжап айтқандарының қайсыбірі басқаша болып шықты: жойқын қарқынды империалистік дамудың отыз жылы ішінде дүние жүзі мен капитализм қалайша өзгермесін. Бірақ бәрінен де ғажабы: Энгельстің алдын ала болжап айтқандарының көпшілігі «айна қатесіз» дәл келіп жатыр. Өйткені Энгельс мүлтіксіз дәл таптық талдау жасаған еді, ал таптар мен олардың қарым-қатынастары бұрынғысынша қалды.

«...Соғыс бізді, мүмкін, уақытша артқа қарай ысырып та тастар...» Іс нақ осы жолмен кетті және тіпті одан да асып түсті, одан да жаман болды: «артқа қарай ысырылып тасталған» социал-шовинистердің және олардың тұрлаусыз «жартылай душпандары» каутскийшілдердің бір бөлегі өздерінің кері шегінуін мадақтай бастады, социализмнің тікелей опасыздары мен сатқындарына айналды.

«...Мүмкін, соғыс біздің қазірде жеңіп алған кейбір позицияларымызды да алып қояр...» Жұмысшы табының толып жатқан «жария» позициялары тартып алынды. Оның есесіне жұмысшы табы сыннан өтіп шынықты және құпия ұйымның, құпия күрестің, өзінің күштерін революциялық шабуылға әзірлеудің қатал да пайдалы сабағын алып жатыр.

«...Тәждер он-ондап аяқ астында жатады...» Бірнеше тәж қазірдің өзінде құлап түсті, ал соның бірі: бүкіл россиялық патша Николай Романовтың тәжі—басқа он тәжге татырлық тәж.

«...Мұның бәрі немен бітетінін... алдын ала болжау мүлде мүмкін емес...» Соғыстың торт жылынан кейін осы мүлде мүмкін болмау, егер осылай деуге болар болса, бұрынғыдан да гөрі мүлде мүмкін болмай отыр.

«...Саудадағы, өнеркәсіптегі және кредиттегі біздің жасанды механизміміздің барынша былығуы...» Соғыстың төртінші жылының аяғында мұның өзі капиталистер соғысқа киліктірген ең үлкен және ең артта қалған

мемлекеттің бірінде,—Россияда,—айқын көрініп отыр. Бірақ Германия мен Австрияда күшейіп бара жатқан ашаршылық, киім-кешектің, шикізаттың тапшылығы, өндіріс құрал-жабдықтарының тозуы нақ осындай жағдайдың басқа елдерге де орасан тез төніп келе жатқандығын көрсетпей ме?

Энгельс тек «сыртқы» соғыстан туатын зардаптарды суреттейді; ол ішкі, яғни азамат соғысына тоқталмайды, ал тарихта бірде-бір ұлы революция азамат соғысынсыз болған емес, бірде-бір байсалды марксист капитализмнен социализмге өту азамат соғысынсыз болады деп ойлаған да емес. Ал егер капитализмнің «жасанды механизмінде» «барынша былығуды» тудырмай-ақ, сыртқы соғыстың әлі де белгілі бір уақытқа дейін созыла беруі мүмкін болса, онда азамат соғысын мұндай зардапсыз болады деудің мүлдем ақылға сыймайтыны айқын.

Өздерін «социалистерміз» деп атай отырып, біздің новожизньшілдер, меньшевиктер, оңшыл эсерлер, т. т. тәрізді осы «барынша былығудың» көрінісін табалап көрсетуші адамдар, барлығы жөнінде революцияшыл пролетариатты, Совет өкіметін, социализмге өту «утопиясын» кінәлаушы адамдар,—олардың өз құлқыны үшін буржуазияға қызмет етіп отырғанын былай қойғанда,—неткен топастықты, неткен тұрлаусыздықты көрсетіп отыр десеңші. Біздің тіліміздің тамаша сөзімен айтқанда, «былығу», күйзеліс соғыстан туып отыр. Ауыр соғыс күйзеліссіз болмайды. Социалистік революцияның қажетті шарты және серігі болып табылатын азамат соғысы күйзеліссіз болмайды. Күйзеліске «байланысты» революциядан, социализмнен безу—тек өзінің идеясыздығын көрсету және іс жүзінде буржуазия жағына өтіп кету деген сөз.

«...Ашаршылық, індет, орасан мұқтаждықтан әскерлердің де, халық бұқарасының да жаппай тағылануы...»

Көп жылға созылған ауыр, азапты соғыстың объективті зардаптары жөнінде аздап болса да ой жүгіртуге қабілетті адамдардың қай-қайсысына да ап-анық осы даусыз қорытындыны Энгельс қандай түсінікті және қандай айқын жасаған десеңізші. Және осы қарапайым

пікірді байыптап ойлағысы келмейтін немесе ойлай алмайтын көптеген «социал-демократтар» мен сорлы-«социалистер» неткен ақылсыз десеңізші.

Әскерлердің де, халық бұқарасының да *тағылануынсыз* көп жылдық соғыстың болуы ақылға сыйымды ма? Әрине, жоқ. Көп жылдық соғыстың мұндай зардабы, бүкіл бір ұрпаққа болмағанмен, бірнеше жылға кететіні қайткенде де сөзсіз нәрсе. Ал бұл тағылануды империалистік соғыс туғызып отырғаны және ұзақ күрес жүргізбейінше, бірқатар қатал қысым көрсетпейінше соғыстың *мұндай* зардаптарынан ешқандай революцияның құтыла алмайтыны айдан анық бола тұрса да, біздегі өздерін «социал-демократтармыз» және «социалистерміз» деп атайтын «құндақтаулы адамдар», буржуазиялық интеллигенциядан шыққан шіңкілдектер тағыланудың пайда болуын немесе тағыланудың ерекше асқынған түрлеріне қарсы күрес шараларының қатал болмай қоймайтындығын революцияға жауып, буржуазияға үн қосып жүр.

Олар, «Новая Жизньдегі», «Вперёдтегі» немесе «Дело Народадағы» біздің тәтті тілді жазушыларымыз «теория жағынан» алғанда пролетариаттың немесе басқа езілген таптардың революциясын мойындауға әзір, тек қана бұл революция халықтардың төрт жылдық империалистік қырғынынан қанға боялған жерде, осы қырғында азап шеккен, қалжыраған, тағыланған сан миллион адамдардың арасында туып жетілмей, аспаннан түссе екен дейді.

Революцияны толғақ азабымен салыстыру керектігін олар естіген және «теориялық жағынан» мойындаған, бірақ іске келгенде, олар масқара болып қорықты да, өздерінің түкке тұрғысыз таяз жандарының жылаймандығын буржуазияның пролетариат көтерілісіне қарсы залымдық істерін қостаушыға айналдырды. Толғақтың әдебиеттегі суреттелуін алайық,—авторлардың мақсаты осы толғақтың барлық ауыртпалығының, барлық азабының, барлық сұмдығының шын бейнесін беру болғандағы суреттеуді, мысалы, Эмиль Золяның «La joie de vivre» («Өмір қуанышы») немесе Вересаевтың «Дәрігер жазбалары» деген шығармаларын алайық.

Адамның дүниеге келуі әйелді қатты қиналудан шексіз азап шеккен, сүлдері құрыған, есеңгірегеп, қансыраған шалажансар бірдеңеге айналдыру актісіне байланысты. Бірақ махаббаттан, оның нәтижесінен, әйелдің анаға айналуынан *тек* осыны *ғана* көретін «индивидті» адам деп тануға біреу-міреу келісе қояр ма екен? *Осыған* сүйеніп, махаббаттан және бала туудан кім безе қояр екен?

Толғақтың жеңілі де, ауыры да болады. Ғылыми социализмнің негізін қалаушылар, Маркс пен Энгельс, капитализмнен социализмге өтуге сөзсіз байланысты *толғақтың ұзақ азаптары* туралы әрқашан айтып келген. Ал Энгельс бүкіл дүние жүзілік соғыстың зардаптарын талдай келіп, соғыстан соң туған, соғысқа байланысты (ал ол ол ма—өз жанымыздан қосып айтайық—соғыс кезінде тұтанған, айналасындағы бүкіл дүние жүзілік соғыс кезінде өсіп, соғап төтеп беруге мәжбүр болған) революция, мұндай революция толғақтың *ерекше ауыр* түрі болып табылатыны жөніндегі даусыз да айқын фактіні әрі түсінікті, әрі анық суреттейді.

Осы фактіні айқын түсіне отырып, Энгельс бүкіл дүние жүзілік соғыста өліп бара жатқан капиталистік қоғамнан социализмнің туу жайын айрықша сақтықпен айтады. «Тек бір нәтиже ғана (бүкіл дүние жүзілік соғыстың нәтижесі) айдан анық,—дейді ол,—жұрт жаппай титықтайды, сойтіп жұмысшы табының біржола жеңіп шығуына жағдай *жасалады»*.

Бұл пікір біз талдап отырған алғы сөздің аяғында онан да гөрі анық айтылған:

«...Бұл алапаттың ақырында сіздер (капиталистер мен помещиктер және корольдер мен буржуазияның мемлекет қайраткерлері) қираған ескі жұртқа айналасыздар да, пролетариат не соның өзінде жеңіске жетеді, не сол жеңіс қайткен күнде де болмай қоймайды».

Толғақ қиналысы қатерлі аурудың қаупін немесе өліп кету қаупін әлденеше рет күшейтеді. Бірақ жеке адамдар толғақ үстінде өліп кететін болғанымен, ескі укладтан туатын жаңа қоғам өлмек емес, тек оның тууы неғұрлым азапты, неғұрлым ұзақ болады, өсуі, жетілуі неғұрлым баяу болады.

Соғыс әлі аяқталған жоқ. Ал жаппай титықтау қазірдің өзінде келіп те отыр. Энгельс шартты түрде алдын ала болжап айтқан, соғыстың *тікелей* екі нәтижесінің (жұмысшы табының не соның өзінде жеңіске жетуі, не *қандай қиыншылықтарға да қарамастан,* ол жеңістің болмай қоймауына жағдай жасалуы) қазір, 1918 жылдың жартысына қарай, осы екі жағдайдың *екеуі де* бар.

Неғұрлым нашар дамыған капиталистік елдердің бірінде жұмысшы табы *қазірдің өзінде жеңіске жетті.* Басқа елдерде, адам естімеген қиындық үстінде, адам естімеген күшпен жеңісті «қайткен күнде де сөзсіз» ететін жағдайлар жасалып жатыр.

«Социалистік» шіңкілдектер шәуілдей берсін, буржуазия табалап, құтырына берсін. Көрмеу үшін көзін жұмып алатын, естімеу үшін құлағын тығындап алатын адамдар ғана социализмге жүкті болып отырған ескі капиталистік қоғам үшін бүкіл дүние жүзінде толғақтың басталғанын аңғара алмауы мүмкін. Оқиғалардың барысы уақытша социалистік революцияның авангардына шығарған біздің елге басталған толғақ қиналысының алғашқы кезеңінің қазір ерекше ауыр азаптары түсіп отыр. Неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің біразында бізге жаңа одақтастар, социалистік революцияның жаңа жеңістерін әзірлеп жатқан болашаққа мейлінше батыл және кәміл сеніммен қарауымызға бізде барлық негіз бар. Жерді қанға бөктірген, адамзатты ашаршылыққа, тағылыққа душар еткен, жаны алқымға келген айуан сияқты қаншама құтырынса да, тірі қала алмайтын, көп ұзамай өлетін жабайы аң — капитализмді жер шарының бір бөлегінде бірінші болып құлату біздің үлесімізге тигенін мақтан етуге және сол үшін озімізді бақыттымыз деп санауға біздің хақымыз бар.

29 июнь, 1918 ж.

«Правда» № 133, 2 июль, 1918 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

Демократизмъ Совѣтской власти и ея социалистическій характеръ выражается въ томъ,

что верховной государственной властью являются совѣты, которые составляются изъ представителей трудящагося народа (рабочих, солдат и крестьян), свободно выбираемых и смѣняемых в любое время массами, доселѣ угнетавшимися капиталом;

что совѣты мѣстные свободно объединяются, на началах демократическаго централизма, въ единую, федеральным союзом скрѣпленную, общегосударственную совѣтскую власть Россiйской совѣтской республики;

В. И. Лениннің «Совет өкіметінің демократизмі және социалистік сипаты туралы» деген қолжазбасының бас жағы.—1918 ж.

Кішірейтілген

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ ДЕМОКРАТИЗМІ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК СИПАТЫ ТУРАЛЫ

Совет өкіметінің демократизмі және оның социалистік сипаты мынадан көрінеді:

еңбекші халықтың (жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың) осы кезге дейін капитал езіп келген бұқара өзінің қалаған уақытында еркін сайлайтын және ауыстыратын өкілдерінен құралатын Советтер жоғарғы мемлекеттік өкімет болып табылады;

жергілікті Советтер демократиялық централизм негізінде, біртұтас, федерациялық одақпен бекіген, Россия Совет республикасының жалпы мемлекеттік Совет өкіметіне еркін бірігеді;

Советтер заң шығару билігін және заңдардың орындалуын бақылау ісін ғана өз қолына алып қоймайды, сонымен қатар заң шығару мен мемлекеттік басқару қызметін орындауға барлық еңбекші халықтың түгел қатысуына бірте-бірте көшу мақсатында Советтердің барлық мүшелері арқылы заңдарды тікелей жүзеге асыруды да өз қолына алады.

Одан әрі мыналарды еске ала келіп,

жеке фабрика немесе жеке кәсіп жұмысшыларының олардың ерекше өндірісіне меншігі болуын, немесе олардың жалпы мемлекеттік өкіметтің жарлықтарын әлсірету, немесе бөгеу праволарын, тікелей немесе жанама түрде, қандай да болсын заңдастыру Совет өкіме-

тінің басты негіздерін барынша бұрмалағандық және социализмнен мүлде бас тартқандық болып табылады...*

1918 ж. бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1957 ж. 22 апрельде «Правда» газетінің 112-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Осымен қолжазба үзіледі. *Ред.*

«FOLKETS DAGBLAD POLITIKEN» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІНЕ 1918 ж. 1 ИЮЛЬДЕ БЕРІЛГЕН ИНТЕРВЬЮ[176]

Сіздің тілшіңіз Россиядағы жағдай туралы және Европадағы жалпы жағдай туралы бүгін Ленинмен әңгімелесті. Ленин мынаны атап көрсетті: революция әрқашан да үлкен азаппен туады. Революцияны жалғыз өзі жасайтын ел әрқашан қиын жағдайға ұшырайды. Бірақ, Россияда ғана емес, барлық жерде де жағдай ауыр. Россияда анархия жайлап алған деседі, алайда бұл анархия большевиктік режимнің нәтижесі емес, төрт жылдық соғыстың салдары. Жаңа астыққа дейін қалып отырған апталар ең ауыр апталар болмақшы. Астықтың түсімі жақсы болғалы отыр. Контрреволюция қазіргі туып отырған жағдайды барлық әдістермен пайдаланып қалуға тырысуда. Контрреволюция бай шаруалар мен офицерлерден құралып отыр, бірақ ол шетелден қолдау таппаса дәрменсіз. Контрреволюционерлер жеңген қалаларда олар өкіметті не бары бірнеше күн, ал кейде тіпті бірнеше сағат қана ұстап тұра алды. Оңшыл эсерлердің ұйымдастыруымен Володарскийдің өлтірілуі, шын мәнінде, контрреволюционерлердің әлсіздігін көрсетеді. Партияны бұқара қолдамайтын болса, ол әрқашан да жеке террор жасауды қолданатынын орыс революциясының тарихы көрсетіп отыр.

* *
*

Большевиктер партиясының ішінде Брест бітіміне қарсы болған оппозиция тынышталды, деп мәлімдеді

Ленин. Бухарин, Радек және басқалар жұмысқа қайтадан қатыса бастады. Бітім немістердің Россияны толығынан басып алып, революцияны тұншықтырмауы үшін қажет болды. Анархистерге қарсы қолданылған шараларға келетін болсақ, онда бұл шаралар анархистердің қарулануына және олардың бір бөлегінің көрінеу бандит элементтермен бірігіп кетуіне байланысты туды. Идеясы жағынан анархистер болып табылатындар қазірдің өзінде босатылды, ал олардың «Анархия» деген көлемді күнделікті газеті бұрынғыша шығып тұр[176].

Барлық осы қиыншылықтар жағдайында өнеркәсіпті ұйымдастыру жұмысы жүріп жатыр. Кәсіпорындардың иелері әлі де болса бұл жұмысқа кеңінен саботаж жасауда, бірақ жұмысшылар кәсіпорындарды басқару ісін өз қолдарына алуда.

Чехословактардың бүлігі жөнінде айта келіп, Ленин біразға созылғанымен бұл бүлікті совет әскерлерінің жаныштайтындығына сенім білдірді.

* *
*

Украинада немістердің жағдайы өте ауыр. Олар шаруалардан мүлде астық ала алмайды. Шаруалар қаруланып, үлкен-үлкен топ болып, неміс солдаттары қай жерде кездессе, сол жерде оларға шабуыл жасауда. Бұл қозғалыс етек алып келеді. Неміс оккупациясы себепті Украинада большевизм өзінше бір ұлттық қозғалысқа айналды. Бұрын большевизм туралы естігісі де келмеген адамдарды енді ол өз төңірегіне біріктіруде. Егер немістер Россияны оккупациялап алса, мұның нәтижесі де дәл сондай болып шығар еді. Немістерге бітім керек. Бір ғажабы, бітім жасалуын Украинада украиндардан гөрі немістер көбірек тілейді. Түркия жөнінде де жағдай дәл осындай. Украинада Брест бітімін әрқашан жерден алып, жерден салғанымен де, немістер Украина радасымен тиімді келісім жасасты. Енді немістер Кавказда большевиктерге қарсы күресуге көмектесуде.

* *
*

Россияда бізге ендігі жерде Европада революциялық қозғалыстың дамуын күту керек болады. Германиядағы соғысқұмар партияның қазіргі кезде күштілігі соншалық, ол Берлиндегі үкімет туралы жиіркенішпен сөз етуде. Алайда империализмге қарсылық тіпті буржуазиялық топтардың ішінде де өсіп келеді. Ерте ме, кеш пе, мәселе барлық жерде де саяси және әлеуметтік күйреуге дейін жетуге тиіс. Қазіргі жағдай берік емес, бірақ жақсы тәртіпті соғыс пен қантөгіс арқылы ғана орнатуға болмайды.

1918 ж. 4 июльде «Folkets Dagblad Politiken» газетінің 152-номерінде швед тілінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1962 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 2-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр Швед тілінен аударма

АЛЕКСЕЕВ МАНЕЖІНДЕ БОЛҒАН МИТИНГІДЕ 1918 ж. 2 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[177]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин жолдас, өндіріс құрал-жабдықтары сияқты, армияның да бұрын қанаушылар табының қолындағы езу құралы болып келгенін атап көрсетті. Ал қазір Россияда мұның екеуі де еңбекшілердің мүдделері жолындағы күрестің құралына айналып келеді.

Бұл төңкеріс оңай жасалған жоқ, мұны ескі патшалық армияның солдаттары осы армияны қысымда ұстап келген тәртіптен біледі. Онан соң, Ленин жолдас жуырда өзі Финляндияда естіген, финнің бір шаруа кемпірінің: бұрын мылтықты адам оған орман ішінен шөпшек теруге де рұқсат етпеуші еді, ал қазір, керісінше, ол қауіпті емес, қайта оны қорғайды деген әңгімесін келтірді. Буржуа мен олардың жақтастары бізге қаншама пәле жапқанымен,—дейді Ленин,—ақ гвардияшылар қаншама заговор жасағанымен, қазіргі армия еңбекшілердің қорғанышы деген ұғым тіпті осындай қараңғы, қаналған бұқараның да санасына енген екен, ендеше Совет өкіметі берік.

Онан соң, Ленин ашаршылық жалдаптар мен капиталистерді, нақ бұрынғыдай, күшейте түсетінін атап көрсетті. Қазір нақ былай болғалы тұр, азамат соғысында, мүмкін, осы ашаршылықты пайдаланып жалдаптық жасаушылармен де жаңа армияның айналысуына тура келетін болар. Мейлі, ескі дүние—дәурені өткен қоғамның өкілдері—ашыққандарға ескіше жәрдем беруге тыраса берсін, ал жаңа дүние мұны, оларға қарамастан, жаңаша жүргізеді. Егер,— дейді Ленин

жолдас,— еңбекшілердің алдыңғы авангарды, Қызыл Армия өздері бүкіл халықаралық социализм мүддесінің өкілі және қорғаушысы екенін есінде ұстайтын болса, онда біз жеңеміз.—Одан әрі Ленин: біз жалғыз емеспіз, бұған Австриядағы оқиғалар, сондай-ақ қазір жаныштталып отырғанымен де, Европаның барлық елдерінде оз істерін істеп жатқан біздің пікірлестеріміз мысал бола алады деп көрсетті.

«Правда» № 135, 4 июль, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ V СЪЕЗІНІҢ КОММУНИСТІК ФРАКЦИЯСЫНДА 1918 ж. 3 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[178]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Россияның халықаралық жағдайы туралы мәселеге тоқтала келіп, Ленин жолдас біздің позициямызға төнген қатердің әлі де жойылмай отырғанын: сыртқы жау тарпа бас салмақшы болып қана қоймай, Россияны қазірдің өзінде бөлшектеп алып жатқанын көрсетті.

Бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табы күш салып, капитал құлатылған кезеңге дейін, сірә, осы аумалы-төкпелі жағдай жалғаса беретін болар. Қазіргі кезеңді Совет өкіметін нығайту үшін тыныс алуға пайдалану қажет.

Дүние жүзілік қырғын туралы айта келіп, Ленин жолдас герман қаруының жеңісі империалистік елдердің арасында бітім шарттарын мүмкін етпей тастайды деп атап көрсетті. Ағылшын-француз капиталистері Германияның тонап алған осыншалық мол олжасына көне алмайды. Ал оның үстіне Германияның Франциядағы жүздеген мың солдатын қырып алған бірқатар шабуылдарынан кейін белгілі бір дәрежеде күштердің тепе-теңдігі орнады, сондықтан герман найзасы тікелей қауіп болып табылмайды. Оның үстіне, Келісу елдерінің империалистері[179] Австро-Венгрияда басталған күйзелісті, апатты жағдайды есепке алады.

Істің жалпы жағдайынан туатын қорытынды біреу — соғыс бітпеске айналып барады. Біздің социалистік революцияның дүние жүзілік революция бұрқ еткенге дейін төтеп бере тұруына елеулі негізі бар, оған соғыстың осы бітпеске айналуы кепіл, ал дүние жүзілік ре-

волюцияның бұрқ етуінің кепілі—соғыс, соғыс болғанда тек жұмысшы бұқарасы ғана аяқтай алатын соғыс. Біздің міндетіміз—Совет өкіметін сақтап қалу, ал біз шегініс жасап, ыңғайын тауып, осыны істеп те отырмыз. Қазіргі кезеңде ашық күреске бару—дүние жүзілік революцияның жағдайын нашарлату деген сөз.

Бұрын өкімет басында тұрған әр алуан оңшыл партиялардың қолынан еліміздің шаруашылығын қандай күйде алғанымызды баяндай келіп, Ленин жолдас жаңа негізде, жаңа әдістермен ұйымдастырылып жатқан шаруашылық құрылысының барлық қиыншылықтарын атап көрсетті.

Ашаршылыққа қарсы күресте біздің екі жауымыз бар: байлар және күйзеліс. Бұл күресте кедей өзінің жұмысшымен туысқандық одағына сенуі қажет. Кедей құр сөзге сенбейді, іске сенеді. Сондықтан бұл арада біз саналы қала жұмысшыларының деревня кедейлерімен одағына ғана үміт артамыз. Барша жұрттың нанға правосы үшін және оны әділ бөлісу правосы үшін күрес—ұлы міндет. Біз жасап жатқан социализм біркелкі етіп бөле білуге негізделмек. Бұл жөнінде біз өзіміздің бауырларымыздың алдында ғана емес, бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының алдында да жауаптымыз.

Социализм қолдан келмейтін бірдеңе емес, мұның өзі берік жұмысшы құрылысы екенін және бүкіл дүние жүзінің пролетариаты осыған ұмтылуы керек екенін олар білуге тиіс.

«Правда» № 135, 4 июль, 1918 ж.

«Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ, ШАРУА, СОЛДАТ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ V СЪЕЗІ[180]

4—10 ИЮЛЬ, 1918 ж.

Газет есебі 1918 ж. 6 және 7 июльде «Известия ВЦИК» газетінің 139 және 140-номерлерінде басылған

1918 ж. мына кітапта толық басылған: «Советтердің Бүкіл россиялық бесінші съезі. Стенографиялық есеп». Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасы

Стенограммамен және «Вестник Путей Сообщения» журналының 1918 ж. 7—8-номерінің текстімен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

1

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ 5 ИЮЛЬДЕГІ БАЯНДАМАСЫ

Жолдастар, менен бұрынғы шешеннің сөзі кей жерлерінде тым қызу айтылғанына қарамастан[181], Халық Комиссарлары Советінің атынан менің өз баяндамамды жалпы ретте ұсынып, басты-басты принципті мәселелерге тиісінше тоқталып өтуіме және менен бұрынғы шешен сондайлық тілеп отырған айтысқа беріліп кетпеуге рұқсат етіңіздер, бірақ, әрине, мен бұл айтыстан толық бас тартпақшы да емеспін. Жолдастар, соңғы съезден бергі уақыттың ішінде біздің жағдайымызды белгілеген, біздің саясатымызды өзгерткен және біздің тактикамызды, Россиядағы басқа партиялардың кейбіреулерімен біздің қатынасымызды белгілеген басты фактор Брест шарты болғандығы сіздерге белгілі. Есте-ріңізде болар, өткен съезде аты-шулы тыныс алудың Россияға жәрдемі тимейді, халықаралық империализмнің одағы бәрібір жасалып отыр және біздің шегінуіміз практикалық жағынан ештеңеге жеткізе алмайды деген тұрғыда бізге көп кінә тағылды, көп айып қойылды, көп сөздер айтылды. Осы негізгі фактор капиталистік елдердің де барлық жағдайын белгіледі, сондықтан, әлбетте, бұл факторға тоқталуға тура келеді. Жолдастар, айыпталынып, кінә тағылғанына қарамастан, өткен 3 жарым айдан кейін, біздің істегеніміз мүлдем даусыз дұрыс болып шықты деп ойлаймын. Басқаларды қанамайтын және халықтың ашығуынан пайда тауып байымайтын пролетариат пен шаруалардың бәрі, сөз жоқ, біздің жағымызда және, қалай болған күнде

де, бұлар өздерін соғысқа тартып, Брест шартын бұзғысы келетін есісіздерге қарсы деп айта аламыз. (Ш у.)

Оның тоғызы біздің жағымызда және, жағдай айқындала түскен сайын, қазіргі уақытта, Батыс Европадағы империалистік партиялар, басты-басты империалистік екі топ бір-бірімен жанталаса айқасып жатқан кезде, олар әрбір ай, әрбір апта, әр күн өткен сайын бірін-бірі тұңғиыққа, бейнесі бізге айқындала бастаған тұңғиыққа итермелеп жатқан кезде, осындай кезеңде біздің тактикамыздың дұрыстығы біз үшін әсіресе айқын,—соғысты бастан кешіргендер, соғысты көргендер, соғысты жеңіл-желпі сөз ете салмайтындар мұны мейлінше жақсы біледі. Топтардың әрқайсысы әзірше бізден күштірек болып отырғанда, ұйымдасқан, тәртіпті жаңа армия құру үшін, оны жаңа негізде құру үшін біз Россия жұмысшылары мен еңбекші халқының сөз жүзінде емес, іс жүзінде революция нәтижелерін пайдалануына, көрген соққыдан ес жинауына, бүкіл тұлғасымен бой көрсетуіне мүмкіндік беретін негізгі бетбұрыс... (сол жақта ду қол шапалақтау, оң жақтан «Керенский!» деген дауыс), осы бетбұрыс әлі де жасалмай отырғанда, біздің күте тұруға тиіс екендігіміз бізге әсіресе айқын. Сондықтан, халық бұқарасына қаншалық жақындаған сайын, фабрикалар мен заводтардың жұмысшыларына және жалдама еңбекті қанамайтын еңбекші шаруаларға, өзінің астығын тығып тастайтын және азық-түлік диктатурасынан қорқатын кулактың жалдаптық мүдделерін қорғамайтын шаруаларға қаншалық жақындап барған сайын біз осылардың арасынан да толық тілектестік пен бірауыздылықты кездестіреміз деп соншалық қателеспей айтуымызға болады, ал қазір, соны кездестіріп отырмыз деп кәміл сеніммен айтуымызға болады. Иә, жұрт өзінің санасыздығы салдарынан, құрғақ сөздерге елігіп, халықты осы жауларға—империалистерге қарсы соғысқа қаншама итермелесе де, адамдар қандай сөздерді бүркемеленсе де, халық қазір соғысқысы келмейді, соғыса алмайды, соғыспайды да. Иә, жолдастар, қазіргі уақытта тура немесе жанамалап, ашықтан-ашық немесе бүркемелеп соғыс туралы сөз қозғайтындар, Брест

тұзағына қарсы айқай салатындар Россияның жұмысшылары мен шаруаларының мойнына тұзақ салып отырған Керенский мырзалар мен помещиктер екенін, капиталистер мен кулактар екенін көрмей отыр... (Дауыс: «Мирбах!». Шу.) Олар кез келген жиналыста қаншама айқайлағанымен, халық арасында бұлардың ісінен үміт жоқ! (Қол шапалақтау. Шу.)

Өздерінің қазіргі душар болып отырған жағдайында бұл адамдардың, басқа дәлелі болмаған соң (дауыс: «Дәлелдер бар!». Шу.) айқаймен, байбалам салумен, балағаттаумен, дөрекі қылықтармен жауап беруден басқа ештеңесі қалмағаны (қол шапалақтау) мені ешбір таңырқатпайды...

Орыс солдаттарының жүзден тоқсан тоғызы соғыстан құтылудың қандайлық адам айтқысыз азапқа түсіргенін біледі. Соғысты жаңа социалистік және экономикалық базисте құру үшін (дауыстар: «Мирбах жол бермейді!») орасан зор күш салу керек екенін, тонаушылық соғыстан құтылу керек болғанын олар біледі. Өткен съезден бергі үш ай бойы түпсіз тұңғыққа құлауға бірнеше қадам ғана жетпей тұрса да, жанталасқан империалистік күштердің әлі күресіп жатқанын білетін олар бұл соғысқа кірмейді. Бейбітшілік декларациясының маңызын түсініп, оның маңызын Троцкий жолдас бастаған біздің Брест делегациясы арқылы барлық елдердің жұмысшыларының есіне салып, біз ашықтан-ашық адал демократиялық бітімді ұсынып, барлық халықтар алдында өз борышымызды орындағаннан кейін бұл ұсынысты барлық елдердің зұлым буржуазиясы іске асыртпай тастады. Біздің жағдайымыз күте тұрудан басқаша болуға тиісті емес екенін және қазір әлі де болса күші басым империалистердің осы құтырынған топтары өздері тақалып қалған түпсіз тұңғиыққа құлап түсетін күнге халық жетеді,—мұны жұрттың бәрі көріп отыр... (Қол шапалақтау.) Қасақана көзін жұмып алған адам болмаса, мұны жұрттың бәрі көріп отыр. Еліріп алған империалистік партия соғысты соза беруді жақтап келген үш жарым айдың ішінде бұл түпсіз тұңғиық, дау жоқ, жақыннан қалды. Біз қазіргі уақытта өзіміздің соғысқа әлі де дайын емес-

тігімізді біліп, сезініп, аңғарып отырмыз, соғысты іс жүзінде бастан кешірген солдаттар, жауынгерлер осыны айтып отыр, ал қазірден-ақ Брест тұзағын лақтырып тастауға шақырып байбалам салып отырғандар — меньшевиктер, оңшыл эсерлер, Керенскийдің жақтастары, кадеттер. Қай жерде помещиктердің, капиталистердің жақтастары қалып отырғанын, қай жерде оңшыл эсерлердің, кадеттердің құйыршықтары қалып отырғанын сіздер білесіздер. Олардың лагерінде соғысқа бейім тұрған солшыл эсерлердің сөздеріне ду қол шапалақтайды. Солшыл эсерлер, менен бұрынғы шешендердің көрсеткеніндей, қолайсыз жағдайға душар болып отыр: бір бөлмеге бара жатып, басқа бөлмеге тап болды. (Қол шапалақтау.)

Ұлы революция халық бұқарасының өзінің қалың ортасынан көтерілетінін, бұл үшін айлар, жылдар керек екенін біз білеміз, сондықтан да біз революция кезінде солшыл эсерлер партиясының сұмдық ауытқуларды бастан кешіргеніне таңырқамаймыз. Осында Троцкий бұл ауытқулар туралы айтты, ал маған 26 октябрьде, біз солшыл эсер жолдастарды үкімет құрамына шақырғанда, олардың мұнан бас тартқанын және Краснов Петроградтың қақпасы алдында тұрғанда олардың бізбен бірге болмағанын, демек, олардың бізге емес, Красновқа көмектескенін қосып айту ғана қалады. Біз бұл ауытқуларға таңырқамаймыз, иә, бұл партия өте көп нәрсені бастан кешірді. Бірақ, жолдастар, не нәрсенің болса да шегі бар ғой.

Революция дегеніміз тәжірибе және практика арқылы зерттелетін нәрсе екенін, ондаған миллион адамдар бірауыздан шамырқанып, бір кісідей көтерілгенде ғана революцияның революция болатынын біз білеміз. (Лениннің сөзін бастырмалата қол шапалақталады, «Советтер жасасын!» деген айқай шығады.) Бізді жаңа өмірге ұмтылдырып отырған бұл күресті 115 миллион адам бастады: осы ұлы күреске асқан байыптылықпен қарауымыз керек. (Ду қол шапалақтау.) Октябрьде, Совет өкіметі құрылғанда, 1917 жылы 26 октябрьде... (шу, айқай, қол шапалақтау) біздің партия және

Орталық Атқару Комитетіндегі оның өкілдері солшыл эсерлер партиясына үкіметке кіруді ұсынғанда,— ол мұнан бас тартты. Солшыл эсерлер біздің үкіметке енуден бас тартқан кезеңде, олар бізбен бірге емес, бізге қарсы болған еді. (Солшыл эсерлер отырған орындықтардан шу көтеріледі.) Сіздерге ұнамайтын нәрсені айтқаным маған өте қолайсыз-ақ. (Оң жақтан көтерілген шу үдей түседі.) Бірақ не істеуге болады? Егер казак генералы Краснов... (Шу, айқай сөйлеуге мүмкіндік бермейді.) 26 октябрьде сіздер не тілейтіндеріңізді өздеріңіз де білмей, бізбен бірге болудан бас тартқан кездеріңізде... (Бірнеше минут бойы толастамаған шу.) Шындық көзге түртеді! Мен сіздердің естеріңізге салайын, ауытқыған адамдар, не тілейтінін өздері де білмеген адамдар, бізбен бірге болудан бас тартады, ертеңгі айтып жүрген басқа адамдардың сөздеріне құлақ қояды. Мен сіздерге соғыста болған солдатша айтып тұрмын... (Шу, қол шапалақтау.) Менің алдымдағы шешен сөйлеген кезде съездің басым көпшілігі оған бөгет жасамап еді. Ал мұның өзі түсінікті де. Егер советтік съезден кетіп қалуды жөн көретін адамдар болса, алдарынан жарылқасын! (Оң жақтағы орындықтарда шу, абыржу. Председатель шуды тоқтатуға шақырады.)

Сонымен, жолдастар, Брест бітімін жасасудағы біздің ісіміздің дұрыс екенін оқиғалардың бүкіл барысы дәлелдеді. Біздің аса ауыр еңбек арқасында болса да, уақыттан ұтқанымызды, осы уақыттың ішінде біздің жұмысшыларымыз бен шаруаларымыздың социалистік құрылысқа қарай ілгері зор қадам жасағанын, мұның керісінше, Батыс державалары осы соғыстың әрбір аптасы өткен сайын империализм құлауға соншалық шапшаң жақындай түскен түпсіз тұңғиыққа зор қадам жасағанын Советтердің өткен съезінде тыныс алуды шымшыма сөздермен келіссіз сықақтаған адамдар көзімен көріп, онан сабақ алып отыр.

Сондықтан да біздің жағдайымыздың ауырлығын сылтауратып, біздің тактикамызға шабуыл жасап отыр-

ған адамдардың іс-әрекетін олардың әбден сасқандығы деп қана түсіне аламын. Қайталап айтайын, соңғы үш жарым ай кезеңді айтсақ та жетіп жатыр. Біздің тактикамызды оқиғалардың қалай толығынан дұрысқа шығарғандығына көз жеткізу үшін мен сол съезде айтылған сөздерді съезде болғандардың есіне саламын, ал съезде болмағандарға мен өткен съездің протоколын немесе сол өткендегі съезд туралы газет мақалаларын оқып шығуды ұсынамын. Октябрь революциясының жеңісі мен халықаралық социалистік революцияның жеңісі арасында шек болуы мүмкін емес, басқа елдерде дүмпулер басталуға тиіс. Ол дүмпулерді тездету үшін біз Брест кезеңінде мүмкін болған нәрсенің бәрін істедік. Кімде-кім 1905 және 1917 жылдардағы революцияларды бастан кешірсе, кімде-кім солар туралы ойланып, оларға ой жүгіртіп, мән бере қараса, ол адам біздің елде бұл революциялардың орасан зор қиыншылықтармен туғанын біледі.

1905 жылғы январь және 1917 жылғы февраль қарсаңындағы екі айдың ішінде қандай тәжірибелі және білімді деген революционердің бірде-біреуі, халық өмірін білетін адамның ешқайсысы осындай жағдай Россияны бұрқ еткізеді екен-ау деп алдын ала айта алған жоқ. Кейбір айқай сөздерді қағып ала қою және халық бұқарасына бітім жасасуды тоқтатып, бізді соғысқа айдап салғанмен бірдей ұрандар тастау мүлдем сасқан, есінен танған адамдардың саясаты. Сондықтан, осы сасқалақтауды дәлелдеу үшін ниетінің адалдығына мен де, басқалар да күмәнданбайтын адамның сөздерінен,— Спиридонова жолдастың сөздерінен, «Голос Трудового Крестьянства»[182] газетінде басылған және ол туралы кейіннен теріске шығарылып пікір айтылмаған сөздерінен, сіздерге мысал келтірейін. Спиридонова жолдас 30 июньдегі осы сөзіне немістер бізге екі миллиард сомға кездеме жөнелтіңдер деп ультиматум қойыпты-мыс деген, түкке тұрғысыз үш жолды қосқан.

Өзінің неғұрлым адал өкілдерін алдау мен өтіріктің осыншалық сұмдық батпағына батуға дейін жеткізген партия, мұндай партия біржола күйреген партия болып табылады. Брест шартына қол қоюдың бізге қаншалық-

ты зор күшпен келгенін, қаншалықты көп әбігерге түсіргенін жұмысшылар мен шаруалардың білмеуіне болмайды. Бұл бітімнің ауырлығын көрсету үшін, тіпті осы партиядағы неғұрлым адал адамдардың айтып жүргеніндей, оны ертегілермен және аңыздармен боямалаудың керегі не еді? Бірақ халық шындығының қайда екенін біз білеміз және олар байбалам салып жанын қоярға жер таппай жүргенде біз сол халық шындығына сүйенеміз. Осы тұрғыдан қарағанда әбден абыржыған мұндай қылық арандатудың қандайынан да болсын жаман. Әсіресе біз Россиядағы барлық партияларды алып салыстырып көретін болсақ, осылай болып шығады, ал революцияға ғылыми көзқарас осыны талап етіп отыр. Барлық партияларды бірге алып, олардың қатынастарын тұтас алып қарау керектігін ешқашан ұмытуға болмайды. Жеке адамдар, жеке топтар қателесуі мүмкін, жеке алғанда өзінің не істерін тап баса алмауы мүмкін, оны түсіндіре білмеуі мүмкін, ал егер біз Россиядағы барлық партияларды түгел алатын болсақ, сөйтіп олардың арақатынасына қарайтын болсақ — қателеспеуге болады. Солшыл эсерлердің үндеулерін естігеннен кейін, қазір оңшыл эсерлердің, Керенский, Савинков және басқалардың не деп отырғанына қараңыздаршы... Қазіргі минутта олар жын ұрған адамдарша қол шапалақтап отыр ғой. Қазір, Милюковқа қажет болған кезде, Россияны соғысқа итермелеуге олар әбден қуанышты. Сондықтан қазір Брест тұзағы туралы былай сөйлеу — орыс шаруасының мойнына помещиктік тұзақты ілу деген сөз. Большевиктермен араздасу туралы менің алдымдағы шешеннің айтқанындай, бізге осы арада большевизмге қарсы ұрыс туралы айтқанда, мен бұған былай деп жауап беремін: жоқ, жолдастар, бұл араздасу емес, бұл үзілді-кесілді шын ажырасу, халыққа шындықты айта отырып, бірақ өзі байбаламға елігіп кетпей, жағдайдың ауыртпалығын мойнымен көтеріп отырғандар мен өздері сол байбаламға елігіп кететін, сөйтіп басқаның жұмысын, арандатушылардың жұмысын еріксіз атқаратын адамдардың арасындағы ажырасу. (*Қол шапалақтау.*)

Мен баяндамамның бірінші бөлімін аяқтап келемін. Құтырынған империалистік соғыстың үш жарым айы бойында империалистік мемлекеттер өздері халықты итермелеп отырған түпсіз тұңғиыққа жақындап қалды. Қансыраған бұл жыртқыш біздің тірі тәнімізден етті кесек-кесегімен жұлып әкетті. Біздің жауларымыздың әлгі түпсіз тұңғиыққа тез жақындап келе жатқандығы соншалық, егер оларға үш жарым айдан да көп уақыт берілетін болса және егер империалистік қырғын бізді тағы да осындай шығынға ұшырататын болса, біз емес, олардың өздері құриды, өйткені олардың қарсыласуы бәсеңдеуінің тездігі оларды тұңғиыққа қарай тез итермелеп келеді. Ал бізде осы үш жарым айдың бойында, бүкіл халық алдында өзіміз жасырмай айтып отырған сұрапыл ауыртпалықтарға қарамастан, осылардың бәріне қарамастан, әлуетті организмнің әлуетті өркені бар және өнеркәсіпте, барлық жерде де, әсерлі, даурықпалы болмаса да, ұсақ болса да құрылыс жұмысы алға басып келеді. Бұл өзінің аса жемісті нәтижелерін беріп отыр, сондықтан біз, алда тағы да осындай жұмыстың үш айы, тағы да алты айы, тағы да қысқы маусымы болып отырғанда, ілгері баса береміз, ал Батыс Европаның империалистік жыртқышы күрестен қалжырап, мұндай жарысқа төтеп бере алмайды, өйткені олардың өз ішінде әлі күнге дейін өзіне өзі сенбей келген, бірақ империализмді күйреуге жеткізетін күштер пісіп-жетіліп келеді. Ал қазірдің өзінде онда басталған нәрсенің, біржола басталған нәрсенің үш жарым ай ішінде өзгеріп кете қоюына мүмкіндігі жоқ. Осы ұсақ, жасампаздық құрылыс жұмыстары жөнінде өте аз айтылады, ал, меніңше, біз бұған көбірек тоқталуымыз керек. Өзімнен бұрынғы шешеннің тиісе сөйлегенін ескеру қажеттігінің әсерінен болса да, менің мұны жасыруға мүмкіндігім жоқ. Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 28 апрельдегі қарарын* естеріңізге саламын. Мен онда баяндама жасағанмын, ол баяндамамда Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы** айтқанмын және жағдайымыздың адам айтқысыз қиындықтарымен бірге, елі-

* Қараңыз: осы том, 299—302-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 259—288-беттер. *Ред.*

міздің өз ішінде творчестволық жұмыс бірінші орынға қойылуға тиіс деп атап көрсеткен едім.

Ал біз осы арада, жалған үмітке берілмей, қаншалықты қиын болса да, осы жұмысқа барлық күшімізді салуымыздың қажет екенін айтуға тиіспіз. Сіздердің орталарыңызға салғым келіп отырған тәжірибе біздің бұл жөнінде, күмән жоқ, көп ілгерілегенімізді көрсетеді. Рас, егер, буржуазияның істейтіні тәрізді, біздің қателеріміздің жеке мысалдарын үзіп-жұлып алып, сыртқы нәтижелермен ғана қанағаттанатын болсақ, онда табыс туралы айтудың өзі екіталай болар, бірақ біз бұған мүлдем басқаша қараймыз. Буржуазия қайдағы бір өзен флоты басқармасын алады да, оны қайта құруды біздің қаншама рет қолға алғанымызды айтып табалайды, Совет өкіметінің бұл іске шамасы келмей отыр дейді. Оған мен былай деп жауап беремін: иә, біз өзіміздің өзен флоты басқармасын, темір жол басқармасы сияқты, талай рет қайта құрдық, ал қазір біз Халық шаруашылығы советін одан да үлкен көлемде қайта құруды қолға алып отырмыз. Социализм мүлдем түк түсінбейтін адамдар ғана айта алатын догма саласынан, кітап саласынан, программа саласынан практикалық жұмыс саласына көшіп отыр, төңкерістің маңызы, міне, осында. Міне, қазір жұмысшылар мен шаруалар социализмді өз қолдарымен жасап жатыр.

Социалистік программалар туралы кітапшалар бойынша айтысатын заман Россия үшін де өтіп кетті, менің сенуімше, ол заман біржола келмеске кетті. Қазір социализм туралы тек тәжірибеге сүйеніп қана айтуға болады. Төңкерістің маңызы нақ мынада: төңкеріс буржуазиялық чиновниктердің ескі аппаратын, басқарудың буржуазиялық системасын алғаш рет аластап тастады, жұмысшылар мен шаруалардың істі, орасан қиын істі өздері қолға алуына жағдай жасады, бұлістің қиыншылықтарын өзімізден өзіміздің жасырғанымыз күлкілі болар еді, өйткені капиталистер мен помещиктер тек жерді басқару жөніндегі пікірі үшін ғана ондаған миллион адамды ғасырлар бойы қудалап, қуғынға ұшыратып келген болатын. Ал қазір бірнеше аптаның ішінде, бірнеше айдың ішінде, сұмдық, сұрапыл күйзеліс жағ-

дайында, соғыс Россияның бүкіл денесіне жарақат салып, халық өлімші етіп таяққа жығылған адам сияқты болған кезде,— патшалар, помещиктер мен капиталистер бізге ғаламат күйзелісті мұраға қалдырып отырған кезде жаңа істі, жаңа құрылысты жаңа таптар, жұмысшылар және жалдама жұмысшыларды қанамайтын, астық сатып, жалдаптықпен байлық жимайтын шаруалар қолға алуға тиіс. Иә, бұл — орасан қиын және мейлінше игілікті іс. Мұндай жұмыстың және мұндай тәжірибенің әрбір айы, тарихымыздың жиырма жылы болмаса да, он жылына татиды. Иә, біздің декреттерімізбен танысудың өзі нені көрсететінін, біздің оларды үнемі өзгертіп отыруымызға тура келетінін сіздердің алдарыңызда мойындаудан біз тіпті де жүрексінбейміз; біздің жасаған әлі дайын еш нәрсеміз жоқ, біз параграфтарға сыйғызарлықтай социализмді әлі білмейміз. Егер қазір біз осы съезге Советтік конституцияны ұсына алатын болсақ, оның бір ғана себебі — Советтер еліміздің барлық түкпірлерінде құрылып, сыннан өтті, себебі — оны сіздер құрдыңыздар, еліміздің барлық түкпірлерінде өздеріңіз сыннан өткіздіңіздер; біз іс жүзінде қазірдің өзінде бар болып отырған нәрсені Октябрь революциясынан кейін жарты жыл өткен соң ғана, Советтердің Бүкіл россиялық Бірінші съезінен кейін бір жылға жуық уақыт өткен соң ғана жазуға мүмкіндік алдық[183].

Шаруашылық саласында, социализм енді ғана құрылып жатқан, жаңа тәртіп орнатылуға тиісті салада біздің мұндай тәжірибеміз жоқ, біз мұндай тәжірибеге өзгерту және қайта құру барысында ие боламыз. Бұл — біздің басты міндетіміз; біз былай дейміз: әрбір жаңа қоғамдық тәртіптен адамдар арасында жаңа қатынастар, жаңа тәртіп талап етіледі. Крепостниктік тәртіп болмайынша шаруашылық жүргізуге болмайтын кездер болған, ол кезде тек қана таяқ тәртібі болды, капиталистердің үстемдік еткен кезі болды — онда тәртіптің күші аштыршылық болды. Ал қазір, совет төңкерісінен бері қарай, социалистік революция басталған кезден бері қарай тәртіп мүлдем жаңа негізге сүйеніп құрылуға тиіс, бұл — жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың

ұйымшылдығына сену тәртібі, жолдастық тәртіп, бірін-бірі барынша құрметтеу тәртібі, күресте дербестік пен инициатива көрсету тәртібі. Ескі капиталистік тәсілдерге жармасатындардың бәрі, мұқтаждық және ашаршылық кезінде ескіше, капиталистерше пайымдайтындардың бәрі: егер мен астықты жалғыз сатсам, пайданы көбірек аламын, егер мен астық табуға жалғыз кетсем, оны табуым оңайырақ болады деп ойлайды. Бұлайша пайымдайтын адам неғұрлым жеңіл жолды таңдайды, бірақ ол социализмге бара алмайды.

Дағдылы капиталистік қатынастардың ескі арнасында қала беру — бұл қарапайым да оңай жол, бірақ біздің жаңа жолмен жүргіміз келеді. Жаңа жол бізден, бүкіл халықтан барынша саналылықты, барынша ұйымшылдықты талап етеді, көп уақыт жұмсауды талап етеді, көп қателерге ұрындырады. Бірақ біз өзімізге өзіміз: іс жүзінде ештеңе істемейтін адам ғана қателеспейді дейміз.

Сіздерге мен есеп беріп отырған кезең, осы жиналыстың тұрғысынан қарағанда, өзгертулері, түзетулері, бұрынғыға қайта оралуы көп кездесетін тәжірибені қамтитын болса, бастан кешіріп отырған кезеңнің басты міндеті, басты мазмұны, ең бағалылығы мұнысында емес. Жалақыны өсір деп бұйрық беруді ғана қанағат тұтатын чиновниктер басқармасының ескі аппаратының заманы өткен. Біздің шаруашылықты басқару ісін өз қолдарына алып жатқан жұмысшы ұйымдарымен істес болуымызға тура келеді. Біздің басқалардан гөрі нашар жағдайда болып келген темір жол пролетариатымен істес болуымызға тура келеді және оның өз жағдайын жақсартуды талап етуге заңды правосы да бар; ертең өзенші пролетариат өз талаптарын қояды, бүрсігүні орта шаруа, мен толығырақ сөз еткелі отырған орта шаруа, екінің бірінде өзін жұмысшыдан, біз аса зор көңіл бөліп отырған, мүдделерін біздің барлық декреттеріміз қорғап отырған жұмысшыдан төменмін деп сезінетін орта шаруа талап қояды; мұны менің алдымда сөйлеген шешен мүлдем түсінбепті; осылардың бәрі адам айтқысыз қиыншылықтар туғызады, бірақ мұның өзі: жүздеген жылдардан кейін тұңғыш рет жұмысшы-

лар мен ең кедей шаруалар Россияның бүкіл халық шаруашылығын өз қолдарына алып, өздері ұйымдастырып жатқан кездегі қиыншылықтар. Міне, сондықтан әділ талаптарды қанағаттандырудың әдістерін іздестіруге, декреттерді өзгертуге, басқару ісін қайта құрып отыруға тура келеді. Сәтсіздіктер, олқылықтар жөніндегі мысалдармен және оқиғалармен қатар — буржуазиялық баспасөз жармаса кететін оқиғалармен қатар, мұндайлар, әрине, аз да емес, біз табыстарға да жетіп келеміз, өйткені біз социалистік сарай салуды дәл осындай ішінара сәтсіздіктер мен қателіктерді бастан кешіру жолымен үйренеміз. Ал қай тараптан болса да қойылған жаңа талаптарды көріп отырғанымызда, біз: мұның өзі осылай болуға тиіс, әрбір адам өзінің жағдайын жақсартқысы келетін болса, жұрттың бәрі өмір игіліктерін пайдаланғысы келетін болса, социализм дегеніміздің өзі де осы дейміз. Бірақ еліміз кедей, еліміз жарлы,— әзірше барлық талаптарды қанағаттандыру мүмкін емес, сондықтан күйзеліс процесінің үстінде жаңа сарай салу да сондай қиын. Бірақ социализмді жайбарақат бейбіт уақытта орнатуға болады деп ойлайтын адам оңбай қателеседі: социализм барлық жерде күйзеліс кезінде, ашаршылық кезінде орнатыла береді, солай болуға да тиіс, сондықтан біз нағыз идеялардың өкілдерін көргенде, біз өзімізге өзіміз: жұмысшылар мен еңбекші шаруалар өзінің барлық мыңдаған, он мыңдаған, жүз мыңдаған қолдарымен жаңа, социалистік сарай салуға кірісті дейміз. Қазір деревняда, бөтеннің еңбегін қанамайтын және астық сатып жалдаптықпен байлық жинамайтын еңбекші шаруаларға кулактар үгіттерімен кедергі жасауға тырысатын деревняда аса терең мағыналы төңкеріс басталып отыр, сондықтан ол жерде міндет басқаша. Қалаларда заводтарды, металл өнеркәсібін ұйымдастыруға тура келіп отыр, ал соғыс күйзелісінен кейін өндірісті бөлуге, шикізатты, материалды бөлуге тура келіп отыр,— бұл міндетті жүзеге асыру өте қиын. Онда жұмысшы осы істі үйреніп, орталық басқару органдарын құрып жатыр, онда біздің Халық шаруашылығы жоғары советін қайта құруымызға тура келіп отыр, өйткені жыл басында шығарылған бұ-

рынғы заңдар қазір ескіріп қалды, жұмысшы қозғалысы ілгері басып барады, бұрынғы жұмысшы бақылауы қазірдің өзінде-ақ ескіріп қалды, ал кәсіптік одақтар бүкіл өнеркәсіпті басқару органдарының негізіне айналып отыр. (Қол шапалақтау.) Бұл салада қазірдің өзінде көп нәрсе істелді, дегенмен де біз тамаша табысқа жеттік деп мақтана алмаймыз. Бұл салада буржуазиялық элементтердің, капиталистердің, помещиктердің, кулактардың, әрқашанғы сияқты, шығарылған декрет жүзеге асқан жоқ, енді екіншісі шығарылды, үш айдан кейін ол да түзетіледі, ал жалдаптық капитализм кезінде қандай болса, сол күйінде қалып отыр деп әлі де ұзақ уақыт үгіт жүргізуіне мүмкіндік алатынын біз білеміз. Иә, жалдаптықты бір дегеннен жойып жібере алатын, бәрін түгел қамтырлықтай шарлатандық рецепті біз білмейміз. Капиталистік құрылыстың дағдылары тым күшті, ғасырлар бойы осы дағдымен тәрбиеленген халықты қайта тәрбиелеу — қиын іс және көп уақытты керек ететін іс. Бірақ біз былай дейміз: біздің күрес әдісіміз — ұйымдастыру. Біз бәрін де ұйымдастыруға, бәрін де өз қолымызға алуға тиістіміз, кулактар мен жалдаптарды аттап басқан сайын тексеріп отыруға, оларға қарсы аяусыз күрес жүргізуге және олардың әрбір адымын қадағалап, дамыл бермеуге тиістіміз. (Қол шапалақтау.)

Декреттерді өзгертіп отыру қажет екенін, өйткені жаңа қиыншылықтар кездесіп отыратынын, өзгерту осы қиыншылықтардан жаңа күш алып отыратынын біз тәжірибеден білеміз. Сондықтан азық-түлік мәселесі жөнінде қазір біз деревня кедейлерін ұйымдастыруға жеткен болсақ, егер біздің бұрынғы жолдастарымыз — солшыл эсерлер шүбәсыз шын көңілімен қазір: біздің жолымыз ажырасты дейтін болса, біз оларға: онда өздеріңе жаман, өйткені мұның өзі сіздердің социализмнен қол үзгендіктерің деп кесіп жауап береміз. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар! Азық-түлік мәселесі — басты мәселе, бұл — өз саясатымызда біздің бәрінен де көбірек көңіл бөлетін мәселеміз. Сырттай қарағанда көзге көріне коймайтын, бірақ Халық Комиссарлары Советі қолданған

толып жатқан ұсақ-түйек шаралар: темір жол және су жолы транспортын жақсарту, интенданттық қоймаларды тазарту, жалдаптыққа қарсы күрес жүргізу — осылардың бәрі де азық-түлік ісін жолға қоюға бағытталған. Біздің еліміз ғана емес, соғысқа дейін ашаршылық дегенді білмеген ең мәдениетті елдердің бәрі, енді осылардың бәрі де белгілі бір топтың үстемдігі үшін күресу барысында империалистер туғызған мейлінше апатты жағдайға ұшырап отыр. Батыста ондаған миллион адамдар ашаршылықтан азап шегуде. Әлеуметтік революцияны болдырмай қоймайтын да нақ осы жағдай, өйткені әлеуметтік революция программадан тумайды, «біз ашаршылықта өмір сүре алмаймыз, онан да революция жолында өлгеніміз жақсы» деп, ондаған миллион адамдардың айтқанынан келіп туады. (Қол шапалақтау.)

Бізге сұмдық ауыртпалық — ашаршылық — төніп келеді, біздің жағдайымыз қиындаған сайын, азық-түлік дағдарысы күшейе түскен сайын, капиталистердің Совет өкіметіне қарсы күресі де күшейе береді. Чехословактардың бүлігі ағылшын-француз империалистері сатып алған адамдардың бүлігі екенін сіздер білесіздер. Не ана жерде, не мына жерде Советтерге қарсы көтеріліс болып жатыр деген хабарлар көп естіледі. Кулактар көтерілісі барған сайын жаңа облыстарды қамтуда. Краснов Доннан барып шықты; Петроградқа өзі келіп, қылышын тапсырғанда, орыс жұмысшылары көңілшектік жасап, оны босатып жіберген болатын, өйткені интеллигенцияда соқыр сенім әлі күшті еді, сондықтан да интеллигенция өлім жазасына кесуге қарсылық көрсеткен болатын, интеллигенцияның өлім жазасына қарсы соқыр сеніміне бола ол босатылып жіберілген болатын. Ал жұмысшылар мен шаруаларды аттырып жатқан Красновты халық сотының, жұмысшылар мен шаруалар сотының енді ату жазасына бұйырмағанын мен көрер едім. Бізге: Дзержинскийдің комиссиясында[184] адамды атса — бұл жақсы, ал егер бүкіл халық алдында сот ашықтан-ашық: ол — контрреволюционер, атылуға лайық дейтін болса, бұл жаман дейді. Мұндай екіжүзділікке дейін құлдыраған адамдар — саяси өлексе. (Қол

шапалақтау.) Жоқ, екіжүзді болғысы келмейтін революционер өлім жазасын қолданбай тұра алмайды. Ату жазасы қолданылмаған бірде-бір революция және бірде-бір азамат соғысының дәуірі болған емес.

Біздің азық-түлік жағдайымыз апатты жағдайға дейін жеткізілді деуге болады. Біз өз революциямыздың ең ауыр дәуірі болып табылатын кезеңге келдік. Біздің алдымызда ең ауыр кезең, атап айтқанда егін орағына дейін қалған кезең тұр: жұмысшы-шаруа Россиясында мұнан асқан қиын кезең болған емес. Осындай қиын кезеңде күйгелектікке салынатын және: мен Советтерден кетемін, деп айқай салатын адамдар санының көбеюі партиялық алауыздықтардың, революциялық айтыстардың алуан түрін көрген мені таңдандырмайды. Олар өлім жазасын жоятын декреттерді тілге тиек етеді. Бірақ шиеленіскен күрес кезінде заңның бұлжымастығы алдында тартыншақтап қалатын революционер — нашар революционер. Өтпелі кездегі заңдардың уақытша маңызы болады. Сондықтан, егер заң революцияның өрістеуіне кедергі жасайтын болса, ол заң жойылады немесе түзетіледі. Жолдастар, бізге ашаршылық төнген сайын, осы айрықша апатқа қарсы күрестің айрықша шаралары да қажет екендігі айқындала түсіп отыр.

Қайталап айтайын, социализм, мүмкін, программа болудан да қалғаны сияқты, догма болудан да қалды. Біздің партияда жаңа программа әлі жазыла қойған жоқ, ал ескісі қазірдің өзінде түкке жарамайды. (Қол шапалақтау.) Астықты дұрыс және біркелкі бөлу — бүгінгі таңда социализмнің негізі, міне, осында. (Қол шапалақтау.) Соғыс бізге күйзелісті мұра етіп қалдырды; Керенскийдің және өзімізден кейін топан су қаптаса да мейлі дейтін помещик-кулактардың күш салуы арқылы еліміз жаман болған сайын жақсы болмақшы дейтін жағдайға жеткізілді. Соғыстың бізге қалдырған ауыртпалығы соншалық, қазір бізде астық туралы мәселе бүкіл социалистік құрылыстың өзекті мәні болып отыр, сондықтан біз бұл мәселені қолға алып, іс жүзінде шешуге тиістіміз. Бұл арада біз өзімізге былай дейміз: астық жөнінде біз қалай етуіміз

керек, шаруалар жағдайды пайдаланып, астықтан мың сомдап пайда тауып отырған кезде және осылай ете отырып, өздерін еңбекші шаруалармыз, ал кейде, тіпті солшыл эсерлерміз деп те атап отырған кезде, астық жөнінде ескі тәртіпті, капиталистік тәртіпті қолдануымыз керек пе? (Қол шапалақтау, шу.) Олар былай пайымдайды: егер халықты ашаршылық жайласа, демек, астықтың бағасы қымбаттайды, егер қалаларды ашаршылық жайласа, демек, менің қалтам қалыңдайды, ал онан да гөрі ашыға түссе, демек, мен бұрынғының үстіне тағы да мың-мыңдап пайда түсіремін. Жолдастар, бұлайша пайымдауға жеке адамдар кінәлы емес екенін мен өте жақсы білемін. Помещиктік және капиталистік қоғамның барлық ескірген шірік мұралары жұртты осылай ойлауға, осылай түсінуге және осылай өмір сүруге үйреткен, ал ондаған миллион адамдардың өмірін қайта құру сұмдық қиын іс, бұл үшін ұзақ уақыт, табанды жұмыс жүргізу керек, ал мұндай жұмысты біз енді ғана бастап отырмыз. Ашаршылықтың азабына кез болған және астықты социалистік тәртіппен бөлу ісін ұйымдастырудың пайдалы екендігін көрмей, бәріне де қолын бір-ақ сілтеп, өзін жалғыз жүріп жарылқауға бой ұратын адамдарды айыптау еш уақытта біздің ойымызда да болған емес,— мұндайларды кінәлауға болмайды. Бірақ біз былай дейміз: партиялардың өкілдері шығып сөйлегенде, белгілі бір партияға қосылған адамдарды көргенде, халықтың үлкен тобын көргенде, онда біз олардың бұл іске ешкімнің қол көтеруге дәті бармайтын, азап шеккен, титықтаған және ашыққан адамның көзқарасы тұрғысынан қарамай, жаңа қоғам құрылысының көзқарасы тұрғысынан қарауын талап етеміз.

Қайталап айтайын, социализмді ешқашан бәрі де жап-жатық, тып-тыныш уақытта орнатуға болмайды, помещиктер мен капиталистердің құтырынған қарсылығына кезікпей социализмді жүзеге асыруға еш уақытта да болмайды. Жағдай неғұрлым қиын болған сайын, олар қуанышпен алақандарын уқалайды; олар онан бетер бүлік жасайды; жағдай неғұрлым қиындап, бізде саботажшылар неғұрлым көп болса, олар чехо-

словактар мен Краснов оқиғаларына соғұрлым құлшына бой ұрады. Сондықтан біз былай дейміз: арбаны алға, өрге қарай сүйреу қаншама қиын болса да, оны еңіске, кейін қарай жібермей, біз міне осыны жеңуіміз керек, жеңгенде ескіше жеңбеуіміз керек. Халық Комиссарлары Советінде біз азық-түлік туралы мәселемен айналыспаған, біз мыңдаған жорамалдар, жарлықтар, декреттер шығармаған, ашаршылықпен қалай күресу керектігі жөнінде мәселе қоймаған бірде-бір апта немесе тіпті бірде-бір күн өтпегенін біз өте жақсы білеміз. Ешқандай айрықша бағалардың, кесімді бағалардың, астық монополияларының қажеті жоқ деседі. Керегінше сауда жаса деседі. Байлар бұрынғыдан бетер байып алады, ал кедейлер қырылып біте берсін, олар әрқашан да аштан өліп жататын еді ғой деседі. Бірақ социалист бұлай пайымдай алмайды: бұл кезеңде, өрлейтін өр тым тік болып және арбаны сол тік өрге сүйреп шығу қажет болып отырғанда,— социализм туралы мәселе партиялық алауыздықтардың мәселесі болудан қалып, өмірлік мәселеге айналып отыр: астық сатып жалдаптық жасамайтын шаруалармен одақтаса отырып, кулактарға қарсы күреске төтеп бере аласыздар ма, қазір, күресу керек болып отырғанда, алда ең ауыр жұмыс кездескелі отырғанда, төтеп бере аласыздар ма? Бізге кедейлер комитеттері туралы айтты. Ашаршылықтың азабын өз көзімен көргендерге, оларға кулактарды күйретіп, аяусыз жаныштап тастау үшін мейлінше шұғыл, аяусыз шаралар қолдану керек екені айқын. Кедейлер одақтарын ұйымдастыруды қолға алғанда, біз бұған осы шаралардың барлық ауыртпалығын және қаталдығын әбден біле отырып кірістік, өйткені қаланың деревня кедейлерімен және артық астығы бар, бірақ жалдаптық істемейтіндермен одағы ғана, қиыншылықтарды батыл жеңіп, артық астықтың мемлекетке түсуін және еңбекшілер арасында бөлінуін қалайтындармен одағы ғана,— тек осындай одақ қана бұл күрестің бірден-бір құралы болып табылады. Ал бұл күрес программалар, сөйленген сөздер арқылы ғана жүргізілуге тиісті емес; қаншама қиыншылықтарға қарамастан, социализмге кімнің тура жолмен жүретіндігі және кулактар-

дың амал-айлалары мен алдауына кімнің түсіп қалатындығы осы ашаршылыққа қарсы күресте көрінуге тиіс.

Егер солшыл эсерлер партиясының ішінен, менің алдымда сөйлеген ең адал және сондықтан да жиі еліккіш, өзінің пікірінен тез айнығыш адамдардың бірі болып саналатын шешен тәрізді адамдар табыла қалса,— егер олар: біз большевиктермен жұмыс істесе алмаймыз, біз кетеміз дейтін болса,— біз бұл жөнінде бір минут те өкінбейміз. Осындай минутте, ондаған және мыңдаған адамдар ашаршылықтан қырылып жатқанда, басқалардың қолында көп артық астығы болып тұрып, оны өткен жылғы авгусқа дейін, астықтың тұрақты бағасын екі есе көтергенге дейін сатпай, бүкіл демократияның наразылығын туғызып отырған кезде кетіп қалатын социалистер, халық ашаршылықтың адам айтқысыз азабын шегіп жатқанын біле тұрып, орта шаруалар сататын бағамен астығын сатқысы келмейтіндер, бұлар—халық жаулары, бұлар революцияның түбіне жетеді және зорлық-зомбылықты қолдайды, бұлар — капиталистердің достары! Бұларға қарсы соғыс, аяусыз соғыс ашу керек! (Бүкіл зал қол шапалақтайды, солшыл эсерлердің де едәуір бөлегі қол шапалақтайды.) Кімде-кім бір минутқа болса да бөтеннің сөзіне елігіп кетіп, абайламайтын немесе жете ойланбайтын кейбір солшыл эсерлердің кейде айтып жүргені сияқты, бұл күрес — шаруаларға қарсы күрес дейтін болса, онда оныкі мың мәрте теріс, оныкі мың мәрте қате. Жоқ, бұл — болмашы азшылық болып отырған деревня кулактарына қарсы күрес, бұл — социализмді қорғап қалу және Россияда астықты дұрыс бөлу жолындағы күрес. («Ал товарларды ше?» — деген дауыстар шығады.) Біз шаруалардың орасан көпшілігімен одақтаса отырып күрес жүргіземіз. Бұл күресте біз жеңіп шығамыз, міне сонда Европаның әрбір жұмысшысы социализмнің не екенін іс жүзінде көреді.

Бұл күресте социализм дегеннің не екенін, мүмкін, ғылыми тұрғыдан біле де бермейтін, бірақ өмір бойы еңбек етіп келе жатқан және нанның оған қиынға түскендігін білетін адамдардың қандайы болсын бізге көмектеседі — ол бізді түсінеді. Мұндай адам бізбен бірге бо-

лады. Революцияның барлық жеңістері тәуекел етіліп отырғанда, барлық сарындағы және барлық жағынан да, оккупацияланған және оккупацияланбаған жақтан да, Скоропадскийлер шаруа және жұмысшы өкіметін аштаршылық арқылы құлатып тастауға, сөйтіп помещиктерді қайта әкелуге болмас па екен деп мойындарын созып, аңысын аңдап отырған кезде, артық астығы бола тұрып, халық басына сұмдық ауыртпалық түскен кезеңде ол астығын жасырудан тайынбайтын кулактарға,— осындай кезеңде бұл кулактарға аяусыз соғыс жариялау — біздің ең бірінші социалистік борышымыз. Ашыққан халық үшін осындай сұмдық ауыр сын кезеңінде, социалистік революция үшін осындай ұлы сын кезеңінде кімде-кім тайқып шығып, буржуазияның айтқанын қайталайтын болса,—ол жаман социалист.

Мұны шаруаларға қарсы күрес деу дұрыс емес, мың мәрте дұрыс емес! Мен бұл туралы кадеттік газеттердің бетінен жүз қайтара оқыдым, сондықтан жұмысшылар мен шаруалар жікке бөлінді деп, олардың айқай салып жатқандығы мені таңырқатпайды; онда: «Шаруалар, көздеріңді ашыңдар, естеріңді жинаңдар, большевиктерді тастаңдар» деп, олардың шабалана айқай салуы мені таңырқатпайды. Мен ол жақтан осы жайды естігенде, оқығанда, ол мені таңырқатпайды. Бұл оларға лайық нәрсе. Ол жақта олар өздері қызмет етуге тиісті қожайындарына қызмет етуде, бірақ мен сондай сөздер айтуға дейін құлдыраған социалистердің кебін эсте кигім келмес еді! (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.) Жолдастар, азық-түлік мәселесін шешудің қандай зор қиыншылықтарға түсетінін біз өте жақсы білеміз. Бұл жөніндегі соқыр сенімдер мүлде терең жатыр. Мұнда ең түбегейлі мүдделер, кулактардың мүдделері қозғалып отыр; мұнда деревняның бөлінісі, тоқырауы, бытыраңқылығы, қараңғылық, осылардың бәрі көп жағдайда бізге қарсы бірігеді, сондықтан біз: осы қиыншылықтарға қарамастан, мұнан бас тартуға болмайды, аштаршылықпен ойнауға болмайды, ал халық бұқарасы, егер осы аштаршылық тұсында көмек көрсетілмесе, аштықтан барып, тіпті Скоропадский жағына жалт беруі де ықтимал дейміз. Мұны шаруаларға қарсы күрес деу дұрыс емес! Кімде-

кім осылай десе, ол барып тұрған қылмыскер кісі, ал ызақорлығынан осындай сөздерге елігіп кеткен адам— нағыз бақытсыздыққа ұшыраған адам. Жоқ, ең кедей шаруалар былай тұрсын, біз тіпті орта шаруаларға да қарсы күресіп отырғанымыз жоқ. Бүкіл Россияда орта шаруалардың артық астығы болмашы ғана. Революциядан бұрын ондаған жылдар бойында орта шаруалар жұмысшыдан да нашар жағдайда тұрып келді. Революцияға дейін бұлар мұқтаждық пен езгіні ғана көрді. Бұл орта шаруалармен біз келісу жолына түсеміз.

Социалистік революция барлық еңбекші бұқараға теңдік әпереді; егер жалдау немесе жалдаптық жасау жолымен өзге адамның еңбегін қанамайтын орта шаруаға қарағанда әрбір қала жұмысшысы көп алатын болса,— жұмысшыға қарағанда шаруа мұқтаждық пен езілуде өмір сүретін, мұқтаждықты көп көретін болса, ал өзі жұмысшыдан да нашар тұратын болса,—ол әділетсіздік. Шаруаларда олардың жағдайын жақсарту мәселесімен айналысатын ұйымдар мен кәсіптік одақтар жоқ. Кәсіптер арасындағы ақыны теңгеру үшін тіпті жұмысшы одақтарының өзінің де ондаған мәжілісін өткізуімізге тура келіп жүр. Сонда да оларды теңестіре алмай келеміз. Бұл үшін ұзақ уақыт керектігін парасатты жұмысшының қай-қайсысы болса да біледі. Еңбек комиссариатындағы шағымдар аз ба екен? Әрбір кәсіп адамы еңсесін көтеріп келе жатқанын: ескіше өмір сүргіміз келмейді, құлдарша өмір сүргіміз келмейді деп жатқанын көріп отырсыздар ғой! Біз кедей елде, жарлы елде оның бойына түскен жарақатты жазғымыз келеді. Бізге мүлде дерлік күйреген шаруашылықты қайткен күнде де сақтап қалуға тырысу керек. Біз мұны тек ұйымдастыру жолымен ғана істей аламыз. Шаруаларды ұйымдастыру үшін біз кедейлер комитеттері туралы декрет шығардық. Бұл декретке социализмнің жаулары ғана қарсы шығуы мүмкін. Біз кездеменің бағасын төмендеткен әділ болар еді деген болатынбыз. Біз бірін қалдырмай бәрін де есепке аламыз, бәрін национализациялаймыз. (Қол шапалақтау.) Ал мұның өзі бізге өнеркәсіп өнімдерін бөлу ісін реттеуге мүмкіндік береді.

Біз: кедейлер үшін кездеме бағасын жарты есе, орта

шаруалар үшін 25 процент төмендетіңдер дегенбіз. Мүмкін, бұл дұрыс нарық болмас. Біз мәселені дұрыс шештік деп отырғанымыз жоқ. Біз бұлай деп отырғанымыз жоқ. Мәселені шешу үшін оған бірлесіп кірісіңіздер. (*Қол шапалақтау.*) Егер бас басқармада отырып алып, жалдаптыққа қарсы күресіп, өз істерін жасырып реттейтін алаяқтарды ұстаумен ғана айналысатын болсақ, мұнымен мәселе шешілмейді.

Азық-түлік комиссариаты Егіншілік комиссариатымен бірлесіп, барлық товарларды национализациялағанда ғана, бағаларды белгілегенде ғана—тек сонда ғана біз социализмге жақындай түсеміз. Қала еңбекшілері мен деревня кедейлері ғана, барлық еңбек ететіндер, өзгенің ақысын жемейтін, жалдау формасында болсын, жалдаптық формасында болсын, өзгенің еңбегін қанамайтындар ғана социализмге жақындайды, өйткені кімде-кім астығына жүз сом, онан да көп ақша алса, онда ол жалдама жұмысшы жалдағаннан бетер жалдап; мүмкін, ол онан да жаман, онан да асқан жалдап болар. Советтік басқарудың мейлінше ауыр жарты жылынан кейін біз кедей шаруаларды ұйымдастыруға жеттік, мұны жарты аптадан кейін істемегеніміз қандай өкініштi,— біздің кінәмыз міне осында! Егер бізді деревня кедейлерін және азық-түлік диктатурасын ұйымдастыру туралы декрет жарты жыл кеш шығарылды деп кінәласа, біз бұлай кінәлауға қуанар едік. Біз: міне, енді ғана, біз осы жолға түскеннен кейін ғана, социализм бос сөз болудан қалып, нақты іске айналып келеді дейміз. Мүмкін, декрет ойдағыдай болмас, мүмкін, біздің қойған нарқымыз дұрыс болмас. Біздің бұларды қайдан алуымыз мүмкін еді? Тек сіздердің тәжірибеңізден ғана. Өздерінің одақтары бола тұрса да, біз теміржолшыларға төленетін ақы мөлшерін неше қайтара өзгерттік, ал кедейлер арасында ондай одақтар жоқ. Келіңіздер, онда бірлесе отырып тексерелік: кедейлерге жарты баға кемітіледі, орта шаруаларға ширек баға кемітіледі, ал байдан түгел ал деп, кедейлер туралы декретте белгіленген нарық дұрыс па,—осы нарық дұрыс па, жоқ па?

Егер шайқас бола қалса, онда біз ол шайқасқа батыл декреттермен барамыз және титтей де қобалжымай ба-

рамыз. Мұның өзі социализм жолындағы нағыз шайқас, догма үшін емес, программа үшін емес, партия үшін емес, фракция үшін емес, ал нақты социализм үшін, Россияның алдыңғы қатарлы аудандарында жүз мыңдаған, миллиондаған аш адамдардың арасында астықты бөлу үшін, астық барында, оны алып, дұрысырақ бөлу үшін шайқас болады. Қайталап айтайын: шаруалар шындықты білген кезде, декретті алған кезде, оны тексеріп, салмақтап көрген кезде, бізге оны қалай түзету керек екенін айтқанда, ал біз оны түзеткенде, ол нарықты қайта өзгерткенде, олар осы жұмысты қолға алғанда, мұның практикалық қиыншылықтарын аңғарғанда, бұл шаруалардың жүзден тоқсан тоғызы, — осы шаруалар бізбен бірге болады және олар: социализм туралы нағыз, түбегейлі, өмірлік мәселе осы жерде, тек қана осы жерде шешілетінін түйсінетін әрбір еңбек адамына лайық сезімталдық танытып отырмыз дейтініне біздің ешбір күмәнымыз жоқ. Біз товарларға дұрыс нарық қоямыз, астыққа, кездемеге, барлық өнімдерге монополия орнатамыз, міне сонда халық: иә, бізге социализм беріп отырған еңбек бөлінісі, астық пен өнімдер бөлінісі бұрынғыдан жақсы дейтін болады, халық осыны айта бастады да. Біз толып жатқан қиыншылықтармен қатар, толып жатқан қателіктермен қатар, біздің тіпті де жасырмайтын, қайта өзіміз жарыққа, жұрт алдында масқаралауға алып шығып отыратын жағдайлармен қатар,— біздің отрядтардың өздері жалдаптыққа салынып, капиталистердің барлық әдеттері мен дағдылары сүйрелейтін тайғанақ түпсіз тұңғиыққа құлап бара жатқан жағдайларымен қатар,— иә, мұндай жағдайлар барлық жерде де болады,— жұрттың бәрін бірден қайта тәрбиелеудің қиын екендігін, ондаған миллион адамдарды социализмге бірден сендіре қоюдың қиын екендігін біз білеміз (олар социализмге сенімді қайдан алады? Өз басынан ала ма? — Өз тәжірибесінен алады),— міне, осылардың бәрімен қатар, олар астықты жалдаптық жолымен алмауға болады дегенді, қалалық, фабрика-завод және өнеркәсіп жұмысшыларының деревня кедейлерімен одақтасуы жолымен ғана аштықтан құтылуға болады дегенді айта бастайды, өйткені тек деревня ке-

дейлері ғана астықпен жалдаптық жасамайды. Иә, орта шаруа біздің декреттерімізді көрген бойда, оларды өздері оқып, оларды оңшыл эсерлердің және кулактарды қорғаушылардың бос сөздерімен және жалаларымен салыстырған бойда, олар: егер бұлар кедейлерге бір нарық, орташаларға — екінші нарық белгілеп, ал кулактардың астығын тегін алатын болса, онда бұлардікі әділ екен дейтін болады. Бұлар социалистерше істеп отыр деп, мүмкін, ол айтпас та, мүмкін, ол бұл сөзді білмес те, бірақ ол—біздің нағыз адал одақтасымыз, өйткені ол астықпен жалдаптық жасамайды, социалистік революцияға асқан зор қауіп төніп отырған кезеңде астықпен жалдаптық жасау халыққа қарсы асқан зор қылмыс жасау екенін ол түсінеді, осыған келіседі.

Астықты декретпен бөлуге болмайды. Бірақ біз фабрика, қала жұмысшылары мен деревня кедейлерінің, ешқандай жұмысшы жалдамайтын және жалдаптықпен айналыспайтын еңбекші шаруалардың одағын жолға қою, реттеу жөнінде ұзақ уақыт, табанды жұмыстар жүргізгеннен кейін, бұл істі практика жүзінде жолға қоямыз, сол кезде біздің партиямызға қарсы жанталасып байбалам салудың қандайы болсын бұл одақты бұза алмайды. (Қол шапалақтау.)

Біз жерді социализациялаймыз деп шаруаларға уәде бергенде, біз оларға осы арқылы кеңшілік жасадық, өйткені дереу национализациялауды жүзеге асыруға болмайтынын біз түсіндік. Сіздердің жерді социализациялауыңызды біздің 26 октябрьдегі заңымызда* қойғанымыз мүмкін, қате де болар, біз оны білеміз. Мұның өзі өкіметтен бас тартқан, осы заң жүзеге асқан күнде ғана өкіметте қаламыз деген солшыл эсерлерге жасаған кеңшілігіміз болатын. Спиридонованың менде болғаны жөнінде, бейнебір соншалық жалынып, жалбарынып сұрағаны жөнінде сіздерге жеке фактілердің келтіріліп отырғаны мың мәрте дұрыс емес. Жолдастар, менде көп адамдар болды және олар ондай нәрсенің мүмкін еместігін, жолдасқа ондай көзқарастың болуы мүмкін еместігін біледі. Егер таңдаулы деген өкілдерінің өзі адам

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 24—27-беттер. *Ред.*

нанғысыздай жалбарынатын болса, онда ол партияның нашар партия болғаны ғой. (Ш у.) Менде Спиридонова жолдастың хаты жатыр,— ол маған айтпағын көбінесе жазбаша түрде білдіріп тұратын,— мен ол хатты күні ертең тауып алып, сіздерге беремін. Ол: «Сіздер ауыл шаруашылық коммунасына неліктен екі миллион бергілеріңіз келмейді?» — деп жазады. Мұның өзі нақ егіншілік халық комиссары Середа, Спиридонова қызметін түсінбейтін Середа, ауыл шаруашылық коммунасына 10 миллион қаржы беру туралы баяндамасын тапсырған күні болған еді [185]. (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.) Сіздер мұны Спиридонова жолдастың сөзінен естідіңіздер, бірақ өзінің үгітінде ең адал ниетті деген адамдарының өзі ертегі айтуға дейін құлдырайтын партия — жаман партия. Мен қайталап айтамын: таңдаулы, ең адал ниетті деген өкілдерінің өзі Совет өкіметі туралы өлгіндей ертегіні айтуға дейін құлдырайтын партия— қандай жаман партия десеңізші! Бұл олардың өздеріне жаман! Егіншілік комиссариатына келіп, ауыл шаруашылық коммуналарына 10 миллион берілгенін оқыған, көрген әрбір шаруа басқа біреулердің сөздерінен гөрі өз көзіне және өз құлағына көбірек сенеді, әлгі адамдардың ертегі айтуға дейін жеткенін түсінеді, сөйтіп ол партиядан сырт айналады. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Сөзімді қорыта келгенде айтарым біреу. Біздің алдымызда жаңа астыққа дейін, ол астықты ашарлыққа ұшыраған жерлерге — Петроград пен Москваға тасып жеткізгенге дейін, біздің алдымызда орыс революциясының ауыр кезеңі тұр. Қала жұмысшылары мен деревня кедейлерінің, астықпен жалдаптық жасамайтын деревняның еңбекші бұқарасының ең тығыз одағы, — революцияны қорғап қалатын тек осы ғана.

Барлық еңбекшілердің одағы, еш нәрсеге қарамастан, Россияда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде де нығайып, ұлғайып және өсіп келе жатқанын съезд бізге көрсетіп отыр. Шетелдерде біздің революция туралы кісі күлерліктей аз біледі, сұмдық аз біледі. Онда еш нәрсені жібермейтін әскери цензура бар. Мұны шетелдерден келген жолдастар айтып отыр. Бірақ Европа жұмысшылары, мұның бірде-біріне қарамастан, тек өзінің ішкі

түйсігімен большевиктік үкімет жағында болып отыр. Империалистік соғыс әлі де жүріп жатқан елдерде Европадағы социалистік революцияға тілектестіктің ығайып келе жатқанын көрсететін дауыстар барған сайын көбейе түсіп отыр. Есімдерін саналы жұмысшы мен шаруаның қайсысы болса да білетін Клара Цеткин мен Франц Меринг сияқты герман социалистері және басқа адамдар большевиктік үкіметті құрметтейтіндігін, оған тілектестігін және оны қолдайтындығын білдіріп отыр. Италияда партияның байырғы секретары, Циммервальдта большевиктерге сенімсіздікпен қараған Лаццари қазір бізге тілектестік білдіргені үшін түрмеде отыр.

Революцияны ұғыну өсе түсуде. Циммервальдтағы конференцияда большевиктерге мейлінше сенімсіздікпен қараған Франциядағы жолдастар мен жұмысшылар енді Интернационалдық байланыстар комитетінің[186] атынан жуырда үндеу хат таратқан, онда большевиктік үкіметті қолдауды қызу жақтап, қандай партияның болсын авантюрасына қарсы пікір айтылған.

Сондықтан, жолдастар, басымыздан кешіргелі отырған кезең қаншама қиын және қаншама ауыр болғанымен, біз барлық шындықты айтуға және оны көрсетіп отыруға міндеттіміз, өйткені тек халық қана өзінің инициатива көрсетуі арқылы және өзінің ұйымдары арқылы, үсті-үстіпе жаңа шарттарды алға қоя отырып, социалистік республиканы қорғай отырып, бізге көмектеседі. Сондықтан біз былай дейміз: жолдастар, егер біз өзіміз таңдап алған жолымызбен және оқиғалар қуаттаған жолымызбен жүре беретін болсақ, егер біз осы жолмен айнымай және табандылықпен жүре беретін болсақ, егер біз бос сөздерге де, жалған үміттерге де, алдауға да, байбаламға да берілмей, дұрыс жолымыздан таймайтын болсақ, онда біздің берік орнығып қалуымызға және Россияда социализмнің баянды жеңісіне көмектесуімізге, ал сол арқылы бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның жеңуіне көмектесуімізге дүние жүзінде ең зор мүмкіндіктеріміз болады, бұған еш күмән жоқ! (*Овацияға ұласқан, көпке дейін басылмаған ду қол шапалақтау.*)

2

5 ИЮЛЬДЕГІ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Менің баяндамам бойынша оппозицияның қарсы пікірлерінің бәрі де Брест шарты туралы мәселеден басталады. Бірақ мәселенің бұлайша қойылысын ол практикалық нәтижелерге жеткізген күнде ғана іскерлік қойылыс деп атауға болар еді. Бірақ олардың бұл туралы сөздерінің бәрі де нәтижесіз және нәтижелі болуы мүмкін де емес. (Қол шапалақтау.)

Егер солшыл эсерлер партиясы көпшілік алып кеткен болса, онда ол партия бұл мәселе жөнінде қазіргі дауырыққанындай даурықпаған болар еді. Совет республикасының социализм жолындағы шын жетістіктері туралы айту керек, сондықтан біз бұл жөнінде өткен съезден бері үлкен табыстарға жеттік деп айта аламыз,— мұны шешендердің бірде-бірі теріске шығарған жоқ. Брест бітімін бұзуды жақтаушылардың бәрі де помещиктер мен капиталистер өкіметін қайта орнату мүдделерін көздеп әрекет жасайтынын да, ағылшын-француз империализмінің қолдауымен күшті болып отырғанын да оппозицияның өкілдері бекерге шығара алмады. Мен: чехословактар да 10—15 миллион үшін сол бітімнің бұзылуын көздеп отыр дегенімде — мұны ешкім бекерге шығарған жоқ. Құрылтай жиналысы ұранын бүркемеленген чехословактардың мақсаты бізді соғысқа тарту екендігін бекерге шығаруға бола қояр ма екен?

Солшыл эсерлер: қысқа мерзім ішінде армия құруға болмайды деді, бірақ істің жайы біздің отын жағын қаншалықты тез ретке салуымызға, шаруалар ісінің қалай

жайғасуына, егін шығымының қандай болатынына байланысты.

Империалистік тұрақты армияға қарсы күресу үшін партизан отрядтарын құруға шақырған сіздердің үндеулеріңізге әрбір солдат күледі.

Бізді Брест бітімі туралы мәселеге қайта оралуға мәжбүр еткенде, оған біз: «Егер сіздер Совет өкіметін құлатсаңыздар, бұл бітім сонда бұзылады, ал Совет өкіметін құлата алмайсыздар!» (Қол шапалақтау.) деп жауап береміз. Тек сонда ғана, Брест бітімін бұзу негізінде ғана, ағылшын-француз империалистерінің миллиондарына сатылған помещиктерді, капиталистерді, ақ гвардияшылдарды қуанта отырып, сіздер еңбекші бұқараны соғысқа тарта аласыздар. Қазіргі уақытта Брест бітімін жою іс жүзінде еңбекші таптарға дұшпан күштерге сүйенеді. Брест бітімі туралы алауыздықтардың бәрін іскерлік деп есептеуге болмайды. Бұл — солшыл эсерлердің байбаламы ғана.

Осында біреулер: большевиктер кеңшілік жасап отырмыс және олар берген есебінде іскерлік ештеңе айтпады-мыс дегенде, мен осында бір эсердің, максималист болар, Халық шаруашылығы жоғары советінде өндірісті бақылаудан өндірісті басқаруға көшіп отыр[187] деп айтқан сөзін есіме түсіремін. Бұл іскерлік мәлімдеме емей не? Сонда өз күштерімен кәсіптік одақтар арқылы қожайындардан кәсіпорындарды басқару ісін үйрене бастаған жұмысшылар не істеп жатқан болып шығады? Сіздер басқаруды үйрену оп-оңай дейсіздер, оның бер жағында Халық шаруашылығы жоғары советінде біз күн сайын мыңдаған жанжалдар мен жағдайларды шешіп жатамыз, мұның өзі жұмысшының көп нәрсені үйренгенін көрсетеді және осыдан қорытынды жасай келе, біз жұмысшылар баяу үйрене бастады, қателері болып отыратыны да рас, бірақ бос сөз айтып қана қоюдың жөні басқа да, жұмысшының өз ролін біртіндеп меңгере бастағанын, өзінің жүрексінуін қоя бастағанын және өзін билеушімін деп сезіне бастағанын ай өткен сайын көріп отырудың жөні басқа деген тоқтамға келеміз. Дұрыс па, жоқ па, бірақ істі ол шаруаның ауыл шаруашылық коммунада істегеніндей етіп істеуде. Жұмысшы

өнеркәсіпті басқаруды үйренуге тиіс болды, уақыт осыны көрсетіп отыр, ал қалғанының бәрі де бос сөз, оның құны бір тиын. Егер қазір біз Совет өкіметінің жарты жылынан кейін бақылаудың ескіргеніне таяп келе жатқан болсақ — онда осының өзі-ақ ілгері қарай зор қадам жасалғанын көрсетеді.

Осында біреулер бізді бір орыннан жылжымай қалды, шегініп барады деп айқайлады. Тіпті де олай емес. Сіздің мұныңызға кулак иланады, бірақ қарапайым жұмысшыны иландыра алмайсыз; біз оларға: жіберген адамдарыңнан гөрі жақсырақ адамдарыңды беріңдер, оларды өзіңнен де гөрі жақсырақ үйренуге мәжбүр етіңдер дегенде, жай жұмысшы мұны біледі. Сондықтан, осында бізге концессия туралы айқайлағанда, біз кез келген жұмысшы мен шаруадан олардың нені артық көретінін: бізге немістер артқан борыш бойынша концессиялармен төлегенді артық көре ме әлде соғысқанды артық көре ме екен?—соны сұрайықшы. Біз Брест бітімін жасасқанда, империалистер туралы біз былай дегенбіз: оларды халықаралық социалистік революция жеңгенге дейін, біз тек шегінуден басқа жолмен қорғана алмаймыз. Бұл ұнамсыз-ақ, бірақ факт,— сондықтан да егер біз армияға деп жиналып, тасылып алынған астық қоры болу үшін астықты дұрыс бөлуді іске асырсақ, сонда ондаған жыл бойында емес, бірнеше жылдың ішінде құруға болатын армияны құрғанға дейін,—халыққа осы сөзді айтып отырғанымыздың өзі жақсы. Солшыл эсерлер осыны қай уезде, қай губернияда істеді екен? Ешбір жерде де бұлай істеген жоқ! Қашан осы істелмей тұрған кезде, біз сіздердің байбаламдарыңыздың бәрі де бос сөз дейміз, ал біз жұмысшы басқаруы ісінде қадамдар жасасақ, ендеше бұл біздің ілгері аттап басқанымыз. Осында менің сөзімнен цитатты дұрыс келтірмеді. Мен адал ниетті адамдары осындайлық бос сөздер айтуға дейін мәжбүр болып отырған партия жаман партия деген болатынмын.

Өзіміздің Азық-түлік комиссариатымызға миллиард сом бердік — ілгері адым басу деген осы емес пе екен? Әлі көп жұмыс жолға қойылған жоқ, бірақ егер өздеріңіз қалайды екенсіздер, оны жолға сала аласыздар. Тек

кім арқылы жолға саласыздар — оны білмеймін. Ескі чиновниктер арқылы жолға саласыздар ма? Бізде Советтердегі жұмысшылар мен шаруалар осы іске үйренуде (*қол шапалақтау*), сондықтан да кездемені сатып алу және қаражат беру өз нәтижесін беріп отыр. Біз Халық Комиссарлары Советінде: кездемені кім арқылы сатып алу керек, бақылауды қалай жүргізу керек, оны барынша тез тарату ісіне қалай көмектесу керек?—деген мәселені жүздеген рет қарадық. Жалдаптыққа қарсы күресу шараларын, жалдаптарды ұстау шараларын апта өткен сайын жақсырақ белгілеп отырғанымызды біз де білеміз, бұл істе жұмысшылар да әр ай сайын тиянақты болып келе жатыр, біздің бұл табысымызды ешкім де теріске шығара алмайды. Біз бір орыннан жылжымай қалған жоқпыз, қайта ілгері басып келеміз. Біз 28 июньде, мүмкін, бірнеше жүз миллионға национализациялаған[188] боларсыз, ал сіздер тағы да қарсы боласыздар, буржуазиялық интеллигенцияның сөздерін тағы да қайталай бересіздер. Социализм дегеніміз бірнеше айдың ішінде тындырылатын жұмыс емес. Біз бір орыннан жылжымай қалған жоқпыз, социализмге қарай ілгері басып барамыз, ал Брест шартынан кейін біз оған жақындап та қалдық. Жұмысшыларда бірқатар қателерден туған тәжірибе бар, күрестің жауапкершілігін, қиыншылығын түсіну бар, ал шаруаларда жерді социализациялау ісінен тәжірибе бар және негұрлым тәжірибелі, парасатты шаруалар: біз бірінші көктемде жерді өзіміз алдық, ал күзде барлық істі, жер бөлу ісін өз қолымызға аламыз дейтініне күмән жоқ. Біз шаруаларға кездемені 50 проценттен, яғни жарты бағасына беріп отырмыз ғой, ал кедей шаруаларға кездемені бұл бағамен кім берер еді? Сондықтан біз, жалдаптардың қолына түсіп кетпей, ең алдымен кедейлердің қолына тиетін әрбір пұт астықты, кездемені және құрал-саймандарды беру жолымен социализмге қарай ілгері баса береміз. Социализм дегеніміздің өзі осы. (*Қол шапалақтау.*) Кітапшалар бойынша ойлайтын адамдар социалистік революцияның жарты жылынан кейін де түкті түсінбейді. Біз астық болудегі және кездемені астыққа айырбастаудағы нақты шарадан бай

жалдаптар емес, кедейлер ұтып шығатын етіп отырмыз, біз осындай жағдайға жеттік. Біз буржуазиялық республика емеспіз, өйткені ол үшін Советтердің керегі жоқ. Астықты, кездемені бөлуден кедейлер ұтып шығатын ету керек, ал мұны дүние жүзінде бірде-бір республика істеп көрген емес, ал қазір біз осыны істеп отырмыз. (Қол шапалақтау.) Біз игі іс істеп отырмыз, бізде тәжірибе бар және біз кедейлердің ұйымдасуы үшін бәрін де істейміз. Тонау мен бұзақылық жасау оқиғалары жойылуға жуық, кедей шаруалар мен орта шаруалардың: кулактар мен помещиктерден құтылу керек дейтін реттері мұндай оқиғадан он есе көп кездеседі! Брест бітімінен бергі жерде біз шаруаларды үйрету ісінде ілгері қарай зор қадам жасадық, социализм жолындағы күресте қазір шаруалар да тәжірибесіз адамдар емес.

СОЛШЫЛ ЭСЕРЛЕРДІҢ БҮЛІГІ ЖӨНІНДЕ «ИЗВЕСТИЯ ВЦИК» ҚЫЗМЕТКЕРІМЕН 1918 ж. 7 ИЮЛЬДЕГІ ӘҢГІМЕ[89]

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Революция әрбір жағдайды ғажап дәйектілікпен логикалық шегіне жеткізеді, әрбір теріс тактиканың бүкіл бейшаралығын, бүкіл қылмыстылығын аяусыз ашып көрсетеді.

Даурықпа сөзге әуес солшыл эсерлер, міне, бірнеше айдан бері: «Жойылсын Брест, германдарға қарсы көтеріліс жасасын!» — деп зарлап келеді.

Біз оларға қазіргі жағдайда, қазіргі тарихи кезеңде, орыс халқы соғыса алмайды және соғысқысы келмейді деп жауап бердік.

Өмір шындығына көзді жұмып қарап, олар орынсыз қасарысқандықпен өздерінің бағытын қасарысып жүргізе берді; олар халық бұқарасынан онан сайын қол үзіп бара жатқандығын сезбей, қайткен күнде де, тіпті күшпен болса да, сол бұқараға өз еркін және құрамына қылмыскер авантюристер, есірген интеллигенттер, т. т. кірген Орталық Комитеттің еркін әкеп таңуға тырысып жүр.

Ал солшыл эсерлер халықтан іргесін аулақ салған сайын, олар буржуазияның, буржуазия болғанда, солшыл эсерлердің қолымен өз ойларын іске асыруға үміттенген буржуазияның тілектестігіне ие бола бастады.

Қылмысты террорлық әрекет пен бүлік солшыл эсер авантюристердің қылмысты тактикасы халықтық Советтік Россияны қандай түпсіз тұңғиыққа душар ететініне халықтың қалың бұқарасының көзін әбден және толық жеткізді.

Менің өзіме де, басқа көптеген жолдастарға да бүлік жасалған күні тіпті халықтың ең қараңғы деген топтары тарапынан солшыл эсерлерге қарсы айтылған аса қатты ыза кернеген сөздерді есітуге тура келді.

Мирбахтың өлтірілуі жөнінде қараңғы, сауатсыз кемпір ызаланып былай деді:

«Қарғыс атқандар-ай, бізді ақыры соғысқа ұрындырып тынды-ау!».

Эсерлердің террорлық әрекетінен кейін Россияның соғысқа килігуі қыл үстінде тұрғанын жұрттың бәрі бірден ап-айқын түсініп, айқын бағалады. Солшыл эсерлердің әрекетін халық бұқарасы нақ осылай бағалады. Біз соғыса алмайтын және соғысқымыз келмейтін кезде бізді немістермен соғысуға арандатпақ болады. Солшыл эсерлердің халық еркін осынша дөрекілікпен аяққа басып, соғысқа осынша күшпен итермелегенін халық бұқарасы кешірмейді.

Егер де солшыл эсерлердің әрекетіне қуанып, бізді табалай алақанына түкіргендер болса, олар тек ақ гвардияшылар мен империалистік буржуазияның малайлары ғана. Ал жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы бұл күндері халық бұқарасының еркін шын білдіретін коммунист-большевиктер партиясымен бұрынғыдан да күштірек, бұрынғыдан да жақынырақ біте қайнасып кетті.

«Известия ВЦИК» № 141, 8 июль, 1918 ж

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСФСР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЕКІНШІ БӨЛІМІ 20-ПУНКТІНІҢ НОБАЙЫ[190]

РСФСР Республика территориясында өнімді еңбекпен шұғылданатын шетелдік еңбекшілердің азаматтық және саяси жағынан Россия азаматтарымен толық тең праволылығын таниды.

1918 ж. 10 июльден ертерек жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПИТЕР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА

Қымбатты жолдастар! Сіздерге арнап бірнеше ауыз сөз жазу үшін, менің ескі танысым, Питер жұмысшыларына жақсы мәлім Каюров жолдастың Питерге бара жатқандығын пайдаланып отырмын.

Каюров жолдас Симбирск губерниясында болып, кулактардың кедейлер мен біздің өкіметімізге қалай қарайтынын өз көзімен көрді. Ол мынаны: атап айтқанда — Совет өкіметін, жұмысшылар өкіметін кулактардың жек көретіндігі, егер жұмысшылар кулактардың Советтерге қарсы жорығын болдырмау үшін, кулактар бірігіп үлгірмей тұрғанда олардың *тас-талқанын шығару* үшін барлық күштерін *дереу* жұмсамаса, кулактардың *өкіметті қалайда құлататындығы* бірде-бір марксист үшін, бірде-бір саналы жұмысшы үшін күмән туғызбауға тиіс екенін өте жақсы түсінді.

Егер жұмысшылардың *алдыңғы қатарлы отрядтары* өз борыштарын түсініп, барлық күштерін жұмсаса, *деревняға жаппай жорық* ұйымдастырса, саналы жұмысшылар қазіргі кезеңде әлгі міндетті жүзеге асыра *алады*, өз төңірегіне деревня кедейлерін біріктіре алады, кулактарды жеңіп, олардың тас-талқанын шығара алады.

Мұны Питер жұмысшыларынан басқа *ешкім де* істей алмайды, өйткені Питер жұмысшыларынан басқа социалықты саналы жұмысшылар Россияда жоқ. Питерде қол қусырып отыру, ашығу, бос тұрған фабрикалардың қасында босқа сенделу, Питер өнеркәсібін қалпына кел-

тіру немесе Питерді қорғап қалу жөнінде бос қиялға салыну — *ақымақтық әрі қылмыс*. Мұның өзі біздің бүкіл революциямыздың мерт болуы. Питер жұмысшылары бұл ақымақтықтан арылуға тиіс, бұл ақымақтықты қорғайтын есуастарды желкелеп қуып тастауға тиіс, сөйтіп он мыңдап Уралға, Волгаға, Оңтүстікке қарай, астығы көп жерге қарай, өзіңді де, семьяңды да асырауға болатын жерге қарай, кедейлердің ұйымдасуына көмектесуге *тиіс* болатын жерге қарай, ұйымдастырушы, басшы, көсем ретінде Питер жұмысшысы *қажет* болатын жерге қарай аттанулары керек.

Каюров өз басының байқағанын айтып, солқылдақтардың бәрінің көзін ашар деп сенемін. Революцияға қауіп төнді. Оны Питер жұмысшыларының *жаппай* жорығы ғана қорғап қала алады. Біз оларға қару-жарақпен ақшаны қанша қажет болса, сонша береміз.

12. VII. 1918.

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 15 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ БЕН ҮКІМЕТ МӘЛІМДЕМЕСІ[191]

(Ленин жолдастың келуі ду овациямен қарсы алынады.) Жолдастар, біздің Совет республикасы саяси дағдарыстар мен жедел саяси өзгерістер жеткіліксіз болып жатыр деп ренжи алмайды. Империалистік күштердің бәрі қаншалықты қарапайым, тіпті қаншалықты мүлде қарапайым болғанмен де, бұлар, әрине, Социалистік Совет республикасымен қатар тұрғанда өзін өзі жайбарақат сезіне алмайды, бірақ өзіміз бастан кешіріп отырғандай кезеңде, соғыс бұрынғы көлемде жүргізіліп отырған жағдайда, көрінеу басшы күштер, империалистік екі топтың құрамасы саяси дағдарыс пен соған ұқсас нәрсені одан әрі туғыза береді. Осындай бір оқиға жөнінде, саяси дағдарысқа ұқсас нәрсе немесе нағыз дағдарыс жөнінде, мен сіздерге хабарлама жасай аламын.

Кеше, 14 июль күні, кешкі сағат 11-де, герман дипломатиялық өкілінің қызметін атқарушы доктор Рицлер сыртқы істер жөніндегі халық комиссарында болып, оған өзінің жаңа ғана Берлиннен алған телеграммасының мазмұнын хабарлады; бұл телеграммада герман үкіметі герман елшілігін күзету үшін әскери форма киінген бір батальон герман солдаттарына рұқсат ету және ол солдаттарды тезірек Москваға жеткізу жөнінде орыс үкіметінің келісім беруін сұрауды Рицлерге тапсырған.

Сонымен бірге герман үкіметі оккупациялық мақсаттар атаулының бәрінен аулақ деген сөз қоса айтылған.

Сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, Халық Комиссарлары Советі председателінің келісімі бойынша, былай деп жауап қайырды: Россияның халық бұқарасы бейбітшілікті тілейді, орыс үкіметі өз әскерінен герман елшілігін, консулдығын, комиссияларын күзету үшін әбден жеткілікті және сенімді әскер беруге дайын, бірақ орыс үкіметі Москваға шетел әскер бөлімін келтіруге ешбір ретте де келісім бере алмайды, сонымен қатар әлгіндей бейбітшілік тілегімен рухтанған герман үкіметі өз тілегін орындауды өте-мөте талап ете бермес деп қатты сенеді.

Шынында, орыс үкіметіне бұл сөз салу граф Мирбахтың қайғылы өлімі екі елдің арасындағы қатынастардың нашарлауына соқтырмайды деп империя канцлері рейхстагта жасаған мәлімдемеге барынша қайшы келіп отыр. Мұның өзі Германияның жетекші сауда-өнеркәсіп топтарының екі елге бірдей тиімді болатын тығыз экономикалық қатынастарды жолға қойып, дамыту жөніндегі өзімізге жақсы мәлім тілегіне де, ойдағыдай алға басып отырған келіс сөздерге де қайшы келеді. Мұны саяси жағдай туралы және Россияға көзқарас туралы Берлиндегі біздің өкілімізге жасалған толып жатқан мәлімдемелер де растап отыр.

Бұл күтпеген жанжал ойдағыдай шешіледі деп үміттенуге біздің әлі де толық дәлеліміз бар, бірақ біздің халықаралық қатынастарымызда шиеленіс туған әрбір ретте біз фактіні ашық хабарлап, мәселені тура қою керек деп есептейміз.

Сондықтан үкімет атынан мынадай мәлімдеме жасауды мен өзімнің борышым деп санаймын:

«Брест бітімін жасаса отырып, Совет республикасының үкіметі сол кезде қалыптасқан халықаралық жағдайға байланысты Россияның жұмысшылары мен шаруаларының қандай ауыр міндетті өз мойнымен көтеруіне тура келгендігін өте жақсы түсінген болатын. Советтердің IV съезінің басым көпшілігінің еркі әбден айқын еді: еңбекші таптар бітім жасасуды талап етті, жұ-

мыс істеу үшін, социалистік шаруашылықты ұйымдастыру үшін, азапты соғыс титығына жеткен күштерді жинап, нығайту үшін тыныс алуды керек етті.

Советтер съезінің еркін орындай отырып, үкімет Брест бітімінің ауыр шарттарын бұлжытпай орындады, сөйтіп өзімізге түсетін төлемдердің мөлшерін әбден анық белгілеу туралы және өзіміз мүмкін болған ең таяу арада төлеп бітіруге ұйғарған төлем әдістері туралы біздің герман үкіметімен екі арадағы келіс сөздеріміз соңғы уақытта айтарлықтай ілгері басты.

Бірақ, Брест шарттарын дәлме-дәл орындай отырып, жұмысшылар мен шаруалардың бейбітшілікке жету жөніндегі еркін қорғай отырып, Совет республикасының үкіметі әр нәрсенің де шегі бар екенін ешқашан естен шығарған емес, осы шектен асқан жағдайда тіпті ең бейбітшіл еңбекшілер бұқарасы да қолына қару алып, бір кісідей болып, өз елін қорғауға мәжбүр болады және қорғайды да.

Солшыл эсерлердің мағынасыз, қылмысты авантюрасы бізді соғысудың аз-ақ алдында қалдырды. Біздің герман үкіметіне көзқарасымыз, біздің тілегімізге қарамастан, шиеленіспей тұра алмады. Герман үкіметінің өз елшілігін қорғауды күшейту жөніндегі тілегінің заңды екенін мойындай отырып, біз бұл тілекті қанағаттандыруға бардық және әлі де біразға барамыз.

Бірақ форма киінген қарулы неміс әскерлерінің батальонын біздің Москваға өткізетін болуымыз жөнінде герман үкіметінің тілегі бізге хабарланған кезде, бұл тілек әлі үзілді-кесілді талап ету сипатында болмаса да, біз оған: бұл сияқты тілекті біз ешбір ретте және қандай жағдайда болсын орындай алмаймыз деп жауап қайырдық,— біз қазір де жұмысшылар мен шаруалардың Совет өкіметінің жоғары органы алдында, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің алдында осы жауапты қайталап отырмыз,— өйткені мұның өзі, объективтік жағынан, жат ел әскерлерінің Россияны оккупациялауының басталуы болар еді.

Чехословактардың бүлігіне, ағылшындардың солтүстіктегі соғыс қимылдарына қалай жауап берсек, мұндай

әрекетке де біз солай жауап беруге мәжбүр болар едік, атап айтқанда: мобилизацияны күшейту арқылы, барлық ересек жұмысшылар мен шаруаларды қару алып қарсы тұруға түгел шақыру арқылы және уақытша шегіну қажет болған жағдайда қатынас жолдарының, қоймалардың, әсіресе азық-түлік өнімдерінің бәрін, бұлар дұшпанның қолына түспейтіндей етіп, түгін қалдырмай жойып жіберуге шақыру арқылы жауап берер едік. Онда соғыс біз үшін қатерлі болар еді, бірақ сөзсіз, қалай да қажет болар еді, сөйтіп Россияның жұмысшылары мен шаруалары Совет өкіметімен қол ұстаса отырып, ақырғы демі біткенге дейін бұл революциялық соғысты жүргізе берер еді.

Советтердің V съезінің шешімдерін бұлжытпай орындай отырып, Совет өкіметінің ішкі саясаты, сыртқы саясаты сияқты, бұрынғы күйінде қала береді. Ақ гвардияшылардың, помещиктер мен капиталистердің қолшоқпарлары болып шыққан солшыл эсерлердің қылмысты авантюрасы қазір, бұлт түнеріп, соғыс қаупі күшейіп тұрған кезде, халықтың көз алдында бұрынғыдан бетер қылмысты бола түседі, сондықтан біз Советтердің V съезінің еркімен біржолата айыпталған сатқындарды аяусыз жазалауды түгелдей, барынша қолдап, жүзеге асырамыз. Егер біздің барлық күш салуымызға қарамастан, соғыс бола қалса, біз Советтердің еркіне кесел келтіріп, соғыс опасыздығына, тағы сондайларға барудан шімірікпейтін сатқын солшыл эсерлер шайкасына зәрредей де сенім арта алмаймыз. Біз контрреволюцияның есірік-авантюристік (солшыл эсерлік) қайраткерлерін де, саналы таптық (помещиктік, капиталистік, кулактық) қайраткерлерін де аяусыз жаныштау арқылы соғыс жүргізу үшін қажетті жаңа күштерді табатын боламыз.

Біз бүкіл Россияның жұмысшылары мен шаруаларын мынаған шақырамыз: үш есе қырағылық, сақтық, ұстамдылық керек, жолдастар! Жұрттың бәрі өз орнында болуға тиіс! Совет өкіметін қорғау үшін, еңбекшілердің, қаналғандардың, кедейлердің мүдделерін қорғау үшін, социализмді қорғау үшін жұрттың бәрі, егер керек бол-

са, жанын да қиюға тиіс!». (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у ү с т і н д е Л е н и н ж о л д а с т р и б у н а д а н т ү с е д і.)

Газет есептері 1918 ж. 16 июльде «Правданың» 146-номері мен «Известия ВЦИК» газетінің 148-номерінде басылған

Бірінші рет 1919 ж. мына кітапта толық басылған: «Советтердің бесінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті. Стенографиялық есеп», Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасы

Сөз—кітаптың тексті бойынша, үкімет мәлімдемесі—қолжазба бойынша басылып отыр

ЛЕФОРТОВО АУДАНЫНДА БОЛҒАН МИТИНГІДЕ 1918 ж. 19 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[192]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Совет республикасы жағдайының шиеленісуі екі себептен: халықаралық және ішкі себептерден туып отыр. Масқаралық бітімнің бүкіл ауыртпалығын біз жұмысшылар мен шаруалардан еш уақытта жасырған емеспіз. Орыс жұмысшылары мен шаруаларының тыныстауына, әлденуіне мүмкіндік беру үшін, бұл бітімнің бүкіл ауыртпалығына қарамастан, Советтердің IV съезі оған қол қоюды қажет деп тапты. Солшыл эсерлер партиясы Мирбахты өлтіру жауапкершілігін өз мойнына алып, Россияны ажалдың аз-ақ алдына әкеліп қойды.

Герман үкіметінің икемге келетін түрі бар, сөйтіп неміс солдаттарының батальонын Москваға енгізуден бас тартуы мүмкін. Совет үкіметі герман үкіметінің бұл жөніндегі талабын, тіпті мұның өзі соғысқа киліктірстін болса да, үзілді-кесілді қабылдамады.

Солшыл эсерлердің авантюрасы Совет өкіметінің жағдайын өте-мөте нашарлатты, бірақ, екінші жағынан, ол мынаған жеткізді: Совет өкіметінің ең таңдаулы бөлегі — еңбекші элемент — солшыл эсерлерден бас тартып отыр.

Германиямен қатынасымыздың шиеленісуіне байланысты басқа коалициямен қатынасымыз да шиеленісті. Чехословактардың көтерілісі — солардың қулық-сұмдығы. Бұған француз ақшасын алып, чехословактарға көмектесіп отырған офицерлер дәлел.

Бұдан әрі Ленин жолдас былай деді: соғыс революцияны тудырады және соғыс неғұрлым ұзаққа созыла түскен сайын, соғысып жатқан елдердің жағдайы со-

ғұрлым шарасыз бола түседі, соғыс бұл елдерді революцияға соғұрлым тез жақындата түседі. Германия мен Австрияда ереуілдер толқыны қайтадан өршіді. Империалистік жыртқыштардың бәрі Россияға жабылуда, сөйтіп оны паршалап тастағысы келеді, өйткені олар өздеріне социалистік Россия өмір сүрген әрбір ай ажал әкелетінін жақсы біледі. Дүние жүзілік империализмге қарсы күресте бірінші социалистік отряд болудың аса зор абыройы, аса зор қиыншылығы біздің үлесімізге тиіп отыр. Біздің міндетіміз — әлі де төтеп бере тұру.

Бұдан кейін Ленин ашаршылық туралы мәселеге көшті; ақ гвардияшылар Совет өкіметін құлату үшін осы ашаршылықты пайдаланып қалмақ. Ашаршылықты сылтауратқан монархистер, кулактар, байлар тарапынан жанталасқан үгіт жүргізілуде. Олар үгітпен ғана шектеліп отырған жоқ, оның үстіне кедей шаруалардың аузын алып, оларды жалдаптыққа, жұмысшылармен күресуге итермелеп отыр. Екі тап: пролетариат пен кулактар, капиталистер күресуде. Бұл таптардың біреуі жеңуге тиіс те, екіншісі талқандалуға тиіс. Біздің социалистік революция кулактарға қарсы күрес жүргізу үшін, жұмысшылардың мүдделерін көздейтін аса қатал тәртіп орнату үшін саналы жұмысшыларды ең кедей шаруалардың және орта шаруалардың көпшілігімен одақтасуға шақырады. Біздің қолымызда ашаршылықтан құтылудың бір ғана жолы бар, ол жол — күрес жүргізу үшін және кулактар мен жалдаптардағы астықты тартып алу үшін жұмысшылардың ең кедей шаруалармен одақтасуы. Қауіптен тайсалмаңдар! Біздің жауларымыз қаптап жатыр, бірақ біздің жаңа одақтастарымыз да бар, олар — әлі соғыс жүріп жатқан елдердің пролетариаты. Біздің өз ішімізде де одақтастарымыз бар, олар — ең кедей шаруалардың орасан зор бұқарасы, бұл бұқара қала пролетариатымен тығыз топтасып алға баса береді.

«Правда» № 151, 21 июль, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЗАВОДТЫҚ КОМИТЕТТЕРДІҢ МОСКВА ГУБЕРНИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1918 ж. 23 ИЮЛЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[193]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Конференцияның залына Ленин жолдас келіп кіргенде, жұрт оны ду қол шапалақтап қарсы алады, қол шапалақтау бірнеше минутқа дейін басылмайды.) Соңғы күндер Совет республикасындағы істің жайы аса шиеленіскен күндер болып отыр, мұның өзі еліміздің халықаралық жағдайынан да, контрреволюциялық заговорлардан да және олармен тығыз байланысты азық-түлік дағдарысынан да туып отыр.

Халықаралық жағдайға тоқталуға рұқсат етіңіздер. Россиядағы революция — халықаралық социалистік армия отрядтарының бірі ғана, біздің жасаған төңкерісіміздің табысты болып, салтанат құруы осы отрядтардың қимылына байланысты. Бұл фактіні біздердің еңқайсымыз ұмыта алмаймыз. Дәл сол сияқты, біз мынаны да ескереміз: Россия пролетариатының дүние жүзілік жұмысшы қозғалысындағы алдыңғы қатарлы ролі еліміздің шаруашылық жағынан дамуына байланысты емес. Қайта, нақ осының керісінше, Россияның артта қалғандығына, отандық буржуазия дейтіннің соғысқа байланысты, сондай-ақ оны жоюға байланысты аса зор міндеттерді орындау қолынан келмейтіндігіне байланысты болып отыр, осының өзі пролетариатқа саяси өкіметті тартып алып, өзінің таптық диктатурасын жүзеге асыруға қозғау салды.

Өзінің революциялық жалғыздығын түсіне отырып, орыс пролетариаты өзінің жеңіп шығуының қажетті шарты мен негізгі алғы шарты бүкіл дүние жүзінің немесе кейбір алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің

жұмысшыларының бірігіп қимылдауы болып табылатынын айқын түсінеді. Бірақ орыс пролетариаты әрбір елде өзінің ашық достары да, жасырын достары да барын өте жақсы біледі. Мәселен, Советтік Россияға тілектес интернационалистерге түрмелері лық толмаған бірде-бір ел жоқ; революциялық социалистік ой-пікір не жария баспасөзде, не астыртын баспасөзде өз бейнесін таппаған бірде-бір ел жоқ. Сондықтан да біз өзіміздің шын достарымызды біле отырып, Керенскийді және оның шабуылын қолдаған меньшевиктермен келісімге келудің қандайын болса да қабылдамаймыз. Соңғы мәселе жөнінде интернационалист Роза Люксембургтің ағылшынның «Жұмысшы Дредноуты»[194] деген газетінде июнь шабуылы жайында басылған хаты (көлемі жағынан кішкентай болса да, мазмұны жағынан айқын интернационалдық хаты) өте елеулі нәрсе. Роза Люксембург Керенскийдің жасаған шабуылы және Советтердің Бүкіл россиялық Бірінші съезінің оны дәріптеп, мақұлдауы Ұлы орыс революциясының халықаралық сипатына нұқсан келтірді деп есептейді. Революциялық Россиядағы июнь шабуылы Батыста революцияның өрістеуін кідіртті, сөйтіп тек пролетариат диктатурасы ғана, бүкіл өкіметтің пролетариат қолына көшуі ғана барлық құпия шарттардың іске аспауына, олардың империалистік жыртқыштық мәнін әшкерелеуге, демек, Европада революциялық істің тездетілуіне жеткізді. Батыста пролетарлық күш-жігердің серпіліс тауып, өріс алуына аннексиясыз, контрибуциясыз демократиялық бітім жасасу туралы біздің барлық халықтарға арнаған үндеуіміз де нақ сондай күшті әсер етті*. Осы революциялық әрекеттердің бәрі бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының көзін ашты, сондықтан буржуазиялық және социал-сатқын топтар қаншама әуреленіп күш салғанымен де, жұмысшылардың оянған таптық сана-сезімін қараңғылай алмайды. Ағылшын жұмысшыларының Керенскиймен кездесуінің қандай болғаны мұны мейлінше айқын дәлелдеді. Орыс революциясының тартымдылығы герман жұмысшыларының бүкіл

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 13—16-беттер. *Ред.*

соғыс кезіндегі алғашқы ең зор бас көтеруінен айқын көрінді; герман жұмысшылары Брест келіс сөздеріне қалай қарайтынын Берлинде және басқа өнеркәсіп орталықтарында аса зор ереуіл жасау арқылы білдірді. Ұлтшылдық желігімен есеңгіреген, шовинизм уымен уланған елде пролетариаттың бұл бас көтеруі — бірінші дәрежелі маңызы бар факт және мұның өзі неміс пролетариатының пиғылындағы бетбұрыс пункт болып табылады.

Германияда революциялық қозғалыстың қазір қалай қарай бет алатыны белгісіз. Онда орасан зор революциялық күштің бар екендігі ғана күмәнсыз, бұл күш бұлтартпайтын қажеттілікпен көрінуге тиіс. Ал неміс жұмысшыларын олар революция жасамайды деп жұрт босқа кінәлайды. 1907 жылдан 1917 жылға дейінгі 10 жылдың ішінде революция жасай алмаған орыс жұмысшыларын да нақ солайша кінәлауға болар еді. Бірақ бұл олай емес қой. Революциялар заказ бойынша жасалмайды, белгілі бір кезеңге орайластырылмайды, ол тарихи даму процесінде пісіп жетіледі, сөйтіп толып жатқан ішкі және сыртқы себептер жиынтығына байланысты бір мезгілде тұтанады. Ал бұл мезгіл жақын және ол мезгіл қалай да туады, сөзсіз болады. Бізге революцияны бастау оңай болды, бірақ оны жалғастыру, аяқтау өте қиын. Өте жақсы ұйымдасқан буржуазиясы бар, жоғары дамыған Германия сияқты елде революция жасау сұмдық қиын, бірақ соның өзінде Европаның алдыңғы қатарлы капиталистік елдерінде революция бұрқ етіп, тұтанып кеткеннен кейін, социалистік революцияны жеңіспен аяқтау оңай болады.

Нағыз қорлық, ауыр, зорлық шартты — Брест шартын жасасты деп бізді босқа кінәлайды және мұның өзін біздің мұраттарымыздан мүлде безгендік, герман империализміне мойынсұнғандық деп ұғу да бекершілік. Ал мұндай кінә тағудың өзі буржуазиялық топтар мен социал-келісімпаз элементтерден шығып жүргендігі көңіл аударарлық нәрсе; бұлар қазір Украинада, Финляндияда және Кавказда (меньшевиктер) неміс юнкерлерін құшағын жайып қарсы алып отыр. Нақ сондай кінәны біздің басымызға мисыз солшыл эсерлер де жауды-

рып жүр. Біз Брест шартының бүкіл ауыртпалығын өте жақсы түсінеміз. Дәл сол сияқты біз бұл зорлық шарт бойынша Германияға өзіміздің 6 миллиард сомға жуық ақша (Берлинде мәжіліс жасап жатқан біздің экономикалық делегацияның есептеуі бойынша) төлеуімізге тура келетіндігін де білеміз. Жағдай сөзсіз ауыр, бірақ пролетариат пен деревня кедейлерінің жалпы күш салуы арқылы бұдан құтылудың амалын табуға болады және табу қажет те. Ал солшыл эсерлердің Мирбахты өлтіру арқылы бізді соғысқа тартпақ болған есуастық әрекеті Брест шартынан құтылудың амалы емес. Керісінше, бұл авантюра герман соғысқұмар партияларының отына май құйды; бұл партиялардың жағдайы, әлбетте, герман жұмысшыларының арасында ғана емес, оның үстіне буржуазияның арасында да жеңілісті тілеу пиғылінің өсуі салдарынан нашарлауға тиіс. Өйткені қазір, Брест бітімінен кейін, Германияның көрінеу империалистік мақсаттармен тонаушылық соғыс жүргізіп отырғаны жұрттың бәріне әбден айқын.

Империалистік жыртқыштар және ел ішіндегі оларды жақтаушы ақысын ақдып отырған контрреволюционерлер жан-жақтап қоршаған Советтік Россияның азық-түлік жағдайы оте қиын.

Ашаршылыққа қарсы (буржуазияның пролетарлық диктатураға қарсы күресіндегі осы ең жақсы құралға қарсы) күресуге жұмысшы табының назары аударылуға тиіс. Бірақ біз бір нәрсені негізге алуға тиіспіз: ашаршылықты жеңбек болғанда, біз күрестің буржуазиялық әдістерінен, байлар мен алпауыттардың мүдделеріне бола бұқараның ашаршылыққа ұшырауынан үзілді-кесілді бас тартамыз, сойтіп күрестің таза социалистік әдістерін қолданатын боламыз. Ал бұл соңғы әдістердің мәні жұмысшылардың мүддесі үшін астық монополиясын енгізуде, тұрақты баға белгілеуде болып отыр*.

* Бұл абзац конференцияның басылып шыққан протоколында былай делінген:

«Ашаршылыққа қарсы күрестің екі әдісі: капиталистік және социалистік әдістері бар. Бірінші әдістің мәні мынада: сауда еркіндігіне жол беріледі. Ол жұмысшылар мен кедей шаруалардың ашығуына байланысты бағаның қымбаттауына, кулактардың қыруар байлық жинап алуына әкеліп соғады. Біз, жұмысшылар өкіметі, бұл жолмен жүре алмаймыз. Біздің жолымыз, астық монополиясының жолы, жү-

Буржуазия мен оның қолшоқпарлары социал-келісімпаздар еркін сауда үшін, тұрақты бағаны жою үшін жанын салады. Бірақ еркін сауда қазірдің өзінде бірқатар қалаларда өзінің нәтижелерін көрсетіп отыр. Буржуазияны жайғастырудың артынан іле-шала астықтың бағасы әлденеше рет өсіп кетті, соның салдарынан азықтүліктің өзі рыноктан жоғалып кетті: баға бұдан да әрі көтеріледі деген үмітпен кулактар оны тығып тастады.

Пролетариат пен Советтік Россияның ең барып тұрған қас жауы — ашаршылық. Бірақ ашаршылықты жеңу жолында пролетариат деревня буржуазиясымен қақтығысып отырады, деревня буржуазиясы ашаршылықты жоюға ешбір мүдделі емес, қайта, мұның керісінше, одан өзіне топтық және таптық пайда тауып отырады. Пролетариат мұны ескеруге тиіс, сөйтіп ашаршылыққа ұшыраған деревня кедейлерімен одақтасып, деревня кулактарына қарсы ымырасыз қатал күрес жүргізуі керек. Нақ осы мақсаттармен азық-түлік отрядтарын ұйымдастыру жөнінде басталған жұмыстар да жүргізіле беруге тиіс; бұл отрядтарды басқаруға партия ұйымдары мен кәсіптік ұйымдар сенетін адал коммунистер қойылуға тиіс. Тек сонда ғана азық-түлік ісі жолға қойылады, сөйтіп революция ісі қорғалып қалатын болады.

«Правда» № 153 және
«Известия ВЦИК» № 155,
24 июль, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің
текстімен салыстырылған
«Правда» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

мысшылар мен кедей шаруаларды біріктіру жолы. Бұл—ап-ауыр, ең қиын жол, бірақ біз үшін бірден-бір мүмкін жол. Бізде кулактармен, біздің тап жауымызбен ымыраласу болуы мүмкін емес. Біз қазір санаулы жұмысшылардың барынша көп күш салуын талап ететін негұрлым ауыр кезеңге келіп отырмыз. Кулактар орта шаруалар үшін күрес болып жатқанын біледі; орыс шаруаларының осы зор бөлегі кімнің жағына шықса, сол жеңеді. Мәселе ең ақырғы, шешуші зор майдан жайында болып отыр, ал кулактар мұны өте жақсы біледі». *Ред.*

ХАМОВНИКИ АУДАНЫНДА БОЛҒАН МИТИНГІДЕ 1918 ж. 26 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[195]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Ленин жолдастың келуі ду овациямен қарсы алынды.) Ленин жолдас өзінің «Советтік конституция еңбекші халыққа не береді» деген тақырыпқа арналған сөзінде мыналарды атап көрсетті: Советтер сияқты, революциялық күрес кезеңінде жасалған Советтік конституция — еңбекшілердің өкіметін мемлекеттік өкімет деп жариялаған, жаңа өмір орнатуға қарсы қанаушыларды праводан айырған бірінші конституция. Капиталды жеңудің кепілі де бұл конституцияның басқа мемлекеттердің конституцияларынан осы басты айырмашылығында болып табылады.

Еңбекші және қаналған халық праволары декларациясының бірқатар басты қағидаларын көрсете келіп, Ленин жолдас былай деді: Советтік конституция —Россия Социалистік Федерациялық Республикасының негізгі заңы — бүкіл дүние жүзі пролетариатының мұратын бейнелейтінін ендігі жерде барлық елдердің еңбекшілері көретін болады. Барлық елдердің буржуазиясы сазайын тартатын мезгіл жақындап келеді! Батыс Европада ашыну күшеюде! Біздің міндетіміз—жолымызда кездесетін бөгеттер қандай қиын болғанымен де, олардың бәрін жеңіп шығу, сейтіп барлық елдердің жұмысшы табы көтеріліс жасап, бүкіл дүние жүзілік социалистік республиканың ұлы туын тіккен кезге дейін Советтер өкіметін сақтап қалу! (Орыс пролетариатының көсемі Ленин жолдастың соңғы сөздері ду қол шапалақтауға ұласып кетті.)

«Правда» № 157, 28 июль, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРЕСНЯ АУДАНЫНДА БОЛҒАН МИТИНГІДЕ 1918 ж. 26 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[196]

(Ленин жолдастың келуі жұрттың ұзақ овациясын туғызады. «Интернационал» орындалады. Жұрттың бәрі орындарынан тұрады.) Ленин жолдас сөз алып, өте айқын және жұртқа түсінікті түрде Советтік Конституцияның мәнімен таныстырды, бұл Конституцияның негізгі қағидаларын түсіндіріп берді. Советтер — халық билігінің жоғары формасы. Советтер — ойдан шығарылған нәрсе емес, олар — нақты өмір шындығының жемісі. Советтер адамзат тарихында тұңғыш рет біздің артта қалған елде пайда болып, өсіп шықты, бірақ олар объективті түрде бүкіл дүние жүзінде еңбекшілер өкіметінің формасы болуға тиіс.

Бұған дейінгі конституциялардың қайсысы болсын үстем таптардың мүдделерін қорғап келді. Тек бір ғана Советтік Конституция еңбекшілерге қызмет етеді және үнемі қызмет ете беретін болады, сондықтан ол социализмді жүзеге асыру жолындағы күресте құдіретті құрал болып табылады. Ленин жолдас буржуазиялық конституциялардағы және Советтік Конституциядағы «баспасөз және жиналыс бостандығы» талаптарының арасындағы айырмашылықтарды өте дәл атап көрсетті. Буржуазиялық конституцияларда баспасөз және жиналыс бостандығы — түгелдей буржуазияның монополиясы, онда буржуазия өз салондарында жиналады, өтірікті жаудырып, жала жабу және халық бұқарасының санасын уландыру мақсатымен банктердің қаржыларымен өздерінің көлемді газеттерін шығарады, онда жұ-

мысшы баспасөзін тұншықтырады, тонаушылық соғыс жөнінде жұмысшы баспасөзінің өз сөзін, өз пікірін айтуына мүмкіндік бермейді, соғысқа қарсыларды қуғындайды, олардың жиналыстарына тыйым салынады. Ал мұнда, Советтік Россияда, жұмысшы баспасөзі еңбекшілер үшін өмір сүріп, еңбекшілерге қызмет етеді. Біз Россияда буржуазияның сән-салтанатты үйлерін, сарайларын тартып алып, бұларды жұмысшылар өз клубтарына айналдыру үшін жұмысшылардың өз билігіне береміз, міне, мұның өзі іс жүзіндегі жиналыс бостандығы. Дін — жеке бастың ісі. Әркім неге сенгісі келсе, соған сене берсін немесе ештеңеге сенбесе де мейлі. Совет республикасы барлық ұлттардың еңбекшілерін біріктіреді және ұлт айырмашылығына қарамастан еңбекшілердің мүдделерін қорғайды. Ешқандай дін айырмашылығында Совет республикасының жұмысы жоқ. Совет республикасы қандай да болсын діннен тыс тұрады және дінді Совет мемлекетінен бөліп тастауға ұмтылады. Мұнан әрі Ленин жолдас империалистік жыртқыштардың айнала қоршауында қалып отырған Совет өкіметінің қиын жағдайын суреттеп берді. Ленин жолдас қызыл әскерлер бар күш-жігерін салып, біздің Советтік республикамызды халықаралық империализмнің қаскүнемдіктерінен қорғайтындығына және өзіміздің одақтасымыз—халықаралық пролетариат бізге көмекке келгенге дейін Совет республикасын аман сақтайтындығына кәміл сенетінін білдірді. (Жиналысқа қатысушылар Ленин жолдастың сөзін ұзаққа созылған, ду қол шапалақтаумен біраууыздан қостады. «Интернационал» орындалады.)

Бірінші рет 1957 ж. «Коммунист» журналының 5-номерінде басылған

Протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ IV СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

СЪЕЗДІҢ КОММУНИСТІК ФРАКЦИЯСЫ МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ[197]

1. Бетбұрыс: 25. X. 1917—17. II. 1918 және кейініректе.
2. Брест-Литовскідегі бітім және қазіргі жай... (Троцкий vs* революциялық соғысты жақтаушылар)...
3. «Тыныс алу».
4. Экономикалық ауыртпалық... Бельгия ше?
5. «Сатқындық».
   Бос сөз.
   2 vs 10 және 200 000 vs 1 000 000.
6. Украина мен Финляндия.
7. Шаруалар бұқарасының, ұсақ буржуазияның, табынан азған солдаттың көзқарасы...
8. Таптық күштер және «оңбаған бітім».
   Ал орыс буржуазиясы ше?
9. Солшыл социалист-революционерлердің «солшылдығы».
10. Тіпті «торығу» ма?
11. «Саңылауды», «қайшылықтарды» пайдалану күштердің стратегиялық орналасуы:
    Германия — Англия — Жапония — Америка...

NB: *11. bis: Tilsit.* Бітім мен соғыс, олардың байланысы.

12. Күте тұру, күте тұру үшін шегіну.
    Нені? Кімді? Халықаралық революцияны.

---

* — versus — жөнінде. *Ред.*

13. Купітерді әзірлеу. «Отан қорғауды» *жақтау*.
Тәртіп үстіне тәртіп болсын (қатал шаралар қолдануға дейін бару).

1918 ж. 12 немесе 13 мартта жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

БІТІМ ШАРТЫН РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Советтер съезінде сөйленетін сөздің жоспары

1. Тарихтың бетбұрысын түсіну,
таптар мен қоғамдық күштердің арасалмағындағы өзгерісті түсіну.
2. 23. II. (1917)—11. II. (1918) орыс революциясының «дербестігі». (Себептері.)
3. Салтанатты шеру: 25. X. (1917)—11. II. (1918).
4. Империализм: ауыр жеңілістер, шегінулер дәуірі. Жау бұрынғы жау емес.

   Армия жоқ.
5. Мәселенің «тарихтан тыс» қойылысы.
Буржуазия мен оның шашпауын көтерушілер.
6. Армияға ірітқі салған кім?
7. Винниченколар = Керенскийлер + Церетелилер + + Черновтар.
8. Арандатушылық пен орға жығу. «Немістерге қуанышты»...
9. Торығу мен бос сөз. Бос сөз бен даңғойлық: солшыл социалист-революционерлерде

   [бізде < $^1/_{10}$ (453 және 36 және 8=497)[198]]...

   | Ауру армия | ...

* Қараңыз: осы том, 100—120-беттер. *Ред.*

10. 1907 және 1918 жылдарды салыстыр.
11. Шаруалар және бос сөз.
12. «Тыныс алу». **Отан қорғау.**
13. 2 және 10; 200 000 және 1 000 000.
14. Тильзит бітімі және әлсіз неміс халқы (*тек қана* әлсіз және артта қалған). Өзара байланыста алынған бітім мен соғыс.
15. Шегіне отырып, *басқа* одақтасты: халықаралық социалистік пролетариатты күтеміз.

1918 ж. 13 немесе 14 мартта жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД ПЕН МОСКВАНЫҢ ӨНЕРКӘСІБІН ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР[199]

Өнеркәсіпті *электрлендіру*

(А) Питер

[Питерде *Глушковтың* комиссиясы[200].]
Питер ауданы:

	Су күштері:	Pferde Kräfte*	
Қазір: Питер өнеркәсібі 0,25 миллионға жуық алады. Pferde Kräfte 0,13-ке жуық алып отыр Қазір	Иматра — 1 000 000 Нева — 0,2 *Волхов* — 0,06 *Свирь* — 0,2 Зерттеу керек [*Волховты* салу]		(2—3 құрылыс маусымы) жанғыш сланец Нарваның арғы жағында немістерге кетті[201]

|*Жобалар басуға берілсін* NB|

Екі кәсіпорын да — национализацияланған[202].

(Б) Москва:

Жеке бюро емес түрде бекіту керек.

1918 ж. 18 мартта жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — ат күші. *Ред.*

«СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

1) Жаңа объективті жағдай және біздің революцияның жаңа сатысы.
2) *Жаңа бағдар.*
3) Тек (азамат соғысының) шиеленісуі өзгеріп қана қойған жоқ, сонымен қатар бұл өзгеріс сан (өзгерістер саны) сапаға ауысатын дәрежеге жетті.

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

Жоспардың нобайы:

§§ 1—3...

§ 4. Сендіру — өз жағына қарату — *басқару.* (1-қатардағы нәрсе.) Орнына емес, қоса алғанда.

5. Есеп және бақылау (α). Өнімділікті арттыру (β).
6. Буржуазияға қарсы күрес ұйымдасқан түрдегі есеп пен бақылау сатысына көшеді. (Орнына емес, қоса алғанда.)
7. Еңбек міндеткерлігі — — байлардан.
8. Есеп және бақылау — байлардан.
9. Ақша. Quid est?** (Өндіріс; тұтыну.) Декларация*** және банкте ұстау.

---

* Қараңыз: осы том, 139—177, 179—225-беттер. *Ред.*
** — Бұл не нәрсе? *Ред.*
*** Қараңыз: осы том, 148, 382-беттер. *Ред.*

10. Капитализмнің аса ірі ұйымдастырушыларынан, трестерден социализмді үйрену.

10 bis: Ең таяудағы мақсат (etwa*).
6 сағат дене еңбегі + 4 сағат мемлекет басқару.

11. Taylors system. Motion study**.

11 bis: Буржуазиялық интеллигенцияға ақы төлеу:

2000×25 000 = 50 миллион.

100 миллионға дейін.

12. Совет өкіметінің дамуы. Совет өкіметінің социалистік сипаты неде?

13. Бөлімдер бойынша (α); басқаруға тікелей қатысу (β).

14. Үгітшіден ұйымдастырушыға. [басшыларды қайта бағалау, ауыстыру]

15. Ұйымдастырушыны ілгері бастыру.

16. Өзара тәртіп
қара тақта
өнеркәсіптік соттар.

17. «Сындарлы және берік ұйым».
Дара билік.
Сөзсіз бағыну. } ad*** 17

18. Соттар, олардың *т ә р б и е л і к* ролі.

19. Жарысты ұйымдастыру.

20. Баспасөз vs**** экономика (саясат емес).

21. Үлгінің (үлгілі қауымның) күші.
Massenspeisung*****. Егіншілік.

22. Кооперативтер және оларды универсалдандыру.
(Кәсіподақтардың ролі.)

---

* — шамамен. *Ред.*
** — Тейлор системасы. Қимылды зерттеу. *Ред.*
*** — мына пунктке. *Ред.*
**** — versus — жөнінде. *Ред.*
***** — Қоғамдық тамақтандыру. *Ред.*

‖ 23. Жұмысшылар — үстем тап.

‖ 24. Жұмыстың ұзаққа созылу сипаты: $^1/_2$ өлімші етіп соғу (бір ғана сілкілеумен және бұйрықпен жандандыра алмайсың).

‖ 25. Практицизм мен іскерлік — ұран.

{салыстыру 17 ‖} 26. *Дара* билік.

|||| 27. Митингілеу vs іскерлікпен талқылау және революцияшылдық.

28. Россияда 17 және 20-ғасырлардың басы.

29. Шетелден қос қолдап көсіп алу.

30. Қарсылық: «ұзаққа созыла ма?»

Орталықтандыру vs автономия және федерация. Межелеу. Демократиялық централизм.

|||| *Жауапкершілікті белгілеу:* биліктің көптігі және жауапсыздық.

---

8. *Жұмысшы бақылауы жұмысшының реттеуі ме?* Кооперация.

9. *Еңбек өнімділігін арттыру.*

Өзара тәртіп.
Еңбек тәртібі.
Taylors'
Қорытындысы бойынша кесімді ақы төлеу.

Материалдық негіздер: отын, «ақ көмір» руда, темір жолдар. Cur* тоқырау?

10. *Жарысты ұйымдастыру.*

Үлгінің күші. Коммунистік қауымдар.
Әсіресе егіншілік. Massenspeisung.
Жариялылық.

---

* — Неге. *Ред.*

Буржуазиялық баспасөз (саясат) және социалистік баспасөз (экономика).
Қара тақта.
Ұйымдастырушыларды жоғарылату...

Іс қорытындыларын салыстыру.
Кооперация.
Банктер.
Еңбек өнімділігі.
Егіншілік коммуналары
etc.
Әскери істі үйренушілер саны.

11. *«Сындарлы ұйым» және диктатура...*
Темір жол декреті.
Дара билік.
Сөзсіз мойынсұну.
Митингілеу vs орындау
Парықсыз: қазан: «қайнап бітеді».

12. *Күштеу (мемлекет) және сот.*

13. *Совет өкіметінің принциптері және ұйымдастыру.*
Түгел
көшу: бөлімдер бойынша
бақылау (жедел топтар)
басқаруды практикалық тұрғыдан үйрету...

|күйремей тұрғанда үлгеріп қалу|

14. *Қарсылықтар* («баға берудегі қателер»).
Кімді кім пайдаланады? ((әскери ұйым)).
«Келісімпаздық».
Ұсақ буржуазияшылдық, реформизм...
Мәдениетшілдікке салыну...
etc.
«Практицизм және іскерлік»?
«Халықаралық жағынан берік болмай тұрғанда жұмыстың ұзаққа созылатындығы»?

15. *Қорытындылар.*

4 bis: Тәртіп, демалыс... Ұрлама, жалқауланба, бәрін дұрыс ескер!

5. Буржуазияға қарсы күрес—жаңа фазисте:
(*α*) ұйымдасқан есеп пен бақылау (басып-жаныштаудың үстіне): ақша декларациясы. *Деревня буржуазиясы.* NB]
+Банктерді национализациялау.

6. (*β*) ... буржуазиялық интеллигенцияны жұмысқа тарту.

6 bis: Байларға—еңбек міндеткерлігі.

7. «Сатып алу»: 2000×25 мың=50 млн. (практик ұйымдастырушылар, мамандар)...

Кооперативтерге бірігу.

8. Әскери адамдар (генералдар, офицерлер etc.)

ad 8: 8 **bis.** Әскери ұйым:
даярлау (мамандарды)
жұмысшылар және кедей шаруалар...

9. «Сындарлы ұйым»...
(1) *Дара* билік.
(2) *Сөзсіз* орындау.
(3) Темір жол декреті.

9 bis: Ұйымдастырушыларды ілгері бастыру.

10. «Өзара тәртіп».
Шығарылған өнім мөлшеріне кесімді ақы төлеу
Taylors system...
Қара тақта.

Еңбек өнімділігін арттыру.

11. Үлгінің күші. Егіншілік. Коммунистік қауымдар. Massenspeisung.

12. Жарысты ұйымдастыру.

13. Соттың ролі: қорқыту+тәрбиелеу.

14. «Практицизм және іскерлік»...
Кімді кім пайдаланады?

15. Ұсақ буржуазияшылдық (немесе реформизм)?
«келісімпаздық»

«реформизм»...
«мәдениетшілдік»...
«ұсақ буржуазияшылдық»...

16. Жұмыстың ұзаққа созылуы... мейлінше берік емес (халықаралық) жағдайда ма?

17. Халықаралық саясат: амалдау керек (Жапонияға қарсы Германиямен және *v. v.**)

17 bis: | IV. және V.—ерекше қиын айлар. |

18. Совет ұйымы. *Түгел* басқару жөнінде
(*α*) бөлімдер бойынша
(*β*) практикалық тұрғыдан басқару.

---

1. Бітім және ұйымдық міндет.
2. Бітімнің баянсыздығы. Нақты кепіл.
3. Буржуазиялық революция vs социалистік революция.
4. Сендіру—өз жағыңа қарату—басқару.
5. *Жалпы ұран* (тыныштық, тәртіп, демалыс), ұрлама, жалқауланба, дұрыс есепте!
6. Буржуазияға қарсы күрес — жаңа фазис
(*α*) ұйымдасқан түрдегі есеп пен бақылау
(*β*) «әйгілілерді» «сатып алу».
7. { Банктерді национализациялау.
Ақша декларациясы.
Салықтар.
+ § 10
8. Тұтыну-өндіріс коммуналары мен кооперативтер.
9. «Мамандар» және совет ұйымы.
ad *6*

---

* — *vice versa*—керісінше. *Ред.*

10. Байларға ... жаппай еңбек міндеткерлігі

11. Өзара тәртіп. Еңбек өнімділігін арттыру.

12. Кесімді ақы+Taylors.'

12 bis. Диктаторлық билік | қараңыз: § 9 |

13. Жарысты ұйымдастыру.
Жариялылық.
Ұйымдастырушыларды ілгері бастыру.

14. Үлгінің күші.
Коммунистік қауымдар. Егіншілік.
Massenspeisung.

15. Сот, тәрбие.

16. Әскери ұйым (қараңыз: *8 bis).*

17. Совет ұйымы (қараңыз: 18).

18. Қарсылықтар (14, 15, 16).

19. Халықаралық саясат (17).

20. Ішкі саясат (17 bis).

---

1) Өндірісті және өнімнің бөлінуін есептеу мен бақылау.

2) Еңбек өнімділігін арттыру.

Шын мәніне келгенде, мұны бір сілкіну арқылы істеу мүмкін емес, сол сияқты декретпен де (өлімші етіп таяққа жыққан адамды сілкілеп алуға немесе бұйрықпен айықтыруға болмайтыны сияқты) істеу мүмкін емес. Ұзақ жұмыс.

Соттың ролі: қорқыту да, тәрбиелеу де.

Тейлор системасы
(Motion study etc.)
Үлгінің күші: егіншілік
Massenspeisung

...«Практицизм»...

Жалдама құлдар табы ретінде алғанда, жұмысшылар көтеріліс жасауға неғұрлым қабілетті, ал қазір олар *үстем* тап.

Шетелден жақсы нәрсені қос қолдап көсіп алу керек: Совет өкіметі + темір жолдардағы пруссиялық тәртіп секілді тәртіп + американ техникасы және трестерді американша ұйымдастыру + халыққа американдық білім беру etc. etc. + + = Σ* = социализм.

I. Буржуазияға қарсы күрес *ұйымдасқан түрдегі есеп пен бақылау* сатысына көшіп келеді: ақша декларациясы...
+ Еңбек міндеткерлігі
+ өнімдерді есептеу
+ жаппай кооперативтерге бірігу.
1. Сендіру, өз жағыңа қарату, басқару (орнына емес, қайта 1-қатарға).

II. Советтің (соның ішінде Орталық Атқару Комитетінің де) барлық мүшелері бос болмауға тиіс
(1) бөлімдер бойынша; (2) практикалық тұрғыдан *басқаруда.*
+ *Ұйымдастырушыларды* ілгері бастыру.
Советтердің демократиялық және социалистік сипаты: quid est? Түгел басқару (буржуазиялық парламенттен өзгеше).

III. Сындарлы ұйым. Quid est?
Жауапты коллегиялар құрамының жазбаша куәлігі.
Әрбір атқарушылық қызметті *дара* билеу.
Бұйрықтарды *сөзсіз* орындау.
Басшыларды қайта бағалау. Үгітші vs ұйымдастырушы.

IV. Еңбекшілердің өзара тәртібі.
Еңбек өнімділігін арттыру.

* — Summa — жиынтық, қорытынды. *Ред.*

Қара тақта. Өнеркәсіптік соттар.
Буржуазиялық интеллигенцияға ақы төлеу

$$\begin{array}{r} \times \begin{array}{r} 2\,000 \\ 25\,000 \end{array} \\ \hline 50 \text{ миллион} \\ 100 \end{array}$$

V. *Жарысты ұйымдастыру.*

1

1—4. Халықаралық жағдай және социалистік революцияның негізгі міндеттері. 1—4
(1—9-беттер*).

2

5. Кезеңнің жалпы ұраны. 5
(9—12-беттер).

3

6—7. Буржуазияға қарсы күрестің жаңа фазисі. 6. 7. 9. 10
(12—25-беттер).

4

8. Бүкіл халықтық есеп пен бақылау жолындағы күрестің маңызы. (Өндіріс пен бөліс.) 8
(25—30-беттер).

5

9. Еңбек өнімділігін арттыру. 11. 12
(30—34-беттер).

---

* Жақша ішіндегі цифрлар мақала қолжазбасының беттеріне сәйкес келеді. *Ред.*

В. И. Лениннің ««Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақаласының жоспарлары» атты қолжазбасының беті.— 1918 ж.

Кішірейтілген

6

10. Жарысты ұйымдастыру. 13. 14. 15
(34—40-беттер).

7

11. «Сындарлы ұйым» және диктатура. *12 bis*. 15
(40—55-беттер).

Әскери ұйым. 16
Совет ұйымының принциптері. 17
Қарсылықтар. 18

8

Совет ұйымын дамыту.
(56—62-беттер).

9

Қорытынды: 62— -беттер.
Жиыны (қорыту).

1918 ж. марттың екінші жартысында — апрельдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІ МЕН КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ АШАРШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ ЖАСАЛАТЫН БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Империалистік соғыс және

ашаршылықтың халықаралық себептері— — — — — — барлық елдерде: соғысушы елдерде де, бейтарап елдерде де.

| Ет пен май нормаланған |

Буржуазия барлық жерде «қолайлы» орналасады

халық ашығады

(Германия мен Австрияда өте-мөте, ал күйзелген және жеңіліске ұшыраған елдер туралы айтудың да қажеті жоқ).

Астық монополиясы... [қай жылдан бастап?]

||| *Астықтың бағасын Керенскийдің екі есе қымбаттатуы* (август, 1917)

{ Мұны бүкіл демократиялық және социалистік баспасөздің сынауы. }

Ашаршылық болады: ашаршылық келді...

Буржуазияның азамат соғысы

чехословактар; Краснов

(α) оңшыл социалист-революционерлер...

(β) меньшевиктер...

| Иркутскіден азық-түлік диктатурасы туралы телеграмма |

* Қараңыз: осы том, 425—446-беттер. *Ред.*

Астық құюдың көбейтілуі туралы телеграмма?

«Громандық» шешім: кулактарға бас ию... оларға тізе бүгу... «өз бетінше дайындаулар» → Жалдаптықпен сатып алу туралы телеграмма Уралдағы Облыстық азық-түлік комитеті?

Киевтің тәжірибесі...

I: орталықтандыру

II: аштарды ұйымдастыру, олардың көмегі...

III: деревняларда кедейлерді ұйымдастыру...

«қапшықшы құтқарды»?? ортақтасып, ұйымдасқан түрде істеп үйренетін нәрсені, қапшықшы бытыраңқы түрде, кулакша істеді!

(оларға «сыйлық беру» → *сыйлық беру жүйесін дамыту?*

Тарихи жаңа міндет,
оны шешудің жаңа құралдары...
«крест жорығы»...
Азық-түлік комитеті кәсіптік одақтарға *завод комитеттеріне* үндеу тастады...
Кулактарға қарсы соғыс

→ қалаларда байларға қарсы...

10 миллион пұт болуы мүмкін
Артығы 1917

Za*
Тамбов —15 миллион пұт

* — Zirka — жуық, шамамен. *Ред.*

орталық егіншілік губерниялар	54	Воронеж	— 5
		Курск	—14
		Орел	—14

1918 ж. кеш дегенде 4 июньде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(6 март—27 июль, 1918)

БАКУЛІК ЖОЛДАСТАРДЫҢ АТЫНА ЖОЛДАНҒАН ХАТ

В. И. Лениннің 1918 жылғы 17 мартта жазған бұл хаты туралы П. А. Кобозевтің жарияланбаған естеліктерінде айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтында сақтаулы). В. И. Ленин өзінің С. Г. Шаумянға жазған бұл хатында Кобозевті үкіметтің Орта Азия мен Баку губерниясындағы төтенше комиссары етіп тағайындауды Шаумянның өзінің Кавказ жөніндегі уәкілдігін жою деп түсініп қалмауы керектігін айтады.

«СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ БАСТАПҚЫ НҰСҚАСЫНЫҢ I, II, III ТАРАУЛАРЫ МЕН IV ТАРАУЫНЫҢ БАСЫ

Мақаланың бастапқы нұсқасын В. И. Ленин 1918 жылғы 23 және 28 марттың аралығында стенографқа ауызекі айтып жаздырған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде ажыратып жазылған стенограмма сақтаулы, онда алғашқы үш тарау мен төртінші тараудың басы жоқ (қараңыз: осы том, 139—177-беттер).

ВЦСПС, МЕТАЛЛИСТЕР ОДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІ ӨКІЛДЕРІНІҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 11 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Сөйленген сөздің қысқаша мазмұны 1918 жылы 12 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 72-номері мен «Известия Советов Рабочих, Солдатских и Крестьянских Депутатов гор. Москвы и Московской Области» газетінің 70-номерінде, ал 14 апрельде «Правда» газетінің 72-номерінде басылды (қараңыз; осы том, 239-бет).

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ МОСКВА ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1918 ж. 23 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

В. И. Лениннің бұл сөйлеген сөзі туралы 1918 жылы 26 апрельде «Правда» газетінің 81-номерінде басылған «Жұмысшы әйелдердің конференциясы» деген мақалада былай деп хабарланған: «Ленин жолдас конференцияны Халық Комиссарлары Советінің атынан құттықтап, қысқаша сөзінде Россия Совет Республикасының жағдайын және халық бұқарасының алдында, соның ішінде жұмысшы табының алдында тұрған міндеттерді сипаттап берді».

ЕКАТЕРИНБУРГПЕН ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСУ

СССР Орталық мемлекеттік Октябрь революциясы архивінде сақтаулы аппараттық журналда В. И. Ленин мен Я. М. Свердловтың 1918 жылы 28 апрельде тікелей провод арқылы Екатеринбургпен (қазір Свердловск) сөйлескені туралы жазу бар.

И. В. СТАЛИНМЕН ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСУ

СССР Орталық мемлекеттік Октябрь революциясы архивінде сақтаулы аппараттық журналда В. И. Лениннің Курскіде жүрген И. В. Сталинмен 1918 жылы 3 майда тікелей провод арқылы сөйлескені туралы жазу бар.

А. А. ИОФФЕ МЕН В. М. ЗАГОРСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Ленин 1918 жылы 31 майда А. А. Иоффеге жазған запискасында өзінің оған және В. М. Загорскийге 31 майда тағы бір хат жібергенін хабарлайды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

ПЕТРОГРАД ОБЛЫСТЫҚ КОММУНАСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ СҰРАУ ҚОЮ

Ақша сарайы жалпы заводтық комитетінің 1918 жылғы 20 июньдегі баяндама хатында былай делінген: «Халық Комиссарлары Советі председателінің Ақша сарайын эвакуациялау туралы мәселе жөнінде Петроград облыстық коммунасы пред-

седателіне осы жылғы 10 июпьде қойған сұрауымен тапыса келіп...» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАҒАЗДАР ДАЙЫНДАУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ПЕНЗА БӨЛІМШЕСІНІҢ БАСҚАРУШЫСЫН ЖӘНЕ БАСҚА АДАМДАРДЫ БОСАТУ ТУРАЛЫ ІШКІ ІСТЕР ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ЖАРЛЫҚ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Калакуцкийдің 1918 жылы 9 июльде В. И. Ленинге жолдаған телеграммасы сақтаулы, онда ол өзін заңсыз ұстап отырғанын Ржев Советіне айтуды өтінеді. СССР Орталық мемлекеттік Октябрь революциясы архивінде ішкі істер халық комиссары орынбасарының «Петербургке бара жатқан Калакуцкийдің және басқалардың Ржевте ұсталуы жөнінде Ленин жолдастың берген нұсқауын орындау үшін...» оларды босатып жіберу туралы қатынас қағазы бар.

ВОРОНЕЖДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ӘСКЕРИ КОМИССАР ИВАНОВПЕН ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСУ

СССР Орталық мемлекеттік Октябрь революциясы архивінде сақтаулы аппараттық журналда В. И. Лениннің Ивановқа запискасы тікелей провод арқылы Воронежге берілгені туралы және 1918 жылы 11 июльде онымен сөйлескені туралы жазу бар.

БЕЛОРУССИЯДАН КЕЛГЕН БОСҚЫНДАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ

Бұл құттықтау Белоруссиядан келген босқындардың Бүкіл россиялық съезінің тоғызыншы мәжілісінде 1918 жылы 21 июльде оқылды. Протоколда былай деп жазылған: «Председательдік етуші мәжілісті аша отырып, Халық Комиссарлары Советінің Председателі Ленин жолдастан келген құттықтауды оқиды, құттықтауды басым көпшілік ду қол шапалақтаумен қарсы алды» («Белоруссиядан келген босқындардың 1918 жылы 15—21 июльде Москвада өткен Бүкіл россиялық съезінің протоколдары, қаулылары мен материалдары». М., 1918, 56-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

РОССИЯ СОВЕТТІК ФЕДЕРАЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ (НЕГІЗГІ ЗАҢЫ)

Конституция жобасын Советтердің Бүкіл россиялық V съезіне ұсыну үшін оны түпкілікті өңдеп шығу РКП(б) Орталық Комитетінің В. И. Ленин бастаған комиссиясына жүктелді. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Конституция жобасының Ленин түзету жасаған жекелеген беттері сақтаулы (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 546—549-беттер).

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ, ҚАУЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *19 март, 1918 ж.*

МИЛИЦИЯНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *21 март, 1918 ж.*

А. Л. КВЯТКОВСКИЙДІ БЕНЗИН, МҰНАЙ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫН САТЫП АЛУ ЖӘНЕ РЕКВИЗИЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССАР ЕТІП БЕКІТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *21 март, 1918 ж.*

ӘЛЕУМЕТТІК (ЯҒНИ МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТТІ) ҚАУІПСІЗДЕНДІРУДЕН БАСҚА, БАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДЕНДІРУ ТҮРЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ОРНАТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *23 март, 1918 ж.*

ЖОЛДАРДЫ БАСҚАРУДЫ, КҮЗЕТУДІ ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАСЫМАЛ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *23 март, 1918 ж.*

МОСКВАНЫ АСТЫҚПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАСИТЫН ТАР ТАБАНДЫ ТЕМІР ЖОЛДАР САЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *23 март, 1918 ж.*

КУРСК ЖӘНЕ ОРЕЛ СТАНЦИЯЛАРЫНДА ЖҮК ТҮСІРУДІ БАҚЫЛАУ ҮШІН УӘКІЛ ЖІБЕРУДІ ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *25 март, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ БАРЛЫҚ БӨЛІМДЕРІНІҢ АҚША ЖҰМСАУЫНА БАҚЫЛАУ ОРНАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *26 март, 1918 ж.*

П. Е. ДЫБЕНКОНЫҢ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫ. *26 март, 1918 ж.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАСИТЫН ТЕМІР ЖОЛДАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *2 апрель, 1918 ж.*

ЖЕКЕЛЕГЕН КОМИССАРИАТТАРДЫҢ ӨЗ КОМИССАРЛАРЫ МЕН АГЕНТТЕРІН ПРОВИНЦИЯҒА КОМАНДИРОВКАҒА ЖІБЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *5 апрель, 1918 ж.*

ВОЛГА САУДА ФЛОТЫНА ҚАРЖЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *10 апрель, 1918 ж.*

КООПЕРАТИВТІК ТҰТЫНУ ҰЙЫМДАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *11 апрель, 1918 ж.*

ЖҰМЫССЫЗДЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ҮШІН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮШІН Я. М. СВЕРДЛОВТЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ПЕТРОГРАД СОВЕТІНЕ 100 МИЛЛИОН СОМ ҚАРЖЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *12 апрель, 1918 ж.*

МУРМАНДЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ФИНЛЯНДИЯ ҮКІМЕТІНІҢ ФИНЛЯНДИЯ ФЛОТЫНА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *13 апрель, 1918 ж.*

СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПОЧТА-ТЕЛЕГРАФ ІСІН БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *16 апрель, 1918 ж.*

СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПОЧТА-ТЕЛЕГРАФ ІСІН БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ ЖАЙЫНДА ҚАУЛЫ. *16 апрель, 1918 ж.*

АКЦИЯЛАРДЫ, ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ПРОЦЕНТ АЛАТЫН ҚАҒАЗДАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *18 апрель, 1918 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *19 апрель, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІ ОТЫН БӨЛІМІНІҢ ШЫМТЕЗЕК ЖӨНІНДЕГІ БАС КОМИТЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ. *20 апрель, 1918 ж.*

ТҰТҚЫНДАР МЕН БОСҚЫНДАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ КОЛЛЕГИЯ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *23 апрель, 1918 ж.*

ТЕМІР ЖОЛ-СУ ЖОЛЫ АРАЛАС ТАСЫМАЛЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ. *23 апрель, 1918 ж.*

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨНДІРІС ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖӘНЕ МЕТАЛДАРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *24 апрель, 1918 ж.*

ТЕМІР ЖОЛ ТАРИФТЕРІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *26 апрель, 1918 ж.*

МҰРАГЕРЛІКТІ ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *27 апрель, 1918 ж.*

КАССА БІРЛІГІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *2 май, 1918 ж.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ЕГІС КӨЛЕМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІН ЕГІНШІЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ҚАРАМАҒЫНА КӨШІРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *2 май, 1918 ж.*

ҚАНТ ӨНЕРКӘСІБІН НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *2 май, 1918 ж.*

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ТРИБУНАЛДАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *4 май, 1918 ж.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ А. Д. ЦЮРУПАНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ҚАУЛЫ. *8 май, 1918 ж.*

ПАРАҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *8 май, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТАР КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *9 май, 1918 ж.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚ КОМИССАРЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ УӘКІЛДІГІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *13 май, 1918 ж.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӨНІНДЕГІ ТӨТЕНШЕ КОМИССАРҒА СИБИРЬДЕ ЖАҢА УӘКІЛДІКТЕР БЕРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *16 май, 1918 ж.*

ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *17 май, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНЕ ВЫКСА ЗАВОДТАРЫНЫҢ МҰҚТАЖДАРЫ ҮШІН 5 МИЛЛИОН СОМ БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *17 май, 1918 ж.*

МҰНАЙ ЖӨНІНДЕГІ БАС КОМИТЕТТІ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *17 май, 1918 ж.*

СЫЙ ТАРТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *20 май, 1918 ж.*

А. Л. ШЕЙНМАНДЫ ФИНАНС ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ КОЛЛЕГИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ ЖӘНЕ ПЕТРОГРАД, ПСКОВ, НОВГОРОД, АРХАНГЕЛЬСК, ВОЛОГДА ЖӘНЕ ОЛОНЕЦ ГУБЕРНИЯЛАРЫ БОЙЫНША ФИНАНС ХАЛЫҚ КОМИССАРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *22 май, 1918 ж.*

ШЕКАРА КҮЗЕТІН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *28 май, 1918 ж.*

ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ТРИБУНАЛ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ. *29 май, 1918 ж.*

ТАМОЖНЯЛЫҚ АЛЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *29 май, 1918 ж.*

ЖЕКЕ КӘСІПТЕРДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҰЙЫМДАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН АППАРАТТАРДЫ АШАРШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУ

ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫМЕН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *29 май, 1918 ж.*

БАРЛЫҚ ВЕДОМСТВОЛАРДЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ОРЫНДАРЫН ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ҚАРАМАҒЫНА БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *30 май, 1918 ж.*

МОСКВАНЫҢ ДАЧАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛА ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ЖЕРЛЕРІНЕ СОҒЫС ЖАҒДАЙЫН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *30 май, 1918 ж.*

КАЗАК ОБЛЫСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *31 май. 1918 ж.*

ТАС ЖОЛДАРДЫ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНЕ БЕРУДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ МАМАНДАРДЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАУЛЫ. *7 июнь, 1918 ж.*

1918 ЖЫЛҒЫ ЯНВАРЬ — ИЮНЬГЕ АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ БОЙЫНША СМЕТАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ АЯҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *8 июнь, 1918 ж.*

ДЕРЕВНЯ КЕДЕЙЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *11 июнь, 1918 ж.*

ДЕМАЛЫС ТУРАЛЫ УАҚЫТША ЕРЕЖЕ. *14 июнь, 1918 ж.*

ТЕМІР ЖОЛ ЖӘНЕ ПАРОХОД КӘСІПОРЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ӨЛІП КЕТУ НЕМЕСЕ ДЕНСАУЛЫҒЫНА НҰҚСАН КЕЛУ САЛДАРЫНАН ЗИЯН ШЕККЕН НЕМЕСЕ ШЫҒЫНҒА ҰШЫРАҒАН ЖӘНЕ ОСЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ МЕН ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ҚҰРАМЫНА ЖАТПАЙТЫН АДАМДАРДЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ТӘРТІБІН УАҚЫТША ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *18 июнь, 1918 ж.*

КРЕДИТ ЖӘНЕ БАСҚА МЕКЕМЕЛЕР МЕН ЖЕКЕ АДАМДАРДЫҢ ӨЗ ҚОЛДАРЫНДАҒЫ 1918 ж. 20 ИЮНЬДЕГІ ДЕКРЕТПЕН НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАНҒАН МҰНАЙ КӘСІПОРЫНДАРЫ МҮЛІКТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *20 июнь, 1918 ж.*

ТРАНСПОРТ ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕГИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *20 июнь, 1918 ж.*

Т. И. ПОПОВТЫ ХАЛЫҚ (БҰРЫНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК) БАНКІНІҢ БАС КОМИССАР-БАСҚАРУШЫСЫ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *20 июнь, 1918 ж.*

МОСКВА МЕН ОНЫҢ ТӨҢІРЕГІ ҮШІН ОРТАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *27 июнь, 1918 ж.*

МАТАНЫҢ ҚОЛДА БАР ЗАПАСЫН ТҮГЕЛДЕЙ МЕМЛЕКЕТ ҚАРАМАҒЫНА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *28 июнь, 1918 ж.*

МАТА САТЫП АЛУ ЖӘНЕ БӨЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *29 июнь, 1918 ж.*

ТАМОЖНЯЛЫҚ АЛЫМДАР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ, ШЕКАРА КҮЗЕТІ МЕН МЕЙМАНХАНА КҮЗЕТІ ЖӨНІНДЕГІ БАС БАСҚАРМАНЫҢ САУДА ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ҚАРАМАҒЫНА КӨШІРІЛУІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *29 июнь, 1918 ж.*

ЦЕНТРОТЕКСТИЛЬГЕ ЖҮН САТЫП АЛУ ҮШІН 50 МИЛЛИОН СОМ БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *2 июль, 1918 ж.*

ТЕМІР ЖОЛ КҮЗЕТІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *17 июль, 1918 ж.*

МАТА МОНОПОЛИЯСЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *18 июль, 1918 ж.*

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *18 июль, 1918 ж.*

СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РАДИО ТЕХНИКАСЫ ІСІН ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *19 июль, 1918 ж.*

ҚАЛА МЕН ДЕРЕВНЯ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ТАПТАРЫНЫҢ ЖАСЫ ЖӘНЕ ТҰРАТЫН ЖЕРІ ЖӨНІНЕН АЛҒАНДА ТИІСТІ КАТЕГОРИЯЛАРЫН ТЫЛДАҒЫ ЖАСАҚТА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ШАҚЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ПАРАЗИТТІК ЭЛЕМЕНТТЕРІН ТЫЛДАҒЫ ЖАСАҚҚА ҚАБЫЛДАУҒА ТІРКЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *20 июль, 1918 ж.*

СОВЕТТІК РОССИЯНЫҢ ГЕРМАНИЯМЕН 1918 ж. 28 (15) ФЕВРАЛЬДА ЖАСАСҚАН ӘДЕБИ КОНВЕНЦИЯСЫН БҰЗУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *22 июль, 1918 ж.*

ӘСКЕРИ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ, АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ ІШКІ ІСТЕР ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫНЫҢ ВЕДОМСТВО АРАЛЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ СУ ТРАНСПОРТЫ БАС БАСҚАРМАСЫ ӨЗЕН КҮЗЕТІН ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ӨЗЕН КҮЗЕТІН ӨЗЕН МИЛИЦИЯСЫМЕН АУЫСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАУЛЫ. *25 июль, 1918 ж.*

СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ТУЫСТАРДЫҢ БІРГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІНЕ ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙТЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *27 июль, 1918 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жоғарыда келтірілген декреттер мен қаулылардың жобалары және түпнұсқалары сақтаулы, оларда В. И. Лениннің толықтырулары, түзетулері және редакциялық түзетулері бар. Аталған документтердің көпшілік бөлігіне енгізілген түзетулер жарияланған (қараңыз: Лениннің XVIII жинағы, 84—85-беттер; Лениннің XXI жинағы, 133, 159—160, 162—163, 200—201, 225-беттер; «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 6, 12—15, 18, 48, 58, 75—76, 86—91, 106—108, 130—134, 141—142, 145—146, 163, 165—166, 170—171, 176, 185—187, 210—211, 212—215, 217—219, 231—233, 241, 245—247, 261—264, 271, 279, 282, 284, 291—292, 299—301; 330—331, 335—336, 340, 347—348, 358, 359—360, 375, 404, 413—416, 432,

457—458, 461, 496, 512—513, 516, 546—549, 571—572, 585, 606-беттер).

ТЕЛЕГРАММАЛАР, ҚАТЫНАС ҚАҒАЗДАР МЕН ҮНДЕУЛЕР

БЫЛҒАРЫ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ БАС КОМИТЕТТІҢ ПРАВОЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ОРГАНДАРЫН ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ БАРЛЫҚ СОВЕТТЕРГЕ ТЕЛЕГРАММА. *6 апрель, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ ЖОЛДАНҒАН ХАТТАР МЕН ПАКЕТТЕРДІ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ РЕГИСТРАТУРАСЫНЫҢ МҰҚИЯТ БЕРІП ОТЫРМАЙТЫНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ІС БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА ҚАТЫНАС ҚАҒАЗЫ. *24 апрель, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫССЫЗДАРҒА КӨМЕК ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮШІН ЕҢБЕК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА 30 МЛН. СОМ ҚАРЖЫ БӨЛУ ЖӨНІНДЕ 1918 ж. 26 АПРЕЛЬДЕГІ ҚАУЛЫСЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК КАЗНАЧЕЙСТВО ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАТЫНАС ҚАҒАЗЫ. *29 апрель, 1918 ж.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК ОТРЯДТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ПИТЕР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ҮНДЕУ. *21 май, 1918 ж.*

КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ 1918 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН СМЕТА ЖАСАУ ТУРАЛЫ СУ ТРАНСПОРТЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРМАЛАРЫНА ТЕЛЕГРАММА. *Ерте дегенде 30 май, 1918 ж.*

ЖАУ ШАПҚАН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕКТІГІ ТУРАЛЫ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ БАРЛЫҚ ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТТЕР МЕН БҮКІЛ ХАЛЫҚҚА ТЕЛЕГРАММАСЫ. *2 июнь, 1918 ж.*

МЕНЗЕЛИНСК СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *18 июнь, 1918 ж.*

ПЕРМЬ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ПЕРМЬ ОРМАН-ТОҒАЙ БӨЛІМІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛЬДЕРІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *18 июнь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ПЕТРОГРАД КІТАПХАНА БӨЛІМІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *Ерте дегенде 27 июнь, 1918 ж.*

БАРЛЫҚ ТЕМІР ЖОЛ ЛИНИЯЛАРЫ БОЙЫНША РЕКВИЗИЦИЯЛЫҚ ОТРЯДТАРДЫҢ БАСТЫҚТАРЫНА ТЕЛЕГРАММА. *1 июль, 1918 ж.*

ТӨТЕНШЕ КОМИССАР С. П. НАЦАРЕНУСҚА ТЕЛЕГРАММА. *10 немесе 11 июль, 1918 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯНЫҢ МОСКВАДАҒЫ БУТЫРЬ АРАЛЫҚ ТҮРМЕСІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІН ТЕКСЕРУГЕ ЖӘНЕ ТҰТҚЫНДАРҒА ӘКЕЛІНГЕН АЗЫҚТАР МЕН ЗАТТАРДЫ БАҚЫЛАУҒА ДЕМЬЯНЕНКО-АНЧАРОВҚА ПРАВО БЕРГЕН МАНДАТЫ. *26 июль, 1918 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жоғарыда келтірілген телеграммалардың В. И. Ленин түзету енгізген жобалары мен түпнұсқалары сақтаулы; олардың көпшілігі жарияланған (қараңыз: Лениннің XXXIV жинағы, 31-бет; «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 61, 364—365, 621—622, 624, 625—626-беттер).

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ ҚАБЫЛДАҒАН КООПЕРАЦИЯ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ

Кооперация туралы декреттің жобасын Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының 1918 жылы 25 мартта В. И. Лениннің қатысуымен өткен мәжілісінде В. П. Милютин ұсынды. Буржуазиялық кооператорлар шығарып тұрған «Союз Потребителей» журналының 1918 жылғы 9-номерінде жоба «Ленин талдап жасаған декреттің жобасы» деген тақырыппен басылды. Кооперация туралы декрет жобасының мазмұны (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 85—86-беттер) оның негізгі қағидаларының Ленин жазған «Тұтыну коммуналары туралы декреттің жобасымен» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 222—224-беттер) және буржуазиялық кооператорлардың Халық Комиссарлары Советі 10 апрельде қабылдаған жобасына Ленин енгізген түзетулермен (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 86—91-беттер) үндес екенін көрсетеді. Мұның өзі жобаны В. И. Ленин жазған деп ұйғаруға негіз болады.

РУМЫН МАЙДАНЫНДАҒЫ ТӨТЕНШЕ КОМИССАР СОЛШЫЛ ЭСЕР В. Б. СПИРОНЫ ҚАМАУҒА АЛУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қаулы 1918 жылы 9 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 69-номерінде жарияланды. 6 апрельде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде В. И. Ленин Спироны қамауға алу туралы және оның іс-әрекетін тергеу туралы өзінің жарлық бергені жайында кезектен тыс мәлімдеме жасады. Мұның өзі қаулыны Ленин жазған деп ұйғаруға негіз болады.

МИРБАХТЫҢ ӨЛТІРІЛУІ ЖӨНІНДЕ ҮКІМЕТ ХАБАРЫ

Хабар 1918 жылы «Правда» газетінің 7 июльдегі 138-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 7 июльдегі 140-номерінде жарияланды. В. Д. Бонч-Бруевичтің 1925 жылы 17 декабрьде Ленин институтына жазған хатында (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтында сақтаулы) хабардың текстін В. И. Ленин жазған деп көрсетілген.

ҮКІМЕТТІҢ 1918 ж. 7 ИЮЛЬДЕГІ № 2 ХАБАРЫ

Хабар Халық Комиссарлары Советі деп қол қойылып, 1918 жылы 8 июльде «Известия ВЦИК» газетінің 141-номері мен «Правда» газетінің (төтенше шығарылған) 139-номерінде жарияланды. В. Д. Бонч-Бруевичтің 1927 жылы шыққан «Герман елшісі Мирбахтың өлтірілуі және солшыл эсерлердің көтерілісі» деген кітабында хабардың текстін В. И. Ленин жазған деп көрсетілген.

РСФСР-де БАР МАТАНЫҢ БӘРІН НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР

1918 жылы 16 июльде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде В. И. Ленин РСФСР-де бар матаның бәрін национализациялауды жүргізудің әдістері туралы мәселе жөнінде негізгі баяндамашы болды; бұл тезистер сол баяндама бойынша қабылданды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Мұның өзі тезистерді В. И. Ленин жазған депұйғаруға негіз болады.

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫНА ТӨЛЕНЕТІН ЖАЛАҚЫНЫ КӨБЕЙТУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

1918 жылы 16 июльде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде В. И. Ленин азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаның тоя тамақ ішпеу себепті сырқаттанып қалуына байланысты халық комиссарларына төленетін ақыны көбейту қажеттігі туралы баяндама жасады. Мұның өзі Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын В. И. Ленин жазған деп ұйғаруға негіз болады.

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕН. АНТИСЕМИТТІК ҚОЗҒАЛЫСТЫ ТҮП-ТАМЫРЫМЕН ЖОЮ ЖӨНІНДЕ БАТЫЛ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ БАРЛЫҚ СОВДЕПТЕРГЕ ЖАРЛЫҚ БЕРІЛГЕН 1918 ж. 26 ИЮЛЬДЕГІ ҮНДЕУ

В. Д. Бонч-Бруевичтің естеліктерінде бұл үндеудің жобасын ішінара В. И. Ленин жазды және редакциялады деп көрсетілген (қараңыз: В. Д. Бонч-Бруевич. Ленин және антисемиттер. «Огонек», 1927, № 24 және «Красная Нива», 1929, № 23; жарияланбаған естеліктер КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтында сақтаулы). 1918 жылы 25 июльде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде В. И. Ленин үндеудің жобасы туралы баяндама жасады. Ол ұсынған жобаны Халық Комиссарлары Советі бекітті. 26 июльде В. И. Ленин қол қойған үндеу барлық губерниялық Советтерге телеграф арқылы берілді, 27 июльде «Правда» және «Известия ВЦИК» газеттерінде жарияланды. Мұның өзі үндеудің жобасын В. И. Ленин жазған деп ұйғаруға негіз болады.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *РКП(б)-ның Төтенше жетінші съезі* — Коммунистік партияның Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін өткен бірінші съезі—1918 жылы 6—8 мартта Петроградта Таврический сарайында болды. Съезд Германиямен бітім шартын жасасу туралы мәселені түпкілікті шешу үшін шақырылған еді; ал бұл мәселе жөнінде партия ішінде қызу күрес жүріп жатқан-ды.

В. И. Ленин және оны қолдаған Орталық Комитет мүшелері Советтік Россияның империалистік соғыстан шығуына жетуге тырысты. Лениннің ұстаған позициясының принциптік негізі оның өзі жазған «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 259—268-беттер) мейлінше толық білдірілген. Брест бітімін жасасуға Н. И. Бухарин бастаған «солшыл коммунистер» тобы қарсы шықты. Л. Д. Троцкий «солшыл коммунистерге» жақын позицияда болды. Москва, Петроград, Урал және басқа кейбір партия ұйымдарын басқарған «солшыл коммунистер» лениндік бағытқа қарсы қиян-кескі күрес жүргізді. Москва облыстық бюросы қарар қабылдап, онда партияның Орталық Комитетіне сенімсіздік білдірді және халықаралық революцияның мүдделеріне бола «Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігіне дейін барудың» дұрыс болатыны туралы, Лениннің анықтамасы бойынша, «таңқаларлық және сұмдық» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 425—434-беттер) мәлімдеме жасады. «Солшыл коммунистердің» авантюристік ұрандарын партияның төменгі ұйымдарының көпшілігі қабылдамай тастады. Партия съезі ашылғанға дейін бітім шартын жасасу жөніндегі лениндік бағытты партияның көптеген ұйымдары қолдады.

Осындай жағдайда партияның VII съезі шақырылды. Съезге шешуші дауыспен 47 делегат, кеңесші дауыспен 59 делегат қатысты; олар 170 000-нан астам партия мүшелерінің, оның ішінде аса ірі Москва, Петроград, Урал, Поволжье

партия ұйымдарының өкілдері еді. Съезд ашылатын кезге дейін партияда барлығы 300 000-ға жуық мүше болды (мұның өзі партияның VI съезіне дейінгіден бір жарым есе көп). Алайда ұйымдардың едәуір бөлегі съездің асығыс шақырылуына байланысты делегаттарын жіберіп үлгермеді немесе Совет елінің бірқатар аудандарын немістердің уақытша басып алуына байланысты съезге делегаттар жіберуге мүмкіндіктері болмады.

Съезд жұмысының регламенті туралы мәселемен бірге күн тәртібі 5 мартта делегаттардың алдын ала өткізілген кеңесінде қаралды. Съезд бірінші мәжілісінде мынадай күн тәртібін бекітті: Орталық Комитеттің есебі; соғыс және бітім туралы мәселе; партияның программасын және атын өзгерту; ұйымдық мәселелер; Орталық Комитетті сайлау.

Ленин съездің бүкіл жұмысына басшылық етті. Ол Орталық Комитеттің саяси есебін баяндады, партияның программасын және атын өзгерту туралы баяндама жасады, съезде 18 рет сөз сөйлеп, барлық мәселелерді талқылауға қатысты.

Орталық Комитеттің саяси есебінен кейін «солшыл коммунистердің» лидері Бухарин қосымша баяндама жасап, онда Германиямен соғысу жөніндегі авантюристік талапты қорғады.

Баяндамалар бойынша қызу жарыс сөз өріс алып, 18 делегат сөз сөйледі. Я. М. Свердлов, Ф. А. Сергеев (Артем), И. Т. Смилга, Ярославльден келген делегат Розанова және басқалар Ленинді қолдап сөз сөйледі. Лениннің иланымды дәлелдерінің ықпалымен «солшыл коммунистердің» бір бөлегі өз позициясын қайта қарады.

Орталық Комитеттің есебін бірауыздан бекіткеннен кейін съезд соғыс және бітім туралы мәселе жөніндегі қарарды талқылауға көшті. Съезд «солшыл коммунистер» қарар ретінде енгізген «Қазіргі кезең туралы тезистерді» қабылдамай тастап, Брест бітімі туралы мәселе жөнінде делегаттардың аттарын атап дауыс беру арқылы Лениннің қарарын қабылдады, қарарды жақтап 30 адам дауыс берді, 12 адам қарсы болды, 4 адам қалыс қалды (қараңыз: осы том, 38—39-беттер).

Бұдан кейін съезд партияның программасын қайта қарау және атын өзгерту туралы мәселені талқылады; бұл мәселелер бойынша Ленин баяндама жасады; Ленин жазған және съездің бас кезінде-ақ делегаттарға таратылып берілген «Программа жобасының бастапқы нобайы» (қараңыз: 76—82-беттер) баяндамаға негіз етіп алынды. Партияның аты оның алдына қойған мақсаттарын бейнелеуге тиіс деп көрсете отырып, Ленин партияны Россия коммунистік (большевиктер) партиясы деп атауды және оның программасын өзгертуді ұсынды. Лениндік қарарды жақтап бірауыздан дауыс берген съезд партияның Ленин ұсынған атын қабылдады. Жаңа программаны түпкілікті талдап жасау үшін

съезд құрамында Ленин бастаған жеті мүшесі бар комиссия сайлады.

Жабық дауыс беру арқылы съезд 15 мүше мен 8 кандидаттан Орталық Комитет сайлады. Орталық Комитетке сайланған «солшыл коммунистер» Н. И. Бухарин, А. Ломов (Г. И. Оппоков) және М. С. Урицкий съезде өздерінің Орталық Комитетте жұмыс істеуден бас тартатындығын мәлімдеді, сөйтіп Орталық Комитеттің бірқатар үзілді-кесілді ұсыныстарына қарамастан, бірнеше ай бойы жұмысқа кіріспеді.

Партияның VII съезінің орасан зор тарихи маңызы болды. Ол Совет мемлекеті сыртқы саясатының лениндік принциптерінің, бейбіт тыныс алу жөніндегі бағыттың дұрыстығын дәлелдеді, партияға іріткі салушыларға—«солшыл коммунистер» мен троцкистерге соққы берді, сөйтіп Коммунистік партия мен жұмысшы табын социалистік құрылыстың негізгі міндеттерін шешуге бағыттады. Съезд шешімдері жергілікті партия ұйымдарында кеңінен талқыланып, «солшыл коммунистердің» әлі де тоқтатылмаған жікшілдік әрекеттеріне қарамастан жаппай мақұлданды.

Көп кешікпей, 14—16 мартта болған Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі Брест бітім шартын бекітті.—*1.*

[2] Әңгіме Л. Б. Каменевтің, Г. Е. Зиновьевтің, А. И. Рыковтың, партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің басқа да кейбір мүшелерінің капитулянттық позициясы жайында болып отыр; олар Октябрь социалистік революциясынан кейін «бір тектес социалистік үкімет » (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 35-том, 47—49, 50—52-беттер) құру жөніндегі эсерлік-меньшевиктік талапты қолдады. —*4.*

[3] Германия күштеп таңған бітім шарттарына қол қоюға қарсы бұл дәлелді Орталық Комитет мүшелерінің 1918 жылы 8 (21) январьда партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесінде «солшыл коммунистер» ұсынды. В. В. Оболенский (Н. Осинский) «герман солдаты шабуылға шықпайды» деп кесіп айтты, ал Е. А. Преображенский герман армиясы «техникалық жағынан шабуыл жасай алмайды: қыс, жол жоқ...» деп дәлелдеуге тырысты. Мұндай пайымдаулардың қате әрі зиянды екендігін В. И. Ленин «Революциялық жел сөз туралы» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 365—377-беттер) ашып көрсетті.— *11.*

[4] Советтердің Бүкіл россиялық II съезі қабылдаған Бітім туралы лениндік декрет жарияланғаннан кейін көп кешікпей Совет үкіметі Антанта елдеріне нота жариялады, онда дереу барлық майдандарда уақытша бітім жасасып, бейбіт келіссөздер бастау ұсынылды. Совет үкіметінің инициативасын қолдаудан бас тартқан Антанта империалистерінің бітім жасасуға белсенді түрде қарсы әрекет жасауы Халық Комиссарлары Советін Германиямен бітім жасасу туралы сепарат-

тық келіс сөздер бастауға мәжбүр етті. Алдын ала келіс сөз жүргізіліп, уақытша бітім жасалғаннан кейін 1917 жылы 9 (22) декабрьде Брест-Литовскіде бітім конференциясы ашылды, оған Советтік Россияның және Төрт жақты одақ державаларының (Германияның, Австро-Венгрияның, Болгарияның және Түркияның) делегациялары қатысты. Конференцияда совет делегациясы Бітім туралы декреттің қағидаларын негізге алған декларацияны жариялады. Онда аннексиясыз және контрибуциясыз, әділетті, демократиялық бітім жасасу ұсынылды. Герман блогының делегациясы біркатар айла-шарғылар жасағаннан кейін совет ұсыныстарын ыңғайсыз деп мәлімдеп, 1918 жылы 5 (18) январьда Советтік Россияға ауыр, тонаушылық бітім шарттарын қойды, бұл шарттар бойынша Польша, Литва және Латвияның, Эстонияның, Украина мен Белоруссияның территориясының бір бөлегі Германияның бақылауына берілуге тиіс болды.

1918 жылы 8 (21) январьда В. И. Ленин Орталық Комитет мүшелерінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесінде тіпті осы ауыр шарттар қойылып отырғанның өзінде де бітімге қол қою қажеттігін кеңінен дәлелдеп сөз сөйледі, өзінің «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерін» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 259—268-беттер) оқып берді. Соғыс пен бітім мәселелері Орталық Комитеттің 1918 жылғы 11 (24) январьдағы, 19 январьдағы (1 февральдағы), 21 январьдағы (3 февральдағы), 18, 22, 23 және 24 февральдағы мәжілістерінде талқыланды. Бейбіт келіс сөздердің бұзылуын болдырмау үшін және «солшыл коммунистер» мен Троцкийдің авантюристік саясатына жол бермеу үшін Ленин партияның Орталық Комитетіне бейбіт келіс сөздерді мейлінше соза түсу туралы және немістер ультиматум қойса, бітімге қол қою қажеттігі туралы шешім қабылдатты. Алайда, 27 январьда (9 февральда) Германия совет делегациясынан 5 (18) январьда ұсынылған бітім шарттарына қол қоюды үзілді-кесілді талап еткен кезде, сол кезде бітім жөніндегі совет делегациясын басқарған Троцкий бұл шешімді бұзды, Лениннің талап еткеніне қарамастан, бітім шартына қол қоюдан бас тартты, сонымен бірге Россия соғысты тоқтатады, армияны демобилизациялайды деп мәлімдеді.

Герман империалистері осыны пайдаланды. 18 февральда герман әскерлері уақытша бітім туралы келісімді бұзып, бүкіл орыс-герман майданы бойынша шабуылға шықты. Нақ сол күні партияның Орталық Комитеті, Лениннің талап етуі бойынша, Германиямен бітім шартына қол қою туралы шешім қабылдады. Бірақ империалистік Германия 22 февральда жаңа ультиматум қойды, онда бұрынғыдан да ауыр, қорлық бітім шарттарын ұсынды: немістер оккупациялаған территорияға қоса Латвия мен Эстонияның бұрын өздері басып алмаған аймақтарын беруді, украин Орталық радасымен бітім жасасуды, Украина мен Финляндиядан совет әскерле-

рін әкетуді, Германияға орасан көп контрибуция төлеуді, армияны демобилизациялауды талап етті. 23 февральда партияның Орталық Комитеті Германия ұсынған шарттарға келісетін бітімге дереу қол қою жөніндегі Лениннің ұсынысын жақтаған пікір айтты. 24 февральда ертеңгісін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті, ал онан соң Халық Комиссарлары Советі де жаңа бітім шарттарын қабылдау жөнінде қаулы алып, бұл туралы дереу герман үкіметіне хабарлапды. 1918 жылы 1 мартта бітім туралы келіс сөздер қайта басталды. Бітім туралы шартқа 3 мартта қол қойылды.

Германиядағы ноябрь (1918) революциясы кайзер II Вильгельмнің өкіметін құлатты, сойтіп Совет үкіметі Брест шартын жоюға мүмкіндік алды. — *13.*

[5] Әңгіме құпия дипломатияның документтерін, патша үкіметі, ал одан соң Россияның Буржуазиялық уақытша үкіметінің Англияның, Францияның, Италияның, Жапонияның, Австро-Венгрияның және басқа империалистік мемлекеттердің үкіметтерімен жасасқан құпия шарттарын Совет үкіметінің жариялауы жайында болып отыр. 1917 жылғы 10 (23) ноябрьден бастап құпия дипломатияның документтері мен шарттар газеттерде жарияланды, ал содан кейін «Бұрынғы сыртқы істер министрлігінің архивінен алынған құпия документтердің жинақтары» түрінде басылып шықты. 1917 жылдың декабрінен 1918 жылдың февралына дейін жеті жинақ шықты. — *15.*

[6] Әңгіме патшаға адалдық жөнінде III Мемлекеттік дума депутаттары берген міндетті ант-қолхат жайында болып отыр. Ант беруден бас тарту пролетариатты революциялық күреске жұмылдыру үшін қажет Дума трибунасынан айрылып қалуға әкеліп соқтыратын болғандықтан, социал-демократиялық депутаттар Думаның барлық депутаттарымен бірге антқа қол қойған еді. — *18.*

[7] «Халықаралық жаппай революция» деген терминді В. В. Оболенский (Н. Осинский) партияның Орталық Комитетінің 1918 жылы 21 январьда (3 февральда) болатын мәжілісіне арнап өзі жазған және 14 мартта «солшыл коммунистердің» газеті—«Коммунистің» 8-номерінде жарияланған «Соғыс пен бітім туралы мәселе жөніндегі тезистерде» қолданды. Бұл терминді түсіндіре келіп, Оболенский былай деп жазды: «Революциялық соғыста, жаппай азамат соғысы ретінде, стратегиялық операциялар жасайтын жалпы ұлттық армиялардың дұрыс соғыс қимылдарының сипаты болмайды... Соғыс қимылдары партизандық күрес (баррикадалық күрес сияқты) сипатын алады, таптық үгітпен араласып кетеді».— *20.*

[8] *Тильзит бітім шарты,* 1807 жылы июльде Франция мен Пруссия арасында жасалған бұл шарт Пруссияға ауыр әрі қорлаушылық міндеттемелер жүктеген болатын. Пруссия көп

жерінен айрылды, ол 100 миллион франк мөлшерінде контрибуция төлейтін болды; ол өз армиясын 40 мың адамға дейін қысқартуға, Наполеонның талап етуі бойынша қосалқы әскери күштер беруге және Англиямен сауданы тоқтатуға міндеттенді. — *21.*

9 *«Коммунист»*—күнделікті газет, «солшыл коммунистер» тобының фракциялық органы; 1918 жылғы 5 марттан 19 мартқа дейін РСДРП Петербург комитеті мен Петербург округтік комитетінің органы ретінде Петроградта шығып тұрды. Барлығы 11 номері шықты. Петроград жалпы қалалық партия конференциясының 1918 жылғы 20 марттағы қаулысы бойынша газеттің шығарылуы тоқтатылды. Конференция былай деп тапты: Петроград комитетінің «Коммунист» газетінің беттерінде баяндалған саясаты бүтіндей қате саясат болды және бұл саясат Коммунистік партияның Петроград ұйымының позициясын ешбір бейнелемейді. Конференция «Коммунистің» орнына «Петроградская Правданы» Петроград партия ұйымының органы деп жариялады. — *21.*

10 В. И. Ленин бұл арада, сірә, герман әскерлерінің шабуыл бастауынан—18 февральдан—совет делегациясының 1918 жылы 28 февральда Брест-Литовскіге келуіне дейінгі күндерді айтып отырса керек. Неміс оккупанттарының шабуылы 3 мартқа—бітім шартына қол қойылған күнге—дейін созылды. — *23.*

11 *Финляндияда революция* 1918 жылы 27 январьда Финляндия Социал-демократиялық партиясы басшылығының шақыруымен басталды. Свинхувудтың буржуазиялық үкіметі құлатылып, өкімет жұмысшылардың қолына көшті. 29 январьда Финляндияның революциялық үкіметі — халық уәкілдерінің Советі құрылды, оған Э. Гюлинг, О. Куусинен, Ю. Сирола, А. Тайми және басқалар енді. Жұмысшы үкіметінің аса маңызды шаралары: жерсіз шаруаларга өздері өңдейтін жерлерді олардың толық меншігіне тегін беру туралы заң қабылдау, халықтың ең кедей топтарын барлық салықтардан босату, қашып кеткен иелердің меншігінде болған кәсіпорындарды экспроприациялау, жеке меншік банктерге мемлекеттік бақылау орнату (жеке меншік банктердің функциясы мемлекеттік банкке берілді) және басқалар болды.

Алайда пролетарлық революция Финляндияның тек оңтүстігінде ғана жеңген еді. Свинхувудтың үкіметі контрреволюцияның барлық күштері шоғырлана бастаған елдің солтүстігіне бекініп алып, германдық кайзер үкіметінен көмек сұрады. Герман қарулы күштерінің араласуы салдарынан Финляндиядағы жұмысшы революциясы үш айға созылған кескілескен азамат соғысынан кейін 1918 жылы 2 майда басып-жаншылды. Елде ақ террор етек алды, мыңдаған революцияшыл жұмысшылар мен шаруалар дарға асылып, түрмелерде өлімші етіп азапталды. — *24.*

[12] Әңгіме 1918 жылы 24 февральда РСДРП Москва облыстық бюросы қабылдаған қарар жайында болып отыр. Бұл антипартиялық документке берілген сынды В. И. Лениннің «Таңқаларлық және сұмдық нәрсе» деген мақаласынан (Шығармалар толық жинағы, 35-том, 425—434-беттер) қараңыз.—*25.*

[13] В. И. Ленин бұл арада француз офицері граф де Люберсакпен 1918 жылы 27 февральда болған әңгімесін айтып отыр.—*30.*

[14] Бұл арада Әскери істер жөніндегі халық комиссариатының үндеуі айтылып отыр, ол үндеу Совет республикасының барлық жұмысшылары мен шаруаларын ерікті әскери оқуға шақырған болатын. Әскери істі ерікті түрде оқып-үйренудің қажеттігі Германиямен жасасқан бітім шарты бойынша орыс армиясы толық демобилизациялануға тиіс болғандықтан туған еді. Үндеу 1918 жылы 5 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 40-номерінде жарияланды. — *30.*

[15] *Каносса*—Солтүстік Италиядағы замок. Рим папасы VII Григорийге қарсы күресте жеңіліске ұшыраған герман императоры IV Генрих 1077 жылы өзін шіркеуден аластатпай қалдыру үшін және императордың өкіметін қайтарып алу үшін райынан қайтқан күнәкар адамның киімін киіп, замок қақпасының алдында үш күн бойы тұрған. «Каноссаға бару»—күнәсын мойындап бару, дұшпанның алдында өзін қорлауға дейін бару деген сөздер осыдан шыққан. — *31.*

[16] 1917 жылы 2 (15) декабрьде Брест-Литовскіде Совет үкіметі мен Төрт жақты одақ державалары (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Туркия) арасында жасалған уақытша бітім туралы шарт бойынша екі жақтың бірі 7 күн бұрын ескерту жасағаннан кейін соғыс қимылдарын қайта бастай алатын еді. Герман әскери командованиесі бұл шартты бұзып, 18 февральда—уақытша бітімді тоқтату туралы жарияланғаннан кейін екі күн өткен соң—бүкіл майдан бойынша шабуыл бастады. — *32.*

[17] 1918 жылы 3 мартта қол қойылған Брест бітім шартының VI статьясына сәйкес Россия контрреволюциялық украин Орталық радасымен бітім жасасуға міндеттенді. Совет үкіметі мен Рада арасындағы бітім туралы келіс сөздер ол кезде жүргізілмеді. 1918 жылы 29 апрельде герман оккупанттары кадеттік-октябристік буржуазияның көмегімен Украинада төңкеріс жасап, Рада құлатылды, сөйтіп ол гетман Скоропадскийдің диктаторлық режимімен ауыстырылды. Советтік Россия мен Скоропадский үкіметі арасындағы келіс сөздер 23 майда басталды; 1918 жылы 14 июньде уақытша бітімге қол қойылды. — *33.*

[18] *Солшыл эсерлер* — солшыл социалист-революционерлер (интернационалистер) партиясы; ұйымдық жағынан 1917 жы-

лы 19—28 ноябрьде (2—11 декабрьде) өткен өзінің Бүкіл россиялық I съезінде қалыптасты. Солшыл эсерлер бұған дейін эсерлер партиясының дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында қалыптаса бастаған сол қанаты ретінде өмір сүріп келген еді; оны М. А. Спиридонова, Б. Д. Камков және М. А. Натансон (Бобров) басқарды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде солшыл эсерлер эсерлер фракциясында көпшілік болды; фракция съезге қатысу туралы мәселеде жікке бөлінді: эсерлер партиясы Орталық Комитетінің нұсқауын орындап, оңшыл эсерлер съезден кетіп қалды, ал солшыл эсерлер съезде қалып, күн тәртібінің аса маңызды мәселелері бойынша большевиктермен бірге дауыс берді, алайда большевиктердің Совет үкіметіне кіру жөніндегі ұсынысынан бас тартып жауап берді.

Ұзақ ауытқудан кейін солшыл эсерлер шаруалар арасындағы ықпалынан айрылып қалмауға тырысып, большевиктермен келісімге келді, сөйтіп олар халық комиссариаттарының бірқатар коллегияларына енгізілді, ал партия басшыларының бірі—А. Л. Колегаев егіншілік халық комиссары етіп тағайындалды. Большевиктермен ынтымақтасу жолына түскенімен, солшыл эсерлер социализм құрылысының түбегейлі мәселелері жөнінде большевиктерден басқаша көзқараста болды, пролетариат диктатурасына қарсы шықты. 1918 жылы январь—февральда солшыл эсерлер партиясының Орталық Комитеті Брест бітім шартын жасасуға қарсы күрес бастады, ал шартқа қол қойылып, оны 1918 жылы мартта Советтердің IV съезі бекіткеннен кейін солшыл эсерлер Халық Комиссарлары Советінен шықты, алайда, халық комиссариаттарының коллегияларына және жергілікті өкімет органдарына қатыса берді. Деревняда социалистік революцияның өрістеуіне байланысты солшыл эсерлер арасында антисоветтік пиғылдар күшейе бастады. 1918 жылы июльде солшыл эсерлердің Орталық Комитеті Москвада герман елшісінің өлтірілуін және Совет өкіметіне қарсы қарулы бүлік ұйымдастырды, сөйтіп осы арқылы Советтік Россияны Германиямен соғысқа арандатпақшы болды. Осыған байланысты Советтердің Бүкіл россиялық V съезі бүлік басып-жаншылғаннан кейін өздерінің басшы жоғарғы тобының көзқарасын қолдайтын солшыл эсерлерді Советтердің құрамынан шығару туралы шешім қабылдады. — *33.*

19 *12 март*—бітім шартын бекіту туралы мәселені шешу үшін Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі шақырылмақшы болған мерзім. Съезд 1918 жылы 14—16 мартта болды. — *33.*

20 *Делонародашылдар*—эсерлер партиясының органы «Дело Народа» газетінің төңірегіне топтасқан оңшыл эсерлер. Газет 1917 жылғы марттан 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды, атын бірнеше рет өзгертті. Газет қор-

гампаздық және келісімпаздық позиция ұстады, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Газет 1918 жылы октябрьде Самарада (төрт номері шықты) және 1919 жылы мартта Москвада (он номері шықты) қайта шығарылды. Газет контрреволюциялық қызметі үшін жабылып тасталды.

Новожизньшілдер—«Новая Жизнь» газетінің төңірегіне топтасқан интернационалист-меньшевиктер.

«Новая Жизнь» («Жаңа Өмір»)—күнделікті газет; 1917 жылғы 18 апрельден (1 майдан) 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды. «Летопись» журналының маңына топтасқан интернационалист-меньшевиктер мен жазушылар газетті шығарудың инициаторы болды. Ленин новожизньшілдерді сипаттай келіп, олардың пиғылдарында «принципсіздікті бүркемелейтін де, білдіретін де интеллигенттік скептицизм... басым болып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 34-том, 118-бет) деп атап көрсетті және оларды мысқылдап «интернационалистсымақтар», «марксистсымақтар» деп атады. Газет Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметінің орнауына дұшпандық көзқараста болды. 1918 жылғы 1 июньнен бастап газеттің екі басылымы: петроградтық және москвалық басылымы шығарылды. 1918 жылы июльде оның екі басылымы да жабылды. — *36.*

21 Соғыс және бітім туралы қарар 8 мартта партия съезінің таңертеңгі мәжілісінде қабылданды. В. И. Лениннің съезд бекіткен ұсынысы бойынша, қарар жарияланбайтын болды (қараңыз: осы том, 44-бет). Бірінші рет ол 1919 жылы 1 январьда күнделікті жұмысшы газеті—«Коммунарда» басылды, бұл газетті РКП(б) Орталық Комитеті 1918 жылғы 9 октябрьден 1919 жылғы 1 июньге дейін Москвада шығарып тұрған болатын.

Қарардың соңғы үш абзацы Г. Я. Сокольниковтың және Г. Е. Зиновьевтің қолымен жазылған. — *38.*

22 Соғыс және бітім туралы В. И. Лениннің қарары талқыланған кезде «солшыл коммунистер» қолдаған Л. Д. Троцкий Совет үкіметінің украин Орталық радасымен және Финляндия буржуазиялық үкіметімен бітімге қол қоюына тыйым салатын түзетулер ұсынды. Троцкий мен «солшыл коммунистердің» Орталық Комитетті маневр жасау еркіндігінен айыру әрекетіне қарсы тойтарыс берген Лениннің сөзінен кейін съезд көпшілік дауыспен әлгі түзетулерді қабылдамай тастады. — *40.*

23 «Солшыл коммунистер» тобы атынан К. Радек мәлімдеме жасады; ол өзінің сөзінде соғыс және бітім туралы мәселе жөніндегі айтысты соза түсуге тырысты. — *43.*

24 Г. Е. Зиновьев Орталық Комитеттің жаңа құрамына соғыс және бітім туралы қарарды жариялаудың формасын табуды

ұсынды. Зиновьевтің түзетуі қабылданбады; съезд көпшілік дауыспен В. И. Лениннің толықтыруын бекітті. — *45*.

25 Партия программасын қайта қарау туралы мәселені В. И. Ленин Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін қойған еді. ««Алыстан жазылған хаттардың» бесінші хатының нобайында» Ленин программаны өзгертудің негізгі бағыттарын белгілеп берді, «бұл жұмысты дереу қолға алу керек» (Шығармалар толық жинағы, 31-том, 64—65-беттер) деп көрсетті. Ленин бұл нобайда белгіленген қағидаларды Апрель тезистерінде, РСДРП(б) Бүкілроссиялық VII (Апрель) конференциясында жасаған партия программасын қайта қарау туралы баяндамасында және басқа документтерде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 122, 449—451-беттер) дамытты. Апрель конференциясына арнап Ленин «Программаның теориялық, саяси және басқа кейбір бөлімдеріне енгізілмек өзгерістердің жобасын» жазды, онда РСДРП-ның 1903 жылғы программасына бірқатар түзетулер бар еді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 155—160-беттер). Бұл жоба гранка күйінде конференцияның делегаттарына таратылып берілді. Апрель конференциясы Орталық Комитетке екі ай мерзім ішінде партияның VI съезіне қарай партия программасының жобасын жасауды тапсырды.

1917 жылы 26 июльде—3 августа (8—16 августа) болған РСДРП(б) VI съезі Апрель конференциясының программаны қайта қараудың қажеттігі туралы қаулысын бекітті және Орталық Комитетке программалық мәселелер жөнінде кең айтыс ұйымдастыруды тапсырды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 550—551-беттер). Съезге дейін-ақ, 1917 жылы июньде, Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша Ленин әзірлеген «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар» деген кітапша басылып шықты, оған Орталық Комитетте болған программалық материалдардың бәрі енгізілді. Осымен бір мезгілде дерлік РСДРП Москва өнеркәсіп ауданының облыстық бюросы «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар. В. Милютиннің, В. Сокольниковтың, А. Ломовтың және В. Смирновтың мақалалар жинағы» деген жинақ бастырып шығарды. 1917 жылдың жазы мен күзінде партия ішінде теориялық айтыс өріс алды. Мерзімді баспасөзде басылған мақалаларды және Москва жинағын Ленин өзінің «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақаласында талдады және сынады, бұл мақала 1917 жылы октябрьде «Просвещение» журналының 1—2-номерінде басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 395—429-беттер).

Партия программасы туралы мәселені бірінші рет талқылаған РСДРП(б) Орталық Комитеті 1917 жылғы 5 (18) ок-

тябрьдегі мәжілісінде кезекті партия съезіне дейін партия программасын қайта өңдеу жөнінде Ленин бастаған комиссия құрды; ал бұл съезді 1917 жылдың күзінде шақыру көзделді. Ақырында, Орталық Комитеттің 1918 жылғы 24 январьдағы (6 февральдағы) қаулысымен программаның жобасын жасау Лениннің басшылығымен жұмыс істейтін жаңа комиссияға жүктелді. Ленин «Программа жобасының бастапқы нобайын» жазды, ол партияның VII съезінің делегаттарына айтысқа арналған материал есебінде таратылып берілді. Алайда съезде программа егжей-тегжейлі талқыланбады; программаның түпкілікті жобасын жасау съезде 7 адамнан сайланған комиссияға тапсырылды; комиссияны Ленин басқарды. Съезд комиссияны программаны қайта қараған кезде бірауыздан қабылданған лениндік қарарда баяндалған нұсқауларды басшылыққа алуға міндеттеді (қараңыз: осы том, 63—64-беттер). Партияның жаңа, екінші программасы тек РКП(б) VIII съезінде, 1919 жылы мартта қабылданды.

Партияның атын өзгерту туралы мәселені Ленин 1914 жылы, бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде-ақ алға қойған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 98-бет). Партияның атын өзгертудің қажеттігін Ленин Апрель тезистерінде, «Біздің революциядағы пролетариаттың міндеттері» деген кітапшасында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 122, 163—205-беттер), басқа да бірқатар еңбектерінде және 1917 жылы сөйлеген сөздерінде негіздеп берді. Партияның атын өзгерту туралы ұсынысын дәлелдей келіп, Ленин Апрель тезистерінде былай деп жазды: «Ресми көсемдері буржуазия жағына шығып алып, *бүкіл* дүние жүзінде социализмді сатып кеткен («қорғампаздар» мен солқылдақ «каутскийшілдер») «социал-демократияның» орнына, *Коммунистік партия* деп аталу керек».

РСДРП(б)-ның 1917 жылғы Апрель конференциясында да, партияның VI съезінде де бұл мәселе қаралған жоқ, сөйтіп тек партияның VII съезінде ғана Лениннің баяндамасы бойынша партияның атын өзгерту туралы шешім қабылданды. — *48.*

[26] В. И. Ленин Ф. Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған хатындағы қағидаларды баяндап отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 318-бет). — *48.*

[27] Әңгіме мына жинақтар жайында болып отыр: «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар». Редакциялаған және алғы сөзін жазған Н. Ленин. Петроград, «Прибой» баспасы, 1917 (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 151—179-беттер) және «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар. В. Милютиннің, В. Сокольниковтың, А. Ломовтың және В. Смирновтың мақалалар жина-

ғы», РСДРП Москва өнеркәсіп ауданының облыстық бюросы бастырып шығарған, 1917. — *50.*

28 *«Просвещение»* («Ағарту»)—ай сайын шыққан большевиктік теориялық журнал; В. И. Лениннің инициативасымен құрылды; 1911 жылғы декабрьден бастап Петербургте жария түрде шығып тұрды. Журналдың тиражы 5 мың данаға дейін жетті. Ленин шетелден «Просвещениеге» басшылық етіп отырды, мақалаларды редакциялады, редакциялық коллегия мүшелерімен ұдайы хат жазысып тұрды. Журналда оның бірқатар еңбектері жарияланды, олардың ішінде «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген және басқа еңбектері бар. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында, 1914 жылы июньде, журналды патша үкіметі жауып тастады. 1917 жылдың күзінде журналды шығару қайта қолға алынды, бірақ бір (қосарланған) номері, 1—2-номері (сентябрь—октябрь) ғана шықты, онда Лениннің «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақаласы басылды. — *50.*

29 *«Спартак»*—РСДРП Москва облыстық бюросының, Москва комитетінің және (2-номерінен бастап) Москва округтік комитетінің теориялық журналы; 1917 жылғы 20 майдан (2 июньнен) 29 октябрьге (11 ноябрьге) дейін Москвада шығып тұрды. — *50.*

30 В. И. Ленин Ф. Энгельстің 1887 жылы 15 декабрьде жазған «Боркхеймнің «1806—1807 жылдардағы ура-патриоттардың есіне» деген кітапшасына кіріспесінің» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 361-бет) мазмұнын баяндап отыр. Ленин Ф. Энгельстің бұл қағидаларын «Көрегендік сөздер» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 510—516-беттер) нсғұрлым толық цитатқа келтіреді. — *51.*

31 *Герман социал-демократиясының Хемниц съезі* 1912 жылы 15—21 сентябрьде өтті, ол «Империализм туралы» қарар қабылдады, қарар империалистік мемлекеттердің саясатын «тонау мен басып алудың арсыз саясаты» деп сипаттады және жұмысшы табын «империализм құлатылғанға дейін оған қарсы еселенген жігермен күресуге» шақырды.

Базель Төтенше халықаралық социалистік конгресі (1912 жылы 24—25 ноябрьде өтті) барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын қарсы қоюға» шақырған манифесті бірауыздан қабылдады. Манифест социалистерге империалистік соғыс бас-

тала қалған жағдайда соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануды ұсынды.

1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Батыс Европа елдеріндегі социал-демократиялық партиялардың көсемдері халықаралық социалистік конгрестердің шешімдерін бұзды, социал-шовинизм позициясына құлдырап, өздерінің империалистік үкіметтерінің жағына шықты. II Интернационал лидерлерінің сатқындығын В. И. Ленин «II Интернационалдың күйреуі», «Социализм және соғыс» деген (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 221—283, 329—377-беттер) және басқа еңбектерінде әшкереледі. — *54.*

32 В. И. Ленин бұл арада Свинхувудтың буржуазиялық үкіметі құлатылғаннан кейін 1918 жылы 29 январьда құрылған Финляндияның революциялық үкіметін—халық уәкілдері Советін айтып отыр. Халық уәкілдері Советімен қатар жоғарғы өкімет органы болған жұмысшы ұйымдарының Бас советі құрылған-ды. Елде мемлекеттік өкіметтің негізі ұйымдасқан жұмысшылар сайлаған «жұмысшы ұйымдарының сеймдері» болды.

Лениннің Советтер пролетариат диктатурасының бірден-бір формасы ғана емес деген қорытындысы бұдан былайғы жерде толық дәлелденді. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Европа мен Азияның бірқатар елдерінде пролетариат диктатурасының жаңа формасы—халықтық демократия пайда болды, ол «империализм әлсіреген және күштердің арасалмағы социализмнің пайдасына өзгерген жағдайларда социалистік революция дамуының өзіне тән ерекшелігін» бейнеледі. (Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы. «Қазақстан» баспасы, 1977, 19-бет). — *56.*

33 Помещиктік жерді конфискелеуді жариялаған және жерге жеке меншікті жойған 1917 жылғы 26 октябрьдегі (8 ноябрьдегі) Жер туралы декрет арқылы Советтік Россияда жерді национализациялау ісі жүзеге асырылған болатын. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Совет өкіметі өнеркәсіпті және негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын национализациялауды бірте-бірте жүзеге асырды. 1918 жылдың көктеміне қарай Петроградтың, Москваның және басқа аудандардың металлургия және машина жасау өнеркәсібінің негұрлым ірі заводтары, Урал мен Донбасстың кен өнеркәсібі мемлекет меншігіне көшті. 1918 жылдың майынан ірі өнеркәсіптің тұтас салаларын—қант, мұнай және басқа салаларын национализациялау басталды. Сонымен бірге Совет үкіметі бүкіл ірі өнеркәсіпті национализациялау ісін әзірледі, мұның өзі 1918 жылғы 28 июньдегі декретте жарияланды. — *69.*

[34] *Банктерді национализациялау туралы декреттің* негізі етіп Ленин әзірлеген жоба алынды; ол 1917 жылы 14 (27) декабрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекіткеннен кейін 15 (28) декабрьде «Известия ЦИК» газетінің 252-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 1-том, 1957, 225—230-беттер). — *61.*

[35] 1917 жылғы 26 октябрьдегі (8 ноябрьдегі) Жер туралы декретте және 1918 жылғы 18 (31) январьдағы «Жерді социализациялау туралы негізгі заңда» жерді теңгерме бөлуді жүзеге асыру («еңбек немесе тұтыну нормасы бойынша») көзделді; мұны шаруалар талап еткен болатын. Совет үкіметі осы шара арқылы орта шаруаларға кеңшілік істеді, мұның өзі жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайтуға бағытталды. Сонымен бірге жерді социализациялау туралы заңда «социалистік шаруашылыққа көшу мақсатында жеке меншік шаруашылықтар есебінен еңбек пен өнімдерді үнемдеуді көздейтін неғұрлым тиімді шара ретінде егіншілікте коллективтік шаруашылықты дамыту» міндеті алға қойылды, ауыл шаруашылық коммуналары, артельдер мен серіктіктер үшін жерді пайдаланудың артықша правосы белгіленді. — *62.*

[36] 1918 жылдың басында Сыртқы істер халық комиссариаты жанындағы Халықаралық революциялық насихат бюросы Жер туралы декретті шетел тілдерінде басып шығаруды қолға алды. 1918 жылы февральда декрет Петроградта ағылшын тілінде мына кітапта басылып шықты: «Decrees issued by the revolutionary peoples government», vol. I, Petrograd, february 1918 («Революциялық халық үкіметі шығарған декреттер», I том, Петроград, февраль, 1918). — *62.*

[37] *«Әлгі шешен»* — Петроград партия ұйымынан съезге делегат Я. Г. Фенигштейн (Долецкий); программа жобасының партия ұйымдарында талқыланбағандығын сылтауратып, ол съезде В. И. Ленин әзірлеген жобаны қарайтын және келесі съезге дейін программа дайындайтын комиссия құруды ұсынды. — *65.*

[38] Әңгіме, сірә, швед солшыл социал-демократиялық партиясының лидері Ц. Хёглундпен әңгіме жайында болып отырса керек; ол Советтік Россияға 1918 жылы февральда келген болатын. — *66.*

[39] Ю. Ларин съезде партияның атына «жұмысшы» деген сөзді қосу жөнінде ұсыныс жасап, сөз сөйледі. Түзетуді съезд қабылдамай тастады. — *68.*

[40] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 434-бет. — *68.*

[41] *«Әлгі шешен»*—Р. А. Пельше—съезде партия программасынан парламенттік күресті пайдалану туралы қағиданы алып тастау жөнінде ұсыныс жасады. Түзетуді съезд қабылдамай тастады.— *69.*

[42] Н. И. Бухариннің съезд қабылдамай тастаған ұсынысының мәні мынада еді: программаның теориялық бөлімін социализм мен коммунизмнің көлемді сипаттамасымен және мемлекеттің ең таяу уақытта құрып бітетіндігін көрсетумен толықтыру керек деді ол. Мемлекеттің құруы жайындағы қағида Бухариннің мемлекет туралы мәселедегі теориялық жағынан қате, жартылай анархистік концепциясымен байланысты болатын, мұны В. И. Ленин 1916 жылы-ақ көрсеткен еді. Мемлекет атаулыға көзқарасы жөнінен өзінің принциптік дұшпандығын социал-демократия баса көрсетуге тиіс деген Бухариннің қате тезисін сынай келіп, Ленин былай деп жазды: Бухарин мемлекет туралы мәселеде марксистердің анархистерден айырмасын *«мейлінше теріс»* анықтайды (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 205—206-беттер). Ленин мемлекет жөніндегі бухариндік теорияны сонымен бірге Бухариннің мемлекет туралы мақалаларына, оның «Өтпелі дәуір экономикасы» деген кітабына жасаған ескертпелерінде де сынады (қараңыз: В. И. Ленин. «Н. И. Бухариннің мемлекет туралы мақалаларына ескертпелер». М., 1933 және Лениннің XI жинағы, 345—403-беттер). Октябрь революциясы жеңгеннен кейін көп кешікпей ең таяудағы мақсат ретінде мемлекеттің құруы туралы мәселені қою іс жүзінде пролетарлық диктатура мемлекетінің әлсіреуіне әкеп соғатын еді.— *71.*

[43] Партияның Орталық Комитетін сайлау кезінде «солшыл коммунистер» оған кіруден бас тартты. «Солшыл коммунистер» тобының атынан М. С. Урицкий съезде біз Орталық Комитетке кірмейміз, өйткені оның жүргізген саясаты үшін жауапкершілікті мойнымызға алғымыз келмейді деп мәлімдеді. «Солшыл коммунистер» Орталық Комитетті сайлау кезінде тіпті дауыс беруден де бас тартты. Съезд бұл жікшілдік әрекетті көпшілік дауыспен айыптады, сойтіп бұл туралы «солшыл коммунистерді» делегат етіп жіберген партия ұйымдарына хабарлау жөнінде қаулы алды (съезде тойтарыс алған топ дауыс беруге қатысты, осыған байланысты съезд қабылдаған шешімін қайтып алды).

Съезд «солшыл коммунистердің» Орталық Комитетке кіруден бас тартуын айыптайтын В. И. Лениннің қарарын көпшілік дауыспен қабылдады (қараңыз: осы том, 75-бет). Бірақ съезд, партия тәртібіне бағынатың болар деп есептеп, «солшыл коммунистердің» өкілдерін (Н. И. Бухаринді, А. Ломовты, М. С. Урицкийді) Орталық Комитеттің құрамына сайлады, алайда бұлардың үшеуі де өздерінің Орталық Комитетте жұмыс істеуден бас тартатындықтарын съезде ашықтан-

ашық мәлімдеді. Съезд олардың бұл бас тартуын қабылдаған жоқ, сөйтіп Орталық Комитеттің құрамына сайланған «солшыл коммунистерді» ауыстыруды Орталық Комитеттің мәжілісіне дейін кейінге қалдыра тұру жөніндегі шешімді жарыс сөзге салмастан қабылдады.

Партия съезінен кейін және Германиямен бітім шартын бекіткен Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінен кейін «солшыл коммунистер», Орталық Комитеттің үзілді-кесілді талап қойғанына қарамастан, бірнеше ай бойы жұмысқа кіріспеді. «Солшыл коммунистердің» партияның VII съезінен кейінгі жікшілдік әрекетіне Лениннің берген бағасын ««Солшыл коммунистердің» іс-әрекеті туралы заметкадан» (осы том, 83-бет) қараңыз.— *73.*

44 *«Біздің дәуіріміздің басты міндеті»* деген мақала В. И. Лениннің ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген еңбегімен (қараңыз: осы том, 305—339-беттер) бірге 1918 жылы майда «Біздің дәуіріміздің басты міндеті» деген атпен жеке кітапша болып басылып шықты; бұл кітапшаға Ленин шағын ғана алғы сөз жазды (қараңыз: осы том, 375-бет).— *84.*

45 Брест бітім шартын бекіту туралы мәселені шешу үшін шақырылған *Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі* Москвада 1918 жылы 14—16 мартта болып өтті. 13 мартта бітім туралы мәселе съездің коммунистік фракциясында талқыланды; фракция мәжілісінде В. И. Ленин сөз сөйледі (осы томның 583-бетінде бұл сөздің жоспары жарияланып отыр; сөздің хатшы жазып алған нұсқасын Лениннің XI жинағының 68—70-беттерінен қараңыз). Фракция 36 дауысқа қарсы 453 дауыспен Брест бітім шартын бекітуді мақұлдады. Бұл кезде делегаттардың бәрі бірдей әлі келіп үлгермеген еді, сондықтан фракция құрамы толық болмады.

Стенографиялық есептің деректеріне қарағанда, съезге шешуші дауыспен 1232 делегат қатысты, олардың ішінде большевиктер — 795, солшыл эсерлер — 283, центрдің эсерлері — 25, меньшевиктер — 21, интернационалист-меньшевиктер және басқалар — 11. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: бітім шартын бекіту туралы; астананы көшіру туралы; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетін сайлау. Сыртқы істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары Г. В. Чичериннің бітім шарты туралы хабарламасынан кейін бірінші, негізгі мәселе жөнінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті атынан В. И. Ленин баяндама жасады; солшыл эсерлер фракциясынан бітім шартын бекітуге қарсы Б. Д. Камков қосымша баяндама жасады.

Брест шартын бекітуге меньшевиктер, оңшыл және солшыл эсерлер, максималистер, анархистер және басқалар біріңғай майдан болып қарсы шықты. Шиеленіскен жағдайда өткен жарыс сөзден кейін съезд делегаттардың аттарын атап

дауысқа қою арқылы басым көпшілік дауыспен бітім шартын бекіту туралы Ленин ұсынған қарарды қабылдады; 784 делегат қарарды жақтап дауыс берді, 261 делегат қарсы болды; 115 делегат қалыс қалды. Брест шартының бекітілуіне байланысты солшыл эсерлер Халық Комиссарлары Советінен шықты. «Солшыл коммунистер» дауыс беруге қатыспады, олар бітім жасасу елді және революцияның жеңістерін қорғауды әлсіретеді деп өз алдына бөлек декларацияда мәлімдеме жасады. Бітім шартын бекітуді жақтап дауыс беруден бас тартқан «солшыл коммунистер» осынысы арқылы партияның VII съезінің, Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі коммунистік фракциясының қаулыларын және съезд күндерінде мәжіліс өткізген Орталық Комитеттің партия шешіміне қарсы шығуға жол бермеу туралы қаулысын бұзды.

Съезд Совет мемлекетінің астанасын Москваға көшіру туралы қаулы қабылдады және құрамында 200 адам бар Орталық Атқару Комитетін сайлады.

Съездің бітім шартын бекіту туралы шешімі жергілікті Советтерде, партия ұйымдарында және еңбекшілердің өткізілген митингілері мен жиналыстарында мақұлданды. — *97.*

46 Қарардың жобасы Америка Құрама Штаттарының президенті В. Вильсонның үндеуіне жауап ретінде жазылды; ол бұл үндеуі арқылы немістердің Прибалтиканы, Белоруссияны және Украинаны басып алуына байланысты орыс халқына екіжүзділікпен тілектестік білдірген болып, съездің шешіміне ықпал етуге, сөйтіп Советтік Россияның Германиямен бітімді бекітуіне кедергі жасауға тырысқан еді.

Қарардың жобасын Я. М. Свердлов оқыды, съезд бұл жобаны мақұлдады.— *99.*

47 Бұл арада меньшевиктер мен эсерлердің партиялары айтылып отыр, олардың өкілдері ол кезде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Советтеріне кірген болатын. Алайда меньшевиктер мен эсерлер көп кешікпей тікелей контрреволюция жолына түсті, сондықтан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1918 жылы 14 июньде эсерлер (оңшыл эсерлер мен центр эсерлері) мен меньшевиктердің контрреволюциялық партияларының өкілдерін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамынан және жергілікті Советтерден шығару туралы қаулы қабылдады, бұл қаулы 18 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 123-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 430—431-беттер).— *100.*

48 Сірә, В. И. Ленин революцияның дамуындағы шұғыл өзгеріс кезеңінің басталуын Брест-Литовскіде бітім туралы келіссөздерді Германияның бұзған уақыты — 10 февральмен байланыстырып отырса керек; келіс сөздердің бұзылуына Л. Д.

Троцкийдің герман империалистері ұсынған шарттар негізінде бітімге қол қоюдан бас тартуы себеп болған-ды. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінде Брест бітімін бекіту туралы баяндаманың өзі жазған жоспарында да дәл сол мерзімді көрсетеді (қараңыз: осы том, 585-бет). Басқа документте, Советтер съезінің коммунистік фракциясының мәжілісінде сөйлеген сөзінің жоспарында, Ленин революцияның барысындағы шұғыл өзгеріс кезеңді 17 февраль деп белгілейді (қараңыз: осы том, 583-бет). Немістердің бүкіл майдан бойынша шабуылға шығуы 1918 жылы 13 февральда басталды.— *101.*

49 В. И. Ленин бұл арада майданнан келген офицер Дубасовтың Петроград Советінің 1917 жылғы 21 сентябрьдегі (4 октябрьдегі) мәжілісінде сөйлеген сөзін айтып отыр. Солдаттардың пиғылын сипаттай келіп, Дубасов өзінің сөзінде олардың бір нәрсені — соғыстың аяқталуын тілейтіндігін және бұдан әрі соғысқылары келмейтіндігін мәлімдеді.— *112.*

50 Бұл арада тарихта бірінші рет социалистік елдер арасында жасалған шарт — «Россия және Финляндия социалистік республикалары арасындағы шарт» айтылып отыр. 1918 жылы февральдың орта кезінде Финляндия республикасының революциялық үкіметі Совет үкіметіне достық туралы шарт жасасуды ұсынды. Шарттың жобасын әзірлеу үшін Россия-Финляндия келістіру комиссиясы құрылды. Бұл комиссия ұсынған шарт жобасы Халық Комиссарлары Советінің бірнеше мәжілісінде талқыланды. В. И. Ленин оған бірқатар түзетулер енгізді. 1 мартта Ленин бастаған арнаулы комиссия шартқа қол қойды. Халық Комиссарлары Советі бекіткеннен кейін бұл шарт 1918 жылы 10 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 45-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 1-том, 1957, 503—510-беттер). Финляндияның мемлекеттік суверендігін тануға негізделген бұл шарт ұлттардың өзін өзі билеу правосы принципін Совет үкіметінің дәйектілікпен жүзеге асырып отырғандығының айғағы еді.— *114.*

51 В. И. Ленин бұл арада Б. Д. Камковтың Брест шартын бекіту туралы мәселе жөніндегі қосымша баяндамасын айтып отыр.— *121.*

52 Съезде сөйлеген сөзінде меньшевик Л. Мартов шарттың мазмұны съезд делегаттарына мәлім емес дегенді сылтауратып, оларды болыстық жиындағы шаруаларға теңеді; мұндай жиында земство бастықтары шаруаларды мазмұны беймәлім қағаздарға қол қоюға мәжбүр ететін.— *121.*

53 В. И. Ленин бұл арада жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің «Бүкіл дүние жүзінің халықтарына» деген үндеу хатын айтып отыр; үндеу хат орталық газеттерде

1917 жылы 15 (28) мартта жарияланған болатын. Осы бір меньшевиктік-эсерлік шалажансар үндеу хатқа берілген бағаны Лениннің 1917 жылы 9 (22) июньде Советтердің Бүкіл россиялық I съезінде соғыс туралы сөйлеген сөзінен қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 32-том, 308—324-беттер).— *125.*

64 Большевиктік партияның Орталық Комитеті, Петербург комитеті және «Правда» газетінің редакциясы атынан В. И. Ленин жазған «Барлық соғысушы елдердің солдаттарына үндеу хат» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 320—323-беттер) бірінші үндеу хат болған-ды.— *125.*

65 Брест бітім шартын бекіту туралы қарарға дауыс беру кезінде Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінің коммунистік фракциясында 1918 жылы 13 мартта шарттың бекітілуін жақтап 453 дауыс берілді. 36 адам қарсы болды.— *130.*

66 *«Социал-Демократ»*—құпия газет, РСДРП-ның Орталық Органы; 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Россияда газеттің 1-номері шыққаннан кейін оны шығару шетелге көшірілді; 2—32-номерлері (февраль, 1909 — декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914 — январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады. Газетте Лениннің 80-нен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.— *135.*

67 *«Коммунист»* — В. И. Ленин ұйымдастырған журнал; «Социал-Демократ» газетінің редакциясы журналды шығаруға қаржы берген Г. Л. Пятаковпен және Е. Б. Бошпен бірлесіп шығарды (журналдың редакциясына Н. И. Бухарин де кірді). Не бары бір (қосарланған) номері шықты (сентябрь, 1915), онда Лениннің «II Интернационалдың күйреуі», «Француз социалисінің адал үні», «Италиядағы империализм мен социализм» деген үш мақаласы жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 221—283-беттер; 27-том, 5—14 және 15—25-беттер).

Ленин «Коммунисті» солшыл социал-демократтардың халықаралық органы етпекші болды. Бірақ көп ұзамай «Социал-Демократ» редакциясының Бухаринмен, Пятаковпен және Бошпен арасында елеулі алауыздықтар бар екені айқындалды, бұл алауыздық журнал жарыққа шыққаннан кейін шиеленісе түсті. Бұл топтың антипартиялық қылығына байланысты «Социал-Демократ» газетінің редакциясы Лениннің ұсынысы бойынша журналды бұдан былай шығару мүмкін емес деп санайтынын мәлімдеді (қараңыз: ««Коммунист» журналын шығаруды тоқтату туралы РСДРП Орталық Ко-

митеті қаулысының жобасы» — Шығармалар толық жинағы, 27-том, 309—311-беттер).— *135.*

58 *«Либердандар»* — кекесін атау. Москвадағы большевиктік «Социал-Демократ» газетінде (№ 141, 25 август (7 сентябрь), 1917 жыл) Д. Бедныйдың «Либердан» деген фельетоны жарияланғаннан кейін меньшевиктердің лидерлері М. И. Либер мен Ф. И. Дан және олардың жақтаушылары осылай аталып кетті.— *135.*

59 В. И. Лениннің өз қолымен жазған қосымшасы бар интервьюдің машинкаға басылған текстінің фотокөшірмесі (сондай-ақ оның ағылшынша аудармасы) 1932 жылы мына кітапта жарияланды: R. H. Bruce Lockhart. «Memoirs of a british agent» (Р. Х. Брюс Локкарт. «Ағылшын агентінің мемуарлары»). Интервьюдің машинкаға басылған текстінің көшірмесінде Ленин жазған мынадай сөздер бар: «23/III *Рансомға* берілді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«Daily News» («Күнделікті Жаңалықтар») — буржуазиялық газет, 1846—1928 жылдары Лондонда шығып тұрды.— *137.*

60 В. И. Ленин бұл арада Великобритания сыртқы істер министрі А. Бальфурдың 1918 жылы 14 мартта қауымдар палатасында сөйлеген сөзін айтып отыр; бұл сөзінде ол жапон интервенциясының шын мақсатын бүркемелеп, одақтастардың келісімімен Сибирьді басып алуы және Сибирь темір жолына иелік етуі арқылы Жапония Германияның солтүстік Азияның шегіне басып кіруіне жол бермейді деп екіжүзділік мәлімдеме жасаған болатын.— *137.*

61 *«„Совет өкіметінің кезектегі міндеттері" деген мақаланың бастапқы нұсқасын»* В. И. Ленин 1918 жылы 23—28 мартта стенографқа ауызекі айтып жаздырған. Мақаланы жазу, сірә, РКП(б) Орталық Комитетінде социалистік құрылысты өрістету жоспарын талқылауға әзірлеу ісімен байланысты болса керек. Партияның Орталық Комитетінің Лениннің қатысуымен өткен 31 марттағы мәжілісінде-ақ «өкімет билігін қолға алу кезеңі бітті, енді негізгі құрылыс жүргізіліп жатыр», сондықтан «білгір, тәжірибелі, іскер адамдарды жұмысқа тарту қажет деп атап көрсетілді». Мәжілісте әр түрлі пікірлердің сыңайы байқалғандықтан, бірыңғай көзқарасқа жету үшін Орталық Комитеттің пленумын шақыру ұйғарылды. 1918 жылы 4 апрельде Орталық Комитеттің басшы мүшелерінің «солшыл коммунистер» тобымен өткізілген кеңесінде Ленин «солшыл коммунистер» ұсынған «Ағымдағы кезең туралы тезистерге» қарама-қарсы өз программасы мен

жаңа құрылыс ұрандарын ұсынды; бұларға «солшыл коммунистер» баспасөз бетінде өршелене шабуыл жасады. Ленин Орталық Комитеттің пленумында 7 апрельде сөйлеген кіріспе сөзінде революция «жаңа кезеңді» бастан кешіріп отыр деп тағы да атап көрсетті; Орталық Комитет Ленинге «осы кезеңге қатысы бар тезистерді әзірлеп, Орталық Комитетке табыс етуді» жүктеді. Осы шешімге байланысты Ленин «Совет өкіметінің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы тезистерді» жазды (Лениннің «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбегі қолжазба күйінде осылай аталған болатын; қараңыз: осы том, 179—225-беттер).

«Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақаланың бастапқы нұсқасының IV тарауының бір бөлегі, сондай-ақ, V, VI, VII, VIII, IX тараулары және X тарауының бас жағы бірінші рет жарияланып отыр. I, II, III тараулары және IV тарауының бас жағы әзірге табылған жоқ.— *139.*

62 Әңгіме кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық I съезінде кәсіподақтардың ролі туралы мәселе жөнінде болған айтыс жайында болып отыр; бұл съезд 1918 жылы 7—14 (20—27) январьда Петроградта болып өтті. Съезде қойылған мәселелерді талқылау (ВЦСПС-тің есебі, ағымдағы кезең және кәсіподақтардың міндеттері туралы, өнеркәсіпті реттеу және жұмысшы бақылауы туралы баяндамалар) большевиктердің меньшевиктерге және оңшыл эсерлерге қарсы шиеленіскен күресі жағдайында өтті, ал меньшевиктер мен оңшыл эсерлер кәсіптік қозғалыстың саяси партияларға және мемлекетке «тәуелсіз болуын» қорғаған-ды.

Кәсіподақтардың «мемлекеттендірілуіне» жол беруге болмайтындығы туралы Ленин төменде атап өткен қағиданы С. А. Лозовский ұсынды. ВЦСПС-тің қызметі туралы жасаған баяндамасында ол кәсіподақтар «толық тәуелсіздік жолымен жүруге тиіс» және «мемлекеттік өкіметтің қысым көрсету ықпалынан тыс болуға тиіс» деп көрсетті. Лозовский мен оның жақтастары ұсынған осы рухтағы қарарларды қабылдамай тастады да, съезд большевиктік қарарды қабылдады.— *173.*

63 В. И. Лениннің *«Совет өкіметінің кезектегі міндеттері»* деген еңбегі қолжазба күйінде «Совет өкіметінің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы тезистер» деп аталды. Лениннің «Тезистері» 1918 жылғы 26 апрельде партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде талқыланды. Орталық Комитет тезистерді бірауыздан мақұлдап, «Правда» мен «Известия ВЦИК» газеттерінде мақала етіп жариялау, сондай-ақ жеке кітапша етіп шығару жөнінде қаулы алды. 1918 жылы Москвада, Петроградта, Саратовта, Қазанда, Тамбовта және Россияның басқа қалаларында да кітапшаның 10-нан астам басылымы шықты. Дәл сол жылы кітапша Нью-Йоркте ағылшын тілінде, Женевада француз тілінде басылып шықты; бұл еңбектің

аудармаға орайлас қысқартылған нұсқасы Ф. Платтеннің редакциялауымен Цюрихте неміс тілінде «Am Tage nach der Revolution» («Революция болған күннің ертеңінде») деген атпен шықты.

Орталық Комитет Ленинге қарар түрінде «Тезистердің» қысқаша нұсқасын әзірлеп, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы баяндама жасауды тапсырды (қараңыз: осы том, 299—302-беттер). — *179.*

[64] 1917 жылғы 18 ноябрьде (1 декабрьде) Халық Комиссарлары Советі В. И. Лениннің ұсынысы бойынша «Халық комиссарларының, жоғары қызметшілер мен чиновниктердің еңбегіне төленетін ақының мөлшерлері туралы» қаулы қабылдады (1917 жылғы 23 ноябрьде (6 декабрьде) «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительстваның» 16-номерінде жарияланды). Қаулының жобасын Ленин жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 112-бет). Қаулыға сәйкес, халық комиссарларының айлық табысының шегі 500 сом деп белгіленіп, семьядағы еңбекке жарамайтын әрбір мүшесі үшін 100 сом қосылды; мұның өзі шамамен алғанда жұмысшының орташа табысына сәйкес келетін еді. 1918 жылы 2 (15) январьда Халық Комиссарлары Советі еңбек халық комиссары А. Г. Шляпниковтың сұрауына жауап ретінде Ленин жазған қаулысында (бұл да сонда, 232-бет) 1917 жылғы 18 ноябрьдегі (1 декабрьдегі) декрет мамандарға белгіленген мөлшерден жоғары ақы төлеуге тыйым салмайды деп түсіндірді, сөйтіп ғылым мен техника мамандарына неғұрлым жоғары еңбек ақы төлеуге рұқсат берді.— *194.*

[65] Сыртқы саудаға бақылау Совет өкіметінің алғашқы күндерінен жүзеге асырыла бастады. Алғашқы кезде сыртқы сауданы реттеу ісімен Петроград әскери-революциялық комитеті шұғылданды, ол товарларды шеттен әкелу және шетке шығару жөніндегі заявкаларды қарап, таможнялардың қызметіне бақылау жасады. Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 29 декабрьдегі (1918 жылғы 11 январьдағы) декретімен сыртқы сауда Сауда және өнеркәсіп халық комиссариатының бақылауына берілді. Алайда тек бақылау мен таможнялық күзет ұйымдастыру совет экономикасын шетел капиталынан қорғаудың сенімді тірегі бола алмады. В. И. Ленин кейінірек Совет елінің жұмысшы табы «әсте таможнялық саясат арқылы емес, тек қана сыртқы сауда монополиясы арқылы қорғап, өзінің өнеркәсібін жаңғырта алады, Россияны өнеркәсіптік ел ете алады» (Шығармалар, 33-том, 459-бет) деп атап көрсетті. 1917 жылдың декабрінде-ақ Ленин сыртқы сауда мемлекеттік монополиясын енгізу туралы мәселе қойды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 457-бет). Сыртқы сауда монополиясы туралы декретті

Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 22 апрельде қабылдады (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 158—160-беттер).— *198.*

66 Совет өкіметінің алғашқы айларында контрибуция мен төтенше салықтар әсіресе жергілікті жерлерде бюджетті толықтырудың негізгі көздерінің бірі болды. Совет өкіметінің нығаюына байланысты ұдайы салық салуға көшу туралы мәселе қойылды; бұл ретте үдемелі-табыс салығы мен мүлікке қарай салынатын салық басты роль атқаруға тиіс болды, бұл салықтар салық салудың негізгі ауыртпалығын халықтың дәулетті топтарына аударуға мүмкіндік берді. Советтердің финанс бөлімдері өкілдерінің Бүкіл россиялық I съезінде В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Біз бұл салада көп нәрсе белгіледік, іргө тебетін жер тазартылды, бірақ бұл үйдің іргесінің өзі әлі қаланған жоқ. Енді бұл кезең таянып келеді» (осы том, 380-бет). Съезд Лениннің табыс салығы мен мүлікке қарай салынатын салықты енгізудің қажеттігі туралы ұсынысын қабылдады және Лениннің тезистері негізінде тиісті Ереже жасап шығару үшін арнаулы комиссия сайлады.

1918 жылы 17 июньде Халық Комиссарлары Советі «Тікелей салықтар салу туралы 1917 ж. 24 ноябрьдегі декретті өзгерту және толықтыру туралы декретті» бекітті, мұның өзі табыс салығы мен мүлікке қарай салық салудың қатаң тәртібін белгілеп берді (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 441—443-беттер). — *198.*

67 *«Кооперативтік тұтыну ұйымдары туралы декретті»* Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 10 апрельде қабылдады, 11 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде бекітілді, сонан соң В. И. Ленин қол қойып «Правда» газетінің 13 апрельдегі 71-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 16 апрельдегі 75-номерінде жарияланды.

Декреттің Ленин жазған бастапқы жобасы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 222—224-беттер) Азық-түлік халық комиссариаты нақтылағаннан кейін 19 январьда (1 февральда) «Известия ЦИК» газетінің 14-номерінде жарияланды. Кооперацияның Совет өкіметі органдарынан тәуелсіз болуын қорғаған буржуазияшыл кооператорлар тарапынан жоба өршеленген қарсылық кездестірді. Қазіргі бар кооперативтік аппаратты азық-түлік бөлу ісіне есеп жүргізіп, бақылау орнатуды жолға қою үшін пайдалану мақсатымен Халық Комиссарлары Советі буржуазияшыл кооператорлармен келіс сөздің (март—апрельдің басы, 1918) барысында кейбір кеңшіліктер жасауға келісті. 9 және 10 апрельде Халық Комиссарлары Советі декреттің кооператорлар ұсынған жобасын талқылады. Ленин жобаны едәуір өңдеуден өткізіп жетілдірді (декреттің 11, 12 және 13-пункттерін түгелдей

оның өзі жазды). Лениннің енгізген түзетулерімен декретті Халық Комиссарлары Советі, одан соң Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті де қабылдады. — *200*.

68 Қоғамдық өндірісті социалистік негізде ұйымдастыру национализацияланған кәсіпорындардағы ішкі тәртіптің жаңа ережелерін, еңбек тәртібі туралы, еңбекке жарамды барлық адамдарды қоғамдық пайдалы жұмысқа тарту туралы жаңа ережелерді талдап жасауды талап етті. Бұл мәселелердің 1918 жылдың көктеміндегі бейбіт тыныс алу кезеңінде ерекше маңызы бар еді.

Еңбек тәртібі туралы алғашқы ережелерді совет кәсіподақтары шаруашылық органдарымен бірлесіп жасай бастады. Бұл ережелер орталық кәсіподақ органдары өкілдерінің қатысуымен Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының бірнеше мәжілісінде талқыланды. 27 мартта Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумы В. И. Ленин қатысқан жарыс сөзден кейін еңбек тәртібі туралы жалпы ереженің жобасын дайындауды Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық орталық советіне тапсыру жөнінде шешім қабылдады. Лениннің қатысуымен Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумы 1 апрельде еңбек тәртібі туралы ВЦСПС дайындаған қарарды қарап, Лениннің ескертпелері мен ұсыныстарын еске ала отырып, бұл қарарды декрет етіп қайта өңдеуді ұсынды (қараңыз: осы том, 229—230-беттер). ВЦСПС 3 апрельде қайта өңдеуден кейін қабылдаған «Еңбек тәртібі туралы ереже» «Народное Хозяйство» журналының 1918 жылғы апрельдегі 2-номерінде жарияланды. Бұл ережеде кәсіподақтар советі елдің барлық мемлекеттік кәсіпорындарында ішкі тәртіптің қатаң ережелерін енгізуді, жұмыс нормалары мен еңбек өнімділігі есебін белгілеуді, кесімді еңбек ақы төлеуді және норманы асыра орындағаны үшін сыйлық беру жүйесін енгізуді, еңбек тәртібін бұзушыларды қатаң жазалау шараларын қолдануды ұсынды. «Ереженің» негізінде заводтарда ішкі тәртіптің нақты ережелері жасалды, олар социалистік өндірісті жолға қоюда зор роль атқарды.

Металлистер одағының орталық комитеті кесімді ақы төлеу мен сыйлық беру жүйелерін енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттыру туралы лениндік нұсқауларды жүзеге асыруға алғашқылардың бірі болып кірісті. Еңбек тәртібін жақсарту туралы мәселе ВЦСПС-те талқыланғанда металлистер одағы орталық комитетінің өкілдері 1 апрельде Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының қарауына ұсынылған қарарға кесімді еңбек ақы төлеудің қажеттігі туралы тезисті енгізуге жетті. ВЦСПС қабылдаған шешімдер негізінде металлистер одағының орталық комитеті апрельде барлық төменгі ұйымдарға металл өңдеу өнеркәсібінде кесімді ақы төлеуді және сыйлық беру жүйесін қолдану туралы нұсқаулар берді. — *204*.

69 Октябрь революциясынан кейін кесімді еңбек ақы төлеу барлық жерде дерлік мерзімді ақы төлеумен ауыстырылған болатын, мұның өзі еңбек өнімділігі мен еңбек тәртібіне теріс әсер етті.

Еңбектің саны мен сапасына қарай бөлудің социалистік принципіне негұрлым толық жауап беретін кесімді еңбек ақы төлеу жүйесі алғашқы национализацияланған кәсіпорындарда енгізіле бастады. Бейбіт тыныс алу кезеңінде кесімді ақы төлеу өнеркәсіпте кең тарады. Мәселен, Петроград кәсіпорындарында 1918 жылдың июліне қарай-ақ жұмысшылардың төрттен бір бөлігі кесімді ақы төлеу жүйесіне көшірілді. Кесімді ақы төлеу принципін 1918 жылы декабрьде жарияланған Еңбек туралы заңдардың советтік кодексі түпкілікті бекітті. — *204.*

70 *Коммерциялық құпия*—барлық өндіріс, сауда және финанс операцияларын, сондай-ақ бұл операциялар жөніндегі барлық документтерді жеке меншіктегі капиталистік кәсіпорындарда құпия ұстаудың буржуазиялық заң қорғайтын правосы.

В. И. Ленин «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген еңбегінде буржуазияның қолындағы коммерциялық құпия «ірі капиталдың финанс құлық-сұмдықтарын және адам айтқысыз мол пайдаларын жасырудың... құралы» (Шығармалар толық жинағы, 34-том, 196-бет) болып табылады деп көрсетті және коммерциялық құпияны жоюдың қажеттігін негіздеп берді. РСДРП(б) VI съезінің «Экономикалық жағдай туралы» қарары жұмысшы бақылауын жүзеге асырудың қажетті шарасы ретінде коммерциялық құпияның жойылуын талап етті (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 539-бет). Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі 1917 жылғы 14 (27) ноябрьде қабылдаған Жұмысшы бақылауы туралы ереже бойынша коммерциялық құпия жойылды. — *202.*

71 Бұл арада Халық Комиссарлары Советінің *«Басқаруды орталықтандыру, жолдарды күзету және олардың жүк тасымалдау қабілетін арттыру туралы»* декреті айтылып отыр (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 18—20-беттер). Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 18 мартта Қатынас жолдары халық комиссариаты ұсынған Темір жол ведомствосының істеріне түрлі мекемелердің араласпауы туралы декреттің жобасын қарап, арнаулы комиссияға декретті В. И. Лениннің мына қағидалары негізінде қайта өңдеуді тапсырды: «1. Көбірек орталықтандыру. 2. Әрбір жергілікті орталықтағы жекелеген жауапты адамдарды—орындаушыларды темір жол ұйымдарының іріктеп алуы бойынша таға-

йындау. 3. Олардың бұйрықтарын сөзсіз орындау. 4. Тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі әскери күзет отрядтарының диктаторлық праволары. 5. Жылжымалы составты және оны орналастыруды дереу есепке алу жөніндегі шаралар. 6. Техникалық бөлім құру жөніндегі шаралар. 7. Отын». Комиссия ұсынған және Халық Комиссарлары Советінің 21 марттағы мәжілісінде қаралған жобаға Ленин бірқатар елеулі түзетулер енгізді, осыдан кейін жобаны үкімет бекітті. Меньшевиктер мен солшыл эсерлердің ықпалы күшті болған Теміржолшылардың бүкіл россиялық атқару комитеті (Викжедор) тарапынан декретке деген көзқарас дұшпандық сипатта болғандықтан, Қатынас жолдары халық комиссариаты 23 мартта Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде декретті өзгерту туралы мәселе қойды. Теміржолшылардың бүкіл россиялық атқару комитетінің мәжіліске қатысқан өкілдері декретке шүйлігіп көрді, оны «Теміржолшылардың бүкіл россиялық атқару комитетінің ролін жойғандық және оны комиссардың жеке-дара билігімен алмастырғандық» деп таныды. Декретке қарсы шығушылардың шабуылына тойтарыс бере келіп, Ленин темір жолдардағы саботаж бен берекесіздікті жою жөнінде ең қатаң шаралар қолданудың қажеттігін түсіндірді, сөйтіп декреттің мейлінше нақты болуын күшейтетін түзетулер енгізді. Осы түзетулермен декретті 23 мартта үкімет біржолата бекітті, сөйтіп декрет 26 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 57-номерінде Лениннің қолы қойылып жарияланды. — *214.*

72 *«Вперед»* («Алға»)—меньшевиктік күнделікті газет; 1917 жылдың мартынан бастап Москвада меньшевиктердің Москва ұйымының органы ретінде, содан соң РСДРП-ның (меньшевиктердің) Москва ұйымы мен Орталық облыс комитеттерінің органы ретінде шығып тұрды. 1918 жылғы 2 апрельден бастап газет меньшевиктердің Орталық комитетінің де органы болды, оның редакциясына Л. Мартов, Ф. И. Дан және А. С. Мартынов кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін контрреволюциялық әрекеті үшін газетті шығару екі рет тоқтатылды; 1918 жылы 10 майда Бүкіл россиялық төтенше комиссияның қаулысы бойынша газет жабылды, ал оның басшылары сотқа берілді. 1918 жылы 14 майда газет «Всегда Вперед!» деген атпен қайта шыға бастады (бір номері шықты); 1919 жылы январьда газетті шығару одан әрі жалғастырылды. Контрреволюциялық бағыты үшін газет 1919 жылы февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша біржолата жабылды (В. И. Ленин жазған қаулының жобасын Лениннің XXXV жинағының 57—58-беттерінен қараңыз). — *217.*

73 *«Наш Век»* («Біздің Ғасыр»)—контрреволюциялық кадеттер партиясының орталық органы—«Речь» газеті атауларының бірі; 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград әскери-революциялық комитетінің қаулысы бойынша жауып тас-

талғаннан кейін газет 1918 жылғы августа дейін «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді. — *217*.

[74] В. И. Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» деген еңбегін айтып, одан цитат келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 295-бет).— *221*.

[75] И. С. Тургеневтің Н. А. Добролюбов пен Н. Г. Чернышевскийге көзқарасы туралы Чернышевскийдің өзі айтқан; ол 60-жылдардың бас кезінде Тургеневпен болған әңгімесінің мазмұнын баяндайды («Сыйластық білдіру» деген мақаланы мына кітаптан қараңыз: Н. Г. Чернышевский. Шығармалар толық жинағы. X том. М., 1951, 122—123-беттер). — *223*.

[76] Қаулының жобасын Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 26 марттағы мәжілісінде В. И. Ленин енгізді; бұл мәжілісте 14—26 февральда Москвада болып өткен су транспорты қызметкерлерінің Бүкіл россиялық съезі туралы А. Г. Шляпниковтың баяндамасы тыңдалып, «Волгада су транспортын басқару туралы декреттің» Ю. Ларин ұсынған жобасы қаралды. Халық Комиссарлары Советі Ленин ұсынған қаулыны қабылдады.

Қаулыда сөз болып отырған Нижний Новгород кеме қызметшілері мен жұмысшыларының съезі 1918 жылы 25 марта—10 апрельде болып өтті. — *226*.

[77] *Кавомар*—Каспий-Волга-Мариинск жүйесінің басқармасы; ол национализацияланған флотты және Каспий теңізінде, Волга мен оның тармақтарында және Мариинск жүйесіндегі су жолында бүкіл жүк пен жолаушылар тасуды басқару үшін «Волгада су транспортын басқару туралы декрет» бойынша ұйымдастырылды. Халық Комиссарлары Советінің су транспортын басқару органдарын қайта құру туралы 1918 жылғы 18 майдағы қаулысы бойынша Кавомар таратылды; оның қызметі Су транспорты бас басқармасының (Главвод) қарауына берілді.— *226*.

[78] Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 23 январьда (5 февральда) қабылдаған *«Сауда флотын национализациялау туралы декрет»* «акционерлік қоғамдарға, жарналас серіктіктерге, сауда үйлеріне және жекелеген ірі кәсіпкерлерге тиесілі, жүк және жолаушылар тасуға қызмет ететін барлық типтегі теңіз және өзен кемелерін иеленуші кеме кәсіпорындарын осындай кәсіпорындардың барлық қозғалмалы және қозғалмайтын мүліктерімен, активімен және пассивімен қоса Совет Республикасының жалпы ұлттық ажырамас меншігі» деп жариялады; декрет 1918 жылы 26 январьда (8 февральда) «Газета Рабочего и Крестьянского Правительства»

ның» 18-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 1-том, 1957, 391—397-беттер). — *226*.

79 Революциялық трибуналдар туралы декреттің бастапқы жобасын Юстиция халық комиссариаты Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне 1918 жылы 30 мартта ұсынды. Жоба талқыланған кезде Халық Комиссарлары Советі жобаны түбегейлі қайта өңдеу туралы В. И. Ленин ұсынған қаулыны қабылдады (2-документ). Жоба Лениннің нұсқаулары негізінде қайта өңделіп, Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 4 майдағы мәжілісінде бекітілді және 17 майда «Известия ВЦИК» газетінің 97-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 231—234-беттер). — *227*.

80 *Революциялық баспасөз трибуналы* буржуазиялық баспасөзге үнемі бақылау орнату мақсатымен Юстиция халық комиссариатының 1917 жылғы 18 (31) декабрьдегі қаулысы бойынша құрылды. 1917 жылғы 27 октябрьдегі (9 ноябрьдегі) «Баспасөз туралы декретке» сәйкес жабылған аса ірі буржуазиялық газеттердің, декретті орындамай, басқа атпен одан әрі шыға беруіне және антисоветтік жалақорлық мақалалар басу науқанын күшейте түсуіне байланысты Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 28 январьда (10 февральда) революциялық баспасөз трибуналдары туралы жаңа декрет қабылдады. Декрет қоғамдық өмір туралы жалған, жалақорлық мәліметтер хабарлауды, сондай-ақ «баспасөз туралы Совет өкіметі шығарған заңдардың бұзылуын» қылмыс және теріс әрекет қатарына жатқызды. Баспасөз трибуналы қылмыс жасаушыларды барлық немесе кейбір саяси праволардан айыру, оларды астаналардан, кейбір жерлерден немесе тіпті Россия республикасының шегінен аластау правосын берді.

1918 жылы майда баспасөз трибуналдары таратылып, олардың қызметі Революциялық трибуналдарға берілді. — *227*.

81 Москвада Алексеев манежінде болған митингіге 8 мың адам қатысты; митинг Закавказье сеймі шақырылған күні—1918 жылы 23 февральда Тифлисте болған жұмысшылар митингісіне Грузия меньшевиктік үкіметінің оқ атуына қарсы наразылық білдіруге арналды. В. И. Ленин, Н. В. Крыленко, Н. И. Подвойский және басқалар сөйлегеннен кейін бірауыздан қарар қабылданды, онда былай делінген: «Біздер, жұмысшылар,.. Кавказ жұмысшылары мен шаруаларын айуандықпен азаптап отырған және шетел жыртқыштарының басып кіруін буржуазиямен бірге қолпаштап отырған меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің қылмысты сатқындық тактикасын жиіркенішпен масқаралаймыз. Біз былай деп мәлімдейміз: жұмысшы табының бұл сатқындармен ортақ eшт-

цесі жоқ және жұмысшы табы жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін тартып алу жөніндегі қандай да болсын әрекетке капиталистік контрреволюционерлер мен олардың агенттерін *аяусыз* басып-жаныштау арқылы жауап береді» («Правда» № 67, 9 апрель, 1918 жыл).

Орталық газеттерде Лениннің сөзі жарияланған жоқ. «Правданың» 1918 жылғы 9 апрельдегі 67-номерінде мынадай қысқа хабар ғана берілді: «Ленин жолдас ұзақ та әсерлі сөз сөйледі. Жұрт шешенді ду қол шапалақтап қарсы алды». — *231.*

82 Әңгіме империалистік Жапонияның Қиыр Шығысты оккупациялай бастауы жайында болып отыр. 1917 жылы 30 декабрьде (1918 жылы 12 январьда) жапон әскери және коммерциялық кемелері Совет өкіметінің жергілікті органдарын ескертпестен Владивосток портына енді. Дәл сол күні Жапонияның Владивостоктағы бас консулы қалалық өкімет орындарына нота жіберді, онда жапон үкіметі атынан «өз азаматтарымызды қорғау мақсатын көздейміз» деген желеумен жапон әскери кемелерінің портқа жөнелтілгені туралы хабарланды.

1918 жылы 29 мартта қаланың меньшевиктік-эсерлік думасы, жапон соғысқұмарларының тілегін орындай отырып, Владивостокта тәртіпті сақтауға өзінің дәрменсіз екенін мәлімдеді. 4 апрельде қалада екі жапон өлтірілді, мұның өзі арандату мақсатымен күн ілгері ұйымдастырылған еді. Осы жағдайларды сылтау етіп пайдаланған Жапония 5 апрельде орыс ақ гвардияшыларының жәрдемімен алғашқы десантын түсіріп, Владивостокты оккупациялады. Қаланың оккупациялануы Антанта елдерінің Қиыр Шығыстағы ашық интервенциясының басталуы болды.

Жапон әскерлерінің басып кіруі туралы хабар алынған соң, В. И. Ленин Владивосток Советіне директивалар жіберді; бұл директиваларда оккупанттарға қарсы күрес жүргізу жөнінде нақты нұсқаулар берілді (қараңыз: осы том, 233-бет). — *232.*

83 Кавказ істері жөніндегі Уақытша Төтенше комиссар және Баку Советінің председателі С. Г. Шаумян Закавказье контрреволюциялық меньшевиктік үкіметінің өршелене қудалауына ұшырады. 1918 жылы февральда меньшевиктердің Шаумянды азаптап өлтірмекші екені белгілі болды. Шаумян жолдасқа арнап дар құрылыпты дегенде В. И. Ленин осыны айтып отыр. Бұл қаскөйлік ниғыл ол кезде Закавказье үкіметі Шаумянды тұтқындай алмағандықтан ғана жүзеге аспаған еді. — *232.*

84 Жапондар Владивостокқа келіп түскен соң іле-шала Сибирь Советтері Орталық атқару комитетінің (Центросибирь) пленумы қарар қабылдап, онда жапон үкіметінің заңсыз әреке-

тіне қарсы наразылық білдірілді, бүкіл Сибирь соғыс жағдайында деп жарияланды, ал жергілікті жерлердегі Советтердің бәріне қызу түрде Қызыл Армияны ұйымдастыруға дереу кірісу міндеттелді. 5 апрельде В. И. Ленин Центросибирьге телеграмма жолдап, онда қабылданған шешімді мақұлдады және «енді ешқандай уәделерге сенім артуға болмайды, сондықтан өз тарапымыздан ойдағыдай әскери дайындық жасау бірден-бір елеулі кепіл болып табылады» деп ерекше атап көрсетті (Лениннің XXXIV жинағы, 22-бет). Алайда жергілікті жерлердің кейбірінде Антанта елдерімен құрылған комиссиялардың көмегімен жанжалды бейбіт жолмен шешуге болады деген үміт әлі де бар еді. Ленин бұл телеграмманы осыған байланысты жолдаған. — *233.*

85 Бұл документті В. И. Ленин Финанс халық комиссариаты ұсынған «Банк саясатының тезистеріндегі» мына текстің астына жазған: «1. Банк аппаратын монополияландыру емес, қайта национализациялау. Өнеркәсіпті национализациялауды және төменгі орындарды ұйымдық жағынан дайындау барысында айырбасты одан әрі жүргізу, кеңейту және тереңдету. 2. Тұтынуға беру ісін реттеуді принципінде одан әрі жүргізе беру. 3. Жекеше кәсіпорындардың чек айналысына бақылау правосының жасалуына байланысты («жасалуына» деген сөзді Ленин «сақталуына» деген сөзбен ауыстырған. *Ред.*) чек айналысының еркіндігі. 4. Техникалық аппарат алдын ала жедел әзірленетін жағдайда еріксіз көндіретін ағымдағы счеттар. 5. Сыртқы сауданы национализациялау және протекционизм».

«Шаруашылық және әсіресе банк саясатының негізгі ережелері» деген тақырыпты Ленин тезистер текстінің үстіңгі жағына жазған. — *234.*

86 Бұл талаптың қажеттігі мынадан туған: национализациялауды жүргізген кезде жекелеген кәсіпорындардың коллективтері мен кейбір кәсіподақтар национализацияланған кәсіпорындар мен шаруашылық салаларын сол коллективтің немесе кәсіподақтың игілігі деп қарауға тырысты. В. И. Ленин мұндай анархо-синдикалистік тенденцияларға үзілді-кесілді қарсы шықты. 1918 жылы 4 мартта Халық Комиссарлары Советінде Волгадағы су транспортының жағдайы туралы мәселе талқыланған кезде Ленин национализацияланған кемелерді жекелеген пароходстволар кәсіподақтарының меншігіне беру туралы ұсынысты айыптап сөз сөйлеп, бұл сияқты талаптар мен әрекеттердің социализммен ортақ ештеңесі жоқ екенін атап көрсетті. «Социализмнің міндеті,—деді Ленин,—барлық өндіріс құрал-жабдықтарын бүкіл халықтың меншігіне көшіру, әсте де кемелерді кеме жұмысшыларының қолына, банктерді банк қызметшілерінің қолына беру емес» (Шығармалар толық жинағы, 35-том, 438-бет.) — *235.*

87 *«Банк саясатының тезистерін»* В. И. Ленин Финанс халық комиссариаты мен Мемлекеттік банктің басшы қызметкерлерімен 1918 жылы март—апрельде өткізілген кеңестердің бірінде жазған. — *236.*

88 1917 жылы 14 (27) декабрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті «Банктерді национализациялау туралы» және «Банктердегі болат жәшіктерді ревизиялау туралы» декреттерді бекітті (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 1-том, 1957, 225—231-беттер). — *236.*

89 *Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық орталық советі, Металлистер одағы орталық комитеті мен Халық шаруашылығы жоғары советі өкілдерінің біріккен мәжілісі* «Ұлттық қоғам» тресін құру жобасын талқылауға арналды; бұл жобаны «Сормово—Коломна» өнеркәсіп бірлестігінің жарлықшы-директоры А. П. Мещерский бастаған бір топ капиталист ұсынған еді. Жобада паровоз, вагон, кеме, рельс, ірі машина жабдықтарын жасайтын кәсіпорындарды, сондай-ақ Донбасстағы көмір шахталарының және Урал мен Оңтүстіктегі металлургия кәсіпорындарының едәуір бөлегін треске қосу көзделген; сонымен бірге треске өз ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастыру үшін ірі жер учаскелерін беру ұйғарылған. Трестің негізгі капиталының жалпы мөлшері 1,5 миллиард сом, ал жұмысшыларының саны 300 000 адам болады деп жобаланды. Буржуазиялық епшілдер бұл жобаны ұсынғанда өнеркәсіптің аса маңызды саласын национализациялаудан сақтап қалуға тырысты. Бұл жоба бойынша Совет мемлекеті қосалқы роль ғана атқаруы керек секілді: бастапқы негізгі капиталдың тек 33 проценті ғана мемлекетке, ал қалғаны—жекеше капиталға тиесілі болды; оның бер жағында мемлекет өз үлесін қолма-қол қосуға тиіс, ал мұның өзі іс жүзінде трести қаржыландырғандық болатын еді.

Трест құру туралы келіс сөздер 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы апрельге дейін жүргізілді. Монополистердің капиталистік меншікті сақтап қалуға деген дәмесін Совет үкіметі тойтарып тастады. Сонымен бірге Совет үкіметі буржуазиялық мамандарды шаруашылық орындарда жұмыс істеуге тартуға әзір екенін білдірді. «Сормово—Коломна» заводтарының Мещерский басшылық еткен басқармасы саботаж ұйымдастырып, заводтарды жабуға әрекеттенгендіктен, жұмысшылар «бүкіл компанияны заң жүзінде жауапқа» тартуды, заводтардың национализациялануын үзілді-кесілді талап етті, национализацияланып жатқан кәсіпорындарды біріктіру жөнінде өз жоспарларын ұсынды. Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумы 1918 жылы 14 апрельде Мещерскиймен келіс сөздер жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдады; 18 апрельде Халық Комиссарлары Советі Мещерскийдің жобасын қабылдамай тастады, сөйтіп заводтарды национализациялау ісін жүзеге асыруды ұйғарды.

Машина жасау кәсіпорындары өкілдерінің 1918 жылы 12—18 майда өткен конференциясы да национализациялауды жақтады (қараңыз: осы том, 376—377-беттер). — *239.*

90 *Дон Совет республикасы Советтерінің I съезі* 1918 жылы 9—12 апрельде болып өтті; съезд өзін Дондағы жоғарғы Совет өкіметі деп жариялады. Съезге 750 делегат қатысты. В. И. Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды. Ленин ауызға алып отырған қарар 11 апрельде басым көпшілік дауыспен қабылданды; меньшевиктер ұсынған қарар 2-ақ дауыс алды. Совет үкіметінің бейбіт саясатын мақұлдаған съезд қарарда былай деп атап көрсетті: съезд Дон республикасын РСФСР-дің бір бөлегі деп есептейді, халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы, Совет армиясын құру жолындағы күресті басты міндет деп санайды. Съезд еңбекші казактардың Совет өкіметін қорғауға әзір екендігін мәлімдеді. — *240.*

91 Финанс халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. Е. Аксельрод әзірлеген акциялар туралы декреттің жобасын В. И. Ленин мынадай записка жазып, финанс халық комиссарының орынбасарлары Д. П. Боголепов пен И. Э. Гуковскийге жіберді: «Сіздерге акциялар туралы заңның жобасын жіберіп отырмын. *Міндетті түрде* және *шұғыл түрде* 1) талқылаңыздар, 2) *өз* түзетулеріңізді енгізіңіздер, 3) Өздеріңізге таныс мамандарды талқылауға *дереу* қатыстырыңыздар (олардан пікір талап етіңіздер—пікірлерді жазбаша алған тәуір болар еді); профессорларға пікір айту жөнінде *заказ беруге* болады...» (Лениннің XXI жинағы, 170—171-беттер). Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 17 апрельде, жобаны талқыламастан, Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты мен Юстиция халық комиссариатына мамандармен бірлесе отырып, жобаны қарауды, сөйтіп келесі мәжіліске қорытынды пікір ұсынуды жүктеді. Жарияланып отырған документ «Акцияларды, облигацияларды және басқа да процент алатын қағаздарды тіркеу туралы декретке» енді, бұл декреттің жобасын Ленин редакциялап, толықтырып, оған тақырып қойды; Халық Комиссарлары Советі 18 апрельде бұл жобаны талқылап, бекітті; жоба 20 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 78-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 130—138-беттер). — *241.*

92 Қызылша егісіне аванс беру үшін қаржы босату туралы мәселені Бас қант комитеті қозғады; бұл өтінішті қант өнеркәсібі еңбекшілерінің жер комитеттері өкілдерінің қатысуымен өткен съезі қолдады. Халық Комиссарлары Советі Бас қант комитетіне 20 миллион сом қаржы бөлу туралы Халық шаруашылығы жоғары советі жасаған өтінішті 1918 жылы 17 апрельде талқылап, В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасын бекітті. — *242.*

93 В. И. Ленин бұл сөзін елдің финанс жағдайы және Совет өкіметінің финанс саясаты туралы И. Э. Гуковскийдің баяндамасы бойынша болған жарыс сөз кезінде сөйлеген; баяндама Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде 15 апрельде тыңдалды. Баяндамада контрибуцияны (жоспарлы финанс шаруашылығын жүргізуге мүмкіндік бермейтін шара ретінде) жою және тұрақты салық салуға көшу қажеттігі дәлелденді, қазіргі бар салықтарды көбейтіп, жаңадан тікелей және жанама салықтар енгізу, кредит аппаратын түбегейлі түрде қайта құру, басқаруға кететін шығындарды қысқарту және т. т. ұсынылды.

Гуковскийдің ұсыныстарын «солшыл коммунистер» қатты сынға алды, олар бұл ұсыныстарды Совет өкіметінің экономикалық және финанс саясатында оңға қарай бет бұру, партияның бұрынғы бағытынан безушілік деп есептеді. — *243.*

94 *«Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының нобайы»* Россияның ғылыми күштерін халық шаруашылығы проблемаларын шешуге қатыстыру ісіндегі маңызды кезеңді бейнелейді.

В. И. Ленин мен Совет үкіметінің инициативасы бойынша Ғылым академиясымен келіс сөздер 1918 жылы январьда басталды. Ленин осы келіс сөздерді тікелей жүргізген Халық ағарту комиссариатының қызметін бағыттап отырды. Марттың аяғында Ғылым академиясы Совет үкіметіне жолдаған үндеуінде елдің табиғи ресурстарын зерттеу саласында жұмыс істеу жөнінде үкімет жасаған ұсынысқа келісетіндігін білдірді. Осыған байланысты 12 апрельде Халық Комиссарлары Советінің Лениннің председательдік етуімен өткен мәжілісінде қаулы қабылданды, бұл қаулы Ғылым академиясының алдына «елде өнеркәсіпті дұрыс бөлу проблемаларын жүйелі түрде шешу және елдің шаруашылық күштерін неғұрлым тиімді пайдалану жөнінде шұғыл міндет» қойды, сөйтіп Академияның тиісті жұмыстарын қаржыландырып отыру қажет деп табылды. Үкімет тарапынан финанс жағынан зор қолдау тауып, Ғылым академиясындағы Россияның табиғи өндіргіш күштерін зерттеу жөніндегі комиссия (КЕПС) өз қызметін өрістете түсті.

«Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының нобайында» Ленин Ғылым академиясына, елдің барлық ғылыми-техникалық күштеріне қызмет істеудің көлемді программасын жасап берді. Лениннің нұсқаулары Халық шаруашылығы жоғары советінің бірқатар документтерінде, атап айтқанда, Ғылым академиясы жанындағы мамандар комиссиялары жұмысының үлгі программасында одан әрі нақтыландырыла түсті; бұл үлгі программаны 25 апрельде Халық шаруашылығы жоғары советінің өндірісті ұйымдастыру бөлімі дайындаған болатын. Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, орталықтағы және жергілікті жерлердегі советтік шаруашылық ведомстволары, Ғылым академиясы, әр түрлі

ғылыми-зерттеу институттары мен қоғамдары табиғи байлықтарды, энергия көздерін және халық шаруашылығын электрлендіруге байланысты бірсыпыра проблемаларды зерттеу жөнінде жұмыс жүргізді. Совет өкіметінің алғашқы айларында-ақ Петроград пен Москвада негізгі өнеркәсіпті аудандарды электрлендіру жөнінде комитеттер мен бюролар ұйымдастырылды. 1918 жылы күзде Лениннің нұсқауы бойынша Орталық электротехникалық совет құрылды, оның басты міндеті «жаңа электр құрылысы саласындағы техника және смета мәселелерін неғұрлым жақсы әрі жедел шешіп отыру» болды. 1918 жылы электрлендіру жөнінде сол кез үшін елеулі болған практикалық жұмыс басталды. — *247.*

95 В. И. Ленин бұл арада Россияның табиғи өндіргіш күштерін зерттеу жөніндегі комиссияның (КЕПС) материалдарын айтып отыр; Комиссияны Ғылым академиясы 1915 жылы құрған болатын. Лениннің нұсқауы бойынша Комиссияның баспа қызметі едәуір кеңейтілді: «Россия байлықтары» деген сериялы кітаптар, «Россияның табиғи өндіргіш күштері» деген көп томдық жинақ шыға бастады. Совет өкіметінің алғашқы үш жылы ішінде (1918—1920) Россияның табиғи өндіргіш күштерін зерттеу жөніндегі комиссия революцияға дейінгі үш жылдағыдан төрт есе көп еңбектер бастырып шығарды. — *248.*

96 1918 жылы апрельде газеттерде генерал Корниловты оның өз солдаттары өлтіргені туралы хабар басылды. Кейінірек Корниловтың 1918 жылы 13 апрельде Қызыл Армияның бөлімдерімен Екатеринодар (қазір Краснодар) түбінде болған ұрыс кезінде зеңбірек оғының жарылуынан қаза тапқаны анықталды. — *250.*

97 Совет өкіметінің алғашқы жылдарында елде әлі де болса жұмыссыздық орын алды, ол едәуір дәрежеде ескі құрылыстан қалған кесел еді. Орасан зор армияны демобилизациялау, алғашқы бейбіт тыныс алу кезеңінде өнеркәсіптің бейбіт өндіріске бейімделіп қайта құрыла бастауымен байланысты өнеркәсіптің бірқатар салаларында соғыс заказдарының қысқартылуы (немесе толық тоқтатылуы), шикізат пен отынның жеткіліксіздігіне байланысты көптеген кәсіпорындардың жабылуы, неміс және басқа жау әскерлері оккупациялаған аудандардан жұмысшы халықты жаппай эвакуациялау—осылардың бәрі 1918 жылы жұмыссыздықтың күшеюіне әкеліп соқтырды. Еңбек биржаларында тіркелген жұмыссыздардың жалпы саны 1918 жылы 800 мыңға жуық адам болды. Қаржының жеткіліксіздігіне қарамастан, Совет өкіметі жұмыссыздарға үлкен көмек көрсетті; қоғамдық жұмыстардың жоспарлары жасалды, оларды жүзеге асыруға қажетті қаржы босатылды.

Елді социалистік индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендіру бірінші бесжылдықтың өзінде-ақ

СССР-де жұмыссыздықтың толық және түпкілікті жойылуына жеткізді. — *253.*

98 Декреттің жобасы 1918 жылы 22 апрельде Халық Комиссарлары Советі мәжілісінің күн тәртібіне қойылды, бірақ оны талқылау келесі мәжіліске көшірілді. Жобаны қарап шығып, В. И. Ленин осы жарияланып отырған толықтыруды енгізген. 23 апрельде Халық Комиссарлары Советі декретті Лениннің толықтыруымен тұтас қабылдады, ал келесі күні кейбір түзетулер мен толықтырулар енгізіп (жаңа пункт енгізілді) жобаны біржолата бекітті. Сондықтан 1918 жылы 27 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 84-номерінде жарияланған текстегі Ленин енгізген толықтыру «Ауыл шаруашылығын өндіріс құралдарымен және металдармен жабдықтау туралы декреттің» 7-пунктіне жатады (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 169—172-беттер).— *255.*

99 Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 29 апрельдегі мәжілісіне Москваның жұмысшылар активі, көптеген партия және совет қызметкерлері шақырылды.

Н. К. Крупская В. И. Лениннің осы мәжілісте сөз сөйлегені туралы былай деп жазды: «Москваның жұмысшылар активіне Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы Ильичтің баяндамасын тыңдауға мүмкіндік беру үшін бұл баяндама Политехникалық музейде жасалды. Ильичті ду қол шапалақтап қарсы алды, зор ықта қойып тыңдады, бұл мәселенің тыңдаушыларға қаншалықты жақын екендігі көрініп тұрды. Онда Ильич ерекше шабыттана сөз сөйлеген еді» (Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 2-бөлім. М., 1957, 184-бет). — *257.*

100 Әңгіме солшыл эсерлер партиясының 1918 жылы 17—25 апрельде Москвада өткен II съезі жайында болып отыр. Партияның ағымдағы кезеңдегі міндеттері туралы мәселе талқыланған кезде съезде екі ағым айқын байқалды. Делегаттардың Б. Д. Камков бастаған бір бөлегі Орталық Комитеттің Брест бітімін жасасуға қарсы бағытталған қызметін қорғап, Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінің Брест бітім шартын бекітуіне байланысты Совет өкіметі орталық органдарының жұмысына қатысудан солшыл эсерлердің бас тартуын дұрыс деп тапты. Делегаттардың М. А. Спиридонова бастаған екінші бөлегі Орталық Комитетті сынап, оны мейлінше «солшылданып кетті» деп айыптады және солшыл эсерлердің аграрлық программасын жүзеге асыру мақсатын көздеп, олардың Совет үкіметіне қатысуын талап етті. Қызу жарыс сөзден кейін съезд жартыкеш шешім қабылдады: Брест бітімі туралы мәселе жөнінде Орталық Комитеттің позициясын және солшыл эсерлердің Халық Комиссарлары Советінен шығуын мақұлдап, съезд сонымен бірге «советтік

саясаттың жалпы бағытын түзеу» үшін орталық және жергілікті өкімет орындарына қатысуды жақтады. — *262.*

101 *«Знамя Труда»* («Еңбек Туы»)—күнделікті газет; эсерлер партиясы Петроград комитетінің органы; 1917 жылғы 23 августан (5 сентябрьден) шыға бастады. 1917 жылғы 1 (14) ноябрьдегі 59-номерінен бастап эсерлер партиясы Петроград комитетінің және Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің Орталық Атқару Комитетіндегі солшыл эсерлер фракциясының органы ретінде шығып тұрды. Газет солшыл эсерлер партиясының Бүкіл россиялық I съезінен кейін, 1917 жылғы 28 декабрьде (1918 жылғы 10 январьда) шыққан 105-номерінен бастап солшыл эсерлер партиясының орталық органы болды. 1918 жылы июльде солшыл эсерлердің бүлігі кезінде жабылды. — *264.*

102 Бұл арада «солшыл коммунистердің» антипартиялық тобының фракциялық органы — апталық *«Коммунист»* журналы айтылып отыр; журнал 1918 жылғы 20 апрельден бастап РКП(б) Москва облыстық бюросының органы ретінде Москвада шығып тұрды, мұнда ол кезде «солшыл коммунистердің» ықпалы басым еді. Журналдың соңғы, төртінші номері 1918 жылы июньде «солшыл коммунистер» тобының органы ретінде шықты; өйткені майда болған, Лениннің «Қазіргі саяси жағдай туралы тезистерін» (қараңыз: осы том, 347—352-беттер) қабылдаған облыстық конференциядан кейін Москва облыстық бюросы журналға өзінің қолын қоюдан бас тартты. — *265.*

103 Әңгіме социал-демократ меньшевиктердің Москва облыстық комитетінің пленумы (1918 жылы апрельде болды) И. А. Исувтың ұсынысы бойынша қабылдаған тезистердің үшінші пункті жайында болып отыр. *«Буржуазияның арандатушылық сөздерінің* үлгісымағы» болған бұл тезисті «солшыл коммунистер» ұсынған экономикалық қағидалармен салыстыра келіп, В. И. Ленин ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген мақаласында олардың ұқсастығын ашып берді және «солшыл коммунистердің» ұстаған позициясы олардың «іс жүзінде коммунизмнен мүлдем безгендігін, нақ ұсақ буржуазия жағына біржолата шыққандығын» (осы том, 334-бет) аңғартады деп көрсетті.— *265.*

104 «Солшыл коммунистердің» *«Ағымдағы кезең туралы тезистері»* 1918 жылы 4 апрельде партияның Орталық Комитетінің мүшелері мен «солшыл коммунистер» тобының біріккен мәжілісінде талқыланды. В. И. Ленин ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 305—339-беттер) тезистерді егжей-тегжейлі талдап, сынға алады. — *267.*

105 Бұл арада РКП(б)-ның Төтенше VII съезінде бітім шартын бекіту туралы мәселе жөнінде дауыс беру айтылып отыр. Фактілерді бұрмалаған «солшыл коммунистер» екі қарарға—В. И. Лениннің қарары мен «солшыл коммунистердің» қарарына алдын ала дауыс берудің нәтижелері бойынша бітім жасасуды жақтап дауыс бергендердің санын атады (бірінші қарар 28 дауыс алды, екінші қарар 9-ақ дауыс алып, бірден қабылданбай тасталды); ал бітім шартын жасасуға қарсы дауыстардың санын олар бір ғана лениндік қарарды біржола дауысқа салудың нәтижелері бойынша көрсетті (30 адам жақтап дауыс берді, 12 адам қарсы болды, 4 адам қалыс қалды). — *268.*

106 *Советтердің Бүкіл украиндық екінші съезі* 1918 жылы 17—19 мартта Екатеринославта (қазір Днепропетровск) болды. Съезге 964 делегат қатысты, олардың ішінде: большевиктер—428, солшыл эсерлер—414, партияда жоқтар—82, басқалар — 40. Большевиктерге тек солшыл эсерлер мен буржуазиялық ұлтшылдарға қарсы ғана емес, сонымен бірге «солшыл коммунистерге» де қарсы табанды күрес жүргізуге тура келді; «солшыл коммунистер» Совет үкіметінің Брест бітімін жасасуын айыптаған жікшілдік ұсыныс жасап, Советтердің Бүкіл украиндық съезін өздерінің авантюристік бағытын жүзеге асыру үшін пайдалануға тырысты. Алайда Я. Б. Гамарник, А. В. Иванов, Ф. А. Сергеев (Артем), Н. А. Скрыпник бастаған большевиктік фракция бітім туралы мәселеде лениндік позицияны табандылықпен қорғады. Большевиктер Советтердің Бүкіл россиялық IV съезінің Германиямен жасасқан бітім шартын бекіту туралы шешімін съездің мақұлдауына қол жеткізді.

Съезд «Саяси кезең туралы» қарарда украин халқының еркін білдіре келіп, Украинаның еңбекші бұқарасы Россияның және басқа республикалардың жұмысшыларымен және шаруаларымен бірге Совет өкіметі жолында батыл күреседі деп мәлімдеді. Брест бітіміне байланысты қалыптасқан жағдайды ескере отырып, съезд Украинаны тәуелсіз Совет республикасы деп жариялады және Украина еңбекшілерін австро-герман оккупанттары мен Орталық радаға қарсы аяусыз соғысуға шақырды. Сонымен бірге съезд империалистік Германияның Советтік Россияға күштеп таңған бітім шарты Украинаның Россиямен федерациялық байланысын тек формальды түрде ғана үзеді, ал шын мәнінде оның РСФСР-мен өзара қарым-қатынастары бұрынғы қалпында қалады деп атап көрсетті. — *268.*

107 ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген мақаласында В. И. Ленин осы қағидаңы тағы да сынайды (қараңыз: осы том, 332—337-беттер). — *277.*

108 В. И. Ленин бұл арада былғары, тоқыма және қант өнеркәсібінде құрылған мемлекеттік-капиталистік бірлестіктерді айтып отыр. 1918 жылдың басында былғарышылардың кәсіптік одағы былғары өндірісі фабриканттары мен заводшыларының Бүкіл россиялық қоғамымен келісім жасады; бұл келісімге сәйкес былғары заводтары Совет үкіметінің тапсырмалары бойынша және оның жәрдем ақшасымен жұмыс істеуге тиіс болды, ал бүкіл өнім мемлекеттің иелігіне түсетін болды. Былғары өнеркәсібі басқармасында—Былғары істері жөніндегі бас комитетте (Главкожа)—барлық орынның үштен екісін жұмысшылар, ал үштен бірін жеке кәсіпкерлер жәнс буржуазиялық техникалық интеллигенцияның өкілдері алды. Мұндай келісімдер тоқыма, қант өнеркәсібінде және жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібінің басқа кейбір салаларында да жасалды. Мұның өзінде мемлекеттік-капиталистік бірлестіктерге кіретін кәсіпорындарды конфискелеу правосы мемлекеттің өзінде сақталды.

Ленин пролетариат диктатурасы жағдайында «пролетариат фабриканттар одақтарымен шарт жасасуға әрекет етіп отыр» деп, бұған жақсы баға берді, мұндай келісімдер «өнеркәсіптің тұтас салаларын жұмысшылар басқаруын қамтамасыз» ете алады деп көрсетті (Шығармалар толық жинағы, 35-том, 294-бет).— *278.*

109 В. И. Ленин *«Левый Коммунист»* деп «солшыл коммунистердің» антипартиялық тобының органы—«Коммунист» журналын мысқылдап атап отыр. — *280.*

110 В. И. Ленин бұл арада мемлекеттік табыстардың қалыпты көздерінен (өнеркәсіптің, транспорттың қорлануы, тұрақты салықтар, т. б.) жеткілікті қаржы ала алмағандықтан Совет үкіметі практикаға енгізген эмиссияны—ақша мен бағалы қағаздардың айналысқа шығарылуын айтып отыр. Совет өкіметі өмір сүруінің алғашқы кезеңінде эмиссия халық шаруашылығын, Қызыл Армияны және әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландырудың аса маңызды көздерінің бірі болғандығына қарамасан, Ленин былай деп атап көрсетті: эмиссия—«баспа станогының жұмысы»—«уақытша шара ретінде өзін ақтаған болуы мүмкін» (осы том, 380-бет). Партия мен үкіметтің елдің финанс жағдайын жақсарту жөнінде қолданған шараларының нәтижесінде эмиссия 1918 жылдың ортасына қарай қысқартылды. — *283.*

111 Әңгіме В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген кітабы жайында болып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 1—132-беттер); бұл кітапқа рецензия 1918 жылы 20 апрельде «солшыл коммунистердің» журналы—«Коммунистің» 1-номерінде басылды. — *284.*

112 *«Солшыл Циммервальд»* — Циммервальдтық солшыл топ—солшыл интернационалистер тобы; В. И. Лениннің инициати-

васы бойынша, 1915 жылы сентябрьде Циммервальдта болған Халықаралық социалистік конференцияда құрылды. — *290.*

113 Анархист А. Ю. Ге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде В. И. Лениннің баяндамасы бойынша сөйлеген сөзінде: «герман пролетариаты тарапынан көмек көрсетіледі деп үміттену — утопия», өйткені, бүкіл Батыс Европа пролетариаты сияқты, герман пролетариаты да «азғындаған ортодоксиялық социал-демократиялық тәрбиенің» «дертіне шалдығып, соның арбауына ұшыраған» деп мәлімдеді.— *290.*

114 Белгілі бір жағдайда социализмге бейбіт жолмен өтудің мүмкін екені туралы К. Маркс 1872 жылы 8 сентябрьде Амстердамда болған митингіде сөйлеген сөзінде айтты (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 154-бет). Маркс мұндай өтудің нақты жолдарының бірі капиталистерден өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алу деп білді. «Сатып алуға ешбір жағдайда жол беруге болмайды деп біз өсте есептемейміз,— деп жазды Энгельс,— егер біздің бүкіл осы бандадан сатып алып құтылуға мүмкіндігіміз болса, біз үшін әрқашан арзанға түсер еді деп Маркс маған өз пікірін — және өте жиі! — айтқан болатын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 523-бет).— *294.*

115 *«Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы алты тезисті»* В. И. Ленин Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы өзінің баяндамасы 1918 жылы 29 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде талқыланғаннан кейін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің тапсыруы бойынша жазды. 3 майда Лениннің тезистері партияның Орталық Комитетінде болмашы түзетулермен ғана бірауыздан қабылданды, ал 4 майда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы ол тезистерді жергілікті Советтерге жіберіп, нұсқау хатта Лениннің тезистері «барлық депутаттар Советтері қызметінің негізіне алынуға тиіс» деп көрсетті.— *299.*

116 Декреттің жобасы 1918 жылы 25 апрельде Халық Комиссарлары Советі жанындағы Комиссияның мәжілісінде талқыланды; Егіншілік халық комиссариатына «декреттің жобасын Азық-түлік комиссариатының қорытынды пікірін қоса, тиісті адамдарға қол қойдыртып, бірнеше дана етіп табыс ету» тапсырылды. Декретті 1918 жылы 2 майда Халық Комиссарлары Советі жанындағы Комиссия қабылдады, дәл сол күні Халық Комиссарлары Советі оны В. И. Лениннің осы жариялапып отырған толықтыруымен қоса бекітті және 10 майда «Известия ВЦИК» газетінің 91-номерінде басылды (қараңыз:

«Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 212—216-беттер).— *303.*

117 В. И. Ленин бұл хатты Москва революциялық трибуналының 1918 жылы 2 майда Москва тергеу коллегиясының төрт қызметкерін пара алды және шантаж жасады деп айыптау жөніндегі істі қарап, оларға қолданған жазалау шарасының жеңілдігіне байланысты жазды. Ленин бұл хатты алдып ала Юстиция халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Н. В. Крыленкоға жолдап, одан сотталғандар мен судьялардың есімдерін партияның Орталық Комитетіне көрсетуді өтінді. Осы документтің сырт жағына жазылған жауапты алғаннан кейін Ленин хатты Орталық Комитетке жолдап, Крыленко хабарлаған мәліметтерге ерекше назар аударды. Лениннің талап етуі бойынша Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті істі қайта қарады; үш айыптының әрқайсысы 10 жылдан түрмеге отырғызуға кесілді.

Орталық Комитетке жазған хатымен бірге Ленин юстиция халық комиссары Д. И. Курскийге записка жолдап, онда *«дереу,* шұғыл тездікпен, мынадай заң жобасын енгізу қажет: пара (алармандық, сатып алу, параға себепкер болу және басқалар, т. с.) үшін берілетін жаза кемінде он жылға түрмеге жабу және, оның үстіне, он жыл еріксіз жұмыс істету болуға тиіс» (Шығармалар, 35-том, 309-бет) деп талап етті. Халық Комиссарлары Советі Лениннің инициативасымен 1918 жылы 4 майда қаулы қабылдап, онда Юстиция халық комиссариатын мынаған: парақорлық үшін және парақорлыққа қатысты болғаны үшін жазалаудың жоғары минимумы туралы декреттің жобасын әзірлеуге міндеттеді. «Парақорлық туралы декреттің» Юстиция халық комиссариаты ұсынған және 8 майда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қаралған жобасына Ленин дәлдеу енгізгеннен кейін декрет бекітілді (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 236—237 және 240—242-беттер).— *304.*

118 В. И. Ленин К. Маркстің айтқан пікірлерін цитатқа келтіріп отыр; бұл пікірлерді Ф. Энгельс «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген еңбегінде баяндаған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 523-бет).— *327.*

119 В. И. Ленин бұл арада меньшевиктердің Октябрь социалистік революциясы мен пролетариат диктатурасына қарсы шыққанда қолданған негізгі қағидалардың бірін айтып отыр. Меньшевиктер өкімет билігін алуға «әлі ерте», өйткені өндіргіш күштер дамуының социализм мүмкін болатын дәрежесіне Россия жеткен жоқ деп сендірмек болған-ды. Октябрь революциясынан кейін де олар Совет өкіметіне қарсы, революциялық социалистік қайта құрылыстарға қарсы шығуын тоқтатпады.

Меньшевиктердің бұл көзқарастары Н. Сухановтың «Революция туралы запискалар» деген кітабынан елеулі түрде көрінді, Ленин «Біздің революция туралы (Н. Сухановтың запискалары жөнінде)» деген мақаласын сол кітапты сын тұрғысынан талдауға арнады. Экономикалық және мәдени мешеуліктің салдарынан Россияда социалистік революцияға «әлі ерте» деген меньшевиктік концепцияны теріске шығара келіп, Ленин осы мақаласында былай деп жазды: Россияның жұмысшы табы мемлекеттік өкіметті революциялық жолмен жеңіп алудан бастауға, «ал *содан кейін* барып, жұмысшы-шаруа өкіметі мен совет құрылысының негізінде, басқа халықтарды қуып жету үшін ілгері басуға» (Шығармалар, 33-том, 480-бет) тиіс болды. — *330.*

120 1917 жылы 11 (24) июньде жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің Советтердің Бүкіл россиялық I съезі президиумының мүшелерімен бірлесіп өткізген мәжілісінде Петроград жұмысшылары мен солдаттарының большевиктік партияның Орталық Комитеті әзірлеген бейбіт демонстрациясы туралы мәселе талқыланған кезде, И. Г. Церетели большевиктерге өршелене жала жауып сөз сөйледі, оларды үкіметке қарсы заговор жасап, контрреволюцияға жәрдемдесіп отыр деп айыптады, сөйтіп большевиктердің соңынан ерген жұмысшыларды қарусыздандыру жөнінде батыл шаралар қолдану керек деп қоқан-лоқы көрсетті.— *333.*

121 В. И. Ленин В. Л. Пушкиннің эпиграммасын цитатқа келтіріп отыр, онда Фебке (Аполлон, грек мифологиясында күн құдайы; өнерді жебеуші) өзінің өлеңдерін жіберген ортақол ақын туралы сөз болады. Эпиграмма мынадай жолдармен аяқталады:

Оқыды да, Феб есінеп сұрады:
Жыршы жасы қай шамадан шығады,
Ал оданы ол қай жасынан боратқап?
«Он бес жаста»,— деді оған Эрата.
— «Тек он бес пе?» — «Соны ғана тұр құрап».
— «Дүре соғып, шыбын жанын шырқырат!»

(мына кітапты қараңыз: XVIII ғасырдың аяғындағы — XIX ғасырдың басындағы сатирик ақындар. Л., 1959, 288-бет).— *335.*

122 Ино фортын (Финляндиямен шекарадағы бекініс, Кронштадтпен бірге ол Петроградқа кірер жолды қорғап тұратын) Финляндияға беруді талап еткен Германиямен қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты, сондай-ақ Совет үкіметінің бірнеше рет наразылық білдіруіне қарамастан, ағылшындардың Мурманскіні оккупациялауды тоқтатпауына және интервенттердің елдің ішіне сұғына кіріп кетуге әзірленуіне

байланысты халықаралық жағдай туралы мәселе партияның Орталық Комитетінде талқыланды. 1918 жылы 14 майда, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Москва Советінің біріккен мәжілісінде сөз сөйлеп, В. И. Ленин осы екі мәселенің екеуін де егжей-тегжейлі баяндады (қараңыз: осы том, 370—371-беттер).— *340.*

123 В. И. Лениннің ұсыныстары Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде 1918 жылы 8 майда азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаның баяндамасы және азық-түлік жөніндегі комиссарға төтенше уәкілдіктер беру туралы декрет талқыланған кезде қабылданды. Документ Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Азық-түлік халық комиссариаты енгізген азық-түлік жөніндегі комиссарға төтенше уәкілдіктер беру туралы декреттің жобасын қайта өңдеу жөнінде құрылған комиссияға арналған нұсқау еді.

Лениндік қағидалардың негізінде жазылған декретті 1918 жылы 9 майда Халық Комиссарлары Советі, ал 13 майда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекітті, сөйтіп бұл декрет 14 майда «Известия ВЦИК» газетінің 94-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 261—266-беттер).— *341.*

124 Қаулының жобасын Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 9 майда азық-түлік халық комиссарына төтенше уәкілдіктер беру туралы декрет талқыланған кезде қабылдады. — *344.*

125 *«Қырымды оккупациялауға қарсы герман үкіметіне наразылықты»* В. И. Ленин мына жағдайға байланысты жазды: 1918 жылдың көктемінде герман империалистері Украинаны оккупациялады және Брест бітім шартын бұзып, Қырымға басып кірді, сөйтіп Қара теңіз флоты шоғырландырылған Севастопольге жақындай түсті. Совет үкіметінің жарлығы бойынша 29—30 апрельде корабльдердің бір бөлегі Новороссийскіге көшірілді. Севастопольде көшіру жөніндегі қаулыға бағынбаған және техникалық ақауы болғандықтан алып кетуге келмейтін корабльдер ғана қалдырылды. 11 майда неміс командованиесі флоттың Севастопольге қайтып келуін үзілді-кесілді талап етіп, Қара теңіз флотының Севастопольден әкетілуі Брест шартын бұзады-мыс деп мәлімдеді және Қара теңіз жағалауындағы шабуылымызды тоқтатпаймыз деп қоқан-лоқы көрсетті.

Лениннің «Наразылығы» Сыртқы істер халық комиссариатының 1918 жылы 13 майда Германия сыртқы істер министрлігіне жолдаған нотасының негізіне алынды.— *345.*

126 Әңгіме герман үкіметінің 1918 жылғы 30 марттағы радиотелеграммасы жайында болып отыр, онда герман үкіметі Украинаның құрамына 9 губерния, оның ішінде Таврия губерниясы да енеді, бірақ Қырым енбейді деп мәлімдеген

болатын. Сөйтіп Германияның Қырымды оккупациялауы герман үкіметінің ресми мәлімдемесіне қайшы келді.— *346.*

127 *«Қазіргі саяси жағдай туралы тезистердің» жобасын* В. И. Ленин 1918 жылы 10 майда жазды, бұл жоба дәл сол кезде РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісінде талқыланды. Түпкілікті редакцияланған тезистерді Орталық Комитет 13 майда бекітті, оларға Орталық Комитеттің мәжіліске қатысқан мүшелері, Г. Я. Сокольников пен И. В. Сталиннен басқасы, түгел дауыс берді; кейінірек Орталық Комитеттің Петроградта тұрған мүшелерінің көбі бұл тезистерге қосылды. Орталық Комитет Ленинге РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясында және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Москва Советінің біріккен мәжілісінде баяндама жасауды, сөйтіп осы тезистерді қарар есебінде ұсынуды жүктеді. Тезистердің негізінде Ленин дәл сол күні Москва жалпы қалалық партия конференциясында баяндама жасады. Конференция көпшілік дауыспен Лениннің тезистерін қабылдады.

«Қазіргі саяси жағдай туралы тезистерді» Ленин 14 майда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Москва Советінің біріккен мәжілісінде сыртқы саясат туралы жасаған баяндамасында неғұрлым толық дамытты (қараңыз: осы том, 353—372-беттер). 14 майда лениндік тезистерді Москва округтік конференциясы, 15 майда РКП(б) Москва облыстық конференциясы Лениннің ағымдағы кезең туралы баяндамасы бойынша қабылдады (қараңыз: осы том, 373-бет).

Қолжазбада тезистердің екінші бөлімінің екінші абзацының тұсына Ленин: «Баспасөз үшін емес» деп екі рет жазған.— *347.*

128 В. И. Лениннің баяндамасы меньшевиктер мен эсерлер тарапынан өршеленген шабуыл туғызды; олар большевиктік партия мен Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізу үшін халықаралық және ішкі жағдайдың шиеленісуін пайдаланып қалуға тырысты. Лениннің шұғыл істермен мәжілістен кетіп қалуына тура келгендігіне байланысты, оның келісімі бойынша Я. М. Свердлов қорытынды сөз сөйлеп, меньшевиктер мен эсерлердің әрекеттеріне батыл тойтарыс берді (қараңыз: Я. М. Свердлов. Таңдамалы шығармалар, 2-том, 1959, 198—204-беттер). Мәжіліс меньшевиктер мен эсерлердің қарарларын қабылдамай тастады, бұл қарарларында олар Құрылтай жиналысын шақыруды, Брест шартын бұзуды, Германиямен соғысты одан әрі жүргізу үшін Антанта елдерімен одақ жасасуды талап еткен еді; мәжіліс большевиктердің Свердлов жазған қарарын көпшілік дауыспен қабылдады, онда Совет өкіметінің саясаты мақұлданды (қараңыз: бұл да сонда, 204—205-беттер).

Лениннің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Москва Советінің біріккен мәжілісінде сыртқы саясат

туралы жасаған баяндамасының жоспары Лениннің XI жинағында (92-бет) жарияланды.—*353.*

129 *Рада* — Орталық рада — контрреволюциялық буржуазиялық-ұлтшылдық ұйым; бұл ұйымды украин буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық партиялары мен топтарының блогы 1917 жылы апрельде Киевте өткен Бүкіл украиндық ұлттық конгресте құрды. Раданың председателі украин буржуазиясының идеологы М. С. Грушевский, оның орынбасары В. К. Винниченко болды. Раданың құрамына Петлюра, Ефремов, Антонович және басқа ұлтшылдар кірді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Рада өзін «Украин халық республикасының» жоғарғы органы деп жариялап, Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, бүкіл россиялық контрреволюцияның басты орталықтарының бірі болды.

1917 жылы декабрьде Харьковта өткен Советтердің Бүкіл украиндық I съезінде Украина Совет республикасы болып жарияланды. Съезд Орталық рада өкіметінің құлатылғанын жариялады. РСФСР Халық Комиссарлары Советі Украин Совет үкіметін Украинаның бірден-бір заңды үкіметі деп танып, контрреволюциялық Радаға қарсы күресте оған дереу көмек көрсетуге қаулы етті. 1917 жылғы декабрьде және 1918 жылғы январьда бүкіл Украинада Орталық радаға қарсы, Совет өкіметін қалпына келтіру жолында қарулы көтерілістер болды. 1918 жылғы январьда Украинадағы совет әскерлері шабуылға шықты, ал 26 январьда (8 февральда) Киевті алып, буржуазиялық Раданың үстемдігін құлатты.

Советтік Украина территориясынан қуылған Орталық рада Совет өкіметін құлату және Украинада буржуазиялық құрылысты қалпына келтіру мақсатында герман империалистерімен одақ жасасты. Совет республикасының Германиямен бітім келіс сөздері кезінде Рада Брест-Литовскіге өз делегациясын жіберіп, совет делегациясының сыртынан Германиямен сепараттық бітім жасасты, бұл бітім шарты бойынша Германияға украин астығын, көмірін, шикізатын беріп, онан Совет өкіметіне қарсы әскери көмек алды. 1918 жылғы мартта австро-герман оккупанттарымен бірге Рада Киевке қайтып оралып, олардың қолындағы бейшара қуыршақ болды. Раданың Украинадағы революциялық қозғалысты басып-жаншуға және азық-түлік пен шикізат беруді қамтамасыз етуге дәрменсіз екендігіне көзі жеткен соң, немістер апрельдің аяғында Раданы таратып жіберді.— *365.*

130 Әңгіме 1918 жылы 1 мартта Петроградта бекітілген «Россия және Финляндия социалистік республикалары арасындағы шарт» жайында болып отыр (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 1-том, 1957, 505—510-беттер).— *370.*

131 *РКП(б) Москва облыстық конференциясы* 1918 жылы 14—17 майда болды. Конференция жергілікті жерлердің (Тверь,

Владимир және Ярославль губернияларының) баяндамаларын тыңдады, бұл баяндамаларда партия жұмысының жайы, Қызыл Армияның өсуі және басқа мәселелер сөз болды; партияның Москва облыстық бюросы мен Москва комитетінің, сондай-ақ Москва округтік партия ұйымының есептерін талқылады. 15 майда конференция ағымдағы кезең туралы мәселе талқылады. «Солшыл коммунистерден» А. Ломов (Г. И. Оппоков) баяндама жасады, онда партияның Орталық Комитетінің сыртқы саясаттағы позициясы қатты сыналды. Одан кейін іле В. И. Ленин баяндама жасады. Жарыс сөздерден және Ленин мен Ломовтың қорытынды сөздерінен кейін конференция 9 дауысқа қарсы көпшілік дауыспен 47 болып, қарардың негізіне Лениннің «Қазіргі саяси жағдай туралы тезистерін» алу жөнінде қаулы қабылдады (қараңыз: осы том, 347—352-беттер). Осыған байланысты «солшыл коммунистер» жаңадан РКП(б) Облыстық бюросын сайлау кезінде оның құрамына кіруден бас тартты.— *373.*

132 *Национализацияланатын металл заводтары өкілдерінің конференциясы* 1918 жылы 12—18 майда Москвада болды. Оған әрбір кәсіпорыннан 6 өкілден — 3 жұмысшы, 2 инженер және 1 қызметші — қатысты. Конференция елдің аса ірі заводтарын (Брянск, Коломна, Сормово, Белорецк, Златоуст, Тверьдегі Балтық заводтары мен басқа заводтарды) национализациялауға байланысты мәселелерді талқылау үшін шақырылған болатын.

Конференцияның алдында бұл мәселе әр түрлі шаруашылық және кәсіптік органдарда, сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінде талқыланды, талқылаудың барысында аса ірі машина жасау заводтарын мемлекеттік-капиталистік акционерлік қоғам етіп біріктіру туралы капиталистер мен буржуазиялық мамандар жасаған ұсыныс (А. П. Мещерскийдің жобасы) қабылданбай тасталды және бұл кәсіпорындарды национализациялау қажет деп табылды. Конференция 17 майда көпшілік дауыспен национализациялау бағытын мақұлдады. Конференцияға кеңесші дауыспен қатысқан буржуазиялық мамандар тобы ғана Мещерскийдің жобасын қорғады.

В. И. Лениннің 18 майда таңертеңгі мәжілісте оқылған хаты ду қол шапалақтап қарсы алынды. Лениннің ұсынысы бойынша, конференция Халық шаруашылығы жоғары советінің жанынан мемлекеттік металл заводтарын біріктіруді ұйымдастыру жөніндегі уақытша комитетті сайлады, Комитет туралы ережені, сондай-ақ национализацияланған кәсіпорындарды басқару жөніндегі нұсқауды бекітті.

1918 жылы 18 июньде «Сормово», Белорецк темір қорыту заводтарының, Коломна машина жасау заводының акционерлік қоғамдары және басқалары национализацияланды. Оларды ««Сормово — Коломна» біріккен ұлттық машина жасау заводтарының уақытша орталық басқармасы» біріктірді, бұл

басқарма өзіне Брянск, Мытищи, Тверь және басқа машина жасау заводтары қосылғаннан кейін Машина жасау заводтарының мемлекеттік бірлестігі (ГОМЗ) деп аталды. — *376.*

133 *«Брянск ережелері»* — Бежицадағы национализацияланған Брянск рельс прокаттау, темір қорыту және механика заводының (қазіргі «Красный Профинтерн» заводы) завод комитеті мен жұмысшы дирекциясы жасаған «Ішкі тәртіптің уақытша ережелері». Бұл ережелер 1918 жылы 9 майда фабрика-завод комитетінің және завод директорының қолдары қойылып, бұйрық түрінде бастырылып шығарылды. Ережелер Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық орталық советі 1918 жылы 3 апрельде қабылдаған Еңбек тәртібі туралы ереженің негізінде жасалды. Ережелер заводта берік тәртіп болуын және өндірісті басқаруда дара басшылықтың ныгаюын қамтамасыз етті. Ережелерде еңбек өнімділігінің қатаң есебін жүргізу, жұмысшылардың бракқа жол бергені үшін жауапкершілігін күшейту көзделді; жұмысшылар мен қызметшілерге жалақы тек істелген жұмыс үшін ғана төленетін болды; жұмыс уақытында митингілер мен жиналыстар өткізуге тыйым салынды; еңбек тәртібін бұзған жұмысшылар мен қызметшілерге жұмыстан шығарып жіберуге дейін қатаң жазалау шаралары қолданылды. Осы ережелерді жүзеге асырудың, еңбек тәртібін арттырудың және басқа бірқатар шараларды қолданудың нәтижесінде завод өнім шығарудан тез арада соғысқа дейінгі дәрежесіне жетті.— *376.*

134 *Облыстық, губерниялық және уездік Советтердің финанс бөлімдері өкілдерінің Бүкіл россиялық бірінші съезі* 1918 жылы 17—21 майда Москвада болды. Оған 230 делегат қатысты. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: жергілікті жерлердің баяндамалары; жалпы финанс саясаты; жергілікті финанстар; банктер, казначейліктер және алым-салық инспекциясы; кредиттерді дұрыс пайдалану; ұйымдық мәселелер.

В. И. Ленин 18 майда кешкі мәжілісте сөз сөйледі. Оның баяндамасында айтылған совет финанс саясатының міндеттері туралы қағидалар съездің коммунистік фракциясы ұсынған қарардың негізіне алынды; қарар делегаттардың көпшілігі мақұлдап қабылданды. Солшыл эсерлер өз қарарын ұсынды, бірақ жарыс сөзден кейін олар өз қарарын қайтып алып, коммунистердің қарарына қосылды. Съезд 6 адамнан құрылған комиссияға Финанс халық комиссариатымен бірлесіп, ең қысқа мерзімде мынадай бірқатар қаулылар дайындауды жүктеді: «Ленин жолдастың тезистері негізінде» үдемелі-табыс салығы мен жалпы мүлік салығын салу туралы ереже; мемлекеттік монополиялар негізіндегі жанама салықтар жүйесі туралы; салық салуды орталықтандыру және касса бірлігі туралы; банк ісін орталықтандыру туралы; ақша знактарын жаңа ақша знактарымен ауыстыру

туралы; «бүкіл (жергілікті және орталық) финанс басқару аппаратының бірыңғай орталықтандырылған ұйымы» туралы.— *378.*

135 Ақша реформасын әзірлеу туралы мәселені В. И. Ленин 1917 жылы декабрьде банктерді национализациялауды жүзеге асыру туралы декреттің жобасында қойған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 188-бет). 1918 жылдың көктемінде Ленин ақша реформасының жоспарын әзірледі, бұл реформада тұрақты совет валютасын жасау және соғыстың зардабынан, патша үкіметі мен буржуазиялық Уақытша үкіметтің қожалық етуі салдарынан туған инфляцияны жою көзделген еді.

Реформаны жүзеге асыруға әзірлік 1918 жылдың алғашқы айларында басталды. Бұл жұмыс Лениннің тікелей басшылығымен жүргізілді; ол әзірлікті жеделдете түсуге және жаңа, совет ақшаларын шығаруға күш салды, ақша үлгілері жобаларының барлық егжей-тегжейлерін талқылауға қатысты (қараңыз: Лениннің жинақтары: XXI, 179—180-беттер; XXXV, 31—32-беттер). Шетел интервенттері мен ішкі контрреволюцияға қарсы жүргізілген соғыстарға, «әскери коммунизм» саясатына көшуге байланысты ақша реформасы ол кезде жүзеге асырылмады. Бірінші советтік ақша реформасы лениндік принциптер негізінде 1922—1924 жылдары жүргізілді.— *382.*

136 *«Азық-түлік отрядтарын ұйымдастыру туралы Питер жұмысшыларына арналған үндеуге» қосымшаны* (бұдан бұрынғы басылуларында документ «Питер жұмысшыларына телеграмманың нобайы» деген атпен басылды) В. И. Ленин 1918 жылы 20 майда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде жазды және мынадай записка жазып, оны азық-түлік жөніндегі халық комиссары А. Д. Цюрупаға табыс етті: «Телеграммаға әлі де **1 бет — 5 бет** қосуға болмас па екен». Қосымша партияның Петроград комитетіне телеграмма арқылы берілген үндеудің ақырғы текстіне енді; телеграммада былай деп көрсетілген: «Мына үндеу хатты барлық заводтар мен фабрикаларда жариялап, азық-түлік отрядтарына жазылуды дереу ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданыңыздар».

1918 жылы 22 майда В. И. Ленин мен А. Д. Цюрупаның қолдары қойылған үндеу «Петроградская Правда» газетінің 103-номерінде, ал 29 майда «Известия ВЦИК» газетінің 107-номерінде және басқа газеттерде жарияланды. Осы қосымшада айтылған ойларын Ленин Питер жұмысшыларына жолдаған «Ашаршылық туралы» деген хатында (қараңыз: осы том, 386—394-беттер) неғұрлым толық дамытты. — *384.*

137 *«Ашаршылық туралы (Питер жұмысшыларына хатты)»* В. И. Ленин Путилов (қазіргі Киров) заводының сатып алу комиссиясының председателі А. В. Ивановпен әңгімелескен-

пен кейін жазды. Путиловтықтардың өкілін зер салып тыңдаған Ленин «елде азық-түлік ісін жолға қою жөнінде үкіметтің батыл шаралар қолданып жатқаны» туралы Петроград еңбекшілеріне айтуды өтінді және путиловтықтарға таныстыру үшін азық-түлік халық комиссарына ашаршылыққа қарсы күрес жүргізу жөнінде төтенше уәкілдіктер беру туралы декретті табыс етті (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 2-бөлім, М., 1957, 283—284-беттер). А. Д. Цюрупаға жазған хатында Ленин Ивановпен әңгімелескені туралы хабарлай келіп, былай деп жазды: «Мен оған өзімнің мынадай пікірімді айттым»: деревня буржуазиясына қарсы жорық жасау үшін «Питердің *таңдаулы* жұмысшылары *іріктелген* сенімді жұмысшы армиясын құрмаса», онда «ашаршылықтың болуы және революцияның мерт болуы сөзсіз» (Лениннің XVIII жинағы, 163-бет). Ленин Азық-түлік халық комиссариатына Питер жұмысшыларынан құрылған отрядтарға барынша жәрдем көрсетуді ұсынды.

Лениннің нұсқауларын орындай отырып, Петроград жұмысшылары 1918 жылы июньнің бас кезінде 400 адамнан құралған алғашқы азық-түлік отрядын жөнелтті. — *386.*

138 *Еңбек комиссарларының Бүкіл россиялық II съезі* 1918 жылы 18—25 майда Москвада болды. Съезге облыстық, губерниялық және уездік еңбек комиссариаттарының, еңбек биржаларының, аурухана және қауіпсіздендіру кассалары мен серіктіктерінің, жұмыссыздар кассаларының, Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық орталық советінің және басқа ұйымдардың өкілдері—барлығы 600-ге жуық адам қатысты. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: Еңбек халық комиссариатының есебі; өнеркәсіптің жағдайы; жұмыс тәртібі және еңбек өнімділігін арттыру; ақы төлеу нормалары мен өнімділік нормалары, жұмысшы табының экономикалық жағдайы және басқалары. Съезде 5 секция (еңбек комиссарлары секциясы, еңбек биржалары секциясы, еңбек қорғау секциясы, қауіпсіздендіру секциясы және статистика секциясы) жұмыс істеді. Съезд ВЦСПС-тің еңбек тәртібі туралы 1918 жылғы 3 апрельдегі ережесін және Тарифтерді бекіту тәртібі туралы ережені мақұлдады және осы ережелерді негізге ала отырып, еңбек тәртібі, тариф саясаты туралы, жұмысшы табының экономикалық жағдайы туралы және басқа қаулылар қабылдады. Съезд сондай-ақ еңбек қорғау туралы заң ережесін және жергілікті жерлерде жалақы мен еңбекті нормалау бюроларын құру туралы шешім қабылдады. — *395.*

139 Отын туралы мәселе Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде 1918 жылы 24 майда талқыланды; Халық шаруашылығы жоғары советінің отын бөліміпен Н. И. Соловьев және Москва отын бөліміпен С. С. Диканский баяндамашы болды. — *401.*

140 Қоғамдық ғылымдардың социалистік академиясын құру туралы мәселені Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 25 майда талқылады. Академия туралы Халық ағарту комиссариаты ұсынған ереженің жобасы В. И. Ленинді қанағаттандырмады, сондықтан ол осы жарияланып отырған, Халық Комиссарлары Советі қабылдаған ұсыныстарды, сірә, мәжіліс кезінде жазса керек.

7 июньде үкімет Социалистік академия туралы лениндік нұсқаулар негізінде қайта өңделген ережені қарады. Принципінде бұл ережені мақұлдаған Халық Комиссарлары Советі Академияның уставын егжей-тегжейлі талдап жасау үшін комиссия құрып, ол комиссияға өз жұмысында Лениннің нұсқауларын басшылыққа алып отыруды жүктеді. Уставты толық түрінде Халық Комиссарлары Советі 15 июньде бекітті. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Қоғамдық ғылымдардың социалистік академиясы туралы декреті (Ереже) 1918 жылы 12 июльде «Известия ВЦИК» газетінің 145-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері, 2-том, 1959, 468—479-беттер). Академия 1918 жылы 1 октябрьде салтанатты түрде ашылды.

1923 жылдың аяғында Социалистік академия Коммунистік академия деп аталды. 1936 жылы февральда ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советі «ғылым қайраткерлерін мемлекеттік бір ғылыми орталыққа біріктіру мақсатымен» Коммунистік академияны таратып, оның институттары мен негізгі қызметкерлерін СССР Ғылым академиясына беру жөнінде шешім қабылдады.—*402.*

141 Қоғамдық ғылымдардың социалистік академиясы толық мүшелерінің және оқытушыларының Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекіткен тізімдері 1918 жылы 9 августа «Известия ВЦИК» газетінің 169-номерінде жарияланды.

1922 жылы 5 февральда В. И. Ленин Социалистік академияның толық мүшесі болып сайланды. Бұл туралы Академия президиумының хабарын алған Ленин мынадай записка жазып жауап береді: «Көп-көп алғыс айтамын. Өкінішке қарай, сырқаттығыма байланысты Социалистік академия мүшесінің парызын тіпті аз ғана мөлшерде болса да орындай алатын емеспін. Академияның жалған мүшесі болғым келмейді. Сондықтан тізімдерден сызып тастауды немесе мүшелердің тізімдеріне енгізбеуді өтінемін» (Лениннің XXXIV жинағы, 432-бет). — *403.*

142 *«Ағымдағы кезең жөніндегі тезистер»* елде азық-түліктің жағдайы өте-мөте ауыр болған кезде жазылды. Осы тезистерді басшылыққа ала отырып, Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 28 майда азық-түлік саясаты туралы қаулы қабылдады (қараңыз: Лениннің XVIII жинағы, 95-бет), Азық-түлік халық комиссариатына астық жолында күрес жүргізу үшін қарулы отрядтар ұйымдастыру туралы жұмысшылар

мен шаруаларға арнап үндеу хатты ертеңнеп қалдырмай жазуды тапсырды. Лениндік тезистер негізінде жазылған үндеу хатты үкімет 1918 жылы 29 майда бекітті, ол 31 майда газеттерде Халық Комиссарлары Советі атынан жарияланды. — *404*.

143 *Халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық I съезі* 1918 жылы 26 май—4 июньде Москвада болды; оған 252 делегат қатысты, олар 5 облыстық, 30 губерниялық және саны едәуір уездік халық шаруашылығы советтерінің, сондай-ақ Халық шаруашылығы жоғары советінің, кәсіподақ ұйымдары мен фабрика-завод комитеттерінің өкілдері еді.

Ленин съезді әзірлеуге тікелей қатысты. 23 майда Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының Лениннің қатысуымен Кремльде өткен мәжілісінде съезді өткізу мәселелері егжей-тегжейлі қаралып, оның күн тәртібі белгіленді, бірқатар баяндамалардың өзгерістер мен толықтырулар енгізілген тезистері бекітілді. Г. Д. Вейнбергтің национализацияланған кәсіпорындарды басқаруды ұйымдастыру туралы баяндамасының тезистері талқыланған кезде Ленин национализацияланған кәсіпорындарды басқару жүйесін жергілікті жерлердегі заводтық басқармаларға және орталық басқармаға — Халық шаруашылығы жоғары советінің өндірістік бөліміне беріп, әр түрлі аралық басқармаларды жою жөнінде ұсыныс жасады. Съездің күн тәртібіне қойылған мәселелер: Брест шартының экономикалық салдары; Россияның жалпы экономикалық жағдайы және экономикалық саясат; Халық шаруашылығы жоғары советінің қызметі; Россияның финанс жағдайы; мемлекеттік бюджет; сыртқы сауда; Мемлекеттік құрылыстар комитеті туралы; жергілікті жерлердің баяндамалары. Мәселелердің бір бөлегі өндірісті ұйымдастыру, еңбек, товар айырбасы, ауыл шаруашылығы жөніндегі секцияларда қаралды.

Съездің бірінші мәжілісінде Ленин сөз сөйлеп, шаруашылық құрылыстың және национализацияланған шаруашылықты басқаруды ұйымдастырудың ең таяудағы міндеттерін белгілеп берді. Социалистік өндірісті демократиялық централизм принципі негізінде ұйымдастырудың және басқарудың лениндік жоспарына съезде «солшыл коммунистер», анархо-синдикалистер, меньшевиктер және солшыл эсерлер қарсы шықты. Бірқатар мәселелер жөнінде «солшыл коммунистердің» өз баяндамашылары болды және олар өз қарарларын ұсынды. «Солшыл коммунистердің» қысымымен өндірісті ұйымдастыру секциясы партияның дара басшылық орнату және национализацияланған шаруашылықты басқаруды орталықтандыру жөніндегі бағытына қайшы келетін «Национализацияланған кәсіпорындарды басқару туралы ереженің» жобасын қабылдады. Ленин осы «Ереженің» жобасына жасаған, Шығармаларға бірінші рет енгізілін отырған ескертпелерінде оның анархо-синдикалистік

мәнін ашып көрсетті (қараңыз: осы том, 422-бет). Съезд Лениннің басшылығымен әзірленген жаңа «Ережені» бекітті. Лениннің принципті нұсқауларын негізге ала отырып, съезд басқа да мәселелер бойынша: социалистік национализациялауды одан әрі жүргізудің қажеттігі туралы, қала мен деревня арасындағы товар айырбасы туралы, Халық шаруашылығы жоғары советін қайта құру туралы мәселелер бойынша маңызды шешімдер қабылдады; еңбек тәртібін көтеру және еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күрестің шараларын белгіледі, ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын өндіруді бірінші дәрежелі мемлекеттік маңызы бар іс деп тапты. — *407.*

144 Бұл документті Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 29 майда қабылдады және ол Халық Комиссарлары Советінің азық-түлікті дербес дайындау туралы мәселе жөніндегі қаулысына өзгеріссіз енді, бұл қаулы 1 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 110-номерінде жарияланған еді (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 344—348-беттер). — *417.*

145 Бұл документті В. И. Ленин әр түрлі ұйымдардың азық-түлікті дербес дайындау жөнінде өздеріне право беру туралы өтінішіне байланысты жазды. 1918 жылы 29 майда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде осы ұйымдар өкілдерінің қатысуымен Лениннің «Ағымдағы кезең жөніндегі тезистерінің» (қараңыз: осы том, 404—406-беттер) негізінде жазылған, астық жолында күрес жүргізу үшін қарулы отрядтар құру туралы жұмысшылар мен шаруаларға арналған үндеу хат талқыланды. Талқылау кезінде Ленин азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаға мынадай записка жазды: ««Дербес дайындау» дегенге бола әлі де күрес бола ма? Әлде болмай ма? Ұсынылып отырғанды газеттерде жариялау керек пе және кімнің атынан жариялау керек?» (Лениннің XVIII жинағы, 106-бет), бұл запискаға Цюрупа былай деп жауап қайтарды: «Күрес болады, жариялау керек—Халық Комиссарлары Советі атынан жариялау керек». «Ұсынылып отырған» үндеудің жарияланып отырған жобасы болмашы өзгерістермен 1 июньде Халық Комиссарлары Советінің қаулысы ретінде қабылданды және 4 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 112-номерінде «Халық Комиссарлары Советінің дербес дайындау туралы мәселе жөніндегі қаулысы» деген атпен жарияланды.

В. И. Ленин Шығармаларының бұдан бұрынғы басылуларында документ «Теміржолшыларға, су жолы транспортшыларына және металлистерге үндеу» деген атпен басылды. — *418.*

146 «Национализацияланған кәсіпорындарды басқару туралы ереженің» Халық шаруашылығы жоғары советі жасаған жо-

басы 1918 жылы 28 және 30 майда Халық шаруашылығы советтері Бүкіл россиялық I съезінің өндірісті ұйымдастыру секциясының мәжілісінде талқыланды. Бұл мәселе жөнінде Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, жобаның авторы Г. Д. Вейнберг баяндама жасады, «солшыл коммунист» В. М. Смирнов пен Урал өнеркәсібінің өкілі В. Н. Андронников қосымша баяндама жасады. Егжей-тегжейлі талқылаудан кейін секция «солшыл коммунистердің» қысымымен партия мен үкіметтің саясатына қайшы келетін «Ережені» қабылдады.

«Солшыл коммунистердің» национализацияланған кәсіпорындарды басқару туралы мәселе жөніндегі іс-әрекеттері жайындағы хабарды алғаннан кейін (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 130-бет) және секция әзірлеген «Ережемен» танысқаннан кейін В. И. Ленин оны 2 июньде арнайы құрылған келістіру комиссиясында қарауды ұсынды, бұл комиссияға Халық Комиссарлары Советінен В. И. Ленин, Халық шаруашылығы жоғары советінен А. И. Рыков пен Г. Д. Вейнберг енді. Келістіру комиссиясы Лениннің жарияланып отырған ескертпелерін негізге ала отырып, «Ережені» қайта өңдеді. «Солшыл коммунистерге» қарама-қарсы, съезд көпшілік дауыспен келістіру комиссиясының жобасын бекітті.

Осы «Ережеге» сәйкес национализацияланған кәсіпорындарда фабрика-завод басқармалары құрылды, олардың үштен екісін халық шаруашылығы облыстық советі немесе Халық шаруашылығы жоғары советі (егер кәсіпорын тікелей орталық басқармаға бағынса) тағайындады, оның бер жағында халық шаруашылығы советі облыстық (Бүкіл россиялық) кәсіптік бірлестікке кандидаттардың жартысын ұсынуға мүмкіндік беруге праволы болды. Басқарма мүшелерінің үштен бірін кәсіпорынның кәсіптік жағынан ұйымдасқан жұмысшылары сайлады. Фабрика-завод басқармасы техникалық және коммерциялық қызметшілер есебінен мамандардың үштен бірін өз құрамына енгізуге тиіс болды. — *422.*

147 *Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, жұмысшы, шаруа және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің, ВЦСПС пен кәсіптік одақтардың, фабрика-завод комитеттерінің және басқа жұмысшы ұйымдарының біріккен мәжілісі* 1918 жылы 4 июньде Үлкен театр үйінде болды. Күн тәртібіне бір мәселе—жалпы жағдайға байланысты ашаршылыққа қарсы күрес туралы мәселе қойылды. Мәжілісті ашқанда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі Я. М. Свердлов мұндай кең көлемді жиналыс мәселе өте-мөте маңызды болғандықтан шақырылып отыр және ол Москваның барлық жұмысшыларын ашаршылыққа қарсы күресу жөнінде жігерлі жұмыс жүргізуге шақыру мақсатын көздейді деді. В. И. Ленин баяндама жасады. Солшыл және оңшыл эсерлер мен меньшевиктер мәжілісте Совет өкіметіне

өршелене қарсы шығып, оның азық-түлік саясатын сынады. Көпшілік дауыспен большевиктік фракцияның қарары қабылданды, оның негізіне лениндік жоба алынды (қараңыз: осы том, 452—453-беттер). —*423.*

148 В. И. Ленин Ф. Энгельстің пікірін баяндап отыр, бұл пікірді Ф. Энгельс өзі жазған «Боркхеймнің «1806—1807 жылдардағы даңғой патриоттардың есіне» деген кітапшасына кіріспеде» айтқан болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 356—361-беттер). — *427.*

149 В. И. Ленин бұл арада меньшевиктердің Бүкіл россиялық кеңесін айтып отыр (ол 1918 жылы 21—27 майда Москвада болды), бұл кеңес меньшевиктердің қызметінің контрреволюциялық сипатын өте-мөте айқын көрсетіп берген болатын. Меньшевиктер (Н. Череванин, В. Г. Громан және басқалар) өздерінің жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде ел бастан кешіріп отырған азық-түлік қиыншылықтарын антисоветтік мақсаттарда пайдалануға тырысты. Азық-түлік отрядтарын ұйымдастыруды және астық жолындағы «крест жорығын», Ленин жұмысшыларды осыған шақырған-ды, меньшевиктер Совет өкіметінің өзін сақтап қалу жолындағы «ақырғы жанталасқан әрекеттері» деп есептеді, сөйтіп Совет өкіметі тез арада мерт болады деп сәуегейлік етті. «Активист»-меньшевиктердің (олар «капитализмге қарай алға басайық» деген ұран ұсынып, Совет өкіметіне қарсы «белсенді» күрес жүргізуге үндеді) көзқарасын білдіре келіп, П. Н. Колокольников кеңесті «аштық арқылы... Советтерді құлатуға» шақырды: меньшевик М. И. Либер кеңеске ұсынған қарарында «Советтерді өлім жазасына кесуге үкім» шығаруды, олардан өз депутаттарын дереу кері шақырып алуды, Совет өкіметіне бойкот ұйымдастыруды талап етті; меньшевиктер лидерлерінің бірі Ф. И. Дан өзінің сөзін «Комиссарлар билеп-төстеген социализм жойылсын, бақылауда болатын капитализм жасасын» деген ұранмен аяқтады. Кеңесте сондай-ақ Л. Мартовтың «шынайы демократиялық республика» жолында күрес жүргізуге шақырған тезистері оқылды.

Меньшевиктердің сыртқы саясат мәселелері жөнінде сөйлеген сөздерінің де ашық контрреволюциялық сипаты болды; кеңес қабылдаған қарарда Брест бітім шартын бұзу және Германиямен соғыс жүргізу туралы, Россияның антигермандық коалициямен одақтасуы туралы мәселе тағы да қойылды.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті меньшевиктердің антисоветтік контрреволюциялық қызметіне байланысты меньшевиктер мен эсерлерді (оңшылдар мен центрді) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінен шығару туралы 1918 жылы 14 июньде қаулы қабылдауға мәжбүр болды; сол қаулыда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Ко-

митеті барлық Советтерге «осы фракциялардың өкілдерін өз орталарынан аластатуды» ұсынды. — *434.*

150 *«Жизнь»* («Өмір»)—газет, 1918 жылғы 23 апрельден 6 июльге дейін анархизмге бой ұрған әдебиетшілер А. Боровой мен Я. Новомирскийдің редакциялауымен Москвада шығып тұрды; газетті әр түрлі антисоветтік элементтер пайдаланды; басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды. — *434.*

151 В. И. Ленин бұл арада Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің «Азық-түлік жөніндегі халық комиссарының төтенше уәкілдіктері туралы» 1918 жылғы 13 майдағы декретін («Азық-түлік диктатурасы туралы декрет») және «Азық-түлік комиссариаты мен жергілікті азық-түлік органдарын қайта құру туралы» 27 майдағы декретін айтып отыр (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 261—264 және 307—312-беттер). Бұл декреттер арқылы дайындау саласында да, сондай-ақ бөлу саласында да азық-түлік ісін толық орталықтандыру белгіленді, жұмысшылардың астық жолындағы жорығын ұйымдастыру, кулактарға қарсы күрес жүргізуде кедейлерге жәрдемдесу жөніндегі шаралар көзделді. — *438.*

152 В. И. Ленин бұл арада Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінде эсерлер (оңшылдар мен центр) партиясы енгізген қарарды айтып отыр, онда эсерлер Брест бітім шартына өршелене қарсы шығып, Совет өкіметін дереу жоюды және Құрылтай жиналысын шақыруды талап етті. — *448.*

153 Әңгіме меньшевиктер мен эсерлердің белсене қатысуымен Антанта империалистері ұйымдастырған чехословак әскери корпусының контрреволюциялық қарулы бүлігі жайында болып отыр. Чехословак корпусы Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгенге дейін-ақ соғыс тұтқындары чехтар мен словактардан құрылған болатын. 1918 жылдың жазында бұл корпуста 60 мыңнан астам адам болды (Россияда барлығы 200 мыңға жуық тұтқын чехтар мен словактар болды). Совет өкіметі орнатылғаннан кейін корпусты қаржыландыруды оны Совет республикасына қарсы күрес жүргізу үшін пайдалануға ұйғарған Антанта державалары өз міндеттеріне алды. Чех буржуазиялық ұлтшылдарының лидері, чехословак Ұлттық советінің президенті Т. Масарик корпусты француз армиясының бөлімі деп жариялады, сондықтан Антантаның өкілдері корпусты Францияға эвакуациялау туралы мәселе қойды. Совет үкіметі бұған Франциядағы орыс солдаттары қайтарылатын болсын деген шарт қойып, чехословактарды эвакуациялауға келісім берді. 1918 жылғы 26 марттағы келісім бойынша корпус қару-жарақты тапсырып, орыс офицерлерінен тұратын контрреволюциялық

командирлер құрамы аластатылған жағдайда, корпусқа Владивосток арқылы Россиядан жүріп кетуге мүмкіндік берілді. Бірақ корпустың контрреволюциялық командованиесі қару-жарақты тапсыру туралы Совет үкіметімен жасасқан келісімді опасыздықпен бұзып, Антанта империалистерінің айдап салуымен майдың аяқ кезінде қарулы бүлік ұйымдастырды. Америка Құрама Штаттарының, Англияның және Францияның үкіметтері бүлікті ашықтан-ашық, жан-жақты қолдап шықты; оған француз офицерлері тікелей қатысты. Ақ гвардияшылармен және кулактармен тығыз байланыса отырып қимыл жасаған ақ чехтар Уралдың, Поволжьенің, Сибирьдің едәуір бөлегін басып алып, барлық жерде буржуазия өкіметін қалпына келтірді. Чехословак бүлікшілері басып алған аудандарда меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен ақ гвардияшылар үкіметтері: Омскіде—Сибирь «үкіметі», Самарада—Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті (Комуч) және т. т. құрылды.

Бүлік басталғаннан кейін көп ұзамай, 11 июньде, Россиядағы чех-словак коммунистік топтарының Орталық атқару комитеті корпустың солдаттарына үндеу хат жазып, онда бүліктің контрреволюциялық мәнін ашып көрсетті, чех және словак жұмысшылары мен шаруаларын бүлікті жоюға және Қызыл Армияның чехословак бөлімдеріне енуге шақырды. Чех және словак соғыс тұтқындарының көпшілігі Совет өкіметіне тілектестік көзқараста болды және корпустың реакциялық жоғарғы тобының антисоветтік насихатына берілмеді. Алданғандарына көздері жеткен көптеген солдаттар корпустан кетіп, Советтік Россияға қарсы соғысудан бас тартты. 12 мыңға жуық чехтар мен словактар Қызыл Армия қатарында шайқасты.

Қызыл Армия Поволжьені 1918 жылдың күзінде азат етті. Ақ чехтар колчакшылдарды жоюмен бір мезгілде біржола талқандалды. — *448.*

154 Бұл арада азық-түлік жөніндегі халық комиссары А. Д. Цюрупа (1918 жылы 9 майда) мен А. И. Свидерскийдің (27 майда) азық-түлік органдарын қайта құру және азық-түлік ісінің жағдайы туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілістерінде жасаған баяндамалары айтылып отыр. — *449.*

155 Ашаршылыққа қарсы күрес жүргізу туралы баяндама бойынша қарардың жобасы 1918 жылғы 4 июньдегі мәжілісте большевиктік фракция ұсынған қарардың негізі етіп алынды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және кәсіптік одақтардың біріккен мәжілісі осы қарарды қабылдап, солшыл эсерлердің кедейлерді ұйымдастыруға қарсы, астыққа тұрақты баға белгілеуге және Совет өкіметінің басқа да шараларына қарсы бағытталған қарарын қабылдамай тастады. — *452.*

156 *Интернационалист-мұғалімдер одағы* 1917 жылы декабрьдің бас кезінде контрреволюциялық Бүкіл россиялық мұғалімдер одағына қарама-қарсы құрылды. Жаңа одақ Совет өкіметі жағына шыққан мұғалімдерді біріктірді. Интернационалист-мұғалімдер одағы мұғалімдердің демократиялық бөлегін топтастыруды, ал ауытқып жүргендерін Совет өкіметі жағына тартуды өзінің мақсаты етіп қойды. 6 (19) декабрьде «Правдада» жарияланған үндеу хатында одақ мұғалімдерді халықпен бірге «жаңа, социалистік мектеп құру» үшін жаңа ұйымға енуге шақырды. Мұғалімдер Интернационалист-мұғалімдер одағының төңірегіне топтасты; 1918 жылдың көктемінде оның қатарында 12 мың педагог болды; Одақ 1919 жылы августа құрылған Ағарту қызметкерлері одағының негізгі ұйтқысына айналды.

Интернационалист-мұғалімдердің Бүкіл россиялық бірінші съезі 1918 жылы 2—6 июньде Москвада болды; оған шешуші дауыспен 150-ге жуық делегат қатысты. Съезде тыңдалып талқыланған баяндамалар: Интернационалист-мұғалімдер одағының міндеттері; мектеп реформасы; халық ағарту ісін ұйымдастырудың жалпы жоспары; политехникалық білім беру; жаңа мұғалімнің ұйымдастырушылық-насихатшылық міндеттері; мұғалімдердің материалдық жағдайы; Интернационалист-мұғалімдер одағы уставының жобасы; Н. К. Крупскаяның «Мектеп және мемлекет» деген баяндамасы және басқалар. Съезде халық ағарту комиссары А. В. Луначарский бірінші болып сөз сөйлеп, совет мұғалімдерінің халық ағарту саласындағы ролін сипаттады. Қабылдаған қарарларында съезд «социализмді нығайту жолындағы күресте жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін» барынша «жігерлі түрде қолдауға» шақырды, талапкерлік пен өнімді еңбекке негізделген еңбек мектебі, политехникалық мектеп ретіндегі совет мектебінің міндеттерін белгіледі; Интернационалист-мұғалімдер одағының уставын бекітті; Халық ағарту комиссариатына Педагогикалық академия құру жөнінде ұсыныс жасады.

В. И. Ленин съездің төртінші мәжілісінде сөз сөйледі.— *454.*

157 Совет өкіметі орнатылғаннан кейінгі алғашқы күндерден бастап-ақ В. И. Ленин кітапхана ісін дұрыс жолға қою, елде кітапханалардың санын көбейту қажеттігіне назар аударады. 1917 жылы ноябрьде-ақ Ленин Россияда кітапхана ісін қайта құру жоспарын белгіледі—қараңыз: «Петроградтағы көпшілік кітапханасының міндеттері туралы» (Шығармалар толық жинағы, 35-том, 139—140-беттер). 1918 жылы 26 апрельде Халық Комиссарлары Советі Архивтер мен кітапханалардың орталық басқармасын ұйымдастыру туралы, сондай-ақ Россиядағы революциялық қозғалыстың архиві мен кітапханасын құру туралы баяндаманы тыңдап, Халық ағар-

ту комиссариатына «орталық архив басқармасын ұйымдастырудың егжей-тегжейлі жобасын, сондай-ақ әсіресе бүкіл кітапхана ісін швейцариялық-американдық жүйе бойынша қайта құрудың жобасын жасау үшін» кеңес шақыруды ұсынды.

Қаулының жарияланып отырған жобасы 1918 жылы 7 июньде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қабылданды.

Лениннің кітапхана ісін ұйымдастыруға қатысы бар хаттары, сөздері, мақалалары мен заметкалары, сондай-ақ Халық Комиссарлары Советі қаулыларының ол жазған жобалары, басқа да документтер Н. К. Крупскаяның мына кітабында жинақталған: «Лениннің кітапхана туралы жазғандары мен айтқандары». М., 1956. — *456.*

158 Жоба 1918 жылы 14 июньде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары В. И. Невскийдің баяндамасы бойынша қабылданды. 18 июньде Халық Комиссарлары Советі құрамында 9 адам бар коллегияны бекітті; олардың ішінде большевиктер — 4, интернационалист-меньшевиктер—2 және солшыл эсерлер—3 болды. — *457.*

159 Ленин бұл арада Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1918 жылы 8 июньде бекіткен «Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасының қатынас темір жолдарын басқару туралы негізгі ережелерді» айтып отыр, бұл ережелер 16 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 122-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 365—367-беттер). — *457.*

160 В. И. Лениннің Москва жұмысшыларының жиналыстарында сөйлеген *«Азық-түлік отрядтары туралы»* сөзі РКП(б) Орталық Комитетінің басылымы—күнделікті «Беднота» газетінде жарияланды. Алғашқы азық-түлік отрядтары Петроград пен Москвадан астықты губернияларға 1917 жылы ноябрьде жөнелтілді. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардан жаппай азық-түлік отрядтарын құру 1918 жылдың жазында елде ашаршылық мейлінше күшейіп тұрған кезде басталды. Азық-түлік отрядтарын Москваның, Петроградтың және басқа өнеркәсіпті орталықтардың партия, совет және кәсіптік ұйымдары құрды. 15 июньге қарай азық-түлік отрядтарында 3 мыңға жуық, ал августың аяғына қарай 17 мыңға тарта адам болды. 1918 жылы 122 отряд, ал 1919 жылы мыңнан астам отряд болды; оларда енді 30 мыңға жуық адам болды. Жұмысшы азық-түлік отрядтары халық пен Қызыл Армияға арнап азық-түлік дайындауда, кулактарға қарсы күрес жүргізуде және деревня кедойлерін топтастыруда зор роль атқарды. — *458.*

161 В. И. Ленин бұл арада Тамбов губерниясы, Усман уезі, Куликово селосында жұмыс істеген азық-түлік отрядын айтып отыр. Кедейлердің көмегіне сүйенген отряд кулактардан жасырылған қару-жарақтар мен едәуір астық қорын—4073 пұт қара бидай, 1006 пұт сұлы, 428 пұт тары, 188 пұт ұн тартып алды; тартып алынған астықтың жартысынан астамы Куликово селосының ашыққан кедейлеріне қалдырылды. Отрядтың қолдауымен бұрын кулактардан құралған селолық Совет қайта сайланды. — *464.*

162 Азық-түлік отрядтарын ұйымдастыру туралы телеграмма Пензаға Советтердің губерниялық II съезіне Пенза губерниялық Советі президиумының председателі А. Е. Минкиннің хатына жауап ретінде жіберілді. Съезд ашылған күні, 1918 жылы 24 июньде, В. И. Ленин съездің құрметті председателі етіп сайланды. — *465.*

163 *Кедейлер комитеттері* (комбедтер) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 11 июньдегі «Деревня кедейлерін ұйымдастыру және жабдықтау туралы» декреті бойынша құрылды, бұл декрет төменнен жасалатын инициатива бойынша кедейлер комитеттерін құру практикасын орнықтырды. 1918 жылы ноябрьге қарай Коммунистік партияның басшылығымен жергілікті жерлерде 105 мыңға жуық кедейлер комитеті құрылып, жұмыс істеді. Декрет бойынша, кедейлер комитеттеріне шаруа шаруашылықтарындағы азық-түлік запасының есебін алу, кулактардың запастары мен артық азық-түліктерін анықтау және осы артық азық-түліктерді күштеп алуда совет азық-түлік органдарына көмек көрсету, күштеп алынған астықты қорғау және оны мемлекеттік қую пункттеріне жеткізу, кулак шаруашылықтарының есебінен кедейлерді азық-түлікпен жабдықтау, ауыл шаруашылық құрал-саймандары мен өнеркәсіп товарларын бөлу, егін егу және егін жинау науқандарын ұйымдастыру, егінді қорғау, қапшықшыларға және астықпен жалдаптық жасаушылыққа қарсы күрес жүргізу жөніндегі міндеттер жүктелді. Алайда кедейлер комитеттерінің практикалық жұмысы деревнялардағы жұмыстың барлық жағын қамтыды. Іс жүзінде олар пролетариат диктатурасының деревнядағы тірек пункттері, органдары болды; кедейлер комитеттерінің ұйымдастырылуы деревнядағы социалистік революцияның одан әрі өрістетілуінің айғағы болды.

Кедейлер комитеттері кулактардың контрреволюциясын басып-жаншуда, кулактарды ішінара экспроприациялау арқылы олардың экономикалық қуатын әлсіретуде аса көрнекті роль атқарды. Біршама аз уақыттың ішінде кедейлер комитеттері 50 миллион гектар жерді кулактардан тартып алып, кедейлер мен орташаларға үлестіріп берді, кедейлер мен әлсіз орташалардың пайдасына кулактардан өндіріс құрал-жабдықтарының едәуір бөлегін конфискеледі. Помещик-

тік жер иелігін жоюды аяқтауда, ашыққан жұмысшы орталықтарын және Қызыл Армияны азық-түлікпен жабдықтауда кедейлер комитеттерінің сіңірген еңбегі зор. Кедейлер комитеттері коллективтік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын—артельдер мен коммуналарды ұйымдастыруға белсене қатысты, совхоздармен бірге артельдер мен коммуналар деревнядағы социалистік укладтың тұңғыш ошақтары болды; кедейлер комитеттері ұйымдастырылған кезден бастап коллективтік шаруа шаруашылықтарының саны 240-тан 1918 жылдың аягына карай, толық емес деректерге қарағанда, 1600-ге дейін көбейді. Кедейлер комитеттерінің инициативасы бойынша, деревня кедейлерінен Қызыл Армияның ерікті отрядтары мен полктары құрыла бастады. Кедейлер комитеттері жергілікті Советтерді нығайту және оларды кулак элементтерден тазарту жөнінде көп жұмыс тындырды.

Жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту үшін, орта шаруаларды Совет өкіметі жағына тарту үшін кедейлер комитеттері қызметінің орасан зор маңызы болды. Ленин кедейлер комитеттерін ұйымдастыруды және олардың қызметін тек кедейлерге ғана емес, сонымен бірге орташаларға да бейімдеп құру керек деп атап көрсетті. Кедейлер комитеттері туралы декреттің жобасы талқыланғанда ол кедейлер комитеттерінде жұмыс істеуге орташаларды да тарту керек деп көрсетті (Лениннің декретке енгізген түзетулерін мына кітаптан қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 413—416-беттер).

Социалистік революцияда тарихи роль атқарган кедейлер комитеттері 1918 жылдың күзінде өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындаған еді. Осыған байланысты, сондай-ақ «Совет Республикасының бүкіл территориясында Советтердің бірыңғай ұйымын құру арқылы советтік құрылысты аяқтау» қажеттігіне байланысты, 1918 жылы ноябрьде болған Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезі барлық болыстық және селолық Советтерді қайта сайлауды ұсынды, қайта сайлауды тікелей өткізуді кедейлер комитеттеріне жүктеді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қайта сайлау туралы 1918 жылы 4 декабрьде жарияланған нұсқауына сәйкес кедейлер комитеттері қайта сайлау науқанынан кейін барлық қаржылар мен істерді жаңа Советтерге беріп, өз қызметін тоқтатуға тиіс болды. — *466.*

164 *Москва кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің IV конференциясы* 1918 жылы 27 июньде—2 июльде болды. Конференцияға шешуші дауыспен 472 делегат және кеңесші дауыспен 71 делегат қатысты; олардың ішінде: коммунистер—341, солшыл эсерлер—34, меньшевиктер—24, оңшыл эсерлер—9, партияда жоқтар мен басқа топтардың өкілдері—64 болды. Конференцияда қаралған мәселелер: ағымдағы кезеңге байланысты азық-түлік мәселесі; жаппай әскери жаттығу және мобилизация туралы; еңбек тәртібі тура-

лы; еңбек биржасының қызметі туралы; фабрика-завод комитеттерінің уставы туралы және басқалар. Ленин осы мәселелердің ең маңыздысы—азық-түлік мәселесі жөнінде баяндама жасады. Конференция баяндама бойынша қарар қабылдап, Ленин ұсынған жоба сол қарарға негіз етіп алынды. Меньшевиктер мен эсерлердің қарсы әрекеттеріне қарамастан, конференция барлық мәселелер бойынша коммунистік фракция енгізген қарарларды қабылдады. — *469.*

165 1918 жылы май—июньде Австро-Венгрияны саяси, антимилитаристік сипаттағы ереуілдердің, демонстрациялар мен жұмысшылардың жаппай бой көрсетулерінің толқыны шарпыды. Июньнің орта кезінде нан паегінің азайтылуына байланысты Венада бұқаралық стачка басталды; Венада, Будапештте және басқа қалаларда жұмысшы депутаттары Советтері жұмыс істей бастады. Вена Советі ереуілшілердің бітім жасасу, жалақыны арттыру, жұмыс күнін қысқарту және толық нан паегін қалпына келтіру жөніндегі талаптарын үкіметтің алдына қойды. Социал-демократиялық лидерлер ереуілдің басталуына бөгет жасай алмады, бірақ Вена жұмысшы советінің ереуілді тоқтатуын талап етті.

Алғашқы жұмысшы депутаттары Советтері мен солдат депутаттары Советтері 1918 жылы январьда Венадағы, Будапешттегі және басқа кейбір қалалардағы стачкалық күрестің барысында құрылды. Бітім шартын жасасу туралы келіссөздер кезінде австро-герман блогының үкіметтері Советтік Россияға қойған басқыншылық талаптарға қарсы паразылық ретінде 14 январьда Венада саяси ереуіл басталып, ол Австро-Венгрияның өнеркәсіпті облыстарына тарады. Стачкалар Советтік Россия ұсынған шарттар негізінде дереу жалпыға бірдей бітім жасасу, соғыс уақытындағы заңдарды, цензураны жою, саяси тұтқындарға амнистия жасау, өнімдерді әділ бөлу және т. б. урандарымен өтті. Австрия социал-демократтарының оппортунистік лидерлерінің тікелей қолдауымен қозғалыс басылып-жаншылды, Советтер таратылды. — *473.*

166 В. И. Ленин 1918 жылы 30 майда Елец Совдепінің делегаттарымен кездесті. Әңгімелескеннен кейін Ленин оларға «Известия ВЦИК» газетінің редакциясына арналған хатты табыс етті, бұл хатта ол былай деп жазды: «Осыны берушілер—Елец Совдепінің мүшелері. Бұлармен жасалған интервьюді газетке басуды қатты өтінемін. Тәртіпті жолға қоюы, *мәдениетті имениелерді* және олардағы шаруашылықты есепке алуы жағынан, буржуазияны *жаныштау* жағынан үлгілі уезд» (Лениннің XXXVI жинағы, 45-бет). Конференцияда сөз сөйлердің алдында, 26 июньде, Ленин Тулаға, Елецке және Орелға ревизия жасау үшін барған сапарынан оралған ішкі істер халық комиссарының орынбасары И. Г. Правдинмен кездесті, сөйтіп онымен осы аудандарда-

ғы жағдай туралы әңгімелесті (қараңыз: Лениннің XVIII жинағы, 116 және 179-беттер). — *487*.

167 В. И. Ленин бұл арада 1917 жылы 28 ноябрьде «Vorwärts» («Алға») газетінің 326-номерінде басылған «Әшкереленген құпия шарттар» деген мақаланы айтып отыр; мақалада «Петербург пен Париж арасында алысылған құпия хабарларды жариялау арқылы Россияның большевиктік үкіметі шын мәнінде революциялық іс істеп отыр» деп мойындалды.

«Vorwärts»—күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде, партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін газет антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды. — *493*.

168 Бұл арада Богородск жұмысшы депутаттары Советінің өкілі В. А. Тихомиров айтылып отыр; ол бұл кезде Богородск кооперативтер одағының председателі еді. — *496*.

169 В. И. Ленин бұл арада 1918 жылы 28 июньде Советтік Россиядағы чехословак коммунистік топтары Орталық атқару комитетінің орталық органы—«Prükopnik Svobody» («Бостандық Пионері») газетінде жарияланган «Француз миллиондары» деген мақаланы айтып отыр, онда француз және ағылшын үкіметтері чехословак ақ гвардияшыларына 15 миллион сомға жуық ақша бергені хабарланды; дәл сол күні бұл мақала «Правда» газетінің 130-номерінде және ішінара «Известия ВЦИК» газетінің 132-номерінде көшіріліп басылды. — *497*.

170 В. И. Ленин бұл арада ұзақ уақыт сатқын «Баспа ісі жұмысшыларының одағын» басқарған меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің ықпалында болып келген баспашы-жұмысшылар топтарын айтып отыр. Бұл одақ Октябрь революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізіп, Москвада, Петроградта және басқа кейбір қалаларда ереуілдер ұйымдастырды. Барлық ірі баспаханаларда большевиктер мен солшыл интернационалистердің өз топтары болды, сөйтіп олар «Баспашылардың қызыл одағын» құрды. Бұл одақ

ұйымдастырылғаннан кейін баспашылардың сатқын одағының ықпалы әлсіреді. — *500.*

171 Герман империалистерінің Қырымды оккупациялауына байланысты Совет үкіметінің жарлығы бойынша Қара теңіз әскери-теңіз флоты 1918 жылы 29—30 апрельде Севастопольден Новороссийскіге көшірілді. Флотты көшірудің жағдайларын және оны Севастопольге қайтару мүмкіндігінің шарттарын В. И. Ленин «Қырымды оккупациялауға қарсы герман үкіметіне наразылықта» баяндайды (қараңыз: осы том, 345—346-беттер). Флотты сақтап қалуға мүмкіндік болмағандықтан және флоттың Севастопольге қайтарылуын үзілді-кесілді талап еткен неміс империалистеріне оны бергісі келмегендіктен, Ленин Жоғары әскери советке мынадай нұсқау берді: «Жоғары әскери беделді адамдар жағдайды лажсыз деп дәлелдеді, сондықтан флот дереу құртылсын» (қараңыз: «СССР-дегі азамат соғысының тарихы», 3-том, 1957, 139-бет). 18—19 июньде үкіметтің бұйрығы орындалды: кемелердің көбі Новороссийск жағалауында суға батырылды. — *501.*

172 Әңгіме Петроград Советінің 1918 жылғы июньдегі сайлауы жайында болып отыр. Меньшевиктер мен эсерлер сайлау кезінде большевиктерге қарсы өршелене күрес жүргізіп, террор жасаудан да тайынбады (сайлау күндерінде 20 июньде оңшыл эсер Коммунистік партияның белсенді қайраткері В. Володарскийді өлтірді). Сайлауда коммунистер көпшілік дауыс алды. Советтің бірінші мәжілісіне, 27 июньде, 405 большевик пен ниеттес адамдар, 75 солшыл эсер, 59 қорғампаз-меньшевик пен оңшыл эсер және 43 партияда жоқ адам қатысты. — *506.*

173 1918 жылы 28 июньде партияның Москва комитетінің нұсқауы бойынша Москваның барлық аудандарында «Азамат соғысы» деген тақырыпқа митингілер ұйымдастырылды. Зор өрлеумен өткен митингілерге көп адамның қатысуы жұмысшы бұқарасының Коммунистік партияға деген сенімі өскендігінің, оның саясатын қолдайтындығының және азамат соғысын бастаған буржуазияны қолдаған меньшевиктер мен эсерлердің контрреволюциялық партияларын айыптайтындығының айғағы болды. Митингілерде партияның көрнекті қайраткерлері, сондай-ақ Советтердің Бүкіл россиялық V съезіне Уралдан, Поволжьеден және басқа жерлерден келген делегаттар сөз сөйледі; делегаттар меньшевиктер мен эсерлердің контрреволюциялық әрекеттері туралы, кулактардың Совет өкіметіне қарсы жүргізіп отырған кескілескен күресі туралы айтып берді.

В. И. Ленин «АМО» (Симонов кіші ауданы), бұрынғы Михельсон (Замоскворечье ауданы) заводтарында, Рогожск ауданындағы Совет бағында сөз сөйледі.

Бұрынғы Михельсон заводы жұмысшылары мен қызметшілерінің төрт мың адам қатысқан митингісі Лениннің сөзін

зор ынта қоя тыңдап, өзінің қарарында Москва Советінің меньшевиктер мен эсерлерді (оңшылдар мен центрді) «Советтің құрамынан біржолата» шығару туралы 1918 жылғы 25 июньдегі қаулысын мақұлдайтындығын мәлімдеді, өйткені меньшевиктер мен эсерлер, Советтердің мүшелері бола отырып, арандатушылық әрекеттерімен Советтердің жұмысына кедергі келтірді, шетел империалистерінің көмегімен Совет өкіметін құлатуды өздерінің алдына мақсат етіп қойды. Митингіге қатысушылар «біздегі жұмысшы ісін сатып кету үшін қылмыс жасап, масқара болып, контрреволюцияның дүлей күштерінің ордасында жүрген оңшыл эсерлер мен меньшевиктерді барлық Советтер мен олардың мекемелерінен кері шақырып алу» жөнінде барлық еңбекшілерге үндеу тастады. — *508.*

174 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 361-бет. — *511.*

175 В. И. Лениннің интервьюі дәл сол күні «Folkets Dagblad Politiken» редакциясына арнаулы телеграммамен берілді, бірақ техникалық себептерге байланысты кеш алынып, 1918 жылы 4 июльде жарияланды. Осыдан кейін, 6 июльде, интервьюдің мазмұны «Leipziger Volkszeitung»-тің 155-номерінде басылды.

«Folkets Dagblad Politiken» («Күнделікті Халықтық Саяси Газет»)—швед солшыл социал-демократтарының газеті, бұлар 1917 жылы Швеция солшыл социал-демократиялық партиясын құрды; газет 1916 жылғы апрельден бастап Стокгольмде әуелі күнара, одан соң күн сайын (1917 жылғы ноябрьге дейін «Politiken» деп аталды) шығарылып тұрды. 1918—1919 жылдары газеттің редакторы Ф. Стрём болды. 1921 жылы Швеция солшыл социал-демократиялық партиясы Коминтернге кіріп, Коммунистік партия деп аталды; газет осы партияның органы болды. 1929 жылы октябрьде Швеция Коммунистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін газет оның оң қанатының қолына көшті. 1945 жылы майда газетті шығару тоқтатылды. — *521.*

176 Әңгіме анархистерді қарусыздандыру жайында болып отыр, мұны 1918 жылы 12 апрельге қараған түні Москвада Бүкіл россиялық төтенше комиссия органдары жүзеге асырды. Бұл шара мынадан туды: зорлық-зомбылық көрсетіп, халықты тонап террор жасаған жәпе анархистер басып алған жеке үйлерді паналаған көрінеу контрреволюциялық және қылмысты элементтер анархистердің әр түрлі топтарының жалауын бетке ұстады. «Қарусыздандыру кезінде,—деп атап көрсетілді 13 апрельде «Правдада» жарияланған ресми хабарда,—көптеген қару-жарақтар: бомбалар, қол гранаттары, бірнеше ондаған пулеметтер мен бомбометтер, толып жат-

қан винтовкалар, револьверлер және патрондар тартып алынды». Тінту кезінде тонап алынған көптеген алтын және асыл бұйымдар табылды. Петроградтың қару-жарақты тапсыру туралы талапты орындамаған анархистері 1918 жылы 23 апрельде қарусыздандырылды.

«Анархия»—қоғамдық-әдеби анархистік газет; 1917 жылғы сентябрьден 1918 жылғы июльге дейін Москвада шығып тұрды; 1917 жылғы октябрьден бастап анархистік топтардың Москва федерациясының органы болды; бастапқыда аптасына бір рет, 1918 жылдың мартынан бастап күн сайын шығып тұрды; Бүкіл россиялық төтенше комиссияның қаулысы бойынша 13 апрельде жабылды; 21 апрельде қайта шығарыла бастады. — *522.*

177 1918 жылы 2 июльде Москвада Қызыл Армияға мобилизацияланғандардың митингілері болды. Бұрынғы Алексеев әскери училищесінің манежінде өткен митингіге бір жарым мыңға жуық мобилизацияланғандар мен өз еркімен майданға баратын қызыл әскерлер жиналды. В. И. Ленин мен басқа да шешендер сөз сөйлегеннен кейін концерт болды. Митинг зор өрлеу үстінде өтті.

Дәл сол күні Ленин Саламонский циркіндегі митингіге келді, бірақ митингінің кешігіп ашылуына байланысты сөз сөйлеген жоқ.— *524.*

178 Советтердің Бүкіл россиялық V съезі коммунистер фракциясының съезд ашылғанға дейінгі мәжілістері 1918 жылы 1—3 июльде болды; ол мәжілістерге съезге келген 500-ге жуық коммунист делегат қатысты. Бірінші мәжілісті Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі Я. М. Свердлов ашты. Съездің міндеттеріне қысқаша тоқтала келіп, ол РСФСР Конституциясының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс туралы хабарлады. В. И. Ленин 3 июльде Республиканың ішкі және сыртқы жағдайы туралы сөз сөйледі. Оның сөзінен кейін партияның Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің саясатын мақұлдаған қарар бірауыздан қабылданды. Фракция жергілікті жерлердің баяндамаларын тыңдады, съездің күн тәртібін талқылап, мақұлдады. — *526.*

179 *Келісу елдерінің империалистері* немесе *Антанта*—империалистік державалардың (Англия, Франция және Россия) блогы, XX ғасырдың басында пайда болды; Үш жақты одақ (Германия, Австро-Венгрия, Италия) империалистеріне қарсы бағытталды. 1904 жылы жасалған ағылшын-француз келісіміне «Entente cordiale»-ге («Шын пейілді келісу») сәйкес аталды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) Антантаға Америка Құрама Штаттары, Жапония және басқа елдер қосылды. Ұлы Октябрь социалистік

революциясынан кейін бұл блоктың басты қатысушылары—Англия, Франция, Америка Құрама Штаттары мен Жапония—Совет еліне қарсы соғыс интервенциясына дем берушілер, оны ұйымдастырушылар және оған қатысушылар болды. — *526.*

180 *Советтердің Бүкіл россиялық V съезі* 1918 жылы 4 июльде Москвада Үлкен театрда ашылды. Съезге шешуші дауыспен 1164 делегат қатысты, олардың ішінде: большевиктер—773, солшыл эсерлер—353, максималистер (солшыл эсерлердің бір түрі)—17, анархистер—4, интернационалист-меньшевиктер—4, басқа партиялардың мүшелері—3, партияда жоқтар—10. Делегаттардың ішінде Украинаның, Латвияның, Закавказьенің оккупацияланған аудандарының өкілдері болды, олар құттықтау сөздер айтып, осы аудандардағы жағдай туралы хабарлады. Съезді Британ социалистік партиясының өкілі И. И. Файнберг құттықтады, ол осы партия конференциясының Россиядағы социалистік революцияны қолдау туралы қарарын оқыды; съезд сондай-ақ Германия мен Норвегияның еңбекшілерінен, әр түрлі елдерде жүрген россиялық соғыс тұтқындарынан құттықтаулар алды.

Съезд Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы ұсынған мынадай күн тәртібін бекітті: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің есептері; азық-түлік мәселесі; социалистік Қызыл Армияны ұйымдастыру; Россия Советтік республикасының конституциясы; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетін сайлау. Съезд солшыл эсерлердің күн тәртібіне жергілікті жерлердің баяндамаларын қосымша енгізу туралы және опасыздық үшін өлім жазасын енгізу жайындағы Совет үкіметінің шешімін талқылау туралы талабын қабылдамай тастады.

Күн тәртібін бекіткеннен кейін съезд Украинамен шекарадағы аймақта болған оқиғалар туралы, Германиямен бітім шартын бұзып, елді соғысқа киліктіру үшін онда орналасқан әскери бөлімдерді немістермен қақтығыс жасауға арандатқан меньшевиктер мен эсерлердің сатқындық үгіті туралы кезектен тыс мәселе қарады. Солшыл эсерлер осы мәселе жөнінде түсініктеме бергенде демагогтыққа салынып, оккупацияланған аудандардың еңбекшілеріне Коммунистік партия көмектескісі келмей отыр деп айыптады, сөйтіп коммунистік фракция енгізген қарарды талқылаудан бас тартты және мәжілістен қыр көрсетіп кетіп қалды. Съезд «соғыс және бітім туралы мәселелерді тек Советтердің Бүкіл россиялық съезі» және Совет өкіметінің орталық органдары—Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі ғана «шешеді» деп бірауыздан қаулы алды, сөйтіп Совет үкіметіне арандатушылардың әрекеттеріне батыл тойтарыс беруді ұсынды.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қызметі

туралы Я. М. Свердлов есепті баяндама жасады; Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы В. И. Ленин баяндама жасады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің есептері жөнінде болған қызу жарыс сөздерден кейін съезд көпшілік дауыспен коммунистік фракция ұсынған қарарды қабылдады, онда «Совет үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты толық мақұлданды». Совет үкіметіне сенімсіздік көрсетуді, Брест бітім шартын бұзуды, Совет өкіметінің ішкі және сыртқы саясатын өзгертуді ұсынған солшыл эсерлердің қарары қабылданбады.

Съезде жеңіліске ұшыраған солшыл эсерлер 6 июльде Москвада контрреволюциялық бүлік шығарып, ашық қарулы қимыл жасауға шықты. Осыған байланысты съезд өз жұмысында үзіліс жасап, 9 июльде жұмысын қайта бастады. Үкіметтің 6—7 июльде болған оқиғалар туралы хабарын тыңдаған соң съезд солшыл эсерлердің қылмысты авантюрасын жою жөніндегі үкіметтің батыл әрекеттерін толық мақұлдады және өздерінің басшы жоғарғы тобының көзқарастарын қостайтын солшыл эсерлерге «Жұмысшы және Шаруа Депутаттары Советтерінде орын болмауға тиіс» деп атап көрсетті.

Азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаның азық-түлік мәселесі туралы баяндамасы бойынша қабылданған қарарда съезд астық монополиясының мызғымайтындығын дәлелдеді, кулактардың қарсылығын үзілді-кесілді басып-жаншу қажеттігін көрсетті және кедейлер комитеттерін ұйымдастыруды мақұлдады.

Қорытынды мәжілісте, 10 июльде, съезд Қызыл Армияны ұйымдастыру туралы баяндаманы тыңдап, коммунистік фракция ұсынған қарарды бірауыздан бекітті, бұл қарарда еңбекшілердің міндетті әскери міндеткерлігі негізінде Қызыл Армияны ұйымдастыру және нығайту жөніндегі аса маңызды шаралар белгіленді.

Съезд өз жұмысын аса зор тарихи маңызы бар актімен аяқтады: Совет елі еңбекшілерінің жеңістерін заң жүзінде баянды еткен РСФСР-дің бірінші Конституциясын қабылдады. — *529.*

181 *«Әлгі шешен»*—солшыл эсерлер лидерлерінің бірі М. А. Спиридонова; ол съезде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті шаруа секциясының қызметі туралы қосымша баяндама жасады, оның бұл баяндамасында Совет өкіметі мен Коммунистік партияның саясатына қарсы бірқатар контрреволюциялық пікірлер айтылды. — *531.*

182 *«Голос Трудового Крестьянства»* («Еңбекші Шаруалар Үні»)—күнделікті газет; 1917 жылғы ноябрьдің аяқ кезінен бастап 2-сайланған шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советі Атқару Комитетінің органы ретінде Петроградта шығып тұрды (9 (22) декабрьге дейін «Известия Всероссийско-

го Крестьянского Съезда» деп аталды); 1918 жылғы 20 январьдап (2 февральдан) бастап — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті шаруа секциясының органы. 1918 жылғы 10 июльге дейін газетке басшылық ету солшыл эсерлердің қолында болды. 1918 жылғы 6 ноябрьден бастап газет Егіншілік халық комиссариатының органы болды; 1919 жылғы 31 майға дейін шығып тұрды. — *536.*

183 Әңгіме Советтердің Бүкіл россиялық V съезінің бекітуіне ұсынылған Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы Конституциясының (Негізгі заңы) жобасы жайында болып отыр.

РСФСР Конституциясының жобасын әзірлеу туралы шешім 1918 жылы январьда Советтердің Бүкіл россиялық III съезінде қабылданды. Бірақ жобапы әзірлеу жөніндегі жұмысты тікелей бастауға Совет үкіметі тек бейбіт тыныс алуға қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкіндік алды. Бірінші Советтік Конституцияның текстін талдап жасауда В. И. Ленин шешуші роль атқарды.

Жобаны әзірлеуді Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1918 жылы 1 апрельде құрған Конституциялық комиссия жүргізді, комиссияға Я. М. Свердлов председательдік етті.

14 июньде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Я. М. Свердловтың ұсынысы бойынша Советтердің Бүкіл россиялық кезекті V съезінің күн тәртібіне Советтік Конституция туралы мәселе енгізілді. Конституцияның жобасын Советтердің V съезіне ұсыну үшін оны түпкілікті талдап жасау РКП(б) Орталық Комитетінің Ленин бастаған арнаулы комиссиясына жүктелді. 3 июльде Орталық Комитеттің комиссиясы Лениннің председательдік етуімен Советтік Конституцияның екі жобасын—Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Конституциялық комиссиясы әзірлеген жобаны және Юстиция халық комиссариаты ұсынған жобаны қарады. РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті комиссиясының жобасын Конституцияның негізі етіп алып, оған Юстиция халық комиссариаты ұсынған жобадан кейбір қағидаларды енгізді. Сонымен бірге Лениннің ұсынысы бойынша РСФСР Конституциясының текстіне оның кіріспе бөлімі есебінде «Еңбекші және қаналған халық праволарының декларациясы» енгізілді, Совет Республикасындағы ұлттар мен нәсілдердің тең праволылығы туралы статья қосылды, РСФСР территориясында тұратын шетелдіктердің еңбекпен шұғылдануы үшін саяси праволары туралы (олардың праволарын белгілейтін «РСФСР Конституциясының екінші бөлімі 20-пунктінің нобайын» Ленин жазған, осы томның 563-бетін қараңыз), саяси және діни сенімдері үшін қуғынға ұшыраған барлық шетелдіктерге баспана правосын беру туралы (Лениннің түзетулерін мына кітаптан қараңыз: «Совет окі-

метінің декреттері», 2-том, 1959, 546—549-беттер) статьялар тұжырымдалды. РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы сонымен бірге принциптік сипаты бар бірқатар толықтырулар мен түзетулер де енгізді. РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы Конституцияның негізі етіп қабылдаған жоба Советтердің V съезінің бекітуіне ұсынылды.

Съезд жұмысының бірінші күні-ақ Свердловтың ұсынысы бойынша Конституцияның съезге ұсынылған жобасын қарау және ол туралы съезде баяндама жасау үшін фракциялардың өкілдерінен комиссия құрылды. Съездің комиссиясы Конституция жобасына редакциялық сипатта кейбір өзгерістер енгізді, бюджеттік праволар туралы бөлімді бірнеше статьямен толықтырды және жобаға РСФСР-дің гербі мен жалауы туралы жаңа бөлім қосты. 10 июльдегі соңғы мәжілісте съезд комиссияның Конституция жобасы туралы баяндамасын тыңдады, осыдан кейін РСФСР Конституциясын бірауыздан бекітті, оның текстін түпкілікті редакциялауды Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жаңа құрамына жүктеді.

1918 жылы 19 июльде Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасының Конституциясы Негізгі заң ретінде жарияланды және жарияланған күннен бастап күшіне енді. — *540.*

184 Бұл арада Халық Комиссарлары Советі жанындағы Бүкіл россиялық төтенше комиссия айтылып отыр; оның председателі Ф. Э. Дзержинский болатын.

Бүкіл россиялық төтенше комиссия (ВЧК) 1917 жылы 7 (20) декабрьде Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша «контрреволюцияға, саботажға және жалдаптыққа қарсы аяусыз күрес жүргізу» үшін құрылды. Пролетариат диктатурасының аса маңызды органдарының бірі болған Бүкіл россиялық төтенше комиссия контрреволюцияның бүлдіру әрекетіне қарсы күрес жүргізуде және Совет республикасының мемлекеттік қауіпсіздігін қорғауда орасан зор роль атқарды. Бұл комиссияның қызметіне баға бере келіп, В. И. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық IX съезіндегі баяндамасында 1921 жылы декабрьде былай деп атап көрсетті: «есепсіз көп заговорларға, Совет өкіметіне есепсіз көп оқталуларға қарсы бұл мекеме біздің жауды жайратушы құралымыз болды» (Шығармалар, 33-том, 169-бет). Советтердің IX съезі «Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қарарда» Бүкіл россиялық төтенше комиссия органдарының Октябрь революциясының жеңістерін қорғау жөнінде атқарған қаһармандық жұмысын атап көрсете келіп, Совет өкіметінің нығайғандығын ескере отырып, комиссия қызметінің шеңберін тарылта түсуді ұсынды. Бұл қарарда Лениннің ұсыныстары айқын бейнеленді, бұл ұсыныстар РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қаулысының 1921 жылы 1 декабрь-

де Ленин жазған жобасында бар (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 369-бет). 1922 жылы 6 февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Бүкіл россиялық төтенше комиссияны тарату туралы декрет қабылдады.—*544.*

185 Совет мемлекеті өзі өмір сүрген алғашқы айларда-ақ шаруалардың коллективтік шаруашылықтарын материалдық құралдармен және ақша қаражатымен жабдықтауда оларға елеулі көмек көрсетті. Егіншілік халық комиссариаты ағымдағы жер саясаты бөлімінің сметасы бойынша 1918 жылдың екінші жартысына процентсіз қарыз түрінде егіншілік коммуналары мен артельдер ұйымдастыру жөніндегі шараларға 15 миллион сом қаржы бөлінді. Мұның үстіне, 1918 жылы июльде үкімет Егіншілік халық комиссариатына дәл сол мақсат үшін тағы да 10 миллион сом босатты. 1918 жылғы 2 ноябрьдегі декрет бойынша «ауыл шаруашылығын жақсарту және дамыту, оны социалистік негізде тезірек қайта құру мақсатымен» ауыл шаруашылық еңбек серіктіктері мен коммуналарына ақшалай және техникалық көмек көрсететін миллиардтық қор құрылды. Осы декреттің негізінде коммуналар мен артельдерге берілген нақты сома миллиард сомнан едәуір асып кетті.

Күрделі ауыл шаруашылық машиналарын, күш-көлік пен құрал-саймандарды, тұқым қорын бөлу кезінде коллективтік шаруашылықтар үлкен артықшылықтармен пайдаланды. Елде құрылған ауыл шаруашылық құралдарының мемлекеттік прокат пункттері, жөндеу шеберханалары бірінші кезекте совхоздармен бірге коллективтік шаруашылықтарға да қызмет көрсетті. — *554.*

186 *Интернационалдық байланыстар комитеті*—«Халықаралық байланыстарды қалпына келтіру жөніндегі комитет»; француз интернационалистері 1916 жылы январьда құрды. Комитеттің құрылуы социал-шовинистік ұйымдарға қарама-қарсы Францияда социалистердің революциялық-интернационалистік ұйымын құрудың алғашқы әрекеті болды. В. И. Ленин «Халықаралық байланыстарды қалпына келтіру жөніндегі комитетті» интернационалистік элементтерді топтастыру үшін пайдалану қажет деп санады; Лениннің нұсқауы бойынша Комитеттің жұмысына И. Ф. Арманд қатысты.

Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясының және француз жұмысшы қозғалысының күшеюінің ықпалымен Комитет революциялық-интернационалистік элементтердің орталығына айналды. 1920 жылы ол Франция Коммунистік партиясына енді.

Ленин сөз етіп отырған үндеу хат 1918 жылы 29 июньде «Правданың» 131-номерінде басылды. — *555.*

187 В. И. Ленин бұл арада максималист-эсерлер фракциясының өкілі Светловтың сөйлеген сөзін айтып отыр.—*557.*

188 В. И. Ленин бұл арада 1918 жылы 28 июньде бекітілген тарихи декретті—«Халық Комиссарлары Советінің ірі өнеркәсіпті национализациялау туралы декретін» айтып отыр (декрет 1918 жылы 30 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 134-номерінде жарияланды). «Осыдан көп бұрын белгіленген жоспарға сәйкес,— деп жазды Ленин бұл декрет туралы,— ұзақ уақыт жүргізілген әзірлік жұмысынан кейін, ақырында, 28 июньде декрет бекітілді, оның жарыққа шығуын Россияның халық бұқарасы асыға күткен еді» (Лениннің XXXV жинағы, 27-бет). Бұл декрет арқылы барлық ірі өнеркәсіп орындары национализацияланды. Коммунистік партияның ұйымдастырушылық жұмысы және жұмысшы бұқарасының белсенділігі арқасында, орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, национализациялау қысқа мерзім ішінде өткізілді. 1918 жылғы 31 августқа дейін национализацияланған кәсіпорындардың саны 3 мыңнан асқан еді.

Осы декрет арқылы жеке меншіктегі темір жолдардың бәрін, сондай-ақ коммуналдық кәсіпорындарды да (сумен жабдықтау, газ заводтары, қала транспорты және басқалар) национализацияланып, жергілікті Советтердің қарауына берілді. — *559.*

189 *Солшыл эсерлердің Москвадағы контрреволюциялық бүлігі* (6—7 июль, 1918 жыл) солшыл эсерлер Орталық Комитетінің 24 июньдегі шешімі бойынша ұйымдастырылды. Бүлік ішкі контрреволюция мен Антанта империалистерінің Советтік Россияға қарсы жалпы қимылының бір бөлегі еді; бүлікшілерді шетелдік дипломатиялық миссиялар жасырын қолдады.

Бүлік Советтердің Бүкіл россиялық V съезі жұмыс істеп жатқан күндерде басталды. Солшыл эсерлердің антисоветтік әрекеті делегаттардың басым көпшілігі тарапынан қолдау таппады. Съезде жеңіліске ұшырағаннан кейін солшыл эсерлер Брест бітім шартын жүзеге асыртпау және Совет елін Германиямен соғысқа кіліктіру мақсатымен 6 июльде Москвада герман елшісі граф Мирбахты өлтірді. Осыдан кейін іле қарулы бүлік басталды. Оның негізгі күші Бүкіл россиялық төтенше комиссияның қызметкері солшыл эсер Д. И. Поповтың қоластындағы отряд болды. Бүлікшілердің жалпы саны 1800-ге жуықтады. Бүлікшілер зеңбіректен Кремльге оқ атты, телефон станциясы мен телеграфты басып алды. Онда 2 сағаттай болған олар солшыл эсерлер Орталық Комитетінің атынан: өкімет билігі солшыл эсерлердің қолында, олардың қимылын бүкіл халық қостап отыр деп бірнеше арандатушылық үндеу хаттар, бюллетеньдер мен телеграммалар таратты.

Советтердің V съезі үкіметке бүлікті дереу басып-жаншу жөнінде нұсқау берді. Съездегі солшыл эсерлер фракциясы қамауға алынды. Совет үкіметі қолданған батыл шаралардың арқасында және Москва жұмысшылары мен гарнизоны-

ның ынтымақты қимылдары нәтижесінде бүлік бір тәулік ішінде, 7 июльде күндізгі сағат 2-ге дейін басып тасталды.

Солшыл эсерлер Петроградта, Вологдада және басқа қалаларда да бүлік шығаруға тырысты. Солшыл эсерлер Орталық Комитетінің солшыл эсерлер Москвада өкіметті қолға алды-мыс деген телеграммасын алғаннан кейін, Шығыс майданның қолбасшысы солшыл эсер М. А. Муравьев немістерге қарсы соғысу керек дегенді сылтауратып бұйрық беріп, Симбирскіні (қазіргі Ульяновск) басып алуға, сөйтіп бүлікшілерді қолдау үшін әскерді Москваға қарай бағыттауға әрекет жасады. Басқа бүліктер сияқты, Муравьевтің авантюрасы да тез басып тасталды.

Бүлік талқандалғаннан кейін қайтадан бас қосқан Советтердің Бүкіл россиялық V съезі өздерінің басшы орнының авантюристік бағытын қолдаған солшыл эсерлерді Советтердің құрамынан шығару жөнінде шешім қабылдады. Съездің атына елдің барлық түкпірлерінен көптеген телеграммалар түсті, оларда жұмысшылар мен шаруалар бүлікшілердің талқандалуын мақұлдай отырып, Совет өкіметін қолға қару алып қорғауға әзір екендіктерін білдірді. — *561.*

190 Жарияланып отырған документ 1918 жылы 10 июльде Советтердің Бүкіл россиялық V съезінде қабылданған РСФСР Конституциясы екінші бөлімінің 20-пунктінің негізі етіп алынған. — *563.*

191 Бесінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1918 жылы 15 июльдегі өзінің бірінші мәжілісінде В. И. Лениннің сойлеген сөзі мен мәлімдемесін тыңдап, бірауыздан мынадай қарар қабылдады: «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Халық Комиссарлары Советі Председателінің мәлімдемесін түгелдей мақұлдайды және оны ең қалың еңбекші бұқараның назарына жеткізуге қаулы етеді». Үкімет мәлімдемесі «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 15 июльдегі мәжілісінде мақұлданған Ленин жолдастың жұмысшыларға, шаруаларға және Қызыл Армия солдаттарына үндеуі» деген атпен 17 июльде «Известия ВЦИК» газетінің 149-номерінде жарияланды.

Бұрынғы басылуларында документ «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде 1918 ж. 15 июльде жасалған мәлімдеме» деген атпен басылды. — *566.*

192 1918 жылы 19 июльде Москваның барлық аудандарында РКП(б) Москва комитеті жұма сайын ұйымдастыратын кезекті митингілер зор табыспен өтті. В. И. Ленин халықаралық және ішкі жағдай туралы сөз сөйлеген Лефортово ауданындағы митингіге 2000-ға жуық адам жиналды.— *571.*

193 *Фабрика-завод комитеттері мен кәсіптік одақтардың Москва губерниялық конференциясы* 1918 жылы 22—23 июльде болды. Оған 500 делегат қатысты, бұлардың басым көпшілігі

коммунистер немесе оларға ниеттестер еді. В. И. Ленин ағымдағы кезең туралы сөз сөйлегеннен кейін коммунистер қарар ұсынды, ол бұрын Лениннің баяндамасы бойынша 1918 жылы 27 июньде — 2 июльде өткен Москва кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің IV конференциясында қабылданған болатын. Болмашы түзетулер енгізілген қарар басым көпшілік дауыспен қабылданды. — *573.*

194 *«Жұмысшы Дредноуты»* («Workers Dreadnought») — 1914 жылғы марттан 1924 жылғы июньге дейін Лондонда шығып тұрды; 1917 жылғы июльге дейін «Woman's Dreadnought» деген атпен шығарылды. 1918—1919 жылдары Англия Жұмысшы социалистік федерациясының органы болды; 1920—1921 жылдары—Англия Коммунистік партиясының органы.— *574.*

195 1918 жылы 26 июльде Москваның барлық аудандарында «Советтік Конституция еңбекші халыққа не береді» деген тақырыпта митингілер өткізілді. Оларда Советтердің Бүкіл россиялық V съезінде 1918 жылы 10 июльде қабылданған РСФСР Конституциясының мәні мен оның маңызын түсіндіріп, партияның көрнекті қайраткерлері соз сойледі.

В. И. Ленин Әйелдер оқитын жогары курстың 1000-нан астам адам сыятын лық толы аудиториясында соз сойледі.— *578.*

196 В. И. Ленин 1918 жылы 26 июльде кеште Ходынкадағы Атжарыс қоғамының үлкен залында болған митингіде соз сөйледі. Залға жұмысшылар мен қызыл әскерлер лық толды. Запастағы 1-артиллерия бригадасының атынан бір қызыл әскер сөз сөйлеп, ол Ленинді құттықтау арқылы біз Халық Комиссарлары Советін құттықтаймыз, Халық Комиссарлары Советі шақырган бойда бригада жұмысшы-шаруа өкіметін қорғауға шығады деп мәлімдеді. Ленин соз сойлегеннен кейін ұсынылған қарар бірауыздан қабылданды, тек бір адам қалыс қалды.

Қорытындысында баяндамашы Знаменский жиналған жұртты Лениннің өмірбаянымен қысқаша таныстырып өтті.— *579.*

197 1918 жылы 13 мартта Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі коммунистік фракциясының мәжілісі болды, онда В. И. Ленин соғыс және бітім туралы сөз сөйледі. Бұл сөздің хатшы жазып алған нұсқасы толық емес және шала-шарпы; бұл жазба Ленин Шығармаларының бұдан бұрынғы басылуларына енгізілмеген еді, бұл басылуына да енгізілмей отыр (сөздің жазбасын Лениннің XI жинағының 68—70-беттерінен қараңыз).— *583.*

198 В. И. Ленин 1918 жылы 13 мартта Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі коммунистік фракциясының мәжілі-

сінде Брест бітім шартын бекіту туралы қарарды дауысқа салудың қорытындысын келтіріп отыр. Бітім шартын бекітуді жақтап 453 делегат дауыс берді, 36 делегат қарсы болды, 8 делегат қалыс қалды.— *585.*

199 Бұл заметкаларды В. И. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі электротехникалық бөлімі мен Халық шаруашылығы жоғары советі шаруашылық саясаты бөлімінің (комитетінің) бірлескен мәжілісінде жазды, мәжілісте екі бөлімнің басшылары — П. Г. Смидович пен Ю. Ларин — Петроград және Орталық өнеркәсіпті аудандарын электрлендіру жөнінде Халық шаруашылығы жоғары советі белгілеген шаралар туралы хабарлама жасады. Атап айтқанда, кеңесте Волхов өзенінде қуаты 60 000 ат күшіне тең, жобасын Г. О. Графтио жасап, Ленин мақұлдаған электр станциясын салу жөніндегі әзірлік жұмыстарын қайта бастау туралы, қуаты 1 000 000 ат күшіне тең электр станциясын салу көзделген Кіші Иматра сарқырамаларын пайдаланудың жобасы туралы сөз болды.— *587.*

200 В. Г. Глушков 1918 жылдан бастап Ғылым академиясының Табиғи өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі комиссиясының (КЕПС) «ақ көмір» бөлімін басқарды. 1918 жылғы майдан бастап Россияны электрлендіру жөніндегі бюроны, ал одан кейін Солтүстік ауданды электрлендіру жөніндегі бюроны басқарды.— *587.*

201 Брест бітім шарты бойынша сланецке бай жер Эстонияның үлесіне тиді.— *587.*

202 Бұл арада «1886 жылғы қоғам» (МОГЭС) және «Электропередача» (қазір советтің көрнекті энергетик-инженері, осы станцияны салушы Р. Э. Классонның атындағы станция) электр станциялары айтылып отыр. — *587.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Декрет ВЦИК о национализации банков. [14 (27) декабря 1917 г.].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 252, 15 декабря, стр. 1. — *197.*

Декрет о реорганизации Комиссариата продовольствия и местных продовольственных органов, принятый ВЦИК р., с., к. и кр. д. в заседании 27-го мая 1918 года.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 109 (373), 31 мая, стр. 4—5, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *438.*

Декрет о трибуналах печати—қараңыз: Постановление СНК о революционном трибунале печати.

Декрет об аннулировании государственных займов, [принятый в заседании ЦИК 21 января (3 февраля) 1918 г.].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 20 (284), 26 января, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *133.*

Декрет об организации и снабжении деревенской бедноты, принятый Всеросс. Центр. Исполнит. Комитетом Советов рабоч., солд., крест. и каз. депутатов в заседании от 11-го июня 1918 г.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 119 (383), 12 июня, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *549—552.*

Декрет [СНК] о национализации торгового флота. [23 января (5 февраля) 1918 г.].—«Газета Рабочего и Крестьянского Правительства», Пг., 1918, № 18 (63), 26 января (8 февраля), стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *226.*

Декрет СНК о потребительских кооперативах. [29 марта (11 апреля) 1918 г.].—«Правда», М., 1918, № 71, 13 апреля (31 марта), стр. 1, в отд.: Действия и распоряжения ВЦИК, СНК и С. р. и к. деп.— *201.*

Декрет СНК о прекращении платежей по купонам и дивиденда. [23 декабря 1917 г. (5 января 1918 г.)].—«Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства», Пг., 1917, № 43, 29 декабря (11 января), стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *241.*

Декрет [СНК о сокращении численности армии. 10 (23) ноября 1917 г.].—«Правда». Вечерний вып., Пг., 1917, № 8, 23 (10) ноября, стр. 1.— *14, 112.*

Декрет [СНК] о централизации управления, охране дорог и повышении их провозоспособности. [23 марта 1918 г.].—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 59 (323), 28 марта, стр. 2, в отд.: Действия правительства. — *214, 286—288, 292—293, 294, 295—297, 302, 336—337, 591, 592.*

Декрет Совета Народных Комиссаров [о национализации крупнейших предприятий горной, металлургической и металлообрабатывающей, текстильной, электротехнической, лесопильной и др. отраслей промышленности. 28 июня 1918 г.].— «Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 134 (398), 30 июня, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *559.*

«Дело Народа», Пг. — Самара — М. — *36, 108, 217, 261, 513—515.*

Демьян Бедный. Либердан. — *135, 333—334.*

Договор между Российской и Финляндской социалистическими республиками. —«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 45 (309), 10 марта, стр. 3. — *114, 370.*

Донская область о текущем моменте. (Резолюция съезда Советов Донской республики). [12 апреля 1918 г.].—«Правда», М., 1918, № 73, 16 (3) апреля, стр. 4. Под общ. загл.: К моменту. — *240.*

«Жизнь», М., 1918, № 26, 26 (13) мая, стр. 2. — *434—435, 439—440, 599.*

Заседание Всеросс. Центр. Исп. Комит. [29 апреля 1918 г.].— «Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 87 (351). 1 мая, стр. 5.— *290, 291—292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 324—325, 331—333.*

Заседание Всеросс. Центр. Исп. Комитета (9-го мая). —«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 91 (355), 10 мая, стр. 4—5. — *449—450.*

Заседание Всеросс. Центр. Исп. Комитета (27-го мая).— «Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 106 (370), 28 мая, стр. 5. В газ. ошибочно указано: 22-го мая. — *449—450.*

Заседание [Четвертого Чрезвычайного Всероссийского] съезда [Советов] 15 марта 1918 г.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 49 (313), 16 марта, стр. 3—4. Под общ. загл.: 4-й Всероссийский Чрезвычайный съезд Советов рабочих, солдатских, крестьянских и казачьих депутатов. — *121, 122, 123—124, 125—126, 128, 129—131.*

Заявление в ЦК.—«Социал-Демократ», М., 1918, № 35, 28 (15) февраля, стр. 4, в отд.: Партийная жизнь. Подпись: члены ЦК РСДРП Г. И. Оппоков-Ломов, Н. И. Бухарин, А. Бубнов и др. — *31—32.*

Заявление о солидарности с большевиками во второй Вюртембергской палате.—«Правда», М., 1918, № 124, 21 (8) июня, стр. 1; № 127, 25 (12) июня, стр. 1. Подпись: Глашатай в борьбе. — *495—497.*

«Знамя Труда», Пг. — М. — *332.*

— М., 1918, № 188, 25 (12) апреля, стр. 1. — *265—266, 332.*

Золя, Э. Радость жизни (La joie de vivre). — *514.*

«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг., 1917, № 88, 19 августа, стр. 3—4. — *553.*

«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 46 (310), 12 марта, стр. 1. — *375.*

— 1918, № 49 (313), 16 марта, стр. 3—4. — *99, 121, 123—124, 125—126, 128, 129—131.*

— 1918, № 59 (323), 28 марта, стр. 2. — *214, 287—288, 292—293, 295, 296—297, 302, 336—337, 591, 592.*

— 1918, № 85 (349), 28 апреля. Приложение к № 85 «Известий ЦИК С. Кр., Р., С. и Каз. Депутатов», стр. 1—2. — *259, 290—291, 588—597.*

— 1918, № 87 (351), 1 мая, стр. 5. — *290, 291, 292—293, 294, 295, 296, 297, 298, 325, 331—333.*

— 1918, № 91 (355), 10 мая, стр. 4—5. — *449—450.*

— 1918, № 94 (358), 14 мая, стр. 3. — *438, 445.*

— 1918, № 98 (362), 18 мая, стр. 4—5. — *378.*

— 1918, № 106 (370), 28 мая, стр. 5. — *449—450.*

— 1918, № 109 (373), 31 мая, стр. 2, 4—5. — *438, 443—444.*

— 1918, № 113 (377), 5 июня, стр. 5. — *447—451, 452, 490—491.*

— 1918, № 119 (383), 12 июня, стр. 3. — *549—552.*

«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов». — 561.

— 1918, № 132 (396), 28 июня, стр. 3. — *497.*

— 1918, № 134 (398), 30 июня, стр. 3. — *559.*

— 1918, № 138 (402), 5 июля, стр. 3. — *540.*

— 1918, № 147 (411), 14 июля, стр. 4. — *567.*

— 1918, № 151 (415), 19 июля, стр. 3. — *578, 579.*

«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 40 (304), 5 марта, стр. 1. — *30.*

— 1918, № 45 (309), 10 марта, стр. 3. — *114, 370.*

«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 15, 15 марта, стр. 1. — *125.*

— 1917, № 90, 13 июня, стр. 7. — *574.*

«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1. — *15, 133, 533, 574.*

— 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *8—9, 61, 553.*

— 1917, № 227, 16 ноября, стр. 6. — *8—9, 188, 200, 206.*

— 1917, № 252, 15 декабря, стр. 1. — *196—197.*

«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 14 (278), 19 января, стр. 5. — *578.*

— 1918, № 20 (284), 26 января, стр. 2. — *133.*

— 1918, № 25 (289), 14 (1) февраля, стр. 5. — *227.*

— 1918, № 28 (292), 19 (6) февраля, стр. 3. — *8—9, 61, 77—78, 147, 159—161, 188.*

— 1918, № 33 (297), 24 (11) февраля, стр. 3. — *132.*

К народам всего мира.—«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 15, 15 марта,

стр. 1. Подпись: Петроградский Совет рабочих и солдатских депутатов. — *125.*

«Коммунист», Женева, 1915, № 1—2. 196 стр. — *135.*

«Коммунист», М. — *265, 266, 271, 273, 280, 311, 312.*

— 1918, № 1, 20 апреля. 20 стр. — *266—267, 268, 271, 276—277, 280—281, 284, 292—293, 307, 322—323, 326, 327, 333—336, 337, 338, 339.*

— 1918, № 2, 27 апреля, 24 стр. — *292—293.*

«Коммунист», Пг. — *21, 23, 24, 265.*

— 1918, № 5, 9 марта, стр. 3. — *56.*

— 1918, № 8, 14 марта, стр. 2—3. — *20.*

Конституция (Основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики. Постановление 5-го Всероссийского съезда Советов, принятое в заседании 10 июля 1918 г.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 151 (415), 19 июля, стр. 3. — *578, 579.*

[*Крыленко, Н. В. Почему я еду в Питер.* Воззвание].—«Правда», Пг., 1917, № 72, 16 (3) июня, стр. 1, в ст.: Ленин, В. И. Большевизм и «разложение» армии. — *123—125.*

Крылов, И. А. Слон и Моська. — *209.*

«Левый Коммунист»— *қараңыз:* «Коммунист», М.

[*Ленин, В. И.*] *Воззвание к солдатам всех стран.*— «Правда», Пг., 1917, № 37, 4 мая (21 апреля), стр. 1—2. Подпись: Центральный Комитет РСДРП. Петербургский комитет РСДРП. Редакция «Правды».— *125.*

— *Главная задача наших дней.*—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 46 (310), 12 марта, стр. 1. Подпись: Н. Ленин. — *375.*

— *Главная задача наших дней.* [М., 1918]. 47 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *375.*

*— *Государство и революция.* Учение марксизма о государстве и задачи пролетариата в революции. Вып. 1. Пг., «Жизнь и Знание», 1918. 115 стр. (Б-ка обществоведения. Кн. 40-я).

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

— *Резолюция, предложенная большевиками [на Четвертом Чрезвычайном Всероссийском съезде Советов].*—«Правда» («Социал-Демократ»), М., 1918, № 47, 16 (3) марта, стр. 2. Под общ. загл.: 4-й Всероссийский съезд Советов с., р. и к. д. — *166, 181, 209—210, 259, 299, 571.*

[*Ленин, В. И.*] *Речь т. Ленина на заседании [Четвертого Чрезвычайного Всероссийского съезда Советов] 14 марта [1918 г.].*—«Правда» («Социал-Демократ»), М., 1918, № 47, 16 (3) марта, стр. 3—4; № 48, 17 (4) марта, стр. 2—3. Под общ. загл.: Съезд Советов в Москве. — *121—131, 585—586.*

— *Речь тов. Ленина [на Объединенном заседании ВЦИК и Московского Совета 14 мая 1918 г.].*—«Правда», М., 1918, № 93, 15 (2) мая, стр. 2; № 94, 16 (3) мая, стр. 2. Под общ. загл.: Заседание ВЦИК и М. С. р. деп. — *439.*

— *Речь тов. Ленина [на Объединенном заседании ВЦИК, Московского Совета рабочих, крестьянских и красноармейских депутатов и профессиональных союзов 4 июня 1918 г.].*—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 113 (377), 5 июня, стр. 5. Под общ. загл.: Соединенное заседание. — *447—451, 452—453.*

*— *Старый и новый тексты программы.*— В кн.: Материалы по пересмотру партийной программы. Под ред. и с предисл. Н. Ленина. Пг., «Прибой», 1917, стр. 18—32. (РСДРП).— *51, 76.*

— *Удержат ли большевики государственную власть?*—«Просвещение», Пг., 1917, № 1—2, сентябрь—октябрь, стр. 3—40. Подпись: Н. Ленин. — *79.*

— *Черновой набросок проекта программы, предложенный тов. Лениным.*—«Коммунист», Пг., 1918, № 5, 9 марта, стр. 3. — *56.*

[*Ленин, В. И. и Зиновьев, Г. Е.*] *Против течения.* Сборник статей из «Социал-Демократа», «Коммуниста» и «Сборника Социал-Демократа». Изд. Петрогр. Совета рабочих и солдатских депутатов. Пг., тип. «Рабочее Дело», 1918. XVI, 550 стр.; 2 л. портр. Перед загл. авт.: Г. Зиновьев и Н. Ленин. — *135—136.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 г. — январь 1848 г. — *68, 490.*

Маркс, К. Критика Готской программы. Замечания к программе германской рабочей партии. Апрель—начало мая 1875 г. — *324—326.*

— 1918, № 123, 20 (7) июня, стр. 2.—*462—465.*

— 1918, № 124, 21 (8) июня, стр. 1; № 127, 25 (12) июня, стр. 1. — *495—497.*

— 1918, № 130, 28 (15) июня, стр. 2. — *497—498.*

— 1918, № 131, 29 (16) июня, стр. 4. — *555.*

«Правда», Вечерний вып., Пг., 1917, № 8, 23 (10) ноября, стр. 1.— *14—15, 112—113.*

— 1917, № 16, 3 декабря (20 ноября), стр. 1. — *194.*

Примерный наказ. Составленный на основании 242 наказов, доставленных с мест депутатами на 1-й Всероссийский съезд Советов крестьянских депутатов в Петрограде в 1917 году.— «Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг., 1917, № 88, 19 августа, стр. 3—4. — *553.*

[*Примечание к «Тезисам о текущем моменте»*].— «Коммунист», М., 1918, № 1, 20 апреля, стр. 4.— *292—293, 337.*

**Программа Российской социал-демократической рабочей партии.*— В кн.: Программа и устав Российской с.-д. рабочей партии, принятые на 2-м съезде партии в 1903 г. с поправками, принятыми на Объединительном съезде в Стокгольме 1906 г. Пг., «Прибой», б. г., стр. 3—13. (РСДРП). — *48, 50, 51—52, 58—60, 63—64, 80, 81, 545.*

Проект Конституции Российской Социалистической Федеративной Советской Республики, (представленный V съезду Советов комиссией ВЦИК). — «Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 138, (402), 5 июля, стр. 3. — *540.*

«Просвещение», Пг. — *46.*

— 1917, № 1—2, сентябрь—октябрь, стр. 3—40, 81—99. —*46, 58—59, 76, 79.*

Протоколы 4-й конференции фабрично-заводских комитетов и профессиональных союзов г. Москвы. Изд. ВЦСПС. М., тип. Смирнова, 1918, 143 стр. На обл. год изд.: 1919.—*492—506, 507.*

Пушкин, А. С. Борис Годунов.— 24, 86.

Пушкин, В. Л. Эпиграмма.— 335.

Пятый Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, солдатских и казачьих депутатов. Стенографический отчет.

Москва, 4—10 июля 1918 г. М., изд-во ВЦИК, 1918, 254 стр. (РСФСР).— *531, 534—535, 536, 537—538, 539, 541—542, 547, 553—554, 556—557.*

«Рабочий Путь», Пг., 1917, № 18, 6 октября (23 сентября), стр. 3.— *112—113.*

Резолюция Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета рабоч., солдат., крест. и казач. депутатов, принятая в заседании от 29-го апреля 1918 года по докладу тов. Ленина «Об очередных задачах Советской власти». — В кн.: Ленин, В. И. Очередные задачи Советской власти. М., изд-во ВЦИК, 1918, стр. 27. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *538.*

[*Резолюция о национализации металлических заводов, принятая на конференции представителей национализируемых предприятий 17 мая 1918 г.*].— «Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 98 (362), 18 мая, стр. 4—5, в отд.: Съезды. Под общ. загл.: Конференция представителей национализированных предприятий.— *376.*

Резолюция о трудовой дисциплине, [*принятая на II Всероссийском съезде комиссаров труда 21 мая 1918 г.*].— В кн.: Протоколы II Всероссийского съезда комиссаров труда, представителей бирж труда и страховых касс. 18—25 мая п./с. 1918 года. М., 1918, стр. 238—239. (Народный комиссариат труда. № 19).— *395, 397, 398.*

Резолюция с.-д. меньш. и с.-р. о войне, [*принятая на Первом Всероссийском съезде Советов 12 июня 1917 г.*].— «Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 90, 13 июня, стр. 7.— *574.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. Дневник провинциала в Петербурге.— 308, 309—310.

— *Похороны.— 308, 309—310.*

Сборник секретных документов из архива бывшего Министерства иностранных дел. №№ 1—7. Изд. Нарком. по иностр. делам. Пг., тип. ком. по иностр. делам, декабрь 1917 — февраль 1918. 7 кн.— *14—15, 133, 368, 492—493.*

Смирнов, В. М. О пересмотре экономической программы-минимум.— В кн.: Материалы по пересмотру партийной программы. Сборник статей: В. Милютина и др. М., Обл. бюро Моск. пром. района РСДРП, 1917, стр. 34—40. (РСДРП).— *51—52.*

[*Сокольников, Г. Я.*] *К пересмотру партийной программы.* (Введение и программа-максимум). — Там же, стр. 8—22. Подпись: В. Сокольников.— *51—52.*

kongreß zu Basel].—In: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25. November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27.— *54.*

Mr. Balfour on Japanese Intervention.—«The Times», London, 1918, No. 41, 738, March 15, p. 9.— *137.*

«Průkopnik Svobody», Moskva, 1918, čislo 4, 28 června, str. 1.— *497.*

«The Times», London, 1918, No. 41, 738, March 15 p. 9. — *137.*

«Vorwärts», Berlin. — *493.*

— 1917, Nr. 326, 28 November, S. 1.— *493.*

«The Worker's Dreadnought», London. — *574.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Б

Белоруссов (Белевский), А. С.*—(1859—1919)—буржуазияшыл публицист, оңшыл халықшыл. 1918 жылы Москвадағы астыртын контрреволюциялық орталықтың өкілі ретінде генерал Корниловтың жанындағы «Советке» кірді, одан соң Колчакқа жетіп қалды. Сибирьде контрреволюциялық «Отечественные Ведомости» газетін редакциялады, Құрылтай жиналысын сайлау жөнінде Колчак үкіметі құрған комиссияның председателі болды. — *209.*

Богаевский, М. П. (1881—1918)—Дондағы контрреволюцияға белсене қатысушы. 1917 жылғы 18 июньнен 1918 жылғы 29 январьға дейін—Дон Әскері әскери атаманының (генерал Калединнің) орынбасары, сонымен бірге 1918 жылғы январьдың бас кезінен контрреволюциялық «Дон үкіметінің» құрамына кірді. Қамауға алынып, сотталды, белсенді контрреволюциялық қызметі үшін 1918 жылы 1 апрельде атылды. — *140, 186, 192—193, 219, 331, 448, 497.*

Боркхейм (Borkheim), *Сигизмунд Людвиг* (1825—1885)—неміс публицисі, демократ. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы; революция жеңілгеннен кейін шетелге эмиграцияға кетті. К. Маркспен жәпе Ф. Энгельспен достық қарым-қатынаста болды. — *510.*

Бубнов, А. С. (1883—1940)—көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Иваново-Вознесенскіде, Москвада, Петербургте және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. Патша үкіметінің қудалауына ұшырады. VI (Прага) конференциясында (1912) РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. «Правдада» жұмыс істеді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—РСДРП(б) Москва облыстық бюросының мүшесі, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты, Петроград Әскери-революциялық комитетіне және қарулы көтеріліске басшылық жасау жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа кірді. 1918 жылдан жауапты партия, совет жұмысында және әскери жұмыста болды. «Солшыл коммунистердің» антипартиялық тобына кірді. Украина Совет үкіметінің және Украина КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, Украин майданы, Солтүстік-Кавказ әскери округі Революциялық-әскери советтерінің мүшесі болды. 1920—1921 жылдары оппортунистік «демократиялық централизм» тобына кірді. 1922—1923 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болды. 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды; содан соң троцкизмге қарсы күреске қатысты. 1924 жылдан—Жұмысшы-Шаруа Қызыл Ар-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

миясы Саяси басқармасының бастығы және СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі, 1925 жылы—РКП(б) Орталық Комитетінің секретары. 1929 жылдан 1937 жылға дейін—РСФСР халық ағарту комиссары. Партияның Орталық Комитетінің мүшесі және мүшелігіне кандидат болып бірнеше рет сайланды. — *31.*

Бухарин, Н. И. (1888—1938)—1906 жылдан большевиктік партияда болды; Мәскеудің әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде маркстік позицияға жатпайтын позиция ұстады. Партияның VI съезінде жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың одағын теріске шығаруды негізге ала отырып, революцияны дамытудың антилениндік схемасын ұсынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—«Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерннің Атқару комитетінің мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің тобына қосылды, 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан аласталды.— *29—30, 31, 32, 35, 36, 37, 51—52, 66, 71, 72, 83, 284, 285, 289—290, 292, 294, 295—296, 327—328, 329—330, 331—332, 337—338, 339, 521—522.*

В

Вересаев, В. (Смидович, В. В.) (1867—1945)—орыс жазушысы, білімі және өзінің бастапқы қызметі жөнінен дәрігер.— *514.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941)—герман императоры және Пруссия королі (1888—1918). — *117.*

Вильсон (Wilson), *Вудро* (1856—1924)—1913—1921 жылдары Америка Құрама Штаттарының президенті; империалистік мемлекеттердің Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын басты ұйымдастырушылардың бірі болды. — *99.*

Винниченко, В. К. (1880—1951)—украин беллетрист-жазушысы, буржуазиялық ұлтшыл. Ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократия-

лық революциясынан кейін—контрреволюциялық украин Орталық радасын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі, одан соң Петлюрамен бірге Директорияны (1918—1919 жылдардағы Украинаның ұлтшылдық үкіметі) басқарды, неміс және ағылшын-француз империалистерінің мүдделеріне көзөк қызмет етті. Украинада Совет өкіметі орнағаннан кейін — ақ эмигрант. — *73, 109, 131, 585.*

Володарский, В. (Гольдштейн, М. М.) (1891—1918) — 1917 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Революциялық қызметін 1905 жылдан Бунд ұйымдарында бастады, одан кейін меньшевиктерге қосылды. Талай рет тұтқынға алынды, айдауда және эмиграцияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—интернационалист-меньшевик. 1917 жылы майда Россияға қайтып келіп, біраз уақыт Петроградтағы аудапаралықшылар ұйымында болды, одан кейін большевиктер партиясына қабылданды. Володарский Петроградтың Петергоф-Нарва ауданында үгітшілік жұмыс жүргізді, партияның Петроград комитетінің, жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі президиумының мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін—баспасөз, насихат және үгіт істері жөніндегі комиссар, Петроградтағы «Красная Газетаның» редакторы. 1918 жылы 20 июньде бір эсер зұлымдықпен өлтірді. — *461, 521.*

Г

Ганецкий (Фюрстенберг), Я. С. (1879—1937)—поляк және орыс революциялық қозғалысының көрнекті қайраткері, 1896 жылдан социал-демократиялық партияның мүшесі. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар съездеріне, сондай-ақ РСДРП-ның II, IV және V съездеріне қатысқан. РСДРП V съезінде партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1917 жылы—РСДРП(б) Орталық Комитеті Шетелдік бюросының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Финанс халық комиссариатында істеді, кейіннен дипломатиялық жұмыста болды, Сауда халық комиссариаты коллегиясының және Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі болды. 1935 жылдан — СССР Мемлекеттік Революция музейінің директоры.—*236, 237.*

Ге, А. Ю. (1919 ж. қайтыс болған)—орыс анархисі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметін жақтады. 3 және 4-сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды; Солтүстік-Кавказ совет үкіметінің құрамына кірді. — *290, 293, 325, 332—333.*

Гегечкори, Е. П. (1879 ж. туған)—меньшевик, 1917 жылғы ноябрьден — Закавказье контрреволюциялық үкіметінің (Закавказье комиссариатының) председателі, одан соң Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі және үкімет

председателінің орынбасары. 1921 жылдан бастап — ақ эмигрант. — *191, 192, 212, 217, 219, 264, 365—366, 367.*

Гинденбург (Hindenburg), *Пауль* (1847—1934) — герман әскери және мемлекет қайраткері, генерал-фельдмаршал, герман империализмінің реакциялық және шовинистік элементтерінің өкілі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — Шығыс майдандағы герман армиясының қолбасшысы, одан соң — бас штабтың бастығы. Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясын басып-жаншуға қатысты. 1925—1934 жылдары—Веймар республикасының президенті. 1933 жылы Гитлерге үкімет құруды тапсырды, сөйтіп ресми түрде бүкіл өкімет билігін түгелдей фашистердің қолына берді. —*117.*

Глушков, В. Г. (1883—1939)—гидролог, профессор. 1918 жылдан Ғылым академиясының Табиғи өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі комиссиясының (КЕПС) «ақ көмір» бөлімін басқарды. 1918 жылдың майынан бастап Россияны электрлендіру жөніндегі бюроны, ал одан кейін Солтүстік ауданды электрлендіру жөніндегі бюроны басқарды. 1922 жылдан—Ленинградтағы Мемлекеттік гидрологиялық институттың директоры.— *587.*

Гогенцоллерн — қараңыз: II Вильгельм (Гогенцоллерн).

Гольдендах, Д. Б. — қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Гольдштейн, М. М. — қараңыз: Володарский, В.

Гофман (Hoffmann), *Макс* (1869—1927)—герман генералы. 1916 жылғы сентябрьден—Шығыс майданда штаб бастығы, ал іс жүзінде герман әскерлерінің қолбасшысы. Советтік Россия мен австро-герман коалициясы елдері арасындағы Брест келіс сөздері кезінде көрнекті роль атқарды. Германиядағы милитаристік реакциялық топтардың белсенді қайраткерлерінің бірі. — *21, 25, 26—27, 35.*

Гоц, А. Р. (1882—1940) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мүшесі; контрреволюциялық «Отанды және революцияны қорғап қалу комитетіне» кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күрес жүргізді; 1922 жылы оңшыл эсерлер процесі бойынша сотталды. Амнистия бойынша босатылғаннан кейін шаруашылық жұмысында болды. — *191—192, 208, 212, 217, 219.*

Громан, В. Г. (1874 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, реакция жылдарында—жойымпаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясының алғашқы күнінен бастап Петроградта азық-түлік ісін басқарды. 1918 жылы Сол-

кейін меньшевиктермен және эсерлермен бірге Оренбургте «Отанды және революцияны қорғап қалу комитетін» құрды, бұл комитет ноябрь айының орта шенінде өкімет билігін өз қолына алды. 1918 жылы 18 (31) январьда Қызыл гвардия отрядтары Дутовты Оренбургтен қуып шықты. 1918—1919 жылдары Колчактың қарауында Оренбург жеке казак армиясының қолбасшысы болды. Колчак әскерлері талқандалғаннан кейін өз бөлімдерінің қалдықтарымен бірге 1920 жылы мартта Қытай шекарасынан өтті. — *192, 217, 219, 231, 253, 393, 497.*

Ж

Жордания, Н. Н. (1870—1953)—социал-демократ, Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды, 1921 жылдан—ақ эмигрант. — *365—366.*

З

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936)—1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, «Пролетарий» газетінің және партияның Орталық Органы—«Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. РСДРП V съезінен бастап—партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті; қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы—«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы—антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындағандығы туралы мәлімдеме жасады, сөйтіп ол партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *45.*

оның лидерлерінің бірі. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, герман елшісі Мирбахты өлтірудің инициаторларының және Москвада солшыл эсерлер бүлігін ұйымдастырушылардың бірі болды. Контрреволюциялық қызметі үшін тұтқынға алынып, Әскери трибуналдың үкімімен сотталды. Кейін статистика саласында жұмыс істеді. — *121—122, 123—124, 126, 127, 128, 129—130.*

Карелин, В. А. (1891—1938) — солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің құрамына мемлекеттік мүліктер халық комиссары болып кірді; 1918 жылы—Бресттегі совет бітім делегациясының мүшесі. 1918 жылы мартта Брест бітіміне қол қойылуына байланысты Халық Комиссарлары Советінің құрамынан шықты. 1918 жылғы июльдегі солшыл эсерлер бүлігі басшыларының бірі болды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *293, 296, 298, 325, 332—333.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқушылық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және жұмысшы табының диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. — *71—72, 298.*

Кац, Б. Д.—қараңыз: Камков, Б. Д.

басқарды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін қамауға алынып, түрмеге отырғызылды, одан қашып шығып, Донға барды да, ақ гвардиялық «ерікті армияны» ұйымдастырушылардың бірі, ал кейін оның қолбасшысы болды. Екатеринодар (қазір Краснодар) түбінде болған ұрыстарда оққа ұшты. — *13, 18, 200, 202, 208, 210, 212, 217, 219, 231, 250, 252, 264, 287, 390—391, 396.*

Краснов, П. Н. (1869—1947) — патша армиясының генералы, 1917 жылғы августағы Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. 1917 жылы октябрьдің аяғында антисоветтік бүлік кезінде Керенский Петроградқа аттандырған казак отрядтарының командирі болды. 1918—1919 жылдары Дондағы ақ казак армиясын басқарды. 1919 жылы шетелге қашып барып, онда контрреволюциялық антисоветтік әрекетін тоқтатпады. 1941—1945 жылдары гитлершілдерге қызмет етті. Тұтқынға алынып, СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша өлім жазасына кесілді. — *5, 191, 264, 534—536, 544, 598.*

Крыленко, Н. В. (1885—1938)—1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі, советтің көрнекті мемлекет қайраткері, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Солдатская Правда» газетінде істеді, РСДРП(б)-ның майдандағы және тылдағы әскери ұйымдарының Бүкіл россиялық конференциясына қатысты. Советтердің Бүкіл россиялық I съезінің делегаты. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына енді, кейінірек—жоғарғы бас қолбасшы. 1918 жылдан советтік юстиция органдарында—Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жоғарғы революциялық трибуналының председателі, юстиция халық комиссарының орынбасары, Республика прокуроры болып істеді; 1931 жылдан — РСФСР юстиция халық комиссары, ал 1936 жылдан — СССР юстиция халық комиссары. Партияның XV және XVI съездерінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *30--31, 124—125.*

Л

Лаццари (Lazzari), *Константино* (1857—1927)—итальян социалистік қозғалысының көрнекті қайраткері. 1882 жылы— Итальян жұмысшы партиясының, 1892 жылы—Итальян социалистік партиясының негізін салушылардың бірі, осы жылдан— партияның Орталық Комитетінің мүшесі. 1912—1919 жылдары — Итальян социалистік партиясының бас секретары. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет мемлекетін қолдады, Коминтерннің II және III конгрестерінің жұмысына қатысты. 1922 жылы ұйымдық жағынан реформистерден қол үзді, бірақ олардан біржолата іргені аулақ сала алмады. 1926

Литвинов, М. М. (1876—1951)—профессионал революционер, большевик, көрнекті совет дипломаты. Революциялық қызметін 1898 жылы бастады, «Искраның» агенті болды, 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына қатысты. 1914 жылғы июньнен бастап—Халықаралық социалистік бюрода РСДРП Орталық Комитетінің өкілі; РСДРП-ның Лондондағы большевиктік секциясының мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін дипломатиялық жұмыста болды. 1921 жылдан — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1930 жылдан 1939 жылға дейін—сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдарда—Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін, 1946 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, 1 және 2-сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. — *498.*

Ломов, А. (Оппоков, Г. И.) (1888—1938)—1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі, профессионал революционер, кейіннен советтің мемлекет қайраткері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва облыстық бюросының және Москва комитетінің мүшесі. 1917 жылғы октябрь күндерінде—Москва әскери-революциялық комитетінің мүшесі, жұмысшы депутаттары Москва Советі председателінің орынбасары. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде юстиция халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына кірді. 1918 жылы— «солшыл коммунист». Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі және председателінің орынбасары, СССР Жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, Украина КП(б) Орталық Комитетінің және Саяси бюросының мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат және мүшесі болды. — *30, 73, 74.*

Лурье, М. А. — *қараңыз:* Ларин, Ю.

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Р. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға ымырашылдықпен қарады.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интерна-

ционал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етіп қатысты. 1919 жылдың январында контрреволюционерлер оны тұтқынға алып, айуандықпен өлтірді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позиция ұстауына көмектесті.— *574.*

М

Маклин (Maclean), *Джон* (1879—1923)—ағылшын жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен мұғалім. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады, соғысқа қарсы белсенді революциялық насихат жүргізді, сол үшін ағылшын үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. 1916 жылғы апрельде Британ социалистік партиясы басшылығының құрамына сайланды. 1918 жылы Сыртқы істер халық комиссариаты оны Глазгодағы совет консулы етіп тағайындады, бірақ британ үкіметі оның бұл жұмысты жүргізуіне мүмкіндік бермеді. Өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. — *498—499.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883)—ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер). — *58, 210, 211, 294, 327, 328, 329—330, 478—479, 490, 500, 515.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923)—меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында—жойымпаз, дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *123, 128—129, 135, 208, 209, 210—211, 222, 261, 263, 267, 279, 284, 292, 293, 298, 304, 435.*

Мгеладзе, И. В. (1890—1943)—1907 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін— партияның Саратов губерниялық комитетінің мүшесі, 1-Атты әскер армиясы саяси бөлімінің бастығы, РКП(б) Орталық Комитеті баспасөз бөлімшесінің меңгерушісі. 1918 жылы — «сол-

шыл коммунист». 1925 жылы «жаңа оппозицияға» белсене қатысты, одан соң троцкистік-зиновьевшілдік блокқа кірді. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1930 жылы партияға қайта алынды. 1935 жылы антипартиялық қызметі үшін тағы да партиядан шығарылды. — *67.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919)—Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясы сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі. Партияның теориялық органы—«Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналы редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ онымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктеріне ұрынды. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады. Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *496—497, 555.*

Милюков, П. Н. (1859—1943)—кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылы октябрьде—кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, одан кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы—«Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. 1917 жылы—буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беру саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. — *261, 263, 267, 279, 284, 537.*

Мирбах (Mirbach), *Вильгельм* (1871—1918)—граф, герман дипломаты. 1915—1917 жылдары—Афиныда герман елшісі. 1918 жылғы апрельден Москвада герман елшісі болды. 1918 жылы 6 июльде оны Германия мен Советтік Россия арасында соғыс ашу үшін арандату мақсатымен солшыл эсерлер өлтірді. —*340, 346, 562, 567, 571, 576.*

Н

I Наполеон (Бонапарт) (1769—1821)—1804—1814 және 1815 жылдарда Францияның императоры.— *24—25, 87, 109, 116—117, 118, 119, 129, 130, 321.*

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873)— Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның

немере інісі. 1848 жылғы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде берілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер). — *291, 292, 295, 297.*

Невский, В. И. (1876—1937) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, профессионал революционер, большевик. Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты, Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет, партия жұмыстарында және ғылыми жұмыста болды: қатынас жолдары халық комиссары, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары, Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің ректоры, Истпарт меңгерушісінің орынбасары, В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхананың директоры. — *457.*

II Николай (Романов) (1868—1918)—орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *16, 92, 94, 105, 128, 232, 290, 388, 392, 397, 512.*

Новых, Г. Е.— қараңыз: Распутин, Г. Е.

О

Оболенский, В. В. — қараңыз: Осинский, Н.

Оппоков, Г. И. — қараңыз: Ломов, А.

Осинский, Н. (Оболенский, В. В.) (1887—1938) — 1907 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва облыстық бюросының мүшесі, большевиктік «Социал-Демократ» газеті редакциясының құрамына кірді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—РСФСР Мемлекеттік банкінің басқарушысы, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1918 жылы—«солшыл коммунист», «солшыл коммунистер» платформасының негізгі авторы болды. 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына белсене қатысты, ал 1923 жылы троцкистік оппозицияға қосылды. 1921—1923 жылдары—егіншілік халық комиссарының орынбасары; 1926 жылдан — СССР Орталық статистика басқармасының басқарушысы; одан кейін басшы партиялық және әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды.— *83, 276, 335.*

П

Падерин—Москва кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің IV конференциясының делегаты, бұл конференция 1918 жылы июнь—июльде болды; В. И. Лениннің ағымдағы кезең туралы баяндамасы бойынша меньшевиктер мен эсерлерден қосымша баяндамашы ретінде сөйледі. — *492, 496.*

Пельше, Р. А. (1880—1955)—1898 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Латвияда партиялық жұмыс жүргізді; партияның Елгава, Лиепая және Рига қалалық комитеттерінің мүшесі, «Zihna» («Күрес») газеті редакциялық коллегиясының мүшесі, Латыш өлкесі социал-демократиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1911—1915 жылдары эмиграцияда болды. 1917 жылдан—РСДРП(б) Москва қалалық комитетінің мүшесі; 1918 жылы Москва Советі азық-түлік бөлімі бюросының құрамына кірді. 1922—1924 жылдары Украин ССР халық ағарту комиссариатының өнер бөлімін, одан кейін Совет Одағының бірқатар өнер мекемелерін басқарды; сонымен бірге ғылыми жұмыс жүргізді. 1945 жылдан Латвияда оқытушылық және ғылыми жұмыста болды. — *69.*

Петлюра, С. В. (1877—1926)—украин буржуазиялық ұлтшылдары лидерлерінің бірі. 1917 жылы—контрреволюциялық украин Орталық радасында әскери істер жөніндегі бас секретарь. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде Украинадағы контрреволюция басшыларының бірі болды. Киевтің көтеріліс жасаған жұмысшылары таратып жіберген Орталық радапы 1918 жылдың бас кезінде неміс оккупанттарының көмегімен қалпына келтірді. 1918 жылы ноябрьде Директория (Украинаның 1918—1919 жылдардағы ұлтшылдық үкіметі) құрамына енді, содан кейін оның басшысы болды. 1919 жылдың аяғында Польшамен әскери одақ жасасып, 1920 жылы пандар Польшасы әскерлерінің Украинаға шабуыл жасауына қатысты. Украинада Совет өкіметі қалпына келтірілгеннен кейін — ақ эмигрант. 1926 жылы майда Парижде өлтірілді. — *29.*

Ұлы I Петр (1672—1725)—1682 жылдан 1725 жылға дейінгі орыс патшасы, бүкіл россиялық тұңғыш император.— *324.*

Подвойский, Н. И. (1880—1948) — көрнекті партиялық және әскери қызметкер. 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі, бірінші орыс революциясына белсене қатысушы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі, Октябрь қарулы көтерілісін әзірлеу және өткізу күндерінде — Петроградтағы Әскери-революциялық комитеттің председателі, Қысқы сарайға тіке шабуыл басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі, Петроград әскери округінің қолбасшы-

Семенов, Г. М. (1890—1946) — Забайкалье казак әскерінің атаманы, Совет өкіметінің қас жауы, жапон империализмінің агенті; 1918 жылдап Қиыр Шығыста Совет өкіметіне қарсы белсепе қарулы күрес жүргізді, Забайкалье және Приамурье контрреволюциялық үкіметтерін ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Маньчжурияға қашып кетіп, онда ақ эмиграцияны басқарды, СССР-ге қарсы шпиондық, террористік және диверсиялық жұмыс жүргізуге қатысты, жапондармен бірлесіп Совет Одағына қарулы шабуыл дайындады. 1945 жылы Совет Армиясы тұтқынға алып, 1946 жылы СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша дарға асылды.— *272, 347, 356, 497.*

Середа, С. П. (1871—1933) — совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Смоленскіде, Киевте, Калугада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Рязань Советі атқару комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — жауапты совет және шаруашылық жұмыстарында: РСФСР егіншілік халық комиссары (1918—1921), 1921 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советі президиумы мен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі, РСФСР Орталық статистика басқармасы басқарушысының орынбасары және басқарушысы, 1930 жылдан Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары болды.— *554.*

Скоропадский, П. П. (1873—1945) — патша армиясының генералы, Чернигов және Полтава губернияларының ірі помещигі, октябрист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде корпус командирі болды. 1918 жылдың апрелінен декабріне дейін Украина гетманы, герман империалистерінің итаршысы болды. Германияға қашып кетіп, онда антисоветтік жұмыс жүргізді.— *364, 365, 370, 418, 439, 460, 461, 465, 481, 509, 549, 550.*

Смидович, В. В.— қараңыз: Вересаев, В.

Смирнов, В. М. (1887—1937) — 1907 жылдан большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москвада жұмыс істеді, большевиктік органдардың — «Социал-Демократ» газеті мен «Спартак» журналының редакциялық коллегиясының мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі. 1918 жылы — «солшыл коммунист». 1919 жылы партияның VIII съезінде «әскери оппозиция» лидерлерінің бірі болды. 1920—1921 жылдары — антипартиялық «демократиялық централизм» тобының белсенді қайраткері. 1923 жылы троцкистік оппозицияға қосылды. Фракцияшылдық әрекеті үшін 1926 жылы партиядан

шығарылды. Көп кешікпей партияға қайта алынды, бірақ 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны антипартиялық қызметі үшін партиядан тағы да шығарды.— *51—52, 83.*

Сокольников (Бриллиант), Г. Я. (1888—1939) — 1905 жылдан большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва комитетінің және Москва облыстық бюросының мүшесі, «Правда» редакциясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. 1922 жылдан — финанс халық комиссары, 1926 жылдан — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, кейінірек — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат және мүшесі болып сайланды. 1925 жылы «жаңа оппозицияға» қосылды, одан соң біріккен троцкистік-зиновьевшілдік блокқа кірді. 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды.— *51—52.*

Спиридонова, М. А. (1884—1941) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — эсерлердің сол қанатын ұйымдастырушылардың бірі болды, ал 1917 жылы ноябрьде солшыл эсерлер партиясы құрылғаннан кейін оның Орталық Комитетіне кірді. Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1918 жылы июльде контрреволюциялық солшыл эсерлер бүлігіне белсене қатысты, бүлік басып-жапышталғаннан кейін де Совет өкіметіне қарсы дұшпандық әрекетін істей берді. Кейінірек саяси қызметтен шеттеп кетті.— *531, 536, 537, 538, 539, 542, 547—548, 553, 554.*

Спундэ, А. П. (1892—1962) — 1909 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Ригада партиялық жұмыс жүргізді. Патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылы — РСДРП(б) Пермь және Урал облыстық комитеттерінің бюро мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроградтағы Мемлекеттік банктің бас комиссарының орынбасары, онан кейін түрлі қалаларда партия және совет жұмысында болды. 1926—1930 жылдары — Мемлекеттік банк басқармасының мүшесі, Финанс халық комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегияларының мүшесі. 1931 жылдан — дербес пенсионер.— *237.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953)—Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің

құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде котерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республиканың Революциялық-әскери советінің мүшелігіне еніп, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалануға ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айыптады, оған біржола тыйым салды, Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.— *501.*

Столыпин, П. А. (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдары—министрлер Советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық қозғалысты басып-жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы столыпиндік реакция) оның есімімен байланысты болды. 1911 жылы Столыпинді Киевте охранка агенті эсер Богров өлтірді.— *18, 110, 128.*

Тейлор (Taylor), *Фредерик Уинслоу* (1856—1915) — американ инженері, 1905—1906 жылдары американ инженер-механиктер қоғамының президенті, жұмыс күнін мейлінше толық пайдалануға және өндіріс құрал-жабдықтары мен еңбек құралдарын тиімді қолдануға бағытталған еңбек ұйымдастыру системасының негізін салушы. Капитализм жағдайында бұл система еңбекшілерді қанауды күшейту үшін пайдаланылады. — *152—153, 204—205, 229, 280, 301, 333, 589, 590, 592, 594.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеді және ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп, ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады. — *32—33, 34, 35, 40, 41, 43, 291, 494, 533, 534, 583.*

Тургенев, И. С. (1818—1883) — орыстың ұлы жазушысы. Тургенев өз шығармаларында орыстың қоғамдық өміріне тән қайшылықтарды суреттеді. Тургеневтің крепостниктік тәртіпке қарсы қызу паразылығы баяу либерализммен ұштасып жатты. — *222.*

У

Ф

Х

Ц

люциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Закавказьедегі өкілі. 1918—1921 жылдары — Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі, одан соң —ақ эмигрант.— *261, 272.*

Ш

Шаумян, С. Г. (1878—1918) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, 1900 жылдан партия мүшесі; қамауға алынып, жер аударылған; 1902 жылдың аяғынан 1904 жылға дейін эмиграцияда болды. 1904—1908 жылдары Закавказьеде партиялық жұмыс басшыларының бірі, большевиктік құпия және жария баспасөз органдарын ұйымдастырушылардың және олардың редакторларының бірі болды. 1905—1907 жылдары меньшевиктер мен дашнактарға қарсы белсенә күрес жүргізді. Реакция жылдарында жойымпаздар мен троцкистерге қарсы күресті. РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитет Шаумянды Орталық Комитет мүшелігіне кандидат етіп кооптациялады. Астраханьда айдауда жүріп (1911—1914), Лениннің тапсырмасы бойынша, «Ұлттық-мәдени автономия туралы» деген еңбек жазды, онда пролетарлық интернационализм принциптерін қорғады. 1914 жылы, айдаудан қайтып келген соң, Баку большевиктік ұйымын басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Баку Советінің председателі болып сайланды; Октябрь социалистік революциясынан кейін — Кавказ істері жөніндегі Уақытша төтенше комиссар, Баку Халық Комиссарлары Советінің председателі және сонымен бірге сыртқы істер комиссары. Партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Баку коммунасы құлағаннан кейін, эсерлер мен меньшевиктердің жәрдеміне сүйенген ағылшын интервенттері 1918 жылы августа басқа да басшы қызметкерлермен бірге Шаумянды қамауға алып, 1918 жылы 20 сентябрьде 26 бакулік комиссармен бірге атып өлтірді.— *232.*

Шейдеман (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939) — герман социал-демократиясының барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді, спартакшылдарға қарсы ойрандық үгітке дем беруші болды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп басуды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *222.*

Шляпников, А. Г. (1885—1937) — 1901 жылдан бастап большевиктік партияда болды. Сормовода, Муромда, Петербургте және Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1914 жылы РСДРП

Орталық Комитетінің тапсыруымен Стокгольмде болды, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы мен Орталық Комитеттің орыс бөлегінің және Петербург комитетінің арасында байланыс орнату жөнінде жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және Петроград металлистер одағының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін еңбек халық комиссары ретінде Халық Комиссарлар Советіне кірді; онан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмыстарында болды. 1920—1922 жылдары — антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының ұйымдастырушысы және лидері. 1933 жылы партияны тазарту кезінде ВКП(б) қатарынан шығарылды.— *395, 501.*

Э

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *48, 50—51, 221—222, 427, 490, 500, 510—516.*

Я

Яковлева, В. Н. (1885—1941) — 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылы — РСДРП(б) Орталық Комитеті Москва облыстық бюросының секретары. Октябрь социалистік революциясынан кейін — совет және партия жұмыстарында болды: Ішкі істер халық комиссариаты мен Азық-түлік халық комиссариаты коллегияларының мүшесі, Халық шаруашылығы жоғары советінің іс басқарушысы, РКП(б) Москва комитетінің секретары, РКП(б) Орталық Комитеті Сибирь облыстық бюросының секретары, РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары, РСФСР финанс халық комиссары. 1918 жылы «солшыл коммунистердің» антипартиялық тобына қатысты; 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде кейін Троцкиймен біріккен «буферлік» топқа кірді; 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды. 1924—1926 жылдары троцкистік орталықта ұйымдастыру жұмысын жүргізді, содан кейін троцкизммен қол үзді.— *83.*

Taylor — қараңыз: Тейлор, Фредерик Уинслоу.

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ
(6 март — 27 июль, 1918)

6 март— 27 июль.	Ленин Петроградта, ал 11 марттан бастап Москвада тұрады.
6 март.	Ленин РКП(б) Төтенше VII съезінің ашылуына қатысады. Съезд оны президиумның құрамына сайлайды.
6 немесе 7 март.	Ленин Қызыл Крестің американ миссиясының басшысы полковник Раймонд Робинсті қабылдайды; Робинс Совет үкіметінің 1918 жылы 5 мартта жолдаған нотасына Америка Құрама Штаттары үкіметінің жауабы алынғанға дейін Брест бітім шартын бекітпей кідірте тұруды өтінеді.
7 март.	Ленин РКП(б) VII съезінің екінші (таңертеңгі) мәжілісінде Орталық Комитеттің саяси есебі жөнінде баяндама жасайды; Н. И. Бухарин қосымша баяндама жасағанда оз пікірін жазып отырады.
	Ленин РКП(б) VII съезінің үшінші (кешкі) мәжілісінде Орталық Комитеттің есебі бойынша жарыс сөз өтіп жатқанда шешендердің сөздерін жазып алады.
Кеш дегенде 8 март.	Ленин «Программа жобасының бастапқы нобайын», РКП(б) VII съезінің соғыс және бітім туралы қарарының жобасын жазады.
8 март.	Ленин РКП(б) VII съезіндегі Орталық Комитеттің саяси есебі жөніндегі қорытынды сөздің жоспарын жазады.

Ленин съездің төртінші (таңертеңгі) мәжілісінде Н. И. Бухарин қорытынды сөз сөйлеген кезде өз пікірін қағазға жазып қояды, реплика жасайды.

Ленин съезде Орталық Комитеттің саяси есебі жөнінде қорытынды сөз сөйлейді; соғыс және бітім туралы қарар талқыланғанда Л. Д. Троцкийдің түзетулеріне, К. Б. Радектің мәлімдемесіне, Г. Е. Зиновьевтің ұсынысына қарсы шығады. Съезд көпшілік дауыспен соғыс және бітім туралы Ленин жазған қарарды атап дауысқа қою жолымен қабылдайды.

Ленин партияның атын және партия программасын өзгерту туралы съезд қарарының жобасын жазады.

Ленин съездің бесінші (кешкі) мәжілісінде партия программасын қайта қарау және партияның атын өзгерту туралы баяндама жасайды, партияның атын және партия программасын өзгерту туралы қарардың өзі жазған жобасын съездің қарауына ұсынады. Ленин қарар жобасы талқыланғанда И. В. Мгеладзенің (Вардиннің), Ю. Лариннің, Р. А. Пельшенің және Н. И. Бухариннің ұсыныстарына қарсы шығады. Съезд Лениннің қарарын бірауыздан қабылдайды. Съезд Ленинді партия программасын жасау жөніндегі комиссияға сайлайды.

Партияның Орталық Комитетін сайлау туралы мәселе талқыланғанда Ленин сөз сөйлеп, «солшыл коммунистер» тобының Орталық Комитеттің құрамына кіруден бас тартуы туралы мәлімдемесін қабылдамауды ұсынады, партия бірлігінің мүддесі үшін мұндай бас тартуға принципті түрде жол беруге болмайтындығы туралы қарар жобасын енгізеді. Съезд бұл қарарды қабылдайды.

Съезд Ленинді партияның Орталық Комитетінің құрамына сайлайды.

8 және 18 март аралығында. Ленин ««Солшыл коммунистердің» іс-әрекеті туралы заметканы» жазады.

9 март. Ленин Халық Комиссарлары Советінің әскери орталық ұйымдастыру және армияны қайта құру жоспарын жасау үшін әскери мамандар комиссиясын құру туралы қаулысына қол қояды.

Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мәжілісінде Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезіне Петроград Советінің большевиктік фракциясынан делегат болып сайланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, бұл мәжілісте Петроград өнеркәсібін эвакуациялау туралы, бұрынғы ұлы князь М. А. Романовты және басқаларды Пермь губерниясына жер аудару туралы мәселелер, мұнай кәсіпшіліктерін национализациялау туралы декрет және басқа мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 10 март. Ленин Донецк-Кривой Рог Республикасын Украин Совет Республикасының автономиялық бөлегі деп тану және австро-герман оккупанттарының шапқыншылығына қарсы Россияның Оңтүстік Советтік республикаларының біртұтас жауынгерлік майданын құру туралы В. И. Межлаукпен және Ф. А. Сергеевпен (Артеммен) әңгімелеседі.

10 март. Совет үкіметінің Москваға көшуіне байланысты Ленин партияның Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің басқа мүшелерімен бірге кешкі сағат 10-да арнаулы поезбен Петроградтан Москваға жүріп кетеді.

11 март. Ленин Петроградтан Москваға бара жатқан жолда поезда отырып «Біздің дәуіріміздің басты міндеті» деген мақала жазады.

Ленин кешкі сағат 8 шамасында Москваға келіп, «Националь» қонақ үйіне орналасады.

12 март. Ленин Я. М. Свердловпен, Н. К. Крупскаямен және В. Д. Бонч-Бруевичпен бірге Кремльге (Троицк қақпасы арқылы) келеді, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советіне арналған сот мекемелері үйлерін, сондай-ақ тұрақты пәтер дайындалғанға дейін өзі тұратын Кавалерия корпусын да қарап шығады; Кремльді аралап көреді.

Ленин жұмысшы, шаруа және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің 1917 жылғы Февраль революциясының жылдығына арналған мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин бұрынғы Алексеев әскери училищесінің манежінде 1917 жылғы Февраль революциясының жылдығына арналған, 10 мың адам қатысқан митингіде ағымдағы кезең жөнінде сөз сөйлейді.

12 немесе 13 март. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінің коммунистік фракциясының мәжілісінде сөйлейтін сөзінің жоспарын жазады.

13 март. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінің коммунистік фракциясының мәжілісінде Брест бітім шартын бекіту туралы сөз сөйлейді.

13 немесе 14 март. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінде жасайтын баяндамасының жоспары мен Брест бітім шартын бекіту туралы қарардың жобасын жазады.

14 март. Ленин И. В. Сталинмен бірге Украина аймағының төтенше комиссары Г. К. Орджоникидзеге австро-герман әскерлерінің шапқыншылығына қарсы Россияның Оңтүстік Советтік республикаларының «біртұтас жауынгерлік майданын» құруға барлық шараларды қолданудың қажеттігі туралы хат жазады.

Ленин Қызыл Крестің американ миссиясының басшысы полковник Раймонд Робинсті қабылдайды, Робинс Ленинге Америка Құрама Штаттарының президенті В. Вильсонның Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезіне үндеуін тапсырады.

Ленин Вильсонның үндеуі жөнінде съезд қарарының жобасын жазады.

Ленин Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінің бірінші мәжілісіне қатысады. Съезд оны президиум құрамына сайлайды және Вильсонның үндеуі жөнінде Ленин жазған қарарды қабылдайды.

Ленин съезде бітім шартын бекіту туралы баяндама жасайды.

15 март. Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Украинадағы партиялық жұмыс және совет ұйымдарының

жағдайы туралы (Советтердің Украиндық съезін шақыру туралы, Россияның Оңтүстік Советтік республикаларының біртұтас қорғаныс майданын құру туралы, немістер таялып келген жағдайда Донбассты эвакуациялау туралы), партияның Орталық Органы «Правда» газетін шығаруды Москваға көшіру туралы, редакцияның құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезінің кешкі мәжілісінде бітім шартын бекіту туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді. Съезд көпшілік дауыспен (атап дауысқа қою арқылы) Брест бітім шартын бекіту туралы қарардың Ленин жазған жобасын бекітеді; қарардың бұл жобасы съездің коммунистік фракциясының атынан енгізілген еді.

15 март пен 8 апрель аралығында. Ленин халық ағарту комиссары А. В. Луначарскиймен әңгімелесіп, «монументтік насихат» идеясын—алаңдарда және басқа да көрнекі жерлерде революционерлерге, ғалымдар мен жазушыларға ескерткіштер орнату идеясын ұсынады және бұған таңдаулы мүсіншілерді, суретшілер мен жазушыларды тартуға кеңес береді.

Марттың екінші жартысы—апрельдің бірінші жартысы. Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақаланың жоспарын жасайды.

17 март. Ленин үкіметтің Орта Азия мен Баку губерниясындағы төтенше комиссары П. А. Кобозевтің Москвадан Бакуге жүріп кетуі алдында онымен әңгімеледі, жергілікті жерлерде Совет өкіметін орнату жөнінде қажетті шаралар қолдануы үшін оның мандатына қол қойып, табыс етеді, оған бакулік жолдастардың атына жазған өзінің хатын береді.

18 март. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің Электр техникасы бөлімі мен Шаруашылық саясаты комитетінің бірлескен мәжілісіне қатысады, мәжіліс Петроградты және Орталық өнеркәсіп ауданын электрлендіру мәселелеріне арналған еді; «Петроград пен Москваның өнеркәсібін электрлендіру туралы заметкаларды» жазады.

19 март. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, бұл мәжілісте Төтенше эвакуациялық комиссия туралы, Жоғары әскери совет туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 және 26 март аралығында. Ленин «Ағымға қарсы» деген жинаққа алғы сөз жазады.

21 март. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Республика темір жолдар басқармасы туралы мәселе талқыланғанда ол «Жолдарды басқаруды, күзетуді орталықтандыру және олардың тасымал қабілетін арттыру туралы декреттің» жобасын редакциялап, оны жақтап сөз сөйлейді. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде металдар мен әскери жарақтарды эвакуациялау туралы, Кооперативтік банк уставының жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

22 март. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің Шаруашылық саясаты комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Волхов су-электр станциясы құрылысының сметасы қаралады.

23 марттан ертерек. Ленин өздігінен оқып үйренген өнертапқыш, отандық тұңғыш тракторлардың бірінің конструкторы Я. В. Маминмен әңгімелеседі; Мамин Екатериненштадттағы (қазір Маркс қаласы, Саратов облысы) «Возрождение» ауыл шаруашылық машиналарын жасау заводында жұмыс істеген.

23 март. Ленин ағылшынның «Daily News» газетінің тілшісі А. Рансомға интервью береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. «Жолдарды басқаруды, күзетуді орталықтандыру және олардың тасымал қабілетін арттыру туралы декретті» өзгерту жөніндегі мәселе талқыланғанда Ленин декреттің текстіне түзетулер енгізеді және Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің өкілдері— солшыл эсерлермен айтыста темір жол транспортын басқаруда дара басшылық орнатылуының қажеттігін қорғайды.

23 және 28 март аралығында. Ленин стенограф Я. Хлебниковқа «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақаланың бастапқы нұсқасын ауызша айтып жаздырады.

24 март. Ленин Халық Комиссарлары Советі правосындағы Ерекше комиссияның мәжілісінде председательдік етеді, онда мақта программасы туралы, Түркістандағы суландыру және мелиорация жұмыстары туралы, азық-түлік тасуға арналған тар табанды темір жолдар туралы, өнеркәсіп орындарының сметаларын қараудың тәртібі туралы мәселелер талқыланады.

25 марттан ертерек. Ленин бір топ әскери тұтқын венгрлермен РКП(б) венгр тобын құру туралы және топтың «Әлеуметтік Революция» деген атпен газет шығаруы туралы келіс сөз жүргізеді.

25 март. Ленин Әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссариатының, Москва әскери округінің басшылары мен кейбір әскери мамандардың кеңесінде председательдік етеді, онда Қызыл Армияны ұйымдастыру және құру мәселесі талқыланады. Ленин өзінің сөйлеген сөзінде әскери мамандарды пайдаланудың қажеттігі туралы айтады, міндетті әскери міндеткерлік туралы, қатаң тәртіптің қажеттігі және әскери комиссарлар тағайындау тәртібін енгізу туралы мәселе қояды.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мәжілісіне қатысады, онда кооперация туралы мәселе талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; деревнямен товар айналымы үшін Азық-түлік халық комиссариатына қаржы бөлу туралы декреттің жобасы талқыланғанда сөз сөйлеп, декретте кулактарға қарсы күрес шараларын қарастырудың қажеттігін көрсетеді. Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Москва облыстық Халық комиссарлары советінің қызметін межелеу және үйлестіру жөніндегі комиссияны сайлау туралы да баяндама жасайды, өзі осы комиссияның құрамына сайланады.

26 март. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; су жолы транспортының басқармасы туралы қаулының жо-

басын жазады. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде деревнямен товар айырбасы туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

27 март. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мәжілісіне қатысады, онда еңбек міндеткерлігі туралы мәселе, металлургия және машина жасау өнеркәсібінің мемлекеттік-капиталистік тресін құру туралы бір топ инженерлер мен өнеркәсіпшілердің (А. П. Мещерский бастаған) ұсынысы, кооперация өкілдерімен келіс сөздер туралы хабарлама және басқа мәселелер талқыланады.

29 март. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жергілікті жер органдарының мұқтаждары үшін қаржы беру жөнінде Егіншілік халық комиссариатының өтініші туралы Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Комиссияның (Кіші Халық Комиссарлары Советінің) 1918 жылғы 28 марттағы қаулысы талқыланғанда Ленин жергілікті Советтер өз қаржысымен жұмыс істеуі мүмкін еместігін дәлелдеген жағдайда қарыз беруге рұқсат етуді ұсынады. Москва Советі президиумының председателі М. Н. Покровскийдің Москва облысында ақша знактарының тым тапшылығына байланысты үкіметтің кепілдігімен жергілікті қағаз ақшалар шығарудың қажеттігі туралы баяндамасы талқыланғанда Ленин бұл ұсынысқа қарсы шығып, Мемлекеттік қағаздар дайындау экспедициясының ақша знактарын шығаруын тездетуді жақтаған пікір айтады. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде «Балтық флотын басқару туралы уақытша ереженің» жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

30 март. Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Москвадағы партия және совет жұмысы туралы, кешкі газеттер — «Вечерняя Беднота» мен «Вечерняя Правданы» шығару туралы, Халық Комиссарлары Советі мен Москва облыстық Халық комиссарлары советінің өзара қарым-қатынасы туралы, Москва облыстық партия конференциясын шақыру туралы, Орталық Комитеттің жұмысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық ағарту комиссариатының сметасы талқыланғанда сөз сөйлейді. Юстиция халық комиссариаты ұсынған «Революциялық трибуналдар туралы декреттің» жобасы талқыланғанда Ленин декретті қайта өңдеуді ұсынады, осы мәселе жөніндегі қаулының жобасын және Юстиция халық комиссариаты коллегиясының мүшелеріне хат жазады, онда декрет жобасының түбегейлі түрде қайта жасалуын талап етеді.

31 март. Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда ескі мамандарды пайдалану туралы және жалпы саясаттың басқа да мәселелері талқыланады.

Марттың аяғы. Ленин сыртқы сауда саласындағы барлық шараларды жалпы мемлекеттік жоспармен үйлестіру және барлық жұмыстарды біріктіру үшін Халық шаруашылығы жоғары советінің Шаруашылық саясаты комитетінің жанынан құрылған Сыртқы сауда комиссиясының құрамына кіреді.

1 апрель. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мәжілісіне қатысады; еңбек тәртібі туралы ВЦСПС талдап жасаған қарар талқыланғанда сөз сөйлейді. Мәжілісте Тоқыма өнеркәсібі орталық комитеті (Центротекстиль) туралы ереже бекітіледі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мекемелер жұмысындағы параллелизмге қарсы күрес шараларын қолдану туралы, қызыл гвардияшыларды жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

2 апрель. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда немістердің Харьковке шабуыл жасауы себепті украин Орталық радасымен бітім жөнінде дереу келіссөздер бастау туралы, Эвакуация жөніндегі Бүкіл россиялық орталық комиссияны ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

3 апрель. Ленин Архангельск губерниялық атқару комитетінің председателі А. Поповпен Архангельскідегі істің жайы туралы және губерния-

лық атқару комитетінің жұмысы туралы әңгімелеседі, интервенттер тарапынан қауіп төнген жағдайда Двинаның сағасына мина қоюға кеңес береді және оны Архангельск үшін ағаш ағызуға және басқа жұмыстарға қаржы беру қаралатын Халық Комиссарлары Советінің кезекті мәжілісіне шақыруға уәде етеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Украина Халықтық секретариаты Тотенис өкілдігінің декларациясы туралы қарар және Советтердің Бүкіл украиндық II съезінің Украин халық республикасын дербес Федерациялық Советтік Республика деп жариялау туралы қаулысы қабылданады.

4 апрель. Ленин партияның Орталық Комитеті Бюросының мәжілісіне қатысады, онда украин Орталық радасымен келіс сөздер туралы, «солшыл коммунистерді» практикалық жұмысқа тартудың мүмкіндіктері жөнінде олармен кеңес өткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті мүшелерінің «солшыл коммунистер» тобымен бірлесіп өткізген кеңесіне қатысады, онда «солшыл коммунистердің» ағымдағы кезең туралы тезистері талқыланады. Ленин мәжілісте мемлекеттік капитализм туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді, трестерді ұйымдастырушылардың тәжірибесін пайдаланудың қажеттігін атап көрсетеді, темір жолдарды басқаруды орталықтандыру туралы декреттің маңызын сипаттайды, Совет өкіметінің міндеттері туралы өзінің тезистерін таяу арада жариялауға уәде береді.

5 апрель. Ленин былғарышылар одағының делегациясын қабылдайды; одақ былғары өңдеу ісі жөніндегі аудандық комитеттерді олардағы орынның $^2/_3$ бөлігін жұмысшыларға, $^1/_3$ бөлігін өнеркәсіпшілер өкілдеріне беру негізінде қайта құруға жәрдем көрсетуді өтінген еді.

Ленин С. Н. Сулимовтың пәтеріне, Архангельск губерниялық атқару комитетінің председателі А. Поповқа телефон соғып, оны кешкі сағат 7-ге Халық Комиссарлары Советінің мәжілісіне шақырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Архангельск губерниялық атқару комитетіне қаржы беру туралы мәселе талқыланғанда ол қаулының мынадай жобасын ұсынады: «Біздің ақша знактары запасын ұлғайтуымызға қарай, Архангельск Советінің талабын қанағаттандыруды ұсынып, 20 миллион сом беру жөнінде Петроград банкінің шешімі бекітілсін»; Халық Комиссарлары Советі бұл жобаны қабылдайды. Ленин Луганск қаласы мен оның төңірегіндегі жұмысшылар делегациясының Мемлекеттік банктің Луганск бөлімшесіне ақша знактарын беру туралы өтінішін қолдайды. Мәжілісте Николаев қаласында қолға түскен совет кемелерін босату жөнінде орталық державалар үкіметтерімен келіс сөздер жүргізуді бастау туралы Теңіз істері жөніндегі халық комиссариаты коллегиясының ұсынысы және басқа мәселелер де талқыланады.

6 апрель.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Соғыс тұтқындары ісі жөніндегі жоғары совет құру туралы декреттің жобасы талқыланғанда Ленин соғыс тұтқындарын эвакуациялау және айырбастау ісін біріктіру және тәртіпке келтіру үшін комиссия құру туралы қаулының жобасын жасады; Халық Комиссарлары Советі жобаны негіз етіп қабылдайды. Ленин Румын майданындағы төтенше комиссар солшыл эсер В. Б. Спироның қызмет бабын пайдаланып қылмыс жасағаны үшін оны қамауға алу туралы өзінің жарлық бергені жөнінде кезектен тыс мәлімдеме жасайды. Мәжілісте әскери ведомствоның қарамағына жататын, Финляндияда тұрған сауда кемелерін құтқару туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

7 апрель.

Ленин партияның Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады; Орталық Комитеттің жалпы саясаты талқыланғанда кіріспе сөз сөйлейді, халық шаруашылығының түрлі салаларында буржуазиялық мамандарды пайдаланудың қажеттігі туралы, революцияның жаңа кезеңі, т. б. туралы айтады. Пленум Ленинге ағымдағы кезеңнің міндеттері туралы тезистер дайындауды тапсырады.

Ленин Грузия меньшевиктік үкіметінің 1918 жылғы 23 февральда, Закавказье сеймі шақырылатын күні, Тифлисте жұмысшылар митин-

гісіне оқ атуына қарсы наразылық білдіру жөнінде бұрынғы Алексеев әскери училищесінің манежінде болған митингіде сөз сөйлейді.

Ленин Иркутскіге, Сибирь Советтері Орталық Атқару Комитетіне (Центросибирь) телеграмма жазып, жапондардың шабуыл жасау мүмкіндігі себепті қорғанысты ұйымдастыру мәселелері жөнінде Владивосток Советіне директивалар береді.

8 апрель. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда армияны ұйымдастыру туралы ереженің жобасы, Брест шартын жүзеге асыруға әзірлік үшін ведомство аралық кеңес шақыру туралы, Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 8 апрель. Ленин «Шаруашылық және әсіресе банк саясатының негізгі ережелерін» жазады.

Ленин Совет үкіметінің банк саясатын талқылауға арналған кеңесте председательдік етеді, «Кеңес қаулысының нобайын», «Банк саясаты тезистерін» және «Банктерде ақшаны күштеп ұстау туралы» заметканы жазады.

9 апрельден ертерек. Ленин академик С. Ф. Ольденбургті және Петроградтан келген басқа академиктерді қабылдайды, олармен Ғылым академиясының Советтік Россияның табиғи байлықтарын зерттеу туралы қаулысы жөнінде, әр түрлі ғылыми проблемалар және Ғылым академиясы жүргізіп жатқан немесе белгілеп отырған практикалық жұмыстар жөнінде әңгімелеседі.

9 апрель. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Кооперация туралы мәселе талқыланғанда ол өзінің сөйлейтін бір сөзінің жоспарының нобайын жазады, төрт рет сөз сөйлейді, жекелеген шешендердің сөйлеген сөздерін жазып алады. Мәжілісте Оңтүстік ауданның төтенше комиссариатын құру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

10 апрель. Ленин Москвадағы американ өкілінің жапон әскерлерінің десанты Владивостокқа ағылшын және американ адмиралдары мен елшілеріне хабарланбай түсірілді, ал «бұл қадамның өзі

жапон азаматтарының өмірі мен мүліктерін қорғау үшін ғана жасалып отыр» деген ресми хабарымен танысқан соң, бұл жөнінде баспасөзде хабарлауға және бұлайша түсіндіруді мысқылдап сынауға нұсқау береді.

Ленин сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г. В. Чичеринмен әңгімелесіп, оған Москвадағы американ өкілінің жапон әскерлерінің Владивостокқа десант түсіруінің себептері туралы екіжүзді мәлімдемесіне жартылай дипломаттық, жартылай кекесінді жауап беруді ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Волга сауда флотына қаржы беру туралы мәселе талқыланғанда Ленин қаулы жобасына түзету енгізеді, берілетін қаржының жұмсалу процентін жазып алады, апта сайын есеп беріп отыру туралы ұсыныстың нобайын жасайды; қаулы қабылданғаннан кейін оған қол қояды. Ленин буржуазиялық кооператорлар ұсынған кооперация туралы декреттің жобасын редакциялайды, оған түзетулер енгізеді, толықтырады. Мәжілісте национализацияланған кәсіпорындар мен секвестр салынған кәсіпорындар арасында озара есеп айырысу туралы, аванс беру тәртібі туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер де талқыланады.

11 апрель. Ленин ВЦСПС-тің, Металлистер кәсіподағы орталық комитетінің, Халық шаруашылығы жоғары советінің, аса ірі кәсіпорындар мен инженерлік күштер өкілдерінің біріккен мәжілісінде сөз сөйлеп, барлық трестендірілген кәсіпорындарды толық национализациялауды және буржуазиялық мамандарды мемлекетке қызмет етуге тартуды талап етеді.

12 апрель. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда патшаларға орнатылған ескерткіштерді жою туралы, олардың орнына революциялық ескерткіштер орнату туралы, Халық ағарту комиссариаты мен Республика мүліктері халық комиссариатын біріктіру туралы, Советтік Россияның табиғи байлықтарын зерттеу жөнінде жұмыс жүргізу жайында Ғылым академиясының ұсынысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 апрель. Ленин Дон республикасы Советтерінің I съезінің 1918 жылы 12 апрельде қабылданған қарарымен танысып шығып, съезд президиумына құттықтау телеграмма жазады.

Ленин патшалар мен олардың қызметшілерінің құрметіне орнатылған ескерткіштерді алып тастап, «Россия социалистік революциясының ұлы күндерін бейнелеуге тиісті» ескерткіштердің жобаларын жасау туралы декретке — Халық Комиссарлары Советінің «Республика ескерткіштері туралы» декретіне қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Мурманды қорғау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 және 26 апрель аралығында. Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақала жазады.

15 апрель. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мәжілісіне қатысады. Рыбинск халық шаруашылығы советінің іс басқарушысы инженер Н. И. Дыренковтың Рыбинскінің шаруашылық жағдайы туралы баяндамасынан кейін Ленин Рыбинск қаласына тез арада қарыз беруді ұсынады.

16 апрель. Ленин акцияларды, облигацияларды және басқа да процент алатын қағаздарды тіркеу туралы Халық шаруашылығы жоғары советі дайындаған декреттің жобасын редакциялап, оған толықтыру енгізеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда радиотелеграф станцияларын Почта және телеграф халық комиссариатының қарамағына беру туралы мәселе, «Совет Республикасының почта-телеграф ісін басқаруды ұйымдастыру туралы Халық Комиссарлары Советі декретінің» жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

17 апрель. Ленин Советтік Россияның қант өнеркәсібі өкілдері съезінің делегациясын қабылдайды, қант өнеркәсібінің жағдайы туралы баяндаманы тыңдап, қант өнеркәсібінің жағдайы Халық Комиссарлары Советін алаңдатып отыр-

ғанын және оны өркендетуге барлық шараларды қолданатынын хабарлайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжіліске қатысушылар Ленинді оның Апрель тезистерін жазғанына бір жыл толуына байланысты құттықтайды. Шаруаларға қант қызылшасын егуге несие беруге қаржы бөлу туралы мәселені талқылау кезінде Ленин осы мәселе жөніндегі қаулының текстін жазады. Мәжілісте баспасөз туралы мәселе, өртпен күресудің мемлекеттік шараларын ұйымдастыру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

18 апрель. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысып, финанс мәселесі жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Акцияларды, облигацияларды және басқа да процент алатын қағаздарды тіркеу туралы декреттің жобасын талқылау кезінде Ленин оны редакциялайды, түзетулер мен толықтырулар енгізеді, тақырыбын жазады және декреттің жобасы қабылданғаннан кейін оған қол қояды.

18 және 25 апрель аралығында. Ленин «Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының нобайын» жазады.

19 апрель. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Халық Комиссарлары Советі мен Москва облыстық Халық комиссарлары советінің арасындағы өзара қарым-қатынас туралы мәселе талқыланған кезде ол Бүкіл россиялық және Москва Халық комиссарлары советтерінің функциялары мен праволарын дәл межелеу үшін комиссия құру туралы өзінің «Халық Комиссарлары Советі қарарының жобасын» жазады. Мәжілісте Бүкіл россиялық эвакуациялық комиссия құру туралы декреттің жобасы, барлық сметаларды Халық шаруашылығы жоғары советінің алдын-ала қарауына беру туралы, Медицина коллегиясы советінің жанынан туберкулезге қарсы күресу бөлімін құру туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

20 апрель. Ленин Рыбинск халық шаруашылығы советінің іс басқарушысы инженер Н. И. Дыренков-

пен Республиканың экономикалық жағдайы, Рыбинскідегі өнеркәсіптің халі және халық шаруашылығы советінің шаралары туралы әңгімелеседі. Ленин Дыренковқа берген нұсқауында Рыбинск халық шаруашылығы советінің шараларын мақұлдайтыны туралы жазады және «бұл салада бұрынғыдан да жігерлі жұмыс істеп, ең жақсы табыстарға жетуге» тілектестік білдіреді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Шымтезек өндіру туралы декреттің жобасы талқыланған кезде ол шымтезек өндірумен шұғылданатын мекемелерді орталықтандыру туралы ұсыныс жасап сөз сөйлейді; сондай-ақ, соғыс тұтқындары туралы декреттің жобасы талқыланғанда және Мемлекеттік бақылау халық комиссариатының коллегиясындағы жанжал туралы мәселе қаралғанда сөз сөйлейді.

22 апрельден ертерек.

Ленин герман елшісі В. Мирбахтың Москваға келетініне байланысты сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г. В. Чичеринге записка жазып, оған РСФСР Конституциясын түсіндіргенде елшілер өздерінің сенім грамоталарын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателіне тапсыруға тиіс екенін ұғатындай етіп түсіндіру қажеттігін айтады.

22 апрель.

Ленин неміс және австриялық соғыс тұтқындары-интернационалистермен (Я. Эккертпен және басқалармен) әңгімелесіп, Эккертке мандат жазады; мандатта Эккертті өзінің білетінін растап, барлық совет және партия органдарынан оған қолдау жасап, көмек көрсетуді өтінеді.

Ленин Түркістан өлкесі Советтерінің өлкелік V съезінің құттықтауына жауап ретінде И. В. Сталинмен бірге Түркістанның советтік негізде автономия болуы туралы съезд шешімдерін Халық Комиссарлары Советінің қолдайтыны жөнінде телеграмма жібереді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Украинамен келіс сөздер туралы мәселелер, сыртқы сауданы национализациялау туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Әскери істер жөніндегі халық комиссариатына, Халық Комиссарлары Советінің 22 апрельде 23 сағатта қабылдаған шешіміне сәйкес, Харьков губерниясының шығыс шекарасын, әсіресе Чертково станциясын шабуылға шыққан неміс әскерлері мен гайдамактардан қорғау үшін барлық шараларды дереу қолдану жөніндегі жарлыққа қол қойды.

Ленин «Сыртқы сауданы национализациялау туралы декретке» қол қояды.

23 апрель. Ленин Москва Советінің мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин жұмысшы әйелдердің Москва облыстық конференциясында қысқаша сөз сөйлеп, конференцияны Халық Комиссарлары Советінің атынан құттықтайды, Совет Республикасының сыртқы және ішкі жағдайын сипаттап береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда ауыл шаруашылығын өндіріс құралдарымен және металдармен жабдықтау туралы декреттің, «Темір жол-су жолы аралас тасымалы жөніндегі комиссия туралы ереженің», Тұтқындар мен босқындар ісі жөніндегі орталық коллегия туралы декреттің жобалары, Түркмен өлкесіндегі мелиорация мен мақта сатып алуға бақылау жасауға қажетті сметаны бекіту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 апрель. Ленин Царицын қару-жарақ заводы жұмысшыларының делегациясымен заводты бейбіт өндіріске көшіру туралы әңгімелесіп, заводтағы жағдай, оның мұқтаждары туралы ойларын жазып қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мұрагерлікті жою туралы декреттің жобасы, соғыс тұтқындары туралы істер жөніндегі коллегияның баяндамасы, ауыл шаруашылығын өндіріс құралдарымен және металдармен жабдықтау туралы мәселе (23 апрельде қабылданған декреттің жобасына түзетулер) талқыланады.

26 апрельден ертерек.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің правосы бар Ерекше комиссияның жұмысына қатысады, комиссия Түркістандағы 1918 жылғы суландыру жұмысына қаржы беру туралы декреттің жобасын бекітеді.

26 апрель.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде «Совет өкіметінің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы тезистер» туралы баяндама жасайды, мәжілісте Ленин жазған тезистер талқыланып, қабылданады. Орталық Комитет тезистерді «Известия ВЦИК», «Правда» газеттеріне қосымша түрінде және жеке кітапша етіп жариялауға қаулы алады, Ленинге қарар ретінде тезистердің қысқаша мазмұнын әзірлеп, 1918 жылғы 29 апрельде Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы баяндама жасауды тапсырады. Партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде партияның Орталық Комитетінің баспа істері Бас басқармасын және бірінші май ұрандарын бекіту туралы, «Правда» газеті туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Архивтер мен кітапханалардың орталық басқармасын ұйымдастыру туралы, сондай-ақ Россиядағы революциялық қозғалыс тарихының архиві мен кітапханасын құру туралы, Қамқорлық жөніндегі халық комиссариатын Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаты деп атау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

27 апрель.

Ленин А. Гомбергпен әңгімелеседі, Америка мен бүкіл дүние жүзінің жұртшылық пікірін хабардар ету үшін Гомбергтің Октябрь революциясы туралы басылған материалдардың бәрін жинауына көмектесуді өтініп, Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Баспасөз бюросының меңгерушісі Т. Л. Аксельродқа записка жазады.

Ленин Астрахань Советіне жіберілетін телеграммаға қол қояды, онда Ембі мұнай кәсіпшіліктеріндегі жұмыстың тоқтатылу себептері туралы, қолданылған шаралар туралы және орталық тарапынан қандай көмек қажеттігі туралы сұралады.

Ленин Украинамен бейбіт келіс сөздер жүргізетін РСФСР делегациясының мүшелері мен Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты өкілдерінің кеңесіне қатысады; бұл кеңес Украинамен бітім шартын жасасу негіздері туралы мәселеге арналған еді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Солтүстік ауданда 1918 жылы шымтезек өндіруге әзірлік және оны өндіру жөніндегі жұмыстардың сметасы, Халық шаруашылығы жоғары советінің Мемлекеттік құрылыстар комитеті мен қоғамдық жұмыстары туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

28 апрель. Партияның Орталық Комитетінің шешімі бойынша «Правда» газетінде және «Известия ВЦИК» газетінің 85-номеріне қосымшада Лениннің «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» («Совет өкіметінің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы тезистер») деген мақаласы жарияланады.

29 апрель. Ленин Украин Халық Республикасымен келіс сөздер жүргізу үшін Курскіге барған РСФСР бітім делегациясының председателі И. В. Сталинмен тікелей провод арқылы сөйлеседі.

Ленин Каспий әскери флотилиясының өкілі В. И. Бойцовпен Балтықтан Каспий теңізіне Бакуді қорғау үшін төрт миноносец және күшейтілген жаяу әскер отряды мен артиллерия жеткізу туралы әңгімелеседі; Баку Халық Комиссарлары Советінің председателі С. Г. Шаумянның Бакудегі саяси жағдай туралы хабарлап, ақша, радиостанция және әдебиет жіберуді өтініп 13 апрельде жазған хатын оқиды, С. Г. Шаумян жіберген қағаздар мен газеттерді қарап шығады; Бойцовқа мандат және Әскери-теңіз халық комиссариатына Бакуді қорғау үшін жедел шаралар қолдануды өтініп хат жазады.

Ленин С. Г. Шаумянға телеграмма жазып, онда Шаумянның Астрахань немесе Кушка мен Ташкент арқылы тікелей проводпен Бакудегі жағдай туралы хабарлауын өтінеді.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысып, Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы баяндама

жасайды, өзінің қорытынды сөзінің жоспарын жазып, қорытынды сөз сөйлейді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Ленин жасаған баяндаманың негізгі қағидаларын мақұлдай отырып, Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына баяндамашымен бірлесе отырып, «баяндаманың негізгі қағидаларын қысқа тезистер түрінде редакциялауды және ол тезистерді Совет өкіметінің негізгі міндеттері ретінде жариялауды» тапсырған шешім қабылдайды.

29 апрель мен 3 май аралығында. Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы алты тезис» жазады.

30 апрель. Ленин Жаңа Дүние мен Ескі Дүниенің барлық елдерінде пролетарлық демократия орнайтынына сенім білдіріп, Қызыл Кресттің американ миссиясының басшысы полковник Раймонд Робинске хат (ағылшын тілінде) жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Германия оккупациялаған облыстардағы үкімет мекемелерінің жағдайы, «Сый тарту туралы декреттің», «Теңіз істері жөніндегі халық комиссариатының коллегиясы туралы уақытша ереженің» жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

Апрельдің аягы Ленин американ социалист-журналисі Роберт Майнормен Америка Құрама Штаттарының жұмысшы табы мен кәсіподақтарының Россиядағы Октябрь революциясына көзқарасы туралы, Европадағы революцияның келешегі туралы және шетелден сенімді хабарлар алуды ұйымдастыру туралы әңгімелеседі.

Ерте дегенде апрель. Ленин Москва губерниялық Советінің өкілі Т. В. Сапроновпен Москва губерниясындағы азық-түлік жағдайының ауырлығы туралы әңгімелесіп, бұл туралы азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаға записка жазады.

Майдың басы. Ленин Украина Орталық Атқару Комитеті 18 апрельде Украина Совет үкіметінің мүшелерімен Таганрогта құрған советтік көтеріліс орталығының өкілдерімен әңгімелеседі.

Ленин финн социал-демократиясының басшылары О. В. Куусиненмен және К. Маннермен Финляндиядағы революциялық қозғалыстың мәселелері жөнінде әңгімеледеді.

1 май. Ленин Қызыл алаңда, 1 Майға арналған митингіде демонстранттар алдында құттықтау сөз сөйлейді.

Ленин Сущево-Марьино ауданының жұмысшы-демонстранттары алдында 1 Май мейрамының маңызы туралы қысқа сөз сөйлейді.

Ленин Ходынка алаңында әскер бөлімдерінің парадына қатысады.

Ленин Я. М. Свердловпен бірге латыш атқыштары мен Кремль қызметкерлерінің митингісіне қатысып, қысқаша сөз сөйлейді, онда бұрын өзінің 1 Майды қандай жағдайларда мейрамдауына тура келгендігін әңгімелеп береді.

2 май. Ленин Мурман өлкесінің өкілдерімен әңгімелесіп, Халық шаруашылығы жоғары советіне және Ішкі істер халық комиссариаты мен Финанс халық комиссариатына ол өкілдерді дәл сол күні қабылдауды өтініп хат жазады.

Ленин Украин Халық Республикасымен бітім жөнінде келіс сөз жүргізетін РСФСР делегациясының председателі, Курскіде жүрген И. В. Сталинмен тікелей провод арқылы сөйлеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қант өнеркәсібін национализациялау туралы, Мурман өлкесін өркендету туралы, егіс көлемін ұйымдастыру жөніндегі бөлім туралы және басқа мәселелер талқыланады.

3 май. Ленин солшыл эсерлердің Егіншілік халық комиссариатына басшылық етуге дәмеленуіне байланысты комиссариат коллегиясының мүшелері — большевиктермен өткізілген кеңеске қатысады, кеңес қаулысының жобасын, кеңестің атынан партияның Орталық Комитетіне мәлімдеме жобасының I және II пункттерін жазады.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Ленин жазған «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы

алты тезис» талқыланып, аздаған түзетулермен біраУыздан қабылданады. Мәжілісте солшыл эсерлердің Егіншілік халық комиссариатын толық өздерінің қарамағына беру туралы мәлімдемесіне байланысты Лениннің комиссариат коллегиясының мүшелері — большевиктермен кеңес өткізгені туралы хабарланады. Сондай-ақ мәжілісте дербес украин Коммунистік партиясын құру туралы мәселе мен партия ұйымдарын ныгайту туралы мәселе жөнінде Москваның партия қызметкерлерімен кеңес өткізу туралы мәселе талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда ашаршылыққа ұшыраған 12 губернияның өкілдеріне Уфа губерниясынан өз беттерімен астық дайындап, жөнелтуге рұқсат ету туралы мәселе, Россияның Қызыл Крест қоғамын қайта құру туралы декрет және басқа мәселелер талқыланады.

4 май. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы алты тезисте» Ленин баяндаған қағидаларды басшылыққа алу жөнінде барлық Совдептерге берілген жарлықты бекітеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда «Революциялық трибунал туралы декреттің» жобасы, Революциялық трибунал жанындағы Москва тергеу коллегиясының төрт мүшесінің парақорлығы туралы іс жөнінде Москва революциялық трибуналының үкімі жайында Н. В. Крыленконың кезектен тыс хабарламасы, әскери округтер құру және округтік комитеттерге әскери басшылар тағайындау туралы декрет, Мурман темір жолындағы жағдай туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетіне парақорлық туралы іс жөнінде жұмсақ үкім шығарумен шектелген судьяларды партиядан шығару жайында күн тәртібіне мәселе қоюды өтініп хат жазады.

5 май. Ленин ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген мақала жазады.

6 май. Ленин Ильинское селосына, дачада демалу үшін профессор В. А. Обухқа барады, кешкісін Усово селосы мен Новая Жуковка деревнясының арасындағы орманда аң аулайды.

Ленин партияның Орталық Комитетінің шұғыл шақырылған мәжілісіне қатысады, онда Ино фортын буржуазиялық Финляндияға беруді талап еткен Германиямен қатынастың шиеленісуіне, сондай-ақ Мурманскіде ағылшын десантының, Қиыр Шығыста жапон десантының түсірілуіне байланысты Советтік Россияның халықаралық жағдайы туралы мәселе талқыланады. Ленин «Халықаралық жағдай туралы мәселе жөніндегі РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысының» жобасын жазады, бұл жоба бірауыздан қабылданады, сонымен бірге ол Украинамен бітім жөнінде келіс сөздер жүргізіп жатқан РСФСР делегациясына осы оқиғалар туралы хабарланған радиотелеграмманың жобасын жазады.

6 және 10 май аралығында. Ленин қазіргі саяси жағдай туралы тезистердің жобасын жазады.

7 май. Ленин Великобританияның Советтік Россиядағы дипломатиялық өкілі Р. Локкартты қабылдайды.

8 май. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаның баяндамасы талқыланған кезде Ленин «Азық-түлік диктатурасы туралы декреттің негізгі ережелерін» жазады. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде «Парақорлық туралы декреттің» жобасы, шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы заңның жүзеге асырылуы жөніндегі мәселе және басқа мәселелер де талқыланады.

9 май. Ленин И. И. Скворцов-Степановқа пәтеріне барып жолығады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; деревня кедейлерінің кулактарға қарсы, астық үшін күресіне көмекке жұмысшыларды мобилизациялау туралы қаулының жобасын жазады,

жобаға толықтырулар мен түзетулер енгізеді. В. П. Ногиннің жалпы саяси жағдай туралы сұрау салуын талқылауға байланысты Халық Комиссарлары Советі Лениннің хабарламасын тыңдауға шешім қабылдайды. Мәжілісте азық-түлік жөніндегі халық комиссарының төтенше уәкілдігі туралы декреттің жобасы, Халық шаруашылығы жоғары советінің Мемлекеттік құрылыстар комитеті туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

10 май. Ленин Путилов заводының (қазір Киров заводы) сатып алу комиссиясының председателі А. В. Ивановпен Петроградтағы азық-түлік жағдайының ауырлығы туралы әңгімелесіп, елде азық-түлік ісін жолға қою үшін Совет үкіметінің батыл шаралар қолданатынын Петроград жұмысшыларына жеткізуді өтінеді. Ленин азық-түлік отрядтарының уәкілдігі туралы қысқаша мәлімдемені — *«Питерде оқылатын* мәлімдемені» Ивановқа беруді өтініп, азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаға хат жазады.

Ленин Батыс-Сибирь өлкесі Халық шаруашылығы советінің председателі П. И. Воеводинмен Сибирьдегі халық шаруашылығының жағдайы және оны өркендетудің перспективалары туралы әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Сибирьдің халық шаруашылығын тәртіпке келтіру және оны өркендету жөніндегі шаралар туралы декрет, Су жолы бойындағы мемлекеттік құрылыстар комитетінің сметасы және басқа мәселелер талқыланады.

10 және 13 май аралығында. Ленин Татар-Башқұрт республикасы Советтерінің Құрылтай съезін шақыру жөніндегі кеңестің қатысушыларымен әңгімеледеді, бұл әңгімеде Я. М. Свердлов пен И. В. Сталин де болады.

11 май. Ленин Қара теңіз флотын Новороссийскіден Севастопольге қайтару туралы немістердің үзілді-кесілді талап қоюына байланысты Сыртқы істер халық комиссариаты нотасының жобасын — «Қырымды оккупациялауға

қарсы герман үкіметіне наразылықты» жазады.

Ленин Қызыл Кресттің американ миссиясының басшысы полковник Раймонд Робинс Америка Құрама Штаттарына жүріп кетер алдында онымен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда ормандар туралы декрет және басқа мәселелер талқыланады.

12 немесе 13 май. Ленин «Қазіргі саяси жағдай туралы тезистерді» жазады.

Ленин Москва губерниялық азық-түлік съезінің окілдерімен әңгімелеседі.

13 май. Ленин барлық жергілікті Советтерге Қызыл Армияның құрылуы туралы телеграммаға қол қояды.

Ленин «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің азық-түлік жөніндегі халық комиссарының тотенше уәкілдігі туралы декретке» қол қояды.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда оның өзі жазған «Қазіргі саяси жағдай туралы тезистер» бекітіледі. Ленин тезистер туралы баяндама жасайды. Орталық Комитет ол тезистерді Москва жалпы қалалық партия конференциясына қарар ретінде ұсынуға шешім қабылдайды. Конференцияда, сондай-ақ Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Москва Советінің біріккен мәжілісінде партияның Орталық Комитетінен баяндамашы болу Ленинге тапсырылады. Мәжілісте Татар-Башқұрт республикасы Советтерінің Құрылтай съезін шақыру жөніндегі кеңес туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

Ленин Москва жалпы қалалық партия конференциясында қазіргі саяси жағдай туралы баяндама жасайды, Н. И. Бухариннің қосымша баяндамасы мен кейбір шешендердің создері жөніндегі пікірлерін жазып алады,

қорытынды сөздің жоспарын жасап, одан соң қорытынды сөз сөйлейді.

14 май. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Москва Советінің біріккен мәжілісінде сыртқы саясат туралы өзі жасайтын баяндаманың жоспарын жасайды.

Ленин Баку Советінің председателі С. Г. Шаумянға жазған хатында оның берік және батыл саясатына қанағаттанғандық білдіреді, «мұнымен сақ дипломатияны, сөзсіз қазіргі аса қиын жағдайдан туған дипломатияны ұштастыра» білуге кеңес береді.

Ленин сауда және өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары М. Г. Бронскийге записка жазып, онда Россия мен Германия арасындағы экономикалық қатынастарды жаңғырту жөніндегі орыс-герман сауда комиссиясының мәжілісінде 1918 ж. 15 майда совет өкілдерінің сөз сөйлеу тәртібі туралы нұсқау береді.

Ленин Қызыл Кресттің Россиядағы американ миссиясының басшысы полковник Раймонд Робинске хат жазып, онда «Советтік Россия мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы экономикалық қатынастарды дамытудың Халық шаруашылығы жоғары советі жанындағы Сыртқы сауда жөніндегі комиссия талдап жасаған жоспары» алдын ала әзірленіп, хатқа қоса салынып отырғанын айтады және бұл жоспар Робинс Америка Құрама Штаттары сыртқы істер министрлігінде және экспорт жөніндегі американ мамандарымен әңгімелескенде оған пайдасын тигізер деген үміт білдіреді.

Ленин өзінің 1914 жылы Гранат Энциклопедиялық сөздігіне арнап жазылған және «Прибой» баспасында жеке кітапша болып шығарылғалы жатқан «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласының гранкаларын қарап шығып, кітапшаға алғы сөз жазады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, кәсіптік одақтар мен завод комитеттері өкілдерінің біріккен мәжілісінде сыртқы саясат туралы баяндама жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда «Ормандар туралы негізгі заңның» жобасы, Солтүстік облысты қаржымен қамтамасыз ету туралы декрет, Юстиция халық комиссариатының заң жобаларын әзірлеу және кодификация бөлімі туралы ереже және басқа мәселелер талқыланады.

15 май. Ленин сауда және өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары М. Г. Бронскиймен дәл сол күні болғалы отырған орыс-герман сауда комиссиясының мәжілісі туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі, оның мәжілісте жасайтын баяндамасының негізгі қағидаларын оқып, мақұлдайды.

Ленин РКП(б) Москва облыстық конференциясында ағымдағы кезең туралы баяндама жасайды және баяндама бойынша қорытынды сөз сойлейді. Ленин жазған «Қазіргі саяси жағдай туралы тезистер» көпшілік дауыспен негізге алынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда шетелдік вкладчиктері бар орыс банктерін национализациялау туралы, шетелдіктердің ағымдағы счеттары мен сейфтерінен ақша және бағалы заттарды берудің тәртібі туралы, немістер мен ағылшындарға платина сату туралы, Совет өкіметін ресми түрде танымаған капиталистік елдермен концессиялық шарттар жасасу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 май. Ленин уақытша бітім жасасып, демаркациялық шепті белгілеу үшін Оңтүстік-Шығыс (Дон) майданға парламентерлер жіберу жөнінде Жоғары әскери советке жарлық жазады.

Ленин Москвадағы герман елшісі граф В. Мирбахты қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Сибирьдегі азық-түлік жөніндегі төтенше комиссар А. Г. Шлихтердің жаңа уәкілдігі туралы декреттің жобасын талқылауға ұсынады. Мәжілісте әрбір халық комиссарына Халық Комиссарлары Советінің мәжілістері протоколдары-

ның көшірмесін беру туралы, Халық Комиссарлары Советінің протоколдарын жариялау туралы, мұнай туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

17 май. Ленин «Біздің дәуіріміздің басты міндеті» деген кітапшаға алғы сөз жазады; кітапшаға оның «Біздің дәуіріміздің басты міндеті» және ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген екі мақаласы енген еді.

Ленин национализацияланатын металл өңдеу кәсіпорындары өкілдерінің конференциясында сайланған жұмысшы делегациясымен әңгімелеседі. Әңгіме үстінде Ленин Сормово заводы туралы, Урал туралы, Златоуст заводы және басқа кәсіпорындар туралы пікірлерін жазып отырады.

Ленин «Национализацияланатын кәсіпорындар өкілдерінің конференциясына хат» жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда «Еңбек инспекциясын құру туралы декреттің» жобасы (8—17-пункттер), национализацияланған немесе секвестр салынған кәсіпорындарға аванс беру туралы мәселе, «Мұнай бас комитетін құру туралы декреттің» жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

17 немесе 18 май. Ленин Советтердің финанс бөлімдері өкілдерінің Бүкіл россиялық I съезінде сөйлейтін сөзінің жоспарын жазады.

18 май. Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, мәжілісте Австриядан Украинаға өтіп келіп, ол жерде герман әскерлері қоршауға алған поляк корпусы туралы, Татар-Башқұрт республикасы Советтерінің Құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі кеңестегі большевиктік фракцияның кеңеспен және И. В. Сталинмен таласы туралы, «Правда» мен «Беднота» редакцияларының құрамы туралы, партия ұйымдары мен партия мүшелерінің қызметін жандандыру туралы, Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы мәселелер талқыланады.

Ленин Советтердің финанс бөлімдері өкілдерінің Бүкіл россиялық I съезінде елдің фи-

нанс жағдайы туралы және Совет үкіметінің шаралары туралы баяндама жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда советтік ревизия туралы декрет, «Су транспортын басқару органдарын қайта құру туралы қаулының» жобасы, көмірді бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 және 21 май аралығында. Ленин салықтар туралы мәселе жөнінде түсінік алмақшы болған А. Е. Аксельродпен әңгімелеседі, бұл мәселе Лениннің Советтердің финанс бөлімдері өкілдерінің Бүкіл россиялық I съезінде жасаған баяндамасында көтерілген болатын.

19 май. Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда күштерді бөлу туралы, Финляндия туралы, Петроград туралы, дін басыларының үгіті туралы, Советтер съезі туралы, әскери кеңес туралы, Москва қалалық партия конференциясы туралы, Революциялық трибуналдың қызметі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин доктор Н. В. Соловьевтің бұрынғы имениесі Мальцево-Бродовоға барып, онда екі сағатқа жуық уақыт өткізеді.

20 май. Ленин «Азық-түлік отрядтарын ұйымдастыру туралы Питер жұмысшыларына арналған үндеуге» қосымша жазады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Советтердің деревнядағы міндеттері туралы мәселелер және сый тарту туралы декреттің жобасы талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжіліс кезінде ол азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупамен жергілікті жабдықтау органдарын қайта құрудың жобасы туралы қағазға жазып пікір алысады. Мәжілісте жергілікті азық-түлік органдарын қайта құру туралы және Азық-түлік халық комиссариатын Жабдықтау халық комиссариаты етіп қайта құру туралы декреттің жобасын күн тәртібіне қою жөніндегі А. Д. Цюрупаның ұсынысы және басқа мәселелер талқыланады.

21 май.

Ленин «Азық-түлік отрядтарын ұйымдастыру туралы Питер жұмысшыларына арналған үндеуге» қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда облыстық комиссарлар Советтерін құрудың тәртібі мен олардың Орталыққа қатынасы туралы, Ауыл шаруашылық ғылым комитеті мен оның ғылыми-тәжірибе және арнаулы бөлімдерін Россия ауыл шаруашылық ғылымдары институты етіп қайта құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

22 май.

Ленин Питер жұмысшыларына «Аштаршылық туралы» хат жазады.

Ленин еңбек комиссарларының Бүкіл россиялық II съезінде сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Бакуден мұнай әкелу және жұмысшыларға ақы төлеу үшін Халық шаруашылығы жоғары советі отын бөлімінің қарамағына қаржы бөлу туралы экономикалық комиссияның қаулысы бекітіледі; мұнай әкелуді қамтамасыз ету үшін Царицыннан Бакуге астық жөнелту туралы, дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері экономикалық мәселелерді Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерінде қарау туралы мәселелер, «Орталық Атқару Комитеті жанындағы Революциялық трибунал туралы ереженің» жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

23 май.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы В. Д. Бонч-Бруевич пен Халық Комиссарлары Советінің секретары Н. П. Горбуновқа жарлық жазып, 1918 жылдың 1 мартынан бастап Лениннің өзіне төленетін жалақыны 500 сомнан 800 сомға дейін заңсыз арттырып, Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 23 ноябрьдегі декретін бұзғаны үшін оларға қатаң сөгіс жариялайды.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мәжілісіне қатысады, онда халық шаруашылығы советтерінің алдағы Бүкіл россиялық I съезіне байланысты мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; казактар мәселесі жөніндегі баяндамада ұсынылған мәселелерді талқылау үшін комиссия тағайындау туралы баяндайды. Мәжілісте Кубань делегациясы туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

23 және 26 май аралығында. Ленин халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық I съезінде сөйлейтін сөзінің жоспарын жазады.

24 май. Ленин РСФСР-дің Германиядағы уәкілетті өкілі А. А. Иоффе мен Берлиндегі бас консул В. Р. Менжинскийге Германиямен саяси және экономикалық қатынастар туралы хат жазады.

Ленин Бакудегі С. Г. Шаумянға хат жазып, онда Бакудің халықаралық қатынастағы ауыр жағдайын ескере отырып, Грузияның меньшевиктік үкіметімен блок жасасуға әрекет етуге кеңес береді.

Қара теңіз флотының Новороссийскіде тұрған бөлегін шабуылға шыққан герман әскерлерінен құтқару мүмкін еместігі туралы Республиканың Жоғары әскери советіне теңіз бас штабының бастығы Е. А. Беренстің 1918 жылғы 24 майдағы баяндама хатымен танысып шығып, Ленин оған былай деп бұрыштама жазады: «Жоғары әскери беделді адамдар жағдайды лажсыз деп дәлелдеді, сондықтан флот дереу құртылсын».

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Отын туралы мәселе талқыланғанда Ленин қаулының жоспары мен жобасын жазады, оны Халық Комиссарлары Советі қабылдайды. Мәжілісте экономикалық комиссияның қаулысы бекітіледі және таможнялық алымдар туралы декреттің жобасы, швед делегациясының Швециямен товар айырбасы туралы ұсынысы және басқа мәселелер талқыланады.

25 май. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Жеке ведомстволардағы автомобиль шаруашылықтарының Халық шаруашылығы жоғары советі транспорт бөлімінің автомобиль секциясына көшуі туралы мәселе талқыланғанда Ленин осы

мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазады, Халық шаруашылығы жоғары советінің жобасын сынап сөз сөйлейді. Халық Комиссарлары Советі Лениннің жобасын қабылдайды. Халық ағарту комиссарының орынбасары М. Н. Покровскийдің Қоғамдық ғылымдардың социалистік академиясын құру туралы баяндамасы талқыланған кезде Ленин Академия құру идеясын мақұлдап, құттықтайды және осы мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазады.

26 май. Ленин «Ағымдағы кезең жөніндегі тезистерді» жазады.

Ленин халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық I съезінде сөз сөйлейді.

28 май. Ленин Қара теңіз флотының Новороссийскідегі барлық кемелері мен коммерциялық пароходтарын жою жөнінде Қара теңіз флотының қолбасшысы мен бас комиссарына берілген құпия директиваға қол қояды; өйткені оларды Германияның басып алу ниеті айқын еді және оларды басқа портқа апару немесе Новороссийскіні құрлық жағынан қорғау мүмкін емес болатын.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; сол кездің өзінде ақшасы төленіп, Швецияда тұрған ауыл шаруашылық машиналары туралы кезектен тыс мәлімдеме жасайды. Мәжілісте РСФСР-дің теңіздегі және құрлықтағы шекараларына шекара күзетін енгізу туралы декреттің жобасы, теміржолшыларды азық-түлікпен жабдықтау жөнінде дереу шаралар қолдану туралы, концессияларға рұқсат ету туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

28 май мен 1 июнь аралығында. Ленин кулактардан күштеп астық алуға баратын Выкса жұмысшыларына телеграмма жазып, онда жұмысшылар тек өздеріне ғана емес, басқа ашығушыларға да астық әкеледі деп үміттенетінін білдіреді.

29 май. Ленин жұмысшылар мен еңбекші шаруаларға үндеудің жобасын жазады, ол жоба 1918 жылғы 1 июньдегі «Халық Комиссарлары Советінің астықты дербес дайындау туралы

мәселе жөніндегі қаулысының» негізіне алынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Астықты дербес дайындау туралы халыққа арналған үндеудің Азық-түлік халық комиссариаты ұсынған жобасы талқыланған кезде Ленин осы мәселе жөніндегі қаулының бірінші бөлімінің жобасын жазады; астықты дербес дайындауға қарсы түсінік беру науқанын ұйымдастыру туралы А. Д. Цюрупамен қағазға жазып пікір алысады. Халық Комиссарлары Советі Дон және Кубань казактарына арнап үндеу хат шығаруға, Дон және Кубань облыстарына көмек көрсету үшін барлық әскери күштерді дереу мобилизациялаудың қажеттігі туралы халыққа арнап үндеу шығаруға, сондай-ақ Москваны соғыс жағдайында деп жариялауға шешім қабылдап, В. И. Ленинге Г. В. Чичеринмен және Л. Д. Троцкиймен бірлесе отырып, Халық Комиссарлары Советінің үндеу хатын, үндеуін және қаулысын жазуды тапсырады. Сондай-ақ мәжілісте «Таможнялық алымдар мен мекемелер туралы декреттің» жобасы, алтын кен орындарын зерттеу үшін Сибирьге жіберілетін комиссияға нұсқаулар әзірлеу туралы, Мемлекеттік құрылыстар комитетінің атқарушылық жобаларын құрастыру кезіндегі талаптар туралы және басқа мәселелер талқыланады, соның ішінде алтын кен орындарын национализациялау туралы мәселе де бар.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің алаяқшылыққа қарсы күресу туралы халыққа арналған үндеуіне қол қояды; үндеу бірқатар ұйымдардың өздеріне астықты дербес дайындауға право беруді өтінуіне байланысты қабылданған еді.

30 май. Ленин Елец уездік Советінің өкілдерімен әңгімелеседі және «Известия ВЦИК» газетінің редакциясына тәртіпті жолға қою, буржуазияны басып-жаныштау, мәдениетті имениелерді есепке алу мен олардағы шаруашылықтың ұйымдастырылу тәжірибесі туралы олардан интервью алып, газетте басу жөнінде өтініп хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің азық-түлік майданындағы жағдай туралы және контрреволюцияға қарсы күрес жүргізу туралы үндеуіне қол қояды, үндеуді Лениннің қатысуымен Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы жазған еді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің Дон мен Кубаньның еңбекші казактарына контрреволюцияға қарсы күресу туралы үндеуіне қол қояды; ол үндеу өзінің қатысуымен жазылған-ды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда сағат тілін өзгерту туралы декреттің, Қызыл Кресттің Женевадағы Халықаралық комитетіне Россия Қызыл Кресі үндеуінің жобалары, Архив ісі жөніндегі бас басқарма туралы ереже, революциялық трибуналдардың үкімдерін бұзу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

31 май. Ленин Сибирь өкілдерін қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Халық Комиссарлары Советі астықты дербес дайындау жөніндегі қосымша қаулылар туралы мәселе бойынша газеттерде Халық Комиссарлары Советінің 29 майдағы мәжілісі туралы есеп жариялауға шешім қабылдайды. Мәжілісте казак облыстарын басқаруды ұйымдастыру туралы, Совет республикасының автомобиль шаруашылығын қайта құру және орталықтандыру туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер де талқыланады.

Майдың екінші жартысы немесе июньнің басы. Ленин «Ашаршылыққа қарсы күресу шаралары туралы» нобайды жазады (аяқталмаған).

Майдың аяғы. Ленин Дутовтың ақ казак әскерлеріне қарсы күресте Оренбург пен Самараға әскери көмек көрсету туралы мәселе жөнінде Самара Советінің председателі В. В. Куйбышевпен тікелей провод арқылы сөйлеседі.

Май. Ленин американ журналисі Альберт Рис Вильямс Америка Құрама Штаттарына жүріп кетер алдында онымен цивилизациялы ел-

дерде революцияның даму перспективалары туралы және Шығыста американ қарулы интервенциясының мүмкіндігі туралы әңгімелеседі. Ленин американ интернационалист-социалистеріне хат жазып, ол хатты Вильямске береді. Сондай-ақ, Ленин темір жол жұмысшылары мен қызметшілеріне Вильямстің революциялық әдебиет салынған чемоданының жолда жоғалып кетпеуі үшін барлық шараларды қолдануды өтініп хат жазады.

В. И. Лениннің 1917 жылы 14 (27) декабрьде жазған «Um Brot und Frieden» («Нан үшін, бітім үшін») деген мақаласы Социалистік жастар ұйымдары халықаралық одағының Цюрихте шығып тұрған органы—«Jugend-Internationale» журналының 11-номерінде жарияланады.

Май немесе июнь. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советімен, Сауда және өнеркәсіп комиссариатымен қала мен деревня арасындағы товар айырбасының шарттары туралы келісімнің нобайын жазады.

1 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің Карл Маркстің бейітіне ескерткіш орнату туралы қаулысына қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Сибирьді Уралдың металымен және машиналарымен жабдықтаудың шарттары жайында, астықты дербес дайындау туралы мәселе жөніндегі қосымша қаулы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

2 июнь. Ленин халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық I съезінің комиссиясы жасаған «Национализацияланған кәсіпорындарды басқару туралы ереженің» жобасына сын ескертпелер жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің «Национализацияланған кәсіпорындарды басқару туралы ереженің» жобасын қарайтын үйлестіруші комиссиясының жұмысына басшылық етеді.

Ленин Германиямен экономикалық келісім жасасу туралы келіс сөздер жүргізу үшін

Берлинге жүріп бара жатқан совет делегациясы мүшелерінің кеңесіне қатысады. Кеңесте ол РСФСР-дің Германиядағы уәкілетті өкілі А. А. Иоффеге хат жазады.

Ленин Петроград Советінен таңдаулы азық-түлік қызметкерлерін дереу Москваға жіберу талап етілген телефонограмманың текстін жазады.

Ленин Москва Көркем театрының «Степанчиково селосы» деген спектаклін көреді.

3 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Бүкіл россиялық төтенше комиссияның қарамағындағы конфискеленген қаржы мен мүліктерді болу туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте буржуазиялық баспасөздің барлық финанс шаруашылығына төтенше ревизия тағайындау туралы мәселе, «Россия Республикасының мемлекеттік мекемелер сметаларының және 1918 жылғы июль — декабрьге арналған мемлекеттік кірістері мен шығыстарының жалпы жазбаларының құрастырылуы, қаралуы, бекітілуі және орындалуы туралы уақытша ережелердің» жобасы, азық-түлік саясаты туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

Кеш дегенде 4 июнь. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және кәсіптік одақтардың біріккен мәжілісінде жасалатын ашаршылыққа қарсы күрес туралы баяндаманың жоспарын жазады.

4 июнь. Ленин ашаршылыққа қарсы күрес туралы баяндама бойынша қабылданатын қарардың жобасын жазады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және кәсіптік одақтардың біріккен мәжілісінде ашаршылыққа қарсы күрес туралы баяндама жасайды. Баяндама бойынша жарыс сөз кезінде ол өз пікірін жазып отырады, сонан соң қорытынды сөз сөйлейді.

5 июнь. Ленин интернационалист-мұғалімдердің Бүкіл россиялық I съезінің төртінші мәжілісінде құттықтау сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жұмысшылармен товар арқылы есеп айырысу туралы, банктер туралы, контрибуция туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық шаруашылығы жоғары советінің Мемлекеттік құрылыстар және қоғамдық жұмыстар жөніндегі комитеті туралы және басқа мәселелер талқыланады.

7 июнь. Ленин азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаға записка жазады, онда жұмысшыларды үрей туғызушыларға сенбеуге, сөйтіп іске өздерінің кірісуіне, азық-түлік органдарына көмек көрсетуге сенімді адамдар жіберуге шақырған үндеу жариялауды және оны заводтарға таратуды ұсынады.

Ленин Вышний Волочек Советінің өкілдерімен азық-түлік отрядтарын ұйымдастыру туралы әңгімелеседі.

Ленин жер-жерден келген өкілдермен Советтер сайлауы туралы мәселе жөнінде әңгімеледі, оларға еңбекшілердің Советтердегі өз өкілдерін кері шақырып алуға правосы бар екенін түсіндіреді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. «Социалистік қоғамдық ғылымдар академиясы туралы ереженің» жобасы талқыланған кезде ол «Ережелерді» қарау үшін құрылған «Комиссияның директиваларын» жазады, оны Халық Комиссарлары Советі қабылдайды және Халық Комиссарлары Советінің Россияда кітапхана ісін жолға қою туралы қаулысының жобасын жазады. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде тас жолдарды Халық шаруашылығы жоғары советіне берудің техникалық және экономикалық жағынан тиімділігі туралы мамандардың баяндамасы және басқа мәселелер де талқыланады.

8 июнь. Ленин Швециядан келген В. В. Воровскиймен Советтік Россияның жағдайы туралы әңгімеледі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда «1918 жылғы январь — июньге арналған бюджет бойынша сметалық жұмыстардың аяқталуы туралы қаулының» жобасы, «Деревня кедейлерін ұйымдастыру және жабдықтау туралы декреттің» жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

9 июнь. Ленин Н. К. Крупскаямен және М. И. Ульяновамен бірге Мальцево-Бродовода демалады.

Ленин Мальцево заводтары жұмысшыларының өкілдерімен азық-түлік жағдайы туралы әңгімелеседі, записка жазып, оларды Азық-түлік халық комиссариатына жібереді, запискада азық-түлік отрядтарын ұйымдастыруда Мальцево жұмысшыларына көмек көрсетуді өтінеді.

10 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Халық шаруашылығы жоғары советінің Мемлекеттік құрылыстар комитетінің құрамын бекіту туралы мәселе талқыланған кезде Ленин байырғы маман-инженерлерді жұмысқа тарту ісіндегі Совет үкіметі саясатының принципті негіздерін жариялауды Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумына тапсыру туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын жазады; жоба Халық Комиссарлары Советінің осы мәселе жөніндегі қаулысына енді. Мәжілісте чехословактардың бүлігі жөнінде халыққа арналған үндеу және басқа мәселелер де талқыланады.

11 июнь. Ленин Петроград Советінің председателі Г. Е. Зиновьевке телеграмманың текстін жазады, онда Вятка арқылы Уралға неғұрлым көп азық-түлік отрядтарын мейлінше тез жөнелту сәтін пайдалануға өте-мөте кеңес береді.

Ленин 1918 жылы 11 июньде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде қабылданған «Деревня кедейлерін ұйымдастыру және жабдықтау туралы декретке» қол қояды.

Ленин Бежицадағы Брянск заводының өкілдерімен әңгімелеседі және записка жазып, оларды А. Д. Цюрупаға жібереді, запискада Азық-түлік халық комиссариатынан жұмысшылардың азық-түлік жөніндегі мұқтаждарын қанағаттандыру үшін мүмкін болғанның бәрін істеуді өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда чехословактар бүлігі мен контрреволюцияға қарсы операциялардың бәріне басшылық етуді біріктіру туралы мәселе, Приволжье, Урал және Батыс Сибирь округтерінің кейбір уездеріндегі әскер жасындағы адамдарды әскерге күштеп шақыру туралы декрет, Халық шаруашылығы жоғары советінің Мемлекеттік құрылыстар комитеті мен оның жанындағы мекемелер туралы уақытша ереже және басқа мәселелер талқыланады.

12 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. П. А. Козьминнің ауыл шаруашылық машиналарын жасауды қаржыландыру қоры туралы баяндамасын талқылау кезінде Ленин осы мәселе жөнінде И. Э. Гуковскиймен, В. П. Милютинмен және А. Д. Цюрупамен қағаз арқылы пікір алысады. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде совет мекемелеріндегі қызметшілер мен жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу туралы декрет те талқыланады.

13 июнь. Ленин «чехословактар бүлігіне және соған сүйенетін помещиктік және буржуазиялық контрреволюцияға қарсы күресетін барлық отрядтар мен операцияларға басшылық ету үшін» Революциялық әскери совет құру туралы бұйрыққа қол қояды.

14 июньнен ертерек. Ленин Олонец губерниялық Советінің мүшелері А. Ф. Мартыновпен және П. С. Сазоновпен губерниядағы жағдай туралы әңгімеледі, Олонец губерниясына азық-түлік жеткізу жөніндегі олардың мандатына қол қояды.

Кеш дегенде 14 июнь. Ленин азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупамен және оның орынбасары А. И. Свидерскиймен Петроградтан деревняға жүз-

деген үгітші жіберу қажеттігі туралы әңгімелеседі.

14 июнь. Ленин Петроград Советінің председателі Г. Е. Зиновьевке жазған хатында Петроградтан деревняға жүздеген үгітші жіберуге барлық күшін салуды ұсынады.

Ленин мұсылман социалистік армиясының қатарына кіруге шақырган «Барлық еңбекші мұсылмандарға» деген үндеуге қол қояды.

Ленин өзін 1917 жылы июль — августа Разливте жасырған Сестрорецк Советінің председателі Н. А. Емельяновпен әңгімеледеді және Емельяновқа оның ерекше тапсырмамен Урал мен Волгаға делегат етіп жіберілгені туралы куәлік жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары В. И. Невскийдің комиссариат коллегиясын бекіту туралы баяндамасы талқыланған кезде «Темір жол транспортын сауықтыру туралы» қаулының жобасын жазады, жобаны Халық Комиссарлары Советі қабылдайды. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде «Демалыс туралы уақытша ереже» және басқа мәселелер де талқыланады.

Ерте дегенде 14 июнь. Ленин Петроград Советінің председателі Г. Е. Зиновьев пен Азық-түлік халық комиссариатының Петроградтағы уәкілі Бобровқа телеграмманың текстін жазады, онда деревняға азық-түлік отрядтары мен үгітшілердің көптеп жіберілуін одан әрі жалғастыруды өтінеді.

15 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Ол Халық Комиссарлары Советінің Халық шаруашылығы жоғары советі жанындағы Былғары бас комитетін және Центротекстильді қаржыландыру туралы қаулысының жобаларын жазады, жобаларды Халық Комиссарлары Советі қабылдайды. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Қоғамдық ғылымдардың социалистік академиясы туралы ереже және басқа мәселелер де талқыланады.

17 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Қызыл

Армия солдаттарына төленетін ақыны арттыру туралы, шетелге әкетіліп жатқан барлық кездемені дереу сатып алу және басқалары туралы мәселелер талқыланады.

18 июнь Ленин Германиядағы уәкілетті өкіл А. А. Иоффеге хат жазады, онда Германия мен Австриядағы солшыл социал-демократтардың қозғалысы туралы материалдарды Швейцарияда жинастырып, жариялауды ұйымдастыруды талап етеді.

Ленин мұнай өнеркәсібін национализациялау туралы декрет шығарудың мерзімі және мұнай өнімдерін Бакуден Волгаға тездетіп тасып шығаруға шаралар қолдану жөнінде Баку Халық Комиссарлары Советінің председателі С. Г. Шаумянға телеграммаға қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халыққа білім беру ісін ұйымдастыру туралы ереже, жарылғыш жүктерді тездетіп эвакуациялаудың қажеттігі туралы, мемлекеттік баспасөз туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 июнь. Ленин Москваның Замоскворечье ауданы заводтарының партия ұялары өкілдерінің жиналысында ағымдағы азық-түлік науқаны туралы сөз сөйлейді.

20 июньнен ертерек. Ленин А. Г. Шлихтермен уездердің бірінде астықты дайындауды үлгілі ұйымдастырудың қажеттігі туралы әңгімелеседі.

20 июнь. Ленин Москва жұмысшыларының жиналыстарында азық-түлік отрядтары туралы сөз сөйлейді.

Ленин азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупамен әңгімелесіп, аштыққа қарсы күрес туралы әдебиеттің жоқтығына жол беруге болмайтынын көрсетеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Ленин Александр темір жолында 1918 жылы 20 июньде атыс болғаны жөнінде газеттерде берілген хабарлардың жалғандығы туралы мәселені талқылауға қояды. Халық Комиссарлары Со-

	ветінің мәжілісінде Солтүстік майдан гидротехникалық ұйымдарының қызметіне ревизия жүргізу туралы Жоғары әскери советтің өтініші, «Мұнай өнеркәсібін национализациялау туралы декреттің» жобасы, В. Володарскийдің өлтірілуі туралы және басқа мәселелер де талқыланады.
	Ленин «Мұнай өнеркәсібін национализациялау туралы декретке» қол қояды.
	Ленин «Россия Социалистік Советтік Республикасында халыққа білім беру ісін ұйымдастыру туралы ережеге» қол қояды.
	Ленин Смоленск облыстық Советінің председателі С. В. Ивановпен Батыс облысына ақшалай көмек туралы әңгімелеседі.
20 июньнен кешірек.	Ленин Москва кәсіподақтары мен фабрика-завод комитеттерінің IV конференциясында ағымдағы кезең туралы жасайтын оз баяндамасы жоспарының нобайын жазады.
Кеш дегенде 21 июнь.	Ленин совет заңын көпшілікке тарату үшін Д. И. Курскийге «Семьялық жаңа право» деген кітаптың (А. Г. Гойхбаргтың редакциялауымен) неміс тіліне аударылуын ұйымдастыруды тапсырады.
21 июнь.	Ленин Сокольники ауданы жұмысшыларының митингісінде «Аштыққа және контрреволюцияға қарсы күрес» деген тақырыпта сөз сөйлейді.
	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Витебск және Могилев Советтеріне жәрдем көрсету үшін болашақтағы смета есебінен Смоленск губерниялық Советіне аванс ретінде қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.
22 июнь.	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; теміржолшылар кәсіптік одағының Орталық комитеті жазған үндеу хат туралы баяндайды. Мәжілісте мұғалімдер еңбегіне ақы төлеу нормалары туралы қаулы, әскери қызметке шақырылуы себепті жалданып істейтін жұмысын

тастап кететін адамдармен есеп айырысу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

22 июньнен кешірек. Ленин «Барлық Совдептерге» деген үндеуге қол қояды, онда Совдептердің Совет республикасы жауларына қарсы күресте заңсыз тұтқынға алушылыққа жол бермеуге нұсқау берілген.

24 июнь. Ленин Н. К. Крупскаямен және М. И. Ульяновамен бірге Мальцево-Бродовода демалады.

25 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жалақы ставкалары мен еңбек жағдайларын белгілейтін коллективтік шарттарды (тарифтерді) бекітудің тәртібі туралы ереженің жобасы, герман елшісі В. Мирбахтың немістерге берілуге тиісті ақша мен бағалы заттардың банктерден оларға берілуіндегі қиыншылықтар жөніндегі нотасы туралы сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичериннің кезектен тыс мәлімдемесі және басқа мәселелер талқыланады.

26 июньнен ертерек. Ленин Елец уездік Советінің өкілдерімен уезде деревня кедейлерін ұйымдастыру туралы әңгімелеседі.

26 июнь. Ленин В. Володарскийдің өлтірілуіне жауап ретінде контрреволюционерлерге қарсы жаппай террор жасаудан «Питер цекистерінің немесе пекистерінің» жұмысшылардың қолын қақпайлауына қарсы батыл наразылық білдіріп, Петроградтағы Г. Е. Зиновьевке, М. М. Лашевичке, Орталық Комитеттің басқа да мүшелеріне хат жазады. Ленин Советтердің қайта сайлауында қол жеткен жеңістерді Петроградтың 10—20 мың жұмысшысын азық-түлік отрядтарының құрамында Уралға, Тамбов губерниясына және т. б. жерлерге жіберу үшін пайдалануға кеңес береді.

Ленин Мурман Советінің председателі А. М. Юрьевке тікелей провод арқылы беру үшін записка жазады, онда Совет үкіметінің ағылшын және неміс интервенттеріне батыл тойтарыс беруді ұйымдастыруға бағытталған

саясатын бұзуға жол беруге болмайтындығын ескертеді.

Ленин Тула, Елец және Орел сапарынан қайтып оралған ішкі істер халық комиссарының орынбасары И. Г. Правдинмен сол аудандардағы астықтың жағдайы туралы, Елец уезіндегі кедейлердің ұйымдасуы және кулактардың Советтерден толық аласталуы туралы әңгімелеседі.

Ленин Тамбовтан келген өкілдермен Тамбов губерниясындағы астық жағдайы және егіннің шығымы туралы әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советі мәжілістерінің күн тәртібіне мәселелер қоюдың тәртібі туралы Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 18 (31) декабрьдегі қаулысын орындауды үзілді-кесілді талап етіп, Халық Комиссарлары Советінің секретарьларына записка жазады; секретарьлардың күн тәртібіне баяндамашылар қол қойған мәселелерді немесе мүдделі ведомстволарға сұрау салынғаннан кейін де енгізілген мәселелерді қоюға тиістігін ескертеді. Мәжілісте әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары Л. Д. Троцкийдің міндетті әскери міндеткерлік енгізу туралы баяндамасы, армян босқындарына көмек көрсету туралы мәселе, Баспасөз бюросы мен Петроград телеграф агенттігін біріктіру туралы және оларды Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қарамағына көшіру туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы жөнінде Я. М. Свердловтың мәлімдемесі және басқа мәселелер талқыланады.

26—27 июнь. Ленин Москва кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің IV конференциясында ағымдағы кезең туралы жасалатын баяндама жоспарының екі нұсқасын жазады.

27 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда кітапхана ісінде швейцариялық-американдық жүйені жүзеге асыру жөнінде Халық ағарту комиссариаты қолданған шаралар туралы М. Н. Покровскийдің баяндамасы, үйлерді

болу, тұрғындарды орналастыру және арамтамақ элементтерді Москвадан көшіруді ұйымдастыру ісіне бақылау орнату үшін Орталық тұрғын үй комиссиясын құру туралы декреттің жобасы, орталық мемлекеттік статистиканы ұйымдастыру және статистиктердің Бүкіл россиялық съезі жасаған жоспарлар жөніндегі жобаларды қарастыру үшін арнаулы комиссия құру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Москва кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттері IV конференциясының ағымдағы кезең туралы баяндама бойынша қарарының жобасын жазады; конференцияда баяндама жасайды.

Ленин Пенза губерниялық Советі президиумының председателі А. Е. Минкинге азық-түлік отрядтарын ұйымдастыру туралы телеграмма жазады.

Ленин Петроград Советінің мәжілісінде большевиктер жасаған тізім бойынша Советтердің Бүкіл россиялық V съезінің делегаты болып бекітіледі.

27 июньнен кешірек. Ленин Халық Комиссарлары Советінің ағылшын солдаттарына арналған «Why have you come to Mourmansk?» («Сіздер Мурманскіге неге келдіңіздер?») деген үндеу хатын қарап шығып, оған қол қояды.

28 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің ірі өнеркәсіпті национализациялау туралы декретіне қол қояды.

Ленин Москва кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің IV конференциясының мәжілісінде ағымдағы кезең туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді. Баяндама бойынша қарардың Ленин жазған жобасын конференция көпшілік дауыспен қабылдайды.

Ленин Симонов кіші ауданында АМО заводы жұмысшыларының митингісінде «Азамат соғысы» деген тақырыпта сөз сөйлейді. Сөз сөйленгеннен кейін ол завод цехтарын аралап көріп, жұмысшылармен заводтың келешегі туралы әңгімелеседі.

Ленин Замоскворечье және Рогожск аудандары жұмысшыларының митингілерінде «Азамат соғысы» деген тақырыпта сөз сөйлейді.

Ленин Тамбов губерниясындағы Темников Советінің председателі С. И. Лебедевпен уездегі істің жайы туралы әңгімелеседі және уездік Советке қарыз беруді өтініп, Ішкі істер халық комиссариаты мен Финанс халық комиссариатына записка жазады.

Ленин кездеме сатып алу және кездеме магазиндерін конфискелеу туралы мәселе жөнінде Центротекстиль өкілдерімен әңгімеле-седі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Россия Советтік Республикасы Конституциясының жобасы туралы мәселе, «Мата сатып алу және бөлу туралы декреттің» жобасы, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының өнеркәсіпті национализациялауды жүргізу туралы баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

28 июнь мен 3 июль аралығында.

Ленин Юстиция халық комиссариатының коллегиясы жасаған РСФСР Конституциясының жобасын оқиды, оған белгілер соғады, түзетулер енгізіп, ашық шетіне ескертпелер жазады.

29 июнь.

Ленин «Көрегендік сөздер» деген мақала жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; орыс революциясының ұлы қайраткерлеріне уақытша ескерткіштер орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін Халық ағарту комиссариатына қаржы бөлу туралы баяндама жасайды. Мәжілісте артиллерияда және инженерлік әскерлерде қызмет етіп жүрген және 1893, 1894 және 1895 жылдарда туған жұмысшыларды, сондай-ақ 1896 және 1897 жылдарда туған Петроград жұмысшыларын әскери қызметке шақыру туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер де талқыланады.

30 июнь. Ленин Г. В. Чичеринмен және В. В. Воровскиймен Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты мен РСФСР-дің шетелдегі өкілдіктерінің жұмысын ұйымдастыру мәселелері жөнінде кеңеседі.

Июнь. Ленин Я. М. Свердловпен бірге Әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссариатының Оперативтік бөліміне барып, Шығыс майданға аттанып жатқан саяси қызметкерлер алдында сөз сөйлейді, майдандардағы жалпы жағдайды және Қызыл Армиядағы саяси жұмыстың міндеттерін сипаттайды.

Ленин кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі төтенше кеңестің делегациясымен әңгімелеседі.

Июньнің аяғы немесе июльдің басы. Ленин Советтік Россияға Ригадағы астыртын жұмыстан келген Латыш өлкесі социал-демократиясының мүшесі К. Х. Данишевскиймен майдандағы жағдай, солдаттардың пиғылы, большевиктердің қызметі жайында сөйлесіп, оған Советтердің Бүкіл россиялық V съезінде сөз сөйлеуге кеңес береді.

Июньнің аяғы немесе июльдің бірінші жартысы. Ленин Н. К. Крупскаямен және М. И. Ульяновамен бірге жазда жексенбі күндері демалу үшін үй іздеп Кунцевоға барады және Кунцево болысы партия жиналысында ағымдағы кезең туралы сөз сөйлейді.

Жылдың бірінші жартысы. Ленин «Совет өкіметінің демократизмі және социалистік сипаты туралы» (аяқталмаған) заметкалар жазады.

1 июль. Ленин шведтің «Folkets Dagblad Politiken» газетінің тілшісіне интервью береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; кейбір реквизициялық отрядтардың заңсыз әрекеттері жайында Қатынас жолдары халық комиссариатына келіп түскен мәлімдемелер туралы баяндама жасайды және реквизициялық отрядтардың бастықтары мен жергілікті Советтерге арналған Халық Комиссарлары Советі телеграммасының текстін бекітуге ұсынады, оған түзетулер енгізеді, бекітілгеннен кейін оған қол қояды. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде резина өнеркәсібі туралы

комиссияның баяндамасы, Германиямен соғыс тұтқындарын алмасу туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

2 июль. Ленин бұрынғы Алексеев әскери училищесінің манежінде майданға мобилизацияланғандардың митингісінде сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; шаруаларды ауыл шаруашылық машиналарымен қамтамасыз етудің қажеттігі туралы кезектен тыс мәлімдеме жасайды және осы мәселе жөнінде Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын жазады. Мәжілісте электр байланысын орталықтандыру туралы декреттің жобасы, Халық шаруашылығы жоғары советі туралы (Халық шаруашылығы жоғары советінің құрамы) ереже, ауыл шаруашылық коммуналарына жәрдем көрсетуге арнап 10 миллион сом қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер де талқыланады

3 июль. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық V съезі коммунистік фракциясының мәжілісінде сөз сөйлейді.

5 июльден ертерек. Ленин Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы I съезінің делегаттары — Украина партия қызметкерлерінің бір тобымен кеңес өткізеді, олармен съездің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелерді талқылайды.

Кеш дегенде 5 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы Советтердің Бүкіл россиялық V съезінде жасайтын баяндама жоспарының нобайын жазады.

5 июль. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық V съезінің екінші мәжілісінде Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы баяндама жасайды және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

6 июль. Ленин герман елшісі В. Мирбахты солшыл эсерлердің өлтіруіне байланысты герман елшілігіне барады.

Ленин герман елшісі Мирбахтың өлтірілуі туралы және қылмыстыларды ұстау үшін барлық күшті жұмылдыру туралы «РКП-ның барлық аудандық комитеттеріне, барлық ау-

дандық Совдептерге, Қызыл Армияның барлық штабтарына» телефонограмманың текстін жазады.

Ленин Юстиция халық комиссары П. И. Стучканы, Латыш советтік атқыштар дивизиясының комиссары К. А. Петерсонды және К. Х. Данишевскийді өзіне шақырып алып, оларға солшыл эсерлер бүлігін жою латыш атқыштарына тапсырылатынын хабарлайды.

7 июль. Ленин Царицынға И. В. Сталинге тікелей провод арқылы жіберу үшін Мирбахтың өлтірілуі туралы хабарланған және Баку Халық Комиссарлары Советінің председателі С. Г. Шаумянмен үздіксіз байланыс жасап тұру қажеттігі айтылған телеграмманың текстін жазады.

Ленин солшыл эсерлер бүлігін басып-жаныштаудың Латыш советтік атқыштар дивизиясының командирі И. И. Вацетис ұсынған жоспарын қарап шығады.

Ленин Москва Советіне дереу Басманный, Лефортово және Сокольники аудандарына жіберу үшін телефонограмманың текстін жазады, онда броневикпен осы аудандарға қарай қашып жатқан солшыл эсерлерді ұстауға барлық шараларды қолдануға жарлық берілген.

Ленин Москва қаласының барлық аудандық Советтері мен жұмысшы ұйымдарына телефонограмманың текстін жазады, онда қашып жатқан солшыл эсерлерді ұстау үшін дереу қарулы отрядтар жіберуге жарлық берілген.

Ленин «Известия ВЦИК» газетінің қызметкері А. А. Антоновпен солшыл эсерлердің бүлігі жөнінде әңгімелеседі.

8 июль. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық V съезіне делегат — солшыл эсерлердің бүлікке көзқарасын анықтау жөніндегі шаралар туралы партияның Орталық Комитеті қаулысының бастапқы нұсқасына қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; халық комиссарлары А. В. Луначарский мен П. П. Малиновскийден 1918 жылы 14 апрельде «Патшалар мен олардың қызметшілерінің құрметіне орнатылған ескерткіштерді алып тастап,

Россия социалистік революциясы ескерткіштерінің жобаларын жасау туралы» декретті олардың орындамау себептерін сұрап сөз сөйлейді және қаулының жобасын жазады, онда Халық Комиссарлары Советі Халық ағарту комиссариаты мен Республика мүліктері халық комиссариатына, сондай-ақ Москва Советінің президиумына олардың декретті орындау үшін еш теңе істемей отырғаны үшін ескерту жасайды. Мәжілісте национализациялапып біріктірілген «Сормово — Коломна» заводтарының Орталық басқармасына тез арада аванс беру туралы, Советтердің Бүкіл россиялық V съезіне байланысты Халық Комиссарлары Советінің мәжілістері өтпей қалған кезде Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Комиссияға (Кіші Халық Комиссарлары Советіне) мәселелерді түпкілікті шешу правосын беру туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

10 июльден ертерек. Ленин РСФСР Конституциясының екінші бөлімінің 20-пунктінің нобайын жазады.

11 июль. Ленин Шығыс (Чехословак) майданының бұрынғы бас қолбасшысы солшыл эсер М. А. Муравьевтің бүлігі туралы «Бәріне, бәріне, бәріне» деген радиограммаға қол қояды.

Ленин Советтердің Бүкіл россиялық V съезі коммунистер фракциясының мәжілісінде 5-сайланған Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжіліс жүріп жатқан кезде ол финанс халық комиссары И. Э. Гуковскийге жаңа, совет ақшасы знактарының үлгісін әзірлеу жөнінде тапсырма беруді ұсынып записка жазады және жаңа ақша знактарын шығаруды әзірлеу жөніндегі қаулының жобасын жазады. Мәжілісте Москва қалалық телефонын пайдалану туралы декрет және басқа мәселелер де талқыланады.

Ленин өзінің туған жері Симбирск губерниясына барып қайтқан Петроград жұмысшысы В. Н. Каюровпен шаруалардың пиғылы жайында әңгімелеседі.

12 июль. Ленин «Питер жұмысшыларына» хат жазып, оны Петроградқа бара жатқан В. Н. Каюровтан беріп жібереді.

Ленин Архангельск губерниялық атқару комитетінің өкілдерімен Антанта әскерлерінің түсіріле бастауына байланысты Солтүстіктегі соғыс жағдайы жайында әңгімелеседі.

Ленин ескерткіштерді алып тастау жөніндегі комиссияның секретары архитектор Н. Д. Виноградовпен әңгімелесіп, одан «Республика ескерткіштері туралы» декреттің орындалу барысы туралы үнемі баяндап тұруды өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда буржуазиялық баспасөз және Москвадағы баспахана ісінің жайы туралы мәселелер, Петроград және Москва консерваторияларының Халық ағарту комиссариатының карауына көшуі туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

13 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Орталық тұрғын үй комиссиясының қызметі туралы, Москвадағы тұрғын үй ісінің жайы туралы, Москва мен оның төңірегінен зиянды және арамтамақ элементтерді неғұрлым жігерлі түрде көшіру шаралары туралы мәселелер, кейбір категориялардағы адамдардың Россия азаматтығынан шығуы туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

14 июль. Ленин жексенбі күнін Н. К. Крупскаямен және М. И. Ульяновамен бірге Кунцевода өткізеді.

Ленин сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г. В. Чичеринмен әңгімелесіп, герман елшілігін күзету үшін Москваға бір батальон герман солдатын әкелуді талап еткен герман үкіметіне жауап қайтару жөнінде нұсқау береді.

15 июль. Ленин герман елшілігін күзету үшін герман үкіметінің Москваға бір батальон солдат әкелуді талап етуі жөнінде үкімет мәлімдемесінің жобасын жазады.

Ленин герман үкіметінің ультиматумына байланысты орын алған жағдай туралы Халық Комиссарлары Советінің кейбір мүшелерінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі Я. М. Свердлов қатысқан кеңесін өткізеді. Кеңесте герман батальонын әкелуге ешбір жағдайда да келіспеу жөнінде шешім қабылданады. Кеңес үкімет мәлімдемесінің Ленин жазған текстін мақұлдайды.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда үкімет мәлімдемесінің Ленин жазған тексті мақұлданады.

Ленин, Халық Комиссарлары Советінің мәжілісіне өзі қатыса алмайтын болғандықтан, онда герман үкіметінің Москваға герман әскери бөлімін әкелуді талап етуіне байланысты герман үкіметімен қатынастардың біраз шиеленісе түскені туралы Лениннің атынан хабарлама жасап, үкімет мәлімдемесінің Ленин жазған текстін оқып беруді Халық Комиссарлары Советінің секретары Н. П. Горбуновқа тапсырады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде герман елшілігін күзету үшін Германия үкіметінің Москваға бір батальон солдат әкелуді талап еткені жөнінде сөз сөйлеп, үкімет мәлімдемесінің өзі жазған текстін оқып береді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Халық Комиссарлары Советі Председателінің мәлімдемесін түгелдей мақұлдап, оны еңбекшілердің қалың бұқарасына жеткізуге қаулы етеді.

10 июль. Ленин Путилов заводы (қазір Киров заводы) жұмысшыларының делегациясымен әңгімелеседі, онда отын жоқтығы себепті заводтың тоқтап қалу қаупі туғандығы және заводқа көмір беріп көмектесу қажеттігі сөз болады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; РСФСР-де бар матаның бәрін национализациялауды жүзеге асырудың әдістері туралы, А. Д. Цюрупаның тоя тамақ ішпеудің салдарынан сырқаттанып қалуына байланысты халық комиссарларына төленетін ақыны арттыру туралы мәселелер жөнінде баяндамалар жасайды. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде М. И. Ла-

циске Халық Комиссарлары Советінің жанынан Чехословак майданында контрреволюцияға қарсы күресу жөнінде Төтенше комиссия ұйымдастыруды тапсыру туралы, тырысқақ ауруына қарсы күресуге арнап Москва Советіне қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер де талқыланады.

17 июль. Ленин Түркістан республикасы Халық Комиссарлары Советінің председателі Ф. И. Колесовқа Түркістанға әскери көмек беру жөнінде жасалып жатқан шаралар туралы телеграмма жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Қазан губерниясын Приволжье әскери округінің құрамына қосу туралы декретті бекіту мәселесі жөнінде баяндама жасайды. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде темір жол күзеті туралы декреттің жобасы, халық ағарту комиссарының орынбасары М. Н. Покровскийдің революциялық және қоғамдық қызмет саласында, философия, әдебиет, ғылым мен өнер саласында Москвада ұлы адамдарға 50 ескерткіш орнату туралы баяндамасы, РСФСР-дің кітапханалары мен кітап сақталатын орындарын күзету туралы декреттің жобасы, Россия ғылыми-техникалық тағам институты туралы ереже және басқа мәселелер де талқыланады.

17 июльден кешірек. Ленин мүсінші С. Д. Меркуровпен Москвада ұлы адамдарға 50 ескерткіш орнату жайында әңгімелеседі.

18 июльден ертерек. Ленин П. И. Поповпен мемлекеттік статистиканы ұйымдастыру жайында әңгімелеседі.

18 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; онда Архангельск ауданын және Солтүстік Мұзды мұхит флотилиясын жауынгерлік әзірлікке келтіру жөніндегі шығындарға арнап кредит беру туралы Теңіз істері жөніндегі халық комиссариатының өтініші, Екатеринбург Советінің үкімі бойынша бұрынғы патша II Николайды ату туралы және бұл үкімді Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының бекіткені туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Пред-

седателі Я. М. Свердловтың кезектен тыс мәлімдемесі, мата монополиясы туралы декреттің жобасы, мемлекеттік статистиканы ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин герман елшілігін күзету үшін герман үкіметінің Москваға әскери форма киген 300 неміс солдатын әкелуді жаңадан талап еткені туралы сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г. В. Чичериннің баяндамасын тыңдайды.

19 июль. Ленин Г. В. Чичеринмен бірге герман дипломатиялық өкілі К. Рицлерді қабылдап, онымен Москваға неміс солдаттарын әкелу туралы герман үкіметі қойған талаптар жөнінде әңгімелеседі.

Ленин Белоруссиядан шыққан босқындардың Бүкіл россиялық съезінің делегациясымен белорус халқының, атап айтқанда, Белоруссияның немістер оккупациялаған бөлегіндегі халықтың жағдайы жайында әңгімелеседі.

Ленин Москва губерниялық Советі жер бөлімінің өкілдерімен Москва губерниясында совхоздар мен коммуналарды қосу жайында әңгімелесіп, записка жазып беріп, оларды егіншілік халық комиссары С. П. Середаға жібереді, запискада оларға көмек көрсетудің және оны бақылаудың практикалық шараларын бірге талқылауды өтінеді.

Ленин Лефортово ауданы еңбекшілерінің митингісінде «Ағымдағы кезең және халықаралық жағдай» деген тақырыпта сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда «Совет Республикасының радио техникасы ісін орталықтандыру туралы» декреттің жобасы, Ярославль қаласының ақ гвардияшылардың контрреволюциялық шабуылынан зардап шеккен халқына жәрдем беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 июль. «Известия ВЦИК» газетінде Ленин қол қойған «Сот туралы № 3 декрет» жарияланды.

Ленин Петроград партия ұйымының басшылары — Г. Е. Зиновьевке, М. М. Лашевичке және Е. Д. Стасоваға Петроградтан деревня-

ға барынша көп жұмысшы жіберуді талап етіп хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; ауыл шаруашылығын машиналармен жабдықтау ісі жөніндегі тексеру комиссиясының құрамын толықтыру туралы баяндама жасайды және шетелдіктермен қалыпты концессиялық шарттың жобасын жасау үшін комиссия сайлау жөнінде Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 15 майдағы тапсырмасын М. Г. Бронскийдің орындамағандығы туралы мәлімдеме жасайды. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде буржуазиялық элементтерді тылдағы жасақта қызмет етуге шақыру ережелері туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

22 июль. Ленин Баку Советіне С. Г. Шаумянға радиограмманың текстін жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда контрреволюционерлер мен қапшықшылардың жүріп-тұруына кедергі жасау үшін өзен транспортына бақылау ұйымдастыру туралы мәселе, жалдаптық туралы, жергілікті халықтан салық алу жөніндегі Совдептердің праволары мен міндеттері туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

23 июль. Ленин Ташкентке Түркістан республикасы Халық Комиссарлары Советіне — Ташкент пен Түркістан өлкесінің саяси және экономикалық жағдайы туралы Бүкіл россиялық Халық Комиссарлары Советіне үнемі хабарлап тұруды өтінген — радиограммаға қол қояды.

Ленин фабрика-завод комитеттерінің Москва губерниялық конференциясында Советтік Россияның халықаралық және ішкі жағдайы туралы баяндама жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда халық комиссариаттарының ішкі ұйымдық іске қатысты мәселелерді олардың дербес шешу правосы туралы, азық-түлік жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 июль. Ленин Царицындағы И. В. Сталинге тікелей провод арқылы жіберу үшін записка жазады, онда Москвада және Петроградта азықтүлік жайының өте-мөте қиын екендігі туралы хабарлайды және қандай азықты болса да мүмкін болғанынша көбірек жіберуді өтінеді.

Ленин Финляндия революциялық үкіметінің Советтік Россиядағы өкілі болған фин коммунисі О. С. Пуккомен Финляндия босқындарына көмек көрсету туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

25 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; онда Халық Комиссарлары Советінің еврей ойрандарына қарсы үндеуінің жобасы және антисемиттік қозғалысты түп-тамырымен жою үшін батыл шаралар қолдану туралы барлық Советтерге жарлықтың жобасы жөнінде, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің В. И. Невскийді қатынас жолдары халық комиссары етіп бекіту жөніндегі ұсынысы туралы және П. И. Поповты Орталық статистика басқармасының басқарушысы етіп тағайындау туралы баяндамалар жасайды. Мәжілісте мемлекеттік статистика туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

26 июль. Ленин өзіне К. Цеткиннің 1918 жылғы 27 июньдегі хатын табыс еткен «Спартак» одағының мүшесі Герта Гордонмен (Вальхермен) Германиядағы жағдай жайында әңгімеледеседі.

Ленин К. Цеткинге оның өзі, Меринг және басқа спартакшылдардың Советтік Россияның коммунистерімен «жан-тәнімен» бірге екендіктеріне үлкен ризашылығын білдіріп хат жазады. Ленин Цеткинге елдегі азамат соғысы туралы хабарлайды және буржуазияны жеңіп шығуға кәміл сенім білдіреді. Осы кезде Ленинге РСФСР-дің мемлекеттік жаңа мөрін әкеледі; ол мөрді басады да, оны Цеткинге жазылған хатқа қосады, сөйтіп оған мөрдегі жазудың текстін аударып жазады.

Ленин Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы басқармасының өкілдері Д. С. Коро-

бовпен және В. А. Лаврухинмен тұтынушылар кооперациясының жағдайы және жұмысы жайында, оны астық дайындауға тарту жайында әңгімелеседі.

Ленин Хамовники және Пресня аудандарының митингілерінде «Советтік Конституция еңбекші халыққа не береді» деген тақырыпта сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советінің барлық темір жол жұмысшыларына үндеуі мен Халық Комиссарлары Советінің Саратов және Самара аудандарыңа Поволжьедегі неміс колонистері арасында контрибуция салу, конфискелеу және астықты реквизициялау жүргізудің тәртібі туралы телеграммасының жобалары туралы баяндама жасайды. Ленин әлеуметтік қауіпсіздендіру ісін Еңбек халық комиссариатының қарамағынан алып, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының қарамағына беру туралы мәселені кейінге қалдырып, оны кәсіподақтар мен басқа ұйымдардың кең талқылауына берудің аталған комиссариаттарға тапсырылуын ұсынады. Мәжілісте ат беру міндеткерлігі туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

27 июль. Ленин Петроградтың Выборг ауданының деревняға жіберіліп жатқан үгіт-насихат тобымен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Орталық тұрғын үй комиссиясының сметасы жөніндегі қорытындыны ертеңнен қалдырмай әкелу жайында 15 июльде берілген тапсырманы комиссияның орындамағаны туралы баяндама жасайды. Мәжілісте Россия азаматы болып қала беретін босқындарды РСФСР-дің қалған азаматтарымен теңгеру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер де талқыланады.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.
Л 40 Шығармалар толық жинағы.
Орысша 5—бас. аударылды. 55 томдық.
Т. 1. — — Алматы: Қазақстан, 1973— —
(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты—КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы).
Т. 36. Март—июль, 1918.—1980.—832 бет.

ББК 11.5
3К2

Томды баспаға дайындаған
Д. П. Кудрячина мен *Н. А. Амплеев*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Я. С. Цырульников

Есімдер көрсеткішін дайындаған
В. Н. Косенко

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін,
В. И. Лениннің табылмаған еңбектері мен ол редакциялаған
документтердің тізімін дайындаған
Р. М. Савицкая

Редактор *И. А. Гладков*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 976

Сдано в набор 19. 04. 79 г. Подписано к печати 10. 04. 80 г. Формат 84×108¹/₃₂. Бумага № 1. Обыкновенная новая гарнитура, печать высокая. Физ. печ. л. 26,0+3 вкл. ⁷/₃₂ п. л. Усл. печ. л. 44,05. Уч.-изд. л. 38,2. Тираж 15000 экз. Заказ № 1838. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480009, г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.